

Аманбай Құнтөлеуұлы

1 2008

6677к



Әбілқайыр
ХАН

Amanbay Kuntley Uly

Abulhair khan

Хан Абырхаур



Алматы-2008

Аманбай Құртолеуұлы

Әбілқайыр хан



Алматы
Республикалық полиграфиялық
«Дәуір» баспа кешені
2008

94(574)/074
ББК 63.3(5 Қаз)
Қ 76,

Құнтөлеуұлы Аманбай

Қ 76 Әбілқайыр хан: (тарихи ғылыми деректер).— Алматы:
ЖШС «Дәуір», 2008. — 600 бет.

ISBN 978-601-217-024-5

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты Аманбай Құнтөлеуұлы әлем тарихнамасына тікелей қатысы бар ұлы тұлғалар ғұмырнамасынан мәліметтер жинақтап, құнды шығармашылық еңбектерімен белгілі ғалым.

Оның қаламынан төгілген ислам дінінің негізін қалаған Мұхаммед Пайғамбарға, XIII ғасырда Далалық Ұлы империя құрған, адамзатта теңдесі жоқ дарынды қолбасы, ірі мемлекет қайраткері Шыңғыс ханға арналған көлемді кітаптары көпшілік қауымның көңілінен шықты.

Осы орайда қалың оқырманға ұсынылып отырған еңбектің тарихнамалық маңызы: Қазақ халқының өткен кезеңдегі төл тарихын таразылауға, мемлекеттілігінің қалыптасуы мен ел билуші хандарының ата-тегі туралы кең мағыналы дереккөздердің жинақталуы.

Сонымен қатар, автор Қазақ халқының іргелі мемлекет — Ресей империясына қосылуына мұрындық болған Әбілқайыр ханның алдын болжай білетін саясаткерлік, көрегендік және дипломатиялық рөлін тарихи құжаттарға сүйене отырып, аса жауапкершілікпен баяндайды. Оның ғұмырына тікелей қатысы бар, көбіне бүркемеленіп келген қадір-қасиеттерін ғылыми тұрғыдан мұқият зерттей келіп, қолбасылық талантын және қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресін құнды жәдігерліктер арқылы көрсетеді.

Бұл еңбек Әбілқайыр ханның туғанына 315 жыл толуы мен бақилық сапарының 260 жылдығына орай автордың жеке қаражатына дайындалды.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-217-024-5

© Құнтөлеуұлы А., 2008-01-04

© “Дәуір” баспасы, 2008

Ащы терімді төгіп және өз қаражатыма басапдан шығарған осы еңбегімді әкем Құнтөлеу Тағанияұлының (1903–1982), ағаларым – Отарбай (1935–1963), Түгелбай (1939–1978), інім – Дәуренбай (1948–2003) Құнтөлеулерінің және сүйікті балаларым: Мейірімқан Аманбайұлының (1965–2001), Азамат Дәуренбайұлының (1986–2007) аруағына бағыштаймын.

Мен жанымның құм болып тәнінің торынан ұшып кетерін, ендігі орным берген жұмырым қалаған уақытында өзі алатын Алла Тағаланың қолында екенін біліп жатырмын, сендерді Алланың рақымы мен мейіріміне тапсырдым. Сендер мені өлді деп айқайламауларың, қайғырып күрсінбеулерің керек, өйткені мұндай жағдайда одан ештеңе өнбек емес. Бұрын-соңды өлімді айғаймен қуып жіберген болған ба екен? Киімдеріңді жұртқылап, есалаң адашша жүгіре бергеннің орнына, одан да гөрі маған Алла Тағаланың рахымы түссін деп тілек тілеңдер, жанымның жай табуы үшін бата жасап, фатиха оқыңдар...

(Әмір Темірдің өсиетінен...).





Еуропа мен Азияға кәдімгідей көзді ашып бір қарайықшы. Атлас ашсақ, ұлы Азия құрылығына жапсарласып жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ал тарихты оқитын болсаң — ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстем болғанына көзің жетеді. Орыс халықтары толқын-толқынымен шабуыл жасап Еуропаны басып алған. Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның базбір өңірінен шыққан арийлер, скифтер (сақтар), хұндар, түріктер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның

отары сияқты болды. Қазіргі Еуропаның көп халқы өз түп-тегін сол Азиядан келген басқыншылардан алады. Әлемнің шағын ғана бөлегі болғанымен Еуропа қазір ұлы құрылық болып отырғанын жақсы білеміз. Сондай-ақ оның көптеген елдерінің тарихында тамаша кезеңдер болғаны да жадымызда. Олар адамзат өркениетінің өрлеуіне орасан зор үлес қосқан ұлы ғалымдар берді. Олардың ұлы ойшылдары мен жазушылары, суреткерлері мен сазгерлері болды. Демек, Еуропаның ұлылығын мойындамау әнтек болар еді. Сол сияқты Азияның ұлылығын ұмыту де әбестік. Азияның адамзаттың ұлы рухани көсемдерін бергенін естен ешқашан шығармау керек. Оның ұлы ойшылдарын айтпағанның өзінде әлемдегі ең басты, екі діннің негізін қалаушы ұлылар Ғайса мен Мұхаммед пайғамбарларды берген де Азия ғой.

Жавахарлал Неру (1, 306)*

XX ғасырдың соңғы кезеңдері мен үшінші мыңжылдықтың басы адамзатты ғажайып тағдырға кез қылды. Азия мен Еуропа құрлығындағы Ресей бастаған ондаған мемлекеттерде коммунистік империяның күйреуі, осы елдердің тарихи тағылымдарын жаңа дәуірге орай, жаңа мазмұнда қайта қарауды талап етті. Заман талабына сәйкес тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы қордаланған тарихи деректер мен жәдігерліктерге, жалпы көне мұраға жаңаша, бостан ойдың бол-

* Жақша ішіндегі бірінші сілтеме жасалған шығарманың осы кітап соңында берілген әдебиеттер тізіміндегі рет санын, ал екіншісі сол кітаптың тиісті бетін көрсетеді.

мысымен қарау міндетін алға шығарды. Қазақ хандығы мен Әбілқайыр хан заманын зерделеу жөніндегі ізгі ойға да біз осы мақсатпен келдік. Автор ретінде мұның аса зор жауапкершілік жүктейтінін де жақсы сезінеміз, әрине.

Оған түрткі болған екінші бір себеп — 2008 жылы Әбілқайыр ханның туғанына 315 жыл және оның дүниеден өткеніне 260 жыл толғанын да ескердік.

Француздың ғұлама жазушысы Стендаль XIX ғасырда француздың ұлы әскери қолбасшысы болған “Наполеон өміріне” алғысөз жазғанда, әркім де ол туралы еркін пікір айтуға құқықты, бірақ Наполеонның өмірбаяны ешкімді толық қанағаттандыра алмайды деп көрсеткен екен (2,5).

Үшінші бір себеп, елдің тәуелсіздігіне орай ұлттық сана-сезім оянды, барша қауым ата-баба жүріп өткен жолға табына бастады. Бұл — “Отан”, “Бостандық”, “Тәуелсіздік”, “Егемендік”, “Ұлтжандық” деген сияқты ұғымдарды тәуелсіздік табалдырығынан қайта енгізді.

Тәуелсіздік халқымызға аспаннан салбырап түскен құдыреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-бабаның қанды жорықтарының, қиян-кескі жанталасқан ұзақ жылғы күресінің нәтижесі. Түн ұйықтаса түсінен, тұрса есінен бір сәт шықпаған бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы.

Елдің қаншама біртуар перзенттері осы тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін ғана қан төкті, жанын пида етті. Егемендік емес-ау. Ресей империясының құрамды бөлігі ретінде — мемлекеттік шеңберінде автономия алудың өзін қанағат тұтынбақшы болған алаштың реформаторларының тағдыры немен тынғаны баршаға мәлім.

Тереңнен тебіреніп, ойланып-толғансақ — халқымыздың тарихнамасы осынау тәуелсіздік үшін, егеменді мемлекеттілік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрестің тұнып тұрған куәсі.

Егемендікке қол жеткізген он жеті жылдың ішінде біз тар жол, тайғақ кешуден өттік, қуанышқа да қасіретке де толы соқтықпалы соқпақты төл тарихымыз төңірегінде бұған дейінгі жетпіс жылдағыдан анағұрлым көбірек іс тындырдық, бастан кешкен тағдыр — талайымыз туралы шындықтың түбіріне көз жеткіздік. Халқымыздың жүріп өткен ұзақ жолы, өзге жұрттан артық болмаса кем емес — өзіне лайықты тарихнамасы тұмшаланып айтылмай келгені, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені айдан анық.

Осы орайда Үндістанның кеменгер саясаткері, ұлы данышпаны Жавахарлал Нерудің қызы Индира Гандига жолдаған хатындағы мына

сөздер ойға келеді: “Біздің Үндістанның нақты тарихы әлі жасалған жоқ, Үндістан тарихын ағылшындар жазған, сондықтан олар бұрмалап, теріс көрсетуге тырысқан. Біз өз тарихымызды өзіміз жазуымыз керек!” (2, 302—319).

Біз қазақпыз, қазақ жері — Отанымыз. Ал, халқымыз Ресейге тәуелді болған шақта ол өгей шешенің “тәрбиесінде” болды, тарихымыз бұрмаланды, тоқалдан туған баладай, “ұлы ағаның” “кіші інісі” ретінде өмір сүрдік. Жатқа бағындық, өгей әкеге табындық. Сөйтіп, үш ғасыр бойы бас еркіндігіміз тұғырланды, қанатымыз қайырылды.

Еліміздің тәуелсіздігі үшін бізге дейін де сан ұрпақ алысты, шыбын жанын пида етті. “Аттан қазақ” деп жар салып, атойлап, аруаққа сыйынып атқа қонды. “Отан” — деп, қанды майданда, кең жазирада шайқасты. Құлдың елі — тойған жері, ердің елі — туған жері екенін танытты. Отан — ата-баба мекені, рухани жан азығы, пенденің түп қазығы екені атадан балаға қанмен дарыды.

Олар Отансыз адам — суалған өзенге, құлазыған далаға тең екенін көрді. Отансыз өмір, бықсыған тезектей сан ұрпақты ащы түтінге тұмшалағанын сезді. Отан, — ошағым ғой маздаған, пырағым ғой өзегімді өртеген, қуатым ғой өмірімді жалғаған, — деп талай аталарымыз армандады емес пе? Отан берік қамал екенін, таудан ескен самал екенін білген бабаларымыз “Отан” деп толғанды, “Отан” деп ұрыс шебінде атой салды, “Отан” үшін жауын жерледі, немесе өз қанын селдей ағызды, көзінің жасын көлбетті, — деп тебірене жазады қазақтың бір туар ұлы, академик М.Қ.Қозыбаев (3, 3—4).

Енді міне, тәуелсіздік тынысымен қаруланған қазақ жұртының туған халқының тарихнамасы мен өткен-кеткен тағдырына ден қойып, айрықша қызығушылық танытуы заңды құбылыс. Жалғыз қазақ қана емес, республика жерін мекен еткен өзге халықтардың да өз тарихнамасына бұлайша қызыға қарауы, ең біріншіден тарихи шындыққа деген шөліркеуінен туса керек.

“Ең бастысы, төл тарихымызды тану арқылы Қазақстан халықтарының уыздай ұйыған береке-бірлігін, ынтымағы мен жарастығын, жылдар шыңдаған достығы мен туыстығын одан әрі нығайту мақсат”, — дейді заманымыздың көрнекті халық жазушысы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы (135, 159).

Бұрындары еліміздің ұлттық тарихнамасының ұлан-ғайыр белестері үзіп-жұлып бөлшектеніп зерттеліп келгенін енді біліп отырымыз. Шынайы тарихи дамудың таңғажайып сан қырлы оқиғалары тек қана тап күресімен шектеліп, қысымшылыққа түсті. Қазақстан

мен Орталық Азиядағы көшпенділердің мәдени мұрағаты тапқа болінуден бұрынғы, мемлекеттіліктен бұрынғы, тіпті алғашқы қауымдық қоғамдағы мәдениет ретінде қарастырылуының өзі, жалпы қол жеткен өркениетті кемсітуге, халқымыздың тарихнамасындағы мемлекеттік салт-дәстүрді жоққа шығаруға дейін апарды. Әбілқайыр хан бастаған қазақ жұртының патшалық Ресейдің құрамына кіруінің негізі себеп-салдары бұрмаланды, патшаның отаршылдық саясатының алғы-шарттары бұркемеленді, халықтардың ежелгі мәдени және саяси байланыстарының Еуразия құрлықаралық жүйесінің торабы болып келген орасан зор аумақты өркениетіне тұрпайы көзқарасты қалыптастырды. Осыған орай, отандық тарихнаманы зерделеудің басты бағыттарының біріне, яғни қазақ халқының этногенездік және этникалық тарихи проблемаларын тиянақтап талдау жасаудың толғағы жеткен секілді.

Бұған қоса еліміздің тарихнамасында тасқа басқан таңбадай айқын із қалдырған хандарды, билерді және батырларды құрметпен атайтын, қадірлейтін, сыйлайтын көптен аңсаған кезең келді. Олардың салып кеткен сара жолын қалпына келтіріп, оны жаңа талап, жаңа мақсат-мұратқа сай игілігімізге айналдырып, жас ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мүддесіне пайдалану абыройлы іс болмақ.

Ұлы Даланың еркіндігін сақтап қалуға тырысқан қазақтың хандары мен батыр ұлдары түн ұйқысын төрт бөліп, білектерін сыбанып, көк найзасын жарқылдатып, аламан жұртын қасына ертіп, қас жауларымен талай рет шабысты емес пе? Соның арқасында қазақ халқы осынша жерге ие болды емес пе? Осының нәтижесінде өзінің мемлекеттілігін сақтап келді емес пе? Аққу ұшып, қаз қонған айдың көлдің тұнығы шайқалмаса екен, түгін тартса майы шығатын көк орай өлкенің шалғыны жапырылмаса екен, қазақтың үш жүзінің басын қалай қоссам екен деген арман ата-бабаларымыздың ойынан бір сөт шықпады емес пе?

Біздің халқымыз ел таныған хан, би, батырларға кенде болмаған. Қазақтың жарық жұлдызы, тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, оларды халық өздері қалап би атап, хан сайлап, батыр деп танып отырған. Ешқандай арнайы үкім, мемлекет тарапынан тағайындау болмаған. Ал халық алдында билікті жүзеге асыратын адамдар өздерінің шешендік, әділ төрелік қасиеттерін көпшілік алдында көрсете білуімен көзге түскен. Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін, халық қамқоры бола білген. Сондықтан да халық оларға “тура биде туған жоқ, туғанды биде иман

жоқ” немесе “жүзден — жүірік, мыннан — тұлпар” деп әділ бағасын берген. Мемлекеттік билік құру дәстүрі Керей (Қажы Керей) ханның (1469—1473) мен Өз-Жәнібек (Әбу Сеид) ханның (1473—1480) кезінде өркен жайып, Өз-Тәуке ханның тұсында биік шыңға көтерілгенін тарихнамадан білеміз. Атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің даңқы осы тұста шарықтап бүкіл қазақ даласына жайылды. Үш жүздің басын біріктіріп, қазақтың астанасы — Түркістан шаһарында билік жүргізген Тәуке хан Билер Кеңесін құрды. Ол жыл сайын Түркістан, Сайрам шаһарлары маңындағы Битөбе мен Мәртөбеде қазақ зиялыларының басын қосып тұрақты Ақсақалдар кеңесін өткізіп отырды.

Билер кеңесіне үш жүздің белгілі атақты билері, майталмен шешендері, батырлары да қатыстырылған. Осындай кеңестің бірі — “Қырық рудың қырық биі” деп аталып, қазіргі Өзбекстан жеріндегі Сырдария облысы Ангрэн өзенінің бойындағы Құлтөбе басында, Тәукенің “Ханабад” атты ордасында қазақтың әдет-ғұрыптарының жиынтығы “Жеті жарғы” заңы қабылданды (5,328).

“Құлтөбенің басында күнде жиын” деп халық арасына кең таралған сол жиынға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Едіге би, Тайкелтір би, Байдалы би, Қоқым би, Қара Шырын би, Сасық би т.б. беделді, халық таныған билер “Жеті жарғы” заңын дайындауға да араласқан еді.

Бұлардың арасында Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, табын Бөкенбай, тама Есет, шекті Бақтыбай сынды батырлар, Бұқар, Қазтуған, Бөлтірік, Жанкісі, Қылышбай атты көмекей жырау ақындар, шешендер болғаны тарихнамада көрсетілген. Ал Төле би, Әйтеке би, Саққұлақ данышпандар кезінде ескіше оқыған, шығыстың классикалық әдебиетін жақсы білетін, көзі ашық сауатты адамдар еді.

Дегенмен, халқымыздың рухани дүниесінде өзіндік орны бар талай ұлы тұлғалардың ұзақ уақыт жұртшылық назарынан қаға беріс қалып келгені де белгілі. Елі үшін аянбай еңбек еткен қасиетті батыр, би-бабаларымыз осы кезге дейін ескерусіз келді, жас ұрпақ олардың батырлық, билік істері мен шешендік сөздері түгілі, есімін де біле бермейді. Тіптен олар жөнінде тарихнамада да, энциклопедияда да (Төле, Қазыбек, Әйтеке, Жәнібек, Бөгенбай, Қабанбай, Бұқар, Қазтуған тәрізді бірлі-жарымдары болмаса) көңілге қонатындай ештеңе жазылмады, олардың тұмырнамасы жөнінде ауыз толтырып айтарлық мәлімет берілмеді.

Қазақ халқы XX ғасырдың соңғы он жылдығында егемен ел болып еркіндіктің көк байрағын желбіретті, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін дүние жүзінде жетпістен астам мемлекет мойындап, өз елшіліктерін қазақ жерінде ашты. Қазақ тілі мемлекеттік дәрежеге көтерілді. Халықтық қалпымызбен әдет-ғұрпымыз, салт-сана дәстүріміз, мемлекеттік рәміздер жүйеге түсті. Оның бір дәлелі — санада сақталып, санатқа қосылмай келген “ақтаңдақтарға”, ата-баба рухтарына тарихнама төрінен орын беріле бастауы.

Іңгөлеп туып, желкілдеген көк байрақтың астында, шерулі қолдың басында, атойлап шауып, қытымыр қисыннан жол тауып, тарлан тарихнаманы жасаған бабаларымыз — қамал бұзған батырлар, топты жарған шешендер, ел бастаған көсемдер, соңына ерген сарбаздар — ел перзенттері, кешегі өткен Әбілқайыр хан заманындағы қаһармандар да тарихтан өз орындарын тиісті дәрежеде алуға тиіс. ХХІ ғасырдың биік шыңынан өткенді шолып, шүкіршілікпен болашақты ойлайтын бүгінгі ұрпақ сол замана перзенттерінің өмір сүрген ортасын, олардың ел тәуілсіздігі үшін қиян-кескі күресін, заманасын түсінбей өтсе, кешірілмес күнә болары хақ.

Ел басына қаралы күн туған кезде қазақ елінің Әбілқайыр тәрізді ханзадалары такта емес, ұрыс алаңында сынға түсті. Халықтың ары мен намысын қорғар ер, қан майданның іс-қимылдары мен айла-әдістерін жете меңгерген қолбасшылар, дүйім жұрттың тұрмыс қаракетін, көңіл-күйін айтпай білетін қажырлы кемелгерлер ғана сүргелең де дүрбелең, от жалынды, дабылды да дауылды кезеңінің сынынан мүдірмей өте алды. “Алтын тұлғам қажыса қажысын, алып төрім уыстан кетпесін! Тұла бойым шалдықса шалдықсын, тұтас ұлысым шашылып кетпесін!” — деп тоғыз тұғырлы ақ байрақты ту көтеріп, ұлыс бірлігін сақтаған Шыңғыс ханның — ата дәстүрінің шын мәніндегі мұрагерлерінің бірі, оның тұңғыш ұлы Жошы ханның ұрпағы Әбілқайыр хан болды. Міне, осы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр (1693—1748) қазақ елінен шыққан батырлар легінің басында болып қана қоймай, оларға бас сардарлыққа тағайындалып, жонғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық соғыстың жеңіскері ретінде танылды. Ол басқа атақты батырлардай халық арасынан суырылып шықты. Әбілқайыр баһадүр арғы тегі Шыңғыс әулетінен бола тұра қара қатарынан шықты, халықтың сеніміне ие болып, хан атанды. Қарадан шыққан қолбасшылар, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер оның тірегіне айналды.

Әбілқайырдың көрсендігі мен даналығы, дипломатиялық саясаткерлігі арқасында қазақ халқы Ресейге қосылып, қиын-қыстау кезеңде ел бірлігін сақтап қалды. Ол алдағы тарауларда кеңінен әңгіме болмақшы.

Әбілқайырдың Кіші жүз халқын Ресей империясына бодандыққа телуіне қарсы шығып, қазақ жерін баса-көктеп Хиуа хандығына сапар шеккен орыс әскерінің полковнигі Иоган Густав Гербердің сауда керуенін 1732 жылы өткізбеген алты аталы Әлім руының атақты батыры, жоңғарлармен болған Аңырақайдағы шешуші шайқаста Әбілқайырдың үзенгілес серігінің бірі Бактыбай Төлесұлы да ұзақ уақыт көзден таса, көңілден ұмыт болып, қазақ тарихнамасында соңғы кезге дейін аты да аталмай келді. XVIII ғасырда өмір сүрген Бактыбай (1706—1767) әрі батыр, әрі би Кіші жүз Шекті руы сарбаздарының ұранына айналған, белгілі тұлға. Бірақ, Бактыбай батырдың “бас-бұзарлығы” Ресей патша үкіметінің отаршылдық саясатын қолдамауы, империя шенеуніктеріне бодандыққа ант бермеуі және оған қоса қазақ жерінде “әкесінің үйіндегі” тайрандап жүрген орыс офицері Гербердің керуенін шекарадан өткізбей кері қайтаруы еді. Бұл тек бір ғана мысал (250, 150; 251, 134).

Әбілқайыр ханның ғұмырнамасы шыт-шытырман оқиғаларға толы, әрі сол замандағы күрделі тұлға. Қазақ хандығының басқа тұлғалары жөнінде де осындай пікір айтуға жетелейді. Біз сол ұзын-сонар жолды шамамыз келгенше шолып өтіп, осы тұлғалардың ғұмырнамаларына аз да болса тоқталып, болған оқиғалардың қисынын пайымдауға ұмтыламыз.

Әбілқайыр хан өз заманында кемеңгер қолбасы, данышпан саясаткер, ірі мемлекет қайраткер болғанын деректі-тарихи құжаттар, мұрағаттардағы шығармалар дәлелдейді. Олардың ішіндегі құндысы Қазақ хандарының тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының аға ғылыми қызметкері И.В.Ерофееваның “Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик” (1999, 2003, 2007 жылдары басылды), 2004 жылы “Арыс” баспасынан шыққан “Әбілқайыр хан” туралы жинақ (құрастырған К. Есмағамбетов) және 2007 жылғы С.М. Мәшімбаевтың “Әбілқайыр хан” атты еңбегі. Бұлар Әбілқайыр ханның ғұмырнамасына арналған алғашқы ғылыми шығармалар десе де болғандай. Ғылыми жинақтың авторлары Ресей және Қазақстан мемлекеттерінің мұрағат құжаттарын кеңінен пайдаланған, Әбілқайыр ханның ұлт-азаттық жолындағы қолбасылық ролін, қазақ елін сыртқы жаулардан қорғай

алатын Ресей империясының қол астына кірудегі данагерлік және дипломатиялық саясаткерлігін жан-жақты зерттеп, әділ бағасын сомдады.

Әрине, аталған шығармалардың қазақ халқының жүздеген жылдардағы тарихнамасын, ел билеуші хандары мен билерін, топты жарған батырлары мен көсемсөзді шешендерін, дарабоз перзенттерін толыққанды баяндап шыға алмайтындығы түсінікті.

Тағы да ойға оралатыны, Қазақстан Республикасы он жеті жылдық тәуелсіздігі аясында қазақ хандығы дәуірінің көптеген түйінді тақырыптары әр қырынан жаңа, бағалы түпнұсқалармен толықтырылуда, бұрын қол жетпей келген аса құнды мұрағаттарға жол ашылуда, маңызды дерекнамалар жария етілуде. Осылардың жиынтығы бұрыннан айналысып жүрген тақырыпты ғылыми тұрғыдан жаңаша қарауға ықпал етеді.

Зерттеу барысында біз негізгі дереккөздерге, әсіресе, қазақ-орыс, қазақ-қытай, туысқан түркі-қазақ, қазақ-монғол және еуроазиялық елдердің мұрағаттарынан алынған бағасы жетпес құжаттарға, халықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жазылған шығармаларға, қазақ хандары, билері мен көсемдері қалдырған жылнамалар мен шежірелерге, бір сөзбен айтқанда, кез келген зерттеуші айналып өте алмайтын дәуір ескерткіштеріне сүйенеміз.

Ескіден жеткен жазбаша және тасқа қашалған құлпытастардағы түпнұсқаларға тоқтала отырып, өткен ғасырлардағы тарихшылардың, ғалымдардың қазақ тарихына қатысты ойын жалғастырып, өреміз жеткенше соларды ұғынып, дамытып, кеңейтуге талпыныс жасадық. Өткен уақытты жақсы түсіну үшін осы ескі, бірақ ауыстыруға болмайтын түпнұсқалы жазбаларды басқа шығармалармен және бұрын әртүрлі себептермен мүлде зерттелінбеген тарихи және әдеби мұралармен салыстыра қарауға да жаңа замана мүмкіндік беріп отырғанын қанағаттанарлық сезіммен атап өтеміз.


Осы еңбекті дайындау барысында кездескен тағы бір жәйт, тарихи құжаттар мен осы тақырыпқа арналған шығармаларда жүздеген адамдардың аттары, жер-су атаулары кездеседі, әрі көптеген тілдерде жазылған дереккөздерге сүйенгендіктен және олардың фонетикалық ерекшелігімен хатталғандықтан, кісі есімдерінде, тарихи-географиялық атауларда қате кетуі мүмкін екендігін алдын ала қадірменді оқырмандарға ескертеміз. Осыларды ескере келіп, бір мағынадағы ұғымдардың қатар қолданып жүрген бірнеше атаулары болғандығына байланысты ғылыми терминологияда жиі қолданылып жүрген негізгі


атаулар Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы (1998—2007 жж.) бойынша берілді.

Таяу жылдарда Қазақстан Республикасы Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты дайындаған көп томдық Қазақстан тарихына байланысты құнды ғылыми шығармалар осындай атауларды бір жүйеге келтіруге көп көмегін тигізгенін де айта кеткен орынды.

Кітапты жазу және баспаға дайындау барысында шын ниеттерімен сын-пікір айтып жәрдемдескен, тікелей атсалысып қол үшін берген адамзаттардың бәрін құрметтейтіндігімізді білдіре отырып, бұл басылым оқырман қауымын белгілі дәрежеде қазақ халқының ежелгі тарихнамасымен, қазақ хандары, билері, батырларымен, оның ішінде Әбілқайыр ханның және оның ұрпақтарының ғұмырнамасымен жақынырақ танысуына жол аша түседі деген сенім білдіреміз.


Кітаптың баспадан шығуына уақытпен санаспай қолқабысын тигізген немерелерім: Әлия Дәуренбайқызына, Әйгерім Маратқызына және Әлия Мейірімқанқызына аталық ақ ниетіммен шексіз алғысымды білдіремін.





*Бүкіл әлем бірден ғайып болады,
Бар тіршілік күзгі гүлдей солады,
Мәңгі ғұмыр — тек Аллаға жарасқан,
Пенделері топырақ болып қалады...*

*Мұхаммед Хайдар Дулати.
“Тарих-и Рашидиден” үзінді...*





БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп — найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса — хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса — құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса — күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз — еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан — алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең — жәнінді айт, бермесең — тұрысатын жеріңді айт!

Қаз дауысты Қазыбек би.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ШЫҒАРМАЛАРЫНДА



*Өне бойы артқа қарай бермей,
бүгінгіні де айта отыру керек,
алдын ала болжау керек...*

Жавахарлал Неру,
Үнді халқының данышпан көсемі...

Қазақ халқының тарихы өте ерте дәуірлерден басталады. Алайда қазақтар халық ретінде тек XV—XVI ғасырларда ғана қалыптасты деп жүрміз ғой. Ендеше, XV ғасырдан арғы жердегі жәдігерліктер мен рухани мұраның бәрі қазақ халқы үшін жат болғаны ма? Әрине, олай емес. “Қазақ халқының құрылуына негіз болған этникалық үрдістер — түп тамыры ежелгі заманнан, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, қоғамдық қатынастар туа бастаған заманнан басталатыны” тарихнамадан жақсы мәлім.

Бертін келе қазақ халқының құрылуына негіз болған ру-тайпалар ежелден-ақ қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік-Шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойы мен Каспий жағалауларын мекен етті. Қазақ халқын құраған осы ру-тайпалар — кезінде өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, ұйғыр, каракалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының этникалық құрамына енген этностармен аралас-құралас отырып өмір сүргені белгілі.

Демек, қазіргі түркі тектес халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік мәдени өмірі ежелден-ақ бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамыды. Сондықтан түркі тілдес халықтардың тарихын да біртұтас алып, қоғамдық, саяси және мәдени құбылыстарын өзара байланысты түрде танып білу қажет. Сонда ғана қазақ халқына аздықөпті қатысы бар ежелгі жәдігерліктерін ғылыми тұрғыдан дұрыс бағалай аламыз.

Әріге асып кетпей-ақ Шыңғыс хан заманынан бастау алатын орта ғасыр рухани жәдігерліктері арасында аз зерттелген, қазақ халқының

тарихнамасына қатынасы бар, бірсыпыра ғылыми шығармаларға тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Көне тарихтың куәсіндей бізге жеткен құнды шығармалар мен жәдігерліктерді зерттеп, олардың ішінен інжу-маржандай ең асылдарын сұрыптап ала білу, сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл қазынаны бүгінгі қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан егеменді еліміздің игілігіне айналдыру қазақ тарихнамасын зерттеушілердің төл міндеті.

Міне, осыдан ғалымдар бүкіл түркі нәсілдес халықтардың сан ғасырлық тарихын негізінен екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең — ежелгі дәуір, ал екіншісі орта ғасырлық болып табылады.

Ежелгі дәуір тарихының өзін үш дәуірге бөліп қарастырған жөн сияқты. Біріншісі — ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтардың (**біздің заманымыздан бұрынғы IX—III ғасырлар**) дәуірі. Екіншісі — бізге ғұндар дәуірінен (**біздің заманымыздан бұрынғы II ғасыр — біздің заманымыздың V ғасыр аралығы**) жеткен тарихи шығармалар, аңыз-әңгімелер. Үшіншісі — Түрік қағанаты (VI—VIII ғасырлар) тұсында өмірге келген тарихнамаға қатысты жәдігерліктер.

Дешті-Қыпшақ дәуірі. Одан бізге жеткен тарихи мұраларды да үш топқа бөліп қарастыру қажет деп білеміз. **Біріншісі — Қайта өрлеу дәуірі**, яғни X—XIII ғасырлар кезеңі. **Екіншісі — Алтын Орда дәуірі** (XIII—XV ғасырлар) тарихы. **Үшіншісі — тарихи тақырыпқа жазылған шежірелер**. Бұған Әбілғазы Баһадүрханның “Түрік шежіресін”, Қадырғали Жалаиридің “Шежірелер жинағын”, Бабырдың “Бабыр-намесін”, Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты еңбектерін жатқызуға болады.

Мұның өзі, ежелгі түркі тарихи жәдігерліктерін жоғарыда атап көрсетілгендей даму кезеңдеріне бөліп қарастыру, көне дәуір мұраларын дәстүр жалғастығы деп танып-білуге мүмкіндік береді, — дейді белгілі ғалым Н.Келімбетов (215, 6—8).

Бұлардың алдыңғы сапында ғұлама парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің “Жылнамалар жинағы” (Жәми ат-тауарих) аталатын теңдесі жоқ құнды еңбегі тұрады. Оның үш томнан тұратын аталмыш еңбегінің біріншісінде Шыңғыс хан дәуіріндегі түркі жұртының рутайпалары, олардың шыққан тегі, әрқайсысының ата қонысы жеткілікті мазмұндалған. Сондықтан, қазақ ұлыстары тарихнамасының бастау көзі деп, Рашид әд-Диннің “Жылнамалар жинағы” орынды аталады.

Осы арада Рашид әд-Диннің ғұмырнамасына көңіл аударсақ, ол Парсы елхандары Шыңғыс хан ұрпағынан тарайтын Махмуд Ғазан мен Улджейт тұсында әкімгершілік мансаптың жоғарғы лауазымына қол жеткізген білімді адамдардың бірі. Оның толық аты-жөні Фазлуллах ибн Абул-л-хайр Али Хамадани лақаб аты “Рашид ад-Дин”, 1247 жылы Хамадан (Батыс Иран) қаласында қарапайым ғалымның отбасында дүниеге келген. 1256 жылдан бастап оның атасы да, әкесі де, кейіннен оның өзі де моңғол елхандарының қол астында тікелей қызмет атқарды. Рашид әд-Дин өз заманындағы ғұлама-оқымысты, ғалым, дәрігер, ботаник, тарихшы. Бұл салаларда көп еңбектері жарық көрген. Ол таңқаларлықтай бай адам болды. Тебриз қаласындағы бүкіл дүкендер, керуен сарайлар мен шеберханалардың төрттен бірі соның иелігінде еді. Оның үстіне жеке меншігінде көлемді жер үлесі, қисапсыз ақша қаражаты бар, Рашид әд-Дин 19 жыл бойы (1298—1317) илхандарда үкімет басшысы қызметінде. Сонымен қатар үлкен отбасының иегері, балашағалы адам еді.

Әуелгі кезде, Рашид әд-Дин Парсы билеушісі Ғазан сұлтан-ның дәрігері болған, 1300 жылы билеушісі оған аймақтың әкімшілігін басқартады, 1304 жылы Улджейт сұлтан таққа отырғаннан кейін, ол уәзірлік дәрежеге көтерілді. 1307 жылы ұлы мәртебеліге еңбегі “Жәмиғ ат-тауарихты” ұсынып, бұл үшін Улджейттен патшалық мейірімін білдірген құрмет белгісін алады. Алайда, таққа Әбу Саид отырған тұста, ол моңғол билеушілері заманында барша уәзірлер басына түсетін қара бұлт Рашид әд-Динге де үйірілді. Өзінің бақталастарының Улджейтке у берді деп жала жабуының салдарынан, жан-жақты білімділігімен ерекше көзге түскен ғалым, өнерді қызғыштай қорғаушы, ұзақ уақыт парсыларды кемеңгерлікпен билеген осынау қария адам тұтқындалып, 1318 жылдың 13 қыркүйегінде қатаң жазаға ұшырайды, оның денесін қақ бөліп өлтіреді.

Шығармасын жазу барысында Рашид әд-Дин, оған қажетті мәліметтерді жинақтау үшін патша сарайындағы қытай, түркі, үнді, қыпшақ, ұйғыр, тағы басқа (қысқаша — т.б.) жұрттар ғалымдарының, әсіресе халықтардың шығу тегі тарихының бірден-бір білгірлерінің ақыл-кеңестерін пайдаланады. Бұл еңбектің негізгі мақсаты — Шыңғыс хан заманындағы басты оқиғалар туралы болғанымен, ең алдыменен, біраз адамдардың жүз жыл бұрынғы ғұмырнамасын және тындырған іс-әрекеттерін, оның ішінде түркі нәсілдес ру-тайпалардың тарихнамасын да жеткілікті қамтиды. Осыған байланысты тарихи шығарманың шеңбері де ұлғайтылған көрінеді. “Жылнамалар жинағында” Шыңғыс хан дәуіріне дейінгі, яғни IX—XII ғасырларда


Моңғолия үстіртінде қоныс тепкен найман, керейт, жалайыр, уақ, меркіт, татар, қоңырат руларының, яки сол өлкеде тұратын түркі тайпаларының мемлекеттік бірлестігінің — ұлыстарының тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі жан-жақты баяндалады (6, 45—49; 7, 26—30; 11, 242—248).

Тарихнамада “Ұлыс деген сөз “ел” деген ұғымды білдіреді, алғашқыда оның құрамына өзара жақындығы жоқ адамдар тобы да қосылды. Көпшілік жағдайда, ұлыс құрамына ханның (билеушінің) руластары мен туыстары, көңіл жақын адамдары кірді. Ұлыстың тұрақты жер аумағы, ал іргелі найман, керейт, қыпшақ, татар секілді ұлыстардың өз шекаралары да болды, олар жасақтарымен күзетілетін.

XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан салған қанкешті оқиғалардың барысында аталмыш тайпалардың көпшілігі моңғолдардан жеңіліп, ел бірлестігінің ұйтқысы бұзылды. Енді бір бөлігі мың өліп, мың тірілген заманда жеңіліске ұшырағанмен, ежелгі түркі тайпаларының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдени-тұрмыстарының сан-алуан қырсырын өн бойында сақтап Орта Азия мен Дешті Қыпшақ даласына жеткізді.

Міне, осы кезден бастап ұлыстар “Жылнамалар жинағында” айтылғандай, тайпалық әдет-ғұрыпқа сүйенді, яғни ұлыс басында өздері сайлаған хандар отырды. Ұлыс билеушісі уәзірлері мен әскербасыларын тағайындады, ең басты орындардағы — хан ордасының билік және басқару орталығындағы адамдар күзетпен қорғалды. Әскер мен жиын тобы — құрылтай одан кейінгі орынды алды. Мемлекет күшейген сайын хандардың тұрақты күзетілетін ордалары пайда бола бастады. Хан ордасы — басқару орталығы, ал ұлыстардың билеушісі — хан мемлекеттің мүлкі мен әскерін басқарды. Хан мен мемлекет мүлкі арасында ешқандай айырмашылық байқалмады. Хан ұлысқа да және оның мүлкіне де иелік етті.

Мәселен, Керейт ұлысының билеушісі Уаң ханның (ұлыс ханы) жазғы жайлауы мен қысқы мекендері, яғни хан иелігінде мал жайылымдары бар еді. Ұлыс әскерлері Шыңғыс хан заманына дейін-ақ ондықтарға, жүздіктерге, мыңдықтарға, түмендерге бөлінді. Мұнымен бірге ұлыстарда мазмұны заңға теңесетін әдет-ғұрып жүйелері қолданылды. Қадым заманғы кейбір дереккөздерде “Еке төренің ұлы шындығы” деген атпен белгілі заң жинағы болғаны айтылады. Ұлыс істерін “черби” деп аталатын лауазымы бар мемлекеттік қызметшілер атқарды. Осынау лауазым, атак-дәрежелер ханның бұйрығымен беріліп отырды.



Сактардың (скифтердің) мініс аттарына арналған әшекей бұйымдары (б.д.б.)

Уақыт өте көшпенділер тайпасында орталық билікті күшейтуге бағытталған әртүрлі әрекеттер жасалғаны да мәлім (45, 23). Мәселен, мәдениеті дамыған Найман ұлысында іс қағаздары жазбаша жүргізілді. Бұл ұлыстағы іс қағаздары ұйғыр жазуымен жазылып, хан мөрімен бекітілді. Керейт пен Найман билеушілерінің көбі христиандық діннің неосториан бағытын ұстанды. Ал ұйғырлар христиан дінімен Орта Азияның өзге халықтарына қарағанда бұрынырақ таныс болған-ды.

Бұл ұлыстардың дүниежүзілік діндердің біріне табынуы, оларда әлеуметтік қатынастардың белгілі бір дәрежеде дамығанын айғақтайды.

Сөз иіні келіп қалған соң айта кетейік, ежелгі тарихи-этнографиялық аймақтарда — үйсін мен қыпшақ тайпаларынан тарайтын нәсілдер Ақ Орда мен Моғолстанда, XIV—XV ғасырларда ата-баба қонысында мекен еткені тарихнамада тіркелген.

Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Шокан Уәлиханов жазып кеткен “чете”, “жете” — жалайыр тайпасы жайында көпшілік ғалым-

дар Рашид ад-Диннің деректеріне сүйенеді. Бұл дұрыс та шығар. Ойткені, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайға бөлінген төрт мыңдық ұлыстың құрамында арлат, барлас, аушындармен қатар жалайырлардың болғаны айтылып жүр. Жалайырлар Мауераннахрдың терістік-шығыс жағында қоныс теуіп Моғолстандағы тайпалармен араласты. Олар Жетісудан тамырын үзбей, кейін Әмір Темірге қарсы күресіп, болашақтағы қазақ хандарының атасы Ұрыс (кейбір деректерде Орыс деп жазылады — А.Қ.) ханмен, Ақ Орда хандарымен байланыс жасады.

Олай болса, қазақ халқының негізін қалаған тайпалардың бірі — “Жылнамалар жинағында” моғол деп айтылатын — жалайырлар еді. Сондықтан Үндістанда құрылған Ұлы Моғол мемлекеті, Жетісу мен Қашқарияда құрылған Моғолстан мен Моғол мемлекетінің атауы бір тамырдан тарайтыны, бір мағыналы екені және келешекте қазақ хандығына кіретін тайпалардың арғы тегі болғаны дау тудырмаса керек.

Орта Азия ғалымдарының қоржынынан түрік халықтарының аңыздары мен өздері куә болған кезеңдерді қамитын тарихнамаға тікелей қатысы бар көптеген жазбалар табылуда. Бұлардың қатарына Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрік” (қазақшасы “Түркі сөздерінің жинағы”) атты дерегі мол шығармасы жатады. Махмұт Қашқари бабамыз түркі әлемінде осы еңбегімен тұңғыш түркі тілтану ғылымының негізін қалаушы, түркі тектес тайпалардың ата-мекенін көрсететін дөңгелек карта сызған алғашқы ғалым, тарихшы және ақын.

Ұлы оқымысты Мұхамаддин ұлы Хұсайнның перзенті Махмұт Қашқари түрік жұрты ұлысы жөнінде “Түркі сөздерінің жинағында” былай деп сөз қалдырыпты: “Мен Тәңірдің гүлденген мемлекетті түркілердің топырағында жаратқанын, өмір біліктерімен сол топырақты ғажайып өрнектегенін көрдім. Тәңір оларды “түркі” деп атап әрі оларды мемлекетке еге қылды. Дәуіріміздің хақандарын (қағандарын — А.Қ.) түріктерден таңдап, замана құблысының ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хакістерде соларды қолдады; олармен бірге бір сапта күрескендерді өзін қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады (252, 7).

Түрік елі мен оның тілі туралы осындай ой жүгірткен Қашқари бабамыз өзі жайында:

“...Мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан.

олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құшыяларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кіші-гірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен, олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған “Диуани лұғат ат-түрік” — “Түрік тілдерінің диуаны” деген ат бердім”, — деп баян етеді (11, 109; 253, 30; 215, 175; 252, 8).

“Жинақты” сегіз бөлімге топтастырдым..... Көпшілікке түсінікті болуын ескеріп, арабша атауларды қаз қалпында келтірдім... Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым. Мақсатым — талаптанушыларға тура бағыт көрсетіп, болашаққа кең жол ашу. Ниеттес жандарды мәңгілікке риза ету ғана.

Түрік халықтарының атамзаманнан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт-жырларымен қайғылы және қуанышты күндерінде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгі ізбасарларына жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан-ұрпаққа халықтық мұраны қаз қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлем — мәңгілік өмірге біржолата жолдама алды”, — деп тұжырымдайды данышпан бабамыз (11, 110; 252, 14—15).

Одан әрі ғалымның еңбегінде түрік халықтары мен тайпалары туралы мынадай аса құнды деректер келтіріледі:

“Түрік халықтары негізінен жиырма тайпа. Әрбір тайпаның бірталай ұсақ рулары бар. Олардың саны Ұлы Тәңірдің өзіне ғана аян. Мен солардың негізгілерін ғана жаздым.

Оғыз түріктерін білуге құмарлық аса көп болғандықтан, олардың тектері мен малдарына басатын таңбаларына дейін нақтылай көрсеттім. Рұм өлкесінен тараған тәртіп бойынша, шығыстағы түрік тайпаларының тұратын мекен-жайларына дейін анықтап жаздым.

Рұмға бәрінен жақын орналасқан тайпа бажанақ, онан кейін қыф-жақ (қыпшақ — *А.Қ.*), оғұз, иәмәк, башғырт, басмыл, қай, ябақу, татар, қырқыз тайпалары. Қырқыздар Шынға жақын орналасқан. Онан бері жігіл, тохси, яғма, оғрақ, жарүк, жомұл, үйғұр, таңұт, хытай тайпалары. Хытайды Шын деп атайды. Онан соң тауғаж. Бұларды Машын дейді. Бұл тайпалар оңтүстік пен солтүстіктің ара-

сында өмір сүреді. Олардың, мекен-жайларын картада арнайы көрсеттім”, — дейді М. Қашқари (11, 110).

- *Түркі тілдері сөздігінің білгірі, данышпан Махмұт Қашқаридың толық аты-жөні: Махмұт ибн ул-Хусаин ибн Мұхаммадин Қашқари. XI ғасырда өмір сүрген ғалымның туған, өлген жылдары анықталмаған. Қашқари Талас, Шу өзендерінің бойындағы Баласағұн, Барсхан кент-қалаларында болған. Махмұт Қашқари Барсхан қаласында туған. Бұл қаланы Тұран әміршісі Алып Ер Тоңғаның баласы Барсхан салдырғанын оқырманға ескерте кеткіміз келеді. Алғаш Қашқар қаласында, сосын — Бұхара, Нишапур, Самарқан, Мерв және Бағдат шаһарларында оқыған. Ерекше зейін қойып үйренгені — түркі рулары мен тайпаларының тілдері, фольклоры, этнографиясы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі. Махмұт Қашқари осы мақсатын жүзеге асыру үшін, бір жағы — Жетісу, Мауераннахр, Хорезм, ал екінші жағы — Еділ, Жайық, Қара Теңіз жағалауына дейінгі түркі тайпалары мекендеген ұлан-ғайыр өлкені аралап шығады. Соның нәтижесінде қыруар этнографиялық деректерді көп тілді ауыз әдебиеті үлгілерін жинап алады. Сөйтіп, “Түркі тілдерінің жинағы” өмірге келеді.*

Махмұт Хусаинұлы дүниеге паш еткен ойын 1072—1074 жылдары жүзеге асырған тәрізді. Оның “Диуани лұғат ат-түрк” атты еңбегін ежелгі түрік тілін зерттейтін ғылыми философиялық қазына, түріктердің тұрмыс-тіршілігінің, мәдени мұрасының пәлсапасы деп қарастырған орынды.

“Диуани лұғат ат-түріктің” көшірме қолжазбасы ХХ ғасырдың бас кезінде табылды. Бұл еңбектің автор қолымен жазылған түпнұсқасы сақталмаған. Махмұт Қашқаридың кітабы жазылғаннан кейін, араға екі жүз жылдай уақыт салып барып, автордың қолжазбасынан көшірілген бір нұсқасы қазір Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы көрінеді. Оны көшірген хуснихатшының аты — Әбу Бәкір бин Абдул-фотхат.

“Диуани лұғат ат-түрік” 1915—1917 жылдары Стамбул қаласындағы Ахмет Рифат баспасынан үш томдық кітап түрінде жарық көреді. Міне, Махмұт Қашқари еңбегін жан-жақты зерттеу, басқа тілдерге аудару ісі осы кезден бастап шындап қолға алынды деуге болады.

Белгілі шығыстанушы неміс ғалымы Броккельман бұл шығарманы неміс тіліне аударып, 1928 жылы Лейпциг қаласында бастырып шығарды. Броккельман бұл еңбекті аудару кезінде шығармадағы жеке сөйлемдердің бәрін алфавит тәртібіне келтіреді.

Неміс ғалымы Фриц Хаммел осы сөздікте ұшырасатын мақал-мәтелдерді неміс тіліне аударып, өз алдына жеке кітапша етіп бастырды.

Көрнекті түрік филологы Басым Аталай оны осман түріктерінің тіліне тәржіма жасап, 1939—1941 жылы Анкарада үш томдық кітап етіп шығарды. Махмұт Қашқари сөздігін қазақ тіліне аударған көрнекті ғалым А. Егеубай (252, 30—374; 215, 177—178).

Ұлы ғалым Махмұт Қашқаридың сызған дөңгелек картасы әлемде ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі. Осы картада Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқардан бастап түркі дүниесінің көне шаһарлары, елді мекендері, жер бедері түгелдей дерлік қағаз бетіне түскен. Әрі сол X—XI ғасырлардағы төл атауларымен жазылған. М. Қашқари осы картаны назарға ұсынып, сипаттаумен қатар Рұм жерінен сонау ұлан-байтақ мұхитқа дейінгі аралықтағы түркі тайпаларының барлығына сипаттама беріп шығады әрі жер көлемін көрсетеді. Қай жерден қай жерге дейін қандай халық мекендейтінін айтады. Әр тайпаның тілдік ерекшеліктеріне тоқталады, тілді таза сақтаудың әлеуметтік, географиялық алғы шарттарын сөз етеді. Осынау ең көне дәуірдегі түркілердің әлемдік картасы, түркі дүниесі жөніндегі егжей -тегжейлі сипаттамасы, талдаулары ғалымның өлмес мұрасының басты бір қасиеті. Бұл түркі елінің әр шаңырағында сақталып, төрінде тұрар, санасына кіретін қасиетті атамекен суреті.

Қашқаридың еңбегінде түркі даласының жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктері туралы да бұрын-соңды көпшілікке жете таныс бола қоймаған дереккөздер толып жатыр. Осы арқылы хайуанаттар мен мақлұқтардың біразының ежелгі атауларына, өсімдіктердің, шөп-ағаштардың, жеміс-жидектердің табиғи жаратылыс ерекшеліктеріне, қандай жерлерде, қандай жағдайларда өсетініне қаныға түсеміз...

Өзен, су, жер аттарына қатысты құнды мағлұматтар қаншама. Еділ, Іле, Ертіс секілді өзендер, олардың бойындағы тұрмыс-тіршілігі, тайпалардың өзгешеліктері қысқа түрде, тұжырымды хатталған. Егер сарыны мен ғылыми тілі дегенді ескерсек, бұдан ұғынықты, бұдан айқын мәнер болмайтын шығар. Тіл шеберлігі, көркемдігі туралы ғалым өзі де ойларын тебіреніспен жайып ортаға салады. Мәселен, ең жеңіл тіл ретінде оғыздардың тілін атаса, иағамалар мен тохсалардың Іле, Ертіс, Иамар, Еділ бойындағы жұрт пен ұйғыр атырабына дейінгі аймақта тұратын тайпалардың тілі ең дұрыс тіл деп кесімді тұжырым жасайды.

Махмұд Қашқари сынды білімі дария, өресі кең, өз заманындағы ілім-білімді жете игеріп, ілгері апарған ұлы тұлға — адамзат оркениетінің жарық жұлдызы. Онын қоғамдық-әлеуметтік ойлары,


ғылыми зерттеулері мен тұжырымдары түркі тектес елдердің танымы таусылмайтын тұнық көздеріне жетелейтін халық қазынасы екеніне талас болмаса керек-ті.

Атақты шығыстанушы И.П.Петрушевский көшпенділердің әлеуметтік қажырлылығын, шұғыл қимылға қабілеттілігін көрсете келіп, олардың шығармашылық эволюцияға тән екендігін ғылыми жолмен дәлелдеді (13, 310—311).

Олай болса, Махмұд Қашқари бабамыздың XI ғасырда жазған “Диуани Лұғат ат-түрк” атты мұрасы ұрпақтарына, күллі түркі нәсілес халықтардың шығармашылық бастауына жол салған, рухани игілігіне айналған қайнар көзі, кең мәлімет беретін ғылыми ойдың “ұлы естелігі” болып табылады, — деп әділ бағасын береді белгілі зерттеуші, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы (12, 134 — 143).

XIV ғасырда Дешті-Қыпшақ даласында, Алтын Ордала қазақ халқының тарихына катысты қалам тартып, құнды дүниелер қалдырған оқымыстылардың қатарында араб елінің жиһанкөзі Ибн Баттута аталады. Ол өзінің хижра жыл санауымен 730 (1330-шы милади жылдары) жазылған “Дешті-Қыпшаққа саяхат” атты әйгілі шығармасында қыпшақтарда болғанын былай суреттейді: “...Біз тоқтаған жер әйгілі Дешт-Қыпшақ деп аталатын далалы жер. “Дешт” деген соң “ш” және “т” әрпі арқылы жазылады, бұл түріктің дала деген сөзі. Бұл жасыл, гүлденген жер, алайда бұл жерде не ағаш, не тау, не төбе, не жота жоқ. Мұнда отын да жоқ, олар күрғақ тезек жағады. Үлкендер оны жинап, жерге киімдерінің астына салады. Бұл далала олар арбамен жүреді, жол жүру мерзімі 6 айға созылады, оның үш айы Мұхаммед Өзбек сұлтанның (Алтын Орда ханы) жері, қалғаны басқа адамдардың жолдары. Біз бұл гаваньға (теңіз кемелері тоқтайтын аялдама — А.Қ.) келген күннің ертесінде біздің жолдастардың ішіндегі бір көпес сол далала Қыпшақ деген атпен белгілі халыққа барып, олардан ат арба сұрап алды. Олар христиан дініне сенеді. Біз ат арбаға отырып, Кафа (қазіргі Керчь қаласы — А.Қ.) деген қалаға келдік, қала аты “к” және “ф” арқылы жазылады. Бұл теңіз (әңгіме Қара теңіз жөнінде — А.Қ.) бойымен созылып жатқан үлкен қала. Онда көпшілік бөлігі Генуэздерден тұратын христиандар. Олардың өмірінің аты Эльдемедир. Біз мұнда (Кафта) мұсылмандар мешітіне тоқтадық” (11, 51—52).

Одан әрі автор: “...Біз гаваньға барып әдемі гавань көрдік. онда 200-ге жуық әскери кеме, жүк кемесі, үлкен, кіші кемелер көрдік. Бұл әлемге әйгілі гаваньдардың бірі. Содан соң біз арба жалдап



Сақтардың ат және жауынгерлерге қажетті құрал-жабдықтары (б.д.б.)

Қырым қаласына бардык. Ұлы Мұхаммед Озбек ханның қожалығындағы әдемі үлкен қала. Ол өз тарапынан бұл жерге, Тулықтұмур деп аталатын адамды әмір етіп қойды. Әмірдің қызметкерлерінің бірі бізбен бірге жүріп және біздің келгенімізді оған мәлімдеді. Тулықтұмур (Тугулук-Темир, ред.) өз имамы Саадеддиннен ат жіберіпті. Біз Шейх заде Эльхорасанның скитіне (сопы — монахтар тұратын кішкентай монастырь) тоқтадық. Шейх бізді, құшақ жая қарсы алып, әбден сыйлады. Ол жерде оның мәртебесі зор. Мен оған сәлем бере келген көп адамдарды көрдім: қазылар (мұсылманның діни соты), хатібтер, заңгерлер т.б. Шейх заде маған қала сыртында шіркеуде құдайға әбден берілген христиан монахының тұратынын, оның 40 күн ораза ұстағанынан асып бара жатқанын және оның бір үрме бұршақпен ауыз ашып, маңызды іс істеп жүргенін айтты.

Шейх монахқа барғанда өзімен бірге менің де баруымды өтініп еді, бірақ мен келіспедім. Кейін мен оны көріп, істің мән-жайын білмегеніме өкіндім. Бұл қалада мен үлкен қали канефі қадіі (мұсылманның діни соты) Шемседдин Әссаилді, Шафийдің Қадір деген қадіін, заңгер жетекші Алаэддин Әласиді, Әльмелик — Әннасыр қаласында салынған мешітте дін уағыздаушы Әбубәкірді көрдім.

Тулықтұмур әмір наукас еді, біз оның көңілін сұрап барып едік, өте жақсы қарсы алып, ризашылығын білдірді. Ол Сарай қаласына Мұхаммед Озбек сұлтанның астанасына жиналды, мен онымен бірге баруды ұйғарып, осы мақсатпен арба сатып алдым”, — деп келтіреді (11, 52).

Міне, шығарманың негізгі желісі осылай сайын даланың, атап айтқанда, қазақ халқының тарих-тағылымынан, сонау “Дешті Қыпшақ” дәуірінен көптеген қызықты мағлұмат береді. Мұнымен қоса Ибн Баттута Дешті-Қыпшақ мемлекеті, оның аумағы мен қалалары, оның билеушілері, хандар мен әмірлер, сардарлары мен сарбаздары, хан ордасының сән-салтанаты, ел билеу тәртібі туралы, сондай-ақ Дешті Қыпшақ түркілерінің тұрмыс-салты, әдет-ғұрыптары, этнографиясы, кәсібі, пайдаланатын тағамдары, ойын-сауықтары, ұстаған діні туралы, тағы сол сияқты көптеген қызықты да маңызды мәліметтер көрсетеді (41,178).

Осы арада автордың ғұмырнамасынан қысқаша дерек:

- *Ибн Баттута (Шамс ад-Дин) Абу Абдаллах Мұхаммед ибн Абдаллах ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Йусуф ал-Лавати ат-Танджи 1304 жылы Танжер қаласында туған. Оның әкесі ұсақ факих (мұсылман заңгері) болған. Ибн Баттута*

саяхат жасауды ерте бастаған. Батыс және солтүстік Африканың барлық елін, Араб жартықұрлығын, Үндістан, Испания, Түркия және Иран, Орта Азия және Шығыс Еуропа мен Қытайдың жүздеген қалалары мен ауыл аймақтарын аралап, жалпы алғанда, 28 жыл саяхат жасаған. Оның еңбектерінің ішіндегі ең құндысы жоғарыда көрсетілген “Дешті Қыпшаққа саяхаты — “Ибн Баттутаның саяхатын баяндау хаты”.

Сол секілді “Тухфат ан-нуззар фи гараиб ал-амсар ва аджаиб ал-асфар (Сырттан пайымдаушыларға таңғажайып қалалар мен тамаша саяхат жөнінде сыйлық)” атты жазбасы араб саяхатшылары шығармаларының ішінде ерекше орын алады. Ибн Баттутаның саяхаты Шыңғыс хан империясының Алтын Ордада гүлденіп тұрған кезінде болған, оның еңбектері XIV ғ. бірінші жартысындағы Орта Азияның, атап айтқанда, Дешті-Қыпшақтың мәдени, саяси және әлеуметтік өмірінен айқын көрініс береді және сол кезеңнің әдеби және психологиялық құнды ескерткіші болып табылады. Ұлы жиһанкездің еңбегі шамамен 1330—1340 жылдары жазылған.

Ибн Баттута өмірінің соңғы жылдарын Морокконың провинциялық қалаларында қазылық қызмет атқарып, 1377 жылы қайтыс болды, Танжер қаласының маңында мәңгілік тыныштық тапты.

Ибн Баттутаның “Дешті Қыпшаққа саяхатын” 1947 жылы Алматы қаласының тұрғыны, араб тілінің білгірі Шәкіржан Сабыржан абыз араб тіліндегі түпнұсқасын пайдаланып, татар тіліне араб қарпімен аударыпты. Соңында бұл шығарма туралы және онда кездесетін кейбір қала аттары мен көмескі сөздерге түсіндірме беріпті. Бұл аударма қолжазба күйінде Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының қорында сақталған. Оны қазақстандық ғалымдар Сәрсенбі Дәуітов пен Мақсұт Шафиғи қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізеді (41, 177).

Енді біреу сөз қазақ халқының тарихы хатталған шығармалардың алдыңғы санатында тұратын “Бабыр-наме” туралы болмақ. Оның авторы Захириддин Мұхаммед Бабыр — көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, сонымен бірге шығыстың ортағасырлық тарихшысы, ғажайып өлең-жырлар жазып қалдырған ақыны, замананың озық ойлы адамы және Үндістанда Моғолстан мемлекетінің іргетасын қалаған атақты тұлға. Аталмыш данышпанның туғанына 1993 жылы 510 жыл толды, 1990 жылы қазан айында оның “Бабыр-намесінің” дүниеге келуінің 460 жылдығына орай ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша Ташкент қаласында дүниежүзілік ғылыми-теориялық сал-

танатты жиын откізілді. Оған адамзаттың белгілі ғұламаларының ғибадат етуі неліктен деген сауалға, ұлы бабамыз өз шығармаларымен, қайраткерлік, қолбасшылық елден ерен қаракеттерімен жауап беріп кеткен. “Қайыры жоқ көлден без, қайырымы жоқ елден без” дегендей ол төрткүл дүниеге жар салып, адамзат ұрпағына салауаты мен өсиетін жазып, тарихнамада атағын қалдырған данышпан.

Бабырдың атышулы еңбектерінің бірі, адамзат болмысының шоқтығы биік тұғыры “Бабыр-наме” (қазақ тілінде 1990 ж. “Жалын” баспасы; 1993 ж. “Ататек” баспасы) туындысы барша қазақ қауымының игілігіне айналды (15, 20—433; 11, 127—139). Оқырмандарға айтар әңгімеміз осы “Бабыр-наме” төңірегінде өрбімек.

Алдымен оның авторы Захириддин Мұхаммед Бабырдың өмір жолына аз-кем тоқтала кетейік.

- *Захириддин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы 14 ақпанда Әндіжан қаласында дүниеге келді. Оның әкесі Омар Шейх — әйгілі Әмір Темірден тарайды. Ол Ферғана өлкесінің (оның құрамына қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан жерлері және Қырғызстанның кейбір аудандары кірген) билеушісі болған. Сонымен ата жағынан Захириддин Бабыр атақты Әмір Темірдің ұрпағы. Оның шешесі Құтлық Нигар ханым Шыңғыс ханның ұлы Шағатай әулетінен тарайды, Жүніс ханның бәйбішесінен туған екінші қыз. Ол Шағатай ұрпақтары құрған Моғолстан мемлекетінің билеушісі. Анасы жағынан Бабыр қазақтың белгілі тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың бөлесі, яғни екеуі Жүніс ханның екі қызынан туады.*

1494 жылы Омар Шейх қайғылы қазаға ұшырап, Бабыр 12 жасында әкесінің орнына Ферғана өлкесінің әміршісі болды. Билікке келген алғашқы күнінен бастап, оған туажаттары Әмір Темір ұрпақтарымен, ең алдымен өзінің жақын туыстарымен, билік үшін күрес жүргізуге тура келді. Бабыр бұл уақытта құлдырап бара жатқан Әмір Темір әулетінің орталықтандырылған мемлекетін сақтап қалуға тырысады.

Алайда, XVI ғасырдың басында Орта Азияда саяси жағдай елеулі өзгерістерге ұшырады. Жошының бесінші ұлы Шайбанның ұрпағы Мұхаммед Шайбани хан Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының (“өзбектердің”) біраз бөлігін бастап Мауераннахрға басып кіріп, Әмір Темір әулетінің иелігіндегі жерлердің басым көпшілігін жаулап алады. Әмір Темірдің басқа ұрпақтары тәрізді Бабыр да оларға айтарлықтай қарсылық көрсете алмай, Әндіжан мен Ферғанадан айырылып, Бадахшан мен Кабулға ауысады.

1504 жылы ол Ауған жеріне басып кіріп, оның орталығы Кабул қаласын жаулап алады. Осылайша өз жағдайын түзеп алған соң, ол уақыт өте Мауераннахрдағы Темір әулетінің билігін қайта орнатуға әрекет етеді. Мақсатына жету үшін Бабыр Иран мен Әзербайджан жерінде құрылған Сефевид мемлекетінің билеушілерінің қолдауына сүйенбекке талпынады. Олардың көмегімен Бабыр Орта Азияда қайта билікке келгенімен, оның жағдайы бұл жерлерде онша тиянақты болмады. Аздан кейін Шайбан ұрпақтары оны Мауераннахрдан біржолата қуып шықты. Өз Отанында билігін орната алмаған Бабыр енді бар назарын оңтүстіктегі Үндістанға аударады. 1518—1525 жылдар аралығында негізгі тобы түркі мен ауғандардан құралған Бабыр әскері Үндістанға 5 мәрте жорық жасады, ақырында Делидің терістігінде Панипат түбіндегі айқаста Ибраһим Лоди сұлтанدى жеңіп, Үндістанда Моғол мемлекетінің негізін қалады. Осы жерде Агра қаласын салдыртып, төңірегіне талантты жазушыларды, ғалымдарды, өнер адамдарын жинастырады.

Әмудария жағалауынан Ганга және Бенгаль шығанағына дейін созылып жатқан “Ұлы моғолдар империясының” (1526—1758 жж.) саяси ғұмыры XVIII ғасырдың екінші жартысында ағылшындар Үндістанды басып алғанға дейін жалғасты.

Захириддин Мұхаммед Бабыр өмірінің соңғы жылдарын Үндістанда өткізді. Ол 48 жасында 1530 жылы желтоқсанның 25-де Агра қаласында қайтыс болды. Оның мәйіті Кабулға жеткізіліп, Шердарбаз тауының бөктеріне жерленді. Бұл жер бүгінге дейін “Баг-и Бабур” (“Бабыр бағы”) деп аталады (20, 127—128).

Ауғанстандық профессор Замир Сафи “Бабыр-наменің” 460 жылдығына арналған халықаралық жиында: “Сіздер Бабырды елінен қудыңыздар. Біз оны патша етіп таққа отырғыздық, үйлендірдік. Сүйегі біздің жерде, Кабулда жатыр”, — деген достық сезімін білдірген еді (15, 4).

Бабырдың есінен қилы-қилы оқиғаларға толы балалық шағы өткен Отанына деген сағыныш сезімі бір сәтте шыққан емес. Ол өзінің өміріндегі ерекше есте қалған елеулі оқиғаларды, толқыған, қобалжыған кездерін үнемі қағаз бетіне түсіріп отырған. Атақты “Бабыр-наме” шығармасы осылайша дүниеге келеді.

Бабыр бабамыздың қыл қаламынан туындаған “Бабыр-намеден” басқа “Мубаин” деп аталатын ақындық шығармасы да бар. Сонымен қатар ол “Хатт-и Бабури (Бабыр хаттары)” деп аталатын жеке алфавитті құрастырғаны да тарихнамада сақталған.

“Бабыр-наме” шығармасын Бабыр Үндістанда XVI ғасырдың 20-жылдарында түрік тілінде жазған. Еңбек мазмұны жағынан ғұмырнамалық шығармаға ұқсас. Мұнда Захириддин Мұхаммед Бабыр 1493—1529 ж.ж. аралығындағы Солтүстік Үндістан, Ауғанстан және Орта Азиядағы өзінің саяси қызметі мен өміріне тікелей байланысты негізгі саяси оқиғаларды әр жыл бойынша хронологиялық тәртіппен береді.

Үш бөлімнен тұратын шығарманың бірінші бөлімінде XV ғасырдың аяғындағы Орта Азиядағы саяси жағдайға анықтама берілген. Автор бұл аймақтың табиғи-географиялық мән-жайын сипаттап, жергілікті әмірлердің билік үшін күресі мен олардың ата-тегі жөнінде мәліметтер келтіреді. Еңбектің екінші бөлімінде Кабул шаһарындағы елеулі оқиғалар баяндалады. Шығарманың соңғы үшінші бөлімінде Солтүстік Үндістан, оның географиялық жағдайы, ауа-райының ерекшелігі және бұл аймақты мекендеген халықтар туралы әңгіме қылады.

“Бабыр-наме” шығармасында Қазақстан тарихына тікелей қатысты мәліметтер көп болмаса да, сол кездердің оқиғалары құжат беттеріне аз түскендіктен бұл деректердің құны өте жоғары. Сонымен қатар Захириддин Мұхаммед Бабырдың оқиғаларды мейлінше шынайы суреттеуі де бұл мағлұматтардың құнын арттыра түседі (20, 128).

Біз, бұл арада, “Бабыр-наменің” қазақ тарихына қатысы бар тұстарына тоқтала кетуді ниет еттік.

Кітаптың бірінші бетін ашқанда-ақ көзімізге түсетіні: “Ферғана бесінші ықылымдағы уәлайат..., оның солтүстігінде Алмалық, Алматы (Алматы — А.Қ.), сондай-ақ, шығармаларда Отырар деп аталып жүрген Янги секілді қалалар болғанымен, моғол мен өзбектердің шапқыншылығынан кейін бұл қалалар жермен-жексен болып, тіпті жұртында елді мекен де қалмаған” (15, 20) деген қазақ жеріндегі көне қала аттары жүрек отын шалып өтеді. Осы бір сөйлемнің ішінде қазақтың бірнеше ғасырға созылған тарихы жатыр емес пе?! Алмалық қаласы кезінде Шыңғыс ханның ұлы Шағатай ұлысының астанасы болған, Іленің Жаркент қаласы тұсындағы қала ма, әлде Ташкент (дұрысы Таскент — А.Қ.) уәлайатындағы қала ма? “Моңғол мен өзбектің шапқыншылығы” дегенді қалай түсінуге болады?

Бұл сауалдарға жауап беру — тарих бетін ақтару, Қазақстан жерінде жермен-жексен болған жүз жиырмадан астам қалаға іздеу салып, оның жұртына зерттеу жұмысын жүргізу емес пе? (17, 5—9). “Бабыр-наменің” бірінші бетінен-ақ, XVI ғасырдың басында атағы жер жарған қалаларымыздың құрып кеткені айтылады. Міне, зерттеушілерге таптырмайтын жәдігерліктер!

Бүгінде тәуелсіздікке қол жеткізін екі мың жылдан бұрып-ақ ата-бабалары мемлекет құрған Орталық Азияның — Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан еліне “Бабыр-наме” — ортақ мұра болмақшы. Өйткені бұл шығармада Бабыр бабамыз сол жерлерде мемлекет құрған халықтардың тарихын тайға таңба басқандай етіп жазып қалдырған.

Енді бірде, Бабыр ірі қалалардың бірінің негізгі халқы туралы: “Әндіжанның тұрғындарының бәрі түріктер. Қалада да, базарда да түрікше сөйлемейтін адам ұшыраспайды. Халықтың ауызекі сөзі әдеби тілінен айырғысыз. Мір Әлішер Науаи Гератта өсіп, сонда тәрбиеленгенмен, шығармалары түрік тілінде жазылған” (15, 21), — дейді. Осы сөздерінен және Әндіжанды түркінің моғол, барлас, арғын, дулат, қатаған, қоңырат, маңғыт т.б. тайпаларының мекен еткенін кітаптың кез келген бетінде жазылған адамдардың есімінен, жер-су аттарынан байқап отырасыз.

Қазақ тарихына дерек болар қала, адам, жер-су аттары ғана емес, тарихи оқиғалар, Мауераннахр әмірлерінің бүгінгі Қазақстан жеріне, яғни XV ғасырдағы Әбу-л-Хаир хандығының (өзбектердің — А.Қ.) аймағына, Түркістанға, Жетісудағы Моғолстанның елді мекендеріне жасаған жорықтарынан да “Бабыр-намеде” мол мағлұмат келтірілген. Бұл аймақтарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, Тоқтамысты күйретіп, Жетісуға он бір рет жорыққа аттанған да Бабырдың бабасы Ақсақ Темір емес пе? Оның кейінгі ұрпақтары иелікті, билікті бөлісе алмай, одан кейінгі жүз жылда соғыс өртін түтетті емес пе? Міне, осының бәрін Бабыр ешбір бүкпесіз, қарапайым тілмен баяндайды; өз тумаларының іс-қаракетін жасырмай жазады. Әрине, пенде болған соң оның жеке басында бүгінгі тұрғыдан қарағанда, кемшілік те жоқ емес.

Енді бір кез Бабырдың мына сөзін тыңдайық: *“Үшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым; шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз, бәз қалпында қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазудағы алға қойған мақсатым — ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жасамағаттар, меймандар кешірім етер деймін”* (15, 234).

Әйгілі орыс тарихшысы А.И. Левшиннің (1797—1879) байқауынша, XVI ғасырда Қыпшақ пен Жете даласын Дадан хан билеген моғолдар және қазақтар мекендейді (18, 145—151), деп жазғанына

қарағанда сол дәуірде қазақ даласы емес, Дешті Қыпшақ (чете немесе жете, жалайыр) даласы аталған секілді. Шағатай ұлысы, яғни оның мұрагерлері билік жүргізген Моғолстан Бабыр жазып отырған кезеңде ыдырап, жауласқан екі топқа бөлінеді. Моғолдарды Шағатай нәсілі — жете, ал моғолдар шағатайлықтарды — қараунас деп атайды. “Жете” сөзі қаңғыбас түркі немесе кезбе бұзақылар дегенді білдірсе, ал “қараунас” — араб нәсілімен араласқан будандар секілді. Соған қарағанда Шағатай нәсілдері араб, парсы елімен құдандалы жекжатқа айналса керек. Бұл мағлұматтар “Бабыр-намеде” келтіріледі.

Парсы тарихшысы Шараф әд-Дин Әли Йезди (1454 ж. қайтыс болған) Моғолстанды “қауым-и жете” деп атайды (Зафар-наме, яки “Әмір Темір туралы тарихи мәліметтердің толық жинағы”), соған сүйенген Мұхаммед Хайдар Дулати да өзінің белгілі шығармасы “Тарих-и Рашидиде” “жете” атауына түсінік беріп: “жете дегеніміз — Моғолстан” дейді. Содан болар “Бабыр-намеде”, “ел”, “ұлыс”, “мардан” (қауым-и жете, мардан-и жете) елдікті, жұрттықты білдіретін атаулар ретінде қолданылған. Бұл да түбіміздің, тірлігіміздің бірлігін танытса керек. Шараф әд-Дин Әли Йездиге ұқсап, Бабыр да кейде Моғолстанның орнына ұлыс атауын қолданып отырған. Әрине, бұндай атаулар Шыңғыс хан ұрпақтарында: Жошы ұлысы, Бату ұлысы, Берке ұлысы, Өзбек ұлысы деп Дешті Қыпшақта айтылғанын ескерсек, сол атау XVI ғасырда да арқауын үзбей: “ел-и моғол, ел-ва ұлыс моғол” деп қолданылады. Ал, Бабыр әңгімелейтін кезеңдегі “Мауераннахр мен Моғолстанды, Қашқарды мекендейтін қай халық еді?” деген сауалға жауапты “Бабыр-намедегі” тарихи деректерден табамыз. Ежелгі тарихи-этнографиялық аймақта — Үйсін мен Қыпшақ тайпаларының одағы, Ақ Орда мен Моғолстанда XIV—XV ғасырларда негізінен байырғы Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың ұрпақтары тұрды.

Олай болса, қазақ халқының негізін қалаған тайпалардың бірі моғол — жалайырлар (түркі халықтарының бір тармағы). Сондықтан Үндістанда құрылған “Ұлы Моғол империясы”, Жетісу мен Қашқарияда құрылған Моғолстан, Моғол мемлекеті атауының түбірі бір, бір мағыналы екені байқалады.

Сөз орайында, Бабыр өзінің жазбасында анасы Құтлық Нигар ханым туралы былай дейді: “Ол Жүніс ханның екінші қызы, Сұлтан Махмұд хан (Ханке) мен Сұлтан Ахмет ханның (кейбір деректерде Алаша хан — А.Қ.) әпкесі. Ал Жүніс хан болса Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағынан өрбиді. Ол Уәйіс ханнан туады. Уәйіс хан — Шерәлі Оғланның, ол — Мұхаммед ханның, ол — Қызыр Қожа ханның, ол — Тұғлық Темір ханның, ол — Дува ханның.

ол — Барақ ханның, ол — Есу Туваның, ол — Мүтігеннің, ол — Шағатай ханның, ол — Шыңғыс ханның ұлы болып келеді (15, 29).

Жүніс хан мен Есенбұға хан Уәйіс ханның ұлдары. Есенбұға Жетісуда хандық құрып тұрғанда, Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбул-Хаир ханнан бөлініп, қоныс іздеп көшкені туралы алдағы тарауларда айтылады.

Ал енді тарихнамадағы дереккөздерге тағы бір терең үңілсеңіз: барлас, қыпшақ, жалайыр, дулат елдерінің қаны араласқанына көзіңіз жетеді, әрі сол заманда жаңа ғана Жетісудағы Есенбұға ханның иелігінен пана тауып құрыла бастаған Қазақ хандығы осы тайпаларға сүйенгені бөтен пікірге итермелемейді...

Сол секілді “Бабыр-намеде” қазақ елінің тарихи тұғырына тікелей қатысы бар атақты тарихшы Бабырдың бөлесі Мырза Хайдар Дулатидың Үндістанда әкімшілік жүргізгендігі айтылады. Олар жалғыз емес-ті. Жетісудан, Түркістаннан ондаған түркі тайпаларының сарбаздары Бабыр жасағында сап түзеді. “Жылан жылы — жылыс, жылқы жылы — ұрыс болды, қой жылы — зеңгер тоғыс болды” дегеннің кейпімен ұзақ жылдарға созылған соғыс Үндістанда Ұлы Моғол мемлекетінің салтанат құруына әкелді. Осы тұста оқырманның: “Сол ұрысты жүргізген қай халық?” деп сұрауы да орынды. Бұл сауалға орыстың ғұлама тарихшысы, академик В.В. Бартольд: “Өзбек хандығы ” деген мақаласында: “Бұқара мен Самарқандтың билігі қайтадан Темір ұрпағы Бабыр сұлтанның қолына көшті, оның “Бабырнама” шығармасы түркі халықтарының үздік жетістігі... Бабыр сұлтан Үндістанға қоныс аударып, сонда нағыз мықты мұсылман мемлекетін құрды. Бірақ ол Шағатай ұлысы деп аталғанмен де, онда Шағатай ұрпақтары жоқ еді”, — деп жазады (19, 165; 4, 33—49). Бұл — тарихи шындық. Жалпы, Шыңғыс ханның шапқыншылығында да, оның кейінгі ұрпақтарының жорығында да жауынгерлерінің басым көпшілігі түркі тайпаларынан құралады. Ал “Бабыр-намеде” моңғолдар туралы сөз тіпті кездеспейді. Өйткені, Моғолстанның әскеріне қосылып жатқан лек-лек жасақтар Шағатай нәсілінен емес, Жетісу мен Қашқардың, Түркістанның байырғы тайпаларынан тараған түркі халықтары еді. Олардың “Бабыр-намедегі” есіміне назар аударып көріңіздер: Молда Мұхаммед Түркістани, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбді әл-Құдүс Дулати, Сұлтан Ахмет Дулати; Әбді әл-Уахатта Моғол, Әли Сейіт Сихыма Моғол, Сұлтан Ахмет Моғол; Әбу Жүсіп, Әмин Мұхаммед Тархан, Мұхаммед Сейіт Арғын. Бұлар бүгінгі Орталық Азияны мекендейтін тайпалардан

шыққан тарланбоздар. “Алып ел — дүрліккенде көрінеді, данышпан — жай тірлік күнде көрінеді”, — деп ғұлама Махмұд Қашқари бабамыз айтқандай, олар дүрбелең заманда көрінген тарихи тұнгалар.

Замана тәлімімен қаруланған тоқсан екі баулы түркі халқы қолбасыларының соңынан ерді. Көшпелі өзбектер — Мұхаммед Шайбанды, ал Орталық Азияның жартылай көшпелі түркілері Бабырды арқа тұтты. Осылайша түркі халқы “Бабыр-намеде” жазылғандай XVI ғасырда бұрынғы Үндістан мен Ауғанстан жерлерінде қоныс тепті. Әрине, бұған дәлелді әуелі Бабырдың Бхираның жер иеленушілеріне айтқан мына сөзінен аңғарасыздар: “...Бхира, Хұт-Аб, Чин-Аб және Чиниут біраз уақыт түріктердің қол астында болған жерлер, сондықтан, біз бұл аймақты өз иелігіміз санайтынбыз. Сол себепті, бұл өңірдегі халықтың отарлы малына ешкімнің суық қол жасауына, тіпті бұлардың сабақты жібін алуға, ала жібін аттауға ешкімнің құқы жоқ деп жарлық бердім”, — дейді данышпан (15, 259—260; 20, 250).

Бабырдың сөзі шындыққа сай келеді. Түркі халқы Үндістанға б.з. IV ғасырында аяқ басқаны Үндістан мен Орталық Азияның тарихынан, әсіресе, Махмұд Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түркте” жазылған дереккөздерден анық көрінеді. Осы ретте бұлтартпайтын тағы бір дәлел — әйгілі ғалым Әмір Нәжіптің XI—XV ғасырлардағы түрік тілінің тарихы туралы зерттеуінде “бұрын ғылым дүниесіне белгісіз, ұмыт болып келген шығарманы оқырманға ұсынуы. XIV ғасырдың басында солтүстік Үндістанда — Дели сұлтанатында Бадыр әд-Дин Ыбырайымның бірнеше тілдің түп-тамырын талдайтын парсы тілінің лұғаты жасалған. Мұнда түркі тілі де қамтылады. Шығарма — “Ауызекі лұғат, зерттелетін дүние” деп аталады. Бұл шығарманың қолжазбасы Ташкенттің мемлекеттік университетінің кітапхана қорынан табылған. Сол сияқты “Бадам әл-лұғат”, “Санлақ”, “Кітаби лұғат-и атракияда” да түркі сөздеріне талдау беріледі. Бұл шығармалардан байқалатыны, “Ұлы Моғол империясы” орнағанға дейін де Үндістанда түркі тілдес тайпалардың тұрғаны, олардың мемлекеттік тілге ие болғаны көрсетілген.

Әсте тарихнамаға жүгінсек, “Бабыр-наме” — қазақ халқының мақтанш ететін тағылымды дүниесінің бірі. Оның ғұлама ұлдары оқтын-оқтын Бабыр шығармасын есіне алып отырған. Солардың бірі — Шоқан (1830 — 1865), екіншісі — Абай (1845 — 1904).

Абай қазақтың қайдан шыққаны туралы сөз қозғағанда: “Әмір Темір нәсілінен Құмар Шейх (дұрысы Омар Шейх — А.Қ.) баласы.

белгілі Бабыр патшаның шешесімен бірге туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентте хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс (Жүніс — А.Қ.) ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға бөліпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың “үш жүздің баласы” дейтуғыны сол”, — деп жазады. Абайдың бұл айтқанына зер салсаңыз, ол “Бабыр-намені” түпнұсқадан, яки А.Ильминскийдің бастыруымен Қазан қаласында жарық көрген орысша басылыммен таныс екені көрінеді. Өйткені, Абай айтып отырған деректер “Бабыр-намеде” келтірілген мәліметтерге ұқсас.

“Жүніс ханның... бір әйелі Шаһ бике,— деп жазылған “Бабыр-намеде”, — Бадахшанның шаһы Сұлтан Мұхаммедтің қызы еді. Жұрттың айтуынша Бадахшанның шаһтары арғы тегін Файлакустың баласы Ескендір Зұлқарнайыннан (Александр Македонский, біздің заманымыздан бұрынғы (б.з.б.) 356—323 ж.) таратады. Шаһ бикеден... Сұлтан Махмұд хан еді, оны Самарқандпен оның төңірегіндегі ел “Ханыке хан” деп атады. Сұлтан Махмұд ханның кіші інісі Сұлтан Ахмет еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның Алаша хан аталуының себебі: “қалмақтар мен моңғолдар кісі өлтірген адамды “алаш” деп атайды-мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол “алаш” аталып, келе-келе “Алаш” оның есіміне айналған” (15, 31—32).

Осыдан бес жүз жыл шамасы бұрын айтылған “Алаш” ұғымы келешекте қазақ жұртының бір атауы болып орнықты. Осы күндері тарихшылар “Алаш” туралы әр түрлі жорамалдар ұсынып жүр. Бірақ Бабырдың жазбасындағыдан артық дәйек әзірге табылмады десек, көп қателесе қоймаспыз.

Абай “Бабыр-наме” деректеріне көрегендікпен жөн сілтеп: “Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы” дегені,— бәрі Шыңғыс ханның сапарын көрсеткен сөз екен. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, болмаса Гиндукуш тауы ма?— дейді. Әйтеуір бір тауды айтқаны анық: “Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас”, деген мақалына қарағанда, бұл қазаққа жат шығарма еместігін еске салып тұр”, — дейді ғұлама.

“Бабыр-намедегі” қазақ тарихының алтын діңгегі — халқымыздың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдардың ғұмырнамасы жайындағы естеліктері. Бабыр туған болесі жайында: “Хүб Нигар ханымның ұлы Хайдар Мырза еді. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін

ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап Қашқариядағы ханға кетті.


*Алтын, күміс, қорғасын,
Неңдей асыл болмасын
Тартады өз тегіне.*

Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар еді. Он саусағынан өнері тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір”, деп тебірене жазады (15, 31; 11, 130).

Мұхаммед Хайдар Дулати бөлесі Бабырдың сенімінен шықты. Ол ұрпақтарына “Жаһан-наме” атты дастан, “Тарих-и Рашиди” атты тарихнаманы жазып қалдырды.

Орта ғасыр рухани жәдігерліктерінің арасынан құнды шығармалардың бірегейі — “Тарихи-и Рашиди”. Көлемі жағынан 117 тараудан құралған қомақты еңбек сонау Шыңғыс хан тұсынан қазақ хандығына дейінгі екі аралықтағы тарихи тағдырымыздың талай астарын ашып беретін шығарма деуге тұрарлық (14, 10—125; 25, 39—530; 11, 140—157). Оның маңызы — ежелгі замандарда шығысқа қарай скиф, сақ, сармат, массагет, арыс, ас болып шашырай қоныстанып, кейін ғұн, үйсін, қаңлы, түркеш, түрік, оғыз, қыпшақ, моңғол болып Шығыстан Батысқа қарай қайта ағылған көшпенді тайпалардың жолындағы соқпай өте алмайтындай құйқалы құнарлы өлкедегі шытырман оқиғалардың барысын баяндайды. Сол оқиғалар арқылы бір кезде екі құрлықты бірдей қаусырып жатқан алып империяның неге күйреп, оның орнында өз тәуелсіздігін көкसेген ұлттық мемлекеттердің қалай пайда болғанын ашып беретін бірден-бір деректі-тарихи баян болып табылады. ЮНЕСКО-ның шешімімен 1999 жыл оның авторы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің жылы болып аталып, абыздың туғанына 500 жыл толуына орай Тараз қаласында ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Қазақстанның Жамбыл облысындағы Тараз университетіне Мұхаммед Хайдар Дулати аты берілді.

Бұл құрмет ғалым Дулатиге әлемдік өркениеттің төрінен орын беріп, ұлылардың ұлысы қатарында санады деген сөз. Одан қалды, бұл марапат Шығыс халықтарының, оның ішінде түркі тектес халықтардың әлемдік өркениетте үлес қосарлық ұлы мәдениеті, әдебиеті, тарихы, тілі, ділі бар дегендік.



Жетісу мен Тянь-Шань таулары сақ қорымдарынан табылған жәдігерліктер.

Бұл көрсетілген құрмет тәуелсіздік жолында көк байрағын желбіретіп, әлемдік қауымға мүше болып кірген, болашаққа қол созып, тәуекел атына көлбете мініп шыққан қазақ халқы мақтаныш сезіммен атап қана емес, шаршағанда тірегі болар, шалдыққанда тілегі болар Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидей ұлы бабасы бар деген сөз.

Бұл әлемдік Дулатитану ғылымы Мұхаммед Хайдардың ұлы тұлға, шығыстанушы, тарихшы, көш бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған қолбасшы, мемлекет басқарған қайраткер екендігін көрсетеді. Дегенмен, осы 500 жыл тарихнамасы бар Дулатидың әлі күнге дейін толық бейнесі, адами тағлымы Орталық Азия құрлығында алатын орны, қадір-қасиеті толық паш етілді деп айту қиын.

Жарты дәуір ішінде Дулатиден дәрежесі кем емес көсемде, шешенде, қолбасыда, қайраткерде, ғалымдарда өтті. Бірақ солардың әрқайсысынан Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің ерекшелігі неде?— дейді академик М.Қ.Қозыбаев (21,124).

Жер шарында жеті миллиардқа жуық халық, 3000-ға жақын ұлт пен ұлыстар бар екен. Ғалымдар әулеті, міне, осылардың қоғамдағы жүрген жолын, адамзат баласының дамуына қосқан үлесін анықтауға ат салысып келеді. Маркстік ғылыми жүйе адамзат баласының өткен жолын бес әлеуметтік-экономикалық құрылым арқылы анықтауға ұмтылса, батыс ғалымдары қоғам дамуының, оның жәдігерліктерін, рухани мәдениетінің жасампаздық деңгейімен анықтауға ұмтылады. Қадым заманнан өркениет белгілі бір кеңістікте ірі этностардың ұзақ эволюциялық дамуының нәтижесінде қалыптасатын мәдени біртектілік, бірегейлік орта деп саналады.

Алайда, қоғамтанушы ғалымдардың еуроорталық бағытындағы бір тобы Азия сахарасын жайлаған халықтарды тағылықтан өтіп, жабайылыққа жетіп жығылған халықтар санатында есептейді. Олардың пікірінше көшпенділерге томаға-тұйықтық тән, шығармашылық эволюцияға деген қабілетсіздік тән, жасампаздық емес, өркениетті қирату, бүлдіру, сындыру, іру-шіру, борсу тән, ал ғалым А.Тойнбидің анықтамасы бойынша, тіпті тарихтан тыс қалғандық тән дегісі келеді (21,125).

Ат төбеліндей ғана ғалымдар Л.Н.Гумилев, академик А.Окладников, Мұрат Аджи, К.Ақышев, т.б. ғалымдар байырғы қыпшақ сахарасында — Алтайдан Дунайға дейінгі сайын далада түркі өркениеті, ал Қазақстан Республикасының академиктері М.Қ.Қозыбаев, К.Байпақов бастаған ғалымдар Дала өркениеті болғанын тынбай жазып

жүр. Шынтуайтында, Орталық Азия халықтары өркениетінің өлемдік мәртебелі орнын тұңғыш дәлелдеген Мұхаммед Хайдар Дулати еді.

Осы арада автордың ғұмырнамасы мен жеке басының қадір-қасиеттерін айта кеткен жөн.

- *Мырза Хайдар Дулати есімімен көбірек танымал Мырза Мұхаммед Хайдар бин Мұхаммед Хусейн бір деректер бойынша, 1499—1500 жылдары (Хижра жыл санауы бойынша — 905 жыл) Ташкент қаласында, тағы бір мәліметтер бойынша, Ферғана мен Самарқанд арасындағы Ұратөбе қаласында (қазіргі Тәжікстан жері — А.К.) өмірге келген. Ол Шағатай ұрпақтары құрған Моғолстан мемлекетінің саяси өмірінде маңызды рөл атқарған түркінің Дулат тайпасынан шыққан. Мырза Хайдардың ата-бабалары Моғол қоғамының жоғары тобына жатып, Маңлай-Сүбе (Қашқария) өлкесін билеген. Оның әкесі Мұхаммед Хусейн-гурген Моғолстан билеушісі Сұлтан Махмұд ханның сенімді адамы және жақын досы болған. Кейіннен ол ханның қарындасы Хұб Нигар ханымға үйленіп, оның күйеу баласына айналады. Дәлірек айтсақ осы Хұб Нигар ханым Моғолстан әміршісі Жүніс ханның кенже қызы, Мырза Хайдар Дулатидың анасы. Хұб Нигар ханымның туған әпкесі Құтлық Нигар ханым белгілі мемлекет қайраткері, көрнекті тарихшы, Үндістандағы “Ұлы Моғолдар империясының” негізін қалаушы Захириддин Бабырдың анасы. Осылайша шеше жағынан Мырза Хайдар мен Захириддин Бабыр бір-біріне туысқан (бөле) болып келеді. М.Х.Дулати — өз заманы үшін жан-жақты әрі аса терең білім алған ғұлама адам. Тарих ғылымы, поэзия, музыка, сәулет өнері, зергерлік салалар бойынша оған дәріс берген ұлы Бабыр, Сұлтан Саид хан орта ғасырдың аса көрнекті тұлғалары (215, 316—317).*

1495 жылы Мұхаммед Хусейнге Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд Ұратөбе аймағын сыйға береді. Сөйтіп, ол бірнеше жыл Ташкент шаһарында тұрады.

XVI ғасырдың басында Орта Азияда Жошы ханның Шайбан ұрпағынан тарайтын Мұхаммед Шайбани ханның Мауераннахрды жаулап алуына байланысты маңызды оқиғалар орын алды. Бұл оқиғалар тек Темір әулетіне ғана емес, сонымен қатар моғолдардың да тағдырына елеулі әсерін тигізді. 1508—1509 жылы Мұхаммед Шайбани ханның бұйрығымен Мырза Хайдардың әкесі Мұхаммед Хусейн өлтірілді. Осыдан кейін Мырза Хайдардың өміріне де қауіп төнді. Әкеден жас қалған Мырза Хайдарды Мұхаммед Хусейннің сенімді серіктерінің бірі Бадахшанға алып қашып, өлімнен құтқарады. 1509 жылы Мырза Хайдар 10 жасында Кабул қаласына барады. Бұл жерде оны бөлесі Захириддин Бабыр қарсы алады,

оның қолында М.Х.Дулати үш жылдай тұрады. 1512—1513 жылы Захириддин Бабыр Шағатай ұрпағы Сұлтан Саидтың Мырза Хайдарды Отанына қайтару туралы өтінішін қанағаттандырады. Осы кезден бастап Мырза Хайдар мен Сұлтан Саид хан 1533 жылға дейін бірге тұрмыс кешеді. 1514 жылы ол ханмен бірге Қашқарияны жаулап алу және онда Моғол мемлекетін құру ісіне белсене араласады, жоғары мемлекеттік қазметтің бірін атқарады. Сұлтан Саид оған бүкіл мемлекеттік және әскери істерді сеніп тапсырып, еркін билік жүргізуіне мүмкіндік береді. Хайдар Дулати Сұлтан Саидтың Бадахшан, Кафарстан, Ладак, Тибет, Кашмирге жасаған әскери жорықтарын басқарды. Бірақ 1533 жылы Сұлтан Саид хан қайтыс болғаннан кейін оның ұлы және мұрагері Әбді әр-Рашид хан болған кезде Дулат әмірлеріне қарсы саясат жүргізіле бастады. Мырза Хайдардың ағасы және мемлекеттің ұлысбегі Саид Махмұд ханның әмірімен өлтіріледі. Мемлекеттің Дулат тайпасынан шыққан басқа да билеушілері қуғын-сүргіннің құрбанына айналады. Сол кезде Тибетте жүрген Мырза Хайдар өз өміріне төнген қауіптен сақтанып, әуелі Бадахшанға барып, кейіннен Лакхорға кетеді. Мұнда ол Бабырдың ұлы Қамран мырзадан қорғаныс табады.

1539—1540 жылы Мырза Хайдар Акра қаласында Захириддин Бабырдың басқа баласы Құмайынға келіп қосылады. 1541 жылы М.Дулатиға Кашмирді жаулап алу мүмкіндігі туады. Өзінің тәуелсіз билігіне қарамастан Мырза Хайдар бұл аймақты Бабыр ұрпақтарының атынан басқарды. Мұхаммед Хайдар 1551 жылы Кашмирдің тау халықтарының көтерілісі кезінде қапыда қазаға ұшырайды.

Хайдар Дулати ортағасырлық көрнекті түркі тарихшысы. Өзінің шығу тегі жағынан ол Моғолстан мемлекетінде тұратын қазақ, қырғыз, ұйғыр және өзбек тайпаларына туыстас бірнеше түркі халықтарына ортақ тұлға.

М. Х. Дулатидің Орта Азия халықтарының XIV—XVI ғасырлар аралығында қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан аймағында болған оқиғалардың тарихи шежіресі болып табылатын “Тарих-и Рашиди” (“Рашид тарихы”) атты еңбектің авторы, оның есімін әлемге мәшһүр еткен ең басты шығармасы. Сол сияқты оның қаламынан түркі тілінде ертегі қалпымен жазылған “Жаһаннаме” поэмасы да туған.

“Тарих-и Рашиди” — XVI ғасырдың 40—50 жылдар аралығында парсы тілінде Кашмирде жазылғанға ұқсайды. Шығарма екі бөлімнен “дафтардан” тұрады. 1546 жылы жазылып біткен бірінші бөлімде (бұл екінші бөлімнен кейін жазылған) Тұғлық Темірден бастап Әбді әр-Рашид ханның таққа отыруына дейінгі Моғолстан билеушілерінің

шежіресін береді. Мұнда ортағасырлық тарихи және географиялық шығармалармен қатар, Моғолстанды мекен еткен ру-тайпалары арасында тараған аңыз-әңгімелерді де кеңінен пайдаланған. Бұл бөлім XIV—XVI ғасырлардағы Шағатай ұлысының Шығыс бөлігінің оқиғаларына қатысты мәліметтермен құнды және Қашқар, Қырғызстан мен Қазақстанның ортағасырлық тарихнамасын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Екінші кітап (бұл бірінші бөлімнен бұрын жазылған) 1541—42 жылдары жазылған. Бұл бөлім негізінен автордың естеліктерінен құралады. Оқиғалар, бірінші кітаппен салыстырғанда, толығырақ берілген. Бөлімде XVI ғасырдың бірінші жартысында Қашқария, Қазақстан, Орта Азия, Ауғанстан және Солтүстік Үндістан тарихына қатысты дереккөздер тиянақты жинақталған (25,171—530).

Қазақ Геродоты (б.з.д. 484—431/425) атанған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиге дейін де талай тарихшылар өтті. Бірақ олардан Дулатидың бір ерекшелігі оқымыстының өткен оқиғаларды ғылыми негізде құрастыруында. Ғұламаның пікірінше, тарихнаманы жазуға, біріншіден, Құранның 56 сүресінің 79 аятында келтірілгендей: “Оны тек таза жандар ғана қолына ұстайды” (23, 484; 24, 567). Басқаша айтқанда, тарихшы ғалымның жаны таза, адал, өткенге салауаттықпен қарайтын адам болуын қалайды. Осыдан Хайдар Мырза тарихты Құран сияқты қасиетті ғылым деңгейінде санайды. Екіншіден, ғалымның ойынша тарихнама барлық елдерге ортақ, сондықтан әлем халықтары осы ғылым негіздерін бірдей қолдана отырып, өткен тарихтан қисса, хикаялар, аңыз-әңгімелер айтады және оларды тарихи деректер ретінде пайдаланады. Оның тарихи шығармасына, әсіресе, түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін жазуға аңыз-әңгімелер негіз болғанын айтады. Автордың тағы бір тұжырымдамасы былай дейді: “... ел ішінде Мырза Хайдар атымен танымал болған пақыр мүмкіндігімнің аздығы және де білімімнің кемдігіне қарамай, осы зор жұмысқа ден қойдым. Тағдырдың салған жүгі қаншама ауыр болғанына қарамай (ұлы істі атқаруға) лайықты болуды қаладым” (25,40). Ғалымның бұл сөздері тарихнаманы жазу ермек емес, қажеттілік, құрметті іс деп таныған, парасатты жан екендігін көрсетеді.

Мырза Хайдар тарихшыларға жақсы менен жаманды бүкпелемей жазу керектігін айта келіп: “...шежірешілердің салты — ұрпақтардың шежіресін қалай болса, дәл сол қалпында баяндап беру керек. Өйткені, біз патшалардың тек жақсы әдеттерін ғана жазып, жөнсіз қылықтарын бүгіп қалмай, әлем жұрты туралы тарих сақталып қалу үшін барлық оқиғаны түгел баяндап қалдыруға тиіспіз. Кейінгі ұрпақ өз

ата-бабасын әріден (қайдан таралатынын) біліп қана қоймай, сонымен қатар, жақсы мінез бен ұнамсыз қылықтың қандай пайда-зиян әкелерін бағамдап отыратын болуы керек. Бәлкім, бұл насихатты қабылдап, ізгі істерге кірісер, әрі кейін өзін Құран оқып еске алуы үшін тентек қылықтардан бойын аулақ ұстар” (25,151). Ендеше, ғалым тарихнамадан тағлым алуды алға тартады, оның болашақ ұрпақтар үшін маңызын айтады.

Осы арада автордың өз қолымен жазылған жеке басының қадір-қасиетіне тоқталайық: “Менің анам, әжем және нағашы әпкелерімнің бәрі де хан тұқымынан шыққан, ханның әпкелері-тін. Әкем жағынан да осылай ханға жақындық туыстығым бар болатын. Оған қарамастан мен тұлдыр жетім қалып, он үш жасымда Сұлтан Саид ханның қызметінде болдым. Оның маған деген әкелік мейірімі жетімдіктің қайғы-қасіретін көрсетпеді. Тіпті мені жақсы көргендігі, құштарлығы өз балалары мен ағайындары арасында қызғаныш тудырды. Жиырма төрт жыл хан сарайында тұрып, әр түрлі өнер-білім, тәлім-тәрбие алдым, өмірім сән-салтанатты жағдайда өтті. Оқу, жазу өнерінен, өлең шығарудан, шығарма жазудан, сурет салудан, алтынмен аптаудан, сондай-ақ басқа да қолөнер түрлерінен: асыл таспен безендіруден, ағаш оюдан, зергерліктен, таспа тілуден, оқ жону, садақ ию, сауыт, кездік соғудан, жабу, ат әбзелдерін жасаудан қатарластарымның арасынан алдыма жан салмадым, құрылыс жұмыстарында, ағаш ұсталығы ісінде аса шеберлікке жеттім. Басқа [игерген] қолөнер түрлерін шебер игергендігім сондай, бұл кәсіптің шеберлері маған шәкірт болуға да жарамайтын, осының бәрін де хан мені сүйеп, қолдап отырды.

Мемлекет істеріне қажет барлық нәрселерде мемлекет жұмыстары мен соғыс әдістері, садақ ату, аң аулауды ұйымдастыруда нағыз ұстазым әрі тәлімгерім ханның өзі болды”, — дейді ғұлама (12, 176; 25, 40—43).

Осыған қарағанда, Мырза Хайдар Дулати бабамыз сан алуан мамандықты игерген, оның ішінде тарихатты жазуды, ел билеу, қол бастау өнерін меңгерген өз заманасының алдына жан салмайтын хас тұлғасы болса керек.

М.Х.Дулати қазақ тарихнамасына қатысы бар сұлтан Ахмет ханның қалай “Алаш ханы” аталғанына тоқталып кетеді (25, 144). XX ғ. басында бұл аңызға зерттеушілер Х.Досмухамедов пен Ә. Бөкейханов та көңіл аударған екен (21, 135).

Мырза Хайдар Қазақ хандығының құрылу тарихнамасына тұңғыш рет қалам тартқан ғалымдардың бірі. Біздің оған қосарымыз: Қазақ

хандығы екі сұлтанның “қашақ” болып, Моғолстанға барып паналанып, Олай дейтініміз, Шудың табаны, атақты Хантау өңірі, жер жанаты Жетісу Қазақ хандығының бастапқыда құрамды бөлігі болғанмен, олар қадым заманнан ежелгі түркі тайпаларының атамекені еді. Олар дүркірей ата-баба қонысын тастап көшкен жоқ, отырықшы өзбектерден бөлінді, көшу — тәуелсіздікке бел байлаудың бір түрі еді. Ақ Орданың құрамында ұлттық бірігу, дүбірлі кірігу жүрді. Егер 1469—1470 жж. өзбек-қазақ деген атау көбірек айтылса, Қасым хан тұсында тек “қазақ” деген атау басым көрінеді. Қазақхия деген атау мемлекеттілікке — Қазақ хандығына берілді.

Бұл орайда бірнеше заңдылық құбылыстарға жүгінейік:

1) 92 баулы қыпшақ бөліне бастады, жаңа ұлттар қалыптасты (алты Алаш);

2) Орталық Азияда ірі мемлекеттік бірлестіктер бой көтере бастады;

3) Дешті Қыпшақ даласындағы тайпалар моңғолдарды жеңді, қалғанын өз бойына сіңірді. Ежелгі тілі және ділі бір байырғы халықтар енші алуға, өз алдына шаңырақ көтеруге кірісті.

Шоқан айтқандай, қазақтар Алтын Орданы да өз мемлекеті санады. Бір ғасырға жетпей моңғолдық болмыстан ештеме де қалмады. Ақ Орда, шын мәнінде, енді Қазақ хандығының ордасына айналды.

Жошы ұрпақтары Ұрыс (Орыс) хан (1368—1377), оның шөберелері бір ғасыр бойы қазақ хандығын қалыптастырды, нықтады. Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан Әбу-л-Хаир хан (1468 ж.) қайтыс болғаннан кейін) 1469—1470 жж. Қазақ хандығының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады.

Мырза Хайдар қазақ хандығының бір мемлекетке біріккенін, оның деңгейі ортағасырлық ұлы мемлекеттер дәрежесіне жеткенін былай көрсетеді: “..... Қасым хан (1511—1528) Дешті Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың мыңнан (миллионнан) асатын еді” (25,306). Қасым ханның тұсында қазақтардың ата жұртының, қонысының тұтастығы қалыптасты. Қасым ханның Қазақ мемлекетіне сіңірген еңбегі орыстың ұлы патшасы Бірінші Петрмен ғана салыстыруға болады, — деп баға береді осы заманғы заңғар тарихшы Манап Қозыбаев (21, 136).

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасында айтылатын Мұхаммед Шайбанидың ұлы — Шайибек ханның қазақтарға жасаған шабуылы

(1509 ж. қарашасы мен 1510 ж. ақпаны арасы) “Тарих-и Рашидидін” екінші кітабында көрініс тапты. Ал автордың ықылас-ниеті қазақ жасақтары жағында.

“Шаһибек ханның қолында үлкен күш бола тұра, — деп жазады Мырза Хайдар, — оған (Қасым ханға — А.Қ.) қарсы тұра алмайтын еді. Оның (Шаһибек ханның — А.Қ.) әскері сол заманда екі жүз мыңнан асатын. Қыс түскенде оның барлық (әскері) жем-шөпке байланысты әр жерде қыстап шығатын..... Бірде (Шаһибек ханның) әскерлері аттарын жайып жүріп, жақын маңда Қасым ханның тұрған хабарын естіп, қатты үрейленеді” (25, 276).

Одан әрі Мұхаммед Хайдар Моғолстанның ханы Сұлтан Саидтың Шайбан өзбектерімен болған соғыста Қасым ханмен одақтасқандығы туралы жәйтті асқан көтеріңкі шабытпен жазады. Әсіресе, Қасым ханның басшылығымен қазақ халқының қаракетін, болмысын, ата-баба салтын ашып берген сәттері оқырманның көңілінен шығады. Автор оны былай баяндайды: “Осындай бір кездесуде Қасым Моғолстанның ханы Саидқа жақындап: “Біз дала халқымыз, бұл жерде қымбат бұйымдар мен тағамдар жоқ. Ең қымбат байлығымыз — жылқы және ең дәмді тағамымыз — оның еті, әрі ең сүйкімді сусынымыз — оның қымызы мен одан дайындалатын тағамдар.

Біздің өлкемізде бау-бақша мен зәулім үйлер жоқ. Серуендейтін жеріміз — малдың жайлауы, сонда барып бәріміз бірге бой жазып, сайран салып, жылқыларды қызықтаймыз”, — дейді. (Саид) хан одан әрі үйірге жақындайды, Қасым хан талай аттарды көрсетіп, былай деген екен: “Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды”, — деп арғымақтарды алдыртады. (Саид) хан мына екі сәйгүліктей жылқыны ешқашан көрмегенін сүйсіне әңгімелейді.

Одан кейін Қасым хан: “Ел — жылқының күш-қуатына қарай тіршілік етеді. Менде осы екі арғымақтан басқа өзіме лайық сенімді ат жоқ. Сондықтан екеуін бірдей сізге тарту ете алмаймын. Сіз, қадірлі қонағым болғандықтан екеуінің бірін тандап, қабыл алыңыз”, — деді. Ол әрқайсысын жеке-жеке сипаттап шықты. (Саид) хан біреуін алды. Ол арғымақтың аты — Оғылан Түрк еді. Шынында да ондай арғымақ бұдан кейін туған жоқ. Қасым хан тағы бірнеше атты сол үйірден тандап қонағының алдына тартты.

Сонан соң қымыз құйған кесені Моғол ханына ұсынып тұрып Қасым хан: “Біздің қонақ сыйлауымыз осылай, егер дәмін татсаңыз, біз үшін үлкен мәртебе болмақ”, — деді. (Саид) хан осыдан біраз бұрын ішімдікті қойып кеткенін айтты. Сонда да сынағылықтан аспай: “Қойғаным бұл оқиғадан бұрын еді, енді сертті бұзуым қалай

болар екен? Оған Қасым хан: “Бұрын айтқанымдай, біздің сусынымыздың ең кереметі — жылқының сүті, одан дайындалатын тамаша тағамдар болады. Сізге қандай қызмет көрсетіп, көңіліңізден қалай шығуды таба алмай тұрмын. Сіздей қадірлі қонақ біздің дастарқанға күнде келе бермейді, мен күнде бұндай қонақтың иесі бола бермеймін. Ал, мен Сізді дұрыстап қонақ етіп, күте алмасам, бұл арманды қалай орындай алар екенмін?”, — деп басын төмен салып, жүзінен мұнайған нышан көрінді. [Саид] хан ашылып Қасым ханға: “Сертті бұзамыз, қымыз ішеміз!” — деді. Қасым хан қатты қуанды. Әңгіме басталып кетті. Жиырма күн қатарынан олар қымыз кесені тауыса босатып ішіп жүрді.

Бұл жаз айының аяғы еді. Қазақтар Қасым ханның бұйрығымен қыстауға бет алды. Қасым хан: “Бұл кезде Шайбанға шабуыл жасау қиын. Дала еліне қазір қыстың қамын жемесе болмайды. Күз айларында жорық жасау мүмкін емес, әрі бұл уақытта әскер де жинала қоймайды”, — деді. Ол сыпайы түрде жорыққа шығудан бас тартты, кешірім сұрады. Бірақ әр түрлі адамгершілік, ілтипат көрсетіп, (Саид) ханның көңілін аулады. Өз көшін бастап туған жеріне қарай жүрді. (Саид) хан өте риза болып, өз елінің астанасы Әндіжанға аттанып кетті. Бұл шілде айының аяқ кезі еді. Хан сарайының бір ғалымы осы оқиғаны “Ашти-йи казак” (“қазақтармен татуласу”) сөзімен атап жылнамаға түсірді. Ол хижраның 919 (1513 — 1514) жылы еді (25, 309—310).

Автор екінші кітабының 36-шы тарауында Шайбан өзбектерінің Қасым хан жаулап ала ма деген қауіппен Иракқа кеткенін, Бабыр патшаның Кабулға қарай кеткенін, ал Қасым хан бастаған қазақ жасақтарының туған жеріне қайта оралғанын атап өтеді. Аталмыш еңбектің 38-ші тарауында автор: “Қасым хан өз иеліктерін басқару үшін Аспараға жүріп кетті”, — деп қортындылайды. Оның “Аспара” деп отырғаны қазақтардың Шу алқабындағы атамекені, Аспара өзенінің бойында (25, 313).

Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиі” ата-баба тарихының толық қанды шежіресі, ал оның авторы ғұлама тарихшы, мемлекет қайраткері, қолбасы ғана емес, XVI ғасырдың ұлы ойшылы, түркі әлемінің жарық жұлдыздарының бірі дегеніміз орынды.

Қазақ хандығы тағылым тағдырына қатысты негізгі сүйенер тіректің тағы бірі қазақтың көрнекті ортағасырлық тарихшысы, мемлекет және қоғам қайраткері — Қадырғали Қосымұлы Жалаиридін “Жәми ат-тауарих” немесе “Шежірелер жинағы” атты сирек кездесетін шығармасы. Атақты шығыстанушы ғалым И.Н.Березиннің ықпалы-

мен 1854 жылы Қазан қаласында аталмыш еңбек алғаш рет баспадан жарық көрді. Оны Ш.Уәлиханов бірінші болып зерттеп, ғылыми бағасын берген осынау әйгілі шығарма кешегі Кеңестер заманы тұсында татар оқымыстылары тарапынан да біршама зерттеледі. Еңбек түркі тілінде жазылған және “даланың ауызша тарихнамасы” В.П.Юдиннің анықтамасы тобына жатады. Осы нұсқаны пайдаланып, Қазақстандық белгілі ғалымдар Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиев 1991 жылы “Шежірелер жинағын” алғаш рет “Қазақ университетінің” баспасынан шығарды (30, 17—246). Қ.Жалаиридін “Шежірелер жинағының” қазақ тарихына тікелей қатынасы бар тараулары қазақ тіліне аударылып, 1997 жылы көрнекті жазушы М.Мағауиннің редакциялық өңдеуімен “Қазақстан” баспасынан да шықты (26, 17—126).

Қадырғалидың “Шежірелер жинағын” қазақ үшін ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың тарихында айырықша орны бар аса құнды мәдини мұра деп қарауға болады. Бұл тарихи еңбек өз дәуіріндегі Орта Азиялық жазба дәстүрін сақтаған. Сөз мағынасы, желісі және құрылымы жағынан “Тауарих ғұзида-и нұсрат-наме ” (XVI ғ.), Әбілғазының “Түрік шежіресі” (XVII ғ.) және басқа да сол заманғы шығармаларға ұқсас сарында жазылған (32, 13—195; 33, 4—208; 11, 158—173).

Қ.Жалаиридін “Жәми ат-тауарих” еңбегі мазмұны мен құрылымы жағынан алып қарағанда, шартты түрде мынадай үш бөлімге жіктеуге мүмкіндік береді: біріншісі, оның Ресей патшасы Борис Годуновқа арналуы; екіншісі, “Шежірелер жинағы” парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің “Жылнамалар жинағы” негізінде жазылуы; үшіншісі, Ұрыс ханнан Ораз Мұхаммед сұлтанға дейінгі Шыңғыс ханның “Алтын ұрықтарының” ғұмырнамалық шежіресін қамтуы.

Жалаиридін тарихи еңбегінің негізгі желісі — Қасым хандығын билеген қазақ сұлтаны Ораз Мұхаммед Ондан сұлтанұлы Шығай хан немересінің ғұмырнамасы. Қадырғалидың шежіре жазудағы басты мақсаты да осыны көздегенге ұқсайды.

- *Қазақ елінен шыққан ортағасырлық ғұлама тарихшы, мемлекет қайраткері Қадырғали Қосымұлы Жалаири (1555—1607 ж.ж. аралығында өмір кешкен) туралы бірер сөз айтар болсақ, оның шыққан тегі мен ғұмырнамасы жөніндегі деректерді өзінің “Жәми ат-тауарих”, яғни “Шежірелер жинағы” атты еңбегінен аламыз. Оның шыққан тегі — Жалайыр тайпасы. **Ата-бабасы Қарахан әулеті билік жүргізген кезден бері ұдайы ханның кеңесшілері, уәзірлері, әскери басшылары болып, аса маңызды мемлекеттік қыз-***

меттер атқарып келген. Қадырғалидың әкесі Қосым кезінде бек дәрежесінде болып, ал атасы Темшік майдандағы ерлігі үшін батыр атанғаны мәлім.

Қадырғали Жалаири алғашында хан ордасында қызмет етіп, ханның кеңесшісі, хан балаларының тәрбиеші-ұстазы болды. Қалмақ шапқыншылығы кезінде **Шығай ханның баласы (Тәуекел ханның інісі) Ондан сұлтан қаза табады. Қадырғали Қосымұлы әкесіз қалған он үш жасар Ораз-Мұхаммедті ертіп алып, бүкіл ауыл-аймағымен Сібір ханы Көшімнің қарамағына көшіп барады.**

Қадырғали Жалаири — Шығыс тарихы мен әдебиетін, мәдениеті мен салт-санасын терең меңгерген, араб және парсы тілдерін жетік білетін ғұлама жан болған. Оның даналығы мен ғалымдығына көзі жеткен Көшім хан көп ұзамай-ақ Қадырғалиды өзіне кеңесші би етіп алады. Кейінірек ол Көшім ханға қарсы шығып, **Сібір князы Сейдақтың** да ақылгөй-кеңесші билерінің бірі болады.

Ораз-Мұхаммед Ресейдің 1590—1591 жылдардағы Қырым хандығына, шведтерге қарсы соғыстарына білікті әскери адам ретінде қатысып, сан рет ерлік көрсетті. Адалдығы мен ерлігі үшін сол кездегі орыс патшасы Федор Иванович (Иван Грозныйдың баласы) **1592 жылы Ока өзені бойындағы Қасым хандығынан Ораз-Мұхаммед сұлтанға арнайы жарлықпен жер бөліп берді. Ресей патшалығы кезінде Қазан хандығына қарсы күрес жүргізу мақсатымен Ока өзені бойынан “Қасымовское царство” (“Қасым патшалығы”) деп аталатын князьдық осылай аталып кеткен. Орталығы Кермен қаласы болды. Ресей құрамындағы “Қасым патшалығын” қыпшақ хандарының әулеттері билеп келді.**

Ораз Мұхаммед сұлтан 1600 жыл орыс патшасы Борис Федоровичтің (1598—1604) бұйрығымен Шыңғыс хан ұрпақтары хандық құрып тұрған Қасым патшалығына билеуші болып тағайындалады (176, 838—839). Ал Қадырғалиды Ораз Мұхаммед патшаның төрт төбе биінің бірі етіп қояды. 1602 жылы осында Қадырғали “Шежірелер жинағын” жазып бітіріп, сол кездегі дәстүр бойынша оны орыстың тақта отырған патшасы Борис Федорович Годуновқа арнайды.

Қадырғали Жалаиридің бұл еңбегін Шыңғыс хан және оның ұрпақтары жайындағы, сондай-ақ Қазақ хандығы туралы шежіре деуге болады. Алайда “Шежірелер жинағының” алғы сөзінде атап көрсетілгендей, “Қазақстан тарихы үшін аса маңызды бөлігі, оның 3-ші бөлімі, яғни бұрын-соңды ешқандай автордың еңбегінде жазылмаған тың тарихи мәліметтер беретін соңғы бөлімі. Ол тоғыз

дастаннан (шежіреден — А.Қ.) тұрады. Олардың сегізі Шыңғыс хан ұрпақтарының ішінде Қазақстан тарихына қатысы бар хандар — Ұрыс хан, Тоқтамыс, Темір-құтлық Ұрыс ханұлы, Қажы-Керей. Қажы-Мұхаммед, Әбу-л-Хаир, Жәдігер, Ораз-Мұхаммед және басқаларға арналса, бір дастан Алтын Орда тарихындағы ірі тұлға Едіге биге арналады” (26, 9; 215, 297—298).

“Жәми ат-тауарих” сол дәуірдің дәстүрі бойынша әдеби түркі тілінде жазылған. Соған орай, автор қазақ тілінің зор мүмкіндіктерін, ғажайып теңеулерін, айшықты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерін, нақыл-ғақлия сөздерін шынайы қаламгерге тән шеберлікпен пайдалана білген. Мұнда қаламгер қара сөздің өзін жыр-толғауға ұқсатып, жиі-жиі қайталанып отыратын ырғақпен айтады.

Жоғарыда айтқанымыздай, еңбектің алғашқы бөлімі Ресей патшасы Борис Феодоровичті мадақтауға арналған. Бұның бір ғажабы түркі тектес халықтардың әдеби-тарихнамалық дәстүріндегі бұрын-сонды кездеспеген жанр болғандығы. Оған кезінде Шоқан Уәлиханов та ерекше мән беріп, Қ.Жалаиридың шығармашылығына таңқала қараса керек (29, 111—116). Шоқан таңданса таңданғандай-ақ, ғұлама тарихшы Қадырғали орыс мемлекетінің империяға айналғанын осы елдің патшасының мәртебесі арқылы суреттеп берген.

Қадырғали Жалаири шығармасының көркемдік дәрежесін, әдеби құнын дәлелдеу үшін шежіреден бір ғана мысал келтірейік. “Жәми ат-тауарихта” орыс патшасы Борис Годуновқа арналған мынадай мадақтау жолдар бар:

“Дүйім христиан падишаһы жоғары мәртебелі Борис Федорович ұлы бек, ақ ханның — періштелер мен адамдарға ие бір Алла өзі хош көрсе — билігі бейнеленеді. Айналасы алты хан, төңірегі төрт хан, дүниенің төрт бұрышын билеген хан. Халайығын әділдікпен сұраған хан. Жетімдерге рақымдық жасап, жарлыларды тойдырған хан. Қыспен жаз, ай мен жыл қазынадағы бар малын хақ жолына байлаған хан. Жеті ықлым кәшүріні алған хан. Қазан тағын, Қажы Тархан (Астрахань) тағын, Тары тағын (Төменгі Сібір хандығы), Сарайшық (Алтын Орда) тағын бағындырған хан. Тауда түмен (Кавказ өңірі), қырда черкес (Солтүстік Кавказ), ойда иштек (Башқырд) баршасы ықпалында болған хан. Мәжәр (Венгрия), Бачқыр, Рум (Византия) елдерімен қатынасы бар хан. Жақсы атың Жабылса мен Жабылқаға дейін жеткен хан. Неміс королі елінің де үрейін алған хан. Қырым және түрікті қаһарымен жапырақтай тітіренткен хан. Сансыз хан, ұлы сұлтандарды есігіне табындырған хан. О жағы хан, бұ жағы хан,

ортасында жалпы христиан падишаһы Борис Федорович хан!" (11, 160—162; 26, 17—19).

Осылай, бұрын-соңды, қаһарымен “жанырақтай тітіренткен хан” деп Ресей империясының патшасын, мемлекеттің жойқын күшін дәл Қадырғалидай көркем бейнелеген тарихшы кездеспеген шығар. Жалаири кітабының үшінші бөлімінде Қазақстан тарихы үшін аса маңызды, бұрынғы тарихшылардың шығармаларында жазылмаған тың дереккөздердің түзілуі.

Сөз орайы келіп тұрғанда айта кетейік, біздің дәуіріміздің орта ғасырларында кемеліне келген Ресей империясы Сібір, Каспий өңірі, Қазақстан және Орта Азия хандықтарын өзіне қарату үшін ылғи жымысқы саясат жүргізіп келгені белгілі. Бұл ретте тікелей басқыншылық соғыстарымен қатар, туыстас хандықтардың өзара қырқысын өте кәнігілікпен ұйымдастырып, ұтымды пайдалана білді. Соның нәтижесінде Сібір, Еділ бойы, Қазақстан және Орта Азия елдері патша үкіметінің отарлаушы шенеуніктерінің жемтігіне айналды.

Ресейдің отарлаушылық әккі саясатының салдарынан талай хандардың отбасы, туған-туыстары мен ханзадалары оның тұтқыны болды. Ресейге кіріптарлыққа түскен мұндай тұтқындар мемлекет қызметіне жегілді, еншісі айырылып, туған жұртынан жырақта жат елде жүріп жатты. Соның бірі — Ораз Мұхаммед сұлтан. Оны тұтқындап Москваға алып келген соң, көп ұзамай Керман қаласына Қасым патшасы аталған қуыршақ хандыққа отырғызады. Осы жерде Ораз Мұхаммед сұлтанмен бірге бірнеше билердің де қызметі басталады. Солардың ішінде ең беделдісі Қадырғали Жалаири болғаны жоғарыда айтылды.

Енді, Ораз-Мұхаммед ханның өмір жолына қысқаша тоқталып өтейік. Ол атақты Тәуекел ханның (1586—1598) інісі Ондан сұлтанның баласы. Ал оның аталары Ұрыс хан, Барақ хан, Жәнібек хан, Шығай хандар Алтын Орда, Ақ Орда және Қазақ хандығындағы белгілі тұлғалар.

Нақты мәліметтерге қарағанда, Ораз Мұхаммед 1588 жылы 16 жасында тұтқынға түскен. Ол кезде Орыс мемлекеті Сібірді толық иелену мақсатында Көшім ханды қыспаққа алып жатыр еді (28, 59 —63).

Ораз Мұхаммед сұлтан нөкерлерімен Тобыл қаласына жақын маңдағы жаздың жұпар исі аңқыған көк майсасында далада ит жүгіртіп, құс салып, аң аулап саятшылық құрып жүрген еді. Ресей патшасының шекарадағы әскербасы, атаман Данил Чулаков деген қаныпезері олардың тегін адамдар емес екенін біліп, қалай да қолға

түсірудің қам-қаракетін жасайды. Арам ойлы Д. Чулаков Ораз-Мұхаммедті алдап, нокерлерімен бірге арнайы қонаққа шақырып, қапыда қолға түсіреді де, тұтқындап, патша үкіметіне сыйға тартады.

Жаңа ғана ат жалын тартып мінген ханзада Ораз Мұхаммедтің қызықты балалық балдырған шағы осымен аяқталады. Ата мекеніндегі жарастығы мол шат өмірмен, бақытты күндермен қош айтысып, туған елінен мәңгілікке кететінін бозбала ол кезде білген де жоқ еді.

Діні бөлек, тілі басқа, әдет-ғұрпы түсініксіз жат жұртта оның аса ауыр сағынышы мен қиыншылығы көп жаңа өмір күтпеген жерден басына түседі.

Ол кезде Ресей патшалығын билеуге қаһарымен аты шыққан Иван Грозныйдың ұрпақтары Феодор Иванович пен оның ұлы Борис Федорович Годуновтар келген-ді. Қазақ ханы Тәуекелдің бауырын қолда ұстау орыс патшасы үшін өте тиімді еді. Келешекте әлде қалай күн туа қалғандай болса, мұны алдыға тартып қазақ ханын айтқанына көндіруге болатын.

Таққа Борис Федорович Годунов отырғаннан кейін екі жыл өткенде Ресейдің патшасы Ораз Мұхаммед сұлтанды Москва жанындағы “Қасым патшалығына” хан етіп (1600 ж.) тағайындалғаны, бұл тарихи оқиғаның барлық сән-салтанаты бүге-шігесіне дейін Қ. Жалаиридың осы кітабында айтылады. Жат елде жиырма екі жыл тұрып, оның он жылын Қасым патшалығын басқарған Ораз Мұхаммед сұлтан өз қарауындағы халқына аянбай еңбек еткен есіл ер, 1610 жылы Ресей патшасы Екінші Лжедмитрийдің жеңдеттері Михаил Бутурлин мен Михневтің қолымен қапыда өлтіріліп, денесі Ока өзеніне батырылады (176, 970). Алайда, Едіге бидің ұрпағы, асылдың тұяғы князь Петр Урусов шындықтың түбіне жетіп, өзінің қанды көйлек досы Ораз Мұхаммед ханның мәйтін өзен түбінен тауып алып, арулап жуып “Қасымов” қаласындағы хандар қорымына жерлейді (26, 8).

Қадырғали Қосымұлының өз қолымен (1602 ж.) жазған “Шежірелер жинағының” қолжазбасы біздің заманымызға жетпеген. Оның түпнұсқасынан жасалған екі көшірмесі болған дейді айтушылар, біреуі — Санкт-Петербургте, екіншісі — Қазанда сақталған. Оның өте білімді, аса зирек адам болғаны бізге келіп жеткен еңбегінің көшірмесінен көрінеді. Жалаиридың көне түркі, араб, парсы тарихы мен тілдерін жетік білетіні осы “Жәмиғ ат-тауарихты” зерттеп оқыған адамға айқын байқалады. Зерттеушілер бұл шығарманы шартты түрде “Жәми ат-тауарих” деп атады, ал шындығында бұл еңбектің Қадыр-

ғали қойған аты белгісіз. Бізге жеткен шығарманың көшірмелерінде оның аты көрсетілмеген.

Қадырғалидың “Шежірелер жинағы” маңызды тарихнамалық мәні бар жазба ескерткіш. Еңбектің түркі тілінде жазылғаны және “даланың ауызша тарихнама” тобына жататыны белгілі тарихшы В.П.Юдиннің ғылыми анықтамасымен дәлелденеді. Қ.Жалаиридың шығармасының маңызды бөлігі ел арасында тараған аңыздардың негізінде топтастырылған. Сонымен қатар, автор өзіне дейінгі жазба еңбектерді де молынан пайдаланған. Солардың біреуін ол парсы тілінде жазылған Өтеміс қажының “Шынғыс-наме” еңбегі деп атайды (27, 151—197). Зерттеушілердің бірсыпырасы, Жалаири Рашид әл-Диннің атақты “Жәми ат-тауарих” (“Жылнамалар жинағы”) шығармасы төңірегінде құрастырылған еңбек деп топшылайды (6, 7, 8, 9). Қалай болғанда да Қадырғалидың араб, парсы тілін жетік білетіні осы еңбегінен байқалып тұр.

Автордың еңбегінің деректемелік маңызы, әсіресе түпнұсқалық бөлімдерде ерекше бейнеленген. Мәселен, Ұрыс (Орыс) ханнан Жәнібек (Әбу Сағид) ханға дейін төртінші буын деп, нақты мәлімет келтіреді (26, 121). Кіріспе бөлімде, әсіресе, орыс патшасына арналған мадақтау сөздерінде автордың әлеуметтік қозғарастары да айқын көрінеді. Әрине, Жалайырдың орыс патшасын ерекше мадақтауы тегіннен тегін емес, өйткені, өздерінің жағдайы оған түгелдей тәуелді еді. Әрі ол кездегі кітап жазу дәстүрі де осыған ұқсас келетін. Сондықтан ол орыс патшасын: “... Жаһан ішінде, дүниенің әр бұрышын кездім мен. Көп кітаптар оқып, көпті білдім мен. Әділдік және ынсаптық хабарын да көрдім мен. Бұндай қымбат сихуат падишах көргенім жоқ. Қайыры таусылмас қазынанда малың түгесілмес. Төрт тарапқа тарқатып берсең де еш кемімес! Кімде кім сенің шапағатыңа кезіксе, өлсе де өкінбес” — деп мадақтап, әлемде оған тең келетін патша жоқ екенін өрнекті тілмен жеткізеді (26, 11). Осылай Борис Феодоровичті бүкіл христиан әлемінің патшасына жатқызса, қазақтың сол кездегі Тәуекел ханын “бүкіл (ислам елінің) мұсылман билеушісі” деп атайды. Осы арқылы сол дәуірдегі Қазақ хандығы да тасы төрге өрмелеп тұрған мемлекет екенін ескертеді. Автор “Алаш мыңы үш сан” болса, “Қатаған қауымы екі сан” екенін ескертеді. Алаш мыңы үш сан деп, сол кездегі Қазақ хандығының құрамында Ташкент уәлаяты, қарақалпақтар мен қырғыздар да болғанын көрсетеді. Тіпті, қазақтың Жалаңтөс батырының Самарқандта 1608—1656 жылдары билік құрып тұрғанын ұмытпайды. Қорыта айтқанда, Қадырғали би XVI ғасыр мен XVII ғасырдың басында Орта Азиядағы саяси қарқындылықтардың Қазақ



Үйсіндердің қолөнер шеберлері жасаған бұйымдары (б.д.б.).

ханының араласуымен шешіліп жатқанынан хабар етеді. Мысалы, Тәуекелден кейінгі Қазақ елін айбынды хандардың бірі Есім, қырғыздарды Қоқым би секілді аса беделді ру басының көмегімен басқарса, XVIII ғасырдың бірінші ширегінде қазақтарды Жәңгір ханның ұлы әз-Тәуке, қырғыздарды Тиес би басқарғаны мәлім (31, 374).

Қадырғали Жалаиридың “Шежірелер жинағын” сараптай отырып, Қазақ хандығының сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайына көз жеткізе аламыз. Қытай мен Ресейдің, яғни екі айдаһардың ортасында қалған қазақ елінің басына XVIII ғасырда ауыр күндер туғаны бір төбе әңгіме.

Қорыта келгенде, Қадырғали Жалаиридың “Шежірелер жинағы” Қазақстанның қоғамдық, этникалық және мәдени мұраларын зерттеуде маңызы зор, теңдесі жоқ рухани қазына деп білеміз.

Хиуа ханы, Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің білгірі Әбілғазының “Шежіре-и түрк” (“Түрік шежіресі”) атты шығармасының да қазақ тарихына тікелей қатысы бар. Төрткүл түркі жұртында тарихнамалық қасиеті мол асыл қазыналардың біріне саналатын, бұл шежіренің құндылығы Шығыс елдерінен жинақталған мәліметтермен қатар, қазақ халқын құраған ежелгі ру-тайпалардың тарихына қатысты дереккөздерімен ерекше бағаланады. Автор шығармасының басында: “Шыңғыс хан ұрпақтарынан шыққан хандар өздерінің ұстанған әдет-ғұрыптарына және қағидаларына сай келетін тарихнамасын (“Шыңғыс-наме”, “Шайбани-наме”, “Жәмиғ ат-тауарих”, т.б.) жаздырып қалдыруды ертеден қалыптасқан дәстүр санайтын еді”, — деп ағынан жарылады (32, 13—14). “Бұлардан аталған шежіренің екі ерекшелігі бар, — деп көрсетеді ғалым Б.Әбілқасымұлы, — біріншіден, кітап авторы Шыңғыс ұрпағынан шыққан хан бола тұрып, өз тарихын өзі жазған; екіншіден, кітап тарихи, әдеби жағынан аса құнды”. Оның себебін Әбілғазының өз сөзінен іздеуге болады. Кітабының кіріспесінде Әбілғазының үш нәрсені жетік меңгергені айтылады. Біріншісі — әскери өнер; екіншісі — ақындық өнер және көп тіл білуі; үшіншісі — тарихи оқиғалар мен ертеде болған хандардың аттарын, мемлекет, жер-су аттарын жатқа білуі” (32, 3; 33,8). Аталған кітапты автор хижраның 1074 жылы, яғни біздің дәуірдің жыл санауы бойынша 1663 жылы жазуға кіріседі де, бірақ кітабын аяқтай алмай, 1664 жылы қайтыс болып кетеді. Кітапты оның ұлы Ануш Мұхаммед аяқтаған.

Осы арада кітап авторының ғұмырнамасын қысқаша баяндап өтейік.

- Әбілғазы баһадүр хан 1603 жылы 26 тамызда Хиуа хандығының астанасы Үргеніш қаласында дүниеге келеді. Оның әкесі Арабмұхаммед Дешті Қыпшақтың ханы, Жошы ұрпақтарының бірі болып келеді, 1602 жылдан бастап Шайбани әулеті билік еткен мемлекетте тақта отырды. Арабмұхаммед ханның Хибаш, Жолбарыс, Спандияр, Әбілғазы, Шәріп Мұхаммед, Хорезмшах және Ауған атты жеті ұлы болған.

Әбілғазының анасы Мейірбану ханым да Шыңғыс хан әулетінен, Әбілғазы тегіне төрт-бес ата жерден қосылатын Жанғазы сұлтаннан туады. Жанғазы Арал теңізі маңындағы қазақ руларының ханы.

Әбілғазы алты жасқа толғанда анасы өліп, өгей шешесінің қолында тәрбиеленеді. Әкесі салдырған Арысхан медіресесінде оқып, шығыстың аса білікті ғұламаларынан әлем тарихы, поэзия, мемлекетті басқару мен әскери өнер бойынша дәріс алады. Осы кезде ол, әрбір Шыңғыс хан ұрпағы тәрізді әскери істі, мемлекет басқарудың қыр-сырын үйренеді.

1619 жылы, 16 жасында Әбілғазы жеке шаңырақ көтеріп, Үргеніштің бір бөлігін өз иелігіне алды. Көп ұзамай қартайған Арабмұхаммед ханның ұлдары арасында хан тағына талас басталып, билік үшін күрес ұзаққа созылып кетеді. Олардың ішінде 17 жасар Әбілғазы да бар еді, алайда билік үшін болған жанжал ол үшін сәтсіз аяқталады. 1621 жылы бір шайқаста ол ауыр жарақат алады да, Аллаһ Тағаланың жазуымен Әмудариядан жалғыз жүзіп өтіп, бауырларынан төнген ажалдан қашып құтылады. Әбілғазы жастайынан батыл, ержүрек, қайсар мінезімен көзге түсіп, сол үшін оның атына “баһадүр”, яғни батыр сөзі қосып айтылатын болған (215, 291). Бауырларынан “аман” қалған Әбілғазы Бұқар ханы Имамқұлдан қолдау табады. Осы арадан Әбілғазы баһадүр Имамқұлдың көмегімен Хиуа билігіне қайта оралуға әрекет жасайды. 1623—1624 жылдары Әбілғазының ағасы Спандияр Хиуаға хан сайланып, Әбілғазы өз Отанына қайтуға мүмкіндік алды. Спандияр оның еншілігіне Үргенішті береді. Алайда аға мен інінің арасындағы татулық ұзаққа бармады. Олардың арасында күншілдіктен туған күрес басталып, ақыры Спандияр жеңіске жетеді. 1627 жылы Әбілғазыны Хиуадан тағы да қашуға мәжбүрлейді. Ол Түркістанға келіп, мұнда Қазақ ханы Есімнен баспана іздейді. Әбілғазы Есім ханның қолында үш ай тұрып, кейін Қазақ хандығының Ташкент билеушісі Тұрсын ханның жанында екі жылдай уақыт өткізеді. Оны Есім хан өлтірген соң Әбілғазы қайтадан Имамқұл ханға кетеді. Көп ұзамай Хиуа түркімендерінен шақыру алады да, ол Отанына қайтып оралады. Жарты жыл өткеннен кейін, ағасы Спандияр Әбілғазыға Несә және Дурун шаһарларына қастандық жасады деген айып тағып, оны

абақтыға қаматады. Осыдан Әбілғазы Ирандағы Сефевид мемлекетіне айдалып, Исфахан қаласында он жылдай тұрады. Осы кезеңде ол көптеген тарихи, медициналық, әдеби шығармалармен танысып, білімін жетілдіреді, араб және парсы тілдерін жете меңгереді. 1639 жылы Әбілғазы Исфаханнан қашып, екі жыл түркімендердің Теке тайпасында жасырынып жүреді. 1640—1641 жылдары Жем (Тембі) өзенінің бойын жайлаған қалмақ ханы Хо-Өрлектің ордасында тұрады. Арал маңындағы қазақтар көп сыйлық беріп, Әбілғазыны қалмақтардан сұрап алады. Ол қиын-қыстау ұзақ жылдарды бастан өткізіп, 1642 жылы Отаны Үргенішке оралады. Әбілғазы келгеннен кейін жарты жыл өткенде ағасы Спандияр ханға қаза жетеді. 1643 жылы Әбілғазы Арал маңындағы көшпелі ру-тайпалардың бір бөлігіне хан сайланады. 1645 жылы қазақтардың, өзбектердің, қарақалпақтардың көмегімен ол Хиуа хандығының билігін қолына алды. Осында Әбілғазы 20 жылдай хандық құрды, көптеген игілікті істер тындырады. Билік жүргізген тұсында қалмақтарға қарсы бірнеше рет сәтті шабуылдар жасады. Бұқараға бірқатар жаугершілік жорық жасап, түркімен тайпаларын өзіне күшпен бағындырды. 1663—1664 жылдары Әбілғазы мемлекет билігін баласы Ануш Мұхаммед қолына тапсырып, қалған ғұмырын шығармашылыққа бағыштайды. Әбілғазы 1664 жылы сәуір айында Үргеніш қаласында дүниеден өтті. Әбілғазы баһадүр ортағасырлардағы түркі халықтарының шежіресін жазған ғұламатарихшылардың біріне саналады. Ол “Шаджара-йи тераким” (“Түрікмен шежіресі”) және “Шежіре-и түрік” (“Түрік шежіресі”) деп аталатын екі тарихи шығарманың және “Манфи ал-инсан” (“Адамға пайда әкелетін кітап”) атты шағын медициналық трактаттың авторы (11, 195—214; 32, 3—11; 33, 4—208).

Әбілғазы ханның “Түрік шежіресі” әйгілі тарихи еңбек. Оны 1664 жылы Әбілғазы хан қайтыс болғаннан соң, әкесінің тапсырмасымен ұлы Ануш Мұхаммед хан аяқтаған. Еңбек жазылғаннан 50—60 жыл өткенде, Тобыл қаласында айдауда жүрген шведтің тұтқын офицері Табберт (фон Страленбург) “Түрік шежіресі” қолжазбасын тауып алып, ғылыми әлемге әйгілі етті (11, 196).

“Түрік шежіресінде” — Адам атадан бастап, Шыңғыс ханға дейінгі және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия мен Қыпшақ даласында, Таяу Шығыста болған сан қилы тарихи оқиғалар жүйелі түрде баяндалады. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары шежіресін сөз ете отырып, Әбілғазы негізінен түркі тектес халықтардың тарихына көбірек назар аударған. Кезінде академик Х.Френ “Түрік шежіресін” аса жоғары ғылыми еңбек ретінде бағалай келіп, бұл шежіре “Ресей мұсыл-

мандарына өз ата-бабаларының тарихын білуге көмектесіп қана қоймайды, олардың жалпы тарих ғылымына деген көзқарасын оятуға тиіс” деп жазған болатын (215, 292; 33, 4).

“Түрік шежіресі” XIX ғасырда неміс тіліне (Шенстрем), одан француз тіліне, бергін келе орыс тіліне (Тредиаковский) аударылып, бірнеше рет Еуропада жеке кітап болып басылып шықты. Бұл шежіренің орыс тіліне тәржіме жасалып, кітап болып шығуына кезінде Ресейдің шығыстанушысы, граф Н.И.Румянцевтің тікелей қамқорлық жасағаны мәлім (215, 292; 32, 5).

Кітап Шыңғыс ханның ата-тегінен бастап, он жетінші ғасырдың автор өмір сүрген кезеңіне дейінгі аралықтағы ұрпақтарының ғұмырнамалық жылнамасын қамтиды. Шығарма тоғыз кітаптан (тараудан) тұрады. Біріншісі, Адам атадан басталып, Иафеттің ұрпағы деп шамаланатын алғашқы аңыз адамына дейін баяндалады. Екінші кітап Шыңғыс хан дүниеге келгенге дейінгі кезеңді айтса, үшіншісі түгелдей әлемді бағындырушының өзіне, ал қалған алты кітабы (бөлімі) оның ұрпақтарының (оның ішінде қазақ хандары да бар) ғұмырнамасына арналған.

Шығарма Дешті Қыпшақ даласына, Түркістанға, Мауераннахр мен Хорезмге, әсіресе, 1506—1664 жылдар аралығында Хиуа билеушілері болған, сол тұстағы олардың соңғы тұяғы Әбілғазының қаза болуымен тұспа-тұс келетін Жошы ұрпақтарының және қазақ хандарының тыныс-тіршілігіне кеңірек тоқталады. Бұл бүкіл еңбектің үштен бірін құрайды. Сонымен бірге Әбілғазы шежіресінде қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың ежелгі тарихы, олардың байырғы ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, т.б. туралы көптеген құнды деректер бар.

Осы арада бір айтыла кететін жайт, бұл еңбекті “Хандар шежіресі” деген желеумен ұзақ уақыт ғылыми ортадан аулақ ұстады. Тек, XX ғасырдың аяқ жағына таман Әбілғазы шежіресі қазақ ғалымдарының зерттеу нысанына айналды.

Қазақ халқы құрамына енген рулардан “Шежіреде” қыпшақ, ұйғыр, татар, қырғыз халықтарының тарихына да қатысты деректер жеткілікті. Шыңғыс хан басқыншылығына дейінгі олардың атамекені, қоныстары, ел билеушілері туралы мәліметтер де шежірелерде айтылады.

Әбілғазының шығармасында жекеленген қазақ рулары туралы мәліметтер болғанымен, біртұтас қазақ халқының тарихына қатысты оқиғалар көп емес. Оның себебі, біздің ойымызша, шежіреде тек Шыңғыс хан тұқымынан болған хандардың тарихы сөз болуымен байланысты болса керек. Мәселен, “Тоқай Темір нәсілінен қазаққа

хан болғандарының баяны” деген тарауда Өз Темір, Хожа Балақұл оғлан, Ұрыс хан, Құйыршық хан, Барак хан, Әбу Сағид (лақаб аты — Жәнібек) хан аталады. Енді бір жерінде Жошы ұрпағынан Дешті Қыпшақта хан болғандарды сөз еткенде, олардың ішінен Берке хан, Өзбек хан, Жәнібек хандарды ерекше ілтипатпен атайды, сол сияқты, Тұда Меңгу, Бердібек сияқты хандардың залымдығын, пасықтығын жасырмай жазады. Мәселен, Өзбек хан тұсында бүкіл Жошы елі “Өзбек” деп аталғанын, ал Бердібектің өлуімен Бату хан әулетінің тұқымы құрып, хандық Жошының өзге балаларының ұрпақтарына ауысқаны айтылады. Осыған қарап, Қазақ хандығы туралы мәліметтің өнжеусіз екенін байқаймыз.

“Шежіре” Берке ханнан бастап хан ордасы Сарайшықта болғанын оның және одан кейінгі хандардың да сонда жерленгенін айтады. Берке ханнан бастап Алтын Орда хандары мұсылмандықты қабылдап, шариғат заңын қатаң сақтайды, оның інісі Тоғай Темір де мұсылман дініне кіргенін Әбілғазы шежіресінен табамыз (11, 197—214).

Дегенмен, бұл еңбек — көркем шығарма болмаса да, “Шежіренің” кей тұстарында, әсіресе белгілі халықтардың өмір тіршілігі мен тарихи тұлғаларының мінез-құлқы, істеген қаракеттері сөз болғанда, аңыз әпсаналар, небір бейнелі сөз тіркестері мен мақал-мәтелдері жиі бой көрсетіп отырады.

“Шежіренің” түркі тілдерінің тарихын зерттеушілерге тигізер пайдасы да үлкен болмақшы. Біріншіден, бұл еңбектен көне түркі тілінің жекелеген лексикалары мен грамматикалық құрылысының көрінісін кездестіруге болады. Екіншіден, автор өзі мойындағандай, араб, парсы, түрік, моңғол тілдерін жетік біліп, сөз мағынасын терең түсінгендіктен, көптеген жер-су, ру, тайпа атауларының шығу тегін айқындауға, яғни жеке сөздердің этимологиясын ашуға талпыныс жасағаны байқалады.

Еңбектің тағы бір құнды жағы — оның таза түркі тілінде жазылуы. Әбілғазының өзінің айтуына қарағанда, бұл еңбекті ол “бес жасар бала түсінетіндей етіп, қарапайым түркі тілінде жазған, араб, парсы тілдерінен ешқандай сөз қоспаған” (32,9).

“Түрік шежіресі” қазақ тіліне бұрын-соңды аударылған емес. Оның бір себебі — шығарма тілінің басқа түрік халықтарынан гөрі қазақ тіліне жақындығы. “Шежіренің” алғашқы зерттеушісі, белгілі шығыстанушы Г.С.Саблуковтың айтуынша, еңбек Хиуа халықтарының сол тұстағы сөйлеу тілінде жазылған. Ол тіл басқа тілдермен көп араласпай таза сақталған көне түркі тілі, қазіргі қазақ, башқұрт, Оренбург татарларының тіліне жақын. Мұндай пікірді

“Шежіре-и түрк” шығармасының тілін жете зерттеген А.Н.Конопов, С.Н.Иванов, Т.Р.Қордабаев та айтады (32, 9).

Қазақ халқының көне тарихы мен оның хандық дәуіріне арналып жазылған Еуразиялық авторлардың шығармалары XVIII—XX ғасырларда көптеп кездесетіні ескеріліп, оқырман қауымның назарына олардың бірсыпырасының атын атап өтуді парызымыз деп санадық. Олардың алдыңғы сапында тұрған шығыстанушы ғалымдар: Л.Н.Гумилев, В.В.Бартольд, Я.Н.Бичурин, Ж.Неру, А.М.Карамзин, А.И.Левшин, И.П.Петрушевский, В.В.Радлов, М.Аджи, К.Ақышев, А.П.Окладников, А.М. Панкратова, В.П.Юдин, А.А.Аристов, А.Н.Бернштам, Н.С.Трубецкой, Н.А.Баскаков, С.М.Соловьев, М.Д.Каратеев, М.П. Вяткин, С.Г.Кляшторный, Т.И. Сұлтанов, Рене Груссе. Бұған қоса Қазақстандық зерттеушілер: Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлкей Марғұлан, Ілияс Есенберлин, Ермұхан Бекмаханов, С.Д.Асфендияров, Олжас Сүлейменов, С.М.Ақынжанов, Манаш Қозыбаев, Карл Байпақов, Меруерт Әбусағитова, Кеңес Нұрпейісов, Марат Қойгелдиев, Қойшығара Салғараұлы, Мұхтар Мағауин, Жанұзақ Қасымбаев, Ирина Ерофеева, Керейхан Аманжолов, Байұзақ Албани т.б.

Осы еңбекті жазу барысында, бұл ғалымдардың еңбектерін кең көлемде пайдаландық және оларға әрдайым сілтеме жасап отырғандықтан, шығармалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталуға кітаптың мүмкіншілігі болмағанына кешіріммен қарауларыңызды өтінеміз.



ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТЕГІ —
АРИЙЛЕР, САҚТАР, ҒҰНДАР, КӨК ТҮРІКТЕР



Шығыс-славян тайпалары алғашында осынау, Ресей орналасқан орасан зор территорияның батыстағы аз ғана бөлігіне — Балтық теңізі мен Қара теңізді байланыстыратын өзен сағаларына ғана қоныстанады. Қазіргі Ресей территориясының қалған бөлігін негізінен “тұрандықтар” немесе “орал-алтайлық” деген атаумен белгілі тайпалар мекендеді. Осы географиялық облыстардың тарихында Тұран елі шығыс-славян немесе орыс тайпаларына қарағанда анағұрлым маңызды, айрықша рөл атқарады. Қазіргі Ресейдің барлық территориясының тұтастай бір ғана мемлекет билігіне бірігуін алғаш рет орыстар емес, тұрандық-моңғолдықтар жүзеге асырды.

Н.С. Трубецкой.

“Орыс мәдениетіндегі Тұран элементтері” кітабынан.

Ғалымдардың болжауынша ежелгі адамзат қонысы жер бетінде осыдан екі жарым миллион жылдай бұрын пайда болған. Ал Қазақстан ғалымдары біздің еліміздің аумағын ежелгі адамдар осыдан бір миллион жыл бұрын қоныстанды деп санайды. Зымыраған ғасырлар өтіп, біздің заманымыздан 35—40 мың жыл бұрын жер беті күрт салқындауы салдарынан, құрлық бетін тұтасқан мұз басады да, жайқалған жұмақ жердің беті бірте-бірте қақаған аязға оранып адам да, жануарлар да мың-мыңдап қырғынға ұшырайды. Адамдардың тірі қалғандары үнгір-үнгірлерді паналап, от жағуды үйренеді. Бұрын жеміс-жидек теріп жеп, татымды өсімдіктердің тамырын жинап, балық пен аң аулап қоректенген адам баласы енді аңшылықты көнігі кәсіпке айналдырады. Ұйымдасып үлкен аңды қолға түсіретін ор қазуды, тастан үшкір қару-жарақ жасауды үйренеді. Ғылымда бұны “тас ғасыры” деп атайды (34, 10—12).

Бір кездерде құрлық бетін құрсаған көк мұз да бірте-бірте ерін, солтүстікке қарай шегіне бастаған еді. Сірө, Нұһ пайғамбарға қатыс-

ты айтылатын жер бетін қаптаған топан су туралы аңыз да осы кезеңнің шындығын бейнелейтін құбылыс болса керек-ті. Топан судан, ең алдымен, биік қыратты қоныс еткен адамдардың аман қалатыны белгілі. Осы арада тірі қалған адамдар өзге аймақтағыларға қарағанда ертерек ес жиып, оң солын бұрынырақ тани бастаған көрінеді. Біздің еліміз — қазіргі Қазақстанның аумағы дәл сондай қыратты аймақтардың бірі болғанға үксайды. Сондықтан біздің өлкені қоныстанған алғашқы адамдар, яғни біздің арғы ата-бабаларымыз қолға мал үйретуді, тас құралдардың орнына қолына қоладан жасалған қанжар мен найза ұстауды, ат жегіп арба мінуді, бір сөзбен айтқанда, адами болмысты өзге аймақтағы тектестеріне қарағанда ертерек меңгерген секілді.

Қазіргі Қазақстан жерінде бұдан 4—5 мың жыл бұрын өмір сүріп, өлкені тұрмыс-тіршілігіне айналдырған халықтар жөнінде бір-екі ауыз сөз айтар болсақ, олардың құрамында әртүрлі туысқан тайпалар болғаны тарихнамада түзілген.

Ішіндегі ең белгілілері — арийлер немесе арийліктер деп аталатын тайпалар еді.

Арийліктер — терең тарихы бар ежелгі халықтардың бірі. Арийліктер, Үнді — Иран тілді халық өздерін “арий” деп атауларынан қазіргі Иран (арийнам, яғни арийлердің елі) атауы шыққан. Кейін осы атау таза, ақсүйек деген ұғымға айналды. Арийліктер еуропалық нәсілдің Үнді — Жер Орта теңіздік түріне жатады. Олардың ежелгі отаны қазіргі Иран мемлекетінің аумағы емес, ол жерге ирандықтар (арийліктер) Орта Азиядан біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мың жылдықтың аяғында келіп қоныстанған деген болжам бар. Иранды кейде парсы елі дейді. “Парсы” деген сөздің өзі Ахеманидтер мемлекетін басқарған Парсид шахтарының әулетінен алынған атау. Ежелгі гректер, олардың артынан барлық Еуропа Иранды Парсы (Персия) елі делініп, 1935 жылға дейін бұл мемлекет осылай аталып келді.

Біздің заманымыздан бұрынғы (қысқаша — б.з.б.) 1800—1600 жылдары арийліктер Шығыс Азияға келіп қоныстанды. Қазақстан мен Оңтүстік Сібірде олардың орналасқан жеріне қарай, Сібірдегі Андрон елді мекенінің маңынан табылған мәдени жәдігерліктердің кейбір үлгілерін “Андрон мәдениеті” деп атады.

Ғалымдар “Андрон мәдениетінің” даму кезеңін үш арнаға бөліп қарастырады: 1) ерте кезең (б.з.б. XVIII—XVI ғасырлар), 2) өркендеген кезең (б.з.б. XV—XIII ғасырлар), 3) кейінгі кезең (б.з.б. XII—X ғасырлар).

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде соңғы жарты ғасырда осындай мәдени жәдігерліктердің 150 мекені мен көптеген бейіттердің орны ашылды. Ежелгі тайпалардың қоныстанған жерлерінен тек Батыс Сібір мен жоғарғы Енисей аңғарынан ғана емес Тянь-Шаньнан, Тәжікстаннан, Ауғанстаннан, ал кейбір мәдени ошақтарға тән белгілер Солтүстік Пакистан жерлерінен де табылуда. Бұған қоса арийлердің түп-тамыр қоныстарына Қазақстан және Орал өңірлерін жатқызуға болады.

Ежелгі түркілердің қола дәуіріндегі мәдениетін көрсететін түрлі тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар, еңбек құралдары, Алтай, Орталық Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан өңірлерінен де табылып жатыр. Ежелгі мәдени жәдігерліктердің табылған жерінің атауына сәйкес тарихшылар мен археологтар мұндай көне мәдениет ошақтарын: “Атбасар мәдениеті”, “Маханжар мәдениеті”, “Ботай мәдениеті”, т.б. деп те атап жүр (215, 10).

Арийлердің тұрған жерінен бидай ұнтақтағыш (тартқыш) тас табылған. Қола дәуіріндегі жартастардың суреттеріне көз жіберсек, олар өгізге соқа жегіп, жер жыртқаны да анықталды. Ежелгі тайпаларда тұрғын үйлер де кездеседі. 1—1,5 метр қалыңдықта өңдеген ағаштардан екі қабатты немесе пирамида тәріздес шатырлар салынған. Ол үйлерде мұржалар және күн сәулесі түсетін ашық жерлер — түңліктер қалдырылған. Шатырлар бірнеше дінгекпен ұсталып тұрғызылған. Тұрғын үйлердің жарты бөлігін қыста жас төлдерді күтіп-баптауға арнап бөлген. Аталмыш тайпалардың үйлері тұрған қоныстардан жылқы және қой сүйектері көптеп табылуда (60, 14—15).

Арийлердің малды ауыл маңында баққаны да ғылыми жолмен дәлелденіп отыр. Бір ауылда 10—20 отбасыдан құралған бір рудың ғана адамдары тұрған. Сол кезде, әр отбасыда 30—50 адам болған тәрізді. Кейде бір руға жататын отбасылар бір ауылға симағандықтан қара шаңырақтан онша ұзамай жақын маңдағы өзен не көл жағалауынан жаңа қоныс іздеген. Осылайша рулық бірлестіктер қонысы бірте-бірте кеңейіп, кең байтақ сайын далада әр ру оқшау өмір сүрген.

Алайда, олардың араларын жүздеген шақырым кеңістік алып жатса керек.

Қорыта келе, ежелгі ру-тайпалардың өмір сүруінің негізгі қайнар көзі мал шаруашылығы болса керек демекпіз.

Мәдени жәдігерліктерді зерттеген тарихшылар мен археологтар арқылы білетініміз — бейіттерден табылған түрлі қару-жарақтар: қоладан жасалған шоқпақ, садақ пен оқ, қоладан құйылған балталар және

кола қылыштары табылған. Ал әшекей бұйымдар арасынан мыс білезіктер мен жүзіктер, алтын жалатқан жүзіктер, күмістен жасалған омырауға тағатын әшекейлер табылған. Арийлердің қол өнері тек әскери қарулармен шектеліп қалған жоқ, сонымен бірге маңызды мәдени заттармен де жасакталып отырды. Тұрғын үйлердің орнынан арбаның дөңгелегі, темірмен немесе қоламен көркемделген басқа да жәдігерліктер табылған. Темірден соғылған арба дөңгелектерінің атқа жегілетін бөлігін тек Тянь-Шань жартастарынан ғана емес, балшық ыдыстардың бетіндегі суреттерден де көрінеді. Тұрмыс-тіршілік жәдігерліктеріне қарап, арийлер тайпаларындағы адамдардың отбасы мүшелері әрі көп әрі қарапайым, бай және жарлы болып бөлінетінін байқаймыз.

Арба туралы алғашқы дерек Аңырақай таулары (Алматыдан 170 шақырым жер) маңындағы Тамғалы мекенінен табылған. Тастағы суреттерге қарасақ, мәдени ошақтарға жататын эпикалық кейіпкерлер атқа жегілген арба үстінде тұрып садақ тартып, түйелермен көшіп-қонып, сән-салтанатта билеп жүргендерін байқатады. Арбалы жауынгерлердің негізгі қару-жарағы садақ, қанжар, ұзын сапты шокпарлар болған.

Атақты “Авеста” кітабында айтылатын арбаның құрылымдық беріктігі мен үлкен жылдамдыққа икемділігі шынайы шеберліктің үлгісі екенін көрсетеді.

Арбаның негізі бөлшектері терімен қапталған ағаш қаңқа және екі дөңгелекті ұстайтын ұзын темірден тұрады. Тоғыз-он шабақтан құралған дөңгелек тұтас дінгектен гөрі едәуір тез жүрді. Бұл арбаға екі не төрт ат жегетін. Мықтырақ болу үшін, дөңгелектерді ұстайтын темірлерді арбаның артқы жағына таман орнатқан. Аңыздардың айтуынша, арбаны жауынгер патша (Құдай — Митра) басқарған.

Бірте-бірте арийліктер жеке рулардан тұтас ұлыстыққа бірігіп, олар енді шалқыған жерді қажет етті. Дәстүрлі мал шаруашылығының жағдайы да оларды бірігуге мәжбүрледі. Себебі, жыл сайын өсе түскен мыңғырған мал келе-келе ауыл маңындағы өріске симайтын дәрежеге жетеді. Себебі, ежелгі қоныстарының маңы тез тапталып, малдың жай-күйіне байланысты кеңістік қажеттілігі туындаса керек. Енді бұрынғы тұрмыстан гөрі еркін жайылатын мал шаруашылығының тиімді екені байқалады. Ол үшін кең далада емін еркін көшіп-қонып жүрген тайпаларға, өз бетімен жайылып жүрген малға сырттан қатер төнбеуі қажет еді. Адамның да, малдың да қауіпсіздігін тек мемлекеттік бірлестік қана қамтамасыз ете алатын (269. 73—93).

Біртұтас тайпалық одақ түріндегі алғашқы мемлекеттік нышаны бар бірлестіктің құрылуы адамдар қауымдастығының өз ішіне де, олардың шаруашылығына да бірқатар өзгерістер енгізді. Содан барып арийлер бірлестігіндегі адамдар да үш топқа жіктеле бастады. Бірінші топты, әрине, елді сыртқы жаулардан қорғауға машықтанған соғыс өнерін меңгерген қолбасшылар мен батырлар құрады. Бұларды ғалымдар “әскери ақсүйектер” деп атайды. Екінші топты, дүниенің құпия сырларын білетін, кейде ауру-сырқаудан адамдарды емдеп, оларға рухани жағынан жетекші бола алатын ой еңбегінің иелері — абыздар құрады. Осылайша ой еңбегімен айналысатын адамдардың ерекше тобы пайда болды, олардың басқалардан бөлектенуі арийлер қоғамында өркениет нышанының көрініс таба бастағанын байқатады. Абыздар өз ортасында ерекше сый-құрметке бөленген жандар еді. Әскери ақсүйектер мен қарапайым халық абыздарды бәрін білетін әулие тұтып, олардың айтқан ақыл-кеңестерін ұйып тыңдаған, олар ұйымдастырған іс-шаралардың сиқырлы күші бар деп сенген. Арийлер қоғамындағы үшінші топты қарапайым пенделер құрады. Бұлар ең төменгі қара халық ретінде мал бағумен, егін егумен, көші-қон шаруаларымен айналысқан. Кейде қара халықтың арасынан шығып, көпшілікке белгілі батырға не көсемге айналған кісілер де болған. Мысалы, атақты “Авеста” кітабының авторы Заратуштра пайғамбар түйешілер арасынан шыққан қарапайым адам деген аңыз кездеседі.

Арийлер төрт түлік малдан көшпелі тұрмысқа қолайлы қой, жылқы, түйе өсіруге көбірек ден қойған. Әсіресе, жылқыны ерекше құрметтеген. Ғалымдар арийлер жылқысының үш түрлі тұқымы болғанын айтады: тауда жүруге ыңғайлы аласа жылқы, ұзақ жүріске шыдамды қазанат және қазіргі Түркіменстанның ахалтеке жылқысының арғы тегі саналатын ұшқыр тұлпар. Әсіресе, арийлер жүрдек тұлпарларды қатты қадір тұтқан. Әлемде алғаш рет екі доңғалақты арбаны ойлап тапқан арийлер оған ұшқыр тұлпарларын қос-қостан жегіп алып, сары далада желдей ескен.

Арийлерден қалған құнды мәдени мұра — “Авеста” кітабы. Бұл кітап діни өсиеттердің әлемдегі ең алғашқы үлгісі болып табылады. “Авестадағы” Ахура Мазда тәңірге мадақ жырлардың авторы — жоғарыда айтылған дала данасы Заратуштра болып саналады. Заратуштра Каспий теңізінің шығыс-солтүстігін қоныстанған арий тайпасындағы Спитама руынан шыққан. Әкесі — Бозатты, өзі түйе баққан. Оның жырларында айтылатын құтты қоныс — “Арианам Вайджа” (арийлер даласы) қазіргі Қазақстанның оңтүстік-батысын қамтиды. Арви — қазіргі Әмудария, Датъя — Сырдария өзені, Варукаша —

Каспий теңізі. Заратуштра данышпан бұл аймақта шамамен осыдан үш жарым мың жыл бұрын дүниеге келген. Табиғат бойынша дарытқан парасат пен талаптының арқасында арийлердің батыр ұлдары туралы жыр толғап, отыз жасқа толғанда дүние құбылыстарын өзге құрдастарына қарағанда басқаша түсінуге тырысқан. Ол Айға, Күнге, Отқа, Суға табынған бауырларын тек бір ғана Құдай-Митраға (Ахура Маздаға) сиынуға шақырады.

- *Заратуштра — адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар, ақын. Шамамен бұдан 35 ғасыр бұрын Еділдің шығысындағы ұлы Тұран жерінде, мал баққан спитама жұртында, киіз туырлықты көшпелі Поурушаспаның отбасында дүниеге келген. Заратуштра отыз жасында әлемді жаратқан Жалғыз ие — Құдайдың (Ахура Мазда) аян беруімен асқан ақыл-білім иесіне айналып, Құдай — Митра аузынан естіген шындықты жұртқа жеткізбек болады. Заратуштраның діни уағыздары, өлеңмен айтылған дұғалары өзінен кейін бірнеше ғасырдан соң ғана ескі парсы тілінде Иранда қағазға түседі. “Авеста” атты кітап болып жинақталады. Немістің атақты ғалымы Фридрих Ницше “Заратуштра осылай деген” атты философиялық толғау жазған.*

“Авеста” — жер бетіндегі ең көне кітаптардың бірі. “Авеста” — Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Әзірбайжан, Ауғанстан жеріне таралған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда ғылымда “Авеста тілі” деп аталатын тілде хатқа түскен. Ол арий дәуіріндегі ежелгі халықтардың өмірі, діни наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары жөнінде мол мағлұмат береді. Ол 21 кітаптан тұрған, ал біздің заманымызға төрттен бірі ғана жеткенге ұқсайды. “Авестаның” осы сақталған бөлігінің екі нұсқасы бар. Бірінші нұсқасы әртүрлі кітаптарды біріктіретін мінәжаттардан тұрса, екіншісінде дін, құқық, табиғат, дүниенің жаратылуы туралы дұғалар мен ән ұрандар келтірілген. Ұзақ тарихи жолдан өтіп, біздің дәуірімізге жеткен бұл шығарманың толықтырылып, өзгерістерге түсіп отырғаны да аян. “Авеста” — Заратуштра пайғамбардың рухани ілімі мен құдайға құлшылық ету уағыздары жинақталған кітап. Авеста уағыздары бүкіл мұсылман әлеміне тараған. Ислам мәдениетіне, оның ішінде сопылық ағымға да ықпалы күшті болды. “Авестадағы” оқиғалар кейін түркі халықтарының көне эпостарында көрініс тапты.

Сонымен, Арийлердің біздің дәуірімізге дейінгі IX ғасырдан бастап Солтүстік Үндістан және Иран жаққа қоныс аударып, сол өлкеде жаңа тұрмыс-тіршілік ошағын қалыптастыруға ықпал еткені ғылыми

жолмен дәлелденген. Бірақ, олардың бәрі түгел ата жұртынан қошпін кетпеген-ді. Арийлердің негізгі бөліктері және қошпенді тайпалары — турлар, асылар, дахтар атамекенінде қалып, тағы бір үлкен ұлыс, қазақтардың арғы тегі — сақтардың қалыптасуына ұйытқы болған еді.

Сөз орайында, қазіргі қазақ халқының дүниетанымында ежелгі арийлерден сақталып қалған наным-сенімдер аз емес. Біз әлі күнге дейін ежелгі ата-бабаларымыз тәрізді жылқы баласын қатты қадір тұтамыз, Күнге, Айға, Отқа, Суға табынамыз. Жаңа Ай туғанын көрген қариялар “Жаңа Айда — жарылқа, ескі Айда — есірке” деп күбірлеп жатады. Ал, тіліміздегі “ар”, “арыс”, “ару” сөздерінің бәрі арийлер бойында болған қадір-қасиеттерге сілтеп тұрғаны тағы анық.

Ежелгі түркілердің* арғы ата-тегі саналатын сақтар — қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістан жерін б.з.б. бірінші мыңжылдықта мекен еткен ежелгі тайпалар. Көне грек тарихшылары сақтарды “скифтер” немесе “азиялық скифтер” деп те атағаны мәлім. Ал парсылар сақтарды кезінде “сақ”, “сақа”, “саға” деген. Осыған орай, сақтар елін “Сахстан” деп те жазатын болған.

Жоғарыда айтылған “Авестада” сақтар мен олардың мекенін “Тур” деп атаған. Фирдоусидің әлемге әйгілі эпопеясы “Шахнамада” сақтар елін “Туран” деп көрсетеді. Ал қытайлар сақтардың отанын “Тукиу” дейтін еді.

Көшпелі сақтар Евксин (Қара теңіз) мен Азов теңізі аралығында жатқан ұлан-ғайыр өлкені бұдан үш мың жылдай бұрын мекен еткен екен. Бұл туралы көне грек тарихшысы Геродот жазып қалдырған көптеген мағлұматтар бар.

Б.з.б. IX—III ғасырлар аралығында сақтардың этникалық құрамын қалыптастырған тайпалар болғаны көне тарихтан жақсы мәлім. Олар кемерлер, массагеттер, асылар, дахтар, т.б. тайпалар.

Сақтардың Еуропаға қоныс аударған алғашқы легін тарихта “кемерлер” немесе “кемерліктер” деп атап кеткен. Өйткені олар б.з.б. II—I ғасырларда-ақ Қара теңіз жағалауын, яғни теңіз “кемерін” өздеріне мекен еткен. Еуропаға алғаш көшіп барған сақтардың осы тобы Қара теңіз бен Азов теңізі аралығында көшіп-қонып жүріп, мал бағумен айналысқан көшпенділер еді.

Геродоттың жазуы бойынша, Арал теңізі мен Каспий теңізі жағалауын мекендеген сақ тайпаларын “массагеттер” деп атаған. Мас-

* Түрік, немесе түркі сөздерінің мағыналары бірдей болғандықтан олар бірдей қолданылады.



Ғұндардың шайқасынан көрініс (б.д.б.).


сағеттер соғыс өнерін жетік меңгерген ежелгі тайпалардың бірі саналады. Олардың жеткілікті дәрежеде атты және жаяу әскері болған. Массagetтер қару-жарақтары мен әшекей бұйымдарын мыс пен алтыннан жасайтын болған (215, 19—20).

“Тарих атасы” танылған Геродот (б.з.б. 484—431) бұл массагет-сақтарды екі үлкен топқа бөледі: 1) солтүстік сақтар — үлкен сақтар (яғни үлкен орда). Олар Маргианаға солтүстіктен енген; 2) амиргий сақтар (парсыша сака-гаума-варга — “хаома дайындаушылар”), қазіргі Мурган өзенінің алқабында өмір сүрген және жорықта шошак бас киім киген. Дарий патшалығының соңғы кезеңдерінде оларды “даха”, “дая” деп атай бастаған. Массagetтер жайлы Геродот тарихында екі хабарлама кездеседі (аккадтық және скиф-эллиндік). Геродот жазып қалдырған скиф-эллиндер жөніндегі дереккөзге сенсек, массагеттер Каспий теңізінің бағыс жағалауында, қазіргі Кура өзенінен солтүстікке қарай, исседондарға көрші өмір сүрген (41, 75—77; 47, 595).

Геродот тарихында скиф жеріне саяхат жасаған және шығысқа сапар шегу мәселесіне байланысты мәлімет жинаған Қаратеңіз гректері айтылады. Орта Азиялықтардың сол кездегі “мекендеу әлемі” — Хань (Қытай) мемлекеті кезінде жазылған тарихи деректер, ертедегі қытай жазбалары сақтардың көші-қон мекендерін толықтыра түседі.

Скиф-сақ бірлестігінің өмір сүрген кезеңі, көне тарихшылардың деректері мен археологиялық жәдігерліктеріне назар аударатын болсақ, рулық қоғамның ыдырауы кезеңіне тура келетін тәрізді. Сол тұсты, В.В.Бартольдтің деректеріне сүйеніп, түркі тілдес тайпалардың қалыптаса бастаған шағы деуге негіз бар (44, 4—33).

Тарихи шығармаларда скиф деп танылып, қазақ тарихына да осы атпен сіңісіп кеткен бұл этнонимнің түркілік түпнұсқадағы дәл аталуы “ішгүзай” болса керек дейді қазақстандық ғалым Ж.Бейсенбайұлы (36, 111). Сөйтіп, көне дәуірде қолданыста болған көне грек тілінде “скуз” ұғымында енген, парсы жазбалары бойынша “сақ” деген атпен белгілі бұл тайпалар, әлбетте, түркі халықтарының арғы тегі екені соңғы он жылдықта ғалымдар арасында орныққан тәрізді. Сан-алуан зерттеулер жүргізіліп, “сақ — скиф” деген атауға ие болған халықтардың — түркілердің арғы-тегі екендігіне беті бері қараған байыптаулардың тұрақтағаны көңілге қонады (Қ.Салғараұлы, О.Сүлейменов, А.Сейдімбек, Т.Жұртбай, Ж.Бейсенбайұлы). Жаңа дереккөздер арқасында, әсіресе, ассириялық сына жазулардағы “ишгүзай” этнонимінің “Қорқыт ата кітабында” көрсетілген қабырғалы жұрттың — “іш оғыз” елі атауымен сабақтасып жатқандығының



Сақ жасақтары соғыс алдындағы дайындықта (б.з.б.).

дәлелденуі де, көп күдіктің түйінін шешкендей (7, 152—165; 38, 76—87; 39, 237—368; 36, 112; 267, 38—238).

Бұның өзі, ассирия деректері мен Қорқыт ата аңызын байланыстыра қарайтын болсақ, Орталық Азияны ежелден мекендеген түркі жұрттары (“Авестадағы” арийлер) б.з.б. бірінші мыңжылдықтың бас жағында іш (ішкі) ғұз, тыс (тысқы немесе сыртқы) ғұз деген қанаттарға бөлінген сыңайлы. Ал ғұз, оғұз көне түркі тілінде — ру, тайпа деген ұғымды білдіреді екен (40, 365; 36, 112).

Сақтар (скифтер) жөнінде тағы бірер дәлелді келтіре кетейік. Қазақ халқының байырғы тек-тамырына ден қойғанда мән беруге тиісті бір дәуір әлгіде айтылған массагет — сақтар заманы. Бұл біздің жыл

санауымызға дейінгі ІХ ғасырдан басталып, біздің заманымыздың ІІІ ғасырына дейінгі кезеңді қамтиды.

Қазіргі Қазақстан жерін сол кезде дәуірлерде мекен еткен сақтар тайпасын “асылар” деп атайды. Асылар негізінен Асы өзенінің жағаларында, Талас, Шу, Іле өзендері аңғарларында мал бағып, егін екен. Бұл тайпаның негізгі мекені Жетісу өлкесі болған. Асылардың өзіндік жоғары мәдениеті болғанын археологиялық қазба кезінде табылған түрлі бұйымдар дәлелдеп отыр. Олар кезінде металл өңдеуді жақсы меңгерген. Қоладан, күмістен, алтыннан қару-жарак, зергерлік бұйымдарды, түрлі еңбек құралдарын жасаған. Металдан түрлі тұрмыстық және әшекей бұйымдар жасау өнері бойынша массагеттер сол ежелгі дәуірдің өзінде-ақ мәшһүр болған.

Байырғы әдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі жағынан қазақ қауымына ең жақын тұрған сақ тайпаларының бірі — дахтар. Олар басқа тайпалар ішінде өздерінің жауынгерлік дәстүрімен, соғыс өнерін жетік білетіндігімен ерекшеленген. Дахтар бейбіт өмірде жылқы, түйе, қой бағып, диханшылықтың түрлі салаларымен айналысқан. Басқа да сақ тайпалары сияқты дахтар да Күнге, Айға, Отқа тағзым еткен. Ата-баба рухына, яғни аруаққа сыйынған.

Дахтар Арал теңізі мен Сырдария жағалауларында, Каспий теңізі мен Әмудария аралығындағы ұлан-байтақ өлкеде өмір кешкен көшпенділер еді.

Бір қызығы — Қара теңіз жағалауында, яғни теңіз кемерінде тұрған сақтарды кезінде “кемерліктер” дейтінін біз жоғарыда айттық. Ежелгі Эллада (Грек) елінің ұлы ақыны Гомер өзінің “Одиссея” деп аталатын эпопеясында осы кемерліктер, яғни теңіз жағалауында тұратын сақтар туралы зор шабытпен жырлайды:

*Біз ақыры терең мұхитқа жеттік,
Қалың тұмандар арасынан өттік.
Жағалауда кемерліктер тұрады екен,
Күн шұғылалы Гелиосқа қарай кеттік...*

(Гомер. Одиссея. ІІ жыр, 14—19).

Гомер “Илиада” атты кітабында да (ХІІ жыр, 1—7) кемерліктер туралы едәуір мәлімет береді. Кемерліктердің бекіністері, өткелдері, көшіп-қонып жүрген жайлаулары туралы Геродоттың да жазғаны мәлім (47, 235—302).

Ежелгі замананың ғұлама ғалымдары, саяхатшылары, ақындары сақтар туралы өте қызықты деректер жазып қалдырған. Мәселен, ежелгі

грек саяхатшысы Страбон Еуропа мен Азияда қорғендерін “География” деп аталатын он жеті томдық кітабында баян етеді. Сол еңбектің жетінші кітабында сақтар туралы айта келіп, “Олар мал шаруашылығымен айналысады, жейтін тағамдары: ет, ірімшік жеп, қымыз, сүт ішеді. Сақтар қор жинауды, дүние-мүлік дегенді білмейді, саудасаттықты да білмейді. Тек тауарды тауарға айырбастап қана тіршілік етеді. Бұлар нағыз ержүрек, батыр әрі мейлінше әділ жандар. Киіз шатырларда тұрады. Шөбі шүйгін жайлауларды алма-кезек ауыстырып, қыста таулы жерлерде, жазда жазықтағы жайлауларда көшіп-қонып жүреді”, — деп жазады (215, 20—21; 41, 155—165).

Тағы бір көне заман ғұламасы Эфор Херила “Тарих” деп аталатын көп томдық еңбегінде сақтар туралы айта келіп, олардың өте-мөте жаны таза, адал, ешкімге қиянаты жоқ, өздерінің байырғы әдет-ғұрпын қатал ұстап, ұдайы көшіп жүретін жауынгер халық екенін көрсетеді. Сондай-ақ сақтардың байлыққа, дүние-мүлікке онша қызықпайтынын, қарапайым өмір сүретінін айтады. Ашкөз қарапайым сақтардан үлгі-өнеге алу керек деген тұжырым жасайды. Осы арада Эфордың “Қалқыма көпір арқылы өту” атты өленінен мынадай үзінді келтіре кетейік (бұл көпірді Дарий патша салдырған):

*Қой бағатын сақтардың түпкі атасы — скифтер,
Азияда тұрады олар наны мол.
Көшпенділер ұрпағы болса дағы
Жаны таза адамдар... (41, 158).*

Ал Қытай жазбалары арқылы жеткен мәліметтер бойынша, сақтар өз мемлекетінің ұлан-ғайыр бір аймағын **Шу өлкесі** деп атаған екен.

Аса даңқты түрік билеушісі, есімі кезінде әлемге мәшһүр болған дарынды қолбасшы Шу батыр сақтар мемлекеттік бірлестігіне қарасты Шу аймағында өмір сүргені тарихтан мәлім. Сақтардың қазіргі Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін біздің жыл санауымыздан бұрынғы дәуірлерде мекен еткен тайпалардың бірі екені жоғарыда айтылды.

Иран тарихшылары болса сақтарды үш топқа бөліп қарастырады. Солардың ішінде, Арал теңізі төңірегін, Қаратау мен Жетісу жерін, Яқсарг (Сырдария) пен Оксус (Әмудария) өзендеріне дейінгі аймақты мекен еткен сақтарды кезінде парсылар өз тілінде: “Тьяй-парадарая” (яғни теңіздің арғы жағындағылар) деп атаған.

Ежелгі дәуірлерде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген көне тайпалар тарихын жан-жақты зерттеген қазақ ғалымдары К.Әкішев пен Г.Қошаев бірігіп жазған “Іле өзені алқабындағы сақтар мен үйсіндердің ежелгі мәдениеті” деп аталатын еңбегінде біз сөз етіп отырған кезеңдегі сақтардың тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, биік мәдениеті жайында аса құнды деректер келтіреді (254, 9—25; 215, 41).

Олар туралы Қазақ совет энциклопедиясы мен Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында былай жазылған: Скифтер (скифтер патшалығы), Қара теңіздің солтүстік жағалауын мекендеген, ежелгі тайпалар бірлестігі. Скифтер сарматтарға, массагеттерге және сақтарға туыстас... (42, 186; 205, 691—692).

Қазақ халқының арғы тегіне байланысты мына шындықты есте ұстауға тиіспіз, әрине, ол скифтерге (сақтарға) тікелей қатысты жайт болмақ.

Біріншіден, скифтердің біртектес археологиялық айғақтары Алтайдан сонау Азов теңізіне (кезінде қыпшақтар қонысы болған) дейінгі ұлы даладан табылып отыр. Сонда, тіпті, X ғасырға дейін-ақ Қара теңіздің солтүстігін қыпшақтар мекендеген болып шығады.

Екіншіден, Геродот, Сыма Цян секілді өткен дәуірдің ғалымдары скифтердің қазіргі қазақтарға тән тұрмыс-салтын (киіз үйін, жылқы етін жейтінін, қымыз ішетінін...) жазып кеткен.

Үшіншіден, скиф заманынан жеткен географиялық атаулар мен топонимдерде түркі тілінің ұғымындай сөздердің көптеп кездесуі. Айталық, Хетта патшалығы (б.з.б. 1500—1200 жж.) тұсында Кипр аралы “Алаша”, Херсон түбегі “Қоржын” аталған екен.

Төртіншіден, скиф тайпаларының ата жұрты Іле, Сырдария өзендері бойында қоныстанғаны ғылыми жолмен дәлелденіп отыр.

Бесіншіден, скифтердің әйгілі өрнектері бүгінгі қазақ шеберлерінің қол өнерінде жиі ұшырасады.

Алтыншыдан, скиф, алан, ас (көне түркі тілінде “адам” дегенді білдіреді) тайпаларының сөздерінен бізге жеткендерінің ішінде қазіргі қазақ тіліндегіден айырмашылығы шамалы екені анықталды.

Профессор Ақселеу Сейдімбек мысалы, тенгіз (теңіз), татыр (шатыр), балық (балық), апи (апа), жөн (жөн), алда (алда), бүйүргүр (бүйырғыш, бүйырушы), қандық (хандық), хаскар (қасқыр), хотын (қатын), хос (хош), көрдин (көрдін), кинжи (қенже), бұха (бұқа), арпа (арпа), ғаз (қаз), хуваз (қауыз), боза (бұзау), фит (ет), табак... деген сөздердің өте ұқсастығын байқаған (91, 9—25).

Осындай дерекнамаларға сүйеніп, біз скиф (сак), алан, ас, савромат (сармат), массагет сактарды күллі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақтың да арғы тегі деп батыл айта аламыз. Сондықтан скифтерден шыққан Алып Ер Тоңға, Шу, Аттила, Ергенекон, Анахарис, Елсақ (Скил), атақты елші Тоқсары (грекше — Токсарид) абыздарды бұдан жиырма бес-отыз ғасыр бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз деп қарауға негіз бар.

Ежелгі түркілер (арийлер, сактар, ғұндар, көк түріктер) исламға дейінгі дәуірлерде қос күшке — Көкке, Күнге (оны Тәңір деп те атаған) және Жер-Суға сыйынатын болғаны көне тарихтан жақсы мәлім. Сонымен бірге түркілер табынатын үшінші күш болған. Ол — үйдегі отбасын, бала-шағаны жаман рухтардан қорғайтын әйел тәңірісі — Ұмай ана. Мәселен, “Тоныкөк” жырында:

*Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су
Бізді қорғайды, ойлану керек,—*

деген жолдар кездеседі.

Үйдегі бала-шағаны, жалпы отбасын жаман рухтардан сақтап, үйге құт-береке келтіріп отыратын Анаға тағзым ету дәстүрі “Көк түріктер” дәуірінде ғана емес, тіпті одан мыңдаған жылдар бұрын болғанын дәлелдейтін аңыз-әпсаналар жеткілікті.

Исламға дейінгі зороастризм діні бойынша, бүкіл жанды және жансыз табиғаттың иесі — Күн болып табылады. Жер бетіндегі тіршілік әлемі аспандағы мәңгілік Күнге тәуелді. Сол себепті ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сактар таңертең Күн көкжиектен көтеріліп шығып келе жатқанда және кешкісін батып бара жатқанда оған сыйынып, құлшылық ететін болған. Күн-Тәңірінің құрметіне жылқы малынан құрбандық шалып отырған. Мұндай әдет-ғұрыптардың бәрі зороастризм дінінің негізгі өсиетнамесі “Авестада” да айтылады.

Күнді мақтап-мадақтауға арналған мұндай өлеңде Күн шыққан сәтте әлемдегінің бәрі — жер де, су да, тау мен тас та киелі болып кететіні, шынайы шындық пен асыл ақиқат салтанат құратыны айтылады. Ал егер Күн көрінбей қалса-ақ жер бетін жың-шайтандар қаптап кететіні, жақсылық атаулының жарығы өшетіні баяндалады (215, 22—23).

Ғұндар (хундар) — түркі халықтарының арғы тегі. Біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта қалыптасқан тайпалар одағы.

Ғұндарды әр елде, түрлі замандарда түрліше атап келгені мәлім. Мәселен, қытайлар “гуй фан”, “гуй руң”, “хун ю”, “шиун ну”, гректер — **хойвол**, латын тілінде сөйлейтіндер — **unni**, Батыс елдері — **huns**, орыстар — **хунну**, түркі халықтары **күн**, **ғұн** деп атаған (52, 451; 197, 111—112).

Ғұн тайпалары б.з.б. үшінші ғасырдың соңына қарай бір орталыққа бірігіп, ғұндар ордасын — ғұндар мемлекетін құрды. Аса қуатты, жақсы қаруланған, соғыс өнеріне жетік әскері қалыптасты.

Алғашқы кезеңде ғұндар Байқал көлі өңірін, Моңғолияны, Қытайды, Шығыс Түркістанды мекен етті. Б.з.б. II ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан жерінде ғұндар ордасы пайда болды. Ғұндар ордасы Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан еді.

Ғұндардың дәстүрлі құқық жүйесі болды. Бұл құқық жүйесі бойынша мынадай мәселелер көзделген деуге болады: “Ұрлық жасап, кінәлі болған адамның жері алынады. Шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күндері саналады. Ұрыс даласында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады”.

“**Ғұндар**” бергін келе — “**түркілер**” деп аталып кетті. Бұл сөз — “**күшті**”, “**сұңғақ бойлы**”, “**салт атты жауынгер**” деген ұғымдарды білдіреді.

Қазіргі Қазақстан аумағында әуелгі қоғамдық бірлестіктердің қалыптасуына еуропалықтарға “ғұндар” деген атпен мәлім көшпелі тайпалар бірлестігінің ықпалы да күшті болды. **Біздің заманымыздың бірінші ғасырында ғұндар Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, ондағы аландар мен асарларды Батысқа қарай ығыстырып жіберді.** Кейінірек олар Шығыс және Орталық Еуропаға қоныс аударды. Сөйтіп, “халықтардың ұлы қоныс аударуы” Қазақстанның, Орта және Алдыңғы Азияның, сондай-ақ Еуропаның этностық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. Түрлі түркі тайпаларының шыққан тегі, яғни арғы ата-бабалары ғұндар екенін Батыс пен Шығыстың көптеген ғалымдары тарихи, саяси және мәдени тұрғыдан жан-жақты зерттеп, аса құнды ғылыми еңбектер жазған. Ғұндар — түркі тайпасының арғы атасы екенін қытай тарихынан келістіре аударған жүйрік ғалымның бірі — Абел Ремюза **Хун** — **гүн** — екеуі бір сөз, ескі дәуірдегі ғұндардың аты, олар тегісімен түріктер. Ескі дәуірдегі ғұндардың түрік екенін ең алғаш айқын суреттеген — академик А.А.Куник. Ғалым мадьярдың ескі дәуірдегі дереккөздерін жақсылап



Сактардың құрал-саймандары, аттарының жабдықтары, ыдыстары, әшекей бұйымдары аң сүйектерінен жасалған (б.з.б.).

сұрыптап, ғұндардың ата-тегін ашық түрде айқындап берген (215, 46—47; 61, 9).

Ғұндар, үйсіндер, қаңлылар — өте ескі дәуірден қазақтың сайын даласын отан етіп, онда жойқын қалалардың үйіндісін қалдырған елдер. Олардың тұрған қалаларының іздері Жетісуда, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойында, Қаратауда, Сырдария өлкесінде, Арал теңізінің жағасында болғаны тарихнамада түзілген мәліметтерден көрінеді, — дейді тарихшы Ермұханов Б.Е. (64,51—116).

Ғұндар б.з.б. 204 жылы бой көтеріп, біздің заманымыздың 216 жылына дейін дәурен сүрді. Шаңырағын көтеруші әйгілі Мөде әкесі Тұман шаньюй өлгеннен кейін өзін б.ж.б. 209 жылы “шаньюй” деп жариялап, аты шулы ғұндардың 24 руын біріктіріп, осылай аталатын мемлекет құрады (54, 75).

Рулардың әрқайсысын өз бектері биледі. Ең жоғарғы әміршісін “тәңірқұт” деп атаған. Ғұндар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Сондай-ақ олар кезінде кен қазып, түрлі металдарды қорытуды да білген. Темірден, шыныдан, ағаштан түрлі бұйымдар жасаудың шеберлері болған. Қолөнері мен бейнелеу өнері барынша дамыған.

Ғұндардың қаһарлы тегеуріні шығысында Ұлы Қытай қорғанының салынуына, батысында Рим мемлекетінің құлауына себепші болды. Қытайдың “Жырнама” атты байырғы кітабынан мынандай өлең жолдарын (Мұқтархан Оразбайұлының аудармасында) береміз:

*“Тұрағы жоқ, үйі жоқ,
Ғұндар бәле болды ғой...”
“Іргесін еш жерге көмбеген,
Ғұндар апат әкелді ғой...”
“Терістікке қорған соғуға,
Жарлық келді патшадан...” (91, 27).*

Қытай жазбаларынан ғұн тайпаларының IV ғасырда Мысырдан көшкені мәлім. Еділ бойына қарай қоныс аударады. Олардың күшейген дәуірі — Атилла дәуірі. Ғалымдар ғұндар таза сақ (скиф) тайпаларының жиынтығы емес, бірнеше тілді, әр текті тайпалардың одағы деген болжам айтады. Тағы бір топ ғалымдардың пайымдауынша, олар қазіргі Монғолия жерінен көшіп, Дон бойына жеткенге дейін 300—400 жылға жуық уақыт ішінде жолындағы тайпаларды қосып алып, оларды өз бойына сіңіріп батысқа қарай қозғала берген тәрізді. Сондықтан таза ғұн тілі бар деген пайымдар сенімсіздікті арттыра

түседі. Дұрысы, ғұндар одағына ұйытқы күш болған қозғаушы күш — түркілер тайпалары сыңайлы, ғұн тілдері дегенде осы одақты басқарған билеушілердің түркі тайпаларының тілін біледі деп түсінген жөн (48, 11; 14, 163)

Ғұндардың Еділ — Жайық бойындағы үлкен бір тобы IV ғасырдың екінші жартысында жорыққа шығып, Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі ұлан-ғайыр өлкені өздеріне қаратып алды. Олар сарматтарды жеңіп, алаңдарды тас-талқан етті.

Сонымен, ғұндар Қара теңіз жағалауын, Керч бұғазын, Боспор патшалығын, Рим империясының Паннония аймағын (Венгрия) өзіне қаратты. Нәтижесінде ғұндардың Еуропада құрған мемлекеті — Батыс ғұн империясы өмірге келді. Ғұндар 437 жылы Рейн өзені бойында Бургун корольдігінің әскерін күйрете жеңді. Енді барлық герман тайпалары ғұндарға бағынышты болды,— дейді ғалым Н.Келімбетов (215, 49).

Ғұндардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, тайғдыр-талайы, олардың мемлекетінің әлеуметтік-саяси құрылысының ерекшеліктері ұлы орыс тарихшысы Л.Н.Гумилевтің “Хұндар” еңбегіндегі жиналған бай деректермен сипатталады (54, 12).

Оның деректеріне сүйенсек, ғұндар қатал көршісі қытайлардың китүрқы саясатынан және жиі-жиі жасаған жортуыл-жорықтарының зардабынан алтыбақан-алауыз болып бөлініп, әлсіреп, ең соңында туған ел-жұртын тастап, қазіргі Қазақстан жерінің арқа жағын басып өтіп, Еділ-Жайық бойына барып қоныстанады да, жергілікті угролармен араласып кетеді. Сол арада екі жүз жылдан астам уақыт тұрып, нығайып алғаннан кейін, қуатты сарматтардың мемлекетін талқандап, Қара теңіздің теріскей жағы арқылы қаптап шауып, Еуропаға ауыз сала бастайды. Сөйтіп, олар көне Еуразия құрлықтарына жан бітіріп, батырлығымен, қаһарлы да қанішер қаталдығымен бүкіл Батысты жан түршіктіре жаулап алған аты шулы ғұндар тарихын жалғастырады.

Әріден бастасак, ұлы даланың тарихы сонау ғұндардан басталып, көне түркілерге дейін жалғасып жатыр. Әуелден-ақ халқының көптігімен және бейнетқорлығымен әйгілі болған Қытайдың ерте ғасырдағы тарихнамасында оның солтүстік жағын мекендеген беймаза, көшпелі көршісі ретінде танылған және адамдарының саны олардан отыз есе кем болса да, ұлы көршісінің тынымсыз шабуылынан өзінің дербестігі мен тәуелсіздігін сақтап қалған шалымды да шахар халық ғұндарды олар “жабайы тағылар” дегенін де білеміз (54, 45—46; 55, 45—46).

“Қазақстан ұлттық энциклопедиясында”: ғұндар түркі халықтарының арғы тегі екені анық айтылған (197, 111—112). Орыс ғалымдары В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, т.б. бұл пікірмен келіседі. Олар ғұн мен оғыз екеуі бір ел деп дәлелдейді. Ойткені, түркі қағанатын қиратқан ұйғырлар өздерін “тоғыз оғыздармыз” деп атаған. Бұдан түркілер де, ұйғырлар да ежелгі ғұндардың нәсілдері екені байқалады (52, 451; 53, 58—70).

Қытай тарихнамасындағы мағлұматтарға жүгінсек, ғұндар жұрты үш бөліктен тұрады. Біріншісінің ішінде сиюнулар болды, олар біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың ортасынан бастап Хуанхэ өзенінің орта тұсы мен төменгі ағысындағы қазіргі Қытай жерін және Орта, Орталық Азияның көп бөлігін қамтып, Шығыс Түркістаннан Оңтүстік Манчжурияға дейінгі аймаққа иелік етті.

Екіншісі — біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта Сыртқы Моңғолияда, Солтүстік Манчжурияда түркі-моңғол тілінде аралас сөйлеген сәнбилер еді. Кейіннен сәнбилер солтүстік Вэй әулетін құрды (386—534 жылдар аралығы).

Үшіншісі — түркі тілінде сөйлеген тайпалар қоныстанған жұрт. Бұлар Ішкі Монғолия, Байкал, Ордостан (Ордос — Қытайдағы өзен) Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген ғұн тайпалары тұрған аймақтар. Мұндағы тайпаларда түркі тілінде сөйлеушілер көбірек болған, олар бұрынғы сақ (скиф) тайпаларының ұрпақтарының жалғасы болса керек (63, 345—404; 54, 45—80).

Осы аталған ғұндар мекендеген үш бөліктегі жерлерде кейінірек түркі және моңғол нәсілдеріне жататын тайпалар одағы араласып тұрған. Ал олардың Батысқа қарай жылжуы Шыңғыс хан жорығынан бұрын басталған секілді.

Ғұн, қыпшақ және қазақ халықтары арасындағы этнографиялық, мәдени байланыстарды жан-жақты зерттеп жүрген ғалым С. Өте-нияз ұрпақтар жалғастығы жайында құнды түйіндер жасайды. “Ғұндардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріндегі кейбір ерекше түрлерінің бұл күндегі бірден-бір мұрагері — қазақ халқы. Олар: баланы бесікке бөлеуі, жылқының етін жеп, қымызын ішуі, қойдың басын сыйлы қонаққа тартуы... Көшпелі өмір кешкен ғұндардың киіз үйі мен арбасы, бөйге шауып, көкпар тартуы, зергерлік өнері, алаша тоқуы, қару-жарақтары (семсер, садақ, жебе, найза, қорамсақ), ер-тұрмандары, ыдыс-аяқтары, т.б. қазақтың байырғы тұрмыс-тіршілігін еске түсіреді”, — дейді ғалым (255, 45—55; 215, 49).

Ғұндар да сақтар сияқты бір ғана құдайға — Көк тәңіріне, Күнге табынған. Тәңіртен және кешкісін Күнге тағзым етіп, оған оқтын-

оқтын құрбандық шалып отырған. Құрбандыққа жылқы соятынын жоғарыда айттық. Ондағы мақсаты — ең жүйрік жануар саналатын жылқы — адамның тәңірге деген ризалығын Көкке (үшпаққа), Күнге тез жеткізеді деп ойлаған. Ғұндар ата-баба рухына сыйынып, оны өздеріне қиын-қыстау сәтте медеу тұтқан.

Ғұндарды кезінде “Күн балалары” деп те атаған. Осы орайда қазақтың ақ иық ақыны Мағжан Жұмабаевтың төмендегі жыр жолдары еріксіз ойға оралатынын қайтерсің:

*Ерте күнде отты Күннен ғұн туған,
Отты ғұннан от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық кара көзімді,
Туа сала жалынменен мен жуғам.
Күншығыстан таң келеді — мен келем,
Күн күңіренед, мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! (87, 52; 215, 49).*

Енді бірер сөз ғұндардың қаһарманы Аттила (Еділ) батыр жөнінде. Аттила — Батыс ғұн империясының әміршісі, есімі әлемге әйгілі әскери қолбасшы, Қыпшақ даласының перзенті. Еділ батырдың есімі сол кездегі латын тілінде “Аттила” деп аталып кеткен. Әйтсе де оны әр елде әр түрлі атаған. Мәселен, Аттиланы немістің ежелгі батырлық жырларында “Эціл” десе, Скандинавия халықтарының тілінде — “Атли”, қытай тілінде — “Этил”, қазақ жырларында — “Еділ” деп атайды.

Аттила (400—454 жылдар) есімінің түп-төркіні, түбірі Еділ (Волга) өзенінің атымен байланысты болып келетіні даусыз. Ежелгі түркі тілі бастауларының бірі саналатын ғұн тілінде Еділ өзені әр кезде әр түрлі (Ател, Итил, т.б.) аталып келгені мәлім.

Батыс ғұн империясының атақты королі Ругила 434 жылы қайтыс болды. Патша өлген соң мемлекет билігі оның немере інілері Бледа мен Аттиланың қолына тиді. Ругила патшаның Мыңзық және Ақтар деп аталатын екі інісі болатын. Аттила — Мыңзықтың баласы, ал Бледа — Ақтардың ұлы еді. Ғұндар империясын біраз уақыт қос патша (Аттила мен Бледа) басқарып тұрды. Ақыры патша тағына Аттила отырды.

Бұл кезде Батыс ғұн империясының астанасы Паннония (Венгрия) жеріндегі Аттилабург (Еділқала) қаласына көшірілген еді (215, 57).

Қайсыбір аңыз бойынша, Дунай бойындағы жорық кезінде Аттила аса сұлу Ильдико деген қызға үйленеді. Аттиланың көп баласы болған. Олар: Эллақ, Денгизик, Емназар, Ұзынтұра, Өте Есқалма, Ернақ. Эллақ — кезінде есімі елге мәлім, атақты әскери қолбасшы болған еді. Ол Еділ — Жайықтан бастап, Днестрге дейінгі ұлан-ғайыр өлкені билеген.

Аттила ұрпақтары, әкесі 454 жылы қайтыс болған соң, ғұндар империясын басқарады. Бір қызығы — ғұндар өздері жаулап алған елдерде қалып қоймаған. Аттила өлген соң араға үш жүз жылдай уақыт салып барып, олар өздерінің байырғы атамекеніне, яғни Қыпшақ даласына, Жетісу жеріне, Шу мен Сырдария бойына, Турфан мен Бесбалыққа қайта қоныс аударған. Ержүрек ғұндар қайтадан Еділден бастап, Орхон өзені, Алтай, Саян тауларына дейінгі өлкелерді, Қыпшақ даласын өздеріне толық қаратып алады. Қытай әскерін “Ұлы қорғанға” дейін тықсырып салады (215, 58).

Қорыта айтқанда, Аттила (Еділ) есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар — Александр Македонский, Юлий Цезарь, Шыңғыс хан қатарынан орын алды.

Бұл кезде болашақ ұлы Түрік мемлекетінің іргетасы біртіндеп, енді ғана қалана бастаған еді. Араға екі ғасырдай уақыт салып барып қана, дәлірек айтсақ, алтыншы ғасырда Түрік қағанаты (542—745) тарих сахнасына шықты. Түркі халықтарының ресми тарихы осы кезден басталады.

Түркі ру-тайпалары жөніндегі алғашқы мәліметті Қытай жылнамаларынан табамыз. Біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде жазылған ескерткіштерде Қытайдың солтүстігінде өмір сүрген көшпелі тайпалар туралы мағлұматтар бар. Мәселен, Қытай тарихының Геродоты аталған Сыма Цянь (б.з.д. 145—187 жылдар шамасында) өзінің еңбегінде бірінші рет, Қытайдың солтүстігінде сюнну, дунху, сушень тайпалары өмір сүргенін жазады.

Осы дерекнамаларға сүйене отырып, батыстағы көшпенді тайпалардың одағы: сюнну, дунху және сушень деген этноқұрамды халық осы заманда қалыптасқан түркі және түнғыс тектес деген ұғымға сай келетінін байқаймыз. “Сушень мәселесіне келсек, — деп жазды академик В.В. Бартольд, — бұл ретте әртүрлі шүршіт-түнғыс тайпалары туралы сөз болып тұрғанын аңғарамыз. Ал көптеген ғалымдардың, әсіресе батыс ғалымдарының дәйегіне жүгінсек, сюнну тобына түркі тілді халықтар жатады” (4, 33—39).

Орыс тарихшылары ішінен түркілер туралы аса құнды деректер берген Бичурин Н.Я. (о. Иакинф) — архимандрит, белгілі қытай-



Түркілердің ыдыс-аяқтары (XIII—XIV) ғғ.

танушы, 1807 жылдан 14 жыл бойы Пекиндегі орыс діни өкілдігінің жетекшісі қызметінде, сол кезде қытай тілін жете меңгереді. Негізгі еңбектері Орта және Орталық Азиядағы түркі нәсілдес халықтардың көне тарихы мен этнографиясын қытай жылнамаларындағы деректер бойынша зерттеуге бағытталған. Ғылыми еңбектерінің нәтижесін “Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена” деген үш бөлімнен тұратын кітабында жан-жақты баяндады (56—59).

Түркі халықтарының тәлім-тағдыры туралы мәліметтерді Орхон-Енисей жазба ескерткіштері беретінін, олардың тарихы мен тілі, мәдениеті мен пәлсафасы, философиясы мен экономикасы бойынша елтану, қоғамтану секілді салалары бойынша толыққанды мағлұматтарды Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның “Құтадғу білік” (“Құтты білік”) пен жоғарыда аталған Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрк” атты еңбектерінен табатынымызды есте ұстайық. Орхон жазба ескерткіштерінде Сібір түркілерінің (Көк түріктердің) ел басқару, соғыс істері болса, соңғы екі еңбекте қытайдан румға дейінгі түркі халықтарының тұрмыс жағдайы, тілі мен әдебиеті, әдет-ғұрпы жөнінде айтылады. Көпшілік ғалымдардың М. Қашқариды қазақтың алғашқы энциклопедисі деуі де осыдан болса керек.

Түркі тайпаларының күшеюі ұлыстық бірлестіктің құрылуымен сабақтасады. Түркі қағанатының Тәңірі берген ұлдары аттай екі ғасыр аясында (542—745 ж.ж.) ат үстінде жүріп, мемлекеттің даңқын дүниенің төрт тарабына жайды (70, 25).

Олар батысында Византия елімен, оңтүстігінде Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығысында Қытаймен шектесіп жататын орасан үлкен мемлекет құрды. Ұлы Түрік мемлекеті осылайша өмірге келді.

“Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды. ...Түркілердің қоғамдық өмірі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел басқару, меншіктің сатылық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік дәстүрі, сондай-ақ көрші отырған елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таңқалдырады”, — деп жазады Л.Н.Гумилев (70, 4—5).

Басынан бақ тайған ғұндардың жұртындағы шашыраған елдің басын қосқан тұңғыш Түрік қағаны Бумын елхан еді. Ол 542 жылдан бастап, 552 жылға дейін түрік елінің қағаны болды.

Бумын қаған мен оның інісі Істеми қаған тұсында түрік қағандығы мейлінше күшейіп, “төрт бұрыштағы барлық дұшпандарын” жеңеді. Қағанаттың жерін ұлғайтып, халқын көбейтеді.

Жаңа мемлекеттің іргесін қалаған Бумын қаған, ең алдымен, тоз-тоз болып кеткен қандастарының басын қосады. Түрік қағанаты нығая түседі. Бумын қаған жужандарды (аварларды) тас-талқан етіп жеңіп шығады. Осыдан шығысында — Хинган тауларына дейін, Батысында — Қара теңізге дейінгі ұлан-ғайыр өлке Түрік қағанатының құрамына енеді.

Бумын қаған 552 жылы қайтыс болған соң, орнына баласы Қара Ыссық хан деген лауазыммен отырады (70, 27). Ыссық хан жұмбақ жағдайда көз жұмып, оның баласы Шету биліктен шеттеледі де, Қара Ыссық ханның інісі Кушу, Муган хан деген дәрежемен таққа иелік етеді (70, 27—28). Одан кейін Бумын қағанның інісі Істеми хан тағына отырады.

Тарихи құжаттардан белгілісі Істеми қаған жұртқа кеңінен танымалы тұлға. Жаңа қаған қатал да рақымсыз, батыр да ақылды болады және соғыстан өзге ештемемен шұғылданбайды. 553 жылы Істеми қаған аварларды Алтайдан сонау Еділге дейін ығыстырып жібереді. Сөйтіп, қазіргі Орталық Қазақстан, Жетісу, Батыс Қазақстан түгелдей Түрік қағанатына енеді. Бұл туралы “Күлтегін” жырында:

*Төрт бұрыштағы халықты көп алған,
Бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
...Білге қағандар екен.
Алып қағандар екен — дейді (214, 16).*

Таска қашалып жазылған дастандардың бірі — “Күлтегін” жыры Түрік қағанатының бүкіл өлемді аузына қаратқан айбарлы, абыройлы дәуірін суреттеуден басталады. Мұнда исі түріктің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан Бумын қаған мен Істеми қаған барынша мадақталады.

*Биікте Көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда.
Екеуінің арасында,
Адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім,
Бумын қаған, Істеми қаған отырған,
Отырып, түрік халқының ел-жұртын,
Қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт Бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты көп алған... (214, 16).*

Ұлы Түркі қағанатының шынайы шежіресі, таңғажайып тарихы бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, құлпытастарға қашап жазылған. Оны жазған Түрік қағанатының қабырғалы бектерінің бірі, өз дәуірінің кемеңгер ойшылы, шешендік сөздің жүйрігі, ұлы ақын Йоллығтегін еді. Бүкіл түркі елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін бұл дастандардың әрбір әрпі мәңгі өшпестей етіліп, үлкен-үлкен құлпытастарға қашалып жазылған. Демек, бұл дастандар бұдан он үш ғасыр бұрын Түрік мемлекетінде болған сан қилы оқиғаларды бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз айна-қатесіз күйінде жеткізіп отыр (257, 4—98; 258, 14—111; 215, 67—115).

Дәл осы арада біз кейбір елдерде әр патшаның тұсында қайта-қайта **қағазға көшіріліп**, бертін келе “саясатнамаға” айналып кеткен “шежіре” яки “жылнама” дастандар да бар екенін ескерте кеткеніміз жөн.

Ұлы Түрік қағанатын ешбір жау әскер күшімен жеңе алмағаны тарихнамада көрсетілген. Алайда жұдырықтай жұмылып отырған түрік елінің ішіне жау жағы ғасырлар бойы іріткі салып келді. Мұны істеген табғаш (Қытай) елі еді.

Қытай елінің ханзадалары мен саудагерлері “сыйға” өкелген тарту-таралғыларға, алтын мен жібекке, табғаштың ару қыздарына өзара таласқан түрік бектері арасында астыртын айқас басталды. Кейбіреулері түрік елі алдындағы парызын, ата-баба дәстүрін ұмытты. Елді біліксіз қағандар басқарды. Билік пен байлыққа таласқан мұндай күрес

жиырма жылға созылды. Ақыры ел ішіндегі алауыздық 604 жылы ұлы мемлекетті екіге бөлуден тынды. Бірі — Батыс Түрік қағанаты. Бұған Орта Азия, Жоңғария және Шығыс Түркістанның бір бөлігі енді. Екіншісі — Шығыс Түрік қағанаты. Бұл негізінен Моңғолия жеріне орналасқан еді (70, 5; 96, 94).

Бумын қаған, Істеми қаған қайтыс болған соң, түрік елінің тағына дарынсыз қағандар отырғаны, халықты опасыз бектер мен өміршілер билегені тарихтан жақсы мәлім. Бұл жайында Түрік қағанаты тұсында, яғни VIII ғасырда жазылған “Күлтегін” дастанында төмендегідей жыр жолдары кездеседі.

*Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен (214, 17).*

Араға көп уақыт салмай-ақ, өзара іштей айтысып-тартысып, қырық пышақ болып жатқан түрік еліне күтпеген жерден сан мыңдаған қытай әскері басып кірді. Дайындықсыз жатқан түрік жұрты қапылыста қалды. Бұдан кейін арада елу жыл өтті. Түріктер өз азаттығы үшін тынымсыз елу жыл бойы күресті. Ақыры жеңіске жетіп, өз алдына дербес егемен ел болды. Енді түрік мемлекетінің тағына кім отыруы тиіс деген мәселе тұрды, түріктерде таққа мұрагерлік жөніндегі заң болды, ол бойынша тақты ағасы — інісіне, ал жиені — нағашысына (сатылап жоғарылау) мұра етіп қалдырып отырған. Қытайлықтар бұл тәртіпті көңілге қонбайды деп санап, түрік істеріне араласып, оны тіпті елемеген еді. Түріктер ескі заңдарын да қалпына келтірді, сол бойынша Қапаған қаған болды. Алайда ол қытай мәдениетінің ықпалын өз басынан өткерген-ді, сондықтан тақты жиені Могилянға емес, өз ұлы Фугюге бергені өзі үшін жақсы болар деп есептеді. Заңды ашық түрде бұзуға болмайтынын білген ол “кіші хан” (шадтан жоғары) деген шен тағайындап, оны өзінің ұлына бұйыртты, ал жиенін Батыс қағанатының шады етіп қойды, әрі оған неғұрлым қатерлі соғыс міндеттерін өз бетінше шешуді тапсырды. Бұған қарағанда, ол жиенінің қаза табуына қарсы болмаған тәрізді.

Қапаған 716 жылдың көктемінде жиенінің даңққа бөленгенін қызғанып, тоғыз-оғыздарға қарсы әскерін өзі бастап шықты. Күлтегін қосыны хан ордасын, яғни Қапаған ханның әйелдері мен балаларын қорғауға қалдырылады (70, 283—328).

Осы қолайлы сәтті күтін тұрған қарлұқтар түріктер ордасына оқыстап шабуыл жасап, оларды құртын жібермекші болды. Әйтсе

де, Күлтегін батыр қарлұқтарды тас-талқан етіп жеңіп, даңққа бөленді.


Ал Қапаған қаған басқарған түрік әскері 716 жылы Толы өзені бойында Байырқу тайпасын күйретті. Алайда бұл қуаныш ұзаққа бармады. “Бірақ осы арада тарихқа мынандай бір оқиға кірігіп кетті: жеңістен кейін үйіне қайтып келе жатқан қаған өзінің күзетінен ұзап, жалғыз өзі ойға бата орманнан өтіп бара жатты. Тек не дерсің, дәл осы орманда талқандалған байырқулықтар жасырынып жүрсе керек. Жалғыз салт аттыны көрген олар сол арада бас салып, оны атынан аударып түсірген де, өлтіре салған. Қағанның басы қытай елшісіне сыйға жіберіледі, ал елші оны Чаньаньге жөнелткен. Қағанаттағы көтеріліс пен Тан империясы арасындағы байланыс, міне, осылай аяқталады.

...Қаған өлген соң мұрагерлік туралы мәселе туды. Қапаған тақты иеленушіге Күшік хан, яғни “кіші хан” деген құрметті атақ беріп, үлкен ұлын өзі тағайындаған еді. Түріктердің ескі дәстүрі бойынша мұрагерлік Могилянға тиісті еді, ал елдің іс жүзіндегі көсемі Күлтегін батыр болды.

Күлтегін әскери төңкеріс жасады. Ол енді өзі қорғаған қонысқа шабуыл жасады. Қолбасшылық қызмет орнындағы оның мирасқоры Алп Эльэтмиш көтерілісшілер жағына шығып кетіп, мұның өзі олардың жеңіске жетуін қамтамасыз етті. Күшік хан мен Қапағанның кеңесшілері түгел өлтірілді... Қапаған ұрпағының өрбу сызығы осылайша үзілді.

Күлтегін ескі заңды бұзады, қаған атағын қабылдамады, сөйтіп, таққа “Білге қаған” деген құрметті атақпен өз ағасы Могилянды отырғызды. Білге таққа өзінің сіңірген еңбегімен көтерілмегенін және өзі інісінің қолындағы қуыршақ екенін білді. Сондықтан Білге Күлтегінді әскерлердің әміршісі, яғни қағанаттың нақты қожасы етіп тағайындады. Барлық ақсүйектілердің арасынан тек жалғыз дана Тонькөк қана, яғни жаңа қағанның қайын атасы ғана аман қалды” (70, 313—314).

Міне, біз айтып отырған оқиғалар — тарихи оқиғалар, яғни Қапаған қағанға қатысты деректер патша сарайындағы Күлтегін жасаған төңкеріс билік үшін болған қанды шайқастар Йоллығтегіннің тасқа қашап жазылған дастандарында мүлдем айтылмайды. Өйткені “Күлтегін” жыры, “Тонькөк” жыры өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған ресми тарих емес. Бұлар тарихи деректерге негізделген көркем туынды болып табылады, — дейді белгілі ғалым Н. Келімбетов (215, 95).



Төменгі Сырдарья тұрғындары колонер шеберлерінің
эшекейлі бұйымдары (X—XI ғғ.).

Ал “Тоныкөк” дастанында айтылатын Тоныкөк тұлғасы да Түрік қағанаты тарихында ерекше орын алады. Ол Елтеріс қаған, Бөгі қаған, Қапаған қаған және Білге қағандарға кеңесші болған. Тоныкөк ел камын ойлаған ақылгөй, данышпан. Өзі туралы оның: “Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым” деп айтқаны бұлжымайтын шындық (214, 26; 92, 59).

Түрік қағанатына төрт жағынан жау қатпағанда, Тоныкөк ақыл-кеңесімен де, тапқыр сөзімен де, батырлық істерімен де қағандарға көмектесіп отырады:

*Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым.
Күш-қуатымды аямадым.
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым
(214, 29; 92, 66—67).*

Бір танқаларлығы — VIII ғасырда өмір сүріп, Елтеріс пен Білге қағандардың кеңесшісі болған осы Тоныкөктің тарихи бейнесі араға

мың жыл салып барып, Абылай ханның кеңесшісі Бұқар жырау (XVIII ғасыр) бейнесінде дәлме-дәл қайталанған тәрізді. Елтеріс қағанға әрі ақыл-кеңес беріп, әрі әскерін басқарып жүрген Тонықок сияқты Бұқар жырау да Абылай ханға ұдайы кеңес айтып отырады әрі хан жасақтарымен бірге жауға қарсы күреске шығады (215, 103.)

Ұлы Түрік қағанаты — өзінің ішкі қайшылықтары мен сыртқы қысымның салдарынан екіге бөлініп кеткені (Батыс және Шығыс түрік қағанаттары) айтылды. Ұлан-ғайыр өлкені иеленіп, әлемді аузына қаратып тұрған ұлы Түрік қағанатының өзінен кейінгі ұрпағына қалдырған мұрасын “*тым аз*” деп те, “*қыруар көп*” деп те бағалауға болар еді. *Тым аз* дейтін себебіміз — Түрік қағанаты тұсында салынған ғажайып кент-қалалар, зәулім сарайлар, құнды дүние-жиһаздар жау қолынан қирап, көл-көсір қазына байлығы қадым замандарда-ақ талан-таражға түсіп кетті. Ал *қыруар көп* дейтін себебіміз — данышпан бабаларымыздың ұшқыр ақыл-парасатынан туған ең асыл мұралар — көне түркі әріптері, яғни руналық жазбалар мен “Күлтегін”, “Тонықок” сияқты батырлық жырлары біздің заманымызға сол күйінде жетті.

Міне, сол ерлік істері аңызға айналған Көк түріктер өздерінің “елдігінен, қағандығынан айрылып”, “бек ұлдары құл”, “пәк қыздары күң болған” зарлы замандардан кейін, араға екі жүз елу жылдай уақыт салып барып қана қайтадан өз мемлекетін орнату мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұл үшін күллі түркі қауымы бас қосып, жат жұрттықтар — Самани әулеті (819—999) билік жүргізген мемлекеттің күлін көкке ұшырды. Ақыры түркі жұрты Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауераннахр жерінің едәуір бөлігін қамтыған жаңа мемлекет құрды. Түркілер барлық әкімшілік билікті өз қолдарына алды. Түркілердің бұл қауымдастық бірлестігі — алғашқы ханы Әбділкәрім Сағұқ Қараханның (915—955) есімімен аталып, тарихқа “Қарахан мемлекеті” (942—1212) деген атпен енген. Сағұқ ханды кезінде Боғра хан деп те атай берген. Ал ресми құжаттарда “Қара қаған” (“Бас хан”) немесе “Тамғаш қаған” (“Хандардың ханы”) деп жазатын еді.

Алайда жаңадан құрылған Қарахан мемлекеті үшін бұл тарихи кезеңдегі ең басты мәселе — елді басқарудың жаңа дәуір талаптарына сай келетін саясатын жасап алу еді. Бұл саяси көзқарас жаңадан қабылданған ислам дінінің қағида-шарттарына негізделуі тиіс болатын. Дәлірек айтсақ, мемлекетті басқарудың исламға негізделген әлеуметтік-этикалық нормаларын белгілеу қажеттілігі туды.

Қоңілге қонымдысы, түркі халықтары — бір-бірінен бөлініп, жеке-дара өмір сүрген халықтар емес, қайта өзара тайпа-тайпа болып,

жіті араласып, тығыз қарым-қатынаста бірге жасап келе жатқан, кейде өзара жауласып, кейде одақтасып отырған этникалық топтар. Сондықтан болар, көп жағдайда олардың тарихы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, салт-дәстүрі, діні, тілі ортақ болып келген.

Мұрағаттардан табылып жатқан көне жөдігерліктердің арқасында түркілердің де ежелден тарихы болғандығы, дүние жүзіндегі “мәдениет” деген сарайдың ірге тасын ерте қалаған халықтардың бірі болғандығы айқындала түсті. Тарихнамада бұрыннан белгілі қытай халықтарымен нық тіресіп өмір сүрген тайпалардың ішінде қазақ халқының негізін құраған үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың болғандығы ашық айтыла бастады.

Сібір мен Орта Азияның байырғы халықтарын, тек Қытай мен Иранның көршілері ретінде қарау түркі тектес тайпалардың тарихи тағдырына қиянат жасағандық болар еді. Олардың тарихы мен мәдениеті өз бетінше дербес дамыды. Бүгінгі күннің, тіпті болашақтың да қайнар-бастаулары өткен заман қатпарларында жасырынып жатыр, түптеп келгенде, байырғы түркілер — Еуразия құрлықтарын мекен еткен көптеген халықтардың арғы тегі, — деп нықтай түседі түркілер тарихын зерттеуші ғұлама Л.Н.Гумилев (54, 13; 70, 145—244).

Тарих бетіндегі деректерге үнілсек, ежелгі түркілер қадым замандардан бастап-ақ, “Ұлы Жібек жолы” арқылы Батыс пен Шығыстың көптеген елдерімен мәдени, саяси, экономикалық қарым-қатынастар жасап тұрды. Еуразия құрлығындағы керуен жолы ежелгі түркілер мекен еткен өлкелер арқылы өтетін еді. Бұл керуен жолының Қыпшақ даласы арқылы өтетін тораптары Испиджаб (Сайрам, Ақтүрбат) шаһарынан бастау алатын болған. Осы қаладан шыққан керуеншілер Арыс өзенінің бойындағы Арсубаникент қаласына, одан әрі Фараб (Отырар), Йасы (Түркістан), Жаңакент қалаларына, сосын Қызылқұм арқылы Хорезм, Үргеніш, Сарайшық, Еділ бойы елдеріне, Кавказға қарай бағыт ұстаған.

Сондай-ақ “Ұлы Жібек жолының” тағы бір торабы Түркістан қаласынан басталып Сауран, Тараз, Қарибас (Ақыртас), Жамұқат, Құлан, Барсхан, Науакент, Суяб, Баласағұн, Қорғас, Турфан, Дунхуан арқылы Қытайға апаратын болған.

Сөйтіп, ежелгі түркі қауымы қадым замандардан бастап-ақ Оңтүстік Сібір, Еділ бойы, Үндістан, Қытай, Грекия, Иран, Сирия, Месопотамия, Мысыр, Вавилон елдерімен тығыз қарым-қатынастар жасап тұрған. Бұл керуен жолы арқылы тек қытай жібегі ғана емес, көптеген тұрмыстық бұйымдар — мата, кілем, былғары киім-кешек-



тер, аң терілері, піл сүйектері, күміс пен алтын күймалары, түрлі қару-жарақтар, арабтың сәйгүлік аттары, экзотикалық құстар, сан алуан азық-түліктер халықаралық саудаға түскен.

Ең бастысы — “Ұлы Жібек жолы” арқылы Шығыс пен Батыс елдер арасында мәдени, әдеби, ғылыми, т.б. байланыстар орныққан еді.

Сонымен, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығында Орталық Азияда, Батыс Сібірде, Жетісуда, Тянь-Шаньда түркі, оғыз, қырғыз, қыпшақ этногенезінің қалыптасуы бірсыпыра ыждағатты жүрді. Бұл тайпалардың

бір-бірімен араласуы жаңа этностардың пайда болуына әкелді. Қимақ-қыпшақ, оғыз тайпаларының кейбіреулері Орталық Азиядан Ертіске қоныс аударса, қырғыздар Байкалдан Шығыс Қазақстанға көшті. Тоғыз-оғыз тайпалары тибеттіктермен болған соғыстың зардабынан Гансу аймағының батысына және Шығыс Түркістанға бет бұрды.

Ғасырлар бойы сайын далада айтылып келген ертегі — жырды, аңыз-әңгімені ең алғаш шығарып, ел арасына таратқан да осы көшпенді түркі нәсілдес халықтар еді. Олардың ішінде жұртшылық жүрегінен белгілі орын алып, тарихта көрнекті із қалдырған үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғылар, одан бергі оғыз бен қыпшақтар, қарлұқ, керейт, наймандар, алшындар болды. Бұл елдердің ішінде ұйғыр мен қырғыз жұрты болмаса, өзгесінің барлығы ежелгі дәуірлерде кеңбайтақ Дешті Қыпшақта тіршілік етіп, олардан тараған рулардың көпшілігі бергі келе қазақ елінің іргетасын қалауға атсалысты. Сойтіп, жоғарыда айтылған ежелгі ру-тайпалар жасаған мәдени болмыстың іздері.




Сақ тайпаларының қорымы (б.з.б.).

оның ішінде халық жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері, жұртшылық салты, тайпалық заңы, барлық рухани тіршілігі ұлы даланы үздіксіз қоныс қылған, олардың түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында, әдет-ғұрпында мол сақталған.

Бұдан шығатын қортынды: түркілер — сақ, ғұн ұрпақтары, адамзат тарихындағы көне тайпалардың ізі деген орынды. Олардың қоғамдық құрылысын ежелгі Қытай, Грек, Рум халықтарының қалыптасу тарихымен қатар қоюға болады (60, 43—45; 61, 60; 62, 12—14).

Жоғарыдағы айтылғандарды жинақтай келіп, былай түйіндейміз.

Ғұндар кезінде Шығыс Еуропаны өзіне бағындырса, біздің заманымыздың VI ғасырының ортасында алтайлық тайпалардың ең ірісі — Түркілер өзіндік мемлекет бірлестігін құрып, Алтайдан Қырымға дейінгі жерге иелік жүргізді.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ШЕЖІРЕСІ



Ұлы дала... Мұнда қаншама өркениеттер қалыптасып, жанып-сөнді. Мұнда еңсе көтерген небір алып империялар жер жүзінен ғайып болды... Сол тұңғыықтан ата-бабаларымыздың аса құнды мұралары бізге жетті. Біз оларды домбыраның күмбірінен, ән мен жырдың әуенінен түйіндеп, тастан түйін түйген зергерлер мен шеберлердің қолынан танимыз, өскелең өнер үлгілерінен көреміз.

И. Тасмағамбетов,
“Ат жалындағы өркениет” кітабынан...

Байырғы қазақ тайпалары — этностық тұрғыдан алғанда, үш мың жылдан астам тарихы мен мәдениеті бар ежелгі түркі халықтарының бірі. Біз тарихнамаға VI ғасырда “түркі” деген атпен енесекте, арийлер, сақтар (скифтер), ғұндар өркениетінің төл мұрагеріміз. Көк байрағы желбіреген ежелгі түркілер елі, түркілер жұрты ұлы тарихи оқиғалардың діңгегі әрі куәгері болғаны айтылып та, жазылып та жүр (80, 3—7; 81, 3).

Сөз орайында, “Түркі” деген этноним қытай жылнамаларында біздің дәуіріміздің 542 ж. (кейбір деректерде 535 ж.) кездеседі, (моңғолша — тукюе) таудың бейнесін елестететін дулыға — деп пайымдайды орыс ғалымы С.А.Плетнева (88, 67; 116, 6—28). Ал көне түркі халқының тарихын баянды зерттеген Т.Жұртбаев: “Дулыға” — “түрік” деген сөздің баламасы деп жазады (89, 7).

Қытайлықтар VI ғ. түркілерін сиун-нудің — ғұндардың немесе “өр кеуделі құлдардың” бұтағы деп санайды (127, 7—21). Мәселен, Қазақстанның батысын қоныстанған ғұндардың “шанью” руының сыйынар тәңірі “өгіз” еді, ол кейіннен 24 баулы оғызға айналды. Бұл бір дәуірде басы барды идірген, тізеліні бүктірген, Қытаймен, Руммен (Византия) терезесі тең Түркі қағанаты (545—745) және (535—745) Еділ мен Қап тауының шығысында шаңырақ көтерген Хазар қағанаты, Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңіріндегі Қарахан қағанаты, Сырдария мен Еділ арасын жайлаған Оғыз ұлы-

сы, он екі тайпадан құралған ор Алтайдан, Ертістен — Еділге, Оңтүстік Оралдан, Құланың даласын басып өтіп, Балқаш көлінен Жоңғар Алатауына дейін мекендеген Қимақ қағанаты, тағы басқа ұлыстар мен қағанаттар — осылардың бәрі негізінен түркі нәсілдес тайпалар еді (70, 55—136). Олар ұлан-ғайыр байтақ даланы өз ешкісі терісінің пұшпағындай илеп, сайын далада емін-еркін дәурен кешті (116, 30—84).

Сол бір заманның басты нәтижесі — қазақ топырағында жаралған түркі нәсілдес тайпалар, адамзат тарихында өшпес өнер, өнегелі із қалдырды. Түркі ұлыстары алғашқы қазақ мемлекеттік бірлестігінің іргетасын қалады. Сондай-ақ, түркілер жұрты әлемдік тарихнамаға көшпелі өркениеттің алғы шартын енгізді. Ал ұлан-ғайыр даланы жарып өтетін Сырдария, Талас, Шу, Іле өзендері алқабында қаз қатар орналасқан Испиджаб (Сайрам, Ақтүрбат), Тараз, Құлан, Аспара, Алматы, Талхир, Қаялық, Узбаникент, Отырар (Фараб), Түркістан (Йасы), Сауран, Сығанақ, Баласағұн, Янгикент, Сарайшық қалалары Еуропа мен Азия аралығындағы (17, 39) өркениетті ұштастыратын көпір салды. Бұлардың бәрі белгілі ғалым А.Сейдімбектің пайымдауынша: “Қазақ халқының да ғасырлар қойнауынан бастау алатын түп-тамыры, мәдени-рухани болмысы, жалпы адамзат тарихының, өркениеттің құрамдас бөлігі болып табылады” (91, 9—122).

Жазба шығармалардан байқағанымыз, шығысында Сарыөзен (Хуанхэ), батысында Жерорта теңізі — осынау байтақ аралықтағы түркі тілінде сөйлейтін отыз шақты халық бірін-бірі аудармашысыз түсінуі. Соған қарамастан, осынау отыз шақты халықтың Түркі қағанатынан (VI—VIII ғғ.) кейін басының бірікпегені де тарихтан мәлім. Сонда осы жұрт мың жарым жыл оқшаулықты бастан кеше отырып, этникалық тектестігін тілінде, дәстүрінде, наным-сенімінде, символдық (нысандық) белгілерінде сақтап қалу үшін Түркі қағанатының арғы жағында қанша уақыт тұтастықта ғұмыр кешті дейміз ғой? Осыған орай топонимдерге ден қойып, қайта саралап көрген дұрыс болар деген пікірлерді қолдаймыз. Мәселен, жаңаша жыл санауға дейін Еуразияның батысындағы Кипр аралы “Алаш” деп, шығысындағы Тибет алабы “Түбіт” деп аталғаны да ескі дереккөздерден белгілі. Тағы бір ескеретін жайт, Кавказ төңірегіндегі үш өзен бірдей “Қазақ” деп аталып, Қазақ даласында “Аспара” (Аспарух) деген тау мен өзен кездеседі. “Қазақ” демекші, Туваның өлкетану музейінде тұрған сынтастағы “қазақ қызы” деген рун жазуында не мән бар? Неге парсының ұлы ақыны Фирдоуси туындысында, Рум (Византия) императо-

ры Константин Порфирородный жазбасында (X ғ.). Шыңғыс ханның “Құпия шежіресінде” (XIII ғ.). Орыс жылнамасында (968 ж.) “казакня”, “казақы арба”, “косоғ”, “хасақ” деген этнонимдердің кездесетінін байқамаған сынай көрсетеміз? Олай болса, неге біздің жыл санауымызға дейінгі II ғасырда белгілі болған үйсін, қаңлы руларын бүгінгі үйсін, қаңлылармен жан-жақты туындастырып зерттеп көрмеске? Неге Байкал төңірегіндегі Моңғолия жерінде “Беріш”, “Шеркеш”, “Алшын”, “Кете”, “Арғын” деп аталатын өзен-көлдердің түп-тамырының қайдан шыққанын іздемеске? Тіпті, қазақтың әйгілі “Мұңлық-Зарлық” кисасын Байкал маңындағы халықтар бүгінгі таңда есіне алмаса да, сол өңірдегі екі шыңның Мұңлық, Зарлық деп аталуына неге мән бермеске?” — деп таңданады көрнекті ғалым-ұстаз А.Сейдімбек (91, 9—10).

Әрі қарай осы ғалымның түркілік этнонимдерді қағазға түсірген бір парағына назар аударып көріңіздерші. “Сонау алыс замандағы, Түркі қағанаты кезінде-ақ, әр елдің жазбаларында әр түрлі үндестікте хатқа түскен рулар: адьенің — адай, алишенің — алаша, байырқудың — байұлы, берчтің — беріш, кидариттің — кердері, сығыйенің — ысты, танның — тана, теленің — телеу, тобаның — табын, чикидің — шекті, чумугунның — шөмекей, хитаның — кете сияқты қазақ руларын еске түсіретін үндестігіне неге назар аудармасқа?” — деп толғанады әлгі ғалым (91, 10). Осыны көріп отырып, көшпенділікті отырықшылыққа айналдырып, екі құрлықтың қол жеткен нәтижесінен бірдей нәр алып, өрбіген түркі елі Шығыс пен Батыс өркениетін, әлеуметтік ахуалын өзіндік төл тума өнерімен жалғастырмады деп кім дау айта алар еді?

Тарихи жазбаларды сараптағанымызда, төрт күлкі дүниені дүр сілкіндірген қос мүйізді Ескендір Зұлқарнайындың қалың қолын, атакты қолбасшы Дарийді, арабтарды, қара құртша қаптаған қарақытайды, т.б. алып даланы басып кірген басқыншылар легін тек түркі тектілер ғана тоқтата алғаны тарихнамада жазылған. Көшпенді түркілер кейін моңғолдар қабылдап, одан әрі дамытқан әскери өнерді қалыптастырды, әскери қатаң тәртіпті, дүйім елді билеу жүйесін енгізді. Еуразияның қақ ортасына көк байрақты туын тіккен ержүрек түркі тайпалары Батыс пен Шығыстың ара қатынасын жалғастырды. “Ұлы Жібек жолы” тек қана отырықшылардың өмір талабынан ғана емес, көшпенділердің де болмысынан туған-ды”, — дейді академик М.Қ.Қозыбаев (86, 149—150).

Бір сөзбен айтқанда, қок байрақты берік ұстаған түркілер Еуразияның сайын даласының төл перзенті санатында емін-еркін

шалқып өсіп-өнген демекпіз. Сақтар, ғұндармен ілесе б.з.б. II ғ. белгілі болған дулат (кейбір деректерде — дулу), ұйғыр, қымақ, оғыз-қыпшақтар, қырғыздар, қарлұқтар, түркі тектес басқа да тайпалар болашақ қазақ халқының негізін сол бір кезде салған іспетті. Біздің дәуіріміздің бірінші мың жылдығында қазақ даласының Оңтүстігіне Азияның терең қойнауынан тұңғыс тектес жужандар (аварлар), парсылар, арабтар, т.б. келгені де мәлім. Түркі нәсілдес тайпалардың қалың тобыры оларды бойына сіңіріп, өз болмысын сақтап қалды. Көне түркі әдеби ескерткіштерінің жөн-жосығын баянды зерттеп жүрген, белгілі ғалым М.Жолдасбеков VIII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінің тасқа қашалған жазбаларының тілін зерттей келіп, ежелгі түркі халықтарының руникалық (күпия сырлы) жазуларының шешуін табуға және оларды қалпына келтіруге елеулі үлес қосқаны айтуға тұрарлық. Ғалым сол түркі тайпалары үстемдік еткен кездегі табиғи-географиялық, саяси факторларға негізделген үш этнотерриториялық бірлестіктердің (түргеш, қарлұқ қағанаттары, қарахан ұлысы, қымақ-қыпшақ, оғыз бірлестіктері) қалыптаса бастағанын көрсетіп, жүздер арқылы — үш тулы қазақ халқының даму сатысын ғылыми жолмен дәлелдейді (92, 114—192).

Осы арада Мағжан Жұмабайұлының:

*Түркістан — екі дүние есігі ғой.
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.
Киелі Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңір берген несібі ғой (214, 216).*

Немесе, Міржақып Дулатұлының:

*Арғы атам — ер түрік,
Біз — қазақ еліміз,—*

деген өлең шумақтары жан тәніңді, жүрегіңді елжіретеді емес пе.

Қолда бар мәліметтерді Қазақ тарихнамасымен байланыстыра айтсақ, бұл оғыз-қыпшақ дәуірінен үстем болған кезге саяды. Заманының X ғасыр төңірегінде Еуразия құрлығында сан тайпалардың жиынтығы болған тектерден (славяндардан, роман-германдықтардан, түркілерден т.б.) этностардың бөліну кезеңі басталады. Дәл осы тұста славяндар бөлініп, батыста орыс халқы өз алдына отау құрды. Міне, бұл кезеңде Ұлы дала ұландары қыпшақ жұрты да өз жолын табуды қарастырды.

Тарихнамадағы дереккөздерге сүйенсек, қыпшақ этнонимі туралы алғашқы мәліметтер (759 ж.) Селенгі озені бойындағы таска қашалған ескерткіштерде және араб жазбаларында кездеседі (96, 160). Қыпшақтар туралы Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари еңбектерінде де біршама мағлұматтар келтірілген. Ал парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің “Жылнамалар жинағы” шығармасында Оғыз қағаны шірік ағаш қуысындағы қыспақта туған баланы тауып алып, оған “қыпшақ” деген ат береді, — деген аңызды айтады (6, 24—99). Құрбанғали Халидтің еңбегіндегі тұжырымдарға мән берсек, “қыпшақ” деген сөз “адам баласы” деген ұғымды береді (97, 64). Атақты тарихшы Л.Н.Гумилевтің ғылыми еңбектерінде XI ғ. түркілер этнос санатында тарихнамада сөне бастағаны айтылады (99, 55; 100, 314—315). Осы шақта түркілердің бағына 92 баулы қыпшақ сайын дала сахнасына от болып лаулап көтеріледі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресінде”: “Күн батысы Сырдария, күн шығысы ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі Жетісу, солтүстігі Еділ-Жайық, сол төрт судың арасы заман қадымнан бері Дешті Қыпшақ жайлаған, қыпшақ жұртының қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарады. “Қығай көп пе, қыпшақ көп пе?” — деген мақал болған себебі осы”, — деп көрсетіледі (101, 4; 221, 51—55). Ол “түркі” деген жинамалы этнонимді ығыстырып, өзі атындағы этносқа, яғни басқа түркі тайпаларының бірден-бір ортақ атауына айналды. Сөйтіп, “түркі” аты әлсіреп, “қыпшақ” атауы жоғары шықты. Бүкіл әлем азиялықтар ішінен алабөтен қыпшақтарды жазбай таныды. XII ғасырда олар барша араб, парсы, славян, роман-герман халықтарының үрейін ұшырған дүлей күшке айналғаны белгілі (86, 151). Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас сайын далада Қыпшақ одағы үстемдігін үдетті. Ежелгі Оғыз даласы (Мафазат ал-гуз) енді Дешті Қыпшақ аталды, сөйтіп, қыпшақтар 1055 жылы Русь князьдарының шекарасын таптай бастады. Кешікпей қыпшақ ұландары Еділден Донға, одан әрі Днепр мен Днестрге өтіп, жолындағы халықтардың зәресін алды. Енді бұл кеңістікті орыс шежірелері “Қыпшақтар даласы” (“Поле половецкое — Половецкая степь”) деп атауға мәжбүр болды, — дейді белгілі құмық ғалымы М.Аджи (261, 68—69). 1071 жылы Кіші Азияны — Анадолыны жаулап алған қыпшақтар Осман түріктерінің империялық негізін қалады. Осыдан 30 жыл өте қыпшақтардың қалың қолы ну Қарпатқа жетіп, Дунайдың темір қақпасы мен Балқан тауына ат басын бір-ақ тіреді.

Ағнық акын Мағжан Жұмабайұлы “От” деген олеңінде:

*“Талай заулап ұшқанмын,
Әлпіге (Альпі тауы — А.Қ.) барғам Алтайдан.
Балқанға барғам Қытайдан”... (200, 39), —*

дегенде, данышпан Мағжан, ғұндардан кейін Еуропаға қарай заулап жеткен қыпшақтардың ерлігін паш етсе керек.


Қыпшақтар мен оғыздар, тоқсы, яғма, оқрақ, парух тайпалары Махмұт Қашқари жазғандай, ғажайып таза түркі тілінде сөйледі. Қыпшақ одағына кірген тайпаларға да ол ортақ тілге айналып кетті.

Тарихнамада қыпшақтарды болашақ қазақ этносының мәйегі деген ұғым кездеседі. Біздің ойымызша, бұл тұжырым әлі де дәлелдеуді қажет ететін сияқты. Егер шындыққа жүгінсек, XI—XII ғғ. қыпшақ тайпалары өз алдына этнос болып қалыптасқанға ұқсайды. Олай деуге негіз болатыны — біртұтас ата коньысы, аралас-құралас қонған түркі тайпалары ортақ тіл, қалыптасқан әдет-ғұрып, көшпелі тұрмыс-тіршілікке деген біркелкі көзқарас, әскери жасактарды дайындау мен ортақ жаугершілік қарекет — осының бәрі ортақ этностық қасиеттерді, тағдырлас, көршілес екі халықтың да өмірінде мәңгілік із қалдырды, өзара байланысын нығайтты. Бірақ, бұдан қыпшақтар түркі тайпаларының мәйегі деген біржақты әңгіме тумаса керек.

Енді қазақ халқының атауына және “жүз” деген ұғымдарға бір мезгіл сөз берейік. Негізінде “қазақ” халқының қай заманнан бастап құралып, дербес ел болып қалыптасқаны жайындағы тұжырымдар ғалымдар арасында біркелкі шешуін тапқан жоқ. Шынжан өлкесінің белгілі тарихшысы, қандасымыз Ж.Мырзаханов “Тарих қойнауынан” атты еңбегінде “қазақ” атауының шығу төркінін былай әңгімелейді:

“Біздің алдымызда “қазақ” атауы жөніндегі аңыздардың жазба тарихи деректермен байланысы, оның қазақтың біртұтас халық (немесе ұлт) болып қалыптасуымен байланысты және олардың ғылыми құны сияқты келелі ғылыми мәселелер түр. “Қазақ” атауы туралы шежірелік аңыздарды оны жазба тарихи дерек-мәліметтерге ұштастыра зерттеуде қазір тамаша табыстардың болғаны рас. Әйтсе де түрліше жорамалдар мен ғылыми тұжырымдар жөнінде талас әлі аяқталған жоқ. Кейбір зерттеушілер “қазақ” атауының шығуы мен қазақтың ұлт болып қалыптасуын шатастырып жүр. Кейбір шежірелік аңыздар мен жазба тарихи деректер арасында бірталай алшақтық жатыр” (102, 25).

“Қазақ” атауы туралы аңыздардың өзі де сан алуан түрлі болып кездеседі. Кейбіреуі аңызға айналған оқиғаға байланыстыра, алдымен “қаз-ақ” немесе “қыз-ақ” сөзі пайда болып, онан соң ру-тайпа (немесе халық) атына айналғаны жөнінде әңгіме шертеді; ал қайсыбір аңыздарда алдымен “Алаш” қауымы және “Алаша хан” жөнінде әңгімеленіп, онан соң жалпы халық аты



Қазақтың ағаш үйінің сыртқы көрінісі.

“қазақ” пайда болғаны жөнінде айтылады. Тағы бір зерттеушілер “қазақ” сөзін тарихтағы ру-тайпа (кейінірек, жер) аттарымен қарастыра қарайды, ал енді біреулері “қазақ” атауы арабтардың “хибаи”, “жүзәғи” деген, моңғолдардың “хасағ” сөзінің ұғымы дейді. Бірсыпыра тарихшылар жазба деректерге сүйеніп, ертеде пайда болған “аса”, “кіса”, “хаса” сияқты рулық-ұлыстық елдер атына немесе ежелгі үйсін тайпасының атына сәйкес зерделейді. Кешегі өткен Кеңес заманының кейбір тарихшылары қазақ халқының атауын орыс казактарының атымен байланыстыра зерттегені де бар.

Алдымен “Қазақ” туралы айтылған ел ішіндегі аңыздарды шолып өтейік.

Қазақ тарихының Геродоты аталған орыстың ғұлама тарихшысы А.И.Левшин “қазақ” атауының шығуы жөнінде халық арасында тараған жеті аңызды өзінің “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы” деген көлемді еңбегінде келтіреді (217, 189—205; 18, 135—151). Ол шығармасының кіріспесінде былай дейді: “Қырғыз-қазақтарды тарихи сипаттауға кіріскенде, өзімнің ең бірінші міндетім — Батыстың оларға бөтен, жалған ат бергенін атау еді. Оларды мұндай атаумен өздері де, көршілес елдерде де, ресейліктер де атамайды. Ол екі сөзден тұрады: қырғыз және қайсақ. Қырғыз деген атауы бар халық қазіргі кезеңде қара-қырғыз, тасты қырғыз, бұраттар деген атпен өмір сүруде. “Қайсақ” немесе “қасақ” деген сөз — “қазақ” деген сөздің бұрмаланған түрі, оның көне екендігін, тіпті

Христостың туғанынан бұрын пайда болғандығын кейбір шығыс жазушылары айтады. Осы атаумен олар парсылықтарға, бұқарларға, хиуалықтарға және басқа да Азия халықтарына белгілі. Қытайлықтар, бірінші әріпті жұмсартып, хасақтар деген. XVIII ғасырға дейін Ресейде қырғыз-қайсақтарды білмеген, оларды қазақтар, Қазақ Ордалары деген (18, 135; 217, 192).

Қандай себептермен қазақ атауы осылай өзгертілген және қалай олардың жат атауды алғаны белгісіз деп, автор таңдайын қағады (217, 192).

Тарихшы қазақтың шығу тегі туралы шығарма жазу барысында Кіші жүз қазақтарының ортасында болып, аңыздарды халық аузынан өз қолымен жазып алған. Автордың жинаған жеті аңызының бастысы Алаша хан туралы. Бұл аңызды Ш.Уәлиханов та “Қазақ шежіресі” атты еңбегінде тым тәуір баяндаған еді (216, 29—47). А.И.Левшин келтірген жеті түрлі аңыз ішіндегі **біріншісі** және **екіншісі** Қазақ хандығы құрылған дәуірден бұрынғы мезгілді қамтиды. Әсіресе, екінші аңыздағы түркі тектілер ұрпағымыз дейтін қазақтардың өздерін билеуші Шыңғыс хан ұрпақтарының арасындағы келіспеушілік күшейгеннен кейін, бірнеше мың адам ата-мекенін тастап, батысқа Дон мен Кубаньға қарай аттанады. Олардың жолдарында жатқан Есіл өзені бойына қоныстанып қалғаны жайлы айтылады. Аңыздың нанымды бір жері — өзеннен өте бергенде, бір табын жылқы артта қалып қойып, оларды айдап әкелуге 33 адамды жібереді. Бұл адамдар табынды тауып алғанымен, өз адамдарына ермей қалып қояды. Олар кейін 33 рулы елге айналады да, “қазақ” деген атпен өмір кешеді.

Қазақ арасына таралған **үшінші аңыз** неміс ғалымы П.С.Паллас-тың жазуы бойынша келтірілген: “...олардың (қазақтардың — А.Қ.) ата-бабалары Евфраттың маңында өмір сүргенде ерекше билеушілері, иелері болған, солардың соңғысы Езід хан түрік тағына отырғысы келеді, алайда оны халқымен бірге түріктер мекенінен қуып жіберген. Езід өлгеннен кейін, оның халқы ноғайлармен тұрады, бірақ одан да қуылып, қырғыздардың (қазіргі “жабайы” немесе “тас-ты қырғыздардың”) ханына барады. Хан оларды соғыс кезінде алғы шепте жүретін әскер етеді де, содан барып олар қырғыз-қазақ деген атқа ие болады. ... Ақырында, оны да сатып кетіп, өздерінің қазіргі тұрақтарына кетеді. Бұл аңыз, біздің ойымызша, әлдебір орыстың шекара күзетшісі қырғыз-қазақтардың атауының шығуын түсіндіру үшін толықтырып түзеткен. Біз оны Қазақ ордасынан естімегендіктен,

оның дұрыс екеніне сене алмаймыз”, — деген ойын келтіреді А.И. Левшин (217, 200—201).

Төртінші аңызды автор былай әңгімелейді: “Колтеген қырғыз-қазақтардың ойлары бойынша, өткен уақыттарда олар алаттармен немесе сібір татарларымен бір халық болған, бірақ ел ішіндегі керіс-тартыс салдарынан олардан ажырап, алғашында бірнеше сұлтандармен, кейін Алаш атты бір сұлтанға ғана бағынған. Алаш олардың басшысы болғаннан кейін, үш жүз жасақпен Бұкараға шабуыл жасайды, бірақ жеңіліске ұшырап, шайқастан кейін тірі қалған әскерлерімен бірге тұтқынға алынып, Түркістанға қоныстанады. Оның өлімінен кейін де тұтқындар алғашқы үш отрядқа бөлінуін сақтап қалады, немесе ол үш жүзді үшке бөліп, біреуін үлкен (Ұлы жүз), екіншісін орта (Орта жүз), үшіншісін кіші (Кіші жүз) деп атаған. Уақыт өте келе, олардың саны көбейеді, сол кезде Орта жүзден шыққан Дайыр Қожа есімді кісі өздерінің адамдарын бөтен билікті құлатуға үгіттеп, солармен бірге Ор өзенінің арнасына қоныстанды, ал бостандық алған отандастары оны хан етіп тағайындайды. Дайыр Қожаның өлімінен кейін, оның артынан Қара Қожа келеді де, өзінің жерін бес ұлына: Арғынға, Найманға, Қыпшаққа, Уаққа, Керейге бөліп береді. Арғын өз бауырларын өлтіріп, бүкіл халықтың жалғыз басшысы болып, халықты “Арғын” деп атайды. Орта жүзден үлгі алған Ұлы жүз бен Кіші жүздің адамдары да Түркістан басшысының езгісінен құтылып, өздерінің тайпаластарымен көршілес моңғолдарды ығыстырып, солардың жерлеріне қоныстанады”.

Бұл төртінші аңыздың 1820 жылы “Сібір Вестнигі (Жаршысының)” бірінші кітапшасында басылғанын ғалым А.И.Левшин ескертеді (18, 146—147; 217, 201).

Бесінші аңызды А.И.Левшин: “Кейбір қырғыз-қазақтардың айтуы бойынша, олардың ата-бабалары көне заманнан бері түркі халқының бір бөлігін құраған, олардың үш ордаға бөлінуінің себебі, хандары Орыс, кейбіреулері оны Ақнияз деп атайды, ол өзі иемденіп отырған жерін үш ұлына бөліп береді. Орыс немесе Ақнияз алғашында ноғай ханы Ұлантының қолбасшысы болған. Ұланты Темірланнан кейін Жайық, Елек, Ордың жанында өмір сүрген. Орыс кейіннен Ұлантыға бағынудан бас тартып, түрік пен моңғолдардың кейбір бөлігін бағындырып, өз алдына жеке билеуші болып, қазіргі ұрпақтары иеленіп отырған жерлердің бәрін иемденеді”, — деп жазады (217, 201).

Алтыншы аңыз бойынша қырғыздар (қазақтар — А.Қ.) Жайық өзені жағалауында көшіп-қонып жүрген ноғайлардан шыққан, ал

олардың бабалары үш ағайынды жігіт болған. Ресей әскерлері Астраханьды алғаннан кейін, олар қазіргі қырғыз даласына қашып кеткен. Осы үш ағайыннан үш орда пайда болған секілді.

Жетінші аңыз Кіші жүздегі Шөмекей руының ақсақалдарының А.И.Левшинге айтуы бойынша жазылған. “Олар ешқашанда қырғыз-қазақтарға жатпаған, түріктерден шығып өз атауларын Шөмекей ханның есімінен алған. Ол Шыңғыспен араз болғандықтан, одан бөлініп, өзін қолдаушылармен бірге қазіргі Орта қырғыз ордасы иеленіп отырған жерлерге келген. Оның ұрпағы Аюсырым Сарысу өзенінің маңын иелік етіп, өзінің жалғыз қызын Әлімовке тұрмысқа береді (бұл Әлімұлы руының тууына әкеледі), сондықтан оның бодандары қырғыз-қазақтармен қосылады”, — деген деректерді келтіреді А.И.Левшин (18, 147—148; 217, 202).

Ал қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Шоқан “қазақ” деген сөзді “ержүрек”, “батыр”, “батыл”, “сері” (рыцарь) (29, 152) деген ұғымға баласа, белгілі шығыстанушы В.В.Радлов бұны “тәуелсіз”, “еркін”, “ерікті адам” деп түсіндіреді (218, 5—25; 256, 358—370). Шәкәрім қажы “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде” “қазақ” дегеннің мағынасы “өз алдына ел болып, бөлініп жүрген халық” деп пайымдаған (161, 410—421; 84, 5—18).

Шоқан қазақ атауы мен шығу тегі жөнінде жоғарыда аталған “Қазақ шежіресі” еңбегінде аңыздар мен деректерге сүйеніп құнды пікір айтады. Енді Шоканның өз сөзінен үзінді келтіре кетейік:

- *“Аңыз-әңгімелерден қазақтардың шыққан тегін анықтау тіпті мүмкін емес, моңғол-түрік шежірешісі Әбілғазы өзінің “Түрік шежіресінде” біздің елге көп көңіл бөлмеген, сол себепті, менің ел-жұртымның тарихын жазған құрметті ғалым Левшин мырза: Қазақтардың ең жақын көршісі Хиуа ханы Әбілғазыны, Есім ханның Түркістандағы ордасында сән-салтанатпен қабылдап, қазақшылық құрып жүргенде, пана болғанын тебірене еске алатын Әбілғазы қазақтар жайын егжей-тегжейлі жазуға тиіс еді, бірақ өкінішке орай, Шыңғыстан Жәнібекке дейінгі хан, сұлтандардың аттарын тізгеннен арыға бармаған дейді.*

Рашид ад-Дин мен Жувейни (парсы тарихшысы — А.Қ.) және сол заманда шығыс тарихын жазғандардың жазбаларындағы оқиға-деректер тек (хандар турасында), Шағатай әулеті мен ильхандар жайынан басқа..., қазақтар туралы мәліметтер кездестіру мүмкін емес, “Шайбани-намеден” де ештеңе таба алмадық, кейбір үзінді деректер ғана болмаса, ол үзіндіні қанағаттанғысыз деп тап-

тық. Мұхаммед Шайбани хан Марыға жорық жасар алдында 1510 ж. қазақтарды Ұлытауға қуып салады дейді де, содан соң бәрі де Бұрындықпен (қазақтың ханы — А.Қ.) Ташкенттен ары кетті дейді.

Күмән жоқ, қазақтар туралы ең алғаш дерек Березин бастырып шығарған “Жылнамалар жинағында” (Қ.Жалаиридің — А.Қ.) кездеседі (Қазан, 1854 ж.). Осы басылым қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғашқы жазба ескерткіш. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мен сұлтандарының ата тегі бар... Қазіргі қолда бар деректерді, ел аузындағы аңыздармен, ноғайлармен қарым-қатынас жайлы орыстың елшілік актыларды Жалаиридің “Жәми-ат-тауарихымен” салыстырған жөн” — деп данышпан Шоқан ұрпағына жол сілтейді (216, 44—45).

Ойын одан әрі жалғастырған Шоқан: “Қазақ немесе алаш елінің о бастағы шығу тегі қайдан деген сұраққа, халық арасындағы жырдастандардан қанағаттанарлық тәп-тәуір түсінік алуға болады. Егер, Темірдің Тоқтамыс-ханға қарсы жорығы 1392 жылы басталса, сол жылы қазақтардың алғашқы ханы — Алаш пен оның балалары өлтірілсе, шамамен мөлшерлеп, Алаштың XIV ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешкені анықталады. Қазақтардың көшпелі еркін тірлігі Азияда дүниеге келіп, дамығаны және орыстардан шыққан “казактарға” тәнті болғаны күмән келтірмесе керек. Олай дейтін себебіміз, орыс жылнамалары (Псков жылнамалары) біздің сөзімізді растайды. Рязань казактарының 1444 жылы Москваны татарлар қоршағанда көмекке келуі, ал Украинада 1517 жылы тарихшы Окольскийдің айтуынша, олар — казактар гетман Предислав Ланцкоронскийдің басшылығымен Белгородқа (Аккерман) шабуыл жасаған... Ал татарларда (көшпелі түркілерді айтып отыр — ауд.) еркін өмірді аңсаушылық, шаһарларға шапқыншылық ұйымдастыру орыс казактарына қарағанда ертерек болған. Ен далада еркін өмір сүру — еуропа рыцарларының серілігімен тең еді. “Бәрі азығы жолда, ер азығы комда” деп, еркіндік аңсаған сайыпқыран сабаздардың орыстар жеріндегі алғаш мекені — Украина (Окраина) болды. Запорождық, дондық, орыс казактары тым аз уақыттың ішінде-ақ жеке халық болып қалыптаса бастаса, аласапыран кезде, Алтын Орданың ыдырауынан дүниеге келген ұсақ хандықтар арасындағы талас-тартыстың салдарынан ірі-ірі әр түрлі рулар далаға қоныс аударып, қазақ қауымдарын құра бастады. Сондай-ақ, орыс казактары да әр тектес тайпалардан одақ құрып, казактар деген атауға ие болады. Татар (түркі дегені — ауд.) казактарының шыққан тегін Алаш, Алашамен байланыстыруында да тарихи



Қазақтардың тұрмыс-тіршілігінен көрініс.

қарағанда, “қазақ” деген жаңа қауым адамдары құрметті, отырықшылардан рухани жоғары деген ұғымда баяндалады”, — деп тұжырым жасайды ғалым (216, 33—34).

Қазақ атауының шығуына байланысты өз пікірін халық жазушысы С.Мұқанов та білдіреді. Ол былай жазады: “...бір автор “қазақ” деген сөзге екі мағына береді: бірінші “қашақ”, олай дейтіні қазақ даласын айнала мекендейтін отырықшы елдердің әкімдеріне барғысы келмегендер, иен жатқан қазақтың қазіргі кең даласына қашып шыға берген. Міне, осы “қашақтардың” (қашқындардың) кейінгі ұрпақтары өзін “қазақ” деп атаса керек. Ал ондағы екінші түспалда: “қазақ” есімі “ақ қазақ” деген сөзден тууы да мүмкін делінеді. Ерте кездің көшпелілері, жауға қарсы аттанғанда, салт ат мініп, ақ түсті киім киген. Бұлай деу шындыққа жақын сияқты. Өйткені, ертеде ұрыста қирата тойтарыс беретін салт атты түркілерді арабтардың “ақ киімділер” атауы тарихта бар. Сонан болу керек — он сегізінші ғасырда, қытай

басқыншыларына қарсы шыққан ұйғыр салт аттыларының бір тобы “ақ таулық” аталып, ақ киімдер киген” (115, 26—27).

Кеңес тарихшыларының бірі М.Ақынжанов “қазақ” деген сөз “қас” және “сақ” аталатын екі сөзден құралады деген болжам айтады. “Қас” деген: “шын”, “нағыз” деген ұғымды береді. Қазақтардың: “нағыз сұлу”, “нағыз батыр”, “нағыз жақсы”, “қас жау”... деуі осыдан дейді С.Мұқанов (115, 27).

Шынтуайтында, “Сақ” деген тайпалар Орта Азияда “қазақ” аталған елден әлдеқайда бұрын өмір сүрген көшпенділер. С.Мұқанов пен М.Ақынжановтың айтуынша “қазақ” деген атау “қас” деген сөз бен “сақ”, “шын сақ” деген мағына береді, өйткені қазақтар бұрынғы сақтардың мекенінде орнығып қалған, соны иелік еткен ел. Біз де осы пікірге қосыламыз. Бұған тағы бір келтірер дәлеліміз қазақты көршілес отырған қырғыздар, алтайлық түркілер, күні бүгінге дейін “қазақ” демейді, “қассақ” дейді. Орыстар да солай атап, XVIII ғасырға дейін “Қайсақ” деп келген. Е.Пугачевтың көтерілісінен кейін (1772—1775 жж.), қазақ ұландары оған белсене қатысқаны үшін, қазақтарды жек көрген Ресей патшасы Екінші Екатерина Кіші жүз мекендейтін Жайық өзенін “Орал” деп өзгертіп, қайсақ атын да біртіндеп жоюға кіріскен. Содан “қайсақты” өздерінше кемсітіп “киргиз” деп атаған. Қазақтар өзінің халықтық атын тек кейінгі заманда ғана қайтарғаны дереккөздерден мәлім, — дейді жазушы (115, 27).

Қазақ халқының атауы жөніндегі аңыздың енді біреуі “Оғызнаме” дастанындағы “қаңлы” тайпасының атына қатысты жырланады.

Алдымен “оғыз” сөзінің мән-мағынасын айқындап алайық. Бұл сөзді Еуропа және орыс ғалымдары “огуз” десе, араб-парсы тілдерінде — “ғузз”, өзірбайжан тілінде — “оғуз”, ал қазақша — “оғыз” деп жазылып жүр. Көне түркі тілінде “оғуз” сөзі — **уыз, уыздас, сүтгес, емшектес**, яғни **бір анадан сүт ішкен** деген мағынаны берген. Ежелгі ғұндардың кейінгі ұрпақтары, “оғуз” сөзін тайпалардың бірлестігі, одағы деген мағынада қолданған” — дейді белгілі филолог-ғалым Н.Келімбетов (215, 50).

Осы “Оғыз-қаған” дастанындағы Қыпшақ бек, Қағарлық бек, Қаңлы — келешектегі қазақтың белгілі ру-тайпаларының жинақталған атаулары болуы да мүмкін.

Оренбург өлкелік әкімшілігі Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И.Крафт “қырғыз-қазақ” атауының қайдан шыққанын түсіндіретін аңыздардың біразын келтіре отырып, қаңлы тайпасы жөнінде мынадай аңызды жазып алғанын айтады. “Оғыз хан татарлармен соғысып, жеңіп, атқа арта алмайтын мол олжамен ора-

лады. Сонда бір адам арба жасайды, ол арба жүргенде сықырлап, “қаңқ-қаңқ” дегенге ұқсас дыбыс шығарады (бұрын арба болмағандықтан, оның аты да жоқ еді, енді дыбысына қарай арбаны қаңқлы деп атайды). Арбаны жасаған адам Қаңлы болып, одан тараған бүкіл ұрпақ та осы атпен аталып кетеді (90, 356). Ол келе-келе “қасак” атауына айналған тәрізді.

“Қазақ” атауына байланысты деректер моңғолдың құпия шежіресі мен қытай жылнамаларында да кездеседі. Мәселен, қытай тарихнамаларында “хасаг” деген атау X ғасырдан бастап жазыла бастаған. “Хасаг” деген атау “Бабалар шежіресі” мен “Батырлар жырында” қайта-қайта кезіге бергендіктен, ғалымдар А.А.Семенов пен В.В.Бартольд “қазақ” деген атауды моңғолдың “хасаг терген” деген сөзінің ұғымынан іздеу керек дегенді ұсынады. Өйткені, ежелгі қаңлы, сақ, үйсін тайпалары екі аяқты арбаны пайдаланғаны белгілі, ал сол хасаг (арба) моңғолдарда қазірге дейін сақталған, қазақтар да арбаны XIII ғасырға дейін пайдаланған, — дей отырып, Моңғолияның көрнекті тарихшысы, қандасымыз Ислам Қабышұлы көзқарасын былай түзейді: “Моңғолиядағы үш өзеннің (Толы, Орхон, Керулен) бойындағыларды тұтас моңғол (хамаг моңғол) немесе үш өзен моңғолдары деп атаған. Осы үш өзеннің батыс жағындағы Орхон, Тамыр өзендерін “Қос өзен” елдері — найман, керейт, меркіттер мекендеп келгені тарихнамада көрсетілген. Найман, керейт мекендеген жазық жер арбамен көшіп-қонуға ыңғайлы еді. Ал олардың жаңа қонысы қазақтарға арбамен көшуге келмеді. Сондықтан арбаны Орхон, Тамыр өзендерін мекендеген моңғолдарға қалдырады. Мұны сақтап келген моңғол әулеті бұл арбаны қазірге дейін қазақ арбасы деп атап кетті”. Осыларға сүйенген И.Қабышұлы қазақтар арбаны қалай жасағаны жөнінде ел ішіндегі аңыз-әңгімелердің бірсыпырасын еске алады. Бұл деректің “Оғыз-қаған” дастанында айтылатын “қаңлы” ұлысының атауына да қатынасы бар. Ол “Оғыз-қағанда” былай жырланады:

“Оғыз қағанның әскерлеріне, нөкерлеріне және еліне түскен олжаның көптігі соншалық артып әкетуге ат, қашыр, өгіз жетіспейді. Оғыз қағанның шеріктерінің арасында асқан ақылды, шебер бір кісі бар еді, оның аты Бармақлұғ Жосұн Білліг еді. Сол шебер бір арба жасатып, оған барлық жансыз олжаны тиеді, жандыларын арбаға жекті. Оларға арбаны сүйретті. Нөкерлер мен жұрт мұны көріп, бәрі танқалысты. Тағы бір арба жасап, олар жүргенде “қаңға, қаңға”-лап жүретіндіктен, “қаңға” деп ат қойды. Оғыз қаған арбаларды көріп, күлді де: “Жанды олжалар (түтқындар — А.Қ.) қаңғамен жансыз

олжаларды сүйретсін, қаңғаны мәңгі есте ұстау үшін, “қаңғалұқ саған ат болсын” — дейді де жүріп кетеді”. “Оғыз-қаған” дастанындағы бұл аңыз-әнгіме қазақ шежіресін зерттеушілерге жол сілтеуші болары хақ. Тарихнамада көрсетілген қазақ халқының құрамына кірген түркі тайпаларының, яки үйсін, қанлы, найман, керейт, тағы басқалардың қазіргі күнге дейін арба қолданатыны анық. Хан ордаларының арба үстіне тігілетіні де белгілі жайт. “Монғолдың құпия шежіресі” мен “Алтын шежіренің” баяндауында, “қазақтар арбаларды бураға, атан өгізге, кейін атқа жеккен. Арба үстіне тігілетін киіз үйлері де болған. Аңыздар мен жазба деректерді ұштастыра зерттегенде монғолдардың “хасаг терген” (қазақ арба) деген ертедегі атауы “қазақ” атымен байланыстыруға негіз беретін сыңайлы. Мұны әрі қарай тереңдете зерттеуді келешек ұрпақтың үлесіне қалдырмақпыз.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы” дейтін мақаласында “қазақ” атауының шыққан төркініне көңіл аударған екен. Арабтар Орта Азияға жорық жасап (VIII ғасырда) келгенде: “көшпелі халықтарды “хибаи”, “хұзағи” деп атапты. “Хибаи” дегені киіз шатырмен жүруші дегені екен. “Хұзағи” дегені өз жұртында “Жәні хұзағи” деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақыттың бір ханы көшіп келіп жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, “міне, мыналар шынымен қаз-ақ екен” депті, әдейі қайтқан қазға ұқсайды — “ақ” екен деп. Сонымен, бұлар өзін-өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін “ұлыс” дейді екен де, жүре береді екен”, — деп жазады Абай (260, 335; 105, 155—158).

“Қазақ” атауының төркіні туралы белгілі ғалымдар А.Н.Бернштам, А.Н.Самойлович, Н.Мар, Ә.Марғұлан, Ә.Қайдаров, М.Қозыбаев, С.Аманжолов, Ә.Құрысжанов, М.Ақынжанов, Т.Жанұзақов, жазушылар С.Мұқанов, О.Сүлейменов, М.Мағауин, Қ.Салғараұлы т.б. қалам тартып, өз пікірлерін тиянақты баяндағаны айтуға тұралық. Біз осы салиқалы тұжырымдарға қосыла отырып, айтпағымыз “қазақ” және “қыпшақ” атауларының бірізділігі және тарих сахнасында бір мезгілде пайда болуы. Қазақ атауы тарихтың бір белесінде қыпшақ одағына таңылды да, сол сәтте бағзы түркі тайпалары сияқты қыпшақ тонын жамылып, бірсыпыра уақыт өткенде олармен араласып тынды. Қазақтың қалың тобы қыпшақпен етене қабаттасып барлық туысқан этностардың — ноғайлардың, башқұрттардың, өзбектердің, түркімендердің, қырғыздардың, бұлғарлардың, татарлардың, мажарлардың, Кавказ тауы халықтарының құрамына енді. Сол заманда Қашқарда қырғыз-қыпшақ (аңыз бойынша Манастың атасы

қарқара қыпшақ) Қокан, Марғұлан болса, ал Ош жағында қытай қыпшақ, сары қыпшақ шықты. Қыпшақтанушы ғалым Б.Комековтің байқауынша, “Данишке-де-и Манкул у Манкул” деген қолжазбада “Билял бии Жабраил бин Мұхамед Али ат-түркмани ал-қазақи” нияраның 660 жылы (біздің жыл санауымызда 1262), — деп жазылған екен. Ендеше, Хорасанда ата-тегі қазақ аталған түркімендер де тұрған тәрізді. “Қазақ” атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген кезде, яғни қыпшақтан қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт т.б. ұлыстар бөліне бастағанда ғана айқындалды. Елін, жұртын тастап, өз бақытын іздеушілер басқа халықтарда да кездесіп отырады. Мысалы, арабтарда X ғасырдан бастап ондайларға “салук”, Батыс Европада — “викингі”, Русьте — “бродники” деп айдар таққан. Шоқан Уәлиханов “Шайбанинамеде”... ана мырза, мына мырза баһадүр қазақшылық (казачества) жасаумен елге танымал деп жиі айтады”, — дей келіп, бұл ұғымның өте құрметті, әрі құдіретті, шын мәнінде, рухы жоғары еуропалық рыцаршылыққа (серілікке) тән қасиеттері бар екендігін атап көрсетеді (216, 30—45). Академик А.Н.Самойлович бұл мағынаны XI ғ. пайда болды деп жобалайды. “Қазақ” атауымен кезінде орыс кезбелері мен еріктілерін бөлектегені де мәлім. Ал ғалым Н.А.Баскаков “қазақ” атауының орыс тілінде тұңғыш рет 1395 ж. түзілгенін жазады. Псков князьдігінің шежіресі Рязань “қазақтары” туралы 1444 жылдан, орыстың ұлы тарихшысы Н.М.Карамзин Украина “қазақтары” жөнінде 1517 жылдан жылнамалық деректер де кездесетінін хабарлайды.

Сырдария мен Еділ арасындағы “Оғыз даласы” — Оғыз ұлысы IX—XI ғғ. басында Махмұт Қашқаридың дерегі бойынша 24 баулы елден тұрды. 999 жылы 2 мың түгін түрік тайпасы исламды қабылдап, өздеріне “түркімен” атауын алды (106, 19). Сөйтіп, түркі тектес оғыздар түркімен этносының (“түркманенд” — түркіге ұқсас) негізін қалады. Түркімендер оғыздардың сегіз арыс “Бұзоқ” (Бызык) тайпасынан тарайды. Қазақ шежіресіндегі “Сегіз арыс түрікпен, кеткен алыс” — деген сөз содан қалса керек (86, 155).

Тарихнамадағы деректерде оғыздардың VIII ғ. “тоғыз оғыздарға” бөлінгені айтылады. Шежірелерді сараптай келіп, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, С.Ақынжанов, Ә.Қасенов секілді әйгілі ғалымдар “тоғыз оғыздың” тоғыз танбалы найман (оғыз — найман): шегелі, балталы-бағаналы, каракерей (жартақ, жармауыт), садыр, матай, тортуыл, көкжарлы, сарыжомарт, бура рулары екендігін тілге тиек етеді. Ендеше, түркімендердің этногенезіне жармауыт наймандардың да қатысы бар тәрізді. Құрбанғали Халиптың “Тауарих хамсасында” көрсетілген көне қыпшақ дегендері хазар (бұлғар) екендігін еске салады (97, 65; 107,

32). Қазақтың ежелгі тарихын біршама зерттеген ғалым М. Тынышбаевтың баяндауынша, жужандар (аварлар) IV—VI ғғ. ғұндармен араласып, хазар, бір бөлігі бижек (бирендей немесе қарақалпақ) аталды. Қазақ халқының қалыптасуына керейт, наймандар, арғындар да жеткілікті үлес қосты. Әбілғазының “Түрік шежіресінде” парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің шығармасында көрсетілген керейдің “қара” деген ұғым екеніне түсінік беріледі. Шығыстанушы Н.А.Аристов болса, бұл атауды Саянның солтүстігінен ағатын Оде өзенінің “Керей” деген саласына байланысты айтылған деп пайымдайды. С.Аманжолов керейтті Керулен өзенімен байланыстырады (“кер” — көне түркі тілінде “өр”, “маңғаз”, “сабаз” деген ұғымды береді).


Керейт (керейлер) X—XII ғғ. Орталық Азияда өз алдына іргелі мемлекеттің туын көтеріп тұрды. 1203 ж. Шыңғыс ханнан жеңілгеннен соң іргесі сөгілді, қабырғасы қирады. Оның саха, дуба бөлімдері Алтай даласында тува, хакас, саха тайпаларының негізін салды. Шыңғыс ханның дүбірінен соң қалың керейт моңғолдардың қол астына бірікті. Керейттің бір тармағы Батыс Сібірге қоныс аударып, Ертіс, Тобыл, Есіл, Толы бойындағы түркі тайпаларына қосылды. Тайбұға хан, “Сібір шежіресінде” көрсетілгендей, Чимга — Түмен қаласының іргетасын қалады. Кейін Түмен патшалығы Жошы ұлысының қол астына көшті.

Сегіз оғыз одағын құраған наймандар VIII ғ. ортасында Жоғарғы Ертіс-Орхон бойларын, ал қырғыздарды қосып алғаннан кейін Хангай-Тарбағатай тауларының бөктерін жайлады. Моңғолдар елді ұлысқа бөлуді, әскерді ондыққа, жүздікке, мыңдыққа, түменге бөлуді наймандардан үйренді. XIII ғ. басында Шыңғыс ханнан жеңілген наймандардың бір бөлігі Жетісуға көшті, бір бөлігі Қара Ертіс бойында қалды, қалғандары керейт, меркіттер сияқты алтай мен ойраттар құрамына еніп, араласып кетті. Қорыта айтқанда, қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі өулетінің қара шаңырағын ұстады. Еуразияның қос құрлығында олар құдайдың құдіретімен Ақ Орданың төрінен бір-ақ шықты. Замана ақыны Мағжанның:

*Көп түрік еңші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? (200, 160) —*

деп толғауы осыны еске түсіреді.

Енді бірер сөз атамыз Алаш жөніндегі аңызға байланысты. Күллі қазаққа мәшһүр “алаш” ұғымы қазақтың түп атасы Алаша ханға тікелей қатысы бар деп білеміз. Алаша ханның нақты ата-тегі белгісіз. Бір



Ежелгі қазақ тайпаларының
ат құрал-жабдықтары, V—VII ғғ.

шежірелерде оның әкесі Түркістанның бір ханы Қызыл Арслан, екінші шежіреде — Абдолла хан, үшіншісінде — Абдул-Әзиз хан. Біздің заманымызға жеткен шежірелердің көбі Алаша хан оңтүстікте, Бұқара өлкесінде өмір сүрді қылады (219, 33).

Алаша ханға байланысты әңгімемізді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресінде” айтылатын Алаша хан туралы аңызынан бастайық:

“Қырық ханның бірі болған Қызыл Арыстан деген Бұқарада тұрыпты. Осы күнгі бір өзінде он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол Қызыл Арыстан жасатқан екен деседі. Бәйбішесінен бала болмаған. “Қызыл аяқ” деген елді шауып, ат көтіне салып әкелген бір қызға аяқ салып, онан бір бала сауысқанның аласындай туады. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандықтан, іші тарлық қылып, күндеп, бұл баланы балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, елінді ала тайдай бүлдіреді” — деген соң, хан қырық жігітке бұйрық беріпті:

— Мына баланы, тапқан шешесін, Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрсін, — деп жер аударады. Зинкәр қайтып бұл жұртты мына қатын мен бала да көрмесін, сендер де көрмендер, — депті.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау мен Қаратаудың алқабына келіп жан сақтап күн көріпті” (221, 83—84; 219, 33).

Тағы бір аңызда бұл әңгіменің төркіні азғантай өзгеріспен былай баяндалады: “Өте ілгері заманда Сыр бойында отыз екі рулы елді билеген Қызыл Арыстан деген хан болады. Бұл ханның сарбаздары мен төлеңгіттері соғыс жорықтарында ырғалған олжаны бастырып, көп тұтқын түсіріп қайтып отырады. Бір жорықта асқан сұлу қыз тұтқын болып қолға түседі, хан бұл қызды әйелдікке алады. Бір мезгіл уақыт өткен соң ханның әлгі әйелі жүкті болып, тұла бойы түгел ала түсті ұл туады. Мұны сұмдық ырымға жорыған хан да, қарашалар да амалдары таусылып қатты сасады. Ханның бәйбішесі: “ала” баланы аулаққа апарып, Сырдарияның суына ағызып жіберіп, құтылуды бұйырады. Ханның жасауылдары мен шабармандары баланы Сырдарияның суына тастап жібереді де, қайтып келеді. Сырдариядан балық аулап жүрген бір кедей қария, дарияда ағып бара жатқан баланы көріп, секіріп суға түсіп құтқарып алады да, шөп күркесіне алып келеді. Бұл қария баласыз адам екен, “ала” баланы асырап, ер жеткізеді. Кедей шалдың шөп күркесінде өскен “ала” бала — асқан ақылды және батыр адам болып, “Алаш” деген аты жан-жаққа жайылады. Мұны естіген хан оны ордасына әкелмек болады. Бірақ ханның қасын-

дағы уәзірлерінің бірі Қотанбай ала баланы ордаға әкелмей, қасына жүз жігіт қосып беріп, өз еркіне қоя беру керек деген кеңес береді. Хан бұл ұйғарыммен келіседі. Сонымен Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін бастаған жүз жігіт Алашқа барып қосылады, келесі жылы Қотанбайдың ортаншы ұлы Болат бастаған жүз жігіт барып қосылады, үшінші жылы Қотанбайдың кіші ұлы Алшын бастаған жүз жігіт барып қосылады. Бұлардың бәрі де ержүрек жігіттер болады.

Осы үш жүз жігіт ешкімге бағынбай Алашқа еріп, еркін жүріп, ерлік жорықтар жасап, төңірегіндегі елдерді бағындырып “қазақ” деп аталады. Мұның мәнісі: “ержүрек еріктілер”, “еркін адамдар” деген сөз еді. Кейін бұлар бас қосып ақылдасып, Алашты ақ киізге отырғызып, хан көтеріп, “Алаш хан” (“Алаша хан”) атандырады. Өзара кеңесіп өріс—қоныстарын бөліседі. Қотанбайдың үлкен ұлы Үйсін бастаған жүз жігітке (Ұлы жүз) Сырдарияның басындағы жерлер, Қотанбайдың ортаншы ұлы Болат бастаған жүз жігітке (Орта жүз) Сырдарияның орта өңіріндегі жерлер, Қотанбайдың кіші ұлы Алшын бастаған жүз жігітке (Кіші жүз) Сырдарияның төменгі сағасындағы жерлер беріледі. Қазақ қауымы өз еркімен Алашқа барып бас қосқан осы үш жүз жігіттен таралыпты-мыс. Қазақтардың: “Атамыз Алаш, атымыз қазақ, үш жүздің ұрпағымыз” немесе “атымыз — Алаш, керегіміз — ағаш”, дейтіні осылардан тараса керек. “Алаш” аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде “Алаш” сөзі “қазақ” атауының баламасы ретінде қолданылған. Ел аузында таралған:

*“Алаш — алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда.
Таңбасыз тай,
Еңсіз қой болғанда.
Алаша хан болғанда...”—*

дейтін сөздер Алаш жайындағы аңыздың әлі меншікті мүліктің қалыптаспаған (жылқыға таңба баспайтын, қойға ен салмайтын) кезеңін байқатқандай (103, 25—27; 189, 246—248).

“Алаш”, “Алаш хан”, “Алаш мыңы”, “Қырық сан Алаш” деген сөздер туралы қазақ арасында әр түрлі аңыздар кездеседі. Бұл аңыздарды алғаш рет қағаз бетіне түсірген XVI ғасырдағы қазақтың тұңғыш тарихшысы, “Шежірелер жинағының” авторы Қадырғали Қосымұлы Жалаири. Алаша (Аланша) хан туралы аңыз-өңгімелердің жосыны парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің “Жылнамалар жинағы” және Әбілғазының “Түрік шежіресінде” де кездеседі. Бұл екі автордың

айтуынша: Алаша (Алаша) ханға қараған елдің жаз-жайлауы Ортау мен Кертауда (Ұлытау мен Кішітауда), қыс-қыстауы Сырдария бойындағы Қарақұм мен Борсық құмында болған.

Сөз иіні келгенде баяндай кетейік, Ұлытаудан ағатын Жанқабыл өзенінің жағасында “Алаш хан ордасы” деп аталатын үлкен сарайдың тамтығы күні кешеге дейін тұрған. Ұлытаудан бастау алатын Қаракеңгір өзенінің оң жағында “Алаш хан құмбезі” деп аталатын мазар (кесене) салынғаны, оның әлі күнге дейін қаз қалпында сақталғаны жөнінде халық жазушысы С.Мұқанов жазған еді (115, 25). Алаш хан туралы дастан — халық арасына кеңінен таралған шығарма, онда ежелгі көшпелі тайпаларды біріктіріп, кең байтақ далада мемлекет құрған беделді, білімпаз, кемеңгер тұлғаны халық қадірлеп, хан көтергені жырланған. Дастан оқиғасы Х—ХІІІ ғғ. оғыз-қыпшақ заманында өмір сүрген тайпалардың тарихнамасына ұқсас баяндалады. Қазақ шежіресіндегі Алаш ханы ақсүйек емес, “Алты алаш” деп аталатын ежелгі тайпалардың атасы іспетті суреттеледі. Ендігі бір аңыз бойынша: ол атақты батыр болған, VII—IX ғғ. мұрасы “Тасақырды” салуға қатысқан. “Алаш, Алаш мыңы — ежелгі қазақ тайпаларының алғашқы қауым болып біріккен одағы, яки “қазақ” деген елдің жалпы атауы деген болжамдар кездеседі (189, 246—248; 103, 27).


Қалай десек те Алаш хан туралы аңыз ұлан-ғайыр қазақ даласының қай түкпіріне болса да белгілі. Қай қазақтан сұрасаңыз да ата-тек шежіресін сол Алаш хан заманына дейін алып барады, қазақтың үш жүзге бөлінуі де ел түсінігі бойынша Алаш хан заманынан бастау алады. Ш.Уәлиханов осыған байланысты мынадай түсініктеме береді: “Бұл жерде, Алаш деп жалғыз адамды айтып отырған жоқ, аңыз бойынша қазақтардың алғашқы ел болғанын айтады. Алаш мыңы деп ертеде жалпы қазақ халқын атаған. Үш Алаш, Алты Алаш, Үш мың Алаш, Алты мың Алаш деген халықтың ескі атаулары, сол халықтың нақтылы саны деген ұғым емес, ескі шежірелерде Алаш мыңы дейді де, артынша, халық, ел деп толықтырып отырады. Қ. Жалаиридің “Шежірелер жинағында”: Шыңғыс хан тұқымдары дүниеде мың сан, Шыңғыс хан тұқымының мыңы таққа отырды деген жинақы ұғымды білдіреді. Дүниеде мың сан деп, шамасы, бүкіл адамзатты айтады. Алаш мыңы — мыңдаған Алаштардың одағын, Алаш қоғамын бейнелейтін атау болса керек. Қалдырғали Жалаири өз халқының атын атамайды, қазақтардың сұлтан, хандары жайлы әңгімелеп: ана халыққа анау хан болды, мына халыққа мынау хан болды деп келеді де, Жалайыр руының Алаш мыңында сыйлы екенін айтады (216, 40—41).

Осы орайда еске сала кетейік, “Шыңғыс хан тұқымдары — сұлтандар, Мұхаммед ұрпақтары қожалар қазақ арасында ақсүйектер деп аталады. Жәй халық ақсүйектермен салыстырғанда **қараша** немесе **қара халық** деп аталады. Сұлтандар, қожалар ешқашанда Алаш қауымының адамы деп саналмаған. Барлық дүбірлі жиындарда “Алаш” деген ұранды естігенде, тек таза қанды — қара халық қана көтерілетін болған, ал сұлтандар мен олардың қалмақтар мен қазақтардан құралған құл-құтандары жиылып, өздерінің ұрандарын “Арқар” деп таныған. Шындық солай бола тұра, қазақтарда: “Сұлтансыз ел болмас, уықсыз үй болмас, ел болып, шаңырақ көтерген соң, билеушісіз тағы болмас” деген қанатты сөз бар. Сұлтандар қазақ қауымында елеулі күш ретінде есептелмеген. Қазақтар: кожа-сарт, сұлтандар біздің жалшымыз, құлымыз деп астарлап айтады... Шынтуайтында солай, қазақтың ру-тайпаларын би, батырлар басқарды, хандар халықтың айтқанынан шыға алмайтын. Қажет болған жағдайда, қара халық хан, сұлтандардың тас-талқанын шығарған (216, 41—42).

Қазақ халқының шығу тегін бірқатар сараптаған М.Ж.Көпейұлы “Қазақ шежіресінде” Алаш ханы бейнесіне қызығушылық танытып, бірнеше рет атайды. Ең бір қызығы, ежелгі дәуірден басталатын жұмбақ тұлғаларды “Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер” деп жеке топқа жинақтап, сол шежіренің ішіне Алаш ханды да енгізеді.

“Әуелі — Адам ата, оның атасының атын білуші жоқ, қайдан білсін. Первый человек болып топырактан жаратылды. Екінші — хазірет Ғайса пайғамбар, оның атасының атын білуші жоқ, қайдан білсін! Қүдірет шеберлігін көрсету үшін, он жасар қыздан атасыз туғызды. Үшінші — Қызыр пайғамбардың атасының атын білуші жоқ. Атасы бар шығар, бірақ анық біліп, сарт еткізіп айтушы жоқ... Алтыншы — Алаша ханның атасының аты жоқ...”, — деп пайымдайды ғұлама (221, 92—93).

Қазақ шежіресі туралы сөз қозғағанда парсы тарихшысы Рашид ад-Динге мойын бұрмай кете алмаймыз. XIV ғасырда Шағатай ұлысында жазылған “Жылнамалар жинағы” жалпы адамзат тарихынан ғана сыр тартып қоймайды, сонымен бірге түркі-моңғол этностарының ең көне бастауларын аңыздар мен жазба деректерге сүйене отырып баяндайды. Көп жағдайда Рашид ад-Диннің жазбалары қазақ шежіресінің мәліметтерімен табысып, дәл келіп жататыны таңғаларлық жайт. Оның бір себебін ұлы тарихшының өзі де жазады. Онын айтуынша, түркі-моңғол халықтарына қатысты көп деректерді ол белгілі шежірешілерден, соның ішінде атақты Болат-чиңсапнан алған (6, 80—81).



Арал маңындағы Жетіасар қаласының орнынан табылған
ежелгі халықтардың тұрғын жайлары.

Әбілғазы баһадүрдің “Түрік шежіресі” Рашид ад-Диннің мәліметтерін толықтыра түседі. Ол да өзінің алдындағы тарихшылар секілді түркі халықтарының шежіресін Таурааттың аңыздарынан бастайды. Бірақ сәті түскен жерде ел аузында сақталған түркі халықтарының аңыз-дастандарын да қосып жіберген. Әбілғазының айтуынша, Алаша хан Яфеттің замандасы емес, оның алтыншы ұрпағы іспетті. Яфет — Түрік — Түтік — Елшехан — Диб Бакуй — Киік хан — Алаш хан болып жалғаса береді.

Дей тұрғанмен де Алаш ханның өмір сүрген уақыты жер бетін топан су қаптаған оқиғасынан көп берірек екені ақиқат. Ал топан су біздің жыл санауымызға дейін кемі 10—12 мың жыл бұрын болған оқиға, — дейді тарихшы Ж.О.Артықбаев (219, 36).

Әбілғазы Алаша ханның ел билеген дәуіріне қатысы бар мынадай аңыздарды шежіресіне арқау етеді:

- *“Алынша хан көп жылдар патшалық қылды. Нұх пайғамбар заманынан Алынша ханға шейін барша Иафес әулеті мұсылман еді. Алынша хан заманында жұрт байып, дәулеті тасыды. “Ит семірсе иесін қабар” деген өзбек мақалы бар еді. Әр кісі өзінің ең қимас адамы — не ұлы, не қызы, болмаса аға-інісі өлсе, соған ұқсатып, қуыршақ жасатып қоятын болды. “Бұл пәленшенің суреті” деп, оны сүйер еді, ас келгенде оның алдына ас қойып, оның жүзін өбіп, көзін сүртер еді, оған бас ұрар еді. Бұндай әдет қайталана-қайталана пұтқа табынуға әкелді.*

Алынша ханның егіз туған екі ұлы бар еді, бірі — Татар, бірі — Моңғол. Алынша хан қартайған соң, елін екі ұлына бөліп берді. Бұл екеуі бір-біріне жамандық ойламай, тату-тәтті, бақытты өмір сүрді. Әуелі Татар туралы айтайық, Моңғолды содан кейін айтамыз...” — дейді тарихшы (32, 19).

Алаш хан туралы аңыз-әңгімелердің тағы да бір нұсқасын Құрбанғали Халидтің “Тауарих хамса” еңбегінен көреміз. Оның пайымдауынша, “Алаш хан жалпы хандардың бабасы, моңғол-татардың атасы”, сондықтан Әбілғазы Алаш ханды Еуразия көшпенділерінің ең алғашқы атасы, әрі билеушісі санайды (97, 55).

Өзінің тұжырымына дәлел ретінде Құрбанғали Халид қазақтың ауыз әдебиеті фольклорынан былай үзінді келтіреді:

*Алаш, Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда.*

*Қазақ, қалмақ, ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқұн көлдей бай болған,
Еділ, Жайық, Оралға,
Ортан көлдей жайылған (97, 55).*

Қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін аңыз-хикаялардан белгілісі, атақты Майқы би Алаш ханның алғашқы ұстазы, жетекшісі, қамқоршысы болды. Аңыздардың мазмұнына қарағанда “Майқы би ақсақ адам болған. Өмір бойы екі аяқты арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке жектірмей, жаяу кісіге сүйреткізеді екен”. Бұл да аңыздың ежелгі дәуірге қатысты екеніне дәлел болса керек. Майқы бидің нұсқауымен Алаш ханның келген жері Сарыарқа. Жүз жігітті жанына қосып беріп, Майқы бидің айтқан сөзі: “Қаратаудан әрі асыңдар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар. Қаракенгір, Жездікенгір, Құдайберді деген жерлерге барып, ірге теуіп, салық салыңдар”. Бұл атаулардың бәрі де халыққа таныс, Сарыарқаның ең бір қасиетті, көне орындары. Шежіреде “салық салыңдар” деген сөз қоныс сал, тұрақта деген мағынаны білдіреді. Ерте уақытта әскердің жабдықтау бөлігін, бір орында тұрақтап ас-су әзірлейтін, ат жарататындарын “салықшы” деп атау содан қалған.

М.Ж.Көпейұлы “Қазақ шежіресінде” “алаш” деген сөздің мағынасына ерекше мән береді.

“Алаш” дене атты ұранға шығарып, жауға шапқанда “Алаш-Алаш” деп шабындар, “Алаш” демегенді әкең де болса ұрып жыға беріңдер”, — деп тәубе қылысады:

*“— Кеше Алаш, Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Үйіміз ағаш болғанда,
Ұранымыз Алаш болғанда,
Үш жүздің баласы қазақ емес пе едік?!”—*

деп айтылған сөз содан қалған екен”, — дейді М.Көпейұлы.

Қай шежірені алсақ та, халықтың бастауын Алаш ханмен байланыстырады. Тарихтағы мұндай жақындастық, яғни шежірені жеке тұлғалардың ғұмырнамасымен байланыстыра баяндау ақиқатқа қарсы емес, қайта біздің төл дәстүріміз болып табылады. Қазақ жыл межесін есепке алмайды. Қай заманды айтса да адаммен байланыс-

тырады. Мәселен: “Шыңғыс хан заманы”, “Тәуке хан заманы”, “Әбілқайыр заманы”, “Кенесары-Наурызбай заманы”, “патша заманы” деген сияқты. Қазақ тарихы, тіпті Орталық Азияның басқа көшпелі елдерінің тарихы да жекелеген атақты хандарымен ру көсемдерінің қызметі арқылы баяндалады. Сондықтан Қазақ мемлекетінің тарихы Алаш ханнан бастау алады деп, біз шежіреге сүйеніп айта аламыз. Әрине, бұл, ежелгі дәуір, қазақша айтқанда “атам заман”:

“Қазақтың қазақ болып, көзге түсіп, ауызға ілінгені осы Алаш ханның кезі. Қазақтың басын қосып, біріктіріп, орын тептірген де Алаш хан. Сонан бері “Алаш” ұранды қазақтардың баласы жанжал, ұрыс-төбелес болса, “Алаш-Алаш” деп айғай салса естіген қазақтан ес қалмайды”, — деп ойын тұжырымдайды Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (221, 88).

Енді бірер сөз Шежіре ұғымы төңірегінде.

Шежіре дегеніміз — халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымның бір тармағы. “Шежіре” сөзі — арабтың “шаджарат” яғни “бұтақ”, “тармақ” деген ұғымынан туған да, ал Алтай тілдерінде шежіре — жадыда сақтау деген мағынаны білдіреді. Яғни арабтар шежірені ататегін санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені есте сақтау — тарихты айтумен, тарихпен бір деп түсінеді. Осыдан шығатын қорытынды: шежіре дегеніміз біздің ата-бабаларымыз үшін тарихнама қызметін атқарған.

Ежелгі ру, жұрт, ұлыс, яғни бүкіл бір халықтың шығу тегін, өсіп-өрбуін, даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін шежіре-жылнамалар ұлттық мәдениеті бар елдердің бәрінде де кездеседі. Тегінде мұндай шығармаларды екі топқа бөліп қараған жөн деп білеміз. Бірі — тарихи оқиғаларды жіпке тізгендей етіп, хронологиялық тәртіппен баяндайтын ресми жылнамалар. Ал екіншісі — тарихта болған жеке қайраткерлердің өмір жолын, шығу тегін, сөз зергерлеріне ғана тән шеберлікпен бейнелеп көрсететін көркем шежірелер, — дейді қазақтың көрнекті ғалымы Н.Келімбетов (215, 289).

Ең алдымен айтатынымыз: көне қазақ шежіресі ауызша шежіре, әр түрлі тарихи кезеңдерді сипаттауға арналған аңыз әпсаналардың жиынтығы. Оның қағаз бетіне түсуі XIV ғасырдан бастап іске аса бастады.

Қазақ халқының тарихына тікелей немесе жанама қатысы бар шежіре кітаптар, хуснихатшылар (кошірмешілер — А.Қ.) тарапынан кошірілген қолжазба шежірелер кезінде оқырман қауымға жақсы мәлім

болған. Олар Рашид ад-Диннің “Жылнамалар жинағы”, Жамал Қаршиндің “Оғыз-қыпшақ шежіресі”, Бейбарыс пен ибн Халдун жазған “Қыпшақ шежіресі”, Әбілғазының “Түрік шежіресі”, Жалаиридің “Шежірелер жинағы”, Дулатидің “Тарих-и Рашиди”, Бабырдың “Бабыр-наме”, Өтеу Бөжейұлының “Қазақ жұртының шежіресі” (Н.И.Гродеков жазбасында), Диханбай батырдың “Ұлы жүз шежіресі” (Н.А.Аристов жазбаларында), Ш.Құдайбердіұлының “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі”, Нұржан Наушабайұлының “Манзумат қазақиясы”, Көпейұлының “Қазақ шежіресі”, Шоканның “Қазақ шежіресі” және Кіші жүзге келген Ресей патшасының елшісі Мәмет Тевкелевтің халық арасынан жазып алған шежірелері. Бұл шежірелердің басым көпшілігін қазақ зиялылары кезінде тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды ретінде қабылдап, ел арасына ауызша да, жазбаша да кең таратып жібергені мәлім.

Шежіре жазушылар тарихи деректерге ғана емес, шығарманың көркем тілмен жазылуына да ерекше мән беріп отырған. Қазақ қауымы тіпті қара сөзбен жазылған шежіре тарихтың өзін бейне бір дастан-жыр секілді ұйып тыңдаған. Мұны шежіре жазушылар да мұқият ескеріп отырған.

Сан ғасырлар бойы атадан балаға ауызша да, жазбаша да мұра ретінде келіп жеткен шежірелерді қазақ ойшылдары жадында сақтап айтатын.

Ресми шежіре тарих ғылымының бір тармағы іспеттес деуге тұрарлық. Дегенмен, қазақ елі шежірені тарихи тақырыпқа жазылған көркем



Ежелгі қазақ тайпалары жұмбақ тастары.

туынды деп таныған. Тіпті алғашында тарихнамаға арнап жазылған шежіренің өзін айтушы ақын-жыраулар оған қоркөм теңеулер қосып, бірте-бірте шежіре мәтінін жырға айналдырып жіберетін болған. Соның өзінде, шежіренің негізгі сюжетін, тарихи оқиғаларын көбінесе дерлік өзгертпей, сол күйінде сақтап қалуға тырысқан.

Шежіре жазушылар өз дәуіріндегі саяси күрестің қызу ортасында жүрген. Олар белгілі бір мағынада өз заманының тарихшы-ғалымы, саяси қайраткері іспеттес еді. Шежірешілер сан алуан тарихи құжаттарды, өздерінен бұрынырақ жазылған жылнама-шежірелерді жинақтап, оған өз дәуірінің аса маңызды оқиғаларын қосып жазатын. Мәселен, кітап көшірушілер — хуснихатшылар оны бірнеше дана етіп көшіріп жазып отырған. Көп томдық қолжазба-кітаптар осылайша күллі дүниенің төрт бұрышына тараған.

Мұндай шежіре-кітаптар кезінде зор рөл атқарды. Әрбір шежіре авторы өз елінің тарихын, елді сыртқы жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батырларын, алдына жан салмаған ақындары мен шешендерін, ел басқарған ақылгөй-абыз, би, ақсақалдарын, хандарын, т.б. мадақтап отырған. Ең бастысы — жылнама яки шежіре жазушылар өзі өмір сүріп отырған дәуірдің саяси оқиғаларын өзінен сан ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалармен тығыз байланысты түрде айтуға әрекет жасайтын.

Көшпенділерге емін-еркін көшу кеңістік пен уақытты тануға мүмкіндік берді, ал олардың дүниетанымы, адамның өзін-өзі тануын қамтамасыз етті. Мен бұл дүниеге неге келдім, қайдан келдім деген сияқты сұрақтарды алғашқы рет толғанған көшпенділердің ойшылдары еді. Оған тағы бір себеп көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықта уақыттың молдығы, қолдап атқарылатын жұмыстың аздығы. Міне, осындай толғаныстар Библия-Таурат сияқты адамзат тарихының алғашқы үлгісін жасаған кітапқа енді. Осы себептен аңыздарда айтылатын Адамнан (ғ.с.) туған ұлдарының ішіндегі Алла Тағалаға тағзым еткен Әбіл — малшы, бақташы кейпінде суреттеледі. Қазақ шежіресін зерттеймін деген талапкер осы айтылған уәждерді ескеруге тиіс.

Сонымен бірге, Орталық Азия көшпенділерінің ежелгі аңыздары да қазақ шежіресін зерделеу үшін таптырмайтын алғы шарт. Мәселен, Еуразия көшпенділерінің түп атасы саналатын скиф-сақтардың тарихи пайымдары қандай еді және оның жалғасы болды ма?!

Мәселен, Геродоттың көшіріп алған генеалогиялық аңыздарының бірінде — скифтердің арғы атасы Тарғытай делінеді (45, 184—228; 47, 236). Тарғытай түркі-моңғол шежірелерінде — Алаш және

Шыңғыс хандарға байланысты кездесетін кейіпкер. Тарғытайдың әкесі Зевс, яғни Тәңірі — Аспан құдайы, анасы Озен құдайы — Борисфена, яки жер-су иесінің қызы. Бұдан шығатын қорытынды, скиф-сақтар адам баласының жаратылысы Тәңірі мен Ыдық жер-судың ара-қатынасының нәтижесінде пайда болған. Бұл дау жоқ, жер бетіндегі тіршіліктің негізі — табиғатты ұлыландыратын құбылыс. Олай дейтіміз, Таураттың өзі де Алла Тағала Адамды (ғ.с.) балшықтан жаратты демей ме?!

Бұған қоса Адам баласы жер бетіндегі мақлұқтан артық жаратылып, Алла Тағаламен байланыс орнатуға мүмкіншілігі болғандығында. Адамзаттың басқа жануарлардан өресінің биіктігі және өзгелен артық жауапкершілігі де, рухани негізінің Алла Тағалаға тікелей жалғасатындығында. Осыдан келіп шежіренің ең алдымен рухани қазына екендігі мағлұм болмақ. Тарих жазамын деген, ата-бабамды түгендеймін деген талапкер осы мәселеге де көңіл аударғаны дұрыс, — дейді көрнекті тарихшы Ж.О.Артықбаев (219, 190—191).

Этнос және мемлекет есебінде қазақтар өз бастауын Алаш ханнан алатыны жоғарыда айтылды. Жалпы шежіре Қазақстанның ұланғайыр өлкесінің қай бұрышына да танымал. Ал түркінің қара шаңырағына ие болып қалған қазақ елі үшін де, өзге түркі-моңғол елдері үшін де Алаш ханға байланысты айтылатын шежірелердің орны бөлек бір төбе. Түбінде өз мемлекеттігін, елдігін танығысы келген халықтардың түркі-моңғол, жалпы қазақ ішінде сақталған Алаш хан жөніндегі шежірелерге жүгінері даусыз.

Алдымен, Алаш хан Нұқ пайғамбардан тарайтын шежіреге қалай кірді? Нұқ, одан Яфес-Жаппас, одан Түрік, одан Түтік, одан Диббақай, одан Киік, одан Еділше, одан Алынша-Алаш, одан Қара хан, одан Оғыз (Уыз) хан. Біздің заманымыздан бұрынырақ уақытта да Еуразиялық тарихнаманың ортақ нұсқасын жасау талабы болғанын біз осыдан аңғарамыз.

Осынау көзқарастың бір үлгісін біз Рашид ад-Диннің “Жылнамалар жинағынан” көреміз (XIV ғ.). Бір ескертетіміз, бұл тарихи құнды жәдігерлік жоғарыда келтірілген бірсыпыра пікірді дәлелдейді. Рашид ад-Дин: “түркі-моңғол халықтарының шежіресін жазу үшін Олжайту ханның ордасына әдейілеп ұлы даладан білгір қариларды шақыртып алдым, солармен ақылдасып отырдым”, — деп ағынан жарылады (6,75). Яғни, парсылық ғұламаның еңбегіне ауқымды дерек болғандар ең алдымен көшпенділердің шежіре-аңыздары. Орталық Азияның бертіңгі тарихшыларының көпшілігі Рашид ад-Динге сүйенгенін жоғарыда айттық. Олар Әбілғазы, Хафиз Таныш,

Қадырғали Қосымұлы т.б. еңбектері. Бір қызығы Рашид ад-Динге берілген тарихи-мифтік аңыз-дастандар сол қалпында қазақ ортасында ХІХ ғ. соңына дейін сақталған (219, 191; 223, 404—426). Сондықтан, қазақтың:

*Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл,
Құлағы мен жағын жер,—*

деген көсем сөзі осы турасында айтылған дейді халық жазушысы Сәбит Мұқанов (115, 19).

Қазақ даласында, әрбір ұл жеті атасын білуге міндетті, ал соны үйрететін ұстазы — әр ауылдың немесе рудың “ескі құлақты” аталатын ақсақалдары:

*Есік алды төбе болса,
Ерттеп қойған атпен тең.
Ауылында қарт болса,
Жазып қойған хатпен тең,—*

деген сөздер бекер айтылмаған секілді.

Бірақ қандай шежіреші болмасын (ерте кездегі хат танымайтындыры) жеті атасына дейін жақсы білген де, одан арғысын бұлдыратып жіберіп отырған. Жалпы алғанда, қазақ шежірелерінің нұсқалары көп және өзара қайшылықтары да аз емес. Қазақтар бергі аталары мен түпкі (арғы) аталарын біркелкі айырады да, ортадағыларын шатастырып алатын, әрі шежіре соншалық көп болғанмен, оның өрісі оншалық кең болмайды. Оған бір-ақ мысал, менің әкем Құнтөлеу оныншы сыныпта оқитын немересі Мейірімқанға (менің тұңғыш ұлым): сенің әкең — Аманбай, оның әкесі — мен, Құнтөлеу, оның әкесі — Тағанияз, одан — Жұмабай, ол Сәрсембіден, Бактыбай — Төлес биден, Төлестің әкесі Қабақ, ол Шектіден (Жаманақтан) деп он бір атамен Кіші жүздегі Шектіге апарып тірей салып, қысқарта қоятын.


Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанмен, арғы жағында, ортасында жаңылыс бар секілді. Өйткені, менің әкем ортадағы өзінің екі атасын — Сәрсембі мен Жұмабайды шатастырып алған. Сол сияқты Жаманақ (Шекті) мен Алшын Кіші жүз Бекарыстан тарайтын бір тармағы, одан бөлінетін Әлім ұрпақтары бес ғасырдан астам (мүмкін

одан да көп болар) өмір сүргенде, егер жүз жылда орта есеппен төрт ата (ғылыми болжамдарда ұрпақтан ұрпаққа ауысу 27,4 жыл) жасайды деп санасак, кемінде 20—22 ата болып бұтақталуы керек. Сонда Кіші жүз Алшын руларының Әлімұлы аталығының арғы жағы қайда?

Ол — ол ма, шежіреде кейбір рулар ауысып та келе береді. Мәселен, Кіші жүздегі “Қаракесек”, “Қарасақал”, “Керей”, “Уақ” деп аталатын, тағы сондай рулар Орта жүзде де бар. Бір жорамалда: Кіші жүздегі “Керейт”, “Қаракесек” аталатын рулармен Орта жүздегі “Керей” және “Қаракесек” бір ұрпақтан тарайды (115, 22; 41, 52—59; 222, 24—134). Тіпті “Ноғайлы”, “Қырғыз” аталатын түркі тектес дербес халықтарды Орта жүз бен Кіші жүздің рулары қылып соларға қосып қояды. Сондықтан, М.Көпейұлы бұл арада: “оқуға сенген ұмытшақ, жазуға сенген жаңылшақ” деп тұңғиыққа тіреледі де, аржағын бір Алла біледімен қоя салады (221, 5—11). Олай болса бізде арыға бармай, шежірені зерттеушілердің еншісіне қалдырайық.

Қазақтардың үш жүзге бөлінуі нақты қай кезде жүзеге асқаны туралы жүйелі мәлімет кездеспейді. Дегенмен кейбір болжамдарға сенсек, бөлініс XVI ғасырдың бірінші жартысында, Хакназар ханның тұсында болғанға ұқсайды. Ал аңыздардың айтуынша, Алаш хан өз халқын үш ұлына бөліп береді. Үйсін, Арғын, Алшын — Үлкен, Орта, Кіші деп оның үш ұлының жас ерекшеліктері аталады. Көне дәуірдегі шығармаларда осы аңыздарды мақұлдайтын, негізге алатын деректер кездеседі. Мәселен, бергінгі замандағы Ресей тарихшылары былай дейді: “Олар (қырғыздар — қазақтар) үш ордаға бөлінеді, әр орда өз тегін ерекше рубасынан — моңғол билеушісі Алаша ханның үш ұлының біреуінен таратады”. Ал А. И. Левшиннің көрсетуінше, қазақтардың бір ханы өлгеннен кейін оның үш ұлы үшке бөлінуін сақтап қалады, жаңа билеушілердің жастарына орай Үлкен, Орта, Кіші рулар деп аталған (217, 201; 41, 355).

Ресей империясының бір шенеунігі қазақ халқының үш ордаға бөліну себебін былай көрсетеді: “Халық санының табиғи өсуіне байланысты және өзінің саяси бет-бейнесін жоғалтқан тайпалар мен ұсақ қашқындар, еркін адамдар топтарының қосылуынан, сонымен қатар қазақ халқы иелігінің аймақтық кеңеюінен, басқаруды жеңілдету үшін, орданы бөлікке бөліп, жеке билеушілер тағайындалуы мүмкін. Уақыт өте келе, бұл билеушілер қырғыздарда (қазақтарда — А.Қ.) қатты дамыған мансапқорлық мінезден, ордадағы ішкі алауыздықтар және басқа оз мақсаттарына қолайлы жағдайларды пайдаланып, өзінің билігіндегі орданың ханы деп жариялануы мүмкін. Бұл жорамалды



Ежелгі қазақ тайпаларының құрбандық табақтары (XIV—XV ғғ.)

жасауға себеп болған нәрсе, қырғыздар орыс бодандығын қабылда алдында Тәуке хан қырғыз-қазақ халқының дара билеушісі болды, ал әрбір орданы ол тағайындаған, оған бағынышты билеушілер басқарған. Бұдан шығатын қорытынды, ордалар әлі XVIII жүзжылдық басында жеке хандық дәрежесінде болған жоқ, одан гөрі бір мемлекеттің ішіндегі генерал-губернаторлық типіне жақын басқаруда болған. Ордалардың өз алдына жеке саяси бірлік болып бөлінуі қырғыз халқының бір бөлігі орыс бодандығын қабылдамақ болып, ал өзге бөлігі, дұрысын айтқанда, тайпалар одағы тәуелсіздікті артық санаған кезде күрт белгі берген деп ойлаймыз. Осы кезде бірнеше жеке билеушілер шығып, келіссөз жүргізу, түсінбестік жағдайларды реттеу солар арқылы жүргізілген”, — деп Оренбург өлкесінің қызметкері И.И.Крафт бұл мәселені бақталастықтан тудыға саяды (41, 355—356).

Қазақ халқының үш жүзге бөлінуіне орай тағы бір дәйек келтірейік. Орыстың әйгілі шығыстанушысы, ғалым Н.Я.Бичуриннің (Иакинф) пайымдауынша, біздің дәуіріміздің 635 жылы қазіргі қазақ даласындағы түркі тілдес көшпелі сақтар өздеріне шабуыл жасап тыныштық бермеген қытайларға қарсы үш орда: Үйсін жерінде Үлкен Орда; Есіл, Ертіс бойында Солтүстік Орда; Балқаштан Каспийге дейін — Кіші Орда болып топтасқан. Ғалымның ойынша, қазақ жүздері тіпті ерте кезде осы ордалардан бастау алғанға ұқсайды. Біз де бұл пікірді қолдауға ниет білдіреміз (59, 78—261).

“Жүз” қазақта “сан” мағынасында айтылады. Сондықтан “Жүз — жүз басы ұғымында, яғни бір жүз адамнан құралған әскери қосын ретінде қолданылуы да мүмкін. Бірақ қазақ халқында “жүз” “қосыннан” көп, бүтін бір аймақты ел, немесе “қосыннан” гөрі “құла жүз”, “дала” мағынасына ұқсас ұғым,— дейді С.Мұқанов (115, 28).

Осыларды қорытындылай келіп, айтарымыз, жалпы қазақ қауымы және оның құрамына қосылған ру, тайпалар өз ішінен үш жүзге — Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге ерте бөлінген. Бұл қадым заманнан бері Орталық Азияны қоныстанған көшпелі елдерде бүкіл елді “оң, сол және орта” яки “батыс, шығыс және орта” деп үш өңірге айырып, басқарушылық дағдыға айналған. Ол бөліктер кейде ұлы, кіші, орта, кейде қара, сары, ақ, көк деген аттарымен де мәлім. Біз бұндайды көшпелі елдердің көбінен, мысалы, Ғұн тәңірқұтынан, Үйсін күнбиінен, Батыс Түрік қағанатынан, Түркеш қағандығынан және Шыңғыс хан империясынан көреміз. Бұлардың бәрі кезінде әскери сипаттағы бөлік ретінде жарыққа шыққан. Алайда, көшпелі елді билеген әмір иелерінің ұлыстық дәстүрі бойынша, өзіне қараған жері мен елді ұлдарына енші етіп үлестіру салты етек алған кезде, билеушілердің өзара қырқысуынан тұтас елдің берекесі кететінін де жасыруға болмас.

Ал қазақ жүздері жоғарыда айтылғандай мемлекеттік әскери бөлік сипатында емес, тым ерте кезден этникалық, экономикалық, аймақтық құрылым бірлестігі ретінде қалыптасты. Жүздердің құрылуына себеп болған басты жайт жеке рулардың тайпалық одақтарға бірігуі еді. Қазақ ру-тайпаларының үш ірі бірлестігі — үш жүзі (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) қазақтың халықтық негізін құраған үш ірі этногенездің мәйегі. Үйсін тайпасы ұйытқы болған Ұлы жүз құрамын алғашқы төрт ру одағы құрады. Олар — дулат, жалайыр, албан, суан (216, 32).

Бұлардың барлығын біртұтас ортақ атаумен “үйсін” деп атады. Үйсіндер ерте кезде осы төрт ру одағы құрамындағы қуатты тайпа болған. Ертедегі үйсіндердің көпшілігі ұйғырлар мен жоңғарлардың ұлыстарына сіңеді де, қалғаны дулат руының құрамында, сары үйсіндер деп аталады,— дейді Шоқан (216, 32).

Олар біздің жыл санауымызға дейін Іле алқабын, Шу, Талас өзендерінің маңын және Сырдария бойын мекен етті.

Орта жүз құрамына кірген арғын, найман, қоңырат, қыпшақ тайпалары; осы жүзге кейінірек келіп қосылған уақ пен керейді,— Шоқан Жетіру деп жазады (216, 32). Бұл одақтың қонысы Дешті Қып-

шақ дәуірінен басталды. Олар Алтай тауы мен Ертіс бойында, Жетісудың солтүстігінде, қазіргі Орталық Қазақстан өңірінде көшіп-қонған. Қимақ және Қыпшақ бірлестігі тұсында Орта жүз тайпаларының өріс-қоныстары батысқа қарай құлашын жайып кеңейе түсті.

Алшын одағына ұйытқы болған Кіші жүз құрамына — Әлімұлы, (қаракесек, қарасақал, кете, төртқара, шөмекей, шекті); Байұлы (адай, алшын-жаппас, алаша, байбақты, масқар, беріш, таз, есентемір, тана, қызылқұрт, шеркеш, ысық); Жетіру (кердері, керейт, табын, тама, жағалбайлы, телеу, рамадан) тайпалары кірді. Алшын бүкіл Кіші жүздің ортақ атауы,— дейді Шоқан (216, 32). Бұлар Сырдарияның аяғы мен Арал теңізінің атырабын және Каспий теңізінің солтүстігін қоныстанды, бұл одақтың алғашқы негізі осы өңірде ерте заманда өмір сүрген аландар тайпасынан тарайды деген болжамдар кездеседі.

Осынау үш жүз құрамына кірген рулардың басым көпшілігінің шығу тегі, тұрмыс-тіршілігі, тілі мен ділі, діні, салт-дәстүрі жағынан бір-біріне жақын. Олар ұзақ уақыт бір құрлықта — Орталық Азия шеңберінде аралас-құралас өмір кешіп, Батыс Түрік қағанаты кезінен бастап өз алдына халық болып қалыптасты. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моголстан хандарына бағынған. XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы құрылғанға дейін Шайбан ұрпағы Әбу-л-Хаир хандығының қоласында болған. Орта жүз тайпалары мен Моголстанға бағынған Ұлы жүз рулары бірігіп, Қазақ хандығының негізін салды. Ал Ноғай хандығының қарауындағы Кіші жүз тайпалары да Қазақ хандығына келіп қосылды. Ең ақырында Батыс Сібір хандығына қарасты кейбір қазақ рулары іш тартып, Қазақ хандығына кірді. Сөйтіп, олардың этникалық құрылымдары Қазақ мемлекеттілігінің іргетасын бірігіп көтерді.

Қазақ хандығы кезінде қазақ жүздері өзінің ежелден қалыптасқан көшіп-қону салтын ұстады, әр жүздің өріс-қонысының көлемі белгіленді. Ұлы жүз қазақтары: Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Іле өзенінен Сырдарияға дейін созылған байтақ өңірді мекен етті. Олардың негізгі қоныстары еліміздің ежелгі тарихында “үйсіндердің атамекені” деп аталған жерлер еді.

Орта жүз қазақтары: Жетісудың солтүстік жағын иеленді. Бұлардың негізгі қыстаулары Сырдария, Қаратау, Мойынқұм өңірінде, ал жазғы жайлаулары Тобыл, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойында және Орталық Қазақстанның далалық аумағына орналасты.

Кіші жүз казактары: қазіргі Батыс Қазақстан аймағына қоныс тепті. Олардың қыстаулары Сырдарияның төменгі жағында, Жайықтың аяғында, Ырғыз бен Торғай өзенінің жағасында, ал жазғы жайлаулары Жайық, Жем, Ырғыз бойында, Тобылдың бас жағында, Мұғалжар тауларында болды.

Барлық үш жүз казактары ортақ тілде сөйледі. Олардың тұрмыс жағдайы, мәдениеті мен тіршілік көздері бірыңғай болды, тек әдет-ғұрыптарында, киім-кешектерінде, үй жабдықтарында, ауыз әдебиеттерінде аз-маз өзгешеліктер кездеседі.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында сыртқы басқыншылық соғыстар мен ішкі қырқыс салдарынан Қазақ хандығы әлсіреген кезде, қазақ жүздерінің арасындағы бірлік бұзылып, жүздерді билеген кіші хандар өз алдына оқшаулана бастады.

Қазақ ханы Әз-Тәуке (1680—1718 жж.) үш жүздің басын қосып, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құру жолында қажырлы қайрат жұмсады. Бұл туралы әңгімені алдағы тараулардан оқисыздар.



ҚАЗАҚ ОРДАСЫ ҚҰРЫЛУЫ ХАҚЫНДА



*Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін.
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін.
Ауылдағы жамандар,
Ел қадірін не білсін.
Көшіп қонып көрмеген,
Жер қадірін не білсін.
Көшсе, қона білмеген,
Ақылына көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін.*

Асан Қайғы —
Асан Сәбитұлы, XV ғасыр.

Ата-бабамыз уығын шаншып, төрт жарым ғасыр бойы берік ұстаған Қазақ ордасы аталатын ұлан-ғайыр ұлыстың толық әрі шынайы тарихнамасын баяндау — ғылымға және зерттеу жұмысына алғаш қадам басқан кезден бері көкірек көрігінен өткізген армандарымның бірі еді.

Қазақ хандығы бастау алатын тарихатты баяндау үшін, оның мәйегі — Шыңғыс хан империясы Жошы ұлысын айналып өте алмаймыз. Сондықтан, бұл тақырыпқа арналған әңгімені алдымен Алтын Орда, оның құрамдас бөлігі Ақ Орда, Көк Орда, Боз Орда мемлекеттік бірлестіктерінен бастауды жөн көрдік.

XIII ғасырдың ортасында көк байрағын желбіреткен түрік жұртының қыпшақ тектес руларын біріктірген — Шыңғыс хан империясы Жошы ұлысы — Алтын Орданың саяси және әкімшілік құрамы қол астындағы тайпалардың тұрмыс-тіршілік жағдайына, жер ыңғайына орай қалыптасқан ірі мемлекеттік құрылым болды. Жошы әулеті иеліктерінің солтүстігі Бұлғар қаласы мен Башқұрт облысы, батысы Прут-Днестр қос өзен күйылысы, Кавказдағы оңтүстік шектері Темір Қакпа (Дағыстандағы Дербент қаласы) аралығы мен Дунай өзені болды; Жошы ұлысының оңтүстік-шығыс аумағы Жоғарғы Ертістен Алакөлге, одан әрі Балқаш көлінің оңтүстігі мен Сырдарияға қарайғы барлық жерге құшағын жая сермеді. Шекара бұл жерден Сырдарияның орта ағысы, Арал теңізінен оңтүстікке таманғы

аудан арқылы созылып Үргеніш қаласын қоса Солтүстік Хорезмді, Үстірт пен Маңғыстау өңірін қамтыған еді. Ғалымдардың пайымдауынша, қазіргі Қазақстан аумағының сексен пайыз дерлігі сол уақытта Жошы әулеті мемлекетінің құрамына кіретін. Сондықтан Жошы ұлысының жөдігерліктерін зерттеу Қазақстанның ортағасырлық тарихнамасы үшін маңызы зор болмақ. Бұл арада қағидалық мәні бар екі жайтты атап айтсақ та жеткілікті. Қазақ хандығының құрылуы да, қазақ халқының қалыптасуы да Алтын Орданың ыдырауымен тікелей байланысты екені.

Осыған орай тағы бір ескертпе: Жошы ұлысының Еуропалық бөлігі оң қанат, ал Азиялық бөлігі сол қанат деп аталады. Оған қоса олар Ақ Орда және Көк Орда болып та аталып келді. Ал енді Ақ Орда мен Көк Орда Жошы ұлысының қай жағында деген сауалға, ғасырлық жазбаларда бірізділік байқалмайды. Қазақстандық ғалымдар Ақ Орда қазақ жерінде құрылды, болашақ Қазақ хандығының іргетасы осы Ақ Орда негізінде қаланды десе, орыс тарихшылары Ақ Орда Жошы ұлысының батысында еді, ол мемлекеттің оң қанаты, деп жазады (165, 3—7). Бұл арада көне түркі тілінде ақ сөзі — батыс, көк сөзі — шығыс мағынасын беретінін де ұмытпаған жөн. Сондықтан, кешегі Кеңес заманындағы кейбір тарихнамаларда бұл екі Орданың орны шатыстырылып, жаңсақ аталып жүрген кездері де болды (119, 9; 120, 5—6).

Бұдан туындайтын қорытынды, жазба дереккөздерге тоқталып, зерттеушілердің еңбегіне талдау жасауымыз қажет сияқты. Олай етпейінше, шындықтың беті ашылмас.

Әйгілі шығыстанушы академик В.В.Бартольд “Ескендір анонимі”(1413—1414 ж. жазылған) деп аталатын Му’ин әд-Дин Натанзидің шығармасына сүйеніп, Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты мынадай деректер береді: “...кейін Жошы ұлысы екіге бөлінді. Ұлыстың сол қанаты болған Ұлытау, Сегізағаш, Қаратал, Түйсенге дейін, Жент, Баршынкент жерлері Ноғай ұрпақтарына берілді және олар Ақ Орда сұлтандары деп аталды; ал оң қанаты — Ібір-Сібір, Орыс, Либка, Үкек, Маджар, Бұлғар, Башғирд, Сарай-Берке Тоқай әулетіне берілді және олар Көк Орда сұлтандары деп аталды” (166, 251—252).

Ғаффари Қазвини (1515—1568 жж.) жазған “Нусах-и-джаханара” (1564—1565жж. аяқталған) атты шығармада жоғарыда аталған автордың еңбектерінде көрсетілген Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты дерекнамалар аздаған өзгеріске ұшырап, қайталананды. Ғаффари былай баяндайды: “Көк Орда патшалары, оларға Жошы ұлысының оң қанатындағы жерлер қарады: Орыстар, Лика, Үкек, Маджар, Бұлғар

және Қазан.... Ақ Орда хандары сол қанатқа жағады. Ұлытаудан Қараталға дейінгі, Луc шекарасына дейінгі жерлер болды. Тұда Моңке Ноғайдың ұлы, ол Құлидың ұлы, ол Орданың ұлы ол жерде ұзақ жылдар хандықты биледі. Ағасы өлкен соң Ноғайдың ұлы Сасы Бұқа таққа отырды. Ол хижра санауымен 720 жылы (біздің дәуіріміздің 1320 жылы 12 ақпан — 1321 жылы 30 қаңтарда) қайтыс болды. Сасы Бұқаның ұлы Ерзен әкесінен кейін 25 жыл хандық құрды. Біздің дәуіріміздің 1345 жылы 3 мамырында өлді. Одан кейін Ерзеннің ұлы Мүбәрәк қожа 6 ай тақта отырып, қайтыс болды. Ерзеннің ұлы Шымтай Ақ Орданы 17 жыл биледі. Көк Орда әмірлері оны хан болуға шақырды, алайда ол келіспеді. Шымтай ұлы Ұрыс (шын аты Мұхаммед, ал Ұрыс жалған аты секілді — А.Қ.) хан екі ұлысты біріктірмек болып күш салды”, — дейді (146, 403—404). Бұл екі дерек бір-бірімен үндес келеді... Осылардан өзгеше екінші бір деректі Өтеміс қажының “Шыңғыс намесін” талдай келіп, Қазақстандық тарихшы В.П.Юдин береді. Ол “Шыңғыс-намедегі” деректерді негізге алып, Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің иелігінде Көк Орда болды деген пікірді ұстанады (134, 43—49; 133, 65—66; 27, 157—161).

Шынтуайтында, Ақ Орда мен Көк Орданың терең мағынасы — ақ және көк түсті киіз үйлер дегенді білдіреді. Киіз үйлерді Шыңғыс ханның өзі қойғызғандықтан, бұл жайт дәріптеліп, саяси-құқықтық дәстүр құруға негіз берді. Бұл атаулар **Жошы (1227 жылы 20 наурыз) қайтыс болғаннан кейін, Шыңғыстың өлімінен алты ай бұрын, яғни 1227 жылы берілген.** Қалай болғанда да ол Батудың (бірсыпыра деректерде Сайын хан — А.Қ.) 1236 жылғы Батыс жорығынан бұрын болды, оны біз Бату ханның “Біз жат жұртқа кетіп бара жатырмыз” деген сөздерінен байқаймыз”, — дейді В.П.Юдин (134, 48).

Бұл жайтты Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінен” келтіреміз: “Ежен хан мен Сайын хан көпке мәшһүр еді. Екеуі де оның [Жошы ханның] зайыбы Тұралы ханның қызынан туған болатын. [Оның] басқа зайыптарынан тағы он жеті ұлы болған. Осы Ежен мен Сайын хандықты бір-біріне ұсынды. Сайын хан кіші еді. Ол өзінің ағасы Еженге: **“Әке орнына әке болған ағам едің. Олай болса, сен менің әкемсің. Жат жұртқа бара жатырмыз. Сен хан бол”** — деді. Бұған Ежен: “Менің жасым сенен үлкен екені рас. Бірақ, әкеміз сені ерекше жақсы көрді де, еркелетіп өсірді. Осы уақытқа дейін мен сені әлпештеп бағып, саған бағынып келдім. [Алайда], егер мен хан бола калсам, бұрынғыдай сенің еркіне көне алмауым мүмкін, содан арамызда ұрыс-керіс пен өшпенділік пайда болады. Мен сенің хан-

дығыңа шыдармын, ал сен менің хандығыма шыдамассың” — деп айтты. “Бұл не деген сөз?! Ясса (Шыңғыс ханның Жасасы — А.Қ.) бойынша ағам тұрғанда, менің хан болғаным қалай?!” — деп [Сайын] ағасына бірнеше рет ұсыныс жасайды. Ол бұған келіспегеннен кейін Сайын былай дейді: “Олай болса, бір амалын табайық. Ұлы бабамыз Шыңғыс ханға баралық. Мен өз сөзімді айтамын, сіз өз сөзіңізді айтасыз. Бабамыздың әмірі қандай болмасын, сол бойынша жасаймыз”, — [ол] бұл сөздерді мақұл көріп, қабыл алды. Бір шешеден туған екі ұл және өзге аналардан туған он жеті ұл — бәрі қосылып ұлы ханға көрініске кетті. Олар өз [бабасы] хандарына қызмет етуге келгенде, хан бұларға үш орда тікті: алтын босағалы ақ орданы Сайын ханға салды, күміс босағалы көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы Шайбанға салды” (27, 157—160).

Сөйтіп, киіз үйлердің түстері Жошының үш ұлының дәрежесін, сонымен қатар олардың Жошы ұлысындағы иеліктерін белгіледі: Орда-Еженнің ордасы шығыста орналасқан, сондықтан “Көк Орда” Ұлыстың шығыс бөлігіне, оның сол қанатына қатысты айтылған тәрізді. Батыс жорығынан кейін Дунай өзеніне дейін жеткен Жошы ұлысының жері емес, Жошының бабасы Шыңғыс ханнан алған, Жайықтан Ертіске дейін созылған жер аумағы үлестірілді. Бұл өз кезегімен Батудың ордасы — Ақ Үй бастапқыда Жайықтан шығысқа қарай, ал Еженнің ордасы, Көк Үй — Ертістің (Сырдария, Алакөл, Еміл) жағасында орналасқан секілді, яғни “Ақ Орда” және “Көк Орда” сөздерінің ұғымы империяның немесе тіпті географиялық аймақтардың ресми атаулары ретінде де әлі қолданылмаған және ауыспалы метафоралық мәнге ие болып, Көк Орда — Ежен үлесін, Жошы ұлысының сол қанатын, ал Ақ Орда — Бату үлесін, Жошы ұлысының оң қанатын белгілеу үшін пайдаланылған секілді (134, 48—49).

Осы орайда айтпағымыз, Батыс жорығынан кейін Жошы ұрпағының ұлысы орасан өсті және Бату мен Орда-Ежен иеліктері арасындағы шекара батысқа қарай едәуір ығысты. Нәтижесінде, Ақ Орда және Көк Орданың жаңа аумақтық нұсқалары пайда болды, олардың екі түрлі географиялық бейнесі белгіленді және олардың өлшеусіз шекаралары жөнінде екі түрлі ұғымдар жүйесі қалыптасты. Олардың біріншісі Батыс жорығына дейінгі кезеңге жатады, ал екіншісі жорықтан кейінгі кезеңге жатады. Ақ және Көк Ордалар кей кездерде ғана жазбаша еңбектердің беттеріне түскені болмаса, ресми белгілеу болмағандықтан, іс жүзінде қолданылмай, далалық ауызша тарихи дәстүрде сақталды да, ал Алтын Орда, Жошы ұлысы деген атаулармен көбірек белгілі болды.



Қозыбасыдағы құтты қоныс XV ғасыр. Суретші Д. Қастеев.

Айтатыны жоқ, кейбір зерттеушілер Ақ және Көк Орда туралы ұғымдарды шатыстырып жіберген. “Ең алдымен, олардың қатарына Ақ және Көк Ордалардың орнын қателесіп ауыстырып жіберген, сондай-ақ, Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттер туралы мәселені мүлдем шатыстырған Му’ин ад-Дин Натанзидің “Ескендір анонимін” жатқызуға болады”, — дейді ғалым В.П.Юдин (27, 50).

Алтын Орданың тарихын зерделеген Ресей мен Батыстың ғалымдары Ақ және Көк Ордалардың қай жерде тұрғаны жөнінде туындаған пікірталасын қортындылай келіп, Көк Орда шығыста, ал Ақ Орда батыста болған деген тұжырымға келеді. Бұл пікірді қазақстандық шығыстанушылардың көпшілігі қолдайды (166, 248—272; 225, 14; 149, 6—205; 226, 5—96, 123, 36—47, 134, 50; 167, 79—95).

Алайда, Алтын Орданы зерттеуші қазақстандық ғалымдардың бірқатары жоғарыда айтылған Натанзи мен Ғаффари шығармаларын тілге тиек етіп, осы кезге дейін Ақ Орда — Орда-Еженнің ұлысы деген пікірді жақтап жүр. Мысалы, тарихшы Н.Н.Меңғұлов былай жазады: “Қазақстанның Сырдариядан Алтайға дейінгі, Ертістің Оңтүстік жағалауынан Жетісуға дейінгі аралық Орда Еженнің иелігінде болды. Барлық Шығыс деректері оны Ақ Орда деп атады. Ақ Орда Алтын Орда билеушісіне толық бағынышты болған жоқ”, — деп сөз тастайды (167, 79—95). Бұндай пайымдауға зерттеуші З.Жандарбек те ден қояды (165, 3—7).

Ал, жана заманалағы Ресей тарихшылары С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов ортағасырлық жазба мағлұматтар мен қазіргі зерттеушілердің еңбектерін талдай келіп, Ақ Орда Жошы ұлысының

багысында, оң қанатында. Көк Орда шығысында, сол қанатында болғанын нақты деректермен көрсетеді (125, 189—195; 228, 199—217). Бұны Отеміс қажының “Шыңғыс-намедегі” мағлұматтары да дәлелдей түседі. Шыңғыс ханның Батуға арнап алтын босағалы ақ киізден, Орда Еженге — күміс босағалы киіз үйді, Шайбанға — болат босағалы боз үйді тіктіргенін және Орда Еженге Сыр бойындағы уәлаятты, Бату (Сайын) ханға Еділ бойындағы уәлаятты мұраға қалдырғаны, яғни қай жерді, қай орданы кімге бергенін “Шыңғыс-наме” айқын көрсетеді. Әбілғазы Жошы ханның Ордасы Дешті Қыпшақта болды, ол Көк Орда деп атанды дейді (32, 112; 33, 108). Бұл дерек те Ақ Орда мен Көк Орданың орналасқан жерлерін дәл көрсетіп отыр.

Ақ Орда тарихын зерттеушілер өз ойларын тек шығыстық жазба шығармалардағы мәліметтермен шектемей, Жошы ұлысының өзінде қағаз бетіне түскен Құтбтың “Хұсрау-Шырын” дастанындағы мына шумақтарды келтіреді. Осы дастандағы мынадай өлең жолдары Ақ Орданың Еділ — Жайық бойында болғанын дәлелдей түседі:

*Ұлыс елдің еріктілігі, ханы оның барлығы,
Тыныбек біздің ханымыз — жеткізетін бақытқа.
Ол үшін тақ пен тәж де қуанады.
Хан Мәліктің көркемдігі — бақыт қайнары,
Ақ Орда — оның патшалығы мен тағының көркі
(165, 4; 215, 270—278).*

Олай дейтініміз Тыныбек Алтын Орда мемлекетінің тағына отырған кезде ол Сарай қаласына қоныс аударады... Осыған қарап-ақ Ақ Орданың Еділдің бойында болғаны байқалады.

Тағы бір дәлел, Көк Орда Жошы ұлысының сол қанатында болғандығын орыс жылнамалары да атап өтеді. Олар да мынадай мағлұматтар келтірілген: “Көк Ордадан, Самарқанд жерінен Ақсақ Темір деген патша келіп, Ордаға үлкен күйзеліс әкелді. Оның келуімен Орда мен Орыс жерінде ұлы шайқастар болды” (168, 32).

Жалпы, Ортағасырлық жазба шығармалардағы деректер мен зерттеушілер пікірлерін түзіп көретін болсақ, онда орыс тарихшылары мен В.П.Юдиннің тұжымдары шындыққа жақындай түсетінін байқауға болады (134, 50—59). Ақ Орда негізінде Қазақ хандығының шаңырақ көтергенін ешкімде жоққа шығара алмаса керек, ал Орда Еженнің иелігінде Көк Орда болды деген пікірде дұрыс. Ақ Орданың XIV ғасырдың ортасына дейін Жошы ұлысының оң қанатында

болғаны да тарихнамада анық көрсетілген. Сайып келгенде, Ақ Орда деп, Жайықтан батысқа қарай Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы аймақ аталды, ал Көк Орда деп, Орда Еженнің еншісіне тиген Жошы ханның бастапқы ата-жұрты айтылады.

Жошының Шайбаннан тарайтын ұрпақтарына келетін болсақ, оларға Бату хан Ақ Орда мен Көк Орда аралығындағы жерлерді бергенін Әбілғазы шежіресі айқындай түседі. Онда былай делінген:

“Ол сапардан (Батудың Батысқа жорығы, 1236—1242 ж.ж. — А.Қ.) қайтып келгеннен соң Сайын хан Жошы ханның үлкен ұлы Ордаға, лақабы Елшінге, бұл сапарда ісімізді бітірген сен болдың деп он мың үйлік ел берді. Інісі Шибан ханға он бес мың үйлік ел берді. Және ол сапарда алған олжа елдерден Кәрелді берді, тағы да байырғы елдерден күсшы, найман, қарлық, бүйрек деген төрт рулы елді берді. Және оған: “Отырар жерің ағам Елшін (Ежен — А.Қ.) мен менің арамда болсын, жазда Ырғыз, суықта Ор, Електен Орал тауына шейін Жайықтың күн шығыс тарапын жайла, қыста Аралқұм, Қаракұм, Сыр суының бойы, Шу, Сарысудың аяғын қыста”, — деді. Шибан хан кәрел жұртына бір ұлын жақсы бектері және елімен көшіріп жіберді. Ол жұрт Шибан ұрпағының қолында қалды” (32, 118).

Осы арада мынадай бір жәйтті ескерген жөн. XIV ғасырдың екінші жартысында Ақ Орда құрамындағы түркі тайпалары Жәнібек ханның (Алтын Орда ханы, 1342—1357 ж.ж.) жүргізген діни саясаты мен мемлекеттің құрылымдық жүйесін өзгертуіне байланысты наразылығын білдіріп, толығымен Еділдің сол жағына, Көк Орда мен Шайбан ұлысы қоныс тепкен жерлерге көшіп келген еді. Алайда, Ақ Орда халқының Шығысқа қарай көшкені туралы жазба деректер жоқтың қасы. Бұл мағлұматтар тек қазақ шежірлері мен аңыздарында ғана жырланады. Мәселен, Алаш пен Алаша хан туралы аңыздарда аттары аталған Қобаң би мен Қотан би сол Алтын Орданың оң қанатындағы түркі тайпаларының көсемдері болған тәрізді. Білікті зерттеуші, ғалым Серікбол Қондыбай Қобаң би атын қазіргі Кубань өзенімен байланыстыра қарайды (169, 209—214). Қотан би болса сол аңызда айтылатын Алаша ханның соңынан ерген Болат қожаның әкесі екендігі шығармалардан мәлім. Сондай-ақ, аңыз бойынша Қотаннан қазақ халқының құрамындағы үш жүзді тарататын шежіре тағы бар (170, 110). Ал, А.И.Левшиннің кітабынан мынадай қызықты оқиғаны кездестіреміз: “Кейбір қырғыздар (қазақтар — А.Қ.) өздерін Қырымнан шықтық деп айтады, олардың қоныс аударуына, қазіргі жерге келуіне себеп болған Күлдігір ханның өлімінен кейін оның ұлдарының арасындағы ұрыс себеп болған” (18, 145; 217, 200). Бұл аңызды

ол капитан Н.П.Рычковтың (1771 жылы қазақ даласында болған) жолжазбасынан алғанын хабар етеді (217, 200; 227, 90).

Ыңғайы келгенде айтайық, “Қондыкер Қобан жұрты” деген сөз тіркесі “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырында да кездеседі. Осы жырдың тууына қатысты өз пайымдауын білдірген белгілі жазушы Қойшығара Салғараұлы “Қазақтың қилы тарихы” деген еңбегінде әлгі Қондыкер Қобан жұртына толық анықтама бере алмаса да, ол туралы естіп-білгендерін жазып өтеді (171, 55).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да “Қазақ шежерісінде”: “Қондыгер Қобан қазақ жұртшылығы үш жүзге бөлінбей тұрғандағы атауы еді”, — деп айтып кеткен екен (221, 83—88).

Ал Асан Қайғы соңынан ерген халықты Сыр бойы мен Нұрдың Қарабайырына (Жиделібайсынға) әкетуі де көштің шығысқа қарай, Көк Орда жеріне қоныс аударғанын көрсетеді. Бұған дәлелді әріден іздеудің қажеті жоқ. Сол XIV ғасырда қазіргі Орталық Қазақстан мен Солтүстік Шығыс Қазақстанда арғын, қыпшақ тайпаларының қоныстануы батыстан көшкен жұрттың Көк Орданың шығысына жайыла орналасқанынан көруге болады. Ақ Орда халқының XIV ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағына келуі, олардың жүріп өткен іздерінен-ақ байқалады. Мәселен, Едіге бидің “өзінің тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Көзі тірісінде өсиет қылған екен:

— Мен қашан өлсем, сүйегімді Қаратаудың Мынжылқы деген тауының түбінде Созақ деген қорғанның күнбатысында Баба түкті Шашты Ғазиз (Әзиз) атам бар, соның қасына апарып қойыңдар, — депті. Жүсіп әулетінің шежіресінде олардың ата-бабасының Құмкент шаһарын билегені туралы деректер жазылған (172, 97—99). Қазір осы жерде Түкті баба Шашты Әзиздің күмбезі бар. Ол Өзбек ханды (1312—1342) ислам дініне еліктеген төрт әулиенің бірі Садр әд-Дин шейхтің лақаб аты екені тарихнамадан мәлім. Ал, Отырар маңында “Ноғай арық” деген үлкен су жүйесі болғанын археолог-ғалым Мұқтар Қожа анықтаған. Шоқан қырғыз аңыздарында ноғайлардың Шу, Талас бойларында және Ыстық көл жағасында көшіп-қонып жүргендерін баяндайтын мағлұматтарды кездестіргенін айтады (31, 358). Тарихшы К.А.Пищулина Жетісудағы Моғолстан мемлекетіндегі халықтармен қатар Ұлы жүз, Орта жүз тайпаларының өмір сүргендігін, олардың арасында дулаттар, үйсіндер, қаңлылармен бірге арғын, керейт руларының болғандығын жазады (173, 96—123). Осы аталған рулардың ішінен арғын тайпаларының бұрынғы кезде Алтын Орданың оң қанатында Қырым, Солтүстік Кавказ жерлерінде қоныстанғаны белгілі.

Тарихнамада келтірілген, Ақ Орда жұртының Көк Орда жерлеріне қоныс аударғаны, кейіннен XV ғасырдың екінші жартысында қазақ хандығының уығын шаншып, туырлығын көтерген де нақ осы Ақ Орда тайпалары болды. Сайып келгенде, Қазақ хандығының қалыптасуына Ақ Орданың шешуші рөлі атқарғандығы жөнінде қазақ тарихшыларының тұжырымы ешкімге күмән тудырмаса керек. Бұдан туатын түйін, Қазақ хандығы Алтын Орда мен Ақ Орда мемлекеттік бірлестіктерінің тікелей ізбасары және олардағы бүкіл құрылымдық жүйені сақтап қалған бірден-бір хандық екені айтуға тұрарлық.

Ал Алтын Орданың шығыс бөлігі — Көк Орда негізінен қазіргі Қазақстан аумағын құрады. Бір жағы Тарбағатай мен Жетісу, бір жағы Маңғыстау мен Нарын құмы, оңтүстікте ұзын салалы Сырдария, терістікте Түменге, Сібір ормандарына дейінгі ұлан-ғайыр далада шалқып-толқып отырған айбарлы қазақ жұрты сол кездің өзінде-ақ тәуелсіздікпен қоса этникалық тұтастыққа да қол жеткізуге талпынған, — дейді белгілі ғалым, жазушы М.Мағауин (121, 9—74; 122, 9—50).

Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысында құрылып, оған Шығыс Дешті Қыпшақты билеген Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тараған Ұрыс хан ұрпақтары билікке келді, ал мұнымен бірге Жошының тағы бір ұлы Шайбан әулеті билігінің құлауы нәтижесінде пайда болғанын айтпасқа болмас (123, 11—13; 124, 124—136; 125, 224—240; 126, 253—262).

Осы арада, Қазақ хандарының ата-тегіне тоқталмас бұрын Жошы ұлысы бастау алатын Дешті Қыпшақ тарихына тағы да назар аударма кеткен жөн.

Біздің заманымыздың екінші мыңжылдығының басында Ертістен күнбатысқа қарай созылып жатқан ұлан-ғайыр сайын дала Шығыста қыпшақ атымен белгілі болған түркі тілдес көшпенді тайпалардың қонысы болды деген едік. Қыпшақ тайпаларының ықпалды болғандығы сондай, шығыстағы Ертістен батыстағы Днестрге дейінгі Ұлы Дала XI ғасырдан бастап Дешті Қыпшақ (парсы тілінде Қыпшақ даласы), орыстарда “Половецтер даласы”, Еуропада “Кумания” аталғаны белгілі (128, 168—197; 129, 32—147; 261, 69).

Уақыт өте келе Қыпшақ даласы Батыс Дешті Қыпшақ және Шығыс Дешті Қыпшақ болып екіге жарылды. Батыс Қыпшақ даласы шығыстан батысқа қарай Жайық өзенінен (XVIII ғасырдан бастап Орал) Днестрге шейін, оңтүстіктен солтүстікке қарай Қара және Каспий теңіздерінен Елек қаласына (оның қалдықтары қазіргі Ресейдегі Саратов қаласының маңында) дейін созылып жатты. Шығыс Дешті

Қыпшақ шекарасы шығыста — Ертіс, батыста — Жайық, солтүстікте Тобыл, оңтүстікте Балқаш көлі мен Сырдарияның орта тұсына дейінгі аймақтарды қамтыды. Шығыс тарихының майталманы В.В.Бартольдтың айтуынша, даланы хандар биледі, бірақ барлық қыпшақ жұртының басын біріктіретін ортақ хан болған емес; Қыпшақ даласының әр аймағында — батысында да, шығысында да, — билік бір мезгілде бірнеше ханның қолында болды. XII ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақтың әлі Ислам дініне көше қоймаған жұртшылығының астанасы Сырдарияның өкпе тұсында орналасқан Сығанақ қаласы еді. Оны XIII ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ хандарының бірі Күнжек билеп тұрған-ды. Парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің “Жылнамалар жинағындағы” деректемелерге қарағанда, Шығыс Дешті Қыпшақты моңғолдар жаулап алған кезде, Күнжек хан мен оның құралайды көзінен тигізетін мерген ұлы Құмырмыш қолға түсіп, Шыңғыс ханның төбесіне тігілетін шатыр ұстаушысы қызметін атқарады. Бұл бір айрықша шатыр болыпты, билеушінің төбесінде қалқан тәрізді ұсталып, жазда жаңбыр, қыста қар мен суықты жібермейтін еді. Сонымен қатар, ол Шығыс елдерінде жоғарғы мәртебелінің сыртқы рәмізі ретінде бейнеленген. Шығыс қыпшақтарының сол бір соңғы билеушісінің одан арғы тағдыры тарихнамада беймәлім, — дейді Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтанов (123, 11).

Шыңғыс хан империясының негізін қалаған ұлы қолбасшы 1227 жылы тамызда қайтыс болғанымен, оның жаулап алу жорықтарын мұрагерлері әрі қарай жалғастыра берді. 1235 жылы ханзадалар мен ақсүйектер бас қосқан Бүкілмоңғолдық құрылтайда солтүстік-батыс елдерін жаулап алу бағдарламасы бекітілген еді. Жаулап алынған жерлерді бабасы Шыңғыс ханның өсиетімен, өзінен бұрын, 1227 жылдың басында өлген тұңғыш ұлы Жошының ұлысына қосып беру жайындағы оның ұйғарымы өзгертілген жоқ. Әкесі тірі кезінде іргеленген мемлекет әлі де Жошы ұлысы аталатын. Шыңғыс хан империясының бас қолбасшылығына атасының ықпалымен Жошының екінші ұлы Бату (Батый) хан тағайындалады (123, 13; 122, 9—15; 121, 9—74).

Жошы ұлысының тарихнамасын бір адамдай зерттеген Қазақстан Республикасының көрнекті тарихшысы, профессор З.Қинаятұлы былай дейді: “Адамдар өткеннің бәрін де білгісі келеді. Бірақ адамдардың күткеніндей етіп шындықтың бетін ашып беру оңай шаруа емес. Өзіндік жазба тарихы болмаған халықтар бүгінгі тарихтан қағажу көріп отыр. Ондай халықтардың (әсіресе көшпенділер) тарихын не бөгделер жазды немесе ауыздан-ауызға жалғасқан шежірелер арқылы

бүгінгі күнге жетті (120, 3—7). Кошпенділердің тұрмыс-тіршілігімен етене таныс ғұлама ғалым Б.Я.Владимирцов монғолдардың есте сақтау қабілеттілігін “Дала сауаттылығы” деп жазған. “Моңғолдар 2—3 дүркін естіп көңіліне ұнаған жыр, ертегілерді сол күйінде жадында сақтап қалады. Хат танымай тұра құлақпен естігенін кітаптың өзіндей етіп сөзбе-сөз айтып беретін монғолдарды талай мәрте кездестірдім”, — дейді ол (130, 328—417). Қазақтар жәйлі дәл осы ұғымды білдіретін сөздерді Г.Н.Потанин және Г.Е.Грум-Гржимайло еңбектерінен де көреміз (131, 68—69; 132, 467—468). Әрине, көшпенділердің жадында ұстайтын ерекше қабілетінің арқасында көп жәдігерліктердің сақталып қалғаны қазір мәлім болып отыр. Белгілі Қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдин кезінде мұны “Даланың ауызша тарихнамасы” деп бекер атамаған (133, 65; 134, 26—100). Бірақ ойда сақталған ауыз әдебиетінің басқадай бір сырын ескермесек тағы болмайды. Неге десеніз, мұндай ауызша айтылатын шежіре, жыр, дастандар үнемі әсіреленіп өңделіп отыратындықтан, қайсыбірі аңыз-ертегіге айналып, тарихи деректемелік құндылығынан айырылып қалатын тұстары да болады. Ондай дүниелерден шындықты ажырату деген нағыз “инемен құдық қазғандай” бейнеті мол шаруа. Оған әр кездердегі саясат пен қайсыбір топтардың мұрат-мүддесі мен тапсырыстары араласатын болса, онда тарихи құбылыстың өң келбетін мүлдем теріс айналдырып жібереді. Мәселен, кешегі Кеңес дәуірінде қаншама еңбек бұрмаланып, қанша батыр, ойшыл даналарымыз атаусыз қалды, — деп қынжылады З.Қинаятұлы (120, 4—5).

Қалай дегенмен де, Шыңғыс хан империясы тұсындағы Орталық Азия халықтарының тарихнамасы мен шежіресін жазып қалдырған араб, түркі және парсы тарихшылары Ибн Хордадбек, Ибн әл-Асир, Ибн Баттута, Махмұт Қашқари, Рашид әд-Дин, Ала әд-Дин ата-Мәлік Жувейни, Му’ин әд-Дин Натанзи, Захириддин Бабыр, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Қосымұлы Жалаири, Қазі Ахмет Ғаффари Казвини еңбектері көңілге қонымды, тарихи шындыққа жақын. Жошы ұлысы аталған Қыпшақ хандығы, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда жәйлі көптеген дереккөздер жоғарыдағы авторлардың еңбектері арқылы бізге жетті. Алайда кейбір тарихшылар Жошы ұлысын — “Алтын Орда”, “Ақ Орда”, “Көк Орданың” аттарын бытыстырып, зерттеушілерді бірізділіктен тайдырып жіберген тұстары да кездеседі. Бұндай бұрмаланудың салдарынан саны аз кейбір халықтардың шежірелері (ата тегі) тарихтың көлеңкесінде қалып қойғаны да бар.

Енді тақырыбымыздың негізгі жүйесіне көшейік.

XIV ғасырдың 60—70-ші жылдарында Алтын Ордада — Жошы ұлысында — алысапырандар мен сарай төңкерістері орын алды. 60-шы жылдары Алтын Орданың астанасы Сарайда бір жылда таққа төрт ханға дейін отырғызылды. Аруақтан қорықпай әкелері мен ағаларының қанын аттап, Алтын Орда тағына үмтылған сұлтандар да болды. Осылардан Жошы ұлысының аумағында бірқатар тәуелсіз иеліктер дүниеге келді, оларды Сарайдағы ханмен бір мезгілде өмір жүргізген билеушілер басқарды.

Алтын Ордан Шығыс Дешті Қыпшақ сұлтандары да енші алуға талпынды. Оны 1368 жылы сол қанат (Шығыс Орда) сұлтандарын Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің ұрпағы Ұрыс хан (мұсылманша аты — Мұхаммед) бастады. Ол бөлшектеніп бара жатқан Жошы ұлысын біртұтас қуатты мемлекетке біріктіруді арман етті. Ақсүйектер құрылтайында Ұрыс хан “мемлекет тіректері мен сарай шонжарларына” өзінің мақсатын жариялады, олар мұнысын мақұлдаған соң жорыққа шығуға дайындық жасады. Хижраның 776 жылы (1374—1375) Ұрыс хан Сарайды басып алды, алайда оның Алтын Орда да билік пұшпағын ұстауы ұзаққа созылмады.

Деректемелерде Ұрыс ханның Алтын Ордан — Еділ бойынан неліктен кеткені хабарланбайды. Қалай болғанда да, хижраның 777 жылы (1375—1376) Ұрыс хан Сырдарияның оң жағындағы, Йасы қаласының солтүстік-батысында орналасқан өз астанасы Сығанаққа оралады (224, 105). Тағдырдың жазуымен осы Ұрыс хан қазақ хандарының арғы атасы болып келеді.

Мұндай аумалы-төкпелі заманының шырғалаңынан Шығыс Дешті Қыпшақты мекен еткен көшпенділердің (оның ішінде қазақтар да бар) мемлекеттік құрылымы Ақ Орда қағажу көрді. Шынтуайтына келсек, XVI ғасыр тарихшылары “Көшпенді өзбектердің бір бөлімдісі” деп қарап келген Қазақ хандығының тағдыр-тағбылымы Ақ Ордамен тығыз байланысты еді. Ұрыс ханды Орда Ежен әулетінің саяси-әлеуметтік тұлғасы десек те болғандай. 1469—1470 жылдары Керей мен Жәнібек сұлтандар құрған Қазақ хандығы Ақ Орданың шаңырағын кеңейтіп, Орда Еженнен (тіпті Ұрыс ханнан бастайық) бері жалғасқан Қазақ хандарының іс-қарекеттерін мемлекеттік билікпен ұштастырып, қайта жаңғыртуға мұрындық болды. Осыған қатысты ғылыми тұжырымдарды Махмұд ибн Вали, Т.И.Сұлтанов, К.А.Пищулина, М.К.Қозыбаев, Ә.Қайдаров, З.Қинаятұлының еңбектерінен көреміз.



Қазақ жасақтары жорықта...

Ал енді тарихатты бұра тартып, бұрмаласмастан баяғы өткен бағзы заманның ұзын ырғағына көз жібере отырып, қолда бар деректерді саралап, оған мүмкіндік алуымыз — XV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына жаңа бір саяси құрылым — Қазақ хандығын, алғашқы Қазақ мемлекетін өмірге алып келген кейбір оқиғалар желісін сол күйінде келтіруге талпыныс жасап көрелік.

Өздеріңізге белгілі, XV жүз жылдықтың 20-шы жылдарында Шығыс Дешті Қыпшақ қырғын соғысты бастан кешті. Сол кездегі шайқастардың бірінде 1428 жылы Шыңғыс ханның тұңғышы Жошынның үлкен ұлы Орда Ежен ұрпағы, Ұрыс ханның немересі Барак сұлтан қазаға ұшырады. Дәл, 1428 жылы Шығыс Дешті Қыпшақта Жошынның тағы бір баласы Шайбан әулетінен шыққан Әбу-л-Хаир сұлтанның бақыты жанып, тасы өрге домалады.

Қырық жыл хан тағында билік құрған Әбу-л-Хаирдың басынан үлкенді-кішілі сан-алуан қарекеттер өтті. Соның бірі, атап айтсақ, тежеусіз билікке төзбеген бір топ қазақ руларының одан іргесін бөлектеп, көтеріле көшуі еді. Әбу-л-Хаир хан да, сонына ерген жұртын бастап оның ұлысынан үдере көшкен Керей мен Жәнібек сұлтандар да ол кезде көшпелі қоғамның өмірінде жиі кездесетін осынау бір қарапайым оқиғаға мән бере қоймаған тәрізді. Бұл қозғалыс олардың елдерінің болашақ тағдырында шешуші маңыз атқара қояды деп ойламаса керек. Әйтеуір, сол дүбірлі көштен бүгінгі Қазақстан тарихының жаңа тарауы басталғаны ақиқат.

Хижраның 864 жылында (1459 жылдың қазаны — 1460 жылдың қыркүйегі), “Фатх-наме” авторы Шадидің айтуынша, Жошынның ұлы

Шайбан әулетінен тарайтын Шығыс Дешті Қыпшақ билеушісі қырық жеті жасар Әбу-л-Хаирдың отбасы ауыр қайғыға душар болады, оның бүркіт руынан алған әйелінен туған тұңғыш ұлы, қыршын жас Шах-Будақ сұлтан кенеттен қаза табады. Шади оның қалай өлгенін тәптіштеп айтып жатпайды. Бірақ басқадай деректерге



Ежелгі Отырар қаласы (XIII ғ. басы).

сүйенсек, XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Шығыс Дешті Қыпшақта ел ішінің берекесін алған оқиғалар көбейіп кеткен. Ежелден ел билеп қалған басқа әулеттер Шығыс Дешті Қыпшақтағы үстем билік жолындағы бітіспес дауды тағы да қоздыра түседі. Жас сұлтан Шах-Будақ та әке тағын қорғаймын деп жүріп бір шайқаста қазаға ұшырағанға ұқсайды. Ол жолы Шайбан әулеті Әбу-л-Хаир хан ішкі жауларына аяусыз тойтарыс берген тәрізді. Бәлкі, тұңғыш ұлының кегін қайтару мақсатымен ол “Дешті Қыпшақ еліндегі Жошы әулетіне жататын біраз ханзадалардың түбіне де жетіп, тоз-тоз қылып жіберген болар” — дейді қайсыбір деректер (126, 254—256).

Алла Тағаланың бұйрығымен аман қалған Әбу-л-Хаирдың саяси қарсыластары ішінде Дешті Қыпшақтағы Жошы әулетінің тағы бір тармағынан тарайтын Ұрыс ханның ұрпақтары Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтан да бар еді. Олардың алдында: “Қайтсек екен?” — деген сұрақ тұрады. Көршілерден пана іздеу керек пе? Бұрынғылардың көбі солай жасайтын. Әлде ұлыста қала беріп, тағдырдың жазғанын күткен дұрыс па? Қалыптасқан жағдай керіліп-созылып жатуды көтермейтін, тез қимылдауды қажет етті. Айтыс-тартыстан соң ақылға сала келіп, Керей мен Жәнібек Әбу-л-Хаир ұлысынан біржола іргесін аулақтауды мақұл көреді. “Бүгін істейтініңді ертеңге қалдырма” деген қағиданы берік ұстанған сұлтандар хижраның 864 жылы (1459—1460), ханзада Шах-Будақ “о дүниеге озғанының” соңынан өздеріне ерген жұртымен көршілес Моғолстан ұлысына қарай қоныс аударады.

Болашақтың қашан да жұмбақтары мол, алғашында олар шын мәніндегі босқындар санатында өмір кешті.

Ол кезде, Керей мен Жәнібек оздеріне қоршп Моғолстан басшыларымен ара-қатынасы қалай қалыптасарын да, біреуге кіріптар болудың қандай зардаптары барын да, екеуі де енді бір он жылдан кейін еліне оралып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы жаңа ұлысты — Қазақ хандығының уығын көтеретін өздерінің абыройлы болашағын ойламаған да шығар.

Қысқасы, тағдырдың жазуымен, хижраның 864 жылының (1459—1460) жаз айында Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібек сұлтандар соңына ерген қалың жұртымен ол кезде Шағатай ұрпағы (Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдан тараған) билеп тұрған Моғолстан аумағының негізгі құрамы болып табылатын Жетісуға жетіп, қосын тігеді. Ол кезде, XV ғасырда батыста Талас пен Шу, солтүстік-шығыста Ертіс пен Емілге дейін созылған ұлан-ғайыр аймақ Моғолстан деп аталатын. Солтүстікте Моғолстан шекарасы Әбу-л-Хаир мемлекетімен шектесіп, Көкше теңізге (XVIII ғасырдан — Балқаш көлі) дейін созылатын, оңтүстіктегі құрамына Қашқария да кіретін еді. **Моғолстан** — парсы тілінде “Моғолдар елі” деген ұғымды береді. Ол моңғол сөзінің “ң” қарпі түсіп қалған түрінен шығып, айтылуы да, жазылуы бөлекше қалыптасқан. Ал “моғол” деп бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігінің билеушілерінің қуатты әскерін құрайтын көшпенділерді атаған.

Ол жылдарда моғолдардың жоғарғы билеушісі Есенбұға хан еді. Ол Керей мен Жәнібекті, Жошы әулетінен тарайтын басқа да сұлтандарды қошеметпен қарсы алып, Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен қоныс береді. Дешті Қыпшақ рулары мен сұлтандар тобының бұл елде тұруы ұзаққа созылады. 1462 жылы Есенбұға өледі де, Моғолстандағы хан тағына оның інісі Жүніс сұлтан (1462—1487) отырады.

Ол дәуірде әр түрлі себептермен, әр түрлі жолдар арқылы еркіндік іздеп өз елінен, үйренген ортасынан бөлініп кетіп, жағдайға орай басынан сан түрлі оқиғалар өткізген адамдардың хал-күйін білдіру үшін оларды қазақ (өткен тарауларда айтылды — А.Қ.) деп атағаны тарихнамадан мәлім.

Көршілес Моғолстан жеріне қоныс тепкен, қол астында сан мыңдаған қазағы бар сұлтандар Әбу-л-Хаир ханға жайлы тие қойған жоқ. Сондықтан Шығыс Дешті Қыпшақ басшысы қол жинап, Моғолстанға қарсы мүкіят дайындалған жорық бастады. Бұл туралы толық деректі біз Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-Асрар фи манакиб-ал-ахйнар” (“Теңіздей терең сыр”) шығармасынан кезіктіреміз. Оның айтуынша, Әбу-л-Хаир хижраның 873 жылы (1468—1469 жж.) күзде

жорыққа аттанады. Алатау сілемдерінен өтіп, бірнеше күншілік жердегі Жетіқұдық мекеніне жетеді де, сол жерге жорық шатырын тігеді. Көп ұзамай қатты дауыл тұрып, селдетіп жаңбыр жауады, жаңбыр арты қалың қарға ұласып, қатты аяз басталады да, Әбу-л-Хаир әскері амалсыз іркіледі.

Осы арада әлгі автордың айтуымен, Әбу-л-Хаир ханның қазасы туралы деректі ұсынамыз:


“Осы уақытта Әбу-л-Хаир ханның бұған дейін де сыр бере бастаған денсаулығы орта жағдайға түсті. Оның қызуы қатты көтерілді. Бұл үш күнге созылып, қан қысымына ұшырады. ‘Абд ар Раззак, Нахичеванидің мықты дәрігері, көптеген ауруды жеңгеніне және ханды емдеуге күш салғанына қарамастан, ауру күннен-күнге және сағаттан-сағатқа күшейе түсті және көптеген қосымша сырқаттар пайда бола бастады.

Хан бұл аурудың емделмейтінін жақсы түсінді, ол бұдан қашып құтыла алмайтынын сезіп, қайғылы жағдайға мойынсұнды, қағбаға қарата қол жайып, тағзым етті, ол өзінің құдіретті балаларына үмітпен қарап, Құдайдан оның бақытты ұрпақтарына достыққа келісімді болуын сұрап, оларға діннен безудің зардаптары мен қауіптілігі туралы және келіспеу, қарама-қарсылық және жауласудың зардаптары туралы көп әңгіме айтты.

Осыдан кейін оның тынысы тарылып, ол мұсылмандыққа адал екендігін білдіріп, бір Құдайдан рақымшылық тілей бастады. Осылайша ол бір Құдайды аузына алды, өлім періштесі оған “Міне, мен келдім” — деп жауап бергендей болды. Оның шыбын жаны денесінен ұшып шығып, мәңгілік гүлзарында ұя салды. “Шынымен, біз бір Алланың құлымыз, біз оған осылайша қайтып ораламыз” (162, 378—379).

Әбу-л-Хаир хан өлген соң мемлекет ішіндегі саяси-дағдарыс одан әрі қарай шиеленісе түседі. “Ұлы мәртебелі Абул-хаир хан осы өмірмен қоштасып, мәңгілік жұмаққа аттанған кезде, тамыз жылнамасының мазмұнында жазылғандай, өзбек хандарының иеліктерінде түсінбестіктер орын алды”, — деп жазады “Михман-наме-йи Бұхардың” авторы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани (1457—1521), (11, 358). Дәл сол кезде қалың қазағын ерткен Керей мен Жәнібек сұлтандар өз ұлысына қайта оралып, Шығыс Дешті Қыпшақ билігі үшін талас-тартысқа түсіп кетеді.

Еркін казактар мен Әбу-л-Хаир мұрагері әлжуаз Шейх Хаїдар хан арасында басталған соғыста, — Шадн, Бинан және белгісіз автор-



Алаша хан күмбезі.

дың “Нусрат-намесінің” (“Жеңіс кітабы”) айтуынша, — соңғысы күйрегі жеңіледі де, қаза табады. Оның айналасындағы адамдардың біразы қырғынға ұшырап, тірі қалғандары Шайбан ұрпақтары билігіндегі Астрахан жаққа барып, Тоқай-Темір әулетінің төңірегін паналайды. Сөйтіп, бұл өңірдің бірден-бір иегері Керей мен Жәнібек сұлтандар және олардың жақтастары болып шықты.

Жазба нұсқалардағы деректерді тәптіштеп талдай келе, бұл тарихи оқиғаның хижра бойынша 875 жылы (1470—1471) болғанына көз жеткіземіз, — дейді әйгілі шығыстанушы Т.И.Сұлтанов (126, 258).

Сөйтіп, арада қырық жыл өткенде Шығыс Дешті Қыпшақта билік қайтадан Жошы ұрпағы Ұрыс хан әулетіне көшеді. Бірақ бұл жерде бірқатар маңызды жайттарды баса көрсетіп кетуге тура келеді, олар:

— егер Ұрыс хан (1377 жылы өлген), оның баласы Құйыршақ хан (1395 жылы шамасында көз жұмған), немересі Барақ хан (1428 жылы қаза тапқан) Дешті Қыпшақта билеуші болса, XV ғасырдың екінші жартысынан бастап олардың әулеті Шығыс Дешті Қыпшақ қазақтарының билеушілеріне айналады:

— Жошы ұлысындағы аймақтарда XV ғасырға шейін де қазақтар болған. Бірақ ондай еркіндікті ансаған тайпалар аумалы-төкпелі заманда тәуелсіздігін жоғалтып, тағы біреуге кіріптар болар еді. Енді, міне, тұңғыш рет Ұрыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған еркін қазақтар өз елдерінде жоғарғы билікке қол жеткізеді және өздерінің дербес хандығын құрады.

Егер Қазақ хандығы құрылғанға дейін “қазақ” сөзі тек әлеуметтік мағынада ғана қолданылып келсе, енді мемлекет болып құрылғаннан кейін саяси ұғым ретінде — дербес хандықтың атауына айналды, ал одан кейін жер үстіндегі түркілердің арасындағы ең саны көп қазақ халқының өз этнонимі, яғни төл есімі болып қалыптасты (123, 43).

Қорыта айтсақ, алғашқы Қазақ мемлекеті — Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі саяси ахуал осындай еді.

Ендігі бір, ғалымдар арасында талас тудырып жүрген басты мәселе — Қазақ хандығының құрылу кезеңі жайлы. Бұл орайда ең

алдымен атакты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати бабамызға (1500—1551) жүгінейік. Бұл оқиға “Тарих-и Рашидиде” жан-жақты баяндалған. Ол жөнінде қазақтың тұңғыш тарихшысы былай жазады: “Сол заманда Абул-хаир ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны береді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Абул-хаир хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465—1466) жылдан басталады. “Аллаһ жақсы біледі.” 940 жылға (1533—1534) дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді” (25, 110).

Қазақстан тарихнамасындағы Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы деректерін (парсы мәтінінде және орысша аудармасында түсініктемесіз) негізге алған, В.В.Вельяминов-Зерновтың “Қасым патшалары мен патшазадалары туралы” кітабы (1864 ж.) жарық көрісімен, хижраның 870 жылын (1465—1466) Әбу-л-Хаир хан өлген жыл, сонымен қатар Қазақ хандығы құрылған жыл деген жаңсақ пікір орнықты (Н.А.Аристов, А.П.Чулошников, М.П.Вяткин және басқалар). Бұл жыл көрсеткішінің қазіргі қазақ хандығының тарихы үшін маңызы зор болғандықтан, біз “Тарих-и Рашиди” авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтқанына сын көзбен қарауды ұсынамыз.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқағанымыздай, Мұхаммед Хайдар Қазақ хандығы құрылар алдындағы және түптеп келгенде соған жеткізген оқиғалар тізбегін қатарынан екі рет еске салады да, бірақ бір ғана жылмен шектеліп оқиғалардың әрқайсысы қай жылы болғанын таратып жатпайды. Алайда, Дулатидың анық қазақ сұлтандарының билігі басталған жыл деп хижраның 870 жылын келтіруі, анықтай келгенде, қате болып шығады,— дейді тарихшы Т.И.Сұлтанов (126, 261).

Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазуынша, Қазақ хандығы Әбу-л-Хаир хан өлгеннен кейін құрылды деп пайымдалады және бұл басқа да көптеген деректермен айқындала түседі. “Тарих-и Рашидиде” Мұхаммед Хайдар Әбу-л-Хаир хижраның 870 жылы (1465—1466) олді деп көрсетеді.



Ұлытау жазығы.

Шынтуайтында, Әбу-л-Хаир хижраның 870 жылы емес, одан үш-төрт жыл кейін қайтыс болған секілді. Бұған дәлел, парсы тарихшысы Қази Ахмет Ғаффари Казвинидің “Нусах-и жаханарасы” бойынша оның өлімі хижраның 873 жылы (1468—1469), XVI ғасырдағы Ортаазиялық автор Масуд ибн Усман Кухистанидің “Тарих-и Абу-л-Хаир-хан” (“Абу-л-хаир ханның өмірбаяны”) және Махмуд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрар фи манакиб ал-ахиары” бойынша хижраның 874 жылы болған, яғни біздің жыл санауымыздың 1469—1470 жылына келеді. Көрнекті Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтанов та бұл дәлелдермен келіскендей (123, 46; 126, 231).

Сондықтан біздің ойымызша, Қазақ хандығының құрылу кезеңін 1469 жылдан бұрын деп белгілеу ағаттық болар еді.

Қазақ хандығының бастапқы тарихи хронологиясында Мұхаммед Хайдар Дулатидың жіберген мұндай карама-қайшылықтарына онша таңырқауға болмайды. Себебі, “Тарих-и Рашидидің” авторы жазба деректердің жеткіліксіздігінен оқиға болған жылдарды шамамен ғана есіне түсіріп отырған. Осының бәрі әлденеше рет шығыстану әдебиетінде, әсіресе академик В.В.Бартольд еңбектерінде тәптіштеп көрсетіледі. Тағы бір ескертетін жайт, қазіргі зерттеушілердің қолында, “Тарих-и Рашидиді” Кашмирде жазған бабамызға қарағанда, жазба деректер мол. Сонымен қатар, Мұхаммед Хайдар

Дулатидің оқиға откеннен кейін жетпіс жылдан соң жадында сақтананын қағазға түсіргенін ескеруіміз керек.

Енді зерделенген жылынамалық оқиғаларды салыстыра келіп, Қазақ хандығының құрылған кезеңін төмендегіше белгілеуге мүмкіндік бар:

1) Әбу-л-Хаир ханның Шығыс Дешті Қыпшаққа таққа отыру кезеңі — 1428—1429 жылдар;

2) Керей мен Жәнібек сұлтандардың өздеріне жақтас тайпалар мен рулардың бір бөлігін ертіп, Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбу-л-Хаирдан бөлініп, Моғолстанның батыс шегіне келіп қоныстануы шамамен 1459—1460 жылдар;

3) Қазақтарға жанашырлық танытқан Моғолстан ханы Есенбұғаның өлімі — 1462 жылы;

4) Шығыс Дешті Қыпшақ билеушісі Әбу-л-Хаир ханның қайтыс болуы — 1468—1469 жылдар;

5) Дешті-Қыпшақтан келіп қосылған жана ру-тайпалардың есебінен Керей мен Жәнібектің күшейе түсуі және олардың қоластындағы ерікті көшпенділердің Моғолстаннан өз Отанына қайта оралуы — 1469—1470 жылдар;

6) Қазақ хандығының құрылуы — 1469—1470 жылдар.

Қорыта келгенде, Керей сұлтанның Қазақ хандығының тағына отыру кезеңі 1469—1470 жылдар деп белгілеуге болатын тәрізді.



ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ АТА-ТЕГІ



*...Ақсақ құлан шошыған,
Таудан төмен жосыған.
Балаң өлді — Жошы хан,
Нанбайсың ба осыған?
Арымайтын семіз жоқ,
Құрымайтын теңіз жоқ.
Өзіңе берсін денсаулық!*

**Кетбұға жыраудың Шыңғыс ханға
Жошының қазасын естіртуінен...**

Қандай да болмасын халықтың тарихын жазу, саралау аса күрделі жауапкершілігі мол құбылыс. Халық тарихнамасының үлкені, кішілігі болмайды. Әрбір атаулы этностың тарихатын оның саяси-әлеуметтік және этно-мәдени өсіп-өну жолы арқылы бағалауға сүбелі зерттеулермен ғана толыққанды жасауға болады. Мұндай сан қырлы мәселеге бір оқиға арқылы қорытынды беру мүмкін емес. Амал нешік, Ресей елінің ғалымдары бастап Моғолстанның тарихын жазған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде келтірілген бір оқиғаға, яғни оған автордың берген бір қортындысына сүйеніп, Қазақ деген этностың атауы, мемлекеттілігінің құрылу кезеңі анықталды (25, 304—306; 91, 44—51; 123, 49—57). Қалай десек те, этностық топтардың бірлесіп ұлт, ел болып қалыптасуы аса күрделі қоғамдық құбылыс. Этносты табиғаттың туындысы десек, ұлт, халық дегеніміз — сан ғасырлар бойы қалыптасатын қоғам өмірінің перзенті. Ғасырларға жалғасқан бірлесіп өмір сүру барысында өзіндік ата қонысы, тілі, ділі, діні, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы жарасқан қауым ғана атаулы ұлт немесе халық атына ие бола алады. XIII—XV ғасырларда өмір кешкен Жошы ұлысы аумалы-төкпелі ахуалдарға байланысты, оның қоластындағы дала халықтарының саяси-этникалық болмысы да әр түрлі ауытқуларға ұшырады. Тоқай-Темір ұрпақтары Қажы Тархан (Астрахан), Қазан, Қырым хандықтарының іргетасын орнықтыру арқылы, шайбандар Мауераннахр, Самарқандқа қоныс аудару үрдісімен отырықшылыққа ертерек қол жеткізді.

Әйтсе де, Ақ Орда мемлекеттілігінің негізгі сұбалерін Монғол тарихынан, Жошы хан әулетінің ғұмырнамалық шежіресінен іздеген жөн деп ойлаймыз. Олай дейтінміз, академик В.Г.Владимирцов дәл тауып айтқандай, орта ғасыр тарихына моңғолдардай назар аударған — халық тым аз, моңғолдардан бөтен “Күпия шежіресін” жазбаша түрде қалдырған көшпенді ұлыс жоқ та шығар (130, 417—488). Моңғолдардың ата-тегін бұндай биікке көтерген, әрине, Шыңғыс ханның даңқы, абырой-атағы десек орынды болмақ.

Тарихнаманың осындай бір көмескі тұсы Қазақ хандарының ататегі бастау алатын Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының ғұмырнамасына қатысты деректер. Енді бір мезгіл Жошы ханның ғұмырнамалық шежіресіне тоқталайық.

- *Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы хан 25 жылдан астам дарабоз қолбасшы, 200-ге жуық қамалды бұзған, белгілі мемлекет қайраткері, ұрпағымен қосылып Сібір мен Дунай аралығындағы Дешті Қыпшақта Жошы ұлысының уығын шанышып, оны үш жүз жыл билеген. Бату хан бастаған ұлдары Еуропаның тең жартысын жаулап, Адриатика жағасында моңғол жабысының арқасын суытқан Жошының ғұмырнамалық баяны атақ-даңқы асқақтаған әкесі — Ұлы қағанның және өзінен өрбіген саны қырыққа жуық (жазба дереккөздерде аты белгілісі он төрт немесе он тоғыз) ұлдарының көлеңкесінде қалып келгенін айтуға тиіспіз. Жошы ханның ғұмырнамасына тоқталудағы мақсатымыз, оның кең-байтақ ұлысының саяси кіндігі қазіргі қазақ даласы болғандығынан туындайды. Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік өрісі, Жошының және оның ұрпақтарының өмірбаяндық шежіресі қазақ хандарының ізін шалуға да септігін тигізеді. Осының алдында баспа бетінен жарық көрген “Шыңғыс хан” атты шығармада Ұлы қағанның “Алтын ұрықтан” тарайтын ұрпақтарының хронологиялық шежіресі толық баяндалғандықтан, бұл арада біз Жошы тұқымдарының Қазақ хандарына тікелей қатысы барларына ғана қысқаша тоқталып өтеміз (5, 318—350).*

Әйтсе де, Жошы ханның тарихнамадағы рөлін толығырақ көрсету үшін кейбір мағлұматтарға көз жүгірте кеткен жөн шығар. Мәселен, Ресей тарихшылары Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовский “Алтын Орда және оның күйреуі” деген еңбегінде: “Алтын Орда қаншама Жошы ұлысы деп аталғанымен, Жошы Алтын Орда мемлекетінің тағдырында, шын мәнінде, ешқандай рөл атқарған жоқ... Дешті Қыпшақ даласын толығымен жаулап алу үрдісі Батый хан билік құрған 1227—1255 жылдары аяқталды”, деп тұжырымдайды

(149, 70). Бұл пайымдаумен толық келісу мүмкін емес. Өйткені, Жошы ұлысының құрылу жылнамасы бұл елді Русь жұрты “Алтын Орда” деп атаған кезден емес, одан әріректен, яғни 1224 жылғы Ертис, Алакөл бойындағы ұлы жиын тұсынан басталады. “Алтын Орданы” Жошы ұлысынан бөліп-жарып қарауға тағы болмайды. Жошы ұлысын құрған Жошы ханның өзі екенін, әсте, естен шығармауға тиіспіз. Ал оның ұлы Бату хан, атасы Шыңғыс хан мен әкесі Жошының талап-тілегін орындаушы мұрагері екенін де ұмытпаған жөн. Бату ханның Батыс елдеріне жорығы Шыңғыс ханның өсиетіне орай, 1229 жылғы құрылтайда шешілген мәселе екені тарихтан мәлім.

Біздің түсінігімізде, Жошы хан және оның ұрпақтары Шыңғыс хан империясының құлаш жаюына, оның үш жүз жылдан астам билік етуіне елеулі үлес қосты. Ұлыстың батыс жағында — Алтын Орданы құрып, онда толыққанды билік жүргізіп, батыс пен шығыстың арасын жалғастыруда Жошы хан ұрпақтарының тікелей ықпалы болғаны тарихнамада егжей-тегжейлі баяндалған (120, 170—171).

Жоғарыда аталған “Шыңғыс хан” атты еңбекте Жошы ханның жеке басына байланысты мынадай деректер келтіргенбіз.

Шыңғыс хан ұлдарына енші бөліп, әрқайсысына ұлыс құрғанда тұңғышына үлестің де қомақтысын сыйлап, көзі тірісінде Жошыны “хан” лауазымына көтеріп, оған өз алдына дербес ұлыс құрып берді. Қаған оған Дешті Қыпшақтың, Батыс Сібірдің, әлі де жаулап алынатын Жошы ұлысының батыс жағындағы елдерді күні бұрын тиесілі қылған еді. Сондықтан оның қазасы да Ұлы қағанға жеңіл тимеген тәрізді. XVI ғасырда жазылған Әбілғазының “Түрік шежіресі” атты кітабындағы деректер мен ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Жошы хан аң аулап жүріп, 1227 жылдың наурыз (кейбір деректерде ақпан — А.Қ.) айында қаза тапқанға ұқсайды. Шыңғыс ханға ұлының өлімін естіртуге оның ордасындағы ру ақсақалдары, қолбасшылары мен ақсүйектердің батылы жетпей, ғұлама жырау Кетбұғаны алдыртқан екен. Сонда бас кететін ауыр міндетті атақты күйші өз мойнына артады. Аңыздардың жеткізуінде, Жошының сырқатынан хабардар Шыңғыс хан: “Кімде-кім Жошының жаманат хабарын әкелсе, соның аузына қорғасын ерітіп құямын”, — деп айтыпты-мыс.

Кетбұға жырау шамамен 1185—1260 жылдар аралығында өмір сүрген Түркі елінің найман руынан (89, 348). Жұрт қорқып, Шыңғыс ханға Жошының қазасын естірте алмай тұрғанда, Кетбұға қобы-

зын қолына алып зарлы дауыспен қағанға былай деген:

*“Теңіз бастан былғанды, кім тұндырар, а, ханым,
Терек түптен жығылды, кім тұрғызар, а, ханым”,—*

деп бастап, Шыңғыс ханды қаралы қасіретке әзірлеп алады да, баласы Жошының өлімін күйдің сарынымен естіртеді. “Ақсақ құлан — Жошы хан” күйі осылай туылған екен. Біздің заманымызға Кетбұға жыраудың күйімен, оны шығарар алдында айтқан бірнеше шумақ өлең жолы ғана жеткен. Оның мәтіні татар тілінде (1808 жылы) Қазан қаласынан басылып шықты (142, 7—58). Осы жырдан үзіндіні белгілі қаламгер Қуаныш Ахметовтың “Ұлы даланың Ұлытауы” деген кітабынан келтіреміз. Кетбұға жырау түркі тілінде Шыңғыс ханға:

*Теңіз бастан былғанды,
Кім тұндырар, а, ханым!
Терек түптен жығылды,
Кім тұрғызар, а, ханым!*

Жыраудың сөзіне Шыңғыс хан мынадай жауап қайтарған:

*Теңіз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жошы-дүр.
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар ұлым Жошы-дүр!*

Кетбұға жырын бастағаннан-ақ көзінің жасына ие бола алмаса керек, сонда, Шыңғыс қаған оған бүй дейді:

*Көзің жасын жүгіртед,
Көңілің түлды болмай ма?
Жырың көңіл үркітед,
Жошы өлді болмай ма?*

Оған ұлы жырау:

*Сөйлемеске еркім жоқ,
Сен сөйледің, а, ханым!
Өз жарлығың өзіңе жау,
Не ойладың, а, ханым!*

Одан кейін Шыңғыс хан сөз алып:

*Құлынын алған құландай,
Құлынымнан айрылдым!
Айырылысқан аққудай,*



Арыстан-баб кесенесінің қазіргі көрінісі. Фото автордікі. 2007 ж.

Ер ұлымнан айырылдым! —

деген кезде, Орда да отырған ел билеушілері мен ақсақалдары көңіл айту ғұрпымен орындарынан тұрып, Шыңғыс ханмен жылап көріскен екен (78, 41—43).

Осыдан кейін қағанның айтқан серті орындалыпты. Әмірші екі айтпайды, Шыңғыс хан қобыздың арнасына қорғасын құйдырған, дейді халық аузындағы аңызда. Ал Кетбұға жырау жөніндегі мағлұматтар белгілі жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбаевтың еңбектерінде тиянақты баяндалғандықтан, біз оның ғұмырнамасына тоқталмай-ақ қояйық (89, 348—367).

Кенгір өзенінің сол жақ жағалауында (Қазақстандағы Қарағанды облысы), қазіргі Жезқазған қаласынан 45 шақырым жерде Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның мазары бар. Көнекөз деректердің айтуынша, қаған осы ұлына көп аймақты бере отырып, оған өзі аса қастер тұтатын ғұннан шыққан Атилла батырдың жолымен батысқа жорыққа шығуды өсиет еткен. Бірақ, Жошы хан 1227 жылдың наурызында мезгілсіз қайтыс болып, одан бес-алты ай өткенде, сол жылдың тамызында Шыңғыс қаған да дүниеден озды, осыдан батысқа жасалатын жорық біраз жылдарға шегеріледі. Ол Жошы ханның екінші ұлы Бату хан (біреуінше деректерде Батый хан, Сайын хан деп

жазылып жүр — А.Қ.) таққа отырғаннан кейін жүзеге асырылды. Батудың (1227—1255) хан тағына отыруына атасы Шыңғыс хан тікелей ықпал еткен көрінеді (136, 230—498; 137, 57—104).

Жошының өлімі жөнінде халық арасында мынадай аңыздар кездеседі. Аң аулап жүргенде Жошы ханға ашынған ақсақ құлан шауып, ауыр жарақат салған. Ол содан қансырап өлген. Тағы бір аңыз бойынша, астындағы аты шауып келе жатып құлағанда Жошының мойын омыртқасы сынып, жұлыны үзілген. Жыраулардан мұраға қалған осы оқиға туралы “Ақсақ құлан — Жошы хан” атты күйдің шығарылғаны әлгіде айтылды.

Әрине, кезінде бұл аңыздың тарихи мәні бар деп ешкім де ойланбаса керек. Қазақстанның әйгілі ғалымы, академик Әлкей Марғұлан басқарған зерттеушілер Жошы ханның кабірін ашқанда, құраған қаңқаның оң жақ қолы жоқ болған. Аңыз бойынша, Жошының оң қолын ашынған құлан шайнап, жұлып алыпты-мыс. Сондықтан жерлеген кезде оның оң қолы болмаған деген ғылыми дәлел келтіріледі. Олай болса, әкесінің құпия бұйрығымен Жошы аң аулап жүргенде омыртқасы күйретіліп өлтірілген деген әңгіме шындыққа жанаспайды (146, 40). Оның үстіне жасы ұлғайып, сырқатына қарамастан тұңғыш ұлын жерлеуге Шыңғыс ханның өзі қатысып, кері қайтар сапарында ауруы меңдегендіктен күймелі арбаға мініп, Алакөлдін шығыс жағымен Ордасына оралды деген әңгімелер де кездеседі. Оның жүріп өткен жолында “Шыңғыс ханның үй тасы” аталатын әйдік қара тас және “Шыңғыс ханның соқпағы” деген өткел кездеседі. Біздің ойымызша, ұлы хан Жошыны жерлеп, қайтар жолда осы жерлерге аялдағанға ұқсайды және осы арадан бәйбішесі Бөртенің қыстауы да қашық болмаған секілді. Айтушылар оны осы күнгі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай бөктеріндегі Шілікті жазығы дейді (138, 16—17).

Ел арасындағы алып-қашты сөздерге қарамастан Шыңғыс хан тұңғыш ұлы Жошыны аса қастерлеп, атақ-абыройын ұшандатып отырған. Оның Ұлысынан бастау алатын Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттерінің, Қазақ, Қырым, Қажы Тархан (Астрахан), Қазан хандықтарының шаңырағын көтеріп, уығын шанышқандардың барлығы да Жошы ұрпақтары (139, 35; 27, 156—197).

Жошы — Шыңғыс ханға тұңғыш ұл ғана емес, сенімді серігі де бола білді. Бес қаруын асынып, соғыс жүргізу талантымен айрықша көзге түскен Мүкүлай, Сүбедей, Жебе секілді даңқты әскербасылары қатарында Жошы да 1207 жылы “орман халықтарымен”, 1211—1215

жылдардағы Цзинь империясымен, 1219—1223 жылдары Хорезм шахпен арадағы соғыстарда асқан ерлік үлгісін көрсетті. “Жошы өте жігерлі, батыл, айбарлы еді”, — деп жазады орта ғасырдағы парсы тарихшысы Минхадж әд-Дин Әбу Омар Жүзжани “Табакаат и Насири” (Насир кестесі) атты еңбегінде (146, 39).

Көшпенділердің ата-баба дәстүрі бойынша, әке иелігіне оның үлкен ұлы мұрагер болып қалуы керек. Бірақ Жошының үлкен ұлы Орда Ежен әкесінің тағын інісі Батуға ұсынған тәртізді, сірә, Шыңғыс хан атасы да Жошы ұлысына хандыққа Батуды қолайлаған сияқты, әрі Шыңғыс хан империясына бас қолбасшылыққа Батудың тағайындалуы да осыған дәлел бола алады.

Тарихаттың баяндауында, Жошының кіндігінен тараған ұлдарының саны да өте көп секілді. Рашид ад-Диннің жазуынша, оның ұлдарының саны қырықтан асқан. Алайда тарихшы шығармасында оның он төрт ұлының ғана атын атап, түсін түстейді (146, 40). Басқа бір дереккөздерде оның жеті, тоғыз, он сегіз, жиырма ұлы болғаны айтылады. Ал Ресей зерттеушілерінің бірі А.А.Астайкин көне жазбаларға сүйеніп, құрастырған шежіресінде Жошы ханның есімдері белгілі он тоғыз ұлын тіркейді. Олар мыналар: 1) Орда Ежен; 2) Бату (Батый, Сайын); 3) Берке; 4) Беркешар; 5) Шайбан; 6) Танқұт; 7) Бууал; 8) Шылаукүн (немесе Чылаукүн); 9) Шұнқыр; 10) Шымбай; 11) Мұхаммед; 12) Үдүр; 13) Тоқа Темір; 14) Шыңғұм; 15) Есен; 16) Бөрі; 17) Қоғашы; 18) Құтадүр; 19) Үзенгі (141, 47—64).

Қазақ хандығына құнды деректерді пайдаланып, қалам тартып жүрген белгілі жазушы, профессор Сейдімбек Ақселеу деректерде кездесетін Жошының он төрт ұлының аттарын былай таратады: “1) Орда-Ежен, 2) Бату (Сайын), 3) Тоқай — Темір, 4) Берке, 5) Беркешар, 6) Шайбан, 7) Танғұт, 8) Буал (Татар), 9) Шылаукүн, 10) Сұнқар, 11) Шымпай, 12) Үдүр, 13) Мұхаммед (Төбел), 14) Шыңқұм. Осылардың Тоқай-Темірінен Өз-Темір туады. Одан Қожа, одан — Орыс хан, одан — Құйыршық хан, одан — Барақ хан туады”, — дейді ғалым (91, 46). Алайда, тарихнамада Жошы ұлдарының саны және олардың жасына байланысты үлкенді-кішілігі жөнінде қайшылығы мол әртүрлі пікірлер кездеседі.

Бұлрдың ішінен көңілге қонымдысы, тарихнамадағы құжаттарға сүйенген тарих ғылымының докторы, Санкт-Петербург Шығыстану университетінің профессоры Т.И.Сұлтанов пен Қазақстан тарихының білгірі, профессор З.Қинаятұлының тұжырымдары. Қазақстан тарихысының пікірінше, Қазақ мемлекетінің бастауы болып саналатын Көк Орданың шаңырағын көтерген Жошының тұңғышы Орда-Ежен

мен оның ұрпақтары (120, 169). Ғалым “Қазақ мемлекеті және Жошы хан” деген тарихи-сараптамалық көлемді еңбегінде Жошы хан ұлдарының әрқайсысының тарихнамадағы орнына мән бере келіп, олардың атқарған істері әкесінің тарихтағы рөлін толықтыра түседі деп, әділ бағасын береді. Мұнымен қатар, автор ғылыми дәлелдеме арқылы Жошы ұлдарының рет саны жөнінде де өз пікірін білдіреді. “Біз мұнда, — дейді З.Қинаятұлы, — Жошы ұлдарын “бірінші”, “екінші” деп сабақтап көрсетуіміз олардың тарихи рөліне байланысты емес. Олар жас өлшемді, тарихи рөлі жағынан да олай номерлеуге келмейді. Біз мұнда тек Рашид ад-Диннің атау кезегін ұсынып отырмыз”, дейі (120, 70). Бұл пікірді ғылыми шығармаларында Т.И.Сұлтанов та құптады (126, 262—270), бірсыпыра қазақстандық ғалымдар да осы айтқандарға қосылады. Мәселен, “Моңғолдың құпия шежіресі” Жошы ханның жеті ұлын ғана көрсетіп, оның ішінде Тоқа Темірді мүлдем атамайды (174, 142—146). Ресейлік түркітанушы А.П.Григорьев Орда Еженді Жошының төртінші ұлы (181, 60—62) деп жазса, Шәкәрім Құдайбердіұлы — Тоқа Темірді Жошының төртінші баласы дейді (175, 95; 84, 5—18; 161, 411). Тіпті, кейбір зерттеушілер Едіге сұлтанды Жошының жетінші ұлы Бууалдан туғызады, дейді профессор З.Қиянатұлы (120, 170). Міне, осыдан, Жошы ұлдарының рет саны және үлкен — кішілігі туралы деректемелерді талдағанда, олар жөнінде ғасырлар бойы қалыптасқан Рашид ад-Дин еңбегінде көрсетілген орындары қолайлы болмақ.

Енді Қазақ хандарының шыққан тегіне көңіл аударсақ, мұнда да қарама-қайшы пікірлер толып жатыр. Бірақ, көпшілік зерттеушілер олардың Ұрыс ханнан бастау алатынына ден қойғанмен, ата-тегін таратқанда бірізділікті сақтамайды. Иіні келіп тұрғанда айтайық, Шыңғыс хан тұқымынан “Алтын ұрық” деп, тек Бөрте ханымнан туған Жошы, Шағатай, Өгедей, Төленің некелі әйелдерінен туған ұлдары аталды және солар ғана Шыңғыс хан империясындағы ұлыстарды (мемлекеттерді) билеуге құқылы болды.


Ханзадалардың табиғи өсіміне, “Алтын ұрықтың” көбеюіне және Шыңғыс хан империясының ыдырауына байланысты, оның ұрпақтары арасынан шыққан хандар билеген төрт ұлыс мемлекетінің де тағдыры әртүрлі болып қалыптасқанын осы арада айтып өткен жөн. Қытайды билеген (Юань әулеті) Төле ұрпақтары қытайланып кетті. Жошы, Шағатай, Құлағу ұрпақтары қол астындағы елдердің дінін қабылдап, Исламға бой ұрды. Төленің ұрпақтары хандық биліктерін Моңғолия жерінде 1691 жылға дейін яғни 485 жыл жүргізді, ал Қытайда олар 1368 жылға дейін билік құрды да, олардың орнын

Мин әулеті басты. Парсылардың соңғы елханы Әбу Саид 1335 жылы өліп, Ирандағы Құдағу құрған илхандар (елхандар) мемлекеті 1336—1353 жылдары ыдырап бітті. Жалпы Шағатай әулеті XVII ғасырдың аяғында билікпен біржолға қоштасты. Жошы ұрпақтары Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда да 1224 жылдан 1357 жылға дейін империялық билік жүргізді, Русь жерінде осы биліктің жалғасы 1502 жылға дейін созылды. Ал оған жалғас аймақтарда және қазақ хандығында жоғарғы билік тіпті ұзақ уақыт. XIX ғасырдың орта шеніне дейін (соңғысы Кенесары хан, 1836—1847 жылдары) Шыңғыс хан ұрпақтарының қолында болды (143, 176—216).

Шыңғыс хан мен Жошы өлімінен кейін ұлы қаған ордасында дау-дамай, тақ таласы күшейді. Әсіресе “Еке Моңғол ұлысының” ұлы ханының тағына отырған Үгедейдің ұлы Күйік пен Жошы ұлысының ханы Батуның арасындағы шиеленіс тіпті асқынып кетті. Мәселен, Бату хан небәрі төрт мың ғана өзіне сенімді жауынгерлерімен алты миллион халқы бар Шығыс Еуропаны найзаның ұшымен езгіде ұстап тұру үшін бұл мүлде жеткіліксіз күш еді. Бату империяның ішкі жағынан жәрдем келе қояды деп дәмеленген жоқ, өйткені, өзінің бақталасы Күйік қаған мұның құрып кетуіне бірден-бір тілектес адам еді (55, 326).

Күйік болса, ұлы хан болып сайланғаннан кейін, сақалай сай жүз мың әскердің билігін қолында ұстаған күшті империяның билеушісі болды. Оған қоса, олжаға түскен тай-тайі жібек маталарды жауынгерлеріне тегін бөліп беру арқылы (оның шығыны жергілікті халықтан алынатын салықтың есебінен өтелетін) Күйік қаған өзінің атак-даңқын асыруға тырысты. Соның арқасында ол мемлекет қызметшілері мен қаржы-мүліктерге баіі аксүйек-шонжарларды, бытыранқы орыс князьдарын өзіне қаратуға әрекет жасап бақты. Алайда, Күйіктің бағы жанбай, қаған сарайына келісім жүргізуге келген ұлы князь Ярославты оның уәзірлері арасындағы бір сатқынның өсек сөзіне ерген ақылсыз шешесі Төргене ханым у беріп өлтірді де, содан кейін өлген князьдың ұлдары Александр Невский мен оның інісі Андрей Күйіктен іргелерін аулақ салып, Бату ханды жан-тәнімен қолдады, тіпті, 1248 жылы олар бірлесіп ұлы ханға қарсы Шығысқа жорыққа аттанбақшы ниеттерін де байқапты. Мұны естіген Күйік хан қалың әскерімен оларға қарсы қозғалған кезде, жолда анықталмаған беймәлім жағдайда дүниеден озады (144, 198; 145, 92).

Күйіктің өлімінен кейін, империяда қанталап тақ таласы жаңғасты. 1251 жылы шақырылған ұлы құрылтайда Бату ханның тікелей



Қожа Ахмед Иасауи мен Есім хан кесенелерінің қазіргі көрінісі.
Фото автордікі. 2007 ж.

колдауымен, Төленің ұлы Мөңке қаған болып сайланды. Бұл біртұтас Шыңғыс империясындағы соңғы ұлы хан еді. Мөңке таққа отырғаннан кейін, енді тағдырдың төлкегіне ұшыраған Күйіктің жақтастары топ-тобымен жазаға ұшырайды, дарға асылғаны, өлтірілгені тарихнамада кеңінен баяндалады.

Мөңке билік құрған тұста, Жошы ұлысының билеушісі Бату хан атасы Шыңғыс хан империясындағы “Алтын ұрықтан” тарайтын ұрпақтардың ең жасы үлкені және “қауым бастығы” деп танылды да, оның ақыл-кеңесін тыңдамай тұрып, Мөңке хан ешқандай ұлағатты шешімдер қабылдамайтын дәстүр, жөн-жоралғы қалыптасты.

Сондай-ақ Жошы ұрпақтарында әкесінен кейін хан тағына отырған Бату әкесінің інілері Өгедей (1241 жылдың соңы) мен Шағатай (1242 жылдың басы) өлген соң, XIII ғасырдағы парсы тарихшысы Ала әд-Дин Ата-Мәлік Жувейнидің пайымдауынша, “барлық хандалардың үлкені (ағасы) болып есептелді де, аса зор беделге ие болғанымен, тіпті, кейде жоғарғы әміршінің өзіне де сөзін жүргізе тұра, ол өмірінің ақырғы күніне дейін Шыңғыс хан империясындағы екінші адам болып қала берді, дербес мемлекеттік билікке жетемін деп ұшқалақ мінез көрсеткен жоқ. 1227—1255 жылдары билік жүргізген

Батудың тұсында да, одан кейінгі оның мұрагер ұлдары Сартақ (1256—1257) пен Ұлақшы (1257), інісі Берке (1257—1266) билеген кезде де Жошы ұлысы қағанаттың тағы тұрған Қаракорымға бағынды, “Еке Моңғол ұлысындағы” бабасы Шыңғыс ханның өсиетін бұлжытпай орындағандардың бірі еді.

Бату 1255 жылы қайтыс болып, ұлы хан Мөңке оның мұрагері етіп хан тағына баласы Сартақты (Сары Так) бекітті. Ол бірден өзінің қандас туысы, әкесінің інісі Беркемен сөзге келіп, оған: “Сен мұсылмансың, мен христиан дінін ұстанып жүрмін; Мұсылманның жүзін көріп отыру (мен үшін) бақытсыздық”, — дегенді байқаусызда айтып тастайды. Мұның өзі төбеден түскен найзағайдың жаркылындай, Алла Тағаланың құлағына шалынса керек, ханзаданың ағат мәлімдемесінен кейін бірнеше күн өткенде, ол белгісіз себептен қазаға ұшырайды. Қайсыбір тарихи шығармаларда оған қастандықты Берке ұйымдастырды деген “көленкелі сөздер” де кездесіп қалады (176, 264). Ханның тағы оның сәби жасындағы ұлы Ұлақшыға бұйырды. Немересінің тым жас екендігі ескеріліп, тақ билігін әжесі, Бату ханның бәйбішесі Барақшы уақытша қолына алды. Алайда Ұлақшы да әкесі сияқты мезгілсіз қайтыс болып кетті.

Алтын Орданың тағына таласқан ханзадалардан қорыққан Батудың жесірі Барақшы ханым 1257 жылы Иранға қашқалы жатқан жерінде ұсталып, із-түссіз жоғалып тынды.

Жошы ұлысындағы босаған таққа Ислам дінін (1253 жылы) қабылдаған Берке хан көтерілді. Оның тұсында Александр Невский мен орыс князьдарына қатысты Алтын Орданың сыртқы саясаты өзгерген жоқ. Оған Александр Невскийдің қыпшақтарға туыстығы (қыпшаққа жиен) себеп болды деген әңгімелер дерекнамаларда кездеседі (78, 26—37). Қалай дегенмен де, осы кезеңде жаулап алған жерлерде халық санағы жүргізіліп, сол бойынша оларға салық салу ниетімен “Еке Моңғол ұлысының” жандайшаптары Руське келгенде Алтын Орда ханы Берке орыс князьдарына салық жинаушыларды өлтіріп жіберуді тапсырады. Мұнымен қатар Русь князьдарынан түскен қаржы да Ұлы қаған ордасына жіберілуі тоқтатылды. Бұл Алтын Орданың бір орталыққа бағынатын империядан бөлектене бастағанын байқатады. Сайып келгенде, Алтын Орда сарайында отырған Берке хан өзінің қол астындағы орыстар, бұлғарлар, аландар қыпшақтармен қоян-қолтық араласып, біртұтас ұлыстың ханы болып түгін түтетті. Осы кезеңде Русь князьдіктерінің нығайғанын көреміз, өйткені, Алтын Орда орыстың шығыс жақтағы берік қорғанына айналған еді. Батыс

пен шығыстың, яғни Русь пен Алтын Орда арасында орын алған шиеленісті Русьтің Ұлы князі данышпан Александр Невский корегендікпен шешіп отырды. Сірә, аласапыран заманда, қиын-қыстау жағдайдан жол тауып, бейбітшілік пен достық қарым-қатынасты орната білген Ұлы князьдың есімінің халық жадында мәңгі сақталуы, оның отандастарының ықласы мен сүйіспеншілігінен туындаса керек (176, 261—268).

Енді, Жошы ұлысындағы басты оқиғаларға оралайық.

Алты жылға (1236—1242) созылған Бату хан шапқыншылығы кезінде Еуразияның бейнесі адам танымастай өзгерді. Еділ бойындағы бұлғарлардың ұлыстары жойылды, Батыс қыпшақтар бөлініп тынды, бұлардан басқа да кейбір дербес кіші-гірім мемлекеттер мен билік басындағы әулеттердің аты біржола тарих сахнасынан кетті. Тұңғыш рет Ертістен бастау алатын Дешті Қыпшақ, дәлірек айтсақ, шығыстағы Енесейден күнбатыстағы Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жердің бәрі бір ғана әулеттің — Жошыдан туған “Алтын ұрықтың” қолына көшіп, солардың иелігіне айналды (147, 14—16; 264, 15—179).

Сол кездегі Шыңғыс хан империясының картасына қарап, Жошы ұлысының аумағын былай суреттеуге болады:

Жошы ұлысы иелігіндегі жерлердің солтүстік шеті Бұлғар қаласы (қазіргі Татарстан Республикасының аумағы) мен Башқұрт аймағы, оңтүстік шекарасы Кавказдағы Темір Қақпа (Дағыстандағы Дербент қаласы) еді. Бұл ұлыстың оңтүстік шығыс аумағы Жоғарғы Ертістен Алакөлге дейін, одан әрі Көкше теңіздің (XVIII ғасырдан бастап Балқаш көлі — А.Қ.) оңтүстігі арқылы Сырдарияға қарай ойысқан байтақ өлкені қамтыды. Одан әрі ұлыстың шекарасы Сырдарияның орта тұсынан басталып, Арал теңізінің оңтүстік жағымен, солтүстік Хорезм мен Үргенішті қоса (бұлар Әмударияның төменгі сағасы) Үстірт жазығы арқылы Маңғыстауға қарай созылып жатты.

Жошы ұрпағынан тарайтын “Алтын ұрық” саяси тәуелсіздікке тек Батудың Тоқаннан (кейбір деректерде Туған, Тұқан, Тоған — А.Қ.) туған немересі Мөңке Темір (Менгу Темір) билеген (1266—1280) жылдарда ғана қол жеткізді. Жошы ұлысының билеушілерінің ішінен сол Мөңке Темір алғаш рет өз атынан “ұлы хан дәрігейі” деген атақпен ақша шығарып, қарауындағы ел басқарушыларға Жарлық (Грамота) үлестірген. Бізге жеткен мәліметтерден белгілісі, орыс дінбасшыларына берген бір жарлығында “1267 жылғы тамыз айы” деп көрсетілген. Олай болса, XIII ғасырдың 60-жылдарының аяғында Жошы ұлысы біртұтас Шыңғыс хан империясынан енші алып, өз



Қазақ әйелдері балаларымен.

Толық емес тізімнің өзінде алуан түрлі мынадай аттар кездеседі: Жошы ұлысы, Бату хан үйі, Дешті Қыпшақ, Берке елі, Ұлық ұлысы, Солтүстік патшалық, Тоқмақ, Тоқмақ ұлысы, Өзбек ұлысы. Жошы ұлысының карамағында әртүрлі тілде сөйлейтін, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі әрқилы деңгейдегі, әртүрлі дін ұстаған көшпенділер де, отырықшы халықтар да өмір сүрді. Өз дәуіріндегі өркениетті елдермен араласу, Шыңғыс хан империясының қоластындағы әскери-көшпенді ақсүйектердің мұсылман дәстүріне бейімделуі Жошы ұлысының негізгі құрылымын өзгерте алмады. Әлеуметтік тұрғыдағы әртүрлілік болмаса, Жошы ұрпақтарының мемлекеті саяси құрылымы жағынан, шынтуайтында, көшпелі империя қалпында қала берді де, үш әскери-әкімшілік аймаққа: оң қанат, сол қанат және орталық болып бөлінді, бергін келе олар да ұлыс немесе ордалар деп аталған ұсақ мемлекеттерге бөлінді. Алтын Орданың алғашқы астанасы Бату ханның кезінде XIII ғасырдың 50-жылдарының басында Еділдің төменгі сағасында Ақтуба өзенінің сол жағалауында салынған Сарай (парсы тілінен аударғанда — қала) еді. Оны 1395 жылы Әмір Темір әскері қиратқан, бұл қаланың орны қазір Ресейдің Волгоград облысына қарасты Царев селосының маңында сақталған. Әйтсе де, Бату Сарай да, Сарай Берке де (Алтын Орда ханы Беркенің кезінде салынған), одан кейін Сарай әл-Жалидте Алтын Орда хандарының тұрақты ордасы болды деп айту қиын. Оның себебі, Бату хан мен оның інісі Берке кезінде және одан бергі дәуірде де хан ордасы көшпелі қалпын сақтап қала берді. Мәселен, Сарайшық (Сарай әл-Жалил) қаласы тұрғындардың тіршілік мүддесіне арналған сауда орталығы болды, ал елдің саяси өмірінің

алдына дербес мемлекет құрды деп айтуға негіз бар. Ұзақ жылдар бойы Ұлы қағанның ұрпақтары басқарып келген ұлыстарында кейбір хандықтар, әсіресе мұсылман авторларының шығармаларында, орта ғасырлардағы ресми құжаттар мәтіндерінде сан қилы, көбіне, тіпті ел билеушілердің атымен байланысты аталып отырған.

орталығы — ханның көшпелі ордасы, яғни мемлекет ісіне байланысты басқару жүйесінің орналасқан жері — ханның тұрған орны болып саналды. Ұрпақтары бабасы Шыңғыс ханның өсиетін берік ұстанып, көшпелі тұрмыстарын бұзбай, сарайда (қалада) тұруды қаламады (268, 7—131).

Басқа мелекеттерде кездесетіні сияқты, Алтын Орда тарихында да әртүрлі аумалы-төкпелі кезеңдер, жұрттың берекесін алатын даудамай бұлғақ құбылыстар болып тұрған. Жошы ұлысындағы шиеленістер, Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы өзара ішкі таластартыс XIII ғасырдың аяғына таман басталған-ды, кейін біраз толастағанымен, артынша Тоқта (Тоқтайға, Тоқта, Тоқтаға) хан (1290—1312 жылдары билік етті) өлген бойда тіпті өршіп кетті. Тоқта ханның өсиеті бойынша ханның тағы ұлы Елбасарға бағышталған еді. Алайда, өзі өлген соң тақты Елбасардан тартып алады деген үреймен Тоқта басқа ұлдарын және Батудың ұрпақтарын түгел жойып жіберді. Тағдырдың жазуымен Елбасар әкесінен бұрын (1309—1310 жылы) дүние салады. Осы жағдайда билік басындағы би мен сұлтандар хан тағына өзге туажаттарынан ақылы мен парасаттылығы артық тұрған Өзбек ханзаданы өткізу ниетімен, Тоқта мен Елбасардың жақтастарының көзін құртуға тырысып бақты, ең ақырында Өзбекті Алтын Орданың тағына отырғызды. Өзбек Тоғұрылдың ұлы (інісі Тоғұрылды да Тоқта өлтірген еді) Византия ханшасы Келін Байалыдан туған еді хан сайлаған кезде оның жасы небары он төртте екен (148, 101—134).

Сол кездегі Өзбек ханның замандастары — мұсылман тарихшыларының жазуынша, оның сырт келбеті сымбатты, мінезі орнықты, ержүрек, қайсарлығымен көзге түсетін, алысты болжай білетін, Шыңғыс ханның “Жасасы” мен “Білігіне” ізетпен қарайтын әмірші болған. Оған қоса, Өзбек хан түркі және моңғол тілдерін жетік меңгерген, оның хандық құрған тұсында, яғни 1312—1341 жылдар аралығында Алтын Орда мемлекетінің саяси құрылымында елеулі өзгерістер жүргізілді.

Алтын Ордадағы билік Өзбек ханның ұлы Жәнібекке тиген кезде (1342—1357 жылдары) мемлекет едәуір гүлденеді. Жәнібектен кейін тақты иеленген оның ұлы Бердібек ханның тұсы (1357—1359 жылдары билік жүргізген) Алтын Орданың басынан бағы тайып, сұрапыл сұмдықтың кезеңіне тап келеді. Бұл хан барып тұрған билік құмар көр соқыр, жауыздық пен жексұрындыққа бой ұрған, нағыз қанішер еді. 1414 жылы жазылған Му'ин әд-Дин Натанзидің “Мун-тахаб ат-тауарих и-Му'ини” немесе “Ескендір анонимі” шығарма-

сында және 1426—1427 жылы парсы тілінде белгісіз автор жазған “Му’изз ал-ансабтың” пікірінше, Бердібек билік құрған аз уақыт ішінде бақталас болады деген қауіпнен Жошы ұлысындағы өзімен кіндіктес бауырларының көпшілігін құртқызып тынды.

Сөйтіп, Жошы ұрпақтары бір-бірінің көзін жою белең алып тұрған мезетте (1360 жылдың аяғы) Бату хан тұқымдары біржола құрып біткен еді.

Әрине, бұл Батудан (1255 ж.) кейінгі жүз жылда өткен оқиғалар. Қалай дегенмен де, мұның зардаптары “Алтын ұрықтан” тарайтын Жошы тұқымдары үшін оңай болған жоқ, оларды катал тағдырдың өрті шарпыды. Осыдан кейін, Алтын Орда ішінде алағай-бұлағай қанды оқиғалар мен сарай төңкерістерінің кезеңі туды.

XIV ғасырдың 60—70 жылдары Жошы ұрпақтары билікті бірінің қолынан бірі тартып алып, өзара қырқысқа түскен тұста біреуі жарты жыл, біреуі бір жыл, қайсыбірі екі жыл, ең ұзақ отырғаны үш жыл ғана әмірін жүргізді. Осынау саяси кикілжің мен үздіксіз шиеленістің нәтижесінде Жошы ұлысының аумағында бірқатар кіші-гірім иеліктер пайда болып, оларды хан Сарайымен қатар билік жүргізген жергілікті әкімдер биледі.

Бердібек хан өлгеннен кейін Жошы ұлысының оңтүстік шығыс аймағында билік жүргізген Алтын Орданың сол қанаттағы сұлтандары да (XIV ғасырдан бастап Ислам дінін қабылдаған Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысында Шыңғыс ханнан тараған ұрпақтар “сұлтан” деп аталды) дербестікке ұмтыла бастады. Орданың батыс қанаты бірнеше дербес ұлыстарға ыдырап кетті. Мәселен, Қийа Мамай өзбектердің (ол кезде Дешті Қыпшақтың барлық көшпелі тұрғындары осылай аталған) оң қанатын алып Қырымға, Исатайдың немересі — Жыр Құтылының баласы — Қийат Теңіз Бұға ұлыстың сол қанатын және Жошы ұрпақтарының бірсыпырасын алып Сырдария бойына көшті. Ал Бердібек хан Сарайда өзінің “жақын адамдарымен” ғана қалды деп баян қылады Өтеміс қажы “Шыңғыс-намеде” (27, 148—150).

Жошы ұлысының сол қанатын билеген Жыр Құтылы туралы дерек Қадырғали Жалаиридың “Шежірелер жинағында” былай жазылған: “Жәні[бек] хан өлгеннен кейін жұрт бет-бетіне кетті... Осы аласапыранда Орыс хан өз әскерімен Алатауға тартты. Осы кезде Жәнібек ханнан кейін бүкіл ұлыстың (сол қанаттың) биі Қийат Исатайдың ұлы Жыр-Құтылы болды. Ұрыс хан Жыр-Құтылыны өлтірді. Жұрттың бәрі Ұрыс ханның билігін мойындады” (26, 112—114; 27,

149; 11, 162—163).

Хош, сонымен, XIV ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде сол қанаттың (Ақ Орда) билеушісі болған Ұрыс хан (1361—1377) қазақ хандарының арғы атасы, бүкіл Жошы ұлысының басын біріктіруге әрекет жасады. Алайда ол Алтын Орданың астанасын басып алғанымен, жоғарғы билікті көп ұстап тұра алмай, ақыры



Қазақ қыздары.

1375—1376 жылдары Сырдария жағалауындағы сол қанаттағы хан ордасы тұрған Сығанақ қаласына қайтып оралады (229, 387—401).

Тарихнамаға түсірілген дереккөздерге тереңірек үңіліп, ой жүгіртсек, Жошы ұлысы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының Шығыс Дешті Қыпшақты жаулап алуының жемісі екені айтпаса да түсінікті шығар. Осыдан, кейбір Ресей және Шығыс тарихшыларының арасында Жошының ғұмырнамасы сөз болғанда, оны тек жаулап алушы немесе Дешті Қыпшақтағы халықтардың нәсілдік қарсыласы тұрғысынан бір жақты баға беріледі. Шынтуайтында, Жошының шапқыншылық әрекеті Жошы ұлысы тарихының бастапқы кезеңіне жатады. Осыған орай, оның басқыншылық соғыстары жергілікті халыққа оңайға түспегені де белгілі. Шапқыншылық зардабы талай қиямет қайымды әкелгені де, мәдениет ошақтарының күл-талқан етіліп жойылғаны да, талай жазықсыз жанның қаны төгіліп, басы шабылғаны да ақиқат.

Жошы ұрпақтарының Дешті Қыпшақ жерінде билік құрған соңғы кезеңдерін (әсіресе, XIII ғасырдың соңынан XV ғасырға дейін) алғашқы жылдармен салыстыруға болмайды. Шыңғыс хан империясының орталығы Қаракорымнан Бэйжинге (Пекинге) көшірілген 1264 жылдан кейін, Жошы ұлысы империяға бағынбайтын дербес құрылым ретінде қалыптасты. Бірақ, басында күшпен біріктірілгендіктен елдің ішкі саяси құрылымы ала-құла калпында қала берді. Соның себебінен Жошы ұлысы сыртқы жауларынан ғана емес, өзара ішкі қақтығыстардың салдарынан да құлдырады. Қалай десек те, Жошы ұлысы

Алтын Орда, Ақ Орда, Кок Орда тарихнамасында бедері сызылған ошпестей із қалдырып, өзіне мәңгі ескерткіш жасады.

Жошы ұрпақтары сайын далаға орта ғасырлық мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін енгізді, оның басты нысандарын қалыптастырды. Ұлан-ғайыр далада өзара қақтығыстан азып-тозған күллі жұрттың басы біріктірілді, тыныштықта ел болып өркендеуіне өктем ықпал етті. XIV—XV ғасырда Жошы ұлысы (Алтын Орда) билігіне қарсы жүргізілген күресте шыңдалып, Русь князьдіктерінің де басы бірігіп, біртұтас империялық жүйеге айналды. Бұл тарихи шындықты бүкпелемей айтса, бүгінгі дүйім Ресей үшін арланғандық емес. Тарихшылар Н.М.Карамзин, С.М.Соловьев, Н.С.Трубецкой, М.Н.Покровский, В.Г.Вернадский, Л.Н.Гумилев бұл ашы шындықты түсінді. Мысалы, С.М.Соловьев “Моңғол билігі тұсында орыстың күш-қуаты нығайды”, десе (150, 13—45), М.Н.Покровский “татарлар” орыстың әлеуметтік өміріне “терең өзгерістер әкелді”, деп ой түйіндейді. В.Г.Вернадский мен Л.Н.Гумилевтың түсінігі одан да гөрі тереңірек. “1380 жылғы оқиға төңірегінде сөз болғанда, — деп жазады ұлы тарихшы Л.Г.Гумилев, — “Басқыншылықтың күйреуі” туралы емес, керісінше Алтын Орданың жұртында ұлы Москва князьдігі, Қырым және Қазан хандығы, Ноғай ордасы сияқты бір-біріне қайшылығы мол мемлекеттік жаңа одақтардың пайда болуы жәйлі сөз болғаны дұрыс” (151, 125—132). “Шығыс Русь Алтын Орда хандары билігінен босағанда сонау Моңғол шабуылы кезеңдегісінен әлдеқайда қуатты, қабырғасы қатайған мемлекет болып шықты”, — деп тұжырым жасайды В.Г.Вернадский (152, 391).

Жошы ұлысының Русь жұртына тигізген жағымды саяси ықпалы жөнінде ағылшын тарихшысы Чарльз Гальперин “Орыс және Алтын Орда: Орта ғасырлық орыс тарихындағы моңғолдардың үлесі” атты еңбегінде біршама сыр шертеді. Айта берсек, Қажы Тархан, Қырым, Қасым хандығы және Ноғай Ордасы, Өзбек және Қазақ хандықтары осынау Жошы ұлысының ыдырауынан пайда болған мемлекеттік бірлестіктер. Өздерін әлдеқашан “татар-моңғол” деп атаудан қалған Жошы ұрпақтары аталған ордалардың қалыптасуына, ел болып шыңдалуына, тәуелсіздігіне, ұлттың бірігуіне қанын төгіп, жанын қиды. Әрине, күллі дүниенің төрт бұрышына мәлім бұндай деректер Шыңғыс ханның аброй-атағын көтеруімен қатар үш жүз жылдай хандық құрған, тарихнамадан тиісті өз орнын алған Алтын Орданың шаңырағын көтеріп, керегесін нықтаған ұлы қолбасы әрі саясаткер Жошы хан мен оған орбіген ұрпақтар екеніне ешкім таласа қоймас.

Жошы, оның ел билігін ұстаған атақты ұлдарының атқарған қыруар іс-қаракеттері атасы Шыңғыс ханның қолында қалып келгенімен, олар құрған Қыпшақ хандығы өз алдына дербес империя болғаны дүниежүзілік тарихнамада кеңінен баяндалған. Жошы ханның атқарған қолбасшылық қимылдарын, құрған Дешті Қыпшақтағы Алтын Орданы, әкесі Шыңғыс хан құрған “Еке Моңғол Ұлыстан” бөліп-жарып қараудың да қисыны жоқ.

Жошы хан мен оның “Алтын ұрығынан” тарайтын сұлтандар Ақ Орданың негізінде дербес Қазақ хандығының отауын тігіп, ел ретінде қалыптасуына да ерекше үлес қосқанын айту парыз. Қазақ хандарының барлығы да Жошы әулетінен тарайды. Қазақ ұлысының қайнар көзі Жошының үлкен ұлы Орда Ежен және ұрпақтары басқарған Ақ Орда болды. Сондықтан, біз осы шығарманың ендігі беттерін Ақ Орда да өзіндік мемлекет құрған Жошы ұрпақтары — қазақ хандарына бағыштаймыз.



**ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАНДАРЫ —
КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК**



Керей хан
(т.ж. белгісіз — 1470 ж.
қайтыс болған).
Суретші Н. Қарымсақов.

*Үлкен елді басқару кішкене шабақты
отқа қақтағанмен бірдей. Жалынға ұста-
саң күйіп кетеді, оттан алыс ұстасаң шикі
қалады.*

*Мемлекет басқарудың да әлегі осындай.
Әрқашан әділдікті алға тартсаң, елің сый-
лайды.*

**Чанчунь Чжэньжэнь, Қытай даосизм
ілімінің ғұлама оқымыстысының
Шыңғыс ханға айтқан уағыздарынан...**

Әңгімені дау тудырмайтын қазақ хандарының арғы атасы Ұрыс ханнан бастайық. Алтын Орданың күлдірау дәуіріне тап болған Ұрыс хан Шығыс Дешті Қыпшақтағы өз ордасы Ақ Ордаға оралғаны жоғарыда айтылды. Алтын Орданың астанасы Сарайшықта түпкілікті тұрақтай алмаған Ұрыс ханның ғұмырының соңғы кезеңі Орта Азиядан жұлынып шыққан, жыртқыш жиһангер Ақсақ Темірмен күресте өтті және сол соғыстардың бірінде қан майданда қаза тапты. Ешкімнен кем түспейтін жаужүрек батыр тұлға Токтамыс хан да сол шайқастардың бірінде басын жұтып тынғаны тарихнамадан мәлім. Алтын Ордадағы әйгілі таққа қолы жеткенімен, онда баянды билік орната алмаған Ұрыс ханның ұлы Құйыршақ хан да, оның баласы Барақ хан да бар күш-қайратын Ақ Орданың мерейін көтеруге жұмсады.

Сол кездегі Ақ Орда билеушілері туралы Қадырғали Қосымұлы Жалаиридін “Шежірелер жинағы” (“Жәмиғ ат-тауарих”) мынандай құнды мәлімет береді: ...Сол аласапыран уақытта Ұрұс хан өз әскерімен Алатауға кетті. Сол заманда Жәнібек ханнан соң қият Исатай ұлы Шарқатлы (Чирақутлы) барлық ұлысты биледі. Шарқатлыны Ұрұс хан өлтірді. Ұрұс ханды барлығы аға тұтып, оны пағшалыққа отыр-

ғызды. Одан соң Ұрұс хан Алатау төңірегіне қоныс тепті. Ол жер өте үлкен және биік тау еді және онда жақсы жайылымдар, сулар мен бұлақтар да көп болған. Ол таудан шексіз сулар пайда болған. Шаһар Талашқары сол жерде болған. Отырар, Сайрам шаһарлары шегіне жақын жатқан. Халқы өте көп, іргелі, мықты, даңқты және батыр болған. Ұрыс хан неше жылдар бойы осы елде патшалық қылды. Ақыр аяғында солтүстік жақта Қыштам деген жерде дүние салды. Оның ұлы белгілі Құйыршақ сұлтан еді. Әкесінен соң ұлысты сол биледі. Ол заманда Қашғар уәлаятымен алакөздікте еді. Бұл Құйыршақ сұлтанды атасынан соң патша етіп таққа отырғызды. Сондықтан ол Құйыршақ хан атанды. Оның ұлы Барақ сұлтан еді.



Жәнібек хан
(т.ж. белгісіз — 1480 ж.
қайтыс болған).
Суретші Ә. Бұхарбаев.

Атасынан соң ол патша болды. Барлық ұлыстарды өзіне бағындырды. Құйыршақ ханнан соң оны хан көтеріп Барақ хан деп атады. Оның өзі алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды. Ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Жайық бойында, Сарайшық қаласына жақын жердегі Қас Наурыз өңірінде опат болды. Оның ұлы Кіші Жәнібек хан деп атанған. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі. Оның балалары көп еді... Оның жұртқа анық белгілі батыр, ержүрек ұлдарының аттары төмендегіше келтіріледі. Алайда солардың ішіндегі ерекше атақтылары төмендегідей: Қасым хан, Қамбар сұлтан — бұл екеуінің анасы бір еді. Үсек хан (бұл Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың атасы — А.Қ.), Жәдік хан — бұл екеуінің анасы бір еді. Бауыш, Бұйдаш — бұл екеуінің анасы бір еді. Қожаш хан — бұл анадан жалғыз еді” (26, 114).

Осыдан байқалатыны, XV ғасырдың бірінші ширегінде Ақ Орда хандығының билігі Барақ сұлтанға тиеді. Барақ хан (туған жылы белгісіз, 1428 жылы өлген) — Ақ Орда ханы, Шыңғыс хан әулетінен Құйыршақ ханның баласы, Ұрыс ханның немересі. Олай болса Барақ хан — қазақ хандарының төл аталарының бірі болып саналады (177, 9).

Барақ хан билікке жету үшін Самарқандқа келіп (1419 жылғы мамыр айы), Әмір Темірдің немересі Ұлықбектен көмек сұрайды. Ұлықбек оны жақсы қарсы алып, жасақтарымен жәрдем береді. Соның

арқасында Барақ бөсекелесінің бірі — Жошы ханның ұлы Шайбан ұрпағынан шыққан Мұхаммед ханның Ордасын жаулап алып, Дешті Қыпшақтың көпшілік бөлігін (Сырдың төменгі жағынан Арал теңізіне дейін, солтүстікте Жайықтан Тобылға, солтүстік-шығыста Ертіске дейін) бағындырып, ата жұртына бекінеді. “1423—1424 жылдары Ұрыс ханның немересі Барақ сұлтан қарсыластарын жеңіп өз үстемдігін нығайтты”, — деп хабарлайды бір тарихаттың авторы (178, 154). Ақ Ордадағы хандық билікті қолына мықтап ұстаған Барақ хан, енді Мауераннахрдағы бакталастарына қарсы жорығын бастады. 1425 жылы Ұлықбек мемлекетімен шекаралас тұрған Сығанаққа келіп (бұрын атасы Ұрыс ханның билігінде болған), Ақсақ Темір жаулап алған Сыр бойындағы Ақ Орданың жерлерін қайтаруды талап етті. 1427 жылдың басында Сығанақ маңында Ұлықбек пен Барақ хан әскерлері арасындағы шайқаста, Ақ Орда жасақтары Ұлықбекті жеңеді. Сөйтіп, Барақ хан Сығанақ қаласын қайтадан Ақ Орданың иелігіне айналдырды.

Барақ жаугершілікпен хандықтың көлемін ұлғайтып, шеңберін кеңейтуге барын салып жүрген шақта, тағдырдың жазуымен ойламаған жерден ұлыстың берекесі бұзылады. Тарихнаманың баяндауынша, ақылы мен парасаты мол, қайсар жаужүрек қолбасы Барақ хан ұрыс даласында жағаласқан жау қолынан емес, өз жасақтарының қатарындағы опасыздардан — осының алдында ғана бағынып, әскери қызметке кірген Ноғай мырзаларының қастандығынан, — қаза табады. Бұл оқиға 1428 жылы болған еді.

Сонымен, Ақ Орданың соңғы ханы Барақ небәрі бес жыл билік құрып (1423—1428 жж.), тарих сахнасынан кетеді. Ол қазақ хандарының алғашқы екі ханының бірі Кіші Жәнібектің әкесі еді, ал қазақ хандарының бастауы Ұрыс хан екені әлгіде айтылды. Барақ хан Ақ Орда тағында отырған кезде, оған Еділ мен Ертістің бойындағы, Сырдың төменгі сағасындағы жерлер, яғни осы күнгі Қазақстан аумағы түгелдей бағынды.

Сөз реті келген соң айта кетейік, 1419 жылы Едіге би өлгеннен кейін және осы оқиғадан көп ұзамай-ақ Алтын Орданың шығыс бөлігіндегі халықтардың шырқы бұзылып, елдің іргесі сөгіле бастаған еді. Өйткені, дербес билікке ұмтылған сұлтандардың әрқайсысы өзінше шағын қуыршақ хандық құруға талпыныс жасап бақты. Тап сол күндері, Алла Тағаланың демеуімен Жошының тағы бір ұрпағы Шайбан әулетінен шыққан Әбу-л-Хаир ханзаданың тасы өрге домалаты (153, 216—262; 154, 9—74).



Қазақтардың Қозыбасыға көшуі. Суретші М.Горелик.

1428 жылдың жазында күш жинап алған Шайбан ұрпағы Жұмадық хан Маңғыт (Ноғай) ордасына тұтқиылдан шабуыл жасайды. Алайда Барақ ханның қазасынан соң күшейе түскен маңғыттардың қанды қырғын соғысында Жұмадық ханның өзі де мерт болады. Әлгі жорықта ноғайлардың қолына ханның немере інісі 16 жасар Әбу-л-Хаир сұлтан тұтқынға түседі. Ойда жоқта ұсталған ханзада Маңғыт

бектеріне Ақ Орда ұлысына хан қылуға ыңғайлы адам деп танылады. Шыңғыс хан әулетінен тарайтын, бірақ оздерінің айтқанынан шықпайтын қуыршақ хандарды ұстау арқылы Алтын Орданы билеп-тостеу ноғайлылардың ертеден қолданып келген әдісі болатын. Едіге бидің немересі (Нұраддиннің ұлы) Оқас би 1428 жылы Әбу-л-Хаир сұлтанды Жаңғы Тұра (қазіргі Түмен) қаласына шақырып, хан сайлатады. Ұлыстың бұрынғы билері Әдепбек пен Кебек би өз ықтиярларымен жаңа ханның қоластына кіреді. Шаһар мешітінде ханның құрметіне құтпа намазы оқылып, хан ордасында Әбу-л-Хаирдың аты жазылған теңге соғылады (143, 10—56).

Хан тұғырына отырған Әбу-л-Хаир жан-жағына көз қырын тастай бастады. Алғашқы жорығын 1430 жылы Тобыл билеушісі Махмұт Қожаға қарсы бағыттады. Қарсыластарымен Тобыл бойында кездесіп, қанды шайқас салады, жеңіле бастағанын сезген Махмұт Қожа ұрыс алаңынан қашып шықпақшы болғанда, Әбу-л-Хаирдың бұйрығымен өлім құшады. Әбу-л-Хаирдың ендігі жорығы (1431 жылы) Әмір Темір ұрпақтарына арналады. Хан жасақтары бұл жолы Хорезм аймағын ойрандап, көп олжамен елдеріне қайтқан. Әбу-л-Хаир жасақтарына қарсы қайрат көрсете алмағанына қарағанда, бұл кезде Ақсақ Темір ұрпақтары, Самарқандтың әмірі Ұлықбек те, оның Хорасанды билеген әкесі Шаһрух та оңтүстікте парсыларды бағындыру әлегімен шаһарларын иесіз тастаған секілді. Дәл осы тұста тек Әмір Темір ұлыстарында ғана емес, жалпы Тәңір таудан Дунайға дейінгі аумақта саяси тұрақсыздық орын алған еді.

Моғолстанда 1428 жылы Уәйіс хан дүниеден озып, оның екі ұлы Жүніс пен Есенбұға таққа таласып, ақыры Жүніс сұлтанды Самарқандқа қашуға мәжбүрлейді. Самарқанд әмірі Ұлықбек Жүніс сұлтанның жанына ерген жасақтарын түгел қырады да, өзін тұтқындап, Хорасандағы әкесі Шаһрухқа жөнелтеді. Герат шаһарына жеткізілген Жүністі Шаһрух өз қамқорлығына алып, Шараф әд-Дин Әли Йезди (1454 ж. өлген) есімді әйгілі тарихшының (“Жеңіс кітабының” авторы) тәрбиесіне береді.

Бұл кезде Жайықтың арғы бетіндегі жағдай бұдан да гөрі шиеленісіп тұрған еді. Едіге бидің тұқымдары Кішік Мұхаммедті хан сайлап, Алтын Орданың бұрынғы аумағын біріктіруге қаншама күш салса да, олардың бұл қаракетінен ештеме шықпайды. Тоқа Темір ұрпағы Қожагерей 1433 жылы өз иелігін бөлектеп, 1443 жылы дербес Қырым хандығын құрады (143, 42—56).

Алтын Орданың тағынан үмігін үзбеген Едіге би ұрпақтары енді Еділ бойындағы Жәлел әд-Диннің ұлы Ұлық Мұхаммед билеп отыр-

ған Сарайшыққа жорық жасайды. Сірә, так үшін талас бірнеше жылға жалғасса керек, 1438 жылы Ұлық Мұхаммед Сарайшықтағы Алтын Орда тағын ноғайлылардың ұнатқан адамы Кішік Мухаммедке қалдырып, Қазан шаһарын төңіректейді. Сол шаһарды астана етіп, өз алдына Қазан хандығының іргесін көтереді.

Жайықтың арғы бетінде өгіп жатқан оқиғалар Әбу-л-Хаир ханды да бей-жай қалдырмаса керек. Хорезмнен олжалы оралған ол Ұлық Мұхаммедпен шайқаста әлсіреген, бір кезде өзіне қамқоршы Ноғайлы ордасына ат басын бұрады. Оған Алтын Орда тағын иеленген Кішік Мұхаммедтің қос ұлы Махмұт пен Ахмет бастаған маңғыт сарбаздары қарсы шығады. Теке-тірес қанды қырғын Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында өтеді.

Шайқас Әбу-л-Хаирдың пайдасына шешіледі. Кейбір зерттеушілер, тіпті, Әбу-л-Хаир хан аз-кем уақыт Сарайшықтағы Алтын Орда тағын да иеленді деп мәлімдейді. Бұдан кейін Әбу-л-Хаир Ібір-Сібірдегі Ордабазар шаһарын жаулап алады. Осы қалада оның құрметіне дұға оқылып, оған арнап күміс ақша соғылады. Әбу-л-Хаир хандығының ордасы Ордабазарға көшірілді. Түмен маңындағы Сібір жұрты қыпшақ тайпасы тархандары саналатын Бакты бек пен Құтылық Бұқаның құзырына көшеді. Олар қайтыс болған соң, билік Тайбұғаға, одан Қожаға, одан Марға ауысады. Кейін Сібір хандығының тағын Мардан тағы бір Шайбан ұрпағы Ибақ (Айбек) тартып алады. Бұл оқиғаларды зерттеуші Ф.М.Шамшиденова “Тайбұға ұлысы” мақаласында жан-жақты зерделеген (179, 45—52).

1446 жылы Әбу-л-Хаир жасақтары Сыр бойына жетіп, бұрынғы Ақ Орда шаһарлары — Сығанакты, Арқұқты, Созақты, Аққорғанды, Үзкентті түгел басып алады. Осы жылы Әбу-л-Хаир өз хандығының орталығын Ордабазардан енді Сығанакқа ауыстырады. Бұрынғы Ұрыс ханның Ақ сарайы жаңа хандық — көшпелі Өзбек мемлекеті билеушісінің астанасына айналды (Әбу-л-Хаир жасақтарының көпшілігі Алтын Орда билеушісі атақты Өзбек ханның (1311—1342) аруағын пір тұтатындықтан, Еділ — Жайық бойын жайлаған тайпалардан құралған мемлекет те оның атымен осылай аталған).

Көшпенді өзбектер Сыр бойын түгел бағындырғанына місе тұтпай, 1447 жылдың жазы шыға Самарқандқа жорық жасайды. Бұл кезде Гераттағы әкесі Шаһрух қайтыс болып, Самарқанд билеушісі Ұлықбек Хорасанда тұратын еді. Өзбек жасақтары шаһарды тонап, мол олжамен Сығанакқа қайтып кетеді. Басқыншыларды жазалауға Ұлықбектің ол кезде күші жетпейтіні мәлім болды. Әбу-л-Хаир жасақтарына қарсы шығуға дайындалып жүрген Самарқандтың билеушісі,

ғұлама ғалым, атақты Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбек Хорасаннан оралған бойда, 1449 жылдың 27 қазанында өз ұлы Абдуллатифтің опасыздығынан қапыда көз жұмады. Абдуллатифке де, одан кейінгі Абдоллаға да тағдыр Самарқанд тағында бір-бір жыл ғана отыруды жазыпты. Тек, 1452 жылы таққа Абу Сеид келгеннен кейін ғана Әмір Темір ұрпақтары күш ала бастады.

Сығанақ шаһарын астана етіп, Жайықтан Қаратауға дейінгі сайын даланы емін-еркін иемденген қошпенді Өзбектер мемлекеті алауыздықтың салдарынан бірте-бірте құлдырау жолына аяқ басты. Мемлекеттің күйреуіне Әбу-л-Хаир ханның жеке басындағы кемшілігі, айналасындағыларға күдікпен қарауы да себеп болса керек. Ақ Орда аумағы ежелден Орда Ежен ұрпақтарының иелігі және ата қонысы болып келгені тарихнамадан белгілі. Жергілікті тайпалар арасында, әсіресе, Ұрыс хан бабасының есімін пір тұтатындықтан, Әбу-л-Хаир хан есебін тауып одан өрбіген сұлтандардың көзін жоюды мақсат етеді. Мұның өзі жергілікті халықтың Көк Ордадан келген Шайбан ұрпағына деген сенімсіздігін арттырды. Жергілікті тайпалардың өкілдеріне сенбеушілік қағидасын берік ұстанған Әбу-л-Хаир Ноғай ордасы мен Сібір жұртынан өзіне адал жауынгерлерді отбасыларымен Сыр бойына көшіріп алдыртып, билеген тағының ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қарастырады. Алайда, батыс пен солтүстіктен келген ноғайлы, қыпшақ, қоңырат тайпалары жергілікті халықпен жете араласып, ханға наразылардың тобын көбейте түседі. Әбу-л-Хаирға көңілі қалған қара халық Ұрыс ханның немерелері Керей мен Жәнібек сұлтандар төңірегіне күн санап топтаса бастады.

Әбу-л-Хаир ханның Ақ Ордадағы билігінің әлсіреуі 1457 жылы Үз Темір тайшы бастаған ойраттар шапқыншылығы кезінен асқына түседі. Бұл бұрынғы Шағатай ұлысы мен Юань (Құбылай) патшалығы арасында көшіп-қонып жүрген ойрат тайпаларының бір мемлекетке біріге бастаған кезеңі болатын.

Ойраттар 1457 жылдың жазында Үз Темір тайшының қолбасшылығымен батысқа жорыққа аттанады. Сол жылы Сырдария бойында Көккесене түбінде болған шайқаста Әбу-л-Хаир ханның ойраттардан ойсырай жеңілуі қарапайым халықтың көшпелі Өзбектер ұлысының билеушісіне деген сенімін күрт төмендетті. Дәл осы мезгілде Керей мен Жәнібек сұлтандардың және басқа да Ұрыс хан ұрпақтарының көңілінде үміт отын оятқан тағы бір оқиғаның басы көрінді. Әмір Темір мемлекетінің билігін қолына алған Әбу Сеид бірте-бірте ұлыс шекарасын қалпына келтіре бастаған еді. 1458 жылы Ақсақ Темір ұландары Хорасанға жорық жасап, мазасы кеткен аймақты қайтадан

Самарқандқа бағынуға мәжбүр етті. Жорық барысында Әбу Сейд Гератта Моғолстан ханы Есенбұғаның ағасы Жүніспен оңаша әңгімелесіп, одақ құруға сыр алысады. Бірнеше жыл әйгілі ғұлама Йездидің тәрбиесінде болып, ғылым-білім жолына түскен Жүніс бауыры Есенбұғамен қайта табысқанмен, Моғол мемлекетінің билігіне араласу оның ойына кіріп те шықпаған еді. Осы арада Жүніс сұлтанның дәрменімен Моғолстанды өз ұлысына қосып алуды көздеген Әбу Сейд оны Самарқандқа баруға үгіттейді. Келген бойда оның қарауына таңдаулы жасақтарын береді, ал інісі Есенбұға болса бұл жайсыз хабарды тез-ақ естиді, бірақ оны Ақсақ Темір ұрпақтарына арқа сүйеген ағасы Жүніске жалғыз өзінің шамасы жетпейтіні қатты ойландырып тастаса керек.



Ат үстіндегі қазақ.

Не істеу керек? Ұзақ толғаныстан кейін Есенбұға Әбу-л-Хаирмен араздасып жүрген, ал, Ақ Орданың кара халқының арасында үлкен беделге ие болып келе жатқан Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандарға сөз салуды мақсат етеді. Олай болса, өздерімен сыйластықта жүрген жергілікті тайпалармен бірге көшіп келіп, Моғолдар ұлысы мен Әмір Темір ұрпақтары мемлекеті аралығындағы бұрынғы өздерінің ата-баба қонысына ораламыз десе құба-құп, оларды неге қабылдамасқа деген ойға келеді, әрі Моғолстанның қажыр-қайраты артады, әрі басқыншылық әрекетінен ниетін бұра қоймаған самарқандықтардың жолына тосқауыл қояды (122, 9—16; 121, 9—74; 123, 37—47; 143, 10—56).

Есенбұғадан келген елшілердің ұсынысы Керей мен Жәнібек сұлтандарды да әжептәуір ойландырып тастайды. Ал Есенбұғаның сөзі олардың көңілдеріне қонғанмен, артында жатқан қитұрқы саясаттың қыр-сырлары да белгілі еді. Тек ханзадалардың өркөкірек батыл қимылдары ғана шешуші күш болуға тиіс. Алла Тағаланың бұйрығымен сол мезетте туындаған оқыс оқиға да себебін тигізбей қоймады. Жергілікті тайпалардың ұлдарына онша сене бермейтін Әбу-л-Хаир хан Ноғай ордасы мен Сібір хандығынан өзіне адал бектер мен батырларды шақырып, Ақ сарай төңірегіндегі жасақтарының қатарын толықтырып отыратынын айтқанбыз. Ханның Ноғай

Ордасынан шақырып, бас қолбасы дәрежесінде жүрген сенімді ссріктерінің бірі — қарақыпшақ Қобыланды батыр жергілікті Арғын тайпасының беделді бні Дайырқожаны (Ақжол би) оқыста мерт қылады. Бұл 1459 жылдың тамызында болған оқиға деп айтылады дерек-көздерде. Ардақты билерінің қазасы Арғын руының қарулы жігіттерінің ызасын туғызады, олар лезде көтеріліп, Әбу-л-Хаир ханға наразылығын ашық білдірген. Шұғыл өткізілген Хан кеңесінің шешімі қара халықтың көңілінен шықпады. Кеңесте қарақыпшақ Қобыландыдан Ақжол бидің құнын төлеуді талап еткен Арғын тайпасының талабы аяқсыз қалады. Тіпті, керісінше Әбу-л-Хаир Ұрыс ханның қос шөбересі Керей мен Жәнібек сұлтандарға бүлікті әдейі жасап отыр деп кінә таққысы да келді. Тағы бір қызығы, ханның маңындағы сенімді сарбаздарының күші Керей мен Жәнібек сұлтандардың айналасына топтасқан тайпалардың наразылығын басып-жаншуға жетпейтіні де байқалады. Сондықтан, Әбу-л-Хаир хан ордасы Сығанақ шаһарын қорғауды үлкен ұлы Шаһбұтаққа тапсырады да, өзі аз ғана қолмен күш жинап қайтуға Ноғай ордасына жүріп кетеді. Ал, Хан кеңесінің шешіміне риза болмаған қара халық дүр көтеріліп, лезде Сығанақ қаласын қоршап алады. Оларды қуып тастауға шыққан Шаһбұтақ жасақтары мен көтерілісшілер арасында елеулі қақтығыстар басталып, Әбу-л-Хаирдың ұлы Шаһбұтақ ойда жоқта қазаға ұшырайды. Оқиғаның бұлай сипат алуы жергілікті халықтың билерін тығырыққа тірейді. Тағыда, не істеу керек?— деген сұрақ туады. Ауыл ақсақалдары Хан кеңесінен кейін жайлауда жүген Керей мен Жәнібекке жаушы жібереді. Алғашында, Шаһбұтақ ханзаданың қазасын естіп, Керей мен Жәнібек те абдырап қалады. Тұңғышының қазасы үшін Әбу-л-Хаир хан жергілікті ру басшыларын да, бұларды да аман қалдырмайтынын сезеді. Енді, не істеу керек? Қалыптасқан жағдайды саралай келе Ұрыс ханның немерелері шұғыл шешім қабылдайды: дереу Моғолстанның ханы Есенбұғаға елші жіберуге уәдеседі. Моғолстанның ханы бұрынғы уәдесінде тұрып, жайлы қоныс берсе, өздеріне үмітпен қарап отырған халықты бастап, Моғолстан аумағына көшкенді жөн көреді. Қазақ елшілігін бастап Керей сұлтанның ұлы Бұрындық (кейбір деректерде Мұрындық — А.Қ.) аттанады, Керей мен Жәнібек тоқыраған жұртты ата-баба қонысына көшірудің қамына қызу кіріседі.

Көп кешікпей елшілікке кеткен Бұрындық сұлтаннан да хабар келді:

Есенбұға уәдесінде, Талас өзенінің бойынан Балқашқа дейінгі аумақты (қазіргі Жамбыл облысы) Ақ Ордадан көшіп келетін жұртқа

беруге келіскен. Моғолстан ханының би, батырлары кошкен жұртты Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы жотасында сән-салтанатымен қарсы алмақшы.

Сыр өңірі мен Қаратаудың батыс етегінен бастау алған ұлан-ғайыр көш бірер айға созылса керек. Жүк тиелген түйелер, күймелі арба сүйреген өгіздер, атты-жаяу халық таңның атысынан күн батқанға шейін шығысқа қарай ағылып, бұлақты-шалғынды жерлерде аялдап, қазан-қараша айларында құтты қоныстарына жеткен екен дейді. Сөйтіп, 1459 жылдың қоңыр күзінде Шу — Қордай өңірінде, болашақта Ертістен Еділге дейін, Сібірден Қызылқұмға дейінгі алып аймақты бауырына басқан, Қазақ хандығының іргетасы қаланған деп сыр шертеді Қазақстанның зиялы қауымы (143, 42—56). Кейбір дереккөздер қазақ халқының Қозбасы аймағына көшіп келу кезеңін 1456, 1459, 1460 жыл деп көрсетеді (156, 16). Осыларды негізге алып, Қазақ хандығының құрылу және даму кезеңдерін көркем әдебиетте шебер суреттеген халық жазушысы Ілияс Есенберлиннің “Алтын Орда” және “Көшпенділер” шығармаларындағы бас кейіпкерлердің қаракеттерімен ұштасып жатқанын айту да парыз (157, 6—294; 158, 435 —524).

Әйтсе де, Мемлекет құрылымы — күрделі жүйе. Ондағы биліктің барлық салалары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара қарекет еткенде ғана аяғы нәтиже береді. Оған күн шығыстағы көршіміздің үш мың жылдық тарихы дәлел. Осы уақыт ішінде қытайлықтар жерін кеңітіп, мемлекеттілігін нығайтумен келеді. Ресей соңғы мыңжылдықта территориясын тоқсан есе ұлғайтқаны белгілі...

Міне осындай, философиялық жетік ойды жадында ұстаған да-нышпан бабаларымыз — Ұрыс ханның екі ұрпағы — Болат сұлтанның ұлы Керей мен Барақ ханның ұлы Жәнібек сұлтан Шайбан ұрпағы Әбу-л-Хаирдан атқұйрығын кесісіп, жеке бөлініп кетті де, келешекте Ұлы жүз құрамына түгел енетін, Әмір Темірдің ұрпақтары Моғолстан деп ат қойған ұлыстың батыс жағына келіп қоныстанды. Моғолстан билеушісі Есенбұға уәдесінде тұрып, оларды құшақ жая қарсы алады. Оның тағы бір жағымды жағы, Моғолстан ханына шығысындағы жоңғарларға, батысындағы Әбу-л-Хаирға қарсы тосқауыл қою қаракетімен ұштасуы еді. Жаңа Орда Шудың бойындағы Қозыбасыда уығын шанышты, керегесін керді, шаңырағын көтерді. Бұл қазіргі Балқаш көлі мен Қордай ауданының арасы (156, 16). “Қазақ хандығы” деген тарихат жосығы, міне, осы кезден басталды. Ағайынды Керей мен Жәнібек екеуінің алғашқы хандық құруы 1469—1480 жылдардың арасын қамтиды. Ал “қазақ” сөзінің тууы, ол ұғым-

ғұлама ғалым, атақты Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбек Хорасаннан оралған бойда, 1449 жылдың 27 қазанында өз ұлы Абдуллатифтің опасыздығынан қаныда көз жұмады. Абдуллатифке де, одан кейінгі Абдоллаға да тағдыр Самарқанд тағында бір-бір жыл ғана отыруды жазыпты. Тек, 1452 жылы таққа Абу Сеид келгеннен кейін ғана Әмір Темір ұрпақтары күш ала бастады.

Сығанақ шаһарын астана етіп, Жайықтан Қаратауға дейінгі сайын даланы емін-еркін иемденген көшпенді Озбектер мемлекеті алауыздықтың салдарынан бірте-бірте құлдырау жолына аяқ басты. Мемлекеттің күйреуіне Әбу-л-Хаир ханның жеке басындағы кемшілігі, айналасындағыларға күдікпен қарауы да себеп болса керек. Ақ Орда аумағы ежелден Орда Ежен ұрпақтарының иелігі және ата қонысы болып келгені тарихнамадан белгілі. Жергілікті тайпалар арасында, әсіресе, Ұрыс хан бабасының есімін пір тұтатындықтан, Әбу-л-Хаир хан есебін тауып одан өрбіген сұлтандардың көзін жоюды мақсат етеді. Мұның өзі жергілікті халықтың Кок Ордадан келген Шайбан ұрпағына деген сенімсіздігін арттырды. Жергілікті тайпалардың өкілдеріне сенбеушілік қағидасын берік ұстанған Әбу-л-Хаир Ноғай ордасы мен Сібір жұртынан өзіне адал жауынгерлерді отбасыларымен Сыр бойына көшіріп алдыртып, билеген тағының ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қарастырады. Алайда, батыс пен солтүстіктен келген ноғайлы, қыпшақ, қоңырат тайпалары жергілікті халықпен жете араласып, ханға наразылардың тобын көбейте түседі. Әбу-л-Хаирға көңілі қалған қара халық Ұрыс ханның немерелері Керей мен Жәнібек сұлтандар төңірегіне күн санап топтаса бастады.

Әбу-л-Хаир ханның Ақ Ордадағы билігінің әлсіреуі 1457 жылы Үз Темір тайшы бастаған ойраттар шапқыншылығы кезінен асқына түседі. Бұл бұрынғы Шағатай ұлысы мен Юань (Құбылай) патшалығы арасында көшіп-қонып жүрген ойрат тайпаларының бір мемлекетке біріге бастаған кезеңі болатын.

Ойраттар 1457 жылдың жазында Үз Темір тайшының қолбасшылығымен батысқа жорыққа аттанады. Сол жылы Сырдария бойында Көккесене түбінде болған шайқаста Әбу-л-Хаир ханның ойраттардан ойсырай жеңілуі қарапайым халықтың көшпелі Озбектер ұлысының билеушісіне деген сенімін күрт төмендетті. Дәл осы мезгілде Керей мен Жәнібек сұлтандардың және басқа да Ұрыс хан ұрпақтарының көңілінде үміт отын оятқан тағы бір оқиғаның басы көрінді. Әмір Темір мемлекетінің билігін қолына алған Әбу Сеид бірте-бірте ұлыс шекарасын қалпына келтіре бастаған еді. 1458 жылы Ақсақ Темір ұландары Хорасанға жорық жасап, мазасы кеткен аймақты қайтадан

Самарқандқа бағынуға мәжбүр етті. Жорық барысында Әбу Сейд Гератта Моғолстан ханы Есенбұғаның ағасы Жүніспен оңаша әңгімелесіп, одақ құруға сыр алысады. Бірнеше жыл әйгілі ғұлама Йсзидін тәрбиесінде болып, ғылым-білім жолына түскен Жүніс бауыры Есенбұғамен қайта табысқанмен. Моғол мемлекетінің билігіне араласу оның ойына кіріп те шықпаған еді. Осы арада Жүніс сұлтанның дәрменімен Моғолстанды өз ұлысына қосып алуды көздеген Әбу Сейд оны Самарқандқа баруға үгіттейді. Келген бойда оның қарауына таңдаулы жасақтарын береді, ал інісі Есенбұға болса бұл жайсыз хабарды тез-ақ естиді, бірақ оны Ақсақ Темір ұрпақтарына арқа сүйеген ағасы Жүніске жалғыз өзінің шамасы жетпейтіні қатты ойландырып тастаса керек. Не істеу керек? Ұзақ толғаныстан кейін Есенбұға Әбу-л-Хаирмен араздасып жүрген, ал, Ақ Орданың қара халқының арасында үлкен беделге ие болып келе жатқан Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандарға сөз салуды мақсат етеді. Олай болса, өздерімен сыйластықта жүрген жергілікті тайпалармен бірге көшіп келіп, Моғолдар ұлысы мен Әмір Темір ұрпақтары мемлекеті аралығындағы бұрынғы өздерінің ата-баба қонысына ораламыз десе құба-құп, оларды неге қабылдамасқа деген ойға келеді, әрі Моғолстанның қажыр-қайраты артады, әрі басқыншылық әрекетінен ниетін бұра қоймаған самарқандықтардың жолына тосқауыл қояды (122, 9—16; 121, 9—74; 123, 37—47; 143, 10—56).



Ат үстіндегі қазақ.

Есенбұғадан келген елшілердің ұсынысы Керей мен Жәнібек сұлтандарды да әжептәуір ойландырып тастайды. Ал Есенбұғаның сөзі олардың көңілдеріне қонғанмен, артында жатқан китүрқы саясаттың қыр-сырлары да белгілі еді. Тек ханзадалардың өркөкірек батыл қимылдары ғана шешуші күш болуға тиіс. Алла Тағаланың бұйрығымен сол мезетте туындаған оқыс оқиға да себебін тигізбей қоймады. Жергілікті тайпалардың ұландарына онша сене бермейтін Әбу-л-Хаир хан Ноғай ордасы мен Сібір хандығынан өзіне адал бектер мен батырларды шақырып, Ақ сарай төңірегіндегі жасақтарының қатарын толықтырып отыратынын айтқанбыз. Ханның Ноғай

Ордасынан шақырып, бас қолбасы дәрежесінде жүрген сенімді серіктерінің бірі — қарақыпшақ Қобыланды батыр жергілікті Арғын тайпасының беделді бні Дайырқожаны (Ақжол би) оқыста мерт қылады. Бұл 1459 жылдың тамызында болған оқиға деп айтылады дерек-көздерде. Ардақты билерінің қазасы Арғын руының қарулы жігіттерінің ызасын туғызады, олар лезде көтеріліп, Әбу-л-Хаир ханға наразылығын ашық білдірген. Шұғыл өткізілген Хан кеңесінің шешімі қара халықтың көңілінен шықпады. Кеңесте қарақыпшақ Қобыландыдан Ақжол бидің құнын төлеуді талап еткен Арғын тайпасының талабы аяқсыз қалады. Тіпті, керісінше Әбу-л-Хаир Ұрыс ханның қос шөбересі Керей мен Жәнібек сұлтандарға бүлікті әдейі жасап отыр деп кінә таққысы да келді. Тағы бір қызығы, ханның маңындағы сенімді сарбаздарының күші Керей мен Жәнібек сұлтандардың айналасына топтасқан тайпалардың наразылығын басып-жаншуға жетпейтіні де байқалады. Сондықтан, Әбу-л-Хаир хан ордасы Сығанақ шаһарын қорғауды үлкен ұлы Шаһбұтаққа тапсырады да, өзі аз ғана қолмен күш жинап қайтуға Ноғай ордасына жүріп кетеді. Ал, Хан кеңесінің шешіміне риза болмаған қара халық дүр көтеріліп, лезде Сығанақ қаласын қоршап алады. Оларды қуып тастауға шыққан Шаһбұтақ жасақтары мен көтерілісшілер арасында елеулі қақтығыстар басталып, Әбу-л-Хаирдың ұлы Шаһбұтақ ойда жоқта қазаға ұшырайды. Оқиғаның бұлай сипат алуы жергілікті халықтың билерін тығырыққа тірейді. Тағыда, не істеу керек?— деген сұрақ туады. Ауыл ақсақалдары Хан кеңесінен кейін жайлауда жүген Керей мен Жәнібекке жаушы жібереді. Алғашында, Шаһбұтақ ханзаданың қазасын естіп, Керей мен Жәнібек те абдырап қалады. Тұңғышының қазасы үшін Әбу-л-Хаир хан жергілікті ру басшыларын да, бұларды да аман қалдырмайтынын сезеді. Енді, не істеу керек? Қалыптасқан жағдайды саралай келе Ұрыс ханның немерелері шұғыл шешім қабылдайды: дереу Моғолстанның ханы Есенбұғаға елші жіберуге уәждеседі. Моғолстанның ханы бұрынғы уәдесінде тұрып, жайлы қоныс берсе, өздеріне үмітпен қарап отырған халықты бастап, Моғолстан аумағына көшкенді жөн көреді. Қазақ елшілігін бастап Керей сұлтанның ұлы Бұрындық (кейбір деректерде Мұрындық — А.Қ.) аттанады, Керей мен Жәнібек тоқыраған жұртты ата-баба қонысына көшірудің қамына қызу кіріседі.

Көп кешікпей елшілікке кеткен Бұрындық сұлтаннан да хабар келді:


Есенбұға уәдесінде, Талас өзенінің бойынан Балқашқа дейінгі аумақты (қазіргі Жамбыл облысы) Ақ Ордадан көшіп келетін жұртқа

беруге келіскен. Моғолстан ханының би, батырлары көшкен жұртты Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы жотасында сән-салтанатымен қарсы алмақшы.

Сыр өңірі мен Қаратаудың батыс етегінен бастау алған ұлан-ғайыр көш бірер айға созылса керек. Жүк тиелген түйелер, күймелі арба сүйреген өгіздер, атты-жаяу халық таңның атысынан күн батқанға шейін шығысқа қарай ағылып, бұлақты-шалғынды жерлерде аялдап, қазан-қараша айларында құтты қоныстарына жеткен екен дейді. Сөйтіп, 1459 жылдың қоңыр күзінде Шу — Қордай өңірінде, болашақта Ертістен Еділге дейін, Сібірден Қызылқұмға дейінгі алып аймақты бауырына басқан, Қазақ хандығының іргетасы қаланған деп сыр шертеді Қазақстанның зиялы қауымы (143, 42—56). Кейбір дереккөздер қазақ халқының Қозбасы аймағына көшіп келу кезеңін 1456, 1459, 1460 жыл деп көрсетеді (156, 16). Осыларды негізге алып, Қазақ хандығының құрылу және даму кезеңдерін көркем әдебиетте шебер суреттеген халық жазушысы Лияс Есенберлиннің “Алтын Орда” және “Көшпенділер” шығармаларындағы бас кейіпкерлердің қаракеттерімен ұштасып жатқанын айту да парыз (157, 6—294; 158, 435 —524).

Әйтсе де, Мемлекет құрылымы — күрделі жүйе. Ондағы биліктің барлық салалары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара қарекет еткенде ғана аяғы нәтиже береді. Оған күн шығыстағы көршіміздің үш мың жылдық тарихы дәлел. Осы уақыт ішінде қытайлықтар жерін кеңітіп, мемлекеттілігін нығайтумен келеді. Ресей соңғы мыңжылдықта территориясын тоқсан есе ұлғайтқаны белгілі...

Міне осындай, философиялық жетік ойды жадында ұстаған да-нышпан бабаларымыз — Ұрыс ханның екі ұрпағы — Болат сұлтанның ұлы Керей мен Барақ ханның ұлы Жәнібек сұлтан Шайбан ұрпағы Әбу-л-Хаирдан атқұйрығын кесісіп, жеке бөлініп кетті де, келешекте Ұлы жүз құрамына түгел енетін, Әмір Темірдің ұрпақтары Моғолстан деп ат қойған ұлыстың батыс жағына келіп қоныстанды. Моғолстан билеушісі Есенбұға уәдесінде тұрып, оларды күшпен қарсы алады. Оның тағы бір жағымды жағы, Моғолстан ханына шығысындағы жоңғарларға, батысындағы Әбу-л-Хаирға қарсы тосқауыл қою қаракетімен ұштасуы еді. Жаңа Орда Шудың бойындағы Қозыбасыда уығын шанышты, керегесін керді, шаңырағын көтерді. Бұл қазіргі Балқаш көлі мен Қордай ауданының арасы (156, 16). “Қазақ хандығы” деген тарихат жосығы, міне, осы кезден басталды. Ағайынды Керей мен Жәнібек екеуінің алғашқы хандық құруы 1469—1480 жылдардың арасын қамтиды. Ал “қазақ” сөзінің тууы, ол ұғым-



Киіз үйдің ішкі көрінісі. Фотосурет автордікі. 2007 ж.

ның парсы тілінің сөздік қорына атам заманнан енуі, одан әрі дала-лықтар тілінде қайтадан түлеуі екі мың жылдың шамасы.

Осы арада, бірнеше ескерге кететін жайттар бар. Оған зерттеушілер мән бермегендей үнемі сырт айналып кетіп отырады. Тіпті, солай екен-ау дейтін пікірді тарихи дереккөздерден де кездестіре алмаймыз. Айталық, Керей мен Жәнібек сұлтандар (Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде “Керей хан, Жәнібек сұлтан” деп көрсетілген) Қазақ Ордасын тікті дейік. Сонда, күллі қазақ жұрты Қозыбасы жотасына сыйып отырды дегенге кім сенеді? Көшпелі елдің малы сондай шектеулі жерге сия ма? Қалай десек те, Қазақ Ордасының негізін салған көшпенді екі жүз мың халық шағын жерге сыйды деген көңілге ұнамсыз.

Енді бір қызығы, осынау тарихи деректерді шолып отырсаң біздің жерімізді жайлаған халықтардың жеңісі, әлде бір даңқты істері айтыла калса, иесі басқалар болып шыға келеді де, ал жеңіліс, жағымсыз хабарлар тұсында олар “көшпелілер, қазақтар еді” делінеді. Сондай-ақ, Қазақ хандығы құрылған тұстағы картаны қараңыз (әрине, карта біздің заманымызда жасалған) қазақтар бармақ басындай жерге үйлыққан деп көрсетілген. Сол секіллі Еділ, Солтүстік Кавказ, Дон, Қырым

әлі де түркі тілдес халықтардың мекені бола тұрса да, олар көрсетілмей, Русь мемлекеті деп үстінен бір-ақ тартылады. Ал ноғайларды Жайық, Жем, Сағыз бойларымен шығысқа қарай ығыстырады. Шынтауайтында, ноғайлар қанша бөлшектенді, қырғынға ұшырады, азайды десек те, Түркияға (Қырымынан) көшкен бірқатарын есептемегенде, өздерінің атамекендерінде тұрақтап қалды. Олар, қазір де, Ресейдің Астрахан облысында (қара ноғайлар), Оңтүстік Дағыстанда, Ставрополь өлкесінде, Солтүстік Қырымда қоныс теуіп отыр, яғни ата мекенінде қалған солардың ұрпақтары. Олай болса, картада неге оларды шығысқа қарай, қазақ жеріне ығыстырады. Бұл да әділетсіздіктің бір қыры іспетті.

Дәл сол Керей мен Жәнібек сұлтандар Орда тігіп жатқан тұста Ибақ хандығы Аралдың теріскейінен арқа жерін түгел алып жатыр еді. Әбу-л-Хаирдың екі немересі (біреуі атақты Мұхаммед Шайбан хан) Астрахан ханы (Алтын Орданың соңғы ханы деп те айтылады — А.Қ.) Қасымның ордасына барып паналағаны тарихнамада жазылған. Осы ханның тұқымдарын күртпаққа Астраханға қарсы Ибақ хан шабуыл жасаған еді. Орыстың ғұламасы Н.М.Карамзин жазған “Россия мемлекетінің тарихында”: “Ибақ хан өзінің қазақтарымен Қасым ханға шабуыл жасады” деп көрсетіледі. Бұл, біріншіден, қазақ халқы Қозыбасыда Орда тіккенге дейін де халық санатында бар екенін көрсететін нақты мәлімет. Екіншіден, Ибақ ханның өзі де, жері де қазақ халқына тиесілі екендігін бұлтартпайтын дәлел болса керек.

Әлгі келтірілген дерекнамалар осындай бұрмалануға байланысты айтылып отыр. Қазақ хандығының құрамына енген тайпалардың бәрі бірдей ол кезде Керей мен Жәнібектің қасында болған жоқ, Әбу-л-Хаир хандығына да (Өзбек хандығы) бір тобы енді. Мәселен, күллі Ұлы жүз рулары Жетісу аймағына, бұрынғы өздерінің ата-бабасының мекеніне қонды, ол сонау біздің дәуірімізден бұрын аты белгілі болған Үйсін, Қаңлы, Дулат тайпалары, келешекте олардың мемлекеттерінің аты ғана өзгертілді, ал халық болса ата қонысында, өз жерінде тұрып жатты.

Енді, көп уақыттан бері тарихшылар мен зерттеуші-ғалымдардың арасында талас туғызып, шешімі табылмай келе жатқан жайттардың бірі қазақ хандарының төл атасы Ұрыс хан Жошының қай ұлынан бастау алатындығы хақында. Ұрыс ханның шығу тегі жөнінде тарихнамада екі топқа жіктелетін дереккөздер ұшырасады. Бірінші топтағы мәліметтер бойынша Ұрыс Жошы ханның он үшінші баласы Тоқай Темірдің тұқымы. Екінші бағыттағы деректерге жүгінсек, онда

қазақ хандарының ата-тегі Жошының тұңғыш ұлы Орда Еженнен тарайды. Олай десек, Ұрыс хан Жошының кіндігінен тарайтын тоғызыншы ұрпағы болмақшы (27, 243; 126, 264; 120, 339).

Қолда бар деректерді пайдаланып, қазақ хандары бастау алатын Ұрыс ханның ата-тегі жөніндегі сан-алуан пікірді әйгілі шығыстанушы, профессор Т.И. Сұлтанов мынадай екі топқа бөледі. Ғалым бірінші топқа қатысты мәліметті мынадай деректерден алғанын айтады.

Ақсақ Темірдің ұлы Шаһрухтың тапсырмасымен аты-жөні белгісіз автордың жазған “Му’изз әл-ансаб” (1426 жылы жазылған) бойынша, Ұрыс ханның ата-тегінің шежіресі былай келтіріледі:

Ұрыс хан, ол Бадақтың ұлы, ол Темір Қожаның ұлы, ол Бактұқанның ұлы, ол Ашықтың ұлы, ол Орнықташаның ұлы, ол Тоқай Темірдің ұлы.

Ал, Орта Азияда шамамен 1504 жылы дүниеге келген “Тауарих-и гузида-и Нусрат-намеде”:

Ұрыс хан — Бадақтың ұлы, ол Қожаның ұлы, ол Өз Темірдің ұлы, ол Тоқа Темірдің ұлы.

Хиуа ханы Әблғазы (1603—1664) “Түрік шежіресінде” былай көрсетеді:

Ұрыс хан — Бадақұлдың ұлы, ол Қожаның ұлы, ол Өз Темірдің ұлы, ол Тоқай Темірдің ұлы.

Осыған ұқсас мағлұматтарды XVI ғ. авторы Өтеміс қажы “Шыңғыс-намеде” және XVII ғ. тарихшысы Махмұд ибн Уәли “Бахр әл-асрар фи манакиб ал-ахийарда” береді (126, 264—265).

Ғалымның талдаған екінші бағыттағы мағлұматтары мына шығармаларға сүйенеді.

Му’ин әд-Дин Натанзидің (1413—1414 ж.) “Мунтахаб ат-тауарих-и Му’ини”, немесе “Ескендір анонимі” атты еңбегінде:

Ұрыс хан — Шымтайдың ұлы, ол Ерзеннің ұлы, ол Сасы Бұқаның ұлы, ол Нұқайдың ұлы, ол Құлидың ұлы, ол Орданың ұлы.

Ал, Қазі Ахмед ибн Мұхаммед Ғаффаридің (шамамен 1564—1565 жылы жазған) шығармасы “Нусах-и жаханарада”:

Ұрыс хан — Шымтайдың ұлы, ол Ерзеннің ұлы, ол Сасы Бұқаның ұлы, ол Нұқайдың ұлы, ол Құлидың ұлы, ол Орданың ұлы. Бұл әлгіде айтылған Му’ин әд-Дин Натанзидің мәліметтерімен бірдей.

Хайдар ибн Әли Хусейн Разидың (1611—1619 жылдары) жазған еңбегі “Тарих-и Хайдари” бойынша:

Ұрыс хан — Жиджайдың (Шымбайдың) ұлы, ол Ебдереннің (Ерзеннің) ұлы, ол Сасы Бұқаның ұлы, ол Мұңқайдың ұлы, ол Бұқайдың ұлы, ол Құлидың ұлы, ол Орданың ұлы. Бұл мағлұматтың да



Қазактың қонақасы дастарханы.

түбі жоғарыдағы “Мунтахаб ат-тауарихтағы” көрсетілген деректермен сабақтас.

Ал енді осы айтылған қилы-қилы мәліметтерді саралай келе Т.И. Сұлтанов атакты парсы тарихшысы Рашид ад-Дин мен “Ескендір анонимі” дерекнамаларына ден қояды. Олар бойынша Ұрыс ханның ата-тегі Сасы Бұқа (немесе Саты-Бұқа) Баянның екінші ұлы, ол Қоныштың ұлы, ол Сартақтайдың ұлы, ол Орданың ұлы, ол Жошының ұлы, ол Шыңғыс ханның ұлы, — деп ғалым ойын тұжырымдайды (126, 264—266).

Одан әрі тарихшы ойын жинақтап, шындығында, қай шығармадағы деректер дұрыс: мұсылман авторлары көрсеткен — Ұрыс хан Орда Еженнің тұқымы ма, әлде Тоқай Темірдің ұрпағы ма, деген күдіктерін жасырмайды?! Т.И.Сұлтановтың айтуынша, шығарма авторлары мәліметтерді қайдан алғанын жазбайды. Бұл шешілмесе, қазақ хандарының тегі Жошының қай ұрпағы екенін анықтау қиын, ал ол деген ата-бабаға жасалған кешірілмес күнә. Қолдағы дереккөздерге

жүгініп, күрделі жұмбақтың шешуін Жошы ханның екі ұлы — Орда Ежен мен Тоқай Темірдің төңірегiнен іздеу жөн болар, деген пікірді қолдамақпыз.

Тоқай Темір, Рашид ад-Диннің айтуынша Жошы ханның онүшінші ұлы, ал Махмұд ибн Уәлидің мәлімдеуінше, ол Жошы ханның төртінші баласы. “Му’изз әл-ансабтың” баяндауында Тоқай Темірдің шешесі тұтқынға түскен Меркіт руының қызы, аты Қағри. Тағы бір мәліметтерден белгілісі, 1229 жылы Бату Қарақорымдағы Өгедейді Ұлы хандыққа сайлау жөніндегі құрылтайға жүрерде ұлысты уақытша басқаруды інісі Тоқай Темірге тапсырады. Мұнымен қатар, Тоқай Темір 1236—1242 жылдары Батудың қолбасшылығымен Еуропа елдерін жаулап алуға бастан аяқ қатысады және осы еңбегі үшін Батудың көзіне түсіп, өзіне тандаулы жасақ пен жер үлесін алды. Оған үлеске Солтүстік Кавказдағы асылардың мекені мен қазіргі Маңғыстау аймағы түгелдей тиген. Сонымен бірге, Батудың және оның мұрагерлерінің ұйғаруымен Тоқай Темір мен оның ұрпақтары Қажы Тархан хандығы, Кафа және Қырым уәлаяттарын қоса билеген. Тоқай Темір 1246 және 1251 жылдары Моңғолиядағы құрылтайға қатысып, Күйікті, Мөңкені қағандыққа сайлағандардың қатарында болды. Әбілғазының шежіресіне сенсек, Тоқай Темір Алтын Орда ханы, інісі Беркенің ықпалымен Ислам дінін қабылдаған. Балх шаһарының тарихшысы Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асар” (XVII ғ.) шығармасында көрсетілгендей Тоқай Темірдің ұрпақтары Қырым, Астархан, Бұқар хандықтарын билеген, соған сәйкес олар “хан оғлы” немесе “хан ұлдары” деген дәрежемен өмір сүрген. Жоғарыда айтылған деректерден байқалатыны Тоқай Темір ұрпақтарының Қазақ хандарының ата-тегіне қатысы жоқ секілді.

Енді, бірер ауыз сөз Орда Ежен (кейбір дерекнамаларда Орда, Хорду, Ичен — *А.Қ.*) ұрпақтары төңірегінде. Рашид ад-Диннің “Жылнамалар жинағында” Орда Еженді Жошы ханның тұңғыш ұлы деп берілген, ол Жошының бәйбішесі Қоңырат қызы Сартақтан туады. Жошының осы әйелі ханның көзі тірісінде де, ол өлгеннен соң да Ордадағы құрметті адамдардың қатарында өмір кешті. Орда Ежен болса өзіне өкшелес інісі Батуды әкесі Жошының орнына хан тағына отыруына тілектестік білдіріп, көмегін аямады. Сондықтан, — дейді Рашид ад-Дин, — Ұлы қаған Мөңке өзінің Бату ханға жарлықтарында әр кезде Орданың атын Батудан бұрын қойып отырды (8, 66). Италияндық жиһангер Плато Карпини Шыңғыс империясына сапарындағы күнделігінде Орда Еженнің хандығы арқылы жүргенін, оның Алақолдің бойында екенін жазалы. Онда мынадай сөздер бар: “Бұл

жерде Батудың ағасы Орда тұралы, ол барлық татар хандарының атақтысы. Ол жерде әкесінің де ордасы бар, оны әкесінің бір әйелі билейді” (180, 95). Әрі қарай, моңғол ханзадаларының тізімінде Жошы ұлдары жөнінде былай айтылады: “Ал бұл Баты өзі бағынуға міндетті ұлы қағаннан өзге Татар князьдарының ішіндегі құдыреттілердің бірі екен”, — дейді (180, 91; 11, 424—425). Плано Карпинидің саяхаты кезінде (1246 жылы) Орда Ежен моңғол ханзадаларының жасы үлкені болған (126, 268). Оған “Ежен” атының берілуі де оның ұлыстағы орнын көрсетеді. Мәселен, “Ежен” моңғолдардың ұғымында “шаңырақ иесі”, “иелік етуші”, осылай деп олар үйдің кенже ұлын атаған, ал ресейлік түріктанушы А.П.Григорьевтің пайымдауынша, үйдегі төртінші ұл “шаңырақ иесі” атанған. Ол дәстүр бойынша әкесінің қара шаңырағын ұстаған және оның мұрагері ретінде мал-мүлкін иемденген (181, 60—62). Осыған орай, Орда Еженнің ата-баба салтымен қара шаңыраққа иелік ете алмайтынын ескеріп, мынаны түсіндіре кетейік. Біріншіден, “Ежен” атағы ұл туған кезде емес, кейінірек берілетіні хақ. Екіншіден, түрлі табиғи құбылыстарға байланысты шаңырақтағы кенже немесе төртінші ұлдың қаза табуы, ауру-сырқауға ұшырауы, тұтқынға түсуіне байланысты “ежен” атағы бөтен баласына берілуі әбден мүмкін. Ал, кейбір жағдайларда бір әкеден туған ұлдардың, шешесінің бөлек болуына байланысты үлкені-кішісі анасының орнымен де (бәйбіше, тоқал, күн) анықталып отырған. Мәселен, Шыңғыс ханның інісі Отшығынның әр әйелден туған 80 ұлы, тұңғышы Жошы ханның 40-тан астам ұлы болғаны мәлім. Сондықтан, ұлдардың “шаңырақ иесі”, немесе “мүлікке иелік етуші” болуы әр түрлі жағдайларға байланысты өзгеріп тұруы табиғи заңдылық. Олай болса, Жошының үлкен ұлы Ордаға қосымша “ежен” атының тағылуы және оның Орда Ежен аталуы моңғолдардың ата-баба дәстүріне қайшы болмаған сияқты.

Орда Ежен әкесі Жошы (1227 ж.) өлгеннен кейін, Ертістің жоғары сағасындағы (Алакөл маңы) жұртына иелік етті, оның тұрағы “Көк Орда” атымен Орда Еженнің қол астына қарады. Мұнымен бірге, Орда Еженнің қарауына атасы Шыңғыс ханның Жошыға бөлген төрт мың жасағы да өтті. Оның төрт мың жасағы, XIV ғ. тарихшысы Вассафтың айтуынша, келешекте бір түменге (он мың әскер) жетеді. Орда ежен Батудың жеті жылдық Русь және Шығыс Еуропаға (1236—1242 ж.) жорықтарына қатысты, 1246 жылы Шыңғыс хан империясындағы ұлы құрылтайға барып, Күйікті қағандыққа сайлады. Стэнли Лэн-Пульдің “Мұсылман ұрпақтары” (1899 ж.) атты белгілі анықтамасы мен К.Э. Босворттың осылай аталатын еңбегінде (1967 ж.) Орда


Еженнің өлген жылы (1280 ж. деп, қате көрсетілген (182, 3—152). Шындығында, Орда Ежен 1246—1251 жылдар аралығында өлгенге ұқсайды, ойғкені, 1251 жылы оның мұрагері төртінші ұлы Күнқыранның ұлысқа иелік еткені жазба деректерден белгілі. XIII ғ. екінші жартысында Орда Ежен ұлысының яғни Көк Орданың орталығы Алакөл аймағынан Сырдарияның бойына көшірілген. Күнқыранның кейін, оның өз кіндігінен ұлы болмағандықтан, Көк Орда тағын Орда Еженнің үлкен ұлы Сартақтайдың баласы Қоныш (кейбір деректерде Құйыншы — А.Қ.) хан биледі. Ол өлген соң Қоныштың тұңғышы Баян хан сайланады (126, 269).

Осы кезден бастап, Жошы ұлысындағы Сырдарияның оң жақ бетіндегі жерлер ауытқымастан Орда Ежен ұрпақтарының иелігіне өтіп отырды. Бұның өзі Ұрыс ханның атамекені және одан тараған үрім-бұтағы орныққан жері екенін даусыз аңғартады. Осы арадан, яғни Сырдың ортаңғы және төменгі сағаларынан XIV ғ. Орда Ежен тұқымдары Еділдің төменгі жағындағы жерлерге жорық ұйымдастырып, өздерінің бақталастарын тыпырлатпай ұстады, ал сәті түскенде Алтын Орданың тағына отырып, уақытша билік жүргізген кездері де бар. Бірақ олар ата-баба қонысынан аттамай, Еженнің мекеніне қайта оралып, Сыр бойындағы шаһарлардан айырылмады.

Осыдан, зерттеушілер мынадай қорытындыға келеді: Ұрыс хан Орда Еженнің ұрпағы, ол Жошының тұңғышы, ол Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы. Аталмыш ғалымдар қазақ хандарының арғы ата-тегін былай таратады: Ұрыс хан — Шымтайдың ұлы, ол Ерзеннің ұлы, ол Сасы Бұканың ұлы, ол Баянның ұлы, ол Қоныштың ұлы, ол Сартақтайдың ұлы, ол Орда Еженнің ұлы, ол Жошының ұлы, ол Шыңғыс ханның ұлы. Бұл деректерді белгілі Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтанов ғылыми еңбектерінде аса білгірлікпен сараптап, осы пікірді қолдайды (126, 262—282; 124, 137—145). Бұған пәлендей алып-қосарымыз жоқ.

Ғалымның айтуынша, Ұрыс ханның өз кіндігінен өрбіген сегіз ұлы және көп ұрпақтары болған. Оның сегіз ұлының тұңғышы Тоқтақиядан Әніке Болат сұлтан, одан Қазақ Ордасының алғашқы ханы Керей сұлтан туады. Ұрыс ханның сегізінші ұлы — кенжесі Құйыршақтан (кейбір деректерде Құйыршық — А.Қ.) Барақ хан, одан қазақтың алғашқы екі ханының бірі Жәнібек (шын аты Әбу Сейд) сұлтан.

Қазақстанның көрнекті тарихшысы, профессор Зардыхан Қинаятұлы Ұрыс ханның ата-тегін және одан тараған үрім-бұтағын Кенесары ханға дейін таратып, кесте түрінде береді, ол төмендегідей (120, 339—340).



Тағы бір ойға сала кететін нәрсе, зерттеуші ғалымдардың әрқилы айтып жүргені, бірақ сол кезең үшін аса қажетті дерек — ол алғашқы да Қазақ хандығының тағына Жәнібек отырады ма, әлде Керей отырды ма? — деген сұраудың жауабы. Тарихнамада көбіне екеуі қатар аталып жүр. Бірсыпыра ғалымдар “әз-Жәнібек” деп оны алға шығарып айтатындары да бар. Әз-Жәнібек қазақтың тұңғыш екі ханының бірі (Алтын Ордада хандық құрған Өзбек ханның ұлы Жәнібек сұлтанмен шатыстыра қормейік). Біз арнайы өңгіме етіп отырған Жәнібек данышпан абырой-атағы, ақыл-парасаты, саяси қорегендігі жағынан



Ұлы жүздегі қазақ әйелінің киім-кешегі. Сурет П.Қошқаровтікі.

өз дәуіріндегі тұлғалардан шоқтығы артық тұрғандықтан, халық оның іс-қаракетіне сүйіспеншілікпен карап өз-Жәнібек деп дәріптеген.

Енді, біз, әлгідегі сұраққа қатысты, өз топшылауымызды ортаға салайық. Шыңғыс хан “Жасасында” таққа ұлдың үлкені отыратын темірдей қатал тәртібі, айнымас дәстүрі, жөн-жосығы болған. Оны бұл екі ханзада да аттап кетуге тиісті емес. Олай болса, қазақ хандығының бастапқы тағына Керей сұлтан отырған тәрізді. Оның екі дәлелін келтірейік. Біріншіден, ол Жәнібектен жасы үлкен секілді (159, 106—107). Өйткені, қонне шежірелердің қай-

сысын алсақ та, Керей хан мен оның ұрпағы ылғи бұрын жазылып келеді, осыдан жас жағынан Керей аға шығар деп топшыланады. Екіншіден, ағайынды билеушілер дүниеден өткенде таққа Керейдің үлкен ұлы мұрагерлік дәстүрмен Мұрындық (кейбір шығармаларда Бұрындық — А.Қ.) отырды. Жәнібектің баласы Қасым сұлтан ақылшы, қолбасшы дәрежесімен әке орнын басты.

Міне, осының бәрін ойға салып қарасақ, Керей мен Жәнібек қазақтарды Әбу-л-Хаир ханнан бөліп әкеткенде, біздің пайымдауымызша, қазақтың алғашқы хандығы жасы үлкен Керей сұлтанға бұйырған секілді.

“Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465—1466) жылдан басталады”, — деп тарихшы М.Х.Дулатидің Керейді бірінші атауы, оны қазақтың тұңғыш ханына мензегендей (25, 110; 11, 143). Солай болуы көшпенділердің ата салтындағы табиғи заңдылық.

Тарихшы Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрар фи манакиб ал-ахйиар”, яғни “Қасиетті адамдардың ғажайып істерінің ұшан-теңіз құпиясы” (1634—1641 жж. жазылған) деген шығармасында қазақтардың Әбу-л-Хаирдан бөлініп, қалай қазақ аталғанын жазып, “Сол кезде Керей хан елбасы аталды”, — деп кесіп айтуы көп нәрсені аңғартқандай (184, 5; 11, 373—384).

- Керей хан — Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы тарихи тұлғаның бірі, алғашқы Қазақ хандығын билеуші. Ақ Орда ханы Ұрыстың ұрпағы (Ұрыс хан — Тоқтақия — Әніке Болат — Керей). Туған жылы белгісіз, шамамен 1473 жылы қайтыс болған. Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды. Керей хан туралы мәліметтер “Му’изз әл-ансаб” (XV ғ.), “Тауарих-и гузида-ий Нусрат-намеде” немесе “Жеңістер кітабының таңдаулы тарихы” (XVI ғ.) және Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” (XVII ғ.) атты еңбектерінде кездеседі. Жошы ханның бесінші ұлы Шайбан әулеті Әбу-л-Хаир ханмен саяси күрес жүргізіп, жауласудан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар оның билігінен бас тартып, соңына ерген халқымен үдере көшіп, Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы жотасы ата-баба қонысында дербес Қазақ хандығының көк байрағын көтереді. Алдымен жасы үлкен Керей сұлтан ақ киізге отырғызылып, хан сайланады. Бұл туралы Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрар фи манакиб ал-ахйар” шығармасында: “алдымен падишах атанғаны Керей” деп айтылады (162, 273—284), осыны негізге алған, Ресей тарихшысы Т.И. Султанов: “...яғни қазақтардың аға хан көтерген адамды сол” (Керей — А.Қ.), — дейді (123, 62).

Керей хан мен Жәнібек сұлтанның бөлінуі салдарынан Әбу-л-Хаир хандығы құлдырады. Әбу-л-Хаир ханға наразы сұлтандар, билер, ру-тайпа басылары Керей мен Жәнібекке бірте-бірте келіп қосыла береді. Сөйтіп, аз уақыт ішінде Қазақ хандығында халықтың саны екі жүз мыңнан асты. Бұл жаңа хандық Әбу-л-Хаир ханның жақтастарына ұнаған жоқ. Әбу-л-Хаир 1468 жылы Моғолстанға жорыққа аттанады, алайда ол кенеттен қайтыс болып, абырой болғанда, қазақтарға қарсы соғыс басталмай қалады. Әбу-л-Хаирдың орнына хандық құрған баласы Шейх Хайдар да көп ұзамай қазақтармен болған бір шайқаста көз жұмды. Керей мен Жәнібек іргетасын қалаған Қазақ Ордасы күннен күнге күшейіп, босағасы беки түсті.

Керей ханның ұлдары көп болған деп жазады “Тарих – и Рашидидің” авторы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати, бірақ, олардың атын атамайды. Ал “Му’изз әл-ансаб” пен “Тауарих-и гузида-ий нұсрат-намеде” келтірілген Жошы ұрпақтары шежіресінде Керей ханның Бұрындық (Мұрындық — А.Қ.), Қожа Мұхаммед және Сұлтан Әли деген үш ұлының аты жазылады (146, 438).

Керей хан Қазақ хандығын он жылдан артық билеген кезде парасатты серікшісі Жәнібек екеуі халқының қамын ойлаған нағыз данышпан жандар еді. Халық аузындағы аңыз бойынша, Керей хан Шу бойындағы Хан тауы етегінде жерленген.

Керейдің хандық құрған дәуірі жөнінде ешбір тарихшы толық мәлімет келтірмейді. Сірә, ойтін жазудың мүмкіндігі де болмаған шығар. Ойткені, жаңадан құрылған мемлекеттің іргесін бекіту қай заман, қай кезде де оңайға түспеген. Оның үстіне ол мезгілдің ерсілік-қарсылы жаугершілік заман екенін, бір елдің соғыс ашатыны алдын ала білінбей, екіншісінің жеріне тұтқиылдан бас салатыны дереккөздерден мәлім. Осындай алмағайып заманда басқаға жем болып кетпей, Қазақ хандығын аман-есен сақтап қалғандығы; сақтап қана қоймай, бірте-бірте оны нығайтып, шекарасын кеңейтіп басқарғаны Керей ханның ақылды, алды-артын болжайтын данагер саясаткер, ел басқара білетін ұлы тұлға екенін көрсетеді.

Әбу-л-Хаир хандығынан қазақтардың бөлініп кетуі, бір жағынан, тұтас елді бөлшектеп әлсіреткендей. Содан, түркі елінің тұтастығына нұқсан келді деп те қарауға саяды. Алайда, мың өліп, мың тірілген түркі елінен тағы бір “қазақ” атты жаңа мемлекеттің бой көтеруі — маңызы зор тарихи оқиға еді. Сол табиғи құбылыстың тұңғыш билігін қастерлеп, қадір-қасиетін асқақтатып, тұсауын кескен Керей ханның тарихи орнын кеңінен көрсету қазіргі ұрпақ парызы демекпіз.

Ұрыс ханның шөбересі, Құйыршақ ханның немересі, Барақ ханның үш ұлының кенжесі Жәнібек сұлтан пейілі кең, халқының қамы үшін таққа қызықпай, ел тағдырын өз тауқыметі етіп арқалаған адами болмысы асқақ тұлға. Тарихта таққа таласу, сол тұста әкесін баласы өлтіру (Ұлықбек тағдыры), баласын әкесі өлтіру (қаһарлы Иван патша), ағасы мен інісі бірін-бірі өлтіру дегендер тұнып тұр. Халқының қамын ойлап, таққа қызықпаған Жәнібек сұлтанды отандастары адами қасиетін жоғары бағалап, атақ-данқын асқақтатып, оны өз-Жәнібек деп қастерледі. Кейбір деректерге сүйенсек, Жәнібек сұлтан Алтын Орда ханы Ахмедтің қолдауымен Қырымда (1477 ж.) хан тағына иелік еткен, кейін Русь патшасымен кездесуге бара жатқан жолда 1480 ж. Ковно қаласында қаза табады (155, 127).

Ақылшысы дана өз-Жәнібекке сүйенген Керейдің хандығы да айтарлықтай орнықты, көп ұзамай-ақ төңірегіне түгел танылып, даңқ-беделге ие болды. Айтпақшы, ежелгі Түркі қағанаты кезінде де ағайынды данышпандар тақта отырған. Күлтегін батыр ағасы Білге қағанды таққа отырғызып, оның жауларына өзі арыстанша атылған. Білге деген “білімді хан” деген мағына береді. Түркі қағанатының ұйтқысы болған Алаш хан халық қалаулысы болды емес пе? Қайталануы да табиғи құбылыс ісегіті. Ағайынды Керей хан мен Жәнібек сұлтан алғашқы он жылда-ақ Қазақ хандығының іргесін кеңейтті.

Батысында Әбу-л-Хаир ұлысынан келіп қосылғандары бар. Есенбұға хан (1462 ж.) олған соң Жетісудағы Моғолстанға қарайтын казак тайпалары мен руларының біразы өз қаңдастарына қарай ойысқаны бар, казак хандығының шекарасын едәуір ұлғайтты. Сол тұстағы дерекнамалар (Васифи жазбасы) “Қазақстан”, “Қазақ” деген жаңа ұғымдарды тарих сахнасына шығарады (53, 95—99).

Осы арада әз-Жәнібек сұлтанның ғұмырнамасынан аз-кем мәлімет келтіре кетейік.

- *Жәнібек сұлтан (Жәнібек хан, әз-Жәнібек) Қазақ мемлекетінің ірге тасын қалаған екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы Қазақ ханы Керей тәрізді Ұрыс ханның шөбересі, Барақ ханның ұлы (Ұрыс хан, одан Құйыршақ хан, одан Барақ хан, одан Жәнібек сұлтан). Туған жылы белгісіз, М. Тынышпаевтың мәлімдеуі бойынша 1480 ж. қайтыс болған (155, 127). Жәнібек хан жайындағы мағлұматтар өте аз. Жазба нұсқаларда оның есімі ылғи Керей хан атымен қоса аталады, шын аты Әбу Сеид (Жәнібек лақап аты болса керек), бірақ Жәнібек атымен тарихнамада көбірек кездеседі. Оның тоғыз ұлының аттарын “Тауарих-и Гузида-йи Нұсрат-наменің” авторы жазып қалдырған. Үш аталық жерден табысатын Керей хан дүниеден озғаннан кейін, Жәнібек Қазақ Ордасын 1473—1480 жылдар аралығында билегенге ұқсайды. Қазақ Ордасының іргеленіп біржола қалыптасуы әз-Жәнібек ханның тұсына келеді. Ғалым — жазушы, қазақ хандары тарихына талмастан қалам тартып жүрген М.Мағауин “Қазақ Ордасының құрылуы” атты еңбегінде әз-Жәнібекке мынадай баға береді: “Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі — ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, әз-Жәнібек хан деп аталады. Әз-Жәнібек қазақ жұртының іргесін бекітіп, Ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халқының бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының құдіретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңғы Кенесары хан, ұлы ғалымымыз Шоқан, Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейхан — барлығы да осы әулие әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары” (154, 16). Керей хан мен әз-Жәнібек хан өз елін тарихтың барлық қиын-қыстау жолдарынан аман алып өткен асқақ та, асыл тұлғалар.*

Жәнібек ханның нақ қай жерде жерленгені белгісіз, кейбір деректерге жүгінсек оның қабірі Сарайшық қаласының жанында бол-


ған. Жәнібектен көп ұрпақ тараған. Қазақстан ғалымы З.Қинаятұлы мен Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтановтың берген мағлұматында оның тоғыз ұлының есімі аталады (120, 348; 126, 274; 124, 137—156). Бұл жоғарыда “Нұсрат-намеде” келтірілген мағлұматтармен үндес келеді. Аталмыш ғалымдар өз-Жәнібектің ұлдарын былай жазып жүр: Жиренше, Махмұт, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Тыныш, Ұснақ (Өсеке), Жәдік.

Түпнұсқалық мәліметтерді сараптай келе, өз-Жәнібек ханның қай жылы өлгені туралы, Қазақ хандығының уығын шаншып, өз қолымен шаңырағын көтерген осы бір дана жеке-дара ел биледі ме, жоқ па?,— деген сауалдарға жанама дәлелдер ғана келтіруге болады, ал дәл сілтеме жасайтын тарихи құжаттар жоқтың қасы. Мәселен, М.Х.Дулати “Тарих-и Рашидиде” мынадай деректерді келтіреді:

“Керей хан (қайтыс болғаннан) кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын, әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді” (25, 306).

Осы айтылғаннан байқалатыны: Жәнібектің Бұрындық ханның әкесі Керей ханнан кейін де өмір сүргенін, ал хан деп атала тұрғанымен, жеке дара билік құрған, құрмағаны белгісіз.

Бұған шамданудың қисыны жоқ секілді. Бір мемлекетте бір уақыт ішінде бірнеше сұлтанды хан деп атаған кездері аз емес. Мәселен, шайбандықтар мемлекеті Мауераннахрда, оның іргесін қалаған Мұхаммед Шайбани хан (1510 жылы) өлгеннен соң, жағдайға байланысты хан атағын бір мезгілде Сүйіндік Қожа, Көшкінші, Мұхаммед-Темір және Ұбайдулла сияқты төрт сұлтан иемденген болатын. Бірақ аға хан лауазымы Көшкіншіде (Көшім) қала берді(123, 63).



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІ



Сені айналаңдағылар мақтағанда құдаймен теңестіреді. Соларға сеніп сен де өзіңді құдаймын деп санайсың. Бірақ сен оларға сенбе. Сен құдай емес, айналаңдағылармен бірдей пендесің...

Афиналық философ Ксенофонттың өзінің шәкірті Александр Македонскийге айтқан өсиеттерінен...

Керей мен Жәнібектен кейін Қазақ хандығының тізгінін ұстаған Керей ханның үлкен ұлы Бұрындық. “Тарих-и Рашидидің” авторы М.Х.Дулатидің айтуынша, Бұрындық хан әкесінің тікелей мұрагері. XV ғасырдың 80-ші жылдарының басында, яғни өз әкесі және өз-Жәнібек өлген уақытқа жақын кезеңдегі оқиғаларды сипаттайтын күллі дереккөздерде Бұрындық қазақтардың ұлы ханы (парсыша — хан-и-бузург; түркіше — үлұғ хан) деп жазылады.

Осы арада Бұрындық ханның ғұмырнамасын қысқаша айтып өтейік:

- *Бұрындық хан, қайсыбір деректерде Мұрындық хан — Қазақ хандығында Жәнібектен кейін таққа отырған адам, Керей ханның тұңғышы. Шамамен, 1430 жылдары туып, 1511 жылы о дүниеге озған. Өз-Жәнібек хан өлген соң аға баласы ретінде ата-баба салтымен Бұрындық ақ киізге көтеріліп, хан сайланады.*

Бұрындық ханның билігі ең бір мазасыз, талас-тартысты, аумалы-төкпелі кезеңге дәп келген. Ол сол қиындықтардың бәріне төзіп, әкесі мен оның сенімді серігі Жәнібек ханның өсиетіне адал болды, олар құрған хандықты сақтап, күшейте беру жолында аянбай тер төкті. Бұрындық іскер де батыл адам еді, XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы он жылдығында хандықтың үлкенді-кішілі оқиғасының бәріне тікелей араласып, өзі әскер басқарды, шайқастарға шығып, әлденеше рет жарақат алды. Мұсылман тарихшылары Бұрындық ханды Дешті Қыпшақ билеушілерінің ішіндегі ең беделдісі және құдретті әмірші деп бағалады.

Бұрындық хан тағында ұзақ уақыт — отыз жылдай отырды. Бұрындық хан тұсында Қазақ Ордасы нығайып, батысында Ноғай Ордасымен шектесті, оңтүстігінде Сырдарияның өн бойына дейін барған. Ақ Орданың ежелгі астанасы Сығанақ қаласын, Сауранды, қасиетті Түркістанды, Отырар, Тараз, Сайрам, Үзкент, Аққорған, Арқұқ сияқты шаһарларды иелігіне қаратты. Бұрындық хан Сырдың орта бойы үшін Әмір Темір әулетімен болған соғыстарда талай рет өзі қол бастап ұрыстарға кірді. Бұрындықтан кейін Жәнібек ханның ұлдарының арасынан шыққан, Қазақ Ордасының ханы болған Қасым хан да Бұрындыққа көп қайшы келмеген. Бүкіл саналы өмірін Қазақ хандығын нығайтуға жұмсаған Бұрындық хан қартайған шағында өз еркімен хан тағынан бас тартқан, Ислам дінін берік ұстанып, жақын-туыстарымен Самарқандқа қоныс аударады, сонда қайтыс болған (123, 68—69; 25, 306; 122, 16—17).

Қазақ халқының дәстүрінде хандыққа көтерілу мен таққа отырудың сонау Түркі қағанаты заманында қалыптасқан, өзіндік ерекшелігі бар құбылыс.

VII ғасырдан жеткен атакты Білге қаған ескерткішінде: “Әуелі әкелері қаған болды, одан соң інілері қаған болды, содан кейін балалары қаған болды”. — деп көрсетіліпті (92, 41—111). Мұндағы бала деп отырғаны — ағаның баласы, одан соң ініге, одан кейін аға ұрпағына жол ашылады. Бүгінгі тілмен айтсақ, тақ билігі әкеден балаға көшпейді, ағадан ініге өтеді. Мұрагер інінің кешегі әміршімен бірге туған немесе емшектес болуы шарт емес, ағасының баласы ма, немере-шөбере туыс па, әйтеуір сол әулеттен өрбитіні ғана шарт. Әйтсе де, сол көп туыстың кез келгені емес, “жүзден жүйірік, мыңнан тұлпар” шабандозы, данасы, батыры ғана хандыққа иелік етеді.

Бұндай салт, жөн-жоралғы, бұлжымас ата дәстүрі бұзылған жағдайда, билеуші топ арасында алауыздық, жұрт ішінде бүлік шығуы мүмкін. Қазақ хандығының төрт жүз жылға жуық ұзақ тарихында ата салты бір-жар ғана бұзылған тәрізді. Кейбір хандардың есімі біздің заманға жеткен дереккөздерде таңбаланбай қалуы да мүмкін десек, бабалар жөн-жосығы ғасырлар бойы берік сақталды деп түйіндеуге болады. Олай болса, қазақ тарихында хан сайлау барысында қан төгіс болмауы, тақ үшін қыркыс тумауы — ең алдымен осы әдет-ғұрыптың, ұлыс ішіндегі қалыпты берекеттің орнауы осынау дәстүрдің арқасы. Қазақ Ордасының әуелгі билігі — халқымыздың дана ұлы Керей ханның қолында ұштасты дедік. Керейден соң оның туажаты, әрі інісі, халқының сүйікті перзенті өз-Жәнібек хандық құрды. Жәнібек өлген соң аға баласы ретінде Керейдің ұлы

Бұрындық хан тағына сайлапғанын жоғарыда айтып өттік. Бұрындықтан соң аз ғана уақыт хандық дәреже өз-Жәнібектің ұлы Әдік сұлтанға көшеді. Әдіктен кейін оның туған інісі Қасым сұлтан халықтың сүйіспеншілігімен Қазақ Ордасының хандығына көтерілді. Қазақ хандығының шекарасын ұлғайтып, іргесін бекітуде Қасым ханның орыны ерекше болды.

М. Х. Дулатидың айтуынша, хижраның 915 (біздің заманымыздың 1510 жылы) Жәнібек ханның баласы: “Қасым хан Дешті Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді” (25, 305). Ол ел басқарған кезінде айналасына бір миллионға дейін адам жиналып, әртүрлі жорықтардағы әскері мен сарбаздарының саны үш жүз мыңға жетті. Осы кезең “қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған” заман іспетті қазақ даласындағы хан билігі ең берік, ең беделді және кеңістігі шарықтаған уақыт болды. Қасым хан Қазақ хандығының жерін солтүстік-батыста, солтүстікте және оңтүстікте, кеңейтіп, мықты көрші мемлекеттермен терезесі тең байланыс орнатты.

Сонымен қатар, ол “Қасым ханның қасқа жолы” деп аталатын дала заңдарын жинақтауымен тарих төрінен орын алды (262, 102—103).

Сөйтіп, XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басында Қасым Қазақ хандығының қоғамдық саяси өміріндегі ең елеулі тұлға айналады. Жеңімпаз қолбасы, үлкен ұлыстың беделді сұлтаны, кейіннен қазақ ханы, дарынды билеуші, — міне, туған ел тарихының өтпелі кезеңінде Қасым ханға берілген бағаның ауқымы осындай болатын; көрші елдерде шекаралар жиі өзгеріп, билік басына бір әулеттер келіп, бірі кетіп, өзара қақтығыстар ондаған жылдар бойы жалғасып жатқан аласапыран заманда негізі жаңа қаланған қазақтың жас мемлекетінің болашағын тиянақты ету, азуы алты қарыс аңдыған жаудың бетін қайтарып, ел іргесін бекіту қаракеті Қасым ханның мойнына жүктелді.

Қасым ханның атақ-абыройының артуын тарихшылар былай көрсетеді.

Кішінің үлкенге бағынуы сияқты қалыптасқан дәстүрді берік ұстаған нағыз дала перзенті ретінде Қасым сұлтан да, кешегі өз әкесі сияқты, бастапқыда Бұрындық ханның ықпалында болып, соған бағынды. Шынтуайтында, Қасым сұлтанның есімі деректемелерде Мұхаммед Шайбанидың XV ғасырдың 70—80 жылдары аралығында қазақ билеушілерімен соғысы кезінде алғаш рет аталып, ол туралы



XV—XVI ғасырлардағы қазақ жауынгерлері.
К.Ахметжановтың реконструкциясы.

тінші қызы Сұлтан Нигар ханымды Мырза Сұлтан Махмұд бин Сұлтан Әбу Саид Мырза қайтыс болған соң, Әдік сұлтанға берді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып, қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтанның кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп, Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді” (25, 306).

Ежелден белгілі: ел мақтаған ер жігіттің соңынан даңқ та, билік те ере жүреді. XVI ғасыр басына қарай Қасым сұлтанның беделі көтеріліп еді, жеке билігі де арта түсті. Қасым сұлтанның күшейіп көтерілу кезеңін бауыры Әдік сұлтанның өлімімен (1503 жыл) бай-

хан әскерінің қолбасшысы еді деп айтылады (122, 16—23; 121, 9—74; 91, 47—48).

Қасым хан жөніндегі бұндай пікірлердің дұрыстығын М.Х.Дулатидің мына сөздері де жандандыра түскендей:

“Керей хан (қайтыс болғаннан) кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды... Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тындап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлдары болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары бар-ды. Соның бірі Әдік сұлтанын. Жүніс ханның төр-

лапыстыратын М. Дулати Жәнібек ханның үшінші ұлының мәртебесі арту себептері жайында ештеңе демейді. Ондай мәліметті біз Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйиар” кітабынан табамыз. Ол Шаһибек ханның 1504 жылғы көктемнің басында Әніджанға жасаған жорығын суреттей келе:

“Осы кезде Қасым хан маңғыттардың көмек, қолдауымен Дешті Қыпшақты өзіне қаратып, Ташкент пен Түркістан шекарасына шабуыл жасау мүмкіндігіне ие болды”, — деп жазады (162, 382—384; 123, 70).

Мырза Хайдардың пайымдауынша, Қасым ұлысына шайбандықтардың шабуыл жасауы хижраның 915 жылы (1509—1510) болған: “Қасым сұлтан хан тағына отырмай жатып-ақ оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға да алмайтын” (25, 307). Тарихшы ол кезде Қасым сұлтанның әлі хандық лауазымды иелене қоймағанын айтыр отыр. Хандықты ол Бұрындық хан Самарқандқа кеткеннен кейін, 1511 жылдың күзінде алды. “Сол кезден бастап, — деп көрсетеді “Тарих-и Рашидидің” авторы, — Қасым хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізді...” (25, 305—307).

Қасым сұлтан Дешті Қыпшақта белгілі батыр да еді, ұрыс кезінде небір жаужүрек жігітерден оқ бойы озық тұратын, соңына ерген жасақтары ол үшін отқа да, суға да түсетін, айтулы көсем, шын мәнінде соғыс құпиясын жақсы меңгерген қолбасы еді. Оның қаншама шайқасқа қатысқанын санап шығу мүмкін емес. “Зублат ал-асрар” немесе “Шежірлер қаймағы” авторының айтуынша, оны бір шайқаста қарсыластары аттан ұшырып түсіргенде, Қасымның жасы алпыстан асқан болатын, жаяу қалған ханды ұрыс үстінде ешкім түстеп танымады да, ол аман қалды. Елгезек нөкерлері тез қимыл көрсетіп ханды атқа мінгізеді. Қазақ жауынгерлерінің қолбасшысы жаудан беті қайтып көрмеген осындай қайсар еді.

Жорықта жау бетінде, шайқаста найза ұшында жүретін Қазақ жасақтарының сардары Қасым хан туыстық байланысты да қастерлеп, берік ұстанған өр мінезді адам. Оған XVI ғасырдың басындағы орта азиялық тарихшылар — Шади, Бинаи және “Нусрат-наменің” белгісіз авторы баяндаған мына бір жәй дәлел болса керек.

...Ержүрек қазақ билеушілері Сауран қаласын жаулап алып, Шайбан ханның інісі Махмұд Сұлтанды отбасымен қолға түсіреді. Бұрыннан ішкі кегі бар Бұрындық хан “оны өлтіруге бұйырады”. Алайда, Қасым Сұлтан туған болса — Махмұд сұлтанды (олардың аналары



Қасым ханды
ақ киізге отырғызып “Хан
көтеру” рәсімі (1511—1521).
Суретші Т.Асықов.

анасты-сіңілі адамдар) өлтірмей, өзінше іс қылады. Ол Махмұд Сұлтанлы тұтқыннан босатып, қасына сенімді адамдарын қосып, үйішімен Созаққа (Сауран сияқты Сырдарияның оң жағасына орналасқан камал) жеткізіп, одан әрі ағасына жеткізіп салады. Қазақ сұлтанының мінезіндегі мұндай адамгершілік Шайбан хан сарбаздарын тәнті етіп, оның кеңпейілділігі, мырзалығы санқырлы оңгімеге арқау етілді.

Соз орайы келіп тұрғанда, данышпан Қасым ханның өмір жолынан қысқаша анықтама берейік.

- *Қасым хан Қазақ Ордасын аяғынан тік тұрғызған, өз билігі кезінде мемлекетті сол замандағы ең қуатты елге айналдырған, атақ-даңқын көрші елдерге танытқан, батырлық пен қайсарлық, кемеңгерлік пен табандылық, мейірімділік пен дарқандық, адам қызығарлық жан жомарттығымен ұлтының асыл қасиеттерін бойына жинаған дара тұлға, әз-Жәнібек ханның үшінші перзенті. Қасым сұлтан 1445—1446 жылдар шамасында дүниеге келген, соған қарағанда ол жастық шағын Қазақтың кең байтақ даласында өткізген тәрізді.*

Әдік пен Қасым сұлтан тоғыз ағайынды. Тоғыз да ел билеген сұлтан, қол бастаған батыр. Бұлардың ішінде аты аталған Қасым мен Әдіктен басқа, әрқайсысы елу мыңнан әскер шығара алатын, кішігірім хандық дәрежесіндегі ұлысқа билік жүргізген Жәдік, Еренші, Жаныш, Тыныш, Махмұд, Мұхамедхан, Қамбар сұлтандар ерекше күш-қуаты тасыған арыстар. Ағайынды тоғыз сұлтан да бүкіл Қазақ елінің даңқын асқақтатып, абыройын көкке көтеруге бір кісідей ат салысты. Бірақ олар ата-баба салтымен хандық билікті ұстаған, бүкіл ұлыстың туын көтерген Бұрындықтың алдынан кесе көлденең өтпеген. XVI ғасырдың бас кезінде тақсыз хан деп танылған құдыретті Қасымның өзі де Бұрындықтың алдына шыққан жоқ. Бұл сұлтандар ел мұратын, жұрт мерейін хан тағынан артық көрді (121, 9—74).

Қасым ханның ата тегіне келсек, ол әз-Жәнібек ханның ұлы. Шыңғыс ханның тұңғышы Жошыдан, оның үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алатыны жоғарыда айтылды. Қасымның арғы тегі былай таратылады: Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Орда Ежен,



Қасым ханды Ташкент бекзалаларының қарсы алуы. Суреші Т.Асықов

одан Сасы Бұқа, одан Ерзен, одан Шымтай хан, одан Ұрыс хан, одан Құйыршақ, одан Барақ хан, одан Жәнібек, одан Қасым сұлтан. Ол әз-Жәнібектің Жаған бике есімді әйелінен туады (122, 21—23).

Шандоз автор, Қасым ханның замандасы, Ақсақ Темірдің ұрпағы, мемлекет қайраткері әрі ғалым-жазушы Бабыр мырза өзінің атақты “Бабыр-намесінде”: “Қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді”, — дейді (15—32).

Қасым ханның тұсында оның қол астына қараған халықтың саны бір миллионға жеткені де әлгіде айтылды (25, 306).

Ел басқару жүйесінде ата жолын ұстаған Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа ортаға сәйкес жаңа тәртіп жүйесін енгізді. Бұл жолдағы Қасым ханның ел үшін еткен еңбегін, төккен терін халқы “Қасым ханның қасқа жолын” жадында мәңгі сақтап, жырдастандарға арқау қылды (125, 276; 124, 170; 73, 24—25).

Қасым хан өз халқының адами болмысын бойына жинақтаған ақыл-парасатымен ғана емес, күншуақ жайдары мінезімен, адамгершілік адал ниетімен де өзгеше тұрпат танытқан ғажайып тұлға. Қасиетті Қасым хан 1518 жылы қыс айында 73 жасында дүние салады (25, 306), ал, XVII ғасырдың тарихшысы Қадырғали Жалаиридін мәлімдеуінше оның денесі Сарайшық қаласының (Жайық бойы) маңынан тыныштық тапқан (26, 121—122; 123, 73).

Тағы бір айта кететін нәрсе, Қазақ Ордасы Қасым хан тұсында батыс елдермен алғашқы дипломатиялық қатынастар орнатты. Мұрағат құжаттарында оның Ұлы көршісі — Русь (Москва) мемлекеті және Қырым хандығымен байланыста болғаны жайында деректер кездеседі (123, 73; 125, 275).

Қазақ халқының қуаты артқан кезеңі болып табылатын XVI ғасырдың алғашқы ширегі осы Қасым ханның тұсында. Ол бәлкім, әкесінен дарыған қасиет болар, немесе сол кездің жай-жағдайына қарады ма, әйтеуір, ол мейлінше қанды аз төгу жағында болып, халықтың бас амандығын сақтап қалудың қадір-қасиетін ұғып, жаңа жер жаулау жайын емес, қарауындағы халқын берік бір орталыққа ұйыстыру мақсатында қызмет етті. Өз тұсында хан Ордасын бірде Жетісуға, Қаратал өңіріне, бірде Шу бойына, енді бірде арқаға — Ұлытау етегіне, кейде батысқа Жайық жағасына ауыстырып отырды. Бұл да халқының еңселі ортасында жүрген Қасымның өзіндік саясатының бір көрінісі еді. Осы мезгілде мемлекет шекарасы батыста Жайыққа дейін, оңтүстік-шығыста Іле мен Қаратал өзендерінің аралығына дейін, Ұлытаудан әрі Еміл мен Ертіске дейін, оңтүстікте Сайрамға дейін жетті. Қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен-тұрағын негізінен Қасым хан кезінде орнықтырды.

Қазақ Ордасының ерекше тұлғасы Қасым хан дүниеден өткен соң, оны әлі буыны бекіп, қабырғасы қатпаған мұрагері Хакназар сұлтан ержетіп, ел тізгінін қолына ұстағанша жиырма шақты жыл ішінде қазақ хандығының сыртқы саясаттағы ахуалы өте ауыр жағдайда қалыптасты. Өйткені, олар Шайбан ұрпағы мемлекеті, Моғол хандығы, Ноғай ордасы және Ойрат (қазақтар оларды қалмақ дейді — А.Қ.) тайпаларымен сансыз шайқастарды бастан өткізді. XVI ғ. Қазақ хандығының тарихын жете зерттеген белгілі тарихшы, профессор М.Қ.Әбусейітова бұл кезеңде қазақ мемлекетінің саяси тұрғыдан әлсірегенін атап өтеді (185, 104).

Хандықтың тағына Қасым хан өліп, бір-екі жыл өткен соң баласы Мамаш (кейбір деректерде Манаш, Момыш) хан (1521—1522) отырған кезде Қазақ Ордасының халқы да көп, қуаты да мығым еді. Алайда, бұл ханның аз ғана билік құрған уақытында ешқандай елеулі оқиға болған жоқ. Мамаш хан таққа отырғанына бір жыл өткенде көп қақтығыстардың бірінде тұншықпа ауруынан өледі (25, 306). Мамаш хан өлген соң, қазақ хандығында “үлкен ерегіс басталды: қазақтар белгілі Дешті Қыпшақ сұлтандары бір-бірімен жауласты” (123, 75). Ақыры мемлекет билігі Әдік (Әтік, Айтық, Айбек) сұлтан

ұрпақтарына қошті. Әдік — Жәнібек ханның ұлы, Қасым ханның інісі еді. Оның ұрпақтары шығармаларда қобіне “бес ұл” аталады. Солардың ең үлкені Таһир (1523—1532) ақ киізге көтеріліп, хан тағына отырды. Таһирды жақсы білетін “Тарих-и Рашиди” авторының пайымдауынша, мінезінің қаталдығынан болса керек халық арасында айтулы беделі болмаған. Ол өзі барып тұрған секемшіл, зұлым, қатыгез адам болғанға ұқсайды. Таһир ханда қолбасшылық дарын да, саясаткерлік қаракет те мардымсыз еді. Оның ішкі қақтығыстарды тоқтатып, еліне бейбіт өмір әкелуге дәрмені жетпеді. Оның тұсында Мауераннахр “өзбек-шайбандықтармен” соғыстар жалғасып қана қоймай, Қасым ханның бұрынғы одақтастары — маңғыт (ноғайлар) мырзаларымен, Моғолстан хандарымен қазақтар үшін тиімсіз соғыстар жүрді. Сол шайқастардағы жеңілістер салдарынан оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы біраз аумақтан айырылуға тура келді.

Қазақтар арасындағы өктемдігін нығайтпақ ниетпен Таһир Ташкент бегі, Шайбан әулеті Келді Мұхаммедтен көмек сұрайды. Ол көмекті алып, едәуір күшейгеннен кейін мінезі айнымалы, өресі тар Таһир енді сол қамқоршысының иеліктерін шабуға дайындалып, бұл жолы қырғыз басшысы Мұхаммедті одаққа шақырады. Оны біліп қойған Келді Мұхаммед Талас ойпаты арқылы қазақ жеріне басып кіреді. Бұл кезде Таһир Йасы (XVI ғасырдың соңына таман Түркістан атанды) қаласының маңында еді, Келді Мұхаммед сол жерде қуып жетеді. Күйрей жеңілген Таһир хан қашып құтылады. Оның иелігіндегі Сырдария бойының біраз жерін Келді Мұхаммед басып алады.

Таһир енді Ноғай ордасымен де (мұсылман жазбаларында — **Маңғыт ұлысы** аталады) араздасады. Маңғыттар бұрын қазақ хандарына қарап келген Батыс және Орталық Қазақстан аймағындағы біраз жерді жаулап алады. Сол себептен де және өз жақтастарының біразы оған бағынуды қойғандықтан да шығар, әйтеуір, Таһир оңтүстік-шығысқа кетуге мәжбүр болады.

Сол кездегі Жетісу жерінің қомақты аумағы әлі де оның ықпалында еді. Осы жерде қазақтар мен қырғыздардың Жаркент хандығы билеушілеріне қарсы одағы құрылады. Оны біз Таһир жорықтары жайлы, әскер құрамы туралы сол кездегі дереккөздердің бәрінде дерлік қазақ, қырғыздардың қатар жүргенінен байқаймыз.

Аса мейірімсіз қаталдығымен аты шыққан әрі мемлекет ісін жүргізуге қабілетсіз Таһир, ақыры халықты өз маңынан бездіріп, жалғыз қалады. Мырза Хайдардың айтуынша, ол қырғыз арасында

хижраның 938 жылы (1531—1532 жылдар) мүсәпірлік кейінінде дүние салады.

Таһир ханнан соң Қазақ Ордасының ханы болып өз-Жәнібектің тағы бір немересі Әдік сұлтанның ұлы, Таһир ханның інісі — Бұйдаш хан (1533—1534 жылдар шамасы) сайланды. Ол тарихи дереккөздерде Бұйлаш, Бойлаш, Бойдаш, Бублаш, Бұтлаш, Буслаш деген әртүрлі есімдермен кездесе береді (143, 50).

“Тарих-и Рашиди” авторының және Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтановтың айтуынша, Бұйдаш аға хан (**ұлы хан**) атала тұра, қазақтың бірден-бір ханы бола алған жоқ, оның билігі хандықтың тек біраз бөлігіне ғана тарады.

Бұйдаш хандық құрған кезең жайлы сақталған деректер аз. Жаркент ханы шағатайлық Әбді әр-Рашид билеген тұста қазақтарға қарсы бірнеше қаракшылық жорық жасалды. Сол әскери қақтығыстардың бәрінде де моғолдар ханы Әбді әр-Рашид жеңіп отырған дейді деректер.

Бірақ моғолдардың жеңістері Жетісудағы Шағатай әулетінің билігін қалпына келтіре алған жоқ, ол тек қазіргі Қырғызстан аумағына таяу өңірдегі билігін ғана күшейте алды. Алайда, олары да баянды болмай, ол жерде қазақтармен одақтас қырғыз тайпалары біржола орнықты.

Сөз орайында, XVI ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақ жерінде бірнеше хандық бірлестіктер етек жайды: Батыс бөлікте Ахмет (Ахмад) хан, орталықта — Тоғым хан және Жетісу өңірінде, жоғарыда айтылған, Таһир хан...

М.Х.Дулати “Тарих-и Рашидиде” Бұйдаш хан 940 (1533—1534) жылдан кейін қайтыс болды десе, Қадырғали Жалаири ол 967 (1559—1560) жылы Мауераннахрға жорық кезінде қаза тапты деп жазады. Онымен бірге Әдік сұлтанның “бес ұлынан” тарайтын ұрпақтары — 24 сұлтан түгелдей осы шайқаста опат болғаны айтылады (25, 111; 123, 76; 26, 122). “Қазақтар Бұйдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді”, — дейді М.Х. Дулати (25, 111).

Осыған қарағанда, XVI ғасырдың 30—50 жылдарындағы сыртқы жаулармен шайқас кезінде қазақтың мың-мыңдаған адамдары қырылған, әлденеше сұлтандар әулетінің (алпысқа жуық делінеді) аты өшті (123, 77—78; 124, 187). Бірақ соған қарамастан табиғи құбылыс ілгері жылжи берді. Қазақ хандығының негізгі тұрғындары мал өсіріп, үйреншікті жерінде көшіп-қонып жүріп жатты.

Қазақ хандығындағы “әуре-сарсан уақыттағы” ішкі және сыртқы саяси ахуалдарға байланысты XVI ғасырдың екінші жартысында саяси басшылар көрші мемлекет билеушілерінің арасынан қуатты қамқоршылар мен одақтастар іздеуге мәжбүр болды. Сол кезде олардың ішіндегі мықтысы Мауераннахрдағы Шайбан әулеті еді. Моғол ханы Әбді әр-Рашид өлгеннен кейін Жаркент тағына оның ұлы Әбдікәрім (1560—1591 жылдары билік құрған) отырды. Моғол-қазақ ара-қатынасында ол өз билігінің соңына дейін әкесінің жолын қуып, ұдайы Мауераннахрдың “шайбандық-өзбектері” билеушілерінің қолдауына арқа сүйеді. Жетісу жеріне әлсін-әлі жасақтар жіберіп, қазақ сұлтандарын мазалауды қоймады.

XVI ғасырдың екінші жартысының басында Ноғай Ордасы да бірқатар сілкіністерді басынан өткізді. 1556 жылы Ресей патшасы Астраханьды (Қажы Тархан) жаулап алып, содан соң Ноғай мекендеріне Москва князьдарының басқыншылығын үдетеді. Маңғыттар ұлысының батыс бөлігін басқаратын Исмайыл хан Москваға жалтақтай қарады. Соған наразы болған мырзалардың біразы Ордан шығып Қырым жағына, біразы Жайық сыртындағы қазақтарға қосылды. Ноғай Ордасының бірлігі біржола ыдырап, ол енді әскери-саяси күш ретіндегі өз мәнінен түпкілікті айырылды.

Билік басына Абдолла хан келгеннен кейін баяғы Мауераннахрдағы Шайбан әулеті XVI ғасырдағы қазақтардың ең қуатты көршісіне айналады. Абдолла 1560—1583 жылдары елді ақылы кеміс әкесінің атынан биледі де, 1583 жылы әкесі өлген соң, таққа отырып, өмірінің соңына (1598 жылға) дейін Мауераннахрда хандық құрды.

Мауераннахрдағы Шайбан әулетімен одақ жасасқан қазақ билеушілері қауіпті қарсылас орнына қуатты одақтас тауып, шайбандықтар (бұл қосарлы сөздің енді бір нысаны — “өзбек-шайбан”) тарапынан келетін қатердің алдын алды. Бұл одақ Мауераннахрдағы шайбандықтарға да тиімді болатын. Өйткені Абдолла хан өзінің саяси қарекетінің басынан-ақ көп ұлысты өзбек хандары һәм сұлтандарымен бітіспес қырғи-қабақ жаулықта еді. Әсіресе Ташкент билеушісінің ұландары оған бағынудан бас тартты.

Сұлтандары бағынбаған бүлікшіл аудандардың жақындығы Абдолла ханды қазақ билеушілерімен жақындасуға, тіпті одақ құруға мәжбүр етті. Оларды өз жағына тарта отырып, Абдолла хан ең алдымен солар тарапынан оқтын-оқтын болып тұратын шапқыншылықтардан құтылса, екінші жағынан енді өз қолынан шығып, бағынбай жүрген Шайбан әулетімен күресте бірге қимылдар сенімді одақтас тапты.

Бұйдаштан кейін аз ғана уақыт Қазақ хандығына билік еткен Ахмед хан (өзбекше — Ахмат хан) Ноғай ханы Сейдақбекпен болған қанды шайқаста қоз жұмғаны тарихаттың дерекнамаларынан белгілі (125, 281—282; 186, 275—325; 187, 109; 124, 183; 26, 122).

Ахмет ханның қазасынан кейін Қазақ Ордасының ұлы ханы болып өз-Жәнібектің тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтанның баласы Тоғым хандық (1535—1537) таққа иелік етті.

Тоғым хан тозғындамаса да, бытырап кеткен, береке-бірліктен айрыла бастаған қазақ ұлыстары мен қырғыз жұртының басын қосып, қайтадан ұйыстыруға жанталасты. Бір жақтан қалмақ, бір жақтан Моғолстан, бір жақтан шайбандықтарға қарсы қорғаныс шайқастарын жүргізе отырып, елдің біртұтастығын қалпына келтірумен ғана шектелмей, оның әскери қуатын да бұрынғы дәрежесіне жеткізуге жанын салып бақты. Бір өкініштісі, тағдырдың Тоғым ханның еншісіне бөлген уақыты тым аз еді. Тоғым хан Таһир, Бұйдаш, Ахмед хандардың кезінде титықтаған ата жұртын бұрынғы қалпына келтіріп үлгере алмады. Өзара берік одақ жасасқан, Қазақ Ордасын біржола құртуға ниеттенген Өзбек ханы Абдолла мен Моғол ханы Әбді әр-Рашид, бірі Мауераннахр жақтан, бірі Шығыс Түркістаннан шеру тартып қазақ жеріне сұғына енді.

Моғол мен Өзбектің қалың қолы Ыстық көлдің шығыс бетіндегі Сан-Таш деген жерде бас қосты. Қазақ пен қырғыздың біріккен жасағы соғысқа әзір еді. Бірақ бұлардың саны өзбек-моғол әскерінен әлденеше есе аз болатын. Тоғым хан жасақтарын тап-тұйнақтай етіп, жер жағдайына қарай, терең құзды сағалап, қия жартасқа иық тірей орналастырады.

Хижраның 944 жылы, 18 сафар, қазіргі есеп бойынша, 1537 жылы, 27 шілде, жұма күні, төрт халықтың таң азаннан түн қараңғылығына дейін созылған табандасқан, қызыл-қырғын сұрапыл соғысы қазақ-қырғыз сарбаздарын түгелімен қырғынға ұшыратты. Қиян-кескі қанды шайқаста қазақ халқының Керей хан мен өз-Жәнібек хан әулетінен тараған барлық ержүрек ұландары Тоғым хан бастаған отыз жеті сұлтан қазаға ұшырады. Бұлардың ішінде Тоғым ханның тоғыз сары деген атпен белгілі тоғыз ұлы да түгелімен мерт болды. Ал шейіт болған әскер саны белгісіз, ондаған мыңға жетсе керек,— дейді тарихшылар (186, 274; 124, 184; 125, 281; 26, 122).

“Сан-Таштағы ұрыс — Қазақ Ордасының тарихындағы ең қаралы оқиғалардың бірі, бірақ ерлік пен елдік сынға түскен, ата жұрт мерейі, ұлыс мұраты жолындағы күрес құрбандарының рухы бүгінгі ұрпағын желеп-жебейтін, аруақты, таңбалы күн. Ал ұлт бостандығы

жолында бүкіл әулетімен қазаға ұшыраған Тоғым хан мың жарым жылдық қазақ тарихындағы ең айтулы ерлердің бірі, ең ұлы шейіттердің қатарындағы қасиетті бабамыз”, — дейді көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауин (154, 30).

Сан-Таштағы соғыс арты бейбіт елді қырып-жойған, сол заман тарихшыларының тілімен айтқанда, “қазақтардың бас көтерер жаны түгел қырғын тапқан, тұтқынға түскен, аяғымен оттаған малы тегіс олжаға кеткен” ауыр апатқа ұласады, алыс-жақын елдерде қазақ халқы мүлде жойылыпты деген лақап сөз де тарап кетеді. Осындай бір құлаққа жағымсыз мағлұматты М.Х.Дулати “Тарих-и Рашидиде” айтады. Онда былай жазылған: “940 (1533—1534) жылдан соң Бұйдаш хан да о дүниелік болып, (бұл жерде) қазақтар қалмады десе де болады” (25, 111), шығармасының тағы бір жерінде: “Қырық төртінші жылы 944 (1537) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған”, — деп айтылады (25, 306—307). Бірақ, М.Х.Дулатидің бұндай мәлімдемесі шындықтан едәуір қашық жатқаны, одан кейінгі зерттеушілердің еңбектерінен көрінеді. “Тарих-и Рашидидің” авторының 1533 жылы Кашмирге кеткенін, Орта Азиядағы және Қазақ даласындағы оқиғалардан бейхабар екенін және шығармасын осы оқиғалардан жетпіс жыл өткенде жазғанын ескеріп, оның берген деректеріне төзімділікпен қараған жөн.

Жасыратыны жоқ, XVI ғасырдың 20—50-шы жылдары қазақтар қайғы-қасіретті бастан кешті. Осы кезеңде мемлекеттегі ішкі тартыс, сыртқы жаулармен сәтсіз шайқастар салдарынан Қазақ хандығы бұрынғы күш-қуатынан айырылып, Орталық Азияның саяси дамуында бұрынғыдай әсерлі күш болудан қалды. Қан майданда мыңдаған халық, оның ішінде ондаған билеуші тап өкілдері қаза тапты. Қазақ мемлекеті батысы мен оңтүстігінде ауқымды жерлерінен айырылып, кейбір ру-тайпалар көрші елдерге қоныс аударды, немесе күші басымдарға тәуелді болды. Алайда, осының бәріне қарамастан, қазақ халқы ұлт ретінде сақталып, жерінің ауқымы тарыла түскенімен оның мемлекеті — Қазақ хандығы жойылған жоқ, Орда Ежен, Ұрыс ханнан тарайтын билеушілер әулеті табандылық танытты. Сондықтан дағдарыс ұзаққа созылмайтынына ел үміті үзілген емес.

Алла Тағаланың жәрдемімен, шамамен, 1538 жылы Қазақ хандығының жоғарғы билеушілігіне халық қалауымен Қасым ханның ұлы Хакназар хан сайланды. Қазақ Ордасының қайтадан гүлденуі, Қасым хан заманындағы деңгейіне жетіп, іргелі, қуатты ұлысқа айналуы, — осы Хакназар ханның есімімен тығыз байланысты.

- *Хақназар (Шоқан оны орыс тіліне аударғанда Ақназар деп жазады — А.Қ.) хан шамамен 1519—1520 жылдары дүниеге келіп, 1580 жылдары қаза болған. “Қасқа жолды салған” Қасым ханның ұлы, анасы — Қанық сұлтан ханым (26, 121). Әкесінен жастай жетім қалып, анасы Қанықпен бірге Қасым ханның қарындасы Қараүлікті паналады. Ноғайлының алты әулетін билеген Шахмамайдың қолында тұрған. Хақназар таққа 1538 жылдарың аяғына таман отырды, оған дейін Қазақ Ордасына хан құтаймады. Біразы (Мамаш, Бұйдаш, Тоғым, Ахмет хандар) сырт жауларымен шайқаста мерт болды. Қасым хан айбынын асырған Қазақ хандығы іштей әлсіреп, сырт жауларымен күресте ірі-ірі сәтсіздіктерге ұшырады. Батысында Ноғайлы, шығысында Моғолстан, солтүстігінде Сібір (Көшім хан), оңтүстігінде Өзбек хандықтарының қысымына түскен еді. Осындай қиын-қыстау кезеңде билікті қолына алған Хақназар елінің еңсесін көтеріп, сыртқы жағдайларды Қазақ Ордасының мүддесіне пайдалана білді. Әкесі Қасым ханның ісін ілгері жалғастырып, Ноғай ордасының бір бөлігін қазақ хандығына қосып алды. Мемлекет шекарасы Еділ мен Жайық бойларына дейін жеткізілді. Башқұрт халқының Ресейге бағынбаған бөлігі де Қазақ Ордасының құрамына кірді. Орыс патшасы Иван Грозный (Қаһарлы Иван) Хақназарды құдіретті билеуші санап, елшілер жіберіп тұрды. Хақназар хан жүргізген Сібір хандығымен саяси келісімнің нәтижесінде Орта жүздің шетте жүрген руларын оңтүстікке топтастыруға мүмкіндік алды. Ойраттарға (1554) күйрете соққы берді. Моғолстан ханы Әбді әр-Рашид ұлы Әбді әл-Ләтиф сұлтанды жеңіп (1555), Ұлы жүз руларының көпшілігін қазақ хандығына кіргізді. Моғолдар шебі Тәңіртаудан әрі ысырылды. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қалаларын жауларынан азат етті. Қырғыздардың бір бөлігі Хақназарды өз хандары ретінде таныды. Бұдан соң Шайбан ұрпақтарымен саяси-дипломатиялық тәсілдермен де, қарудың күшімен де шешуші іс-қарекеттерін жүргізді. Бұхар ханы Абдолла мен Ташкент уәлаятының әмірі Баба сұлтанның алауыздығын пайдаланып, Ташкентті Қазақ хандығына қаратуды көздеп жүргенде Хақназар жорықта қаза тапты. Одан Дінмұхамед, Мұңғытай, Бозғыл есімді балалар қалды. Олардың үлкені Дінмұхамед біраз уақыт Ташкент уәлаятын және Хиуаны билеген (188, 77—95; 189, 198—199; 28, 42—66).*

Хақназар билік басына келген тұста (1538 ж.) Қазақ ордасының сыртқы жауларымен күресі айтарлықтай нәтиже бермей тұрған-ды. Бұл Ноғай ордасы, Шайбан ұрпақтары ұлысы мен Моғол мемлекетінің XVI ғасырдың 30-шы жылдары қазақтарға қарсы күшейіп, шапқыншылық жорықтары бірде-бір толастамаған уақыт еді. Осы жылдары

қазақ мемлекетінің оңтүстік-шығысындағы жағдай тіпті шиеленісе түсті. Әбді әр-Рашид хан билік құрған кезеңде күш-қуаты артқан Моғол ұлысы қазақтарды Жетісудан біржола итеріп тастауға әрекеттенді. Хакназар моғолдарға қарсы бірнеше әскери жорық ұйымдастыруға мәжбүр болды. Бұл күресте қазақтардың сенімді одақтасы қырғыз тайпалары еді.

1555 жылы қазақ-қырғыз қолы Әбді әр-Рашидтің үлкен ұлы Әбді әл-Латиф сұлтан басқарған моғол қолдарын қирата жеңді. Шайқаста аталған моғол сұлтаны қаза тапты. Кек алуды мақсат тұтқан Әбді әр-Рашид қазақ ханы Хакназарға қарсы қарулы жасақтарын күн санап көбейтті. Ташкент билеушісі Шайбан ұрпағы Наурыз-Ахмет хан да моғолдарға әскери көмегін аяп қалмады. Алдағы жылы болған қызылқырғын соғыста Моғол мемлекеті мен Шайбан әулетінің біріккен күштері қазақ сарбаздарына ауыр соққы берді.

Алайда, қазақтар тез арада есін жиып, Хакназар хан бастаған жасақтар өлкенің батысындағы Ноғай Ордасына шабуыл жасап, үлкен жеңістерге қол жеткізді. Бұл табыс Қасым хан қайтыс болғаннан кейінгі аласапыран заманда Едіге би ұрпақтарының билігін мойындауға мәжбүр болған қазақ руларына күш-қуат беріп, оларды қазақ ұлысының құрамына қайта қосты. 1569 жылы Хакназар хан, Шығай және Жәлім сұлтандар бастаған қазақ жасақтарының қалың тобы Қажы Тархан (Астрахан) қаласын қоршауға алды.

Қазақ хандығы үшін ахуал солтүстікте де оңтайлы қалыптасты. Сібір ханы Көшім Ресей патшасына жіберген ақпаратында Хакназардың осы жерлерде өз билігін орнатуға күш салып жүргенін хабарлайды. Аймақта болып жатқан саяси ахуалды баяндап, Көшім өзіне қазақтардан төніп келе жатқан қауіптің қомақты екенін ашық сипаттаған. Қазақ жеріне Русь мемлекеті де өзінің қызығушылығын танытады. Ресей саудагерлері қазақтармен сауда-саттық қатынастарын орнатуға талпыныс жасады. Алғашқыда орыс кәсіпкерлері ағайынды Строгановтар қазақтармен өсім алмайтын сауда жасауға өз үкіметінен рұқсат сұрайды.

Дегенмен, XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатының негізгі бағыты оңтүстіктегі Шайбан әулетімен тығыз байланыста өрбіді. Хакназар билігінің соңғы жылдарындағы басты оқиғалар Қазақстанның оңтүстік өңірінде де тиімді жүргізілді.

Осы кезеңнің маңызды оқиғаларының бірі — 1579 жылы Талас өзенінің жағасында Хакназар хан мен Шайбан ұрпағы Абдолла хан (Абдоллаһ II) арасында “ант одағы” бекітіледі. Одақ екі жаққа да

тнімді еді. Қазақ ұлысының ханы Хакназар сол арқылы Шайбан әулеті мен Шағатай ұрпақтары арасындағы сыртқы-ішкі байланыстарды әлсіретуді көздеді. Ол кезде Шайбан әулетінің басшысы Ескендір саналғанмен іс жүзінде мемлекет билеушісі оның ұлы Екінші Абдолла тұрды. Елдегі жоғарғы билікке Шайбанидің басқа ұрпақтары да көз алартты. Екі билеушінің пәтуасымен қазақ хандығы мен шайбандар бір-бірін қолдауға міндеттенген. Елдегі шиеленіс Шайбан ұрпақтары Абдолла хан мен Түркістан аймағын, Ташкент қаласын билеген Наурыз Ахмет (кейбір деректер бойынша Барақ хан — А.Қ.) ханның ұлдары Баба сұлтан және Дөрвіш сұлтандар арасында өрбіді. Тақ таласының жаңжалы “ант одағына” сай Хакназар ханның араласуын талап етті. Осындай саяси ахуалдың арпалысы етек алған тұста, Хакназар хан Шайбан әулеті Абдолла хан мен Баба сұлтан арасындағы бітіспес шайқастың бірінде қазаға ұшырады, сөйтіп, оның қырық жылға созылған билігі (1580/81) аяқталды.

Қазақ хандығының төрт жүз жылға жуық тарихында Хакназардай хан тағында ұзақ отырған тұлға болмаған секілді. Ол ел басқару, қиын-қыстау әскери-саяси ахуалды шешуде қажырлы да, қабілетті қайраткерлігін танытты, оның үстіне аса күрделі сыртқы істерде дипломатиялық дарыны мол майталман дарабоз екендігін де көрсетті. Қазақ хандығына қарайтын көшпелі қазақ, ноғай, башқұрт ру-тайпаларының Еділ мен Жайықтың бойын еркін жайлап, Қызылқұм мен Сыр бойын көсіле қоныстануы да Хакназар ханның тұсында еді (18, 152 — 157; 188, 77—95; 190, 168—19; 186, 334—336).

1580 жылы Хакназар хан өлген соң, оның аты кейінгі дереккөздерде көп ұшыраспайды да, оның орнына Жәдік сұлтанның ұлы Шығай (Сығай) қазақ ханы деген мағлұматтарды кездестіреміз.

Осы жерде Шығай ханның (1580—1582) ғұмырнамасынан үзіндіні В.В. Вельяминов-Зерновтің еңбегіне сүйеніп келтірейік.

- *“Жәдіктің ұлы Шығай ұзақ ғұмыр кешкен, шамамен 80 жылдай өмір сүрді”, — делінеді (186, 324). Шығай сұлтан өз-Жәнібектің тоғзыншы баласы Жәдік сұлтанның бұтағы, анасы — Абайхан бегім.*

Тарихшы Т.И. Султанов: “Шығай — тосыннан болған хан. Оның үлкен гаремі, көп әйелдері болды және ол үлкен жанұяның басшысы еді. Биліктің шыңына қартайған шағында шайбанилық Абдолла ханның ықпалымен келді”, — десе (124, 190), белгілі халық жазушысы, шығыстанушы Қ.Салғараұлы Шығайдың таққа көтерілуінің үш себебін атайды, олар: “Біріншісі, Шығай сұлтанның жеке басының елге сыйлылығы. Оның көзсіз батырлығы жөнінде халықтың (XIX ғ.) әлі күнге дейін жыр қылып, тамсана айтатынын дәлел етуге

болады. Екіншісі, Шығайдың ұлдарының (Тәуекел, Есім, Ондан және т.б.) хандыққа тіреніш, ханға демеу болғаны. Үшіншісі, Шығай қазақ хандарының іргелі тұқымы Жәнібектің кенже ұлы Жәдіктің баласы. Және де Абдолланың әкесі Ескендірдің таққа отырып, ал баласы оның атынан барлық істі тындыруы сияқты Тәуекел де әкесін хан етіп, өзі барлық істерге белсене қатысып жүрген”, — деп ғалым Шығайдың хандық билікке келуін осылай түсіндіреді (193, 3). Осыған ұқсас тұжырымды ғалым Н.Тәсілова да жасайды (192, 22—27).

Ресми түрде Шығай хандық таққа отырғанмен, іс жүзінде ұлы Тәуекел сұлтан қазақ әскерін басқарған. Хан тағында Шығай екі-ақ жыл отырыпты. 1582 ж. кейін оның есімі деректерден көрінбейді. Қадырғали Жалаири: “Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды. Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли-Атаның қасына жерленген болатын”, — дейді (26, 122).

Шығайдың артында көп ұрпақ қалған. Оның әйелдері де көп болған. Қ.Жалаири Шығай ханның үш әйелін ерекше атап өтеді. Біріншісі — Алтын ханым Байым бегім атты бәйбішесі, одан туғандар: Сейтқұл сұлтан, Ондан сұлтан. Екінші әйелі Жағат қызы Яқшым бегім еді. Одан Төкей (Тәуекел) хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек ханша. Үшінші әйелі — Бұрындық ханның қызы Дадам ханым болды. Одан — Әли сұлтан, Сұлұм сұлтан және Ибрагим сұлтан, Шаһим сұлтан туады (26, 122—123). Бұлардан бөтен тарихта Шығай ханның екі ұлының аты кездеседі, олар Абылай және Күшік сұлтандар (124, 191—193).

Тарихтан белгілісі, Шығай хан көпті көрген тәжірибелі адам. Ол Хақназармен бірге көптеген жорықтарға қатысып, кейіннен оның ісін әрі қарай жалғастырып, хандықтың іргесін кеңейтіп, босағасын бекіте түсті. Әсіресе, XVI ғ. екінші жартысында шайбанилық Баба сұлтан мен Абдолла хан арасындағы билік үшін қырғи-қабақ текетіресте Қазақ хандары саясаткерлік танытып отырғанын жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ сұлтандары Хақназар ханның жау қолынан қапыда өлгенін ести сала, аз сарбазбен аттанып, Талас өзенінің бойындағы Баба сұлтан мен Бұзағыр сұлтанның әскеріне Шығай сұлтан қол бастап барды. Бірақ та, ол жолы болмай, мұздай қаруланған жаудан пәті қайтып, кейін шегінеді.

Осы қақтығыстан кейін Шығай хан қарсыласы Баба сұлтанды жою мақсатында 1581 ж. маусымда ұлы Тәуекел, басқа да сұлтандармен бірге Абдолла ханның ордасына келеді. Хафиз-и Таныштын



Төуке хан (т.ж. белгісіз—1715 ж.
қайтыс болған).

Суретші Н.Қарымсақов.

айтуына: “Ұлы мәртебелі өзіне тән қайырымдылығымен, сыйластығымен оған (Шығай ханға — А.Қ.) құрмет көрсетті. Оны аса мейірбандылығымен құрметтеп, ихта ретінде Ходжент жерін берді. Ол Шығай ханға көмек көрсетуге уәде беріп, оның құрметіне патшаларға лайықты той жасады”, — дейді (192, 24).

Шығай ханға осындай құрмет көрсетіліп, оған ихта жер бөлінуі қазақтардың Бұқара хандығымен терезесі тең ел екенін және де Абдолла ханның Қазақ хандығына мүдделі болғанын байқатса керек.

Көп ұзамай қазақ хандығының жоғарғы билеушілігіне Шығайдың екінші әйелі Яқшым бегімнен туған Тәуекел сұлтан тағайындалады. Бұл оқиға 1582

жылдың аяғына таман орын алған секілді (124, 201; 143, 89).

Тәуекел ханның ғұмырнамасын баяндамастан бұрын, сәл шегініс жасап, 1582 жылы Шығай хан мен Тәуекел сұлтанның Баба сұлтанға қарсы жорығына тоқталып өтейік. Әкесінің көзі тірісінде Тәуекел сұлтан бастаған қазақ сарбаздары Бұқара ханы Абдолланың әскерімен бірігіп, әскердің оң қанатын құрып, шешуші шайқасқа аттанады. Көп әскерді бастап олар Сырдариядан өткенде, Баба сұлтан мұны естіп, Ташкент арқылы Дешті Қыпшаққа қашады. Абдолла мен Тәуекел бастаған қол Сайрам, Түркістан (Иасы), Сауран, Сығанақ қалаларынан әрі, Сарысу өзенін кесіп өтеді де, Ұлытаудан ары асады. Бұл кезде екі жүзді қанышер Баба сұлтан ноғай мырзаларына барып, осында паналамақшы ниет білдіреді. Бүлікші сұлтан ол жерде де тыныш жатпай, ноғай мырзаларына қастандық ұйымдастырып, олардың жерін өзі иеленгісі келеді. Бірақ мұның арамза ниетін ноғай мырзалары біліп қойып, Баба сұлтан ол жерден кетуге мәжбүр болады. Баба сұлтанның ендігі ойы Түркістан аймағын өз қолына қайта алып, әскер жинауды ойластырып, сол жаққа атының басын бұрады. Қаладан алыстау жерді паналап, өзінің екі қатмақ елшісін қалаға жағдайды біліп, азын-аулақ киім-кешек, азық-түлік алып келуге

жұмсайды. Ол екі қалмақты жол жөнекей Тәуекел сұлтанның жасақтары ұстап алады. Ал Абдолла хан бұл кезде Бұқараға қайтып оралған еді. Осылар арқылы Тәуекел Баба сұлтанды оңай қолға түсіреді (194, 210). Мұхаммедиар ибн Араб Қатағанның 1605 жылы жазылған “Мусахир ал-билад” немесе “Елдерді тізе бүктіру” деген шығармасында Тәуекел сұлтанның Бабаны өлтіруі туралы мынадай мәлімет келтірген: “Баба сұлтан кескілескен ұрыста садақтан жарақат алып құлады. Тәуекел хан осы сәтте оның басын денесінен бөліп алып, Абдолла ханға 1582 жылы 7 тамызда жеткізеді” (195, 4—5).

Осының алдында, Тәуекел сұлтан мен Абдолла ханның жақтас-тары көптен бері қолға түсіре алмай жүрген Баба сұлтанның інісі Таһирды да тұтқындаған еді. Бұл ерліктері Екінші Абдолла хан жағынан марапатталып, Тәуекелдің иелігіне Соғды мен Самарқанд маңындағы көрікті жерлерден Африкент уәлаяты сыйға берілді (124, 202).

- *Тәуекел (Таваккул, Тевеккел, Тевкел, Тауке, Тукай, Төкей, — деп атала береді — А.Қ.) хан, қазақтың атақты хандарының бірі. Туған жылы белгісіз, 1598 жылы қайтыс болған. Қазақ хандығын 1582—1598 жылдар аралығында билеген. Шығай ханның екінші әйелі — Иахшым бегімнен туған ұлы. 1581 жылы әкесімен екеуі Мауераннахр билеушісі Абдолла ханнан Ходжент жерін иқтаға (сыйға) алып, сол жерде билік жүргізеді. Тәуекел хан Абдолла ханның басты қарсыластарының бірі Баба сұлтанмен күресте белсенділік танытты. 1582 ж. Баба сұлтанды өлтіріп, оның басын Абдолла ханға апарып берді. Бұған сый ретінде мол тартулармен қоса, Самарқандқа іргелес Африкент уәлаятын үлеске алды. 1582 ж. әкесі Шығай өлгеннен кейін орнына хан сайланды. Ол Абдолла ханға бағыныштылықтан бірден қол үзе қоймады. 1583 ж. Абдолла ханның Әндіжан мен Ферғанаға жасаған жорығына қатысып, Баба сұлтанның ұлы Әбді әл-Ғафариды тұтқынға алды. Осы жорықтан қайтып келе жатқанда, Абдолла ханның теріс ниетінен күдіктеніп, қазақ даласына кетіп қалды. Оның мұндай қадам жасауына Абдолла ханның қазақтарға Түркістан аймағынан төрт қала беруге уәде етіп, бақталастарын жойғаннан кейін өз уәдесін орындамауы еді. Тәуекел ханға ендігі жерде Сырдария өңірінің қалалары үшін Абдолла ханмен күрес жүргізуге тура келді. Ол 1586 ж. Ташкент, Самарқанд және Түркістан қалаларын алуға әрекет жасады. Шарапхана түбінде Абдолла ханның өзіне қарсы аттандырған әскерін күл-талқан етіп жеңді. Мұнан соң Моғолстан мен Бұқара хандығына қарсы соғыстар жүргізіп, шекарасын кеңейтті. Ташкент, Самарқанд, Ходжент өңірін бағындырып, Қазақ хандығына қосып алды. Ол Бұқар*

хандығымен күресте орыс патшасымен одақтасуды жөн санап, 1594 ж. Москваға қазақ елшілігін аттандырды. Бұл елшілікке жауап ретінде Москва 1595 ж. тілмаш Вельямин Степановты қазақ даласына жібереді. Тәуекел хан кезінде қазақ-орыс байланыстарының дамуы — сауда керуендерінің әрі-бері жүріп тұруына жағдай жасады. Мұнымен қатар, Тәуекел Мауераннахрды қазақ хандығына қосып алуды ойлап, 1598 ж. Бұқара хандығына бірнеше рет жорық ұйымдастырды. Бұқара қаласы маңында өткен шайқастардың бірінде ауыр жарақат алып, осыдан 40 күн өткенде қайтыс болады. Тәуекел ханның Шайбан әулетімен қажырлы күресінің нәтижесінде Сырдарияның орта ағысы бойындағы егіншілік аймақтар қазақ хандығының құрамына кіреді.

Тоқ етері, 1583 жылы хан тағына сайланып, Қазақ елін 1598 жылға дейін билеген Шығай хан баласы Тәуекел сұлтан “Бұқара билеушілерінің қамқорлығын” біржола жойып, Қазақ хандығының бұрынғы күш-қуатын еселеп жаңғыртты. Ресей тарихшысы Т.И.Сұлтанов ол жөнінде былай дейді: “Тәуекел хандық билікке өте қиын кезеңде отырды. Бір жағынан шайбанилық Абдолла, Моғол және Жоңғар қатынастары мықты шиеленісте еді. Осындай тұста Тәуекел соғыс ісіне жетік әскербасы ғана емес, білгір саясаткер екенін де көрсетті” (124, 203—204).

Хан болғанға дейін Тәуекел туған жерінде тағдырдың қандай төлкегін көргені, оның бәрі қашан және қайда болғаны бізге белгісіз. Бірақ, Шайбан әулеті Абдолланы тастап шыққан қазақ сұлтандары қуатты одақтас һәм қамқоршысының орнына енді қаһарлы жау тапқан еді. Қазақтар мен моғол әміршілері — Жаркент хандығы билеушілерінің аралары да ушығып тұрған кез еді. Тәуекел хан сайын даладағы өз билігін күшейтіп қана қоймай, қазақ иеліктерінің шекарасын кеңітіп, Қазақ хандығының мәртебесін халықаралық деңгейге көтере білді. Мұның бәріне ол сәтті жасаған жорықтарының, сондай-ақ шебер саясаткерлігінің арқасында қол жеткізді.

Тәуекел хан мен Абдолла хан арасындағы Сырдария өңіріндегі өлкелер үшін тартыс, іс жүзінде, ешқашан толастаған емес. Абдолла ханның сарай тарихшысы Хафиз-и Таныштың сөзіне қарағанда, 1583 жылы Мауераннахрдан кеткен Тәуекел Абдоллаға жау болып шықты да, енді әрбір қолайлы сәтте оның иелігіне шабуыл жасап отыратын қарсыласына айналды.

Соның ішінде, 1586 жылы Абдолланың негізгі әскері оңтүстікте шоғырланып жатқанда, Тәуекел Бұқара ханының иелігіне басып кіріп, Түркістан уәлаятын, Ташкент, тіпті Самарканд қалаларын жаулап

алмақ ниетін байқатты. Ташкентте оларға қарсы тұратын жедел түрле қол жиналды. Екі жақ Ташкент округінің Шарапхана жерінде бетпе-бет қарсыласты. Қазақтар шапшаң қаруланған болатын: “кіреуке, сауыт орнына жабайы теріден тон мен жарғақ” киіп майданға шықты. Мұны көрген ташкенттіктер сақтықты мүлдем ұмытып, қазақтарға қарай лап қойды, бірақ оңбай жеңіліп, қырғынға ұшырайды. Ташкент қолбасшысы сол сәтте Самарқанд билеушісі, Абдолла ханның інісі Ибадулла сұлтанға жаушы жібереді. Ибадулла бүкіл Самарқанд аймағынан қол жинап, Сырдан өтіп, Ташкент төңірегіне жеткенде, Тәуекел Сайрам қаласын қоршап тұрған еді. Жау жасағының жақындап қалғанын естіп, “нысап, сайын береке” дейді де, Қазақ даласына бет бұрады (186, 339—340; 123, 82).

Дегенмен, өз сыртқы саясатының басты мақсаты етіп қойған — Сыр бойы қалаларын қайтарып алу ниетінен айнымаған Қазақ ханы, соған жету жолында асқан табандылық танытады. Оған қолайлы жағдай акыры хижраның 1006 жылы (1597—1598) туады. Мауераннахрдағы Шайбан әулетінің басына осы кезде қара бұлт үйірілгендей еді: бір топ би мен бектің қолдауымен Абдолла ханның жалғыз ұлы әрі мұрагері Әбдімомын әкесіне қарсы шығады. Ханның отбасындағы алауыздығы қазақтардың Мауераннахрға шабуылын тездетіп жіберді.

Әкелі-балалы екеуінің арасындағы кикілжің жайлы хабар Түркістанға жеткен кезде, деп жазады XVII ғасырдың басындағы тарихшы Ескендір Мұңшы, Тәуекел бастаған қазақ сұлтандары ауыр қолмен Ташкентке тағы келді: өзіне сенімді Абдолла оған пәлендей мән бере қоймай Тәуекелге қарсы біршама шағын әскер аттандырады. Екі жақтың жасақтары Ташкент пен Самарқанд арасындағы жол үстінде кезігеді. Бұхара ханының әскері тас-талқаны шыға жеңіледі, әмірлер мен әскербасылардың үлкен тобы, бірқатар сұлтандар қаза табады, тірі қалғандары аянышты халде Бұқараға қашады.

Осы оқиғаға күйінген Абдолла қол астындағы барлық сарбаздарын жасақтап, өзі бас болып Самарқандқа аттанады. Бірақ онда келісімен қатты ауырып, 1598 жылдың наурызында о дүниеге аттанады. Таққа оның ұлы Абдолла Мумин отырады. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмады: 1598 жылдың жазында өзінің бүлікшіл әмірлерінің қолынан қаза табады. Содан соң Абдолла ханның ұлан-байтақ мемлекетінің әр жерінде әр түрлі әміршілер пайда болып, ел іргесі бұзылады (124, 205; 123, 82; 125, 294—295; 186, 342—352; 232, 133—136).

Осы бір қолайлы жағдайды пайдаланып қалғысы келген Тәуекел Мауераннахрдағы Шайбан әулетінің иелігіне қайта басып кіруді ойлады. Абдолла Муминнің өлгені, Мауераннахрда күшті билеушінің



Есім хан (т.ж. белгісіз—1628 ж.
қайтыс болған).
Суретші Н.Қарымсақов.

жоқтығы жайлы хабар алысымен ол қалың қол жинап. Есім сұлтан, Бахадүр сұлтан және басқа да қазақ сұлтандарымен қосылып, 1598 жылдың қоңыр күзінде Орта Азия қалаларын бағындыруға аттанады.

Бұдан әрі осы оқиғаны және Тәуекел ханның қазасын Ресей тарихшысы, белгілі шығыстанушы Т.И.Сұлтановтың сөзімен баяндайық:

“Қысқа мерзім ішінде ол Сайрам, Ташкент, Йасы (кейіннен Түркістан), Акси, Әндіжан, Самарқанды алады. Інісі Есім сұлтанды жиырма мың қолмен Самарқандта қалдырып, жетпіс-сексен мың әскермен өзі Бұқараға аттанады. Дәл осы жерде Ұлы Дала көшпенділерінің Орта Азия

шұраттарына қауырт шабуылы ежелгі Бұқара түбінде біраз бөгеледі. Қаланы қорғаушылар саны аздығына қарамастан қазақ қосынының тегеурініне он бір күн төтеп береді де, он екінші күні есебін тауып қорғаннан шығып, қазақтарға қарсы соққы береді. Түн қараңғылығын жамылған Тәуекел кейін шегінеді. Бірақ соғыс тоқтамайды. Тағы бір кезекті шайқас үстінде қазақ ханы ауыр жараланады да, Ташкентке қарай шегініп, сол жерде қырық күннен соң, сол 1598 жылы қайтыс болады” (123, 82; 124, 206; 104, 150).

Қазақ тарихынан өз орынын алатын ұлы тұлғалардың бірі, кеменгер саясаткер, дана қолбасы Тәуекел ханның арқасында сол замандағы күдіретті мемлекет өзбек пен түркіменді, ауған мен тәжікті, Орталық Азияның қаншама ірілі-уақты халқын бір байрақтың астында тыпырлатпай ұстап отырған Бұқара хандығымен он бес жыл бойы жүргізген табанды күресінің нәтижесінде, XVI ғасырдың ақырында Қазақ Ордасы күш-қайраты кемелденген, халқының қонысы ұланғайыр, аспандағы жұлдызы жарқыраған аса қуатты мемлекеттердің біріне айналды. Алаш ұландары Көк Орда заманындағы межеден асып, Сырдарияның сол жағалауын емін-еркін мекендеді. Мауераннахрға біржола орнығып мәуесі мол Ферғана жазирасында құлаш

жайды. Шығыста Моғолстанның зөрі сынған, батыста Ноғай Ордасы тозғындауға айналған, терістікте Ресей патшасымен бітім шекарасын орнатқан Қазақ Ордасының құрамында ежелгі үш алашпен (үш жүзбен) қоса, Қасым хан заманынан бері бір байрақ астында келе жатқан қырғыздар да енген болатын.

Сонымен, XVI ғасырдың ақыры, XVII ғасырдың бас кезіндегі Қазақ Ордасының туын көтерген ұлыс-тайпалар: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, қатаған, құрама, қырғыз, қарақалпақ. Бұлардың ішінде қырғыздан басқасының бәрі өздерін алты арыс-қазақ атаса керек. Осыншама қауым! Жошы хан заманынан соң төрт жүз жыл өткенде, ежелгі Дешті Қыпшақтың сайын даласында жаңа бір көшпенді құдіретті мемлекет бой түзгеніне куәлік етеміз.

Туған ағасы Тәуекел ханның қазасынан соң ел билігін қолына алған Еңсегей бойлы Ер есім қазақтың хан тағына лайықты ержүрек жауынгер, дана қолбасы, мемлекет ісіне әбден төселген білікті саясаткер еді. Осы арада оның ғұмырнамасына арналған шығармалардан үзінді келтірейік:

- *Ес-Мұхаммед, Еңсегей бойлы ер Есім хан туған жылы белгісіз, 1645 жылы қайтыс болған. Бұның да анасы жоғарыда аты аталған Иахшым бегім (26, 123). Қазақ хандығын 1598—1613 және 1621—1628 жылдары Түркістан қаласында тұрып басқарған, Шығай ханның ұлы, Тәуекел ханның өзіне тетелес інісі. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен бірге Түркістаннан Самарқандқа дейінгі жерді Қазақ ордасы құрамына қосқан. 1598 жылы Есім сұлтан 20 мың жасағымен Самарқандта билік құрып, ағасы Тәуекелге 80 мыңдай әскер жинап беріп Бұқараға аттандырады. Толық жеңістің нәтижесін көре алмай, 1598 жылы көз жұмған ағасы Тәуекелден соң, қазақ хандығының тағына сайланды. Ол ел билеуге лайықты сұлтан, ержүрек жауынгер, мемлекет ісіне төселген білікті саясаткер, көшпенділердің өмір салтына әбден көндіккен әйгілі қолбасы еді (123, 85—86).*

Есім хан мемлекет басына келісімен, 1599 жылы Бұқара хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен айналасын Қазақ хандығы қол астына біріктірген. Осыдан бастап Ташкентке екі ғасырға жуық Қазақ хандығын билеушілер иелік етті. XVII ғасырдың басында Ташкент билеушісі Тұрсын сұлтан мен Есім хан арасында бақталас барынша өршіді. Тұрсын ханнан жеңілген Есім, 1613—1614 жылдардың шамасында Шығыс Түркістан билеушісі Әбді әр-Рахымның ордасына кетеді. Кейбір зерттеу жәдігерлерінде Есім хан Шығыс Түркістанға Әбді әр-Рахым ханның тілегі бойынша барған деп көрсетіледі. Мұнда келген соң, ол Әбді әр-Рахым ханның қызы Ай-ханым падишах аруға үйленеді. Бұл кезде Шығыс

Түркістан хандығының ішкі саяси жағдайы шиеленісіп, өзара талас-тартыстар күшейген еді. Есім хан Әбді әр-Рахым ханмен одақтаса отырып, Шығыс Түркістандағы көптеген қалаларды оның қол астына қайтаруға жәрдемдеседі. Сөйтіп, Шығыс Түркістан халқын Әбді әр-Рахым хан төңірегіне топтастыруға ат салысады.

Хижраның 1033 жылы шамасында (1623—1624) Есім хан Шығыс Түркістанды тастап, Қазақ хандығына қайта оралады. Тұрсын хан оған қоныс етуге Түркістан қаласын береді (123, 87). Осы арада билікке таласқан өз ағаларынан қуғын көріп, қашып жүрген “Түрік шежіресінің” авторы, Хиуа ханы Әбілғазы баһадүр Есім ханға кездесіп, оның қолында үш айдай тұрады. Шығыс Түркістан хандығына арқа сүйеген Есім 1628 ж. Тұрсын ханды өлтіріп, Қазақ хандығының билігін тұтастай қолына алады, бір орталыққа бағынған мемлекет құрады. Есім хан ойрат қалмақтарымен күресте ерлік пен батырлықтың өнегесін көрсетіп, халық арасында Еңсегей бойлы ер Есім аталады. Есім ханның қалмақтар мен Тұрсын ханға қарсы күресінде Жалаңтөс, Алатау, Жарықамыс, Сүлеймен, Маянбай, Жиёмбет, т.б. батырлар ерлігімен көзге түсті. Жиёмбет жыраудың “Уа, Еңсегей бойлы Ер Есім” деп басталатын дастаны осы кезеңде туған секілді. Қалмақтарға қарсы күресте Есім хан Батыс Қазақстан жеріндегі ноғайлармен арадағы қарым-қатынасты жолға қоюға күш салды. Есім қазақ-қырғыз ынтымағын-орнықтырды. Еңсегей бойлы ер Есімге арнап қырғыз жеріндегі Кеңсай шатқалында ескерткіш орнатылды, ал Есім хан Ташкентте қырғыз Қоқым биге арнаулы күмбез тұрғызды. Есім хан билік еткен тұста Қазақ хандығының әскери қуаты күшейіп, 300—400 мыңға дейін атты жасақ шығара алатындай жағдайда еді. Ал бұл кезде көршілес үлкен мемлекеттер Иран 50—60 мың, Ресей 70—80 мың, Қытай 100 мыңдай ғана атты әскер шығара алған. Есім хан Жетісу жеріндегі Қазақ хандығының ықпалын күшейту мақсатында Шығыс Түркістанмен саяси ахуалын жақсартты. Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрып заңдарының ережелер жинағы — “Есім ханның ескі жолы” қазақ даласында XX ғасырға дейін сақталып, халықтың рухани игілігіне жарады. Ресей патшасының мұрағаттарында Есім ханның тұсында қазақ халқы ішінде жеті атаға дейінгі туажаттар некеге тұрмауы заңының қалыптасқаны туралы деректер сақталған. Есім ханға дейінгі “Қасым ханның қасқа жолы” (Қасым хан тұсында, 1511—1523 жылдары сұрыпталған) негізінде қазақ халқының әдет-ғұрып, ата салтының заңнамаларын жинақтап, игілікке жаратуға үлкен үлес қосты. Есім хан Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи қорымына жерленіп басына кесене орнатылған. Кесененің сақталған бөлігі ХХІ ғасырдың басында қайта жөндеуден өткізілді (197, 440—441; 198, 5—156).

Есім сұлтан хан тағына отырған XVI ғасырдың аяғында Қазақстанның оңтүстік-батысында елеулі өзгерістер дүниеге келді. Бұқара ханы Абдолла 1598 жылы өлген соң, ол құрған мемлекет ыдырап, Мауераннахрдағы Жошудан тарайтын Шайбан әулетінің билігі бір-жола тоқтады. Енді, осыған орай, елдегі қалыптасқан ахуалға көз салайық.

Маңызды оқиғалардың бірі — Қазақ хандығы XVII ғасырдың басында өздері жүз деп атаған: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып, жер-жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты халқы үш ордаға бөлінді. Бұл ордалардың көші-қоны шығысынан батысына қарай кең байтақ далада созылып жатты. Ұлы жүз хандықтың ең шығысын, Кіші жүз — ең батысын, ал Орта жүз хандықтың екі ортасын мекен етті. Олар туралы өткен тарауларда айтылды.

Тағы бірі, Бұқарадағы билікке жаңа әулет — жанилықтар немесе аштархандықтардың келуі. Бұл жаңа әулеттің негізін қалаған Жани Мұхаммед сұлтан немесе Жәнібек сұлтан (бұл қазақ хандығының негізін салған әз-Жәнібек емес — А.Қ.) Жошы ханның он үшінші ұлы Тоқай Темірдің ұрпағына жатады. Бұлар оған дейін Астраханды (мұсылман деректерінде Қажы Тархан, Аштархан) билеп келген. Бұқарада билік әулеттен әулетке ауысқан уақытта, жаңа әулеттің негізін салушы Жани Мұхаммедтің атымен және жанилердің Астраханнан шығуына орай, оларды аштарханидтер деп атаған. Жанилер әулеті Мауераннахрда хижраның 1200 жылына (1785—1786) дейін билік жүргізді.

Қазақ билеушілері мен аштархандықтар арасындағы тұрақты да, ұзаққа созылған жанжалдар негізінен XVI ғасырдың аяғында Қазақ хандығына өткен Ташкент, Түркістан, Сауран және басқа қалалар мен қамалдар төңірегінде топтасты. Бұл жерде аштархандықтарға қарсы шыққан Қазақ хандары мен сұлтандарын қырғыз сұлтандары да белсенді түрде қолдағанын айтуға тиіспіз. Көбіне ит жығыспен өткен осы шайқастарда қазақ билеушілері басымдық танытқаны тарихнамадан мәлім.

Өйткені, алғашқы шабуылдарда аштархандықтарға өзбек тайпалары тірек бола алмады, сөйтіп, олардың билігі шайқалып, оның үстіне әулет ішінің өзара алауыздығы да күш-қуатын кеміте берді. Қазақ хандары мен сұлтандары болса, Бұқара хандығының саяси ахуалының шайқалғанын пайдаланып, қолайлы сәтті жіберіп алмауға тырысты. Олар аштархандықтардың иелігіндегі жерлерге басып кіріп, Мауераннахрдың шекаралық және орталық аймақтарын талқандады. Оның үстіне олардың ішкі істеріне де араласып, біресе “бүлікшілерді”

басуға көмектесе, бірінде соларға қосылып, “заңды билеушілерге” қарсы шықты.

Сыртқы соғыстарда қол жеткен табыстарын пайдаланып, Есім хан қазақ жеріндегі халықтарды бір орталыққа бағындырып, бір тұтас мемлекет құруға бар күшін салды. Бірақ оған бөгет жасағандар да баршылық еді. Оның ең біріншісі, қазақ хандығы ішінде XVII ғасырдың алғашқы ширегінде өзара бәсекелескен бірнеше саяси топтардың құрылуы. Есім ханға Тұрсын, Абылай (қанішер Абылай, Абылай ханның бабасы — А.Қ.) сұлтандар және басқалар қарсы күш жинады. Олардың ең мықтысы, Бұқара ханы аштархандық Имамқұлының (1611—1642 жылдары билеген) қолдауымен 1613 жылы Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын Мұхаммед сұлтан қазақтың аға ханы (1613—1627 жылдары) болып сайланды (126, 322). Ол Қазақ ордасының астанасын Ташкентте ұстады, көп уақыт өтпей, ол аштархандық Имамқұлы ханның билігін мойындаудан бас тартып, Ташкентте өз атынан теңге шығарып, елден баж және хараж (жер салығы) жинай бастады (236, 543).

Тұрсын хан көршілес елдерге қаһары қауіпті билеуші танылды. Ойраттардың өздерінің айтуы бойынша, олардың билеушілері Тұрсын ханнан қатты қорқатын, “өйткені... Тұрсын патша күшті” еді. Ол әлденеше рет Бұхара ханын күйрете женеді. Оның тұстасы, көп томдық “Бахр әл-асрар” аталатын тарихи шығарманың авторы Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, Тұрсын хан қажет болған жағдайда, 1623 жылы Имамқұлы ханның біріккен қолына қарсы Мауераннахрға жасаған жеңімпаз жорығындағыдай, бір мезгілде жүз мың әскер шығара алатын еді (125, 300; 123, 86—87; 124, 216).

Тұрсын хан тұсында қазақтар Түркістанның отырықшы аймақтары Ташкент, Баскент, Түркістан, Сығанақ, Созақ, Сауран, Сайрам, Шаһрух, Әндіжан және басқа қалаларына билік етті, сол үшін де Бұхара ханы Имамқұлы мен қазақ сұлтандары үнемі соғыс жағдайында болатын. Ресей патшасының “деректеріне сүйенсек, осы кездері Қазақ хандығының “сауда адамдары” Қазанмен және Батыс Сібір қалаларымен кең көлемде сауда-саттық қатынас орнатқан (123, 85—87; 124, 216; 234, 69; 236, 543).

1603 жылы Бұхар ханы Бақи Мұхаммед қалың қолымен қазақ жеріне басып кірумен басталған жиырма жылға созылған соғыс оты тұғанды. Қазақ-Бұхар соғысының барлық кезеңінде де басымдылық Еңсегей бойлы ер Есім бастаған қазақ қолының әскери қуатының ерекшелігін көрсетіп, қазақ ұлысының октем шығуымен көрініп отырды.

Міне осындай мезгілдерде, Тұрсын Мұхаммед пен бұрынғы аға хан Есімнің арасы өте күрделі жағдайда қалыптасады. Біресе ұшығып, қанды шайқасқа дейін барынты, кейде “бірін-бірі кешіріп, қайта достасады”. Әйтсе де, жаулық оты өше қоймаған тәрізді.

Сөз кезегінде Тұрсын ханның өмір деректерін айта кетейік.

- *Тұрсын Мұхаммед сұлтан (туған жылы белгісіз) 1627 жылы қаза тапқан. Қазақ ханы, Ташкенттің билеушісі (1613—1627 жылдары), Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының он үшінші ұлы Тоқай Темір ұрпағынан тарайтын Жалым сұлтанның ұлы.*

Тарихшы Хафиз Таныштың “Шаарф-наме-йи шахи” атты еңбегінде, Жалым сұлтан мен оның екі ұлы кезінде Баба сұлтанның қолынан қаза тапқандығы туралы айтылады. Бастапқыда Тұрсын сұлтан жанилер әулетінен шыққан Бұхар хандығының билеушісі Имамқұлы ханның көмегіне сүйенген. Тұрсын Мұхаммед сұлтан өнебойы қазақтың аға ханы Есіммен күрес жүргізіп келді. Көп шайқастың бірінде Есім хан Тұрсын сұлтан мен Бұқара ханы Имамқұлының біріккен қолынан жеңіліп, Шығыс Түркістан билеушісі Әбді әр-Рахымның ордасына қашады. Ортағасырлық “Имамкули хан-наме” атты шығарма авторының мәлімдеуінше Тұрсын ханның ордасы Ташкентте орныққан және ол сонда өз атынан теңге соқтырған. Оның билігі тұсында Ташкент, Түркістан, Сығанақ, Созақ, Сауран, Сайрам, Өндіжан т.б. қалалар қазақтардың қол астына қараған. Есім хан қырғыздардан құралған жасағымен Тұрсын ханның Сырдария бойындағы ұлысына бірнеше рет жорық жасады. Есім хан Қазақ ордасына оралғаннан кейін олар өзара бейбіт келісімге келеді. 1626 жылы Тұрсын хан Есімге Түркістан қаласында билік құруға рұқсат береді. Бірақ бұл бейбіт келісім ұзаққа созылмай, Тұрсын хан тарапынан бұзылды. 1627 жылы Есім хан қалмақтарға қарсы жорыққа аттанғанда Тұрсын хан оның ордасын шауып, шешесін, әйел, бала-шағасын тұтқындап алып кетеді. Жорықтан оралған Есім хан Тұрсын ханның әскеріне ойсырата соққы берді. Мұнан соң, Тұрсын ханның жасақтары Ташкент маңындағы шайқаста да Есім ханның әскерінен жеңіліс табады. Осы кезде Тұрсын хан сарбаздарының көпшілігі Есім хан жағына шығып кетеді. Тұрсын хан нөкерлерімен Есім ханның қолынан қаза тапты. Осыдан кейін қазақ хандығының тағына екінші рет Есім ханның отырғаны жоғарыда айтылды (236, 543).

Алла Тағаланың жазуымен, жер бетіндегі адамдардың талаптілегі де, мінез-құлқы да әр түрлі болып келетіні айқын. Тарихнамадағы жәдігерліктерге көңіл қойсақ, Тұрсын хан өркөкірек, даңққұмар, сонымен қатар зымиян қу адам болған секілді. Қолына тиген жоғарғы билік ханның даңққұмарлығын арттыра түссе керек.

Мұндай адамдардың өз қолындағы билігі мен өмірі үшін үрейден арылмайтыны белгілі. Тұрсын Мұхаммед те әдептен аттап, биліктен айрылмау үшін әлденеше рет басбұзарлыққа, тіпті ант аттауға дейін барған сияқты. Бірақ әрдайым жолы болып, ойдағысы оңай орындалып, сол билікке масаттанып жүрген ол түптің түбінде жұртқа жасаған қысымы, құрған торы, қазған көрі айналып өз басына тиерін, ел билеушісіне сирек кезігетін бақытсыздыққа душар болып, нөкерлерінің қолынан қаза табарын білген жоқ еді. Оның бәрі былай болған еді.

Хижраның 1036 жылы (1626—1627), деп жазады “Бахр әл-ас-рардың” авторы, Есім қалмақтар қонысына шапқыншылыққа аттанады. Соны білген зымиян Тұрсын хан туысқандықтан да, ардан да аттап, Түркістан маңындағы Есім хан ордасын тас-талқан етіп, қорғансыз адамдарын қырып-жою үшін әскер аттандырады. Өзі болса, Есімнің көзін жоймақ ниетпен бір топ әскерімен беделді саяси бақталасының алдынан шығады. Бірақ Тұрсынның сырын жақсы білетін, әскери істе тәжірибелі Есім хан қапыда қалған жоқ. Шайқас қызып береді. Тұрсын хан жеңіліп, Ташкентке қашады. Тағы бірер күннен кейін Ташкент түбінде екі қазақ билеушісінің жасақтары екінші рет шайқасады.

Соғыстың қызған кезінде Тұрсын ханның өзін қорғайтын нөкерлері оған “бағынудан бас тартып”, өзіне бас салады. Басын кесіп алып, Есім ханның аяғының астына тастайды. Есім хан жеңілген қарсыласының басын Бұхара ханы Имамқұлы сарайына жөнелтеді. Сөйтіп, өзі қазған көрге өзі түсіп, XVII ғасырдағы қазақтың күшті билеушілерінің бірінің өмірі қасіретті жағдайда аяқталады (124, 218; 123, 88—89).

Қазақ хандары — Есім мен Тұрсынның билік құрған тұсында жонғарлар қатерлі күшке айналып үлгерген-ді. Кезінде әлемге аты әйгілі Моңғол империясы келе-келе торғайдай тозып, шашырап, ата жұртынан береке-бірлік қашқан еді. Осынау екі-үш ғасырға созылған, әрқайсысы өз бетінше тартқан алауыздықтан кейін, тірліктің негізі бірлікте екеніне көздері жетіп, ақыры XVII ғасырдың бас шенінде қайтадан еңсе көтере бастағанға ұқсайды.

Жонғарлардың әміршісі Қара-Құла тайшы қайтыс болғаннан кейін, билік тағы баласы Эрден Батыр 1634 жылы Тибеттің ламасынан “қоңтайшы” (діни лауазым, “үлкен тәйші”, “бас тәйші”) атағын алған соң, шорос, хошауыт, жонғар, торғауыт, дүрбіт сынды тайпаларының басын біріктіріп, оларды түгелімен ламашылдыққа табындырады. Батыр қоңтайшы Қалқа Моңғолдары мен Ойрат тайпаларының билігін қолына алып, 1640 жылы Жонғар ойпатының

батыс-солтүстігіндегі “Сүмбе” (Тарбағатайдан төрт-бес шақырым жерде) қаласында құрылтай ашып, Дүрбіт-Ойрат хандығын құрып, “Ұлы заңын” (“Цааджин Бичиг”) қабылдайды. Бұл мемлекет тарихнамада Жоңғар хандығы аталды.

Аталмыш хандық келе-келе күшейіп, қазақтар үшін нөсер жаңбырға айналды, олар қазақтармен өмір салты бір көшпенділер еді. Есім хандық құрып, Қазақ Ордасы кемеліне келіп тұрған дәуірде, Жоңғар аталған ойрат (қалмақтар) мен Алаш аталған Қазақ жұртының арасындағы ежелгі қайшылық біржола ушығады, бұдан жетпіс-сексен жыл бұрын басталған дау-дамайлар енді бітіспес жүз отыз жылдық соғысқа айналуының басы да дәл осы Есім хан тұсына келеді. Қатерлі дауылдың алғашқы дүмпуіне қайтпас қайсарлықпен ұмтылған адам да Еңсегей бойлы ер Есім еді.

Қазақтың Жоңғар шапқыншыларына қарсы алғашқы шайқастарының бірі Ыстықкөл жағасында өтеді. Бұл сұрапыл соғысқа қазақ қолын Еңсегей бойлы ер Есімнің өзі бастады. Ол, шын мәніндегі, мемлекет қорғанысындағы қаракетімен ел бағына біткен ақылды басшы, өз тұсындағы өмірдің тар жол, тайғақ кешулеріндегі тәжірибелерін жинақтап, оны келер күнге ұластыра білді. Кейінгі ұрпақтың басын бақытсыздықтан құтқару үшін өзінен кейінгі хандық тақтың мұрагерін от пен судан өткізіп баулады. Еңсегей бойлы ер Есімнің хандық тақтағы орны туралы деректер 1628 жылға дейін толық баяндалады, одан соңғы уақыты күңгірт. Алайда, 1635 жылдары Есім ханның әлі де билік басында екендігі туралы Ресей империясы деректерінде: “Қазақ Ордасының әміршісі — Есім хан, ал оның ұлы Жәңгір ханзада Қара Моңғолдарды билеп отыр” делінсе, кейін 1643 жылға қатысты Ойрат деректерінде: “Жоңғар ханы Батыр қонтайшы Есім ханға қарсы жорыққа аттанды”, деп жазылған. Бұл деректер Есім ханның XVII ғасырдың қыркыншы жылдарының орта шеніне дейін өмірде болғандығын аңғартады. Әйтеуір, осы мезгілдерде Есім ханның орнында хандық тақта ешкімнің болмағандығын хабар етеді. Сол тұста болған жойқын жорықтарда Жәңгірдің хан емес, сұлтан атымен айтылуы да, Есім ханның 1645 жылға дейін тірі болғанын дәйектей түседі (187, 14).

Жоғарыда Есім ханның екінші рет, 1627 жылы Қазақ хандығында таққа отырғанын айттық. Бірақ көп ұзамай, Махмұд ибн Уәли мен Ресей тарихшысы Т. И. Сұлтановтың айтуынша, 1628 жылдың қоңыр күзінде Есім хан қайтыс болып, Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи мешітіне жақын жерге жерленеді (123, 89; 124, 219; 235, 8).



Орбұлақ шайқасы. XVII ғ.

Есім өлімінен соң сұлтандар арасындағы өзара қыркыс тағы да өршиді. Ақыр аяғында Есім ханның ұлы Жәнібек сұлтан жеңіп шығып, XVII ғасырдың 30-жылдарының басында казактардың аға ханы сайланады. Ол билеген тұстағы оқиғалар легі белгісіз. Орыс деректері бойынша, ол ойрат тайшыларымен ұзақ соғысқан секілді. Жәнібек хан сол ойраттармен болған шайқастардың бірінде, XVII ғасырдың 40-жылдарының басында қаза тапқанға үксайды.

Оның орнына хан болып Есім ханның екінші ұлы Жәңгір сұлтан таққа көтерілді. Ол да, ағасы сияқты, ойраттармен көп соғысқан, ханзада кезінде бір жолы солардың тұтқынына да түсіп көрген. Бағы жанып тұтқыннан босап шыққан ол өмір бойы ойраттардың бітіспес қас дұшпанына айналып, кейін хан тағына отырғанда да оларға жиі-жиі шапқыншылық жасап тұрды.

Беймаза көршісін біржола тұқырту ниетімен Батыр қонтайшы 1643 жылы елу мың әскермен казак жеріне басып кірді. Әуелгіде сәтті басталған жорық қонтайшының жеңілуімен аяқталады да, ойраттар көп шығынмен кері шегінеді. Ол оқиға былай болған еді.

Жәңгір хан 600 жасағымен Орбұлақ маңында ойраттардың жолын бөгейді. Осы жайлы тарихшылардың бірі былай жазған: “Жәңгір әскерінің бір тобына жіңішке шатқалда ор қазуға, ал қалғандарына қалмақтар тар иінде құрылған тұзаққа келіп жеткенше, таудың арғы бетіне жасырынуды бұйырды. Қонтайшы бекініс — тұзаққа атой салып кірді. Бұл мезгілде Жәңгір жауға бүйірден тиіп, жебелер мен мылтықтан атылған оқтардың астына алды, он мыңға жуық жауды

жер жастандырады” (199, 118; 143, 101—103).

Соғыс қызған кезде, Жәңгір ханға Самарқандтың әміршісі Жалаңтөс баһадүр жиырма мыңдық қолмен көмекке келіп жетеді. Жонғарлар қазақтардың ұйымдасқан қарсылығына төтеп бере алмай тоз-тоз болып қашады. Тарихнамада бұл “Орбұлақ шайқасы” деген атпен белгілі, бүгінде ол Белжайлау деп аталатын қасиетті жер Алматы облысы Жаркент ауданына қарайды (143, 104; 205, 168).


Осы арада, сәл үзіліс жасап, Жалаңтөс батырдың қолбасшылық және қоғамдық қарекеттерінен үзінді келтірейік.




Жалаңтөс баһадүр (1576—1656).

- *Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы — қазақ батыры, мемлекет қайраткері, ірі әскери қолбасшы, белгілі би, Самарқанд қаласының әмірі. 1576 жылы, қыркүйектің 15-де Сырдария бойында дүниеге келіп, 1656 жылы Нұрата аймағында жерленген. Атақты Әйтеке бидің үлкен атасы. Алшын (Кіші жүздің) Әлімұлы тайпасының төртқара руынан.*

Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл XVII ғасырдың басында өзіне қарапты Алшын руларының және Нұрата өңіріндегі өзбек, қарақалпақтардың басын біріктіріп хандық құрады, бес мың тұрақты жасақ ұстап, дербес ел билеуге қол жеткізеді. Сейітқұл баласын Нұратадағы мешітке оқуға береді. Алғыр да зерек Жалаңтөс батырлар жырын, атақты хандар туралы жылнамаларды көп оқып, өзін батырлыққа, ел басқару ісіне шыңдап, түрлі әскери өнерді игереді. Ұлының ынтасын байқаған әкесі Жалаңтөсті 1590 жылы Бұқара ханы Абдолланың жоғары дәрежелі қолбасшылар даярлайтын әскери мектебіне оқуға жібереді. Бұл мектепте Шыңғыс ханның қолбасшылық өнерінен дәріс беретін Бақи Мұхаммедтің баласы Имамқұлы Жалаңтөстің ерекше қабілетін байқап, оны өзімен бірге хан сарайына әкеліп, әртүрлі кеңестерге, шетелден келген елшілерді қабылдайтын салтанатты рәсімдерге қатыстырып отырады. Хан ұрпағы Имамқұлы мен Жалаңтөстің достығы осы кезден басталса керек. Бұқараның әскери мектебінде үш жыл оқып, түменбасшылық



Жалаңтөс баһадүр салдырған
Бұхарадағы “Тіллә Қари” медресесі
(1646 ж.)



Жалаңтөс баһадүр салдырған
“Ширдор” медресесі
(1620—1636 жж.).

лауазым алып қайтқан Жалаңтөс баһадүр 1593 жылғы Бұланғар, Лайыш, Қаттықорған шаһарларындағы Әлімұлы тайпасының бір бөлігіне би сайланады.

1595 жылы Имамқұлының шақырумен Бұқараға келеді де, хан кеңесінің ұйғаруымен Бағдат қаласына оқуға жіберіледі. Онда ғылымның әр саласынан дәріс тыңдап, 1598 жылы еліне оралады. Осы жылы қыркүйекте Бұқара ханы Абдолла қайтыс болады да, орнына баласы Абдолла Мүмин таққа отырады. Бірақ оның билігі ұзаққа бармайды. Бес айдан соң өзінің бақталастарының қолынан қаза табады да, таққа отырудың айтыс-тартысы басталады. Осындай жағдайда Бұқараның ақсүйектері Жалаңтөс бастаған алшындардың қолдауымен Жәнібектің баласы Бақи Мұхаммедті хан көтереді, інісі Уәли Мұхаммедті тақтың мұрагері деп жариялайды. Жалаңтөс баһадүр хан кеңесіне сайланып, әскери істер жөніндегі кеңесші және ішкі істер уәзірлігінің орынбасары болып тағайындалды.

1643 жылы Жетісу өлкесіне басып кірген Жоңғар қонтайшысының 50 мың қолына қарсы шайқасып жатқан Салқам Жәңгір ханның әскеріне Жалаңтөс батыр Самарқандтан 20 мың әскерімен көмекке келіп, басқыншыларды қазақ жерінен қашуға мәжбүр етеді.

Бұл тарихнамаға “Орбұлақ шайқасы” деген атпен енеді. Бұқара ханы Абдолла Әзиз бен Иран патшалығы арасында Хорасан мен Балх үшін болған соғыста Жалаңтөс Бұқара ханының әскеріне қолбасшылық етіп, жауды жеңіп шығады. Бұл соғыста Бұқара мен Қазақ хандығы ортақ жауға қарсы одақ құрған еді.

Жалаңтөс баһадүрдің қазына байлығы да мол болғанға ұқсайды. Тұрақты жасақ ұстау үшін өз жанынан қаражат бөліп отырған. Мұнысына қоса бабамыз Самарқандта зәулім ғимараттар салуға

да ден қояды: сәулет өнерінің соңғы жетістіктерін пайдаланып, сарайлар мен оқу орындарын салғызады. Самарқандтағы Ұлықбек медресесінің қарсысынан 1620—1636 жылдары атақты “Ширдор” (Арыстан қақпа) медресесін салдыртады. 1646 жылы “Тіллә Қари” (Алтынмен апталған) медресенің құрылысын бастайды. Бүкіл Шығыс сәулет өнері тарихында аса көрнекті бұл ғимараттар өзінің әсемдігімен, шебер орындалуымен көздің отын алады. Жалаңтөс бабамыз 80 жасында дүниеден өтті, сүйегі, Самарқанд қаласынан 12 шақырым жердегі Дабғид қыстағындағы өзі пір тұтатын Мақтым ағзам бейітінің жанына жерленген (143, 102—103; 197, 489—490).

Ұзақ жылдар әке тәрбиесінен нәр алған, ойлаған ой, күткен үмітінен шығар, ел тілегін ақтар деген Есім ханның мұрагері, әрі ұлы Жәңгір сұлтан қазақ хандығының тағына 1645—1652 жылдар аралығында отырған. Елі үшін еңреп туған ерлігіне шынымен сүйсінген, қадір қасиетін дәріптеген халқы оны “Салқам Жәңгір” деп атап кеткен. Бізге жеткен аңыз-әңгімелер мен деректерге қарағанда оның басы үлкен, кеудесі кең, аласа бойлы адам болса керек. Данқы таққа отырмай тұрып-ақ ғажайып ерлігімен қазақ арасында ғана емес, бүкіл көрші елдерге аңыз болып тараған Жәңгір хан барлық күш-қуатын, ақыл айласын бір ғана мақсат — туған жұртының қауіпсіздігін сақтауға жұмсады. “Салқам Жәңгірдің” санаулы ғана сарбаздарымен Жоңғар ханының қаптаған қалың қолымен шайқасып, оны жеңуі жалпы сол дәуірдің соғыс тәжірибесінде сирек кездесетін оқиға екені анық. Бұның өзі Жәңгір ханның “ерекше әскербасылық ойлау жүйесінің үлгісі. Өйткені әлемдік әскери өнер тәжірибесінде шағын ғана жасақпен өзінен жүз есе дерлік саны басым қарсыласына күйрете соққы берген мысалдары бірен-саран ұшырасады. Жәңгірдің ержүрек жауынгерлері дұшпанның шабуылын тойтартып қана қоймай, көмекке келген күштердің жеңісті шабуылы үшін жағдай туғызды”, — деп айтылады дереккөздерде (199, 118).

- Жәңгір хан, Салқам Жәңгір — қазақтың белгілі хандарының бірі, Есім ханның ұлы. Шамамен 1608 жыл дүниеге келген, 1652 жылы қан майданда қаза тапты (кейбір деректер бойынша қатты жарақат алған — А.Қ.). 1628 жылдан (кейбір деректерде 1645 жылдан) — 1652 жылға дейін хандық құрды.

Әкесінің тірі кезінде-ақ Қазақ хандығының шеткі ұлыстарын, нағашы атасы Әбді әр-Рахым хан билейтін Тұрфанмен шекаралас жерлерін басқарып жүрді. Бұл қазақ-жоңғар ара қатынасындағы аумалы-төкпелі, теке-тірес ауыр кезең болатын. 1620 жылы қазақтың Есім сұлтаны, қалмақтың Алтын ханы, Шолай Убашы тайшы

үшеуі ойраттарға қарсы одақ құрады. Алтын хан Қара-Құланың елін шауып, бала-шағасын тұтқындайды. 12 жасар Жәңгір сұлтан осы кезде қалмақтарға қазақ елшілігінің құрамында барған. Төрт жыл өткен соң қазақ сұлтаны Есім мен ойрат шоростың тайшысы Қара-Құла бірігіп, Ресей иелене бастаған Тары қамалына шабуыл жасайды. Осы сәтті пайдаланған ойраттың Байбағыс пен Далай тайшылары Есім сұлтанның еліне тиіседі, бірақ күйрей жеңіледі. Осы шайқастарда жас Жәңгір өзінің қолбасшылық қабілетін танытады. 1635 жылы қазақ елінің терістігінде көшіп жүрген Жәңгірдің ауылына Далай, Ғұжи, Тәңірқожа тайшы бастаған қарақалмақтар шабуыл жасайды. Жәңгір сұлтан қалмақтардың қолына түсіп, жеті жылдай тұтқында болады. Кейін ол серіктерімен еліне оралып, Қазақ хандығының билігіне қол жеткізген кезде ойраттарды өзінің ата жауы санады.

Қалмақтардың әскери әдісін біршама игерген Жәңгір сұлтан-ды Батыр қонтайшының Үргесіне келген орыс елшісі Ремезов көріп, онымен тілдеседі және жоңғарлардың соғыс жүргізу ісімен танысады. Жәңгір сұлтан елінің намысын қорғап, қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысының дарынды қолбасшысының бірегейі болды. 1643 жылы Андасай бойындағы Кеңгір деген шақпақ таулы мекенде алты жүз ғана сарбазымен Жәңгір сұлтан жоңғардың 50 мың қолын басқарған Батыр қонтайшымен сұрапыл соғыс жүргізді. Тау қойнауында өткен шайқас туралы тұңғыш деректі жазып қалдырушы — Ресей әскерінің Тобылдағы шекара басшысы Р.С.Куракин, ал оған бұл соғыс жайындағы мәліметті жеткізушілер Тобылда қызмет еткен, Ресейдің Жоңғарияға барған елшілері Г.Ильин мен К.Кучелев (Кучембердейке) болса керек. Олардың 1644 жылғы хабарламасында: “Біз барғанда қонтайшы ұлысында болған жоқ... 50 мың әскермен Қазақ ордасының Жәңгір сұлтанымен, Жалаңтөспен және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен”, — деп жазылыпты (237, 7—116; 238, 4—127).

Шақпақ Кеңгір тауларының қапшық сайына кірген қалмақ әскерлері қазақ мергендерінің оғынан әрең құтылады. Жәңгір ханға Самарқанд шаһарының аталығы (әкімі) Жалаңтөс баһадүр жиырма мың қолмен көмекке келіп, үлкен шайқас салады. “Орбұлақ шайқасы” Жәңгір ханның атақ-даңқын шартарапқа көтереді.

Салқам Жәңгір 1652 жылы жоңғарлармен болған кезекті бір шайқаста ауыр жарақат алады.

Бұл оқиға дереккөздерде былай айтылады. Аңдаусызда астындағы атының аяғы суырдың ініне кептеліп, Жәңгір ханға қалмақтың жас батыры, Батыр Сенге ханның ұлы Қалданның сілтеген

шоқпары тиіп, қатты жарақаттанады. Осы жекпе-жекте мерткікен Жәңгір жиырма жыл сал болып жатып, өмірден қамқөңіл өтеді. Қазақтардың “Салқам Жәңгір” деп атауы осыдан дейді дереккөздер. Жәңгір қайтыс болғаннан кейін, денесі Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі маңына жерленеді. (197, 621; 143, 100; 205, 168).

Жәңгір ханнан кейін Жетісудың шығыс бөлігі, Ертіс өңірінен Балқашқа дейінгі аумақ бірсыпыра уақыт Батыр қонтайшының қоластында қалып қойған. Салқам Жәңгірден (1652 жылдан) кейін Қазақ хандығының тағы кімге бұйырды, ол жөнінде дерекнамалар жоқтың қасы. Ол кезеңдегі Қазақ ханы туралы дерек тек мөрде ғана сақталып қалған. Ол бойынша таққа отырған қазақ билеушісінің аты-жөні: “Табакқұл Мұхамед Батыр хан” (143, 108).

Әкесінің орнын басқан Тәуке хан тұсында Қазақ елі едәуір есін жиды, жоңғарлармен бейбіт келісімге кол жеткізді. Бұған қонтайшының екінші әйелі, 1635 жылы Жәңгір сұлтанмен бірге жоңғарларға тұтқынға түскен Ақтайлақ бидің қызы Жұмақыз көп септігін тигізеді. Жұмақыз өзінің Батыр Сенге мен Қалдан Бошақты сынды ұлдарына нағашыларының жұртына маза беруді өтінеді. Балалары анасының бұл өтінішін жерге тастаған жоқ. Жәңгір ханның және мұрагері Тәуке ханның тұсында Қазақ елі жарты ғасырдай тыныштықта, бейбіт өмір сүрді деуге болады.

Тарихнамада Тәуке ханның нақты билік басына келу уақытын айғақтайтын деректер кездеспейді. Бір зерттеушілер Жәңгір хан 1652 жылы ауыр жарақатқа душар болғаннан кейін, ол тақтың мұрагері болды деп пайымдаса, екінші бір ғалымдар тек 1680 жылдан бастап ел басқарды деп санайды. Осыдан, 1652 жылдан 1680 жылға дейінгі аралық Қазақ хандығының тарихындағы күңгірт тұстар болып қалды.

Белгілісі “Салқам Жәңгір” әскери қолбасшылық дарыны жағынан арғы тарихымыздағы Қасым хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы ер Есім ханмен, бергі тарихымызда Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандармен теңестіріле қаралатын асқақ тұлға. Сөз орайында, Қазақ хандығының тарихында Жәңгір ханнан бұрын он үш (Тұрсын хан мен жаңағы аталған Табакқұл Мұхаммед Батыр ханды қоспасақ) хан өтіпті. Соның алтауы ат үстінде, қан майданда қазаға ұшыраған. Қазақ жұртында “Салқам Жәңгір” он төртінші хан, жетінші шейіт болған тұлға. Одан кейін Қазақ Ордасы бір мезгіл құлдырап, хандықтың тізгіні Жәңгірмен үзеңгілес сұлтандардың қолында болған секілді. Сондықтан Қазақ хандығында отыз жыл бойы (1652—1680)

билеушілердің аты-жөні айтылмай, тарих бетінің күңгірттенуі осыдан болса керек.

Бәріміз сүйсінетін қазақ тарихнамасындағы Тәуке сұлтан 1680 жылы әкесінің тағына отырды делінген мәлімет бар. Бұл деректер ешбір өзгеріссіз кейінгі шежірелерде қайталанып келеді. Ірі құқықтық құжат болып келетін “Жеті жарғыны” зерттеуші, белгілі заңгер-ғалым Н.Өсеров “Тәуке 1678 жылы хан болды” деген мағлұмат келтіреді. Ал Тәуке ханға байланысты өз пікірін білдірген ғұлама жазушы Сәкен Сейфуллин былай дейді: “Жәңгірден кейін қазаққа Тәуке (1688 жылы) хан болды. Тәуке хан Тәшкент ауданында тұрады. Тәуке ханның тұсында да қазақ ылғи қалмақпен қақтығысып тұрса, өзге хандардың тұсындағы тыныс алмай жөңкілу, аттаныс, шапқыншылыққа қарағанда сәл шабыншылығы аздау болып, тіршілік жасайды. Бірігіп өмір сүрген: қазақ, қырғыз, қарақалпақтың ірі руларында билік жүргізген алты бидің аты шығады. Ұлы жүзде Төле би (Дулат Әлібек баласы), Орта жүзде — Қаздауысты Қазыбек би, Кіші жүзде — Әлім руынан Әйтеке би, Қырғызда — Кәкім би, Қарақалпақта — Сасық би, Қатаған-Жайма, басқа ұсақ рудан тағы бір би”.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясының 8-ші томында Тәукенің хан болып сайланған уақыты 1680 жылы деп көрсетіледі (196, 308). Жоғарыда айтылған дерекнамаларға қарағанда, осы күнге дейін қазақтың дана саясаткер, айтулы кеменгер ұлдарының бірі туралы зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екендігі байқалады. Дұрыс бағасын беретін болсақ Тәуке хан қазақ елінің ақылғой данышпаны, кеменгер мемлекет қайраткері, ірі саясаткер әрі заңгер көзі тірісінде “әз-Тәуке” (адамзаттың данасы) аталған дарабоз тұлға. Әлбетте, тарихнамада қалыптасқан көзқарасқа сүйеніп, Тәуке ханның таққа отырған уақытын, 1680 жылы деген басым пікірді құптауға тұрарлық.

Жоңғарлармен теке-тірес, бір сөніп, бір тұтанған соғыс үшқыны Жәңгірдің мұрагері Тәуке хан тұсында да жалғаса берді.

1653 жылы Жоңғар хандығының негізін қалаған Батыр қонтайшы өледі. Оның көзі жұмылысымен билік үшін басталған тайшылардың өзара қырқысы мұрагері Батыр Сенге билік құрған (1653—1670) жылдар ішінде де бір сәт толастамады. Бұл кезеңде қазақ және ойрат билеушілері арасындағы дау-дамай сәл саябыр тапқандай еді. Бірақ Қалдан Бошақты қонтайшы (1670—1697 жж.) билікке келген сәтте ойрат тайшылары Оңтүстік Қазақстан, Мауераннахр, Шығыс Түркістан жерлеріне басқыншылық жорықтарын қайта жалғастырып, 1684 жылы Сайрамды басып алды.

Қазақ-ойрат қырқысы өсіресе жоңғар тағына жігерлі Сыбан Рабтан (1697—1727 жылдары билік құрған) келген кезден тіпті оршпін кетті. Жоңғар қонтайшысының орыс елшісі И. Унковскийге айтуына қарағанда, ол өзі билік басына келгеннен бері “Қазақ ордасымен, оларға жақтас қарақалпақтармен үздіксіз соғыс жүргізіп отыр”.

Ойраттармен жүргізілген толассыз шайқастарға қарамастан, Тәуке хан билеген тұста Қазақ хандығы өз тәуелсіздігін сақтап қана қоймай, ішкі ахуалын да әжептәуір күшейтіп алды.

Жылнамалардағы өз-Тәукенің өмір кешенінен мынандай үзінді ұсынамыз:

- *Тәуке, өз-Тәуке хан, Мұхаммед баһадүр, туған жылы белгісіз — 1715 жылы Түркістан шаһарында дүниеден өткен. Қазақ хандығының билеушісі Жәңгір ханның тікелей ұрпағы. Үш жүзге билігін жүргізген Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы барлық жағынан нығайып, бір орталыққа бағынған іргелі мемлекет болып қалыптасты. Хан ордасы — Түркістанда орнықты. Халық зердесінде өз-Тәукенің заманы Қазақ хандығының ең бір өсіп-өнген, “алтын ғасыры” саналады. Тәуке хан Қазақ ордасын 1680 жылдан 1715 жылға дейін билеген. Қазақ тарихының Геродоты аталған А.И.Левшин Тәуке ханды ежелгі тарихтағы Спартаның ақылгөйі Ликургпен теңестіреді. Тәуке дала ақсүйектерінің өкілі — билердің көмегіне сүйене отырып, орталық билікке жікшілдік көрсеткен төрелерге қарсы күрес жүргізді. Мемлекеттік мәселелерді шешетін Хан кеңесін құрды. Оған барлық қазақ руларының билері мен әскербасыларын тартты. Кеңесті Түркістан жанындағы Битөбеде, Сауран қаласы маңындағы Мәртөбеде және Ангрен өзеніне жақын жердегі Күлтөбеде өткізіп отырды. Ұлы жүзде Төле биге, Орта жүзде Қазыбек биге, Кіші жүзде Әйтеке биге ел басқару тұтқасын берді. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын және “Қасым ханның қасқа жолы” мен “Есім ханның ескі жолын” одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесі “Жеті жарғыны” жасақтады (1710 жылдарға дейін). Даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырды (266, 96—99). Сырдария бойындағы 32 қаланы өзіне қаратып, Бұқара хандығымен сауда-саттық дамытуға күш салды. 1687 жылы Бұқара ханы Сұбханқулимен Ташкент шаһарында келіссөз жүргізіп, оны қазақтар иелігінде қалдырды. Орыс-қазақ қарым-қатынасының бейбіт түрде жүруіне мүдделілік танытып, 1686—1693 жылдары Сібір өлкесінің губернаторына бес рет елшілік жіберді. Тәуке хан тұсында қазақ-жоңғар қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Өйткені, Жоңғар ханы Сыбан Рабтан маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орталықтары орналасқан Оңтүстік Қазақстан аумағын*

басып алуды көздеді. Әз-Тәуке Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам және Созақ қамалдарын жоңғарлармен күресте тұрақты тірек бекетіне айналдырды. Тәуке ханның жоңғарлармен күрестегі кейбір сәттіліктері оған түпкілікті жеңіс әкелмеді, соғыс белсенділігі ойраттардың жағында қала берді.

Әз-Тәуке 1715 (кейбір деректерде, 1718 жылы — А.Қ.) жылы дүние салды, Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иассауи қорымында жерленді (196, 308).

Тәуке билік басында отырған жылдар біртұтас Қазақ хандығының өркендеуінің бір белесі еді. Орыс патшасының елшісі М. Тевкелев ол жайлы былай жазады: “Тәуке хан ақылды кісі еді және қырғыздардың (қазақтардың — А.Қ.) арасында зор құрметке бөленді”. Сол сияқты, Тәуке хан елге билік жүргізген кезеңде бір орталықтан басқарылған мемлекеттің құрылғанын халық жазушысы Сәбит Мұқанов та атап өтеді: “Бұрын ұсақ хандықтарға бөлінген қазақ руларының XV ғасырда тұтас бір мемлекет болуы тарихтан мәлім. Осы мемлекет, 1718 жылы Тәуке хан өлгеннен кейін әлсіреп, “Үш жүз” атанған қазақ, үш хандыққа бөлініп кетті. Қазақ халқының бұлайша ыдырауын Қазақстанның шығысында моңғол тұқымдас елдерден құралған, қазақпен үнемі жауласып келген Жоңғар хандығы пайдаланып, 1723 жылы шабуыл жасады” (115, 31—34).

Тәуке ханның бір орталықтан басқарылатын қазақ мемлекетін құрғанын қазақтың ғұлама тарихшысы Е.Бекмаханов та айтады. Зерттеуші өз пікірін Тәуке хан “ру араздығына қарсы аянбай күресті және жеке сұлтандар мен билердің дербестігін шектеді... сот билігін толық өз қолына шоғарландырды... Осындай шаралармен орталықтанған мемлекетке қарсы билер мен сұлтандардың мүддесіне ауыр соққы берді”, — деп жазды (175, 76—121).

Осыған үндес ой-пікірін тарихшы В.А.Моисеев те білдіреді. Ол: “Тәуке хан басқарған жылдарда қазақ хандығында орталықтанған бағыт күшейе түсті... Тәуке өлгеннен кейін қазақ хандығында сыртқа тебетін бағыт бел алып, Тәукенің мұрагері Қайыпқа өзге пиғыл көздеген хан мен сұлтандардың кимыл-әрекеттерін тыю қиынға соқты”, — дейді (263, 79—189). Бұдан туындайтын қортынды, данышпан әз-Тәуке хан өз заманының кемеңгер саясаткері ретінде қазақ елін бір орталықтан басқарылатын, оның тыныштығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін мемлекет құрды деп ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Тәуке ханның ерекше қызметінің бірі — қазақ қоғамының құқықтық жүйесін қалыптастыруы. Мемлекеттік тәртіпті нығайтып, халық мүддесіне сәй келетін тетіктермен қамтамасыз ететін заң жүйесі

болуын алғы шарт деп санады. Бұл қағиданы Тәуке хан аса көрегендікпен жүзеге асырды. Құқық жүйесін жасау қызметіне қазақ қоғамынан өздерінің қара қылды қақ жарған, әділ шешімдерімен елге танымал билерді тарта білді. Олардың негізгі өзегін “Үш пайғамбар” атанған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке би құрады. Соның негізінде қазақ қоғамының ұлттық Хартиясы — “Жеті жарғы” дүниеге келді. Ол тек қана сол заманның талаптарына сай келетін құқықтық құжат болып қойған жоқ, ол сонымен қатар, мәні мен мазмұны жағынан көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылық, тұрмыс-тіршілік және географиялық құрылымына сай қабылданған аса құнды құқықтық ескерткіш болып табылды (135, 153—172; 239, 71—74; 241, 73—81).

“Жеті жарғының” әрбір бабы қазақ халқының әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, ұлтты қорғау, көшпелі қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуді мақсат еткен және талқылау барысында өзара пікірталас, билердің данағөйлігінің қорытындысы десе де болғандай. Ол “Билер кеңесі” бекіткеннен кейін ауызша түрде ел арасына тарады. Тарихи, құқықтық әдебиеттерде “Жеті жарғы” қай жылы қабылданғаны туралы дәл мәліметтер келтірілмеген. “Жеті жарғыны” байыпты зерттеген ғалым Н.Өсеров оны 1680 жылы қабылдады десе (247, 11—48), басқа біреулері “Жеті жарғы” 1684—1685 жылдары өмірге келді деп көрсетеді. Қазақ халқының ұлт жанды ақыны, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаев “Түркістан” деп аталатын әйгілі жырында әдеттік құқық жүйесін қалыптастыру ісінің күрделі, қиын және маңызын былайша суреттейді:

*Әділ хан аз болды Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен,
Басында Күлтөбенің Құрылтайын (200, 160).*

Қоғамдық салт-сананы заңды жолмен ретке келтіре отырып, Тәуке хан үш жүздің саяси-шаруашылық байланысын нығайтып, біртұтас Қазақ хандығының ыдырап кетуіне жол бермей, мемлекеттің бар күш-қуатын ортақ жау — жоңғарларға қарсы жұмсауға бағыттай білді.

Бүкіл мемлекетке билігі жүрген қазақ хандарының соңғысы Тәукемен аяқталады. Ол өлген соң (1715—1717 жылдар арасында) “кішігірім хандар” (келте хан) бас көтере бастады, үш жүздің әрқайсысынан өз билеушілері шықты. Сол кезден бастап әр жүз дербес хандыққа айналды, бірақ айырықша бөлектенбей, Ұлы жүздің ханы,



**Жоңғар жауынгерлері.
Л.Бобровтың
реконструкциясы.**

Орта жүздің ханы, Кіші жүздің ханы деп аталды.

Әлгіде көрсеткеніміздей, 1715 жылы (кейбір деректерде 1716, 1718 жылдар) өз-Тәуке хан қайтыс болады да, орнына Тәукенің інісі Қайып сұлтан хан сайланды. Қазақ ордасында Қайып ханның беделі өз-Тәукедей болған жоқ, — деп көрсетеді бірқатар зерттеушілер (187, 113). 1716 жылы Қайып ханның елшілері Тобылға келіп, Сібір губернаторы М.П.Гагаринге Жоңғар хандығына қарсы бірлескен әскери одақ құруды ұсынды. Сонымен бірге, Қайып хан қазақтарға Сібір қалаларында сауда-саттық жасауға рұқсат етуді сұрады. 1717 жылы Қайып хан мен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр хан бастаған қазақ жасақтары

дүрбіт-ойраттарға қарсы соғыс ашты, ұрыста қазақтардың бағы тайып жеңіліске ұшырады.

Жоңғарлар болса келесі, 1718 жылы Қайып ханға жазалау жорығын жасады, кең жазықта қанды-қырғын майдан ашып, қазақ сарбаздарын Арыс, Бөген, Шаян өздерінің бойында жеңіліске ұшыратып, Қазақ хандығының астанасы — Түркістан қаласының іргесіне жетеді. Көп ұзамай, 1718 жыл жоңғарлармен болған қанды шайқастардың бірінде Қайып хан қаза табады.

- *Қайып, Ғайып Мұхаммед — қазақ ханы, шамамен XVII ғасырдың ортасында дүниеге келіп, 1718 жылы қайтыс болған. Қазақ ордасын Тәуке ханнан кейін 1716—1718 жылдары билеген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Қайып хан өз-Жәнібектің ұлы Жәдік сұлтан әулетінен шыққан. Оның хандық құрған кездегі ішкі және сыртқы саяси қызметі туралы деректер тым аз. Қайып тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы ахуалы өте шиеленісте еді. Оған шығыстан жоңғарлар, батыстан башқұрт пен қалмақ билеушілері үнемі қауіп төндіріп отырды. Осыларға қарсы шығатын, елеулі жәрдем беретін одақтас іздеу Қайып ханның сыртқы саясатының басты әрі шешуші мақсаттарының бірі болды. Бұл бағытта ол батыстағы көршісі — Ресейден көмек күтті. 1716 жылы Тобылға жіберілген қазақ елшілері Б.Екешев пен Б.Бөриев Қайып ханның Ресей үкіметімен тығыз қарым-қатынас жасауға және Жоңғар хандығы-*

мен күресте қазақ-орыс әскери одағын құруға даяр екенін Сібір губернаторы М.П.Гагаринге жеткізеді. Қайып Сібір өлкесіндегі қазақтар үшін еркін сауда жасауға рұқсат сұрады. Өз тарапынан Сібір әкімшілігі Қазақ ханының бұл тілектерін орындауға ынталы екенін білдірді. Жоңғар хандығымен күрестің кезек күттірмейтін мәселелері Қайыпты Қазан губернаторы П.С.Салтыковпен де байланыс жасауға итермеледі. Қайып тұсында Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы саяси қарым-қатынастардың жандануы Жоңғарияға қарсы күресте екі жақты күш біріктіру пайдалы екенін байқатты (201, 482; 143, 119; 187, 113).

Жоңғарлардан төнген қауіп-қатермен қабат Қазақ Ордасындағы сұлтандардың билікке таласы да қазақ жеріндегі саяси ахуалды ушықтырып тұрды. Жау жағадан алған да, халыққа қолбасшылық қабілеті бар, тегеурінді хан керек еді. Бірақ “Жақсыдан жаман туады— бір табақ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады — адам айтса нанғысыз” дегеннің кері келіп, осы уақытта таққа өз-Тәукенің дарынсыз, жігерсіз ұлы Болат хан (1718—1729 жж.) отырды. Ханның аты “Болат” болғанымен, атадан қарыс сүйем кем туған, заты былжыр, ынжық болып шықты. Бұл тұста жоңғарлардың бағына, қазақтардың сорына қарай, қазақ билеушілерінің арасында дербестікті аңсаған “келте хандар” көбейіп, ұлыстың орталық хандығы әлсіреді.

- *Болат сұлтан — қазақ ханы, туған жылы белгісіз, шамамен 1729 жылы қаза тапқан. Тәуке ханның баласы, Қайып ханан кейін тақтың мұрагері. Болат хан Қазақ ордасында 1718—1729 жылдары (басқа деректер бойынша 1715—1723 жылдары) билік құрды. Ұйымдастырушылық, қолбасшылық қабілетімен көзге түспеген Болат мұрагерлік жолмен хан сайланды. Болат хан билік құрған кезде Қазақ ордасы 1716, 1717, 1722, 1723 жылдары жоңғарлардың ірі шапқыншылығына ұшырады. Қазақ тарихындағы қайғы-қасіретімен танымал “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” (1723—1725) Болат хан тұсына келетін оқиға. Хан жоңғар басқыншыларына, башқұрттар мен Еділ бойы қалмақтарына қарсы қазақ жасақтарын ортақ күш етіп жұмылдыра алмады. Болат жөнінде тарихи деректер аз кездеседі. Оның ұрпақтары ішіндегі белгілісі де, беделдісі де Орта жүздің ханы Әбілмәмбет еді (143, 119; 187, 113).*

Осы кезеңде Ұлы жүздің билеушісі болған Жолбарыс хан (1720—1740); Орта жүзде — Сәмеке (Шах Мұхаммед) хан (1724—1738), Кіші жүзде — Әбілқайыр хан (1718—1748) өз хандықтарында дербестік жариялады. Сойтіп, Қазақ мемлекеті үш ұлысқа бөлінеді де, хандық-



Қазақ жұртының жайлауға көшу үрдісінен көрініс.

тар қазақ жүздерінің тарихын жалғастырады. Осылай, біртұтастығынан айырылған қазақтың сайын даласында әр жүздің өз әміршілері билік етті, ұлыс жеке сұлтандар иеліктеріне ыдырап, бірегей орталық биліктің жоқтығынан қазақтардың әскери күш-қуаты әлсірей түсті. Көптен армандап жүрген басқыншы көршілер мұндай қолайлы жағдайды пайдаланбай қалған жоқ. Шығыстан шыққан жау — Жоңғар хандығының шапқыншылығы күшейді, солтүстік-батыстағы қазақ тайпалары мен рулары Еділ қалмақтары мен башқұрттардың толас-сыз басқыншылығына ұшырады. Өзбек хандығымен шекаралас оңтүстік-батыста да тыныштық болмады. Бірнеше бағытта соғыс жүргізу қазақтарға онай тиген жоқ, әскери күші жетіспеді. Сол дүрбелен кезеңнің оқиғаларына белсене қатысқан Кіші жүздің батыры Бөкенбайдың ағынан жарылып айтуынша, “тазыдан қашқан қояндай мал-жанды тастай қашып, бас сауғалаған күндер туды” (207, 33—73; 240, 48—86).

Осы орайда, қайталап жатпау үшін Қазақ хандарынан Ұлы жүз және Орта жүзде таққа отырған тұлғаларды атап өтейік, ал Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен оның ұрпақтары жөніндегі деректі баянды осы кітаптың екінші бөлімінен оқитын боласыздар.

- Үш жүздің ханы Болат өлгеннен кейін, оның тағына Жолбарыс сұлтан Абдолллаұлы (1720—1740 жылдары) отырды. Ол шамамен 1690 жылдары туып, 1740 жылдары қазаға ұшыраған. “Ақтабан

шұбырынды, Алқакөл сұлама” қасіретінен соң Жолбарыс хан билеген Ұлы жүздің рулары Жоңғар хандығы алдында тәуелділігін мойындап, оларға алым-салық төлеп тұрды. 1732 жылдың күзінде Кіші жүз билеушісінің ықпалымен Ұлы жүз ханының елшілері Аралбай мен Оразкелді Ерәлі сұлтанмен бірлесіп Ресейге барып, патша ағзам Анна Иоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сатай, Хангелді, Белек сынды батырларының атынан қамқорлық сұрап жазған хатын тапсырады. 1738 жылы 19 қыркүйекте Анна Иоановна Жолбарыс ханның атына арнайы грамота жіберіп, оның тілегін қабылдағанын мәлімдеді. Бірақ Жоңғар билеушілерінің қарсылығы және Ресей мен Ұлы жүз хандығы арасындағы саяси қарым-қатынастардың мардымсыз дамуы Жолбарыстың саясатын жүзеге асырмады. Жолбарыс хан 1739 жылы Абылай сұлтанмен тізе қосып, Жоңғар басқыншыларына қарсы шапқыншылық ұйымдастырды. Соның нәтижесінде, Ташкент, Сайрам қалалары жоңғарлардан азат етілді. Алайда, Жолбарыс хан Ташкент тұрғындарының қолынан қапыда 1740 жылы қаза тапты. Оның орнына Ташкенттің ұлысбегі болып, Ұлы жүздің төбе бии Төле тағайындалады (202, 14; 203, 22; 204, 137—138).

Қазақ халқының тарихында “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, ақ мешін” деген қайғы-қасіреті мол мезгілде Тәуке ханның баласы Сәмеке (Шах Мұхаммед) Орта жүздің хан тағына (1724—1738 жылдары) иелік етті, ордасы Түркістан қаласында тұрды. Ол наймандар мен қыпшақтардың бірқатар руларына және арғындардың бір бөлігіне ғана билік жүргізді. Бұл ханның билігі халық арасында пәлендей беделді болған емес. Сәмеке Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың қолбасшылығымен қазақ жерін қалмақтардан босату мақсатында 1723, 1726 жылы Еділ бойындағы Кіші қалмақ ордасына екі дүркін жорық жасады. Сол кездегі үш жүздің хандары жайлы мәліметті Шәкәрім қажының шежіресіндегі мына жолдардан оқимыз: “Осы ақтабан шұбырынды болып ауғанда, Ұлы жүз Бұқара, Ташкент маңына жақын қалып, Орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі мен Ақ теңізге барып, Башқұрттар менен Кіші жүз алшын, онан күнбатыс һәм сол тұсқа барды. Сонда Кіші жүздің ханы өз-Тәукенің бір баласы қарт Әбілқайыр деген хан еді (Шәкәрімнің жазуында қателіктер кеткен — А.Қ.). Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбу Мұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді” (161, 415).

1730 жылы (кейбір деректерде 1729 жылы) Сәмеке хан Орта жүздің жасақтарын басқарып Анырақайі шайқасына қатысты, одан кейін, 1731—1732 жылдары Ресей патшасының өкілдерімен бодандық мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізді (98, 25—49).

Бұны орыс елшісі М.Тевкелев 1731 жылғы 25 желтоқсандағы күнделігінде былай тәптіштеп жазады... “...Сәмеке хан Ресейдің ұлы патшасына қарсы шықпақ түгілі, Әбілқайырдың ақылынсыз-ақ өзі де бодан болғысы келеді.

Осыны айтқаннан кейін Сәмеке хан Ресейдің қоластына кіруге ант береді. Хат жазып, мөрін басты. Өзіне қарайтын Орта жүзден Мәскеуге елшілер жіберіп, жыл сайын 2000 түлкі және 1000 қарсақ терісі түрінде салық беріп тұруға міндеттенді. Бірақ Уфаға аманатқа кісі бермеймін, деді” (207, 57—58; 240, 48—86; 241, 76—77).

Сәмеке (Шах Мұхаммед) ханның ғұмырнамасы дереккөздерде былай көрсетілген.

- *Сәмеке туған жылы белгісіз, шамамен 1738 жылы қайтыс болған, Орта жүздің ханы (1724—1738). Тәуке ханның ұлдарының бірі. Ол хандықтың ішкі саясатында Орта жүздің руларын біріктіруге күш салды. Сыртқы саяси ахуалында жоңғарлар мен Орта Азия хандықтарының басқыншылық әрекеттеріне қарулы қарсылық көрсету бағытын ұстанды. Сәмеке хан Әбілқайырмен одақ құрып, қазақ жерін жоңғарлардан босату мақсатында Еділ бойындағы Кіші қалмақ ордасына екі дүркін жорыққа қатысты. Сыртқы және ішкі жаулармен күресте айбатты көршісі Ресейге арқа сүйеуге тырысты. 1731 жылы 25 желтоқсанда орыс патшасының елшісі А.И.Тевкелевтің адамдарымен келіссөз жүргізді, Ресей империясына бодан болғысы келетін ниетін ашық білдірді. Сәмеке жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін оятқан, әскери біліктілігімен танылған ірі саяси тұлға санатында тарихнамаға енді. 1738 жылы Орта жүздің билеушісі ретінде Сәмеке өмірден өтті. Оның орнына Болат ханның үлкен ұлы, әз-Тәукенің немересі Әбілмәмбет хан сайланды (205, 614; 204, 135—136).*

Осы кезде Орта жүз аумағында тағы бір хандық құрылып, оған Күшік сұлтан (1718—1750) мен оның інісі Барақ сұлтан (1750 жылдары өлген) иелік етті, олардың хандық билігі пәлендей болмағандықтан, бұл арада, ғұмырнамаларына тоқталмай-ақ қояйық. Өңгіміміздің желісін әлгіде аты аталған Орта жүздің ханы әз-Тәукенің немересі Болат ханның ұлы Әбілмәмбет сұлтанның ғұмырнамасы тоңіретінде орбітейік.

- Әбілмәмбет, тарихи деректер бойынша, 1680 жылдардың соңында туып, 1771 жылы Түркістан қаласында дүниеден өткен. Болат ханның тұңғышы, Тәуке ханның немересі. Сәмеке өлгеннен кейін Орта жүзге хан сайланған. Шыңғыс хан ұрпақтарының аға тармағы — Жошудан тарайтын Жәдік әулетінен. Абылай сұлтанның билікке жетуіне себепші ірі тұлғалардың бірі. 1740 және 1742 ж. Ор бекінісіне, Орынбор қаласына Орта жүздің беделді билерін, сұлтандарын бастап келіп, Ресей патшасына бодандыққа ант берген. Өкінішке орай, Әбілмәмбет хан Жоңғар шапқыншылығы қазақ жұртына қауіп төндірген жылдарда елдің басын біріктіре алмады. Бірақ Абылай, Барақ сұлтандардың қазақ жасақтарын қалмақтарға қарсы ұйымдастыруына кедергі жасамады. Ол хандық құрған тұста XVIII ғасырдың 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының басында, Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтан Орта жүздің беделді бірлестіктерінің бірі — керейлерге билік жүргізді. Жасының ұлғаюына байланысты 1744 жылы Әбілмәмбет өз жақындарымен бірге Түркістан қаласына қоныс аударды. Орта жүз халқы Абылай мен Барақ сұлтандардың билігінде қалды. Әбілмәмбеттің үлкен ұлы Әбілпейіз Абылайды қолдап, әкесінің соңынан ермей хан ордасында қалды. 1771 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін дәстүрлі мұрагерліктен бас тартып, Абылайдың хан сайлануына жәрдемдесті. Әбілмәмбет тарихнамада, хандық билікті сарқа пайдалана алмаған саяси қайраткер деп бағаланады. Халық шежіресінде де Әбілмәмбет ел көңілінен шыға алмаған “ақсүйек” ретінде жырланады (204, 141—143; 189, 623; 187, 114).



АБЫЛАЙ ХАН — ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ



Абылай хан (1711—1780).
Суретші Ә.Бұхарбаев.

Сол қантөгіс заманда сұлтан Абылай басқалардан ерекші көрінді. Ол қатардағы әскерден бастап сол кездегі барлық негізгі соғыстарға қатысып, онда өзінің ерекше батырлығы және айлакерлігімен көзге түсті. Пайдалы кеңестері мен стратегиялық шешімдері оны даналардың қатарына қосты.

Шоқан Уәлихановтың “Абылай” ханға арнаған мақаласынан...

1738 жылы Әбілмәмбет таққа отырған мезгілде, Қазақ хандығы әлі де ортақ Ұлыс саналғанымен, шын мәнінде, Ұлы жүздің басым көп аумағы жоңғарлардың қоластында, ал Кіші жүздің жері Ресейдің қарамағына көшкен еді. Хандық билік тек Орта жүздің көлемінде ғана сақталып, тарих сахнасына Абылай (Әбілмансұр) сұлтан суырылып шыққанша, Әбілмәмбет хан айта қаларлықтай тегеурінді қимылдарымен көзге түсе қоймады. Кезекті жоңғарлармен болған қоян-қолтық айқаста қалмақтың әйгілі Шарыш батырын жекпе-жекте өлтіруінен бастап, атағы дүркіреп шыққан Абылайды Әбілмәмбет хан қолбасшылық дәрежеге көтеріп, әр сәтте қолдап отырды. Бұл кезде Абылай батырлығымен ғана емес, саясаткерлігімен, кеменгерлігімен елге танымал Орта жүздің жас сұлтаны ретінде көзге түсті. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек сынды Орта жүздің батырлары мен Ұлы жүз биі Төле, Орта жүз биі Қазыбек, Кіші жүз биі Әйтеке бастаған ел ағалары оның келешегін байқады. Сұлтанның атақ-даңқы аз-кем уақыт өткенде, күллі қазақ даласына, тіпті, одан асып, Қазақ Ордасының көршілері Ресейге, Жоңғар хандығына және Орта Азия елдеріне аңыз болып тарады.

Шежіредегі деректерге көңіл қойсақ, Абылай сұлтанның ата-тегі Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының “Алтын ұрығынан” бастау

алады. Қазақ хандарының алғашқы екі ханының бірі өз-Жөнібек, одан Жәдік сұлтан, одан Шығай хан, одан Еңсегей бойлы ер Есім, одан Салқым Жәңгір, одан Уәли Бақи сұлтан, одан Қанішер Абылай, одан Көркем Уәли, одан Абылай (Әбілмансұр) деп келеді.

Жоңғар басқыншыларының жүз жылға созылған қанды жорығына біржолата тойтарыс берілген осынау сындарлы тарихи кезеңде Абылай батырлығымен бой көрсетті. Абылайдың хандық таққа отыруы жөніндегі пікір таластар күні бүгінге дейін аяқталған жоқ. Көпшілік дереккөздерде ол Әбілмәмбет өлгеннен кейін, яғни 1771 жылы Орта жүзге хан болып сайланғаны айтылады (244, 45—47). Абылай хан — қазақтың ұлы ханы ретінде үш ғасыр бойы қаншама жыр-дастандарға, аңыз-әпсаналарға кейіпкер болған данышпанның тарихи бейнесін суреттеуде қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқаннан асырып жеткізу қиын шығар. “Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі — қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры”, — дейді Шоқан (244, 48).

Біздің білетініміз, Әбілмансұр сұлтан ата даңқына сүйеніп, болмаса мұрагерлік жолын бұлдап хан көтерілген тұлға емес. Елі үшін мүз жастанып, қан кешкен, жан беріп, жан алған қас майданда өзінің ерен ерлігімен танылған, ақыл-парасатымен, адами болмысымен сыйлы тұлға. “Әбілмансұрдың жекпе-жектегі өзгеше қайраты, одан соңғы жаппай қырқыстағы батырлығы халық санасына айрықша әсер еткен. Түркістан түбіндегі Қарнақ қаласын билеген, жауға мейірімсіздігі, ер-жүректілігі үшін Қанішер Абылай атанған ұлы бабасының аруағын шақырып, Абылайлап ат қойған Әбілмансұрдың жеңісті ұрыстан соң атақ-даңқы шарықтаған еді. Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. Ұлыстағы бар үкім Салқам Жәңгір әулеті, өз Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан өтіп, күні кеше жалаң қылыш, жалғыз атпен жүрген жиырма жасар Абылайдың қолына көшеді”, — деп сыр шертеді ғұлама ғалым, көрнекті жазушы Мұқтар Мағауин. Абылайдың жиырма жасында ханға лайықты тұлға екенін Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697—1786) былай келтіреді:

*“Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,*

*Қанжығаға бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда...
Сол ерлікпен хан болдың
Әлем асқан жан болдың,
Барша әлемге даңқ болдың...”*
(206, 101; 204, 143—147; 242,
83—109; 244, 45—47).

Абылай ханның ата-тегінен толық мәліметті Құрбанғали Халидтің “Тауарих хамсасы” да береді. Онда былай делінген: “Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұлы болып, Ауладан Абылай хан туған. Жас кезінде жау қолына түсіп, тағы бір шапқыншылықта қазақ қолына түсіп, үйсін Төле бидің түйешісі болып жүрген. Содан соң туысы Полат хан өз қолына алған да, соңынан Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті, үш жүздің ханы аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады” (97, 104).

- *Абылай хан, Әбілмансұр — қазақ халқының ұлы ханы, ержүрек батыры, әскери қолбасы және мәмлiгерi. 1711 жылы (Ресей деректерiнде 1713 жылы) дүниеге келiп, 1780 жылы мамырда Оңтүстік Қазақстанда қайтыс болған. Арғы тегі — Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негiзiн салған өз-Жәнібектен тарайды. Абылай — Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірден Уәли Бақи, Тәуке деген екі ұл туған. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда, Уәли Бақи өкпелеп, Үргенішті билеп тұрған нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәли Бақидың баласы Абылай жекпе-жекте жауын шақ келтірмейтін батыр екен, содан Қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли туады, одан Әбілмансұр (кейін дүйім қазаққа хан, Абылай атанған), “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, ақ мешін” жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына кіреді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген, алба-жұлба киіміне қарап Төле би оған “Сабалақ” деген ат қойып, түйесін бақтырады.*

Абылай 20 жасында хан майданда ерлігімен танылады. Бір шайқаста қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіреді. 1730—1733 жылдар аралығында болған соғыстың бірінде атасының аруағын шақырып, жауға “Абылайлап” шапқан Әбілмансұр жауын жеңіп,



Абылай хан шайқас алдында. Суретші А.Дүзелханов.

Орта жүздің сұлтаны деп танылады да, қазақ даласындағы беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде оның Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады. Абылайдың әскери қолбасшылық қабілеті 1730—1740 жылдардағы жоңғарлармен болған шайқастарда ерекше байқалады. Абылай жоңғарлармен болған соғыста Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Мүйізді Өтеген тағы басқа қазақтың белгілі батырларымен тізе қоса жүреді. 1742 жылы Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қалың қолына қапыда түсіп қалады. Тарихнамада тіркелген мәліметтер бойынша, қазақ билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Оренбург әкімшілігінен Абылай сұлтанды жоңғарлардың тұтқынынан босаттыруға ара түсуге өтініш жасайды. Бұл деректің шындық екенін сол кездегі Оренбург генерал-губернаторы И.И.Неплюев пен Әбілқайырдың арасында жазысқан хаттары дәлелдей түседі. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елшілікке барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды жоңғар тұтқынынан шығарып алады. Бұл жөнінде Неплюевтің Сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақтар мен қалмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп те білдірілген (189, 46). Абылайдың билігінің күшейе түсуінің жаңа кезеңі 1744 жылы Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды.

Абылай сұлтан көреген саяси қайраткер бола отырып, жоңғарлармен арадағы соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызуды үшін мәмілегерлік жолдарды да тиімді пайдалана білді. 1740 жылы тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 билермен Оренбургке келіп, орыс үкіметінің бодандығына кіруге келісімін береді. Сонымен бірге, қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды (1757—1777 жылдар аралығында Пекинге 10 рет елші жіберген). Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне тиімді пайдаланып отырды (245, 10—84; 207, 267—401). Абылай сұлтан 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастағанын көріп, өзіне жаратып қалуға тырысты. Сондықтан, жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіру мақсатында күш-жігерін жұмсады. Жазба деректерде, 1740 ж. Орта жүздегі Әбілмәмбет, Абылай және Барақ сұлтаннар қатар аталса, 3—4 жылдан кейін мұндағы жағдай мүлдем өзгереді. 1749 жылғы тамыз айында И. Неплюевпен кездесуінде Жәнібек тархан: “бұрын Орта жүзде Әбілмәмбет хан болған, бірақ ол біраздан бері Ташкентте тұрып жатыр, ел басқарудан қалған. Барақ сұлтан зұлымдық ісі үшін қашып жүр. Онда жалғыз Абылай сұлтан ғана билік жүргізіп отыр”,— деп нықтайды. Тегеурінді әскери қимылмен қатар жүргізілген мәмілегерлік қарекеттер Абылайды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтереді. Еділ қалмақтары (1771 жылы) қазақ жері арқылы үдере көшкенде олардың Жоңғарияға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік берудің дұрыс екенін әскери кеңесте дәлелдеген де Абылай данышпан. Жоңғарларды Қазақ хандығы мен Қытай империясының ортасындағы белдеу ретінде қажет деп есептеген Абылай сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбаған және көбіне үстем шығып отырды. 1771 жылы Абылай Түркістанда бүкіл Қазақ ордасының ханы ретінде ақ киізге көтерілді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ халқының ханы деп ресми түрде таныса, оның беделінен сескенген Ресей мемлекеті Орта жүз ханы ретінде ғана құрмет көрсетіп отырған. Қазақ ордасын бөлшектеуді көздеген бұл кезеңде Абылай Қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдыруға тырысты. 1766—1768 жылдары Абылай Қоқан хандығына соғыс ашып, нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалаларын қайтадан қазақ иелігіне өткізеді. Қытай әскері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға жақындаған тұста мұсылман елдерінің

басын қосуға ұмтылып, Ауғанстан шахы Ахмет Дурраимен келіссөз жүргізді. Түркияға да елшілік жіберуге ниет білдірген. Қытаймен қатынасты жақсартқан соң орыс бодандығынан бойын аулақ салып, Ресей патшасының шақыруымен берілмек хандық белгіден 1779 жылы қазан айында бас тартады. Қайта, Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі кезінде үш мың әскермен “Қасірет белдеуі” бойындағы орыс бекіністерін шабуға аттанады.

Қаһарлы хан, ұлы қолбасы Абылайдың дарынды күйші екені де тарих бетінде бар. Ол “Ақ толқын”, “Алабайрақ”, “Бұлан жігіт”, “Дүние қалды”, “Жетім торы”, “Қайран елім”, “Қара жорға”, “Қоржыңқақпай”, “Майда жел”, “Шаңды жорық”, “Сары бура”, тағы басқа күйлердің авторы. Өмір жолын ат үстінде өткізген Абылай сыңды абыз Арыс өзенінің жағасында 1780 жылы қайтыс болған. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішіне Қабірхана мен Ақсарай арасына жерленген. Абылай ханға елімізде ескерткіштер орнатылып, үлкен қалалардағы көшелерге, университетке оның аты берілген. Қазіргі уақытта оның есімі тәуелсіздік рәмізіне, жауынгерлік ұранға айналды (189, 45—48; 143, 150—152; 208, 326—327; 265, 6—50).

Жазба мәліметтерден байқалатыны, Абылай бабамыз 12 әйелінен 40 қыз, 30 ұл сүйген. Ұлдарының тарихи деректерде аты аталатыны мыналар:

Бірінші әйелі, Сағындық Шуақбай атты қарақалпақ бегінің қызы Сайман ханымнан: Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім атты төрт ұл.

Екінші әйелі — Қашқар бегі Кенже сарттың қызы Бабақтан: Шеген, Рүстем, Оспан, Сыздық, Әбітай, Әбділдә деген алты бала.

Үшіншісі — Қалмақ ханы Қалден Сереннің туысы Хошу Мерген ноянның қызы Топыштан: Қасым мен Қамбар атты екі ұл.

Төртінші әйелі — Сарғалдақ қожаның қарындасынан: Ток, Қасым, Арық деген үш ұл көреді.

Бесінші әйелі — Арғын Атығай Қарауылдың қызы Токта бегімнен: Сығай, Тағай, Сүйік, Әли, Құлан, Тоғым деген — алты ұл туады.

Алтыншы әйелі — тұтқынға түскен Өріс сұлудан Шама атты ұл.

Есімдері белгісіз басқа әйелдерінен: Ғұмыр, Байыр, Жәңгір, Сыпатай деген төрт ұлы болған (213, 49—51). Басқа ұлдарының аты, біз зерттеген жазба шығармаларда көрінбейді.

Абылай хан 1780 жылы қайтыс болғаннан кейін тұңғышы Уәли сұлтан (1738—1819) мұрагерлік жолмен хан сайланады. Уәлидің қамқарекеті мен адами болмысы оның Оренбург губернаторы генерал Рейнсдорпка (1774 жылы, 2 маусым) жазған хаты аңғартқандай: “Жоғары мәртебелі сіздің Шынайыт мырза арқылы жіберген хатыңызды



Абылай ханға Алматы қаласында
қойылған ескерткіш.

жылы 2 карашада Петропавловск қамалында Уфа мен Симбирскінің генерал-губернаторы Якобийдің қатысуымен Уәлидің таққа отыру және ант беру рәсімі өткізіледі (207, 451—456; 213, 49—51). Уәли хан өз тарапынан Ресейдің қазақ даласында жүргізген империялық қитүрқы саясатына тосқауыл қоюға тырысып бақты. Ресей билеушілерінің ел ішінде ханға наразы күштерді жасырын түрде қолдап, керек болса ақшалай және заттай сыйлық беріп, үшқынды өртке айналдырып отырғанын байқады. Патша шенеуніктері Орта жүздің Кіші жүзбен, Ұлы жүзбен ағайындық, туыстық, мемлекеттік байланыстарын үзіп, араларын алшақтатуға күштерін салды. 1786 жылы Ресейде Кіші жүздің ханы Нұралы мен Айшуақ сұлтан тұтқынға алынғанда Уәли хан бірінші болып бұған наразылық білдірді. Ханның бұл әрекетіне Оренбургтің әскери генерал-губернаторы барон

алдық, тек әкем — Абылай хан орнында болмады, ол қалың қолмен сырттағы жауға аттанған еді, жауымыздың тас талқаны шығарылғандығы жайлы хабар алып отырмыз. Ал мұндағы елді оның орнына мен басқарып отырмын. Сіздер де қандыбалақ қарақшыны ұстапсыздар (әңгіме Емельян Пугачев туралы болып отыр — А.Қ.), бұл хабарды естіп мен қуанып қалдым. Себебі Ұлы Мәртебелі императордың біз жауына жау, досына доспыз ғой”!

Енді бір деректе орыс бақылаушысы Чучалов Уәли туралы былай айтады: “Уәли әкесі Абылай сияқты өркөкірек, алған бағытынан қайтпайтын қайсар, әрі құбылмалы. Ол мені бір-ақ рет қабылдады. Бұл қылығын: “Әкем де Ресей жақтан келгендермен бір-ақ рет кездескен еді”, — деп дәлелдеуге тырысады” (209, 106).

1782 жылы 25 ақпанда Екінші Екатерина Уәли сұлтанды Орта жүздің ханы етіп бекіту туралы әмір еткен арнайы жарлыққа (грамотаға) қол қойды (207, 451; 240, 104). Сол

О. Игельстром томендегідей жауап берді: “Жоғары дәрежелі хан, Ұлы Мәртебелі императрица Сізге тек қана Орта жүзді билікке берді, ал қазақтың Кіші жүзінің ісі, ондағы жағдай Сізге мүлдем тапсырылмаған болатын” (210, 102).

“Андыған жау алмай қоймайды” дегендей, Уәли ханның көзі тірісінде 1815 жылы Орта жүзде тағы бір келте хандық құрылып, оған хан сайланады. Ол Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтірген Барак сұлтанның ұлы Бөкей еді. Шенеуніктердің көздеген мақсаты Орта жүз ханының құқығын бөлшектеп, күшін азайту еді.

Уәли ханның кіндігінен 14 ұлы болған: Ғұбайдолла (кейбір деректерде Абайділдә), Есім, Тәуке, Ғаббас (немесе Аббас), Жошы, Торежан, Әбілмәмбет (немесе Мәмке), Хамза, Шыңғыс, Абылай (тағы бір деректер бойынша Әбен), Шеген (Шепе), Әлі (Әлжан), Қанқожа, Бегалы (189, 49; 213, 49—51).

Абылай ханның немересі Ғұбайдолладан Болат, одан — Сұлтанғазы (Шоқанның замандасы, Омбы кадет корпусын бітірген, генерал-майор) туады. Уәли хан өлген соң — тұңғышы Ғұбайдолла хан сайланады, бірақ патша үкіметі оны хандыққа бекітпеген. Өйткені, 1823 жылы қытайлықтар Ғұбайдолланы барша қазақтың ханы деп таныған іспетті. Ресей империясы қазақ хандығын тарату мақсатымен 1822 жылы Жарғы қабылдап, Қазақстанда сыртқы округтер ұйымдастыра бастаған тұста Ғұбайдолла Көкшетау округінің аға сұлтаны болып тағайындалады, оған медаль беріліп, шапан жабуға шешім қабылданады. Алайда, Ғұбайдолла осының бәрінен де бас тартады, туажаты — Қасым сұлтанның баласы Саржанмен ойы бір жерден шығып, Ресей империясының қысымына қарсылық көрсетуге бет бұрады. 1824 жылы Қытаймен байланыс орнатуға әрекеттеніп жүргенде, патша үкіметінің Карбышев бастаған жүздік жасағы Ғұбайдолланы Баянауылда (90-ға жуық сұлтан-билерімен бірге) тұтқынға түсіреді. Осыдан кейін оны Сібірдегі Березовка деген қашық ауданға жер аударды.

Уәли ханның енді бір ұлы Шыңғыс (1815—1905) оның орнында қырық жылдан астам уақыт аға сұлтандық қызмет атқарды, әскери шені полковник, ресми түрде орыс аксүйектерінің (дворяндарының) санатына қосылған. Әйелі — Шорман бидің қызы Зейнеп. Шыңғыс пен Зейнептің 7 ұлы, 6 қызы болады. Олардың атақтылары: Шоқан (Мұхаммед Ханафия), қазақтың тұңғыш ғалымы-ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, географы, фольклортанушы, суретші (1835—1865), Әбділ Мақыжан (1845—1916), Қозыке (Сақыпкерей) 1854—1896 жылдары өмір сүрген (189, 646—650; 213, 49—51).



Қазақ даласының қысқы көрінісі.

Шоқан небәрі 30 жыл өмір сүріп, қазақ халқының тарихында өшпес із, өзінен кейінгі ұрпаққа өлмес мұра қалдырған, данышпан тұлға. Ғылымның әр саласына жазған оның еңбектері ойының тереңдігімен, тарихи деректерді айшықты талдау-тарызлауымен, үшқыр түйінімен күні бүгінге дейін маңызын жоймай келеді.

Шоқанның інісі Әбділ Мақыжан (Мақы) өнер иесі — суретші. Ол француз суретшісі Лежемен бірге “Орнаменты всех времен и стилей” (СПб., 1890) атты зерттеу шығармасын өмірге әкелді. 1876 жылы Санкт-Петербургте өткен ориенталистердің көрмесінде Мақының колөнер бұйымдары алтын медальмен марапатталған. Ол Саумалыкөл, Торанғұл елді мекендері үшін қоғамдық ғимараттардың жобаларын сызды. Орыстың шығыстанушысы Г.Н.Потанин: “орыс қоғамында Мақыны құрмет көрсетіп қарсы алады, оны биік тәрбиелі жүріс-тұрысы әрі ажарқын мінез-құлқы үшін жақсы көретін еді” — дейді (211, 241—290).

Шоқанның інісі Сақыпкерей (Қозыке) нәзік сезімді сазгер, атақты Ақан серінің жақын досы. Оның шығарған “Керкұнажын”, “Көкшетаудың биігі”, т.б. әуендері әншілер репертуарынан осы күнге дейін түспей келеді. Қозыке туындыларының ішіндегі ең асқағы, саздысы әрі әсерлісі — “Топай көк” әні. Оны біздің заманымызға атақты әнші Жарылғапберді жеткізді. Бұл әннің тылсым қадір-қасиетін М. Әуезов “Абай жолы” романында асқан шабытпен суреттейді.

Шынғыстың Махмед атты ұлы 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде ақтардың қолынан қаза тапты.

Абылай ханның ұрпақтарынан халық арасында данқы шыққан, атақ-абройға толыққанды ие болған арыстар — Қасым сұлтанның үрім-бұтағы. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, елін, жерін қорғауға бар күш-жігерін, ақыл-ойын жұмсаған, ақыры сол жолда жанын пида қылған Абылай ханның ұлы Қасым және оның ер-жүректігімен танылған ұлдары — Саржан, Есенгелді, Кенесары һәм Наурызбай елі.

Қасым сұлтанның батырлығы, тәуелсіздік жолындағы күресі, еліне деген інексіз сүйіспеншілігі, тар жол, тайғақ кешудегі табандылығы

әкесінен дарыған. Қасымның біртуар бейнесі оның Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичке (1824 жылы, 17 қыркүйек) қатаң талғалтар қойып жазған хатынан айқын аңғарылады: "... Сіз менің мына сұрақтарыма жауап берсеңіз екен: 1) Сіздер неге біздің халыққа қысымшылық жасап отырсыздар? 2) Біздің жерде неге бекіністер салынып жатыр? 3) Суымызға неге ау құрылған? 4) Орыстар иемденіп жатқан көлдерден неге қазақтарға түз алуға болмайды? 5) Осының бәрі кімнің бұйырғымен жасалып отыр? 6) Менің әкем мен ағам Уәлидің мұрагері, хан болып сайланған Ғұбайдолла серіктермен бірге зорлықпен ұсталды. Ғұбайдолла Ресейге қандай қиянат жасаған екен? Маған айтыңыздар! Ал қазақтар жамандық жасаса, анығын білу өзіміздің қолымыздан келеді. Егер менің бауырымның не істегенін ашып айтпасаңыздар, бізге өкпелемейсіздер, сәті түскенде жауапқа тартамыз.

Біздің қол астымыздағы, сіздерге бодан болмаған қазақтарға жамандық жасамаңыздар, себебі әкем Абылай хан мен мемлекет басшысы императрица арасындағы бейбіт келісімде шекара көрсетілген. Егерде біздің жердегі салынған бекіністер жойылмаса, қазақтарға деген қастандық тоқтатылмаса — бұл жағдайда ренжімейтін боласыздар. Ресей жерін алатын болсақ, оған байланысты біздің арам ниетіміз жоқ. Ал енді, сіздер бізге қарсы соғыс ашатын күнде, біз қарап отыра алмаймыз, Ресей тарапынан жасалған түрлі алдау, арбау және қастандыққа көнетін шамамыз жоқ. Сөз боп отырған мәселелер жайындағы ойларыңызды маған дереу хабарлаңыз" (209, 215).

Қасым сұлтанның балалары Саржан, Есенгелді, Әлжан үшеуі қару, оқ-дәрі жиып, келіссөз жүргізіп жүргенде, қоқандықтардың сатқындығынан мерт болады. Одан кейін тарих сахнасына Қасымның батыр ұлдары Кенесары мен Наурызбай шықты, он жыл бойы Абылайдың ақ туын қолдарынан түсірмеді. Өздерінің үндеулерінде Абылай заманында "қазақтар еркін, бейбіт өмір сүргенін" үнемі еске салып отырды (81, 115—122). "Кенесары өзі бастаған сарбаздар қолын асықтай үйіріп, тыңдата білді. Олардың биік рухына Еуропа әскерінің кез келген қолбасшысы қызғанышпен қарар еді", — деп жазады сол кездегі тарихшылардың бірі Н.Серета (189, 50; 249, 6).


Кенесары хан әкесі Қасым сұлтанның жолын ұстап, қозғалысының басты арнасы — азаттық пен тәуелсіздік туы деп білді. Патша үкіметінің өкіліне жазған наразылық хаттарының бірінде, Кенесары: "Бабамыз марқұм Абылайдан мұраға қалған жерлер: Есіл — Нұра, Ақтау, Ұлытау, Қарқаралы, Қазалық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Аққайың, Тұзақтан бастап Оралға дейін, тақта отырған

патша тұсында бізден тартып алынып бекіністер салынды. Қазір де, атамекен жеріміз күн сайын тартып алынууда, бекіністер салынып халық қан қақсауда. Бұл жайі тек болашағымыз үшін емес, бүгінгі, күнбе күнгі тіршілігімізге де қауіпті” (189, 50; 81, 115—122; 213, 50).

Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан да (1839—1910) ата-баба жолынан айнымай бар ғұмырын қазақ халқының бостандығына сарп етті. Тарихшы Н.Павловтың айтуынша: “Тұрандағы аса ірі тұлғалардың бірі болып табылатын даланың осынау жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүтімен сіңгендей еді. Сыздықтың сирек кездесер окшау бір ерекшелігі — атак, мансап, қадір-құрмет іздемегендігі” (213, 50; 249, 410—444).

Абылай хан бабамыздың кейінгі ұрпақтарынан елге белгілерінің бірегейі — ғұлама тарихшы Ермұхан Бекмаханов (1915—1966). Ол Уәли ханның Тәуке деген баласының ұрпағы (Тәукеден — Жанпейіс, одан — Жанбөбек, одан — Беген, одан — Бекмахан, одан — Ермұхан (249, 8). Е.Бекмахановтың 1947 жылы жарық көрген “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20—40 жылдарында” атты көлемді еңбегі қазақ тарихнамасында маңызы зор бола тұра, автор осы шығармасы үшін қуынға ұшырап, түрмеге қамалды. Оның бар “кінәсі” — ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесарыға берген әділ бағасы. Ермұханның қызы Нәйла Бекмаханова да әке жолын қуған, тарих ғылымдарының докторы, белгілі ғалым.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген архитектор, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Елтаңбасының, Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің және жиырмаға жуық ескерткіштердің авторы Шот — Аман Ыдырысұлы Уәлихан — Шоқан Уәлихановтың інісі Мақының (Әбділ Мақыжанның) ұрпағы. Әрине, Абылай хан ұрпақтарын түгендеп кітапқа жазуға, бір шығарманың көлемі жетпейтінін біліп, әзірге осымен тоқталамыз. Жарықтық, Абылай бабамыздың аруағы ұрпағын желеп-жебеп жүрсін деп жылы лебізімізді білдіреміз.



Пайдаланылған Әдебиеттер

(Қазақ және орыс тілдерінде)

1. *Неру Ж.* Взгляды на Всемирную историю. В 3-х томах. Т. 1. М., 1977.
2. *Стендаль.* Собрание сочинений. В 15-ти томах. Т. 11. М., 1959.
3. *Қозыбаев М.Қ.* Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994.
4. *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия /Сочинения. Т.1. М.: Издательство восточной литературы, 1963.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том /Бас ред. М.Қ. Қаратаев. Алматы: “Қазақ совет энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1973.
6. *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей. Т.1. Кн 1 /Перевод с персидского *Л.А. Хетагурова.* Ред. и примеч. проф. *А.А. Семенова.* М.— Л.: Издательство АН СССР, 1952.
7. *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей. Т.1. Кн.2 /Перевод с персидского *О.И. Смирновой.* Примеч. *В.И. Панкратова* и *О.И. Смирновой.* Ред. *А.А. Семенова.* М.— Л.: Издательство АН СССР, 1952.
8. *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей. Т.2 /Перевод с персидского *Ю.П. Верховского.* Примеч. *Ю.П. Верховского,* *В.И. Панкратова.* Ред. *И.П. Петрушевского.* М.— Л.: Издательство АН СССР, 1960.
9. *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей. Т.3. /Перевод с персидского *А.К. Арндса.* Под ред. *А.А. Ромаскевича,* *Е.Э. Бертельса* и *А.Ю. Якубовского.* М.— Л.: Издательство АН СССР, 1946.
10. *Гумилев Л.Н.* Поиски вымышленного царства: Легенда “О государстве пресвитера Иоанна”. М.: Айрис-Пресс, 2004.
11. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 3-том: Орта ғасырлық тарихи ой. Астана: Фолиант, 2005.
12. Жүз тұңғыш //Жинақ. 1-кітап /Кұраст. *Бексұлтан Нұржесеұлы.* Алматы: Жалын, 2005.
13. *Петрушевский И.П.* Очерки по истории феодальных отношений в Азербайджане и Армении в XVI — начале XIX вв. М., 1949.
14. *Қожабек-Албани Байұзақ Рахымұлы.* Мұхаммед Хайдар Дулати. Алматы: Ататек, 2000.
15. *Бабыр Захир ад-Дин Мұхаммед.* Бабырнама /Қазақша сөйлеткен *Байұзақ Қожабекұлы.* Алматы: Ататек, 1993.
16. *Баласағұн Жүсіп.* Құтты білік /Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған *А. Егеубай.* Алматы: Өлке, 2006.
17. *Байпақов К.* Қазақстанның ежелгі қалалары//Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2005.
18. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей /Под общей редакцией академика *М.К. Козыбаева.* Алматы: Санат, 1996.
19. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т.2. Ч.1. М.: Издательство восточной литературы, 1963.

20. *Бабыр Заһир әд-Дин Мұхаммед*. Бабырнама. Алматы: Жалын, 1990.
21. *Қазыбайев М.Қ*. Оркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-словарь, 2001.
22. Демографический энциклопедический словарь. М., 1985.
23. *Құран Кәрім /Ауд. Р.Нысанбайұлы, У.Қыдырханұлы*. Алматы: Жазушы, 1991.
24. *Коран / Перевод смыслов и комментариев Имам Валерии Пороховой*. 7-ое изд. М.: Рипол Классик, 2003.
25. *Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди*. Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.
26. *Жалайыр Қ*. Шежірелер жинағы /Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Комеков, С.Өтениязов. Алматы: Қазақстан, 1997.
27. *Өтеміс Қажы*. Шыңғыс-наме /Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П.Юдиндікі. Алғысөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әбусейітова // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
28. *Абдиров М*. Хан Кучум: Известный и неизвестный. Алматы: Жалын, 1996.
29. *Валиханов Ч.Ч*. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т.2. Алма-Ата, 1985.
30. *Сыздықова Р.*, Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның “Шежірелер жинағы”. — Алматы: Қазақ университеті, 1991.
31. *Валиханов Ч.Ч*. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т.1. Алма-Ата: Изд-во АН Каз.ССР, 1961.
32. *Әбілғазы*. Түрік шежіресі /Көне түркі тілінен ауд. Б.Әбілқасымұлы. Алматы: Ана тілі, 2006.
33. *Әбілғазы*. Түрік шежіресі: Халық қазынасы. Алматы: Ана тілі, 1992.
34. *Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы*. Алматы: Аруна, 2004.
35. *Григорьев В.В*. О скифском народе саках. Алматы: Хант, 1998.
36. *Бейсенбайұлы Ж*. Арғы түркілер ақиқатының ізімен. — Алматы: Қайнар, 2006.
37. *Сулейменов О.О*. Тюрки до истории. Алматы, 2002.
38. *Салғараұлы Қ*. Түрік әлемі. Астана, 2000.
39. *Жұртбаев Т*. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. 1-кітап. Алматы: Жалын, 1994.
40. *Древнетюркский словарь*. Л., 1969.
41. *Қазақ тарихынан: Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер / Құраст. Н.Құлмұхамбетова*. Алматы: Жалын, 2004.
42. *Қазақ совет энциклопедиясы*. 10-том /Бас ред. М.Қ. Қаратаев. Алматы: “Қазақ совет энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1977.
43. *Голубовский В.П*. Печенеги, тюрки, половцы до нашествия татар. Киев, 1881.
44. *Бартольд В.В*. История турешко-монгольских народов. Ташкент, 1928.
45. *Геродот*. История. М., 2001.

46. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 2-том: Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. Астана: Фолиант. 2005.
47. *Геродот*. Истории /Пер. и примеч. Г.А. Стратановского. М.: АСТ. 2006.
48. *Қайдар Ә., Оразов М.* Түркітануға кіріспе //Оқу құралы. 3-ші басылымы. Алматы: Арыс, 2004.
49. Древние авторы о Средней Азии. Ташкент, 1940.
50. *Рассадин В.Е.* Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. М., 1978.
51. *Қуанғанов Ш.Т.* Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы. Алматы: Білім, 1997.
52. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том /Бас ред. М.Қ.Қаратаев. Алматы: “Қазақ совет энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1972.
53. *Ораз Н.* Талқандалған тарихат. Астана: Фолиант, 2003.
54. *Гумилев Л.Н.* Хұндар /Орыс тілінен ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов. Алматы: Қазақстан, 1998.
55. *Күнтөлеуұлы А.* Шыңғыс хан: Тарихи және құқықтық ғылыми деректер. Алматы: Дәуір, 2006.
56. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена: Научное издание. Т.1. Алматы: Жалын, 1998.
57. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена: Научное издание. Т.2. Алматы: Жалын, 1998.
58. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена: Научное издание. Т.3. Алматы: Жалын, 1999.
59. *Бичурин Н.Я.* (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан. Учебное пособие /Составитель Н.Е.Ақбаев. Алматы: Санат, 1997.
60. *Аманжолов К.Р.* Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап: Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең. Алматы: Білім, 2005.
61. *Марғұлан Ә.Х.* Ежелгі жыр-аныздар. Алматы, 1985.
62. *Ғұлама: Тұлға. Тағдыр. Тағылым /Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар.* Павлодар: ЭКО, 2004.
63. Древние цивилизации //Энциклопедический словарь Ф.А.Брокгауза и И.А.Ефрона /редактор-сост. И.Е.Арясов. М.: Вече, 2006.
64. *Ирмуханов Б.Б.* Усунь и этногенез казахского народа. Алматы: Наш Мир, 2006.
65. Слово о полку Игореве /Вступительная статья Д.С.Лихачева. Л.: 1967.
66. *Сулейменов О.* Аз и Я: Книга благонамеренного читателя /Сулейменов О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы, Аз и Я: Алматы: Жалын, 1990.
67. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности: Тексты и исследования. М.— Л., 1952.
68. *Дүйсембекова Л.* Қазақ ресми-іс қағаздары. Алматы: Ана тілі, 2005.
69. *Ақатаев С.* Тышқан жылғы қырғын: XI—XIII ғғ. Найман тайпаларының мемлекеті және мәдениеті. Алматы: Ана тілі, 1994.
70. *Гумилев Л.Н.* Көне түріктер: Коңшлік оқырман қауымына арналған. Алматы: Білім, 1994.

71. *Қытайтұлы З.* Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX—XII ғасыр. Астана: Елорда, 2001.
72. *Аристов Н.А.* Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы және олардың саны туралы ескертпелер: “Живая старина” жеке IV шығуы. СПб, 1896.
73. *Продеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент, 1889.
74. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. 2. Ч.1. М., 1963.
75. *Груссе Р.* Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Том 1 / Пер. с франц. Х.К. Хамраева. Сост. Б.М. Сужиков. Алматы: Санат, 2005.
76. *Бердібай Р.* Байқалдан Балқанға дейін. Алматы: Қазақстан, 1996.
77. *Менгес К.Г.* Восточные элементы в “Слове о полку Игореве.” М., 1984.
78. *Ахметов Қ.* Ұлы Даланың Ұлытауы. Омбы, 1999.
79. *Мелиоранский П.М.* Араб — филолог о турецком языке. СПб., 1900.
80. *Аманжолов К.Р.* Түркі халықтарының тарихы. 2-ші кітап: XIV ғ.-дан XVIII ғ.-дың бірінші жартысына дейінгі кезен. Алматы: Білім, 2005.
81. *Аманжолов К.Р.* Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап: XVIII ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін. Алматы: Білім, 2005.
82. *Бернштам А.Н.* Проблемы древней истории и этногенеза Казахстана //Изв. АН Каз ССР. Серия археол., 1949, N57, вып. 2.
83. *Оразбай М.* Біздің заманға дейінгі V ғасыр — біздің заманның VI ғасыры кезеңіндегі Қазақстанның этносаяси тарихының мәселелері // Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Анкара — Алматы, 1991.
84. *Кудайбердыұлы Ш.* Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, 1990.
85. *Қалилаханов Т.* Қазақнама. 3 томдық. 1-кітап. Алматы: Умай, 2006.
86. *Қозыбаев М.Қ.* Тарих зердесі: Замана асуы. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1994.
87. *Жұмбаев М.* Шығармалары. Алматы, 1989.
88. *Плетнева С.А.* Кочевники средневековья. М., 1982.
89. *Жұртбаев Т.* Дулыға: Конне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. 2-кітап. Алматы: Жалын, 1994.
90. Крафт И.И. Далалық облыстардағы қырғыздар туралы заңдар жинағынан //Қазақ тарихынан: Шежірелер, жазбалар, пікірлер /Құраст. Н.Құлмұхамбетова. Алматы: Жалын, 2004.
91. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі: Этноәдени пайымдау //Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997.
92. *Жолдасбеков М.* Тастар сөйлейді. Астана: Фолиант, 2002.
93. Евразийский народ саки /Вспомогательное пособие для учащихся, абитуриентов и студентов. Алматы: Балалар шығармашылығы мен балалар баспасөзінің мемлекеттік емес мекемесі /Негосударственное учреждение детского творчества и детской прессы “Болашақ балапандары”, 2006.

94. Григорьев В.В. О скифском народе саках / Монография. СПб., 1871.
95. Омірбекова М.Ш. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті // Оқу құралы. Алматы: Зият Пресс, 2004.
96. Клышторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники, как источник по истории Средней Азии. М.— Л., 1964.
97. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса: Бес тарих / Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. Алматы: Қазақстан, 1992.
98. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Изд. 2-е. Сб. 2 / Под ред. Асфендиярова С.Д. Алматы: Қазақстан, 1998.
99. Гумилев Л.Н. Древняя русь и Великая степь. М., 1989.
100. Гумилев Л.Н. Древняя русь и Великая степь. М.: Эксмо, 2006.
101. Копеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Қазан, 1907.
102. Мырзаханов Ж. Тарих койнауынан: Тарихи очерктер. Алматы: Жалын, 2004.
103. Қазақтың көне тарихы / Дайындаған М. Қани. Алматы: Жалын, 1993.
104. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Изд. 2-е. Сб. 1: V в. до н.э.— XVII в. н.э. / Под ред. Асфендиярова С.Д. и Кунте П.А. Алматы: Қазақстан, 1997.
105. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. Өлеңдер мен аудармалар. Алматы: Жазушы, 2005.
106. Агаджанов С.Г. Средневековые этнонимы названия “туркмен” // Проблема этногенеза туркменского народа. Ашхабад, 1977.
107. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1991.
108. Бизақов С. Түбі бір түркілер / Бас ред. Ә. Нысанбаев. Алматы: “Қазақ совет энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2000.
109. Тажутов А. Қазақтардың саны қанша болған... Алматы: Сөздік-словарь, 1998.
110. Қожабекұлы Байұзақ Албани. Тарихи таным: Ежелгі халықтар, тайпалар, рулар, жер жұтқан қалалар. Алматы: Ататек, 1994.
111. Исмагулов О. Этническая геногеография Казахстана. Алматы, 1997.
112. Қазақ совет энциклопедиясы. 6-том / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. Алматы: “Қазақ совет энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1975.
113. Казахи. Алматы: Қазақстан, 1995.
114. Бейсенбайұлы Ж. Арғы түркітер ақиқатының ізімен. Алматы: Қайнар, 2006.
115. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. Алматы: Жазушы, 2005.
116. Түріктер (Тужио). Жыужәндар / Құраст. Қ. Салғараұлы. Алматы: Санат, 1999.
117. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. 1-том: Жыр тағылымы / Құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. Алматы: Сөздік-словарь, 2005.
118. Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Торт түліктің қасиеті. Алматы: Қаз-Баспа — КТ, 2005.

119. Қазақ хандарының ғұмырнамасы /Құраст. А.Ж.Нұсқабай. Алматы: Білім, 2001.
120. *Қытайтулы* 3. Қазақ мемлекеті және Жоңғар хан: Тарихи-сараптамалық зерттеу. Астана: Елорда, 2004.
121. *Мағауин М.* Қазақ ордасының құрылуы //Қазақ хандарының ғұмырнамасы /Құраст. А. Ж.Нұсқабай. Алматы: Білім, 2001.
122. *Мағауин М.* Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Қазақстан, 1995.
123. *Сұлтанов Т.И.* Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы: Қазақ хандығының тарихы. Алматы: Мектеп, 2003.
124. *Сұлтанов Т.И.* Поднятые на белой кошме: Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
125. *Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И.* Казахстан: Летопись трех тысячелетий. Алматы: Рауан, 1992.
126. *Сұлтанов Т.И.* Чингиз-хан и Чингизиды: Судьба и власть. М.: АСТ, 2006.
127. *Сиунну:* Хан кітабы /Көне қытай жазбаларынан аударып, алғы сөзін түзген және құраст. Қ. Салғараұлы. Алматы: Санат, 1998.
128. *Аджи М.* Тюрки и мир: Сокровенная история. М.: Издательство АСТ, 2004.
129. *Аджи М.* Европа, тюрки. Великая степь. М., 1998.
130. *Владимирцов Б.Я.* Работы по истории и этнографии монгольских народов //Ред. кол.: В.М. Алатов (пред.) и др. /Сост. Г.И.Слесарчук. М.: Вост. лит., 2002.
131. *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. СПб., 1881.
132. *Грум-Гржимайло Г.Е.* Западная Монголия и Урянхайский край. Т. 3. Вып. 2. Л., 1930.
133. *Юдин В.П.* Орды: Белая, Серая, Золотая... //Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Алма-Ата, 1992.
134. *Юдин В.П.* Ақ, Көк, Боз, Алтын... Ордалар /қазақшалаған Қ.Салғараұлы //Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
135. *Кекілбаев Ә.* Үш белес: Көркемсөздер. Алматы: Арыс, 2001.
136. *Широкый О.Б.* Батый: Полет на спине дракона. Ист. Роман. М.: АСТ: Транзиткнига, 2005.
137. *Чойжилжавын Чойсамба.* Завоевательные походы Бату-хана. М.: Идея-Пресс, 2006.
138. *Данияров Қ.* Қазақстанның балама тарихы. Алматы: Жібек жолы, 1997.
139. *Ахметов Қ.* Ұлы Даланың Ұлытауы. 2-том. Омбы, 2001.
140. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузеном /Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е.Кумекова, А.К. Мунинова //История Казахстана в арабских источниках. Т.1. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
141. *Астайкин А.А.* Дети и внуки Чингис хана. М., 1995.
142. *Хальфин Ибрагим бин Исхак.* Чингис хан уә Ақсақ Тимур тарихы. Қазан, 1908.

143. Қазақ хандығы (II бөлім) //Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2006.
144. *Бичурин Н.Я.* (о. Иакинф). История первых четырех ханов из Дома Ичинцова: История монголов. М.: АСТ: Транзиткнига, 2005.
145. Труды академика *В.В. Бартольда* по истории Центральной Азии /Очерки истории Семиречья. Лекции по истории Туркестана /Под ред. *А.Е.Абишева*. Астана: Казахстанский институт “Свободное общество”, 2005.
146. История Казахстана в персидских источниках. Том IV: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные *А.А. Ромаскевичем* и *С.Л. Волиным* /Отв. редактор *М.Х.Абусейтова*. Переработанное и дополненное. Подготовка к новому изданию, введение, перевод, комментарии, составление указателей *М.Х. Абусейтовой* и *Ж.М.Тулибаевой*. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
147. *Насонов А.Н.* Монголы и Русь. М.—Л.: Издательство АН СССР, 1940.
148. *Юдин В.П.* XIV ғасырдағы Қазақ даласындағы биліктің тайпа билеріне және Тоқа Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне өтуі /қазақшалаған *Қ.Салғараұлы* //Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
149. *Греков Б.Д., Якубовский А.Ю.* Золотая Орда и ее падение. М.—Л.: Издательство АН СССР, 1950.
150. *Соловьев С.М.* Сочинения. Т.1—2. Кн.1: История России с древнейших времен. М.: Мысль, 1988.
151. *Гумилев Л.Н.* От Руси до России: Очерки этнической истории. Алматы: Кочевники, 2003.
152. *Вернадский В.Г.* Монголы и Русь /Пер. с англ. *Е.П.Бернштейна, Б.Л.Губмана, О.В.Строгановой*. Тверь — Москва, 1999.
153. *Салғараұлы Қ.* Хандар кестесі //Қазақ хандарының ғұмырнамасы /Құраст. *А.Ж. Нұсқабай*. Алматы: Білім, 2001.
154. *Мағауин М.* Қазақ Ордасының құрылуы //Қазақ хандарының ғұмырнамасы /Құраст. *А.Ж.Нұсқабай*. Алматы: Білім, 2001.
155. *Тыншпаев М.* История казахского народа /Сост. и авт. предисловия *А. Такенов* и *Б. Байғалиев*. Алматы: Санат, 2002.
156. *Аяган Б.* Еще раз к вопросу о дате основания Казахского ханства //Казахстанская правда, 2006, 20 октября.
157. *Есенберлин І.* Көшпенділер: Тарихи трилогия. Алматы: Көшпенділер, 2006.
158. *Есенберлин І.* Алтын Орда: Роман-трилогия. Алматы: І Есенберлин атындағы қор, 1999.
159. *Нәукенұлы Б.* Тарихтағы қазақ хандары //Қазақ тарихы, 2005, N1.
160. *Жәмекұлы М.* Байырғы Бабата (Древняя Бабата): Көпшілік оқырманға арналған. Алматы: Алатау, 1997.
161. *Кұдайбердіұлы Шәжәрім.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі: қазақтың қайдан шыққаны //Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 4-том: Жаңа замандағы тарихи ой. Астана: Фолиант, 2005.

162. *Махмуд ибн Уали*. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйнар //Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 3-том: Ортағасырлық тарихи ой. Астана: Фоллиант, 2005.
163. Қазақтар. 2-том. Алматы, 1998.
164. *Физатов Ж.* Қасым хан. Қазақ тарихы, 2005, N4.
165. *Жандарбек З.* Ақ Орда ма, Көк Орда ма? //Қазақ тарихы, 2007, N2.
166. *Му'ин ад-Дин Натанзи*. Аноним Искандара /Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные *В.Г. Тизенгаузеном* и обработанные *А.А.Ромаскевичем* и *С.Л.Волыным* //История Казахстана в персидских источниках. Т.IV. Отв. редактор *М.Х.Абусейтова*. Переработанное и дополненное. Подготовка к новому изданию, введение, перевод, комментарий, составление указателей *М.Х.Абусейтовой* и *Ж.М.Тулибаевой*. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
167. *Мингулов Н.Н.* К некоторым вопросам изучения истории Ақ Орды // Казахстан в эпоху феодализма: Проблемы этнополитической истории. Алма-Ата: Наука, 1981.
168. *Березин И.Н.* Ханские ярлыки //Ярлык Тохтамыш хана: Къ Ягайлу. Казань, 1950.
169. *Қондыбай С.* Есен — казак. Алматы: Арыс, 2006.
170. *Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2002.
171. *Салғараұлы Қ.* Қазақтың килы тарихы: Роман-эссе. Алматы: Жалын, 1992.
172. *Қурмансейітова А.Х.* Ярлык Тохтамыш хана к Польскому королю Ягайле и Эдиге //Развитие Ногайской Орды: Историко-географические аспекты. Махачкала, 1993.
173. *Пищулина К. А.* Казахское ханство во взаимоотношениях с Могульстаном и Шайбанидами в последней трети XV века //Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата: Наука, 1981.
174. *Лувсанданзан*. Алтын шежіре /Моңғол тілінен ауд. *А. Мауқараұлы*. — Алматы: Өнер, 1998.
175. *Бекмаханов Е.* Қазақстан XIX ғасырдың 20—40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994.
176. *Карамзин Н.М.* История государства Российского. М.: АСТ, 2006.
177. *Майхиев Д.* Қазақ хандығының негізі — Ақ Орда: құрылуы мен нығаюы(1361—1428 жж.) //Қазақ тарихы, 2006, N4.
178. История Казахской ССР: с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. Том II. Алма-Ата: Наука, 1979.
179. *Шамшиденова Ф.М.* Тайбұға ұлысы //Алаш, 2006, N1.
180. *Плано Карпини и Гильом де Рубрук*. Путешествие в Евразийские степи. Алматы: Кочевники, 2003.
181. *Григорьев А.П.* Использование древнемонгольского института “эден” в практике наследования отцовского юрта //Общественные науки в Узбекистане. 7-ші шығарылуы. Ташкент, 1972.
182. *Босворт К.Э.* Мусульманские династии. Справочник по хронологии и генеалогии / Пер. с английского и примечания П.А.Грязневича. М., 1971.

183. Стэнли Лэн Пуль. Монголы XIII—XVIII вв. //История монголов. М.: АСТ: Трайзиткнига, 2005.
184. *Нұржәкеұлы Б.* Қазақ мемлекетінің тұңғыш ханы кім? //Жас Алаш, 2005, №131.
185. *Абусейтова М.Х.* Казахстан и Центральная Азия в XV—XVII вв.: История, политика, дипломатия. Алматы, 1998.
186. *Вельяминов-Зернов В.В.* Исследования о Касимовских царях и царевичах //Труды Восточного отделения Императорского археологического общества. Ч.2. — СПб., 1864.
187. *Нәукенұлы Б.* Тарихтағы қазақ хандары //Қазақ тарихы, 2005, №1.
188. *Абусейтова М.Х.* Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата, 1985.
189. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 1-том /Бас ред. *Ә. Нысанбаев.* Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998.
190. *Абусейтова М.Х.* Из истории внешнеполитических связей Казахского ханства с соседними государствами во второй половине XVI в. // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI—XVIII вв. Алма-Ата, 1983.
191. *Нестеров А.Л.* Прошлое Приаральских степей в преданиях киргиз Казалинского уезда //Записки Восточного отделения археологического общества. Т. 12. Вып. 4. СПб., 1900.
192. *Тәсілова Н.* Шығай мен Тәуекел хандар және Шайбанилер әулеті //Қазақ тарихы, 2006, №5.
193. *Салғара Қ.* Шығай хан //Түркістан, 1996, 5 маусым.
194. *Юдин В.П.* “Тарих-и Шайбани” как источник по истории казахского и каракалпакского народов //Вопросы историографии и источниковедения Казахстана. Алма-Ата, 1988.
195. *Тулибаева Ж.М.* Из истории взаимоотношений народов Центральной Азии в XVI—XVIII вв. //Вестник КазНУ. Серия МО и МП, 2003, №1.
196. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 8-том /Бас ред. Б. Аяған. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006.
197. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 3-том /Бас ред. *Ә.Нысанбаев.* Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001.
198. *Байболұлы Қ.* Еңсегей бойлы ер Есім: Дастандар. Алматы: Жалын, 2005.
199. *Созакбаев С.* Тәуке хан //Қазақ хандарының ғұмырнамасы /Құраст. *А.Ж.Нұсқабай.* Алматы: Білім, 2001.
200. *Жұмабаев М.* Сүй, жан сәулем: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2002.
201. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 5-том /Бас ред. Б. Аяған. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2003.
202. *Қасымбаев Ж.К.* Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы: Білім, 1999.
203. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 4-том /Бас ред. *Ә.Нысанбаев.* Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2002.
204. *Артықбаев Ж.О.* Материалы к истории правящего дома казахов. Алматы: Ғылым, 2001.

205. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 7-том /Бас ред. Б.Аяған. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2005.
206. *Мағауин М.* Алдаспан: Көне қазақ поэзиясының антологиясы. (XV—XVIII ғасырлар). Алматы: Атамұра, 2006.
207. *Абылай хан:* Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы /Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай. Петропавл: Астана, 2005.
208. *Игісін Қ.А.* Ұлы дала: Тарихи-ғибраттық шежіре. Астана: Фолиант, 2002.
209. Казахско-русские отношения в XVIII—XIX веках //Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1964.
210. Материалы по истории Казахской ССР. Т.4. М.—Л., 1940.
211. *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинении. В 5-ти томах. Т.4. Алма-Ата, 1985.
212. *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т.2. Алма-Ата, 1985.
213. *Уәлихан Ш.* Абылай хан әулеті //Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 1-том /Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998.
214. Кіндігімді кескен жұрт: Елдік жыры /Құраст. *М.Жолдасбеков, Н.Айтұлы, И. Нұрахметұлы.* Астана: Күлтегін, 2004.
215. *Келімбетов Н.* Ежелгі дәуір әдебиеті: Қазақ әдебиеті бастаулары //Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2005.
216. *Уәлиханов Ш.* Алтышаһарға сапар. Алматы: Атамұра, 2006.
217. *Левшин А.И.* Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы //Тарих — адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 4-том: Жаңа замандағы тарихи ой. Астана: Фолиант, 2005.
218. *Радлов В.В.* Тюркские степные кочевники. Изд. 2-ое, доп. Астана: Алтын кітап, 2007.
219. *Артықбаев Ж.О.* Қазақ тарихы мен этнологиясының мәселелері. 1-том. Павлодар: ЭКО, 2007.
220. *Валиханов Ч.Ч.* Этнографическое наследие казахов. Изд. 2-ое, доп. Астана: Алтын кітап, 2007.
221. *Көпейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. 2-ші бас. толық. Астана: Алтын кітап, 2007.
222. *Тауасарұлы Қазыбек бек.* Түп-түкияннан өзіме шейін /Баспаға дайындаған *Б. Қыдырбекұлы.* Алматы: Жалын, 1993.
223. *Тілеукабылұлы Ө.* Шипагерлік баян /Араб карпінен көшіргендер *К. Елемес, Д. Мәсімхан.* Алматы: Жалын, 1996.
224. *Сұлтанов Т.И.* Темір және оның империясы. Алматы: Мектеп, 2004.
225. *Сафаргалиев М.Г.* Распад Золотой Орды //Уч. записки. Вып. 11. Саранск. 1969.
226. *Вяткин М.П.* Очерки по истории Казахской ССР. Т.1. С древнейших времен по 1870 г. М., 1941.

227. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары: Жолжазба очерктер /Аул. Р.Шаймерденов.— Астана: Аударма, 2002.
228. Кияиторный С.Г., Султанов Т.Н. Государства и народы Евразийских степей: Древность и средневековье. 2-е изд., исправл. и доп. СПб.: Петербургское востоковедение, 2004.
229. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации. Алматы: Бис, 1999.
230. Бартольд В.В. Сочинения. Т.5. М.: Наука, 1963.
231. Акимущкин О.Ф. К вопросу о внешнеполитических связях Мо-гольского государства с узбеками и казахами в 30-х годах XVI в. — 60-х годах XVII в. //Палестинский сборник. Т. 21. М.—Л., 1970.
232. Акимущкин О.Ф. Комментарии к книге Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас: Хроника. М., 1976.
233. Абусеитова М.Х. Из истории казахско-среднеазиатских отношений: События 1598—1599 годов //Казахстан в эпоху феодализма: Проблемы этнополитической истории. Алма-Ата, 1981.
234. Төлеуғалиұлы Б. Адай тарихы сыр шертеді. Алматы: Өлке, 2007.
235. Международные отношения в Центральной Азии XVII—XVIII вв. /Документы и материалы. Кн. 1. М., 1989.
236. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Яссави. Ташкент, 1930.
237. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 8-том /Бас ред. Б.Аяған. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2006.
238. Русско-монгольские отношения. 1607—1636 гг. М., 1959.
239. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. М., 1983.
240. Үш пайғамбар /Шығарушылар алқасы: Шерхан Мұртаза, Аян Нысаналы, Совет Шиманбай, Ержұман Смайыл, Әнуар Тілеулес. Алматы: Дәуір, 1992.
241. Казахско-русские отношения в XVI—XVIII веках //Сборник документов и материалов. Алматы, 1961.
242. Ұрпаққа ұран — Бактыбай: Тарихи деректер мен очерктер /Құраст. А. Құнтөлеуов. Астана: Әлем, 1998.
243. Ермұханова Х.К. Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық-тест. Алматы: Шың-кітап, 2007.
244. Уәлиханов Шоқан. Шығармалары. Алматы, 1982.
245. Абылай //Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 1-том /Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998.
246. 100 құжат: Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар /Құраст. Қ. Салғараұлы. Алматы: Санат, 1998.
247. Өсеров Н. Жеті Жарғы. Алматы: Санат, 1997.
248. Еділханова С.А. Казахско-Джунгарские взаимоотношения в XVII—XVIII веках: Некоторые историографические аспекты проблемы. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
249. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993.

250. *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства в XVI—XVIII вв. Алматы: Мектеп, 1971.

251. *Кәстель Дэс.* 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы /Неміс тілінен аударған. Ә.Төреханов. Астана: Аударма, 2002.

252. *Қашқари Махмұт.* Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы /Қазақ тіліне аударған. алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: Сөздік-словарь, 2006.

253. *Қашқари Махмұт.* Түрік сөздігі. 1-том /ауд. А.Егеубай. Алматы, 1997.

254. *Акишев К.А., Қушаев Г.А.* Древняя культура саков и уйсуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963.

255. *Өтенияз С.* Аттила. Алматы, 2000.

256. *Артықбаев Ж.О., Рахимова З.А.* Этноархеологическое наследие академика *Радлова В.В.* // *Радлов В.В.* Тюркские степные кочевники. 2-е изд. доп. Астана: Аттын кітап, 2007.

257. *Полыгтегін.* Күлтегін /Ауд. *М.Жолдасбеков.* Алматы, 1986.

258. *Құнталеуұлы А.* Мұхаммед Пайғамбар: Өмірі және Ислам діні. Алматы: Дәуір, 2003.

259. *Грюнебаум Г.Э.* Классический Ислам: Очерк истории (632—1258) /Пер. с англ. И.М.Дижур. М.: Наука, 1988.

260. *Құнанбаев Абай.* Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы /Тарих — Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 4-том: Жана замандағы тарихи ой. Астана: Фолиант, 2005.

261. *Аджи М.* Полюнь половецкого поля. М.: Пик-контекст, 1994.

262. *Әкім Ж.* Қазақ идеясы: Түркі өркениеті негізінде. Алматы: Өлке, 2006.

263. *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи XVII—XVIII вв. Алма-Ата: Ғылым, 1991.

264. *Данияров К.* Альтернативная история Улыса Жошы — Золотой Орды. Алматы: Жібек жолы, 1999.

265. *Әбүев Қ.* Қазақстан: Тарих және тағылым. Астана: Елорда, 2006.

266. *Оразбаева А.* Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

267. *Жұртбаев Т.* Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әңсәналар. 1-кітап. Алматы: Жатын, 1994.

268. Сарайшық билеушілері мен батырлары: Жинақ /Құраст. *Қ. Орынғали.* Алматы: Арыс, 2004.

269. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі /Құраст. *С.Әжіғали.* Алматы: Арыс, 2005.

270. *Петухов Ю.Д.* Русы Великой Скифии /Ю.Д.Петухов, Н.И.Васильева. М.: Вече, 2007.

*Жалған жарық дүние ешкімге оға бермеген,
ол менен де қалар, сол себепті мен өзімнен
өрген ұрпағыммен, өзімнің халқым қазаққа
қианнан қиып жол салсам деймін, сол жолды
олар ұстанса, қажетіне жаратса деймін...*

Әбілқайыр хан
1747 жыл, маусым.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН

“Бірде өйгілі халық батыры Жәнібек қасына нөкерлерін ертіп, көрші өлкеге аттанады. Бес күн жол жүрген топ түс әлетінде жапан далада өсіп тұрған жалғыз бөйтеректің көлеңкесінде тәтті ұйқы құшағында жатқан жас жігітті көреді. Жігіттің келбетіне ерекше сүйсінген Жәнібек батыр атының басын тартады. Мұндай сымбат, қуат шашқан келбет ердің еріне бітер болар, дейді ол серіктеріне, қолын екі жаққа еркін жайып жіберіп, күллі дүниені құшағыма қусырып аламын дегендей жатысына қараңдар! Осы жігітті үлкен болашақ күтіп тұрғаны анық. Осы айтқаным болмаса, мен Жәнібек болмай кетейін...”

Халық аңызынан...



Ақтөбе қаласындағы Әбілқайыр ханның ескерткіші.
2000 ж. орнатылған. Мүсіншісі Е.Сергеев,
архитекторлары — Б.Егінбаев пен Н.Қожағұлов.
2001 ж. Фотосурет.

**ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ,
ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТАРИХНАМАСЫ НЕ ДЕЙДІ?**



*Жайық өзені кеуіп қалғанша,
тіпті ақыр заман келгенше,
қазақ халқы бұл жерден айрылмайды.
Өйткені, мұндай жайлы жерді олар
еш жерден таппайды.*

**Әбілқайыр ханның
өсиетнамасынан... .**

Алла Тағаланың бұйрығымен Әбілқайыр хан, уығын ата-бабалары Жәнібек пен Керей сұлтандар шанышқан, Қазақ ордасының тағдыры талқыға түскен қасіреттің басы-қасында тұрды. Ерлік, билік даңқына бөленген оның ғұмырының соңғы кезеңі сұраққа да толы болды. Содан шығар, көрнекті мемлекет қайраткерінің төккен тері, халықаралық қатынастардағы мәмілегерлік қызметі, билік саласындағы бастамалары, хандық құрған тұсындағы мемлекетті басқару тәсілдері толассыз зерттеушілердің ой елегінен өткізіліп келеді.

Қазақ халқының ұзақ жылғы тарихнамасы сан-алуан оқиғаларға толы. Сол қым-қуыт оқиғалардың басында адами болмысы алуан түрлі тұлғалар болғаны да анық. Тағдырдың жазуымен мемлекеттің, әскердің, халықтық қозғалыстың тізгінін ұстаған дарабоз тұлғалар өздерінің қабілетіне қарай кейде жағымды, кейде жағымсыз болуы мүмкін. Қазақ халқының бағына біткен Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Есім, Тәуекел, Тәуке, Әбілқайыр, Абылай хандар елдің іргесін бекемдеп, шаңырағын нықтау жолында қиын-қыстау сәттерде жеке бастарының ерекше қадір-қасиеттерімен үлгі-өнеге көрсете білді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы күрделі оқиғаларға белсенді араласып, қазақ хандығының саяси өмірінде өзіндік орны бар терен

із қалдырған ірі тұлғалардың бірі. Кіші жүздің ханы — Әбілқайыр. Айтұлы қолбасшы, жоңғарларға қарсы қазақ халқының Ұлы Отан соғысының бас сардары, кемеңгер мемлекет қайраткері, әрі дипломатияның майталманы Әбілқайырдың саяси қызметіне ғылыми зерттеу жүргізіп, қортынды жасауға жаңа замана мүмкіндік туғызып отыр, — дейді Қазақстанның көрнекті тарихшыларының бірі С.М. Мәшімбаев (123, 8—9).

Дарабоз тұлға тозбайды екен. Данышпан сілкініп, тәуелсіздік кезеңінде қайта тұғырына қонды. Ұзағынан болғай демекпіз! Жас та болса, бас болған Әбілқайырдың Кіші жүз халқының сеніміне ие болып 25 жасында хандық таққа отыруы, үш жүздің төбе билерінің және ел ақсақалдарының ұйғаруымен жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің Бас қолбасшылығына (Бас сардар) тағайындалуы, Ресей империясымен арадағы саяси-мәмілегерлік қарым-қатынас орнатудағы кемеңгерлігі, көрегендігі, белсенді іс-әрекеттері және олардың нәтижелері үш жүз жыл бойы ғалымдар арасында арнайы сарапқа түсіп келеді.

Тарих тұңғыығына үнілсек, XVI ғасырдың соңына таман қазақтардың үш жүзге (ордаға) бөлінгені мәлім. Оларды Ұрыс ханның шөбересі өз-Жәнібектен тараған сұлтандар басқарды. Асылы, Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің аттарының өзі олардың пайда болу мезгілін меңзегендей. Бұл шамамен Хақназар ханның (1538—1580 жылдары) тұсында болса керек. Айталық, Кіші жүз Қазақстанның терістік батысындағы Ноғай ордасы құлағаннан кейін қалыптасты. Кіші жүздің билеушілері өз-Жәнібектің сегізінші ұлы Өсекенің (кейбір деректерде Өсек, Үсен, Ұснақ, Сүйік деп әртүрлі жазылып жүр — А.Қ.) бұтағы болса, Ұлы жүз бен Орта жүздің хандары Жәнібектің кенжесі, яки тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтаннан өрбиді.

XVII ғасырдың аяғына таман өз-Жәнібектің сегізінші ұлы Өсеке (Шоқан оны Сүйік деп атайды — А.Қ.) сұлтанның ұрпағынан шыққан Әбілқайыр саяси сахна төріне көтеріліп, қазақ халқының тағдырына тікелей қатысы бар санаулы тұлғаның біріне айналды. 1710—1723 жылдар арасында жоңғар басқыншыларына, Еділ қалмақтары мен башқұрттарға, Жайық бойындағы орыс-қазақтарына қарсы қазақ жасақтарын бастаған Қажы сұлтанның ұлы Әбілқайыр халық арасында әжептәуір беделге ие болды. Ол қабілетті қолбасы, ат құлағында ойынаған батыр, алып күштің иесі ретінде көзге түсті. Қазақтың ұлан-ғайыр даласында ауыздан-ауызға тараған аңыздардың бірінде былай айтылады:

“Бірде әйгілі халық батыры Жәнібек (Шакшақ Жәнібек тархан — А.Қ.) қасына иокерлерін ертіп, көрші өлкеге аттанады. Бес күн жол жүрген топ, түс әлетінде жапан далادا өсіп тұрған жалғыз бәйтеректің көлеңкесінде тәтті ұйқы құшағында жатқан жас жігітті көреді. Жігіттің келбетіне ерекше сүйсінген Жәнібек батыр атының басын тартып тұрып: “Мұндай сымбат, қуат шашқан келбет ердің еріне бітер болар,— дейді ол серіктеріне,— қолын екі жаққа еркін жайып жіберіп күллі дүниені құшағыма қусырып аламын дегендей жатысына қараңдар! Осы жігітті ұлы болашақ күтіп тұрғаны анық. Осы айтқаным болмаса, мен Жәнібек болмай кетейін”, дейді де Жәнібек батыр ұйқыдағы жігітті найзасының ұшымен қолынан түртеді. Ол атып тұрып, оқтаулы садағын Жәнібектің көкірегіне тақайды. “Тоқта, ақымақ!— дейді Жәнібек, — түсір садағыңды! Мен Жәнібекпін, саған жау емес, доспын!” “Сен даңқты Жәнібек болсаң, жөнімен жатқан, өзінде шаруасы жоқ кісіге тиіспе! — дейді жас жігіт. — Мен ешкімге өзімді ат үстінде тұрып найзамен түрткізбеймін. Мен кедеймін, бірақ тектімін. Сен, Жәнібек, сол жаққа кет. Мен, Әбілқайыр сұлтан, оң жаққа кетем!... Әй, Жәнібек, қаралар қашаннан бері ақсүйекті сыйлаудан қалған?”

Жәнібек атынан түсіп, жігітке қолын ұсыныпты. Сол жолы достасқан екеудің содан соң жұбы жазылмапты... (2, 5).

25 жасқа толған Әбілқайыр сұлтан халық беделіне ие болып, Кіші жүзге хан сайланған, батырлығымен жауға шауып, қазақтың ұлы хандарының бірі саналатын өз-Тәуке мен қазақтың би, батырларының көзіне түскен.

Бұл еңбегімізді жазу барысында Әбілқайырдың ғұмырнамасын негізгі үш кезеңге бөлуді мақұл көрдік, олар: Әбілқайырдың жастық шағы (1693—1718 жылдар арасы); екінші кезең, қатардағы сұлтанның Кіші жүз қазақтарының ханы және қазақ жасақтарының бас қолбасшысы (бас сардары) дәрежесіне дейін көтерілуі (1718—1730 жылдар) және үшіншісі, Кіші жүздің Ресейге қосылу кезінен өмірінің ақырына дейінгі кезеңді (1731—1748 жылдары) қамтиды.

Қолда бар деректерге жүгінсек, Әбілқайыр Кіші жүздің ханы болып 1718 жылы сайланған деген болжам жасауға негіз бар. Ал, оның хандыққа сайланған уақыты жайлы деректерде кездесетін әртүрлі мерзімдер (мәселен, 1710, 1718, 1726, 1730 жылдар) Әбілқайырдың осы уақыттарда атақ-даңқы хандық биліктен кем болмағанын және оның есімінің сайын далادا кеңінен танымал болғандығын көрсетсе керек.



Ағылшын суретшісі әрі саяхатшы Джон Кэстль Әбілқайыр ханның қабылдауында. Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

Әбілқайырдың мемлекет қайраткері ретіндегі қол жеткізген ең жоғарғы лауазымы — біріккен қазақ жүздері жасағының бас қолбасшысы болуы. Бұл тарихи оқиға, 1726 жылы Түркістан қаласы маңындағы Ордабасы төбесінде үш жүздің игі жақсылары бас қосқан халық кеңесінде шешілген еді. Әскери өнерімен атағы шыққан Әбілқайыр күллі қазақ жасағының бас қолбасшылығына сайланды. Әбілқайыр ханның данқын қокке көтерген, оның бастауымен 1727 жылы Бұлан-

ты — Білеугі озенінің бойында Сарысудың орта ағысы (бұл жер кейде “Қалмақ қырылған” деп те аталады) және 1729 жылғы Балқаш көлінің оңтүстігінде Аңырақай жерінде өткен жоңғар шапқыншыларына қарсы шешуші шайқастардың нәтижесі.

Жасыратыны жоқ, қазақ тарихнамасында күрделі тұлғалардың бірі саналып келе жатқан Әбілқайырдың, күні бүгінге дейін қолбасшылық қарекеттері, мемлекеттік және қоғамдық саяси қызметі, батырдың тарихи бейнесі сан мәрте талқыланып, сан қырынан зерттеліп, қаншама рет көкірек көрігінен өткізілгенмен нақты бағасын әлі ала алмай келеді,— деп қынжыла жазады белгілі ғалым Ә.Мұқтар (6, 10).

Әрі қарай ойын осы автор былай жалғастырады: “Кеше ғана қазақты жоңғар шапқанда үш жүздің ығайы мен сығайын, хандары мен сұлтандарын, батырлары мен билерін мойындатып бас қолбасшы сайланып, жауын талқандап, кейін қашырған, еліміздің батысы мен солтүстігіндегі қалмақ пен казак-орыстан, оңтүстігіндегі Бұхара, Хиуа, түркімен, карақалпақтан еш тайсалмаған, көршілес башқұрт елінің хан тағына шақырылған жалғыз қазақ — Әбілқайыр тарихы осыншама неге 300 жылға жуық мерзім бойы пікір талас нысанына ұласып келеді” (6, 10).

XX ғасырдың соңғы жылдарында онымен тағдырлас хан мен сұлтандар, би мен батырлар, атап айтсақ — Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды төбе билер, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шыпырашты Наурызбай, Есет пен Жәнібек тархандар, Абылай хан есімдері жиі-жиі аталып, тәуелсіз еліміздің тарихына қосқан үлестері айшықталып, ұрпаққа үлгі ретінде насихатталып жатқан тұста, Әбілқайыр олардың қатарынан көрінбей, шетқақпай қалуы түсініксіз жайт. Азда болса сол олқылықтарды толықтыру мақсатында шығарманың негізгі желісін Шыңғыс ханның тұңғышы Жошы ханның ұрпағы Қажы сұлтанның ортаншы ұлы Әбілқайыр ханның ғұмырнамасына арнадық, аруағы риза болсын, қадір-қасиеті мол тұлғаның! Сөз жоқ, Әбілқайыр тұлғасы жалаң, жадағай саясаттандырылған шеңберге сыймайды. Ол өте алып та, тұңғыық терең де. Оны тудырған қайғы-қасіреті мол, қиындықтарға толы заманасы. Әбілқайыр есімі және оның мемлекет басшысы ретіндегі іс-әрекеттері, дипломатиялық және соғыс алаңындағы жеңісі XVIII ғасырда еуразиялық кеңістікте ғана емес, барша әлемдік тарихқа өзіндік құбылыс болып енді. Бұлар — ұлы географиялық жаңалықтар, халықаралық саясаттың жаңа белестері, әлемнің империялар мен отарларға бөлінуі халықтардың ара қатынасының өзгеруіне әкелген негізгі себептер еді.

Әйтсе де, Ресей және Кеңес үкіметінің тарихнамасында XVIII—XX ғасырлардағы қазақ халқының хандары мен батырларының жеке тұлғасына аз назар аударылды, аттары халық санасынан өшірілді, олардың қоғамдағы қызметтері жоққа шығарылды. Кейбір зерттеушілердің ойынша қазақтарда мемлекет болмаған, осыдан Ресей империясының отарлау қарекеттерін ұлттық мүддеден жоғары қойып, ондай саясатты “алға ілгерілеу” деп дәріптеді. Қазақстанның Ресейге қосылуын “өз еркімен” және қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына, әдет-ғұрпына, мәдениетіне “даму үрдісіне” ықпал жасады, — дегендер ғылыми еңбектер де жазылды. Ал дарабоз тұлғалардың тарихтағы орны жалаң және бір жақты баяндалды.

Кеңестік тарихнаманың кейбір білгірлері Әбілқайыр ханның саналуан саяси-қоғамдық әрекеттерін “сатқындық”, “өркөкіректік”, “өзімшілдік”, “қара басын ойлағандық” деп айыптаса, қайсыбір орыс зерттеушілері “дана билеуші”, “ұлы орыс халқына өз еркімен қосылудың негізгі ұйытқысы бола білді” деп асыра мадақтады. Міне, сондықтан біздің алға қойған мақсатымыз Әбілқайырдың жеке басы мен қызметіне шынтуайтты, сындарлы, яғни жаңа замананың көзқарастарымен баға беру.

Бүгінгі Қазақстан тәуелсіз ел атанып, өзінің тарихатын жаңаша көзқараспен саралап жатқанда, бұрынғы сыңаржақ пікірлерді азайтып, қайтадан жазу керек екендігін өмірдің өзі мойындатып отыр. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы ахуалын зерттеу арқылы тарихнамадағы ақтандақтарға қазіргі замана тұрғысынан әділ бағасын беруіміз керек.

Әбілқайыртанудың бастауына Қазан төңкерісінен (1917 ж.) бұрын жазылған орыс және шетел зерттеушілерінің еңбектері жатады. Бұлар В.В.Бартольд (85, 489—490), А.И.Левшин (35, 12—428; 166, 189—254), В.В.Вельяминов-Зернов (137, 8—161), Л.Л.Мейер (207, 5—155), Я.П.Гавердовский (3, 141—148), П.И.Рычков (159, 9—70; 59, 17—84), Н.П.Рычков (128, 71—141), Дж.Кэстль (119, 14—123), Ш.Ш.Уәлиханов (100, 13—124), В.Н.Витевский (64, 82—117; 167, 7—157), Ф.И.Лобысевич (209, 271—279), А.Н.Харузин (203, 5—76), В.В.Радлов (210, 5—180), А.И.Добросмыслов (63, 3—139) және басқаларының шығармалары.

Аталмыш ғалымдар қазақтың сайын даласының XVIII—XIX ғасырлардағы қоғамдық-саяси дамуының қыр-сырымен жақсы таныс болғандықтан шығармаларында Әбілқайыр ханның ғұмырнамасына ерекше көңіл аударған.

Орыс ғалымдарының ішінде патша үкіметінің отарлау саясатын барынша ақтауға, керісінше Әбілқайырдың ел басқару және мәмілегерлік саясатын жағымсыз жағынан көрсетуге тырыскандары да жеткілікті. Сондықтан бұлардың қайсыбірі Әбілқайырды “мансапқор”, “тұрақсыз саясаткер”, “айлакер”, “өркөкірек”, “өзімшіл” деп жазды (35, 205).

Сөйте тұра, А.И.Левшин Кіші жүз ханы туралы “Әбілқайыр Кіші жүздің ханы болғанымен, Орта жүздің кейбір руларына да билігін жүргізді. Елінің жағдайын ойлай отырып, билігінің өктем болуына назар аударды. Жауларын жеңіп өз билігін нығайта түсу үшін бар мүмкіндігін толық пайдаланды”, — дейді (35, 160—169).

Осы кезеңді біршама зерттеген А.И.Добросмыслов: “Біздің жақын көршіміз Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Қазақ Ордасындағы хандардың ішінде нағыз беделді және сайып қыран еді”, — деп тұжырымдаған (63, 124). 1734 жылдан Оренбург экспедициясында қызмет еткен патша шенеунігі, тарихшы П.И.Рычков: “Кіші жүз ханының ақылы, айласы жағынан өз заманындағы басқа қазақ хансултандарынан оқ бойы озық тұрды” (159, 9), — деп көрсетеді. Бұл Әбілқайыр дәуірінің тірі куәгерлерінің бірінің пікірі.

Шығыстанушы ғалым, Ресей үкіметі халық ағарту ісінің майталманы В.Н.Витевский Орынбор өлкесі туралы көлемді еңбек жазған еді. Ол кейбір патша үкіметінің саясаткерлері тәрізді Әбілқайыр ханның іс-әрекеттеріне және жеке басына жағымсыз мінездеме беретін авторлардың қатарында бола тұра, Кіші жүз ханының қадір-қасиеттеріне таңғалып, оны өзінің қалай мойындағанын білмей қалады: “Әбілқайыр хан өте ақылды адам ретінде батыл және шешімді әрекеттер істей бастады. Ол өз жоспарының алғашқы сәтсіздіктеріне мойымай, кез-келген жаңа мүмкіндіктерге жүгіне білетін. Өз мақсатына жету үшін ол таңдаған тәсілдер қай уақытта да сәтті болды”, — деп ағынан жарылады (64, 82—117; 167, 157; 194, 45—53). Оренбург шекаралық экспедициясының алғашқы бастығы И.И.Кириллов: “Әбілқайыр хан барлық қазақ-қайсақ хандарының ішіндегі атақтысы және ақылдысы” (160, 22—24) десе, ханға етене жақын араласқан патша үкіметінің елшісі Мәмет Тевкелевтің: “Әбілқайыр хан жетерліктей ақылды және жетерліктей қулығы бар адам... оның Ұлы Мәртебелі императорға бодан болу ниеті лажсыздан туып отыр”, — деген мінездемесі де куә боларлықтай (99, 33—73; 93, 65—142; 94, 56—107). Әбілқайырды бодандыққа алып, өз саясатына бағындыра алмаған Оренбург генерал-губернаторы И.И.Неплюев: “...алғашқы қызметіме кіріскеннен кейін-ақ, ол (Әбілқайыр) маған өте

қолайсыз адам болды, өзі төкаппар, қулығы мол. Әйтсе де, қазақ хандарын жеке-жеке ұстап, саясат жүргізуге болады. Ал Әбілқайыр өте қауіпті тұлға...” — деп ханға жағымсыз мінездеме береді (54, 254; 2, 267—268; 211, 359—360; 252, 264—270).

Бұл патша үкіметінің қазақтарға және олардың ханы Әбілқайырға қарсы ұстанған өктем саясаты еді. Оны күні бұрын болжай білген данышпан сәуегей Дулат Бабатайұлының мына жыр шумағы айқындай түседі:

*“Батыстан патша түнегі,
Жеріңе келіп түнеді.
Жоныңнан таспа тіледі.
Ішіңе әбден кіреді,
Оны Дулат біледі,
Серпуге тұяқ жарамай,
Елді тасқын басқандай...” (78, 33).*

Ресей империясы әуел бастан-ақ өз мүддесін көздеп, қазақтармен одақ емес, олардың бодан болуын талап етті. Оған Әбілқайыр сынды сайып қыранның қарсылығы кезікті. Еділ мен Жайық аралығындағы жерлерді жаулап алып, қазақ даласының батысынан шығысына дейінгі аралыққа өзінің әскери бекіністерін салып үлгерген орыс патшалығы енді “берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан” деген қоқан-лоққыға көшті. Әбілқайыр мен патша ағзам Анна Иоанновна арасында 1731 жылы жасалған келісімінен кейін, іле-шала отаршыл патша әкімшілігі бодандықты мәңгілікке айналдыруға бағыттап, Еділ, Жайық, Ор өзенін бойлай бекініс салуға кірісті. “Еділді алды, елді алды, Есілді алды, жерді алды” (Шортанбай Қанайұлы), “Еділді тартып алғаны, Етекке қолды салғаны” (Мұрат Мөнкеұлы), “Еділ, Жайық екі су, Ел қонуға тар болды” (Әбубәкір Кердері) деген қилы заман да туды.

*...Әуелі жеңіп орыс елді алды,
Сарытау, Астраханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды...
...Жайықты тартып алғаны —
Жағаға қолды салғаны,
Ойылды тартып алғаны —
Ойындағысы болғаны.*

*Маңғыстауда үш түбек,
Оны-дағы алғаны.
Үргеніш пенен Бұқараға
Арбасын сүйреп барғаны —
Қоныстың бар ма қалғаны?!
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны —
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны!* (206, 78—87; 254, 547—665)

деп, Мөңке жыраудың зар илеуі де осы тұсқа дөп келеді.

XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап қазақ жеріне еміне кіріп, ентелей енген орыс-казактарына ілесе батыс саяхатшылары, саудагерлері мен дипломаттары келе бастады. Олардың ішінде Кіші жүз қазақтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуге сүбелі үлес қосқан 1735—1737 жылдары Оренбург экспедициясының құрамында Ресей үкіметі қызметінде болған ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің жазба күнделігі ерекше атауға тұрарлық. Онда ханның жеке басы мен үй-жайы жөнінде тартымды мәліметтер келтірілген.

Дж. Кэстль Оренбургте патша үкіметі аманатқа ұстап отырған Ералы сұлтанмен (Әбілқайыр ханның екінші ұлы) достасады, соның арқасында 1736 жылы маусымда Әбілқайыр ханнан Оренбургке келген қазақ елшілігін қабылдауға қатысады. Қала коменданты Я.Ф.Чемодуров Ералының өтінішін қабылдап, Кэстльге қазақ елшілігіне еріп Әбілқайыр ханға саяхат жасауына рұқсат етеді. Джон Кэстльге тілмаш ретінде 14 жасар неміс баласы Дитрих Люфтус, көмекшілікке полковник А.И.Тевкелевтің үй қызметшісі “татар Құлбай” ереді. Осы сапарының нәтижесінде ол “Аса қайырымды патша және мәртебелі мырзаға” мынаны баяндайды: “Мен шынымен осы империяның пайдасы үшін ешкімнің қолдауынсыз және көмегінсіз тек өзімнің қыруар қаражатымды жұмсап іске асырған бірнеше және өте қауіпті сапарларым туралы мәліметтер ешқандай боямасыз қалпында жазылған... Мына күнделік — адалдығымның шын куәсі, құрметімнің белгісі” (119, 14). Аталған қолжазба Оренбург әкімшілігіне тапсырылған, бірақ оның империя кеңсесіне жеткен-жетпегені белгісіз.

“Күнделік” неміс тілінде “Орыс тарихының материалдарына” қосымша ретінде 1784 жылы Ригадағы И.Ф.Гарткпихтың баспасынан жарық көреді. Ол үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Дж. Кэстльдің

1736 жылдың 14 маусымынан 5 шілдеге дейінгі, яғни Оренбург бекінісінен шығып, хан ордасында болған және Уфаға қайтып оралған кезеңін қамтиды. Екінші бөлімінде Кіші жүзге саяхаттың қысқаша сипаттамасы берілген. Үшінші бөлігінде, 1736 жылдың 12 тамызынан 1737 жылдың 13 наурызына дейінгі мерзімде суретшінің Жайық қалашығы, Самара, Симбирск арқылы Оренбургке жетуі. Жол бойындағы оқиғалардан алған әсері “Күнделіктің” осы бөлігінде баяндалған (119, 99—122; 78, 8).

Дж. Кэстльдің “Күнделігінде” XVIII ғасырдың 30 жылдарындағы орыс-қазақ-башқұрт қатынастары, Қазақстанның Ресейге қосылуының алғашқы сәттеріндегі Кіші жүздегі саяси ахуал, бұл оқиғаға түрлі әлеуметтік топтардың көзқарасы, қазақ халқының қолөнері, киім-кешегі, тұрмыс-салты, шаруашылығы, Орта Азия халықтарымен сауда жүргізуі, жәдігерлері және рухани мәдениеті жөнінде әралуан мәліметтер, құнды деректер жинақталған.

Дж. Кэстльге қазақтар орта бойлы, қара шашты, қырағы көзді, денсаулығы мықты, төзімді де күшті, қонақжай халық болып көрінеді. Мал шаруашылығын, көші-қонын сипаттай келіп, бұл жердің қазақтары “өзендер мен көлдерді сағалай көшеді. Көктемде және жазда Оренбургке дейін көшсе, ал күз бен қысқа қарай қиқулай қайтқан жабайы қаздармен қосыла Арал теңізіне қарай бағыт алады”. — дейді (119, 100). Ханның (Әбілқайырдың — А.Қ.) және оның төңірегіндегілердің Оренбург әкімшілігінің қазақтарға Ор өзенінен әрі өтуге тыйым салған шешіміне реніш білдіріп отырғанын айтады. Жайық өзенінің табиғатын, жер байлығын (темір, мыс, алтын, күміс т.б.) тамсана жазады. Суретшіні өте қызықтырған көріністің бірі қазақтардың бүркітпен аң аулауы болды. Нияз сұлтан, табын Бөкенбай батыр, Ақмолай батырды Кэстль “ханға жақын адамдар” дейді. Аңға шыққанда Оренбургтен Арал теңізі маңындағы хан ордасына дейінгі жол бойында бұта-бұтадан қашқан қоян-түлкі, жүздеген киік, қасқыр, табын-табын құландарды көрген.

Кэстль археологиялық ескерткіштерге, моңғол дәуіріне жататын қаланың орнына, Елек пен Қарғалы өзендерінің аралығындағы ескі зираттарға назар аударады. Қазақтардың жерлеу салтын, сот жүргізу тәртібін, соғыс әдістерін, қару-жарағын, киіз үй жабдығын (түндік, кереге т.б.), музыкалық аспаптарын (сырнайды) сипаттап, олар “пірге табынады, молдалар аз” деуі ағылшын саяхатшысының байқампаздығын көрсетеді.

Кэстль Әбілқайырдың түр-түсіні сипаттап, 40 мың әскері болғанымен, оның хандық құзыры “беделді” сұлтан, батырларға тәуелді



Әбілқайыр ханның бәйбішесі Бопай ханымның ағылшын суретшісі Джон Кэстльді өз отауында қабылдаудан көрініс. Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж. (1784 ж. Литография).

екендігін, мысалы, Оренбургтен оралған Жәнібек батырға жолығуға Әбілқайыр оның екі күндік жердегі аулына өзі барғанын айтады. Кэстльдің: айтып отырғаны Қошқарұлы Жәнібек (1752 ж.ө.) болуы мүмкін. Көптеген тарихи дереккөздерде Шақшақұлы Жәнібек деп айтылады. Ол — замандастары Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен, Қабанбай, Бөгенбай, Бөкенбай, Бақтыбай батырлармен бірге қазақ елін, жерін, жоңғар-қалмақ шапқыншыларынан қорғаған даңқты қол-

басшылардың бірі, орыс-қазақ келіссөздеріне қатысқан мәмілегер. Кэстль хан төңірегіндегі адамдарының есімдерін келтіріп, оларға түсініктеме береді (Жандәулет батыр, табын Бокенбай, шекті Бактыбай, Байбек батыр, Шағырбай батыр, Құрманбай батыр, Алдарбай, Төлек, т.б.).

“Күнделік” Джон Кэстльдің өзі салған 13 суретпен толықтырылған. Олардың ішінде Ералы сұлтанның, Әбілқайыр ханның, Бопай ханымның суретшінің өз қолымен салған суреттері бар. Сонымен қатар, хан мен ханшаның Кэстльді қабылдауы, қазақтардың жайлауға көшу сәті, өзеннен өтуі т.б. тұрмыс-салты бейнеленген. Ағылшынның жазбасынан мынадай жолдарды кездестіреміз: “Хан менің келу құрметіме үш ордасының ығайы мен сығайын шақырып, үлкен қонақ асы жасады. Хан отырған үйдің ішіне керемет парсы кілемдері төселген, төбеде қызыл және сары түсті жібек мата ұсталған. Өзі малдас құрып отыр, тізесінің астында бұқар барқытымен тысталған әшекейлі жастық жатыр. Ханның сол қол жағында дәл осындай төрткүл “жібек шымылдықтың артында оның үш әйелі отырды”, — деп жазады. Джон Кэстль: “Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денелі, қайрат күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл қазақта оған тең келетін кісі жоқ...”, — деп Әбілқайырды келістіре суреттейді (119, 34—44).

Алайда, XVIII—XX ғасырлардағы тарихнамада Әбілқайыр хан жөнінде әрқилы жағымды, жағымсыз пікірлер айтылғаны мәлім. Осы жерде бір ерекше назар аударар жайт, Ресей империясының тарихын зерттеушілердің басым көпшілігі отаршылық саясатты бітімгершілікпен бүркемелеп отырды. Қазақстанның Ресейге “өз еркімен” қосылуын, тек қана бір жақты жоңғар шапқыншылығынан аман қалудың жолы деп жазып келді.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей қол астына енуі жөнінде шешім қабылдауы қазақ тарихындағы маңызды шара екенін ешкім жоққа шығармаса керек. Қол астына кіру дегенді шартты түрде қабылдауы Әбілқайырдың сол дәуірдегі лажсыздан мойындаған мемлекеттік саясаты деп түсінген жөн. Бұл мәмілегерлік әрекет арқылы қазақ халқының тоқырауға кездескен ұлттық мүддесіне тиімді жүргізілген саяси ахуал деп қарауға тиіспіз.

Әбілқайырдың жеке басына дұрыс баға беру үшін ұлттық мүддені жоғары қойып, сынаржақты емес тарихи шындық негізде берілуі жөн дейміз. Сондықтан, бір билеушіні мақтап, екіншісін орынсыз даттау ғылыми көзқарасқа кереғар болмақшы. Халық қалаулылары

эртақ мүддеге сәйкес қызмет атқаруға тырысты, алайда, олардың барлығы бірдей тарихнамадан өз орнын ала алмады. Белгілі ғалым, Қазақстан академигі К.Нұрпейісов: “...біздің тарихнамада саяси портрет жасау аз. Оның сыры көп жылдар бойы тарихты халық жасады деп келдік, бірақ солардың ішіндегі халық өкілдері екенін ескермедік. Билердің, батырлардың, хандардың саяси портреті жасалмағандықтан алып-қашты әңгіме көп. Мысалы, Әбілқайырды біреу мақтаса, екіншілері даттап жатады. Есесіне Абылайды түк қатесі жоқтай аспанға шығара дәріптеумен келеміз. Бұл дұрыс емес”, — дейді (123, 12). Қазақ тарихнамасында өз дәрежесіне көтеріле алмай келе жатқан осындай тұлғалардың бірі Әбілқайыр хан.

Оның шабандоз тұлға екенін академик М.Қозыбаевтың мына пікіріне сүйеніп айтсақ та болады. “Әбілқайыр хан сол бір тарихи кезеңнің күрделілігін сөз жоқ сезді. Оның мемлекет қайраткері ретіндегі ұлылығы да біздің көзқарасымызда, Қазақстанның империя құрамына кіретінін күні бұрын көре білуінде”, — деп тұжырымдайды (9, 101).

Қазақ халқының Кіші жүз ханы Әбілқайырдың бастауымен Ресейге бодандыққа бет бұрысы Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілері А.И.Добросмыслов, А.И.Левшин, В.Н.Витевский, Л.Л.Мейер, В.В.Вельяминов-Зернов, И.И.Крафт, П.И.Рычковтардың еңбектерінде пікір алалығын ескере отырып, оны жан-жақты қарастыруды көздейміз. Дегенмен, бұлардың көбі Әбілқайырдың бодандыққа берілу іс-әрекеттерін жазуды ұмытпады. А.Левшин бодан болу саясаты ханның жеке басының мүддесіне сәйкес еді” — десе, Л.Мейер: “күшті империяның қарауында болуды қалады”, И.Крафт: “Орыс императоры Аннаға тәуелді болу, оған тиімді еді”, — деп бодандықты қолдаған көзқарастарын білдірді. Осы айтылғандарды негізге алған кейбір қазақстандық зерттеушілер Ресей бодандығын қабылдауға ынтымақтық көрсеткен “нағыз айыпкер” Әбілқайыр хан деп жазып келді.



Абу-л-Хаир баһадүр-хан ибн
Хаджи-сұлтан
Әбілқайыр ханның жеке мөрінің
факсимальдық көшірмесі.

Ал, “Әбілқайыр хан нығына ауыр жүк алып Петербург сарайына үндеудің ұйытқысы болуға және елдігі ыдыран болған. Қазақ одағының сыртқы саяси бағытына түбірлі бетбұрыс жасау жауапкершілігін көтеруге мәжбүр болды”, — деп қазақтың белгілі тарихшысы Ж. Қасымбаевтың ой түйіндеуі ұлы тұлғаның мәмілегерлік мәртебесінің биіктігін көрсетеді (110, 14—64).

Қазақ тарихын зерттеушілердің бірі академик Н.И.Веселовский Қазақстанның Ресейге қосылуына баға бере келе, былай дейді: “Көшпенділердің келісім жөніндегі түсініктерінің біздің түсінігімізден әлдеқайда айырмашылығы бар. Олар үшін бодандық дегеніміз, ешкімді белгілі мемлекетке ештеңе міндеттемейтін, сондай-ақ қазақтардың пайдасына шешілген сауда-саттықтың бір келісімі сияқты әсер етті” (66, 10—15). Олай болса, Әбілқайыр ханның Ресеймен жасаған келісімі патшаға әсте тәуелді болмай, өз саясатын жалғастырып, екі елдің арасында сауда-саттықты дамытуға жағдай жасау еді. Оны Оренбург әкімшілігімен бірге шешіп отыруға бағытталған шаралар деп түсінді.

Қазақ хандарының Ресей империясы қоластына кіруі жөніндегі зерттеулер Қазан төңкерісінен кейін де өз жалғасын тапты. Аталған мәселеге соңғы жүзжылдықта М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Д.Асфендияров, Е.Бекмаханов, Н.Г.Апполова, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Б.Е.Көмеков, Ж.Қасымбаев, И.В.Ерофеева, А.Сабырханов, Ж.О.Артықбаев, Т.И.Сұлтанов, В.Я.Басин, М.Мағауин, М.П.Вяткин, М.Әбдіров, В.А.Моисеев, С.М.Мәшімбаев, Ә.Қ.Мұхтар, С.Әжіғалиев, Ж.Жақсығалиев, Ұ.Ахметова, Ө.Өмірзақов, С.Өтениязов, М.Есламғалиев, С.А.Еділхановалардың еңбектері елеулі үлес қосты.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығына мойынсұнуына, біріншіден, сол заманның қазақ қоғамындағы сыртқы-ішкі саяси жағдайы мәжбүр етсе, екінші жағынан, хандық билікті күшейту екендігі аңғарылады. Кейбір зерттеушілер Әбілқайыр халық пайдасына қоса, өзін құмар еткен, дәреже лауазымын Ресей қол астына кіру арқылы сақтауды мақсат етті деп пайымдайды (123, 14).

Мәселен, тарихшы Х.Досмұхамедов хан билігін Әбілқайырдың жеке басының мүддесімен байланыстырады. “...Ұлы хан болғысы келген хандар көбейді. Әбілқайыр, Қайып, Сәмеке ұлы хан болғысы келіп қатар шықты. Бұлардың қайсысы да бір ауыздан елді тегіс соңына ерте алмады. Әбілқайырға елді қорқытып алып, хан болудан басқа жол қалмады. Елді қорқыту үшін Әбілқайыр орыс патшасына бағынбақшы болды”, — деп жаза тұра, ханның өзін: “Айбарлы хан болды... Әбілқайырдан бастап хан тобы күшейе бастады”. — дегенді қосып, хандық биліктің күшеюін қолдаған тәрізді (107, 46—67).

Кезінде Кеңес дәуірінің белгілі тарихшысы Н.Г.Аполлова да Қазақстан тарихнамасын зерттеуге ат салысты. Ол XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының ахуалын баяндай келіп: “Қазақ хандары XVIII ғасырдың басынан сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Тәуекелден бастап Әбілқайырға дейін Ресеймен бейбіт қарым-қатынасты нығайту үшін қам жасады”, — деп бір тоқтайды да, әрі қарай ойын жалғастырып: “көпшіліктің Ресей бодандығына қарсы болуы, жасалған келісім шартқа наразылық білдіруінің бірден-бір себебі, хан бұл мәселені ешкіммен ақылдасып шешпеген. Бұны сұлтандар мен билер ханның ата-бабаларынан келе жатқан әдет-ғұрыптарын хан бұзды деп түсініп, өздерінің хандықтағы саяси биліктерін аяққа таптатқысы келмеді”, — дейді (69, 192).

Қазақстанның аса көрнекті тарихшысы Е.Б.Бекмаханов: “Кіші жүздің қазақтары өздерінің көреген ханы Әбілқайырдың бастауымен 1730 жылы ерікті түрде орыстарға бодан болғаны мәлім. Мұның өзі сыртқы және ішкі себептерден туған қажеттілік болды. XVIII ғасырдың 30-жылдарында жоңғар жаулап алушылары тарапынан қанауға түсудің қаупі төнген. Әбілқайыр бастаған қазақтар өздерінің қуатты көршісі — Ресейден әскери көмек сұрады. Сонымен бірге орыстарға бодан болуға қазақтарды империямен экономикалық және сауда байланыстары да итермеледі. Бодандықтың шарттары бойынша қазақтар өздері тұрып жатқан мекенін және мемлекеттік дербестігін сақтап қалды. Орта жүз бодандығының басы 1740 жылға жатады”, — деп түйіндейді (70, 31—41; 77, 342; 13, 245—246).

Сонымен қатар, ғалым бодандыққа анықтама бере отырып, оның мән-мағынасына тоқталады. Орысша “подданство” деген сөзді Қазақтың хандары мен сұлтандары “қамқорлық”, “қорғаушылық” деп түсінгенін айтады, бұл сөзді “өзіне қаратып алу” немесе “отарлау” деп түсінбеу керек, — деп жазады тарихшы (13, 35—36).

Осыған ұқсас ұғымды В.В.Бартольдтің зерттеулерінен де кездестіреміз. Оның айтуынша, “бодан” деген сөздің аты болмаса, қазақтар ол жөнінде ешқандай міндеттеме қабылдаған жоқ”, — дейді ол (60, 405—407).

Әбілқайыр хан патша үкіметіне бодандықты мойындағаны болмаса, ғұмырының сонына дейін өзінен күштіге бағына қоймағаны мәлім.

Академик М.Қозыбаев Қазақстанның Ресей құрамына кіруі жөніндегі өз пікірін ашық білдіреді. Қазақстанды басып алу сонау Бірінші Петр кезінде-ақ айқындалып. Әбілқайыр хан саясатының ұлтты сақтап қалу үшін қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатымен


түспа-түс келеді де, қазақтар империя билігін мойындауға мәжбүрлік танытты.— дей келіп, ғалым ойын былай жалғастырады: “Империялық отарлау саясаты Бірінші Петрдің тұсында толық қалыптасты. Император қазақ елінің стратегиялық маңызын жоғары санап, тиын-тебен шығынына қарамай, қаратып алуға нұсқау берді”, — деп империялық саясаттың түпкі тамырына сілтейді (9, 24).

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ хандарының тарихи тұлғаларын сомдауда, оның ішінде Кіші жүз ханы Әбілқайыр туралы қомақты ғылыми еңбектер жазып, оның Ресейге бодан болу саясатын бір жақты қарастырмай, ханның саясаткерлігін бүгінгі ұрпаққа жеткізе білудің қажет екенін көрсеткен көрнекті тарихшылардың бірі Ж.Қасымбаевтың пікірінше: “XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Кіші жүз ханы саясатының басты мақсаты — Орынбор әкімшілігінің отаршылдық қысымшылығына төтеп беру және өмірінің соңына дейін тәуелсіздік үшін күресу болды” (110, 36—54; 172, 222—261).

Әбілқайыр ханның ғұмырнамасы, мемлекет қайраткерлігі мен мәмілегерлігін тарих дереккөздеріне сүйене отырып жазған тарихшы И.Ерофееваның шығармалары халық көңілінен шыға білді. Оның адами болмысын сан қырынан көрсетіп, бұрынғы тарихнамада кедергі болып келген жайттарды ғалым бүкпей айтады. Әсіресе, Оренбург әкімшілігінің басшысы И.И.Неплюев пен Кіші жүз ханы Әбілқайыр арасындағы текетіресті империялық отарлау саясатымен ұштастыра жазған автордың тұжырымдамалары ден қоярлық. Ғалым Әбілқайырды өз заманының сайып қыран саясаткері, әскери қолбасшысы ретінде бағалап, XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы аса ірі тұлға екендігіне көпшіліктің назарын аударып, ханның атына осы кезге дейін айтылып келе жатқан сынаржақты пікірлерге жаңа замана тұрғысынан пайымды дәйектер ұсынып, өткен-кеткен оқиғаларды егжей-тегжейлі саралайды (2, 90—324; 211, 7—456; 213, 302—313; 252, 118—412).

Орыс патшасының Қазақстанды отарлаудағы жымсық саясатының қыр-сырына жаңаша көзқарастарды қалыптастыруда, Қазақстанның Ресейге бодан болу үрдісін, алғашқы орыс-қазақтарының қазақ жеріне еңдей кіруін және оның тарихын жазған ғалым М.Әбдіровтің еңбектерінде де Әбілқайыр ханның саясатына әділ баға берілген (58, 46—48; 212, 262—278).

XXI ғасырдың басында Кіші жүз қазақтарының XVIII ғасырдағы қоғамдық-саяси ахуалын талдап, Әбілқайыр ханның жеке басының қарекеттеріне және патша үкіметімен қарым-қатынасына жете назар аударып, оның қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күресін, ақырында өз



Арал Қарақұмындағы көктемгі құрылтайда 1718 ж.
Әбілқайыр Кіші жүзге хан сайланды.

аясатының құрбаны болғаны туралы тарихи құжаттарды зерделеп, бұрын-соңды айтылмай келген деректермен толықтырған жас буын тарихшылардың, атап айтқанда, Ә.Қ.Мұхтаров, С.М.Мәшімбаев, М.Есламғалиев, Ұ.Ахметова, С.Өтениязов, Д.Тұрашбекова, Ж.Жақсығалиевтардың жаңаша көзқарастары бұған дәлел бола алса керек. Мәселен, Ә.Қ.Мұқтаров Әбілқайыр ханның қазасы туралы: “Орыс зерттеушілері де, кеңестік тарихшылар да бір ата Жәнібек ханнан тарайтын Өсеке, Жәдік ұрпақтарын бір-бірімен шатастырып, қазақ халқын жік-жікке бөліп билеудің бастамасы болды. Пендешіліктің болғандығын жоққа шығармасақ та, Орынбор губернаторының қазақ даласын отарлау жоспарының жүзеге асыруына басты кедергі болған бас хан Әбілқайырды өлтіруге орыс әкімшілігі де мүдделі болғандығын мойындауымыз қажет. Ханды өлтіруге көмек көрсеткендігіне толық негіз бар. И.И. Неплюев Әбілқайыр өлімінен соң ғана Кіші жүзді өз саясатына ыңғайлап, ал жаңа ханды өз адамына айналдыруға барын салды”, — деп жаңа дәйектер келтіреді (45, 66). Бұл пікірге аталмыш ғалымдар да қосылып, мұндай қаракет тек қана Ресей үкіметінің саясаты емес, дүниежүзілік отарлаушы империялардың әрекеті бодандыққа түскен елдерді өзіне бағындыру, яғни “бөлшекте де билей бер” қағидасын берік ұстанып, өзіне ұнамаған адамдарды өлтіру, әйтпесе, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыру, сөйтіп өз ықпалын тұрақты жүргізу скенін бір сәтте естен шығармаған мақұл, — дейді.



Бұланты-Білеуті шайқасы. 1727 ж.
Суретші Р.Қожағұлова.

оның қасында Шакшак Жәнібек, тама Есет, табын Бөкенбай, шекті Бақтыбай, Жәнібек сұлтан секілді сайып қыран сардарлары өмірінің соңына дейін бірге жүрді. Бұлардың әрқайсысы өз заманында ру, ұлыстарды басқарып, елдің тұтастығын сақтауға айтарлықтай үлес қосқан дарабоздар. Х.Досмұхамедұлы қазақ батырлары туралы: “...Әбілқайыр хан заманында билер екіге бөлінді. Сонда арғын Шакшак Жәнібек, табын Бөкенбай болып соңынан ерді. Бұлар Әбілқайырды және оның тұқымын сүйеніш етті. Хан жақтаған билер көбейе бастады. Олар басқаға үлгі бола алды...” — деп тебірене жазады (107, 32). Шынтуайтында, Шакшак Жәнібектің, табын Бөкенбайдың, тархан Есеттің, Шекті Бақтыбайдың ержүректігі мен батырлығы ханнан кем түспеді, олар бірге жүріп қазақтың мемлекеттілігі үшін хан билігінің қуатын шыңдады. Әбілқайыр хан және оның шандоз батырлары туралы арнайы зерттеулерді толықтыру жеткіншек ұрпақтардың еншісіне тимек.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр тек қана мемлекет қайраткері, мәмілегер ғана емес, қол бастаған атақты сардар да бола біледі. Өзінің күреске толы ғұмырында Әбілқайыр хан талай жорықтарды бастан кешірді. Сондықтан да, ол өз дәуірінің ел таңдаған қолбасшысы, сарбаздарының ұйытқысы. 1726 жылы Ордабасыдағы билер кеңесінде

Кешегі өткен Кеңес заманында қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық соғысы. Қазақстанның Ресейге қосылуы және Әбілқайыр хан ғұмырнамасы жайлы бірсыпыра көркем-әдеби шығармалар да жарық көргені баршаға мәлім. Олардың ішінен І.Есенберлиннің “Алтын Орда”, “Көшпенділер”, Ә.Кекілбаевтың “Үркер”, “Елең-Алаң”, А.Н.Сергеевтің “Петербургский посол” романдарында Әбілқайырдың жеке басының және мемлекет қайраткері рөліндегі қадір-қасиеті көркем сөзбен шебер суреттелген.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр өзінің кемеңгер саясатын жүргізуде жалғыз болған жоқ,

Әбілқайырдың бүкіл қазақ жасақтарына бас сардар болып бірауыздан сайлануы күдіреттің күші емес. Әбілқайырдың батырлығы мен қолбасшылық қабілетін айырықша танытқан — 1723 жылғы аз қолмен Еділ бойындағы қалмақтарға жасаған жорықтарының жемісі. Еділ қалмақтарына қарсы қан майданда он екі жыл ат үстінен түспей басқарған, жанындағы үзеңгілес майталман серіктері Шақшақ Жәнібек, Ғама Есет, табын Бөкенбай, ұранға шыққан Бақтыбай сияқты батырлары әрдайым оны қолдап отырды.

“Найзасының ұшы алтын, бірі етек, бірі жең” деп, дана Бұқар жырау айтпақшы, Кіші жүз ханы Әбілқайыр батырлық пен биліктің тамаша үлгілерін көрсете білді. 1726—1727 жылғы “Қалмақ қырылған” Бұланты-Білеуті шайқасы, 1729—1730жж. Аңырақай аталған екі ірі шайқаста да қазақ жасақтарының қолбасшысы (Бас сардары)— Әбілқайыр еді. Шынтуайытында, егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ ордасы осыдан жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып біткен Ноғай ордасының кебін киері анық-ты. Тоқтау көрмеген Жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді де, Сарыарқадан айырылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқының өзі құрып кетер еді, — деп жазады белгілі жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Мағауин (216, 97—99).

Кеңес империясы кезіндегі Қазақстан тарихына қатысы бар батыс мектебінде зерттелген негізгі мәселелер: бұнда Кеңес үкіметінің орнауы, орыс отаршылдығының негізгі бағыттары мен әдістері, қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін күресі сияқты тақырыптармен қатар Әбілқайыртану төңірегінде де өрбігені мәлім. Ол жөніндегі шығармаларды Қазақстанның тарихшы-ғалымы К.Л.Есмағамбетов жинақтап, Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылу себептеріне, ондағы Әбілқайыр ханның атқарған рөліне ерекше назар аударғанын байқайды. Енді бір мезгіл шетел авторлары Ю.Скайлер, Ч.Бульджер, А.Боджер, Х.Сетов, М.Б.Олкотт, Баймырза Хайттың Әбілқайыр хан туралы пікірлеріне жол берейік.

Американдық дипломат — ғалым Юджин Скайлер (1840—1890) Қазақстанның Ресейдің қоластына көшу себептеріне тоқтала келіп, “Түркістан” атты кітабында: “XVIII ғасырдың басында қырғыздар (қазақтар — А.Қ.) солтүстік-батыстан қалмақтардың, солтүстіктен сібір казактарының, шығыстан жоңғар феодалдарының шапқыншылығына ұшырады да, өте-мөте ауыр жағдайда қалды”, — деп көрсетеді (79, 69: 123, 19—20). Одан әрі автор халықтың келісімінсіз Ресейге бағынған Әбілқайыр ханды сынайды: “Ол кезде Кіші ордада Әбілқайыр

хандық құрған. Ол тапқырлығы жағынан тамаша адам болғанмен, өзінің іс-жоспарларын жүзеге асырудың жолдарын таппағандықтан бшлігін ұзақ уақыт сақтап тұра алмаған.

Қарсыластары қатты қысымға алған белгілі бір қысылтаяң кезде Әбілқайыр өзіне ең берілген бір топ адамдарымен Ресейге бағынуға ниет білдірген. Бұл 1730 жыл болатын. Алайда, бұл ұсынысты қырғыздардың (қазақтардың — *А.Қ.*) басым көпшілігі қабылдамады. Бірақ арада біраз уақыт өткен соң қырғыздар (қазақтар — *А.Қ.*) өзінің ханы деп таныған. Сөйтіп, 1734 жылы (1731. — *А.Қ.*) келісім жасалып, ол бойынша Әбілқайыр орыс шекарасын мазаламауға және сауда керуендерін қорғауға міндеттеме алған. Орыстар өз кезегінде Әбілқайыр ұрпақтарының хандық қасиетін тануға келісім берген” (78, 17—18; 194, 54—55).

Суонси университеті колледжінің (Англия) оқытушысы Алэн Боджер Әбілқайырдың Ресей империясына бодан болу хақында мынадай өңгіме тартады:

“1729 жылы (кейбір деректерде 1730 ж. — *А.Қ.*) Әбілқайырдың жетекшілігімен қазақтардың біріккен әскери қолы Анырақай түбінде жоңғар қалмақтарын ойсырата жеңді. Бірақ осы оқиғадан кейін не болғаны белгісіз. 1730 жылғы шілде айында Әбілқайыр орыс шекараларына жақын көшіп барып, Ресей бодандығын қабылдау жөнінде байыбына бармаған өтінішпен Санкт-Петербургке елші жібереді. Жоңғарлармен шайқаста тамаша жеңіске жеткен ханның мұндай түсініксіз қадам жасауына не себеп болды? Шындыққа жанасымды бір ғана нәрсе бар, ол Әбілқайыр мен Жәдік тұқымдарының арасындағы араздық қазақтардың екі жарылуына әкеліп соқтырған болуы керек. Мүмкін атақ-даңқ та, Бөкенбай, Есет және Жәнібек сияқты беделді батырлардың көмегі де қазақтардың аға ханы болып, талассыз билікке ие болуға және Сырдария бойындағы қалаларды қайтаруға жетімсіз екендігін түсінген болар. Сондықтан да ол бұл жоспарларын сыртқы күштің — Ресейдің көмегі арқылы іске асыруға кіріскен. Әбілқайыр есептерінің жөнге келетіндігі ол кезде қазақтар үшін басты қауіп енді жоңғарлар емес. Ресей бодандары — башқұрттар, Еділ бойы қалмақтары, Жайық және Сібір қазақтары еді. Кіші жүз солардың қыспағында қалды.

Қазақ халқы орыс боданы болуды қалады деген жорамал шындыққа жатпайды. Әбілқайыр өзінің іс-әрекеттерінде жеке басының мүддесін — саяси мақсатты көздеді, бір сөзбен айтқанда, ол да орыстан көмек алуға тырысты. бірақ орыспен қосылығысы келмеді” (78, 82—83; 123, 20; 5, 27—31).

Осы арала А.Боджер казактардың түсінігімен “бодандық” жөнін былай көрсетеді: “1731 жылғы Әбілқайыр ханның казактарды Ресей бодандығына елгізу туралы нақты байламы жоқ, сөз жүзінде ғана жасалған, кез келген тиімді уақытта бас тарта салатын біржақты, өз еркімен біреудің патронаждық статусын қабылдау жөніндегі қадам болды. Ресей сюзеренитетін (билігін) мойындай отырып, казактар орыстардан сыртқы жауларына қарсы көмек сұрауға, шекаралы жерлердегі жайылымдарды пайдалану мүмкіндігіне ие болуға тырысты. Бірақ патша үкіметі казактар өтінішіне тым ынта қоя қарады және олар шын мәнінде өз еркімен Ресей бодандары болды деп есептеді...” (5, 27—31).

Түркістан тарихнамасын үзбей зерттеушілердің бірі, қандасымыз, доктор Баймырза Хайт:

“...1731 жылы Әбілқайырдың орыс патша әйеліне жазған хатында, әңгіме бодан болу жөнінде емес, қамқорлық болу жөнінде болды”, — деп түйіндейді. Ғалым Түркістан мен Қазақстан жерлері патша үкіметіне қарудың күшімен еріксіз қосылды деген көзқарасты ұстанады (76, 7—102; 75, 8). Бұл пікір қолдауға тұрарлық.

Осыларды айта келіп, бір ескеретін жайт Әбілқайыртану ғылымы өте бай мәліметтерден тұратыны байқалады. Жаңаша көзқараспен пайымдап, Әбілқайырдың ғұмырнамасы, шығу тегі, XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы саясаткерлігі, әскери өнерде шеберлігі, ел басқарудағы көрегендігі осы шығармада біршама қамтылатынын оқырмандарға ескерте кетейік.



Екінші тарау

ӘБЫЛҚАЙЫР — ЖОҢҒАРЛАРҒА ҚАРСЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАС САРДАРЫ. АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ



*Мың жеті жүз жиырма үшінші жылы,
Қазақ — қалмақ атысқан, мұны да біл.
Осы жол бар қазаққа белгілі жол,
Ақтабан — шұбырынды дегені сол.
Жаяу жүріп, табаны аппақ болып,
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол...*

Шөкәрім Құдайбердіұлының
“Қалқаман-Мамыр” поэмасынан үзінді...
(223, 84—85).

XVII ғасырдың соңындағы екі оқиғаның біздің тақырыбымызға тікелей қатысы болғандықтан, оған тоқтала кетейік. Біріншіден, осы кезде күшейген Жоңғар хандығының “сол қанаты” Қазақстанның күнгейін, Сырдарияның бойындағы қалаларды, Ұлы жүздің жаз жайлауын түгелдей басып алды. Осы тұста Тәуке хан (1680—1715) біртұтас қазақ хандығының көсемі ретінде көрінді, XVIII ғасырдың басында бытыраңқылыққа ұшыраған халықтың басын қосқандай болды. Нәтижесінде қазақтар одағы жоңғарлармен шайқастың зардабына карамастан өзінің тәуелсіздігін сақтап қалды, тіпті, іштей біршама күшейді де. Тәуке өзінің дәм-тұзы таусылуға тақалғанда, яки 1710 және 1711 жылдары үш жүздің басын қосып, жоңғарларға елеулі соққы бере отырып, олардан Қазақстанның едәуір жерін босаттырғаны тарихаттан мәлім.

Екінші бір маңызды мәселе — Орталық шығыстағы халықаралық саясаттың негізгі төркіні Ресей империясына тірелетіні, жарықтық, Ұлы Петр патшаның Үндістан мен Қытай, барша шығыспен сауда жолдарын иемденуді армандауы. Осы мақсатқа жету үшін, ол Орта Азия мен Қазақстан еліне бойлап та, ендеп те кіру керектігін жақсы түсінді. Сонау кәнішер Ермак (Герман) Тимофеев топ бастап, одан

қалды өзі және ізбасарлары ұйымдастырған Александр Бекевич-Черкасский (1716—1717), И.Д.Бухгольц, И.М.Лихарев, полковник Иоганн Густав Гербердің (1731—1732) әскери-барлау экспедициялары, сауда керуендері орыс үкіметіне өте маңызды жәдігерліктер әкеліп отырды. Міне осы сәттен бастап “барша Азия елдері мен жерлерінің кілті мен қақпасы” қазақ елі екенін Бірінші Петр және оның мұрагерлері жадында мықтап сақтады. Ғасырларға созылған дипломатиялық, әскери, әкімшілік-отарлау саясаты Бірінші Петр мұрагерлеріне атадан балаға еншілікке осы қағидамен тиді.

Жезтаңдай Бұқар жыраудың отыз бірінші толғауында айтылған:

*Күн батыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Молласының аты — поп.
Күн шығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды... —*

деп зарлауы осы кезенді меңзегендей (206, 50—51; 94, 3).

Тарихнамадағы айғақтарға жүгінсек, XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқына бұрын-соңды құлақ естімеген қайғы-қасірет әкелді. Әсіресе, бұл мезгілде жоңғарлардың қаһарынан елдің қабырғасы қайысып, табанымен басып жүретін жер іздеп, тығырыққа тірелген еді. Мағлұматтар бойынша ғасырдың бастапқы қырық жылында жоңғарлармен болған соғыста қазақтардың үштен екісі қырылған (9,34).

Алайда, қазақ пен қалмақтардың соғысы тек қана көшпелі екі халықтың текетіресі деп қарау тарихты бұрмалағандық болар еді. Шынтауайтында, қалмақтардың артында Цин (Қытай) империясы тұрды. Қазақ-Жоңғар халықтары екі ұлы империяның — Қытай мен Ресейдің ортасында қыспақта қалды. Шығыс пен батыстан найзаларын үйірген алпауыт мемлекеттердің бұл екі халық саяси ойыншығына айналды. Дереккөздерде жоңғарлар қазақ жұртының жеріне қызықты, малына жайылым іздеді, сауда қалаларын жаулағысы келді, ұлын — құл, қызын — күң қылуды көздеді дегендей себептер баса айтылады. Сөз жоқ, мұндай себептердің болғаны да хақ. Ал, мәселеге тереңірек зер салсақ, көшпенділердің соғысы тек сол екі халықтың келіспеушілігінен туындамаған-ды. Қос бүйірден қыспаққа түскен олардың өзара қақтығысы алып империялық саясаттың да құрбаны іспетті. Сол дәуірде Азиядағы екі жауынгер халықтың жауласуы

бірін-бірі әлсіретті, қансыратты, тінті, қазақ халқы жоқ болуға әзер-ақ қалды. Ал, келе-келе жоңғарларды Цин империясы жұтып тынды, қазақ елі Россия империясына бодандықты мойындап шықты. Ендеше, отаршыл саясатты ұстаған алпауыттар аз халықтардың соғысын, дау-жанжалын өздерінің саяси қажетіне икемдеді. Қазақтардың батысында патша үкіметінің күдіретіне сенген Еділ қалмақтары, қара шекпенді орыс казактары, естек башқұрттары тұрды. Бұлар Қазақ жеріне еңдей кіріп, айнала қамалдар сала бастады. Еділ мен Жайық, Ертіс бойынан жергілікті халықтар ата-мекенінен қуылды. Отаршылыққа қарсы күрескен башқұрттар мен қазақтар қосылып кетеді деген қауіппен патша шенеуніктері Жайық пен Еділ арасынан қазақтарды ең далаға ысырды. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқы да жоңғарлар секілді қысымшылықтың зардабын шекті. Екі жағынан анталаған жаудан езілген екі халық өз қайшылықтарын соғыс алаңында шешуді ұйғарды. Амал нешік, қайсыбір зерттеушілер осы бағыттағы нақты мәліметтерді көрсе де көрмегендей болып, сырт айналып кетеді.

Әрине, біз бұл арада жоңғарлардың басқыншылық жорықтарын ақтаудан аулақпыз. Тек, қазақ-жоңғар соғыстарын кең ауқымда қараудың алдында, оның себеп-салдарын түсінуге шақырмақпыз!

Сайып келгенде, Қазақ хандығының сыртқы ахуалы қазақ билеуші тобының Ресеймен жақындаса түсуіне түрткі болды. Өмір бар жерде өлім бар. Болат сынады. Адам жанын бір Аллаға тапсырады. Тәуке хан өліп, қазақ хандығының ішкі жағдайы да күрделене түсті. Тәукенің орнына оның ұлы Қайып сұлтан аға хан сайланды. Кіші жүздегі иеліктерді билейтін Әбілқайыр хан тағдырдың жазуымен Қайыпқа бағыныштылығын мойындайды. Алайда, көп ұзамай-ақ, яғни 1723 жылы аға ханның атағы Әбілқайырға бұйырады (2, 107—170). Ал Әбілқайыр болса кіші сұлтандардың тұқымынан. Бұл ұрпақтан Әбілқайырға дейін мұндай атаққа ешкім ие болмаған-ды. Сондықтан да өз-Жәнібектің Жәдік сұлтаннан шыққан ұрпақтары бізді аттап өтті деп, жаңа ханның билігіне ден қоймады. Орта жүз бен Кіші жүздің көптеген билері де Әбілқайырды бас хан деп мойындамады, осыдан қазақ жері жеке-жеке хандық пен сұлтандық иеліктерге бөлініп, орталықтың күші әлсіреді.

Қазақстанның ішкі саяси жағдайының тұрақсыздығы мен басы бірікпеген бытыраңқылығын пайдаланған жоңғар аусүйектері қазақ жеріне басып кірді. 1723 жылы басталған бұл жойқын, әрі тұтқиылдан тиген шабуыл қазақ ауылдарын тоз-тоз қылды. 1725 жылы жоңғарлар Ташкент, Түркістан, Сайрам қалаларын басып алды. Оз қоны-

янан, атамекенінен, малынан айрылған Ұлы жүз бен Орта жүздің раз қауымы Самарқанд, Бұқара жағына ауысса, Кіші жүздің шығыс пен оңтүстік аймағындағы рулары Хиуа және Қарақалпақ ерлеріне көшуге мәжбүр болды. Қазақ халқы үшін қайғылы-қасіретті ылдар тарихнамада “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” аталды (23, 84—85; 224, 9—36).

Сол кездегі тарихи деректер, XVII ғасырдың аяқ шенінде Әбіл-айырдың әкесі Қажы сұлтан мен оның жақындары қысты Сырдаия бойында өткізіп, жазда Торғай, Ырғыз және Жем өзендерін жайлаанын айтады. Бұл жерді мекендеген Кіші жүз руларына Еділ қалтақтары жиі шауып, басқыншылық соғыс әрекеттері толассыз жүріп атты.

XVIII ғасырдың басы — Қазақстанның солтүстік-батыс аймағына алмақ ханы Аюкенің ашқарақ көзін қадауымен де белгілі еді. Ресейден шектес жатқан көшпенділерден мал барымталап, күл әкетумен йналысып келген Аюкеге 1697 жылы Бірінші Петр Жайық пен Еділ ойындағы “адал бодандарға” тиіспеу туралы жарлық береді. Байқан шығарсыздар, енді Аюке күллі назарын Қазақ және Хиуа ханықтарына аударады. Әйгілі шығыстанушы Н.Я.Бичурин (Иакинф) кейбір қазақ сұлтандарының Аюкеге тәуелділігін айта келіп, “кейін Кіші жүз ханы болған Әбілқайыр да кезінде қалмақ ханының ордаында қызмет еткен” деген мәлімет қалдырады (184, 54—260; 185, 145—348; 218, 87).

Еркінен тыс қалмақ ұлысында жүрген жас Әбілқайыр Аюкенің жасақтарын әскери іске қалай баулитынын және Еділ қалмақтарының билік жүйесін өз көзімен көріп, танысады. Бұл жас сұлтанның геосаяси дүниетанымына барынша әсер етеді.

Сөз орайында еске салайық, 1723—1726 жылдары Еділ қалмақтары өздерін шапқан Әбілқайырдың орасан күш иесі ғана емес, әскери шеберлігі де жоғары қолбасшы екеніне көздерін жеткізеді.

Аюке билігінің қыр-сыры мен қалмақ ханының жауынгерлік кейпі Кіші жүз ханының көкірегінде берік сақталған тәрізді. Жиырма жылдан кейін Ұлы Петрдің әйгілі “еншілесі” және сенімді адамы ретінде, ішкі және сыртқы ахуалды жүргізе білген қалмақ билеушісінің саяси түрпаты қазақ ханының өнегесіне айналып, Ресей бодандығын сұрауына себепкерлік те тудырған сияқты. Әйтеуір, Әбілқайыр Ресейден Аюке секілді дербестік пен еркіндік күткен тәрізді.

Ресейдің оңтүстік-шығысын билеп отырған апайтөс патша әкімдерінің озбырлығы, башқұрттарды қазақ жерлеріне қарай ығыстыруы, салықтың ауыртпалығы мен халықты шоқындырудың шектен

шыққан үрдістері, башқұрттардың наразылығын туғызды. Олар асқына келіп, 1704—1711 жылдардағы башқұрт көтерілісіне әкелді. Тарихта бұл Ноғай даруғасының басшысы әйгілі батыр, беделді тархан Алдар Есенгелдиннің есіміне байланысты оған “Алдар көтерілісі” деген айдар тағылып, қанды шайқас ұласты. Бұл башқұрт көтерілісіне қазақтар да жақтасты. Мәселен, 1708 жылғы 13 маусымда Жайықтан Уфаға келген тыңшылардың бірі Зағалдай атты қалмақ патшаның жергілікті билеушісі әрі әскербасы И.Бахметевке башқұрттардың “қасақтармен және қарақалпақтармен бірлесе қимылдауға келісіп алғанын” хабарлайды. 1709 жылғы мамырда Сібір атырабынан келген Федор Баландин патша үкіметінің тобылдық әкімшілігіне Бердск болысына “саны өте көп қасақ ордалары (әскер) келгенін” баяндайды. Екі айдан соң уфалық шаруа Федор Голбузин “қазақ ордасынан башқұрттарға көмекке 3000 жасак, 100 қарақалпақ жауынгері және 250 қаратабандардың келгенін” айтады (219, 116; 220, 202).

1709 жылғы орыс құжаттарында башқұрттарға көмектескендер арасында қарақалпақ ханының туысы Рысмұхамбет дейтіннің аты аталады. Қарақалпақтардың ол кезде Қазақ хандығының қоластында екенін ескерсек, дереккөздің айтып отырғаны қазақ сұлтаңдарының бірі болса керек, — дейді Қарақалпақ тарихшысы С.Қ.Қамалов (221, 25—54).

Белгілі башқұрт батырларымен, қазақ игі жақсыларымен, Әбілқайырдың өзімен тығыз байланыста болған ташкенттік сарт Нұрмұхаммед Әлімовтің хабарлауынша, “соңғы башқұрт бүлігіне Алдар мен оның серіктері Әбілқайыр сұлтанды шақырып, оны хан деп атады, ол Кіші орданың ханы еді”, — деп баяндаған (2, 90—122; 222, 57). Дәл осыған ұқсас дәйекті 1736 жылы Кіші жүз қазақтарына барып, Әбілқайыр ханмен кездескен Оренбург экспедициясының мүшесі, ағылшын суретшісі Джон Кэстль де айтады: “Хан болар алдында ол сұлтан еді... соңғы соғыста (орыс патшасының башқұрттарға қарсы соғысы туралы болып отыр — А.Қ.) ол ерекше көзге түскен...” Сарт пен ағылшынның сөзі бір жерден шығып тұр, соған қарағанда Әбілқайырдың хандық билікке көтерілуі 1707—1711 жылдар аралығында болған секілді, дейді тарихшы И.Ерофеева (2, 103).

1718 жылы қазақ жасақтарының жоңғарларға қарсы күресін бастау үшін бас қосқан құрылтайға Әбілқайыр Ноғай хандығынан ержүрек батыр, жігерлі қолбасшы, ақылды билеуші болып оралған-ды. Арал маңындағы Қарақұмға билердің шақыруымен келген Әбіл-

қайырдың ысылған қолбасы ретінде шынығуы аяқталып, өзге дәурені басталған еді. Күні кеше кедейленген ақсүйек, бүгін Батыс оңірдің айбынды көсеміне айналып, ақсақалдардың қолынан Кіші жүздің барша тайпаларына толық билігін жүргізетін құзыр алған еді.

Бұл кездесу Әлімұлының қаракесек руының жерінде өткендіктен тарихатта “Қаракесек құрылтайы” деп айтылады.

Атақты Батыр, Кіші жүздің табын руынан шыққан елінің қалаулысы Бөкенбайдың алқалы топ алдында үстіндегі киімін жыртып, ортаға семсерін тастап: “Жаудан кек аламыз, қолымыздан қаруымызды тастамай өлісеміз, әйтеуір, жайлауды жауға жайлатып, баланы жатқа байлатып отыра алмаймыз! Қыпшақ даласының жауынгерлері жаудан жасып көріп пе еді? Мен жаудың қара қанын ағызғанда мына сақал ақ емес, қара еді. Қартайғанда жаудың қорлығына төзіп отыра алам ба? Әлде мына далада азамат жоқ па, азаматқа серік болар тұлпар қалмады ма? Қорамсақта оқ қалмады ма?...” деген сөзін қалың көпшілік күңірене құптады. Осы құрылтайда халық жасақтарының бас сардарлығына Кіші жүзден Бөкенбай батыр сайланады (2, 104—107; 3, 51—52).

Жиында ел Әбілқайырды хан көтереді. Белгілі зерттеуші И.И.Крафттың жазбаларындағы халық аңызы бойынша, сымбатты сұлтан, ер намысты Әбілқайыр мен байдың сұлу да, ақылды қызы Бопайдың сүйісіп табысып, үйленуінің соңы Әбілқайырды хан көтеру салтанатына ұласқан... (7, 143—155; 8, 38—91).

Жоңғар шапқыншылығына дейінгі Әбілқайырдың хандық билігі жайлы құжаттар мен деректер өнжеусіз. XVIII ғасырдың екінші онжылдығында ол жасы жағынан қазақ хандарының ең кішісі және Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтарының беделі төмен өкілі болғандықтан, қазақ ақсүйектері арасында ықпалы аса күшейе қоймаса керек. Бірақ, жаугершілік заманда, алдыңғы шепке әскери көсемдер мен батырлар шыққан кезеңде Әбілқайырдың атақ-абыройының өсуі де табиғи құбылыс. Мұндай жағдайда билеушінің жеке басының қасиетімен, оны қалың бұқараның қолдауы маңызды жайт. Ал, Әбілқайыр ол кезеңде өзге хандар мен сұлтандардан шоқтығы басым тұрғанын іс жүзінде, қан майданда дәлелдей білді (5, 27—31).

Енді қазақ-жоңғар қатынасына қайта оралайық.

Өкінішке орай, жауласқан екі көшпенді халықтың жыл өткен сайын ара жігі ашыла берді. Қазақтардың тиіп-қашты жеңістері жоңғарларға тосқауыл бола алмады, олар 1713 және 1715 жылдары қазақтарға қарсы кең көлемді жорық ұйымдастырды. Бұл кезде Тәуке хан

наука еді де, жауға қол бастан шыға алмады. Бірақ оның ұлы Қайып сұлтан Әбілқайырмен бірігіп, 1717 жылы (кейбір деректер бойынша 1718 ж.) жазда Аяқоз бойында қалмақтарға қарсы шабуылға шықты. Алайда, олар бұл жолғы соғыста жеңілістің ащы дәмін татты. Жеңілістің себебі — екі билеушінің арасындағы ауызбірліктің болмауынан жауларына табандылық көрсете алмады. Тәуке хан жасына жетіп қартайып отырған шақта, Қайып пен Әбілқайыр арасында бақталастың күшейген кезі еді, — деп атап көрсетеді тарихшы В.А.Моисеев (214, 37; 225, 294—301).

Қазақ-Жоңғар күштері туралы мағлұмат алуға Ресейден арнайы тапсырмамен Қазақ ордасына келген елші Борис Брянцев Сібір губернаторы князь М.П.Гагаринге былайша мәлімдейді:

- *“Сіздің үкіміңіз бойынша, бізге алғаш рет қазақ ордасына келіп, өткен жазда болған қазақтар мен қалмақтар арасында орын алған соғыс туралы, жеңіс қай жақта, қазақтарда ма әлде қалмақ жағында ма, һәм қазақтар қалмақ жеріне қаншалықты бойлай алғаны туралы шындық хабар алу бұйырылған болатын. Осы бұйрық негізінде алғашқы қазақ қонысына 1718 жылдың қаңтар айының 21 күні жеттік. Бірінші киіз үйде қазақ жүзінің қалмақтармен соғысы туралы Құттыбай мырза айтты: қалмаққа қарсы шыққан қазақ әскері 30 000 адам ішінде өзі де бар, Аягөз деп аталатын өзен жанында мың шақты адам қалмақтармен кездесіп, кешке дейін соғысты, ал түнде қалмақтар ағаш кесіп, қорған жасаған; қорған-ды екі күн атқыладық дейді.*


Үшінші күні қалмақтарға мың жарым адам тың күш келіп қосылған, олар қазақтардың салықшыларының үстінен түсті, қорыққан салықшылар қаша бастағанда қазақ әскерлері келді; қанша қалмақ қырылғанын, өз адамдарының қаншасынан айырылғанын білмейді, тек қалмақ жағынан “тіл” әкелген, олар әлі де қазақтардың қолында. Өздері танымал ақсүйектерден екі адамынан айрылған, ал Әбілқайыр хан, тағы басқалары аман-есен өз ұлыстарына оралған. Басқа қазақтардың да айтатыны осы. Құттыбай мырзаның сөздері, тек біреуі, соғыстың үшінші күнінде таң сәріде қалмақтардың кенеттен бас салғанын, ал қазақтар ұзын мылтықтарымен қарсы атқылағанын хабарлады. Қалмақтар найзамен аяусыз қыра бастады, шыдамай қашқан қазақтарды жарты күн бойы қуып отырып тағы біразын жер жастандырды, ал қаза болғандардың қанша екенін білмейді.

Ақпан айының 14-і күні қасында Бектас атты қазақ бар Түмен татары Бұтық Куцашев келіп, қалмақтармен болған соғыс жайында айтқаны: соғысқа қатысқан Бектастың көрсетуі бойынша қазақ-

тардың саны 30 000 болған, һәм қазақтармен Аягөз жанында кездесіп, ұрыс сол жерде болған. Түнде қазақтардың жартысы Аягөздің екінші бетіне, қалмақтар жаққа өткен. Келесі күні тал түсте сегіз жүз адам қалмақ жайбарақат жатқан қазақтарға бас салып төрт жүздей адамды қырған, қазақтар екі жақтан да заттарын тастай қашқан, Қайып хан өз ұлысына екі адаммен ғана оралған, заттарын түгел қалмақтар тартып алған" (227, 158; 228, 133—135).

Аякөз шайқасынан кейін жоңғарлар қазақ жеріне шабуылын біршама азайтады. Себебі, бұл кезде жоңғарларға Цин (Қытай) үкіметінің жаулап алу саясаты күшейе түскен еді. Осыны пайдаланған қазақтар жоңғарларға бірнеше рет шабуыл ұйымдастырып, 1720 жылы бірнеше мың адамды қолға түсіріп, малдарын айдап кеткен. 1720—1722 жылдарда екі жақтан да аз-маз тыныштық орнағандай болғанымен, бұл тыныштық ұзаққа созылмады. 1722 жылы қазақ даласында құрғашылық болып, егін-шөп шықпады. Сыр бойын жайлайтын қазақ еліне алдағы қыста жұтқа ұшырау қаупі туды. Осыны пайдаланып Алатаудың шығыс жағын мекендеген Жоңғар хандығы қонтайшылары 1723 жылдың көктемінде жайлауға көшуге камданып бейқам жатқан қазақ еліне Жетісу жақтан келіп киікті. Жоңғар қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар жеті әскери топқа бөлінген еді. Олардың бірінші тобы Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып (қолбасшысы Қалдан Серен); екіншісі, Алтай асып, Көктал өзені бойымен өрледі (қонтайшы Құлан Батыр); үшінші тобы, Нұрата өңірін канға бөктірген (Әмір Сана); төртінші қолы, Шелек өзенін жағалап (Сыбан Доржы); бесінші, Есік көлінің маңын басып алған (Лама Доржы); алтыншы бөлігі, Шу өңірін таптаған (Дондува Доржы); жетінші тобы, тоқтаусыз Іледен өтіп (Сыбан Рабдан) от қарудың күшімен Қазақ жерлеріне атой салып, сұғына енді. Бұл шабуылды Сыбан Рабданның кіші ұлы Шуно Дабо (қазақтар оны Сына батыр дейді — А.Қ.) басқарды. Екпіні қара дауылдай ескен шапқыншылар Қазақ елінің оңтүстік аймақтарындағы бейбіт халықты аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын лезде басып алды (36, 140—141; 37, 157—160). Шайқас даласында жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар 100 мыңға жуық жауынгерінен айырылды. Ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда есе көп еді.

Абылай ханның айтуынша, Жоңғар шапқыншылығынан қазақтар әрбір он адамның тортөуінен айрылған. Тарихта бұрын-сонды болып қормеген алмағайып құбылыс-қазақ халқының үдере қашқан бос-



1723 жылғы Жоңғар шапқыншылығы “Ақтабан шұбырынды,
Алқакөл сұлама” қасіретінен көрініс.

қыншылық кезеңін тудырды. Ұлы жүз, Орта жүздің бір бөлігі Сырдарияға Шыршық өзені құятын тұстағы өткелден өтіп Ходжент, Самарқанд шаһарларын паналады. Кіші жүз Сауран қаласын айналып өтіп (“Сауран айналған” деген сөз осыдан қалған) Бұқараға қарай бет түзеді. Олардың бір бөлігі Қызылқұмнан баспана іздеді. Тап осы сәтте халық көкірегінде мәңгі сақталған ащы зар мен ауыр мұңға толы Қожаберген жыраудың дастаны “Елім-ай” туды. Жоңғар басқыншылығынан күйзелген қазақ жұртына Еділ бойындағы калмақтар, Жайықтың орыс-казактары, башқұрттары, Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары түс-тұстан ентеледі. Қазақ елі алғаш рет қайғы-қасіреті, зардабы мол зұлматқа тап болды. Тіпті жер бетінен ұлт ретінде жоғалып кету қаупі де төнді. — дейді қайсыбір дереккөздер (14, 120—121).

Тарихнамада әлденеше рет баяндалған — “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, ақ мешін” аталған шырғалаң мен аласапыран қазақ сарбаздарының азаттықты аңсаған күштерін жасыта алмады. Оларды ата-бабасының еркіндік пен ерлік рухы шақырды. Осы кезде ұлт перзенттері — елдің аяулы жауынгерлері халық даналығына сай: “Әкеден ұл туады, бірі кейін кете туады, бірі өзіңе жете туады, енді бірі өзіңнен өте туады” деген қағиданы берік ұстанып, ұлт мүддесін өз өмірінен жоғары қойған — батырлар, билер, халық рухын көтерген дарабоз жауынгерлер көптеп саналды.

Қазақ халқының басына түскен қара түнек заманды данышпан
Қожаберген жырау былай суреттеген екен:

*Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен тәмам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіннен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман.
Мына заман, қай заман, құйын заман,
Жұрт шұбырып болды ғой бәрі ақтабан.
Алакәлден басталды сұлаған жұрт,
Мәңгіртті есті алып, қонып ауған
(22, 176; 24, 156—183; 16, 153—170).*

Бұл кезенді еске алған ақ патшаның елшісі А.И.Тевкелев: қазақ елі “күйреді, ыдырады және күйзелді”, — дейді (89, 35—36). Ресей Ғылым академиясының академигі, әйгілі шығыстанушы В.В.Бартольд: “... қалмақтар 1723 жылы қазақтармен болған соғыста үлкен жеңіске жетті, Сайрам, Ташкент, Түркістан қалаларын басып алды”, — деп жазады (37, 157—159).

Енді бір дереккөздердің айтуынша, 1723 жылы 12 желтоқсанда Батыс аймақтың қалмақ ханы Аюке патша үкіметінің шекара әкімшілігінен хат алады, онда қазақ пен қарақалпақтың қырық мың қолы Әбілқайыр ханның бастауымен қалмақ хандығымен “соғысуға келе жатқаны” хабарланады. Бұның өзі Ресей үкіметінің екі жүзді саясат жүргізіп, қол астындағы Еділ қалмақтарын, тіпті Жоңғар хандығын қазақ еліне айдап салып, “қай жеңгенің менікі” дегендей, астары бүкпелі саясат ұстағанын көрсетеді. Сол замандағы патша үкіметінің китүрқы айла-шарғысын Әбілқайыр сынды кеменгер де түсіне білді.

Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтары жөніндегі шығармалардың авторы Ж.Қасымбаев: “Қазақ билеушілерінің өзара шешіміне сай жоңғарларға қарсы барлық жасақтарға дара қолбасшылық жасау бірауыздан Әбілқайыр ханға жүктелді. Көрнекті ұйымдастырушы, қазақ батырларын өз туының астына біріктіре білген тамаша қолбасшы Әбілқайыр халықтың мұнын терең түсінді”, — деп түйіндейді (110, 14—34).

Әбілқайырдың жеңісті ұйымдастырудағы қаракеттері мен қазақтың елден ерен батырлары туралы әділ бағаны ғұлама тарихшы Е.Бекмахановтың да еңбегінен көреміз, ол: “1730 жылы Кіші жүз қазақтары мен жоңғар басқыншыларының аса ірі шайқасында Бөкенбай. Есет және Әбілқайыр хан өздерінің батылдығымен ерекше көзге түсіп.

халық оларды батыр деп атап кетті”, — дейді (13, 104). XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғарларға қарсы бас сардар Әбілқайырдың бастауымен батырлардың қазақ жерін жаудан босатудағы қайтпас қайсарлығын еске түсірсек, бұл пікірдің орынды айтылғанына ешкім күмән келтірмес.

Дәл осы мезгілде, жоңғарлардың қыспағынан қарақалпақ арасына қоныс аударған Әбілқайыр хан Ресей әкімшілігінің тыңшысы Максұт Юнусовпен кезігеді. Патша ағзамның тап сол кездегі саясатымен үйлеспесе де Юнусов, сірә, оған жоңғарларға қарсы соғыста орыстар қорған болады деп сендірген тәрізді.

Жоңғар хандығының тегеуірініне төтеп бере алмайтынын түсінген, әрі Юнусовтың уәдесіне сенген Әбілқайыр, Еділ бойындағы қалмақтар сияқты қарауындағы халқына Ресей патшасынан қамқоршы болуға көмек сұрайды, әрі Жайықтың арғы бетіне емін-еркін өтіп, көшіп-қонып жүруге тілек білдіріп, 1726 жылы елші жібереді. Алайда, жоңғарлармен екі арадағы жағдайды шиеленістіріп жіберуден қаймыққан Ресейдің Сыртқы істер алқасы бұл өтінішті аяқсыз қалдырды. Міне осылай төрт жыл бойы қазақтардың Ресейден көмек аламыз деген есек дәмесі тұңғыздыққа батты. Олардан әбден күдер үзген Әбілқайыр хан бас сардары табын Бөкенбай батырмен 1726 жылы Еділ бойындағы құба қалмақтарға аттанды. Әбілқайырдан сескенген қалмақтар бейбіт келісімге келеді. Бірақ бұл келісімнің ғұмыры ұзаққа бармады. Жоңғар қалмақтары найзасын шошандатып, тыныштық бермеген соң қазақтар Сарыарқаның жерінде Бұланты — Білеуті өзенінің құйылысында оларға келістіріп алғашқы соққысын берді. Енді қазақтар шешуші шайқасқа дайындалды.

Әбілқайырдың қол бастаған сардарлары, Орта жүздің топ жарған атакты батыры Шақшақ Жәнібек жасағын саптап солтүстік батыстан, Қанжығалы қарт Бөгенбай шығыстан, Қаракерей Қабанбай бастаған Малайсары, Райымбек, Өтеген батырлар бірігіп оңтүстіктен жоңғарларға қарсы жасақтар жинады. Жоңғарлар бұл жолы бұрынғыдай найза, садақпен емес, зеңбірекпен, отты мылтықпен қаруланып, Еуропа әскерінің соғыс жүргізу әдісін пайдаланды. Жоңғар қонтайшысын қаруландырып, жүйелі тәртіпке түсірген патша үкіметінің тұтқындығындағы инженер, швед офицері Иоган Густав Ренат болатын. Ол 1709 жылы Полтава соғысында Ресейге тұтқынға түскен еді. Кейін ол Тобылға жер аударылып, орыс офицері И.Д.Бухгольцтің экспедициясымен бірге Ертіс өзенін зерттеуге, одан Сібір жорығына қатынасады. 1715 жылы И.Бухгольц пен жоңғар әскерлерінің қақтығысында, Ренат Жоңғар хандығының қолына түседі. Иоган Густав

Қоңғарияда көп жыл тұрып, оларға темір қорытуды, зеңбірек күйоды, қ-дәрі шығаруды үйретеді. Сойтін, 1723 жылы Қалдан Серен казак лін жаулауға муздай қаруланын тиісті. Ал казак сарбаздарында ндай қару-жарак мүлшем жоқ еді.

Сыбан Рабдан ордасына 1722—1724 жылдары барған орыс елшісі Иван Унковскийдің жазбаларында мынадай деректер келтірілген: Ренат Қоңғар қонтайшысына түйеге артылатын мыстан құйылған 7 зеңбірек, керге қондырылатын бірнеше ауыр зеңбірек, тағы баска отпен аты-татын жеңіл қару-жарак жасап берген (226, 173). Одан әрі елші Сы-бан Рабданның казактарға қарсы 30 мың жасақ ұстайтынын, ылғи лармен соғыс жағдайында екенін ескертеді. Ресей елшісінің мәліметтерінде қонтайшының қол астында соғысқа жарамды 60 мың әскер бар екені, ал қажеттілік болса 100 мың сарбаз жинай алатыны казылған (226, 194; 228, 176).

Сөз орайында айтайық, шығыстан төнген Жоңғар қаупіне қоса солтүстік-батыстағы қалмақ хандығы да отыз мыңға тарта қолын жасақтап, Қазақ хандығының батысынан тарпа бас салуға дайын отыр-ды (12, 172). Бұл жағдайды Ресей тарихшысы А.И.Левшин орыс бодандарының Қазақ жеріне шабуылы “кек алу” дегенді тілге тиек етеді, ал, Қалдан Серен ежелгі жауының жойылуына немқұрайлы куәгер болмай, реті келгенде өш алуға ұмтылды деп, өз жері мен кара шаңырағын қорғауға жанталасқан казактарды кінәлауға тыры-сады.

1723 жылы Жоңғар қонтайшысының отты қарумен жабдықтал-ған әскеріне қарсы келе алмаған казак халқы қатты қырғынға ұшы-рады: жаны қырылды, малы таланды, ата-мекені тапталды. Жеңілген казактар бытырап, беталды құлатүзге қашты, біразы Орта Азия хандық-тарын (Бұқараны, Хиуаны, Қоқанды) паналады. Әбілқайыр бастаған Кіші жүз казактары да жан сақтауға тырысып, Ресей шекарасына жақын көшіп барды. Ұлы жүздің көпшілік жері жоңғарлардың қол астында қалды. Орта жүздің адамдары Сарыарқаға, Ұлытау, Ақтау, Ортауға, одан әрі Көкшетауға, Есіл, Ертіс өзендеріне қарай жөнкілді (11, 238).

Бұндай алай-түлей кара дауылда әкеден ұл, шешеден қыз, ағадан іні, қарындас айрылды. Нақ осы кездегі халқымыздың қайғы-қасіретін көзімен көрген дауылпаз Қожаберген Толыбай сыншы ұлының:

*Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді....*

*Қай заман, мына заман?— бағзы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман,
Қарындастан айрылған жаман екен,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.*

*Қай заман, мына заман?— қысқан заман,
Басымыздан бақ дәулет ұшқан заман,
Ағылған көш-жөнекей шаң борайды,
Қаңтардағы қар-боран қыстан жаман (11, 237), —*

“Елім-ай” зарлы жыры осыған орай туылған, — дейді халық жазушысы С.Мұқанов (11, 237). Жоңғар басқыншылығынан әрең құтылған қалың ел, енді аштықтан қырылады.

Тарихи шығармаларда басы ашылмай келе жатқан мәселенің бірі: қазақ-жоңғар соғыстары қанша уақытқа созылғаны жөнінде. “Жоңғар хандығының қазақ жеріне жойқын шапқыншылығы 1710—1711 жылдары басталды”, — дейді бір тарихшы (17, 27). “Екі елдің өзара жағдайының шиеленісі және сыртқы жауларының айдап салуымен Жоңғар қалмақтары көршілес қазақ еліне 1599—1750 жылдар арасында әлденеше шапқыншылық жасады”, — дейді екіншісі (18, 20—28). Бұл арада екі ғалымның да айтуы дұрыс: Біріншісі, жоңғар басқыншыларының ең күшейген тұсын айтса, екіншісі — Жоңғар хандығының қазақтарға жүйелі жүргізілген жорықтарының мезгілдеріне сілтейді. Бірақ бұл пайымдаулар аздық ететін секілді. Тарихтың тұңғығына көз тастасақ, екі ұлы империяның (Ресей мен Қытай) қыспағында қалған екі жауынгер түркі тілдес халықтар көк аспанның астында бір-бірімен жер-су үшін, “өмірлік кеңістік” үшін күрескені жоғарыда айтылды. Орталық Азия даласы үшін ойраттардың Моғолстан аймағына алғашқы жаугершілігі сонау XV ғасырда басталды. Жоңғарлар — Шыңғыс хан империясындағы Үгедей ұлысы, яғни моңғолдардың батыс бұтағы екені дәлелдеуді қажет етпес. Олар XV ғасырдың басында “Шығыста Хангай тауларының батыс бөктерлеріне, оңтүстікте Гоби құмдарына, батыста Моғолстанға, солтүстікте Ертіс пен Енисейдің жоғары ағыстарына” барып тірелетін ұлан-байтақ жерлерді иеленді. Оларға көршілес түркі және парсы тілді қалмақтар, моңғолдардың сол қанаты, яғни “жоңғар” деп аталды. Моғолстанның ханы Уәйіс (1422 жылы) жоңғарлардың астанасын жаулап алып, Түрфан қаласы етсе де, 1418—1428 жылдар аралығында ойраттардың алпыстан астам шабуылын бастан кешірді. Осылардың дүмпіуімен астанасын Іле жағасындағы Лебалық мекеніне —

Жетісуға ауыстырды. XV ғасырдың 30-шы жылдары жоңғарлар күшейіп Ыстықкөл төңірегіне жетті, — деп жазады Мырза Хайдар Дулати, ал Есен тайшы кезінде (1452 жылы) Шу өзенінің жағасына келді, 1457 жылы олар Ортаңғы Сырдария алқабын шапты. Әбу-л-Хайр хан (1428—1468) қалмақтардың әскери қолбасшысы Үз-Темір тайшымен бітімге келіп, тіпті өзін ойраттарға тәуелдімін деп жариялаған көрінеді (19, 42—65). Мұндай мәліметтерді М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашиди” еңбегінен кездестіреміз (20, 99—100). XVII ғасырдың 30-жылдары жоңғарлардың бір бөлегі — торғауыт қалмақтары Еділ өңіріне қоныс аударып, дербес елге айналады (19, 73—74; 224, 101; 52, 78). Қалмақтардың кейбір тайпаларының мекендері Солтүстік пен Орталық Қазақстанға, Сарысу өзеніне дейін жетті. Аталмыш жүзжылдықтың аяғында, олар енді қазақтарды Жетісудан да ығыстыра бастаған. Сөйтіп, XVIII ғасырдың басында қазақтар жерін қорғау ғана емес, өз тәуелсіздігі үшін күресуге мәжбүр болды. Ендеше қазақ-жоңғар соғыстары XV ғасырда басталып, 1771 жылға дейін созылды. Үздік-создық, бірде шабысып, бірде алысып, түркі тектес екі халық үш жүз жылдың үстінде өзара қырқысты.

Жоғарыда аты аталған Қожаберген жыраудың жеті атасы осы үш жарым ғасырлық қазақ-қалмақ соғыстарын өз бастарынан кешкен перзенттер.

Сол кездегі Ресей мен Қытай мемлекеттерінің көрші отырған екі елді бір-біріне айдап салу арқылы әлсіретіп, өз пайдаларын көкसेген империялық саясатын Қожаберген данышпан ашық көрсетеді:

*Торғауыт, Жоңғар, Ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен қытайлар қойған жалдап.
Сол екеуі қару-жарақ бергеннен соң,
Құртпақшы мұсылманның
(қазақтардың — А.Қ.) бәрін жалмап.*

*Қырылу Алакөлден басталып тұр,
Қазақтар жсау қалмақтан жасқанып тұр —
Орыстар мен Қытайға арқа сүйеп,
Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр...*

*Қаруын орыс, қытай қалмаққа сатты,
Айдап сол малғұндарды қоқаңдатты.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты (22, 157).*

“Елім-ай” дастанында Қожаберген жырау Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың үш тобе бидің шешімімен күллі қазаққа бас қол-басшы сайлануын, оның Батыс Қазақстаннан Түркістанға оралып, қазақ жұртын Отан соғысына бастауын құптайды.

*Қазыбек, Төле, Ақсуат шешен жорға,
Қиналды ақыл таппай осы жолда.
Сайланды Әбілқайыр ғаскер басы,
Өзінше ел билігін алып қолға...
Арқаға кеткен ғаскер қайтты оралып,
Шуға жетті атының мойны талып.
Қамданып жасақ жиып, тігіп шатыр,
Қолбасшы Әбілқайыр қайда жатыр,
Сөмеке, Әбілмәмбет, Ғайып, Болаттың,
Көмегі қазақтарға болмады ақыр, —*

деп қазақ хандарының ел қорғаудағы дәрменсіздігін бір түйреп өтеді (22, 181)

“Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” қасіретін бастан өткізіп, халқының үштен екі бөлігінен айырылған қайран қазақты дәл Қожаберген жыраудай өсиеттерімен рухтандырып, жонғар басқыншыларына қарсы азаттық соғысына жол сілтеп, бағдарлама берген ел данасы кемде-кем шығар. Отан сүйгіш, ұлтжанды қазақ баласы баһадүрдің бұл өсиетін ешқашан ұмытпауға тиіс. Осы арада оқырмандарға бабамыздың ғұмырнамасынан үзінді келтіре кетейік.

- Қожаберген Толыбайұлы әрі батыр, әрі би, дауылпаз жырау қоғам және мемлекет қайраткері, шамамен 1663 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Гүлтөбе-Маманай өңірінде дүниеге келіп, 1760 жылдары бақилық сапарға аттанған.

Жыраудың тегі Орта жүздің ашамайлы керей көшебе руының Таузар әулетінен. Әкесі Толыбай өз заманында билік айтқан, көсем-сөздің шебері, атақты сыншы. Қожаберген жастайынан нағашысы Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы ұрпақтарының қолында тәрбие алып, Үргеніш, Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқыды, араб, парсы тілдерін жете меңгерген. Он үш жасынан ақындыққа бет бұрған, он жеті жасында аңыз-әңгімелерді өлеңмен жырлады. Қазақ халқының өрлеу дәуірін жырға қосып, “Ата тек” дастанын шығарды. Тәуке хан тұсында Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтары мен парсы, түркімен арасында елшілік қызметте жүреді. 1688 ж. өз-Тәуке бастаған барша қазақтың игі жақсылары 25 жастағы Қожабергенді

ордабасылыққа тағайындаған. Сөйтіп, ол жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ жасағының алдыңғы шебінде жүрді. Ел қорғаған батырлардың ерліктері Бұқар жыраудың “Ұстазым” атты толғауында жырланады. Қожаберген би Тәуке тұсында “Жеті жарғы” заңдар жинағын әзірлеуге белсене қатынасып, кейін оны ақ былғарыға жаздыртып, ханға табыс еткен. Сонымен қатар, Қожаберген баһадүр сол кездегі қалыптасқан әлеуметтік жағдайды, қазақ елінің ішкі-сыртқы саяси ахуалын жырға қосып, “Жеті жарғы” атты дастан жазды. “Елім-ай” дастанында 1723 жылғы қазақ жұртының ауыр кезеңі “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” қасіретін суреттеді. Қазақ халқын жоңғарларға қарсы Отан соғысына жұмылдыруға көп еңбек сіңірді. Отбасында үш ұлы, Зейнеп атты жалғыз қызы болды. Әйелі Айша Кіші жүз ішіндегі он екі ата Байұлының Есентемір аталығынан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қан майданда екі ұлы — Науан мен Бекет қаза тапты.

Қожаберген Толыбайұлы тек қана жырау емес, қаһарман батыр, қолбасы, өз-Тәуке ханның оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны болған дарабоз тұлға деуге сиярлық (23, 10—11; 16, 153—160).

Сөз орайында еске сала кетейік, Алаш Алаш атанған елі үшін төрт ұйқысын төрт бөлген Әйтеке (Айтық) бидің (1666—1722) өсиетнамасына да Қожаберген жырау осы дастанда ерекше мән береді. Өзі туралы жырау:

*Кенжесі ем, Толыбай сыншы Қожаберген,
Бата алғам Әнет пенен өз-Тәукеден,
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп,
Өзегім өртенген соң айтам өлең,—*

деп бастап алып, Әйтеке бабамыздың өсиетін көңілі тола шырқайды. Ордабасы әрі мемлекет қайраткері, көзқарақты дана Қожабергеннің айтуынша, Кіші жүздің төбе биі Әйтеке елу алты жасында дүниеден өткен. Ал, оның қай жылы туып, қай жылы өлгені ғалымдар мен зерттеушілер арасында осы кезге дейін шешілмеген жұмбақ күйінде. Оған бізде өз пікірімізді білдіре кетпекпіз. Егер дастандағы: “Баласы Халдан — Бошақтың Сыбан Раптан, көрші елді жауламақ боп көз алартқанына” және “ызғарлы күн шығыстан жел келеді, шұбырған Алтай жақтан ел келеді, Еділден Ұбашы қалмақ тағы шапты, зор бөгет тас маңдайға кез келеді”, — дейтін заманы, 1723 жыл екенін қаперімізге алсақ, онда қазақтың басына түсетін қасіретті Әйтеке бабаның болжап кеткенін осы дастанға жазылған өсиетінен көреміз. Онда жырау екі жақтан жау қамаған қазақ қолбасыларының бас-

кыншыларға қарсы қару іздеп, орыс, қытай тараптарына елші жүгіртін, одан ештеңе шықпай дағдарған тұсын да айтып өтеді. “Қаруын орыс пен қытай сатпаған соң, қатынас арадағы тоқтаған соң, сенделді хандар, билер ақыл таппай, кенеттен қалмақ елді таптаған соң; өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті, келгенде елу алты жасқа ажал жетті; “Бағыну бір көсемге дұрыс қой!”—деп, боларын осы апаттың болжап кетті; төреден Әйтеке би безін деді, келді ғой көсем сайлар кезің деді, қазақты батыр көсем басқармаса, быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді; хан, сұлтан, төре күні өткен деді, олардан ақыл-айла кеткен деді; қазағым өзіңді-өзің тұтас ел қып, басқарар енді уақыт жеткен деді; ақылды болсын батыр көсем деді; басқарса қазақ болар есен деді; көрші елмен татуласып, тіл табысар, тағы да болсын өзі шешен деді; осындай көптен көсем ізде деді, хандарды шеттетуді көзде деді; қазақты төре бастап көгертер деп, малтанды би мен бектер езбе деді; үш жүзден үш ақылшы болсын деді; қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді; сайлаған көсемдерің кеменгер боп, халықтың болашағын шолсын деді; бұл сөзді би мен бектер ұға алмады, бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады; үш жүздің шонжарлары төре жақ боп, ортадан батыр көсем шыға алмады; өткен күн ойлағанмен, қайта оралмас, бақыт құс ұшып кетсе, қайтып қонбас; өсиетін Әйтекенің естеріне ал, Қазыбек, Төле, Ақсуат шайқады бас; Қазыбек, Төле, Ақсуат шешен жорға, қиналды ақыл таппай осы жолда; сайланды Әбілқайыр әскер басы, өзінше ел билігін алып қолға; жас биі Кіші жүздің Малайсары, олдағы ақыл-айла таба алмады; бас қосып, Күлтөбеде кеңес құрып, жөн көрді қоршау бұзып құтылғанды”,— деп Қожаберген жырау Әйтекенің өсиетнамасын бұлжытпай айтып отыр (22, 160—161).

Бағзы дастанның суреттеп отырған кезеңін тарихи дереккөздер де тап осылай сипаттайды. Қалдан Бошақтың баласы Сыбан Рабданның (1697—1727) тұсында жоңғарлар Жетісудың көп жерін басып алғаны жоғарыда айтылды (24, 122—123).

Бұл арада тағы бір ескеретін жайт, осыдан кейін Әйтеке бидің атының Қожаберген дастанында кездеспеуі, оның орнына билер төралқасында Ақсуат, Кіші жүздің жас биі Малайсары есімдері кездеседі. Бұған қарағанда, Әйтеке би бабамыз Қожаберген айтып отырған 56 жасында, яғни 1722 жылы қайтыс болғанға ұқсайды (22, 160; 25, 39—92).

Мұнымен қатар, Қожаберген дастанында Әйтеке бидің қайраткерлік тұлғасын ірілендіре түсетін тағы бір қасиеті ашылған. Ол — қазақ қауымын өрге бастыруға келергі келтірер кертартпа үрдістерге

Әйтекенің батыл қарсы шыққандығы. Адами болмысын ата тегіне қарап емес, қабілетіне қарап бағалауға үндегендігі. Сол арқылы халқына қамқор, еліне пана бола аларлық таза асылдар мен шынайы арыстардың көбейе түсуін көкसेгенін де. Әсіресе, “қазағым, өзінді өзін тұтас ел қып, басқарар енді уақыт жеткендігін” айрықша баса көрсеткендігін де. Бір қызығы би ешкімге жібермес есесін батырлықпен қоса, “көрші елдермен татуласып тіл табыса алар” мәмілегерлікке де зор мән береді. Қазақтың көсемі халықтың көкसेген мұратына емін-еркін көтере алатын майталман болса екен деп тілейді. Ел мұраты жолындағы сол ұғым, сол мақсат билік жолындағы күрестің құрбандығына шалынып кетпесе екен деп уайымдайды. Төре әулетінен де сол үшін тіксінеді. Бәр-бәріне тақ тие бермегендіктен, баққұмарлыққа бой алдыруға мәжбүр болған тұқымның “башпайдан қағар” қулығы ел басына қаралы күн туғанда ел жоғын жоқтар ұл тууына кедергі келтіріп жүрмес пе екен,— деп уайымдайды данышпан Әйтеке бабамыз (24, 127; 26, 159—172).

Осы арада қазақ халқының бірлігін нығайтуға жан-тәнімен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері Әйтеке бабамыздың ғұмырнамасынан шағын үзінді:

- *Қазақтың атақты биі Әйтеке (кейбір деректерде Айтық) Байбекұлы шамамен 1666 жылы (бірсыпыра дереккөздерде туған және өлген жылдары 1644—1700; 1682—1766; 1688—1748 деп көрсетілген — А.Қ.) қазіргі Өзбекстандағы Қазбибі тауы маңында туып, 1722 жылы Нұрата өңірінде дүниеден озған. Ол атақ-даңқы жер жарған Жалаңтөс баһадүрдің ағасы Ақша бидің немересі. Кіші жүздегі Алты аталы Әлімнің төртқарасынан — Ораз, одан Тоқпақ, Тоқпақтан Сейтқұл би туған. Сейтқұл өз заманында Алшын ұлысының бірнеше руын басқарған белгілі би. Бұқар ханы оны Алшындардың, Бұқара мен Самарқандтың әмірі етіп тағайындаған. Ол дүние салған соң, орнын қаһарман қолбасшы, дарынды ұйымдастырушы, жаужүрек батыр Жалаңтөс басқан. Жалаңтөс баһадүр өзінің туған ағасы Ақша биді Ходжент пен Қоқанды бірдей билейтін әмір етіп тағайындаған. Осы Ақша бидің кіндігінен он бір ұл өрбіпті. Он бір ұлдың үлкені Байбектен әйгілі Әйтеке би туған.*

Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде оны Үйсін Төле бимен қатар қояды. Жиырма бес жасында Кіші жүздің төбе биі сайланған Әйтеке әз-Тәукенің заманында “Жеті жарғыны” жинақтауға қатысады. Ол қашан да билікті батыл әрі әділ айтқандықтан “Айыр тілді Әйтеке” атанған. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің ықпалы тиеді. Жеті жасында аталары Ақша

би мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандтағы Ұлықбек медресесінде оқиды, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған, сән-сәулетімен әйгілі "Тіллә Қари" (Алтынмен апталған), "Ширдор" (Арыстан қақпасы) медреселерінен білім алады. Дін, құқық, аспан әлемі, география, тарих, математика пәндерінен дәріс тыңдайды, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгереді.

Әйтеке Ақша би атасынан ел басқару, елшілік-мәмілегерлік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық әдістері мен дағдыларға жаттығады. Оның он екі жасында Жалаңтөс баһадүр, он бес жасында Ақша атасы дүниеден озады. Әйтеке медресені бітірісімен туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел басқару істеріне араласады. Сөйтіп, жиырма бір жасында Бұқара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ, құрама жұртының бас биі дәрежесіне көтеріледі. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны төбе би етіп сайлады. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының ел басқару ісіне араласты. Әйтеке бидің "Жеті жарғыға" ұсынған баптарының ішінде белгілілері "Сүйек құны" мен "Өнер құны". Бұл Әйтекенің ата дәстүр-салтын жетік білумен қатар өнерге, өнерлі адамға деген ерекше ілтипатын көрсетеді.

Әйтеке шешендігімен, әділдігімен қоса жоңғарлармен шайқастарда қол бастаған батыр. 1685 жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан Бошақтының он мың жасағына қарсы алшындар мен қарақалпақтардан және құрамалардан жиналған бес мың қолды бастап Әйтеке де аттанады. Ол әуелі Қалдан Бошақтының өз әкесінен емес, есігінде жүрген қытай құлынан туғанын бетіне басып жерге қаратады. Ізінше жан алып-жан берген соғыс басталады да, ол бір тәулікке созылады. Келесі күні Әйтекеге Самарқанд пен Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан Бошақты негізгі жасағы тұрған Сайрам шаһарына шегініп кетеді. Алайда сол жылы Сайрам жау қолында қалып, Күлтөбеде өтіп жүрген "Хан кеңесі" шақырылмады. Бұдан кейінгі қазақ жиыны Қарақұмда және Тәуке хан ордасын тіккен Түркістан маңында өткені мәлім. Қазақ даласына сұғына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Әйтеке 1718 жылы Қарақұмда өткен жиында мынадай ұсыныс береді: 1) Ресеймен, Қытаймен не басқа бір елдермен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксегені терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бағынышты елге айналдыру. Сондықтан, шекара маңында соғыс шеберлігін үйренген жасақтар ұстайық. Шекараға таяу ауылдарды ішкі бетке көшірейік; 2) мал-мүлікті аямай Ресейден, Қытайдан, Хиуадан және

Бұқара мен Түркі елінен қару-жарақты жеткілікті сатып алайық. Әскери іске әбден жетілген тұрақты жасақ ұстау үшін, қаражатты төрелерден, сұлтандардан, ауқатты адамдардан жинайық...; 3) бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. Қолбасшы Ресей, Қытай, Түркі не Еуропаның әскери өнері жетік бір елінде оқытылсын. Ол өзі батыр, көпті көрген көсем, елшіліктің қыр-сырын білетін болсын. Ол тек “Хан кеңесіне” ғана бағынатын және айрықша құзыры бар адам болсын; 4) Қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Өйткені төре ортасы тату емес, қай-қайсысы да хандық билік жолында қарабастарын ойлаудан әрі аса алмайды дейді. Ел ішіндегі бірі орға, бірі сорға тартқан алауыздық солардың ісі дейді. Өйткенің бұл ұсыныстары Төле, Қазыбек секілді ел басқарған билер тарапынан қолдау тапқанымен, әскерге жиналатын мол шығынды ауырсынған сұлтандар мен төрелер, байлар қарсы шығып, түрлі себептер айтылды, ақырында шешім қабылданбады. Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Әйтеке би қайтыс болғаннан кейін Нұрата маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Өйткенің тікелей өзінен тарайтын оныншы-он екінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатары Өзбекстан Республикасының Науаи облысындағы Нұрата ауданында тұрады. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, оған Әйтеке бидің аты берілді (27, 95—96; 24, 115—144; 28, 117; 29, 651—652).

Енді үзілген әңгімемізді жалғастырып, шиеленіскен қазақ-жоңғар қатынастарына сөз берейік. Халық бірікпей, тірлік болмайтынын түсінген ұлт перзенттері — дала данагөйлері Төле би, Қазыбек би, Ақсуат би (кейбір деректерде Кіші жүзден Малайсары би аталады — А.Қ.), сондай-ақ даңқы шыққан батырлар мен ұландар — хан мен сұлтандар қазақтың игі жақсылары 1726 жылы Ордабасыда жиналып, жоңғар шапқыншылығына тойтартыс беріп, олардан қазақ жерін азат ету жолына жүртты бірлікке шақырды. Бүкіл үш жүздің жасақтарына бас қолбасшылыққа Кіші жүздің ханы Әбілқайыр тағайындалып, қазақ қосынының сардарбегіне Орта жүзден Қанжығалы Бөгенбайдың бекігені бұрын да айтылған еді (16, 165—166; 9, 66—75; 228, 205—220). Дүйім елдің құрылтайдағы шемімі Алла Тағаланың құлағына шалынып, ақ жаңбырдың нөсеріндей тасыған қазақ сарбаздары Сыбан Рабданның қара құрттай қаптаған әскеріне қарсы шабуылды бастады. Ұлытау өңіріне ендіей кіруді көздеген жоңғарлар Шұбар теңіз көлі маңындағы шайқаста қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліс

тапты. Мұның артынша Ұлытаудан басталатын Бұланты (ертеде бұлан аулаған) мен Білеуті (қайрақ тас) өзендері арасындағы Қарасиыр жазығында үш жүздің біріккен қолы жоңғарлармен қантөгіс ұрыс салды. Бұл тарихатта “Бұланты- Білеуті шайқасы” деген атпен жазылды. Соғыста қазақ жасақтары ірі жеңіске жетіп, жоңғарларды Ұлытаудан әрі қарай қуды. Шайқас өткен “Қалмақ қырылған” атты төбеде Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың ұсынысымен қаза тапқан қазақ жауынгерлері жерленді. Бұл шайқас жоңғарлар жаулап алған қазақ жерлерін жаппай азат етудің басы еді, ол үш жылдай уақытқа созылды.

1727 жылы Жоңғар ханы Сыбан Рабдан дүниеден өтіп, оның тағына ұлы Қалдан Серен (1727—1745) отырды. Сол жылдың көктемінде қазақ, ноғай және қарақалпақтардың біріккен жасағы жоңғарларға тағы бір рет соққы берді. Бұл іле-шала Аңырақай шайқасына ұласты. “Бұланты — Білеуті” оқиғасына қалам тартқан белгілі ғалым Әубәкір Диваев “Көк кесене” атты шығармасында Орта жүз қанға батып, қасіретке кездескен жылдары Кіші жүздің батыры Тайлақ, оның жиені Ұлы жүздің батыры Саңырық және Кіші жүз Шекті руының батыры Бақтыбай үш жыл бойы аттан түспей, егескен жаумен алысып, Бұланты шайқасында ерліктерімен көзге түскенін атап көрсетеді. Әлгіде айтылған Қожаберген жырау олардың құралайды көзінен ататын мергендігін “Елім-ай” дастанында жырлаған. Бұланты — Білеутідегі қантөгіс қазақтарды Ұлы Отан соғысының алғашқы жеңісіне бастаған оқиға іспетті. Тарихшы М. Тынышбаевтың пайымдауынша, Аңырақай шайқасы 1729 жылы басталып, 1730 жылдың көктеміне дейін созылған (31, 196). Аңырақай шайқасы туралы кезінде ел арасындағы аңыз-әңгімелерді әлгіде айтылған ғалым Ә. Диваев жинап ғылыми айналымға енгізген. Ол аңыздардың бірінде (Дулат тайпасынан жазып алынған) былай айтылады: Сырдарияның Шыршыққа құятын сағасынан өтіп, Қазығұрттың батысынан Келес — Бадам жотасы арқылы Ұлы жүздің қолы, олардан жоғарырақ терістіктен Орта жүз жасақтары, Қаратаудың батыс өңірінен Кіші жүз сарбаздары Іле бойында бір мезгілде табысқан (16, 180).

Инженерлік білімнің қыр-сырын жете меңгерген, ұлтжанды ғалым Мұхамеджан Тынышбаев осы аңыздарға сүйене отырып, жерді зерттеу ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып, ұлы шайқастың панорамасын (Күлік даласындағы Бородино шайқасының үлгісімен) жасауға тырысқан. Сөз орайында, Әбілқайыр ханның атындағы жер мен сай аттары бұл төңіректе екі рет кездеседі. Бірі, Балқаш

көлінің оңтүстігінде, екіншісі, қазіргі Жамбыл облысының Подгорное (бұрын Сүмқайтты аталған) және Ақыртөбе бекеттерінің маңында Әбілқайыр атындағы сай. Осыларды негізге алған инженер М.Тынышбаев майдан аясының шеңберін Балқаш көлі, Әбілқайыр тауы, Хантау, Аңырақай тауы, Подгорное ауылы (бекеті), оған қарама-қарсы Әбілқайыр сайы деп көрсетеді. Ордабасы, яғни хан ордасы орналасқан төбені де дәл сипаттауға тырысады (31, 183—196; 30, 92—94). Осыдан көз алдыңызда аумағы 150—200 шақырымға созылатын майдан алаңы елестейді. Біздің дәуірімізге жеткен дерекнаманың бірінде былай айтылады: сайын даладан 1730 жылы — “ит жылының көктемінде Арғынатаға (Ұлытау) жинал” деген үндеу жеткен. Көктемде осы жерге қазақтың үш жүзінен 40 мыңнан астам жасақ жиналады. Балқаш көлінің оңтүстік шығысында кейін Әбілқайыр тауы атанған жотада Кіші жүздің қолы жайғасты. Оларды бастап келген Әбілқайырдың қарауында табын Бөкенбай, тама Есет, шектіден Тайлақ пен Бақтыбай батырлар бастаған сарбаздар қазақ қосынының жартысынан астамын құрады деген мәліметтер кездеседі (16, 181; 25, 60—92). Әбілқайырдың ордасы ұрыс даласынан қашық болуының да өзіндік сыры бар тәрізді. Шамасы Балқаштың нарқамысын көлегейлеп, шайқастың қызған кезінде тасада тұрған қосымша қол жауға атойлап тиісуге дайын тұрған секілді.

Аңырақай географиялық құрылымы жағынан Айтау жүйесіне кіретін, Шу — Іле су айырығының орталық бөлігіндегі тау жотасы. Ұзындығы — 75 км, ені — 5 км, биіктігі — 1295 м. Тау басынан қарағанда төңірегіндегі айдын алаң алақанға салғандай көрінеді. Осы биіктен ұрыс қимылдарына барлау жасау қолбасшыларға қолайлы еді. Аңырақайдың айналасы адырлар, жықпыл-жықпыл сайлар, яғни әскерді жасыруға, шоғырландыруға, қажет болса шегінуге не шабуыл жасауға ыңғайлы болған тәрізді.

Мұнымен қатар Аңырақай тауының батысында Құлжабасы (Бозжорға жол) жоталары аралығында Қараой жазығы жатыр. Жазықты Аңырақайдан Сарыбас тау, Қаражырық, Далаңқара жоталары бөліп тұр. Аңырақайдың Іле өзені жақ бетінде Қопалы сай, Қаракемер сай, Айналым сай, Сарыбұлақ сайлары ылдилана келе Бестамақ жолына қосылады. Ұрыс майданы Аңырақайдың батыс жағында өтті деген болжамдар бар. Шу — Іле су айырығына жататын Аңырақайдың Хантау беті, яғни шығысы Жетісу өңірін зерттеген арнайы экспедиция атап көрсеткендей, — негізінен ұсақ қойтастарға, одан қалды жер бетіне шығып жатқан күйма тастарға (сланецтерге) толы. Осы арада



Әбілқайыр Үш жүз
жасақтарының бас сардары.
(1726—1730).

Балқаштан Хантауға тартылған “Хан арық” жатыр. Ол аңыз бойынша, Жошы хан аң аулау кезінде құлан теуіп өлтіргеннен кейін Шыңғыс ханның әмірімен қазылған. Аңырақай соғысынан бері 180 жыл өткенін ескерсек, соның өзінде тереңдігі 1м 20 см, көлденені екі метрге жуық, ордың екі бетіне де шөп өскен, қасына келгенше арық көрінбейді. Ендеше бас сардар — Әбілқайырдың ұрыс алаңы кылып Аңырақайдың Іле бетіндегі Ақсүйек сайына дейін көлбеген дала жазығын таңдап алуы әбден мүмкін, — деген болжам айтады академик М. Қозыбаев (16, 184).

Жалпы алғанда, Аңырақай тауы қазақ жасақтарының соғыс жүргізуіне құрылымы жағынан қолайлы еді деген болжам құптар-

лық, шайқас оның онынан да, солынан да өткені даусыз. Осы арада тағы бір еске алар жайт, Аңырақай тауының Іле бетінің қазақ жасақтарына бірнеше қолайлы жақтары болғаны: Аңырақай тауының Іле беті құлама, шатқалдары қойнау-қойнау сайларға ұласады. Ол жерге сарбаздарды топтау ыңғайлы еді. Аңырақай тауының Іле беті сыңғырлап аққан бұлақтары мол, тау етегін ала шағын Сарыбұлақ өзені ағады. Қазақ қосынында 100 мыңға тарта мініс аты болды деп пайымдасақ, оларды Іле бойындағы жусанды далада, тау қойнауларында бағуға, суаруға, тынықтыруға жағдай жасалды. Сонымен, шайқас өткен жерді Қараой жазығы, шығысы Хан арық, батысы Іле, оңтүстік шығысы Итішпес Алакөл — Ақсүйек деп айтуға негіз бар. Қазақ жауынгерлерінің орналасқан кеңістігі қолайлы, ал жаудың арты Итішпес Алакөлдің биік жарқабағына тірелген, оңы мен сол қанаты ор мен сорға кезікен еді.

Ақсүйек сайының Балқаш көлі жағындағы қыраттың Әбілқайыр тауы аталуы да көп нәрсеге меңзегендей. Ақсүйек сайын қуалай жоңғарларды тықсырып, оның ту сыртынан Итішпес Алакөлге шегінуге



Аңырақай шайқасы. 1730 ж. Суретші Д.Өстеміров.

мәжбүр етерлік бас қолбасының қосымша жасақтары орналасуы да әбден ықтимал.

Аңырақай тауының төбесінде үлкен шұңқыр сай болған. Аңырақай тауында балалық шағын өткізген зерттеуші Қасқабай Мұқанұлының айтуынша, қысылғанда оған бес отар қой сыйғызады екен. Олай болса, қазақ қосыны үшін жасақтарын демалдыртуға тағы бір мүмкіндік туды деген сөз.

Хантау — Аңырақай — Әбілқайыр тауы майдан алаңының үш биік нүктелері. Қазақ жасақтарының ордасы орналасқан бұлар, біріншіден, майдан даласына шолу жасауға жеңіл; екіншіден, соғыс бағытын үйлестіруге оңай, қарауыл төбелердің өзара байланысына ыңғайлы. Қорыта айтқанда, Аңырақай жотасы қазақ-жонғар шайқасында қазақ жауынгерлеріне жер кеңістігін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Бұның өзі Әбілқайыр ханның, Қанжығалы Бөгенбайдың соғыс жүргізудегі әскери шеберлігін паш етеді.

Жер аты неге Аңырақай аталады деген сұрақ тууы да мүмкін...



**Қанжығалы Бөгенбай батыр
(1680—1775).**

Суретші А.Игембаев

Бұл жөнінде ел арасында үш түрлі пікір кездеседі. Бірі — жаудың сағы сынып, бағы тайып, жеңілгені сонша соғыс алаңын күңіретіп, айқайлап, аңырап басына көтерген. Екіншісі — Қапшағай тауын жарып, ең далаға құлап аққан сарқырама суды Аңырақай ағысы деп атайды екен. Үшіншісі — екі таудың ортасында созылып жатқан жазықта жылдың өтпелі кезеңдерінде (күзде, қыста) аңырап өкпек жел соғады екен. Қазақтың ұлан-ғайыр даласында бірнеше Аңырақ, Аңырақай атауларының кездесуі содан болса керек. Қалай десек те, Аңырақай даласы, Аңырақай жотасы Іле өзенінің ортасын алып, Итішпес Алакөлге қарай көсілген жусанды жазығына ұласады. Енді бір цығарма-

ларда Аңырақ деген жоңғардың батыры болған, соның есімімен жер атауы қойылған деп айтылады.

Қазақ — жоңғардың шешуші соғысы Аңырақай жотасы төңірегінде Әбілқайырдың қолбасшылығымен үш жүздің жасақтарының жеңісімен аяқталғаны бұлтаргпайтын ақиқат. Бұл тарихнамаға “Аңырақай” шайқасы деген атпен енді.

Енді бірер сөз, XVIII ғасырда қанды майдан деп айшықталған Аңырақай шайқасын үйлестірушілер жөнінде. Аңырақай соғысы қалай өтті, қазақ жасақтарынан кімдер ерекшеленді, кімдер ерлік жасады? — деген сауалға берер жауап тарихнамада аз жазылған. Тарихи және көркем әдебиет шығармаларда есіп те, көсіп те айтушылар көбіне қиял, сәуегейлік сезіміне беріліп жүр. Бірақ, бір даусыз нәрсе — ол қазақтың Әбілқайыр хан бастаған ержүрек жауынгерлерінің осы шайқаста жауын ойсырата жеңіп, Отан жерінен жоңғарларды біржолата қуғаны күмән тудырмайды, — дейді академик М. Қозыбаев (16, 179—195).

Үш жүз жасақтарының іс-қимылын үйлестіру міндетін бас қолбасшы Әбілқайыр өз мойнына жүктеді. Жоңғарлар жағының қару-жарағы басым болды. Отты мылтықпен қоса өздерінде күйылған, Ресей мен Қытайдан сатып алынған әр түрлі қашықтыққа атқылай-

тын зенбіректері бар еді. Қазақтар осы соғыста зенбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгергендігін байқатты, ал батырлары майданда әскери өнердің қыр-сырын жетік білетінін көрсетті. Жауынгерлер соғыста “Ай қораланды”, “Құйрық жеу”, “Ашамай”, т.б. қазақтың байырғы ұрыс тәсілдерін кеңінен қолданды. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, бұның құрамындағы Дулат тайпасының әр руының жасақтарын: сиқым Қарабатыр (Төле бидің күйеу баласы), жаныс Өтеген, ботбай Сәмен, шымыр Қойгелді, ошақтыларды Саңырық, ыстыны Төлек, шапыраштыны Бөлек, албандарды Хангелді батырлар басқарды. Орта жүз қолын Қанжығалы Бөгенбай (бүкіл қазақ қосынының сардарбегі, яғни ту ұстаушы көсемі), Шақшақ Жәнібек, Қыпшақ Тілеулі, Қаракерей Қабанбай, Абақ керей Жауғашар (Шақантай). Кіші жүз руларын: тама Есет, шекті Тайлак, табын Бөкенбай, шекті Бақтыбай бастаған, батырлар көзсіз ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саңырық батыр басқарды, сіргелі Елшібек батыр өз тобымен жау зенбіректерін оқпен атып, жарып отырды. Аңыркай шайқасында көптеген батырлар жекпе-жекке шығып, бағын сынады. Мәселен, Қанжығалы Бөгенбайдың Қалдан Сереннің інісі, қолбасы Шономен жекпе-жекте күш сынасып, бірін-бірі жеңе алмағандығы мәлім. Шапырашты Бөлек батыр жеке шығып қалмақ Аңырақайды, шымыр Ақша батыр қалмақ Доржыны (Дәржі атты жер бар) өлтірді. Қан майданда атақты батырлар — шымыр Ақша, күнту — Барлыбай, сиқым — Қарабатыр, тағы бірқатар жауынгерлер қазақ жері мен тәуелсіздігі үшін қанын төкті, жанын пида етті. Итішпестің Алакөлі маңындағы соққыдан есін жия алмай қашқан жонғарлар айналасы сусыз, сортаң далада шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкілді. Алайда қазақтар бұл жеңісті одан әрі дамыта алмады. Оған шайқастың соңғы жағында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ таласы мен бакталасы кедергі келтірді. Болат ханның інісі Сәмеке (Шах Мұхаммед) аға хандыққа сайланбады. Көпшілік Болат ханның баласы жас та болса Әбілмәмбетті қолдады. Бас хандықтан дөмесі бар Әбілқайыр да майдан алаңын тастап, Кіші жүздің қолын ертіп Ырғыз бойына батысқа кетті. Орта жүз қолының беделді адамдарын алып Сәмеке хан солтүстікке бет алды. Дей тұрғанмен де, Аңырақайдағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін оятты. Бұл жеңіс көршілеріне Қазақ хандығының қуатты мемлекет екендігін паш етіп, Орта Азиядағы саяси ахуалды күрт өзгертті. Жау жағадан алғанда етектен тартқандар енді Қазақ елімен



Бұланты-Білеуті шайқасы болған жерге орнатылған ескерткіш тақта.

санаса бастады. Халқымыз үшін Аңырақай шайқасының маңызы орыстардың Бородино даласындағы Күлік шайқасы, Еуропаның біріккен қолының Ватерлоодағы, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысындағы Сталинград түбіндегі жеңістерімен бірдей бағаланады. Аңырақай жеңісі тәуелсіздікті ансаған Қазақ елінің тұтастығы мен бірлігін айшықтады (29, 389; 30, 192—196; 16, 191—195; 17, 28—29; 255, 106).

Ғалымдар арасында пікір таласын туғызып келе жатқан тағы бір нәрсе “Аңырақай соғысы 40—50 күнге созылды” деген болжамға байланысты. Оны Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы да жазады (29, 389) және басқа шығармаларда да осыған сарындас дәйектемелер келтіреді. Аңырақай шайқасының 40 немесе 45 күнге созылуы шындыққа жанаспайды деген академик М.Қозыбаевтың пайымдауы құптарлық. Өйткені, Аңырақай соғысының тағдыры бір күнде, әрі кетсе бір жетіде шешілді. Ал қазақ даналары “Қашқан жауға, қатын батыр”, деп айтқандай, қашқан жауды артынан қуу бірнеше күнге созылуы да мүмкін. Атақты Бұқар жырау бабамыз “Қалданменен (Қалдан Серен Жоңғар ханы — А.Қ.) ұрысып, жеті күндей сүрісіп”, — деп бұл сауалға жауап беріп кеткен сынайлы. Осы күнгі Жамбыл облысының жеріндегі “Сұмқайтты” деген жерден жаудың қашуы, Аңырақайдағы шайқастың жетінші күні болған секілді.

Аңырақай шайқасының Ұлы Отан тарихында алатын орны қандай? Бұл туралы ғылыми шығармаларда екі ұдай пікір бар. Кейбір

ерттеушілер Аңырақай соғысы айта қыларлықтай қазақ — жоңғар қатынасына түпкілікті өзгеріс әкелген жоқ деген қозқарас. Оларды да түсінуге болады. Әрине, бұндай пікір көпшілік ғалымдар арасында Аңырақай жеңісін баянды етпей, қазақ хандарының майдан даласын тастап кетулеріне көңілдері толмағандықтан туындауы да мүмкін.

Осы арада, еске алар басты жайт, бұл шайқас “Ақтабан шұбырындыдан” кейінгі қазақ халқының тәуелсіздікті аңсаған үмітінің жеңісі. Қазақ даласына қайғы-қасірет әкелген жоңғарлардың басқыншылығынан кейін бес жыл өткенде халық тізесінен тұрды, бүгілген белін жазды, көз жасын құрғатты. Бұланты-Білеуті шайқасы, одан кейін Аңырақай — қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрыс кезеңі, сөйтіп, ерегіскен жаудың тізесін бүктірді, нар түйені шөктірді десе де болғандай.


Бірқатар тарихшылар, жоғарыда айтқанымыздай, Аңырақай шайқасын орыс тарихнамасындағы Бородино даласындағы қанды майданмен теңестіреді. Бұл, әлбетте, дұрыс та. Ал шынтуайтында, әрбір салыстырмалы оқиға мәселенің мән-маңызын сұйылтады. Аңырақай соғысы — тек қазақ халқының тағдырына ғана тән құбылыс, біз оны басқа халықтың Бородиносы мен Ватерлоосынан кем көрмейміз. Әр халықтың өзінің Аңырақайы бар. Сондықтан қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы Аңырақай шайқасы біреу және бірегей, ол қансыраған халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы мәртебесінің асқар тауы, азаттық жолындағы халқымыздың жанкешті жемісінің нәтижесі деп қарау орынды,— дейді тарихшы М.Қозыбаев (16, 191—192).

Бұл арадағы Әбілқайырдың еңбегі — ол жоңғарлардан қазақ жерін азат етумен қатар, қазақ елінің іргесін солтүстік-батыс және солтүстік бағытына кеңейтіп, оған Жайық, Елек, Есіл және Тобыл өзендері аймақтарын қосты. Ол сонымен қатар башқұрт, қалмақ және Жайық казактарының қарулы шабуылдарын тоқтатып, көшпенді рулар арасындағы алауыздықтарды тоқтатуға негіз берді.

Аңырақай соғысында Әбілқайыр хан таланатты қолбасшы ғана емес, сонымен қатар алыстан түйін түйетін саясаткер екенін де көрсетті. Жоңғарлармен және солтүстіктегі көршілерімен жүргізілген көп жылғы соғыстар сайын даладағы билік жүйесін реттеу, көшпенді қоғамды жаңаша құру және оның қорғаныс күшін нығайту екеніне өз сенімін арттырды. Оның ойынша, қазақ қоғамында ханның рөлін көтеріп, оның билігін халық игілігіне айналдыру еді. Ол билік жүйесін өзгертуде өзара байланысты үш қағиданы ұстауды қарастырды. Хан

тағының қоғамда Жошы тұқымына жататындардың біреуіне ғана берілуін, ханның билік жүргізуде толық құзырлы болуын, хан билігі мен жоғарғы атақтар қазақ ханы мен оның отбасы мүшелеріне мұрагерлік жолмен қалдырылуын қолдады (255, 106—107; 211, 225—226).

Сөз орайында, Әбілқайырдың бұндай ұсынысы көшпенділер қоғамына екі мың жылдай кешігіп жетен жаңа құбылыс еді. Оған дейін кезекті хан бақилық сапарға аттанғаннан кейін, оның көптеген әйелдерінен туған ұлдары билікке таласып, амалын тапса туажатын өлтіріп тынатын. Аттиладан қалған 168 ұлдарының арасында билікке талас оның империясының құлауына себеп болса, бұл “жаман” үрдіс, әсіресе, Алтын Орданың соңғы кезеңінде шарықтау шегіне жетіп, бір жылда билік басына бірнеше келте хандар келген уақыттар болды. Ұлы далада “қан сасыған хан сарайы” деген сөз осыдан қалған, — дейді ғалым Ж.Әкім (255, 107).



ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ
ҚАМҚОРЛЫҒЫНА ЫНТАСЫ



*Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме?
Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?
Ел тірегі — ері, ер тірегі — елі бола білген қауымның
басынан бағы кетер ме?!*

*Есті еріңді ез тұтсан, өзіңді-өзің қорларсын;
Есеріңді ер тұтсан, іргеңізден жау кетпей,
Төріңізден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып,
сорларсын да зарларсын.*

*Ез мұраты — көрешек, ел мұраты — келешек.
Көрешегін күйттеген түбі қоймас сүрінбей;
Келешегін күйттеген түбі қоймас сүйінбей;
Жетелі ер адаспас — бабадан қалған сөз бар ғой,
Жетелі ел адаспас — бағзыдан қалған із бар ғой...*

Әйтеке бидің елі мен еріне айтқан
өсиетнамасы...

Асқар тау алыстаған сайын айбындана түсетіні рас екен. Азды-көпті ғұмырымызда соған талай рет көз жеткізіп келеміз. Біз үшін мұның тағы бір дәлелі — Әбілқайыр данышпан. Бірегей табиғат сыйлаған дарыны, ерлік пен сирек ұшырасатын күш-жігердің иесі, көрегендік ой-жоспарларының ұлылығымен ішкі және сыртқы саясатта мәмілегерлігі жағынан шоқтығы биік тұратын қазақ билеушілерінің бірі Әбілқайыр хан екенін айтып жату артық секілді. Оның таңданарлық адами болмысын, мінез-құлқын, сырын түгел түсіну, біздің отандық зерттеушілердің қолынан әзірше келе де қоймас, мүмкін, ол болашақ тарихнамада ғылым мен қоғамдық-саяси ойдың иесі ретінде өз орнын алар. Қазақтың сайын ханы өз-Тәуке дүниеден озып, XVIII ғасырдың бірінші жартысында төрт күлік сахнаға өуелі сұлтан, одан кейін хан сайланып, Абылай шыққанға дейінгі аралықта, үш жүздің қоғамдық өміріндегі ең басты, шешуші рөл атқарған Әбілқайыр еді. Кітаптың өткен тарауларында атап өткеніміздей, ол жоңғар — қазақ қатынастарының ауыр кезеңдерін қылша мойнына жүктеп, бас қолбасы ретінде қазақ жасақтарын Ұлы Отан соғысына жұмылдырып, Аңырақай шайқасын жеңіспен аяқтады. Нәтижесінде, қазақ жұрты

жоңғар басқыншыларынан біржола азат етілді (16, 179—194). Осы аралықтағы қазақ халқының өз-өзін рухани тұрғыдан таныуымен жадында өшпес із қалдырған маңызды әскери һәм саяси оқиғалардың барлығы осы ханның есімімен тікелей байланысты. Әбілқайыр тұлғасының ірілігі мен күрделілігі, оның сайын далада және халықаралық қатынастарда жасаған маңызды қадамдарының көпшілігі отандық тарихшылардың, әдебиетшілердің, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірнеше ұрпағын бейжай қалдырған жоқ, — дейді отандық тарихшылардың бірі И.В.Ерофеева өзінің Әбілқайыр ханға арнаған еңбегінде (2, 6—7; 211, 10—11). XVIII ғасырдың 30-жылдарынан күні бүгінге дейін Әбілқайыр хан тағдырына деген қоғамдық пікір бір суып көрген емес, ал ол жайлы қарама-қайшылығы мол қызу пікір талас әлі жалғасып келеді. Мұның өзі осы әйгілі мемлекет қайраткерінің, күллі қазақ жасақтары бас сардарының әрі саясаткерінің өмірі мен қызметінің қаншалықты зор ауқымды һәм көп мәнді болғандығының айғағы емес пе?

Ол дүниеден өткеннен бергі 260 жыл ішінде Қазақстан мен Орта Азия тарихнамасындағы ауқымды еңбектер мен тарихи шығармалар авторларының ешқайсысы да осы тұлғаны айналып өткен жоқ. Осыдан болар Әбілқайыр ғұмырнамасына қатысты әрқилы аңыздар, ойдан шығарылған әңгімелер, терісі айналдырылған болжамдар тым көбейіп кетті.

Көпшілік зерттеушілер, жағымды пікір ұстанған ханның замандастары оны XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ билеуші тобының ең ұлы, ең беделді өкілі деп танып, оның жоңғар басқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырудағы қабілетін, қазақ жерінің шеңберін кеңейтудегі, көрші халықтар арасындағы сауда қарым-қатынасын дамытудағы. Қазақ елінің Ресеймен жақында-судағы жетекші рөлін толық мойындап үлгерді.

Әйтсе де, Әбілқайырдың көздеген басты мақсаты мен оның саяси іс-қимылы Оренбург өлкесіндегі патша әкімшілігі шенеуніктері арасында кереғар пікірлер туғызбай қойған жоқ. Патша үкіметінің беделді қызметкерлері А.И.Тевкелев, И.К.Кириллов, В.Н.Татищев, В.А.Урусов және П.И.Рычковтар қазақ көсемінің Ресей патшасының көмегімен хан билігін жетілдіріп, нығайту үшін жасаған ынтасына негізінен оң көзқарастарын білдіріп, сол кезең үшін оның мүддесінің патша үкіметінің осы аймақтағы ұзақ мерзімге арналған бағдарламасына қайшы келмейтінін мақұлдады.

Ал, ресейлік отарлау саясатының міндеттеріне үшқары, астам қозқарастағы Оренбург губернаторы И.И.Неплюев Әбілқайырдың қазақ

жүздеріндегі хан билігін күшейтуді көздеген мақсатын бодан аймақтағы империяның үстемдік саясатына кері әсерін тигізетінін ескеріп, қазақ көсемінің патша үкіметімен жақындасуына да, Орта Азиядағы мәмілегерлік іс-әрекеттеріне де қарсы шығып, ханды “айлакер ойыншы”, “өркөкірек”, “өтірікші” һәм “өзімшіл” деген біржақты пікір туғызуға тырысып бақты (211, 14).

Оренбург өлкесінің губернаторының Әбілқайырды қарадай жек көретіні өз алдына, оның “Ресейге шын берілген боданға ұқсамайтынын” жиі қайталауының қосымша себептері де бар еді. Біріншіден, И.И. Неплюев Ресейдің Орта Азиядағы саясатында орталыққа қарағанда мейлінше қатал отарлаушылық көзқарасты қолдады, ал екіншіден, ол империяның идеясын Орта Азияда ұқыптылықпен іске асырып қана қоймай, отаршылықтың жаңа мүсіншісі, жаратушысы міндетін де атқарғысы келді. Сондықтан ол өз мүддесіне орай Билеуші Сенат пен Сыртқы істер Алқасына Әбілқайырды жағымсыз жағынан көрсетуге жанын салды. “Бас хан” институтының қазақтар арасындағы дербес және әлеуметтік беделін көтеруге қарсы болған И.И. Неплюев Петербург әкімшілігіне Әбілқайырдың үш жүз алдындағы беделін құлдыратып көрсетіп, оны билік құмар біреу етіп суреттегісі келді.

М.П.Вяткин, П.Е.Матвиевский, аздап қана Н.Г.Апполова мен В.А.Моисеевтен өзгелері Қазан төңкерісіне дейінгі және Кеңес Одағының зерттеушілері И.И. Неплюевтің Әбілқайыр беделінің халық арасында төмен екендігі, ханның билік құмарлығы, орыс бодандығын жеке басын ғана ойлап қабылдағаны туралы жалған мәлімдемелерін өзгеріссіз көшіріп алып, қайталаумен келгенін айтпасақ болмайды. Өзгеше айтқанда, Әбілқайырдың өмірі мен қызметі туралы беделді замандасы һәм қарсыластары жазған тарихат, шынайы тұлғасы мен болмысын анықтауға кедергі болып келгенін еске сала кету артықшылық етпесе керек.

XX ғасырдың 90-жылдары социализм жүйесі тоқырады, тарихтың терең шыңырауларынан бұлақ көздері ашыла бастады, жаңа саяси жағдай қалыптасып, Қазақ елі ежелгі Орталық Азиядағы өз орнына оралды, ұлттық сана оянды. Тарихи бейне бір тасқын дауылдан кейін өткенге жаңаша көзқарасты қалыптастыра бастады. Күн тәртібіне этногенез, мемлекет, қазақ елін отарлаудың зардабы, ұлт-азаттық қозғалысы, егемендік пен тәуелсіздікті баянды ету жолдары тәрізді мәселелер алға шығарылды. Сөз жоқ, осының бәрі тарихнамадағы көзқарасты жаңа биік тұғырынан таразылауды, соның ішінде Әбілқайыр хан тұлғасына да қатысты кінгүрқы пікірді өзгертуді талап етеді.—

дейді егемен Қазақстан тарихшылары (211, 9—21; 16, 359—367; 256, 33—46).

Қоғамның жалпы даму заңдылығын сөз етсек, ежелгі заманда түркі тайпалары бірігіп, қыпшақ болып іріленіп, ілгері дамыды, алайда, ол Шыңғыс хан империясына орнын берді. Алтын Орданың негізінде бірнеше мемлекеттер, оның ішінде Қазақ хандығы да бой көтергені жайлы өткен тарауларда баяндалды.

Дәл сол бір алмағайып заманда сайын далаға сыймай, өзара жауласып жүрген көшпенділердің әлсірей бастағанын пайдаланып, Русь князьдіктері жандана бастады. XVIII ғ. басында Ресей империялық дәрежеге жетті. Оның сол бір жағдайға жетуіне Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын жаулап алуы және Шығыс ахуалы зор ықпал етті. Ресейдің Ермак секілді қандыауыз жендеттері Қазақ елінің іргесіне жетті. Шынтауайтында, Сібір хандығын жаулап алу орыс патшасының сайын далаға бас салуының, жымысқылығының бастауы еді. Батысында Ресей мемлекеті, шығысында Қытай империясы, көк желкесінде Жоңғар хандығы ұлы даланы дүбірлетіп атысшабыс салды, осы кезде Қазақ елі ата-қонысын қызғыштай қорғап, екі империяның қыл мойынына артқан әлегінен құтылуға әрекет жасап бақты.

Ұлт-азаттық көтерілісі, ел қозғалысы осылай туындады. Қозғалыстың асулары — кезеңдері мен белестерін айтпастан бұрын кейбір қоғамдық мәні бар мәселелердің басын ашып алу қажет сияқты.

Ресейдің кейбір зерттеушілері орыс әкімшілігі “отар” дегенді білмеді деп өздеріне шаң жұқтырмады. Ал қайсыбір тарихшылар “отар” деген тек капитализм дәуіріне ғана тән құбылыс дегенді желеу етеді (38, 10; 9, 16). Мысалы, Г.М.Дергульян Ресей империясына келсек “ол капиталистік ел болмады, сондықтан ол отаршыл емес, өзінің деспотиялық болмысын сақтаған “халықтар түрмесі”, оның тұтқын-башқұрт та, грузин де, эстон да, орыс та болды” — деген тұжырымды тілге тиек етеді (39, 175).

Өзге бір білгіштер Ресейдегі отаршылық саясат Батыс Еуропалық елдерден, тіпті, бөлек деп мәлімдейді. Олардың көрсетуінше, ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесі орыс қазынасына миллиондаған шығын әкелді, ал оған Қазақстанның да үлкен бөлігі кіретін еді дейді (40, 78). Ресейден шыққан ғылыми еңбектердің бірінде: отаршыл әкімшілік Кавказ елдерінен не бәрі 12414 мың сом табыс түсірді, ал оларды басқаруға 13543 мың сом қаражат жұмсады. — деп айтылған пікірдің бүкіл отаршыл саясатты ақтауға пайдаланылымын келгенін қайтерсің (41, 9).

Осы орайда еске сала кетейік, патша үкіметінің қазақтардан тартып алған 45 миллион десятина жерінен қанша табыс тапқанын есептеген кім бар? Немесе олардың алпауыт кәсіпкері Безбородконың теңіз жағалауындағы ұзыны 97 шақырым, ені 12 ден 35 шақырымға созылған Каспий төңірегінде ойып алған 2 миллион десятина жерінің табысы қанша болғанын бізге кім айта алады? Не болмаса атақты князь Юсуповтың теңіз бойынан ұзыны 208 шақырым, ені 12 шақырымға созылған жерден түскен қыруар табысының көлемін кім есептеді? Ол — ол ма, Юсупов пен Безбородко тегін алған жерге мал жайғаны үшін 1883 жылы қазақтардан әр түгін басына 1 сом, әрбір ірі қара малы мен жылқы үшін 20 тиын, қойға 5 тиын алғанын құжаттар дәлелдейді (41, 59).

Ал, қазақ жерінде ашылған пайдалы кен орындары мен мұнай құбырларынан, көмір шахтыларынан алған табысты есептеген ғалым бар ма? Тіпті алым-салықтың өзі құбылып, жылдан-жылға өсіп отырғаны белгілі. Мысалы, 1868 жылы Арал аймағында, Торғай, Ақмола, Семей облыстарында әр түгінге 3 сомнан салық салынды, 1896 жылы ол 4 сомға дейін өсті. Сонымен қатар жергілікті төлем әр отбасыға 1 сом 50 тиын болып белгіленді. Риддер мен Екібастұз кен орындары 1914 жылға дейін арнаулы жер қоры аталып, патша үкіметінің меншігіне берілді. Ал 1914 жылы патша әкімшілігі оны әкесінен қалған мұрадай американдықтарға сатып жібереді (42, 169; 9, 16—17).

Отарлаудың нәтижесінде қазақ елін бөлінен басып, Сібірге қарай жол салып, меншіктегі үйіндей жайлағаны қандай табыстың тармағына жатады? Десек те, отарлаудың пайдасын Бірінші Петр жарықтық тек қазақ еліндегі пайдалы қазбаларды талау үшін ғана емес, Азияның “құлпы мен қақпасы” деп болашақтағы маңызын баса айтуы оның данышпандығын, болашақты болжағыштығын көрсетеді. Ал осы асқан маңызы бар елді табанына басып, халқын “бұратана” атап, қамырша илегенінің құнын қандай ақшамен есептеуге болады?! Кейбір ғалымдар орыс әкімшілігі құл саудасын жасамады, жергілікті халықты қырмады, тек қана шикізатын пайдаланды, қазақ елі Ресейдің ішкі қажетіне жарады, — деген пікірді көлденең тартады. Жә, қазақ елі тек қана шикізат қоры болып қоймағанға ұқсайды. Егер біз профессор Фурсовтың “Сибирские чтения” деген еңбегіндегі (1915 ж.) айтылғанға сенсек, қазақ елі отаршылықтың не бір жексұрын түрін басынан кешірді. Қазақ қыздарын, әйелдерін күн емес, жезөкше үйлерінде ұстау үшін арнайы қосын жіберіп, базарларда жап-жас қыздарды байлап-матап сатқаны секілді отаршылықтың не бір сорақы қылықтарына жол берген. Қазақ даласына үзбей жіберіліп отыр-



Қазақтар. XVIII ғ. суреті. 1844 ж. Литография.

ған жазалаушы орыс казактарының жасақтары қазақ даласын өртеп, жүздеген ауылдарды тып-типыл етіп құртып жібергені мұрағат құжаттарында сақталған. Ендеше қазақтың сайын даласы отқа шарпылған Вьетнамның кебін ерте киген, — деп ойын түйіндейді белгілі тарихшы М.Қозыбаев (9, 18).

Әңгімені әрі қарай қозғасак, қазақ жеріндегі патша үкіметінің отаршылдық саясаты ағылшындардан, француздардан бірде-бір кем түскен жоқ. Отаршылықтың аты — отаршылық, бодандықтың аты да заты да бір-біріне сай келеді. Ресейдің қанап-қамауы өз еліне көрші отырған аймақтарға да тиді. Өйткені, барып келуі жеңіл, алып кетуі оңай, май шелпегі ұртында, алтын тәжі басында. Ағылшындар сияқты тұтас бірнеше әскери флотты ұстауды керек қылмады, арнайы қосын ұстау қымбатқа түспеді, өйткені, олардың көлігі, тамағы бодандықты қабылдаған халықтың мойнына жүктелді. Ресейдің отарлау саясаты, әлбетте, арзан, жолы жеңіл, көшпенді халықтарды алдап-арбау тәсілі сатқын, шоқындылары арқылы тез жүзеге асты. Ол ол ма, қазақ даласын қак жарып, өзендердің бойындағы шұрайлы майлы-сайлы жерлеріне бекіністер шебін айнала тоғытты. Патша

өкімшілігінің шенеуніктері кара топырақты шұрайлы жерлерде, балықтары тулаған өлкеде өзін-өзі асырап қана қоймай, тапа тал түсте тонайтын тұрақты жазалаушы қосын ұстады. Ал, сол қазақ бекіністерінен түскен табысты кім есептепті? Ендеше, қазақ даласын отарлау Ресей империясына қымбатқа түспеді, оның байлығы сарқырап ағып, сан саладан патшалық казынаға құйылды. Ол тарихнамада қазір өз бағасын алуда.

Осы арада тағы бір маңызы зор, ұзақ уақыт зерттеушілер ортасында пікір таласына түсіп жүрген мәселе өрбиді. Ол Ресейдің қазақ халқының тағдырына жасаған ықпалын бағалау.

Біз жаңа ғана орыс мемлекеті қазақтың шұрайлы жерін тартып алды, көшпелі өркениеттің түбіріне балта шапты, халықтың бүкіл өмірлік қаракетін өзгертті, оны өз дінінен аластата бастады, мемлекеттігін тойтарды, — деп отаршылдықтың кертартпа жағын көрсеттік. Бұл, сөз жоқ, оның бергі беті. Сол құбылыстың екінші жағында Ресейге қосылудың сан алуан сыры да, қыры да тұрғанын айта кету пәриз.

Біріншіден, қазақ даласы Еуропа мен Азия құрлығын жалғастыратын қақпаның кілті болса, Ресей империясы қазақ елін Батыс Еуропамен байланыстыратын қолайлы көпір болғанын да ескерген жөн. Осыдан халқымыз Еуропаның өркениетімен сусындауға мүмкіншілік алды. Сайын далаға ағартушылар ағылды, одан қалды еуропалық тараптағы жаңашылар өнерінің қазақ арасына сіңуі бұған дәлел.

Екіншіден, орыс шаруалары, қолөнершілері жерімізді шаруашылық жағынан меңгеруге үйретті, егін екті, балық аулады, пайдалы қазбаларды ашты, зиялы қауым балаларын алуан түрлі білімге жетеледі. Қазақ халқы мен орыс халқының, көшпенді мен отырықшының тәжірибе алмасуы өз мәнінде орнықты. Қазақтың “өнерді үйрен де, жирен” дейтін үрдісі жүрді. Қазақ халқының өмірлік қаракетіне орыс халқының шаруашылық жүргізудегі алғы тәсілдері, өнерлері кеңінен бастау алды (ағаштан үй салу, құрылыс ісі, егін салудың жаңалықтары, бекініс орнату, орман егу т.б.).

Үшіншіден, патша үкіметі отарлаған елінің өкілдерінен білікті мамандар даярлау ісін қолға алды. Тіпті, арнайы әскери оқу орындарында (кадет корпустары) қазақтың үстем табынан шыққан балаларын оқытты, орыс — қазақ мектептері ашылды, қазақ қыздарының алғашқы білімпаздары пайда болды. Зиялы қауымның алғашқы легі жергілікті жерде орнықты, олардың ішінен көзі ашық, ой-санасы жоғары білімділер шықты. “Оян, қазақ!” ұраны атой салды. Орыс — қазақ өркениеті, рухани қарым-қатынасы дамыды.

Төртіншіден, Ресей өкімшілігі, империялық әдіспен жоңғарларды қазаққа айдап салып, соғыс өртін түтетсе, енді бодандыққа түскен елді қамқорлыққа алды. Қазақ жасақтарымен башқұрт ұлт-азаттық қозғалысын тежеді, қазақты ортаазиялық “жабайылықтан” тазалады, Қытай жаулаушыларынан сақтады. Әрине, сыртқы саясатындағы қитұрқы әрекеттерін былай қойғанда, империя өз қол астындағы “бұратана” халықтың тағдырына да жауапкершілікпен қарады. Орта жүзден Абылай сұлтан жоңғарға тұтқынға түскен кездегі Ресей дипломатиясы мен Әбілқайыр ханның мәмілегерлік әрекеттері бұған дәлел бола алады.

Бесіншіден, орыс мәдениеті, орыс халқының тұрмыс-тіршілігі қазақтардың өмір сүру қаракетіне екпінді ықпал етті. Көшпенді ел енді жартылай отырықшылыққа көше бастады, жерден нәр алуға машықтанды (бұл, қазақ бұрын егін салмады деген сөз емес), жәрмеңкелерде сауда-саттық ісіне үйренді, олардың ішінен кәсіби саудагерлер шықты, қала жатақтары пайда болды, жұмысшы табының алғашқы топтасуы қалыптаса бастады, орысша киіну және тамақтану салты, үй жиһаздау, мектеп ашу, орман ағаштарын отырғызу көрініс тапты.

Қалай дегенмен де, Қазақстанның Ресейге қосылуының жағымды жағы болмады деу қоғамның даму үрдісіне қайшы пікір. Тарихи құбылмалы бұл үрдістің өзіндік кертартпа, өзіндік жаңашыл ықпалы бары сөзсіз. Ресейге қосылу тек орыс халқымен жақындасу емес, ол сол мемлекетті мекендеген барша халықтармен тағдырлас болу деген сөз. Ендеше, біз тек ұлы өркениетті елмен, оның байырғы халқымен ғана емес, барша Ресей империясының халқымен етене араластық. Олардың жақсы өнерін алдық, жамандығынан жирендік. Сонымен қатар, отаршылық өмір бойы уағыздап, таратып келген маскүнемдікке салыну, жұқпалы ауру, нашакорлық, сатқындық, сырттан ғайбаттау сияқты індеттерге де халқымыз душар болды. Орыс халқынан шыншылдықты, турашылдықты, білімге деген құштарлықты, еңбекке ынталылықты үйрендік. Безбенге тартып, осы жүрістің жақсылығы мен жамандығын өлшеу мүмкіндігін де байқадық (43, 13—26; 44, 97—123; 45, 22—75; 46, 174—346).

Енді, тарихнамада әлденеше айтылып та, жазылып та келе жатқан: “Қазақ жұртының Ресей империясына үш жүз жыл тәуелді болуына бір ғана Әбілқайыр хан кінәлі ме?” деген күрделі сұраққа жауап іздеуге тырысамыз. Ол үшін тағы да тарихнамаға үңілейік.

Кейбір авторлар, Анырақай соғысының одан әрі жалғаспай калуын Әбілқайырдың Болат өлімінен кейін бас хан болып сайланбаған

нына окпелен, орыстармен жең ұшынап жалғасу арқылы бас тақты иемденгісі келгендігінен деп түсіндіреді. Бұл әңгіме де шындықтан құралақан емес, — дейді замананың заңғар жазушысы Ә.Кекілбайұлы (47, 72).

Расында да, Әбілқайырдың үш жүздің, яғни қазақтардың бас ханы болудан дәмеленгенін ешкім жоққа шығара алмас. Оның 1726 жылы күллі қазақ жасақтарының бас қолбасшысы ретінде 1729 жылы Аңырақай шайқасында жоңғарларға қарсы әскерді жеңіске жеткізген бас сардардың ұрыс даласынан кетуін, сөйтіп, Әбілқайырдың Ресеймен жең ұшынан жалғасу саясатын, бірқатар қаламгерлер айтқандай, бір ғана таққа құмарлық құлқыны десек, әбестік болар еді.

Біріншіден, бұндай амалға жан-жағынан қысым көргенде патша ағзамға елші жөнелткен Тәуекел (XVI ғасыр) хан да, тек 1680—1695 жылдар арасында Сібірдегі орыс әкімшілігіне бес рет елші жұмсаған өз-Тәуке де, 1716 жылы Тобольскіге Бекболат Екешев пен Байдәулет Бөриевті аттандырған Қайып хан да жүтінген (48, 92—122). Мәселен, Қазақ КСР-ы тарихының “Қазақстан мен Россияның XVII ғасырдың басындағы өзара қарым-қатынасы” тарауында қазақ жұртының Ұлы ханы, халқының бірлігі мен ынтымағын орнатуда теңдесі жоқ данышпан Тәуке хан 1694 жылы қазан айында Ресей патшасы Бірінші Петрге Тайқоңыр Құлтабай Аталықов деген елшісін жіберіп: одақтас ел болайық, өзара қатынас орнатып, сауданы дамытайық деген ұсынысын қайталаған және Тобыл қаласында ұсталған елшісі Келдей мырзаны қайтару жөнінде хат жолдаған (228, 66—67).

Қиын-қыстау уақытта замана талабымен қазақтарға көршілерімен түсіністікке келу, одақтас мемлекеттер табу күн тәртібіне әлденеше рет көтерілді. Таңдаудың өзі оңай емес-ті.

Одақтас таңдау жолында, әлбетте, қазақ-орыс елдерінің өзара шекара жақындығын естен шығаруға болмас. Оның үстіне XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде патша үкіметі отарлау саясатын батыл жүргізіп, қазақтың солтүстігіндегі түркі тілдес башқұрттар мен Сібір жұртын, бір кезде батысында көшіп-қонып жүрген ноғайларды да толық бағындырып үлгерген еді. Ал орыс казактары мен қалмақтар Ресейдің сенімді одақтасы болғанын да ескеру қажет сияқты. Ал, олар болса қазақтарды бірден-бір өздеріне жау деп санады. Жайық бойындағы орыс казактарының қыр-сырымен етене таныс С.М.Бабжанов, оларды: “Қазақтар жайық-оралдықтарды атам заманнан суық мөнерлері арқылы, жікке бөліп жіберетін тар пейілдеріне қарап және ертеден жер туралы айтысып келе жатқан қылықтарынан өте жақсы ажырата алады... оралдық казак-орыстар күні бүгінге дейін жергілікті

қазақтарды мұқатып, аяқтан шалып, олардың жанына ауыр жарақаттар салу үшін, өздері онсыз да азып-тозып бара жатқан аянышты халдерін ескермей, әрқашан да бірдемені ойлап тауып, қырсықтық үшін айла-шарғы қарастырып әуре-сарсаңға түседі де жүреді”, — деп сипаттаған болатын (50, 39—40; 45, 63). Сондықтан, қазақтардың жайылым жерлеріне көзін сүзіп отырған оларды орыс үкіметі өз саясатының құралы ретінде пайдаланып келген.

Сол кездегі тарихи ахуалды ескерместен, кейбір зерттеушілердің: “Кіші жүз жерлеріне әскери бекіністерді салғызған Әбілқайыр” деп ғайбаттайтыны қай шындыққа жатады? Әлде, Әбілқайырдың 1690 жылдардың ортасында ғана дүниеге келгенін бір қарауға еріне ме? Немесе, сонау Ертіс бойында 1716—1720 жылдардан бастап бекіністер салдырған Әбілқайыр дей ме? Кіші жүздің тағына енді ғана отырып жатқан Әбілқайырдың Орта жүзге ешбір құзыры жүрмейтіні де әдейі ескерілмейтін секілді. Осы арада тағы да Әз-Тәукенің Ресей патшалығына көзқарасы деген ұғымға қайта оралайық. Оның көзқарасын белгілі тарихшы Ж.Омари былай көрсетеді:

- “— Ал, қалың әлеумет, “алыс жол — аттың сыны, ауыр жол — ердің сыны” дегендей, Ресей мен Қазақ Ордасының арасындағы қазіргі жағдай біздер үшін үлкен сын. Олар да қателерін көрмей отырған жоқ, әйтпесе қайта-қайта елші салмас еді. Әйтеуір бір үйлесім, келісімін табамыз деген үміт болар...”

Осы соңғы жеті жылдың ішінде Ресейге арнайы бес елшілік жұмсадық. Одан да басқа араластығымыз, сауда-саттығымыз бар. Осы елшіліктердің ішінде тек біреуі ғана сәтсіз болды, қалғаны дін аман, діттеген жеріне жетіп оралды. “Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без” деген, болған оқиғаға қайырым жасайық. Ресей де тығырыққа тірелген шығар, қорқытып-үркітіп қазақты ала алмасын түсінетін уақыт болды. Басын бәйгеге тігіп, ат тұяғы күйетін шөлдерден өтіп, құс қанаты талатын таулардан өтіп, Ібір-Сібір орманында орыстың тас құрсау, темір жарағынан тайсалмай тіл әкеліп жүрген азаматтарды да бұғалықтай беру дұрыс болмас. “Қорықсаң құның болмайды” демей ме, қорықпайтынымызды көрсеттік, енді дұрыстап сөйлесе алатындығымызды да көрсетейік. Жаңадан елшілік сайлайық, ішіміздегіні айтайық, адам сөйлескенше деген емес пе, тіл табысып қалармыз”, — дейді хан (228, 65—66).

Әз-Тәукенің сондағы мақсаты өз халқына қорғаныш табу еді. Ойткені, хан өз халқының жоңғар қалмақтарына қарсы соғыста орыстан басқа ыңғайлы одақтас таба алмайтынын түсінсе керек. Қазақ

ханы 1680—1695 жылдар арасында Сібірдегі орыс әкімдеріне бес рет арнайы тапсырмамен адамдар жібергенін осының алдында айттық.


Тағы бір дәлел. Америка Құрама Штаттарының Колгейт университетінің профессоры Марта Брилл Олкоттың “Қазақтар” атты зерттеу еңбегінде жазылғандай,

1720 жылдардың өзінде-ақ қазақтар Жайық, Жем өзендерінің бойында көшіп-қону, мал жаю үшін орыс әкімшілігінен рұқсат сұрауға мәжбүр болған (229, 3—37; 78, 47—70).

Міне, көріп отырсыздар, 1730 жылы Әбілқайыр Ресейге “боданың болайын” деген өтініш жіберместен бұрын-ақ қазақ жеріне орыстардың ендеп кіріп алып, үстемдік жүргізгені байқалады. Олай болса, қазақ даласына патша үкіметінің үстемдік етуін тек қана Әбілқайырдан көруіміз тарихты бұрмалаушылық, көріне көзге күйе жағу деп білеміз.

Айырықша айта кететін бір жайт, осыдан азғана бұрын Тәуке ханның патша ағзамға жақындасу қадамын жақтырмаған Әбілқайыр, 1723 жылғы “Ақтабан шұбырындыдан...” кейін бұл амалға енді өзі де жүгінеді. 1726 жылы Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің билері мен ру басылары Қойбағар Көбековті жұмсап, Ресейдің қамқорлығын (протекциясын) сұрауға мәжбүр болды (56, 353—357). Ол кезде Болаттың тірі екендігі және соның шақыруымен өткен Ордабасы құрылтайында Әбілқайырдың бас сардар сайланып, оның құрметіне ақ боз ат шалынып, құрбандық берілгені мәлім (52, 79).

XVIII ғасырдың 30-ны жылдарындағы қазақтардың ішкі саяси ахуалы жөнінде тарихшы М. Қозыбаев: “Аңырақай жеңісінен кейін үш жүздің ханы Болат өлді, таққа кіші жүз ханы Әбілқайыр, Болаттың немере ағасы Сәмеке, Болаттың баласы Әбілмәмбет таласты. Таққа Әбілмәмбет отырды. Соғыс алаңын әуелі Әбілмәмбет, ілешала Сәмеке тастап кетті. Қазақ қосыны шегінді. Орта жүз Шу бойына кетті, Ұлы жүз қалмаққа бағынды. Әбілқайыр орыс шекарасына жылжып, іргесін Орта жүзден аулақ салды, сүйітті де Ресеймен



Жоңғар сарбазы. Суретші Дж. Кэстль.
XVIII ғ. ортасы. Ұлттық мұражай. Тайвань.

“бодандық” жөнінде келіссөз жүргізе бастады” — деп әңгімелейді (9, 75). Сол кездегі деректерге назар аударсақ Аңырақай жеңісінен кейін елбасылары — Әбілқайыр хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет хандар өз ұлыстарына қарай бет алған. Мұндағы басты мақсат батыстан қауіп төндірген орыс казактарынан, башқұрттардан қорғану, сөйтіп, солтүстік-батыстағы ата қонысын сақтап қалу. Осыдан болар, елбасылары — хандар мен билер қазақ мемлекеттілігін сақтауға ұмтылды. Оның тиімді жолдарын әрқайсысы өздерінше іздеді. Соның бір жолы ретінде қазақтың бас ханын сайлау қажеттілігі туды.

Ал, жаңа хан сайлауына келетін болсақ, бұл арада да зерттеушілер пікірі әр ұдай. Мәселен, М.Тынышбаев таңдау Әбілмәмбетке түскен десе, В.А.Моисеев — оған дейін Түркістанды билеп келген Сәмеке бас хан болды дейді (52, 85). Ал, Әбілмәмбет сұлтан, Шақшақ Жәнібек батырдың Оренбург губернаторы В.А.Урусовпен болған сұхбатына қарағанда, 1739 жылы Түркістанда хан сайланып, кейін Орта жүз арасына келіп ақ киізге көтерілген (54, 148). Ендеше, М.Тынышбаевтың 1730 жылы Әбілмәмбет бас хан сайланды дегені шындыққа сәйкес келмейді. Сол сияқты, В.А.Моисеев те өз пікірін айғақтайтын ешқандай дерек келтірмейді. Ал, 1731 жылдың 25 желтоқсанында Сәмекеге ант қағазына қол қойдыруға барып келген Құдайназар мырза мен башқұрт Таймас Шаимов А.И.Тевкелевке Сәмекенің Әбілқайырдың бас хан болмай тұрып, өздерімен ақылдаспастан елші шақыртып ант бергеніне ренжулі екенін, соған қарамастан ант қағазына өзі де қолын қойып, рубасыларына да қолдарын қойдырғанын айтады (54, 93—94). Бұған қарағанда, Сәмеке де бас хан болмаған... 1730 жылы қазақ елшілігін Петербургке бастап апарған башқұрт билері Алдар Есенгелдин, Таймас Шаимов, Қыдрас Моллақаевтардың айтуынша, қазақтардың алты ханы бар, солардың ішіндегі ең күштісі, әрі бас ханы Әбілқайыр. Хандар барлық істе соның айтқанын тыңдайды десе, қазақ елшілері Сейткүл батыр мен Құтлымбет би “Ұлы жүз — Әбілқайырға құлақ асады”, — дейді. Ал, табын Бөкенбай батырдың: “Тәуке өлген соң Әбілқайыр ұлы хан болды, не істеймін десе де өз еркімен істейді, ешкім қолын қакқан жоқ”, — дегеніне сүйенген А.И.Тевкелев Петербургке жолдаған мәлімдемесінде: “басқа хандардың ішіндегі ең қадірлісі”, “Басқа хандар мен сұлтандармен келіспей шешім қабылдай алмағанымен, бірінші орынды Әбілқайыр иемденеді”, — дейді. Әбілқайыр ғұмырнамасын егжей-тегжейлі зерттеп жүрген ғалым И.В.Ерофеева осы мәліметтерге түсіністікпен қарап, Әбілқайырды бас хан деп жазады (2, 157—158; 211, 218—220).

Осы кезеңде, жағдайды жігі бақылап отырған Әбілқайыр данышпан алдымен солтүстік-батысындағы жағдайды реттеуді, ауық-ауық казак шаруашылығын күйзеліске ұшыратып отырған орыс бодандарының әрекеттерін біржолата тигызуды мақсат етті. Оның үстіне шығыс беттен күшейген Қытай империясының жоңғарлармен шиеленісі асқына түсті. Мұндай жағдайда ерте ме, кеш пе қысылғанда көмек алатын одақтас мемлекетті табу күн тәртібіне шықты. Ал, Ресей империясы болса, қазақты қайтсе де алдына келтіру және отарлау мақсатымен бодандарын (қалмақ, башқұрт, орыс-казактарын) оларға айдап салып, жиі қақтығыстыруды көздеді.

Мәселен, Жайық бойындағы орыс казактарымен 1709, 1713, 1714—1716, 1718, 1720 жылдары болған қақтығыстар казактармен ара-қатынасты шиеленістіре түсті. Казактармен күрестің барысында Жайық казактары қалмақпен бірігіп 1722 жылдың қаңтарында 300 адаммен патша үкіметінің әкімшілігі тұрған Шағын бекетіне шабуыл жасап, 70 адамын тұтқынға алған. Сол жылдың ақпан айында Жайық қалашығы түбінен казактардың жылқы табындарын айдап әкетеді. Бұл аз болғандай, қалашықта өрт болып, бүкіл астық қоры жанып кеткен, оны олар казактарға жаба салды. Осындай себептермен Жайық бойындағы орыс казактары Ұлы Петрдің 1722 жылғы Парсы жорығына қатыса алмаған. 1723—1724 жылдары Жайық қалашығын Әбілқайыр ханның қолбасшылығымен Есет, Бөкенбай, Бақтыбай батыр жасақтары қоршауға алып, Еділ — Жайық аралығында әскери күштерінің басымдылығын танытқан. Қарақалпақтармен біріккен казактар Уфа, Самара, Шағын өзендерінің бойында орыс казактары мен қалмақтың біріккен қолын талқандады. Казактардың И.Тимофеев, И.Логинов, Н.Бородин бастаған атамандары үш шайқаста 170 адамынан айырылған. Ал қолға түскен тұтқындарын, олар тек 1725 жылдың сәуірінде ғана ауыстыруға мүмкіндік алды. Қазақ жасақтары Еділ — Жайық бойындағы қалашықтарды жою арқылы орыс казактарының империялық ашқарақтығын тежеді, отарлаушылықтың зардабын азайтты, — дейді Қазақстан тарихшысы М.Ж.Әбдіров (58, 46—48).

Жасыратыны жоқ, Жайық бойынан тұрғызылған орыс казактарының әрбір бекінісі келешекте патша үкіметінің саясатын жүргізетін негізгі тірегіне айналды. Шағын елді-мекендерді (жатақтарды) салудан бастаған, балық аулау мен егін шаруашылығын дамыту ұранын жамылған, кейін оларды қорғау мақсатында салынған ірі әскери қамалдар бой түзеді. Бастапқыда, Әбілқайыр жасақтары Жайық бойындағы орыс казактарын тойғара алмасын сезіп, қалмақпен бірлесуге

келіссөз жүргізді. Сондықтан, бұл кезде орыс казактары айтарлықтай басымдыққа ие бола алған жоқ.

Сайып келгенде, XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде казакқа қауін Жоңғар хандығы тарапынан ғана емес, сонымен бірге олармен одақтасуға ұмтылған Еділ — Жайық қалмақтарынан да күшейген-ді. Олардың 1723—1724 жылдардағы саяси қимылдары мен қитұрқы әрекеттері тарихшы И.В. Ерофееваның жоғарыда аталған еңбектерінде толық сарапталған. Автор: “жоңғар — қалмақтардың әскери-саяси мәселелері бағытындағы келіссөздердегі қаралған бірден-бір негізгі мәселесі Қазақстанның солтүстік батыс және оңтүстік шекарасына бір мезгілде шабуылдау жоспарланған-ды. 1723 жылы күз басында Еділ қалмақтарына Сыбан Рабдан қонтайшыдан келген елші казактарға қарсы бірлесе әскери қимылға көшуді ұсынған. Мұны жағымды қабылдаған қалмақ Аюке хан патша үкіметінен казак жеріне жорыққа аттану үшін Астрахан, Саратов, не Қазаннан тұрақты әскери күш сұраған”, — деуі біраз нәрсенің бетін ашып бергендей (2, 129—130; 211, 168—169; 45, 37). Ресейдің осы тұстағы саяси ахуалын зерттеушілер, патша үкіметі “Аюкенің Жоңғар және казак хандықтары арасындағы соғысқа кірісуін жөн көрмеді”, — деген байлам ұстанады (52, 85; 2, 129—130; 45, 64). Ал қайсыбір зерттеушілердің пайымдауынша, Ресей империясы Жоңғар хандығының ерекше күшейгенін іштей қаламаса керек (45, 65). Қалай дегенмен де, 1723 жылдың көктемінде жоңғар әскерінің казак даласын қан сасытып бейбіт отырған халықты қырып-жойып, батыс өлкедегі — Кіші жүздің жеріне жетуі, сөйтіп, түпкі ойы Ресей боданындағы қалмақтармен бірігу дегенді жокка шығаруға болмас. Мұндай жағдайды алдын-ала ойластырып, жоңғар мен қалмақты біріктірмеу үшін, Ресей үстемдігі Азияда әлі толық көрінбеген кезеңде, казактардың жоңғар-қалмақ қолынан талқандалуы империя саясатына сәйкес келмеген тәрізді. Осыдан аз уақыт өткенде, 1723 жылдың 12-ші желтоқсанында патша үкіметі қалмақ ханы Аюкеге біріккен казак-қарақалпақ күштерін орыс шекарасына жеткізбей тоқтату үшін шекара әкімшілігіне көмектесу туралы жарлық берген. Онда “Қазақтар мен қарақалпақтар 40000 адаммен біздің мәртебелі императорға қарайтын қалалар және саған (Аюкеге — А.Қ.) бағынатын жерлерге келе жатыр, біздің боданымыз саған оларға кедергі жасау, біздің қала, уездерді талқандауға жол бермеу тапсырылады” делініпті (52, 84—85; 2, 132). Осы мақсатқа пайдалану үшін үкімет казактарға қарсы Саратовтан 1724 жылы 2 рота атты әскер, 200 орыс казактарын жіберіп, қалмақ билеушісі Доржы Назаровтың ұлы Лобжыға жарылғын

зеңбіректер берген (2, 131—135). Бұған қоса қалмақтар Еділ — Жайық аралығындағы көші-қон жерлерін сақтап қалуға патша ағзамнан рұқсат алады. “XVIII ғасырдың орта шенінде Жайық өзені қазақтар мен қалмақтардың табиғи шекарасы болып қалды”, деген орыс әкімшілігінің өкілі П.И.Рычковтың пікірі сол тұстағы қалыптасқан жағдайды байқатады (59, 17; 44, 60).

Міне осылай, Ресейдің орыс-казактары, империяның бодандары — Еділ қалмақтары мен башқұрттар қазақтардың жоңғарлармен жан берісіп, жан алысқан сұрапыл соғысын пайдаланып, әрі іргелі патша үкіметіне арқа сүйеп, Қазақстанның батыс аймағына, яғни Әбілқайыр хандық құрған жұртқа қанды тырнағын батырып, әлсін-әлсін өршелене ұмтылып тұрды.

Сөз орайында, Маңғыстау түбегі үшін түрікмендер мен қазақтардың үш жүз жылға созылған текетіресі де айтуға тұрарлық. Егер Батыс Қазақстан аймағының оңтүстік аудандарын араласаңыз, екі төбенің бірі түркімен сарбаздарының қорымы болып шығады. Бұл — батыс аймақтың да атақоныс үшін арпалысып өткенін бұлтартпай дәлелдейтін жәдігерліктер. Мұны аз десеңіз, қазақ даласына Хиуа, Бұхар хандықтарының үздіксіз жасаған барымталарын еске алайық. Осы арада: “Қашан қазақ жұрты әлсіреп, қашан талғамай жұтар екенбіз”, — деп өңменіннен өтетін көзін сүзіп отырған Иран шахы Нәдірді неге айтпасақ?

Бұлардан да қауіптісі арқа тұсында әзірленіп жатқан болатын. Ресей әкімшілігі “қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресінің” керімен қазақтың сайын даласында батысынан шығысына дейінгі аралықта әскери бекіністерін қаз-қатар тұрғызып жатыр еді. Бұны шетел тарихшылары да атап өтеді. “Қазақ жерінің ең шұрайлы, нұлы, сулы, ағын апар аңы, сүзін жер балығы көп жерлеріне қазақтар мен



Еділ қалмағы. 1705 ж.
Литография.

орыс мұжықтары келіп орналасты. Қазақтар болса шолді, шөлейтті далаларға ығыстырылды” — дейді америкалық ғалымы Джордж Демко (78, 32—33). Енді патша шенеуніктерінің “берсең — қолыңнан, бермесең — жолыңнан” деуі ғана қалған еді. Жан-жақтан қамаған жаумен жағаласып, қанжоса боп жатқан қазақ даласына қарай жалдамалы орыс казактарына: “Ал бастаңдар?” десе, дайын тұрмасына кім кепіл? Ресей әскерінің оқ боранын туғызатын мылтығы мен күндей күркіреген зеңбірегіне жоңғарлардан қансыраған жаяу-жалпы қазақ жауынгерлері қайтіп қарсы тұра алсын. Тағы бір “Ақтабан шұбырынды” кезіне тап болмасына кім кепіл?! — дейді жазушы М.Есламғалиұлы (51, 116).

Осындайда, мынадай бір ойды ортаға салайық, сарапшысы өзін бол оқырман.

Ресей императоры Бірінші Петрдің алға қойған басты мақсаты, карамағындағы халқтың санын көбейтіп, патшалықтың аумағын кеңейту көрегендігін бүгінде Ресей тарихшылары ауыз толтыра мақтанышпен айтып жүр. Осы бағытта орыс халқының Ұлы патшасының айтулы жорықтарға шыққаны баршамызға аян. Және осы жолда ол ештеңеден тартынбады. Керек десеніз, алға қойған мақсатына қарсы шыққан орыс халқын да аяған жоқ.

Анна Иоановна патша да Ұлы Петрдің осы жүрісін жалғастырушыларының бірі. Қазақ жұрты әбден әлсіреген шақта, ерте ме, кеш пе әйтеуір Ресей империясының жандайшаптары тап беретіні ақиқат еді. Осыны сезген ру басы ақсақалдар, батыр мен билер, Әбілқайыр сынды данышпан бір үлкен елмен одақ құрып, арқа сүйеуді мақсат етті. Ол кім болмақ? Қытай ма? Ресей ме? Әлде, тіпті жоңғарлардың өзімен пәтуға келу керек пе?...

Хан мен би, батыр бабаларымыз дал болып, басы қатқан тұсы — осы бір қиын-қыстау замананың кезі еді. Бір ғана түсінікті жайт — “айнала қаптаған жаудан бір ғана қазақ болып аман қалуға екіталай күн туған-ды”. Сондықтан данагөй бабалар бір елге ұлын аманатқа беріп, екінші бір күштіге татулық сауда-саттық қатынасын ұсынып, күн құрғатпай елші жөнелтіп жатты...

Жасыратыны жоқ, Қазақ халқы Әбілқайыр ханның бастауымен Ресейге қосылуда күрделі де, ұзақ жолды бастан кешті. Ел билеуші топтың өзі осы жүрісте екіге бөлінді, олардың қалың тобы Ресей патшалығына қосылуға қарсылық білдірді. Халық әуелі қамқорлықты (протекторатты) мойындаудан бастауды жөн көрді. Күштінің айтқаны келді, империя жандайшаптары сыналап ішке енді, қамалдар

салынды, сауда-саттық жүргізілді, балық аулауға және егіншілікпен айналысуға қара шекпенділер жаяу-жалпы ағылды. Башқұрттар мен татарлар, Жоңғар мен Қытай арасында мәмілегерлік (дипломатиялық) қатынастар жүргізілді. Сайып келгенде, орыс-қазақ қарым-қатынасы мемлекеттік дәрежеге көтерілді.

Қазақтардың Ресейге қосылғанын алғашқылардың бірі болып зерттеген тарихшы А.П.Чулошников: “Әбілқайырдың Ресейге бодан болу туралы келісімге қол қоюы бұл істің басы ғана емес, қарапайым маңызы жоқ, көп келісімнің бірі ғана” десе (72, 9—105), ғұлама ғалым В.В.Бартольд “Орыстарға бодандығын ұсына отырып, ол (Әбілқайыр — А.Қ.) жеке басының мақсатын көздеді, орыстардың көмегімен өз билігін күшейтіп алмақшы болды, тіптен бүкіл қазақ халқын басқарудан да дәмесі болды”, — деген пікірге жүгінеді (60, 16—92).

Кешегі Кеңес заманының бірқатар тарихшылары Әбілқайыр мен қазақтың бір топ ақсүйектері Ресейге қосылуда тек өз пайдасын көздеді, яки жеке басының билігін арттыруды, еңбекші бұқараны қанауды мұрат тұтты деген сынаржақ пікірді жақтады.

Бертінрек келе, кеңестік ғалымдар Әбілқайырдың бұқара халыққа жаулық ниетін жазуды шектеді де, енді қазақтардың Ресейге қосылуының “прогрестік жағын” көбірек ауызға ала бастады (44, 97—123; 43, 13—43). Мәселен, қазіргі Қазақстан ғалымдарының бірі Ж. Жақсығалиев американдық тарихшы Р.Хингли пікіріне қосылып, кеңес тарихнамасына тән екі нәрсені атап өтеді: біріншісі, мемлекеттік және партиялық қатаң бақылау болса; екіншісі, күллі кемшіліктер мен қателіктерді бүркемелеп, ал жеңістерін шексіз дабырайтып көрсетуге тырысатын дөрекілік дейді. Ақыр соңында тарихшылар Әбілқайыр хан қазақ халқының мүддесін көрегендікпен біліп қана қойған жоқ, ол қиядағыны болжай білетін дана саясаткер, алаштың игілігі мен мүддесінің қамқоршысы ретінде саналы түрде ісқимыл жасады деген тұжырымға келді. Нәтижесінде, Кеңес тарихшыларының көбі Әбілқайырды қазақтарды жоңғардың қанды шеңгелінен құтқарудың жалғыз жолы — Ресеймен қосылу екендігін көптен бұрын түсінген дана тұлға ретінде бағалады (66, 13).

Ал, академик Ю.Ф.Готьеңнің пікірінше, екі ұлы империяның — Ресей мен Қытай арасында қалған қазақтар орда ішіндегі өзара қактығыстар кесірінен бұл елдерден қорғануға қабілетсіз болып шыққан. Оның пайымдауынша, “жаратылыстың даму жолы оларды бір жақты таңдауға мәжбүр етекен” (67, 717). Бұл туралы профессор М.П.Вяткин де өз пікірін білдірген еді. Оның айтуынша, “Әбілқайырды пат-

ша үкіметінен қорғаныш іздеуге” елдегі қалыптасқан саяси жағдай мәжбүр еткен (68, 3).

Бұрынғы КСРО-ның белгілі тарихшысы Н.Г.Аполлова “Қазақ хандары XVIII ғасырдың басынан сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Тәукеден бастап Әбілқайырға дейін Ресеймен бейбіт қарым-қатынасты нығайту үшін қам жасады” дей отыра, “көпшіліктің Ресей бодандығына қарсы шығуы, жасаған келісім-шартқа наразы болуының бірден-бір себебі, хан бұл мәселені шешуде өз билігін тым жоғары сілтеп жіберген. Ханның бұл қадамын старшина мен билер ата-бабаларынан келе жатқан әдет-ғұрыптарды бұзғандық деп түсініп, өздерінің хандықтағы саяси биліктерін аяққа таптады деп түсінді”, — деген тұжырым жасады (69, 192).

Мұндай қорытындымен келіспеген тарихшы В.Ф.Шахматов: “Ресейге бодандыққа қарсы болған көпшіліктің ойы тереңде. Қазақ хандары, сұлтандары, билері үш топқа бөлінген. Бір тобы Ресейге қарай тартса, екінші тобы Хиуа хандығына қосылғысы келді, ал үшіншісі Жонғар мемлекетіне қосылуды жөн санаған”, — деген пікірін ұсынады. Сөйтіп, Әбілқайыр ханның сыртқы саясаттағы қаракеттерін үш топтың ауызбіршілігі болмағанынан көреді (66, 13).

Кеңес үкіметі тұсындағы қазақтың қайсыбір тарихшылары қазақ елінің Ресейге бағыныштылығын ағаның ініге жасаған қамқорлығына балап, “Ресей патшасы Анна Иоановнаның құжаттарында (подданство) бодан болу деген термин қолданылған. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде бұл сөздің мағынасы қазіргідегіден әлдеқайда бөлек. Ол кезде “подданство” деген сөзді “қамқорлық” деп түсінген, яғни бұл сөзді өзіне қаратып алу немесе отарлау деп түсінбеу керек, — деп жазулары Ресейдің ұлы тарихшысы В.В.Бартольдпен үндестікке жетелейді (13, 245).

Бұл арада алдымен “бодан” сөзінің мән-мағынасын айқындап алайық. Ежелгі күлтегін, тоғыз-оғыз халқының дастандарында “Бод”, “Бодун” деген сөздер ұшырасады. “Бод” әуелде көне түркілердің ұғымында “ру”, “тайпа” дегенді білдірген. Кейін “Бод”-қа “ун” көптік жалғауы жалғанып, “туыстас”, “рулас” деген мағынаны береді де, бізге “бодан” деген сөз боп жеткен. Әу бастан-ақ “бодан” — рулас, көзқарасы мен тілек-мұраты бір туыс халық дегенге меңзейді екен.

Ал бергін келе “подданствоның” да, “боданның” да саяси мағынасы түбірімен өзгеріске ұшырап, “тәуелділік”, “бағыныштылық” дегенге айналған.

Сонымен, Әбілқайыр да, басқа хандарымыз да “бодан” болу дегеннің мағынасын түсінбей, көзжұмбаилық жасады десек, — кателескендік болар еді (71, 15).

Сондықтан шығар, “бодандық” сөзі сол кездегі қалыптасқан ұғым бойынша кез келген екі елдің арасындағы одақтастық шартта әлсіздеуі күшті мемлекеттің сюзеренитетін (билігін) мойындауға тиіс деп саналған. Бодандықты нақтылы “бағыныштылық” деп есептемеген. Мысалы, академик В.В.Бартольдтің пайымдауынша, “қырғыздардың (қазақтардың) “бодан” деген аты ғана болған” (60, 107).

Сонымен, XVIII—XX ғасырлардағы тарихнамада түзілген мәлімдемелерді зерделегенде Әбілқайыр хан жөнінде көптеген пікірлер айтылғандығы байқалады. Бірақ та, бір ерекше назар аударатын нәрсе, империяның зерттеуші жанашырлары отаршылықтың небір кигүрқы әрекеттерін білсе де білмегенсіп көлегейлеп, Әбілқайыр саясатын түзу жолдан бұрмалап, оған басқа сипат беруі неліктен деген сұрақ туады? Патша ағзамның ауқымды, кең көлемде жүргізген отарлау саясаты қайткен күнде де қазақ жерін басып алмай тынбайтыны бұркемеленіп келді. Ал керісінше, Қазақстан тарихнамасында қазақтар үшін жоңғар шапқыншылығынан аман қалудың, сөйтіп жер бетінен тұтастай жойылып кетпедудің бірден-бір жолы қазақ елінің Ресейге қосылуы деген пікір басым.

Осыдан барып, қиын да, күрделі істің басында тұрған Кіші жүз ханы Әбілқайыр тұлғасын сомдауда алып-қашпа, ғылыми жағынан дәлелін таппаған, негізсіз болжамдар айтылып келді. Кейбір қаламгерлер сол заманның ащы шындығымен санаспастан қазіргі таң тұрғысынан тым саясатшылданған, ат-үсті ұлтшылдық тұрғысынан баға беруі абызды тарихтың тасасында ұстауға дейін барды. Мұндай жағдай тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы басылымдарға тән еді. Бертiнiрeк кeлe, Әбiлқайыртану шынтуайтты көзқарастармен қайта қарала бастады. “Кіші жүздің Ресей “қамқорлығын” алуының дұрыстық негізін теріске шығармасақ та, Әбілқайырдың Ресей әкімшілігіне сүйеніп, өзінің саяси қарсыластарының жігерін әлсіретуге, жеке билік үшін күресте өзінің мүмкіндігін бақталастарынан асырып түсіруге үміт артқан пайдакүнәмдік мүддесін назардан тыс қалдырмаған жөн”, — деген тарихшылардың сыңаржақ пікіріне (80, 188), академик М.Қозыбаев “Әбілқайыр хан сол бір тарихи кезеңнің күрделілігін сөз жоқ сезді. Оның мемлекет қайраткері ретіндегі ұлылығы да біздің көзқарасымызша, Қазақстанның империя құрамына кіретінін күні бұрын көре білуінде”, деп сыр сандықтың кілтін айқара ашады (9, 76—84).

Енді осы айтылғандардың бәрін талдай келіп, Әбілқайырдың Ресейге жолдаған құжаттарына сөз берейік. Әңгімені әріден бастасак, Ұлы Петрдің сонау 1722 жылы уағыздап кеткен өсиеті — қазақтарға қайткен күнде де бір бет қағазға түскен сөз жүзінде болса да империя үстемдігін мойындату, сол арқылы болашақта қазақ даласының үстімен Орталық Азияға, Бадақшан мен Үндістанға кіру жоспарын ойластыру еді.

Осының алдында, 1716—1719 жылдарда Қайып хан, Әбілқайыр және Кіші жүздің ру басылары өздерінің орыстармен бейбіт қарым-қатынаста болғысы келетінін айтып, Ресейге бірнеше рет елші жіберді, жоңғарларға қарсы күресте бір одақ болуды ұсынды. Бұл бодан болу жөніндегі өтініш емес-ті. Жарықтық, Ұлы Петр 1718 жылдың басында қазақтарға Борис Брянецев басқарған елшілігін жібергенмен, оның қазақ көсемдерімен жүргізген келіссөздері нәтижесіз аяқталды. Қазақстанға байланысты мәлімдемелердің бірінде Брянецев қазақтардың Ресеймен одақ құруға пәлендей ынтасы жоқ дегенді айтып, саяси қатынастың жалғасуына мүдделілік танытпады. Осыдан Бірінші Петр ағзам қазақтарға байланысты ешқандай шешім қабылдаған жоқ.

Қазақстандық тарихшы В.Я.Басин: “Брянецевпен өзара әңгімесінде Әбілқайыр жоңғарлармен күреске баса назар аударды, өйткені, қазақтардың ең басты жауы жоңғарлар еді, қазақ халқына деген басты қауіп-қатер де солардың тарапынан төніп тұрды”, — деп жазды (48, 92—122). Бұл — түймедейді түйедей етіп көрсету деген сөз. В.Я.Басин сілтеме жасаған Б.Брянецевтің жазбасында айтылғандай, Әбілқайырдың Ресей патшасымен соғыс одағын құру жөнінде ұсыныс жасағаны ақиқат, ал бірақ жоңғарларды басты жауы санап, олардан басты қауіп-қатердің төніп тұрғаны жөнінде елшіге ләм-мим деп ауыз ашпаған (56, 279—284). Әбілқайыр айтыпты-мыс деген сөзді тарихшы В.Басиннің қыстырып жіберуі ғалымның аңғалдығынан болуы мүмкін. Немесе, сонау 1710 жылдардың өзінде-ақ жоңғарды басты жауына санаған Әбілқайырдың көрегендігін айтпақшы болған. Сөйтп, қазақтар үшін негізгі қауіп-қатер тек Жоңғар хандығы тарапынан деген сыңаржақ пікірді қалыптастырды.

Енді бірер сөз Әбілқайырдың патша үкіметінен қамқорлық сұрауы төңірегінде болмақ.

“Ақтабан шұбырынды ...” заманында Кіші жүз халқы Ресей шекарасы мен Арал теңізіне қарай ауысканы алдыңғы тарауларда айтылды. 1726 жылдың басында қарақалпақ жерінде көшіп-қонған

Әбілқайырға патша әкімшілігінің өкілі, молла Максұт Юнусов келеді (82, 9). Осы арада молла оған жоңғарларға қарсы соғыста орыстардан көмек аласың деген желеумен “Ақ патшаның” қол астына кіруге ақыл берген секілді. 1723 жылғы жоңғарлардың екпінінен сескенді ме, әлде өзінің ақыл-ойы осылай деді ме, әйтеуір 1726 жылы Әбілқайыр Кіші жүздің игі жақсыларының атынан Петербургке елші қылып Қойбағар Көбековті аттандырады (69, 192—195). Хатта тұтқында жүрген қазақтарды босатуды, өздерінің Ресей империясының қамқорлығында (протекция) болғысы келетінін, әрі Жайықтың арғы бетіне еркін өтіп, көшіп-қонып жүруге өтініш білдірген (56, 353—357). Жоңғарлармен екі арадағы жағдайды шиеленістіріп жіберуден қаймыққан Ресейдің Сыртқы істер Алқасы Әбілқайырдың бұл тілегін аяқсыз қалдырды. Осыдан кейін патша үкіметімен арадағы байланыс бірсыпыра уақыт үзіліп қалған еді.

Ханның екінші рет осындай өтінішпен Ресей империясына шығуына мына жағдай себеп болғанға ұқсайды. 1730 жылдың маусымында Әбілқайырдың бұрыннан танысы, башқұрттың атақты рубасы Алдар Есенгелдиннің Ырғыз өзені бойында Кіші жүз ханымен кездесуі. Ол Әбілқайыр ханның жеке қабылдауында болып, бірнеше рет пікір алысады. Патша үкіметінің алдындағы қызметі кейін ерекше бағаланған Алдардың да арманы империя үстемдігін мойындату арқылы қазақтар мен башқұрттар арасында достық қарым-қатынасты орнату еді.

Оқиғаға қатысты үш жақтың да діттеген мүдделері бір жерден шығып, сол, 1730 жылдың жазының аяғында ойластырылған жоспардың мазмұны қағаз бетіне түсіп, Ресей астанасына елші жөнелтіледі (81, 41).

Енді, Әбілқайыр ханның 1730 жылғы жазған хатының мазмұнына зер салар кез келді. Хатта Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының башқұрттармен бейбіт қарым-қатынастарына байланысты сөз қозғалды. Қазір жағдай қанша өзгерді дегенмен, Әбілқайырдың 1730 жылғы 8 қыркүйектегі хатының түпнұсқасы әлі ғылыми орталыққа енбей отырғанын айтпасқа болмайды. Ертеректегіні айтпағанның өзінде, соңғы жылдардағы кейбір зерттеулерде сол баяғы немесе кеңес заманында аз жаңғыртылған аудармаларға арқа сүйеу басым. Хаттың түпнұсқасының мәтіні бастапқы аударылыммен қолданылып келеді десе де болғандай. Әбілқайырдың хаты араб әріптерімен башқұрт тілінде жазылғаны баршамаызға белгілі (81, 43).

Хаттың түпнұсқадағы мәтіні 1960 жылы орыс тілінде жарық көрді, кейін осы аударма қайталанып басылып келді. Құжаттарды құрастырушы М.Г.Масевичтің кіріспе мақаласында айтылатыны, Әбілқайырдың хатын аударған Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері Р.М.Пейгумбари көрінеді (83, 9).

Ғалымдар айналымында жүрген осы аударманы Әбілқайыр хатының түпнұсқа мәтінімен салыстырып көрсек, қате аударылған, аударылмай қалған немесе мазмұны өзгерген және қосып жіберілген сөздер тізбегі шыға келеді, — дейді ғалым А.Исин (81, 41—44).

Мысалы, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың алдына барған Алдардың “елші тілегені” деген сөздері “требовал посланника” деп мазмұны өзгертіліп аударылған. Ал, “Орал ештегі башқұрт халайықы” деген тіркестегі “естек” сөзі мүлде ұғылмай, “башкирский народ, который находится за Уралом” деп бұрмаланған. Бір қызығы, жазба құжаттарда орыс тілінде сирек кездесетін тарихи ұғым “қырық сан қазақ” атауы “многочисленный казахский народ” деген сөздермен ауыстырылады.

“Қате аударылған, өзгертілген немесе аударылмаған сөздерден тыс ресми аударма салқынын тигізген, хаттың өзінде жоқ, белгілі саяси мақсат үшін қосып жіберген сөздерді де табуға да болады”, — дейді әлгі зерттеуші (81, 42).

Әбілқайыр хан, естек (башқұрт — А.Қ.) Алдарбайдың қолқа салуын қанағаттандырып: “ол Алдарбай Сіз ұлуғ пашаның хазыретіге елші тілегені үшін” “біз ...барша рағайат қарашаларым бірле баш салдым” деп қысқа жазылса, аудармада “преклоняемся перед Вами” дегеннен соң: “являемся Вашими слугами и все вместе с простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи ...” деген мәтінде жоқ жалбарыныш сөздерді қосып жіберген. Тоқ етері, хаттың мазмұнындағы сөздер көп өзгеріске ұшыраған, сондықтан оның түпнұсқасын осы арада келтіре кетуді мақұл көрдік.

Хаттың мәтіні башқұрт тілінде:

“Ұлуғларың аууа марһаматы биік, дәулеті артық, йер йүзіне билеген ақна ұлуғ паша хазыретлерің хұзырына бенделік етеміз. Күнден күн, айдан айға, йылдан йылға дәулет сәлемет зияда олар анша тасығай.

Біз ғарызбандо хазыретіңізге бұ дәрге. Сіз ұлуғ хазыретің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада еллігіміз йоқ ерді.

Емді ол — хал, Сіз дәулеті ұлұғ падиша хазыретіне саясыда пананһ олып, сатиг мунқаз олмақ үчін тоғай йолы Орал ештегі бендеңіз Алдарбайға елші қосып йібердім. Ол Алдарбай Сіз ұлұғ падишаның хазіретіге елші тілегені үчін біз, Әбілқайыр хан, қырық сан қазақ Орта йүз, Кіуі йүз барша рағайат қарашаларым бірле баш салдым.

Йарлық: Сізнің — дүр ол құлларыңыз Орал ештегі бірле ел қылып ірішуі/іңні тілейміз. Сізнің йарлығыңыз бірле ел болғаймыз.

Сейітқұл йіберген елші баш Құтлымет йолдашлары бірле” (81, 43).

Кейбір араб, парсы, татар тіліндегі сөздердің мазмұнының түсініксіздігін ескеріп, қазақша кейбір сөздердің ұғымын берейік. Мәселен, “марһамат” (араб, парсы сөзі) — қазақ тілінде “мейірім” деген мағынаны береді, ал “зияла” (арабша) — “көбею”, “өсу”, “молаю” ұғымын білдіреді. Арабша “сатиг мунқаз” деген сөздер — қазақшаға аударғанда “ықтану, тыныштық” немесе еуропалық “протекторат” ұғымымен үндес.

“Қырық сан қазақ” деген сөздердің мағынасы “төрт жүз мың қазақ” немесе “қырық рулы ел” дегенді білдірсе керек. Хаттың түпнұсқасындағы “рағайат” сөзі араб тілінен аударғанда “қарамағындағы”, яки “қол астындағы” деген сөздерге балама. “Ірішу” деген сөз түрікше, татарша — “жету” деген ұғымды береді.

Әбілқайыр ханның 1730 жылғы 8 қыркүйектегі жазған хатының орыс тіліндегі ресми аудармасы құжаттарда былай көрсетілген:

8 сентября 1730 г.

Послание в Петербург ее Величеству!

Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее Величеству Государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему состоит в том, что с поданным Вам башкирском народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему Величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему Величеству, и поэтому мы, Абулхаир хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все

преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе с простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул главный посланник, Кутлумбет с товарищами” (83, 9). Осы арада, хаттың түпнұсқасында жоқ немесе мәтіні өзгертілген сөздер бөлектелініп жазылғанын ескертеміз.

Сонымен, Әбілқайырдың Ресей патшасы Анна Иоановнаға жолдаған хатының мазмұны жөніндегі пікір таласын ескеріп, бұл сұрақтың жауабын мұрағаттарда сақталған ханның жазба мәліметтерінен және ғалымдардың осы хатқа көзқарасынан іздеп көрейік. Аудармадағы әртүрлі мәтіндерді салыстыра отырып, мынадай қортынды жасауға болады.

Әбілқайыр хан Ресей мемлекетінің қамқорлығын сұрай отырып, қазақтар мен башқұрттар арасындағы қарым-қатынасты патша ағзамның құзырымен бейбітшілік жолына бейімдеуді көздеген. Өйткені, башқұрттар Ресей қарамағындағы ел екенін хан түсінген. Ал хат ел билеушілердің дәстүрімен қазақтар “баш салады” яғни бас иеді, “Ұлуғ паша хазыретінен” өздеріне “панаһ” іздейді деген қыстырма сөздерді қосып жазған. Шын мәнінде, Әбілқайырдың хатында башқұрт тіліндегі сөздер ұстамды, ал белгілі бір тұстарда тіпті асқақ көрінеді. Кішіреюі де, өзге мемлекет иесімен өзін тең ұстауы да, құрмет көрсетуі, сыпайы сөз саптауы, мүдделі ісі де үйлесімді, салмақты ұғыммен жеткізілген. Бұл хатта артық жалбарыну, Ресей патшалығына ашық мойынсұну, құлдық ету деген байқалмайды.

Тарихшы Н.Г.Аполлованың айтуынша, Әбілқайыр хан бұндай қадамға: “елдің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және хан үкіметін нығайту үшін барған” (69, 147). Басқа бір деректерге жүгінсек, бұл шешімді Әбілқайыр өте қиын халықаралық жағдайда қабылдағаны айтылады (82, 10—11).

Мұнда тағы бір көңіл аударатын нәрсе, Әбілқайыр ханның Орта жүз атынан да ұсыныс жасауы. Шынтуайтында, оның бас хандығын 1737 жылға дейін Орта жүз ханы Сәмекенің (Шах Мұхаммед) мойындағаны дереккөздерден байқалады (69, 140). Бірақ, кейін Сәмеке орнына хан сайланған Әбілмәмбет және Орта жүздің Абылай сұлтаны Әбілқайырды аға хан деп танымады.

Қалай десек те, Әбілқайырдың Ресеймен дипломатиялық келіс-сөздерінде өз басының тіршілігінен гөрі халқының қамын жоғары қойғаны, өз басын құлдық қамығына өзі тықпағаны ғылыми деректермен айғақталады. Мәселен, М.О.Әуезов, Е.Б.Бекмаханов, А.Н.Бернштам, М.П.Вяткин т.б. беделді ғалымдардың авторлығымен жарық көрген “Қазақ ССР тарихында”: “Әбілқайыр өз басының қамы үшін қандай ой ойласа да, оның бодандық туралы пікірі жаңа саяси міндеттерді шешуге, яғни сыртқы жаумен күресу және хан билігін нығайтуға бағытталған”, — деп тұжырымдалады (84, 176). Белгілі саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері І.Омаров пен атақты кеңес тарихшысы А.М. Панкратованың редакциялауымен шыққан бұл тарихнамада Әбілқайырға берілген баға орынды.

Шын мәнісінде, жоңғар шабуылының қаупі жойылмай тұрып, Ресеймен жауласу-халық мүддесіне қарсы саясат болатын, ал қауіптің алдын алу — Әбілқайырдың тарапынан нағыз мәлімгерлік шеберлік деу дұрыс.

Осы орайда тағы бір дерекке жүгінейік. Қазақтың сайын дала-сындағы жоңғарлар басқыншылығынан кейінгі қалыптасқан жағдайды Ресей үкіметінің Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И.Крафт былай баяндайды: “Соғыстан күйзелген әрі жаудың жаңа шабуылынан қауіптенген Орта және Кіші орда қырғыздары (қазақтары — А.Қ.) жан-жаққа көшіп кетті. Орынында қалған Үлкен орданы ұзамай жоңғарлар қайта басып алды. Орта орда Ор өзенінен Ойға дейінгі аралықта, ал Кіші орда Еділ қалмақтарын ығыстырып, Жем мен Жайық арасында көшіп-қонып жүрді.

Алайда, қырғыздар жаңа жерде, әсіресе Кіші орда өзін қауіпсіз сезінбеді. Жерінен айырылған қалмақтар тыныш жатпады, екінші жағынан жартылай жабайы ордамен жақын көршілес орыс казактары да жай жатпай, олардың жыртқыштық жортуылдары үшін жазасын тартқызып отырды.

Мұндай халдегі қырғыздар лажсыз жағдайда қалды. Алға қарай, Ресей шегіне аяқ басу — ессіздік болар еді, артқа оралу — жоңғарлар қолынан ажал табу.

Тек қана Ресей қамқорлығына бойсұну ғана қалды. Шынында, 1726 ж. Ресейге Кіші орда қырғыздары атынан елшілікке Қайназар келді. Оның Сүгір, Елікбай, Қажыбай, Шиак-Құлыбай т.б. ел ағалары атынан айтқан шарттары Шетел істері Коллегиясына жазылғанымен, Қайназардың өкілеттігін куәландыратын құжат болмағандықтан, қабылданбауы да мүмкін еді. Бұл елшінің ауызша айтқандарын



Қазақтардың көші. Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

халық тілегі ретінде қабылдау қиын еді, әрі Кіші орда ханы Әбілқайыр қоластындағы халық тағдырына қатысты бұл маңызды іске белсене араласудан бой тарта берді.

Бұл арада қырғыздардың халі нашарлаған үстіне нашарлай түсті. Көп адамынан, мал-мүлкінен айырылған, жан-жақтан жау пейілді халықтар қыспағында қалған, күнделікті шапқыншылықтан қажыған халық қамқорлыққа зәру еді. Осы кезде орыс бодандығына бас ию туралы ойына әбден бекінген Әбілқайыр хан бұл жерде өзінің бас пайдасын көздеуді ұмытқан жоқ. Біздің білетініміздей, бұл кезде қырғыздарда бір-бірімен бәсекелес бірнеше хан бар еді. Әбілқайырдың ойынша, қол астындағы халықты тыныш өмір сүруге жеткізсе, өзге хандар алдында беделі артып, жеке-дара билік жүргізу арманына оңай жетуі мүмкін. Ал бейбіт, тыныш өмір сүру үшін қазіргідей берекесіздік жайлаған, зорлық-зомбылық, жылау-сықтау, қантөгістен көз ашпаған елге тек Ресей сияқты қуатты державаға иек артқанда ғана мүмкін болмақ” (10, 360—361).

Сөйтіп, 1730 жылы Кіші жүз билері “далалықта халық қамы үшін” жиналыс өткізіп, патша үкіметімен бейбіт келісім жасау жөнінде пәтуаға келеді. Осы құрылтайда Әбілқайыр өз халқына қиын жағдайды баяндай келіп, Ресей қамқорлығында болудан басқа жол жоқ екендігін баса айтады. Алғашқы бетте хан ұсынысы аяқсыз қалды, бірақ хан алған бетінен қайтпай, орыс патшасының қоластында бо-

лудың пайдасын жанамалап айта беруден жалықпады. Оның Ресей қоластында болудан көретін пайданы шебер тілмен жеткізе білгені соншалық, ханның сенімді де, дәлелді сөздеріне қарсылық білдірудің өзі мүмкін емес еді. Хан төңірегіндегілер билеуші ұсынысының мән-маңызын ұғынып, мүмкін, уақыт өте келе бұрынғы тәуелсіздігімізге қайта оралармыз деген үмітпен, әйел император Анна Иоановнаның құзырына қол қусыруға шешім қабылдады. Алғашқыда “орыс қамқорлығына” бас июшілер саны өте аз болғанымен, ол кездегі жағдай мұндай істі кешеуілдетуді көтермейтін еді, өткен уақыт тәжірибесі көрсеткеніндей, мұның аяғы құрып кетуге жеткізуі де мүмкін еді. Әрі елдің әдет-ғұрпының өзі бүкіл халықтың келісімін алуды қажетсінбейтін. Қазақтарда сол кезде күшті дамыған тайпалық құрылым бойынша рудың басшысына ру мүшелері сөзсіз бағынатын еді. Руға қатысты істерді рубасы шешетін де, оның шешімін қалғандары орындауға міндетті саналатын. Әрине, ханның қасындағылары ықпалды рулардың басшылары болатындықтан, олардың келісімі көпшілік халықтың шешімі деп саналатын, — дейді сол кездегі зерттеушілер бір ауыздан (10, 361; 8, 38-91; 1, 96—97).

Осындай келісімге қол жеткізген Әбілқайыр сенімді адамдары Сейітқұл Құдайқұлов пен Құлтымбет Қоштаевтардан құралған елшілер тобын жасақтап, башқұрттың биі әрі батыры Алдарбай Есенгелдиннің жол бастауымен Уфа қаласындағы патша үкіметінің шекара әскери бастығы П.И.Бутурлинге аттандырады. Елшілік Уфаға 1730 жылдың шілде айында жетіп, одан әрі Петербургке жөнелтіледі де, 1730 жылдың 29 қыркүйегінде астанаға келіп жетеді. Ресей Сыртқы істер Алқасына Әбілқайырдың 1730 жылғы 8 қыркүйектегі хатын табыс етеді (89, 17—18).

Тарихи мұрағаттардан Әбілқайыр ханның 1731 жылғы 2 қаңтарда орыс патшасына жолдаған тағы бір хаты табылған (89, 19; 54, 37—38). Онда мынадай мазмұндағы сөздер жазылған:

“Ұлы мәртебелі патшамыз, Сізге мынаны хабарлаймын:

1. Ұлы мәртебелі патшамызға және сіздің үрім-бұтағыңызға әрқашан адалдықпен қызмет етуге уағда беремін.

2. Патша ағзам, қашан да Сіздің бұйрығыңызға бас ұрып, қаруыңыздағы башқұрттар мен қалмақтар сияқты, олармен бірге айтқан жеріңізге баруға құлмыз.

3. Қазақ халқы Жайық казактарына, башқұрттар мен қалмақтарға, сондай-ақ, Ресейдің қарауындағы басқа да жұрттарға шабуыл жасаспайды, зиян келтірмейді, олармен тату-тәтті тұрады.

4. Астархан қаласы арқылы және біздің басқа да жерлеріміз арқылы Ресей адамдарының сауда керуені отетін болса, немесе қазақ даласына келетін болса біз оларға тиіспейміз, ұры-қарыдан қорғаймыз, қажет жеріне өзіміз бастан апарамыз.

5. Қазақ даласында тұтқында отырған Ресей адамдарын қайтарамыз, Ресей башқұрттарын тұтқынға алмаймыз, алғандарымыздың шоқынбағандарынан басқасын Сіздің құзырыңызға қайтарамыз, алым-салық ретінде сізге 4 мың түлкі терісін жіберіп тұрамыз.

Қуәландырып қол қоюшы мен, Әбілқайыр хан, мөрімді бастым. Бақа батырды арнайы аттандырдым.

1143 жылғы ережеліктің 17-жұлдызы (1731 жылғы 2 қаңтар) ”.

Ханның Бақа батыр арқылы жіберген хатында да “бодандық” (“подданство”) деген сөздер кездеспейді, ал “Сіздің бұйрығыңызға бас ұрып, карауыңыздағы башқұрттар мен қалмақтар сияқты”, олармен айтқан жерге бірге баруға уәде береді. Сонымен бірге, Жайық бойындағы орыс казактарына, башқұрттарға, қалмақтарға шабуыл жасамауға, қазақ даласы арқылы сауда керуенін өткізіп тұруға, қолдарындағы Ресей тұтқындарын босатуға және алым-салық ретінде жылына төрт мың түлкі терісін жіберіп тұруға уәде етеді (54, 37—38; 89, 19). Көріп отырғанымыздай, елшіліктерден жолдаған хаттың екеуінде де әңгіме “қамқорлық” (“протекторат”) жөнінде болып отыр.

Бұдан байқалатыны, ақ патшаның шенеуніктері “бодандықты” ойдан шығарып қосқан. Әрине, қол ұшын беріп, қамқорлық жасаған мемлекетке өтінішін білдірген елдің біршама тәуелді болатыны түсінікті. Бірақ, ол түпкілікті бағыныштылық, яғни бодандық емес еді (82, 9).

Кезінде бұл мәселеге Ұлы Петрдің өзі де мән беріп, Ресейдің Орта Азияға тереңдеп енуі үшін қазақтың сайын даласының маңызды екендігі айтылғанын бұрыннан білеміз. Әбілқайырдың өтінішінен кейін Ресей әкімшілігінің көктен іздегені жерден табылып, 1730 және 1732 жылы орыс патшасының сарайына келген Әбілқайырдың елшілері жылы қарсы алынды, сый-құрмет көрсетілді, олар арқылы Әбілқайыр ханның атына Петербургтен императорлық грамота жіберілді. Қазақ ханының өз еркімен қамқорлыққа ал деп өтініш жасауы Ресейдің бірде-бір оқ шығармай, қан төгіспей, елдің оңтүстік-шығысында жалпақ жатқан халқы бар ұлан-ғайыр даланы қас-қағымда өзіне қосып алуы, сөті түскен шаруа еді.

1731 жылғы 19 ақпанда қол қойылған император грамотасының мазмұны төмендегідей:

“Құдайдың шексіз рақымына бөленген Бүкілресейлік императрица және Ұлы билеуші Анна Иоановнадан қырғыз-қайсақ ордасының ханы Әбілқайырға, ел ағалары мен барлық қазақтарға біздің мейірім-шапағатымыз!

Төменде біз, Әбілқайыр хан, сенің өз елшілерің Құтлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұлов арқылы жіберген хатыңнан бүкіл иелігіңмен Ресей бодандығына кіретініңді, башқұрттармен бейбіт көрші болмақ ниетіңді білдік. Елшілерің, оған қоса ауызша сенің мына тілектеріңді жеткізді:

Бірінші, біздің құзырымызға башқұрттар сияқты адал қызмет етпексің және салық төлеп тұрмақсың.

Екінші, Ресей халықтары тарапынан сендерге зәбір-жапа, талап-тонау болмасын депсің.

Үшінші, қазақтарға сырттан жау шабатын болса, Ресей патшасы тарапынан қорғау көрсек және бізді Ресей боданы деп санасаңыз депсің.

Төртінші, сендер тұтқынға алған Ресейдің башқұрт және басқа адамдарын қайтармақсың, башқұрттармен және қалмақтармен тату тұрмақ екенсің.

Осыған байланысты біз сені, Әбілқайыр хан, қазақтың барлық ел ағалары мен халқын, сендердің тілектерің бойынша жоғарыдағы уағдаларыңа сәйкес, бодандыққа қабылдадық. Сондықтан, қазақтың ханы мен бүкіл халқы патша ағзамға және оның мұрагеріне адал болуларың керек. Ресей патшасының жарлығына қарай, қажет болсаң бодан башқұрттар мен қалмақтар сияқты айтқан жерге екі еткізбей баруға; Башқұрттарға, Жайық казактарына, қалмақтарға және Ресей қарауындағы басқа да жұрттарға шабуыл жасасмай, зәбір-жапа келтірмей, олармен тату-тәтті тұруға, Астрахан арқылы және қазақтың басқа да жерлері арқылы Ресей адамдарының сауда керуендері қазақ даласы арқылы өтетін болса, оларға тиіспей, жолына бөгет жасасмай, қайта қауіп төнсе құтқарып, қорғап, барынша көмек жасауға тиіссіндер... (89, 20—21; 90, 362—363; 54, 40—41).

Бұдан байқалатыны, патша жарлығының негізгі өзегі қазақтарды Ресей империясына бағындыру және түпкілікті отарлау саясатын жүзеге асырудың нышаны сезіледі.

Осы грамотаны Әбілқайыр ханға жеткізу үшін арнаулы елшілік

тағайындалып, Қазақ ордасына Шетел істері Алқасының тілмәші, шығу тегі жөнінен Уфа губерниясындағы татар мырзаларының бірі Мәмет Тевкелев аттандырылды. Оның міндеті қазақтардың Ресей бодандығын қабылдағысы келетіндігінің шындығына көз жеткізу және олардан “адалдыққа” ант алу тапсырылды. М.Тевкелевпен бірнеше уфалық ақсүйектер, сенімді башқұрттар мен орыс казактары, ал қазақ иелігіндегі жердің топографиялық қартасын жасау үшін жерге зерттеу жүргізетін тағы екі офицер қоса жіберілді.

Мәмет Тевкелев өзіне жүктелген ауыр міндетті ерекше жанқиярлықпен орындап шығуға күш салды. Ордаға келіп жеткен шенеуніктер өздерін бұл жерде құшағын жайып күтіп тұрған ешкім жоғын бірден ұқты. Қазақтар, сірә, еркіндік дәурені бұлайша тез аяқталады деп күтпесе керек, шақырусыз келген қонақтардан тез құтылуға асықты, тіпті өлтіреміз деп те қорқытты. Әбілқайыр хан да халқын айтқанына көндіре алмай, Ресеймен қосылу жөнінде келіссөзге барғаны үшін көптеген адамдардан ауыр сөз естіді, өміріне қауіп төнді. Бұлардың бәрі алдағы баяндардың үлесіне тимекші.



РЕСЕЙ ПАТШАСЫНЫҢ ЕЛШІСІ МӘМЕТ ТЕВКЕЛЕВТИҢ
ӘБІЛҚАЙЫР ХАНҒА САПАРЫ



*Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
Өзіңе өзің көміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол.*

Төле билің өсиетнамасынан... (231, 7).

Қазақ хандығының XVIII ғасырдың 20—30 жылдарындағы күрделенген сыртқы саяси ахуалы Ресеймен одақтық қатынас орнату қажеттігін хан мен билер, оның ішінде Әбілқайыр жарықтық та байқаған еді. Соңғы кезге дейін бұл мәселеде тарихшылар қазақ хандарының Ресейге бодан болуының себебі тек қана жоңғарлардың әлсізін әлсіз шабуыл жасауынан дегенді қайталаумен келді. Бұл біржақты пікір екенін тарихи жәдігерліктер көрсетіп отыр. Олай дейтініміз ғасырлар бойы қазақ халқы өз күшімен тәуелсіздігін және жерін сақтап келді ғой. Алайда XVIII ғасырдың 30-жылдарында тынымсыз соғыстан әлсіреген қазақ хандығына күшті әскери одақ керектігі айқындалды. Осыдан келіп, Әбілқайырдың жоғарыда көрсетілген хаты туындады, оны әрине, патша ағзам қуана құп қарсы алғаны әлгіде айтылды.

1731 жылғы 30-шы сәуірде Әбілқайыр мен қазақтардан ант алу үшін Петербургтегі патша сарайының шығыс қақпасынан құйында-тып шыққан Мәмет Тевкелев бастаған орыс елшілігі Кіші жүзге сапарын бастады. Бұл елшілікке 1730 жылы Әбілқайыр ханның атынан Петербургке келген Сейітқұл Құдайқұлов пен Құтлымбет Қоштаев та қосылды. Күшті күзетпен қамтылған және қазақтарға деген

сый-сияпатымен жабдықталған, құрамында 70 адамы бар елшілікке негізінен қазақ тілін және әдет-ғұрыптарын білетін башқұрттар енген еді. Бұлармен бірге қазақ жерін картаға түсіру жүктелген жер бедерін зерттеуші мамандар Алексей Писарев пен Михаил Зиновьев те жүрді. Тевкелев мырзаға берілген Сыртқы істер министрлігінің 12 тараудан тұратын нұсқамасында адалдыққа ант алудың шарттары егжей-тегжейлі көрсетілген еді. Тевкелев Уфаға жеткен мезгілде оған 1731 жылдың қаңтарында орыс патшайымы Анна Иоанновнаның атына жазылған Әбілқайырдың Бақа батыр әкелген хаты (мәтінін жоғарыда көрсеттік), сол секілді, Орта жүздің Сәмеке ханының Құлаға және Жайылмас елшілері жеткізген, Қайып ханның ұлы Батыр Мұхаммед сұлтанның Мұхаммед қожа арқылы жолдаған, Әбілқайырұлы Нұралы сұлтанның Шақан атты елшісі жеткізген хаттары табыс етіледі. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл құжаттар кейін М.Тевкелев арқылы Петербургтегі Сыртқы істер Алқасына жеткенге ұқсайды. Бір ерекшелігі хаттардың мазмұны бірдей, тек “қамқорлыққа” алғаны үшін төленетін сый ақы — түлкі, қарсақ терілерінің саны ғана әр түрлі мөлшерде көрсетілген. Сөз жоқ, мұның бәрі М.Тевкелевті ынталандыра түсу үшін әдейі жазылған болса керек (45, 74—75; 5, 30). Осы сапарында М. Тевкелев жолжазба күнделігін жүргізді, Сыртқы істер Алқасына бес рет хат арқылы хабарлама түсірді және аталмыш мамандар А.Писарев пен М.Зиновьев жүріп өткен жер бедерін картаға сызды. Жол сапарлық құжаттардан байқалатыны, елшінің жолы Петербургтен Уфаға дейін екі ай үш күнге созылған (1731 ж. 30-шы сәуір — 1731 ж. 4-ші шілде). 1731 жылдың шілдесінен 26-шы тамызға дейін (54 күн) елшіліктің адамдары қазақ даласында өздерін күтіп тұрған қиын-қыстауы мол сапарға дайындалған. Осы кездерде М.Тевкелев башқұрт тарханы Алдарбай Есенгелдин мен Әбілқайырдың сенімді адамдарының бірі Мұхаммед қожамен кездесіп, қазақ жұртының жай-жапсарынан, тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат алады. Олардан ханның ордасы тұрған жерді біліп, әрі оған жақын арада елшіліктің келетінін айтып хабар бергізеді. Әбілқайырға хабар жеткізуді башқұрт тарханы Алдарбайдың ұлы Мансур, башқұрт Қыдырас Моллақаев және қазақ жігіті Рысбайға тапсырады. 22-ші тамызда Қ.Моллақаев Уфаға қайтып оралады, өзімен бірге қазақ ордасынан төрт адамды ерте келеді, арасында ханның күйеу баласы Батыр сұлтан мен Орта жүздің батыры Сүйіндік бар. Олардың айтуынша, хан мен ел ақсақалдарының патша ағзамға деген ниеті өзгермеген және елшіні асыға күтуде. Бұл хабарды алған М.Тевкелевтің қазақ даласына деген ынтасы артып, сапар дайындығы тездетіледі. Уфаның Шекара соғыс

комиссары П.И.Бутурлин елшінің қарауына мұздай қаруланған 10 атты жасак, 10 адамнан тұратын уфалық ақсүйектерден құрметті күзет, орыс-казактарынан 10 адам және Алдарбай Есенгелдин бастаған 30 адамнан тұратын башқұрттардың беделді ру басыларын қосып, 1731 жылдың 26-шы тамызы күні Мәмет Тевкелевті жолға аттандырып салады.

Ресей патшасының елшілігі мың шақырымдай жер (27 күн) жүріп, 23-ші қыркүйекте Жайықтың орта бойындағы өзеннің тайыз жерінен кесіп өтіп, Кіші жүздің шекарасына жетеді. Осыдан кейінгі Ресей елшісінің хан ордасына дейінгі 10 күндік сапары Жайық, Ырғыз, Тобыл және Ор өзендерінің бойымен жылжып, 1731 жылдың 3-ші қазанында Ырғыз өзенінің төменгі сағасында Әбілқайырұлы Нұралы сұлтанмен және Кіші жүздің белгілі 29 рубасыларымен кездескенше жалғасады. Осы арада М.Тевкелевтің адамдары екі күн демалып, көліктерін тынықтырады, Нұралы сұлтанмен әңгіме-дүкен құрып, алдағы болатын ресми кездесулерге дайындалады (101, 23—37; 92, 12—13).

Әңгіменің ендігі желісі М. Тевкелевтің күнделігінен алынды:

“1731 жылдың 3 қазаны күні күндізгі сағат 2-де Сыртқы істер Коллегиясы қырғыз — қайсақ ордасындағы Әбілқайыр ханға жіберген тілмаш Мәмет Тевкелев жоғарыда аталған күні бір топ нөкерлерімен Ырғыз өзеніне барып жетті. Келесі күні Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы сұлтан 200 адаммен Тевкелевке қарсы жүрді, оның 29-ы старшындар еді. Нұралы сұлтан тілмаш Тевкелевке жиырма аршын жерден өзі де, барлық нөкерлері де аттарынан түсіп, Тевкелевтің күймесіне қарай жаяу аяңдады. Мұны көрген тілмаш Тевкелев күймесінен түсе бере Нұралы сұлтанды бес аршындай жерден қарсы алып, сәлемдесті, әкесінің және бүкіл қазақ старшындары мен басқа да зиялылардың аман-саушылығын сұрады. Оған Нұралы сұлтан: бүкіл Қазақ ордасы аман-есен, тыныштықта деп жауап берді. Сонымен қатар, ол, Нұралы сұлтан, Тевкелевті аман-сау келуімен құттықтап, қиналмай жеттіңіздер ме деп сұрады. Бұған Тевкелев аман-есен жеттік деп жауап берді. Сонан соң Нұралы сұлтан оған, Тевкелевке, әкесі Әбілқайыр хан арнайы жібергенін және жол торитын қарақшылардан қорғап жүру мақсатымен ере жүруді тапсырғанын айтты. Ол үшін Тевкелев алғыс айта тұрып, Әбілқайыр ханға жеткенше қанша жер бар деп сұрады. Оған ол, Нұралы сұлтан, ордадан шыққалы үшінші күн болғанын хабарлады.

Қазанның 5-і күні Мәнітөбе (кейбір дереккөздерде Мәңгітөбе, Маңтөбе деп те жазылған — А.Қ.) шатқалына жетіп, Ырғыз өзенінің жағасына ламылдадық.

Қазан айының сол күні тілмаш Тевкелев Әбілқайыр ханның ордасына жақындады, сонда Әбілқайыр хан оны, Тевкелевті, екі шақырым жерден қарсы алыңдар деп бұйырды.... Хан ордасына жақын тігілген ақ үйге кіргізіндер деп пәрмен етті. Ал Тевкелевтің аттары мен түйелерін, атап айтқанда: 200 жылқысы мен 12 түйесін бағылқағуды Әбілқайыр хан өз бақташыларына тапсырды...” (93, 65—67; 94, 56; 2, 196; 211, 269—270).

Осы арада оқырмандардың назарына қазақ даласына келген Ресей елшісі Мәмет Тевкелевтің ғұмырнамасын ұсынамыз.

- *Тевкелев Алексей Иванович (1674—1766) — тілмаш, елші, белгілі мәмілегер. Христиан дінін қабылдағанға дейінгі аты-жөні — Мәмет, Құтлұғмұхаммед Мамашев (кейбір деректерде Тәуекелев деп те жазылады — А.Қ.) 1711 жылы Ұлы Петрдің Прут жорығына қатысып, онда тілмаштық қызмет атқарады. 1716 жылы А.Бекович — Черкасскийдің Хиуа мен Бұхарға жасаған экспедициясына қатысқан. 1719 жылы Ресейдің Сыртқы істер Коллегиясына тілмаш болып қызметке орналасады. 1720 жылы Аюке ханның қарамағына қалмақ тілін үйренуге жіберіледі. 1722—1723 жылдары Парсы жорығына Бірінші Петрдің құпия істер жөніндегі аға тілмашы ретінде қатысты. 1730 жылы Әбілқайырдың Петербургке келген елшілерін қабылдаушылардың қатарында болды және осы елшілікке жауап ретінде патша үкіметінің Кіші жүзге жіберген елшілігін басқарды.*

Тевкелевке патша үкіметі он екі тармақтан тұратын “Нұсқаунамасын” тапсырды.

Онда Кіші жүздің билеуші тобынан Ресейдің қол астына өту жөнінде ант қабылдау, бодандықты мойындағандарға Анна Иоанновнаның атынан сыйлық тарату (қылыш, қанжар, бұлғын ішік, бөрік, т.б.), қазақтар туралы мәліметтер жинау, Кіші жүзге көршілес жерлердің Ресей бодандығын қабылдауына негіз қалау, тағы алуан түрлі мәселелер қамтылды. А.И.Тевкелев елшілігі 1731 жылы 5 қазанда Ырғыз өзені жағасындағы Мәнітөбе сайында орналасқан Әбілқайыр ханның ордасына келіп жетті. Алайда А.И. Тевкелевтің Ресей бодандығын қабылдату жөніндегі құзыры Кіші жүздегі көрнекті ел ақсақалдарының, сұлтандардың үлкен тобының ашық қарсылығына ұшырады. Олар М.Тевкелевті мұндай пиғылы үшін жазалауға дейін барды. Қалыптасқан осындай ахуалды ескерген Әбілқайыр Мәмет Тевкелевті алып жүруді және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзінің үлкен ұлы Нұралы сұлтанға, бас сардары табын Бөкенбай батырға және оның күйеу баласы тама Есет батырға тапсырды. 1731 жылы 10-шы қазанда Тевкелевке Ресей бодандығын мойындайтыны жөнінде бірінші болып Әбілқайыр хан

ант берді, оған Бөкенбай, Есет батырлар мен Құдайменде мырза қосылды. Сол арада бодандыққа 27 рубасылары мен ақсақалдары ант етті. Бұдан соң Мәмет Тевкелев патша “Нұсқауына” сәйкес көршілес елдердің бодандыққа ант беруіне негіз қалауға кірісті. 1731 жылғы 19 желтоқсанда А.И.Тевкелев Әбілқайыр ханға Нұралы сұлтанды Хиуа хандығына жіберуге көндірді, сөйтіп, ол елдің бодандыққа деген көзқарасын білуге қадам жасады. 1732 жылы 2 наурызда Хиуадан оралған Нұралы сұлтан орыс елшілігіне Хиуаның бодандық мәселесіне қарсылығы мен ашу ызасын хабарлаған. М.Тевкелев 1732 жылдың қарашасында Қазақ ордасынан Ресейге қайтты. 1733 жылы Петербургке Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігін бастап апарды. Одан кейін А.И.Тевкелев Ресей үкіметінің И.К.Кириллов басқарған Оренбург экспедициясының құрамында қызмет істей жүріп, 1735—1736 жылдары башқұрт көтерілісін басуға қатысты. М.Тевкелев басқарған жазалаушы жасақтар 50 ауылды өртеп, 2 мыңдай адамды өлтірді. 1742 жылы осы еңбектері үшін патша ағзамнан М.Тевкелев бригадалық генерал атағын алды. 1743 жылы МәметТевкелевтің тікелей қатысуымен Оренбург қаласы мен оның төңірегіндегі бірнеше қамалдың негізі қаланды. 1743—1749 жылдары патша үкіметі оны Әбілқайыр басқарған Кіші жүз билеушілері мен Оренбург әкімшілігі арасындағы жанжалды реттеуге пайдаланды. 1751—1759 жылдары Оренбург губернаторы И.И.Неплюевтің көмекшісі болып, патша әкімшілігі жүргізген отаршылдық саясаттың сойылын соқты. 1755—1756 жылы кезекті башқұрт көтерілісін басу кезінде қазақ даласына қашып кеткен башқұрттарды кері қайтару ісіне араласты. 1760 жылы қызметтен біржола босап, демалысқа шықты. М.Тевкелевтің елшілік қызметі барысында жүргізген мың беттен астам “Күнделігінде” қазақтардың тарихы мен әдет-ғұрыптары, тұрмыс-тіршілігі жайында және ру-тайпалық құрамы туралы көптеген мәліметтер берілген.

Сонымен, Тевкелев Әбілқайырдың ордасына қазанның 5-ші жұлдызында жетті (105, 17—18). Бірақ халық та, сорпаның бетке шығар игі жақсылары да оған әуелгі кезде жылы қабақ көрсеткен жоқ. Елші тіпті қамауға алынған жағдайда қалды, хан оған астыртын жансызын жұмсап, 6-шы қазан күні түннің бір уағында жасырын кездесуге уағдаласты. Мәмет Тевкелев ол кезде қазақ ру басыларынан аулақ тігілген үйде тұрғандықтан, ұлы мәртебелі император ханымның жарлығы жарияланып, онда не жазылғаны мәлім болғанға дейін Әбілқайыр хан мен Тевкелевтің құпия корісуіне жол бермеу



Қазақтар. Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

үшін, екеуіне де жасырын күзет қойылған болатын. Сөған қарамас-тан екі араға екі башқұрт — біріншісі Таймас батыр, екіншісі Қырдрас — жасырын түрде жүріп тұрды. Осы Қырдрас ханның: “...тілмаш Тевкелев қазақтың жұпыны киімімен далаға шығып, өзіне, Әбілқайыр ханға келіп жолықсын деген бұйрығын жеткізді. Сол жерде Әбілқайыр хан, Тевкелевпен таң атқанша келіссөз жүргізбек болды. Егер бұған келіспесе, әңгіме қиындайды дегенді жеткізді. Мұны естіген Тевкелев әңгіме ауанын түсінді де, әлгі Қырдрас пен Таймас башқұртты ертіп алды. Хан Тевкелевті құрметпен қарсы алды. Екі жақтың әдеттегі сәлемдесулерінен кейін, хан Тевкелевке Ресей протекциясын басқа хандар мен сұлтандардың және қазақ билерінің келісімінсіз сұрағандықтан, өзінің кінәлі екендігін, әйтсе де, өз ойын қалай жүзеге асыруға болатынын сұрады. Тевкелев бұған қарама-қарсы, Әбілқайыр ханның не себептен өзге хандар мен сұлтандардың және қырғыз-қайсақ старшындарының келісімінсіз, жалғыз әрекет етіп отырғанын білгісі келетінін айтты. Әбілқайыр хан Тевкелевке былай деп жауап берді: Ресейге бодан болуды өзгелердің келісімінсіз жалғыз өзі сұрауының көптеген себептері бар, бұл шындық (98, 110; 99, 25; 56—57).

Біріншіден, Әбілқайыр ханның ата-бабалары және өзі ежелден бері Ташкент, Түркістан және Сайрам шаһары төңірегіндегі қыстақ-

тарымен қоса иеленіп келді. Және өзінің Жонғар қонтайшысымен соғысы ұзап кетті. Оған қоса, өз әйелі мен оғей шешесі қалмақтардың тұтқынында болғандықтан, қонтайшыға соғыс әрекетін жүргізе алмай келеді. Сондықтан жоғарыда аталған қалаларды қалдырып, көшпелі қарақалпақ жұртын паналауға мәжбүр болды.

Екіншіден, Еділ қалмақтары, башқұрттар және бұқаралықтармен мал жайылымын кеңейту үшін соғысуға мәжбүр екендігін айтады. Сонымен, Әбілқайыр ханға жан-жақтан жаулар анталап тұр. Әйтсе де, Бұқара және Хиуамен татулық орнады, енді Еділ қалмақтары мен Орал башқұрттары қалды. Ал қалмақтар бүгін бітімге келсе, ертең қайта соғысады. Сөзінде тұрмайтын нағыз тұрақсыздар. Башқұрттар болса Ұлы Мәртебелі император ханымның рұқсатынсыз Әбілқайыр ханмен бітімге барғысы келмейді. Әбілқайыр ханның Ресейден протекция сұрау үшін Ұлы Мәртебелі император ханымның құзырына елші жіберу себебі, Еділ қалмақтарымен және Орал башқұрттарымен бітімге келіп, жақын адамдарын тұтқыннан босатуға Ресейдің көмегімен қонтайшының ықтиярлығын алу еді.

Үшіншіден, қалмақ ханы Аюкенің, сол сияқты башқұрттардың қарсыласқан жауларын жеңе алмаса, Ұлы Мәртебелі император ханымның қамқорлығын көруге мүмкіндігі бар. Осыдан Әбілқайыр хан да сондай қамқорлықта (протекцияда) болғысы келеді (94, 57—58).

Мұнымен қатар, осы жүздесуде Әбілқайыр елдің ақылгөй ақсақалдарымен ақылдаспай патшайымға жолданған хатты жалғыз өзі жазғанын мойындады. Егер патша үкіметі шындықты білер болса, деп мәлімдеді, ол мұндай елшілікті жібермес еді. Ол өстіп Тевкелевке бар сырын жайып салды.

1731 жылы қазанның 7-сі күні елші А.И.Тевкелев Әбілқайыр хан мен қазақтың беделді рубасыларына патша ағзамның қазақтарды бодандыққа алу туралы Жарлығын (Грамотасын) тапсырды. Ол туралы М.Тевкелевтің күнделігінде мынадай жолдар жазылған: “Сол, 7-ші қазан күні түнгі сағат 10-да тілмаш Тевкелев Ұлы Мәртебелі император ханымның аса рақымды грамотасы мен ақшасын алып, Әбілқайыр ханның ордасына бет алды. Оны Тевкелевті, ордасына жақындамас бұрын төрт жасауыл, жақындай бере екі ел ағасы қарсы алып, хан ордасына алып жүрді. Ордаға Тевкелевпен бірге екі геодезист, жеті башқұрт старшыны қоса кірді.


М.Тевкелев Ұлы Мәртебелі император ханымның грамотасын табыс етті. Әбілқайыр хан мен жанындағы старшындары орындарынан тұрып, хан Грамотаны қабылдап алды және оны, Тевкелевті өзінің сол жағына отырғызды” (94, 59). Сосын М.Тевкелев былай деп сөз

бастайды: “Аса мейірімді, Ұлы Мәртебелі император ханымға, Бүкілресей державасының жалғыз билеушісі Анна Иоановнаға, сен Әбілқайыр хан, өзіңнің Құтлымбет Қойтаев пен Сейітқұл Құдайқұлов деген елшілеріңді жіберіп, өзінді бүкіл иелігіңмен қоса Ресей бодандығына қабылдауды жазбаша және ауызша сұраған екенсің.

Осыған байланысты аса мархабатты әрі Ұлы Мәртебелі император ханым Сізді, Әбілқайыр хан, старшындарды және барша қырғыз-қайсақ жасақтарын, өз сұрауыңыз бойынша, Ресейге бодан етіп қабылдауға әмір етті” (94, 59—60). Ал бұлардың өз араларындағы келіспеушілікті асқындырмау үшін, елшіден беріп жіберген, осы ахуалдың бәрін баяндайтын екінші грамота туралы Тевкелев ләм-мим деп аузын ашқан жоқ. Сонан соң М.Тевкелев Ұлы Мәртебелі император ханым осы арқылы Әбілқайыр ханға рақым көрсетіп отырғандығын, сол үшін оны, Тевкелевті, император Грамотасын тапсыруға арнайы қазақ еліне жібергендігін айтты. Және Ұлы Мәртебелі император ханым бұлардың Ресейге бодан болу туралы өтініштерін рақымшылықпен қабылдап қана қоймай, оны, Әбілқайыр ханды және барша қазақ халқын өзінің назарынан шығармай, қамқорлығына алып отыратындығын әрі “Сіздің уәдеңіз бен бодандыққа адалдық салты бойынша”, хан мен қазақтың игі жақсыларының да Ұлы Мәртебелі император ханымға мызғымастай адал болатындығына сенетіндігін Тевкелев арқылы ауызша айтып баруды бұйырған. Осының бәрін жүзеге асырып, орнықтыру мақсатымен Ұлы Мәртебелі император ханым елшіні арнайы жіберіп отыр. Бұған ешқандай жауап болған жоқ, бірақ ол, М.Тевкелев, әзірге жатқан үйіне қайта берсін деген сөз ғана айтылды, сонымен елші үйіне қайтып кетеді (94, 59—60; 96, 38—39).

Әбілқайыр хан мен М.Тевкелев қатысқан осы ақсақалдар кеңесінде елшіге олардың көпшілігінің жаулық көзқарасы байқалды, оны патшаның жансызы ретінде өлтірмек ниеттің де бар екені білініп қалды. Сондықтан Тевкелевтің башқұрттары Әбілқайырдың төңірегіндегі ең бай, ең беделді, ең көрген үш батырға барып, арнайы сәлем беруге кеңес берді. Бұлардың үшеуі де патша ағзамның қамқорлығына құштар еді, өйткені олар Ресей бодандығын қабылдаған жұртпен сауда-саттық жасауға мүдделі еді.

Ақылдаса келіп, Мәмет Тевкелев осы жақтағы ең атакты батыр Бөкенбайға, оның күйеу баласы Есет батырға, Бөкенбайдың немере інісі Құдайназар мырзаға арқа сүйеуге бел байлады. Олар осындағы барлық ел ағаларынан шоқтығы биік, күш-қуаты жігерлі, байлығы шексіз беделді адамдар еді. Соларды шақырып, сый-құрмет көрсету



Тобыл қаласы. XVII—XVIII ғғ. тоғысында.

керек деп шешілді. Елшіні бір сақтаса, солар ғана қазақтардан қорғай алады. Ал, егер олар көнбесе, өлімнен қашып құтылатын басқа жол жоқ деген мәмілеге келеді.

Сонымен М.Тевкелев ру басыларының арам пиғылдарын болдыртпай тұрып, пәленің алдын алу үшін Әбілқайыр ханға кісі салады. Әбілқайыр хан М.Тевкелевтің жіберген адамына былай деді: “М.Тевкелев атақты старшын Бөкенбай батырды тауып алсын, өзім-ақ сөйлесіп көрер едім, қазақ старшындарының ойлағандарын болдырмауға да болар еді, бірақ менен сезіктенушілер көп, сондықтан оған бара алмаймын”, — дейді (94, 60). Осыдан кейін М.Тевкелев өзінің Бөкенбаймен баяғыдан бері таныс бір башқұртын, Таймас батырды Бөкенбайды іздеуге аттандырады (Таймас бір кезде қазақ ордасына елшілікке келген болатын). Таймас Бөкенбайды тауып ертіп келді. Осы арада М.Тевкелев Бөкенбай батырға бар шындықты жайып салады. Олар маған бекер өшігіп жүр, мен Әбілқайыр ханның өтініші бойынша бүкіл Ресейдің Ұлы Мәртебелі императоры, аса мейірімді билеушісі жіберген адаммын, қазақтарды еріксіз бодандыққа алу үшін келген жоқпын. Егер олар осындай арам ойларын жүзеге асырып, мені нақақтан-нақақ өлтіретін болса, одан Ресей империясының ештеңесі кетпейді, бірақ әлемдегі жеке дара билеушінің қаһарына ұшырайды. Ол үшін Қазақ ордасы Ресей әскерінің тегеуірінен кірерге тесік таба алмай қалатыны былай тұрсын, өзінің боданындағы қал-


мактар мен башқұрттардың жеңіл қолынан-ақ олардың құл-талқаны шығуы мүмкін. Және кінәсіз тоғілген Тевкелевтің қанын Аса Мейірімді император ханым елеусіз қалдыра қоймас. Ал, егер Қазақ ордасы Ресей бодандығын қабылдағысы келмесе, елшіні ата-баба салтымен Ресей империясына қайтарып жіберсін, — дейді жаны қысылған М.Тевкелев (94, 60—61).

Елшінің әңгімесін тыңдап болып, Бөкенбай батыр: “Хиуада князь А.Бекович-Черкасскийді өлтіріп еді, оның құнын іздеген ешкім болмады ғой”, — деді. Бұған М.Тевкелев: “... ол үшін кек алынбауына көптеген себептер болды, өйткені жаның жәннатта болғыр Ұлы Петр Швециямен соғысып жатты, сосын Персияға жорық жасады, ал жорықтан оралған соң, иманды болғыр Ұлы Мәртебелі император қайтпас сапарға аттанып кетті, кек алу осындай себептермен аяқсыз қалды”, — деп жауап берді (94, 61).

Келіссөздің нәтижесінде, іс әрі қарай насырға шауып, рубасылары егер жүгенсіздікке баратын болса, Бөкенбай Тевкелев пен Әбілқайырға қол ұшын беруге уәде етті. Асылы, Әбілқайырға қарағанда Бөкенбай батыр Ресейге қосылуда неғұрлым сенімді жақтаушылардың жағында болған тәрізді.

Қазанның 10-шы жұлдызында Ырғыз озені бойындағы Мәнітөбеде өткен ақсақалдар кеңесіне М.Тевкелев тағы шақырылып, олардың бұрк-сарқ қайнаған ашу-ызасының “дәмін татты”. Игі жақсылар бұған мұнда неге келдің деп тарпа бас салды. Елші мән-жайды тағы да ежіктей қайта баяндап, Әбілқайырдың шақыруымен келгенін тағы да тілге тиек етті. Бұдан кейін ақсақалдардың қаһары ханға ауды: “Сен неге ешкіммен ақылдаспастан орысқа бодан болуды өтіндің, неліктен халыққа құлдық бұғауын кигізбек болдың?” десті. Олар рубасылардың келісімінсіз ханның дегені бола бермейтін ежелгі дәстүр бар екендігін Әбілқайырдың есіне салды. Тіпті Әбілқайыр мен Тевкелевті өлтіріп тастамақ болған сынай танытты (89, 42).

Осы жиындағы Әбілқайырдың жауабы назар аударарлық, оның мазмұны: “өзінің хан деген аты ғана болмаса, қол астындағы халыққа билігі жүрмейтінін, малмен қосылып мал болып бара жатқанын айтты; иесі бар жылқы ешқашан өлмейді, оны бағып-қағады, аяз қысса үстіне жабу жабады, былғанса — жуып-шаяды, ал иесі жоқ, түздің жабайы жылқысы адамға да, ит-құсқа да жем болады. Бүгінде мен сол пана болар, бағып-қағар иесі жоқ түздің тағысы сияқтымын. Сондықтан мен панасыздықтан маскара болып өлгенше, Ұлы билеушіге бодан болып, өмір сүргенді артық қордім”, — деп уәж келтірді (94, 63; 93, 74—75).



Түркістан қаласының XVIII ғ. 40-жылдарындағы жоспары.
К.Миллердің суреті.

Сонда, ел ағаларының бірі Тевкелевке өздерінің ханға ондай кеңес бермегендіктерін, жаушыларды Ресейге тыныштықта тұру үшін жібергендіктерін, бодандықта болғысы келмейтіндіктерін ыза-кекпен сұстана айтты. Бәлкім, Тевкелев қазақ әскерінің хал-жағдайын көріп алып, сосын соғыс ашуға келетін шығар, сондықтан, М.Тевкелевті Ресейге тірі жібермеу керек дегенге дейін барды (94, 63).

Бұдан кейін елші сөз алды, ел ағаларына батырып және батыл сөйледі. Ресей әлемдегі қуатты мемлекет, сондықтан әлгіндей даңқты билеушінің сендер секілді дала тағыларымен бітімге келіп жатуының өзі ұят, өйткені, Ресей империясына қазақтардан төніп тұрған ешқандай қауіп-қатер жоқ, ал сендерге Ресей империясының бодандарынан: бірінші — қалмақтардан, екінші — башқұрттардан, үшінші — Сібір қалаларынан, төртінші-Жайық казактарынан төніп тұрған қатер жеткілікті, қазақтар олардан ылғи жеңілумен, талан-таражға түсумен келеді. Сондықтан, егер олар бодан болғысы келмесе, онда М.Тевкелев қазақ билерімен келіссөз жүргізбей-ақ қояды. М.Тевкелев, Ресей империясының атына дақ түсіргісі келмейді және бұдан былай оларды патша үкіметінің қоластында болуға шақырмайды. Мына



Мұғалжар таулары. XVIII ғасырдағы сурет.

түрлеріне қарағанда, бұлардан жаманшылықтан басқа еш нәрсе күтуге болмайды екен, әлде Ресейдің камкорлығында болуға арлана ма, Ресейге мынадай дала тағылары ғана емес, көптеген қуатты патшалар мен хандар, князьдар да бодан болып отыр: біріншісі — грузин патшасы, екіншісі — қалмақ ханы, үшіншісі — моғол ханы Әліқұл, төртіншісі — қарақалпақ Үсмей хан, оған қоса қабардың, құмықтың, тердің, барагунның, ақсайдың князьдары тағы бар. Бодан болғылары келмесе, зорлық жоқ, онда келісімнен бас тартып, М.Тевкелевті еліне қайтарсын (94, 63; 96, 42—43; 93, 75). Сонда шаршы топтың алдына азуы алты қарыс Бөкенбай батыр шығып, өзінің Әбілқайыр ханмен бірге Ресей бодандығын қабылдағысы келетінін және сол үшін ант беруге әзір екендігін айтты. Сөйтіп, қолына “Құран” ұстаған 27 беделді би мен батырлар, ел ақсақалдары Ресейге адалдыққа ант берді. Олар 11060 сомның бағалы сыйлығымен марапатталады (96, 44; 92, 18). Алайда кенеске қатысқан игі жақсылардың көпшілігі ант беруден бас тартып, Тевкелевті өлтіреміз деп айбат жасалды. Сөйтіп, қазақ халқының Ресейге қосылу үрдісі басталды, ішкі қайшылықтары баршылық, ғасырдан астам уақытқа созылған бұл оқиға Қазақстан тарихнамасының жаңа бетін айқара ашқан еді.

Сөз иіні келгенде айта кетейік, патша үкіметінің елшісі М.Тевкелевтің қазақтарды Ресей империясы қол астына қабылдау жөніндегі алғашқы ант беру рәсімі халық арасындағы аңыз-әңгімеде кездесетін Ырғыз бойындағы “Мәңгітобеде” өткен тәрізді. Осы өңірдің перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Әліби Қойлыбайұлы

“Бабамиң қалған байтағым” атты шығармасында оны былай әңгімелейді: “Әйел патша Анна Иоановнаның бұл сеніміне риза болған Кіші жүздің 3 батыры мен 27 рубасы еташындары Әбілқайырдың бастауымен 1731 жылы осы Ырғыз бойында, Маңтөбедегі (Мәнітөбе — А.Қ.) хан ордасында патша үкіметіне ант берген” (105, 18).

Әлібидің кітабында Мәнітөбеге (кейбір деректерде “Мәнтөбе”, “Мәңгітөбе”, “Майтөбе” — А.Қ.) байланысты аңыздың шығуы да қызық әңгімеленеді. Ғұлама тарихшы Л.Н.Гумилевтің еңбектерінде көрсетілгендей, көне түркі халықтары қоныс еткен Ұлытаудың жалғасы Мұғалжар солардың сілемдері болса керек. “Біздің тауларды жұрт Мұғалжар демейді, өзінше атайды. Батыс жақтан мұнартып Мәні әулиенің тұмсығы көрінеді. Жұрт оны Мәні шыңы дейді. Аса биік болмағанымен, бұл өңір осы тауларды шың деп, әрқайсысын дербес дәріптейді. Мәніден беріде бұрынғы Жаныс ауылына, қазіргі әйгілі Қызылтам — Жаныс баба кесенесі бар ауылға тұспа-тұс тұрған шың — Темірастау. Аңыз бойынша, бұрын осы өңір үлкен теңіз болған да, ана таулар соның кемері көрінеді. Бір замандарда Темірастаудың биігіндегі ойық кенереге бір айтулы бай темір астау қойып, жылқысын суарған-мыс. Мәні туралы аңызда қалмақтың сұлуын алып қашқан қазақ батыры соның түбінен ағатын өзенге шомылыпты. Иба сақтаған сұлу қыз суға бөлек түскен. Оны тау ішінде алтын жалап жатқан айдаһар жұтып қойыпты. Сол үнгір кешеге дейін бар еді десіп отыратын қариялар. Қыздың аты Мәні екен деседі. Кейін бұл жер киелі жұртқа айналып, Мәні әулие атанған. Шың үсті — аумағы атшаптырым көне зират, өрнегі бөлек құлпытастар. Одан беріректегі Жылантаудан шаңдатып жылан өретін, ол жерде ордалы жылан бар еді дейтін қариялар. Ауылдың оңтүстік-шығысынан бітімі ерек, далаға орнай қалған пирамидадай болып Бөкенбай шоқысы ерекше оқшауланып тұрады. Оның басынан айнала алақанда жатқандай болып көрінеді”, — деп Ә.Қойлыбаев аңыздағы оқиғаларды ақиқатпен байланыстыра тебірене толғайды (105, 13; 116, 12—13).

Енді үзілген әңгімені жалғастырайық. Біздіңше, 1731 жылғы қазанның 10-шы жұлдызындағы Әбілқайырдың ордасындағы билер кеңесі күрделі екі мәселеге қозғау салды. Тарихшы Аромованың айтуынша, “бұл кеңесте орысқа бодандыққа қарсылық болған жоқ”, сондықтан ақсақалдар Әбілқайырдың ешкіммен санаспай өз бетінше іс-қимыл жасауына ғана қарсылық білдірген. Олай болса, елдің игі жақсылары “Ресеймен бейбіт қатар өмір сүргіміз келеді, бірақ бодан болмаймыз деп мәлімдеді”. — дегенді елші неге күнделігінде ашық жазады?

Сондай-ақ А.И.Тевкелев күнделігінің тағы бір тұсында: “Бұрын Әбілқайыр үлкен бедел иесі еді, ол жанғыз өзі бодан болуға ииет білдіргендіктен көпшілік оған алақоз болып алды”. — дейтін тағы бар (94, 64—107). Осы айтылғандарды сараласақ, шынтуайтында, көпшілік қазақтар Ресейге бодандықты әу бастан-ақ қаламаған.

Екінші мәселеге келсек, өзара “дүрдараз топтардың” әлеуметтік құрамы көңіл аударарлық. Бұл дауға екі топтың айрықша қатысы бар. Оның бірі өз-Жәнібек ханнан бастау алатын Жәдік сұлтаннан өрбитін төрелер тұқымы. Олар өздерінің генеологиялық артықшылықтарына нұқсан келтіргені үшін Әбілқайырға қарсы. Ал екінші топ — өздерінің экономикалық және саяси құқығына Әбілқайырдың қол сұғуын қаламайтын “қарадан шыққан” би мен батырлар. Бұлардың Әбілқайырға қарсы болуы түсінікті. Ал, өкінішке орай, қарапайым халықтың бодандыққа қалай қарағандығы бізге мүлде белгісіз. Ол жөнінде тарихатта деректер келтірілмеген.

Тарихнамаға методологиялық маңызы бар мәселенің тағы бірі Ресей империясының қазақтарды бодандыққа (қоластына) алу жөніндегі А.И.Тевкелевке берген арнайы нұсқауы. Оның негізгі көздеген мақсаты — қазақтармен жасалатын келісім шартты бодандыққа икемдеу, яки екінші бір елді өз дегеніне көндіру, отаршылдық саясаттың басты талабын орындату еді. Тевкелевке берілген ерекше нұсқауда мынадай мазмұндағы сөздер жазылған:

“Біріншіден, хан, басқа да хандар мен ел ағаларының және бүкіл қазақ халқының атынан патша ағзамға адал берілгендігін сендіріп, құран ұстап, келісім шартқа қол қоюы қажет, ол қағазды Тевкелевке береді.

Ал, егер Әбілқайыр хан түрлі себептер айтып ант бергісі келмейтін болса, оны қайтсе де көндіру керек. Бұрыннан, бодандыққа кіргендердің бәрі бұл рәсімді орындағанын, мысалы, қалмақтың Аюке ханы бодан болғанда, башқұрттар Ресей қол астына кіргенде осылай жасағаны түсіндірілсін.

Хан патша ағзамға адалдық антын беретін болса, онда оған патшаның атынан сый-сияпат тапсырылсын. Атап айтқанда: қылыш, бұлғын ішік, қара түлкіден тігілген бас киім, шұға, т.б.

Әбілқайыр ханның қасында басқа хандар болса, оларға да патша ағзам атынан тарту-таралғы болатындығын айтып қоясын. Осыларды орындағаннан кейін ғана, сұрастыра отырып, әрқайсысының ел билігінде алатын орнына қарай, сыйлық үлестіресін.

Бірақ, мұның бәрін олар ант беріп болған соң ғана жасайсың” (89, 22—28).

Патша үкіметінің елшіге берілген бұл нұсқауында хан мен оның жанындағы беделді адамдарды алдын-ала анықтап, мемлекеттік қазынадан бөлінген ақша мен мүліктей заттар үлестіру арқылы, оларды қажет болса “сатып алу” тапсырылды.

Кіші жүздегі ішкі жағдайдың шиеленіскеніне карамастан, Әбілқайыр бір сәт те ұстанған мақсатынан бас тартқан жоқ, қайта жанындағы батырларға, өзін жақтайтын рубасыларға арқа сүйеп, іс-әрекетінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысып бақты. Сол үшін көрші Хиуаға, карақалпақ пен аралдықтарға, Орта жүздің ханы Сәмекеге елшілерін жіберді. 1731 жылдың 21 қарашасында райынан қайтқан тағы 30 рубасы мен билер, 22 қарашада ашық қарсылық білдіріп жүрген Сырлыбай, 3 желтоқсанда Нұралы сұлтан мен Батыр сұлтан Әбілқайырды қолдап ант берді. Ал, сол жылдың 25-ші желтоқсанында Сәмеке ханнан келген Құдайназар мырза мен башқұрт Таймас Шаймиевтің айтуынша, Орта жүздің ханы, карауындағы сұлтандар мен рубасылары патша ағзамға адалдыққа дайын (93, 93 94). Көп ұзамай, 1732 жылдың 11-ші ақпанында карақалпақтың белгілі биі Сүйіндік батыр 9 ел ақсақалдарымен, 12 ақпанда Орта жүздің рубасы Алшақ батыр қасындағы серігімен Ресейге бодандыққа өтуге келісім берген (45, 78—83; 93, 100—101). Осылай, М.Тевкелевтің бағына қазақтардан ант қабылдау рәсімі жалғаса түсті. Әбілқайырдан бастау алған бұл үрдісте, ешқандай халыққа зорлық болған емес. Кезінде ханды мойындамаған, билігі өзінде саналған ру басылары да кейін жағдайды саралай келе, Әбілқайырдың ұсынысын қабылдаған көрінеді. Елші күнделігінде ант берген әрбір қазаққа қанша сыйлық бергенін үнемі жазып отырған. Академик М.Қозыбаевтың есебінше, М.Тевкелев сол жолы 11060 сомның дүние-мүлкін сыйға тартқан. Ал бұл сол уақыттың мөлшерімен қыруар ақша екені белгілі. Ол беделді ру басыларымен бас қосуларда Ресейдің әскери күшін, жерінің кеңдігін, өз бодандарына “ерекше қамқорлығын”, адал қызметкерлеріне беретін мол сый-сияпатын жағы талмастан қақсап отырды.

Жалпы, А.И.Тевкелев осы сапарында өзінің шебер мәмілегер, дипломат екендігін күллі жұртқа паш етті. Бодандыққа қарсы қазақтар жан-жағынан қыспаққа алған сәтте, жанындағы адамдарын соққыға жығып, дүние-мүлкін тартып алу сияқты жабайлыққа барған кездерде өзінің Ресей патшасының құлы екендігін, ертең империя ол үшін кек қайтаратындығын сан мәрте қайталаумен болды. Шынтуайтқа келгенде, елші М.Тевкелевтің осы тұстағы іс-қаракеті бүгінге дейін арнайы ғылыми зерттеуге айналған емес. Мұны қолға алу арқылы отарлаудың қыр-сырын саралауға ғалымдар мүмкіндік алар еді. Ойткені

патша үкіметіне “адал қызмет істеген” А.И.Тевкелевтердің іс-әрекеттерін көкірек көрігінен өткізбей, алпауыт империялардың сыртқы саясатының қыр-сырын, олардың өзге елдерді отаршылыққа айналдыру жолындағы әдістеріне баға беру қиын.

Айтпақшы, қазақ даласындағы Ресей елшілігі үшін бірден-бір қауіпті кезең 1732 жылдың 17 қарашасында басталды. Оған себеп: башқұрттардың 1000 адамы Орта жүз руларын шауып, 100-ден астам адамдарын тұтқынға алып, 2000 жылқысын айдап әкеткен және 40 адамын өлтіруі еді. 21 қарашада Тәңірберді би бастаған Кіші жүздің қазақтары жиналып, Әбілқайыр ханнан башқұрттар талқандаған Орта жүзге М.Тевкелев пен жанындағы башқұрттарды ұстап беруді талап етеді. Кеңеске қатысқан қазақтар башқұрт Таймасты келіссөз жүргізу үшін Орта жүздің ордасына жіберіп, ал Тевкелевті Орта жүз талабы орындалғанша Кіші жүзде ұстай тұруды ұсынған. Бірақ мұндай әрекеттің жүзеге асуының арты не боларына көзі жетпеген Әбілқайыр хан Тевкелевті еліне қайтаруға жедел шешім қабылдады,— деп жазылады М.Тевкелевтің күнделігінде (94, 100—106).

Әбілқайыр ханның Тевкелевті еліне қайтару себебін зерттеуші Л.Мейер оны өзгеше түсіндіреді. Ол бойынша, қазақтар “А.И.Тевкелевті кейін Ресейге жібермеді, сондықтан ол Әбілқайыр ханмен амалсыздан далала қаңғырып жүруге мәжбүр болды. Осылайша ел кезу оны Сырдарияға әкелді. Ол кезде онда жан-жағынан тоналып, езіліп жүрген қарақалпақтар тұратын. Олар Тевкелевтің келгенін естіп, Ресейдің қоластына өтуді ойластыра бастады. Бұл жағдай қазақтарға қатты әсер етті. Елдегі толқулар тоқтады. Содан Әбілқайыр мен А.Тевкелев жыл аяғында Ресей шекарасына жақындауға мүмкіндік алды, ал қазақтар барлық жерде орыс бодандығын мойындай бастаған”,— дейді (65, 7—8). Бұдан байқалатыны, Л.Мейер қазақтың ханы өзінің саясатына ел игілерін сендіре бастағанын мүлдем қаперіне алмайды. Ал сын сағаттарында Әбілқайырдың халқынан ешқайда ұзап кетпегенін, қайта ханның ақсақалдар кеңестеріне қатысып, ойын ашық айтыр отырғаны А.И.Тевкелевтің күнделігінде жазылған.

Патша елшісі А.И.Тевкелев қазақтың сайын даласында бір жыл екі ай болып, өз міндетін адал орындау жолында қыруар іс тындырды. Ол қиын-қыстау сәттерде Әбілқайырмен мейлінше жақындасты, қысты бірге Арал теңізінің күнгейіндегі Бөкенбайдың қыстауында өткізіп, хан ордасына көктемде ғана оралды. Ал “дүрдараз топтар” Тевкелевке деген жаулығын қоймай, тіпті оның тұрағына да шабуыл жасап бақты. Елші олардан қолындағы бар қаржысын, заттарын беріп өрең құтылды.

1733 жылы 2-ші қаңтарда елшілік Уфаға жеткенше Тевкелевтің тағдыры қыл үстінде тұрды. Тағы да елшінің күнделігіне жүгінейік: “24 қараша күні (1732 жылы — А.Қ.) ертемен тілмәш Тевкелев Найзакескен деген жерден Ресейге аттанып кетті. Онымен бірге мыналар жүрді: Әбілқайырдың ұлы Ералы сұлтан мен оның немере ағасы Нияз сұлтан. Ел ағаларынан: Жәдік би, Құдайназар мырза, Бөкенбай батырдың немере інісі Мырзагелді батыр және Түгелбай мырза, қыпшақ Құрды мен Байғұншақ нөкерлерімен қоса атанды.

Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр және Ресейге ниеттес көптеген ел ағалары Тевкелевтің артынан қуғын жүрмесін деген қауіпшен кешке дейін бірге жүріп отырды. Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр Тевкелевке: сақтық жасап, 3—4 күн қазақ даласынан шығып кеткенше тек қана түнде жүруге кеңес берді. Ал егер оның, Тевкелевтің соңынан қуғын шыға қалса, онда Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр оларға шабарман жіберіп, хабар бермек болып келісті. Бөкенбай Уфаға жеткен соң, өз інісі Құдайназар мырзаны Уфадан қайтарып жіберуді өтінді” (96, 72; 94, 105—106; 93, 137—138). Жолда 39 күн жол жүріп, Уфаға аман-есен жеткен М.Тевкелев Әбілқайырдың елшілерімен одан әрі қазақ — орыс қатынастарын талқылау мақсатында патша сарайына аттанған. Оның Ресейге қайтарылуынан күдер үзген Сыртқы істер Алқасы елшінің аман келуіне, мәмілегерлік табысына әбден риза болады. Елшілерді бастап Әбілқайыр ханға барып, бодандықтың баршасын империяның нұсқауына сай жүргізген, қазақ елі мен рулары туралы толық мағлұматтар жинаған, Кіші жүз, Орта жүз игілерімен кездесіп, ол жөнінде бай деректерді патша ағзамға жеткізген Мәмет Тевкелевтің іс-әрекеттері отарлау саясатының бағдарламасына дөп келді. Міне, осыдан кейін, сыртқы саясатта үстем алған “қазақтар Ресейге өз еркімен қосылды” деген пікір тарихнамаға жайлап орныға бастады.



**БОКЕНБАЙ БАТЫР — КІШІ ЖҮЗ ХАНЫНЫҢ
БАС САРДАРЫ**



*Биік тауға жарасар,
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар.
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы...*

Бұқара жырау Қалқаманұлы (206, 47).

Дана қазақ халқында “ел ерсіз, ер елсіз болмайды” деген аталы сөз бар. Шетелдік ғалымдар болса, мұны тілдің майын тамызып ұзақ түсіндірер еді. Тіпті, француздың ойшылы, данышпан философ Мишель Монтень жарықтық осы ерлік пен елдік жайында ұзақ трактат та жазған көрінеді (115,7). Ал, біздің халқымыз тілмен түйілгенді, тіспен шешуге болмайтындай етіп бір ауыз сөзбен ғана түйіндеп тастайды.

Халық оңайшылықпен қалыптаспайды. Ол бұл жолда үлкен-үлкен құрбандықтар жасайды, бастарынан талай қиыншылықтарды кешеді. Кез келген халық оқтай тұзу, келір-бұдырсыз тарих даңғылына түсіп, қытай, орыс, француз, жапон, ағылшын болып шыға келген жоқ. Халық болу үшін талай заманалар, ғасырлар бойы отқа күйіп, суға түсіп шындалып, іргелі жұртқа айналып, шаңырақ көтереді. Тарих көшіне ілескелі өзінің ұзын-сонар қалыптасу ғұмырында жер бетінде мың өліп, мың тірілген, еңсе көтерген халықтардың бірі — қазақ, сайын даланың ержүрек, қаһарман халқы.

Сол қазақ елдігін тілін, дінін, ділін, салты мен дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап қалу үшін қысыл-таяң күндерде шаршы топта көсем-сөздің несі, жау келгенде ту байлап, қол бастайтын елінің небір арыс перзенттерімен мақтанады. Олар бейбіт өмір кешкен күндерде

емес, халық тағдыры қыл үстінде тұрған қилы кезеңдерде дарабоз болып ерекшеленді. Ұзын-сонар ғұмыры тек қана қиын-қыстау құбылыстардан тұрғандықтан ба, “замана жұртын айналған” хандарымыз бен бектеріміз, ғұлама ойшылдарымыз, батырларымыз бен билеріміз, шешен, жырау, ақындарымыз жетерлік. Сондықтан болар, өз Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Салқам Жәңгір, өз-Тәуке, Әбілқайыр, Абылай, Кенесарыдай хандардың; Майқы, Ақжол, Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке сынды билердің; Едіге, Қаракыпшақ Қобыланды, Шора, Ер Тарғын, Жалантөс баһадүр, Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, табын Бөкенбай, албан Хангелді, Сатай, шапырашты Бөлек, жаным Өтеген, тама Есет, Жанқожа, Көтібар, Есет Көтібарұлы, Тайлақ, Бақтыбай, ошақты Саңырық, Исатай мен Махамбет секілді халық үшін қан төккен талай-талай қас батырлардың күні бүгінге дейін халқының, ұрпақтарының жадында сақталғаны (132, 167—179; 133, 7—17).

Осыдан ұлы тұлғалардың қаһармандыққа толы өмір жолдары халқымыздың тарихынан ет пен сүйектей ажырамай, жұртымыздың кешегісі мен бүгінгісі болашақ ұрпақты елжандылыққа, ерлікке тәрбиелер темірқазығы деп саналады.

Сол дарабоздардың бірі — Кіші жүздің Жетіруынан шыққан табын Бөкенбай бабамыз. Ол туралы жоғарыда аты аталған Әліби Қойлыбаев “Бабамнан қалған байтағым” атты кітабында: “Тарихтан белгілі, табын Бөкенбай батыр әйгілі Әбілқайыр ханның тірегі, майдандағы ұстазы, қанды көйлек жолдасы болған, қазақ тарихындағы орны орыстың Кутузовындай ерекше тұлға. Осы тұлғаның ғажайып бейнесі ұрпақ санасынан күні бүгінге дейін лайықты орнын ала алмай келеді. Батыр туралы заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлының “Үркер” романында аз-кем баяндалады. Ол көркем шығарма ғой, ал Бөкенбай туралы тарихи еңбек әзірге жоқ. Бөкенбай 1710 жылы (дұрысы 1718 жыл — А.Қ.) Қарақұмда өткен үш жүздің игі жақсысы түгел жиылған құрылтайда қазақ жеріне ұмтылған жоңғарларға қарсы майдан ашу келісілген кезде қазақ қолының қолбасшысы сайланған әйгілі батыр, дарынды қолбасшы. Әбілқайыр қолы қалмақтарға тұңғыш соққы берерде, Бөкенбай оның бас қолбасшысы болған батыр еді. Сол жылдары Бөкенбай шатыры әлгі шоқының (Ырғыз өзені бойындағы Бөкенбай шоқысы — А.Қ.) түбіне тігілген деседі. Әбілқайыр мен Бөкенбай Ырғыз бойындағы ну боп өскен талынан найзаға сап қиғызып, оны қайнаған айыр өркеш түйенің майына қоңыр тартқанша суартып, найза, садақ жасатқан. сол шынықтырылған талды Айыркызылдың күнгей бетіне кептірген деседі.

Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр жоңғарлармен шайқасар алдында осы биік шоқының басына шығып, жан-жақтан топ-топ болып, әр ұлыстан келіп жатқан қалың колдарды қоріп, алдағы шайқас туралы кеңескен екен. Бөкенбай батыр осындай атой шоқыны әдейі таңдап алған деседі. Бұл шоқы сол заманнан бері “Бөкенбай шоқысы” деп аталып кеткен. Табын Бөкенбай батыр Әбілқайыр ханның өмір бойы ең сенімді серігі де, тірегі де болған”, — дейді (116, 12—14; 105, 13—14; 235, 219—220).

Дереккөздерден белгілісі Бөкенбай батыр анталаған жаудан Кіші жүздің жерін, елін қорғап жүріп, 1742 жылы көктемде түркімендермен кезекті шайқастың бірінде таза тапқан. Бүкіл жан-тәнін өз халқының ұлттық мүддесі үшін сарп еткен Бөкенбай батырдың ғұмыр жолы кейінгі ұрпаққа теңдесі жоқ өнеге. “Ырғыз жерінде Бөкенбай батырдың ерен ерлігінің мәңгі ескерткішіндей “Бөкенбай шоқысы” елін, жұртын күні бүгінге дейін қырағы күзетіп тұр”, — деп ойын түйіндейді Ә.Қойлыбаев.

Шынтуайтында, осы күні жаңағы автор айтқандай, қаздай тізілген қазақ батырларының алдыңғы сапында Кіші жүздің сардары Бөкенбай батыр тұру керек еді. Шыбын жанын найзаның ұшына байлап, қасық қаны қалғанша қылышын оңға да, солға да сілтеп шығыс пен батыстағы екі жаумен бірдей алысқан, бұл дүниеде жасаған елу алты жыл ғұмырының қырық жылын ат үстінде, халқының бас бостандығы мен азаттығы үшін жорықта өткізген қас батыр, асқан мәмілегер Бөкенбай Қараұлы жайлы ұзақ уақыт жұмған аузымызды ашпай келдік. Оның себебі не? — дейді жаңағы автор (105, 13—14).

Әліби Қойлыбайұлының осы бір сөзі бізге де ой салғандай. Бөкенбай батырдың ғұмыры жайлы мәліметтер тірнектеп жинала басталды. Бір әңгіме екіншісіне жол сілтеп, ауызекі аңыздардан да басқа мұрағаттардан жазба жәдігерліктерде табылып жатыр. Ұлы батырдың көркем бейнесі Әбіш Кекілбаевтың “Үркер”, “Елең алаң” романдарында сомдалды. Сардардың ұрпақтарының бірі ғалым Н.Ы.Жетпісбаевтың “Бөкенбай батыр жөнінде” жариялаған көлемді мақаласында оның батырлық, мәмілегерлік қаракеттері тиянақты баяндалған соң, біз, бұл арада нақты деректерге көбірек назар аудардық. Аталмыш жәдігерліктердегі көңіл аударатын бір нәрсе — ағылшын саяхатшылары да, патша үкіметі шенеуніктері де, Бөкенбайдың жеке басы асқақ қасиеттерін, сұңғыла ақыл иесі екендігін мойындап, оған деген үлкен құрметті сезімдерін білдіре отырып, таңдана таңқала жазуы (102, 43—45; 103, 71—81; 104, 71—78; 105, 13—14; 234, 92).

Бөкенбай батыр — тек қол бастаған батыр ғана емес, ел бастаған көсем, топты жарған шешен, қазақтың болашағын ойлап тереңнен түйін түйіп, Әбілқайыр ханмен бірге Ресей империясының окілдерімен мәмілегерлік жүргізген, халық оның қара басын хандай сыйлаған асқақ тұлға. Сондықтан да, осы әңгіменің барысында оның замандастары және сол кездегі көрші елдердің Қазақстан хақында ұстанған саясаты туралы да сыр шертіледі.

Енді аруаққа сыйынып, табын Бөкенбай абыздың ғұмырнамасына сапар шегейік. Ең алдымен айтылатыны, XVIII ғасырдың қырқасында қазақ тарихнамасында төрт Бөгенбай, үш Бөкенбай есімді би мен батырлардың кездесуі,— дейді бір зерттеуші (124, 3). Осылардың ішінен бұл кезеңнен сәл ертерек өмір сүрген Орта жүз керейттің Ашамайлы руынан шыққан Бөгенбай Маянбайұлын (1630 жылдары туып, 1708 жылы қайтыс болған) қоспағанда қазақ-жоңғар соғыстарының бас сардарбегі атышулы Бөгенбай Ақшаұлы (1680—1775) арғын руының Қанжығалы аталығынан, ал Бөгенбай Қожекеұлына (кейбір деректерде Біркүртқаұлы, шамамен 1700 жылдары дүниеге келіп, 1759 жылы қайтқан) келсек, бұл Орта жүздегі арғынның Қараман аталығынан (117, 396). Енді, бірі Бөкенбай Бозкозыұлы, XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген, ол Орта жүз арғын руы Сүйіндік аталығына жатады. Баянауылда дүниеге келген, Жоңғар шапқыншылығы кезінде арғын-қыпшақ қолын басқарған сардар (117, 405). Тағы біреуі — Бөкенбай Мергенұлы (1717 жылы туып, 1758 жылы қаза тапқан), Орта жүздің Керей тайпасынан (117, 406). Ал біз әңгіме етіп отырған тұлға Кіші жүз ханы Әбілқайырдың бас сардары, ірі саяси қайраткер, Ресей патшасының елшісі М.Тевкелевті ажал аузынан арашалап алатын Бөкенбай Қараұлы, Кіші жүздің табын руынан шығады. Оның туған жылы белгісіз, ал тарихнамадағы мәліметтерге жүгініп, қаза тапқан уақыты 1742 жыл деп жазылып жүр (117, 405—406).

Жоғарыда аталған Бөгенбайлар мен Бөкенбайлардың ішінен бізге етене танысы “Қазақтың қамал қорғаны” деп дәріптелетін, Орта жүз арғын руы Қанжығалы аталығынан Бөгенбай Ақшаұлы (228, 3—385) мен Әбілқайыр ханның бас сардары, Кіші жүз табын руынан тарайтын Бөкенбай Қараұлы (102, 43—45; 103, 71—81; 104, 71—78).

Қанжығалы қарт Бөгенбай 1726 жылы Ордабасыда өткен үш жүздің бас қосқан құрылтайында барша қазақ жасақтарының сардарбегі (атойшы, ту ұстаушы), жоңғарларға қарсы қазақтардың ұлт-азаттық қотерілісінің көсемі. Абылай ханның қасында көбірек жүрген бұл батырдың есімі ресми деректерден гөрі халық дастандары мен жыр-

ларында, мәселен, комекші Бұқардың жырларында жиі аталады. Оның аты халқына кеңінен танымал, оқулықтардың бөріңде дерлік бар, мерейтойы ел болып аталып отілген, атак-даңқы жер жарған батырдың аты, Қазақстанның бас қалаларының кошелеріне берілген, бейіне ескерткіші Астананың төрінен орын алған белгілі баһадүр. Оған Қазақстанның көрнекті тарихшыларының бірі Ж.Омари “Қанжығалы қарт Бөгенбай (Қазақтың қамал-қорғаны)” атты монографиялық шығармасын арнап, батырдың өмір тарихын деректі баяндармен толық қамтыды. Сондықтан, біз бұл арада Қанжығалы Бөгенбайдың ғұмырнамасына тоқталмадық.

Ал, Кіші жүз Жетірудың табын аталығынан шыққан атақты батыр, Әбілқайыр жасақтарының бас сардары әрі ханның үзеңгілес серігі, Мәмет Тевкелев басқарған қазақ-орыс дипломатиясының майталман мәмілегері Бөкенбай Қараұлы жыр-дастандардан гөрі, Ресей империясы мұрағаттарындағы ресми құжаттар мен патша әкімшілігі қызметкерлерінің хаттарында, күнделік жазбаларында, XVIII—XIX ғасырлардағы шығыс зерттеушілерінің шағырмаларында кездеседі. Солай бола тұра, бұл батырдың есімі осы кезге дейін қалың жұртшылықтың назарынан тыс қалып келді. Ол туралы жоғарыда Әліби Қойлыбайұлының еңбегінде де айтылады. Бізді де, осы кітапты жазу барысында, табын Бөкенбайдың ғұмырнамасы көбірек қызықтыратынын байқап, оған байланысты там-тұмдап жарық көре бастаған жазба мағлұматтарды шолып өгуді жөн көрдік. Дарабоз арыстың ала-сапыран заманадағы халқының азаттығы үшін шыбын жанын пида еткен оның іс-әрекеттері мен сіңірген еңбегіне дәрменіміз жеткенше тоқталып өтсек деген ой жетеледі. Бөкенбай тұлғасына, “қазақтың Кутузовына” қанша жазсаң да артық етпесе керек. Осы арада ғалым Н.Ы.Жетпісбайдың Бөкенбай батырдың ғұмырына арналған зерттеу шығармаларының айрықша екені де айтуға тұрарлық.

Зерттеуші Н.Ы.Жетпісбайдың пайымдауынша, Бөкенбай Қараұлының туған жылы да, нақты туған жері де белгісіз, шыққан ру тармағына қарай оны Батыс Қазақстан өлкесінің Жайық, Ырғыз, Елек, Жем өзендерінің бойы деп топшыланады. Біздің ойымызша, Бөкенбайдың туған жылы, егер 1718 жылы (Я.П.Гавердовскийдің деректерінде 1710 ж. көрсетіледі — А.Қ.) Қарақұмдағы құрылтайда барлық Кіші жүз рулары мен Орта жүздің кейбір руларының бас сардары лауазымына сайлануына байланысты оны 25 жаста десек, онда Бөкенбайды 1693 жылы туған Әбілқайырмен құрдас деп шамалауға болады, ал оның қан майланда 1742 жылы қаза тапқанын негізге алып, қайсыбір зерттеушілер батырдың өмір сүрген мерзімі 56 жыл

деп жазып жүр. Біздің ойымызша, батырдың ғұмыры 49 жылға созылған. Қателессек, Алла Тағала мен бабамыздың аруағы кешірсін!.. Жаңағы мәліметтерге қарағанда, Кіші жүздің бас сардары Бөкенбайдың жасы Әбілқайыр ханмен қарайлас болса керек, ал аттасы Қанжығалы Бөгенбайдан 10—12 жас, күйеу баласы тама Есеттен 15—17 жастай кіші болып шығады.

Тарихи тұлға — батырдың атын шығаратын көбіне оның жас күнінде көрсеткен ерлігі не соғыс майданындағы жекпе-жек шайқасы. Бұл тұрғыдан Бөкенбайдың жастық шағы туралы деректер сақталмаған, ол да Әбілқайыр сұлтан сияқты “Ақтабан шұбырынды...” қасіретінен бұрын Еділ — Жайық бойында көшіп-қонып жүрген секілді. Бұның да атын алты алашқа мәлім еткен 1718 жылғы Қарақұмдағы ел ағаларының құрылтайы еді. Баһадүрдің осыдан кейінгі өмір жолына зер салсақ, оның ғажайып мемлекеттік, жалпы ұлттық деңгейдегі кемеңгерлігі ерекше көзге түседі.

Тарихатта көрсетілгендей, 1718 жылы Арал өңіріндегі Қарақұмда бүкіл Кіші жүз рубасылары мен Орта жүздің кейбір руларының құрылтайы өткені мәлім. Құрылтайға қатысушылардың бір тобы тағдыр талқысына көніп, Жоңғар қалмақтарына мойынсұнуды жөн көреді. “Басқалары үй-жайын тастап, — деп жазады орыс дипломаты Я.П.Гавердовский, — Еділдің сыртына көшіп барып жан сақтағысы келді, ал енді біреулері қоян секілді жан-жаққа бытырап қашпақшы болды, талайы толқып жүрді. Бірақ сол кезде ерлігімен әйгілі болған ру басы Бөкенбай мұндай әрекеттердің бәрін тыйды” (2, 325; 236, 393—394). Бұл жазба деректерде Қарақұм жиыны Қаракесек (Әлімұлы!) руының жерінде өткендіктен, кейде оны “Қаракесек құрылтайы” деп те атайды. Осы жиын туралы алғашқы мәліметті 1803 жылы осы өңірде елшілік сапармен жүрген патша үкіметінің әскери қызметкері Я.П.Гавердовский Әлімұлы ақсақалдарының айтуымен қағаз бетіне түсірген. Кейінгі зерттеушілердің барлығы дерлік, қалың жұртшылыққа белгісіз болып келген, осы оқиға туралы жазғанда, аталмыш автордың еңбегіне сүйенеді (236, 393—394).

Ресей дипломатиясының өкілі Яков Петрович Гавердовский осы жиынға Кіші жүзден Әлімұлының басым бөлігі, Байұлы мен Жетірудың бірсыпыра рулары, ал Орта жүзден қыпшақтар мен наймандардың бірнеше отбасылары ғана қатысқанын жазады. Осыған қарап, Байұлы руларының бір бөлігінің ғана жиынға қатысуы батыста тұратын олардың қосындарына қалмақтардан көп қатер төне қоймағандығынан шығар. Бөкенбай сынды сұңғыла ұлы суырылып шыққанына қарамастан Жетіру тайпасы туралы да осындай себепті тілге

тнек етеміз. Орта жүзден қолдаушылардың аз болуы олардың бұл жиынға түгел қатыспағандығынан туса керек. Жиынға келген қыпшақ пен найманның бірнеше отбасылары, олардың ежелден Кіші жүзбен қоныстас Торғай өзенін жайлаған аталықтары болар. Сонымен бірге, автордың күнделігінде келтірілген (қыпшақ) сөзін қазақ деп түсіну қажет (“қыпшақ даласы” XI—XVI ғасырлар аралығында қолданылған ұғым, оны “қазақ” этнонимі ығыстырып шығарған), дала халықтарының тарихынан жақсы хабардар елші Я.Гавердовский бұл ұғымды “қазақ” сөзінің баламасы ретінде қолданған тәрізді. Осы арада тағы бір айта кететін нәрсе — құрылтайдың шақырылған жылы хақында. Тарихат бетінде Я.П.Гавердовскийдің күнделігіне сүйеніп, 1710 жыл деп жазылып келді. Патша шенеунігі оқиға өткеннен кейін 93 жылдан соң ғана Әлімұлы ақсақалдарының аузынан жазып алып, хатқа түсіргені ескерілмейді (234, 26—154; 235, 158—284; 236, 287—495). Соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер құрылтайдың өткен уақытын 1718 жылмен шектейді. Бұндай пікірлер құптауға тұрарлық. Шынтуайытында, аталмыш құрылтай Тәуке хан (1715 ж.) мен оның мұрагер ұлы Қайып хан (1718 ж.) өліп, жан-жақтан анталаған жаулардың қыспағында қалған Кіші жүздің рубасылары тығырықтан шығудың амалын іздеп, ақсақалдар кеңесін шақырса керек. Бұл жиын Арал маңындағы Қарақұмда Қаракесек руының жерінде, жұрт жазғы жайлауға көшіп кетпей тұрғанда өткен тәрізді. Осы кеңесте Әбілқайыр Кіші жүзге хан сайланады, ал Бөкенбай батыр бас сардарлыққа бекітілген.

Жаңағы бас қосқан Құрылтайда сары уайымға салына бастаған қазақтың елбасыларын өзінің жалынды сөздерімен тоқтата білген баһадүр Бөкенбайдың қазақ елінің бірлігін асырған, қас дұшпанының құтын қашырған қайраткерлігі осы бір кезеңде асқар шыннан көрінді. Егер осылай бүкіл қазақ жұрты жаудың көптігінен бір сәттік үрейге бой алдырып, ата-мекендерін тастап жат жерге шұбырса, бастарына қандай күндердің туатынын болжау қиын емес еді. Сондықтан, жігерсіздіктің лебіне беріліп жерге қараған қалың жұрттың көңіл күйіне әсер етіп, еңсесін көтерткен батырдың кескін-кейпі сомдалғанда оның адамгершілік қадір-қасиетін баса айту парыз.

Сөз орайында, аталмыш ақсақалдар кеңесінде жолы үлкен Жәдік әулетінен емес, аталары ешқашан хандық дәрежеге көтерілмеген, кіші Өсеке әулетінен шыққан Әбілқайырдың әдет-ғұрып заңдарды бұзып хан сайлануы да ерекше оқиға. Бұған ол өзімен жас шамасы қарайлас Бөкенбай, Бактыбай батырлар мен жасы үлкен тама Есет, қырғыз Бәйімбет тәрізді үзегілес серіктерімен бірге қол ұстасып, баққа, атаққа



Қазақ сарбаздары жоңғарларға қарсы жорықта. (XVIII ғ.)

таласпай талай рет қалмақ пен өзге жауларының шептерін бұзып-жарып қазақ шекарасын солтүстік-батысқа қарай созып, өз бастарының пендешілігінен гөрі халық мүддесін жоғары қоюы, сөйтіп, елдің құрметіне бөленіп Әбілқайыр баһадүрдің хан аталуы, алғыс пен даңққа бөленуі қандай ғанибет десейші. Әбілқайыр қазақтың кемеңгер бас хандарының бірі бола тұра, шынтуайтында, тарихтан хабары аз кейбір “ұлтжанды” жанашырлар тарапынан орынсыз қараланып келгенін де жасыруға болмайды. Қазақ жерін жоңғарлардан азат етуші, көрегендікпен Ресей империясының “камқорлығына” бас иген бұл қайраткердің ғұмырлық жолы, жүргізген мәмілегерлік саясаты, ұстанған мақсат-мүдделері және шын мәнінде бақталастықтан өлтірілгені жеке тақырып ретінде арнайы зерттеліп отырғанын тағы да еске сала кетейік.

1726 жылы Оңтүстік Қазақстандағы Ордабасыда (қазіргі Түркістан қаласының маңы) қазақтың үш жүзінің игі жақсылары, батырлары мен билері бас қосқан бүкілхалықтық құрылтайда қаралған басты мәселе — жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық соғысқа күллі жұртшылықты көтеру еді. Қазақ батырлары алдыңғы кеңестердегідей емес, ата жауларынан қазақ жерін босатудың нақты шараларына бой түзеді.

Қазақ даласын сонау шығысынан батысына дейін жебе тәрізді жарып отіп Торғай, Ырғыз, Еділ, Жайық бойынан бір-ақ шыққан

басқыншыларды, сол оңірлерде Әбілқайыр, табын Бөкенбай, тама Есет, Шекті Тайлақ және Бақтыбай, Шақшақ Жәнібек батырлар бастаған Кіші жүз бен Орта жүздің руларынан құралған сарбаздардың тас-талқан етіп жеңуі көпшілік қауымды рухтандырған еді. Осы тұста аталған Бөкенбайды есімінде бір әріп қана айырмашылығы бар Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдан басын ашықтап, табын Бөкенбай батырдың ерен ерлігіне және саяси кемеңгерлігіне, дипломатиялық іс-қаракеттеріне тиянақты баға беретін уақыт жеткен сияқты. Қазақ жеріне елшілікке жіберілген Ресей Сыртқы істер Алқасының тілмашы Мәмет Тевкелев осы Бөкенбаймен жиі-жиі кездесіп, ақыл-кеңес алғаны туралы өзінің күнделігінде де, орталыққа жолдаған хаттарында да оның қамқорлығына асқан ризашылығын білдіріп отырды.

Сондай-ақ елшінің күнделік жазбаларында Бөкенбайдың, тама Есеттің, шақшақ Жәнібектің Әбілқайыр бас болып қазақтардың Ресей қарамағына кіруде және адалдыққа ант беруде ең сенімді жақтастары екені, оның жақын ортасын құрағаны әлденеше рет қайталанады. Расында да халық арасында асқан зор беделге ие болған осы үш батырдың алдыңғы “жоңғар науқаны” кезінен бас сардардың қанды балақ қол басылары, оның көпшілікке белгісіз сұлтан кезінен қасына еріп, кейін хан сайлануына да ықпалын тигізгендері айдан анық. Патша үкіметі Оренбург әкімшілігінің басшысы әрі тарихшы В.Н.Татищевтің айтуынша, бұл баһадүрлерге кейде ханның өзінің де құзыры жүрмеген. Сонымен бірге, бұл батырлар тек соғыс шайқасында ғана ержүректікпен көзге түскен жоқ, сондарынан қалың жұрттың ерткен төбе билер де еді. Мәселен, Бөкенбайға Жетірудың жеті мың шаңырағы қараса, Есет тархан төрт мың жұртты билеген, кейін Бөкенбай батыр (1742 ж.) қаза тапқан соң, оның елі күйеу баласы Есет батырға ерді. Ресей империясының сыртқы саясаты мұрағатының “Киргиз-кайсацкие дела” деп аталатын қорында сақталған мағлұматтарда қазақтардың патша үкіметінің құрамына “кіру науқаны” кезіндегі қаракеттердің басы-қасында болған осы үш батырдың және Бөкенбайдың немере інісі Құдайназар мырзаның аттары үнемі бірге аталауы тегіннен тегін емес (102, 43—45; 103, 71—81).

Қазақ тарихшыларының бірі Ө.Өмірзақовтың айтуынша, халық арасында беделі зор Бөкенбай батырды өз жағына тарта білген Әбілқайыр хан, патша әкімшілігінің де көңілінен шыққан (99, 25).

Осы арада Сейітқали Қарамендиннің “Батырдың аты өшпейді: төрт Бөгенбай, үш Бөкенбай хақында” Бөгенбайлар мен Бөкенбайлардың басын ажыратып жазған мақаласының ғылыми құндылығын айта отырып, табын Бөкенбайды Жағалбайлы руынан деген жаңсақ

айтылған пікірімен келісе алмаймыз (120, 5). М.Тевкелевтің күнделігінде айтылатын: 1731 жылы, 10-шы қазанда Әбілқайыр хан, Есет батыр, Құдайыназар мырза және 27 рубасы қосылып, Ресей қарамағына кіруге ант берген Бөкенбай батыр — ол табын Бөкенбай еді. Шынтуайтында, Ресей бодандығын Әбілқайырдан да, рубасылардан да бұрын бірінші болып, қазанның 9-ында М.Тевкелевтің ордасында оңаша қабылдаған да осы Бөкенбай еді (121, 51—64; 119, 134; 102, 43—45; 122, 202, 52, 86; 93, 74).

Бөкенбай батырдың ғұмырнамасына қатысты деректеді саралай отырып, бір көңілге келетіні, мұрағат қорындағы хатталған құжаттарда Ресей елшісі М.Тевкелевке айтқан Бөкенбайдың сөздері, төңкеріске дейінгі ол туралы кездесетін мәліметтер кеңес тарихнамасында, оқулықтарда жаңсақтықпен өзімен аттас басқа тұлғаларға жазылып жүрді. Басқасын былай қойғанда, атақты тарихшы М.Қозыбаевтың “Жауды шаптым ту байлап” деген ғылыми еңбегінде және Қазақстан ұлттық энциклопедиясының 1999 жылы баспадан шыққан екінші томында, 1718 жылғы Қарақұмдағы құрылтайда табын Бөкенбай батырдың халыққа арнап айтқан жалынды сөздері түгелімен Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың атына жазылып кеткен (117, 395; 9,68). Ал белгілі ғалымдар даярлаған “Қазақстан тарихы” (еңбек баспадан 2000 жылы орыс тілінде жарық көрген) жинақтың 3-ші томының 101-ші бетінде руы көрсетілген Бөкенбай баһадүрдің М.Тевкелевке Әбілқайыр хан туралы айтқан әңгімелері осы кітаптың 136-шы бетінде түк өзгеріссіз сол күйінде тағы қайталанады, бірақ бұл жолы арғын Қанжығалы Бөгенбайдың атынан. Табын Бөкенбайдың Қарақұмдағы ақсақалдар кеңесінде ашына айтқан сөздері де соңғы аталған еңбекте айна-қатесіз Қанжығалы қарт Бөгенбайға таңылады. Біз бұл арада атағы жер жарған, Аңырақай шайқасындағы қазақ жасақтарының бас сардарбегі Қанжығалы Бөгенбай бабамыздың ерлігі мен данқына ешқандай шек келтірмейміз, оның батырлығы мен қолбасшылық дарыны Бұқар, Үмбетей, Қожаберген жыраулардың дастандарына, басқа да халық жырларына арқау болған. Бұдан туатын түйін, оқиғаларды баяндағанда қателіктерге бой ұрмай, шындықты сол күйінде жеткізу. Жоғарыда келтірілген жаңсақтықтар, шығармаларда көрсетілген кейіпкерлердің есімдерінің бірдейлігінен де болуы мүмкін. Дегенмен де, бұндайда жеке тұлғаларға байланысты қаракеттерді егжей-тегжейлі салыстыра отырып қана тұжырымдауды есте ұстайық.

Қайсыбір зерттеушілер Қарақұмдағы құрылтайда сөйлеген табын Бөкенбай батыр екендігіне күмәнмен қарайды. Бірақ бұрынғы және

қазіргі тарихи дереккөздерді талдау арқылы, 1718 жылы бас сардар сайланған дәл осы баһадүр екеніне ешқандай шек келтіруге тиіс емеспіз. Осы жиында халық алдына шыққан Кіші орданың батыры Бөкенбай екенін дәлелдейтін нақты мысалдарға жүгінсйік. Бұған алдымен, аталған ақсақалдар кеңесінің ежелгі әдет-ғұрып бойынша қазақтың аға хандарының астанасы Түркістан маңында емес, өз ата-мекенінде, Кіші жүздің жерінде (Арал маңындағы Қарақұмда) өткізілуі. Негізгі ұйымдастырушылары да, қатысушылары да сол жүздің рулары екенін, қаракесек пен табындардың қыстаулары сол өңірге жақын болғанын, Әбілқайыр мен Бөкенбайдың үнемі тізе қосып жауларына бірге шығатынын және жекжаттық қатынастарын, тағы басқа жайттарын тілге тиек етуге тұрарлық. Ал, Ресей елшілігінің жетекшісі отызға жаңа ғана толған Я.П.Гавердовский батырды би деп көрсетеді және жиынға келген Орта жүз руларынан тек найман мен қыпшақтың азын-аулақ отбасылары болғанын айтады (236, 393—394). Сол замананың көрнекті тарихшысы В.И.Витевский де осы құрылтай туралы айта келіп, қазақтың белгілі батыры әрі биі “Буқанбай” деп көрсетеді (64, 135).

Аталмыш тұлғаның сол кезде би болғанын басқа деректер де құптайды. Қазақстанның белгілі тарихшыларының бірі, Әбілқайыр ханның ғұмырнамасын жатпай-тұрмай зерттеп жүрген И.В.Ерофеева да және бірқатар зерттеушілер де тарихи мұрағаттарды ақтара келіп, жоғарыдағы пікірлермен келіседі (2, 107; 116, 13—14; 103, 75; 234, 92; 236, 393—394).

Бұлармен қатар, өткен ғасырдың 90-шы, яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында баспасөз бетінде жарияланған мақалаларда “Бөгенбай” мен “Бөкенбай” батырларды жинақтап, бастарын ашуға бірсыпыра талпыныс жасалғанын да осы арада айту орынды. Мәтіндері бір-біріне ұқсас осындай екі мақалада авторлар халық аузындағы және жазба шығармалардағы деректерді жинастырып, өз ойларын ортаға салғаны әлгі де айтылды (120, 5; 124, 3—7). Дегенмен, бір назар аударатын нәрсе, екі ғалым да Бөгенбай мен Бөкенбай батырларды жіктеуде ХІХ ғасырда өмір сүрген суырып салма ақын Сегіз сері (Мұхаммед Қанапия) Баһрамұлының жазбаша және ауызша сақталған жырларын негізге ұстайды. Бірақ олар “Ер Бөгенбай” дастанының Қарақұмдағы оқиғадан 130—140 жыл кейін жазылғанын қаперіне алмай, 1710 жылы бас сардарлыққа Қанжығалы Бөгенбай сайланған дегенді айтады. Бұл жерде тағы бір олқылық-жиын өткен жердің аты аталмауы, сонымен бірге, автордың скеуі де мақалаларында “Елім-ай” дастанының жыршысы саналатын Қожаберген

Толыбайұлы дауылпазға сүйенеді. Шынтуайтында, XVIII ғасырдың басындағы қазақ даңасындағы бүкіл оқиғаларды көзімен сүзген және үш жүздің ордабасылығына сайланған Қожаберген жыраудың дастанына иек артқаны көңілге қонымды. Осының алдында да айтылды, дауылпаз Қожаберген Хиуа, Бұқара, Самарқанд жерлерінде білім қуып, имам-софы дәрежесіне көтерілген, “Елім-ай” дастанының авторы ретінде “Ақтабан шұбырынды....” заманындағы көптеген “ақтандақтардың” бетін ашып берген бірегей дарабоз...

Сонымен, “Төрт Бөгенбай, үш Бөкенбай” мақалалары халық жадындағы Бөкенбайлардың араларын аша келіп, табын Бөкенбайға да қысқаша тоқталып өтеді. Алайда авторлардың бірі — С. Қарамендин батырды Жағалбайлы руынан деп жаңсақ көрсетсе, екіншісі — С.Боранбаев оның өмір сүрген кезеңі 1717—1758 жылдар аралығы деп қателеседі. Соңғы автор табын Бөкенбайды 1758 жылы Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай өңірін жоңғарлардан тазарту шайқасында ауыр жараланып қайтыс болған, өз өсиеті бойынша сол маңға жерленді, ол жер қазір де Бөкенбай сайы аталады (124, 3) деп, 1758 жылы Тарбағатай маңында қайтыс болған Бөкенбай Мергенұлымен шатыстырады (117, 406) және, тағы бір өкініштісі, зерттеуші бұл деректерді қайдан алғанын жазбайды.

Қайсыбір деректерде, Ералы сұлтан бастаған Кіші жүз жасақтары мен Абылай сұлтан басқарған Орта жүз сарбаздарының бірлесіп, аталған жылдары Қытай шапқыншылығынан бөлініп қалған жоңғарларға жорық жасағаны тарихнамадан белгілі. Біз сөз етіп отырған табын Бөкенбай батыр көрсетілген мерзімнен әлдеқайда бұрын (1742 жылы), мүлдем басқа өңірде және басқа жаулармен (түркімендермен) шайқаста қаза тапқан болатын. Бұл мұрағат құжаттарында және ғылыми еңбектерде нақты көрсетілген (54, 205; 234, 92; 105, 14). Бір қызығы зерттеуші С.Боранбаев Бөкенбайдың ұрпақтары — Тіленші мен Жоламан батырлардың есімдерін дұрыс көрсете отырып, олардың ерлігі мен іс-қаракеттері жөнінде біраз қателіктерге жол берген (124, 3). Батырдың аталған ұрпақтары жөнінде, орайы келгенде, тоқталып өтеміз.

Осы екі зерттеуші де Жанкісі жыраудың Орта жүз керейт руынан шыққан батыр Бөгенбай Маянбайұлына (1630—1708 жылдары өмір сүрген) арнап шығарған “Бөгенбай батыр” дастанының XX ғасырдың 30-шы жылдарында жаңсақтықпен арғын Қанжығалы қарт Бөгенбайға телініп кеткендігін бірауыздан мақұлдайды. Шынтуайтында, Қанжығалы Бөгенбайдың әкесі Ақша батыр керейт Бөгенбай Маянбайұлының шөкірті болған, ұстазының құрметіне баласына оның

есімін беріп, батасын алған сыйлас адамдар көрінеді. Зерттеуші С.Қарамендин кеңес заманындағы энциклопедияда кеткен қатені тауып, ондағы 1718 жылы бас сардарлыққа сайланған Қанжығалы Бөгенбайдың орнына Шақшақ Бөгенбай батыр жазылғанын қынжыла еске алады. Сөйтіп, С.Қарамендин де қателесіп отыр. Шынында, әлгіде айтып өттік, Қарақұмдағы құрылтайда бас сардар болып табын Бөкенбай сайланған. Жасыратыны жоқ, Бөгенбай — Бөкенбай аттас батырларға қатысты оқиғаларды шатыстыру күні бүгінге дейін жалғасуда (117, 395).

Қазақстан тарихнамасының көрнекті ғалымы, профессор Ж.Омари “Қанжығалы қарт Бөгенбай (Қазақтың қамал-қорғаны)” атты еңбегінде жұртшылықты осы кезге дейін жаңылыстырып келген, Бөгенбай мен Бөкенбай батырларға қатысты мәліметтерді саралап, тарихи тұлғалардың туған жері мен жылын, өскен ортасын, халқына істеген қаһармандық қаракеттеріне ізденіс жасап, олардың ақ-қарасын ашуға қомақты үлес қосқаны айтуға тұрарлық. Ғалым шығармасында: “Қарақұм кеңесін” өткізген Кіші жүз азаматтары, үлкен кеңестен кейін, өздеріне Әбілқайырды хан сайлап, оның жанына табын Бөгенбайды сардарлыққа бекітті...”, — деп көп жылғы пікірталасқа нүкте қойғызды (228, 97).

Енді Ордабасыдағы (1726 жылғы) үлкен жиынға қайта оралсақ, бұл жерде үш жүздің қазақ жасақтарына бас қолбасшы болып Әбілқайырдың, сардарбектікке (ту ұстаушы, атойшы) Қанжығалы Бөгенбайдың сайланғаны еш дау тудырмаса керек. Бүкілхалықтық құрылтайдың нәтижесінде біріккен қазақ жасақтары екі бірдей тамаша тарихи жеңістерге қол жеткізгені (Бұланты-Білеуі және Аңырақай шайқасы), жоңғарларды ата-мекенінен түре қуғаны тарихнамада жан-жақты баяндалады.

Баһадүр табын Бөкенбайдың 1718 жылғы құрылтайдағы оның бір қаракеті тұтқында жүрген патша үкіметінің офицерінің жазуымен кездейсоқ сақталды десек, батырдың одан кейінгі іс-әрекеттері туралы жазба деректер 1730 жылға дейін сирек ұшырасады. Дегенмен де, оның 1723—1730 жылдардағы жоңғарларға қарсы Ұлы Отан соғысына белсене қатысканы ақиқат. Өйткені, оның төрт бірдей ағасы жоңғарлармен болған қан майданда қаза тапқанын, Ресей империясының елшісі М.Тевкелевке өзі айтқан (55, 65—142; 94, 56—107; 89, 33—73).

Әбілқайыр хан заманында Кіші жүздің жасақтарына қолбасшылық еткен — қарадан шыққан табын Бөкенбай еді де, бас сардардың жүгін жеңілдетер тама Есет, шекті Тайлақ пен Бақтыбай, Шақшақ Жәнібек батырлар еді.

Аталымын сардарлар қысыл-таяң кезеңде халқының бағына берген бес жұлдызы болды, олардың орны Әбілқайыр ханды аялаған би мен батырлардың ішінде ерекше еді. Олай болса, өз басым табын Бөкенбай, тама Есет, Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, шекті Тайлақ, Бактыбай бабаларымыздың ара жігін айырмасақ, бір-біріне қарама-қарсы қоймасақ, бақталас батырлар есебінде санамасақ дер едім. Күллі халық сыйлаған дәрежеге қарадан



Қазақ батыры. Суретші Т.Асықов.

шығып көтеріліп, ханды аузына қаратқан, әскери өнерімен көпшілікті тамсантаң қолбасшылар, мемлекеттік қайраткерлер санатына оларды бірдей көтерсек дер едім. Алатаудай асқар таудың биік тұғырына бәріне бірдей ескерткіш орнатсақ дер едім. Сөйтіп қана, олардың алдындағы перзенттік парызымызды аз да болса ақтар едік.

Табын Бөкенбайдың дипломатиялық қызметі жайлы ресми мәліметтер қазақтардың Ресей қоластына өтуіне байланысты, яғни 1731 жылдың қазан айынан бастап кездесе бастайды, бұл оның осы үрдіске белсене араласуынан болса керек. Бөкенбай да Әбілқайыр секілді Ресейдің қамқорлығына арқа сүйеп, онымен одақтасудың басықасында жүрген нар тұлға. Бөкенбай баһадүрдің ықпалымен күйеу баласы Есет батыр да, немере інісі Құдайназар мырза да, Ақкете руының биі Әжібай, Арал мырза, Алтай батыр, сонымен бірге Шақшақ Жәнібек батыр және оның туажаты әрі үзенгілес серігі арғынның батыры Бөгенбай Қожакеұлы да Әбілқайыр ханның шешіміне қолдау көрсеткен. Ал Бактыбай батыр бастаған көпшілік би, батырлар Ресейге бодандықты жақтамай алғашқылардың қатарында ант беруден бас тартып, М.Тевкелевке қарсы топқа қосылып, елшінің өміріне қауіп төндіргендердің қатарында еді.

Ескеретін бір жайт, сонына жеті мың шаңырақ еріткен Жетірудың басшысы Бөкенбай, төрт мың үйді басқарған оның күйеу баласы тама Есет, бас сардардың немере інісі Құдайназар мырза, Шақшақұлы Жәнібек, арғын Бөгенбай Қожекеұлы тек Әбілқайыр ханның мүддесі үшін ғана бірікпеген-ді. Түпкі мақсат Ресейдің қоластына қараған қазақ жұртының ішіне жымысқылықпен кіре бастаған отаршыларды тежеп, ел бірлігін сақтау еді. Міне, осындай көріктің қызған кезінде Әбілқайырдың бастауымен Ресей қамқорлығына мойынсұнған кезде Кіші жүз бен Орта жүздің тірегі атанған Бөкенбай батыр маңызды рөл атқарды. Бұл кезде Ұлы жүздің айтылмай отырған себебі, аға баласының жұрты түгелдей жоңғар басқыншыларының қоластында қалған еді. Патша үкіметі әкімшілігі қазақтың ең беделді тұлғаларын алдап-арбап, сыйлық таратып отаршылдық мақсаттарына пайдалану үшін Орта жүзден Жәнібекке (1742 жылы), Кіші жүзден Есет Көкіұлына (1743 жылы) тархан атағын береді, (бұл кезде табын Бөкенбай батыр дүниеден өткен еді). Тарихи деректерден белгілі бұндай атақ ерте кезде (VI ғасырда) Түркі қағанатында, кейін Алтын Ордада елден ерен шыққан даңқты батырларға берілді. Орыс офицері Н.П.Рычковтың пайымдауынша, бұл князьдік дәрежеге балама лауазым. “Халық ішінде олардың күші, — дейді шенеунік, — ханнан асып түспеген күннің өзінде, кем түспейді” (128, 81). Тархан атағы атадан балаға мұрагерлікпен берілді және үкіметтің алым-салығынан босатылды. Шын мәнінде, Ресей әкімшілігінің хан мен сұлтандар, билер және басқа беделді адамдармен байланыс жасайтын лауазымы ретінде қолданылды. Патша үкіметі Орта жүзден Шақшақ Жәнібекке тарханлықтың бірінші дәрежесін, Кіші жүзден тама Есетке екінші дәрежесін беруі, екі батырдың ара-қатынасы шиеленісіп, қазақ жүздерінің арасындағы, Құлұғ Мұхаммед Тевкелевтің тілімен айтсақ, тепе-теңдік бұзылмасын деген қағиданы қатаң сақтаған іспетті. Осы арада, неге тархан атағы бас сардар, халықтың ұйтқысы болған, патша үкіметіне бодандықты бірінші қабылдаған Бөкенбай батырға берілмеді деген сауал ойға оралады? Кіші жүздегі тархандық орынды Бөкенбайға беруді, шын мәнінде, М.Тевкелев бастаған барша патша қызметкерлері қолдайтыны белгілі еді. Алайда ата-баба салтымен Бөкенбай бұл кезекті Есет батырдың жолын, жасын сыйлап, әрі ағасы әрі күйеу баласы ретінде Есетке ұсынған. Тархан атағы оған 1743 жылы берілді, ол кезде Есеттің жасы 70-ке тақап қалған еді. Әрі атасы Тама күллі Жетірудың атышулы батыры, жұрт табынатын әулиесі, жасы жағынан да Есет Бөкенбайдан 20 жастай үлкен. Сонымен бірге, Есет батыр қарындасына үйленген Бөкенбайға күйеу, яғни

“найғамбар да күйсеу баласын сыйлаған” деген халық даналығын еске алып, орнын тама Есет батырға береді. Ендігі бір мәліметтер бойынша, жоғарыда айттық, Бөкенбай батыр 1742 жылы көктемде түркімендердің қолынан қаза тапқан, содан оның патша шенеуніктеріне керегі де болмаған секілді.

Мәмет Тевкелев патша әкімшілігіне жолдаған бір құжатында Жәнібек батыр Орта жүзден шыққанмен Кіші жүздегі Әбілқайыр ханға өте-мөте жана-шырлықпен қарайды және оны жақтайды деген екіұшты пікір айтады. Шынтуайтында, бұған сенбестікпен де қарауға болар еді. Бірақ Әбілқайырды 1748 жылы



Шақшақ Жәнібек (1693—1752).
Суретші Н.Қарымсақов.

Барак батыр өлтірген кезде Жәнібек батыр данышпандық танытып қазақ жұртын тұтанғалы тұрған қан төгістен сақтады. Сөйтіп, батыр Әбілқайыр ұлдарының намысын жыртпады, керісінше ел намысын қорғады, халық ішінде қан төгілмесін деген қағиданы берік ұстанды. Кіші жүзбен бірігіп, Орта жүзді, одан қалды күллі қазақ жұртын Әбілқайырға қосылып тығырықтан алып шығу үшін күшті мемлекеттердің бірі — Ресей империясымен жақындасуға, дана Бұқар жыраудың: “Сүйсеуге арқа жарайды, мынау көрші орысың” (131, 33—51) деген өсітімен көсемдік көрсетіп, патша үкіметіне арқа сүйеді (9, 76).

Арғынның Шақшақ аталығынан шыққан Жәнібек кім? Бір мезет осыған тоқталып өтейік.

- Кернекті қолбасшы, мемлекет және қоғам қайраткері Шақшақ Жәнібек, Жәнібек тархан Қошқарұлы — әрі батыр әрі би, ол шамамен 1693 жылы Торғай өңірінде дүниеге келіп, 1752 жылы сол жердегі Тосын құмда дүние салған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Ұлы Отан соғысының қаһарманы. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының момын руынан шыққан. Атасы Шақшақ Аманжолұлы “Еңсегей бойлы Ер Есім” атанған атақты Есім ханның қолбасшыларының бірі. Жәнібек 1710 жылы он жеті

жасында Тәуке ханның жасағы құрамында жауға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген.

Әбілқайыр ханның үзеңгілес жан серігі, хан кеңесшілерінің бірі, ел басқару ісі мен мемлекетаралық қатынастарға белсене араласты. 1717 жылғы Аягөз маңындағы жоңғарлармен болған шайқаста 24 жасында қол бастап, ерлік көрсеткен. 1723 жылдан бастап Жәнібек бір жағынан, Кіші жүз жасақтарына көмектесіп Еділ қалмақтарымен, екінші жағынан Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, албан Хангелді, ошақты Саңырық, шекті Тайлақ, жаныс Өтеген батырлармен бірге оңтүстікте жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беріп отырды. Ол 1726 жылғы Ордабасыдағы ұйғарымнан кейін, Сарысу өзенінің Бұланты — Білеуті сағасының бойында жоңғарларға ойсырата соққы берген біріккен қазақ жасағының құрамында Орта жүз әскерлерінің ең ірі қолын басқарған. Ел жадында сақталған аңыз әңгімелерге жүгінсек, Төле бидің түйесін бағып жүрген Сабалақтың (болашақ Абылай ханның) Ташкентті билеген Уәли сұлтанның ұлы екенін алғаш жария еткен де, Абылай хан тағына отырғанда бата берген де Жәнібек тархан. Ол 1741—1742 жылдары Жоңғар қонтайшысының тұтқынындағы Абылайды құтқарып алуда да ерекше дипломатиялық шеберлік танытқан. Оренбург губернаторы И.И.Неплюевпен арадағы қатынасты ұтымды пайдаланып, жоңғар қонтайшысына арнаулы елшілік шығартқан, бұл іске Әбілқайыр ханды да тартып, ақыры Абылайдың орнына аманатқа басқа адамды беріп, оны босатып алған (129, 619). Ол туралы: “Шақшақұлы Жәнібектің орыс дипломатиясы арқылы қалмақта тұтқында қалған Абылайды босатуға сіңірген еңбегі ерен. Абылай тұтқыннан оралғанда Әбілмәмбет ханға ренжігені белгілі. Кіші жүздің қолымен бірігіп, Орта жүзге ұзақ жыл қалқан болды. 1740 жылы ол Оренбургтегі шекара комиссиясының бастығы В.А.Урусовпен келіссөз жүргізіп, Орта жүздің халқына патша үкіметінің шекаралық қалаларымен тікелей сауда жасауына жол ашты. 1742 жылы Орынбор губернаторы И.Неплюевпен келісім шартқа қол қойып, қазақ — жоңғар, қазақ — башқұрт қарым-қатынасын бір ізге салды. Ол орыс саудагерлерін қазақ жері арқылы Орта Азияға өткізіп тұрды, бірақ сол сауда керуендерін күзететін бірде-бір орыс жасағын енгізбеді. Жәнібек Жаманқала (Орск) бекінісінен басқа өз тұсында қазақ жеріне бірде-бір қала салғызбады”, — дейді қазақстандық ғалымдар (9, 82—83; 48, 147).

Ал Абылай ханның таққа отыру салтанатында Жәнібек тарханның қатысып, оған абыз санатында бата бергені Көпбай ақынның “Сабалақ”, “Абылай хан дастаны”, — деген ұзақ жырында айтылады (130, 38—39).

Патша үкіметінің елшілері алғашқы кездескеннен-ақ Жәнібектің өзі хан болмаса да, хандардың тағдырын шешетінін, қарадан шықса да, беделі ханның дәрежесінен кем емес екенін байқады. А.И.Тевкелев — Құлұғ Мұхаммедтің: “Бөкенбай батыр мен Жәнібек тархан Қазақ ордасында билігімен де, ақылымен де халық сыйлайтын адамдар”, — деуі осыдан (54, 320—385).

Біріншіден, Жәнібек Абылай жетіліп, мәмілегерлік саясатын баянды еткенше Орта жүздің бар ауыртпалығын жеңілдетер тірлікті өз мойнына алды. Екіншіден, “Ақтабан шұбырынды.....” заманында арқаға көшкен Қазақ рулары (арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ) бірнеше жыл хансыз тұрған кезінде, хандық билікті жүргізді.

Жәнібек батыр 1732 жылы жеті мың қолмен жоңғар әскерлері Орта жүзге шабуыл жасағанда, қазақ жасақтарына басшылық етті. Ол бастаған қазақ сарбаздары саны жағынан анағұрлым басым басқыншыларға тойтарыс берді. Бірақ үздіксіз шапқыншылықтан әбден титықтаған Қазақ елі Ресей патшасынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Жәнібектің қазақ даласының тұтастығы мен елінің еркіндігі жолындағы саяси күресінің елеулі белестері осы кезеңнен басталады. Кейбір қазақ рубасыларының Ресей мемлекетінің қазақ жеріне бекіністер салуына үзілді-кесілді қарсы шыққандарына қарамастан, ол 1740 жылы шекара комиссиясының бастығы В.А.Урусовпен саяси байланыстарды одан әрі нығайтуға бағытталған келіссөздер жүргізді. Ресей әкімшілігі Орта Азиядан Оренбургке қатынап тұратын сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді осы Жәнібек батырға жүктеген. Кейін Жәнібек Абылай сұлтан, Әбілмәмбет хан, Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, арғын Бөгенбай Қожекеұлы батырлармен бірге Орта жүздің Ресейдің қол астына өтуін ресми тіркеген құжатқа қол қойды. 1742 жылы тамызда Ресей патшайымы Елизавета Петровнаың жарлығымен Қошқарұлы Жәнібекке қазақтардан бірінші болып тархан атағы тапсырылды. Орта жүз хандығының билігі Абылай сұлтанның қолына көшкеннен кейін тарханның да өкілеттілігі жоғарылады. Ш. Уәлихановтың пікірінше, Жәнібек тархан көп тыңдап, аз сөйлейтін, ердің құнын екі ауыз сөзбен шеше алатын әділ де, шешен би болған (100, 45—56). Жәнібектің бәйбішесі — Тұрсынбай Датқаның қызы, екінші әйелі — Әйтеке бидің қызы, үшіншісі — қалмақ ханының қызы, кіші әйелі — Қосым батырдың қызы. Бұлардан тараған Дәуітбай, Жауғашар, Ақпанбет, Тоқпанбет, Дербісалы, Тоқтамыс атты ұлдарынан тараған ұрпақтары қазіргі уақытта, негізінен Қостанай облысы Жанкелдин ауданында тұрады. Жәнібек тарханның мәйіті Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне жерленген. Батыр есімі Бұқар жырау, Тәттіқара ақын, Абыз әулие жырларын-

да кездеседі. Халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың жырлауында бізге жеткен “Шақшақ Жәнібек батыр” жырында, Қөкбайдың “Абылай” дастанында Жәнібек тарханның ерен тұлғасы нанымды сомдалған. 1993 жылы Торғай өңіріндегі Арқалық қаласында батырдың туғанына 300 жыл толған мерей тойына арналып ас берілді, және ескерткіш орнатылды.

Енді үзілген әңгімені жалғастырып, табын Бөкенбайдың мәмілегерлік қызметтерін баяндайық.

Әлгіде айтылды, Әбілқайыр хан М.Тевкелев мырзаға да, өзіне де халықтың күмәнмен қарай бастағанын біліп, сондықтан елшінің өмірінің қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайтынын сездіріп, Бөкенбай батырды іздеттіруді қолдаған еді. Қысқасы, елшімен келіп жолыққан сардар, біраз әңгімелескеннен кейін, оның да, қасындағылардың да еш нәрсеге алаңдамауларын, халықты да, билерді де Ресей қол астына қаратуға өзінің пәрмені жететінін сенімді айтады. Дәй тұрса да, жаны мұрнының ұшына тығылған елші оған үкімет тарапынан әртүрлі сый-сияпат көрсетілетініне уәде етеді. Жақын күндердің бірінде, қазақтардан қорыққан М.Тевкелев Бөкенбай батырға бірден сол кездегі өлшеммен өте ірі көлемдегі 500 сомның дүние-мүлкін сыйға тарту еткенде, батыр егер бұндай бағалы сыйлықты алса, онда ол адалдықтан аттап, ақша үшін қызмет ететінін, ал бұның адамгершілікке жатпайтынын уәж етіп, одан бас тартады. Елшіден тек адамгершілікті сақтап, уәдеге берік болуын сұрайды. Жалпы сый-құрметке жандары құмар көшпенділердің бірі саналатын Бөкенбайдың патша сарайынан келген мұндай тегін сыйлықты алмауы, әсте, назар аударуға тұрарлық. Өйткені, М.Тевкелевке қазақ билеріне сыйға тарту үшін, ал көнбеген жағдайда оларды сатып алуға мол көлемде ақша мен тауарлар берілген еді. Бөкенбай өз заманында дәулетті адамдардың бірі болғанымен, босқа келіп жатқан қымбат мүліктен бас тартуы, оның дүние құған пендешілігінен гөрі адами болмысының жоғары тұрғанын көрсетеді (121, 51—64).

М.Тевкелевтің күнделігінде жазылғандай, Ресейдің қоластына кіру мәселесі талқыланатын күннің алдындағы кеште, яғни 1731 жылы 9 қазанда Бөкенбай патша ағзамның елшісіне оңаша жолығып, ертең кеңес болатынын, оған М.Тевкелевтің де шақырылатынын, айтыс-тартыс сұрақтар болатынын, бірақ одан қорықпай батыл сөйлеуді тапсырды. Әрі ақсақалдар жиынына өзінің де қатынасатынын, сондықтан ешқандай бассыздыққа жол бермейтінін ескертеді.

Ертеңгі кеңесте жиналған билер мен елдің игі жақсылары “қызу қанды ашу-ызамен” елшіден қазақ даласына не үшін келгенін сұрап,

оны шақырған Әбілқайырға да қатты шүйілігін, өздерінің империя құрамына кіруден бас тартатындықтарын жеткізеді. Осындай қызу таластың кезінде ортаға Бөкенбай шығып, өзінің ханмен бірге Ресей үкіметінің қамқорлығында (протекцияда) болғысы келетінін және сол үшін ант қабылдайтынын мәлімдеп, Әбілқайырдан да ант беруді талап етті. Атақты сардарбектің бұл мәселеге көзқарасы сол жерде би-батырларға қатты әсер етеді. Қысқасы, алдымен хан, одан кейін Бөкенбай тағы да, Есет батыр, Құдайназар мырза, барлығы 27 би мен батырлар, ел ақсақалдары құран ұстап Ресейге ант еткенін еске салайық. Осындағы жиналған қауымға елші тарапынан 11060 сомның дүние-мүліктері сыйға үлестірілген. Көпшілік билер мен батырлар, оның ішінде атақты Бактыбай батыр да бар ант беруден бас тартып, хан тобына қарсы шыққан. Бөкенбай батырдың империя құрамына кіруге неге ынталылық көрсеткені алда айтылады.

Мемлекет қайраткері және ірі саясаткер дәрежесіне көтерілген Бөкенбай бабамыздың жаугершілікте өткізген оқиғаларға толы ғұмырын осы арала түгелдеп беру мүмкін емес, хатталған әрекеттерінің өзі бірнеше шығармаға арқау боларлық. Сондықтан оның елден ерен қадір-қасиетін ғана емес, ел ішіндегі асқан беделі мен майталман мәмілегерлігін айқындайтын бір-жар оқиғаны ғана айтып өтейік. 1731 жылғы 10-шы қазандағы кеңестен бір апта өткенде Бөкенбай батыр М.Тевкелевке ешкімнен қорықпауын тағы бір ескертіп, өз ұлысына қайтып кетеді. Бірақ, батыр кеткен бойда ресейлік “қамқорлыққа” қарсы жақтың адамдарының ызалы екпіндері күшейіп, Жаппас Баймұрат бидің бастауымен елшіні өлтірмекке әрекет жасалады. Жаны қысылған Мәмет мырзаның талап етуімен Әбілқайыр хан Бөкенбайды тағы да ордаға шақыртады. Батыр туажаттары Есет батырды, інісі Құдайназарды алып қайтадан елшіні жұбатуға оралады. Шабуыл жасаушылар жағы М.Тевкелевпен бірге еріп келген башқұрттың Қаратабын руының белгілі биі Таймас Шаимовты тұтқындаған екен. Башқұрт биімен бұрыннан таныс Бөкенбай батыр оның тағдырына алаңдаушылық білдіріп, қарсыластарымен келіссөз жүргізуге інісі Құдайназар мырзаны аттандырады. Батырдың інісі де осал пенде болмаса керек, Таймасты тұтқыннан босатып және өзімен бірге қарсы жақтан 30 би мен ел ақсақалдарын бодандыққа ант беруге көндіріп, ертіп келеді. Олар да Ресейге адалдыққа ант қабылдап, елшіден сый-сияпатын алады. Бөкенбай кетерінде елшіні қорғауды күйеу баласы Есет батырға тапсырып, өзі жұртына қайтады. Тама Есеттің әйелдерінің бірі Бөкенбай батырдың Еңсеп атты қарындасы еді.

Патша үкіметінің елшісінің күнделігінде мынадай тағы бір оқиға тіркелген: ашу-ызаға әбден мінген қарсыластар жағы М.Тевкелев пен Әбілқайырды келесі, 1732 жылдың қаңтарында өлтірмекші болып, ал Бопай ханымды ат құйрығына сүйретіп жазалауға келіседі. Мұндай хабарды Бөкенбай, Есет, Құдайназар мырзалар қарақалпақ жерінде жорықта жүргенде естиді. Ханның өзі елшінің үйіне келіп, Бөкенбайға адам жібергенін, ал олар келгенге дейін қалай қорғану мәселесін ақылдасыпты. Ханға тағы бір адам келіп, қарсы топтың хан ордасын 20-шы қаңтар күні ойрандамақ ойларын жеткізеді. Осыған байланысты жағдай шиеленісе түседі. Алайда, дәл шабуыл болатын күні Құдайназарды қарақалпақ жерінде қалдырып, Бөкенбай мен Есет батырлар елшіге жетіп, қорғаныс мәселесі өзінен-өзі шешіліпті. Атышулы батырлардың елшіні қорғауға келгенін естіп, қарсыластар жағы хан ауылын шабуды тоқтатады. Осылай айтыс-тартыспен жүрген М.Тевкелев қыс айын Арал теңізінің бір қуысында өткізбекке бел байлайды, оны естіп қалған қарсы жақтың адамдары елшіні өткел үстінде ұстап, түбекке өткізбей өлтіруді көздейді. Бұл қастандықты естіген Әбілқайыр тағы да Бөкенбайға жаушы жұмсайды. Осыдан кейін қарсы жақтың өкілдері ханға келіп, жаздық-жаңылдық деп, өз пиғылдарынан қайтқанын мәлімдеп, ханның да, елшінің де ештеңеге алаңдамай өздерімен көшіп-қонып жүруіне тілек білдіреді. Хан осыған орай екі жақтың да адамдарын жинап ақсақалдар кеңесін өткізеді. Сондағы хан кеңесінде сөйлеген Бөкенбай батыр: егер “Әбілқайыр қарсы жаққа барғысы келсе оны ұстамайтындығын, бірақ елшіні жібермейтінін, оны беріп қойса маскараға ұшырайтынын, ал күшпен аламыз деушілермен қасық қаны қалғанша соғысатынын айтады” (94, 65—107; 103, 71—81; 104, 71—78).

Олай болса, Бөкенбай баһадүр қарсы жақтың адамдарына сенбеген, М.Тевкелевті жазда болатын үлкен жиынға аман-есен жеткізуді өзіне міндет етіп қойған. Әбілқайыр сынды атакты ханға келген Ресей елшісін оның өзі емес, сардарбегінің билеп-төстеуі соңғысының ел ішіндегі абыройы мен данқын аңғартса керек. Бөкенбай осы тұрғыдан ханға да, оның елшісіне де, Ресей империясына да өзінің адами болмысымен, халықты бейбіт өмірге жетелеген кемеңгер саясатымен жаққан тұлға.

Патша үкіметінің қамқорлығына өтуге ынталылық танытқан қазақтарға қалмақ билеушілері қарсы шығып, көрші екі елдің арасындағы жақындасуға бағытталған қарым-қатынасты болдырмауға тырысқаны байқалады. Оларды қонғайшысы Доржы Назаров пен оның ұлы Лобжы, Жайық казактарының шекаралық күштеріне арқа сүйеп

жонғардың басқа бір билеушісі Черен Дондукті айдап салып, қазақтарды осы шабуылға тартуға әрекеттенеді. Қалмақтың билеушілері Әбілқайыр ханға елші жіберіп, қарсыластарына көмекке жіберілген 20 мың патша ағзамның әскерін талқандадық деп лепірген көрінеді. Оған Әбілқайыр былай деп жауап берген: қалмақтардың сонша жасакпен айқаспақ түгілі, олардың қарасын көруге де жасқанатынын, Ресейдің отпен қаруланған мұндай әскеріне жүз мың қалмақтың да түк істей алмайтынын жаушыларына айтып қайырады. Өйткені, “Ресей қаққан қазық болса, Қалмақ жасақтары даладағы жел қуған қанбақ” дейді. Қазақ арасына келген қалмақ тыңшылары, мұнымен қоймай, халықты ханға қарсы айдап салу әрекетіне көшеді, тіпті бірқатар ұлыстарын қазақ жеріне жасырын көшіріп әкеледі. Бұған шыдамаған сардар Бөкенбай Лобжының адамдарына, өзiрге “сау тұрғандарында ұлыстарымен Жайықтың арғы бетіне кетулерін және бұдан былай қазақтың жеріне жақындамауын, егер олар көшпесе, әрі ел ішінде іріткі салатын болса, онда олардың ұлысын шауып, өздерін атамнан әрі қуып тастайтындығын” ескертеді. Осының алдында қалмақтар Әбілқайырға келіп, Ресейге қарсы одақтасып бірге соғысуды ұсынғанда, хан Құдай берген көршісіне бұндай әрекеттерге бармайтынын және жасақтар да бермейтінін, ал егер керісінше, қалмақтарға қарсы соғысуға патшайымнан жарлық түссе, онда олармен шайқасуға өзiр екенін айтқан-ды (103, 79). Міне, біз бұдан ханның да, оның сардары Бөкенбай батырдың да Ресейге берген антына берік, бірлікті көксейтінін байқаймыз. Осы ұлағаттан бізде үлгі алайық. Хандар мен халықтан шыққан батырларды ел — елге, жер — жерге, ру — тайпаға бөлмейік, олар “халық” деп қайысты, “ел” деп еңіреді, Отаны үшін қасқалдақтай қанын төкті. Олардың есімі де, қалдырған мұрасы да қосқан үлесі де баршамызға ортақ, халайық! Батыр — ел қорғаны, оның есімі, ісі халық қазынасы болуға лайық. Ата салтын қастерлей білейік. Әбілқайыр сынды хандарға, Бөкенбай секілді батырларымызға тарих төрінен орын беріп, болашақ ұрпақтың жүрегіне ұялататын кез келді. Ол біздің аруақтар алдындағы өтелмеген қарызымыз да, парызымыз да, перзенттік міндетіміз де!

Сегіз қырлы, бір сырлы Бөкенбай батырдың тағы бір адами қасиеті — басына қауіп төнгенде Әбілқайыр ханның одан қорған табуы. Елшінің қауіпсіздігіне кепілдік бере алмаған, өзі де қауіп-қатерге душар болған хан осы сардарбекке арқа сүйеген. Мәселен, Ресейдің қол астына кіруге ант берерде аталған батырдың халық арасындағы беделінің арқасында және оның бұл шараны қолдауы би мен батырлардың қоңыл-күйіне әсер етіп, теке-тірес ара қатынас күштерді Бөкен-

бай Ресейге қарай бейімдеткені, М.Тевкелевтің жүргізген күнделік жазбаларында көрініс тапқан.

Бөкенбай мен Есет батырлардың ханға қорған болғанын мынадай мысалмен толықтырайық. 1732 жылы 17-ші қарашада Жәдік әулетінің сұлтаны Қайып ханның ұлы Батыр сұлтан төрт мың қолмен Әбілқайыр ханның ордасына шабуыл жасамақшы болған да, Бөкенбайдың жа-сақтары оларға қарсы тұрады. М.Тевкелевтің жазуынша, Батыр сұлтан Әбілқайырды өлтіріп, оның орнына өзі отырмақшы ойда екен, ал Бөкенбай мен Есет бұл қастандыққа жол бермей, хан ордасын қор-ғаған (93, 129—130).

М.Тевкелев бастаған Ресей елшілігін аттандырар кезде де олар-дың қауіпсіздігі Бөкенбай батырдың мойнына жүктелген еді. Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр бастаған топ бір күн кешке дейін күзетпен еріп отырған және әрі қарай жолдағы қауіпсіздікті қамта-сыз етуге Бөкенбайдың немере інісі Құдайназар мырза бір топ жа-сақтарымен Уфаға дейін жеткізіп салған. Елшінің аман-есен жеткеніне осындағы әкімшілік өкілдері таң-тамаша болыпты, олар қазақтарды империяға бағындыру қаракеттері зая кеткен шаруа деп есептеп, М.Тевкелевті тұтқыннан босатып алуға ақша дайындап жатқанға ұқсай-ды..... Сөйтіп, қазақтардың Ресей патшалығына қосылу үрдісінде де Бөкенбай батыр өте маңызды іс-әрекеттер тындырған. Тевкелев мырза ханның шақыруымен келгенімен, ісінің нәтижелі аяқталуына сар-дарбекке борыштар еді. Елшінің 1732 жылы 5-ші қаңтарда Вице-каншлер Остерман графқа жіберген мәлімдемесінде, Бөкенбай батыр қазақтың игі жақсыларын Ресейге ант беруге көндіргенін және өзінің өмірі осы бидің арқасында аман сақталғанын асқан шабытпен жаза-ды (121, 51—64).

“Қазақ тарихнамасының Геродоты” аталған А.И.Левшин де Бөкен-бай батырдың орыс елшісіне тигізген қыруар көмегін және Ресей империясының қоластына кіруді не үшін қалағанын елшіге нақты дәлелдермен түсіндіргенін айтады (35, 182).

Осы көрсетілген үзінді-үзінді дереккөздердің өзінен-ақ сардарбек Бөкенбай мен Есет батырдың Кіші жүзде, қандай күшті құрағаны байқалады. Өйткені, бұл даналар тек қана ержүрек батырлыққа сеніп, еркін де, батыл сөйлеп тұрған жоқ, олардың соңында қалың елмен бірге, қалың қолдың тұрғаны аңғарылады. Осы орайда М.Тевкелевтің 1748 жылғы күнделік жазбасында: Жетіру Кіші жүздегі әр рудан құралған “әлсіз” тайпа, сол себепті оларды Тәуке ханның кезінде бір тайпаға біріктірген деген мәліметі шындықтан қашық жатыр (134, 301—302). Мүмкін, Жетірудың сол кездегі халқы санының азлығы-

нан болар “әлсіз” тайпа аталуы. Шынтуайында, Жетірудан батырлар мен билер көп шыққан, Шыңғыс хан заманындағы меркіттер сияқты, бұлар да аса жауынгер тайпа. Қонысы орыс және қалмақ, башқұрт, түркімен шекарасына жақын орналасқан, отарлаушыларға қарсы жан аямай соғысқан ержүрек халық екенін Ресей бас штабының офицері әрі шығыстанушы И. Ф.Бларамберг те жазады (135, 86—95; 237, 123—126). Жетірудың қоныс тепкен атамекендеріне салынған патша үкіметінің бекіністері мен қалашықтарына олардың шабуылдары бір мезет те толастамағаны тарихи құжаттарда баршылық. Ресейдің жергілікті билеушілері осы тайпаның Тама, Табын, Жағалбайлы, Адай сияқты ірі руларын “жуасыту” мақсатында құпия түрде арнайы жасақталған жазалаушыларды олардың арасына әлсін-әлі жіберіп тұрды. Ал олардың екі, үш, немесе бес руларының бірігіп, күшею үшін одақтасуы сонау көне түркі-қыпшақ дәуірінен келе жатқан ата-баба дәстүрі,— дейді зерттеуші Н.Жетпісбай (103, 81).

Қазақ батырларының пешенесіне Алла Тағала сайын далада өмір сүруді жазыпты. Сол ғажайып шексіз даладай олардың пейілі де дарқан, жүзі де жарқын, әні асқақ, сөз мақамы өктемді, қимыл-қаракеті батыл, шапшаң болып келеді. Байтақ далада олардың өзі ерікті, киімі көрікті, ән айтып, құс салып, мал бағып, емін-еркін көшіп-қону үшін ғасырлар бойы жерін қорғау; елін қорғау қанына сіңді. Далада өскен ел перзенті болғандықтан ата-қонысын, кіндік кескен жерін қорғау оларға басты міндет саналды. Жан-жағынан стратегиялық маңызды жері бар Жетірудың жұртын ежелден құдай қосқан орыс-казак, естек башқұрт, түркімен, қалмақ сияқты көршілері ғасырлар бойы мазасыздандырып келді. “Қазақтың сахарасы жүз құлпырған, қытай мен орыстарды қызықтырған деп”, — Бұқар жырау дана айтқандай, бірін жайылым жер, бірін аң мен құс, бірін судағы шүпірлеген мол балығы қызықтырмай қойған жоқ. Қалай болғанда да, даланы сыртқы жаулардан қорғау дала перзенттерін жаугершілік өмірге бала жастан үйретті. Міне, сондықтан “әлсіз” Жетіруды басқарған Бөкенбай, Есет сынды бабаларымызға нардың жүгі шөкті.

Иіні келіп тұрғанда тама Есет тарханның ғұмырнамасына бір-екі жолды арнай кетейік.

- *Есет Көкіұлы — қазақ халқының атақты батырларының бірі, шамамен ол 1677 жылы дүниеге келіп, 1757 жылдары (кейбір деректерде 1749 жылы) қайтыс болған. Есет батыр — Кіші жүздегі Жетіру тайпасының тама руынан шыққан. Жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйытқысы болған қолбасшы. Есеттің әкесі Көкі,*



**Есет тархан (1677—1757).
Суретші Н.Қарымсақов**

атасы Базарқұл XVII ғасырда Самарқанд билеушісі Жалаңтөс баһадүрдің әскери құрамында қазақ елін қорғаған дарабоздар. Жауға үнемі тайсалмай тура шабатындықтан Көкі “Таймас батыр” атанған деген ел аузында аңыз бар. Есет те жаугершілік жорықтарға ерте араласады. Тәуке хан тұсындағы жоңғарларға қарсы шайқастарда Кіші жүз қолын басқарды. Осындай ұрыстардың бірінде жаужүректігімен ханның көзіне түседі. Соғыс майданында ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке оны шақырып алып: “Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын” деп бата берген. Есет батыр “Ақта-

бан шұбырынды...” қасіретінен кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алапат соққы берген — “Бұланты-Білеуті” және “Аңырақай” соғыстарына қатысып, асқан ерлік көрсеткен. Есет батырдың кейінгі өмірі Әбілқайыр ханның саясатымен тығыз сабақтастықта өтті.

Тама Есет батыр — қолбасшы әрі мәмілегер, Кіші-жүз қазақтарының Ресей қоластына өтуіне көп күш-жігер жұмсаған тұлға. Шынтауайтында, патша ағзамның қамқорлығына ынталылық білдіріп, Әбілқайыр ханды қолдады және онымен бірге қолына құран ұстап ант берген алғашқылардың қатарында Есет батырдың аты аталады. Сонымен қатар ол, Кіші жүздің бас сардары табын Бөкенбай батырдың Еңсеп атты қарындасына үйленген күйеу баласы. Ел арасында кикілжің туып кетпесін деп, ақ патшаның елшісі М.Тевкелевті жауларынан қызғыштай қорғаған, оған қол ұшын беріп, ақыл-кеңесін де аямаған.

Есет Көкіұлы халық арасындағы беделі мен атақ-абыройы арқасында 1722 жылы Жетіру тайпалық одағының құрылтайында аға би сайланып, оны өмірінің соңына дейін атқарды (17, 41—42). Патша үкіметі Есеттің ел арасындағы асқан беделін, қадір-қасиетін байқап, оны өз үйіріне қосуға тырысып бақты. Осы мақсатты ұстанған шенеуніктер, 1743 жылдың 28 мамырында патша жарлығымен Есет батырға екінші дәрежедегі тархандық атақ беріп, оның мұрагерлік жолмен ұрпақтарына көшетінін жариялады. Бұндай лауазым И.И.Крафт көрсеткендей, орыстардағы “князь” дәрежесіне сәйкес келетін еді. Осыдан кейін қазақтарда — Әбілқайыр хан, екінші орында Орта жүзден Жәнібек тархан, үшіншісі — Кіші жүзде Есет тархан еді. Бірақ тархандық атақ беріп, Есетті өз жағына тар-

туға ниет еткен Ресей әкімшілігінің шаралары ойларынан шықпады. Бұған Есет батырдың өмірінің соңғы кездеріндегі тәуелсіздікті аңсаған байыпты істері дәлел бола алады. Осыған бір ғана дәлел. 1750 жылы 7-ші маусымда патша үкіметінің жандайшаптары И.Ригельман мен Я.Гуляевтің Нұралы ханға барған сапарының нәтижелері туралы Оренбург губерниялық кеңсесіне хабарламасында былай көрсетіледі: “Үстіміздегі маусымның 5-і күні шекті Қырғыз руының батыры Бәйімбеттің асында ханмен бірге онын екі інісі, Есет тархан, Бақтыбай би және басқа да старшындар мен батырлар болды. Осы жиында....” Есет батыр билерге патша әкімшілігінің қазақ жұртына қиянат етіп отырғандығы, оларды атамекенінен ығыстыруға байланысты наразылығын білдірген” (17, 38; 94, 135—136). Бұндағы Бәйімбет деп отырғаны шектінің ішіндегі Қырғыз руының Барақ аталығынан тарайтын атышулы Бәйімбет батыр, ал Бақтыбай би дегені алты аталы Әлімнің қабақ руынан шыққан Аңырақайдағы жоңғарлармен болған шайқаста аты Ұранға айналған Бақтыбай батыр болмақ,— дейді тарихшы З. Байдосов (17,38). XVIII ғасырдың замана деген құбылысы перзенттерінің алдына ұлы жауапкершілікті тартты, олардың бірден — бірегейі: елдің еріктілігін сақтау, яғни өзін-өзі меңгеру; ата қонысын, ата-мекенін, кіндік кескен жерін қорғау, тұрмыс-тіршілігін, өркениетін, мәдениетін дамыту; бір ауыздылықты, бірлікті, ынтымалықты нығайту. Міне, осындай ел басына күн туып, “халық”, “ел”, “Отан” қорғау мәселелері күрделенген шақта, қазақ елінің басын біріктіретін кезде, табиғат Есет батыр сынды перзентін сыйлады. Ал, ол болса міндетті атқаруға замана талабына сай келді.

Есет тарханның қонысы Жайық, Мұғалжар таулары, Жем, Ырғыз (қазіргі Ақтөбе облысының Алға, Хромтау аудандары) өзендерінің бойы.

Тарлан мініп, ту ұстаған Есет Көкіұлы жасы 80-нен өте дүниеден озды, өзінің ата қонысы Бестама деген жерді (қазіргі Алға ауданы) мәңгілік құшты. 1992 жылы оның басына күмбез орнатылып, Ақтөбе қаласындағы бір көшеге және әскери өнер мектебіне аты беріліп, туғанына 325 жыл толуына байланысты ғылыми-теориялық конференция өткізілді және батырдың аруағын құрметтеп дастарқан жайылды (257, 3—28; 258, 395; 259, 25—26).

Осы орайда айтайық, әз-Жәнібек те, Тәуке де, Әбілқайыр мен Абылай да, қазақтың қай ханы болмасын, халықты, оның батыр, билерін шексіз билей алмаған-ды. Олар ата-баба салтын ұстап, белгілі құзыры бар жыл сайын шақырылатын ақсақалдар кеңесін оралып өтпеген.

Аты затына сай, баиітак далада еркіндікте жүрген қазақ халқы орқашан да өздері сайлаған ханларына да басыбайлы бағынбаған.

Төре аталған оларға әскери іс-қимылдарды жүргізу кезінде көк байрақтың астына жиналып, атой салу қажеттілігінен туындаған. “Хан талау” дәстүрін айтпағанда, наразы адамдар ханға бөгетсіз кіріп, өз пікірлерін ешкімнен іркілмей ашық айта алатын еді. Бұндай қанға сіңген қасиет Кіші жүз ішінде де сақталды, тек XVII—XVIII ғасырлардың өзінде халқының көңілінен шықпаған бірнеше хандар мен ел билеуші сұлтандар жандарын жәннатқа беріп, о дүниеге аттанды. Еркіндікті берік ұстанған ата-бабаларымыз қамқорлық пен бодандықтың атын естігеннен төбе шашы тік тұрып, ат-тонын ала қашты, ресми сапармен ханға келген Ресейдің елшісін хан сарайына кіргізбей, билер кеңесіне дейін хан үстінен де, елшіге де күзет қойған. Қысымға түскен Әбілқайыр алғашқы кезде, үстіне шокпыт-шокпыт киім киіп, М.Тевкелевпен түн ортасында сай жырасында жасырын кездесіп тұрған. Әбілқайыр секілді атақты билеушінің бұндай пақырлық күйге түсіп, қол астындағыларынан пұшайман болуы көп елдердің тарихында кездеспейтін құбылыс. Осылай еркіндікті белінен басып жүрген халықтың деректі, дерексіз пікірлері көп (260, 3—109). Ол жөнінде біз де осы кітапта біршама ауыз тұшытқандай айтып өттік. Бізді таңқалдыратын бір нәрсе, абырой-атақтары жер жарған шандоз Бөкенбай сардар мен тама Есет батырдың бастауымен қазақтардың патша үкіметінің “қамқорлығына” берілуі — осы екі саясаткердің Әбілқайырды қолдауы деуге тұрарлық. Бұны әр саққа жүгіртетін зерттеушілер де кездеседі. Елдің тәуілсіздігі мен жерін қорғап, жан-жағынан анталаған жаулармен, соның ішінде орыс-қазақтармен де жан аямай шайқасып жүрген ержүрек қас батырлардың бодандықты қабылдауға жұрттан бұрын күштар болып, алып-ұшулары неліктен? Енді осы жұмбақтың шешуін табуға тырысып көрелік. Ханның бас сардары Бөкенбай батыр бірде Тевкелевке келіп, екеу ара әңгімесінде Ресей империясының қамқорлығында болғысы келетін себептерін жасырмай айтады. Оның шындығын былай түсіндіреді: қазақтардың көшіп-қонған тұрақсыз тұрмыс-тіршілігіне өзінің қатты алаңдайтынын, ал шапқыншылық жорықтарда алдыңғы шепте жүретінін, олай болса өзі де жонғарлардан қаза тапқан төрт бауыры секілді шейіт болса, елін, отбасын кім қорғайды. Осындай арпалыс соғыстан әбден мезі болғанын, әрі халықтың да күт-берекесі кетіп шаршағанын, сол себепті тұрақтылықты қалайтынын жеткізді. Егер патша ағзам антқа адалдығын танытып, жан-жақтағы басқыншылықтардан қорғаса, сөйтіп, өз ұлысымен Жайық бойында емін-еркін көшіп-қонып жүрсе жан рахатына кезігер еді. Ойтпесе, қазақ ордасы ырду-дырдумен келешекте бытырап, талап-таражға түсетінін іштей сезетінін

қыжыла ортаға салды. Егер сырттан көмек болса, Бөкенбай батыр, күйеу баласы Есет және інісімен екі жылдың ішінде қылыштың жүзімен қазақтарды тәубесіне келтіріп, Ресейдің бодандығын қабылдағызар еді. Бұл әңгіме 1731 жылдың 20-шы желтоқсанында айтылған болатын (93, 92—93; 102, 45; 104, 72; 94, 76).

Бөкенбай батырдың жоғарыда құпия түрде айтқан әңгімесінің байыбына жетіп қарайтын болсақ, одан жан айқайы шығып тұрғаны байқалады. Ол да Әбілқайыр секілді толассыз жорықтардан, ауызбіршіліктің жоқтығынан, бітпейтін барымталар мен дау-дамайлардан әбден мезі болып, қалған ғұмырында өркениетті бір мемлекеттің құрамында тыныш өмір сүргісі келетіні көрініп тұр. Қайтсек біртұтас, тәуілсіз ел боламыз деген жұмбаққа жауап іздеп, сол тығырықтан шығаратын жұмбақтың шешуін тапқандай болады. Әйтпесе, жеті мың шаңырақты аузына қаратқан, соншама жұртты соңынан еріткен тәжірибелі қолбасшы қайраткердің туған ел-жұртының қаракетінен жерініп, басқа мемлекеттен халқына қорған болуды сұрауы мүмкін бе? Батырдың арманы терезесі тең халықтармен бейбіт қатынаста, алаңсыз мал шаруашылығымен, өзге кәсіппен және саудасаттықпен айналысып, жайбарақат ғұмыр кешу. Бұл ғұмырында жер көрген, жұрт көрген, ел ішінде даңқы ұшандаған кеменгер саясаткердің бойына жиналған, жанын жегідей жеген бітпес арманы болса керек.

Әр халықтың пешенесіне жазылған өз ұлтының келешегін ойлап, олар жөнінде басқалар біле бермейтін жайтты дана тұлғалар алдымен аңғарған мысалдар кездеседі. Соның бірі — Бөкенбай батыр. Ол сыртқа байқатпағанымен, іштей жұртын ұшпаққа шығаруды ойлап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды ансап армандады. Заманның қиын-қыстау кезеңі, XVIII ғасырдың бастапқы қырық жылында қазақтың үштен екісі қырылып, халық жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Бейбіт ел егілді, жазықсыз жандардың қаны төгілді, қабырғасы сөгілді, ата-қонысынан, жерінен айырылды. Басқаша айтқанда, халық дағдарысқа ұшырады, оның басына қаралы күн туды. Осы кезеңді қауымның шандозы, бас сардарбегі соғыстан қажыған халқын тығырықтан алып шығудың бірден-бір жолы күшті мемлекетпен жақындасу екенін көрегендікпен білді және “арқа сүйеуге” Ресей империясын қалады.

Осы тұрғыдан алғанда, Әбілқайыр хан, Бөкенбай мен Есет батырлар ұлт намысын ру намысынан жоғары қойып, өз билеріне ғана бағынып, көші-қон жайымен бытырап жүрген халқын қайтсе де бір орталыққа біріктіруге күш салды. Орталық билікті мойынсұнбай, тым еркін кеткен жұртты күшпен болса да қиын-қыстау заманда бірілікке

жұмылдыруға тырысты. Әбілқайырдың арманы үш жүздің басын бір жерге қосып, бір мемлекеттің қоластында, мықты хан билігін орнату еді. Бұл бағыттағы оның қаракеттерін Орта жүздегі Жәнібек тархан, абыз Қазыбек би, Абылай сұлтан, найман мен қыпшақтың бірсыпыра рубасылары қолдады. Солардың ықпал-ынтымағымен ханның екінші ұлы Ералы сұлтан Орта жүздегі керейттерге билеушілікке сайланды. Әбілқайыр жоңғарлардың қоластында қалған Ұлы жүзді азат етуді ойынан бірде бір шығарған емес. Айта берсек, Орта жүздің, кейіннен тіпті Ұлы жүздің де би, сұлтандары Әбілқайырдың осы ұлын өздеріне хан тағына шақырғаны жайындағы мағлұматтарды патша үкіметінің орталық мұрағаттарынан кездестіреміз. Ханның бұл арманының орындалуына алдымен бір орталыққа бағынып көрмеген сайын даланың би, батырлары қарсылық көрсетсе, артынан хан билігінің күшеюін қаламаған патша әкімшілігінің астыртын жүргізген әрекеттерінің нәтижесінде Әбілқайырды туыстарының қолымен өлтіріп тынды. Өзінің адал ниетін асау жұртына жеткізе алмаған Әбілқайырдың мысы құрып, 1731 жылғы 10-шы қазандағы алғашқы кеңестердің бірінде билерге, өзінің қол астындағы халыққа билігі жүрмейтіндігін, түздегі аңдардың арасында жүргендей, тек хан атағын әшейін ғана жамылып жүргенін ашына айтуы көп нәрсені аңғартақандай.

Көпшілік түсінбегенмен ханның бұл көрегендік қаракетін ең алғашқылардың бірі болып оның серігі Бөкенбай батыр қолдағанын білеміз. Азаттық жолында жанын пиде еткен кемеңгер қолбасшының ханды тындамақ түгілі, “бодандық” деген сөзді ести сала ат-тонын ала қашып, тіпті ат терісін басына кигіземін десе де оған күші жететін еді. Алайда, бас сардар хан саясатының негізгі астарын жұртынан бұрын ұғып, өзі де аңсаған арманы халқының ауыз біршілігін сақтап, қолайы келіп тұрғанда империялық дәрежеге жеткен Ресей патшасының қарамағына өтуге құштарлық көрсетті.

Әлгіде айтқанымыздай, әуелгі кезде империяға бодандықты жақтырмаған кейбір рубасы билердің пікірлері туралы Әбілқайыр да, Бөкенбай да патша елшісіне олардың мәрт мінездерін қынжыла баяндайды. Сондықтан олар елшіге би, батырлармен, жалпы қазақтармен қатынасқанда өте қырағылық көрсетуін, бірден үркітіп алмау үшін майда тілмен сөйлесуін, өйтпеген жағдайда, сайын даланың еркін ұландарының құрық көрмеген асаулар секілді жалт бұрылып, тергесін сындырып кетуі мүмкін екендігін, одан кейін ол асқақтарды мәмілеге келтірудің өзі оңайға түспейтінін қайта-қайта ескертеді.

Патша агзамның өкілі бірде Бөкенбайға қарсы жақ топтың жасалушыларының өзіне көрсеткен бір қылығын жеткізгенде, “осындай

еркін жүрген халық болған соң енді не істейміз” деп, шарасыздықтан күрсінген. Бұл жойттерді тәптіштеп келтірудегі мақсатымыз халқымыздың бір жағынан мақтан тұтарлық еркіндік сүйгіншітігін, ал екіншіден, елді ауыз біршілікке итермелеген саясаткер бабалардың еңбектерін паш ету. Олар жоңғар басқыншылығы тұсында әр жерге бас сауғалап тарап кеткен жұртын біртұтас дербес ел етуге, бір мақсатқа бағыттауға, бір мемлекеттің қол астына біріктіруге ұмтылды, М.О.Әуезовтың сөзімен айтсақ, “бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруды” армандаған, нар жүгін арқалаған тұлғалар еді. Ел ішіндегі орын алған кей қылықтарға күйінгенмен, олар ел-жұртын қызғыштай қорғай білді. Осыдан сыртқы жауларына ымырасыз бұл дарабоздар өз халқының алдында шарасыз күй кешті. Бөкенбай батырдың ашынып, жан даусымен еркіндікті арқасына байлаған халқын қылыштың күшімен болса да, бағындырамын деуі осыны аңғартса керек. Жатса-тұрса түн ұйқысын төрт бөліп, қайтсек біртұтас ел боламызды армандаған, амалсыздан бодандыққа бас ұрған Әбілқайыр мен Бөкенбай өздерінің ұлы мұраттарына жете алмай бірі бакталастықтың құрбанына жем болып өз ағайындарынан, ал екіншісі, қанды қырғында сыртқы жауларының қолынан қапыда қаза тапты.

Халқының тәуелсіздігі үшін қайғы-қасыретті арқалаған, жанын найза ұшына түйген бұндай тұлғалар бірен-саран емес-ті. Олардың қатарында Есет тархан, Жәнібек тархан, аккете, табын, тама руларының айтулы шандоздары — Әжібай би, Арал батыр, Құдайназар мырза, Алтай батыр, бұлардың санатына кейіннен қосылған Бақтыбай батыр да Ресей патшасымен жақындасу халықтың бірлігін сақтауда пайдалы екенін түсінді. Әбілқайырдың өнегесімен олар да қазақ жерінде қорған қалалар салып, халықты отырықшылыққа бейімдеп орыстармен әскери одақ құрып, бейбіт өмір сүруді қалады. Тарихи құжаттардағы мәліметтерге көңіл аударсақ, Бөкенбай батыр мен Жәнібек тархан біреуі Жайық бойынан, екіншісі Орта жүздің шекарасына жақын жерден қала тұрғызып, Ресей мемлекетімен айырбас сауда жасауға мүдделі екендіктерін танытты. Бұдан біраз кейін Абылай хан да қуаты күшті, көршісі патша үкіметіне Бұқар бабамыз айтқандай “арқа сүйеуге” бетбұрыс жасағаны мәлім. Дәл осы арада орыстың ғұлама тарихшысы В.В.Бартольдтің “Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов” атты еңбегінде XVII ғасырдағы қазақ хандарының ішіндегі ең беделдісі Орта жүздің ханы Абылай (1771—1780) болды деуі (138, 224), оның шытырман саяси ахуал қалыптасқан кезеңде ұлы орыс мемлекетімен қарым-қатынас жасағанын тілге тиек етсе керек. Тарихи дереккөздерден Абылай бабамыздың айбарлы ба-

тыр, ерен қолбасшы, кемеңгер саясаткер дәрежесіне көтерілгені, келіссөздер барысында Абылай ханның орыс әскерінің де қыр-сырымен таныстығы аңғарылады. Оның жоңғар-қытай қатынасына баса назар аударғаны, өзінің Ресеймен бірігіп, Қытайға әскери көмек көрсетуге әзір екенін білдіргені, сөйтіп, жоңғарларды қазақ жерінен қууға ат салысқаны құжаттардан көрінеді. Сөз иіні келгенде іркіліп қалмайық, кешегі кеңестік тарихшыларға Абылайдың Ресей мен Қытай ортасында өз алдына тәуелсіз саясат жүргізген қайраткерлігі көп ұнай қоймады, ол қазақ-орыс қатынасына көлеңке түсіретіндей көрініп, оған “екі жүзділік” қарғысы кигізілді. Тіпті бір құжатта: “.... орысқа көзбояушы бодан бола тұра, Қытай императорына да боданмын деп мойынсұнған Абылай дәріптелді. Ол екі күшті мемлекеттің арасында қалып, дұрыс бағдарламалар алмады, екі жүзді және қайшылығы мол саясат жүргізді. Бұл саясат қазаққа кеселден басқа ештеме әкелмеді”, — деп кейбір зерттеушілердің бықсытқанын академик М. Қозыбаев қынжыла жазады (9, 32). Шынтуайытына келсек, Абылай хан да пендешілік көрсетіп, “өз жүрек қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен, ол ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз басшы болды”, — дейді жаңағы тарихшы (9, 32). Кезінде Абылай хан мен өз ата-тегі туралы сүйіспеншілікпен деректер жинаған Шоқан Уәлиханов оның пендешілігін көп тарихшылардан бұрын-ақ жазған еді (126, 116). Абылай сынды халықтың біртуар асқақ перзентін империялық індетпен ауырған бірен-саран орыс тарихшыларына ұнамады екен деп, оны жерден алып, жерге салуды тоқтатып кез жеткен секілді. Жасыратыны жоқ, кейбір кеңестік дәуірдегі тарихшылар Абылайды хан тұқымынан шықты дегенді желеу етіп, оның Ресей боданы Құба қалмақтарға қарсы ұлт-азаттық күресін жоққа шығарып, Абылайды батырлар санатынан сызып тастауға дейін барды. Мұндай екіжүзділікті қолдауға болмайды. Дербес мемлекеттілікке қол жеткізу, қазақ халқын тәуелсіз егеменді ел қылу, ол үшін күллі үш жүздің басын біріктіру — Абылай ғұмырының түпқазығы деген орынды болмақ. Қазақ тарихындағы Абылай хан құрған қазақ хандығы дербес мемлекеттік дәрежеге көтеріле алмады деу де бұрынғы империялық ой-өлшемнің сынаржақтылық әрекетінен туса керек.

Абылай хан елдің басын біріктіру жолында бар күшін сарп еткен, ішкі жауларымен көп айқасқан батыр тұлға. Бұл ұлы адамның өлер алдында “елдің тентегін тиямын деп, көп қан төктім, халқымды отырықшылыққа үйретіп, қала кент салдыра алмай кетіп барамын”, — деп налуы да осыны байқатқандай дейді ғалым Н. Ы. Жетпісбаев (104,

74). Ойткені, Әбілқайыр, Абылай, сардарбек Бөкенбай, Жәнібек тархан және басқа қайраткерлер барымта мен талас-тартыстан шаршаған жұртының ішкінен алғаш болып, тұрмыс-тіршілігі сауда-саттық ісі мен мәдениеті дамыған Ресей сияқты отырықшы елдердің өркениетіне бетбұрыс жасамаса, өздерінің көш соңында қалып қоятынын, өнер-білім құдығынан нәр ала алмайтынын жақсы түсінді. Бұл уайым тек олардың ғана ой-санасы емес, сол кездегі күллі қазақтың қасіреті еді.

Көңіл аударатын тағы бір дереккөздерде Әбілқайыр ханды Ресей “қамқорлығын” сұрауға мәжбүр еткен тек қана жоңғар-қазақ қақтығысы емес деген пікірлер бар (52, 94—95). Ханның өзінде бұл туралы бір кездескенінде патша ағзамның елшісі М.Тевкелевке айтқан көрінеді (2, 184; 94, 57; 96, 35—36). Оны Ресей құрамына кіруге мәжбүрлеген жағдай, өзі жоңғарлармен айқасып жүргенде қорғансыз қалған ел-жұртын Еділ қалмақтары мен башқұрттар, Жайық бойының және Сібірдегі орыс казактарының әлсін-әлі тонап жүрулері де болса керек. Осы арада тарихатта жазылған оның себептеріне тоқталайық.

Әбілқайырды ең алғаш бодандық туралы хат жазуға үгіттеген, елшілерін Петербургке алып барып, кейін Мәмет Тевкелевті қазақ жеріне ертіп келген де бейбіт мақсатты көздеген башқұрт билері болды, әрине, олар бұл арада орыс империясының саясатын ұмытқан жоқ.... Ал жоңғарларды уақытша жеңгенімен, Түркістан, Ташкент, Сайрам сияқты маңызды қалалары, соның ішінде өгей анасы мен бір әйелі жоңғар қолында қалған Әбілқайыр қалайда батыстағы шекарасын Ресей империясының “қамқорлығымен” бекітіп алып, қазақ жерін азат етуді ойлағаны жоғарыда айтылды. Сондықтан, жоңғарлармен алаңсыз соғысу үшін де ол бодандыққа өтуге бел байлаған. Мұнымен қатар қалмақ-башқұрт қатынастары да оны орыстармен жақындасуға мүжбүрлемей қойған жоқ. Әбілқайырдың “Аңырақай” шайқасынан соң, жоңғарларды тастап еліне тез қайтуы да аталған көрші жауларының Кіші жүз бен Орта жүзді әлсін-әлсін шабуы салдарынан болған тәрізді. Бірсыпыра зерттеушілер мұны, орынсыз Әбілқайырдың сатқындығына таңады.

Хан да, Бөкенбай батыр да қалмақтар сияқты орыс-қазақ шекарасына жақын орналасқан башқұрттармен дау-жанжалдың бітпейтініне көзін жеткізді. Елдің бір жағындағы тентектерді тыйғанмен, екінші жағынан өршіп, ал қарама-қарсы шабуылдан үшінші жақтың зәбір көруі ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан үйреншікті әдет. Осының бәрін балалық шағынан қоруте қазақтың кең жазирасында өскен Бөкенбайдың пешенесіне жазылыпты. Талай шайқасты басынан

откізіп, төрт бірдей аға-інісінен айырылған, ол көрші елдермен нәтижесіз жанжалдарды тоқтатып, бейбіт өмір сүру үшін күшті империя Ресейдің қол астына қарауды ынта-ықыласымен қалаған тәртізді. Оның ойынша, шығыстан жоңғарлар қауіп төндіретін болса, арт жаққа алаңдамай тойтарыс беріп, жау қолында қалған қоныстарын азат ету. Сол арқылы толассыз шабуылдардан запы шеккен, соңынан ерген халқын бейбіт өмірге жеткізу еді. Сондықтан Бөкенбай батыр да Ресей “қамқорлығында” болуға жүрек қалауымен бел шешіп кіріскен белгілі қайраткер. Бірақта оны да, Әбілқайырды да қазақ халқына “сатқындық” жасап Ресей империясының қоластына кіргізді, сөйтіп, отаршылықтың қамытын еліне кигізді деп күстаналайтындай негіз жоқ екенін тағы да еске салайық.

Біріншіден, патша үкіметі ол кезде қуаты жағынан ірі мемлекеттердің бірі еді, әрі онымен әскери одақ, сауда қарым-қатынасын орнатуға шағын көрші елдердің көпшілігі ұмтылыс жасады. Бұлардан бұрынғы Қазақ хандары да осындай қарекеттерге барып отырғанын біз айтпасақ та, тарихнамада жазулы. Қазақтың азулы хандарының бірі Тәуке сонау 1690 жылдары патша ағзамға бес рет елші жіберіп, орыстармен жақындасуға талпынғаны осының айғағы. Екіншіден, Әбілқайыр хан дәуірінде бағыныштылық деп саналғанмен, іс жүзінде бодандықтың аты бар да, заты жоқ еді. Өйткені, “бодандық” нышандарына саналатын халықтың өз “қожайындарына” ресми кіріп-тарлығын білдіретін басты шарттарының бірде-біреуі қазақтар тарапынан орындалған жоқ. Тіпті, “бодандықтың” алғашқы жылдарында қағаз жүзінде белгіленген алымды қазақтар мүлде төлеген емес. Хан мен рубасылары оны өз міндетіне алғанымен, төлем жөнінде олар ешқандай бас қатырып көрмеген. Ресей патшасы талап еткен — оның оңтүстік шекараларымен жүретін сауда керуендерін қорғауға да қазақтар онша мән беріп жарытпаған, қайта Әбілқайыр хан да, батырлар да кезі келгенде олардың керуендерін тонап алып отырған, ал кейін ара-қатынас шиеленіскен сәтте, тіпті бұлардың шапқыншылығы үдей түскен-ді. Осының бір дәлелі ретінде Кіші жүздің атақты Бақтыбай батыры бастаған сарбаздардың 1732 жылғы наурыз айында патша үкіметінің Хиуа мен Бұқараға бара жатқан орыс әскерінің полковнигі Иоганн Густав Гербер (кейбір деректерде Гарбер деп жазылып жүр — *А.Қ.*) басқарған сауда керуенінің орта жолда тоналып, өзінің міндетін орындай алмай кері қайтуы (119, 134; 25, 71—72; 238, 7—8). Осыдан кейін, Г.Гербер Ресей мемлекеті атынан Түркияға баруға дайындалып жүргенінде, Воронеж губерниясының Павловск қаласында 1734 жылы қайтыс болады (238, 7—8). Жаңағы аты аталған

Бақтыбай батырдың басты мақсаты қазақ-орыс шекарасын баса көктеп өкесінің үйінде жүргендей басынған орыс офицерінің жүгенсіздігіне тосқауыл қою еді.

Деректі құжаттарда баса айтылатыны, Әбілқайыр хан мен Бөкенбай сардарбектің кемеңгерлік саясаттарының негізгі өзегі — күллі қазақ руларын халық тәуелсіздігі үшін өз ықпалдарына көндіріп, Ресей қамқорлығымен бір орталыққа бағынатын пәрменді мемлекет құру жоспары. Хан да, оның бас сардары да “бодандықты” өз пайдаларына икемдей отырып, Ұлы жүзді толық бағындырған, Орта жүздің бір бөлігін басып алған жоңғарлардан, Арал өңіріне көз алартып отырған Парсының Нәдір шахынан және айдаһар жылдай жұтуға келе жатқан Қытай империясынан құтылудың жолын іздеді, сөйтіп, өз тәуелсіздіктерін сақтап қалуға жанталасты. 1755—1758 жылдары жоңғарларды бесіктегі баласына дейін қырып, тұтас бір ұлтты жер бетінен жойып жіберген қығайлықтардың, өздерінен саны жүздеген есеге кем, тағдырдың бұйыртуымен ұлан-ғайыр даланы алып жатқан қазақтарға шабуыл жасамасына кім кепілдік береді? Цин империясы билеушілерінің қазақ хандарына шен-шекпен сыйлап, елшілері арқылы қарамағына алуға грамоталарын әлсін-әлі жіберуі, тіпті Абылайдың саясаткерлігімен оларға бодандыққа ант қабылдауға мәжбүр болғаны, — тәуелсіздікке жанталас емес пе? Оны былай қойғанда 1758—1760 жылдары Ресей мен Қытай қазақ жерін бөлісу үшін әлде неше рет әскери қақтығыс жасауға дайындалды емес пе? Қазақ — Қытай шекарасына 1758 жылдың жазында 180 мың әскерін топтаған қытайлықтар шабуыл жасауға от қаруы сапталған тек патша үкіметінен ғана қаймықты емес пе? (10, 411). Сайып келгенде, сыртқы саясатта Ресей қамқорлығының пайдалы жақтары да аз болмағанын мойындауымыз қажет, ол туралы осы кітаптың алдыңғы тарауларында айтылды.

Әрине, өз кезегінде, патша үкіметіне де қазақ даласын отарлау пайдалы болғанын А.И.Левшиннің әйгілі еңбегіне сүйеніп, қазақстандық зерттеуші Ө.Өмірзақов “Ресейге қосылғаннан не ұттық?” деген ғылыми шығармасында Ресейдің пайдасын былай көрсетеді: “1) Бұл империя “бір тамшы қан ағызбай бірнеше жүз мың халықты қосып алды; 2) Қазақтардың бағынуы шығыс-оңтүстік өлкелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті; 3) Қазақтар арқылы қорқынышты жоңғарлар күшін әлсіретуге болады; 4) Қазақтарды пайдалана отырып, бүліншілік шығара беретін башқұрттарды басуға болады; 5) Қазақтарды пайдалана отырып хиуа, ала, қарақалпақтарды бой ұсындыруға болады; 6) Қытай мен Үндістан секілді ірі мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға жол ашатын, әрі сонда кірудің кілтін қолға алады” (99, 25).

Әйтсе де, Қазақстанның басым көпшілік халқының іс жүзінде отарлау саясатының құрбанына айналуы шамамен жүз жылдан кейін болған. 1822—1824 жылдары хандық биліктің жойылғаны тарих беттеріндегі жазбалармен дәлелденеді. “Қамқорлықтың” айқын белгісі ретінде қазақтардың Ресей империясына түгін салығын төлеуі да осы уақыттан бастау алады. Отаршылыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістерінің күшеюі де осы мезгілдерге дәп келеді. Тағы бір қызығы, ұлт-азаттық қозғалыстың дем берушілері де “адалдыққа” алғаш ант берген тұлғалардың ұрпақтары.

Көпшілік зерттеушілердің пайымдауларына жүгінсек, ұлан-ғайыр даланы отарлауды көп жылдар бойы ойластырып кесіп-пішкен іргелі мемлекеттер үшін қазақ секілді бытыраңқы көшпенді елдің қанша қарсыласса да өз тәуелсіздігін сақтап, қарсы тұрулары мүмкін емес еді. Ол ерте ме, кеш пе, солардың ықпалына түсетін. Ресей, Қытай, сол секілді қуатты мұсылман мемлекеттерінің қыспағында қалған қазақ сынды халықтың ол кезде өз еріктерін таңдауға құқы жетпеді, тау суындай сарқыраған басқыншылықтың астында қалып, мүлдем жойылып кетпес үшін іргесі бүгін елдің бірін өздеріне “аға” ретінде мойындау қамыты көк жиектен көрінді. Сөйтіп, уақыт шіркін, Әбілқайыр хан, Бөкенбай баһадүр бастаған көреген топты Ресейдің кең шаңырағының астына әкелді... Келешек көрсеткендей ол дұрыс шешім болды.

Көңілге бір қонымдысы, осыдан үш ғасырдай бұрын әулиелікпен танылған Әбілқайыр, Бөкенбай сынды бабалардың шешімін өнегеге алған еліміздегі сыртқы саяси жағдай қазіргі күні де өзекті жалғастық табуда. Басқасын айтпай-ақ, қазіргі ел басының екі ұлы көршісі — Ресей мен Қытай мемлекеттері және оңтүстіктегі мұсылман елдерімен бейбіт мақсатты көздеген ынтымақтастық ұйымы — Шанхай қауымдастығының құрылуы осының айқын дәлелі болса керек. Осыдан ерен тұлғалардың ел болашағын әулиелікпен алыстан болжап, еуропалық өркениетке ұмтылып, қазақ халқының ғасырлар бойғы арманының негізін қалағандарына көз жеткіземіз.

Қазақ ортасында еңіреп туған ерлердің көп болғаны рас. Бір зерттеушінің айтқанындай, оларды бағы жанған және бағы жанбаған батырлар деп қисын келтіруге болады. Ерен батырлығымен аты шыққан атақты Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Жәнібек пен Есет тархандар секілді батырлардың еңбектері еленіп, олар туралы көп жазылып, атақ-даңқтары асқақтаса, табын Бөкенбай батыр, ұранға шыққан Бақтыбай, Жанқожа, Алтай батыр, Әжібай би, атақты Қотібар, оның ұлы Есет батыр, немесе Кенесарыға ерген Ағыбай, Иман, Бұқар-

баіі сынды батырлардың есімдері көп уақытқа дейін халықтан аластатылып, олардың ерліктері туралы аз айтылды. аз жазылды. Бір құптарлығы, олардың есімдері еліміз егемендік алғаннан бері орнына келіп жатыр, мерейтойлары тойланды, сіңірген еңбектері ақпарат құралдары мен кітаптарда түзілуде. Бұл дәстүр ұзағынан болғай!

Ал қазақтың ту байлаған сардары, жарық жұлдызы, мемлекет және қоғам қайраткері, ірі мәмілегер Бөкенбай баһадүр бұндай “бақыттан құралақан қалды” деуге болады. Шынтауайтында, ерен ерлігімен бүкіл ғұмырын шайқаста өткізген, халықтың қалауымен 25 жасында Әбілқайыр ханның бас сардарбегі болған, анталаған жаулардан елімді қайтсем қорғаймын деп түн ұйқысын төрт бөлген, қан майданда халқы үшін өмірін құрбандыққа шалған бұл батырдың есімі еленуге, табынуға әбден лайық емес пе еді. Ақтөбе қаласының бас даңғылына Әбілқайыр ханның есімі беріліп, тұғыры биік әсем ескерткіш орнатылғаны халық жүрегінен жағымды орын алды. Бұл даңғылға дәл осы мемлекет қайраткерінің аты қойылуы, оның тарихи еңбегінің еш кетпегенінің белгісі. Осы даңғылмен қатар жатқан екінші көшеге тама Есет тарханның аты берілді, бұл да көңілге қонымды. Ал Бөкенбай батырға да осылай құрмет көрсетілсе, халық жадында сақталып, орны толмай жүрген бір өкініш, азаттық жолында бар ғұмырын сарп еткен, қан майданда қапыда қазаға ұшыраған батыр бабамыздың аруағы риза болар еді, ұрпақ парызы орындалар еді.

Бұл тұрғыда, қаланың бас көшелеріне Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, тархан Жәнібек, Абылай хан немесе Төле, Қазыбек пен Әйтеке би сияқты абзал тұлғалардың есімдерін қатарластыра берген Алматы мен Астана шаһарынан үлгі алуға тұрарлық.

Енді бір-екі ауыз сөзбен Бөкенбай баһадүрдің ата-тегін аздап айта кетсек артық етпес. Соңғы кездерде баспасөз бетінде жарық көрген кейбір шағын шығармаларда өте жинақы түрде батырдың әкесі Қара немесе Қарабатыр деп жазылып жүргені мәлім. Бұл деректердің қайдан алынғаны да беймәлім. Бірнеше дүркін әңгіме өткізіп, елшінің басын қорғаған батырдың ататегін, өкінішке орай, М.Тевкелев те жазбаған. Елші күнделігінде Қара батыр есімді адам бірнеше рет қайталанады, бірақ ол шектінің Қырғыз бөлімінен шыққан, Ресеймен қосылуға ниеттес Бәйімбет батырдың інісі екені анықталды (118, 187—193).

Бөкенбай батырдың Жетірудің табын руынан шыққаны туралы толық мәліметті Н.Ы.Жетпісбайдың зерттеулерінен көреміз. Автордың айтуынша, Кіші жүздің жетіруның ішінен Табын руы: Тарақты,

Тартулы және Шөмішті болып үш ірі аталыққа бөлінеді. Тарақтыдан — Жаманкерейі, одан Жылқышы, одан Құлатай, одан Байғазы тарайды. Осының Байғазысынан төрт ұл — Кедейкұл, Сармантақ, Ебес және Малғара. Халық арасында бұларды төрт арыс Байғазы деп те атайды. Байғазының Кедейкұлынан төрт ұл, олар: Олжабай, Құлжа, Сатыбалды және Қара. Бұл аталықтан да игі жақсылар, белгілі адамдар, батырлар, билер шыққан. Олжабай мен оның немересі Жездібай қалмақтармен шайқасқан белгілі тұлғалар болса, 1869 жылы орыс үкіметінің отаршылық саясатына қарсы күрес ұйымдастырған Мұнайтпас пен Тұрым, Айжарық билер де осы аталықтан шыққан қайтпас қара нарлар (104, 71—78).

Ескеретін бір жайт, ұзақ жылдары Кіші жүздің шежіресін тірнектеп жинап жүрген белгілі журналист М.Неталиев бір шығармасында Бөкенбай батырды табынның Кедейкұлынан таратып, Қараның ұлы деп көрсетеді. Бұл шындыққа жақын келетін сияқты. Ол “Қазына” (баспадан 2002 жылы жарық көрген) атты еңбегінде Бөкенбайдың әкесін Қара деп көрсетеді және одан Мұхамбет, Жаубатыр, Жолбатыр, Құлмеден, Құлбатыр, Сарыкұл, Жекен, Нұртаза, Қобыланды, Бөкенбай атты он ұлды өрбітеді, бірақ, автор бұл деректерді қайдан алғанын ашып жазбайды (140, 197; 104, 71—78). Сондықтан, әзірге кесімді пікір айтуға асықпаған жөн шығар.


Ал Бөкенбай баһадүрдің ұлы Тіленші, немересі Жоламан екеуі де атақты батырлар, жетірудың төбе билері саналған. Бұлар “бодандықтың” пісіп жетілген шағында өмір сүрген, XVIII—XIX ғасырлардың перзенттері, Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің бел ортасында жүрген шандоздар. Тіленші батыр атышулы Сырым Датұлымен тізе қосып қаракеттер жүргізсе, Жоламан батыр 1819—1825 және 1835—1838 жылдары мемлекеттік шекарада бекіністердің салынуына қарсылық көрсетіп, олардың талайын қиратқан. Ресей әкімшілігі күресті күшпен басқан соң, олармен қарым-қатынасын біржолата үзіп, шекара бойындағы қамалдары өртеп, Табын, Тама, Жағалбайлы, Жаппас, Шекті, Төртқара руларының 500 шаңырағын бастап Ырғыз, Торғай өзендері бойына қоныс аударады. Осы өңірлерден ол Абылай ханның ұрпағы, қанды балақ Кенесарыға қосылып, патша үкіметіне қарсы күресін жалғастырған.

Бөкенбай батырдың көзі тірісіндегі ғұмыр кешкен аймағы Кіші жүздің жері-Батыс Қазақстан, оның ішінде Арал теңізінің маңы, Еділ мен Жайық, Жем, Ырғыз, Сыр өзендерінің бойы. Оның пейілі қандай кең болса, ата-қонысы да сондай кең болғанға ұқсайды. Ырғыз бойындағы “Бөкенбай шоқысы” осы тараудың басында айтылды.

Жем өзенінің орта тұсынан құятын Қаратөбе Бөкенбай, Ақжарлы Бөкенбай деп аталатын кіші-гірім өзен-сулар, Құр Бөкенбай, Ашы Бөкенбай және Байсары Бөкенбай деген жер аттары ескі карталарда түзілген. Соңғы үшеуінің атын халық Үш Бөкенбай деген ортақ атқа да таңған секілді. Осыларға жақын тұста Бөкенбай атты құмдардың кездесуі де бұл тұлғаның айтылған өңірлерді мекен еткенін байқатады (142, 172—215).

Өмірінің соңғы кезеңдерінде Ресейге “бодандықты” бастаған достық қарым-қатынасын пайдаланып, Бөкенбайдың Жайық пен Тобыл өзендерінің бойында қала салдырып, Ресеймен сауда-саттық ісін жандандыруға күш жұмсағаны да құжаттардан белгілі болып отыр. Өзінің ойлаған жоспарын жүзеге асыру үшін 1740 жылы 29-шы тамызда патша ағзамға Орск бекінісінде екінші рет “адалдыққа” ант беріп, халқының айырбас сауда қатынасын жандандыруға тырысқан. Оның “бодандыққа” адал екенін ескеріп, императрица Анна Иоанновна сол жылы Бөкенбай батырға аты жазылған күміс қылышты сыйға тартты. Бөкенбай баһадүрдің ерен ерлігін ұмытпау мақсатында Кіші жүздің игі жақсылары Ырғыз бойындағы үлкен шоқыға “Бөкенбай шоқысы”, “Бөкенбай шыңы” атағын беріп, оны халық жадында мәңгі сақтауды көздеген (141, 404—406; 239, 515—517; 55, 405).

Бөкенбай батырдың зираты соңғы жылдары Үстірттегі Сам-Матай өңірінен табылғанға ұқсайды. Соған қарағанда, түркімендермен соңғы шайқасы Маңғыстау түбегінде өткенге ұқсайды, оның осы жерге жақын жерленуі де осыдан болса керек. Бөкенбай баһадүрдің ұрпақтары қазір Ақтөбе қаласында, аттас облыстың Байғанин атындағы, Қобда, Ойыл аудандарында тұрады деседі, олай болса, бабасының басына ескерткіш орнатып, кесенесін жаңарту мәселесі де қозғалатын шығар деп дәмеленеміз.



**ӘБІЛҚАЙЫР БАСТАҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ
“БОДАНДЫҚ” ШАРТТАРЫ**



*Еділді тартып алғаны —
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны —
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны —
Ойындағысы болғаны.
Маңғыстауда үш түбек
Оны-дағы алғаны.
Үргеніш пенен Бұқараға
Арбасын сүйреп барғаны —
Қоныстың бар ма қалғаны?!
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны —
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны!*

Ақын Мұрат Мөңкеұлы.
“Үш қиян” дастанынан үзінді... (206, 87).

Сонымен, 1731 жылы қазан айының 10-шы жұлдызында Әбілқайыр бастаған Кіші жүз халқы Ресей қарамағына бодан болып кірді дедік. Мұны бүгінгі кейбір зерттеушілер: “Әбілқайыр орысқа бодан болу арқылы үш жүздің аға ханы болғысы келді”, — дәлелдегісі келеді. Біз олармен пікір таласын қоя тұрып, бейтарап елдің тарихшысының пікіріне жүгініп көрейік:

“1730 жылғы 8 қыркүйекте Кіші Орданың ханы Әбілқайыр император әйел Анна Иоанновнаға бодан болуға тілек білдіріп, қол астына алуын өтініп, хат жолдайды. Бұл қазақ халқына немесе сұлтандарға сұрау салмай бір ғана билеушінің — Әбілқайырдың екіншісіне — Анна Иоанновнаға адалдығын білдірген хат еді, — дейді АҚШ-тың Колгейт университетінің профессоры Марта Брилл Олкотт. — ...1731 жылдың басында Анна Иоанновна Әбілқайырға бұрынырақ башқұрттар мен Еділ бойы қалмақтары қабылдаған бодандық шарттарын ұсынады, ал олар болса император әйелге адал болуға сөз

беріп, Ресейдің қажетті жерлерді өзі ғана белгілеп беретіндігіне көніп, орыс керуендері мен көпестерін аман-есен өткізіп тұруды қамтамасыз етуге уәде еткен болатын...

Іс жүзінде Әбілқайыр император әйелдің бірден бір берілген қызметшісі болған жоқ; ол кей кездерде жоңғар билеушілерінің де көңілін жыққысы келмеді” (78, 89).

Әбілқайыр ханды Ресей қарауына өтуге мәжбүр қылған сол кездегі Кіші жүз халқының қатты күйзеліске ұшырағаны-ұзаққа созылған соғыстың салдары екенін дәлелдеп жатудың қажет бола қоймас. Ал Әбілқайырдың Ресей патшасына “құлағы тесік құл” емес екенін бір мысалмен дәлелдеп өтелік. Ол үшін — тағы да М.Олкоттың пікірін тыңдайық: Оренбург экспедициясы бастығы Кирилловқа тапсырылған бұйрық бойынша, қазақтарға Орынборда үйлер мен мешіттер салуға және оның төңірегінде малдарын жаюға рұқсат берілген. Алайда қазақтардың көпшілігі (ішінде Әбілқайыр мен оның ұлдары да бар) орыстармен жақын қатынаста болуға онша ықылас білдірмеді. Көп ұзамай Кирилловтың орнына келген В.И.Татищев сауда қатынастарын кеңейтуге деген жобаларын тастап, бар күш-қуатын башқұрт көтерілісін басуға жұмсады. Ол қазақтар мен башқұрттардың арасындағы дәстүрлі кикілжіңді пайдаланып, екі халықты бір-біріне айдап салуға мүдделі екенін көрсетті. Оның мақсаты қазақтарды Ресей жағына тартып, көтерілісшілерге қарсы айдап салу болды. Мәселен, 1738 жылдың ақпан айында ол Әбілқайырға әр башқұрттың басы үшін 60—100 қойға дейін төлеуге дайын екенін білдіріп, жазалау жорығына қатысу туралы ұсыныс жасады. Алайда Әбілқайыр қандас башқұрттар жағына шыққанды жөн көріп, Орынбор қаласын басып алмақшы болды. Бірақ бұл шабуыл сәтсіз аяқталды. Дегенмен, қазақ-башқұрт одақтастығын сақтап қалудың сәті түспеді. Себебі, екі халық башқұрт жеріндегі жайылымдарға таласып, оны бөлісе алмай жүрген еді. Сондықтан, Кіші жүз бен Орта жүздің беделді рубасылары Әбілқайырдың башқұрттарды қолдап шыққанына мықты наразылық білдірді”, — дейді шетелдік тарихшы (143, 120—124; 78, 89—90).

Әу дегеннен байқалатыны, Ресей әкімшілігі жүргізе бастаған саясат. Себебі, олар бүгін қазақтарды башқұрттарға айдап салса, ертеңіне өзінің боданы башқұрттарды қару беріп, қазақтарға айдап салуы әбден мүмкін еді. Сөйтіп, өзі күшті аз жұмсап, бодандықтағы елдерді бір-біріне айдақтап екі халықты да қансырату. Мұны Әбілқайыр уақыт өте түсінді, ал бірақ, Кіші жүз бен Орта жүздің рубасылары ол кезде патша ағзамның бұндай айла-шарғысына онша мән берген жоқ. Олардың ойы, бүгін ауызға түсіп тұрған “май шелпекті” талғамай



Қазақ жасақтары жорыққа. А.Макбридждің реконструкциясы.

жұта салу. Оның аржағындағы Ресейдің қитұрқы іс-әрекеттерін жете түсінбеуі еді. Өкінішке орай, замана жарықтықтың екпінімен біріміз төрге тартсақ, екіншіміз көрге тартқан алауыздық басым болғанын мойындамасқа лажың жоқ. Тәуке ханның кезінде біртұтас ел болып, дербестік құрған қазақ жұртын үш жүзге, үш хандыққа ыдыратқан да осы алтыбақан алауыздық, тәжжұмарлық, тақжұмарлық емес деп кім айта алар еді.

Ал енді, бұл арада ескерілетін бір жайт: кешегі кеңестік тарихнамада Ресейге шет аймақтардағы халықтар өз “еркімен” бодан болды деген миф қалыптастырылды және бұл “қосылу” табиғи ілгері даму құбылысы ретінде қарастырылды. “Қосылу” дегеннің өзінде де зорлықтың, қорлықтың нышаны бар екенін байқамағандай сыңай танытылды. Кім кімге қосылады, ол неге қосылады, неге қазақ елі өз еркімен бас бостандығынан айырылады, неге екінші біреуге тәуелді болады? Әрине, күші аз, дәрмені төмен ел, өзінен күшті, айбарлы елге бағынуға мәжбүр. Қосылудың тағы бір жағы — қазақ елінің екі ғасырдан астам жоңғарлармен соғысып күйзелуі, қалжырауы, қансы-

рауы, бұл да амалсыздықтың бір нышаны. Қосылудың тағы бір жағы-қазақтың жоңғарлар басып алған жерлеріне, қазақ пен жоңғар арасында уақытша бос қалған жерлерге Ресейдің қамал-қорғандар тұрғыза бастауы, орыс-қазақ әскерінің қазақ жеріне шым-шымдап енуі, өздеріне бағынышты Еділ қалмақтарын, башқұрттарды айдап салып, әлсін-әлсін шапқыншылық жасауы. Тәжірибелі әрі әккі И.И.Неплюев айтқандай, казактардың күшімен қазақты Еділ, Жайық, Жем, Өлкеаяқ, Ырғыз, Ертіс, Есіл сияқты өзендерден, оның сағаларынан шөл далаға ысыру саясаты, шын мәнінде тұрмыс-тіршілігін тығырыққа тіреуі — тағы бір қосылудың амалсыздығын туғызды.

Қазақ қауымының болмысы, оның алтыбақан алауыздығы, хандық үшін егес, жер үшін талас, ру-тайпалық менмендік, сыртқы жаулардың үздіксіз басқыншылық әрекеттері, шаруаға, еңбекке деген ұқыпсыздық бұл да қосылудың пайдасына итермелеген шарасыздықтың бірі еді. Жасыратыны жоқ, Ресейге қосылудың негізгі бастамасын ұйымдастырушы Әбілқайыр хан екені белгілі. Ол болса қазақ халқының басын біріктіретін күшті хандық билікті армандады, соған жетудің бірде-бір амалы Ресей империясының көмегі деп ойлады. Сонымен бірге ұлы қолбасшы, тәжірибелі мемлекет қайраткері қазақ халқының басына түскен ауыр кезенді де түсіне білді, тығырықтан шығудың амалын осыдан іздеді. Айналып келгенде, Ресейге боданшылық — Әбілқайырдың мәжбүрлігі мен амалсыздығынан туған шара еді.

Қазақ Ресей құрамына өз еркімен енген жоқ, оны кіруге сол замана мәжбүр етті, қырда оны қалмақ қырды, ойда орыс олжалады, таудың екінші бөктерінде Цин империясы жүтуға дайын тұрды. Орта Азиялық хандықтар да қазақтың қанына жеріктікті байқатты, оңтүстік өңірді бөксесіне басып алып, ағайындарының қанын сорды, жанын жегідей жеді. Бұл күндері Отандық тарихнамада Ресейге “өз еркімен қосылу” емес, оның құрамына “амалсыз кіру” тұжырымдамасы қаралу керек, — деп ойын ашық білдірген академик М.Қозыбаевты құптау, Отан алдындағы парызымыз болмақ.

Сол кездегі қазақтың жағдайын бір ақын былай дөп басып айтады:

*Былай барсаң, Қоқан бар,
Салмақ салып қоқандар.
Былай барсаң қалмақ бар,
Күшінді еппен алмақ бар.
Былай барсаң Қытай бар,
Жапырағынды бұтай бар.*

*Былай барсаң орыс бар,
Бара берсең, қоныс бер (143, 124).*

Халқымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлы бір еңбегінде:

“Батыстан да, шығыстан да байқала бастаған жерімізге көз сүзушілік жан-жақтан жапатармағай жағаласа бермей, қалыптасып келе жатқан геосаяси ахуалға орай, бүгінгі тілмен айтқанда, ұзақ мерзімдік стратегиялық әріптестік қарастыру міндетін қойды. Үрдістегі жағдайларға ұқсай бермейтін жаңа жағдаяттар дәстүрлі қағидаларға сәйкес келмейтін атымен тосын шешімдер қабылдауды талап етеді”, — деуі сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты айтылды (47, 76). Осы арада Мағжанның мына өлең шумағы еріксіз еске оралады:

*Алыстан орыс, Қытай — ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында — ор, алдында — көр, жан-жағы — жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ? (242, 193).*

Замана кезеңіндегі ахуалға терең сұғынған жарықтық Әбілқайыр 1731 жылы шығыстан төнген қауіпті батыстың көмегімен еңсеріп көруге бел байлағанын айтып өткенбіз. Алғашқы кезде бұндай шешім қарсылыққа ұшырағаны да белгілі. Қазақ даласына келген Ресейдің арнаулы елшісі Мәмет Тевкелевтің басқан қадамы Цин империясы тарапынан мейлінше жіті қадағаланды. Сол жылдары Қытайға Ресей Сенатының жолдауын алып барып қайтқан капитан Петров Цин үкіметінің Жоңғар хандығы мен қазақтардағы жағдайды қайта-қайта қадала сұрағандығын айтады. Бұл жылдары Қазақстанның Еуразия құрлығында елеулі орын иемденгенін байқатса керек. Ал, Қалдан Серен болса 1732 жылы орыс елшісі Л. Угрюмовтың алдында қазақтарға қарсы әскери одақ құру туралы мәселе көтерді. Бұның өзі қазақтардың шығыстағы жағдайының әбден шиеленісіп кеткендігін көрсетеді (52, 98—105).

Осы кезде Қытайдың батысқа бағытталған әскери жорықтарынан Қазақстан түгілі Ресейдің өзі мықтап сескене бастады. Сондықтан да, ол Қытаймен екі арадағы тосқауыл болып тұрған Жоңғарияның жойылып кетпеуіне мүдделі еді. Ойраттар қазақтардың 1730—1734 жылдар арасындағы оларға тиіп-қашқан шапқыншылықтарын Цин империясына көмектесу деп санады. Цин соғысындағы Боғдыхан өліміне байланысты уақытша үзілісті пайдаланып, Қалдан Серен 1735 жылы Ұлы жүзді қайта бағындырып алды. Дегенмен, Жоңғар хан-



Жайық казактары. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы сурет.

дығы қытайлармен түпкілікті бітім жасалғанша, казактарға қарсы ауқымды майдан ашуға жүрексінді. 1740 жылы ондай бітім жасалған бойда, жоңғарлар Орта жүзге қайтадан бас салды (47, 76; 52, 110).

Осы соғыста казактар ойсырай жеңіліп, Абылай тұтқынға түсті, қалған Орта жүз сұлтандары мен хандары Орск бекінісіне барып паналады. Демек, Әбілқайыр патша үкіметінен өзіне Ор мен Сырдария бойынан қамал салып беруді сұраса, М.Тынышбаев айтқандай, қалған казак жүздерінен емес, әлі де айбыны қайта қоймаған жоңғарлар мен енді-енді бас көтеріп келе жатқан қалмақ, башқұрт, Орта Азия хандықтары тарапынан болатын қауіптерден сескенгендіктен істеген. Билікке таласқан сұлтандардың алауыздығынан жекелеген аталастар арасындағы майда шекісулер болмаса, ол заманда казак тайпалары мен ұлыстары бір-бірімен алысып-жұлысқан үлкен шайқасқа бармаған.

Бір-біріне күні түспей тұрмайтын дала көшпенділері салтында неғұрлым атасы алыс адам солғұрлым көбірек құрметтеліп, төрге шығарылғаны белгілі. Жолы үлкеніне құрмет көрсету — меймандостық пен жол сыйлау-дала қоғамында басты әдет-ғұрып қағидасы ретінде қаралған. Жүзішілдікті — кейін патша үкіметі енгізген, казак-

тардың әр ұлысын орыстың әр өлкесіне тегіп, бір-бірімен аралас-құраластықтан көңіл қалдыратындай жырақтап, өзара жатырқаушылықты оршітуге тырысқан зымиян саясаттың нәтижесі. Ал, рушылдық бағыты — қазақ қауымының дербес мемлекеттілігі жойылуына байланысты жандайшаптардың қолшоқпарына айналған құрал іспетті. Ұлттық мемлекетсіздіктен өрбіген ұсақ мүдделестіктің көрінісі. Бұлар — кейінгі замана құбылыстары. Оны ежелгі ата жолы қағидаларымен шатыстырмаған абзал, — дейді қоғам қайраткері Ә. Кекілбайұлы (47, 77).

Не де болса, XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ қауымы үшін ішкі ынтымақпен қоса, сыртқы ықпалдастықты да орнатуды алға тартты. Келе келе Әбілқайыр ханның саяси бағдарламадағы ұстанымы қалған қазақ билеушілері тарапынан да қолдау таба бастады. Көп ұзамай Орта жүз билеушісі Сәмеке мен Ұлы жүз билеушісі Жолбарыс та патша сарайының қамқорлығына жүгіну ұсыныстарымен шыққаны тарихнамадан мәлім. Өйткені, Қалдан Серен тұсындағы жоңғар шапқыншылығының қайта күшеюі, оларды еңсерген күнде де, ар жағынан шүршіт басқыншыларының төбе көрсетуі, түскейден парсы шахы Нәдірдің көз алартуы, солтүстік-батыстан қалмақ, башқұрт, орыс казактарының әлсін-әлсін шабуылы, әрі Ресей шонжарларының дәл іргеге кеп түмсық тіреуі сыртқы дүниеден қамқоршы әріптес іздемей болмайтындығына көзді түбегейлі жеткізіп берді. 1731 жылғы Ырғыздағы, 1748 жылғы Ор бекінісіндегі (М.Тевкелевпен кездесу), 1738, 1740, 1742 жылдарғы Оренбургтегі, ең соңында 1846 жылғы Аякөздегі келіссөздер нәтижесінде (Кенесары төңірегіндегілерден басқалары) сұлтандар мен рубасылар түгелге жуық ақ патшаға адалдыққа ант етті.

Ал, бір кезде қазақтарды осындай қадам жасауға мәжбүр еткен Жоңғар хандығын құл-талқан етіп, оларды ата-мекенінен аластаған Цин империясы шығыс шекарамызға баса-көктей кіргенде, Абылай сұлпан алдынан шығып, батыс пен шығыс саясатшыларын кемеңгерлігімен тамсандырған жаңа қадам жасады. Орта Азияны отарлаудың тарихын жазған М.А.Терентьев “қос бодандық” деп атаған бұл үлгі, шын мәнінде, қазіргі дүниежүзі еріксіз ұстанып отырған “көп қырлы, бір сырлы сыртқы саясаттың” алғашқы баламасы болды. Әбілқайыр мен Абылай сынды даналар мұны бұдан үш ғасыр бұрын аңғара білгені, бір жағынан қатты таңғалдырса, екінші жағынан, өз тағдырымызға ешқашан ат үсті қарауға болмайтынын нықтай түседі.

Еуразияның қақ торін мекендеген ата-бабаларымыз жайлы өріс пен қолайлы қоныс үшін мың жылдық күресті жалғастыра отырып,

сыртқы ахуалға да ұдайы мән беріп келген. Талай қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді одақтастықтарға да қорегендікпен барған болатын. Бірақ, ондай одақтастыққа негіз болатын “камқорлық” жүйенің батыстық және шығыстық сипаттарындағы айырмашылық айтарлықтай алшақ еді. Белгілі шығыстанушы ғалым Н.И.Веселовскийдің: “Еуропада бұндай бодандық турасында ұғым атымен жоқ. Азияда-бұл аса тиімді ымыра, ешкімді ештеңеге міндеттемейтін жай әншейін емеурін ғана. Сондықтан да, көшпенділер қандай да болмасын тарту-таралғы дәметіп, отырықшыларға бодандыққа жүгінуге әуес. Моңғол жайсаңдары қит етсе Қытай императорына “тарту-таралғы” ала жүгіруге құмар. Өйтетіні тегін де емес: бергені екі есе, үш есе болып қайтады”, — деуі осыдан (217, 20).

Бұндай әдет-ғұрып негізінен, Орталық Азия көшпенділері мен Қытай елдері арасында қалыптасқан дәстүр еді. Ерте заманда отырықшы қытайларға көшпенділердің өздерінің де, жерлерінің де еш қажеті болмады. Өйткені, сол дәуірдегі Қытай тарихшысы Бань Гу айтқандай: “Жабайылар дүниекоңыз, пайдакүнем, келбеті адамдікі, жүрегі андікі. Киімі де, әдет-ғұрпы да, тамақтары мен сусындары да басқаша. Түсініксіз тілде сөйлеп, теріскей шет аймақтардағы далалықта өздерімен-өздері өмір сүреді. Екі араны тау жоталары мен сусыған құмдар бөліп жатыр. Сондықтан да, дана билеушілеріміз оларға тағы аң-құсқа қарағандай қарады. Жабайыларды ылғи тұсапматап отырды, сол арқылы екі арадағы жағымсыз қылықтарды соларға жауып салып бақты” (145, 97). Ендеше, оларға сыйлықтар беріп, алдап-сулау арқылы іргелеріне тыныштық бермейтін көшпенділердің аяқ-қолын матап ұстаудың бірден-бір амалы деп қарастырған сияқты. Ал, басқалардың тарту-таралғысы Қытай императорының үлкен беделін айғақтайтын кіріптарлықтың көрінісі деп саналды (47, 79). Әлемдік құрылымда XVI ғасырдан бастап көріне бастаған отаршылықтың жаңа үлгісі “бодандық” тарихнамада қалыптасқан одақтас-тық, кішінің үлкенге деген ізеттілігіне негізделген қарым-қатынасты атымен жоғалтты да, біржолата кіріптарлық, басыбайлы бағыныштылық мағынасында түсіндіріле бастады. Бұндай отарлаудың жаңа әдісін Еуразия кеңістігіне пәрменді енгізген Ресей империясының сыртқы саясатынан анық көрінеді. Ол әуелде қазақтардың бодандығын патша ағзамға адал болып, уақтылы азын-аулақ салық төлеп тұруға, өзге орыс бодандарынан көзтүрткі көрмеуге, басқа жақтан қауіп төнсе, панасына алуға, қонтайшымен де, Еділ қалмақтарымен де болған соғыс-жанжалды тыйып, жаңа ұрыс-жанжалдарын бол-

қалың бұл ұлысын орыстың бір бөлшегіне қосып алды. 1771 жылғы қаңтар айындағы қақтығыстан қорғау қызығарымындай сарбаздарды қолдануға қарайтын ұстаздардың басын ұстап, орыс билеушісінің бұйрығымен қырымдық бағыты — қазақ қауымының дербес мемлекеттілігі жойылуына байланысты жандайшаптардың қолшоқтарына айналған құрал іспетті. Ұлттық мемлекетсіздіктен өрбіген ұсақ мүдделестіктің көрінісі. Бұлар — кейінгі замана құбылыстары. Оны ежелгі ата жолы қағидаларымен шатыстырмаған абзал, — дейді қоғам қайраткері О. Кекілбайұлы (47, 77).

Не де болса, XVIII ғасырдың бірінші жартысы қазақ қауымы үшін ішкі ынтымақпен қоса, сыртқы ықпалдылықты да орнатуды алға тартты. Келе келе Әбілқайыр ханның саяси бағдарламадағы ұстанымы қалған қазақ билеушілері тарапынан да қолдау таба бастады. Көп ұзамай Орта жүз билеушісі Сәмеке мен Ұлы жүз билеушісі Жолбарыс та патша сарайының қамқорлығына жүгіну ұсыныстарымен шыққаны тарихнамадан мәлім. Ойікені, Қалпан Серен тұсындағы жоңғар шапқыншылығының қайта күшеюі, оларды еңсерген күнде де, ар жағынан шұршіп басқыншыларының төбе көрсетуі, түскейден парсы шахы Нәдірдің қозғалуы, солтүстік-батыстан қаямақ, башқұрт, орыс казактарының өлең-сүлейін шыбуылы, өрі Ресей шонжарларының дәл іргеге келіп түмеык тіреуі сыртқы дүниеден қамқоршы әріптес іздемей болмайтындығына қозді түбегейлі жеткізін берді. 1731 жылғы Ырғыздағы, 1748 жылғы Ор бекінісіздегі (М.Тевкелевпен кездесу), 1738, 1740, 1742 жылдарғы Оренбургтегі, ең сонында 1846 жылғы Аяқоздағы келіссөздер шартнамаларымен Кеңесары төңірегіндегілерден басқарып сұлтаншар мен рубасқарлар тұрған жуық ақ патшаға адалдыққа ант етті.

Ал, бір кезде қазақтарды осындай қаным жасауға мәжбүр еткен Жоңғар хандығын құл-талқан етіп, оларды ата-мекенінен аластаған Цин империясы шығыс шекарамызға баса-көктей кіргенде, Абылай сұлтан алдынан шығып, батыс пен шығыс саясатшыларын кемеңгерлігімен тамсандырған жина қолдан жасады. Орта Азияны отарлаудың тарихын жазған М.А. Герценге “көс бодандық” деп атаған бұл үлгі, шын мәнінде, қазіргі дүниежүзі еріксіз ұстанып отырған “көп қырлы, бір сырлы сыртқы саясаттың” алғашқы баламасы болды. Әбілқайыр мен Абылай сынды дағалар мұны бұдан үш ғасыр бұрын аңғара білгені, бір жағынан қатты таңғалдырса, екінші жағынан, өз тағдырымызға ешқашан ат үсті карауға болмайтынын нықтай түседі.

Қызыл жұлдыздың төрінде келген ата-бабаларымыз жайлы өріс алдындағы біздің біліміміздің жылдық күресті жалғастыра отырып,

дырмауға, қолға түскен тұтқындарды, мал мен мүлікті бір-біріне қайтарып беруге мүдделі болғандықтан жасалған келісім шарты деп — қараса, артынан біртіндеп қалағандарынша бұрмалай бастады (89, 20).

Осы арада, Ресей империясы қолданған “бодандықтың” жаңа қыр-сырын патша үкіметінің мұрағаттарында сақталған құжаттарды пайдаланып, баяндай өтейік.

1732 жылдың бірінші жартысында Ресей бодандығын қабылдауға қарсылық бәсеңдеген кезде Әбілқайыр хан мен М.Тевкелев орыс шекарасына жақын көшіп барып, Ұлы Мәртебеліге Кіші орда мен қарақалпақтар мекендеген жерлердің орыс иелігіне қосылуы сияқты аса маңызды істің табыспен жалғасын тауып жатқаны жайлы хабар береді.

1732 жылдың қарашасында Әбілқайыр А.И.Тевкелевке қосып құрамына: 1) ханның ұлы Ералы сұлтан; 2) немере інісі Нияз сұлтан; 3) Кіші орда өкілдері: Тәттімбет батыр мен Бәйбек төлеңгіт және үш башқұрт; 4) Үлкен орда өкілдері: Аралбай мен Ырыскелді батырлар; 5) қызмет ететін және ат айдаушы жасақтары (ішінде Бақтыбай батырдың ұлы Дәулетбай да бар) кірген елшілігін аттандырады. Ұлы жүз өкілдерінің қазақ елшілігінің құрамына кіруін кейбір зерттеушілер Әбілқайырдың оның Үлкен ордаға да билігі жүретінін білдіргісі келгенінен деп топшылайды (90, 366). Бұл елшілік Мәмет Тевкелевпен бірге 1733 жылдың қаңтар айының басында Уфаға жетеді. Одан әрі Тевкелев Петербургке барып, тапсырманың орындалғандығын және қазақтардың елшісі Уфаға келіп, патша сарайына бару үшін рұқсат күтіп жатқандығын хабарлайды.

Осы тұста Орта жүздің ханы Сәмеке де өз елшілерін Уфаға жіберіп, орыс бодандығын қабылдау туралы жаңадан өтініш білдіреді, оның үстіне ол бір рет “бодандыққа ант бергеннен кейін істеген” жағымсыз қылықтары үшін өкінетіндігін де жеткізеді.

Бұл хабарлардың бәрін империя әкімшілігі түсіністікпен қабылдап, М.Тевкелевке Ералы сұлтан бастаған қазақ елшілігін Петербургке алып келуді бұйырады.

Елшілік Петербургке аман-есен жетіп, құрметпен қарсы алынды. 1734 жылдың ақпан айында елшілікті ақ патшайым Анна Иоанновна қабылдап, сол кездегі Санкт-Петербургтегі ресми жаңалықтар жарияланатын ақпаратта хабарланғанындай, Ералы сұлтан министрлер, жоғарғы әскери басшылар (генералитет) және басқа еркек-әйел жынысты сарай маңы лауазымды адамдарының алдында патша ағзамға арнап мынадай сөз сойлеген:

- “Ұлы мәртебелі императрица! Менің әкем Әбілқайыр хан өзінің қырғыз-қазақ ордасымен бірге, өзінің өтініші және Сіздің қайырымды шапағатыңызбен Сіздің Ұлы императорлық қамқорлығыңызға алыну мәртебесіне ие болып, бодандығыңызды қабылдауды және өзінің Сізге адал құл болатындығын білдіру үшін мені Ұлық сарайыңызға жұмсады, сондықтан мені қайырымдылық білдіріп қабылдағаныңызға ризашылықпен, әкемнің атынан аяғыңызға жығылып, алғысымды білдіремін және бізді өзіңіздің императорлық қамқорлығыңыздан тыс қалдырмауыңызды дәрігейіңізге бас ұра өтінемін” (90, 366).

Ералы сұлтаннан кейін сөз алған орыс патшасының вице-канцлері Остерман мырза былай деді:

“Ұлы мәртебелі императрицамыз сенің әкең Әбілқайыр ханның бодандықта болу тілегін құп көріп, өзінің императорлық шапағатына, қамқорлығы мен қорғаншылығына алатындығын білдіреді және бұл қайырымдылығы үшін сен және сенің әкең Әбілқайыр хан өз халқымен оның императорлық мәртебесіне берген анттарыңа лайық адал қызмет етеді деп сенетіндігін білдіреді” (90, 366).

Осыдан кейін қазақ ханының ұсынған шарттарын талқылау бас-талады, патша ағзамның шенеуніктері жаңа бодандарды басқару негіздерін жасауға кіріседі. Бұрынғы тәжірибе көрсеткендей, патша үкіметі қазақ хандарының ешқандай уәделеріне де, берген анттарына да сенуге болмайды деген тұжырым жасады. Өйткені, уәде және антпен бекітілген бодандық шарттары қазақтар мүддесіне пайдалы болған жағдайда ғана сақталатын еді. Ал қандай да бір пайдамен басқа бір елге қосылу мүмкіндігіне жол ашыла қалған жағдайда немесе көрші елге шабуыл жасау қажет болғанда, қазақтар Ресей елінің боданы ретінде бұлай істеуге болмайтындығын дереу естен шығарады. Сондықтан қазақтар мекендейтін кең-байтақ далалық облыстарды Ресейге нақты қосып алуға бағытталған шараларды мұқият ойластыру қажеттілігі туды. Бұл ол кезде өте қиын іс еді. Бір жағынан, қазақтарда антқа адалдық көбіне сақтала бермейтін, екінші жағынан — қазақ далаларының аз зерттелгендігі және кез-келген кезде олармен шекаралас өзге хандықтардың қазақ елін орыс тәртібіне наразылық туған сәтте қамқорлықтарына тарту мүмкіндігі — осының бәрі қазақ ордаларына орыс билігін орнату жолындағы кедергілер еді, — деп тұжырымдайды патша шенеуніктерінің бірі И.И.Крафт (90, 367). Сөйтіп, қазақтарды бодандыққа қабылдау мәселесін талқылау ұзаққа созылды, ал бұл кезде елшіліктің Ресейде ұзақ жатып қалуы, бодан-

да, сенің, Әбілқайыр хан, адал бодан ретінде біздің резиденциямызға өз ұлың Ералы сұлтан, немере інің Нияз сұлтан мен бірнеше ел ағаларын аттандыруың антқа беріктігіңнің дәлелі. Оның үстіне, Үлкен қырғыз-қайсақ ордасы өзінің адал қызметін көрсетпек болып, Қодар би, Төле би, Сатай батыр, Хангелді батыр мен Бөлек батыр және бүкіл орда атынан Аралбай мен Арыс батырларды, арнайы елші Тайлымбет батырды қоса жіберуі және біз Үлкен қайсақ ордасын қамқорлығымызға алуды өтініп жазған хаттары қолымызға тиді. Ал сен, Әбілқайыр хан, өз хатыңда олар да біздің бодандығымызды қабылдағаны жөнінде, сондай-ақ Арал ханы қоластындағы халқымен біздің бодандығымызға алуымызды өтінгені жайлы жазыпсың. Және сен, Әбілқайыр хан, бізге берілгендіктен, Орта орданың бірнеше оңбаған белгілі ел ағалары біздің башқұрт бодандарымызға шабуыл жасап, талан-таражға салмақ болғанын алдын-ала хабарлауыңа орай, ол қарақшылар лайықты сыбағасын алған болатын, ал тағы бір осындай башқұрттарға шабуылдың басында бізге ант бергеніне қарамастан, Сәмеке ханның өзі тұрғандығын да біз алдын-ала біліп, мәселені ушықтырмай, екі жақтың татуласуымен аяқталғанын білеміз. Одан кейін Сәмеке хан қайтадан ант беріп, бодандыққа алуымызды өтінді. Біз, Әбілқайыр хан, сенің бізге еткен адал қызметіңе ризамыз, ал полковник Гербер керуеніне қарашылық шабуыл жасаған бетімен кеткендер қателерін мойындады (қате жазылып отыр, Бақтыбай батыр қатесін мойындаған жоқ — А.Қ.), біз оларды кеңпейілдікпен кешірдік, ал сенің ұлың Ералы сұлтан мен інің Нияз сұлтан және олармен бірге келген ел ағалары мен жоғарыда аталған Үлкен орданың адамдары сарайымызға келгеннен кейін императорлық тағымызға бас ию құрметіне ие болды және еш нәрседен мұқтаждық көрмей, сыйқұрметке бөленуде, ұзамай біздің толық шешімімізді және Әбілқайыр хан, сенің бізге Тевкелев мырза арқылы айтқан өтінішің бойынша, барлығы анықталғаннан кейін қайтарамыз, ал осының бәрін және ұлың мен ініңнің хабарын алдын-ала біліп отыруың үшін біздің осы грамотамызды беріп Тәттімбет батыр мен Бәйбек төлеңгітті, олармен бірге ұлты башқұрт үш атақты адамды-Қаджаш Рахманқұловты, Сөйіт Баратқұловты, Бекшора Түйтеевті аттандыра отырып, бұдан кейін де берген анттарыңа сай адал қызмет етулеріңді және біздің бодандығымызға енуге тілек білдірген Үлкен және Орта орда хандарымен бірге бізге бодандықтарыңызды бекіте түседі деп білемін. Сонымен бірге Үлкен орданың бізге бодандыққа қабылдау туралы жазған өтініші қанағаттандырылғанын сен, Әбілқайыр хан, оларға хабарлауыңа рұқсат етеміз және олар бізге адал бодан болғаны жөніндегі жарлықты арнайы жеткізетіндігіміз жөнінде білсін, сондай-ақ олармен және қарақал-

пақтардың Қайып ханына да 1731-жылы бізге бодан болуға ант бергендіктен жақсы қарым-қатынас орнатуыңды, ал орда қарсыластары мен өзге де наразылық білдірушілерді бейбіт жолмен біздің бодандығымызға иіп әкелсеңіз императорлық жоғары мәртебеміздің шапағатына бөлене бермексіз. Бұл грамота Санкт-Петербуркте, 1734 жылдың 20-шы көкегінде берілді”, — делінген (139, 368—369).

Мұнымен қоса патша ағзам қазақтарды бодандықта ұстаудың айла-шарғаларын жасау және қазақтың ұлан-ғайыр даласын уысында ұстаудың жаңа жобасын әзірлеуді Азия істерін жақсы меңгерген Сенат хатшысы әрі кеңесшісі И.К.Кирилловқа (1689—1737) тапсыруды да ұмытқан жоқ (90, 369).

Жоғарыда келтірілген түпнұсқалық құжаттардан байқалатыны, Ресей империясына “камқорлықты” тек Әбілқайыр хан ғана сұрамаған, оған әу бастан-ақ Ұлы жүз бен Орта жүздің де игі жақсылары мүдделілік танытқан деген қорытындыға келеміз.

Ал И.К.Кириллов дайындаған бағдарламаны жүзеге асыру оның өзіне және үкіметке сіңірген адал қызметі үшін полковник шеніне өсірілген М.Тевкелевке жүктеледі. Ойластырылған айла-тәсілді тиянақты жүргізу үшін қазақ даласына И.К. Кирилловтың басшылығымен қажетті құрал-жабдықтармен, әскери күшпен және әртүрлі білікті мамандармен жабдықталған экспедиция аттандырылды. Ол үшін ақ патшаның жарлығымен Оренбург өлкесінің экспедициясы құрылды. Осы арнаулы өкілетті ұйымның басшылары болып И.К.Кириллов пен М.Тевкелев тағайындалды, оларды Анна Иоанновна патша 1734 жылғы 14 мамырдағы арнаулы жарлығымен бекітті. Сол жылдың 10-шы маусымында барлық үш жүздің хандарына патшаның әлгіде айтылған грамоталары жіберілді. Бодандыққа қабылдау туралы өтінішті тек Кіші жүз және Орта жүздің хандары ғана жазбаша жасады да, Ералы сұлтан бастаған елшілік құрамында Ұлы жүзден беделді батырлардың келуі, бұл орда да Ресей империясы бодандығын қабылдауға даяр деген тұжырым жасалды.

Жаңадан қосылған қазақ даласындағы елдерді басқару ісіне айтарлықтай мән беріліп, толық қуатты өкілеттілік берілген Оренбург экспедициясының бастығы статс кеңесші И. К.Кирилловқа және М.Тевкелевке билік жүргізу үшін он үш тармақтан тұратын ерекше нұсқау берілді.

Бұған қоса И.К.Кирилловқа Сыртқы істер Алқасынан төмендегідей қосымша “дипломатиялық” ақыл-кеңес берілді. оның қысқаша мәтіні:

“1) Бұған дейін арасында толқу жиі байқалған башқұрттарды назардан тыс қалдырмау;

2) Қырғыз-қазақтарды да бақылауда ұстау;

3) Егер бұлардың біреуінде толқу байқалса, орыс әскерін кейінге ұстап, бір халықты екінші халыққа қарсы пайдалану;

4) Ресеймен шекаралас барлық халықтар жайлы сенімді де, жедел хабар алып тұруды ұйымдастыру;

5) Әсіресе жоңғарлар қимылынан көз жазбай бақылау, олардың Сібірдегі мекендерге шабуыл жасауын тоқтату жолдарын қарастыру, олардың екі жақтылардан (Сібір татарлары айтылып отыр — *А. Қ.*) алым-салық жинауына жол бермеу. Егер олар тарапынан қандай да бір қозғалыс байқалса, дереу Сыртқы істер Коллегиясына, шекара бастықтарына хабар жеткізу;

6) Әбілқайырдың хиуалықтарға қарсы соғысына оқ-дәрі мен қару жағынан ғана жәрдемдесу, ешқандай әскер беруге болмайды” (90, 372—373).

Осылай жан-жақты ақыл-кеңеспен қаруланған *И.К.Кириллов* Петербургтен Оренбург бекінісіне қарай 1734 жылғы 15-ші маусымда жолға шықты, онымен бірге полковник *М.Тевкелев*, *Ералы сұлтан* және елшілік құрамындағы қазақ және башқұрт рубасылары бірге жүрді.

Ақ патшаның тапсырмасымен *И.К.Кириллов* келген бойда Ор өзенінің сағасында жаңа қала және қамал салу үшін экспедицияны жабдықтау ісімен шұғылданды. Жабайы орман басқан жерлермен жол жүру қиындығын бастан кешіп, азық-түліктен де тапшылық көрген экспедиция бастығы Ор өзенінің сағасына 1735 жылдың 6-шы тамызында жетті, 15-ші тамыз күні құдайға құлшылық етіп болып, Оренбург қамалының төрт бұрышының іргетасын қалауға кірісті, ал 31 тамызда қамалдың (қазіргі Орск қаласы — *А. Қ.*) құрылысын бастау салтанаты өткізілді.

Бұл жайлы *И.К.Кириллов* Петербургке егжей-тегжейлі баяндама жолдады және Әбілқайыр ханға оның немере інісі *Нияз сұлтан* арқылы хабар беріп, өзімен бірге қазақтың игі жақсыларын ертіп, келесі, 1736 жылдың көктемінде ханның жаңа Оренбург қаласына келуін сұрады. Экспедиция басшысы жүктелген міндеттерді табысты бастағанымен, бұған башқұрт көтерілісі едәуір кедергі келтірді. Башқұрттар Ор сағасында қала мен қамалдың салынуын, атамекеніне қол сұққандық деп санап, орыстарды бұл маңнан қуып жіберуге күш салды. Бүлік барған сайын күшейіп, оны басу үшін орталықтан генерал-лейтенант *Румянцев* бастаған әскери күш келтірілді. Ал, *И.К.Кириллов* болса 1736 жылдан бастап қырғыз істерімен айналы-



Джон Кэстль салған Орск қамалының сыртқы көрінісі. 1736 ж.
1784 ж. Литография.

суға шамасы келмегендіктен, Башқұрт жерінен бірнеше бекіністер тұрғызуды қолға алды. Мәселен, Губерлинск, Озерное қамалдары, Орталық, Бердск және Крылов әскери бекіністері сосы сәтте тұрғызылды. 1737 жылы бұл аймаққа қатысты бірсыпыра жоспарларын жүзеге асырмақшы ниетімен И.К.Кириллов жұмысқа құлшына кірісті, бірақ арманына жете алмай тағдырдың жазуымен осы жылдың 14-ші сәуірінде Самара қаласында дүние салды.

Осы орайда еске сала кетейік, И.К.Кириллов өлгеннен кейін, Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасындағы Орынбор қамалының салынып жатқан жері тым шалғай, құлазыған айдала, ыңғайсыз орын деген желеумен, жаңа қаланы Жайық бойындағы Сақмар өзені келіп құятын тұсқа көшіру ұйғарылды да, ескі бекініс Орск болып, жаңа қамал Оренбург деп аталды. И.К.Кирилловтың орнына Оренбург комиссиясының бастығы болып 1737 жылы 10-шы мамырда статс-кеңесші В.Н.Татищев (1686—1750) тағайындалды. Оған дәрежесін көтеру мақсатында күпия кеңесші атағы да қоса берілді. Оренбург губерниясының жаңа басшысы В.Н.Татищевке мемлекет тарапынан берілген бұрынғы жарлықтарды одан әрі жалғастыру тапсырылды. Бір қызығы, “оны тағайындау кезінде Орынбор комиссиясына қазақ жүздерінің билеушілеріне арналып ерекше грамоталар жіберіліп, бұларға барлық жұмысы мен халықтың мұң-мұқтажы туралы осы Татищевке жазып тұру және онымен жүзлесуге келіп тұру ұсынылды” (146, 21—22).

Патша үкіметінің Азиялық істер жайлы жарлығында В.Н.Татищевке былай делінген: “Бұған дейін Кириллов комиссиясы атқарған істерді жалғастырып, хиуалықтармен сауда бұдан былай да жалғасын тапсын және күшейтіле түссін; сондай-ақ қырғыз-қайсақтарға барынша жұмсақтықпен карап, олардың берекесіз істеріне жол бермеу, ерекше қамқорлықта ұстау қажет” (90, 374).

В.Н.Татищев болса, қазақтың игі жақсыларымен жүздесулері мен қабылдауларында Ресей империясының даңқы мен ұлылығын олардың мысын басатындай етіп анық көрсету үшін саяси істердегі ерекше шеберлігін пайдалана білді. Ол орталық әкімшілікке қалыптасқан ахуалды баяндап, қажет бұйымдарды Мәскеу мен Петербургтен алдыртып отырды.

Осы бір мезгілдерде Еділ бойында, Каспий теңізіне жақын жерде көшіп қонып жүрген Кіші жүз жасақтарының Әбілқайыр бастаған бір бөлігі қалмақтарға шабуыл жасады, жортуылдардың бірінде хан сарбаздары орыс казактарын да тұтқынға түсіріп, жанжал үдеп кетті. Жаңа тағайындалған В.Н.Татищев әскерімен Оренбургке келген тұста Кіші жүздің сыртқы саяси жағдайы күрделеніп тұр еді. Ал В.Н.Татищев болса, Әбілқайыр хан мен ел ағалары келіп, бодандыққа тағы ант беруін талап етеді. Бірнеше рет жүргізілген келіссөздер мен патша жандайшаптарының игі істерінің арқасында ханды В.Н.Татищевтың бұйрығын орындауға бет бұрғызады.

Патша үкіметінің Торғай облыстық басқармасы мұрағатында сақталған құжаттарға көңіл аударсақ, онда Әбілқайыр ханды, оның ұлы Нұралыны және қазақ ағаларына ант бергізуге арналған салтанатты шеру жайлы егжей-тегжейлі баяндалған.

Дереккөздерге жүгінсек, Әбілқайыр ханды қарсы алу және патша ағзамға ант беру рәсімі 1738 жылы 3—4 тамызда өткізілген.

Ант беру рәсімі былай жүргізіледі: “Хан орнынан көтеріліп, ант беруге әзір екенін айтқан бойда шатырдың ортасына алтындатқан кілем төселіп, Құран ұстаған ахун дайын болды. Ол ханның алдында тұрып адалдық антын оқи бастады, оның мәтіні мынадай еді:

- *“Мен, қырғыз-қайсақ (қазақ — А.Қ.) ханы Әбілқайыр, құдіреті күшті Құдай атымен ант етемін, өзім және бүкіл маған қарайтын ру және барлық ордаммен Ұлы Мәртебелі императрицаға адал, қайырымды да бағынышты құлы және боданы болуға ант етіп, Ұлы Мәртебелінің қоластындағы заңды құқық пен дүние мүлікті сақтауға, қорғауға, қажет болған жағдайда аянбай қызмет етіп, пайдамызды тигізуге міндеттенеміз. Ұлы Мәртебелінің мүддесіне зиян, шы-*



Қазақтардың бүркітпен аңға шығуы. (XVIII аяғы—XIX ғ.)
1844 ж. Литография.

ғын келтіретін жағдайлар туса, ол туралы дер кезінде мағлұмат етіп, жол бермеу және алдын алу шараларын жүзеге асыруға. Ұлы Мәртебелі жарлықтарын мүлтіксіз орындауға Құдай алдында және қиямет-қайым күндері жауапты екенімді ұмытпауға уәде беремін. Осы антыма берік екенімді көрсету үшін Құдай сөзі жазылған жерге ернімді тигіземін” (146, 26—27; 90, 377).

Ант оқылып біткеннен кейін В.Н.Татищев ұйып тыңдағанын және шын жүректен қабылдайтынын айтты және жауап сөз сөйледі, ол татар тіліне аударылды. Оның мазмұны төмендегідей:

“Құрметті Әбілқайыр хан! Сіздің Ұлы Мәртебелі императорға деген құттықтауыңызды оның мархабатына бағыныштылықпен бас ұру деп түсініп, барынша өзіңіздей етіп жеткізіп барамын, әрі Ұлы Мәртебелінің әміріне орай Сізді, ханды, барлық үрім-бұтағыңыз және ордаңызбен бодандыққа қабылдайды және патша адал бодандарын қайырымды назарынан ешқашан тыс қалдырмайды деп сендіремін. Бұған дейін көрсеткен қызметіңіз бен адалдығыңызға тәнтіміз, бұдан былай да жаңа ғана берген антыңызға лайық қызмет ете береді деп сенеміз. Жеке өз басым да сізбен танысып,

жолыққаныма ризамын, мәртебеңіз аса берсін, достығымыз бен туысқандық қарым-қатынасымыз нығая түсуіне тілектеспін” (90, 378).

Бұдан кейін патша ағзамның құпия кеңесшісі және сол жердегі әкімшілік қызметкерлері ханды Ұлы Мәртебелі императордың адал боданы ретінде құттықтады және сол сәтте В.Н.Татищев ханға жақын келіп, оның беліне императрицаның атынан алтын жалатқан қылышы бар белдік тақты. Одан әрі ханның жанындағы рубасылары мен басқа да адамдар, жүз елудей кісі шатырға кіріп, Ұлы Мәртебелі императорға мадақтау сөздер айтып: “Ұлы мәртебелі патшайым атына ант беруге шын ниет қылып тұрмыз”, — десті (146, 27).

Одан әрі патша ағзамға адалдыққа Әбілқайырдың өзімен бірге келген ұлдары Нұралы және Ералы сұлтандар да ант етті. Ханның және Нұралы, Ералы сұлтандардың ант беру қағаздары мөрлерімен бекітілгені мұрағат құжаттарында сақталған. Бұлармен бірге Ресей империясы бодандығына Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының игі жақсылары, батырлары мен билері де ант берген еді. Осы жөніндегі ресми құжаттарды толық сараптаудан өткізген И.И.Крафтың айтуынша, мәліметтерді ол Т.А.Сейдалин сұлтанның көмегіне сүйеніп, сол кезде ант қабылдаған қазақ елағаларының аты-жөнін түгелдей қағазға түсіріп алған. “Мүмкін, қазіргі қырғыздар (қазақтар — А.Қ.), — дейді И.И.Крафт, — бұлардың қазір де аты-жөні құрметпен аталатынын білгені дұрыс шығар. Бұл адамдар өздерінің көрегендігімен өз халқын қуатты Ресей мемлекетінің қорғауы мен қамқорлығына енгізіп, сонысымен олардың бақытты да тыныш өмір сүруін қамтамасыз етті” (10, 379).

Біз осы арада Кіші жүз бен Орта жүз елағаларының есімдерін жоғарыда аталған Оренбург әкімшілігі Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И.И.Крафтың мәліметінен алып, олардың 1738 жылғы 3—6 тамыз аралығында ант қағазына қол қойған тәртібімен кітапта келтіре кетейік. Және әр есімнің тұсына И.И.Крафтың көрсеткеніндей рубасылардың көшіп-қонып жүрген атамекендері де қоса көрсетіліп отыр. Мұндағы ойымыз елін Ресейдің “қамқорлығына” әкеліп, қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалуға ата-бабаларының қосқан үлесін білсін және ұрпақтарына олардың сара жолы — ел бірлігі өнеге болсын деген ниет.

Сонымен, 1738 жылғы тамыз айында Ресей империясының бодандығын қабылдаған қазақ елағалары, жалпы саны 56 адамының аты-жөні патша үкіметінің құжаттарында былай жазылған екен:

“1) **Орта орда:** Найман руынан Қонакай батыр Янкишев (қазіргі Жетісу облысы, бір шеті Торғай уезінің ең оңтүстік бөлігі);

2) Арғын руынан Қара балуан Алдияров (Ақмола облысының оңтүстік уездері және Торғай облысының Торғай және Николаев уездері);

3) Қыпшақ руынан Көлденең Төле батыр Ырсымбетов (Николаев уезі);

4) **Кіші ордан:** Алшынның Шөмекей руынан Мәмбет Аталық Бұлғақов (Қазалы және Ырғыз уездері);

5) Алшынның Алаша руынан Байсеу Ботпанаев (Орал облысы, бір шеті Сырдария облысының Перовский уезі);

6) Алшынның Тама руынан Алакөз батыр Сарин (Торғай облысы, Ақтөбе уезі);

7) Тарақты-Тама руынан Құлгелді батыр Жылгелдин (Орал облысы);

8) Жағалбайлы руынан Серке батыр Мендібеков (Ақтөбе және Қостанай уездері, Торғай облысы);

9) Алшынның Масқар руынан Жәдік би Масқаров (Орал облысы);

10) Алшынның Кете руынан Бөстібай Рысаев (Орал облысы);

11) Алшынның Алаша руынан Сейітқұл Сейтімбетов (Орал және Сырдария облыстары);

12) Алшынның Жаппас руынан Өтетілеу Кашкин (Қостанай және Перовский уездері);

13) Тарақты-Табын руынан Төлебай батыр Жолболдин (Орал облысы);

14) Тарақты-Табын руынан Жаманқұл Қонакай Хафизов (Орал облысы);

15) Жетірудан Қаржау Көшкінбаев (Николаев, Илецк, Перовский, Орал және Ембі уездері);

16) **Орта жүзден:** Арғын-Төртуыл руынан Токбура би Қарекин (Ақмола және Торғай облыстары);

17) Шақшақ руынан Тұрдығұл Қошқаров (Торғай уезі);

18) Найман руынан Айтқұл батыр Қожагелев (Жетісу және Торғай облыстары);

19) Қанжығалы Қажығұл Жәнібеков (Петропавл уезі, Ақмола облысы);

20) Шақшақ Бөкенбай Біркұрткин (Торғай уезі);

21) Сол рудан Еділбай Аюпов (Торғай уезі);

22) Ұзын-Қыпшақ руынан Қошымбет Құттықов (Торғай, Қостанай уезі Торғай облысы);

23) Саржетім руынан Омірзақ Алдияров (Торғай, Қостанай уездері Торғай облысы);

24) Аргын-Алтай руынан Шағырбай Мырзагелдин (Ақмола облысы);

25) Шақшак Жәнібек Ақназаров (Торғай уезі);

26) Саржетім руынан Шағыр Бұғаев (Торғай, Қостанай уездері).

1738 жылғы 4-ші тамыз

27) **Кіші ордадан:** Жетіру — Жағалбайлы руынан Тұрлыбай Жұмқұрынов (Ақтөбе, Қостанай уездері);

28) Байбақты руынан Жарқын Жарасов (Орал облысы);

29) Табын-Жылқышы руынан Көбек Қарымсақов (Торғай облысы, Ақтөбе уезі);

30) Табын руынан Құбат Амандықов (Ақтөбе, Орал уездері);

31) Шөмекей руынан Серке Бұрынов (Қазалы, Ырғыз уездері);

32) Алшынның Жаппас руынан Токбай Байбөрин (Қостанай уезі, Торғай облысы және Перовский уезі Сырдария облысы);

33) **Орта жүзден:** Найман руынан Жарылғап Қожакел батыр ұлы (Жетісу облысы, Түркістан уезі);

34) Найман руынан Базар Жаманқұлов (Торғай уезі);

35) Найман-Іргелістілі руынан Кенжебай Алдияров (Жетісу облысы, Түркістан уезі);

36) **Кіші ордадан:** Табын-Тама руынан Мәмбет Темей-Хафизов (Ақтөбе, Торғай облысы және Орал уезі);

37) Кердері руынан Хаққұлы Оразғұлов (Орал облысы);

38) Табын руынан Сәдібек Жанетов (Ақтөбе, Торғай облысы, Орал уезі);

39) Табын руынан Сатай Жақсыбаев (Ақтөбе, Торғай облысы, Орал уезі);

40) Байбақты руынан Қашағал Хангелдин (Орал облысы);

41) Табын руынан Қалыбай Түкіманов (Ақтөбе, Торғай облысы, Орал уезі);

42) Жағалбайлы руынан Жапақ Кекшин (Ақтөбе, Қостанай уездері, Торғай облысы);

43) Алаша руынан Марғозы Құтыев (Орал, Сырдария облысы);

44) Масқар руынан Игілік Мамай-Аталықов (Орал облысы).

1738 жылғы 6-шы тамыз

45) **Орта ордадан:** Шақшак Жәнібек батыр Қошқаров (Торғай уезі);

46) Бура-Найман руынан Шүрек би Байқұдайқұлов (Жетісу облысы, Түркістан уезінің оңтүстік бөлігі);

47) Ұзын-Қыпшақ руынан Тілеулі батыр Ғабдрахманов (Торғай, Қостанай уезі, Торғай облысы);

48) Қанжығалы руынан Байболат Құлжұмыров (Петропавл уезі, Ақмола облысы);

49) Шақшақ руынан Шалық батыр Тінет батыр ұлы (Торғай уезі);

50) Осы рудан Хасен Ұлықұлов (Торғай облысы);

51) Осы рудан Келтеғара батыр Арслан-Аталықов (Торғай уезі);

52) Бура-Найман руынан Ораз батыр Құндыбаев (Жетісу облысы, Түркістан уезінің оңтүстік бөлігі);

53) Терістанбалы Найман руынан Сарықұл Қожагелді батыр ұлы (Жетісу облысы, Түркістан уезінің оңтүстік бөлігі);

54) Саржетім руынан Құншабай Құтлыбаев (Торғай, Қостанай уездері, Торғай облысы);

55) **Кіші ордадан:** Тама Қырбас батыр Омар батыр ұлы (Ақтөбе уезі, Торғай облысы);

56) **Орта ордадан:** Қыпшақ Сатай батыр Көбекин (Қостанай, Торғай, Перовский уездері және Ферғана облысы)”.
Автор Сейдалин екіншінің аудармасымен орыс тілінде беріп отырғанын айтады (10, 379— 382).

Патша ағзамға Әбілқайыр хан мен қазақтың игі жақсылары, олардың ішінен Орта жүзден 27 рубасылары, би мен батырлары, Кіші жүзден 29 би мен батыр, елағалары ант берген салтанат аяқталысымен, жаңа бодандардың алдағы атқаруға тиісті міндеттерін талқылау басталды. Әбілқайыр хан мен өлке әкімшілігінің басшысы В.Н.Татищев арасында өткен бірнеше жүздесу кезінде, хан мен қазақ рубасылары Ресей алдында қазақ ордаларында ғана емес, сонымен бірге көрші ортаазиялық ұлыстардағы орыс тұтқындарын босаттыруға міндеттеме алды, сондай-ақ, қазақ даласы арқылы өтетін патша үкіметінің сауда керуендерін қамқорлығына алып, олардың жол-жөнекей қауіпсіздігін сақтауға келісті. В.Н.Татищев болса, өз тарапынан Оренбургте аманатта жүрген Ералы сұлтанды Әбілқайыр ханның үшінші ұлы Қожахметпен ауыстыруға уәде берді.

Әбілқайыр хан мен қазақ өкілдерінің ант беруі туралы В.Н.Татищев Ұлы Мәртебеліге баяндама жолдап, оған қоса Әбілқайыр ханның патша ағзамға марапаты мен сыйлықтары үшін алғыс айтқан хатын табыстады. Бұған жауап ретінде 1738 жылы 19-шы қыркүйекте мазмұны төмендегідей императрица Анна Иоанновна тарапынан қазақ даласына грамота жолданды, онда мынадай жолдар бар еді:

Әбілқайыр хан мен қазақ өкілдерінің ант беруі туралы В.Н.Татищев Ұлы Мәртебеліге баяндама жолдап, оған қоса Әбілқайыр ханның патша ағзамға марапаты мен сыйлықтары үшін алғыс айтқан хатын табыстады. Бұған жауап ретінде 1738 жылы 19-шы қыркүйекте мазмұны төмендегідей императрица Анна Иоанновна тарапынан қазақ даласына грамота жолданды, онда мынадай жолдар бар еді:

- “Қырғыз-қайсақ ханы Әбілқайырға, оның ұлы Нұралы сұлтанға, бүкіл қырғыз-қайсақ басшыларына императрица Анна мархабат етеді!

Бізге, Әбілқайыр хан, сенің 13-тамыз күні құпия советник Татищевке тапсырған қағазың қолымызға тиіп, одан біз, Әбілқайыр хан, сенің өзің және сенің ұлың Нұралы сұлтан және басшы адамдарың біздің императорлық мәртебемізге адал бодан болуға қабылдаған шешімдеріңді біздің құпия советниктің алдында куәландырып, берген анттарыңды мықтап бекіткендеріңді көрдік, ол үшін өз тарапымыздан сендерге зор алғыс жариялаймыз. Осы және басқа іс-әрекеттерің жайлы құпия советник егжей-тегжейлі баяндады. Бұдан кейін біз, Әбілқайыр хан, сенің, ұлың Нұралы сұлтанның және басшы адамдарың мен бүкіл әскеріңнің бізге адал қызметтеріңді құп аламыз және жаңа салынып жатқан қаладағы мекемелерде, сауда-саттық саласында қызмет етуге тілек білдіруші қырғыздарды (қазақтарды — А.Қ.), тағы басқа талап-тілектеріңді оң шешуге құпия советникке жарлық берілгенін хабарлаймыз. Ол бәрін өзі шешуге ерікті. Және де ол біздің жарлығымызбен, Әбілқайыр хан, саған, Нұралы сұлтанға және басшы адамдарыңа оған толық сенуге, айтқанын орындауға, осылайша бізге адал қызмет етуге, өзге де қырғыз-қайсақ хандарын, сұлтандары мен басшы адамдарын осыған көндіруге, ал біреулердің жаман ой-пікірлері жайлы біле қалсаңдар, құпия советникке немесе біздің әскерлерге уақытында хабарлап, өздерің де мұндай жаулық пиғылға қарсы әрекет жасауға міндетті екендеріңді ескертеді, сонда біз де сендерді Ұлы Мәртебелі мархабатымыздан тыс қалдырмаймыз.

Санкт-Петербургте, 1738 жылғы, 19-қыркүйекте берілді” (90, 383—384).

Сөйтіп, 1738 жылғы 3—6 тамыздағы оқиғадан кейін Әбілқайыр хан иелігіндегі Кіші жүз түгелдей, Орта жүздің бір бөлек руларының орыс бодандығына түпкілікті ену үрдісі аяқталды деп есептеуге болады.



ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ПАТША ҮКІМЕТІНЕ
АШЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ



*Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?
Хандықтан не пайда?
Қарашасын жалмаса...*

Төле бидің өсиеттерінен... (231, 131).

Қазақтарды бодандықта ұстап тұрудың және оларды басқарудың 1734 жылы 18 мамырдағы марқұм И.К.Кириллов жасаған нұсқауында көрсетілген шарттар ешбір өзгеріссіз В.Н.Татищев, В.А.Урусов, одан қалды И.И.Неплюев тұрған кезеңдерде толық жүзеге асырылды және патша әкімшілігі әбден орнығып алғанша қазақтарды алдап-арбауға ерекше мән берілді. Мәселен, жоғарыдағы нұсқауда Ор өзені бойында қала салуда, қазақтармен қарым-қатынас орнатуда Ресей бодандығына бейім хан, сұлтандарға, батырлар мен билерге айырықша көңіл аудару тапсырылды. “Адалдықты” баянды етуде қазақ хандары мен беделді би, батырларынан аманатқа ұлдарын алу, сыйсияпат көрсетуді, жазалаушылықпен ұштастыра жүргізу, сол сияқты Еділ мен Жайық бойындағы бұрынғы бодан халықтарды бағындырудағы жинақталған отарлау тәжірибесін кеңінен қолдануды ұсынды. Тұрмыс-тіршілігі байтақ далада еркіндік жағдайында қалыптасқан қазақтардың бала секілді аңқаулығын, сенгіштігін ескере отырып, оларды кейде марапаттау, кейде қорқытып ұстау тәрізді әдістерге иек арту жөнінде ақыл-кеңес берілді. Ресейге ықыласты хан, сұлтандар, батыр, билерге болашақ Ор қаласының маңында уақытша көшіп-қонуға рұқсат беру, алайда қазақтардың Жайықтың оң жақ бетіне өтуіне тыйым салу қатаң тапсырылған еді (90, 372—373; 112, 10—11). Ор өзенінің сағасында камал салуға ең алдымен Ресейдің өзі мүдделі болғаны, ол арқылы қазақтарды “жүгендеуді” көздегеніне

қарамастан, қаланы Әбілқайырдың отініші бойынша және оның таққа отыратын мұрагерлерін қорғау үшін тұрғызылып жатыр деп сендірмекке тырысты.

Нұсқаудағы тапсырмаларға сәйкес Оренбург әкімшілігінің басшылары Санкт-Петербургтегі үкіметке “башқұрттар мен қырғыздар (қазақтар — *А.Қ.*) арасындағы келісімге келуіне ешқашан да жол бермеу, керек жағдайда оларды біріне-бірін қарсы көтеріп отыру қажет” деп жазып отырды. Осыдан отаршылардың бұндай сұрқиялылығы жүйелі түрде жүзеге асып, туысқан екі халықтың жігі қазақтардың Ресей бодандығын қабылдаған 30-шы жылдарынан бастап алшақтай түсті.

Оренбург экспедициясының Қазақстанға келуін қазақтар да, башқұрттар да өз тәуелсіздігіне төнген қауіп ретінде қабылдады. Осы орайда, 1734 жылы Кіші жүз қазақтарының Жайық бойындағы Сақмар қалашығына шабуыл жасауы. Келесі жылдың 8—9 мамырында орыс казактары тағы да шапқыншылыққа ұшырады. Әбілқайырдың бұл әрекеттерін Ресейге бағынуға байланысты өзінен алыстай бастаған қазақ руларын төңірегіне топтастыру амалы деп қарастыруға да болады, — дейді белгілі тарихшы Көшім Есмағамбетов (112, 11—12). Өйткені, 1736 жылы, Әбілқайыр ханның ордасында болып қайтқан ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің осы сапар жөніндегі күнделігінде ханның өз: “...қоластындағылармен аса бір үлкен сақтықпен араласуға мәжбүр, сондықтан жеке басына көрсетіліп отырған олардың тұрпайылығын айтып ..., бұндай жайттар олардың жаулық ниетінен болуы мүмкін деп түсіндірген” (119, 34). Д.Кэстльдің жолжазбасында, осы жылы 5-ші шілдеде ол Алдарбайдың Мансур деген ұлын кездестіргені, оның екі мың башқұрт қолымен қазақтармен одақтасуға бара жатқаны айтылған (119, 49).

Келесі, 1737 жылы Әбілқайыр тарапынан шапқыншылық әрі қарай жалғасып, Ресейдің сауда керуендері тонала бастады. Жат жұртты орыстандыру саясатының басы-қасында жүрген патша әкімшілігінің қызметкері А.Е.Алекторовтың қазақ хандары “Ресейге бодандығы жөнінде сырт көзге дақпырт қылғанмен, іс жүзінде өз серттерін орындауға ынтасы болған жоқ”, — деуі осыны сездіреді (147, 3—5; 112, 12). Шынтуайтында, Ресейден бөлініп, тәуелсіздік алуды мақсат тұтқан башқұрттардың 1735—1737 жылғы көтерілісіне қазақтардың демеу бергені тарихнамада түзілген. 1736 жылы мамыр айында башқұрттар Орта жүздің атақты батыры Шақшақ Жәнібекке Ресейге қарсы одақ құруға 12 биден тұратын елшілік жібергені де мәлім (113, 39). Оның нәтижесін Дж. Кэстльдің күнделігіндегі мына мәліметтен қоруге

болады: "...шілденің бесі күні (1736 жылы — А.Қ.) Қыямек Алдардың (башқұрт көтерілісінің қолбасшысы — А.Қ.) ұлы Мансурға берілген екі жүз башқұрт арқылы қырғыздармен одақтасуды тездетін қолға алғысы келді. Жәнібек батырдың сексен сегіз жігіті мен басқа орданың сексен жігіті осыған байланысты шолу жасап жосып жүрді" (119, 64). Суретші бұларды Әбілқайыр ханнан қайтқан сапарында Ор өзенінің бойында кездестірген. Олай болса, Орта жүздің жасақтары башқұрттарға қосылуға Жайық бойына жеткен секілді.

Бұл арада бізге түсініксіз бір жайт, 1738 жылы Әбілқайыр хан башқұрттарға қарсы жорық ұйымдастырады. Оны ол патша үкіметінің саясатын қолдаған амал ретінде ме, әлде өткен жылдардағы ескі кегін башқұрттардан қайтарғысы келді ме екен? Қайсыбір зерттеушілердің байқауынша, ханның мақсаты башқұрттардың әлсірегенін пайдаланып, Жайық өзенінің оң жағалауындағы жайылымдық жерлерді басып алу, ал екінші жағынан Ресей империясының оң көзіне түсіп, әскери көмек аламын деген "пендешілік" дәмесі болуы мүмкін, дейді бір зерттеуші (112, 12). Алайда, Әбілқайырдың бұл жорығынан ешқандай пәтуәлі нәтиже шыққан жоқ. Тәуелсіздік таңы тек күш біріктіру арқылы келетінін түсінген башқұрт көсемдері 1738 жылы өздерімен тағдырлас қазақтардың ханы Әбілқайырды башқұрттың хан тағына отыруға шақырып, орыстарға қарсы одақтасуды ұсынады. Әбілқайыр бұған келісімін беріп, башқұрт қызына үйлену арқылы екі халықтың арасындағы әскери-саяси одақты нығайтуға күш салады. Осылай, ол Ресейге қарсы бастапқы наразылығын білдіреді. Оның бір қыры, 1738 жылдың сәуірінде қазақ-башқұрт жасақтарын бастап Оренбургке келіп, әкімшіліктің алдында ат үстінде тұрып, қылышын суырып алып, "қала менікі, ол мен үшін салынған, оған қарсы болғандардың басын аламын" деп, күш көрсетуі еді (112, 12). Бірақ бұл жолы да қазақ ханының әрекеті ақ патшаның өкілі В.Н.Татищевтің сан айла-лы қулығының арқасында жұмсарды (64, 158).

Әбілқайыр ханның башқұрт жасақтарын бастап Оренбургке келуі, бодандықтағы екі халықтың қосылып Ресейге қарсы әрекет жасауы патша ағзамның ашу-ызасын келтірді. Қайтадан келіссөздер жүргізіліп, ақырында 1738 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан, оның ұлдары Нұралы мен Ералы және Кіші жүз бен Орта жүздің ақсақалдары Оренбургте Ресейге бодандық туралы екінші рет ант бергені жоғарыда айтылды.

Орыстың атақты тарихшысы С.М.Соловьев бұл жолғы ант беру рәсімін талдай келіп, Әбілқайырдың түпкілікті бағыныштылыққа көпке дейін мән бермегенін, ал В.Н.Татищевтің Сіздің атақ-абыройыңыз



Орыс-казак жасақтарының қазақтармен шайқасы.
Суретшісі А.Орловский.

осыдан кейін Ресейге ғана емес, бүкіл Еуропаға тарайды деп алдар-қатқаннан кейін ғана және табын Бөкенбай батыр мен Шақшақ Жәнібекке бағалы сыйлықтар беріліп, олардың ханға жасаған ық-палынан кейін ғана оның ант беруге мәжбүр болғанын жазады (148, 550).

Әйтсе де, қазақтардың бодандық шарттарын сақтауға немқұрайлы карағаны мәлім. Мәселен, олар 1739 жылы 9 шілдеде Переволоцк бекінісінің маңында орыс керуендерін тонап алды. Оренбург қама-лының қазақ ханы үшін салынбағанына көзін әбден жеткізген Әбілқайыр, енді патша әкімшілігінен Сырдария өзені бойынан бекініс салып беруді қозғады. Олар ханның бұл тілегіне де “қанағаттанар-лық” жауап бермей, сөзбұйдаға салып, уақыт өткізді. 1740 жылы Кіші жүз бен Орта жүздің билері жиналып Оренбургтің бастығы В.А.Урусовпен Орск бекінісінде келіссөз жүргізді. Бұған Әбілқайыр-дың өзі қатыспай, Нұралы мен Ералы сұлтандарды жібереді. Патша үкіметіне “адалдық” туралы осы кездесуде тағы да, яғни үшінші рет ант берілді. Осыған қарамастан қазақ-орыс қатынастындағы шиеленіс күн санап үдей түсті.

Әбілқайыр хан Ресей қарамағындағы халықтармен бейбіт қарым-қатынаста өмір сүру шартына қарамастан, 1741 жылы үш мың қазақ жасақтарын алып, Еділ бойындағы құба қалмақтарын шабады, оларды елеулі шығынға батырды. Ол сонымен бірге Хиуа хандығын өзіне қосып алу ниетінен де қайтпады.

1742 жылы Ор өзені бойында Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің игі жақсыларымен Оренбург комиссиясының жаңа тағайындалған бастығы И.И. Неплюев қазақтардың Ресей боданындағы халықтармен қарым-қатынасы жайлы деген желеумен кең салалы жиын өткізді. Ашыған айтсақ, И.И.Неплюевпен келіссөздің қорытындысы қазақтар үшін еш пайда әкелмейтіні анықталды.

Оны ең алдымен аңғарған адам Әбілқайыр еді. Ол алдында қазақ билеушілері арасында Ресей тарапынан қолдау аламын деп дәмекен болса, енді сол дәмесінің “күлге ұшқанын” көретін күйге түсті. Патша үкіметінің шығыс шекарадағы істерді үйлестіруге қойған алғашқы ұлықтары И.К.Кириллов, В.Н.Татишев тұсында әлгі “есек” дәмесінен әлі күдер үзе қойған жоқ еді. Бір кезде өзі Ресей бодандығынан пайда тауып отырған халық деп санаған башқұрттардың көтерілісі жанышталғанын, олардың көздеріне көк шыбын үйметкен В.А.Урусов тұсынан бастап, көңілі суи бастады. Ал И.И.Неплюев келгеннен кейін, бұрынғы ойының әншейін есек дөме екенін байқап, әбден жүдеп, біржолата ашық тайталасқа шығуға дайындалды.

Оған дейін де, одан кейін де Ресей бодандығын мойындаған қазақтың игі жақсыларының ешбірі патша үкіметіне қарсы қарулы әрекеттерге бара қойған жоқ. Бұндай жағдай Оренбург өлкесін И.И.Неплюев билеген кезде ғана орын алған еді.

Оренбург өлкесін он алты жыл басқарып, қазақ халқының тағдырына елеулі “үлес қосқан” Ресей патшасының қанды шеңгел жендеттерінің бірі И.И. Неплюевтың ғұмырнамасынан аз-кем үзінді:

- *Неплюев Иван Иванович, 1693 жылы 5 қарашада қазіргі Новгород облысының Поддубье селосында туған, 1773 жылы 11-ші қарашада осы жерде қайтыс болған. Ресей империясы мемлекет қайраткерлерінің бірі (149, 581—582; 150, 331).*

Ол, Бірінші Петрдің шет елдерде оқытып тәрбиелеген түлектерінің бірі. И.И. Неплюев 1721—1734 жылдары Түркияда елші болып жүргенде, Батыс Европаның азулы мәмілегерлерімен жүргізілген ашық та астыртын келіссөздерде өзінің тапжылмайтын тиянақты қаракеттерімен көзге түсті. Одан Анна Иоанновнаның тұсында патша сарайына жауапты қызметке келді. Осы арада

үстемдік құрған неміс шонжарларымен айқасқан Артемий Волинский басқарған орыс ақсүйектерінің астыртын әрекеттері әшкереленді, сол істерді тексеруге құрылған комиссияға И.И.Неплюев те мүше болған. Әлгі топ жазаға тартылған соң, оның “ерен еңбегі ескеріліп”, 1740 жылы орыс-түрік шекарасын анықтауға жіберіледі. Көп ұзамай, лауазымы өсіп, Кіші Ресейдің (Украинаның) губернаторлығына тағайындалады. Алайда, 1741 жылы қарашада таққа Елизавета Петровна отырғаннан кейін, Волинскийдің ісі қайта қаралып, оны жазалауға қатысқандардың бәрі қуғынға ұшырайды. Солардың ішінде И.И.Неплюев те бар еді. Бірақ, бір топ ірі шенеуніктердің араласуымен ол патша ағзамнан кешірім алып, Оренбургтегі жаңа құрылған шекараны басқаруға жіберіледі (47, 80; 152, 264—402).

Ол әлгідей айыбын шет аймақтағы жанқиярлық еңбегімен ақтағысы келді. Әйелі өліп, кішкентай қызымен жесір қалған И.Неплюев Оренбург қамалы салынып жатқан кезде киіз үйде тұрды. Өз міндетіне мейлінше жатық губернатор қазақ даласын отарлау саясатына барынша атсалысты. Ол мұндағы байырғы мемлекеттіліктің көзіне біржолата су құюға тырысып бақты. Ал, оның бұндай арам ойына бірден-бір кедергі болған адам Әбілқайыр хан еді.

Әккі саясаткер И.И.Неплюев Әбілқайырдың көкейін тескен мүдделердің Ресей көздеп отырған мақсаттармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын бірден ұқты. Сондықтан, ханның көкірегінде жүрген “қауіпті ойды” жөргегінде тұншықтыруға күш салды. Патша сарайында істеп, Ресейдің Константинопольдегі елшісі болып ысылған, батыс пен шығыс сарайларының ұңғыл-шұңғылдарын әбден үйреніп, өз дәуіріндегі геосаясаттың жілігін шағып, майын ішкен дипломат әрі тәжірибелі саясатшы қазақтың елдік болашағының нағыз жауы болып табылды. Ол өзінің басты қарсыласы Әбілқайыр мен сол кездегі қазақ қауымының тайыз тұстарына оңай қанықты. Ең алдымен, үстемшіл ханның ел ішіндегі бәсекелестеріне зер сала білді. Оларды алдап-арбаумен, реті келгенде сый-сияпатпен өз жағына шығарып алуға тырысты. Өзіне дейін “орысшыл” саналып келген Әбілқайыр ханға “орысшыл емес” саналып келгендерді қарсы салып, жеңіске жеткісі келді. Сырттай қарағанда, ақылға сыймастай көрінетін Иван Неплюев мырзаның бұл қитұрқы саясаты көп ұзамай өз жемісінің нәрін оған шым-шымдап төге бастады (47, 80). Жаңа губернатор И.И.Неплюев Ресейдің қазақ даласына байланысты түпкілікті мақсаттарын алдымен түсініп, оған алдымен қарсы шыға алатын Әбілқайырдан басқа тегеурінді тұлға әзір жоқ екендігін аңғарып, оның үстінен “жайсыз ақпаратты” жоғарыға қарша боратты. Сол арқылы оның адымын аштырмауға, қай ұсынысын да орындатпауға күш салып отырды. Мәселен, ол 1747 жылғы

15 мамырдағы хабарламасында әуелде де “тіпті сонау Черемшанға дейін барып, орыс шекарасының шырқын қашырған ерлігімен көзге түсіп, соның арқасында хан болған Әбілқайырдың бодан болмастан бұрынғы кезінен бастап, Парсы елінің шахы Нәдірмен хат жазысқанын да қамтып, Ресейге қарсы барлық “хайуандық қылықтарын” жіпке тізіп, “Кіші жүздің ерігіп жүрген селтеңбайларын” тәртіпке шақыратын шараларды қарастырып, “мықтап қорқытып қоюды” ұсынады (54, 341—348; 47, 81).

Оренбург өлкесін 1742—1758 жылдары басқарған ақ патшаның сенімді өкілі И.И.Неплюев 1760—1764 жылдары сенатор және конференц-министр қызметін де атқарды, соңғы жұмысынан құрметті демалысқа шығып, туған жеріне оралады. И.Неплюев патша ағзамның Қазақстанды отарлау саясатын “іскерлікпен” жүзеге асырған көрнекті өкілі ретінде тарихнамадан орын алды. Оның кезінде Оренбург экспедициясы таратылып, Оренбург қаласы губерниялық-әкімшілік дәрежеге көтерілді, Неплюев оның бірінші губернаторы болып тағайындалды. Ол 1742 жылы Ор өзені бойынан Оренбургті жаңа орынға — Сақмардың Жайыққа құяр сағасына көшіріп, жаңа қала құрылысын бастады. Жайық пен Ор өзенінің бойында әскери бекіністер салдырды және Оренбургте айырбас-сауда кәсіпкерлігін жандандырып, Ресейдің Орта Азиямен саудасаттық байланысын бір қарқын жақсартты. Оренбург губерниясына 1752 жылы Астрахан өлкелік әкімшілігінен Гурьев (қазіргі Атырау) қаласы, 1773 жылы Қазан губерниясынан Самара қаласы қосылды. 1897 жылғы есеп бойынша Оренбург өлкесінің жер көлемі 15 миллион десятинаға жетіп, онда 1 608 388 адам тұрды, алтын, мыс және темір рудасы, тұз, тас көмір өндірілді. Тарихнамада Оренбург губерниясының жан-жақты дамуы И.И. Неплюев атымен байланысты қаралады. Сонымен қатар, И.Неплюев қазақ хандары мен сұлтандарын бір-біріне айдап салып, қазақтар мен көрші халықтар арасында ұлт араздығын өршіту саясатын да қатар жүргізді (149, 581—582; 14, 184—185; 119, 126—128; 59, 3—6).

Осы арада сәл шегініс жасап, Әбілқайыр ғұмырына байланысты тарих тұңғығына тағы бір көз тастайық. Қазақ даласындағы хандық биліктің басым күші Әбілқайыр төрге шыққанға дейін үш жүздің тізгінін түгел ұстап келген Жәдік әулетінің қолында болды. Олардың Әбілқайыр өрбитін Өсеке әулетімен әкелері бір де, шешелері бөлек еді. Ата жолын сыйлап өткен қазақ қауымы кіші ханымнан тарайтын Өсеке әулетіне әскери басшылықты қиса да, мемлекет басшылығын қия қоймайтын. Алайда, скі ғасырға жалғасып бара жатқан жоңғарлармен соғыс “ата жолына” да өз ықпалын

тигізбей қалмағандай. XVIII ғасырдағы ойраттармен соғыста ерекше ерлігімен және бас сардарлығымен көзге түскен Әбілқайыр сұлтан Өскеке тұқымына да тізгін тиюдің басында тұрды. 1726 жылы қазақтың төбе билері шақырған Ордабасыдағы құрылтайда үш жүздің біріккен жасақтарына бас қолбасшы болып сайланды. Кіші жүздің сол кездегі бір бөлігін басқарып отырған Қайып хан бірте-бірте Әбілқайырға тек әскери істе ғана емес, саясатта да парапар келе алмады. Ол қайтыс болған соң, балалары Әбілқайырға терезесі тең келіп билікке араласа алмады. Сөйтіп, Кіші жүздің әскер қуаты да, саяси билігі де Әбілқайырдың қолында түйінделді. Қайыптың ұлы Батыр сұлтан Кіші жүздің негізгі ханы сайланбай, бір ұлысының тек бірнеше руларына ғана билігі жүретін қосалқы хан ретінде қалды. Жәдік әулеті мен Өсеке әулетінің алғашқы араздығы осы кезден басталады да, әрі қарай өрши түседі. Дәл осы мезгілде И.Неплюев қазақ даласын отарлау қызметін бастады. Ол тайталас тұрған екі топтың екеуіне де ашық көмектескен жоқ. Бірақ, Ресей мүдделері үшін Әбілқайырдың Жәдік балаларынан гөрі қауіптірек екенін, осал жау емес екендігін әп дегеннен аңғарды. Сондықтан, патша сарайы тарапынан қалыптасып келген қатынас пен көзқарасты түбірімен өзгертуді міндетіне алды. Содан барып, әуелі ішінара, кейін біржола Жәдік тұқымымен жең ұшынан жалғасуды қажет деп тапты. Сол арқылы тек Кіші жүз ғана емес, Орта жүзге де империалық саясатты енгізуді жоспарлады.

Бұны байқап қалған дана Әбілқайыр, өз-Тәукеден кейін қазақтың билігін түгел қолыма аламын деген есек дәмесінің құрдымға кете бастағанын сезіп, енді өз қолындағы билікті ұстап қалу — қарауындағы халық пен жердің көлемін әрі қарай ұлғайту деген қағидаға жүгінді. Өзінің жақтасы әрі жамағайыны Жолбарыстың Ұлы жүз бен Ташкенттегі биліктен айырылып қалмауын қадағалады. Оның қолындағы қонтайшыға уақытша тәуелді биліктен көз жазып қалмас үшін Ресей патшалығымен мәмілегерлік байланысқа шығарып, екі жақпен бірдей қарым-қатынас жасауға мүдделілік танытты. Кіші жүздің үш арысының үлкені Алшыннан тарайтын алты ата Әлімнің көп бөлігін Қайып ханның тұқымдарынан тартып алып, өз қоластына біріктіруге күш салды. Алшынның сан жағынан көп бөлімі — Байұлыны өзінің үлкен ұлы Нұралыға, Ресеймен өкпе тұстағы геосаяси маңызы зор аймақтағы Жетірудың ең сенімді бөліктерін табын Бөкенбай батыр мен тама Есет тарханға берді, Орта жүздің батыс бөлігіндегі арғын-қыпшақты тағы да сондай жанқияр жақын үзеңгілес серігі Шақшақ Жәнібекке, оның теріскейіндегі керейлер мен тарақ-

тыларды екінші ұлы Ералыға басқартып қойды. Наймандарға туған құдасы, Нұралының қайын атасы Күшік хан мен үзенгілес досы Төлек батыр арқылы билік етті. Кіші жүз арасындағы Қайып хан балаларын да байлап-матап отырды. Батыр сұлтан — немере қарындасын алған күйеуі, оның ұлы Қайып Әбілқайыр әулетіне әрі жиен, әрі күйеу. Оны да бір немере қарындасына үйлендірген болатын. Осының арқасында, ол көзінің тірісінде Жәдік балаларының ешқайсысы жете алмаған билікке көтерілді. Оны да аз көріп үшінші ұлы Қожахметті башқұрттарға хан қоюды жоспарлады. Хиуаны Ералының қайынатасы Елбарысқа билетті. Ол Нәдір шахтың қаһарына ұшырап, қаза тапқан соң түркімен бектерімен иін тіресіп, Хиуа тағына өзі мінді. Нәдір шахпен тіл табысуға ұмтылды. Оның реті келмеген соң, баласы Нұралыны әуелі Арал өзбектеріне, сосын Хиуадағы хан тағына отырғызды (54, 176—186).

Бұндай кең ауқымды іс-әрекеттер Жәдік әулетін ғана емес, патша сарайындағыларды да ойландырып тастады. Осыдан патша шенеуніктері де қарап жатпады.

Сол кездегі құжаттардан анық байқалатыны, аманаттағы Қожахмет сұлтанды Оренбург әкімшілігі Әбілқайырға деген қырғи қабақтығының құрбандығына айналдыра бастады. Екі арадағы кикілжіндердің бәрін соған байланыстырып, ханды патша сарайы алдында да, былайғы ел алдында да өз басынан басқаны ойламайтын “пасық пенде” қылып көрсеткені көзге ұрады. Бұл арқылы Әбілқайырдың ішкі, сыртқы бәсекелестерінің желігін қоздыру көзделген сыңайлы. Бірақ, өз еркімен патша ағзамға бодандықты мойындаған Әбілқайырдың бұндай құқайға ұшырауы қалғандарды, әсіресе, Орта жүз сұлтандарын Ресеймен ынтымақтас болуға онша құлшынта қоймады. Олар В.А.Урусов тұсында, бір жағынан, қайта бас көтеріп келе жатқан жоңғарлар қысымынан үрейленсе, ал екінші жағынан көз алдарында башқұрттарды қан жоса қылған қаһарлы Ресей қаруынан қаймығып, арғы, 1738 жылы Ор бойына ант беруге барғандарымен, И.И.Неплюев пиғылын ұққаннан кейін рубасыларын жіберіп өздері бойларын артқа салды. Неплюев бұны да ханның “қулығына” жауып бақты. Шынтауайтында, Әбілқайыр өзі басқарып отырған төл мемлекеттілікті аяққа басуына көнгісі келмеген сыңай көрсетті. Орта жүз билеушілері “үйренген жау атыспаққа жақсы” деген қағидамен, аманаттарын Жоңғар қонтайшысына қарай жіберді. Әбілқайырмен қырғи қабақтық Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатын кешеуілдетпесе ыждағаттата алмады. Әбілқайыр ханның тұсында патша шенеуніктерінің жаулаушылық әрекеттері де, жерінен ығыстыру үрдістері де бір қадам

ілгері жылжымай-ақ қойды. И.И.Неплюев ханды, расында да, тікбақай мінезі үшін ғана емес, сөз жүзінде “орысшыл”, іс жүзінде патша үкіметіне қарсы бағытталған сырттай екі жүзділікке саналса да, іштей табандылық танытқан қаракеті үшін жек көрді,— деп жазады Ә.Кекілбайұлы (47, 84). Патша сарайына жолдаған хаттарында Әбілқайыр екі арадағы түсініспестікті И.И.Неплюевтің өзіне теріс пиғылда екендігімен және Қожахмет сұлтанды қалмақ әйелінен тұған Шыңғыспен айырбастауға көнбей отырғандығымен түсіндіреді. Бірақ, бұл — шындық емес, саяси ахуалдан туындаған айла-шарғысы еді. Оның шекарадағы бекіністерге үсті-үстіне шабуыл жасауы аманаттағы ұлы Қожахмет аштан өледі деп сасқандықтан емес, ашық және арнайы жүргізіле бастаған отаршылыққа айбынды қарсылықтың белгісі еді. Қожахметті босатып алу — қарулы әрекеттерін ақтап алудың бір сылтауы ғана еді. Енді И.И.Неплюев Әбілқайырды сыпыра жамандау арқылы бұндай қауіпті күрескерден тезірек құтылудың амал-айласын іздеп, оны тезірек іске асыруға асықты.

Егер Әбілқайыр, ол айтқандай, “қарапайым пенде” болса, онда ойды-қырды құртып келген И.И.Неплюев сияқты “істе сыналған” саясаткер онымен неге бастан-аяқ арпалысып өтеді?! Иван Неплюев болса, Ресей үкіметінің отаршылдығын жүзеге асырудағы қатардағы қара таяғы емес, кәнігі мәмілегер және ысылған дипломат екенін бұл арада дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Ендеше, сондай ауқымдағы аққаптал саясаткердің өзін “қулық-сұмдығымен” діңкелетсе, Әбілқайырдың да құр алақан еместігі белгілі ғой. Оренбург билеушісі отаршылдық мақсаттарын қалай өліп-өшіп жүзеге асырғысы келіп жанталасса, қазақ ханы оған дәл солай өліп-өшіп қарсыласты жалғастыра білді. Сондықтан да, И.Неплюев мырза Әбілқайырдың ішкі-сыртқы жауларын бірінен соң бірін айдап салып, қыр соңынан қалмай бақты. Мәселен, 1744 жылы 24 сәуірде Еділ қалмақтарының билеушісі Дондік Доржыға қару-жарақ пен оқ-дәріні аямай төгіп, мейлінше көп қолмен қазақтарды тонауға кеңес береді. Одан түскен мал-мүлікті түгелдей қалмақтардың өзінде қалдыруға уәде еткен (35, 208).

Оренбург әкімшілігі қазақ ханымен “ағадан ізет” қарым-қатынасында шектен шығушылыққа бой ұрғанын орыс зерттеушілері де жасырмай жазады. Ол турасында орыс патшасының арнайы марапатына ие болған шығарманың авторы В.Н.Витевский: “Осы кезден бастап көптеген қиындықтарға, зобаландарға, қауіптерге ұрындырған Неплюев пен Әбілқайырдың араздығы өршілі”. — деуі осыдан болса керек (153, 681). Ал қазақ тарихының майталман білгірі,

профессор Ж.Қасымбаев: “Алыстан ойлайтын айлакер хан ойраттар қаупінен құтылған соң, Петербург пен Орынбор губернаторының түпкі мақсаты — бүкіл Қазақстанды империяның отарына айналдыру, көңілдеріне жақпайтын беделді сұлтандардан, рубасыларынан әртүрлі амалдармен құтылу, хандарды айтқанды екі етпейтін шенеуніктер деңгейіне дейін құлдырату екендігін бірден ұғып қойды”, — деп, мәселенің мән-жайын дәптей түседі (110, 27). Әрине, мұндай көпе-көрнеу басынуға өз мақсаты жолында неден де болса тайынбайтын қайсар Әбілқайыр қайдан көне қойсын?! И.И.Неплюевтің өкілдеріне: “Орыстар қалмақтар мен башқұрттарға істегендерін бізге де істегісі келеді. Ал, біз ондай қорлық көргенше, көрге кіргенді артық санаймыз” десе, Оренбургтегі келіссөзде айтқанына ыға қоймаған құпия кеңесшінің өзіне: “Мен ұ. м. и-ға бодан болғанда, найзаның ұшымен емес, өз қалауыммен бодан болғанмын”, — деп әңгімені шорт кесіп, орнынан тұрып, қоштаспастан шығып жүре берген (128, 45). Бұл айтылғандар ханның тек бір сәттік көңіл-күйін ғана емес жүрегін әбден шайлықтырып, намысына тиген жүгенсіздікке көрсеткен қарсылығы еді. Ол бұдан кейін айтылған сөздермен ғана шектеліп қоймады, нақты іс-әрекеттерге көшеді. 1743 жылы ол жұмсаған бір-екі мың адамы бар жасақ Жайық пен Елек бойына жаңа салына бастаған бекіністерді бұзады. Енді бірде оның жасақтары Елек қаласының түбінде 82 адамды тұтқындап әкетеді. Шапқыншылық топтарды басқарған Әбілқайырдың қайынағасы Дербісәлі сұлтан Сорочинск бекінісіне басып кіріп, аманатта отырған Қожахмет сұлтанды босатып алуға әрекет жасады (35, 207).

Сол жылы Астраханнан Хиуаға бара жатқан орыс керуені һәм тоналды. Қарақалпақтарды бодандыққа қабылдау ниетімен жіберілген елші Д.Гладышевтің керуені тоқтатылып, патша сарайынан қайтып келе жатқан қарақалпақтардың қолдарындағы сенім хаты мен тарту-таралғысы түгел тартылып алынды (35, 208).

Осы мезгілде Әбілқайырдың патша үкіметіне берген бодандық міндеттерін бақылау мақсатында Кіші жүзге прапорщик И.Муравин аттанады. Мұның өзі Ресейге бодандық антының өлден қадірі кеткенін, енді оның тағдыры поручик пен прапорщик секілді төменгі шендегі жасауындарға тапсырыла бастағанын аңғартады. Ресей “қамқорлығында” болу мәселесін негізінен оның алдап-арбау, одан қалды зорлау, мәжбүрлеу сияқты саясаты “шешіп” отырыды.

Ащы да болса, шындықты айта кетейік, осы жылдары Ресей үкіметі, бір жағынан, қазақ билеушілері арасында, скіншіден, жеке тұлғалар арасында бәсекелестіктің отын үрлеп, оларды бір-біріне айтақтап отыру



Қазақтардың сәлемдесуі.
Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

зақтарын басқаруда “мардымды нәтижеге жетпегендігін”, оның себебі, бұл халықтың табиғи құбылыстардан бейхабар екендігіне байланысты деп түсіндіргісі келеді (63, 45). Әрине, бұл жағдайды да ескерген дұрыс шығар. Дегенмен де, “камқорлықтың” алғашқы он-он бес жылында патша ағзамның саясатының тығырыққа тірелуінің басты себебі қазақтардың оларға түпкілікті боданы болудан қашқақтап, тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысуында еді. Орыс тарихшысы М.Красовский Оренбург әкімшілігінің аталмыш кезеңде қазақтардың жағдайын жақсартудың орнына бір халықты екінші халыққа қарсы қоюмен, рулық жанжалды дау-дамайды қоздырумен айналысқанын ашына жазуы тектен тек емес (155, 67—68).

Қарақалпақтарға патшаның бодандығын қабылдап алу мақсатын алдына қойған Әбілқайыр 1743 жылы оларға шапқыншылық жорық жасап, ханын тұтқындап, 40 мыңға жуық малын айдап өкетеді. Орыс зерттеушілері осы кезден бастап Әбілқайырдың тіпті күшейіп алғанын хабарлайды (63, 47).

Қазақтарға Жайық өзенінің оң жағалауындағы ата-баба қонысында көшіп-қонуға рұқсат етілмеуі, аманаттағы Қожахметті басқа ұлы Шыңғыспен ауыстырмауы И.И.Неплюев пен Әбілқайыр ханның араларында өшпенділіктің түтінін бұрқыратты, — дейді зерттеуші К.Есмағамбетов (112, 15). Оның басты себебі, патша үкіметі 1742 жылғы 19-шы қазандағы жарлығымен қазақтарға Жайық өзенінің,

саясатын жүргізді. Әбілқайырдың “бодандық” уәдесіне сенбеген және оның қазақтар мен хиуалықтарды өз қол-астына бағындыру жоспарынан бас тартпағанын байқаған “камқоршы” әкімшілік өз мақсатына жетуге, енді оның бәсекелестеріне иек артты.

Оренбург тарихын зерттеушілердің бірі А.И.Добросмыслов Ресей әкімшілігінің XVIII ғасырдың 30—40 жылдарында Кіші жүз қа-

Яницк (қазіргі Орал — А.Қ.) қаласының және сол маңда тұрғызылып жатқан бекіністердің жанында көшіп-қонуға тыйым салған еді. Ол бойынша, Жайық пен Еділ өзендері аралығын мекендеген қазақтарды Жайықтың сол жақ бетіне көшіру, көшпегендерін “қайсақтар (қазақтар — А.Қ.) жаққа күшпен қуып салуға” бұйрық берілді. Керек кезінде, қазақтарды күштеп көтеруге қалмақ жасақтарын пайдалану жоспарланды (54, 262—263).

Жағдайдың шиеленіскені соншалық, И.И.Неплюевтің ұсынысымен қазақтарға бірнеше бағыттан соққы беру келісілді. Бұл мәселе 1744 жылы 1-ші наурызда империяның Сенатында талқыланып, осы орайда, бағдарлама бекітілді. Ол бойынша қазақтарға башқұрт, татар, қалмақ жасақтарын қарсы қойып, соғыс кезінде тоналып алынған мал-мүліктерді солардың иелігіне қалдыру көзделді. Алайда Ресей империясының бұндай қанқұйлы ниеті іске аспай қалды, жоңғарлар мен парсы шахының бірлескен әрекеттері нәтижесінде оңтүстікте жаңа шиеленіс ошақтары пайда болып, осыған байланысты патша үкіметі қазақтарға қарсы жазалаушылық жорықтарын кейінге қалдырды.

1745—1747 жылдар аралығында ашынған қазақтар шекарадағы бекіністер мен Еділ бойындағы құба қалмақтарға бірнеше рет шапқыншылық жорықтар жасады. Оның басты себебін бірсыпыра тарихшылар Әбілқайыр ханның И.И. Неплюевке жаулық пиғылынан іздейді. Осыдан шығыстанушы ғалым В.Н.Витевский ірі-ірі шабуылдарды бөліп көрсетеді және олардың себептерін де әртүрлі түсіндіреді. Мәселен, 1746 жылы Еділ қалмақтары Жоңғариядағы бауырларына өтпекші болып, Жайықтың бойындағы қазақ ұлыстарын шауып, іздерінше кері қайтады. Бәлкім, бұлары жоғарыда сөз болған И.И.Неплюевтің азғырынды насихатының әсері шығар деп пайымдалады.

Бұны сылтау еткен Әбілқайырдың көктен тілегені жерден табылып, Еділ қалмақтарынан қарымта қайыруға құлшына кіріседі. Қыс түсіп, мұз қатқан бойда жорыққа шығады. Жолдағы Жайық бекіністеріне соқпай, Каспий теңізінің теріскей жиегіне тақыр мұздан ат тағалап өтіп, Астрахан түбіндегі Қызылжардан бір-ақ шығады да, қалмақтарға тарпа бас салады. Жүз адамын өлтіріп, жеті жүз адамын тұтқындап, 2477 жылқы мен түйені алдарына салып айдап, ырғалып-жырғалып кері қайтады (35, 213; 112, 15). Ол жылғы қыста шекараны тінту бір мұнымен тынбайды. Оны аз көргендей, А.Левшиннің сөзімен айтсақ, “көзсіз ашуға мінген Әбілқайыр өзінің жұртын Ресейден алыстатып, шалғайдағы құм мен шол далаға ауа көшуге шақыра бастайды” (35, 213). Келесі, 1747 жылдың қысында

Әбілқайырдың атты жасақтары мұз айдынын басып отіп, қалмақтарға қайта басқыншылыққа аттанады. Алайда, ауыздары күйген қалмақтар аяқ жетпейтіндей жерге ауып көшіп кетеді де, қазақтар бұл жолы күр алақан оралады. Қайтар жолда аңдып тұрған шекарадағы орыс-казак жасауындары қапыда бас салып, қазақ жауынгерлері ойсырай соққы жейді. Ресейден көңілі әбден қалған Әбілқайыр, енді Парсы шахының қол астына бірігудің амалдарын ойластыра бастайды (35, 214). Оның бір дәлелі Әбілқайырдың 1746 жылы Иран шахы Нәдірге “Орыстар жағынан қысастыққа ұшыраған шақта паналау үшін Бесқала қамалын беруді” сұрап жазған хаты (156, 159; 112, 16).

Бұл әңгіменің төркіні ата-қонысты түпкілікті тастап шығу деген сөз емес еді. Қазақтардың сыртқы аумақтағы бағытын сол кезде Еуразияда қалыптасқан нақты геосаяси ахуалымен және бұған дейін бейтаныс болып келген ақ патшаның отаршылдық пиғылымен ұштастыра қайта қарау болса керек. Әйтпесе, орыстар “Яицк”, қазақтар “Теке” дейтін қаланы әлденеше рет қоршап, ала алмай жүрген Әбілқайыр Ноғай Ордасы, Хакназар, Қасым хан тұсында иелік еткен, қазақтың ата-бабасы қоныс қылған Еділ мен Жайық екі өзен бойын түпкілікті тастап кетуді бір сәтте ойына алған емес. Сол үшін де Аңырақай шайқасының сәл толастауынан кейін теріскей батысқа қарай аунап, башқұрт, қалмақ, түркімен қолында қалған атамекенінің көпшілік жерін қайтарып алған. Тек күші аздығынан орыс қазақтары басып алған өзен бойларына ғана тісін батыра алмай жүрген-ді. Негізінде, көшпенді қазақтардың аяғына бұғау салған Бұланай мен Кавказ тауының асулары емес, көлденең ағып, көздің жасын бұлаған Ертіс пен Жайықтың ұлан-ғайыр сулары еді. Жылға қуалап ауыл торыған барымташыдай соларды сығалап келген бұқпантай басқыншылық біртіндеп ел еркіндігін мойынан қылғындыратын қыл тұзаққа айналды, — деп қынжылады жазушы Ә.Кекілбаев (47, 86—87). Расында, алғашында жеңіне тығып, байқатпай келген сол бір тұзақ арқанды алғаш рет мойнына сермеген әккі саясаткер И.И.Неплюев еді де, оны алғаш рет жолатпай кері лақтырған айласы мен тәсілі мол, жарықтық Әбілқайыр еді. Ол 1747 жылы 14 қыркүйекте Құлақшы деген жердегі жазғы қонысында отырғанда бір-біріне жұлдызы қарсы болып өткен ең ірі саяси бәсекелесі И.И.Неплюевке қазақтар қашан бір қасық суы қалмай, қақсып біткенше “Жайық үшін жандасқанын” қоймайды деп ашық жазған болатын.

Демек, ханның шекарадағы бекіністерге тыныштық бермеуі де, Астраханға дейін ат жорытып, бірнеше шабуылға шығуы да, казак рубасыларын орыс шекарасынан аулақ қонуға шақыруы да, өзге мем-

лекеттермен жең ұшынан жалғасып, Ресейдің “камқорлығына” жаңаша көзқарасы да, аманаттағы баласы Қожахметті қарулы қолмен қайтарып алуға қаракеті де, түптеп келгенде, бұрынғы саясатынан теріс айналып, Оренбург әкімшілігімен соғыс жағдайына көшуге байланысты еді. Бұл арада профессор Ж. Қасымбаевтың: “Құқықтық жағынан бұрынғысынша империя боданы болып қала отырып, маңызды аспектілердің бәрінде де



Арал өзбектері.
Н. Витзен. “Северная и Восточная Татария”
кітабынан (XVII ғ. аяғы).

анық байқатқанындай, ол (Әбілқайыр хан — А. Қ.) жоңғар қаупі жоғалған соң басқа бағытты, шын тәуелсіздікті қайтадан қалпына келтіру бағытын ұстанды”, — деуі ғылыми жағынан жаңаша сарапталған соны ұстаным екені айтуға тұрарлық (110, 61).

Өйткені, Әбілқайыр хан өзінің қысқа ғұмырында осындай тарихи құбылыстардың орнықсыздығынан көп зардап шеккен адам. Патшалық Ресей тарихшылары да, кешегі кеңес тарихшылары да оның күрделі өмір жолы мен мемлекеттік қайраткер тұлғасын бір жақты қарастырып, сыңаржақтылыққа беріліп келгенін айтпасақ болмайды. Сөз орайында, Әбілқайыртану үрдісі осы еңбектің төңірегінде шектелмес деген сенім бар.

Сонымен, Қажы сұлтанның ұрпағы ғұмырының күрделі кезеңі аумалы-төкпелі заманада Ресей империясының мықты өкілі И. И. Неплюевтің өктем саясатымен сабақтас жүргізілді. Ал патша шенеунігінің басты мақсаты — қазақ жерін түпкілікті отарлау, оны біртұтас мемлекеттілігінен айыру саясатына ашына қарсы шыққан күрескер Әбілқайыр сынды сайып қыран еді. Өйткені, әлгіндей саясат оның бір кездегі орыс үкіметіне артқан адал ниетінің ақталмауымен қоса, Әбілқайыр өмір бойы армандап өткен күшті ұлттық мемлекет құрмақ мақсаты аяққа тапталды. Бұл оны қайраткер ретінде де, саясаткер ретінде де ашындырды, артынан жауластырды, таза пиғылына көлеңке түсірді. Бір кезде Ресеймен одақтас болуға ұмтылған

Әбілқайырдың ойлаған арманы орындалмағаны былай тұрсын, енді оның халық арасындағы беделіне нұқсан келе бастады. Әсіресе, байырғы бақталастарының құдайлары беріп, қарық болып қалды. Хан істің бұлай насырға шабуының бірден-бір күнәкары губернатор И.И.Неплюев екенін анық білді. Ол дегенде атарға оғы жоқ екендігі сонша, арнайы жіберілген өкілі Арслан Бекметевтің өзін және қасындағы серіктерін үй-үйге бөліп, әрқайсысын жеке-жеке қамап, жиырма күндей тұтқында ұстайды (54, 132). Бұны арам ниетке балаған И.И.Неплюев өз қарауындағы барлық жасақтарды аяғынан тік тұрғызып, Әбілқайырдың шапқыншылық әрекеттеріне сақадай сай тұруға әзірлейді (54, 334—336).

Қаһарына әбден мінген, әрі Әбілқайырдың арғы ойын аңғарып қойған И.И.Неплюев аманаттағы Қожахметті әуелі Петербургке жөнелтіп, сосын Қазанға көшіртеді (35, 214). Әйтеуір оны қазақ жасақтарының қолы жете алмайтын жерлерге қашықтатты, қарамағындағы онсыз да көп әскерді місе тұтпай, патшадан 2000 башқұрт, 1000 Жайық казағы, 1000 Еділ қалмағы, 300 Ставрополь қалмағы, 500 мешерден тұратын қосымша әскер сұратады (153, 685—686).

Бұл губернатордың қазақ-орыс шекарасында әскери шиеленісті өршіте түсуге мейлінше кіріптар екенін байқатады. Оның нені көздеп отырғанын Қазан губернаторы И.В.Черновтың: “Неплюев Орынбор өлкесін әр әлеуметтік топтағы орыс адамдарын орнықтыру арқылы отарлап алуға қам жасады. Мұнда келген жұрт, мейлі қаңғырып жүрген кезбе болсын, мейілі қожасынан қашып жүрген басыбайлаулы шаруа болсын, кері қайтарылмады, осы арада өзі таңдаған жерге біржолата қалдырылды”, — дейтін сөзі И.И.Неплюевтің арғы пиғылын ашып бергендей (157, 18).

Міне бұдан шығатын қорытынды, Ресей империясы мен қазақтар “бодандықтың” қыр-сыры жазылған келісімді екі жақтың екі түрлі пайымдауы. Бұрынғы Алтын Орда кеңістігіндегі елдер мен халықтарды билеп-төстеуден бай тәжірбие жинақтаған Ресей әкімшілігі қазақтарды да жаулап алынған татарлар мен башқұрттарға теңегісі келгені мәлім болды. Ал Әбілқайыр бастаған көшпенді елдің басшылары бодандық құжатты шығыстық дәстүр тұрғысынан түсінді, яғни олар аталмыш келісімді дағдарысты жағдайда қуатты мемлекеттің қамқорлығында (протекциясында) болуы да, ес жинап, әлденген кезде өз еркімен бас тарта салатын дағды да қабылдады. Бұл тұрғыдан алғанда, көшпенділер салты бойынша тарихнамада кездесетін, қамқорлықтан бас тартудың алдында қамқоршысына қарсы әрекеттер (тұтқындар алу, мал-мүлкін тонап кету т.б.) орын алатын. Көшпенді

халықтардың түсінігі бойынша мұндай қаракеттер бұрынғы “қамқоршы” мемлекетке қарсы бағытталған күрес тәсілінің бірі. Оны Әбілқайырдың “тұрақсыздығынан” не болмаса қазақтардың “жабайы табиғатынан” іздеушілік табиғи құбылыстарды түсінбеу болып табылады. Мұндай құбылыстарды зерттеген орыс тарихшысы А.Шепелев осыған тақылеттес пікірді алға тартады (158, 34; 112, 16).

Қазақ даласындағы шиеленіс осылай асқынып, Әбілқайыр мен Неплюев “бітіспес жаушылыққа қадам басқанда” (159, 59—60; 59, 125), Ресей патшасы шындап шошынды ма, әлде кезекті айла-шарғыны қолданғысы келді ме, әйтеуір ханның бұрыннан етене танысы Мәмет Тевкелевті 1748 жылы ханға жұмсады. Ондағы патша үкіметінің ойы: “қырғыз-қайсақтарды орысқа қарсы райларынан айныту”, қарақшылық шапқыншылықтарын тыйдыру, “алынған тұтқындар мен малдарын иелеріне қайтару”, “хан мен губернаторды татуластыру”, т.б. (63, 72—74). Демек, Ресейдің жер жөніндегі ұстанған саясатына ашық қарсы шығып, одан бодандықты қайта қарап, ірге ажырату мәселесін алғаш көтерген, әділіне келсек, Әбілқайыр хан болатын. Сонысы үшін Ресей әкімшілігі тарапынан қағажу, ел ішіндегі бәсекелестерінен көзтүрткі көріп, қамығып жүрген Әбілқайырдың Ор бойында А.И.Тевкелевпен өтетін келіссөзге үлкен үміт артқаны сонша, Қожахметтің орнына қалмақ әйелінен туған Шыңғысты емес, бәйбішесі Бопайдан туған Айшуақты ертіп барады. Оның үстіне, патша сарайының аманатты бүгінгі саяси кепілдік деп қана ұқпай, қазақ тағының ертеңіне ықпал етудің құралы деп санайтынын аңғарып, ондай айла-шарғыға аурушаң Қожахметтен гөрі естиярлық танытып үлгерген өркөкірек Айшуақ төзімдірек деп хан ұйғарса керек. Бірақ, И.И.Неплюевпен, расында да, бітіспестей араз болып кеткені сонша, оны көргісі де келмей, А.И.Тевкелевпен Орынборда емес, Ор бекінісінде кездесуді қалауы да осыдан (47, 90)

Осының алдында ғана А.И.Тевкелев Санк-Петербургтен Әбілқайырмен қалай және қандай бағыттарда келіссөз жүргізу жөнінде нұсқау алды. Патша үкіметі нұсқауының мазмұны жөнінде В.Н.Витевский төмендегіше баяндайды: М.Тевкелев ең алдымен Әбілқайырдың Ресейге өз еркімен қосылғандығы туралы келісімді есіне салып, қазақтар тарапынан әлі де тонаушылық шапқындардың орын алып отырғанына назар аударуды, содан соң ғана достық ниеттегі адам ретінде қалмақтар мен Еділ, Дон және Тверь бойындағы орыс казактарының зеңбірекпен қаруланған біріккен күштері патшайымнан казактарға қарсы шабуылға шығуға рұқсат сұрағанын, бірақ “дүние жүзіне табиғатынан ізеттілігі және қайырымдылығымен белгілі ол



Оренбург айырбас сауда сарайы. XVIII ғ. гравюрасы.

күнөсіз кыргыз-қайсақтар зәбір шегіп, қаны төгілмесін деген оймен рұқсат бермеді” деп, хабарлауы тиіс болған.

Өз тарапынан М. Тевкелев халқыңыздың жағдайын ойлағыңыз келсе, Ресей әкімшілігімен қарым-қатынасыңызды түзетуге күш салғаныңыз жөн. Олай болмаған жағдайда, патша ағзамның да шыдамы таусылып, ашуға мінуі мүмкін. Онда қазақтарды шабуға Еділ жағынан мыңғырған орыс казактарының жасақтары, оларға қоса Жайық казактарының және қалмақ әскерлері, Оренбург жағынан — саптағы Ресей әскерлері, сонымен бірге башқұрттар, мешерлер және қазан татарлары, Сібірден де жат жұрттар аттандырылады. Мұндай жайсыздыққа тап болған байғұс қазақтар не істемекші? Арал теңізіне суға ағып кетпесе, патша ағзамның ашу-ызасынан құтылатын өзге амал жоқ. И.И.Неплюев те сізге жақсылық ойлайтын қайырымды да, өнегелі ақылды адам... Осылайша әңгімені бастап алып, Тевкелев жымьсықшылықпен алдап-арбаудың, қорқыту мен үркітудің неше түрін келтіреді. Одан кейін империяның сенімді өкілі Әбілқайыр мен оның қоластындағы қазақтардың істеген “қылмыстарын” жіпке тізіп айтып береді. Олардың барлығы да сіздің келісіміңіз жасалған істер ретінде патша ағзамға хабарлаңыз деп колгірсіп, онсыз да оқшау қала бастаған ханды халыққа қарсы қоюға әрекет жасайды (64, 712—715).

Билеуші топтар мен қара халық арасына осылай жік салу отарлық саясаттың ойлап тапқан қығұрқы тәсілдерінің бірі еді. Келіссөздердің нәтижесінде Сорочинск бекінісінен әуелі Санкт-Петербургке әкетіліп, артынан Қазан қаласына ауыстырылған ханның ұлы Қожахмет 1748 жылы мамырда Орск бекінісіне әкелініп, Айшуақпен ауыстырылды. Онымен бірге аманатқа бірнеше беделді старшындардың балалары беріледі. Өз тарапынан Әбілқайыр патша әкімшілігіне орыс тұтқындарын қайтаруды және шекаралас аудандарға шабуыл жасамауға уәде етеді. Бірақ хан өз ордасына оралған бойда жоңғар билеушісімен қатынас орнатуға ынталылық білдіреді. 1748 жылы шілдеде Әбілқайыр таққа жаңадан отырған Сыбан-Доржының ұлы Аджи Намжилмен құдандалы одақ құрып, оған қалмақ әйелінен туған өзінің қызын тұрмысқа беруге уәждеседі.

Сонымен, Әбілқайыр хан И.И.Неплюевпен татуласудан басқа талаптардың бәрін де түсіністікпен қабылдады. Патша сарайы Әбілқайырдың хандықты бұдан былай өз балаларына мұрагерлікпен қалдыру жөніндегі ұсынысына келісім берді. Бұл, әрине, Жәдік тұқымы мен Оренбург губернаторына жақпайтын “жаңалық” еді. Алайда, олар да уақытты босқа өткізбеген секілді. Патша әкімшілігі, И.Неплюевтің көзқарасы бойынша, шектен шығып бара жатқан ханды ауыздықтауды мұншама “жұмсақ жолмен” шешуге ықыласты бола қалғаны таңдандырмай қоймады. Әлде тақ мұрагерлігі жөніндегі оңтайлы шешім Әбілқайырдан алдап-сулап тезірек құтылудың қамы ма? Әлде бұл жолы тек мәмілегерлік шаралармен шектеліп қалмаудың амалдары деп қарастырылды ма? Оқиғаның одан әрі дамуы көңіліңізде екі ұдай сезім қалдырары сөзсіз, — дейді Ә.Кекілбаев (47,90).

Олай дейтіні, И.И.Неплюев Ор келіссөзіне дейін-ақ қазақ арасында ханға қарсы азулы топпен ауыз жаласып үлгерген еді. Ол Ор бекінісіндегі келіссөзде Әбілқайырдың қол жеткен табыстарының бәрін жоққа шығаруға бел байлады. Әрине, мұндай Әбілқайырға қарсы топ ол кезде тек Жәдік әулеті арасынан ғана шығуы мүмкін еді. Бірақ, ол кезде Әбілқайырдың Жәдік әулетімен және Оренбург губернаторымен әбден ушыққан өшпенділікті батылдықпен, көз ілеспес шапшаңдықпен шешімді табатын Жәдік ұрпағында да көп емес еді. Бұл әңгіменің пұшпағын келесі тарауда ағытамыз.

Әбілқайыр ханның қазақ жерінің тұтастығын сақтауға, бір орталыққа бағынған қуатты қазақ мемлекеттілігін құруға талпынғанын ешкім ағаттыққа шығармаса керек. Оның барлығы сол замандағы өз танымы, өз пайымы тұрғысынан, Ресей көмегі арқылы жүзеге асыруға болады деп сенді. Бірақ ол оқиғалар шырғалаңынан шыға алма-

ды, бір халықтың билеушілері келіп екінші халықты жұмакка жеткізбейтіндігі туралы философиялық ой-тұжырымдарына оның сана-сезімі жетпеді. Әбілқайыр сынды дананың ой-санасы көрсеткендей, ел тәуелсіздігін күмәнді есептерге негізделген саяси ойын құралына айналдыруға болмайды. Осы орайда, “тарих мемлекет егемендігіне балама жоқтығын дәлелдейді”, — деп ойын түйіндейді көрнекті қазақ тарихшысы К. Есмағамбетов (112, 19).

Қалай десек те, қазақ жерін анталаған жаулардан қызғыштай қорғаған, қазақ-жоңғар Ұлы Отан соғысындағы Үш жүздің бас қолбасшысы — мемлекет қайраткері, дана саясаткер бабамыз Әбілқайыр хан — ұрпақтар жадында мәңгі сақталатынына сеніміміз мол.



ның Әбілқайырға деген “қара қазандай өкпесі” көптен белгілі болғанымен, оны теңселтіп тастайтындай тегеурін танығта алмайтыны белгілі еді.

1736 жылы маусымда Әбілқайыр хан ордасында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің күнделігінен мынадай құнды мәлімет кездестіреміз: “Бұлардың (қазақтардың — *А.Қ.*) үш ханы бар, олардың ішінде ең атактысы Жолбарыс хан деп аталады, оның қолында өзінің әкімшілік ететін аймағымен қоса Ташкент қаласы бар. Екінші орданың ханы да құдіретті, оның қолында өзінің әкімшілік ететін аймағымен қоса Түркістан қаласы бар, оның есімі — Сәмеке. Мен болған Әбілқайыр хан — ең Кіші орданың ханы. Бұл үш ханның үшеуі де бір-біріне әмір бере алмайды, әрқайсысы хандығын жеке билейді және бір-бірімен жақсы достық қарым-қатынаста” (119, 120). Осыған қарағанда олардың ортасында қырғи-қабақ қан төгіске әкелетіндей жағдай қалыптаспаған.

Ал енді, Оренбург губернаторы И.И.Неплюев күтетін “көмек” бір табылса, баяғы Есім ханмен тіресетін Тұрсын ханның тұқымы Барақ сұлтаннан табылып қалуы мүмкін (47, 91). Осылардың бәрін таразыға салып екшеген әккі саясаткер Иван Неплюевтің қазақ сұлтандары арасынан “көңілі” кетіп жүргені де осы Барақ еді. Ол жайында И.И.Неплюев 1745 жылы 20 қазанда Сыртқы істер коллегиясына: “Қырғыз-қайсақ билеушілерінің халық арасында ең қадірлі және күштісі атақты Барақ сұлтан”, — деп мәлімдегені де бар тұғын (54, 325). Ал, 1747 жылы 9 ақпанда Петербургке Әбілқайырдың кезекті “бұзақы” қылықтарына қарсы алып жатқан шаралары туралы хабар қылса, сол жылы 21 наурызда Бараққа “менің досым”, “менің сырласым” деп хат жазып, Еділ бойына шабуыл жасаған алты жүз “бұзақтардың” қайтар жолда Жайық бойындағы шекара әскерінен қалай оңбай жеңілгендерін қуана хабарлаған еді (89, 156—158). Әрине, бұл Әбілқайырдың Астрахан түбіне дейін барып қайтқан жорығы жайында болып отырғаны айтпаса да түсінікті. Осының өзінен-ақ губернатордың Барақты сонау 1745 жылдан бастап Әбілқайырға қарсы айдап салуға дайындықты бастағанын аңғартса керек.

И.И.Неплюев үшін Барақ, қай жағынан да, нағыз іздегенге сұрағанның өзі еді. Ол Ресей шенеуніктерімен әлденеше рет жылы шырай танытып, елшілер жұмсап хат-хабар алысқан. Соған қарамастан Барақ сұлтан жоңғар жағымен көбірек араласатын еді. Сондықтан, Оренбург губернаторы ебін тауып, оны патша үкіметі жағына бір жолата шығаруға мүдделілік көрсеткені де мәлім. Өйткені, оның Жәдік



Қазақ даласындағы пошта бекеті. XIX ғ. суреті

әулетіне ықпалы жүретін, Орта жүздің би, батырлары арасында беделі зор болатын.

Осы арада мынадай бір қызық мәліметке тоқтала кетсек.

Санкт-Петербургтегі патша сарайына 1746 жылы 21 қазанда барып қайтқан Барақ сұлтанның немере інісі Ескендір сұлтанға еріп, Орта жүзге, Барақ сұлтанның ордасына И.И. Неплюев жұмсаған жансызы Матвей Арапов 1747 жылғы 21 наурызда Орынбор губерниялық кеңсесіне мынадай хабарлама түсірген, ол бойынша:

“...Ескендір патша ағзамның жазған хатын Бараққа тапсырады. Барақ түн ішінде Араповты шақырып алады. Арапов оған патша ағзамның жіберген жалақы ақшасын табыс етеді. Сонымен бірге Арапов Неалюевтің де хатын ұсынған екен, оған Барақ: “ертең ел ағалары келгенде көзінше тапсырасың”, деп алмай қояды. Ал, марапат сыйлықты бергенінді ешкімге айтпа, қазақтар білмесін дейді. Барақ бұл сыйлыққа қатты қуанып, патша ағзамға ризалығын білдірді, оған адал қызмет етуге сендірді.

Келесі күні Арапов қазақ ел ағаларының көзінше Бараққа хатты тапсырды. Барақ хатты ашып, хат таниттын кісіге әуелі патша ағзамның грамотасын, одан кейін Неплюевтің хатын оқытты. Хат оқыл-

ған кезде Барак та, ел ағалары мен жайі казактар да патша ағзамның рақымы мен қамқорлығына ризалықтарын білдірді. Бүкіл қазақ халқына қорған болып отырғаны үшін, оған адал қызмет етпек ниеттерін білдірді. Ал, Әбілқайыр ханның теріс қылықтарын сөгіп, өкініш білдірді, оны балағаттады. Бір ғана Әбілқайырдың кесірінен қазақ еліне қанша зиян келетінін, патша ағзамның ашуы келсе, рақымы түспеуі мүмкін екенін айтты. Тіпті, Барак сұлтан тікелей Әбілқайыр ханның өзіне барып, Ресейге қарсы теріс қылықтарын тоқтатуы керектігін айтсын, деген сөздер шықты. Ресейдің қамқорлығынсыз казактардың жағдайы қиын болады, шекараға таяу көшіп барып жүрміз, саудамыз бар, бізге мұндай жақсылықты кім жасайды,— десті” (89, 159—160).

Міне, осылай Алла Тағала “сәтін салып”, Әбілқайыр мен Неплюевтің арасы алшақтай бастағанда, Барак та Жоңғар шонжарлары тарапынан түрткі көре бастаған еді. Оған жоңғарлардың мазасын кетіріп жүрген қашқын Қарасақалды қол астында жасырғаны себеп болды. Қалдан Серен Барактан Қарасақалды не ұстап беруді, не өлтіруді талап еткен еді. Аманаттағы оның ұлы Шығай сұлтанды тек сонда ғана қайтаратын болып шарт қойды (47, 192). Барактың онсыз да жолы болмай жүргенде, аманаттағы Шығайдың жаңа қонтайшы Сыбан Доржының шешесімен көңілdestігі жайындағы өсек тарап кетеді (153, 270). Күллі қалмақтың намысына тиген бұл “сүмдықтың” бұрқырап тұрған шағында Барак саяси одақтасты батыстан іздеуге мәжбүр болғаны өзінен-өзі түсінікті. Сөйтіп тұрғанда, оны И.И.Неплюевтің өзі құшағына қысуға дайын еді, көкпен тілегені жерден табылды. Бұрын ол патша ағзамға аманатқа ұлын берген Әбілқайырды жерден алып, жерге салып жүрген Барак, енді қазақ билеушілерінің оған дейін бір де біреуі істемеген қаракетін істеп, Оренбург губернаторының аузын алу үшін жұмыртқадай ақ отауды жасаулап, сыйлыққа апарып береді (54, 360). Мұнысын бодандыққа басын сұққанда үйлі аманатын тапсыратын ескі дәстүрдің сарқыншағы санаған Қазыбек би мен баласы Бекболат батыр оған наразылық білдірген көрінеді. Барактың бұл қылығын Қарасақал да сатқындыққа жорып, оны ендігәрі көрместей реніш білдіріп, көшіп кетеді.

Патша ұлықтары Орта жүздегі “басты тұлға ретінде әмбеге қадірлі” (59, 111) деп марапатталған Барак енді өзінің бақталасы саналатын Әбілқайырмен шындап айқасуға көшті. Бұған тағы бір себеп табыла кетеді. Барак сұлтанның қызына үйленгелі жүрген Хиуа ханы Қайыптың (Батыр сұлтанның ұлы) қалыңдығының жасауына жіберілген үш түіе жүктің Әбілқайыр ұлысында тоналуы (35, 215).


Опсыз да қиыны қашып тұрған істің басына 1748 жылдың жазында Ұлы жүзден жиырма адам сау ете қалып, қарақалпақ арасында қоныстанған 1500 шаңырақ жалайырларды елге қайтындар деп үгіттеуі де, мүлде шаруаны насырға шаптырып жіберген ескіді (153, 715). Аталмыш қарақалпақтарға Әбілқайыр ұлысының жерінде Барақ сұлтан тап болады да, көпшілік жұртты өзімен бірге ертіп ала кетеді. Оны Ор бекінісіндегі М.Тевкелевпен болған келіссөзден, 1748 жылы 1 тамызда ордасына қайтқан Әбілқайыр хан естиді де, аз ғана қолмен Барақтың ізіне түседі. Жол-жөнекей Жәдік пен Өсеке сұлтандардың ұрпақтары Қошалақ құмының шығыс жақ етегіндегі Өлкеаяққа Қабырға өзені құятын сағада кезігеді. Азғантай жасағымен келген ханды Барақтың қалың қолы қаумалай қоршап алады. Әбілқайырдың қасындағылары қорқып кетіп, бас сауғалап ханды тастап қашады (47, 93; 94, 122—124). Одан әрі не болып, не қойғанын әркім әр түрлі баяндайды. Олардың бір-екеуін біз осы арада келтірейік.

Тарихшы А.И.Добросмысловтың баяндауынша, жасы елең тартып қалған хан жауларымен арыстандай арпалысқан. Осы жанталаста Барақтың бір сарбазын садақпен атып мұрттай ұшырады. Екіншісінің астындағы атын жаралайды. Жан-жағынан қоршаған жауларымен алысып жүргенде, Барақ сарбаздарының бірі ханға найза шаншады. Сонда да, ол жығылмай, ат жалына жармасып, шайқасын жалғастыра береді. Тап сол арада қасында тұрған біреу айбалтасымен ханның басынан ұрады. Шайқалақтап қалған Әбілқайыр жан-дәрменмен қоршауды бұзып шығып, енді қаша бергенде, анадай жерде бәрін байқап тұрған Барақтың ұлы Шығай сұлтан қуып жетіп, арқан салып, тартып аттан құлатады. Сол кезде Барақ қасына жетіп барып, өшігіп жүрген дұшпанына қанжар тығып, өз қолымен өлтіреді (63, 76; 47, 93).

Екінші бір дереккөзде, Барақтың жұмсауымен Петербургке елшілікке барып қайтқан Сырымбет Бекбасов деген батыр әлсіреген ханды ат үстінен жұлып алып, соққыға жығады. Оны көріп тұрған Барақ сұлтан қасына жетіп барып, қансырап жатқан туажатының кеудесіне қанжарын үш рет салады (156, 265).

Оренбург губернаторы Неплюевтің 1748 жылғы 26 тамызда жоғарыға жазған хабарламасы бойынша, Барақтың жанына ергендер көп болып, Әбілқайыр ханды ұрып өлтірген” (89, 178).

Ал Әбілқайыр ханның қалай өлтірілгені жайлы себептерді анықтауға Оренбург губернаторы И.И.Неплюевтің тапсырмасымен 1748 жылы 4-ші қыркүйекте хан ордасына келген тілмаш Якуб (Жұмағұл) Гуляевтің мәлімдемесімен танысқанымызда, бұл оқиға былай баяндалады:



**Қожа Ахмед Иасауи кесенесінің қазіргі көрінісі.
Фотосурет автордікі. 2007 ж.**

“...ол (Әбілқайыр — А.Қ.) олместен бұрын Жалайыр руының (Ұлы жүз — А.Қ.) жиырма шақты адамы Қарақалпақ ордасындағы Жалайырлар руына еру боп барады. Ондағы жалайырлардың ұзын саны бір мың бес жүз түгін болса керек. Қазақтар қарақалпаққа шабуыл жасай қалса, қарақалпақтағы жалайырлар жапа шекпеуі үшін, қазақтар оларды қарақалпақтан бөлініп, өздеріне қосылуға шақырды. Екі жақ келісіп, ант беріседі. Бұған имандай сенген қарақалпақтағы жалайырлар қазақ даласына қарай еріп барады. Қазақ даласына келген соң Өлкеаяқ деген Торғай өзенінен бір күндік, Ор бекінісіне 9 күншілік жердегі әр рудан құралған қазақтар қарақалпақтарға тап беріп, олардың мал-мүліктерін талай бастайды. Бастап келе жатқан қазақтар оларға көмек бере алмай қалады. Орта жүздің Күшік ханы бастаған қалың топ қарақалпақтарды былай қойғанда, өз қандастары жалайырларды да тонайды. Мұны естіген Орта жүздің Барақ сұлтаны да олжадан құр қалмайын деп, қарақалпақтарды түгелдей тонап, адамдарын тұтқындап, бірге барған қазақтарды өз еліне сіңбе етіп қосып жібереді. Бірақ әлі де болса жүз түгіндей ауқатты қарақалпақтар қалған еді. Осыны естіген Әбілқайыр хан қасына Кіші жүздің жүз елу адамын ертін, қарақалпақтарға барады. Олар ханды жылы жүзбен қарсы алып, үш үй тігеді. Онымен де қоймай, бізді мал-

мүлкімізбен қоса өзінің қарауына ал, бйгеуір Барак сұлтанның қолына бере көрме деп Әбілқайырға тілек айталды. Бірақ хан оны қапағат етпей. Барак сұлтан тоңаған халықты тағы да тоңайды. Мұны естіген Барак сұлтан манағы жалайырларға: Әбілқайыр қарақалпақтар мен сендерге ғана емес, енді бізге де ауыз салайын деді, ешкімді өзіне теңгермейді, егер біз күш біріктірсек, озбырлық жасаудың қандай болатынын көзіне көрсетеміз деп, оған, ханға қарсы шабуылға шығады. Осыны байқаған ханның қасындағы адамдар: Барактың соңына ергендер көп, ол жалайырлармен де, қарақалпақтармен де бірігіп алды, байқамасақ болмас деп ескертеді. Алайда хан: Барактан қатын ғана қорқады, оның өзі де қатыннан артық емес деп көнбей қояды. Нәтижесінде екі жақ қақтығысқа барады. Бұл кезде Алшын руының қазақтары Барактың қолына өткен қарқалпақтарды тонап жатқан болатын. Ханды жақтайтындардың қарасы азайып, қасында бес-алты-ақ адамы қалған. Сонымен, ханның мынадай озбырлығын көрген Барак сұлтан өз адамдары мен жалайырларға қарақалпақтармен бірлесе отырып қарсы көтерілуге, Әбілқайыр ханды жерге кіріп кетсе де іздеп тауып, өлтіруге әмір етеді. Барактың адамдары ханды қуып жетіп, қоршап алады, бір қазақ оны найзамен түйреп жарақаттайды, хан да қарап қалмай, садақ тартады, біреудің қолын жаралайды, екіншісінің атын оққа ұшырады, бірақ арт жағынан жетіп үлгірген бір қазақ басына балтамен ұрып қалады, хан бұдан кейін қайрат көрсете алмайды. Оған қоса ұлы мәртебелі император ханымға ант берген Барак сұлтанның адамы Сырымбет ханды ат үстінде ұстап тұрып: “Маған істемегенің қалмап еді, малғұн, таныдың ба, мен Сырымбетпін” деп айғайлап келіп, аттан аударып алады, өзі де бірге құлайды. Сол сәтте шауып келген Барак сұлтан атынан түсе қалып, ханға пышақ салады” (94, 122—123; 89, 165—167; 137, 8—15).

Оренбург әкімшілігінің жұмсауымен нақ осындай өкілеттілікпен 1748 жылы 29 тамызда тілмаш, татар Я. Гуляевпен бірге Кіші жүзге барған татар молласы Смайыл Әбдіразақовтың сол жылдың 20-шы қарашадағы анықтамасында Әбілқайырдың қазасы жөнінде қазақтардан мынадай әңгіме естігені жазылған:

“... Барак сұлтан Орта жүз найман руындағы Өтебайға, Шорақ биге, Қабанбай батырға және Қаракесек биі Қазыбекке үш кісі жіберіп, “мен Әбілқайыр ханды өлтірдім, енді мені хан ретінде қабылдандар”, депті.

Бірақ, қазақтар оған: ханды өлтірген кісі бізге хан бола алмайды; өйткені Әбілқайыр хан бізге керек еді. Ал, Барак бізге Әбілқайыр ханнан артық пайда өкеле алмайды. Әбілқайыр хан барша қазақтың

ның кикіжіңнен туған душпандыққа итере салғанды қолайлы көретін секілді. — дейді халық жазушысы Ә.Кекілібайұлы (47, 94).

Не де болса, істің бұлай аяқталғанына Оренбург әкімшілігінің басшысы И.И.Неплюев қуанбаса, ренжімегені мәлім. Ежелден бақталас екі әулеттің осылай бір-бірінің басын жұтқаны керек еді. Оған бұдан туатын дұрдараздықтың енді бітіспестей болып ушыққаны керек болды. Өйткені, оған қазақтың біртұтас, аузы бір мемлекеттілігі емес, қазақтардың азып-тозғаны керек еді. Оған қазақтың бас тағына ұмтылған Әбілқайыр да, ешкіммен ештеңе бөліскісі келмей, бүгін билікті қолдарына қайта алғысы келіп аңсап жүрген Жәдік әулеті де керек емес еді. Бұлардың қайсысы да билікті бір қолға топтастырып, күшті хандық билік құрмақшы еді. Ол Ресейдің ұстанған саясатына сәйкес келмейтін-ді. Сондықтан, Әбілқайыр түсетін отқа Жәдік тұқымының да ең азулыларының өртенгенін қалады. Осыдан да, Барақты Әбілқайырға айдап салды, отқа май тамызып, өршітіп отырды. Алайда, Қазақ мемлекетінің бір күнде, бір әрекеттен құри қоймайтынын да патша жандайшаптары естен шығарған жоқ. Оқиғаның ендігі барысының тізгінін И.И.Неплюев өз қолынан шығарып алмауға тырысып бақты. Біреулері ойда жоқта кара жамылып, қазаға ұшырап, біреулері ойда жоқта қолдарын қанға малып, халық алдында күнәһарлыққа ұшырап, екі әулеттің екеуі де көздері жауандап, Орынбор әкімшілігіне қарай берді. Бір-бірінің өнештеріне жармасқан сұлтандардың жағымсыз қылықтары И.И.Неплюевке “дала істеріне” батылырақ араласуға мүмкіндік берді. Әбілқайыр ханның кейінгі кезде көңілі ауып жүрген оңтүстік пен батыстағы мұсылман елдеріне, ал Барақпен көпке дейін ауыз жаласып келген шығыстағы Жоңғар көршілеріне арқа сүйеп, Ресейден біртіндеп алыстай бермек жоспарларының, уақытша болса да, жолына күм құйылғаны байқалды.

Патша үкіметіне өзіндік пікірі мен саясаты бар Әбілқайыр сияқты айбарлы хан отарлау саясатын батыл жүргізуде басты кедергіге айналғаны әлгіде айтылды. Губернатор мырза татар, қалмақ, башқұрттарды басқару жүйесі қазақтар үшін де жарамды деген қорытындыға келгенмен, ол Әбілқайыр ұстанған тәуелсіздік саясатында қарсылыққа ұшырағаны, сондықтан Барақтың ханға деген өшпенділігін пайдалануды көздеген еді. Ресей деректерінде И.И.Неплюевтің Барақты айдап салғаны туралы нақтылы мәліметтің жоқтығына қарамастан, Кіші жүз бен Орта жүздегі ахуалға жетік құпия кеңесші хан мен сұлтан арасындағы келіспестікті шебер пайдаланған деп пайымдауға болады.



Хиуа камалының ерте кездегі көрінісі.
Фотосурет Ренато Саланікі. 2000 ж.

Бұл оқиғаны сол кездегі Ресейдің зерттеушілері де, кенестік тарихшылар да сан мәрте таразыға салып, зерделеді. Алайда, қортындысы біреу — қазақ арасындағы карақалпақ жұртына талас және Бараққа Хиуадан жіберілген үш түйе жүктің тоналуы. Белгілі Әбілқайыртанушылар — М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев, И.В.Ерофеева, Ә.Мұқтар, К.Есмағамбетов, С.Өтенияз, С.Мәшімбаев, М.Есламғалиұлы, Ұ.Ахметова және басқалары бұған ден қояды. Санкт-Петербург, Москва, Оренбург және Қазақстандағы мұрағат құжаттары да осыны дәлелдейді. Өлтіруші Барақ дедік, жә, солай-ақ болсын. Сонда оны халық құрметіне бөленген, мемлекет қайраткері ретінде танымал жазықсыз ханның қанын мойнына жүктеуге итермелеген кімдер? Бұны белгілі тарихшылар да, мемлекеттік тұлғалар да оған негізгі себепті-хандық таққа таласушы екі әулеттің басараздығынан туындаған, күнәкері Барақ сұлтан деп пайымдайды. Осы арқылы бір атадан, яғни өз-Жәнібек ханнан тараған Жәдік пен Өсеке ұрпақтарын бір-бірімен айкастырады (45, 103). Кейбір зерттеушілер өзге пікір де айтып қалады. Мәселен, И.Г.Георги бұл қанды оқиғаны қазақ жүздері арасындағы дау-дамайдың нәтижесі дейді (106, 118). Бұндай саясаттың астары қазақ жұртын жік-жікке бөле отырып, “бөліп алда, билей

бер” деген кереғар қағиданы жақтау екені түсінікті. Бақтаастықтың болғандығын жоққа шығармасак та, Оренбург әкімшілігіне қазақтың сайын даласын отарлау саясатының жүзеге асуына басты кедергі болған Әбілқайыр ханды өлтіруге И.И.Неплюевтің де мүдделі болғанын айтқан жөн. “Оренбург губернаторының Әбілқайыр хан өліміне көмек көрсеткеніне толық негіз бар”, — деген академик М.Қозыбаевтың тұжырымдамасы бірсыпыра тарихи шындықты ашып бергендей (163, 108). Бұған қосарымыз, И.И.Неплюев Әбілқайыр ханның өлімінен кейін Кіші жүзді өз саясатына ыңғайлап, ал жаңа сайланған қазақ ханын қол шокпарына айналдыруға жанын салды (45, 103).

Енді бір сөт кідіріп, Әбілқайырдың қаза тапқан күнін анықтауға тоқталайық. Оренбург губерниясы әкімшілігіне М.Тевкелевтің күнделігі бойынша Әбілқайырдың өлімі туралы хабар 1748 жылдың 24-ші тамызында (141, 279—289), В.А.Моисеевтің жазуынша, 20-шы тамызда (52, 189), Ж.Қасымбаевтың айтуынша, 26-шы тамызда (110, 87) түскен.

Ханның қазасы туралы алғашқы мәліметті Оренбург губерниясының әкімшілігіне жеткізген ханның сенімді сарбаздарының бірі Итжемес еді. Ол ел ақсақалдарының атынан Ор өзенінің Елаңғыборлі сағасында отырған М.Тевкелевке 24 тамызда екі хат жеткізеді. Оның біреуі Оренбург губернаторы И. И.Неплюевке, ал екіншісі — М.Тевкелевке арналып жазылған. Хаттардың мазмұны Әбілқайырдың өлер алдындағы өсиеті іспеттес, бірақ деректер бойынша, бұл ханның өлімінен кейін 9 күн өткенде жазылған тәрізді (118, 279).

Ал Оренбург әкімшілігінің қызметкері Я.Гуляевтің анықтамасында, Өлкеаяқ “Ор бекінісіне 9 күндік жер” және Әбілқайырдың М.Тевкелевпен келіссөздерін аяқтап, тамыздың бірі күні ордасына қайтқанын қаперімізге алсақ, ендеше, хан Барак сұлтанмен тамыздың 8—9 күндері Торғай мен Өлкеаяқ өзендері құйылысында жолығысқан деп айтуға негіз бар. Олай болса, Әбілқайырдың қаза тапқан күнін 9 тамыз деп шамалауға болады. М.Тевкелев пен Қазақстан тарихшысы И.В.Ерофееваның деректеріне сүйеніп, хатты ханның өлімінен тоғыз күн кейін, яғни 16—17 тамызда жазылды десек, және Итжеместің М.Тевкелевке 8 күн жүріп келгенін ескерсек, елшінің күнделігінде жазылған 24-ші тамыз дөп келеді (118, 279—280). Сонымен, біздің ойымызша, Әбілқайыр хан 1748 жылы тамыздың 8—9 күндері өлтірілген.

Бізге жеткен дерекнамалардан Әбілқайыр ханның өліміне Барактың тікелей қатысы бар екені және зерттеушілердің басым көпшілігі жоғарыда келтірілген дәлелдерге сүйеніп бұл қанды оқиға такка

таластан болды деген пікірді қолдайды және ол көңілге снырлық. Кейбір шығармаларда кездесіп қалатын: “Әбілқайыр өлімі ешқандай саяси мақсатты көздеуден болмаған. Кіші жүз сұлтандарының өзара кектесуі осындай қантөгіске әкелген” (164, 5; 161, 18), — деуі Кіші жүз тайпалары арасына жік тастау, шындықты бұрмалау дегенге саяды. Тарихнамадағы деректерден байқалатыны қазақ жүздері ешқашан өзара таласқан да, тартысқан да емес. Оған дәлел нақ осы Әбілқайыр қазасы. Қазақтың игі жақсылары, сын сағатта, ханды өлтірген Барақ сұлтанды жауапқа тартуға бір ауыздан шешім қабылдағаны барша дереккөздерде кездеседі.

Қанды оқиғадан кейін қазақ даласындағы саяси жағдайды қолынан шығарып алмауға тер төккен И.И.Неплюев ханның жесірі Бопай ханымға және балаларына хат жазып, күн өткізбей тәжірибелі христиан дінін қабылдаған тілмаш Жұмағұл Гуляевті, Сақмар аулының ел ағасы Көбекті және татар молласы Смаил Әбдіразақовты жұмсайды да, ал оларға білдірмей Барақ сұлтанға да башқұрт даласы, Ямышевский қорғаны, Орта жүз арқылы М.Араповты аттандырады. Тіпті М.Араповқа мынадай өтірік айтуға нұсқау береді: “Мен Орынбордан 1 тамызда шығып, Әбілқайыр хан өлімін жолда естідім. Жалпы менің білетінім — құпия кеңесші (И.И.Неплюевті айтып отыр — А.Қ.) сенің қызметіне риза, ал Әбілқайыр ханға өкпелі” (89, 176—182). Губернатордың бұлай көлгірсуі М.Арапов арқылы шекаралық әкімшіліктің басшысы Бараққа деген ниетінің дұрыстығын білдіреді.

Осы орайда, И. И.Неплюевтің Сыртқы істер Алқасына 1748 жылғы 26-шы тамызда және 3-ші қыркүйектегі Әбілқайыр ханның өліміне байланысты жолдаған мәліметтері де көңіл аударарлық. Мәселен, губернатор онда былай дейді:

“... Әбілқайыр хан қазақтың Кіші жүзінде қандай бүлдіру әрекеттерін жасағанын, тіпті Кіші жүзден тысқары жерде де, әсіресе Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанға да қысымды күннен-күнге күшейтіп келе жатқаны Сыртқы істер Алқасына бұрыннан мәлім болатын.

Әбілқайыр Әбілмәмбет ханға қысым жасап, ақыры оған Орта жүзді тастап, Түркістанға көшіп кетуге мәжбүр етті. Ал, Бараққа істегені асқынып кеткені сонша, Барақтың бізге жіберген сауда керуені Әбілқайыр ұлысында тоналып отырды. Әбілқайыр хан патша жарлығына мойынсұнып отырса да, көбінесе уағда ғана беріп, артынан орындамай келген еді.

Тұтқындағы орыстарды жинап, бар мүлкімен маған алып келуге, бұдан былай Ресей жағына қастық жасамауға уағда берді.... осының бәрін орындамады....” деп бір қояды (89, 176 — 177).

Әрі қарай И.Неплюев: “Ол ол ма, Әбілқайырдың иелігіндегі Кіші жүзден Ресей жағына одан да сорақы қастықтар болды. Атап айтқанда: Осы тамыз айының басында қазақ ұрыларының бір тобы Жайық өзенінің жоғарғы Жайық дистанциясы тұсынан өтіп, башқұрттардың он алты жылқысын айдап әкетті. 15 тамыз күні Жайық өзенінің төменгі ағысындағы Елек бекінісі тұсында тағы да қазақтар күзеттегі әскерге шабуыл жасап, төрт жылқыны өлтірген. Бұдан кейін, 17-сі күні жиырма қазақ сондағы тұрғындардың біреуін тартып алып кеткен, бір атты өлтірген де, далаға қашып кеткен....”, — деп байтақ далада күнде кездесетін барымталықты ханның басына үйіп-төгеді (89, 177). Одан әрі әкімшіліктің басшысы:

“Қазақ арасында бұрыннан зор арандатушы болып келген Әбілқайырдың өліміне байланысты оның елінде үлкен талас-тартыс болып кетуі ғажап емес”. — деп көлгірсіді (89, 179).

Өздерінің сүйікті ханы Әбілқайырдың өлтірілуіне байланысты халықтың ашынғанын Неплюев былай суреттейді:

“Шекті руынан көп кісі жиналып, Батыр сұлтанды өлтірмекке аттанады. Өйткені, жанжалдың бір ұшығы Батыр сұлтанда жатыр. Батырдың ұлы Қайып парсы шахының қамқорлығында, сол парсы шахының күшімен Хиуаға хан болып отыр. Қайып Барақ сұлтанның қызын алған күйеу баласы” (89, 178). Әрі қарай жоғарыға Губернатор мынаны мәлім еткен:

“.... хабарды әкелген Әбілқайырдың адамы Итжестің айтуынша: “Әбілқайырдың ұлдары басын қосса, қырғын қантөгіс болады” (89, 178).

“Оның (Әбілқайырдың — А.Қ.) ұлдары хандыққа таласып, Кіші жүздегі билікті басып алуға ұмтылуы әбден мүмкін, әлбетте, олар өзара қырқысып, қаншасы өлсе де, патша ағзамның мүддесіне келіп-кетер ештеңе жоқ, тек осындай жағдайды пайдаланып қалуымыз керек деп есептеймін”, — деген И.И.Неплюевтің сөзі, оның арамза пиғылын білдірсе керек (89, 179).

Бұдан кейін губернатор мырза Сыртқы істер Алқасына мынаны ескертеді: “Мемлекеттік Алқаға қазақ арасында хандардың билігі қаншалықты осал екендігі мәлім. Олар өздері қанша күпінгенімен, басқа сұлтандардың алдында дәрменсіз, халықтың жағдайына қарай хандардың билігі күшеюі қиын болмақ түгілі, тіпті мүмкін де емес. Үнемі арандату, алауыздықтың арқасында әскери күші жағы-

нан біреуінен біреуі асын кетсе ғана хандық дәрежені иеленеді” (89, 179).

Одан әрі, “мысалы, Әбілқайыр хан да бір кезде күшті жауынгер болып, әскер бастап, хандықты өз қолына алған болатын. Әдетте, оларды хандыққа ежелгі хандық және сұлтандық тегі бойынша халық сайлайды, мұрагерлік жолымен хан болмайды. Ел ағалары мен халық қай сұлтанды сайлап алса, сол хан болады. Ал, олардың билік күші хандығына байланысты емес, халық шаруасын шешудегі ақылына және іс-қимылына, жеке басының жігеріне байланысты болады”, — деп И.И.Неплюев амалсыздан Әбілқайырдың халық арасындағы беделін мойындайды (89, 179).

Мәлімдемесінде И.И.Неплюев Бараққа қатысты мәселелерді де империя басшылығының назарына салып, ол туралы: “... Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ сұлтанға келетін болсам,— дейді И.И.Неплюев,— ол жөнінде де Мемлекеттік Алқаға бұрын хабарлағанмын. Барақ сұлтан Орта Жүздегі ең қуатты, халқы көп Найман руының билеушісі, бүкіл Орта жүз сияқты Сібірге қарай көшіп жүреді. Оған қоса, ол өзін бүкіл қазақ билеушілерінің арасында жаратылысы артық санайды, соның ішінде Әбілқайыр хан мен оның балалары алдында да аса әлуетті. Сондықтан, Әбілқайыр ханның балалары әкесінің өлімі үшін одан ашықтан-ашық кек алуы неғайбыл, қандай да бір жасырын жолмен болмаса.

Мен, өз тарапымнан Үй әскер шебі арқылы Барақ сұлтанға арнайы хатпен кісі жібермекпін. Хатта хан мен екеуінің арасында не болғаны жөнінде бір сөз де жазбаймын, ештеңе білмеген адамша, оның жақсы-жайлы тыныш жүріп жатқанын мақтап қана қоямын, шынында бізге ол өзі солай екені рас. Содан кейін біздің жаққа Азия саудагерлерін бастап әкелуі жөнінде ұсыныс білдіремін...” — деген И.И.Неплюевтің сөзінен Барақ сұлтанды өз жағына икемдеу ниеті көрініп-ақ тұр (89, 182).

Ал енді Неплюев сол жылдың 3-ші қыркүйектегі мәлімдемесінде М.Тевкелевтің қазақтарға бір бас хан сайлау арқылы елді тәртіпке шақырмақ ойына қарсы өз пікірін білдіреді. Қазақтарға бір хан сайлаудың қажеті жоқ деп санайды. Бір ханды басқалардан үстем қою қазақ арасының тыныштығын азайтпаса, көбейтпейді деп сарнайды. Сондықтан да, бір-бірімен тайталас Әбілқайыр мен Барақ әулетінің билігін бірдей сақтау керек деп ұсынады. Барақты ұлы император ағзамның мейірімінен құр қалдырмауды жақтаған (89, 182—194; 47, 96). Жоғарыда айтқанымыздай, И.И.Неплюевтің шекарадан алыстап шығынып кеткен Барақтың соңынан оның ескі танысы, патша



Арыстан-баб қорымы. Өзбекәлі Жәнібековтың (1931—1998 жж.) кесенесі. Түркістан шаһары. Фотосурет автордікі. 2007 ж.

үкіметінің жалдамалы жансызы М.Араповты жұмсап, өзінің “Барақтың қылығына риза”, ал ханнын істеріне ренжулі (89, 182), екендігін сездіруі және алдаркатпа сөздермен көңілін аулауы, Елизавета Петровна ағзамның көңілін құлазытып, бұл үшін губернаторға: “алдағы кезде мұндай істе мейлінше абай болу керек” (54, 446), — деп ескертпе жасауы да көп нәрсені аңғартқандай. Қазақ даласындағы саяси күштердің ара салмағын сол итжығыс қалпында сақтап қалу үшін 1748 жылдың күзінде Әбілқайырдың өліміне байланысты шыққан күрделі мәселелерді ұзаққа апармай, ұясында тұншықтыру міндеті тұрды. Әйтпесе, бұл оқиғадан едәуір абыржып қалған қазақ қауымы қайтадан есін жинап, ханның өлерінде қатты шайқалтып кеткен қазақ-орыс қатынастарының қайта қаралуына мүдделі жаңа қайраткерлердің пайда болуы мүмкін еді. Осыны ескерген И.И.Неплюев ол кезде қазақ қауымының басым көпшілігі жан ашырлық танытып отырған “қайғылы әулеттін” бір ұлын Әбілқайыр тағына отырғызуға дайын екенін байқатты. Ханның жесірі Бопай ханым да, ең жақын досы Жәнібек тархан да, беделді билер де үлкен ұлы Нұралыны таққа ыңғайлы корді. Оренбург әкімшілігі бұған түсіністікпен қарады. Осындай жағдайда, Аңырақай соғысында ханның оң қолы болып,

ел арасында елдеуір бедел жиып үлгерген інісі Бұлғайыр сұлтанның да, патша сарайында аманатта болып, артынан Орта жүздегі керейлердің ұлысбегі сайланған, Орта жүз бен Кіші жүзге де, орыстарға да танымал Ералының да, көптен тайталастықты үдетіп жүрген күйеу баласы Батырдың да, баққұмарлығымен көзге түсе бастаған немере інісі Досалының да аттары аталып калуы әбден мүмкін еді. Мұнымен қатар қазірдің өзінде ержүректігімен, батырлығымен, ымырасыз тура мінезімен көзге түсе бастаған Айшуақ сұлтанның да әлгіндей бос тұрған хан тағынан дәмесін үзе қоюы да екі талай-ды. Бұл, тек Кіші жүздегі ғана емес, күллі қазақ даласындағы саяси ахуалды шиеленістіруге, әсіресе, орыс-қазақ қатынастарын күтпеген жағдайларға әкелуі ғажап емес еді. Алайда, Алла Тағаланың рақымымен, жаппай қара жамылып отырған Өсеке ұрпақтары ондай ұрда-жық мінезге бара қоймады. Батыр баяғы өзінің қыңырлығына басып, Шөмекей мен Шектінің бір бөлігінің және Төртқара билерінің ақ киізге көтеріп хан сайлағанына мәз болды. Қара халықтың басым көпшілігі Нұралының хандығына ыңғай танытты (47, 97). Оренбург әкімшілігінде аманатта жүрген Айшуаққа ешкім әкесінің қазасын естіртуге құлықты бола қоймады. Тархан Жәнібек пен марқұм әкесі қолды-аяқты баладай қай жаққа да жұмсай беретін төлеңгіт Бәйбек батыр әбден оқиға көнергеннен кейін, әдейі іздеп барып, жай-жапсарды айызын қандыра баяндалды. Сөйтсе, губернатор Айшуақтың өжет мінезін, тынышсыз әрекеттерге оңтай тұратынын байқап, бригадир М. Тевкелевпен ақылдасып, Бараққа ызаланғандықтан өзіне не басқа біреулерге зақым келтіріп, әлдеқандай төтен қимылға барып жүрмесін деп, оған хабар айтуды кейінге қалдырған екен (63, 96). Ол тіпті, ағасы Нұралының хандық таққа отыру салтанатына да шақырылмапты. Айшуақ сұлтан, осының бәрін кеш естісе де, реніш байқата қоймай, ақылды тентек екенін көрсете білді.

1749 жылы патша ағзамда аманатта жүрген Айшуақ сұлтан орнына кіші інісі Әділді қалдырып, өзі елге қайтып келді, ондағы мақсаты әкесін өлтірген Барақтан кек алу еді. Бірақ жастары үлкен Нұралы мен Ералының айтқандарынан шықпады. Ол үшеуі бір болса, қалған әулет олардың алдын кеспейтін. Әкелері Әбілқайыр данышпан халықтың біртұтастығын көре алмай арманда кеткен-ді. Марқұмдардың тірісінде ұстанған мақсаттары өздерімен бірге көрге көмілетін болса, адамзат онда Алла Тағаладан баланы не үшін тілейді? Әбілқайырдың естияр ұлдарының ойлағаны әкесінің арманын жүзеге асыру еді. Сондықтан да, Нұралы Орта жүз бен Кіші жүздің бір топ рубасыларына Елизавета патшаға 1748 жылғы 5 қазанда арнайы

хат жаздырып, өзін Орта жүз бен Кіші жүздің ортақ ханы етіп бекітуді сұрайды.

Бұл өтініштің қазақ тарихнамасына құндылығын ескеріп, хаттың мәтінін өзгеріссіз күйінде берейік:

- “Күн сәулелі, ай келбетті, аса ұлы әм аса мейірімді, мәртебелі император Елизавета Петровна ханым, тағысын тағылар, тағысын тағылар!

Кіші жүз ордасының қырғыз-қайсағы Әбілқайырханов Нұралы сұлтан Сізге дұғай сәлем жолдай отырып, мыналарды хабарлайды:

1. Ұлы Мәртебелі император ханым, Сіздің назарыңызға әкем Әбілқайыр ханның бұл дүниеден көшкендігін, оның орнына өзіңізге мәңгі берілген Орта жүз және Кіші жүз халықтары бірлесе отырып, мені хан сайлағанын хабарлаймын.

2. Алайда, өз халқым мені хан сайлағанымен, Ұлы Мәртебелі патшам, Сіздің жарлығыңызсыз мен ондай биік таққа отыра алмаймын. Сондықтан Сіздің Ұлы Мәртебелі императорлық құзырыңыздан мені әкемнің орнынан хан етіп тағайындауыңызды және осы хандықты алтын мөрлі грамотаңызбен марапаттауыңызды сұраймын.

Аса мейірімді патша ханым, менің осы ақ пейіліммен сұраған өтінішіме өзіңіздің қолдарыңызды қоюыңызды сұраймын.

1748 жылдың 5-ші қазаны.

Әбілқайырханов Нұралы сұлтанның өтінішіне мөрімді бастым”.

Аударған тілмаш **Яков Гуляев.**

АВПР, ф. 122. 1748 ж., д.8, лл. 14, об. 15 (94, 120—121).

Осы арада Орта жүз және Кіші жүз қазақтарының билері мен батырларының Нұралы сұлтанды хан етіп тағайындау туралы олардың Елизавета ханымға жолдаған хатын да беруді жөн көрдік. Оның түп-нұсқада мазмұны былай жазылған:

“Біз, төменде қол қойған Орта жүз және Кіші жүз қазақтарының билері, батырлары, әрі өз құзырыңыздағы халықтың барша зиялылары, мынаны мәлімдейміз:

1. Сіздің мәртебелі құзырыңызға шын берілген Әбілқайыр хан бұл өмірден өтті, оның орнына біз мұрагерлік жолымен оның өз ұлы Нұралы сұлтанды хан сайладық.

2. Біз ата салты бойынша Нұралы сұлтанды хан сайлағанымызбен, Сіздің Ұлы Мәртебелі патшалық жарлығыңызсыз хан тағына отырғыза алмаймыз. Сондықтан, Сіздің императорлық ұлы

мәртебеңізден Нұралы сұлтанды әкесі Әбілқайыр ханның орнына бас хан етіп тағайындау туралы жарлық шығаруыңызды және өзіңіздің императорлық алтын мөріңіз басылған грамотамен марапаттауыңызды адал берілгендікпен сұраймыз.

Аса аяулы ханым, біздің осы шынайы адал тілегімізге ұлы мәртебелі императорлық қарарыңызды қоюыңызды өтінеміз.

1748 жылдың 5-ші қазаны.

Осы өтінішке Орта жүздің Шақшақ Жәнібек тарханы өз мөрін басты. Орта жүздің Керей руынан Наурыз би өз таңбасын басты.

Шақшақ руының Қойсары биі өз таңбасын басты.

Осы рудың Жәлменбет биі өз таңбасын басты.

Осы рудың Құдайшүкір батыры өз таңбасын басты.

Кіші жүз Шөмекей руының Қыдай биі, Мәмет аталығы, Жайылған биі өз таңбаларын басты.

Қаракесек руының Қожанай биі өз таңбасын басты.

Шекті руының Бапы биі өз таңбасын басты.

Осы рудың Бақтыбай биі, Мөңке биі, Айдаралы биі, Есенбай биі, Мойнақ биі, Мәметек биі өз таңбаларын басты.

Осы Шекті руының Бәйімбет батыры өз таңбасын басты.

Төртқара руының Құдайназар биі, Дәулет биі, Апақ биі, Болат биі, Тілеуімбет биі өз таңбаларын басты.

Байұлы Алаша руының Байсал биі, Бәйтерек аталығы өз таңбаларын басты.

Қитжан аталығынан Алтай би, Қағұлық би, Жұлдыз батыр, Бестібай би, Тұнша батыр, Өмірзақ би, Кенжалы би, Қаратай би, Жәнібек би өз таңбаларын басты”.

Аударған тілмаш **Яков Гуляев.**

АВПФ, ф. 122, 1748 ж., д.8, лл. 15, об. 16 (165, 15—16; 94, 121—122).

Бұл өтініштерден түсінгеніміз, қазақтың игі жақсылары патша ағзамға Әбілқайырұлы Нұралы сұлтанды хан сайлағанын хабарлап, Орта жүздің Шақшақ Жәнібек бастаған Керей руынан Наурыз би; Шақшақ руынан Қойсары мен Жәлменбет би, Құдайшүкір батыр, яғни бес адам және Кіші жүздің 28 биі мен батыры, барлығы 33 адам қол қойып, оны Орта жүз бен Кіші жүзге бас хан етіп тағайындауды сұраған еді (165, 14—16; 94, 120—122; 47, 97).

Ұлы Мәртебелі императрица Елизавета Петровнаың 1749 жылғы 2 мамырдағы N151 Жоғарғы мәртебелі Жарлығымен Нұралы сұлтанды қазақ ханы етіп бекітеді. Жарлықтың қазақша мәтінінен үзінді келтіре кетейік:

“Нұралы сұлтан хандыққа сайланғаннан кейін, бригадир И.Тевкелев Нұралыны Кіші жүз бен Орта жүздің ханы етін бекіту туралы ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныс қабылданды, өйткені Орта жүз 1740 жылдан бері Ресей қарауында деп есептелгенімен, аманатты жоңғар ханына беріп отыр. Сондай-ақ Нұралыны өкпелетіп алмас үшін бір ғана Кіші жүздің ханы деп те бекітпей қоя тұру ұйғарылды. Сондықтан, Нұралы қазақтың ханы болып бекітілді, соңғы грамоталарда Әбілқайыр ханға да осылай жазылған болатын.

Мұны жүзеге асыру үшін Орынбор губернаторына Нұралы ханға лавр жапырақтары, алтын және бояумен әшекейленген патент беріп, одан ант алу, сыйлық ретінде жіберілген бұлғын терісінен тігілген зерлі тонды, жазуы бар қынымен қылышты және қара түлкі тымақты кигізіп, бұл күні халықты сыйлау үшін бірнеше бұқа мен койларды сойып, ыстық шарап, сыра және бал болу тапсырылды.

Осы жарлықта Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханды өлтіргеннен кейін өлген хан ұлдарының кек алуынан қорқып, өзінің күші аз екенін біліп, 3000 түтін халқын ертіп, жоңғар шекарасына көшіп барып, жоңғар билушісінен қамқорлығына алуды өтінгені айтылады. Барақ біржолата жоңғарларға сатылып, Кіші орданы ойсыратып кетпес үшін, Орынбор губернаторы Бараққа шапқыншы жіберіп, Жоғары мәртебелінің шапағаты мен өзінің сыйластығы бұрынғыша екендігін жеткізеді. Губернатор И.И.Неплюевтің мұндай әрекеті онша құптала қойған жоқ, өйткені Барақ бұрын сенімді деп есептеліп келсе де, жоңғарларға бір бүйрегі бұрып тұратын-ды. Оның үстіне қырғыз ұзынқұлағы арқылы Бараққа шапқыншы жіберілгенін Нұралы хан біліп қалса, қапа болуы мүмкін. Сондықтан бұдан былай мұндай жағдайда өте сақтықпен қимылдап, жаңа тағайындалған ханды алдап-сулап бауырға тарту керек” (90, 402; 89, 194—195).

Бұндай айла-тәсілдің қолданылуын А.И.Левшин хан сайлауына Орта жүзден бірер ғана кісі қатысқандықтан, олар көбіне-көп орыстарға емес, жоңғарларға аманат беріп тұрғандықтан Нұралыны ортақ хан деп жариялау ретсіз болады деп тауып, екінші жағынан жаңа ханды да ренжіткілері келмегендіктен әлгіндей шешім қабылдаған деп түсіндіреді (35, 216—217; 166, 239—240). Біздің ойымызша, патша сарайының бұндай құлығына бөтен нәрсе әсер еткен секілді. Ол кезде Орта жүздің жоңғармен аралас-құраластығы үдеп, белгілі би, сұлтандардың ұлдары оларға аманатқа беріліп отырған-ды. Ал, жоңғарлар болса Қытай шапқыншылығына жиі ұшырап отырған еді.Ендеше, Орта жүзге Қытайдың да назары ауып отырса керек.


Егер де жоңғарлар жеңілгендей жағдай туа қалса, жеңімпаз қытайлар Орта жүзге де қол салып, оның бір сұлтанын бүкіл қазақтың ханы деп жариялай салуы да мүмкін-ау. Ондай қауіптен Ресей жағы да қамсыз қалмау үшін Нұралының қай жүздің ханы екенін тәптіштеп жатпай, “Қазақ ханы” деп әдейі айламен жазған сыңайлы.

Арада көп уақыт өтпей Нұралы тек атақ емес, ханға тиісті билік те керек екендігін түсіне бастады. Ол ең алдымен, өлген әкесінің атын мәңгі сақтауға байланысты және Барақтан кегін қайтаруды сөз қылды. Барақтан ош алу үшін патшадан қарулы жасақ сұрады. Егер қолына патша үкіметінің әскері тие қойса, тек Барақтың ғана емес, әкесіне күн бермегендер мен өзінің де жолына кесе көлденең тұрам дегендердің бәрінің де басына әңгір таяқ ойнатқысы келді. Сөйтіп қана, Орта жүз бен Кіші жүздің тізгінін өз қолында ұстамақшы еді. Оның үстіне, жаңдайшаптың бірі Я.Гуляев Бопай ханым мен оның ұлдарының Әбілқайыр ханның қанын аркалаған Барак, Батыр, Қайыптардың көздерін құртып, Нұралыны қазақтарға бас хан етіп, оған Кіші жүзді, Ералыға Орта жүзді, Қожахметке Хиуаны билетуді көксейтіндерін айтып келген-ді (54, 423; 89, 168; 94, 124).

Бұл Оренбург әкімшілігіндегі ұлықтарды ойландыртып тастаса керек. Олардың кейбіреуінің: “Егер өзара тайталас кезінде өз бәсеке-лесінің арғы ойларын біржолата түншықтырғысы келген Барак Әбілқайырды өлтірмегенде, Неплюев онымен әлі де ұзақ арпалысар ма еді, кім біледі?” — деуі тым асығыс айтылған әңгіме іспетті (167, 157).

1749 жылғы шілдеде Нұралы Ресей патшасы бекіткен хандық тәжді алып, сый-сияпатын қабылдап, Оренбург әкімшілігінен оралған бетте әкесі Әбілқайырдың уәде еткен қызы Зылиханы айттыруға Сыбан Доржыдан елшілік келеді. Жаңа күйеу қалың малдың орнына Түркістанды қайын жұртына қайтарып бермекші. Кіші жүздің сұлтандары мен ел ақсақалдары қонтайшының сұрағанын беруге, сөйтіп, оның көмегіне сүйеніп, Барақты шауып, Әбілқайырдың кегін алуға кеңес береді (47, 98; 166, 240—241). Бұны біліп қойған патша әкімшілігі Нұралының қалмақтармен жақындасуына жол бермеуге тырысты. Жаңа ханды райдан қайтарудың неше қилы амал-айласы қарастырылды. Абырой болғанда, 1750 жылы Зылиха кенеттен дүние салып, бұл мәселе өзінен-өзі шешіле қойды.

Оның қарымына, Батыр сұлтан шатақ мінез көрсетті. Өзінің де халық сайлаған хан екендігін көлденең тартып, патша үкіметінен ұлағаттауды талап етті. Онымен қоймай, Ресей мен Хиуа, Бұқар арасындағы сауда-саттық керуендерінің жол бастаушылығын жүктеуді



Мейірімқан Аманбайұлының (1965–2001) кесенесі.
Ақтөбе қаласы. Фотосурет автордікі. 2001 ж.

сұрады. Хиуа да такта отырған Қайып та барша керуеннің бұйдасын әкесі Батырға ұстатқысы келді (35, 222).

Бұның өзі Нұралының қолындағы онсыз да азғантай билікті бөлшектеудің сәті түсті деген сөз еді. Онсыз да ұрынарға қара таппай отырған Хиуа ханының шамына тигісі келгендей, 1750 жылдың 13 ақпанында Айшуақ сұлтан мен Өтетілеу тархан, Жәнібек тархан бастаған үш мың жасак Сырдарияның арғы бетіндегі аралдықтар мен қарақалпақтарды шауып, мол олжаға кенеледі. Оған ашу-ызасы қайнаған Хиуа ханы (аралдықтар Хиуа ханының қол астында еді) Нұралы ханнан Хиуаға айырбас сауда керуенін бастап бара жатқан Нұралының нағашысы, Адай руының батыры Мырзатайға шабуыл жасайды. Сатуға алып бара жатқан малы мен дүние-мүлкін тонап, бес адамын табан астында өлтіріп, қалғандарын ас-сусыз қаңғыртып, далаға тастап кетеді. Бұл хабар жетісімен қасына жүз отыз кісі ертіп Ералы сұлтан атқа отырады. Алайда оның әскерінің саны аз болғандықтан, олжа алып қайтпақ түгілі, өзі тұтқындалып, жасақтары қырғынға ұшырайды. Осы қырғында Бактыбай билің ұлы Асан да қаза

табады. Енді інісін құтқарып алуға Нұралы хан жорыққа камданады. Бұны естіп, есі шыққан аралдықтар Ералы сұлтанدى босатып, айыбына тон-шапан кигізеді және өздеріне хан сайлауға уәде береді. Бірақ Ералы олардың ұсынысын қабылдамай, еліне қайтуды мақұл көрді (166, 241; 162, 132—134; 137, 95—96).

Нұралы хан 1752 жылы Оренбург әкімшілігіне барып, Ресейдің Хиуа, Бұқар, Ташкент, Үндістанмен саудасын жүйеге түсіру мақсатында Сырдарияның төменгі сағасынан қала салып беруді ұсынады. Бір кездегі әкесінің өтініші сияқты бұл да топыраққа сіңген судай батып кетеді. Хиуадағы Қайып хан, расында да, енді бұның ұлысына Ресей керуендерін жолатпауға кіріседі. Оған ерегіскен Нұралы 1753 жылы Сағыз бойында Хиуаға бара жатқан керуенді жасақтарына тонаттырды. Бұған Қайыптың да жауабы дайын еді. Ол Хиуадан аттанғалы жатқан патша ағзамның керуенін жібермей бір жыл бойы тұтқында ұстады. Хиуа ханына бұрыннан қарсы Ералы сұлтан Оренбург басшыларына егер алда-жалда қолға түсіп қалғандай болса, тұтқыннан босатып алуға Ресей кепілдік берсе, онда Хиуаны шауып, Қайыпты тақтан тайдырып, орнына өзі хан болуға әрі орыс тұтқындарын елдеріне қайтаруға уәде етеді. Ресей империясы бұған қарсылық та білдірмейді, әскери күш те бермейді. Әскери әрекеттерді жүргізуге Кіші жүздің өз күші жетпейтіні белгілі еді. Оның үстіне, құрылтай қанша шешім қабылдағанмен, жазықсыз мұсылмандардың қанын төгу имандылық жолға жатпайды деп, Кіші жүздің бас имамы, бүкіл мұсылмандар сыйлайтын (шамасы, ол, Әбді-Жәлел Қожа болса керек) батасын бермей қояды (35, 228; 47, 99).

Дәл сол, 1755 жылы 18 мамырда, жиырма жыл бойы бір басылып, бір өршіп келе жатқан башқұрт көтерілісі қайта басталды. Оны бастаушы Батырша деген башқұрт молласы қазақ пен қазан татарларына жансыздарын жіберіп, көпірге бағынғандардың сазайын тартқызамыз деп арандатады. Ар жағынан Ресей мемлекеті көтерілісті басуға жер қайысқан көп әскер бөлген соң, елу мың башқұрт зәрелері ұшып, күнгей жақтарындағы қазақ арасына сіңіп кетеді. Губернатор И.И.Неплюев бір кезде қазақтарға қарсы қалмақтарды айтақтағанындай, енді башқұрттарға қарсы қазақты айдап салып, қашқан башқұрттарға аяушылық жасамауға, дүние-мүлкін, қыздары мен әйелдерін өздері олжалауға, ал еркектерін патша үкіметіне ұстап беруді міндеттеді. Оренбург әкімшілігінен бұндай құзыр алған қазақ батырлары мен билері бір көтеріліс қалды. Оны естіген башқұрттар енді патша үкіметінің шебіне тиіскенді қойып, қазақ ауылдарына лап берді.

Іс тағы да насырға шапты. Бір жақтан башқұрттар оршеленіп, екінші жағынан қазақтар ызаланып, шекара шебі соғыс майданының ошағына айналды. Хан мен сұлтандар қарап отырып, кектесудің ортіне шалдыққан, еліріп алған “бұзақыларды” тыныштандыра алмай, әлекке түсті. Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмайтын жағдайға тап болды. Патша үкіметі бір жағынан, Нұралының қолындағы билікті күшейтпей болмайтынын түсінсе, екінші жағынан, башқұрт пен қазақтардың басараздығын пайдаланып, Кіші жүзді қару күшімен мықтап нокталауды қарастырды. Мұнымен қатар, Ресей империясының қызметкерлері жерді байыптап картаға түсіруге кірісті. Абырой болғанда, орыс — прусс соғысы басталып кетіп, ол жеті жылға созылды да, қазақ даласы бір жойқын қырғыннан уақытша аман қалды (35, 223—234; 47, 100).

Осындайда қазақтарды бір жасытып алуға өте-мөте құштарлық танытқан торғауыт ханы Дүндік Дашы 1757 жылы Астрахан губернаторына қазақтар түрік сұлтанатының қол астына өту үшін Кубаньға көшкелі жатыр, олар бұл жөнінде Осман үкіметіне тікелей елшілер аттандырды, деп жалған хабар таратады. Сөйте тұра, әлгі Дүндік Дашы дәл сол кезде қырым татарларының орыспен соғысуға көмек сұрағанын, өзінің көмекке аттанғалы отырғанын айтып, қазақ ханына да қосылуға шабарман шаптырыпты. А.И.Левшиннің пайымдауынша, Дүндік Дашы Нұралыны Ресейге айдап салып, еркек кіндікті жорыққа жөнелтіп, қатын-қалаш пен қараусыз қалған қазақ жұртын оп-оңай жаулап алуды армандаса керек. Абырой болғанда, қазақтар бұндай арандатушылыққа көнбеген (166, 243—244). Мұндай қитұрқы тірлікке И.И.Неплюевтің араласқан-араласпағаны құжаттарда айтылмаған. Бірақ, 1758 жылы қазақтарға байланысты арманын толық орындай алмай, он алты жыл билеген Оренбург өлкесімен қош айтысады. Жаңа келген губернатор А.Р.Давыдов (1758—1762) “іс бітіргеннен гөрі, өз тірлігін көбірек күйіттейтін, жасамыстығына карамастан дөрекі, ұрысқақ, қытымыр адам еді”, — дейді айналасындағы патша шенеуніктерінің бірі А.И.Добросмыслов (63, 128).

Әкесінің айтқанынан қайтпайтын, жауына ымырашылық көрсетпейтін, әділдігінен аузы күйген Нұралы хан 1759 жылдың қазанында қасына інілері Ералы мен Айшуақты ертіп, әрі сәлемдесуге әрі аманат мәселесін сөйлесуге кірсе, жаңа губернатор бұлармен жөндеп сөйлеспей қояды. Ашуланған үш сұлтан қоштаспастан аттарына мініп қайтып кетеді. Әбілқайыр ұрпақтарының бүйігін шіренуінің де жөні бар еді.

Дәл осы кезде қазақ даласының шығыс шекарасындағы жағдай біршама өзгеріске ұшыраған еді. Цинь (Қытай) империясы жоңғарлардың біржолата көзін құртып, енді бер жағындағы Орта жүзге қозғалыс сала бастаған еді. Ресей империясы бұған қатты қобалжу білдіріп, 1758 жылдың 19 наурызында Нұралыға арнайы сенімхат жолдап, егер қытайлар Сібірдегі шекараларға қол салғандай болса, өздерінің көмек беруден тайынбайтынын білдірген еді (35, 236). Егер қытайлар мен қазақтар өзара ымыраға келіп жатса, Ресей империясына шығыстан ызғар тиері сөзсіз еді. Бұны түсінген ақ патшаның дипломаттары қазақ хандарына қайтадан жылы қабақ танытты. Жаңа губернатормен әлгі қылығына қарағанда, бұндай саясаттан бейхабар екені байқалады. Нұралы мен Ералы өмір тәжірибелеріне сай сыр білдірмеуге тырысса да, тік мінезді Айшуақ сұлтан бөтен көзқарасты ұстанды.

Ресейдің Нұралы ханға жылылық көрсетуінің тағы бір сыры — қазақтардың көмегімен Хиуа, Бұқара, Ташкент арқылы Орта Азияның басқа елдеріне де, оның ішінде, байлықтың қайнар көзі саналатын Үндістанға патша үкіметінің сауда-саттық керуенін толассыз өткізіп тұру еді.

Үндістан қазақ даласынан қаншама алыс болғанымен, Нұралы ханның көмегі шын пейлімен орындалса, ол Ресей үшін сауда жағынан өте тиімді екені сөзсіз.

Сол себептен Оренбург әкімшілігі тарапынан ханға әр түрлі бауырмалдық көрсетіліп, тіпті, оның үлкен ұлы — Пірәлі сұлтанның орнына аманат ретінде үш жастағы ұлы Бегалыны алады.

Орта жүз тайпалары бұл кезеңде басынан бағы тайған Жоңғар хандығының соңғы соққысына ұшыраған еді. 1754 жылы олар тағы да босқынға душар болып, қазақтар өздерін патша үкіметінің жеріне кіргізуді, тіпті еркектерді былай қойғанда, әйел мен балаларды шекарадан өткізуді сұрайды, ал кейбіреулері тұрақты мекен-жай салатын жер сұрап, тәнті болған.

Мұндай өтінішті қабылдау Ресей үшін сенімсіз деп табылады, ал қазақ әйелдері мен балаларын бекініске алу да қауіпті құбылыс деп танылып, патша әкімшілігі Сібір басқармасына мұндай өтінішті қабылдамауға бұйрық береді.

А. И. Левшиннің айтуынша, біршама уақыт өткеннен кейін Орта жүз халқының жарты бөлігі Ресейге тағы да бағыныштылыққа өтуге тілек білдіреді (166, 242). Бұл жолы үкімет И. И. Неплюевтің ұсынысына байланысты қазақтарға рақымшылық “нұрын жағып” оларға

Үй озенінің бойында көшіп-қонуға рұқсат етеді, ал егер оларға тағы да шабуыл жасалатындай болса, онда империяның ішкі жағына өткізуге бұйрық береді, осыған орай тыныштық кепілі ретінде балаларын аманатқа патша үкіметіне тапсыруға тиіс.

Алайда, мұндай рақымшылық жасау 1756 жылдың аяғында тоқтатылады. Оған себеп, қазақтардың жаулары түгелдей құрып, ал Батыр мен Қалдан Серен қонтайшы Орта Азия мен Қазақ ордаларына қауіп төндіруден қалған еді (166, 241—242).

Жоңғар мемлекетінің құлдырауына негізгі себеп оның соңғы билеушілерінің бір-бірімен таққа таласқан ұрыс-керісі және Әмірсананың қаза болуы еді. Ол өзінің бақталасы Давациямен билік үшін таласып, 1757 жылы Қытайға тәуелділігін мойындайды, Давацияны тақтан тайдыру үшін Қытайдан әскер сұрайды. Цинь императоры Цян Лунь оны жылы жүзбен қарсы алып, әскер береді. Олардың мақсаты Әмірсапаға жоңғарларды билету емес, Қытай үкіметін мазалай берген көршілерін бағындыру еді. Осылай Богдыханның арманы орындалып, 1756 жылы қаңырап қалған Жоңғария жері Қытайға түпкілікті қосылды.

Бұл тұста ақылды да, тапқыр саясаткер Абылай сұлтан жоңғар билеушілерінің ұрыс-керісінен өз пайдасын көріп қалуды көздеді. Олардың тақ таласын үнемі қолдап отырды, себебі, жоңғарлардың әлсіреуі Қазақ ордаларына тыныштық пен сыртқы қауіпсіздікті әкелетіні белгілі. Мұндай мақсатты көздеген Абылай Орта жүзден Әмірсапа мен Лобачеге астыртын пана беріп қана қоймай, олармен бірге шайқасқа шығып, отандастарын жоюға көмектесті, ал іс насырға шауып, Қытай әскерлері жоңғарларды жеңе бастағанда, ол көрегендікпен жеңіскерлер жағына шығып кетті. Абылай дер кезінде одақтастарын ауыстырып, ежелгі жауы — жоңғар көршілерін құртуға сүбелі үлес қосты. Кезінде Әмірсананы қолдағаны тәрізді, енді қытайлармен бірігіп, оларды қырған. Ал жоңғарлар түбегейлі құрып, қытайлар оны басып алған кезде, Абылай ата мекеніне Қытайдың жақындағанын сезіп, 1756 жылы Аякөз өзені мен Қозымаңырақ тауының арасындағы жазирада қытайларға ақ киізден тігілген үйлерін аманатқа беріп бігісуі, Ресей патшасын елші үстіне елші жіберуге мәжбүрледі. Алайда, Абылай оларға онша елпек ұра қоймаған тәрізді. Қытай бодандығын пайдаланып Ресейді, ақ патшаның бодандығын пайдаланып Қытайды өзімен санасуға жол ашты (35, 230). Абылайдың бұндай саясаты Петербург сарайы алдында Нұралының да беделін бір көтеріп тастады. Оны Қазақ ханы өз пайдасына асыруға құштар-



Маңғыстау облысы. Үстірт.

Қазақтардың қорымдарындағы құлпытастарынан көрініс. XIX ғасыр.

лық танытты. Ресейге арқа сүйеп, қайта-қайта іргесіне тыныштық бермей отырған торғауыт қалмақтарынан өшін алып қалуға тырысты. Шекара тыныштығын сақтауды сылтауратып, орыс казактарының бекіністеріне тырнақты батыра түсті. Сөйтіп, губернатор А.Р.Давыдовтың жүйке тамырының төзімділігін байқап көрді. Бұл іске онсыз да жаушылықтан жүрегі шайқалмайтын інісі Айшуақ сұлтанды жұмсады. Іздегенге сылтау табыла кетті. Оған 1760 жылғы қыркүйекте он тоғыз нөкерімен Оренбург қамалынан аманаттан қайтып келе жатқан Нұралы ханның ұлы Мәмбетәлі сұлтан қорғаушыларының әлсіздігінен жол-жөнекей қазаға ұшырауы себеп болғанын жоғарыда айттық.

Күдік сол төңіректі тінтіп, кен қазбаларын іздеп жүрген Тимашев тобындағы башқұрттарға келді. Жұрт арасында наразылық түтіні маздады. Аманат — Алла Тағаланың бұйрығымен атқарылатын жайт. Оған анау-мынау емес, елдің ең атақты адамдарының перзенттері беріледі. Мәмбетәлі ханзадамен бірге аманатта болған он тоғыз нөкердің әрқайсысы бір-бір іргелі рулардың туын ұстаған киелі шаңырақтың түлектері. Оларды аманатта ұстаған Ресей әкімшілігінің шенсуниктерінің ең болмағанда елдеріне аман-есен оралуына жағдай

жасамағаны елдігінді сыйламағаны деп бағаланады. Бұл үлкеннің де, кішінің де намысын оятты. Осыдан кейін қызба мінезді Айшуақ сұлтан он мың жасақпен шекара шебін шаппақшы болады. Нұралы губернатордан жендеттерді тауып, жедел ұстап беруді әлденеше қайталады. Өлке басшысы А.Р.Давыдов болса істің анық-қанығына жуық арада жете алмады (63, 139). Бұған зығырданы қайнаған Айшуақ он-жиырма кісілік-шағын топ құрып, Жайық пен Елек бойындағы ақ патшаның бекіністеріне атой салды. Керуен басшылары тағы да бастарымен қайғы болды. Айшуақ сұлтан Елизавета Петровна ағзамға губернаторды сілейте жамандап хат жазды. Нұралы ақ патшаға тілмаш Якуб Гуляев арқылы: “Қазақтар өздерінің малына соншама мол, шұрайлы жер табатын Жоңғар қалмақтарының өте алыстағы бос жерлеріне, Бұқараның, Ташкенттің және басқа да шекаралық қалалар төңірегіне көшуге жиналып жатыр”, — деп хабарлады. “Шындығында да, 1761 жылы өздерінің Орта жүздегі руластарының: “Россиямен күн көріп, Россияның нанын жеп отырған сен өле қоясың ба, тәйірі?!” — деген кекесініне шыдамаған Жетіру тайпалары Айшуақ сұлтанмен бірге қырғыз-қайсақтардың Орта ордасына, Зеңгір (Жоңғар — А.Қ) жерлеріне жақындап, жоғары қарай көше бастаған” (169, 23). Патша үкіметі бұдан секем алып, Ералы мен Айшуақ сұлтандардың көңілін аулап, оларға жылма-жыл төленіп тұратын жалақы тағайындайды (35, 240).

Ресей империясының шығыс шекарасындағы ахуалға қатты алаң болғаны сонша, III Петр таққа отырған мезгілде қазақ хандары мен сұлтандарынан ант беруді талап етпей-ақ, сенім хаттарын жіберіп отырды. Өйткен себебі, Қытайдың Боғды ханымен ауыз жаласып отырған көшпенділер қайтадан ант бермей қоя ма деп сезіктенген тәрзіді. Оларды өздерінен безіндіріп, қытайлықтарға бауыр бастырып алмас үшін 1762 жылдың басында Сібір және Оренбург шекара әкімшіліктеріне қазақтың игі жақсыларына тарту-таралғыны аямай беріп, жылы қабақ көрсетіп, тіпті қажет болса шекараға жақын жерлерден қазына есебінен мекен жай салып беруді де тапсырады. Бұл әсер етпей қойған жоқ. Екінші Екатерина таққа отырғанда Нұралы, Абылай, Айшуақ жіберілген сенімхатты алған бойда қайтадан адалдыққа ант берді. Алайда, Абылай Ресей патшасына ант бере отырып, Боғды хан бодандығынан да іргесін аулақ салған жоқ. Тіпті, Нұралы ханның өзі Абылайға еліктеп, Қытай сарайымен қатынас орнатуға ынталылық байқатты. 1762 жылы Қытай императоры Орта жүз бен Кіші жүзден Батыр, Әбілпейіс сұлтандар жіберген елшіліктерін күшәк жая қарсы алып, сый-сияпатын аяған жоқ. Нұралы ханның елшілігіне

ерекше құрмет көрсетілгені сонша, хан артынша-ақ Ресей талаптарына немқұрайлы қарай бастады, — деп көрсетеді А.И.Левшин (35, 241). Қайткен күнде де, Нұралы хан сол кезде патша әкімшілігіне жүндеуге жақсы жуас тайлақ емес екенін анық байқатты. Теріскейіндегі қалмақтарға, шекара бекіністеріндегі башқұрттарға қысым жасауды сол қалпында жалғастыра отырып, күнгей шекараларына да мықтап көңіл бөле бастады.

Енді қазақ тарихнамасында Әбілқайырды өлтіріп, аты жағымсыз жағынан белгілі Барақ сұлтанның 1748 жылдан кейінгі тағдырына тоқтала өтейік. Сонымен, өз-Жәнібектің Жәдік ұрпағынан тарайтын Барақ сұлтан Әбілқайырды, яғни қазақ еліне адал қызмет істеген, елдің елдігін сақтаған асқақ тұлғаны — бақталастықпен өлтіріп, халық алдында қара бет атанды. “Ұялған тек тұрмас” деген желеумен, өзін-өзі ақтау үшін неше түрлі сылтауларды да ойлап шығарды. Әбілқайыр ханды өлтіру мақсатында ол қазақтың талай рубасыларын азғырып, Әбілқайырға қарсы қоюға тырысты. Кіші жүз бен Орта жүз ұлыстарынан нәтиже шықпаған соң, Ұлы жүз рулары арасында да “үгіт” жүргізді... Соның бірі — жалайырларға: “Әбілқайыр тек қарақалпақтарды ғана тонап қоймайды, енді сендерді тонайды, бәрімізді тонайды, сондықтан оның ауылын шабуға маған жәрдем беріндер”, — деп айтқанына олар көнбеген-ді (162, 219). Өйткені, қарақалпақтарға тиісіп, Әбілқайырдан жалайырларды бөліп алмаққа атой салып жүрген Барақ, оларды қызғыштай қорғап жүрген Әбілқайыр екенін жақсы білетін еді.

Әбілқайыр ханды қазақ халқының қалай құрметтейтіні мына деректерден анық көрінеді. Патша үкіметінің жұмсауымен Кіші жүз ұлысына барып қайтқан Байбек батыр 1748 жылғы 17 қазанда Оренбург әкімшілігіне: “Қазақтар Әбілқайыр әулетіне бас иеді және Әбілқайыр ханның өліміне қатты қайғырады, бүкіл халық болып Барақ сұлтанды өлтіріп, көзін жоюға келісіп отыр”, — дегенді айтады (89, 164).

Барақ сұлтан қасына Әбілқайырды өлтіруде өзіне көмектескен бірнеше адамымен Сарысу өзеніне, жоңғарларға іргелес аймаққа көшіп барады. Осы арадан Барақ сұлтан Жоңғар ханына арнайы жаушы жіберіп, өзінің бақталасы Әбілқайырды өлтіргенін, сондықтан енді қазақ даласында тұра алмайтынын хабарлап, қарауына алуды сұрап, қай жерге көшу керек екенін көрсетуді өтінген (89, 164; 54, 413—414).

Ал, Әбілқайыр ханның өліміне байланысты Барактың іс-әрекеттері туралы орыс патшасының тілмәші Я.Гуляевтің 1748 жылғы қазан

айындағы жазбасында төмендегідей деректер бар: “Қыркүйектің 23-і күні ханымға Әбілқайырдың күйеу баласы Жәнібек сұлтан келіп, мынадай хабар жеткізеді: “Барақ сұлтан жағынан хабар келді. Орта жүздегі Қаракесек руының биі Қазыбек және басқа да зиялы адамдар Барақ сұлтанды Ұлы жүз ішіне немесе жоңғар қалмақтарына қашып кетпек болған жерінен алып қалыпты. Сен бүкіл Орта жүзді жерге қараттын. Ал енді бүкіл елдің көші-қонын белгілеп отырған айбарлы ханды өлтірген екенсің, онда бас хан өзін болуың керек және Айшуақ сұлтанның орнына аманатқа өз ұлыңды беріп, біздің көшіп-қонып жүрген ұлан-ғайыр жерімізге ешкім көз алартпауы үшін, рақымы күшті әйел патшаның жарлық шығаруын өтінуің керек. Біз Кіші жүз қазақтарымен жауласқымыз келмейді, сондықтан біздің осы айтқанымызды орындай алмайтын болсаң, онда біз сенің өзіңді де, жолдастарыңды да Әбілқайыр ханның ұлдарына ұстап береміз, олар сендерге не істейміз десе де өздері біледі” (94, 124—125).

Бұл сөздерге Барақтың берген жауабы мынау: “Мен, оны озбырлығы үшін өлтірдім. Ол маған да көпе-көрінеу зорлық жасап, оның үстіне менің күйеу баламның Хиуадан үш түйеге артып жіберген мүліктерін тонады. Ал, қара халықтың мұндай іске араласуы жөн емес. Мен де, ол да, билік иесіміз, біздің арамызда қандай шаруа болса да, ол біздің жұмысымыз. Менің тегім Тоғым — Шығай, оның тегі Бөлекей — Қоян, біз көппіз, олар аз, біздің тұқымнан асып кете алмайды” (94, 125).

Сөйтіпті де, Барақ сұлтан билікті төрт биге, атап айтқанда, Кіші жүздің Төртқара руының биі Қаратоқаға, Қаракесек руының биі Қожанай мен Мәмет аталыққа, Орта жүз Бағаналы Найман руының биі Өтебайға беріп, осылардың айтқаны болсын, егер осылар Әбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің деп кінәмді мойныма қойса, онда құныкер ретінде бар байлығымды, иелігімдегі жер-суымды таразының бір басына, шыбын-жанымды екінші басына қойыңдар. Мал-мүлкімді аласыңдар ма, басымды аласыңдар ма, ерік сендерде, депті...” (89,169; 54, 425—432; 94, 125).

Бұл билердің төртеуі де сұлтанның қарамағында болмағандықтан оны жазықты болса да ақтауға тырысты. Кезінде осы оқиғаға мән берген Ш.Ш.Уәлиханов былай деп жазады: “Орта Азиядағы ең күшті билеушілердің бірі Барақ сұлтан 1758 жылы (қате кеткен, анығы 1748 жыл — А.Қ.) Кіші Орданың ханы Әбілқайырды өлтіріп, бүкіл қазақ халқынан төрт би жинап, өзіне сот құрды. Оның құрамында Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Әйтеке би болды” (170, 58). Бұл

арада ескертетін бір жайт, Шоқан сотқа Әйтеке би қатысты деп қате жазып жіберген, оны осы кезге дейін қайсыбір зерттеушілер қайталап келеді. Тарихи деректерге сүйенсек, сотқа Төле би де қатыспаған, ал Әйтеке би болса бұл кезде өмірден әлдеқашан өткен еді. Жоғарыда айтып өттік, Әйтеке бидің 1722 жылы дүние салғанын.

Шынтуайтына келгенде, Барақ сұлтан Оренбург әкімшілігінің басшысы Иван Неплюевтің қолшоқпары болғанын, алданып қалғанын кеш сезді, өйткені, ол енді Ресей үкіметіне керек емес еді. Осы тұста сұлтанның барлық амалы жан сақтауға бағытталды. Әбілқайыр хан, айтылған деректерден байқалғандай, Қазақ ордасында аса беделді тұлға, оның жанашыры да көп еді. Олар жазықсыз қазаға ұшыраған Әбілқайыр сынды арыстың кегін алмай қалмасын сезген Барақ Жоңғар ханы Лама Доржыға елші жұмсап, көмек беруін өтінді. Бас сауғалайтын жері қалмағандықтан, Жәнібек тарханның айтуынша: “Барақ сұлтан Жоңғарға кісі жіберіп, Кіші жүз сендермен соғысқалы жатыр, сол үшін Қашқар керуенін тонады. Мен Әбілқайыр ханды осындай қылығы үшін, жоңғарлар үшін өлтірдім. Мені қорғамасандар, Кіші жүз алшындары менің көзімді жояды”, — деп басын қорғауға тырысып бағады (89, 172). Жоңғарларға қашпақшы ойы да байқалды. Бірақ та олардан жауап келмеген соң, Барақ сұлтан одан әрі көшіп, Сарысу өзеніне жетеді. Ал, Жоңғар ханы Сыбан Доржы Барақтан гөрі Кіші жүздің ханы Нұралымен құдандалы-жекжат болуды жөн көрді.

Бастапқы кезде Нұралы хан Ресей патшалығы әкесінің өліміне байланысты кек алуына бір шара жасар деген үмітпен әліптің артын бақты. Алайда, патша үкіметі тарапынан Әбілқайырды да, Барақты да қорғайтын сынай байқалмады. Оларға қазақтардың бір-бірімен қырылысқаны керек еді. Сондықтан, Нұралы өз бетінше әкесінің кегін алуға кірісті. Барақ пен Күшік сұлтандар бала-шағасын тастап, бас сауғалап Сарысу бойында қашып-пысып жүргенде, көп ұзамай, олар өлтіріледі, ажал оғы балдан тәтті, оған қарсы шара жоқ. 1750 жылдың ақпан айында Барақ сұлтан Қарнақ қаласында (Түркістанның жанындағы — А.Қ.) бір қожаның үйінде екі баласымен қонақта отырғанда уланып өлді деген хабар тарады. Хан боламын деп жазықсыз жанның қанын арқалаған Барақ осылай ажалын тапты. “Сұлтан болып дүниеге келіп”, яғни “көкжал Барақ болып туып”, ит орнында өледі. Тағы бір жанға бататыны, ол өзі ғана қасірет тартқан жоқ, бүкіл үрім-бұтағы және айналасында жүрген қаншама жазықсыз адамдар Барақтың кінәсінен қазаға ұшырады. Сұлтан жансауға іздеп, қашып

жүргенде, Әбілқайыр ұлдарының кек алу ошпенділігінен оның жұрты мен жақындары тоналып, бала-шағасына дейін аяусыз өлтірілді.

Әбілқайырдың қайынағасы (бірінші әйелінің ағасы) Алай руының батыры Мырзатай мен М.Тевкелевтің Оренбургке жолдаған хаттарына қарағанда: Ералы сұлтан өзінің сенімді жасақтарымен қас жауына (Барақ сұлтанның ордасына) түн қараңғысында шабуыл жасап, оның жақтасы Сырымбетті үй-ішімен қоса өлтіреді, ал Барақтың отбасындағы бар-мүлкін түйелеріне артып, бала-шағасын, қызметшілерін қоса тұтқындап, бүкіл малын айдап әкетеді. Осындай құжаттардың бірінде: “Енді бір түн өткенде, үш бірдей қас дұшпан талқандалды”, — деген Нұралы ханның сөзіне қарағанда, Әбілқайырды өлтіргенде Барақ сұлтанның қасында болған Күшік, Барақ және Сырымбет батырдың отбастарында тірі жан қалмаса керек. Бұндай қызыл қырғын өштесуде Барақтың бір келіні мен қызы ғана қашып құтылған көрінеді... Қаншама жазықсыз жанның қаны судай шашылды, қаншама шаңырақта ұрпақ жалғасы үзілді дейсіз...



ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ АТА-ТЕГІ ЖӘНЕ ОТБАСЫ



*Әбілқайыр — ел дегенде еміреніп,
жұрт дегенде жүгініп қызмет еткен,
кең байтақ қазақ даласының ұлы ұлдарының бірі.*

**Халық қаһарманы, жазушы
Бауыржан Момышұлы.**

Әбілқайыр Қажы Сұлтанұлы, ағылшын суретшісі Дж. Кэстль байқағандай, өз заманасының ең белгілі қолбасшысы, мемлекет қайраткері, сезімтал саясаткер тұлға екені белгілі. Қазақ халқының заңғар жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевтың осы тұлғаның адами болмысын көркем тілмен өрнектеуіне қарағанда, әскери істі ұйымдастыруда да, осыған сай реформаны жүзеге асыруда да Әбілқайыр өз дәуірінің теңдесі жоқ мемлекет қайраткері болғанына ешқандай күмән келтірілмесе керек (171, 93—443).

“Ал, хан кейін маған сыйлаған өзінің атымен шапқанда, жабайы ешкілерден бір елі қалған жоқ, ол ол ма, құйындатып шауып бара жатып, жабайы ешкілерді қолындағы камшысымен шықпыртып өтіп, мені одан бетер таңғалдырды”, — деп ханның жеке қасиеттерін аузының сілекейін ағыза дәріптеген ағылшын суретшісімен келіспеске шараң жоқ (119, 32).

Әбілқайырдың ешбір тарихи деректерді қажет етпейтін мемлекеттік қызметі — батыр атағымен саяси сахна төрінен елеулі орын алуы. Батырлығымен, жаужүректігімен бас хандықты айбарлы Жәдік тұқымынан елеусіз Өсеке тұқымына, яки өзіне аударып білген Әбілқайырдың хандық мөрінде “Мұхаммед Қазы баһадүр Әбілқайыр хан Қажы Сұлтанұлы” деп жазылуы — батырлық атақтың мемлекеттік лауазымды істерде үлкен орын алғанын байқатады. “Батыр” деген сөз “Багадур” және “баххатур” деген түрік сөздерінен шыққан. Қазақ және басқа түркі елдерінде “батыр” сөзі “күрескер”, “қаһарман”, “ер”.

“ержүрек”, “жаужүрек” деген мағыналарды білдіреді (77, 47). Тарихшы Н.Г.Аполлованың пікірінше, “баһадүр” деген лауазым тек ержүрек, сардарлығымен танылған және өзінің әскери жетістіктерімен даңққа боленген ардақты тұлғаларға ғана берілген (69, 99).

Тағы бір зерттеушілер ханның “Әбілқайыр” деген есіміне “атағы”, немесе “лауазымы” деп те қарайды. Өйткені, Әбіл — “жақсы”, ал Қайыр — “батыр” деген балама сөздерден шыққан, яғни Әбілқайыр — “Жақсы батыр”, — деген ұғымды білдірсе керек. Бірақ, жастайынан осылай аталып келе жатқанын немесе оған бұл атаудың кейін берілгенін анық айта алмаймын”, — дейді әлгі Джон Кэстль (119, 120).

Әйтседе, Әбілқайыр ханның шыққан тегі туралы мәліметтерді талдағанда әр түрлі пікірлер бар екені байқалады. Ханның ата-бабасына қатысты ғылыми зерттеулерде сан алуан шежіре кестелерінің кездесуімен қатар, оның ата-тегі қара сүйектен шыққан десіп жүргендер де баршылық.

Әбілқайыр ханның ата-бабалары Қазақ ордасының негізін салушы Шыңғыс хан әулетінен шыққан өз-Жәнібектің сегізінші ұлы Өсеке сұлтаннан тарайтынын дәлелдейтін тарихнамадағы дереккөздер жеткілікті. Аталған тарихи тұлға жайында жарық көрген арнайы ғылыми зерттеулер беттерінде оның туған жылы туралы мәліметтер де бүгінгі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер қатарында қалып қеледі.

Әбілқайыр ханды — мемлекет қайраткері, жоңғарларға қарсы Ұлы Отан соғысының Бас қолбасшысы, Бұланты — Білеуті және Аңырақай шайқасының даңқты батыры, қазақ даласының дана мәмілегері, бірінші маршалы, Қазақстан мен Ресей елінің жақындасуының алғашқы бастамашысы, — деп бағалау өте орынды.

Оның есімі даланың басқа да көрнекті мемлекет қайраткерлерімен бір қатарда аталуы керек. Олар, жауынгер Қасым хан, айбарлы Жәңгір хан, дана өз-Тәуке, саясаткер Абылай және қаһарлы Кенесары, — деген тарихшы М. Әбдіровтің пікіріне қосыла отырып, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының мынадай аталы сөзін қайталағымыз келеді: “Әбілқайыр — ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткен кең байтақ қазақ даласының ұлы ұлдарының бірі”.


Әбілқайыр ханның өлімінен кейін оның кеңесшісі, әрі адал жары Бопай ханым Ресеймен ара қатынастың суып қалмауына көп күш салды. Жарықтық, Бопай, хан ұрпақтарының билігінің тұрақтануы мен беделінің артуына өзінің тәжірибесі мен саясаткерлігін сарқа пайдаланды. Сол кездегі Бопай ханымның қазақ даласындағы саяси ахуалды бейбіт жолмен шешуге бағытталған іс-әрекеттері белгілі тарихшы Ж.Қасымбаевтың еңбектерінде жан-жақты сипатталады (172,

222—261). Оны біз де Әбілқайырдың ғұмырнамасына байланысты шым-шымдап әңгімелеп отырамыз.

Әбілқайыр сұлтанның өмірінің ең шешуші кезеңінің бірі — оның Кіші жүздегі хандық таққа отыруы. XVIII ғасырдың басына дейін қазақтың хан тағында әз-Жәнібек ханның ұлы Жәдік сұлтанның ұрпақтары отырғаны мәлім. Осы жылдары бұл қалыптасқан дәстүрді Өсекенің ұрпағы Әбілқайыр сұлтан бұзды. Ол — Мұхаммед Әбілқайыр Фази Баһадүр хан — Шыңғыс ханның 20-шы ұрпағы болып келеді.

Әбілқайырдың ғұмырнамасын толық зерделеген қазақ тарихының Геродоты аталған ғұлама ғалым А.И.Левшин ханды әз-Жәнібектің Өсеке мен Жәдік ұлдарынан таратады, оны өз қолымен кестеге түсіріп, ханның ата-тегін былай көрсетеді:


**Қырғыз-қазақ хандарының алғашқы және негізгі шығу тегі.
Ағайынды екі жігіт Қазақ хандарының атасы Әз-Жәнібектен тарайды:**



Бұл мәліметтерді А.И.Левшин 1748 жылға сәйкестеген (166, 213).

Ал, қазақтың тұңғыш этнограф ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде қазақ хандарының, оның ішінде Әбілқайырдың да ата-тегіне ерекше мән беріледі. Шоқанның қолымен сызылған кестені профессор Ж.Қасымбаев: “Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.)” кітабының қосымшасында өзгеріссіз келтірген (110, 268).


Соңғы жылдары Әбілқайыртанудың басы-қасында жүрген қазақстандық ғалымдар И.В.Ерофеева мен Ұ.Ахметова ханның ата-тегінен өз-Жәнібектен (1469/70—1473/74) таратып, оны былай келтіреді:



Бұл мағлұматтар И.В.Ерофееваның “Казахские ханы и ханские династии в XVIII — середине XIX в.в.” деген ғылыми мақаласынан және Ұ.Ахметованың “Арынғазы хан” кітабынан алынды (174, 68; 173, 161). Жақша ішінде көрсетілген сандар, хан тағында отырған мезгілдерін анықтайды.

Тарихнамада Өсеке (Шокан оны Сүйік сұлтан деп жазады — А.Қ.) сұлтан өз-Жәнібек ханның сегізінші ұлы болып келеді. Одан: Болат және Бөлекей Қоян деген екі ұл туған. Бұл тұқымнан Әбілқайырға дейін хан шықпағаны дереккөздерден белгілі (175, 286—311; 176, 124—229; 177, 253—282; 178, 492—493).

Жоғарыда көрсетілген деректерге сүйеніп, Әбілқайыр ханның ата-тегін төмендегідей деуге негіз бар:



Деректерге көз салып, қазақ хандары бастау алатын Жәнібектің басқа ұрпақтарымен салыстырғанда Өсеке сұлтанның тұқымы өспеген. Оның үстіне, әлгіде айтылды, бұл “Алтын ұрықтан” Әбілқайырға дейін хан тағында адам тағы көрінбейді. Ал, Әбілқайыр хан болған тұста, оның кіндігінен ауыл-аймақ қаулап өсті. Бұған ханның және одан орбіген ұрпақтың көптігі мен ерлігі себеп болған секілді. Қорытындылай келгенде, Әбілқайыр Шыңғыс ханның жиырмамыншы, ал

әз-Жәнібек ханның жетінші ұрпағы саналады. Әкесі Қажы сұлтаннан үш ұл дүниеге келген. Үлкені Тоқтамыс, ортаншысы — Әбілқайыр баһадүр, кенжесі Бұлқайыр сұлтан. Әбілқайырдың әкесі мен ағасы Тоқтамыс жастай дүние салды да, отбасының барлық ауыртпашылығы Әбілқайырдың мойнына түседі. Осыдан ба екен, оның ғұмырнамасын талай ғалымдар зерделесе де жастық шағы туралы нақты деректер жоқтың қасы (162, 194).

XVIII ғасырдың алғашқы ширегі Әбілқайырдың жастық шағы өткен кезең. Алайда, осы уақытқа дейін тарихшылар Әбілқайырдың қай жылы туғанын дөп басып айта алмай келеді. Қазақ КСР-ының тарихнамасында және басқа шығармаларда оның туған уақыты 1693 жыл деп жазылған. Ал кейбір зерттеушілер хан сайланған кезеңіне сүйеніп оның туған жылын XVII ғасырдың 80-ші жылдары деген болжамдар айтады (2, 286—296; 211, 383—395; 162, 194). Біздің ойымызша, бұл шындықтан алшақтау жатқан секілді. Кейбір ғалымдардың тілге тиек ететіні оның 1710 жылы Кіші жүзге хан сайлануы. Әбілқайыр 1693 жылы туған болса, онда ол бар-жоғы 16—17 жасында хан сайланғаны ма дейді? 1707—1709 жылдардағы башқұрттар көтерілісін қолдау үшін көп жасақпен көмекке сонау Арал өңірінен келгенде, 15 жаста болғаны ма дейді? Немесе оның осы жаста қаншама әскерді бастап Ресеймен соғысуға келгеніне сенімсіздік көрсетіледі. Тағы бірі, дәл сол жылдарды Әбілқайыр сұлтанның екінші әйелі төре қызы Бопай сұлуға үйлену кезеңімен байланыстырғысы келеді. “Ал, Бопай сұлу болса 1780 жылдың 31 мамырында қайтыс болғанда Ресей әкімдері оны “....Жасы жүзден асып барып қайтыс болды”, — деп жазады. Бопай сұлу жүзден аспай-ақ 95 жасында қайтыс болса, 1685 жылы туылғанын дәлелдейді және бұл біздің пікірімізді зерттеуші ғалымдардың көбі қолдайды”, — деп жазады қазақстандық ғалымдар С.Өтенияз, Ш.Өтенияз (162, 194).

Бізде осыларға өз көзқарасымызды білдіре кетуді жөн санадық.

Әлгіде айтылғандарға жүгініп, Әбілқайырдың туған жылын, хан сайлану кезеңімен қарастырып, 1685 жылы туған деуі де көңілге қона бермейді. Өйткені, тарихта кездесетін Иван Грозный (Қаһарлы Иван) бүкіл Русьтің ұлы князі болып үш жасында (1533 жылы) таққа отырды, жеті жасында елге билік жүргізді, 17 жасында біртұтас Ресей патшалығын құрды (28, 96; 33, 226). Осыдан Әбілқайырдың 15—16 жасында жасақтар басқаруына да таңданатын ештеңе жоқ. Шыңғыс хан заманында ер бала 3—4 жасында ат жалын тартып мінді, садақ тартуды үйреніп, 7—8 жасында әскери әдістің іс-қимылы-

дарын менгеріп, ат құлағында ойнаған, 11—12 жасында, жүздік-мыңдық сарбаздарына басшылық еткен (178, 69—92).

Құжаттарға сүйенсек, Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы сұлтан (1721 жылы туған) Ресей сияқты ұлы империяға Қазақ хандығының елшілігін басқарып барғанда небәрі 11—12 жаста еді, ал Ресей императорының алдында бүкіл қазақ жұрты атынан (1734 жылдың ақпанында) достық қарым-қатынасты ұсынып, сөз сөйлегенде — 13 жасқа да толмағаны белгілі (211, 383—395; 162, 205). Олай болса, Әбілқайырдың 25 жасында (кейбір деректер бойынша 1710 жылы — А.Қ.) Кіші жүзге хан сайлануы және әскер басы болып тағайындалуы заңды құбылыс.

Ал Кіші жүздегі белгілі Дербісалы сұлтанның қарындасы Бопайға келетін болсақ, ол кезде қыздың жасы 13—14-те секілді, туған жылы XVIII ғасырдың басы, немесе 1701—1702 жылдың шамасы, сондықтан олардың тұңғыш ұлы Нұралы сұлтанның туған кезін 1716 жыл деп белгілеудің қисыны келеді. Ол 1731 жылы қазан айында Ресей елшісі М.Тевкелевтің алдынан қазақтың игі жақсыларын, 29 рудың биі мен батырларын ертіп, қарсы алуға шыққанда 15—16 жаста еді. Тағы бір дәлел. Ағылшын суретшісі Джон Кэстль 1736 жылдың 19 маусымы мен 4 шілде аралығында Әбілқайыр ханның ордасында болып, оның суретін өзінен айнытпай 24 маусым күні қағаз бетіне түсірген (ханның көзі тірісінде салынған осы жалғыз сурет Әбілқайырдың ғұмырына байланысты жазылған шығармалардың бәрінде кездеседі). Осы арада әңгімені суретшінің өз аузынан тыңдайық: “Осы жерде мен өзіммен бірге ала келген сыйлықтардымды бердім, атап айтқанда, олар мыналар еді:

1) Ең алдымен Орынборда жүрген Ералы сұлтанның портреті...

...Әсіресе ұлының суретіне қанша қараса да көзі тоймаған шешесінің қуанышы алабөтен еді; көзінің жасын төгіп жіберіп, суретті сүйе берді. Бұл портретті оның үстіне патша ағзамның ең жоғарғы бұйрығы бойынша салғанымды айтуды ұмытып кете жаздаппын, бұл да үлкен рақымшылық ретінде қабылданды, сондықтан бұған бәрі де шын жүректен қуанды, шексіз рақатқа бөленген шешесінің жөні бөлек еді, аса зор ризашылықтың белгісі ретінде ханшаның өзі қолымен шымылдықтың астында отырып бір кесе қымыз ұсынды...” (119, 35—36).

Әрі қарай ағылшындық саяхатшы сөзін жалғастырып:

“Осындай жағдайда бір әрекет істемесем болмайтынын байқадым да, ханның бәйбішесінің айрықша сеніміне ие болудың және

бір дегеннен шапағатына бөлсудің жолын іздедім. Сол себептен алдын ала дайындап қойған және өзіммен бірге алып жүрген бояуларым мен осы жерге алып келген былғарымды қолыма алдым да, аз уақыттың ішінде ханның суретін қолмен өте сәтті салып шықтым. Осыған қатты риза болған ханның бәйбішесінің аузына қарап отырғанда менің салған суретім мен өзінің зайыбының ұқсастығы сондай, екі тамшы су да дәл осындай ұқсамас деген сөздер шықты” (119, 38). 1736 жылы 4 шілдеде хан Джон Кэстльмен соңғы рет кездескенде “әйелімнің суретін салып бер деп көп өтініш айтты...” — дейді суретші (119, 47). Соған қарағанда Кэстльдің салған суреті Әбілқайырдың да ойынан шыққан тәрізді.

Сөз орайында, суретші өзінің күнделігінде: “...өзінің (ханның — А.Қ.) мініп жүрген ең жүйрік атын маған сыйлады. Хан маған тағы отыз қарсақ және алты түлкі терісін берді. Сонымен қатар менің тілмаштарыма бір ат, алты қарсақ терісін сыйлап, мені қасындағы ру ақсақалдарымен бірге екі шақырым жерге шығарып салды. Ал ханның бауыры және үлкен ұлы бес шақырым жерге дейін шығарып салды”, — деуі Дж. Кэстльдің Әбілқайырға деген ниеті мен жылы лебізін, оның дарқан мырзалығын, адамгершілігін анық байқатып тұр (119, 47).

Әбілқайырдың өтініші бойынша салынған Бопай ханым мен кенже ұлы Әділ сұлтанның да суреті тарихи құжаттарда кездеседі. Осы суреттерге қарап және Джон Кэстльдің портреттерді дәлдікпен салатынын ескеріп, 1736 жылдың жазында Әбілқайырдың жасын 40-тың төңірегінде, сымбат бойлы, ірі денелі жігіт екенін, ханымның жасын 30-дан сәл асқан, ал Әділ сұлтанды 4—5 жаста деп топшылауға болады (2, 290—291; 119, 95—98; 110, 267).

Міне, осыларды айта келіп, ханның туған жылын 1693 жылдан әрі қарай жылжытуға келмейтінін, ал Бопай ханымды одан 6—7 жас кіші деген пікірді құптаймыз.

Ал, енді, Әбілқайыр ханды біреулер төреден шыққан Шыңғыс хан тұқымы десе, енді біреулер — қарадан туған “қараша” десіп жүр. Шынтуайтында, ол төренің ұрпағы, ата тегін талдағанда, Әбілқайыр Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошыдан бастау алады. Қарадан шықты деушілер — оның хан тағына мұрагерлік жолмен көтерілмей, сұлтан ұрпағынан сайланғанын кемсітіп көрсеткісі келген секілді.

Жалпы карама-қайшылыққа толы Әбілқайыр дәуірін біржақты өзіне тиімді бағалау сонау патша үкіметінің отарлау саясатынан басталған еді. Оның негізін Оренбург губернаторы И.И.Неплюев (1742—1758) қалаған болатын. Оның пікірі барлық орыс зерттеушілері мен

тарихшылары еңбектерінде құдайдың созындей бағаланып, Әбілқайырдың Ресей империясына қарсылығы “оның бас хандыққа таласуы” және қазақтар арасындағы араздықты қоздырушы ретінде қарастырылды. Мәселен, Әбілқайырмен замандас, 1734 жылдан Оренбург экспедициясында қызмет еткен П.И.Рычков өзінің “Топография Оренбургской губернии” еңбегінде қазақтарға жонғарлар мен башқұрттардың қысымы күшейіп тұрған кездің өзінде-ақ қазақ билеушілері арасындағы “ақылдысы, әрі тез шешім қабылдайтын адам — Әбілқайыр”, — деп мойындағанымен, Ресейге қарсы түрлі қаракеттерге барып, халықты оған қарсы қоя білді және оның жоспарлары мен жауыздық әрекеттері “Орта жүз билеушілерін де ренжітті” деп қорытындылайды. Ал, Оренбург губернаторы И.И.Неплюев болса, ашықтан-ашық, өзінің осы өлкедегі қазақтарды отарлау жөніндегі саясатына қарсы шыққан Әбілқайырды 1742 жылы 27 қыркүйекте Ресейдің Сыртқы істер Алқасына жолдаған хабарламасында: “Әбілқайыр ханның адалдығына келер болсақ, бізде баласының (әңгіме ханның үшінші ұлы Қожахмет туралы — А.Қ.) аманатта болғанына қарамастан, оған еш сенуге болмайды, ол алдаушы және тәкаппар адам”, — деп ғайбаттаса, ал келесі бір жоғарыға жолдаған мәлімдемелерінде қазақ ханын Ресейге “кастандық жасаушы”, — дейді (54, 254—393). Сөйтіп, Әбілқайыр қазақтарды Ресейге қосуға алғашқы бастаушы ғана емес, сонымен қатар патша үкіметінің Кіші жүздегі отарлау үрдісіне қарулы жасакпен қарсы шығушы, кей жағдайда, Еділ бойындағы Башқұрттарға дейін барып, патша ағзамның бодандары қалмақ, Жайық казактары мен башқұрттарға басқыншылық жорықтар ұйымдастырушы деген екіұшты пікірлерді тарихатқа енгізді. Сонымен бірге ақ патшаның жандайшаптары қазақтар арасына от салып, біріне сый-сияпатты үйіп-төксе, екінші біреулеріне — суық қабақ танытты. Мұндай жымысқы әрекеттің ұшқыны Ресей әкімшілігі өкілдерінің Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Барақ сияқты билеушілер жөнінде жазған хаттарынан айқын көрінеді. 1748 жылғы тамыздағы Әбілқайыр өліміне дейін И.И. Неплюев ханға қарсы Барақты, ол арқылы Батыр сұлтандарды шебер пайдаланды. Губернатордың: “Әбілқайыр, Барақ тектері Кіші, Орта жүздер халықтарын тепе-теңдікте ұстау үшін ғана емес, сонымен бірге “жабайы” халықтарды жуасыту үшін де аса қажет”, деген ойлары іс жүзіне асырылып, өз нәтижелерін беріп жатты. Осы мазмұндас құжаттардағы пікірлер күні бүгінге дейін сан ұрпақтың санасына сіңіріліп келді. Ондағы тұжырымдарды өзге деректермен жокқа шығару қиынның-қиыны екені де белгілі, — дейді Қазақстан тарихшысы Ә.Мұқтар (6, 10).

Дегенмен, Әбілқайыр кейбіреулер топшылағандай қара жаяу емес еді. Дәл сол заманда оның ұстанған жолының дұрыс-бұрыстығын біреу түсініп, бірі түсінбесе де, Әбілқайыр тұстас, тағдырлас, үзентілес серіктері аға-іні буындар — Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абылай және Жәнібек сұлтандар, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, табын Бөкенбай, Шақшақ Жәнібек және Есет тархандар, Саңырық, Хангелді, Бақтыбай, Қойгелді, Тайлақ, Райымбек, Бөлек, Өтеген, Сатай сынды батырлар оны қолдап отырды. Олар Әбілқайырмен бірге танды атырып — күнді батырып, қазақтың тәуелсіздігі үшін, сол мемлекеттің қауіпсіздігін қорғайтын қуатты хан билігін қалыптастыру үшін күресті емес пе?

Белгілі қазақ тарихшысы, профессор Халел Досмұхамедұлы Әбілқайыр мен оның тірегі болған қазақ батырлары жөнінде мынадай көңіл аударарлық сипаттама береді: “...Осы уақытта елдің билері екі айрылды. Бір бөлек билер басы арғын Жәнібек, табын Бөкенбай болып соңына ерген елдерімен хан жағына шығып кетті... Орыс өкіметі жәрдем беріп, Әбілқайыр хан айбарлы хан болса, бұларға іздегені табылғандай болды. Сондықтан бұлар бастан аяққа дейін Әбілқайырды, Әбілқайыр тұқымын сүйеп кетті. Бұлар дегеніне жетті. Әбілқайыр айбарлы хан болды. Жәнібек пен Бөкенбай Кіші жүзді биледі. Арғын мен жетіру (табын) жайлы қоныс та алды, орысқа, ханға арқа сүйеп, күшті рулардан жарытып жәбір де көрмеді...

Әбілқайырдан бастап хан табы күшейе бастады. Патша өкіметі ханға зор сүйеу болды... Сый-сияпатқа батқан Жәнібек пен Бөкенбайдың үлгісі басқа билердің көзін қызықтырып көңілін бөлді. Хан жақтаған билер көбейе бастады” (107, 46—47).

Автордың бұл арада айтпағы, хандық биліктің Әбілқайыр тұсында күшеюі. Кіші жүз ханы да осы мақсатты көздеп, өзін қолдайтын үш жүздің белгілі батырларын қасында топтастыруға тырысты, солардың ықпал-ынтасына сүйенді. Заманның ағымына сай Әбілқайырға тірек болған би, батырлар ел ішінде де, сыртқы қатынаста да асқан көрегендігімен ханды да, қараны да, жауларын да, достарын да өзімен санасуға мәжбүр еткен, әлгіде есімі аталған батырлар мен билер еді.

Осы арада, қазақ тарихнамасында аты өшпестей сақталған үш Жәнібек болғанын айта кетейік. Бірі-сонау XV ғасырда өмір сүрген, қазақ ұлысының алғашқы екі ханының кішісі, қазақ ордасының ірге тасын қалаған Жәнібек (Әбу Сағид) хан. Оны халық әділдігі, мырзалығы, ұлан-асыр зор еңбегі үшін өз-Жәнібек деп атайды. Ал кейінгі екі Жәнібек Әбілқайыр ханмен тұстас өмір кешкен асқақ тұлғалар.

Исі қазаққа кеңінен танымал дарабоздардың бірі, арғын тайпасы-

ның Момын руынан шыққан Шақшақ Жәнібек тархан Қошқарұлы (1693—1752) еді. Ол жөнінде жоғарыда аздап айтылды. Ұлы батырдың көркем бейнесі Ыбырай Алтынсариннің “Бала Жәнібек” атты әңгімесінде, Әбіш Кекілбайұлының “Үркер” романында, Өмірзақ Жолымбетовтің “Жәнібек тархан”, “Шақшақ Жәнібек және оның уақыты” деректі шығармасында және “Шақшақ Жәнібек батыр” атты халық дастанында сомдалған (115, 5—124). Жәнібек тарханның ғұмырнамасына жоғарыда тоқталып өттік.

Әбілқайыр ханның Ресей империясымен қарым-қатынастағы барша қарекеттерін бастан аяқ қолдаған адамдардың бірі Кіші жүздің сұлтаны — Жәнібек. Бұны халық үшінші Жәнібек деп атайды. Ол 1748, 1757, 1762 жылдары қазақ елшілігін бастап Петербургке барып, патша үкіметімен келіссөз жүргізген майталман дипломат. Содан кейін, оның аты тарихнамада кездеспегеніне қарағанда, Жәнібек сұлтан 1762/1763 жылдары дүниеден озған деуге негіз бар. Ханмен бірге қазақ ұлысын отарлаушы патша әкімшілігінің қылығына наразы болып, әлденеше рет патша ағзамға шағым түсірген. Жәнібек сұлтан әрі батыр, әрі мәмілегерлік қызметтің шебері, Әбілқайыр ханға күйеу бала (51, 127; 179, 22).

Осы арада Жәнібек сұлтанның ғұмырнамасынан үзінді берейік:

- *Жәнібек сұлтан Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі (туған жылы белгісіз, шамамен 1763 жылы қайтыс болған). XVIII ғасырда өмір сүрген. Әбілқайыр ханның бірінші әйелінен туған қызының күйеуі. Ресейге қазақ елшілігін бастап бірнеше рет сапар шеккен елші, мәмілегер. Әбілқайырдың сенімді серіктерінің бірі, хан Барақтың қолынан қаза тапқаннан кейін (1748) Оренбургтегі патша әкімшілігі Нұралыны хан деп таныған. Мұны күллі халыққа мойындату үшін Оренбург әкімшілігі Петербургтегі патша сарайына арнайы елшілік жіберілуін мақұлдайды. Бұл міндетті Кіші жүз сұлтандары мен билері Жәнібек сұлтанға жүктеді. Елшілік сапары (1748—1749) нәтижесінде патша үкіметі Нұралыны ресми түрде хандыққа бекітіп, оған арнайы сенім грамотасын тапсырды. XVIII ғасырдың орта шенінде патша үкіметінің отарлау саясатын бұрмалауы салдарынан Кіші жүзде жер мәселесі шиеленісті. Бұған патшаның Кіші жүз қазақтарына малын Жайықтың оң жағына (“Ішкі жақ”) жаюына тиым салған 1756 жылғы жарлығы әсер етті. Осы мәселені халқының пайдасына шешу мақсатымен Жәнібек сұлтан екі рет (1757, 1762) Петербургке қазақ елшілігін басқарып барды. Алайда патша үкіметі Жайық бойындағы орыс-қазақтарының мүддесін қорғап, бұл мәселені шешуден үзілді-кесілді бас тартады (149, 423; 180, 350).*

Сөз орайында оқырмандардың есіне сала кетейік, ғылыми зерттеулердегі мағлұматтардың шашыраңқылығынан, күні кешеге дейін Әбілқайырдың хан тағына отыру мерзімі де дау тудырын, ол туралы қарама-қайшы пікірлердің кездесуі де кездейсоқтық емес. Мәселен, бір ғылыми еңбек Әбілқайыр 1718 жылы Кіші жүз ханы болып сайланды десе, екіншілері патша офицері Я.П.Гавердовскийдің жазбаларына сүйеніп, оны 1710 жылы хан сайланды деген мәліметтер береді (181, 113—124). Ал белгілі ғалым М.Жолдасбекұлы бастаған зерттеушілердің “Елтұтка” шығармасында Әбілқайырдың хан тағына отыруындағы басты кедергі деп саналатын себептер көрсетіліп, мына жағдайды алға тартады. Болат хан өлгеннен кейінгі тақ таласында (1730 ж.) Сәмекенің (Шах Мұхаммед): “Әбілқайырдың атасына хандық әуелден бұйырмаған. Жеті атасынан хан болып келе жатқан менің тұқымым, хан тағының заңды иесі менмін” — дегенін ұстанып, Әбілқайырдың Кіші жүздегі хандық таққа отырған мезгіліне де, хан сайланғанына да сенімсіздік білдіреді (182, 138—140; 183, 10).

Ал, көпшілік зерттеушілер Әбілқайырдың хан сайлану уақытын Қарақұм құрылтайымен байланыстырады. Ол бойынша, 1718 жылы Қарақұмдағы халық жиналысында екі үлкен мәртебеге қол жеткізілді. Әбілқайыр сұлтанды ақ киізге отырғызып, Кіші жүзге хан сайлады, әрі қазақ жасақтарының бас сардарын бекітті. Бұл туралы пікірімізді біз жоғарыда айтып өттік. Міне, осы кезден бастап Әбілқайырдың балалық бал дәурен шакпен біржола қоштасқаны мәлім.

Алдыңғы тараулардың бірінде Шыңғыс хан ұрпағы әз-Жәнібек ханнан тарайтын Өсеке сұлтанның үйінде Әбілқайырға дейін ешкім ақ киізге көтеріліп хан болу құрметіне жетпегенін айттық. Әбілқайырдың әкесі Қажы сұлтан хан болмаса да төре тұқымынан шыққан соң, өзінің үш ұлына ата-баба салтымен дәстүрлі тәлім-тәрбие берген. Ол кездегі негізгі тәрбие — ұландарды әскери істің қыр-сырына үйрету, ел шетіне жау келсе, кеудесін оққа тосу, яки ел қорғау ісі ата-баба қанымен сіңген. Ал сұлтандарға (төре тұқымы) бұдан басқа да ерекше тәрбие мен білім беретұғын. Олар негізінен ел билеу мен шет тілін білу, яғни айтқанда төре тұқымы Шыңғыс хан бабасының өсиетімен “жеті жұрттың” тілін меңгеру керек. Осылай білім алып, әскери әдістің қыр-сырын үйренген зерек Әбілқайыр сұлтан ат жалын тартып мінгелі ерте ержетіп серілік құрады және күндіз-түні соғыс қимылдарын үйреніп, 10—11 жасында жұрт сүйсінетін батыр жігіт болып шыға келеді. Оның үстіне жастықтың оты сөнбей әкесі Қажы сұлтан қайтыс болады. Ол кезде тек ағасы Токтамыс үйленген,

балалы-шағалы еді де, Әбілқайыр мен Бұлқайыр сұлтандар әлі үйленбеген балалық шақтың түз-дәмін татып жүрген.

Қолында хандық билік болмаған соң, Қажы сұлтанның ұлдарында көп мал-мүлік те жоқ еді. Әбілқайырдың әкесінен ауыз толтырып айтатындай байлық қалған жоқ, сондықтан олардың бар табысы өздерінің ішім-жемінен ауыспады десе де болғандай. Енді көп ұзамай үй-күйдің тауқыметі Қажы сұлтан ұлдарының үлкені, әрі басшысы Әбілқайырға жүктелді, өйткені, Алла Тағаланың жазуымен әкесі, онан кейін ағасы Тоқтамыс жоңғарлармен шайқастардың бірінде қаза тауып, олардың әйелі, бала-шағасы, інісі Әбілқайырдың қамқорлығына көшеді. Әбілқайырдың бірінші әйелді әменгерлікпен алуы да осы тұста болған секілді.

Жалпы Әбілқайырдың жеке өмірі туралы аңыздардың көбі оның балалық шағының оншалықты тәтті бола қоймағанын көрсетеді. Сондықтан ол ерте ержетіп, өз басы ғана емес туысқандарының да қамын ойлап, жолбарысша алысып жастық өмірін өткізген.

Қажы сұлтанның және оның туыстарының мекені Арал теңізінің солтүстік жағын қыстап, жазда Торғай мен Ырғыз өзендерінің жоғарғы жағында, яғни Жем өзеніне жақын жерлерді жайлайтын. Бұл жерлер XVII ғасырдың аяғынан бастап Ресей отаршыларының жиі-жиі шабуылына ұшырап отырды. Олардың негізгі жаулары Жайық жағалауында қоныс тепкен орыс казактары мен Ресей бодандығын мойындаған қалмақтар еді.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде, әсіресе Аюке хан тұсында (1724 жылы өлген) Ресей империясы Еділ қалмақтарын орыс казактары іспетті бес қаруын асындырып, казактарға айдап салып отырды. Осының арқасында Аюке ханның жасауылдары күшейіп, Каспий өңіріндегі халықтардың бәрі одан қорқатын болды. Осыдан казак жұртын жан-тәнімен қорғаған хас батыр Әбілқайырдың өзі реті келсе Аюке ханмен достық қарым-қатынасты жақсартуға тырысты.

Еділ бойындағы құба қалмақтарын жаратқандырып, айдап салып жүрген орыс казактарының казак жұртына шабуылдары мен зобаландары туралы белгілі шығыстанушы ғалым Н.Я.Бичурин (Иакинф) былай жазды:

“Ресей империясының қару-жарағымен мұздай қаруланған қалмақ ханы Аюке Жайық бойындағы казактарды аямай тонады, одан әрі өтіп, түрікмендерді қол астына бағындырған еді” (218, 87—96; 184, 43—51; 185, 5—34).

Кіші жүзді сыртқы жаулардан қорғауда жас батыр Әбілқайырдың аты осы кездерде ерекше аталып, көп ұзамай 1718 жылдың басында

қазақ билері мен игі жақсылары оны ақ киізге көтерін хан етіп сайлады. Бұл оқиға Кіші жүз халқы үшін де, Әбілқайыр сұлтанның өзі үшін де аса маңызды оқиғалардың бірі екені әлгіде баяндалды.

Кіші жүзге Әбілқайырдың хан сайлануы бұрын-соңды қазақ тарихында кездеспеген оқиға еді, өйткені, осы кезге дейін Кіші жүзде хандық лауазым болған жоқ, басқа жүздер сияқты Орталық ханға бағынып келді. Алайда Жайық бойына өнмендеп кірген қара шекпенділер — орыс казактары және онымен одақтасқан құба қалмақтарынан әбден шаршаған батыс аймақтағы қазақ жұртын қорғау үшін енді ресми түрде хандық билік қажет екенін орталық басшылары да түсінді. Осынау қиын заманда жауапкершілікті өз мойнымен көтеретін бірден-бір тұлға деп Әбілқайыр сұлтан танылды.

Енді, Кіші жүздегі хандық биліктің иелеріне казактарды Ресейдің қолшоқпарларынан қорғау міндетімен қоса, елдің бірлігін ұйымдастырып жоңғарларға қарсы тұру да жүктелді. Осы арада Әбілқайырдың өз сөзімен жеткізсек: “Жылдар бойы қонтайшымен соғысып келемін, оған әлім жетер емес... Оның үстіне Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара, Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық”, дейді (89, 35—36). Мұнда қиын жағдайдың қалыптасқанын А.И.Левшин де айтады: “Неге өзге жүздерге қарағанда Кіші жүз казактары мазасыз?” деген сұрақты қоя отырып, ғалым оның себебін бұндағы елдің географиялық құрылысымен байланыстырады. “Кіші жүздің батысы, солтүстігі, оңтүстігінде тұрақтаған орыс-казактары, қалмақтар, башқұрттар, хиуалықтар олармен жаулықта, тек шығыста ғана бауырлары — Орта жүз казактары тұрады”, деген қорытындыға келеді. Әбілқайыр жарықтық осы тығырықтан шығудың амал-айласын шарқ ұрып іздеді.

Біз осыған дейін Әбілқайырдың қазақ тарихнамасындағы қоғамдық-саяси тұлғасына көңіл аударып, даму үрдісін қадағаладық. Енді оның жеке басына және отбасына көңіл аударсақ. Жетімдікпен жастық шақтың қиындығын көрген Әбілқайыр 1720 жылға дейін өсіп-жетіліп, тек қана батыр қолбасшы және ел сыйлаған дана ғана емес, сондай-ақ үйленіп, балалы-шағалы болған адам еді.

Оның бірінші әйелі, бәйбішесі (тарихнамада аты-жөні көрсетілмеген — А.Қ.) Кіші жүздің Адай руындағы атақты батыр Мырзатайдың қарындасы секілді. Бұл әйеліне ағасы Тоқтамыс өлгеннен кейін әмеңгерлік жолмен 12—13 жасында қосылған. Осы әйелі жөніндегі деректерді 1731 жылы 6 қазанда орыс елшісі М.Тевкелевпен Ырғыз өзені бойындағы алғашқы кездесуінде өзі айтқан. Әбілқайыр: “Бара-бара қонтайшыға тотен бере алмадым, әйелім мен оғейі шешемді де

қонтайны түтқындап алып кетті”. — деп оларды осы кезге дейін құтқара алмай отырғанына палиды (89, 35). Соған карағанда, Әбілқайырдың бірінші әйелі “Ақтабан шұбырынды...” жылдары, яғни 1723 жылы, жоңғарлар Түркістан қаласын жаулап алғанда, оғей шешесі және балаларымен түтқынға түскен сынайлы. Ал тарихи құжаттарда Әбілқайырдың бірінші әйелі туралы мәліметтер жоқтың қасы. Бұл әйелінен бойжеткен қызы болғанын және оның Кіші жүздің сұлтаны Жәнібек батырға ұзатылғаны Оренбург өлкесінің губернаторы И.И.Неплюевтің 1749 жылғы Сыртқы істер Алқасына жолдаған хабарламасынан байқалады.

Осы арада ескерте кететін бір жайт, Әбілқайыр шаңырағын талмастан зерттеп жүрген кейбір ғалым, жазушылар Кіші жүздің батыры, сұлтан Жәнібекті арғын Шақшақ Жәнібек тарханмен шатыстырып, соңғысын Әбілқайырдың күйеу баласы деп жазып жүргені де белгілі. Олардың екеуі де тарихта болған екі бөлек тұлға екені жоғарыда айтылды (162, 202). Оларды шатыстырмаған жөн.

Қолдағы бар мәліметтерге карағанда Әбілқайырдың әйелі жоңғар түтқынында жүргенде, шамамен 1731—1736 жылдар аралығында қайтыс болған тәрізді. Бірінші әйеліне хан шамамен 1709—1710 жылдары үйленсе керек және одан үл бала сүймеген тәрізді (2, 286—287).

Ал екінші әйелі Бопай сұлуға келетін болсақ, ол жөнінде дереккөздер жетіп жатыр. Бұл Әбілқайыр бір көргенде ғашық болып, махаббат жалынын тұтатқан қыз. Ол Сүйіндік батырдың қызы, Кіші жүздегі атышулы Дербісалы сұлтанның туған қарындасы. Тарихи құжаттарды ақтарғанымызда ел арасына жақсы танымал мәшһүр екі Бопайды ұшыратамыз. Біріншісі осы Бопай — Әбілқайырдың сүйікті жары, ал екіншісі — атакты Кенесарының қарындасы, батыр қыз — Бопай. Соңғысы, әуелі Кенесары қозғалысына қатысуға халық арасында үгіт жүргізсе, артынан өзінің алты ұлымен бірге талай жорыққа қатысып, алты жүз жасақтың қолбасшысы болған казактын батыр қызы (143, 128).

Атакты төренің қызы, Дербісалы сұлтанның қарындасы Бопай сұлу, Әбілқайырдың екінші әйелі болғанына қармастан жазба дереккөздерде “сұлтанша” деп жазылып, “бәйбіше” орнына жүрген казак тарихнамасында ерекше із қалдырған көрнекті тұлға. Бопай ханым Әбілқайырдың бес ұлы мен қызы Зыликаның анасы болып қана қойған жоқ, сол кездегі елдің ішкі және сыртқы саяси ахуалына белсене араласқан тұлға. Сауатты, өзінің жеке мөрі болған Бопай ханым патша үкіметінің елшісі М.Тевкелевпен және Оренбург губернаторы И.И. Неплюевпен ғана емес, саяси қарым-қатынас жайлы



Бопай ханым. Жетектеп келе жатқан ұл бала Әділ сұлтан.
Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж.

Ресей патшалары Анна Иоанновнамен, Елизавета Петровнамен ресми жағдайда хат жазысып тұрған деседі. Өкінішке орай ол хаттар бізге жетпеген, осыдан ғылыми айналымға енбей отыр.

Әбілқайырдың Бопай сұлуға ғашық болған шынайы махаббаты мен ынтықтығы және оған үйленуі туралы халық аузында айтылатын аңыз-әңгімелер баршылық. Көп нұскалы аңыздардың бірінде Әбілқайыр мен Бопай қыздың ғашықтық эпосы Қозы Көрпеш — Баян сұлу дастанына ұқсас жырланады. Сол ғашықтар эпосының қысқаша мазмұны төмендегідей.

...Кіші жүздің сұлтаны, әйгілі батыр Жәнібек пен Әбілқайыр бір жақтан сапардан келе жатып, бір ауылға күн батар алдында конуға түседі. Бұл бір төренің ауылы екен. Ауыл иесі аса бай, жасы үлкен кісі болса керек. Оның бой жетіп отырған қызы Бопай сұлуды көргенде, Әбілқайыр бірден ес-ақылы кетіп ғашық болып қалады. Ал Жәнібек сұлтан бұған таңданады. Өйткені, ол бұрын қыз көрмей жүрген жігіт емес, бұрын үйленген, отау иесі болып отырған жас төренің мына мінезіне таңданбай қайтсін...

Келесі күні сұлтандар аттанып жолға шыққан соң Әбілқайыр күтпеген онер шығарып, сол жерде қалатынын айтады. Жәнібек батыр өз

жөнімен кетуге мәжбүр болады. Қайтсем де Бопай қызды алмай тынбаймын, — деп Әбілқайыр сынды жас батыр алақанына түкіріп, оған ермей қала береді... Жаңағы ауылға қайтып оралған Әбілқайыр сұлтан өзінің төре тегінен екенін жасырып, Бопайдың әкесінің малын бағуға тілек білдіреді. Ұзын бойлы, батыр тұлғалы, жігіттің сұңқары Әбілқайыр жылқы бағып, жалшы болып жүрсе де аз уақыт ішінде ауылға жақсы жағынан көрініп құрметке ие болады. Көп ұзамай Бопай сұлудың да көзіне ілініп, ұнап қалады... Жүрегіндегі сырын ашқан жас батырға Бопай сұлу да жан-тәнімен ғашықтық отын жағады. Сүйіспеншілік ажырымастай дәрежеге жеткенде Бопай сұлудың әкесінен қызының қолын сұрайды. Оның әкесі мұндай жағдайды күтпепті. Сұлтан деген аты болмаса танымайтын жалғыз атты кедей жігітке жалғыз қызын бергісі келмеген бай неше түрлі айла-шарғыны ойластырады. Соның бірі: “Қызымның қалың малына ала аяқты 90 күрең ат және 60 акбоз ат әкелесін, әйтпесе қызымды бермеймін...” — деген шарт қояды... Осындай қиын шартқа амалсыздан көнген жас батыр: “Бір айдың ішінде осы айтқаныңызды тауып әкелемін”, — деп сұлтан аттанып кетеді. Бірақ жалғыз атты кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас, — деген үмітпен Бопай сұлудың әкесі қала береді. Әйтсе де, ғашықтықтың өртіне шалынған жас батыр, Бопай сұлуды алмай тынбауға ант етеді. Әлгіндей серт берген Әбілқайыр қалың малға жылқыны таныстарынан, ағайындарынан бөрінен сұрайды, алайда, ешқандай нәтиже шығара алмайды. Шарқ ұрған жас батырдың осындай аянышты күйін естіген өзінің досы Жәнібек батыр қолын созады. Қу кедейлік қолын кесіп отырған жас төрені аяған, әрі келешегіне сенген Жәнібек сұлтан Әбілқайырға керекті 150 атты өз жылқысынан шығарып санап береді. Онымен тұрмай, өзі барып Бопай сұлудың әкесіне қазақтың әдет-ғұрпымен құда түседі... Сөйтіп, әйгілі қазақ батыры Жәнібек екі ғашықтың басын қосып, үлкен той жасайды... (162, 204).

Әрине, бұл әңгіме халық жадындағы аңыздардың тек біреуі ғана. Шынтуайтында, Әбілқайырдың Бопай сұлуға үйленуі аса көп қиыншылықты басынан өткеруімен және осындай әңгімелердің көптігімен айшықталады.

Қазақ еліндегі ежелгі ата-баба дәстүрі бойынша Бопай сұлудың басы бос болмаған, басқа қыздар секілді оның да атастырған жігіті бар еді. Және оның үстіне қаншама байлықты менгерген төренің қызын кез-келген жігіт айттырмайтыны тағы белгілі. Міне, осынау қиындықтарды жеңу үшін Әбілқайыр мен Бопай қыз тек бір-біріне ғашық болып қана қойған жоқ, сондай-ақ, әдет-ғұрыпты бұзуға мәжбүр бол-



Ортада Ералы сұлтан, сол жағында Бұқар ахуны, оң жақта Әбілқайыр ханның сенімді адамы Қотыр батыр.
Дж. Кэстльдің суреті. 1736 ж. 1784 ж. Литография.

ды... Қалай дегенмен де Әбілқайыр сынды жас батырдың Бопай есімді әйгілі сұлуға үйленуі, оған табиғаттың сыйлаған бакыты.

Әрине, Бопай да Әбілқайыр сияқты төре тұқымынан шыққан адам. Ол келін болып түскелі Қажы сұлтан шаңырағының тасы өрге домалады десек қателеспейміз. Осының алдында ғана Әбілқайыр халықтың құрметіне бөленіп, игі жақсылары ақ киізге көтеріп Кіші жүзге хан сайланды, одан көп ұзамай Ордабасыдағы бүкілхалықтық құрылтайда үш жүздің жасақтарына бас сардарлыққа тағайындалады.

Тарихтағы ұлы адамдарға табиғат жан-жақты талант пен көрікті аямай береді. “Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған”, — дейді халқымыз. Адамзат тарихындағы ұлы адамдар сүйіспеншілігін еске алсақ, Юлий Цезарь мен Клеопатра, Атилла мен Онория (Рим императорының қарындасы), сондай-ақ Шоқан Уәлихановтың бойындағы махаббат хикаялары адамдар арасындағы сүйіспеншіліктің аса күдіретті күшін көрсетеді емес пе?

Әбілқайыр мен Бопай арасындағы шынайы махаббат та қазақ еліндегі жас ұрпақ үшін тамаша үлгі аларлық құбылыс. Махаббат шапағатының нұры жауған Әбілқайыр да қазақ елі алдындағы адами парызын бірнеше есе артық орындағаны тарихаттан мәлім. Ал, Бопай сұлудың өз басы да қазақ әйеліне тән кішіпейілділік, ақылдылық, ұстамдылық, парасаттылық және басқа ізгі қасиеттерімен Қажы сұлтан шаңырағында жақсы келін, ақылды бәйбіше атанды. Әйел болса да ердің ақылы мен батырлығын өз бойына сыйдырған абзал жан еді... Бұл арада біз Бопайдың асқан ақылдылықпен шешкен бірер ісіне ғана тоқтала кетейік.

Әбілқайыр ханды бакталастықпен Барақ өлтірісімен ұлы Ералы сұлтан ізінше атқа қонып, қол жинап, әке кегін қайыруға кіріседі. Барақтың жанында болған аты белгілі адамдардың бірнешеуін өлтіріп те үлгереді. Барақ сұлтан мен Әбілқайыр ұрпақтарының арасында қанды қырғын туу қаупі төнген шақта, оны тоқтатқан анасы Бопай ханым еді. Ол осы жанжалды болдырмау мақсатында Кіші жүздің екі хандыққа бөлінуіне де бірінші боп келісім береді. Жәнібек пен Есет тархандармен, ел ақсақалдарымен ақылдаса отырып, ұлы Нұралыны Әбілқайырдың орнына хан сайлатады. Батыр сұлтанды Шектіге хан сайлату арқылы ел тыныштығын сақтап қалады.

Екінші бір жайт, төңірегіндегілер Әбілқайырдың мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауидің кесенесіне апарып қоюды жөн көреді. Сонда Бопай ханым Барақтың жауыздығынан көп жаракат алған мәйітті соншалықты ұзақ жолға алып жүруге қарсы болып, Қабырға өзені жағасына жерлетіп, кесененің айналасын ат шаптырым бекіттіріп, бағбан жалдап, айрықша күтімге алдырды. Бопайдың қайырымдылығы, ел ішіндегі атқарған адал қызметі жөнінде аңыз, әңгімелер болғанмен, ол жөнінде жазба деректер сирек кездеседі.

Бопай ханым 1749 жылы 3 тамызда ел ағасы, сүйікті жары Әбілқайырға ас (жылдық садақасы) бергеннен кейін, оған лайықты ескерткіш орнатуға күш салды. Әбілқайырға кесене тұрғызу жөнінде Оренбург әкімшілігімен бірнеше рет келіссөз жүргізіп, И.И.Неплюевке, М.Тевкелевке сенімді адамдары арқылы бірнеше хат жолдады және өзінің осы мәселеге ниеті мен ойын жеткізді. Ханымның ықпалымен қазақ елінің Әбілқайыр сынды ұлы тұлғасы Қабырға мен Өлкеаяқ (кейбір деректерде Өлкейік деп жазылып жүр — А.Қ.) өзендерінің қосылған жерінен 4 шақырымдай қашықтықта жерленді. Осы арадан Торғай өзені бір күндік, Ор бекінісі 9 күндік жер (89, 165). Бұл жер қазір Ақтобе облысындағы Әйтеке би ауданына қарайды. Әбілқайыр марқұм жерленген жерде келешекте басқа да зираттар

түсіп, үлкен қорымға айналды. Әбілқайыр сүйегі жерленген күннен бастап, бұл жер “Хан моласы” деп аталып, жұрттың дұға етіп баратын киелі орнына айналды. Соңғын, Бопай ханым Әбілқайырдың тірі кезінде айтқан: “Қай жерде өлсем, сол жерге жерлендер”, — деген өсиетін орындаса керек. Әйтпесе, оны балалары мен Бопай ханым хандар салтымен Түркістанға апарып жерлеуге де құдыреті жететін еді.

Осы орайда, бір мезет Әбілқайыр ханның басына лайықты мазар салу жөніндегі оның ұлдары мен патша үкіметі шенеуніктері арасында пікір алмасқан құжаттарға көңіл аударайық. Соның бірі Оренбург әкімшілігінің беделді қызметкері, осы мәселенің басы-қасында жүрген “Орынбор тарихының (1730—1750)” авторы П.И.Рычков былай жазады: “Хан (Нұралы — А.Қ.) осында болған кезде тамыздың 2-сі күні (1749 жылы) інілерімен бірге ортақ хат жазып, онда әкелері жерленген жерде кесене-мазар орнатуға ең болмаса екі мың адам берілсе, 15 күнде салынып бітер еді, бұл жер Ор қамалынан 5 күншілік жерде ғана”, — деген өтініш білдірді, осының өзінен олардың бар ойы халықтың алдында күшті болып көрініп, мұны атақ-даңқтары үшін ғана талап етіп отырғаны анық білінген еді; сол себепті бұл талаптарына да: “Әуелі ол жерді көру керек, құрылыс материалдары, әк, су бар-жоғын біліп алғаннан кейін ғана қажет адамдарды жіберу туралы сөз етуге болады”, — деген сылтаулар айтылды” (158, 64—65). Тағы бір құжат бойынша Нұралы хан: Әкесінің басына лайықты жерден мазар салу жөніндегі өтінішіне ханнан аманат алып, орыстан 50 адам жіберуді сұрайды. Осы жарлық бойынша тілмаш Гуляев (Арсланның ауырып қалуы себепті) аттандырылды. Оренбург әкімшілігі Я.Гуляевке ханды бұрынғы келісімге — әкесінің сұрауымен Електе өзіне қалашық салдыруға, әкесінің мазарын да сол жерде тұрғызуға көндіру тапсырылады. Қаланың бой көтерер жерін, мазардың қандай жобамен салынатынын сызып алуға Гуляевпен бірге құрылыстан хабары бар маман инженер-подпоручик И.Ригельман жіберіледі (140, 66—67; 94, 132—138).

1750 жылдың басында Нұралы ханға жіберілген тілмаш Гуляев өзімен бірге барған И.Ригельманды кері қайтарады. Ол ханның айтуымен әкесінің басына орнатылатын кесененің жобасын сызып келген екен. Сол кездегі жағдайға сәйкес ханды жақын ұстау керек болғандықтан, оған хат жолданып: “Алдағы көктемде осы кондуктор қайта барып ағаш, әк, су, балшық секілді керек-жарактың жағдайын біліп қайтады”, — делінді. Ал аталмыш Я.Гуляевке Нұралыны әкесінің зиратын Каспий теңізіне құятын Жем өзенінің сағасына көші-

руге кондіру, бұл орайда: “Сол жерде ханға қыстау салуға болады, бұл жер қажет уақытта ханды Гурьев қалашығынан тасып жабдықтауға да қолайлы”, — деген әкімшілік тарапынан дәлелдер айту тапсырылғанын П.И.Рычков осы еңбегінде баяндайды (159, 67).

Әбілқайырдың басына кесене тұрғызу мәселесімен тілмаш Я.Гуляевтің қыс ішінде суыт барғанынан қазақтар жағы біраз сескеніп қалса керек. Олар: “Тұтқындарды қайтармағанымыз үшін Ресей әскері шабуылға келетін болды”, — деп ойлаған тәрізді. Осы себепті қазақтар бұл жерден алыстап көшіп кетуді ойластырған. Көктем шығысымен сол құрылыстың қамымен ханға инженер-подпоручик И.Ригельман тағы жіберіледі. Әкімшіліктің тапсырысы бойынша инженер ханды құрылыс салынатын болды деп үміттендірумен бірге, оны халық тынышталып, ордадағы барлық істер ондалып кеткенше кейінге қалдыра тұруды келісіп қайтуды тапсырды, — деп П.И.Рычков патша жандайшаптарының екі жүзділігінен хабардар етеді (146, 67).

Ресей патшасы әкімшілігінің осындай алдап-арбау жымысқы әрекеттерінен запы болған Бопай ханымның ұлдары мен қазақтың игі жақсылары бірігіп Әбілқайырдың жерленген киелі жерінде кірпіштен кесене (күмбез) тұрғызды. Әйелі мен балалары ханды жерлеген кезде мұсылмандар арасында қалыптасқан дәстүрмен сый-құрмет көрсетіп, өзінің әсем киімдері мен қылыш, найза, садақ, қанжар секілді қару-жарақтарын бірге қойған. Себебі, Әбілқайыр ес білгелі оларды жанынан тастамаған еді. Хан жерленген жерге отырғызылған ағаш, көп ұзамай зәулім биік болып өсіп, алыстан іздеп келе жатқандарға жол сілтеп тұрғандай болды. Келушілер сол ағаш арқылы Әбілқайыр кесенесін тез табатын еді.

Осы өңірді зерттеген орыс офицері капитан Николай Рычковтың (Петр Иванович Рычковтың ұлы) күнделігінен ханның кесенесін суреттеген мына жолдарды келтірейік:

“....Осы арадан біз Өлкейек (дұрысы Өлкеаяқ — А.Қ.) өзеніне қарай жүрдік. Таңертең аттанған жерден 20 шақырым ілгерілеген тұста айтулы бір үлкен қазақ зиратына жеттік. Онда қазіргі билеп тұрған ханның әкесі — қазақтың өте-мөте атакты ханы Әбілқайыр жерленген екен. Осы жерде оны қазақтың Орта жүзінің бір сұлтаны, халық арасындағы күш-қуаттылығын көре алмай, өз төңірегінде тұратын қазақтарды ханды өлтірмек ниетіне қаратып алып, қапыда тап беріп өлтірген. Ханның зираты — күйдірілмеген кірпіштен қаланып, ақ балшықпен сыланған, төрт бұрышты кесене. Бұл ғимараттың батыс қабырғасында кең ашық кірме қалдырылған, мұның өзі салынған жайдың қақпасы іспетті. Ішіне кіргенде балшықтан соғылған

табыттың іргесі көрінеді, одан әріде шұңқырда қылыш, найза және жебелер секілді қайсыбір қару-жарағымен, әдеттегі киімімен марқұмның мәйіті қойылған.

Қазақтар бұл өлген ханды әулие деп біледі, оның мәнісі мынадай: марқұмның аяқ жағында ғимараттың бүкіл шығыс жағына сая болып тұрған үлкен боз ағаш өсіп шыққан. Осы өсіп тұрған ағаштың өзі-ақ оның әулиелігі туралы қорытынды жасауға жетіп жатыр еді. Қазақтың бәрі оның зиратын қасиетті санап, оның алуан түрлі киесі бар деп біледі. Жыл толған күндері қазақтар бұл жерге топ-топ болып жиналып, мал сойып, бата жасайды, өздерінің киімдерінен суыртпақ қиып алып, әлгі өсіп тұрған ағаштың бұтақтарына іледі, халықтың оны есте сақтап, жоқтауының белгісі ретінде бір тал шашын қалдыратын да әдет бар. Хан зиратына қарсы бетте төрт бұрышты тас дуал тұрғызылған, ұзындығы мен көлденеңі 12 кезден. Бата жасаған күндері мал осы жерге әкелініп шалынады. Қоршаудың оңтүстік жағынан кең қақпа жасалған, сойылатын мал осы қақпадан енгізіледі.

Хан зиратының айналасында басына тұрғызылған ғимараттары ханның мазарынан кем түспейтін, тіпті, одан да еңселі басқа мазарлар көп. Олардың бірқатары төрт бұрышты, тік бітімді, енді біреулері дөңгелек болып күмбездеп өрілген. Басқа зираттар қызыл, көк баумен тоқылған шимен жабылған. Ши үстінде қазақ әдетте өздерінің батырларының зиратына қоятын оқ-дәрі мен қорғасын оқтар жатыр. Біз келгеннен екі күн бұрын бұл жерге қазақ ханы Нұралы өзінің қолымен келіп, әкесіне бата жасаған екен, батаға семіз бие сойылған.

Осы зираттан солтүстік бетте бір күншілік жерде қазақтар Арақарағай деп атайтын қалың тоғай бар. Қазақтардың айтуынша, ол ұзындығы 80 шақырымдай, ені кей тұста 10, кей тұсында 20 шақырым жерді алып жатыр. Онда аю, түлкі өте көп деседі. Осы орманның төңірегі қазақтың Кіші жүзінің ең жақсы деген көші-қон жері екен.

Хан зиратынан екі шақырым жерде Өлкейек өзені ағып жатыр, одан біз көпір салып алып өттік. Өлкейек өзені Ырғыздың оңтүстігінен ағып келеді. Таяз тұстары өте сиректігінен, одан көпір салып өтуге мәжбүр болдық. Оның ені 4 сажыннан 8 сажынға дейін, жағасы тік, құлама (146, 97—99).

Әбілқайыр данышпанның кесенесі тұрған “Хан моласы” жөнінде қалам тартқан зерттеушілер И.Г. Георги, А.И. Левшин, Н.И.Аристов, И.И.Крафт, И.В.Ерофеева, С.А.Әжіғалиев және басқа ғалымдар ол туралы құнды деректер ұсынады. Осы ғылыми еңбектерден анық-

тапатыны, Әбілқайырдың мазары құрылыс жәдігерліктерінің сапасыздығынан ХІХ ғасырдың аяғында құлай бастаған, ал оны іздеп табуын бірден-бір жолы басында зәулім өскен жалғыз терек, қайын ағашы болғанға ұқсайды. Жұрт осы ағашқа келіп тәу етіп, түнеп жүрген. Бұл жөнінде Орынбор өлкесі әкімшілігінің қызметкері И.Крафтың жазбаларында мынандай жолдарды кездестіреміз: “Орыс бодандығын қабылдаған бұл ханның (Әбілқайырдың — А.Қ.) моласын таяу арада ұрпақтарының бірі іздеп тапты. Ол Қабырға және Улькаяк (Өлкеаяк — А.Қ.) өзендерінің сағасында, Торғай қаласынан (қазіргі Жанкелдин ауданының орталығынан — А.Қ.) 80 шақырым жерде, оңтүстік-батысында тұр. Осы жердегі көптеген молалар арасында ерекшеленіп тұрған бұл моланың өзгелерден айырмашылығы — мола үстінде жалғыз тал қайың өсіп тұрғандығы. Қырғыздар көрегендікпен өз ордасын қуатты Ресей карамағына өткізіп, сонысымен өзге ордалар басынан кешкен қиыншылықтардан құтқарған бұл ханның моласына құрметпен қарайды” (10, 385).

Бұларға қоса айтпағымыз, ХХ ғасырдың ортасында (тың игеру кезеңі) “Хан моласының” орны жоғала бастаған. Оған басты себептер: Әбілқайыр басындағы күмбездің тозып құлауы, кірпіштері шаруашылыққа қажеттіліктен тарқатылып алынуы, тың игеруге сәйкес жердің ауыр салмақты түренді тракторлармен жыртылуы және әлгі айтылған зәулім ағаштың өртеніп кетуі еді. 1982—1983 жылдары халқымыздың зиялы ұлдары Ә.Кекілбаев, Ө. Жәнібеков, А. Сатаев бастаған ғалымдар мен мәдени-тарихи мұраларды қорғау Республикалық қоғамының жетекшілері “Хан моласына” ұқсас зираттарды аралады, ал бірақ Әбілқайырдың жерленген жерін жанағы айтылған жайттарға байланысты таба алмаған.

Ақтөбе облыстық өлкелік мұражайының жетекшісі, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Рысжан Илиясқызы басқарған шағын экспедиция да 1993 жылдың жазында “Хан моласы” орналасқан жерді шолып қайтқан. Ол жөнінде Рысжан былай дейді: “1993 жылы қазіргі Әйтеке би ауданына қарайтын Толыбай — Жабасақ бағытына шағын экспедициямен шыққанбыз.... Біз іздеп келген кісіміз — жырау Халық Жәнібеков ақсақал жасы жетпіс бестен асқан.... Ерте тұрып, енді баратын сапарымыз “Хан моласы” немесе Әбілқайыр хан жерленген қорымға апаратын жолды сілтеуін сұрадық. Қарт жырау көзін күннен көлегейлей: “Анау Құмшықтың сырт жағынан қасқа жол құлайды, Ақөткелден келетін үлкен жолға түсіп алып, анау жалғыз жидені көріп тұрсың ба? Сол Жуғының түбінен әрі қарай сайрап жатқан жол біреу, бұл жол — ескі керуен жолы. Аққұмнан асып

Нұраға құлайды. Жолда Ұзақтың тамы болады, содан өткенде, қашық емес, “Хан моласы” (186, 39—40). Бірақ Рысжан, бұл арала, “Хан моласы” қорымын таптық деген әңгіме айтпайды... (186, 39—40).

Осыдан кейін 1998 жылы ғалым-этнограф Серік Әжіғалиевтің басқаруымен Әбілқайыр хан жерленген “Хан моласы” ғылыми тұрғыдан тағы жан-жақты зерттелді. Алайда, ғылыми экспедицияның күш-қаражатының тапшылығынан Әбілқайыр кесенесінің орнын анықтауға мүмкіншілігі болмаған. Біздің ойымызша, “Хан моласы” деген тарихи маңызы бар жерде ғылыми-іздігіру жұмыстарын жүргізіп, оның жерленген жерін анықтаса, сөйтіп, Әбілқайыр сынды данышпанның басына осы заманғы сапалы құрылыс бұйымдарынан ескерткіш-кесене орнатылса, дейміз. Бұл Әбілқайыр бабамыздың қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерен еңбегін құрметтеген ұрпақтар парызы болар еді.

Енді бірер жолды Әбілқайыр ханның әйелдері мен бала-шағаларына бағыштайық. Әлгіде ғана айтылды, ханның Бопайдан басқа да әйелдері болған. Дереккөздерден байқалатыны, Әбілқайыр Бопайға дейін ағасы Токтамыс сұлтан өліп, оның әйеліне әменгерлік жолмен қосылады, ал Бопайға бас қосқаннан кейін де әр түрлі жағдайда екі әйелге үйленген. Бірақ көпшілік жазба шығармаларда тек Бопай ханның ғана аты аталады. Бопайдың осынша құрметке ие болуы тек төре тұқымынан шыққанынан емес, оның жеке басының қадір-қасиеті мен беделіне байланысты екенін баса айтуға тиіспіз.

Мұсылман елдеріндегідей, басқа хан-сұлтандармен салыстырғанда, Әбілқайырдың әйелдері көп болмаған. Оның үлкен ұлы Нұралы ханның 13 әйел, Абылай сұлтанның 12 әйел алғаны тарихтан белгілі. Бұның себебі, біріншіден, өмір бойы сыртқы жаулармен алысқан Әбілқайырдың жеке басына қарайтын уақытының аздығынан, екіншіден, өз басы әйел құмар адам болмаған тәрізді, әйтпесе, көп үйленуге оның да мүмкіндігі болды ғой...

Әбілқайыр хан Бопай ханымнан алты перзент сүйді дедік. Солардың бесеуі — ұл, біреуі — қыз. Ұлдары — Нұралы (1716—1790), қайсыбір деректерде оның 1710 жылы туғаны айтылады, Ералы (1721—1794); Қожахмет (1722—1749), Айшуақ (1728—1810), Әділ (1732—1750) және қызы Зылиха (1739—1750). Әбілқайырдың басқа екі әйелінен: торғауыт қалмақтың қызы Баяннан Шыңғыс (1734—1760) және башқұрт қызынан Қаратай (1743—1824) деген ұлдары туған. Мұнымен қатар, соңғы екі әйелінің бірі Баяннан екі немесе үш қызы болғанға ұқсайды (211, 390).

Ұлдарының бәрі де — соңдарына көш ерткен, өмір бойы ағ үстінен түспей өткен ержүрек жауынгерлер. Мәселен, Нұралы (1748—1786), Ералы (1791—1794), Айшуақ (1797—1805), Қаратай (1806—1816) жылдары хан тағына отырған, даңқы шыққан ел билеушілері. Бұлар туралы кітаптың алдағы тарауларында баяндалмақшы. Әбілқайырдың ұлдарынан Қожахмет пен Әділ сұлтан жастайынан өліп, олардан ұрпақ қалмаған сыңайлы. Ал, Әділдің 3—4 жастағы және Ералы сұлтанның 14—15 жастағы суретін 1736 жылы салған ағылшын суретшісі Джон Кэстль екенін жоғарыда айтып өттік.

Әбілқайыр мен Болай ханымның қызы Зылиха шамамен 1730 жылдардың соңында туып, 1750 жылдардың басында дүниеден өткен деп топшылауға болады.

Ханның қалмақ әйелі Баян туралы халық арасында әр түрлі өсек-аяң әңгімелер тараған, ол жазба деректерде кездеседі. Шамасы ол Еділ қалмақтары билеушілерінің бетін күн шалмаған ерке қызы сияқты. Егер ол қарапайым отбасыдан шыққан қыз болса Оренбург әкімшілігіне шағым айтып, әкесінің отбасына қайтаруын өтіңбес еді. Оған қоса өзін тым еркін ұстаған тоқал, мұсылмандар елінде сирек кездесетін ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықты да бұзғаны туралы алып-қашты әңгіме бар. Біз бұндай мәліметтерді Әбілқайыр ордасына 1736 жылы барып қайтқан ағылшын суретшісі Джон Кэстль жазбаларынан оқыдық. Сол әңгімелерге қарағанда, онымен көңілдес болған жас жігітті Әбілқайыр қатаң жазаға тартады да, үш күн өткен соң әлгі пақыр алған жарақатынан жарық дүниемен қоштасады.

Суретші осы оқиғаны күнделігінде былай жазады: “....маған бір күні бір абыз немесе оқымысты ғалым (себебі ол оқи және жаза біледі деп саналады) келіп, менен бір ерекше ем жасауды талап етті. Тәп-тәуір кісінің басына іс түсіп тұр екен, ол хан сарайының бір әйелімен жақындасып қойыпты, бұл соншалықты мән беретін нәрсе емес қой, бірақ хан оны қылмыс үстінде ұстап алады. Хан ойланып-толғанып оны өлім жазасына кесілсін дегенмен, оқымыстылығын ескеріп, жазасының орнына бас июге лайық “рақымшылық” жасайды. Сөйтіп күнөні немен жасаса, сонысы кесілсін дейді. Мен енді мақтауы жеткен атақты дәрігер ретінде хан қаһарына ұшыраған мүшесін басқа нәрсемен ауыстыруым керек екен. Бұл маған тым қорқынышты көрінді. Алайда мен қалай да сенімнен айрылып қалмайын деп, жабайы жылқының тезегін жағып, соның күлін пайдалануды тапсырдым. Ол қанды тоқтататын. Бұл менің даңқымды бұрынғыдан бетер асырып жіберді, оны пайдаланған ауру кісі әсері өте

жақсы деп тапты, өйткені сол арқылы қан аққаны анағұрлым тоқтады. Бұған қуанған ол өз еліне осындай шипалы нәрселерді берген Алла Тағалаға алғысын жаудырып жатты. Амал қанша, артынан, үш күннен кейін ауру кісі қайтыс болды деп естідім, өйткені, алғашқы операция кезінде білмегендіктен көп нәрсені қате жасаған” (119, 39—40).

Осылай, “қатынға жолама, қарасы жұғады”, — деген халық мақалы дөп келіп, қалмақ тоқалдың қармағына түскен әлгі бейшара жігіт басын жұтады.

Осыған орай, жігітті жазалаған Әбілқайыр өзінің қалмақ қатынын неге жазалмады деген ойлар туындайды. Әрине оның да әр түрлі себебі бар шығар. Әйелді жазаламайтын себебі, ол балаларының анасы... Ол әйел онсыз да күң орнында жүргендіктен және балаларын жабырқатпау үшін Әбілқайыр оны артық қорламаған секілді. Жалпы осы әйелдің Әбілқайырға берілуінде де мән бар... Ресей империясының жансыздары өмір бойы қалмақтарды қазақ еліне айдап салып отырды. Бұл әйел де Оренбург әкімшілігінің жансызы рөлінде арнайы тапсырмамен Әбілқайыр ордасына жіберілуі мүмкін деген болжамдар айтылып қалады (162, 207; 2, 292—293).

Тарихнамадағы құжаттарға сүйенсек, Әбілқайырдың өз кіндігінен жеті ұлы мен бірнеше қыз туған. Әлгіде айтқанымыздай, бірінші әйелінен туған қызын Кіші жүздегі атакты Жәнібек сұлтанға ұзатқан және Бопайдан туған қызы Зылиханы Әбілпейіз сұлтанға (Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің ұлы) беруге құда түсіп қойғанда, қызы дүниеден озды. Тағы бір қызын Кіші жүздің Абығай сұлтанына береді. Қалмақ әйелінен туған бір қызына Бұхара ханы Абулфаиз құда түскен, бірақ оның қазасына байланысты осы қызын Жоңғар ханы Сыбан Доржыға беруге уәде етеді.

Ресей елшісі М.Тевкелевтің 1748 жылғы жазбаларында көрсетілгендей, Әбілқайыр өзінің туған ағасы Тоқтамыстың және әкесі Қажымен бірге туған ағаларының қыздарын да текті жерлерге ұзатқан. Мәселен, олардың қыздарының біреуін Кіші жүздегі Батыр сұлтанға күйеуге берген болса, Қарашаш атты сұлуды жас батыр Абылай сұлтанға ұзатқан, кейін ол Орта жүздің ханы болды (1771—1780). Қарашаш Абылайдың бәйбішесі. Осы Қарашаш әжесі туралы алғашқы қалам тартқандардың бірі Ш.Уәлиханов: “Әбілқайыр ханның әлде Қайыптың қызы болуы керек” деп екіұшты әңгіме айтады. Қарашаш Әбілқайырдың ағасы Тоқтамыстың қызы екені тарихи құжаттармен дәлелденеді (2, 293—294; 211, 391).

Әбілқайыр аға-інілерінің бір қызын Арал ханы Шах Темірге ұзатады, оның есесіне, інісі Бұлқайырдың баласы Досалы сұлтанды Хиуа ханы Шерғазының қызына үйлендірген.



Қыс кезіндегі қазақ аулы. Карл Оникенің суреті.

Болай ханының туған бөсе а, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шығанды ауданындағы Шығанды кенті. Әсіресе, ұлы ұлы Мұралы, Нұралы хан әулетінің немерелерімен қызыл-шоберелер жерелі. Тарихи деректерден бізге қол жеткенде мұндай бөсулер тек қазіргі Шығанды кентінің маңында Болайдан көрген кенже ұлы Әділден тек екі немере — Тұрсын мен Ағымды сүйді. Қожахметтен және қалмақ әйелінен туған Шыңғыстан үл балалар қалған жоқ. Башқұрт әйелінен көрген Қаратайдан төрт ұл туды. Әбілқайыр ұрығынан тарайтын қыздары көп болғанмен, дереккөздерде Зылиқа мен Қарашантан бөтендерінің аттары аталмаған.

Әбілқайыр хан көп немерені ұлдарының үлкені Нұралы сұлтаннан корді. Ол, шамамен 1716 жылды (қайсыбір деректерде 1710 ж.— А.Қ.) туған. 1748 жылы әкесінің қазасынан кейін мұрагерлік дәстүрмен хан тағын иеленеді. Нұралы хан өмір бойы байлық пен сөн-салтанат аясында өмір кешті, оның әйелі мен балалары да көп еді. Әкесі Әбілқайыр әйгілі батыр, қолбасшы, хан болса да, қазақ елі үшін ұшан-теңіз көп еңбек сіңірсе де, әйелінің саны төртеуден асқан жоқ еді.

Ал, Нұралы ханның көп әйел алғандығы соншалық, И.Г.Георгидің мәліметіне қарасақ оның 12 әйелі, А.И.Левшиннің жазуларына жүгінсек 16 әйелі, тағы бір деректерде 13 әйелі болғаны көрсетілген. Қайсысынікі дұрыс болса да, ханның әйел жаны екепі байқалып тұр. Көп дереккөздердің бірінде Нұралының әйелдерінен 75 бала туды десе, А.И.Левшиннің айтуынша 66 перзент көрген. Солардың ішінен ұлдарының саны қырыққа жетеді. Тарихнамалағы құжаттарда Нұралы ханның ұлдарының аты-жөні былай жазылған: Есім, Бөкей, Физалы, Қожахмет, Бабық., Шотқара, Бөлке, Пірәлі, Бегәлі, Елтай, Есенәлі (Есентай), Жалтыр, Есәлі, Қаратай, Қондырау, Жіненәлі, Бердіғали, Қолтай, Мындыәлі, Сейдәлі, Сығай, Қопа, Жарас, Қорқылта, Айтөре, Артыкәлі, Шөке (Шорман), Мұхамедғали (Мәмбетәлі), Абылай, Арслан, Бердіәлі, Орман, Өзбекғали (Жаксысарт), Жүсіп, Дербісәлі, Фазылбек, Нәдірғали, Сапақ, Шығай, Тенгәлі сұлтандар (211, 392).

Ресей императорының алдында алғаш рет әкесінің атынан бодандықты қабылдауға ант беріп, 1734—1738 жылдары патша ағзамның аманатында болатын Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы сұлтаннан туған ұлдарының дереккөздерде аттауының аттары аталады, олар: Темір, Жантөре, Анақ, Болөкей, Бабу, Қоян сұлтандар...

Ал үшінші баласы қызу қаны, ер мінезді Айшуақ сұлтаннан Әбілқайыр 20 немере көрген сыңайы бар, олардың аттары: Сығали, Сапақ (Сақамғали), Жантөре, Аймұхамет, Шерғазы (Серғазы), Бай-

Әбілқайыр хандығының негізін қалаушы Батыр сұлтан (1678—1730) ұрпақтарымен немерелерінің ұрпақтарымен бірге 1678—1730 жылдар аралығында құрған Әбілқайырдың өз ұлдарынан: Нұралы (1748—1786), Ералы (1791—1794), Айшуақ (1797—1805) болса, немерелерінен Есім Нұралыұлы (1795—1797), Пірәлі Нұралыұлы (1770—1815), Жантөре Айшуақұлы (1805—1809), Серғазы Айшуақұлы (1812—1824), Бөкей Нұралыұлы (1802—1815), Каратай (1806—1824), Сығай (1816—1824), Бөкей (1780—1808), Темір (1817—1824) елі, Мәселені, Бөкей Ералыұлы (1740—1741), Ағым Әліұлы (1770—1771) немерелері бір жылдары Хиуа хандығын басқарды. Оның шөберелерінің ішінен хан тағында: Қасым (1808—1827), Мамы (1817—1824), Жәңгір (1824—1845), Қайыпқали (1830—1850), Сауқым (1837—1843) отырды (174, 46—144; 211, 393). Осылардың арасында жап-жақты білім алып, Бөкей ордасында ұзақ жылдар хандық бишікті ұстаған атаклы Жәңгір хан да бар.

Әбілқайыр хан ұлдарына келіндерін де ата-тегі белгілі, атакты хан, сұлтан, би, батырлардан тусірілі. Мысалы, үлкен ұлы Нұралының Барак сұлтанның ағасы Қуниі сұлтанның қызына үйлендірді. Екінші ұлы Ералы сұлтанға Хиуа ханы Елбарыстың қызын алып берген. Болай ханымен туған кенже ұлы Әлілі Хиуа ханы Шах-Темірдің қызына кесті. Ал інісі Досалы сұлтанға Хиуаның тағы бір ханы Шерғазының қызын алып бергені жоғарыда айтылды.

Әбілқайыр ханнан өсіп-өнген Қажы сұлтан әулетінде ержүрек ұлдар ғана емес, сұлулығымен жұрты тандандырған қыздар да көп болған. Осыған орай, күбеу балалары да беделді жердің ұлдары елі. Күбеулердің ішінде Батыр сұлтанның баласы Қарабай сұлтан, Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіз (1783 ж. өлген) сұлтан және Кіші жүздегі алты аталы Әлім руының ханы Арынғазы (1815—1821), сондай-ақ Хиуа хандары Елгүзер (1804—1806), Аллақұлы (1826—1842) және Мұхаммед Әмиг (1846—1855) болғаны көп нәрсені аңғартады. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің сүйікті әйелі татар қызы Фатимадан (Оренбург) мүфтіі Мұхаммед Есілжанның қызы) туған қызы Зылықа қазақ әйелдері ішнен алғаш рет еуропалық білім алып, өркениетті елдердің қыздарының салтымен өмір кешкен. Айта берсек, Әбілқайыр хан ұрпақтарының көпшілігі ХІХ ғасырда Оренбург, Қазақ, Петербург сияқты іргелі қаларда, өркениет пен мәдениеттің дамыған ордасында білім алды. Сондай-ақ, Әбілқайыр хан өз туыстарын ел бекетіне ісіне де бейімдеді. Кіші жүзді түтелдігі өз қолына алатын қарабағының ағасы Әбілқайыр хандың

руларын басқаруды ағасының баласы Қылышқали Токтамысұлына, інісі Бұлқайырдың ұлы Досалыға және екі күйеу баласы Жәнібек сұлтан мен Абылай сұлтанға тапсырды. Әбілқайыр данышпан қырысыры мол ел билеу қаракетінде бабасы Шыңғыс ханның жолын ұстанды. Ол ел басқару ісінде әкесі Қажы сұлтанның інісінің ұлы Нияз бен оның балалары Қарабас, Досмұхаммед, Ұрұс, қайынағасы (Бопай ханымның ағасы) Дербісәлі және басқа да туажаттарына арқа сүйеді.

Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан екі әскери генерал шықты. Біріншісі — Бөкей Ордасының ханы Жәңгір генерал атанса, екіншісі — оның баласы Ғұбайдолла еді. Қазақтан тұңғыш генерал-лейтенант дәрежесін алған, осы Ғұбайдолла патша үкіметінде әскери қызмет атқарды, Балқан соғысында орыс әскерінің қолбасшылық дәрежесіне көтерілді.

Ал, Айшуақтың бір баласы Жантөре — хандық биліктен гөрі, өнер жағына бой ұрған, белгілі күйші. “Шалқыма”, “Көбік шашқан” секілді бірнеше күйлердің авторы. Өкінішке орай Әбілқайырдың осы немересіне, тарихта хан мен сұлтандар арасында жиі кездесіп тұратын баққұмарлық пен таққұмарлықтың кикілжіңінен, тағдыр немере ағасы Қаратайдың қолынан қаза табуды жазыпты.

Қорыта айтсақ, Әбілқайыр хан 1748 жылы қайтыс болғанға дейін Қазақстан — Орта Азия, Қазақстан — Жоңғария, Қазақстан — Ресей, Қазақстан — Парсы елдері арасында халықаралық қарым-қатынасты дамытып, саясаттың алғы төрінде өмірін өткізді.



ӘБІЛҚАЙЫР СЯСАТЫ НҰРАЛЫ ХАННЫҢ АЯСЫНДА



*Бұл дүниеде ар-намысы мол, зерделі адамдардың
бағасы жолбарыстың құнындай, жарамсыз мінезді
жандардың бағасы иттің құнындай-ақ.
Ит анды ұстаған жерінде жейді,
ал жолбарыс алған аңын
ұстаған жерден аулақтау оңашада жейді.*

Данышпан Кайкаустың ұлы Гиляншахқа
айтқан өсиетнамасынан...
Қабуснама, XI ғасыр (151, 8).

Біз өткен тарауда Әбілқайырдың өз кіндігінен тараған жеті ұлы мен бірнеше қыздары жөнінде біршама әңгімелеп өттік. Енді осылардың ішінен ел билеу дәрежесіне көтерілген ұрпақтарының іс-қаракеттеріне шолу жасамақпыз. Көшпенділердің ата-баба дәстүрі бойынша, әке иелігіне мұрагерлікпен оның үлкен ұлы, яғни Әбілқайырдың тағына Нұралы отыруы табиғи заңдылық.

Нұралы Әбілқайырұлы — қазақ қоғамындағы белгілі тарихи тұлғалардың бірі болғандықтан, қай заманда да оқырман қауымның қызығушылығын білдіріп келеді.

Ол өмір сүрген кезеңде Ресей империясы Қазақстан жеріне басып кіріп, отарлау саясатын кеңінен жүргізгені мәлім. Патша үкіметі қазақтың сайын даласындағы қоғамдық-саяси өмірден қапы қалмай өз бақылауында ұстауды мақсат тұтып, Әбілқайыр ұрпақтары жөнінде бар мәліметті патша ағзамның сарайында топтастыруға тырысты. Бұндай дереккөздер — қазақ хандарының, сұлтандарының, би-батырлардың жанындағы тілмәш хаттары мен хабарламаларынан, Кіші жүзде болған әскери қызметкерлердің сан-алуан есептерінен, тыңшы-саяхатшылардың күнделігінен, зерттеушілердің жинаған аңыз-әңгімелерінен шығатын еді. Оларды ғылыми айналысқа енгізу сол дәуірдің өзінде-ақ басталды десек көп қателеспейміз. Әбілқайырдың тұңғыш ұлы Нұралы сұлтан “хан” деген атпен алғаш рет П.И.Рычковтың “Орынбор тарихы (1730—1750)” шығармасына енді. Міне

осыдан кейін ғылыми экспедиция құрамында болған П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.П.Фальк, Н.П.Рычков (П.И.Рычковтың ұлы, орыс офицері) зерттеулерінде Кіші жүз ханы деп жазылып жүрді. Мәселен, “Капитан Николай Рычковтың 1771 жылы Қазақ даласына жорығының күнделік жазбаларында” Нұралы ханмен кездесуі былайша суреттеледі: “Осы арада біз ханның жорық үйлерін және қостарын тіккен қазақ қолын көрдік. Хан қосынына жақындағанда оның бізді қарсы алуға жиналған елбасыларының ортасында отырғанын байқадық. Олар бізге осы жерде аттарымыздан түсіп, хан отырған тұсқа жаяу баруымыз керек екенін ескертті. Біз бұл рәсімді орындап, ханды қоршаған адамдардың арасына кірдік, біз келгенде олардың бәрі орындарынан тұрып, бізге жол берді. Хан қалың кілем үстінде, екі ұлы Есім және Пірәлі сұлтандардың ортасында отыр екен. Есім сұлтан, үлкен болғандықтан, оң жағында отырды, екіншісі, түркімен ханы болғанына қарамастан, сол жағында отырыпты.

Хан бізді көріп, Ресей әскері жақындап келе жатқаны туралы хабарды естігеннен кейін, өзінің ризалығы мен қуанышын білдірді. Бұл әскерді ол асыға тосып отыр екен. Оның айтқан сөздерінің бәрінен ұлы мәртебелі патшайымның дегенін орындамақ жігері мен құлшынысы анық көрінді, қалмақтардың ауа қашуы (өңгіме Еділ бойындағы қалмақтардың 1771 жылы ата-қонысына, яғни бұрынғы Жоңғар хандығына қарай үдере көшуі жөнінде — *А.Қ.*) туралы айтқан сөздері баршамыздың ден қоюымызға лайық болды. Хан өзі Ресей бодандығына кірген уақыттан бері мейірімі мол әміршіге өзінің шын ниетімен берілгендігі мен адалдығын дәлелдеудің орайы келмегенін әрдайым қынжыла ойлап жүреді екен; мына қалмақтардың ауа қашуы осының орайы болып, енді хан өзінің әлгіндей құлшынысын көрсетуге шамасы жеткенінше күш салатынын айтты” (128, 101—102).

Осылардан бірсыпыра уақыт өткенде А.И.Левшин, Л.Л.Мейер секілді зерттеушілер Кіші жүз тарихына қалам тартып, Қажы сұлтан әулеті билік жүргізген кезенді саралай түсті. Жалпы, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тарихнама Нұралы бастаған Әбілқайыр ұрпақтары дәуірін күрделі кезең ретінде бағалап, Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатын ақтауға талпынды. Қазақ ханы Нұралыны әлсіз хан санатына қосты, ал қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты хандық билікті жоюға қарсы арандатылған әрекеттердің бірі деп санады (179, 3—4).

Ал, Қазан төңкерісінен бастау алатын кеңестік тарихнамада XVIII ғасырдың оқиғаларына ерекше мән берілді. Өйткені, жеңімпаз орыс жұмысшы табының ролін асыра дәріптеу, оны өзге ұлттарға

“үлкен аға” ретінде таңу Коммунистік партияның басты қағидаларының бірі еді. Сонымен, Ресей империясының отарлау құлқынына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық күрестің бір ұшы хандық билікті әлсіретуге арналған қаракеттер деп түсіндіруге тырысты. Кеңестік тарихшылар М.П. Вяткин, А.Ф.Рязанов, А.Сабырханов және тағы басқалары Әбілқайыр ұрпақтарына қатысты көлемді дереккөздер жинағанымен, сол дәуірдегі таптық көзқарастың талабынан әрі аса алмады, — дейді тарихшы Ә.Қ. Мұқтар (179, 4).

Қазақ тарихнамасындағы мәліметтерді жаңаша зерделеуге, Алла Тағалаға шүкір, тәуелсіздіктің арқасында қол жетті. Осы тұста Әбілқайыр әулетінен шыққан билеушілердің қоғамдық-саяси қызметіне Ә.Кекілбаев, Ж.Қасымбаев, К.Есмағамбетов, С.М.Мәшімбаев, Ә.Қ.Мұқтар, Ұ.Ахметова, С.Өгенияз сынды зерттеушілер замананың жаңа қырынан талдау жасауда. Еліне қадірлі нар тұлғалар бейнесі қайта оралып, тарихнамадан өз орындарын алуы қуанарлық жайт.

Енді, Әбілқайырдың қазасына байланысты оның үлкен ұлы Нұралыны қазақ хандығына сайлау мәселесін тілге тиек етейік. Оренбург өлкесінің губернаторы Иван Неплюев қалыптасқан жағдайда басты оқиға жаңа хан сайлау екендігін түсініп, орталықтан ақыл-кеңес сұраған 1748 жылғы 3 қыркүйектегі оның хаты ерекше назар аударуға тұрарлық. Қазақ даласындағы дәстүрлі хандық билікті Ресей императорына тәуелді ету жолдары сонау губернатор В.А.Урусов тұсынан белгілі болғанымен, оны нақты жүзеге асыру Оренбург әкімшілігіне жетпегенін осы хабарламасында баса айта отырып, И.И.Неплюев өзінің Кіші жүзге жіберген жандайшаптарына хандық билікке таласқандардың қай жағы мықты болса, соларға “иіліндер” деп кеңес бергенін жасырмаған. Хан ордасына жіберілген қызметкерлеріне губернатор сегіз бөлімнен тұратын арнайы нұсқауды қоса жөнелтеді. Оның төрт бөлімінде хан сайлау талқыға түскен сәтте, сайлауға қатысатындарға оны бекітуді патша ағзамнан сұраған дұрыс, оған дейін хан деп жазылмасын, ал бұны император сарайының бекітуі барлық халыққа және жаңа сайланған хандарға едәуір тиімді, өзге билеушілерге қарағанда атақты болады деп иландыруға күш салды. Нұсқаудың бесінші бөлімінде құпия түрде тілмәшқа қазақтар қалаған адамын хан сайлаған кезде, оған араласпау, бірақ қай жақ басым түссе, соларға бас бұру қажеттігі қатаң тапсырылған. Хан сайлау мәселесінде И.И.Неплюев пен М.Тевкелевтің өзіндік дара пікірлері де болғаны мәлім. Мәселен, бригадир М.Тевкелев қазақтарға бір бас хан жеткілікті, сол арқылы қалған ордаларды тәртіпке шақыру оңай

десе, губернатор қазақ халқына хан деген лауазымның тіпті керегі жоқ, ол зиян болуы мүмкін деп бет бақтырмаған.

Осыдан И.И.Неплюевтің саясатын іс жүзіне асыру мақсатында Кіші жүзге аттанған тілмәш Якуб Гуляев пен Көбек Қарақұм қонысындағы хан Ордасына 4 қыркүйекте жетеді. Көп ұзамай Ордада ақсақалдар кеңесі өткізіледі. Кеңесте алдымен, Кіші жүз бен Орта жүздердегі шайқалған жағдайды қалпына келтіру және жаңа хан сайлау; екіншіден, ханды өлтірген Барақ сұлтаннан кек қайтаруды ұйымдастыру шаралары талқыланған. Бұл кезеңде Әбілқайыр хан ұрпақтарын өз айналасына топтастырып, әке арманы — тақты мұрагерлік жолмен иеленуді қолдаған Бопай ханым іске белсене араласты. Ханымның осы тұстағы ұйымдастырушылық қабілеті мен саясаткерлігі Я.Гуляевтің күнделігінде айтылған. Кіші жүздегі 1748 жылдың 4 қыркүйегінен 7 қазанға дейінгі басты оқиғалардың бәрі тілмаштың жазбасында шашауы шықпай тіркелген. Оған назар аударсақ, қиынқыстау сәтте Әбілқайыр ұрпақтарына Кіші жүз бен Орта жүз ел ағаларының қолдау көрсеткендігіне толық куә болатындай деректер баршылық. Я.Гуляевтың Батыр мен Барақ сұлтандардың іс-қаракеттерін де барынша қағаз бетіне түсіруге тырысканы күнделігінен көрініп тұр.

1748 жылғы 12 қыркүйекте Бопай ханымға Жәнібек тарханның баласы Жауқайтар мен туысы Жанәлі келгені жайлы да хабар бар. Олар Жәнібек батырдың Барақ сұлтанды ұстап Әбілқайыр балаларына әкеліп берем деген сәлемін жеткізеді. Бұнымен қатар, олар Бопай ханым мен Ералы сұлтанға Хиуаға Қожахмет сұлтанды, Кіші жүзге бас хан ретінде Нұралы сұлтанды, Ералы сұлтанды Орта жүзге хан сайлау мүмкіндігі бар екенін айтқан.

Қыркүйектің 21-і күні Борсық құмын жайлаған Нұралы сұлтан шешесіне Алшынның 104 би мен батырларын ертіп келген. Олардың ішінде, атақты: Ақкете Алшыннан — Алтай батыр, Алаша Алшыннан — Байсал, Жаппас руынан — Баймұрат, Шекті руынан — Бақтыбай, Байұлы — Шайқылардан Байтерек пен Көбек мырза, Керейт руынан — Көшімқожа, Машқар руынан — Жәдік би және басқалар болған (94, 124; 89, 168).

Хан сайлау қарсаңында Кіші жүз Алшындардың барша би, батырлары ел бірлігін сақтау үшін Батыр сұлтанды да өз жағына тартуды мақсат етіп, оны билер кеңесіне шақыруды мақұлдаған. Олар сұлтанның артында оны қолдайтын Кіші жүз руларының бірсыпыра аталықтары тұрғанын және Барақтан кек алар кез туса бірлесу қажеттігін ойласа керек. Олар өз шешімдерін 24 қыркүйекте Нұралы

сұлтанға айтып: “Батыр сұлтанды кеңеске шақыр, Баракқа қарсы аттанарда оны да ала кетуің керек”, — деп кеңес береді. Әбілқайыр үшін кек алу және хан сайлау мәселесінің маңыздылығына орай, билер Жәнібек тарханның жолда келе жатқанын ескеріп, бұл мәселелерді Орта жүздің қатысуымен шешуді жөн көреді.

Тархан жанында Орта жүзден 16 адамы бар, оның үшеуі би, үшеуі батыр 27 қыркүйекте хан ордасына жетеді. Сол күні тархан кеңесте Батыр сұлтанды шақыруға Нұралының көзін жеткізіп, Шөмекей руынан Жайылған биді, Шектіден — Сырлыбайды, Мөңке мен Бапы биді, Шайқылар әулетінен Көбек мырзаны жұмсайды. Міне, бұл “бір жеңнен қол, бір жағадан бас” шығарып ортақ шаруаны бірлесіп шешуді көздеген қазақтың ел ағаларының бір ғана ісі. Ал Батыр сұлтанның ақсақалдар кеңесіне бармауының бірнеше себептері болса керек. Біріншіден, сұлтан кеңеске барса, құдасы әрі өзімен аталас бауыры Баракқа қарсы топқа қосылуға тиіс. Екіншіден, қайынатасы Әбілқайырдың өліміне жауапты адамдардың бірі. Үшіншіден, Батырдың ұлы Қайып Хиуада хандық құрып отыр және Хиуа ханы Парсы елімен достық қарым-қатынаста. Қазаққа Батырды хан сайлау Ресей империясының саясатына кері әсерін тигізбекші. Осыларды ескерген патшаның жандайшаптары “Батыр сұлтан кеңеске барса, ұсталуы мүмкін”, — деген сыбысты әдейі таратып, Батырдың хан сайлауына қатыспағанын қалаған.

Кіші жүздегі хан тағынан дәмелі үшінші үміткер Барак сұлтан ақсақалдар кеңесіне “қара бет атанып” келе алмайтын, ол кеңесті алыстан бақылап қана отырды. “Барак сұлтанның жан-жағынан үміті нашар, оның ойынша, тек қалып отырғаны Жоңғар билеушісінен бодандық сұрау”, — деген М.Тевкелевтің хабарламасы мән-жайды байқағандығынан.

Сонымен, көптен күткен хан сайлауында талқыға түсетін бірден-бір үміткер Нұралы сұлтан Әбілқайыр ұлы еді. Кеңес өз жұмысын 1748 жылы 2 қазанда Ырғыз өзенінің сол жақ саласында Қайыңды өзенінің бойында бастады. Халық кеңесіне Кіші жүз бен Орта жүзден 1000-нан астам қазақтың игі жақсылары қатысқан. Олардың қатарында Орта жүзден А.И.Левшиннің айтуынша, “әрқашанда Әбілқайыр жанынан табылатын” Жәнібек тархан мен бірнеше қазақтар, П.И.-Рычков пен Н.П. Рычковтың байқауынша, арғындардан тек қана Жәнібек батыр болған. Мұрағат деректерін сараптағанда Орта жүзден хан сайлауына арнайы келген Керей Наурыз биді, Шақшақ руынан Қойсары биді, осы рудан Жәлменбет би мен Құдайшүкір батырды көреміз. Кіші жүзден Шекті, Қаракесек, Тортқара, Шөмекей, Алаша.

Кете руларының және Қитжан аташығының би мен батырлары қатысқан еді. Қол қойып, Нұралыны хандық таққа отырғызғандар арасында, оның өзі басқаратын 12 ата Байұлыдан тек Алашаны байқасақ, Жетірудың би, батырлары мен Есет батырдың аттары аталмайды. Соған қарап, Нұралыны хандық таққа лайықсыз немесе қазақ елбасылары қолдамады деген ой тумаса керек. Мәселен, алдымен Орта жүзден арғын Жәнібек тархан бастаған бірнеше рулардың би, батырлары, кейінірек Абылай сұлтан нөкерлерімен келеді. Сонымен бірге тархан Бопай ханымға өзінің бүкіл Орта жүз атынан келгендігін айтқан. Оның Орта жүздегі үлкен ру — арғындарды билеуі және Қанжығалы Бөгенбай батыр, Абылай сұлтандар атынан сөйлеуі, Жәнібектің Орта жүз мойындаған елбасы екендігін көрсетеді.

Дегенмен, олардың Я.Гуляев жазған тізімге енбей қалуы, бізді түсініксіз саясатқа жетелейді. Бұл кезде, түгел Жетіруды басқарған Есет тарханның хан сайлауына ұрпақтарымен келмегені рас, бірақ ол Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтарының іс-қаракеттеріне еш уақытта күмән келтірмеген, тілектес адам. Осы жолы болмаса да, кейін Оренбургке Нұралы ханды қолдау үшін бүкіл Жетірудың би, батырларын бастап барғаны мұрағаттағы деректермен толық дәлелденеді.

Мұнымен қатар, Нұралыны хан сайлауға қазақтың мыңнан аса игі жақсыларының қатысуы, оның көпшіліктің құрметіне ие болғанын байқатады.

Жалпы, орыс патшасының жандайшаптары деректерінде хан сайлауы жөніндегі мәліметтер екі үшты берілген. Мысалы, хан сайлауына қатысып, оны өз көзімен көрген Я.Гуляев Нұралыны сайлауға келген рулар ішінен тек 10 бас би арнайы тігілген киіз үйге кіріп, сайлауды өткізді деп сынаржақ мәлімет түсіреді. Осы хабарламаны негізге алған патша үкіметінің қайсыбір зерттеушілері “Әбілқайыр хан өлген соң, И.И.Неплюев хандық билікті тоқтата да, тіпті сайлауды тікелей Әбілқайыр ұрпақтарынан басқа адамға бағыттай да алмады. Осы тартқыншақтық кесірінен екі қателікке ұрынды. Біріншіден, халықтың көпшілігі хандық тұғырда Әбілқайыр жанұясынан басқа ешкімді көргісі келмеді; екіншіден, қазақтардың әдет-ғұрып, мұрагерлік құқығы бойынша хандық билік балаларына емес, қайта өлген ханның аға-інілеріне тиесілі еді”, — деп жаңа хан сайлау үрдісін өзгеше бағытта сөйлеткісі келеді. Ал А.И.Левшин, А.И.Макшеев, А.Ф.Рязанов Нұралыны хан сайлаудағы Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің рөлін асыра бағалаған. Олардың пікірінше, губернатордың қалауымен ғана Нұралы хан болған. Мұрағат құжаттарын мұқият қарасақ, Нұралы сұлтан қазақтың игі жақсыларының қолдауымен, өз

қабілетімен, анасы Бопайдың және Жәнібек тарханның ерекше қамқорлығымен хан тағына жеткендігі байқалады. Сырттан келген Я.Гуляев нұсқауға сай тек бақылаушы ролін атқарды. Оның міндеті қазақ елбасыларымен өткен кездесулерде, Нұралыны хан сайлағаннан кейін патша ағзамға бекіттіру қажеттігін түсіндіру еді. Оған дәлел ретінде, 1748 жылғы 5 қазанда тілмаштың ұйымдастыруымен Елизавета патшаға Бопай ханым, Нұралы сұлтан, Кіші жүз бен Орта жүзден 33 батыр мен билерден жазылған үш хаттың мазмұнының өзара ұқсастығын келтірсе жетіп жатыр. Я.Гуляев хатқа хан сайланған Нұралыны “сұлтан” деп жаздырып, хандық лауазымды патшадан сұраттырады (179, 8—9). Бұған қоса А.Сабырхановтың айтатыны, Я.Гуляев Нұралы мен Бопай ханымды Петербургке қазақ елшілігін жіберуге көндірген (44, 97—123).

1748 жылы 6 қазанда Нұралы сұлтан Я.Гуляевпен бірге Оренбург арқылы Санкт-Петербургке Әбілқайырдың күйеу баласы Жәнібек сұлтанды, аманаттағы Айшуақ сұлтан жанындағы Бәйбек төлеңгітті және Кіші жүздің 5 руынан бір-бірден өкіл алып, барлығы 7 адамды аттандырады. Тарихшы В.Н.Витевский елшілер қатарында Асабай, Қожақұл, Мамыт, Малыбай, Өмірзақ, Боранбай, Тәңірқұл бар деп, осы мәліметті толықтырады. Олардың арасынан Асабай батыр Оренбургке жетпей жолда қаза тапқан. Нұралы ханның Петербургке алғашқы елшілігін басқарушы Кіші жүздің сұлтаны Жәнібекті тархан Жәнібекпен шатастырушылар да бар екендігі жоғарыда айтылды. Ал Айшуақ сұлтан жанындағы Бәйбекті сұлтан немесе Әбілқайыр ханның ағасы деп жазушыларға айтарымыз: ол қара сүйек төлеңгіттен шыққан батыр, кезінде хан сарайына қызметке алынған. Кейін адалдығын ескеріп, Әбілқайыр хан оны Оренбургтегі Айшуаққа қамқоршы, әрі ақылшы ретінде ұстаған. Міне, осы Бәйбек батыр орыс әкімшілігімен де майлы қасықтай араласады, елшілермен бірге Оренбургке 17 қазанда жеткен Бәйбек Кіші жүздің ішкі жағдайын әкімшілікке толық баяндайды. Оның көрсетуінше, Кіші жүздің би мен батырлары Нұралы сұлтанды хан сайлауында толық қолдаған, ал Әбілқайыр қазасына байланысты Барак сұлтаннан да кек алуға келіседі. Осы тұста хан ордасына келген Жоңғар елшісіне қосып, Нұралы хан да өз елшілігін оларға аттандырған. Ондағы мақсаты әкесінің өлімін естірту және өзінің Кіші жүз бен Орта жүзге хан сайланғанынан хабардар қылу, қазір Ресей патшасының бекітуін күтіп отырғанын жеткізу, ең бастысы, Барактан кек алу еді.

Нұралыны сайлауға келгендер ішінен ең соңынан, хан Ордасынан Жәнібек тархан аттанады. Бір ерекшелігі, оның жанында орыс

казактарымен ауыз жаласып жүрген башкұрт Смайыл Әбдіразақов еріп жүрген. Осы тыңшының хабарына сенсек, Нұралыдан кеткеннен кейін тархан Батыр сұлтанмен кездеседі. Бұл арада Жәнібек казактардың Нұралыны хан сайлағанын айтып, енді Батыр сұлтанның хандықтан дәметуі пендешілік екенін ескерткен тәрізді.

Бірақ, Жәнібек тархан қайтып кеткен соң, Батыр сұлтан өзінің қыңырлығына басып, Шөмекей руының басым көпшілігіне, Төртқара, Кішкене Шекті және Қарасақал руының осы қалай деген бір бөлігіне ақ киізге көтергізіп, 15 қазанда өзін хан тағына сайлатады (47, 96—97; 179, 10).

Хош сонымен, 1748 жылдың қазан айында Кіші жүзде казак билері сайлаған екі хандық орнады. Нұралы ханға негізінен Жайық өзені бойларындағы және Ор, Елек, Жем, Ырғыз өзендері алқаптары мен Арал теңізінің солтүстігі қарады. Батыр ханға Арал теңізінің шығысы мен Сырдария жағалауларындағы ұлыстар бағынды. Мұндай бөлінуге қарамастан, Кіші жүз рулары өзара аралас-құралас көшіп-қонуды жалғастыра берді. И.И.Неплюев өз күнделігінде, кезінде Әбілқайырдың қарауында болған Төлемісбай би басқарған шектілерден 500 түгін, Бәйбек биге қараған шөмекейден 200 түгін, Көшебай бидің басшылығымен төртқаралан 300 түгін Батыр ханға көшті деп жазады. Қаракесек-Әлім ұлдарының бұлайша Сыр бойына қарай көшуі Батыр ханды жақтауынан немесе Нұралы ханға өкпелеуінен болған деген бір жақты пікір орын алмауы тиіс. Бұл арада ең басты мәселе мал жайылым қажеттілігінен туған қаракет еді. Негізінен жоғарыда аталған үш рудың көші-қондары бұрыннан да Сыр бойында екенін ұмытпау орынды.

Кіші жүздегі хан сайлауымен қатар, Барактан кек алу жайы да бірнеше мәрте талқыға түсті. Кеңестің алғашқы кезеңінде, шамамен



Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі.
Шоқан сызған. XIX ғасыр.

27 қыркүйекке дейін Алшындардың қолдауымен Әбілқайырдың отбасы қарулы күш жасақтап, Баракты жазалауды ойластырғанын бұрыннан білеміз. Бірақ Орта жүзден Жәнібек тархан келген соң, бұл мәселе алдағы жылдың көктеміне дейін қалдырылған тұғын. Оның себебі тарханның Баракқа қарсы саясатта “солқылдақтық жасады” деген пікірді бүгінде қолдау, ақиқаттан аттағандық. Шынтуайтында, Жәнібек тархан өзінің досы Әбілқайыр хан аруағына қиянат жасамаған адам. Оның ойлаған арманы алдымен ел бірлігі еді. Осы мақсатпен уақыт созып, кек алуды көктемге дейін қалдыруды ойлауы екі жақты бейбіт келістіру, ел арасын шиеленістірмей, қайта табыстыруды көздеуі. Бұл арада Оренбург әкімшілігінің беделді қызметкері, ғалым В.В.Вельяминов-Зерновтың “Жәнібек тархан Түркістаннан Барактың қызы мен баласын барып алып келді. Мақсаты араздасушы екі жақты құдандалы етіп табыстыру” деген түйіндемесі құптауға тұрарлық (47, 96—103). Оның немен тынғаны өткен тарауда айтылды.

Патша үкіметін екінші бір ойландырған жайт, Нұралының билік таққа отырысымен, Кіші жүз руларының көкейтесті талабы — жер, жайылым мәселесіне де ерекше назар аударуы. Жана ханның қыс мезгілінде Нарын құмын қыстауға рұқсат алу қадамдарына Есет тархан, Әжібай би, Алтай мен Бактыбай батырлар, Арал мырза қолдау көрсетті. Оренбург әкімшілігіне 1748 жылдың 24 желтоқсанынан 1749 жылдың 8 ақпанына дейін түскен хат-хабарларға назар аударсақ, дала беттегі жаздың ыстығынан шөптің күйіп кетуі, ал қыста қардың қалың жаууы, Нарын құмына өтуге басты себеп ретінде көрсетілген. Қалың көпшілік Жайықтан алысқа көшсек өзіміз де, малымыз да қырылады деп уәж айтқан. Ел басыларының қайта-қайта өтінішіне байланысты патша үкіметі Нарынға тек қана малдарды және оны қарайтын малшыларды өткізуге рұқсат еткен. Мұндай мүмкіншілікті он екі ата Байұлы мен Жетіру ауылдары ғана пайдаланған да, ал Бактыбай би бастаған Шекті жұрты қыстың қытымырлығына қарамастан Жем бойында қала береді.

Тақырыбымызды толық қамту үшін, осы арада, патша үкіметі тарапынан Нұралы ханды ұлықтау жөніндегі салтанатқа, одан кейінгі болған келіссөздерге тоқтала кетсек артықшылық етпес.

Оның бастапқы жөн-жобалары 1749 жылғы 2 мамырда патшадан И.И.Неплюевке берілген бұйрықтан анық көрінеді. Ресей саясаткерлері ұстанған бағыт, алдымен, И.И.Неплюевтің “бас хан қазақты байлап-матап ұстауға зиянды”, екіншіден, Орта жүздің жоңғарлармен тығыз байланысы бар деген негіздерге сүйенген. Патша ағзамның жаңағы жарлығында губернаторға төмендегі шараларды тез

арада іске асыру тапсырылды: біріншіден, хандық лауазымды Нұралыға еліндегі беделді адамдарымен бірге арнайы Оренбургке шақыртып жария ету. Оған үкімет тарапынан қанша қаражат керек болса, сонша жұмсау; екіншіден, аманаттағы Айшуақ сұлтанدى тездетіп Әділ сұлтанмен ауыстыру. Келешекте Қожахмет сұлтан кезіндегідей талас-тартыс, әскери қақтығысуларға жол бермеу үшін, аманат белгіленген тәртіппен уақытында ауыстырылып отыруы қажет. Әділ сұлтаннан соң, Нұралы хан ұлдары аманатқа алынатынын ескерту; үшіншіден, қазақ даласында қолға түскен Ресей мемлекетінің тұтқындарын еліне қайтару; төртіншіден, Барақ сұлтан мен жоңғарларға көзқарасты қалт жібермей бақылап отыру. Бұл арада Барақ сұлтанның патша үкіметіне адал екені анық болғанмен, оның патша ағзамнан гөрі жоңғарларға жақын жүргені ескерілсе керек. Сондықтан, Барақ сұлтанға жұмсалған шабарман М.Араповтың сапарын Әбілқайыр ұрпақтарына сездірмеу де ойластырылған.

Патша сарайындағы Жәнібек сұлтан бастаған қазақ елшілері 1749 жылы мамырда елге қарай аттанып, 26 маусымда Оренбургке жеткен. Алдын-ала олардың келе жатқандығынан хабардар, И.И.Неплюев 20 мауысымда Нұралы ханға жандайшаптары А.Яковлевті, Ф.Найденовті жіберіп, ханды билерімен бірге шілде айының басында Оренбург қамалында кездесуге шақырған. Қазақтар үшін тігілген салтанатты шатырға Ералы, Қожахмет сұлтандар 6 шілдеде, Нұралы хан Әділ, Шыңғыс сұлтандармен 8 шілдеде, Кіші жүзден беделді билер мен батырлар, барлығы мыңға жуық адам жиналған. Патша үкіметі бекіткен Нұралы Әбілқайырұлының хандық дәрежесінің жарлығы мен белгілерін тапсыру рәсімі 1749 жылдың 10 шілдесінде салтанатты түрде жүзеге асырылды. Рәсімге келгендер ішінде Әлім ұлдарынан атақты алты би, Байұлынан — алты би және Жетірудан би мен батырлар болды, — деп хабарлайды В.Н.Витевский.

Хан еліне жүріп кеткеннен кейін, 24 шілдеде Жәнібек тархан, Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған Орта жүздің екі жүзге жуық адамы кешеуілдетіп Оренбургке жеткен. Хандық биліктің тізгінін ұстаған Нұралы Оренбургке келген игі жақсылардан екшеп сыйлық беру тізіміне Кіші жүз, Орта жүзден 72 адамды енгізеді. Оның ішінде Әбілқайырдың үзеңгілес серіктері тама Есет тархан, шекті Бақтыбай батыр, жағалбайлы Серке батыр, Шақшақ Жәнібек тархан, Қанжығалы қарт Бөгенбай бар. Бұл тізімнен алты аталы Әлімнің шекті, төртқара, қаракесек, шөмекей, кете; он екі ата Байұлының — шеркеш, адай, алаша, байбақты, масқар, ысық; Жетірудың — табын, тама, жағалбайлы; Орта жүздің арғын, қыпшақ, керей, уақ рулары көрінеді.

Сонымен қатар, ру және аталықтары көрсетілмеген он бір батыр, би және мырзалардың есімдері сыйлық алу тізімінде ұшырасалы.

Оренбург губернаторы патша тапсырмасымен Нұралыны хандық лауазымға ұлықтағаннан соң, 11 шілде де қазақ-орыс келіссөзін бастаған. Онда мынадай мәселелер қаралған: біріншіден, екі жақтағы тұтқын және қашқын-пысқындарды өз иелеріне қайтару; екіншіден, Әбілқайыр өліміне кінәлі Барақтан кек алу; үшіншіден, екі ел арасындағы айырбас сауда-саттықты дамыту және оның қауіпсіздігін камқорлыққа алу; төртіншіден, хан, сұлтандардан тапсырылатын аманаттың қағидаларын екшеу; бесіншіден, Жайық бойындағы қазақ және орыс казактарының бір-біріне деген озбырлықтарын түбегейлі тоқтату. Осы кездесуде И.И.Неплюев “бодандық” сіздерге “ең бастысы тыныштық әкелді”, “мал жайылымдарын кеңейтті”, “екі ел арасындағы сауда-саттық дамыды” дегендерді баса көрсетті. Қазақ ханына әскери көмек беру, Жайық бойындағы орыс казактарын тәртіпке шақыру секілді талаптарына немқұрайлы жауап берілді. Жиналыстан кейін, И.И.Неплюев Нұралы ханды “өз сырын ашып айтпады”, “Жоңғар билеушісімен жүргізілген келіссөздері жөнінде, одан келген елші туралы да, ләм-мим деген жоқ”, ол егер “әкесінің әдіс-айласына, не Бопай ханым мен өзгелердің бәлеқорлығына берілмесе” Ресей үкіметі саясатын жүзеге асыра алатыны көрініп тұр, “басқа бауырларына қарағанда қабілеті жоғары” деп бағалады. Нұралының “ең жақын кеңесшісі” Ералы сұлтан екен, ал “дұрысы” Қожахмет сұлтан болар еді, өйткені Қожахмет орыстарға ниеті жақын, саяси көзқарасы да бөтен емес деп хабар етеді.

Әбілқайыр ұрпақтарына түгел мінездеме жинап үлгірген империя генералы Нұралы ханның ертеңгі жүргізетін саясатынан секем алып қалған тәрізді. Қазақ-орыс кездесуін сараптаған А.И.Левшин: “Хан болып алған Нұралы бұл лауазыммен қанағаттанбайтындығын көрсетіп, мол билікті талап етті. Орыс үкіметінен, алдымен, Барақтан кек алу мақсатында қосымша әскери көмек сұрады. Екіншіден, біздің шекарада өзі көрсеткен “бұзақы” казактарды ұстауды міндеттеуі бұған дәлел бола алады”, — деген пікірін білдіреді (35, 217—218).

Келіссөз құжаттарынан көрінетіні, оған Әбілқайыр ұрпақтары түгел қатысқан, Бұлқайыр сұлтанның үлкен ұлы Досалы, Кіші жүз бен Орта жүздің белгілі билері мен батырлары бірге барған еді. Мұның өзі жаңа сайланған Кіші жүз ханы Нұралыға үлкен қолдау болатын (179, 13).

Ордасына оралып, 3 тамызда әкесі Әбілқайыр абызға жылдық салақа (ас) бергеннен кейін, хан Жоңғариямен қарым-қатынасты рет-

теу, әке басына ескерткіш орнату секілді кезек күтпейтін істерге қоңіл аударады. Әкесінің асын беріп жатқан мезгілде, қазақтың игі жақсылары Нұралының Жоңғар қонтайшысымен келісімі нәтижелі өтсе, тұтқындағы қазақтардың босатылатыны және Түркістанның өздеріне қайтарылатыны жөнінде ынтымақтастықты құптаған еді. Қазақ — жоңғар келіссөзін жүргізуге Қарабас сұлтанның басқаруымен Кіші жүзден алты адам, Жәнібек тарханнан екі адам Жоңғарияға сапарға шықты. Бұдан хабардар болған Ресей әкімшілігі мұндай келісімге барынша кедергі жасаудың айла-амалын қарастырды. Алдымен қазақтар арасына капитан А.Яковлев жіберіліп, жағдайды тез анықтап, хабарлау тапсырылды. Сыртқы Істер Алқасы 1749 жылдың 2 қарашасында И.И.Неплюевке “олардың құдандалы болуына және достық елшілік алмасуларына кедергі жасау қажет”, ол үшін қазақ билерін келісімге қарсы шығару мақсаты көзделіп, “қазынадан қанша қаражат керек болса, сонша пайдалануды” ерекше тапсырды. Қазақ — жоңғар қатынасын тиянақты зерделеген ғалым В.А.Моисеев Нұралы мен Жоңғар ханының құдандалық ниеттеріне Жәнібек тархан, Бопай ханым, Қожахмет қарсылық білдіргенін тілге тиек етеді. Алайда қолда бар деректерге қоңіл аударсақ, алдымен, елшілік құрамында тарханның адамдарының болуы, екіншіден 1750 жылы 7 маусымда Нұралы ханнан келген Я.Гуляевтің хабарламасында “елшіліктің сәтсіз болғанына Бопай, Ералы, Нұралы хан қатты қайғырды” деуі олардың да жоңғарлармен бейбіт келісімге мүдделі болғандығын көрсетеді.

Тілмаш Я.Гуляевтің жазбаларынан байқалатыны, елшілік сәтсіз аяқталып, 1750 жылы 30 мамырда Қашқардан сексен саудагерді ерте келген Қарабас сұлтаннан мән-жайды естіген Нұралы хан анасы Бопай, інісі Ералымен уәждесіп, бұндай жағдайда “жоңғар қалмақтарынан ешқандай көмек күтуге болмайды” деген тұжырымға келеді. Оренбург әкімшілігі елшіліктің сәтсіз аяқталуына негізгі себепті, Жоңғарияға бара жатқан жолда, қазақ-жоңғар елшілерінің өзара шатысуынан іздейді. Және олар барған соң жоңғар елшілерінің басшысы қонтайшыға: “Нұралы қарындасын бізге көрсетпеді” деген сөзі “әсер етті” секілді әңгімені алға тартады. Біздің ойымызша, бұл арада Жоңғарияның өз ішінде басталған алауыздық пен 1750 жылдың көктемінде олардың қазақ — қырғыз жасақтарынан жеңіліс табуы да ықпалын тигізген сияқты.

Оренбург салтанатынан оралған Нұралы ханға енді әкесі Әбілқайырдың басына кесене тұрғызу маңызды шаруалардың біріне айналды. Әкесінің көзі тірісіндегі өсиетімен “қай жерде өлсем, сол жерде жерлендер” деген өтініші бойынша хан Қабырға мен Өлкеаяқ

өзендерінің сағасында, Торғай қаласынан (қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданының орталығы — А.Қ.) 80 шақырымдай жерде жерленгені белгілі. Жоңғармен келіссөз басталған тұста, патша үкіметі мазар салып беруді тез арада қолға алып, ол жерге арнайы инженерлік мамандығы бар И.Ригельман жіберілген-ді. Алайда іс жүзінде бұл шаруа істелмеді. Әкімшілік маманы Әбілқайыр жерленген жер қолайсыз, құрылысқа пайдаланатын жәдігерлер бұл маңайда жоқ, сондықтан хан сүйегін Елек не Жем өзендері бойына көшіруді ұсынып, істі сөз бұйдаға салады. Тіпті Ресей үкіметі өз саясатына икемдеуді көздеп, Әбілқайыр отбасы келіссе, Ресей шекарасына жақын жерге ескерткіш тұрғызуды да ұсынған. Бірақ оған қазақтар “орыстар біздің төменгі жақтағы жайлауымызға Әбілқайыр ханға ескерткіш тұрғызамыз деп қорған салса, мұнысымен ата қонысымызды тарылтпақшы. Сөйтіп, бізді башқұрттар сияқты жан-жақтан қоршауға алуды армандауда, бірақ біз башқұрттардай көне қоймаспыз” деп ашық ойларын жеткізді. Сонымен, Әбілқайырға ескерткіш орнату жұмысы басталмай, кейінге шегеріле берді.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1979—2007 жылдары Қазақстанның республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдарының бірнеше рет талдау жасаған жұмыстарының нәтижесінде “Хан моласының” ХІХ ғасырдың ортасында-ақ толық бұзылғаны анықталды. Тарихшы С.Әжіғалидің “бейіт тез арада және сапасыз құрылыс материалдарынан тұрғызылған”, — деуі оған Ресейлік мамандардың немқұрайлы қарағандығын көрсетеді (179, 15; 187, 315—326; 188, 16).

Осыларға қарамастан, Нұралы хан Ресейден қол үзіп кете алмады. Оған Жоңғармен келіссөздің сәтсіздігі, Хиуамен ара қатынастың шиеленісуі, оңтүстікте Батыр ханның (Ресей оны ешқашан хан деп мойындамаған — А.Қ.) күшеюі, Кіші жүздегі жайлылым жерлердің күн санап тарылуы, Жайық өзенінің бойына орыс казактары, қалмақ, башқұрттың барымталарын қоссақ Кіші жүз ханының осы кездегі жағдайы, айтпаса да, түсінікті еді. Қазақ рубасылары өздерінен қашқан құлдарды қайтару, Астрахан, Гурьев, Жайық, Оренбург, тағы басқа ірілі-ұсақты қаларға сауда-саттықпен кедергісіз шығу, Жайық казактары мен қалмақтар басып алған жайылым жерлерді қайтару, тағы басқа мәселелерді шешуді ханнан талап ете берді. Міне, бұның барлығы Оренбург шекара әкімшілігімен қатынасты реттеуді алдыңғы қатарға шығарды. Әкімшіліктің жандайшаптарының бірі Я.Гуляев 1750 жылғы 2-ші шілдедегі хабарында Нұралының “генерал И.И.Неплюев пен А.И.Тевкелев мырзаның “камқорлығы” арқасында, мен хан емесінің, даладағы жылқылардың бақтаншысымын.... Орыстар бізді

қалмақтар мен башқұрттар сияқты табанына басқысы келеді, бірақ мұндай езгі астында өмір сүргенімізше, өлгеніміз жақсы”, — дегенін жеткізеді (179, 16).

Бұл кезде оңтүстікте қоныс тепкен қазақтарға қауіп үнемі аралдықтардан төнуде еді. Оларды тоқтату үшін 1750 жылғы ақпанда Кіші жүзден Айшуақ сұлтан, Өтетілеу тархан, Орта жүзден Жәнібек тархан және Хиуа ханы Қайыптың әкесі, шектілерді басқарған Батыр сұлтанмен бірігіп, 3000 жасақпен аралдықтар мен қарақалпақтарға шабуыл жасады. Әрі қарай Сырдариядан өтіп, Хиуа маңындағы Садыр түркімендерін қууды көздеді (137, 94—95).

Онысы аз болғандай, Батыр сұлтан бірсыпыра шекті руларын қосып алып, жолында отырған Хиуа бегі Қоразбек батырдың ағасы Тұлғабек байдың ұлысын шабады. Бұның бәрі аралдықтар мен қарақалпақтардың ызасын туғызады, енді олар арал маңғыттарымен бірлесіп, Адай руының беделді рубасы, әрі атақты байы патша үкіметінің деректерінде Әбілқайыр ханның қайынағасы Мырзатай батыр басқарып Хиуа бағытына шыққан 600 адамы бар, 160 түйеге жүк тиелген керуенді тонайды. Керуен басымен бірге Байұлы, Алтыбас, Ақкете, Қаракете руларының базарға апара жатқан 40 мың қойы мен 500 жылқысын тартып алады. Қанды қақтығыста Мырзатай жағынан бес адам өліп, бүкіл мал-мүлкі талан-таражға түседі, тірі қалғандары жаяу-жалпы қашып, еліне оралады”, — деп көрсетеді Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі, әйгілі шығыстанушы В.В.Вельяминов-Зернов (137, 95—96).

Жаманат хабар елге жеткен бойда, Ералы сұлтан 130 адаммен (бұлардың арасында Бактыбай батырдың ұлы Асан батыр да бар — А.Қ.) қарсы аттанғанымен, өзі тұтқындалып, жауынгерлері қаза тапқан. Осы шайқаста ұранға шыққан Бактыбай бидің үлкен ұлы Асан батыр да жау қолынан мерт болады. Бұл қанды оқиға 1750 жылдың наурыз айында болса керек. Оқиғаның ізін суытпай Нұралы хан 1750 жылы сәуір айында Мырзатай батырды Хиуадағы Қайып ханға жұмсап, таланған мал-мүліктің шығынын, адамдарының құнын төлеуді талап етеді. Бірақ хиуалықтардың тарапынан бұған ешқандай ізгілікті жауап қайтарылмады. Нұралының батыл түрде әскер жинап, жорыққа шығуға шешім қабылдауы ғана аралдықтардың Ералы сұлтанды босатуына себеп болды. Ортақ жаумен күресте Батыр хан Нұралымен біріккенімен, оның баласы Қайып хан Кіші жүз ханына қарсы әрекетінен қайтқан жоқ. Керуен жолына деген таласқа тек хандар емес, сонымен бірге қарапайым қазақтар да араласты. Ойткені, керуендер Кіші жүзбен өтсе, қазақтар жол-жөнекей айырбас жасап, мал-

дарын сатып жатады, енді біреулері жол сапардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жалданады, ал хан керуен басыдан алым-салық жинайды. Қайып хан Хиуада сауда жасайтын қазақтардан 10 рубльге сатылатын әр қойдан 2 рубль салық алып отырған (137, 95). Мұндай қолайсыздықтан құтылуға қазақтар Нұралы ханнан қолдау күтетін еді. Кейбір тоқырауға тірелген жағдайда Нұралы ру басыларына Қайып керуендерін тоқтатуға бұйырды. Бұл жасалған қарсылыққа Батыр да, Ресей әкімшілігі де қарсы шықты. Тіпті Батыр сұлтан, Бақтыбай би және рубасы ақсақалдары 1753 жылы Бақтыбай бидің баласы Құдас бастаған елшілерін Нұралы ханға жұмсап, сауда керуендері мен жол қауіпсіздігі мәселелерін реттеу үшін оны билер кеңесіне шақырған. Алайда Нұралы бұл кеңеске барудан алда-жалда бас тартқан (137, 111).

Осының алдында ғана, Ресей Сыртқы істер Алқасының канцлері А.П.Бестужев-Рюмин 1752 жылғы 28 сәуірде Нұралы ханға жазған хатында керуендердің тоқтатылуына ол басқарып отырған Кіші жүз қазақтарын кінәлап, жанжалды И.И.Неплюев, А.Тевкелевтермен ақылдасып тез арада шешуді бұйырған. Осыған жауап ретінде Нұралы хан А.Тевкелевтен керуендердің тек өз ұлысы арқылы өтуі екі жаққа тиімділігін ұсынып, оны жүзеге асыру мақсатында, Ұлытау жерінде үш жүздің игі жақсылары қатысатын Кеңеске баратындығын хабарлайды. Хан Кеңесте еркін сауда мен олардың жол қауіпсіздігі жөнінде мәселе қозғайтынын ескертеді. Ал Хиуа ханы Қайып болса Оренбургтен шығатын керуендерді әкесі Батыр хан иелігімен өтуді қалап, Ресей және Хиуа керуендерінің Нұралы хан, Әділ сұлтан ұлыстарымен өтуін тоқтатуды сұрайды. Дау-жанжалды шешу мақсатында патша әкімшілігі Қайып хан саясатына қарсы Нұралының қадамдарын қолдап, олар арқылы жүретін керуендерге тыйым салғызуды көздейді. Оны қатаң бақылауға алу үшін, 1753 жылғы тамызда Кіші жүзге жансыз Я.Гуляевті жұмсайды. Нұралы хан 1753 жылы 21 қыркүйекте И.И.Неплюевке сауда-саттық мәселесін реттеу үшін Хиуаға не өзі баратынын, не елшілерін аттандыратынын, оған демеуші ретінде патша үкіметі әкімшілігінен 2—3 өкіл қатысуын сұрайды. Көп ұзамай қазақ-хиуа қатынасында екі жақты үндестік нәтижесінде талас мәселелерді шешу қолға алынды. Нұралы хан 1751 жылы Айшуақ сұлтан мен Өтетілеу тархан тонаған керуен орнына, Хиуаға 150 бие қайтаруға уәде береді. Сонымен бірге 1753 жылы 25 желтоқсанда өткен кездесуде, Қайып Нұралы ханның ортаншы қызын өзіне әйелдікке сұраған. Екі жақты келісімде Хиуа ханы Сыр бойы қазақтарына салық салмауға, қазақ руларының отауларын қайтаруға уәдеседі.

Алайда, бұдан кейін Қайып ханның Кіші жүзге деген көзқарасы жақсарды деп айту қиын. Ол алдымен, қазақ даласында өз ықпалын арттыруды көздесе, екіншіден, Нұралы ханды Хиуаның бірден-бір бақталасы ретінде санады. Үшіншіден, Кіші жүз хандығы мұрагерлік жолмен Жәдік сұлтан ұрпағы әкесі Батырға тиесілі деп пайымдады. Сондықтан, өз саясаты арқылы қазақ-орыс қатынастарын шиеленістіріп, пәлені Кіші жүзге аударуға тырысты. 1754 жылы Хиуаға келген 2000 рубльге бағаланатын Ресей керуенін озбырлықпен өз қажетіне пайдаланып кетеді. Бірақ кейін біразын қайтарып беруге мәжбүр болған. Керуен құрамында барған тілмаш Я.Гуляев 1754 жылы 27 қазанда Оренбургке оралып, губернаторға алдағы уақытта келетін Хиуа көпестерінің ең беделділерін барымтаға ұстап, орыс саудагерлерінің қарымтасын қайтаруды ұсынады. Бұл саясат қазақ-хиуа қатынасын әрі қарай шиеленістіре түсті. Сауда-саттық мәселесіндегі жанжалдар қазақтарды Хиуаға қарсы бағыттады, егер оларға Ералы сұлтанды хан қылғанда, Ресей үшін тиімді болған болар еді,— деп, тарихшы А.И.Левшиннің тұжырымдауы осыдан. Алайда ғалым, бұл шараны жүзеге асыруға қазақтардың өзіндік күші жетпейтіндігін, ал хиуалықтардың ар жағындағы күшті тірегі парсылар тұрғанын қаперіне алмайды (179, 17). Шынтуайтына келсек, бұл кезеңде Нұралы хан Ресей әкімдеріне сенбестік көрсете бастаған еді. Әкесі Әбілқайырға ұқсап ұлдарын аманатқа тапсыруда Иван Неплюевпен тартысқа түсті. Хан балаларын аманатта ұзақ қалдырмауды көкседі. 1752 жылғы 13 ақпанда Сыртқы Істер Алқасына жазған хатында И.И.Неплюев аманат мәселесінде Кіші жүз ханы, інісі Ералы сұлтанмен пікірлес деп көрсетіп, “екеуі де қазір бізге салқын қарайды, яғни алдағы уақытта ханға да, сұлтанға да, сенуге болмас” деген ойын білдіреді. Аманаттағы ұлын Оренбургте ұстау арқылы патша үкіметі ханды Ресей қызметшісі етуге бейімдеуге тырысты. 1750-шы жылдардан Жайықтың ішкі бетіне мал өткізгені үшін әкімшілік аманат сұрай бастады. Мұның барлығы қазақты “жұмсам жұдырығымда, ашсам алақанымда ұстаймын” деген саясат еді. 1748—1749 жылдары Нұралы ханды бодандық құрығына түбегейлі икемдеу үшін, қыста Нарын құмын жайылымға берген мүмкіндікті қазақтар кейінгі жылдары ұландарын аманатқа беру арқылы ғана жүзеге асыруға мәжбүр болды. Мұнымен қатар, Кіші жүз руларының бұл жерлерді еркін қыстауына наразылық білдірген қалмақ билеушілері Дондік Дашы 1752 жылы ақпанда, Бамбор 1754 жылы қазақтар үстінен патша ағзамға арызданды. Қалмақтар әрекеттеріне қарсы Нұралы хан мен Айшуақ сұлтан қарап жатпалы. Осыдан шекаралық әкімшілікке Айшуақ сұлтан қазақ қол-

дарын жинап қалмақтар мен орыс ауылдарынан жылқылар айдап әкетуге даярлануда деген хабарлар түскен. Көп ұзамай қазақ-қалмақ шиеленісін шектеуге екі билеуші өзара келісіп, қалмақтардың 3 зайсаны (батыры), 10 беделді адамдары қазақтарға келсе, сол кейін Нұралы өз елшілерін оларға аттандырады. Келіссөз нәтижесінде қалмақ билеушісі Бамбор мен Айшуақ сұлтан қалыңдық алмасуға уәж қылады. Мұндай игі бастамаларды Оренбург әкімшілігінің келісімінсіз жүргізілгеніне өкініш білдіріп, Ресей үкіметі “бізсіз жүргізілетін өзара келіссөздер жөнсіз, тыйым салынсын” деген жарлық шығарған (179, 18).

Бұл кезеңдегі тағы бір жайсыз құбылыс, Нұралы ханның туажатарымен достық, сыйластық қарым-қатынастарына жік түсіруге патша қызметшілерінің мүдделілік танытуы. Әсіресе, ханға Ералы сұлтанды қарсы қоюға жанын салып бақты. Осыны саралаған бірсыпыра зерттеушілер “Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақтардың бір бөлігін басқарған Ералы сұлтан, шындығында, ағасы Нұралыдан тәуелсіз болды”, дегенмен “Ералы Нұралы ханнан бөлініп Ресей бодандығын мойындағысы келмеді” деп шындықты жарып айтады. Қиын-қыстау кездерде, Ералы сұлтан күрделі шаруаларды үнемі ағасымен бірге шешкенін жоғарыда көрсеттік және алдағы башқұрт қозғалысына да (1755 ж.) көзқарасы ханмен ниеттес болғаны байқалады. Ералыға тетелес інісі Айшуақ сұлтан да әр кезде ханның іс-әрекеттерін қолдап отырған. Нұралы хан әкесі Әбілқайырдың інісі Бұлқайыр сұлтан ұрпақтарымен де туыстық қатынаста өмір кешті. Бұлқайыр өлгеннен кейін, оның әйелі әменгерлік дәстүрмен Хиуа ханы Жолбарысқа (Әбілқайыр ханның немере інісі) берілген еді. Оны Нәдір шах өлтіргеннен кейін Нұралы жеңгесін тұтқыннан босатуға күш жұмсады. Сөйтіп, 1751 жылы Нұралы оларды Ордаға әкелдіреді. Жеңгесімен бірге Досалы сұлтан және оның бауырлары Ғазиз-Мұхаммед, Мұхаммед-Рахим, Сафар, Жәңгір, Шағазы, Әбілғазы (Әбіл-Мұхаммед) сұлтандарда ата-жұртына оралды.

Өстіп, Кіші жүз ханының ішкі-сыртқы саяси шиеленісі үдеген тұста, көрші елдермен қарым-қатынасына түбегейлі өзгеріс әкелген 1755 жылы башқұрт ұлт-азаттық қозғалысы тағы да бұрқ ете қалды. Оларды әскери күшпен жазалау барысында түбі бір туыс саналатын башқұрт халқы қазақ жеріне бой тасалады. Алғашқы башқұрт легі жағалбайлы Серке батыр ауылына қабылданды. Бастапқы кезеңдегі қазақ-башқұрт руларының қарым-қатынасын И.И.Неплюев “Ордаға жеткен башқұрттарды қазақтар қабылдап, бірлесіп еркін өмір сүруде. Бізде жазаланудан қашқандар қазақ жерінен пана табуда. Ал Ордала

кобеііп алған соң, қазақтармен бірлесіп бізге қарсы шығады” деп байбалам салды. Башқұрттардың қазақтарға қашу тарихымен жақсы таныс зерттеушілердің басым көпшілігі казак Ордаларына келушілер санын елу мың, ал енді біреулері бес мың түгін деп әр түрлі көрсетеді. Ертеңгі күннің қаупінен сескенген патша үкіметі И.И.Неплюевке қалай да қашқындарды кері қайтаруды тапсырады. Сондықтан, губернатор 1755 жылы 29 мамыр мен 7 маусымда Кіші жүз, Орта жүз ұлыстарына жандайшаптары О.Арсланов пен М.Араповты жұмсайды. Олардың қызметі хан, сұлтандарды өз жағына тарту арқылы, башқұрттарды жазалау және Ресейге қайтару. И.И.Неплюев сол үшін қазақтарға алдымен, Ордаға келген башқұрттарды тонап, олардың отбасыларын таратып бөліп алуға, сәл кейінірек, башқұрттардың еркектерін жанұясынан айыруға міндеттеді. Оған қоса үкімет әкімшілігі 1755 жылы 28 шілдедегі жарлығында Нұралы ханға башқұрттардың ер адамдарын Ресейге қайтарып, ал олардың әйел, бала-шағасын, дүние мүлкімен қоса өз пайдаларына жаратуға рұқсат береді. Тіпті, губернатор мырза қазақ билеушілеріне шекараға әкелінген әрбір башқұрт еркегі үшін ақшалай сыйлық, не болмаса бір кафтаннан мата берем деген жарлық шығарған. Кейін каншлер А.Бестужев-Рюмин 1755 жылғы 5 қыркүйектегі жарлығында “шығынға қарамастан не болғанда да, башқұрт “жауыздарын” қайткенде де өзімізге қайтару үшін” И.И.Неплюевтен қазақтарға берген уәдесін орындауды талап етеді.

Бұл арада да губернатор Нұралы мен Батыр арасындағы араздықты ұтымды пайдалана білді. Оған себеп болған жайт, башқұрттарды қабылдаған Жетірудың бір бөлігі Батыр сұлтанға бағынушы еді. И.И.Неплюев Батыр башқұрттарды жинап, сіздерге қарсы дайындалуда деп Нұралы хан мен Ералы сұлтанға хабар тастайды және Батырға бағынатын рулардағы башқұрттарды күшпен жинап алуға құпия тапсырма береді. Оның байыбына бармаған Кіші жүз ханы Нұралы, інілері Ералы, Айшуақ, Шыңғыс сұлтандарды шабуылға жасақтап, 1000 адаммен табын, жағалбайлы руларына күш көрсетеді. Шенеуніктердің өтірік мәліметіне сенген Нұралы 1755 жылдың қыркүйегінде 4 күн бойы Алданазар би, Қотыр батыр, тағы басқа елбасыларын жазғырады. Бұл оқиға Ербейіті, Қарағайлы, Қамысты өзендерінің жоғарғы бойында өткен еді. Нұралы хан башқұрттардың “жерде де, суда да еркіндік қалмады”, “амалсыздан келдік” дегеніне қарамастан “ертең олар бүлік шығарып, қазақтарды ертеді, түрлі айлакерлікпен бізді ұятқа қалдырады” деген желеумен Алпындардың бір тобын табын, жағалбайлыға айдап салды. Бұл қаракетімен мол сый-

лыққа ие болып, үкіметтен жылына 600 руб. жалақы алатын болды. Оның барлық іс-қаракеттеріне інісі Ералы сұлтан қолдау көрсетіп жүрді. И.И.Неплюев пен А.Тевкелев 1755 жылы 25 қазанда ерекше тапсырмамен Сейіт қалашығының татары А.Шафиков пен Орта жүзден келген башқұрт Б. Кабъеевті Ералы сұлтанға жұмсаған. Сонымен бірге, беделді қазақтарға мол сыйлықтарымен капитан Максұтовты аттандырады. Қазатардың басын қосып Ордада өткізілген Кеңесте Нұралы хан башқұрттарды Ресейге қайтаруды інісі Ералыға тапсырған. Үкімет саясатының жүзеге асуын бақылау мақсатында қазақтар арасына арнайы Мамет Тевкелев те жіберіледі. Ол қазақ ханы Нұралы, ру басыларымен екі мәрте кездеседі. Алғашқысы 1755 жылы 3 желтоқсанда Жайық бойындағы Кулагино қамалында өтеді, оған 100-ден аса қазақтың беделді адамдары қатысқан. Ал, екіншісі 1756 жылы тамыздың 12-нен 28-не дейін Елек қорғанында өтеді. Екінші кеңеске Нұралы хан, Алданазар би, Төлебай батыр, Есет тархан және сұлтандар қатысып, орыс-қазақ қатынасын шиеленістірмес үшін башқұрттарды түгел патша үкіметіне қайтаруға шешім қабылдаған (179,20).

Дегенмен, Нұралы сол кездегі патша әкімшілігіне жүндеуге жайлы жуас тайлақ емес екенін дәлелдеді. Теріскейінде қалмақтарға, Ресейдің шекара бекіністеріне тиісуді сол қалпында жалғастыра берді. Оңтүстік шекараларына да мықтап көңіл бөле бастады. 1766 жылы Ералы мен Есім сұлтан жәуміттерді (түркімендерді) шапты. Бұл Хиуамен қактығысқа әкеп ұрындыратыны анық еді. Өйткені, Хиуа тағына Мұхамед Әминнің қазақтары мен Ханкелді билейтін жәуміттер таласып жүрген еді. Жәуміттер Хиуаға Әбілқайырды өлтірген Барақтың баласы Нұралыны, қазақтар Әбілқайыр ұрпағы Нұралы ұлдарының бірін шақырғылары келді. Қазақтардың сондай ниетпен Нұралы ханға елші жібергенін естіп, жәуміттер 1767 жылдың қаңтарында Жем бойында қыстап отырған қазақ ауылдарын шапты. Мың кісіні өлтіріп, үш мың кісіні тұтқындап әкетті. Осы шапқыншылықта қаннен-қаперсіз отырған атышулы Бақтыбай ауылы да қырғынға ұшырап, батыр қапыда жау қолынан қаза тапты. Әсіресе, түркімендермен көрші отырған Адай ауылдары көп жапа шекті (36, 156, 94, 28; 25, 83).

Осы арада сәл бөгеліп, қазақтардың жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғыстарының шешуші — Аңырақай шайқасында Кіші жүздің шекті руының қолын бастап, ержүректігімен көзге түскен, аты ұранға шыққан Бақтыбай батырдың ғұмырбаянынан қысқаша үзінді берейік.

- Патша үкіметінің жазба деректерінде және Ресей елшісі М.Тевкелевтің күнделігінде батырдың есімі “Бахтыбай (Бахтубай, Бахтубей)”, “Бутубай — батыр”, деп әртүрлі жазылған (55, 106—192; 190, 54).

Бақтыбай батыр шамамен 1706 жылы Мұғалжар өңірінде (қазіргі Ақтөбе облысы) дүниеге келіп, 1767 жылы қаңтар айында Адай ауылына тұтқиылдан тиіскен түркімендердің шабуылы кезінде Жемнің төменгі сағасында (қазіргі Ақтөбе облысы, Оймауыт аулының жері) ерлікпен қаза тапқан.

Батырдың тегі — Алты аталы Әлімұлының Жаманақ (Шекті) руынан. Әкесі — Төлес би, Қабақ аталығындағы бес ұлдың (Жанкелді, Ханкелді, Беке, Аралбай, Төлес) кенжесі болса керек.

Бақтыбай 13 жасында Кіші жүздің ханы Әбілқайыр жасағының құрамында қазақ жерін жоңғарлардан, Еділ — Жайық қалмақтарынан, естек башқұрттарынан, орыс казактарынан азат етуге сүбелі үлес қосқан батыр. Әбілқайыр бастаған қазақ жасақтарының Жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғыстарына қатысқан. Атап айтқанда, 1717 жылы Аякөз маңындағы шайқаста, 1727 жылғы Бұланты — Білеуті бойындағы жорықтарда, 1729—1730 жылдардағы Аңырақай шайқасында, 1738 жылғы қазақ қосындары мен Жұрын бастаған торғауыт қалмақтарының арасындағы қан төгісте ержүректігімен көзге түсіп, Шекті руы жасақтарының ұранына айналған (251, 14).

1731 жылы Бақтыбай батыр Кіші жүз қазақтарының Ресей империясы қол астына өтуін қолдамай, Әбілқайыр ханның саясатына қарсы шықты. Осыдан кейін ол ханның бақталасы Батыр сұлтан жағына шығып, шектілердің 150 сарбазын басқарып, Маңғыстау аймағын, Жайық пен Еділдің шығыс жағалауын, Ойыл, Жем, Сағыз, Қобда, Темір өзендері мен Мұғалжар тауы өңіріндегі шайқастарға қатысып, қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарын сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен танылды.

Патша үкіметінің елшісі М.Тевкелевтің Ресей Сыртқы істер Алқасына жолдаған құпия хатында 1732 жылы наурыздың 18 күні Ұлы жүздің қазағы Абығай сұлтан арқылы жайсыз хабар алғаны жазылған. Ондағы хабар бойынша Қайып ханның (1715—1718) ұлы Батыр сұлтан жасақтарымен түркімендерді шабуға аттанғанда, Бақтыбай батыр сұлтаннан оқшауланып, өзі басқаратын 150 адамымен Еділ қалмақтарына жорық жасамақшы болады. Бірақ ол жолшыбай ат басын басқа жаққа бұрып, қазақ даласымен Астраханнан Хиуаға бара жатқан Ресейдің артиллерия полковнигі Иоган Густав Гербер басқарған сауда керуенінің үстінен түседі, оның 250 түйедегі тауарын тартып алып, сарбаздарына таратып береді (93, 106; 94, 86). Сол жылғы наурыздың 29-ы күні Бақтыбай мен оның соңынан ерген жасақтары: “қол жеткен тауарларына қуана-

қуана Тевкелевтің тұсынан өте шықты және жақын күндерде сендердің де көретіндерің осы болады деп Тевкелевке қыр көрсетіп кетті”, — делінеді елшінің күнделігінде (94, 86).

Мұрағат құжаттарында, И.И.Неплюев тұсында Бақтыбай шекті руының игі жақсыларымен 1742 жылы 29-шы тамызда Ор бекінісінде Әбілқайыр ханмен бірге патша үкіметіне адалдыққа ант береді, оның жанындағы би мен батырлардан 69 адам Оренбург әкімшілігінен сыйлық алғаны мәлім (249, 54).

Бақтыбайдың 1740 жылдардың ортасында шекті руының биі сайланып, мәмілегерлік мәселелерге де араласқаны туралы деректер кездеседі. 1748 жылы Әбілқайыр хан қазаға ұшырап, орнына Нұралы сұлтанның хан сайлануына байланысты, 1748 жылдың 5-ші қаза-ныңда Орта жүз бен Кіші жүз билері мен батырларының оны хан етіп тағайындау туралы патша ағзам Елизавета Петровнаға жазған өтініш хатына Кіші жүздің шекті руынан Бақтыбай би де өз таңбасын басады (94, 121—122).

1750 жылдардың басында Бақтыбай батыр Ресей империясы саясатының құрбаны болған Нұралы ханның қаракеттеріне қарсы шығып, оның қол астынан бөлініп, Батыр сұлтанды Әлімұлдарына хан сайлап, Сырдарияның Арал теңізіне құятын аймағына, Жем өзенінің төменгі сағасына және Ұлы Борсық құмына Бақтыбай өзінің қарауындағы руларымен қоныс аударады. Әйтсе де, ол Әбілқайыр ұрпақтарынан түпкілікті қол үзіп кеткен жоқ. Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы сұлтанмен достықтары жарасып, шектілердің қысқы қоныстары Борсық құмында және Жем өзені бойында болғаны дереккөздерде сақталған (137, 107; 62, 132—134; 250, 63—69). Бақтыбайдың үлкен ұлы Асан батыр (1721 жылы туған) Ералының Хиуа түркімендеріне жасаған қанды қырғын жорығында 1750 жылы наурыз айында қазаға ұшырайды.

Бақтыбайдың үш әйелінен он бір ұлы және екі қызы болған. Бәйбішесі Ұлбибі Ноғайлының талағыс руының Жаңбыршы ата-



Ұранға шыққан
Бақтыбай батыр (1706—1767).
Суретші Ж.Асарбаев.

лығынан. Одан Асан (1721—1750), Дәулетбай (1722—1760), Құдас (1724—1792), Қараша (1726—1767), төрт ұл көреді. Екінші әйелінен (аты-жөні белгісіз): Есәлі (1730—1767), Көшебелі, Кенжәлі, Кенжебай атты ұлдары, Үрімтай және Жұрынтай есімді екі қыз туған. Үшінші әйелі қалмақтың қызы Жәптен: Ерәлі (1739—1786), Серіәлі (1741—1798), Жәміш (1747—1750) туды.

Асан 1750 жылы соғыста мерт болып, артында алты ұлы және Меңді атты әйелі екіқабат қалады, оны әмеңгерлік жолмен қайнысы Құдасқа қосады. Асанның іште қалған баласына Жәдігер (1750—1818) деп ат қойып, оны атасы Бақтыбай бауырына басады. Келешекте өзінің бір ұлы ретінде Жәдігерге дербес отау тігіп, енші бөледі. Қазір Бақтыбайдың кіндігінен өрбіген алты ұлынан тараған ұрпақтарының саны бес мыңға жетті.

Әлім Бақтыбай батырды жергілікті халық “Қарасақал әулие” деп те атайды. Кейбір деректерде шекті руы “Қарасақал” деп жазылып жүргенін де айтуға тиіспіз. Ұранға шыққан Бақтыбай батыр, мемлекет және қоғам қайраткері Жем өзені бойында “Қарасақал” қорымында (қазіргі Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылы) жерленген. Әулиенің құлаған кесенесін ұрпақтары 1998 жылы жаңғыртып, басына сәулетті ғимарат және ескерткіш орнатты (251, 129—131). Батырдың жаз жайлауы, қыс қыстауы болған өңірінде — Шалқар қаласында бір көшеге Ұран Бақтыбай аты беріліп, ондағы N2 мектептің алаңында Бақтыбай батырға ескерткіш қойылды.

Енді үзілген әңгімемізге оралайық. Хиуалықтарға қарсы соғысқа Нұралы хан патша үкіметінен зеңбірек және басқа отпен атылатын қару-жарак сұрағанымен, оны ала алмады. Жәуміттердің бұндай жеңісіне бола жаси қоймаған қазақтар хиуалықтармен күрестерін одан әрі жалғастыра берді. 1768 жылы Хиуа ханы болып сайланған Мұхаммед Әмин қазақтармен одактасуды көздеп, Ералы сұлтанға сөз салды. Оның орнына Айшуақ сұлтан мен Бармақ би көмекке барды (36, 157; 47, 103). 1770—1771 жылы Әбілқайырдың немересі Әділ сұлтанның ұлы Ағым Хиуаның тағында отырды, бірақ шамалы уақыттан кейін ол Хиуадан қуылды. 1772 жылы жәуміттер қайтадан жеңіске жетіп, бұрынғы Қайып ханның ұлы Жәңгірді хан көтереді. Дегенмен, қазақтардың Хиуа хандығы қарауындағы өріс пен қонысқа қолдары жетпей-ақ қойды. Кіші жүз халқы өріс тапшылығын шындап тарта бастады. Әсіресе, Байұлы ауылдары қыспақта қалды. Олар Жайықтан әрі өтуге талпынды. Нұралы қанша өтініш жасаса да, А.Р.Давыдовтың беті бүлк етпеді. Ашу қысқан Ералы сұлтан орыс керуендерін бірінен соң бірін шапты. Әкімшілік тарапынан ешкім міз бақпады.

Рубасылары бір кезде Әбілқайыр көтерген Ресеймен бодандық мәселесін қайта қарауды ұсынды. Олар Ресей шекарасын біржолата тастап, бос жатқан шол далаларға жаппай көшуді қолдады. Көптеген әлді ауылдар Хиуа қол астындағы жерлерге қоныс аударғанымен, ол жақтағы жер бөрібір, бүкіл Кіші жүзге жетпейтін еді. Ал, сонау жер түбіндегі жоңғарлардан босаған жерлер туралы қытайлармен келіссөз жүргізуге, Ресеймен қарым-қатынасты бұзып алмас үшін Нұралы өзі шықпай, інісі Ералы сұлтанды пайдаланып бақты. Бірақ, бұның да еш нәтиже бермегені белгілі (36, 156—159).

Нұралының патша үкіметімен араздық отын жақпауына мынадай себеп бар еді. Қазақ ханының елшілігін Боғды хан жылы қабылдаған соң, оған семірген Нұралы 1764 жылы патша ағзамның өзіне тікелей хат жазып, талаптар қойып көрді. Алайда жіберген сыйлықтары көңілден шыққанмен, алған жауаптары жүрегін мұздай қылған еді. Берсе қолынан, бермесе жолынан деп, 1765 және 1766 жылдары Жайық пен Елек бойында жайылыс қалдырмай, жалмап келе жатқан жаңа бекіністер мен Еділ беттегі қоныстарға жақындатпай отырған торғауыттарға жиі тиісіп, әлек-шөлегін шығарады. 1767 жылы орыс казактары да әбден қаһарына мініп, шекара бойы түгілі оның күнгейіндегі отырған алыс ауылдарға дейін жазалаушы әскер жіберіп, шөлкес мінезін көрсетіп бақты. Нұралы құйрығымен диірмен тартатын күштіге айла-амал таба алмай, дымын ішінде ұстады. Бұл бетімен кете берсе, әкесі Әбілқайырдың кебінін киетінін түсінді. Патша ағзам енді бір ерегессе, бұның ұрпақтарын мұрагерліктен біржолата аластатуы мүмкін еді. Сондықтан бәрін қойып үлкен ұлы Есімді мұрагер қылып бекітіп алғанша үндемей қоя тұруды жөн көрді. Оның ұсынысына патша қолын қаққан жоқ. Мұрагерлік мәселе әр түрлі мекемелерде зерттеле бастады. Енді болмағанда ол шешіліп те қалар ма еді, егер 1769 жылы Оренбургте аманатта жүрген ұлы қайтыс болмағанда. Ол — бұндай күйге ұшыраған екінші аманат. Екеуі де — Нұралының өз кіндігінен туған ұлдар. Екеуі де сәби кезінде қазаға ұшырап отыр. Кейінгі кезде әкімшілік тарапынан әр қилы салқын қабақ көре бастаған Нұралы “балам күтімсіздіктен өлді” деп жанжал көтерді. Ол енді ұлдарын аманатқа тапсыруға қарсы шықты. Бұған дейін Нұралы ханның билігін ұлғайтамыз ба деп жүрген патша әкімшілігі мына қылығынан кейін райынан қайтты. Ханнан гөрі енді осы қалай деген інілеріне көбірек көңіл аудара бастады. Ресей казактарды аманат алмай да бағындыра алатындығын ашық сездіруге кірісті. Оренбург шекарасындағы шапқыншылықтың қайта жанлануы казактарды қарулы күшпен жаныштау мәселесін алға қойды (35, 247; 47, 104).

Абыройды қойсайшы, сол екі ортада Еділ бойындағы торғауыт қалмақтарын түлен тұртті. Олар, 1636 жылы шығыстағы Жоңғариядан келіп, ішкі алауыздық пен орыс мемлекетінің сыртқы қысымынан быт-шыт күйреген Ноғай ордасы руларының жап-жаққа тоз-тоз болып шашырап кетуіне байланысты, ең әуелі Елек, Қобда, Жем, Сағыз, Жайық бойын, келе-келе Еділ бойын қонысқа айналдырған. Алайда Кіші жүз қазақтарының о баста Әбілқайырдың, сосын Нұралының тұсындағы үздіксіз шабуылынан іргесі тарыла бастаған еді. Жайықтың шығыс бетіне қарап аяғын аттай алмастай болған-ды. Сөйтіп жүргенде, күш біріктіретін жоңғарлар біржолата құрдымға кетті. Әмірсана жасақтары Алтайдан қашып, Ертіс бойына тұрақтай алмай, басшысы тұтқынға түскен соң, Шерін деген серігі бастаған он мың үй торғауыттарға келіп қосылды. Шығыстағы дүрбелеңнен әбден беті қайтып, күйзеліп келген дүрбіт, хойт және хошоуыт тайпалары өздерімен-өздері батыста емін-еркін жүрген торғауыттардың берекетін кетіре бастады. Он төрт жыл бойғы тыныштықтан іші пысып кетті ме, әйтеуір, Шерін қаңғыбас бұрынғы торғауыттардың билеушісі Убашиді атамекенге қайта көшіп, қытайлардан бірігіп кек алуға үгіттейді. Олар орыстардың мың қалмақты солдаттыққа алғаны, бес жүз қалмақты қазаққа айналдырғаны, есімдері мен діндерін өзгерткелі жатқандығы жайында неше түрлі қанқу әңгімені таратты. Әңгімеге дін адамдары араласып кетті. Хош сонымен, көш керуендері Жайықтың мұзы қатқан бойда шығысқа қарай жылжитын болып келісіді. Олардың сорына, 1770 жылдың қысы аса жылы болды, Еділ мен Жайық өзендерінде мұз кіреукеленіп қана қатты. Ақырында Убаши Еділдің арғы бетінен келіп қосылатын халықты күтпей, 1771 жылдың 5 қаңтарында отыз мың үйлі қалмақпен шығысқа аттанды. “Ел құлағы елу” қазақтарды жаулауға бара жатыр деген сыбыс тарап кетті. Онсыз да көптен бері қалмақтарға тиіспей, қолдары қышып жүрген қазақ сарбаздары елең ете қалды. Осыны күткен патша жандайшаптары баяғы башқұрт көтерілісі тұсындағыдай, енді қазақтарға қалмақтардың мал-мүлкін, қыз-келіншектерін тартып алып, еркектерін шекара әкімшіліктеріне тапсыруға ақыл береді. Абылай сұлтан мен Нұралы хан ата жұртына көшкен қалмақтарды Жоңғария шебіне жеткізбей түгел қырып салуды көздейді. Әсіресе, Орта жүздегі Әбілпейіз, Торғай маңындағы Ералы сұлтандар бұған ат салысты. Жайық бойындағы Айшуақ сұлтан да құмарынан бір шығып, торғауыттардың үлкен бір тобын Сағыз бойында жер күштырды. Кіші Жүз қолы қалмақтарды Алакөлге дейін қуып, әрі қарай Ералы сұлтан Абылаймен бірігіп жусатып салды. Екеуі де Бөңды ханның құрметіне

не болып, аспан асты патшалығының қаһарманы атағын алды. Ералы Ұлы жүзге сұлтан болып, бірсыпыра мезгіл сол арада тұрып қалды. Айшуақ Жетіруды алып, әуелі Орта жүзге қарай, одан әрі Қытай шекарасына көшемін деген райынан қайтып қалады. Шамасы патша Үкіметі жер мәселесін қайта қараймыз деп, оны алдаған тәрізді, — дейді тарихшы Н.Е.Бекмаханова “Көктемір туралы аңызында”(169, 22—23).

Қалмақтардың қайғылы аяқталған “Шаңды жорығы” орыс-қазақ шекарасындағы жағдайды онша жақсартмады. Қазақтар күң мен құлға бір жарып қалғанымен, жайылымы жеткілікті қоныстың шеңбері тарыла түсті. Оренбург әкімшілігі Еділ мен Жайық арасына қазақ жұртын аттап бастырмады. 1750 жылдардың ортасындағы патша үкіметіне айрықша еңбегі сіңген Есет тархан (1756 жылы тірі, ал көпшілік деректерде тарханды 1749 жылы қайтыс болды деп жазады — А.Қ.) секілді кейбір игі-жақсыларға Жайықтың ішкі бетіне өтуге ішінара рұқсат берілуі онсыз да тынышы кеткен елді одан сайын тыпыршыта түспесе, тыныштандыра алмады. Арғы бетке көшуді хан емес, жергілікті орыс әкімшілігі реттейтін болғаны Нұралының беделін өшіре түсті. Бұрын патша ұлықтары тістерін қайрап келген ханға енді қазақ арасында тіс қайрайтындар көбейді.

Бұл оны патша әкімшілігімен қайта татуласуға итермеледі. Бұрынғысынша бір баласын аманатта ұстап, ел арасындағы орыс тұтқындарын жерлен қазса да, іздеп тауып, керуендер қауіпсіздігін қалағалауға ынта салып кірісуге мәжбүр етті. Оның үстіне, “шекаралық



Қазақ жігітінің суреті. Шоқан салған. 1856 ж.

барымта” деген пәле тағы шықты. Әр немені бір сылтаураатын, казак ауылдарына тиісу кобейіді. Бұны корген жұрт қолындағы құлдар “ішкі бетке” Ресей қол астына қараіі қаша бастады. Мұндай жағдайда хан жәі әншейін отаршы болып, патша ұлықтарының қолтығына кіріп күн көруден басқа амалы қалмады.

Нұралының “саяси басшылығының” шын сиқы, міне, тәуелсіз Қазақстан тарихында осылай бағаланады. Белгілі орыс тарихшысы М.П.Вяткин айтқандай, “бұл өз бағыныштыларына өзі сенбейтін, өз халқынан өзі қорқатын солқылдақ шонжарлардың билігі” еді. Бұл жағынан алғанда, “Абылай мен Нұралының ішкі саясаты бір-біріне өте ұқсас келетін. Екі ханның екеуі де мемлекеттік биліктің аяқ-қолын қаралай матап тастайтын рулық-ақсақалдық шектеулерден тезірек құтылғылары келді. Отаршылық әкімшіліктің пайда болуы ханның тәуелсіздігін мүлдем жоққа шығарды. Ол ежелгі қағидалық қарым-қатынастарды мейлінше әлісіретті. Бұрын ханның үстінен бір Құдайдан басқаға шағым айта алмайтын рубасылары енді қит етсе патшаға да, оның жергілікті әкімдеріне де ханның үстінен шағым көтеруге құқылы болды. Бұған мынадай мысал дәлел бола алады. Қазақтың игі жақсыларымен бірнеше кездесулер өткізген патшаның беделді шенеуніктерінің бірі Мәмет Тевкелев Сенатқа жазған хабарламасында: “хан, сұлтандар мен старшындарды ең болмағанда, 2 не 3 жылда бір рет Петербургке шақырып, қабылдау қажет. Елшілер сапарда жүрген сәтте, казактар біздің шекараға шабуылдай алмайды. Ал елге келгенде... Орда қорқынышта болады” дей отырып, хандық билікті күшейту қажет деп ескертеді. Бірақ патша үкіметі саясатына, И.И.Неплюев тәрізді отарлаушы шенеуніктерге казактар арасындағы мықты хан керек емес еді. Олардың көзқарасынша өз айтқанымен жүретін, тұрақты жалақы үшін адал қызмет көрсететін “қызметкер” керек болатын. Нұралы ханның беделі башқұрт көтерілісі мен оның казак даласына тікелей ықпалы жүрген мезгілде бір қалыпты даму үстінде болса, ендігі жерде орыс әкімшілігімен тығыз қатынас орнатуы нәтижесінде, олардың талаптарын қатал орындаушы екенін ел алдында көрсетіп, көпшілікті өзіне қарсы қойып алды. Ішкі өзара қатынастың шиеленісе түсуіне, 1756 жылы 2 қыркүйектегі “Жайықтың ішкі бегіне өткізбеу” туралы патша жарлығы, жанған отты тіпті маздатып жіберді. Ата-бабасы жайлаған қонысы Еділ — Жайық аралығына ханның күшінің жетпеуі, оны халықтың алдындағы беделінен жүрдай қылды. Мемлекет қанцлері А.Бестужев-Рюмин жарлықты орындату мақсатында, И.И.Неплюев пен М.Тевкелевке Жайықтан казактар өтетін тұстарға башқұрт көтерілісін басуға Оренбург өлкесіне

жіберілген үш мың Дон казактарына қоюға рұқсат етті. Кіші жүз рулары Жайықтың ішкі жағына өтуге ұмтылса, оларды жау ретінде оз ұлыстарына дейін қууды тапсырды. 1756 жылы 26 қыркүйекте М.Тевкелевпен Оренбургте кездескен Нұралы хан, Ералы, Айшуақ, Әділ сұлтандар жайылым жерлерді халық үшін шеше алмады. Осы кездесуге М.Тевкелев Ресейдің вице-канцлері, граф М.И.Воронцовтан мынандай тапсырма алып келді. Біріншіден, казактар өз еркімен башқұрттарды иелеріне қайтармаса, оларға әскер жіберіп, күштеу арқылы босату. Оған орыс казактары мен қалмақ әскерлерін пайдалану. Екіншіден, Нұралы ханның өзін үкімет талабына көндіріп, қашқындарды қалай болғанда да қайтару. Үшіншіден, Абылай сұлтан және Орта жүз ру басыларына хат жазып, башқұрттарды Ресейге қайтаруға ықпал жасау. Оларды Сібір аймағындағы таңдалған бір қалаға кездесуге шақыртып, патша үкіметінің саясатының дұрыстығына қолдау көрсету. Сөйтіп, патша әкімшілігі алғаш рет Кіші жүзге қарсы әскери күш жұмсауға құқық алды. Қазақтарды жазалауға қалмақ, орыс казактары мен башқұрт қарақшылары ашық жәрдем көрсете бастады. Әсіресе, башқұрт көтерілісі талқандалып, казактар арасында қолдау таппай кейін қайтарылған соң, башқұрттар Кіші жүзге оның ханына кек сақтады. Жайық бойындағы патша үкіметінің әскери жасақтары қалмақ, башқұрттарды шекарадан әдейі қазақ даласына өткізіп жіберіп отырды. Башқұрттар қолына түскен казактардың көпшілігінің халы аянышты еді.

Осындай теке тіресті күні бұрын болжаған халық данасы, Асан қайғы бабамыз: “Еділ менен Жайықтың, бірін жазда жайласаң, бірін қыста қыстасаң. Ал қолыңды маларсың, алтын менен күміске” (244, 198) демекші халқымызды, патша үкіметі Жайықтың ішкі бетіне өткізбеу туралы жарлығы қазақ ханының ел алдындағы беделінің түсуіне әкелді. Нұралының 1756 жылы 3 қарашада әкесінің ескі досы М.Тевкелевке жазған хатында: “мен енді қазақтарға не бетімді айттам” деп, ренжуі де осыдан. Сөйтіп, әдеттегідей ішкі бетке жайылатын мал кері қуылды, бақташы қазақтар сокқыға жығылды. Жарлықты алға тартқан Жайық бойындағы орыс-казактары Топайлы бекінісі тұсында, бір қазақты өлімші қылып сабаса, келесісін отқа қақтап қорлағанын естіген Нұралы хан бұл әрекеттерді “достық қатынастарға сыймайды” деп пайымдаған. Қазақ ауылдарының шағымдарын қабылдап, оған іштей күйзеле отырып, бар тапқаны Орынбор әкімшілігіне хат-хабар жолдау ғана еді. Елдің күйзеліс жағдайын патша ағзамға хабарлау үшін, 1757 жылы ақпан айында Оренбург губернаторынан қазақ елшілігін патша сарайына жіберуге қол жеткізді.

Әбілқайырдың күйеу баласы Жәнібек сұлтан бастаған қазақтар 1757 жылы 20 наурызда Москваға, ал сәуірде Санкт-Петербургке жетті. Қазақ-орыс келіссөздері 1757 жылдың аяғына дейін жүргізілді. Ханның тапсырмасымен Жәнібек сұлтан Жайықтың ішкі бетіне өтіп мал жаю құқығына ие болу, қазақтан қашқан тұтқындарды кері қайтару жөніндегі өтініштерін бірнеше дүркін қойғанмен, Ресей үкіметі қазақтардың ұсыныстарын қабылдамады. Патша үкіметі жарлықтарымен И.И.Неплюев, М.Тевкелев шешімдерінің сөзсіз орындалуын хан, сұлтандар мен билерден талап етті. Тұтқындарды қайтару туралы патшаның 1756 жылы 20 қыркүйегіндегі “қазақ даласынан қашып шыққан орыс бодандығын қабылдамаған парсы, жоңғар қалмақтары шоқынсын не шоқынбасын тез арада Жайық бойы бекіністерінен Оренбургке жеткізілсін. Олардың кейінгі тағдырын патша үкіметі шешеді” деген жарлығына мойынсұнған Нұралы хан мен Айшуақ сұлтан Жайық бойы қазақтары атаманы А.Бородин қашқындарды өз қоластына шоғырландыруда деп кінәлағанымен, үкімет оның саясатын дұрыс деп тапты. Империя шенеуніктері қазақтар арасындағы жоңғар қалмақтары христиан дінін қабылдағысы келеді-міс деген хабарды естіген бойда, оларды Кіші жүзден сатып алу, не астыққа және басқа заттарға айырбастауды шекара әкімшілігіне міндеттеді. Алайда, олардың басты талабы тұтқындарға христиан дінін сөзсіз қабылдату жүктелді. Яғни қашқындарға бұндай “қамқорлық”, “орыс мәдениеттілігі” астында нағыз отарлау саясатының бір ұшқыны жатты (179, 21—23).

Патша сарайындағы қазақ елшілігінің нәтижесін күтпей-ақ, Кіші жүз қазақтары шекара қорғандары жасақтарының қарсылығына карамастан, Жайықтың ішкі бетіне өтуге ұмтылды. 1757 жылы табын руының биі Құлбай Бақымбаев Жайық орыс-қазақтарына: “Малды өзім өткіздім және оларды қазақ даласына кері қууға сіздерге қарсыласамын”— деп ашық айтады. Батырға арнайы келген орыс-казак әскери күшінің басшысы Понамаревке ханның жұмсауымен Айшуақ сұлтан да көмекке келген. Бірақ қазақтар оны да тыңдаудан бас тартқан, себебі, қазақтар Нұралы мен сұлтанның өз малдарын ішкі бетке жаюға рұқсат алғанын білетін еді. Осы кезден бастап патша әкімшілігі хан мен сұлтандарды алдап-арбап өз жағына тарта бастады. Бір кезеңде, тама Есет Көкіұлы (Бөкенбай батыр өлгеннен кейін) түгел Жетіруға жауап беріп, олардың мүддесі үшін күрессе, жаңа жағдайда, Айшуақ сұлтан қара басының қамынан аса алмады. Оған үлгіге ағасы Нұралы ханның қаракеті тұрды. 1757 жылғы 9 қарашада “биияғы жаздың ыстығына байланысты далалық бетте

шөп шықпады, малым аштан қырылуда” деп жазған ханның хатын алған соң, И.И.Неплюев пен М. Тевкелев “тек қана өзіңе және отбасыңа рұқсат етеміз”, — деген хабар жіберген-ді. Нәтижесінде, хан жайықтың Нарын бетіндегі құмына 3055 жылқысы мен 17 бақташысын өткізуге мүмкіндік алды. Оренбург әкімшілігі бұл істің сәтті аяқталуын бақылауды атаман А.Бородинге тапсырды. Осы тұста Нұралы хан мен Айшуақ сұлтан Оренбургтегі губернатормен кездесу үстінде еді. Қыркүйектің 20-нан қарашаның 10-ы аралығында өткен қазақ-орыс келіссөздерінде қазаққа қарсы башқұрттардың әрекеттері, Жайықтан өтіп Нарын құмына мал қыстату, орыс-қазақтарының озбырлығы бірнеше рет талқыланды. Губернатор хан көтерген мәселелердің біріне башқұрттарға кезінде (1755—1756 жылдары) зорлық-зомбылық көрсеттіндер, енді олар кек алуға, оны өздеріңнен көріндер десе, Жайық бойындағы орыс қазақтары үкімет жарлығын орындаушылар деп жауап берді. Ал И.И.Неплюевтің жазба деректеріне сенсек, Жайықтың ішкі бетіне мал қыстату мәселесі былай шешілген: “Бұл жөнінде хан бірінші күні реніш білдірсе, келесі күні өзі мен сұлтандар үшін Жайықтың ішкі бетіне өтуге рұқсат алған соң, халық атынан өтіпуді тоқтатып, риза болып Ордаға қайтып кетеді” (179, 23).

1757—1758 жылдың қысы Кіші жүз қазақтары үшін ерекше ауыр зардап әкелген. Оны көзімен көрген қазақ атаманы А.Бородин: “Жайықтың төменгі және жоғарғы жағына қазақтар көптеп келуде. Көштің ішкі бетке өтуін тоқтату мүмкін емес. Қазақтардың малды өткізуді жұттың салдарынан туған. Оған алдымен, қысқа түскен малдарының азықсыз қалуы себеп болса, екіншіден, олардың титыққа ұшырауы” деп И.И.Неплюевке хабар салған. Жағдайдың шиеленісіп, арты үлкен қақтығысқа әкелетінін сезген губернатор мен М.Тевкелев мырза амалсыздан патша жарлығын бұзып, 1757 жылы 23 қарашада қазақтарға жайықтың батыс бетіне өтуге рұқсат етеді. Басты шарт ретінде Жайық бекіністерінде аманат қалдырып, салық төлеу міндеті қойылады.

1758 жылы ақпан айында И.И.Неплюев Петербургке қайтарылған кезде, Оренбург өлкесін уақытша басқару М.Тевкелев пен П.И.Рычковқа жүктелген еді. Олар бірлесіп, 1759 жылдың 2 шілдесіне дейін жаңа губернатор генерал-майор А.Р.Давыдов келгенше іргесі сөгілген қазақ-орыс қатынастарын реттеуге бар күштерін салып бақты. М.Тевкелевке үкіметтен жүктелген басты тапсырма Қытаймен қарым-қатынастың шиеленісін реттеу еді... Қытайлардың Ресей шекарасына әскер топтастыруы, Абылайға келген Жоңғар елшілігінің Әмірсананы ұстауға ниет білдіруі, ал оның патша үкіметінің қол астына өтуге мүдделілігі Ресейдің Сыртқы істер Алқасын Кіші жүзбен қатынасын

жақсартуға итермеледі. Ондағы басты мақсат Абылай сұлтанды (ол кезде, әлі сұлтан — А.Қ.) Қытай бодандығына жібермеу, ал Нұралы ханға әскер жинатып, қажет болған жағдайда, Қытайға қарсы айдап салу еді. Бұл уақытта, Ресей Еуропа бағытындағы жеті жылдық (1757—1762) соғысқа қатысып, негізгі әскери күштің Еуропа бағытына жіберілуіне байланысты, патша әкімшілігі Шығыс мәселесінде қазақтарды пайдалануға ынталылық білдірді. Мұндай қитұрқы саяси ойындар патша жарлығымен емес, қайта жасырын түрде қазақты Қытайға айдап салу жолымен ұйымдастырылмақшы. Нұралыға келген орыс офицері, капитан Осип Тевкелев (М.Тевкелевтің ұлы — А.Қ.) қытайлықтар Шығыс Түркістандағы Жаркент, Қашқар, Ташкент, тағы басқа қалаларды алды, оңтүстік шекараға қауіп төндіруде, сондықтан ханға және Ералы сұлтанға қазақтарды Қытай алған жерлерге бағыттап, қытайлықтарды ол мекендерде тұрақты қалдырмауға жұмыстануы тиіс екенін түсіндіріп бақты. 1759 жылы 15 наурызда генерал-майор М.Тевкелев пен П.И.Рычков Сыртқы Істер Алқасына жолдаған есебінде, ханға сенімді әскери қызметкер жіберу арқылы көктемге дейін қазақтар арасынан әскери топ құрып, дайындықтарын жандандыру мәселесін ұсынды.

Оренбург өлкесінің жана тағайындалған губернаторы А.Р.Давыдовқа 1759 жылы 26-шы мамырда Нұралы хат жазып, халқының өзіне қойған екі талабын нықтап айтып егер олар орындалмаса, ханның бұқарасыз қалатынын ескертеді. Осы хаттағы Нұралы ханның мына бір жайтты қынжыла жазуы ерекше көңіл аударуға тұрарлық: “Бізді (қазақтарды — А.Қ.) мойынсұнсын десең, Ресеймен жалғасқаныңды қой дейді, осы мәселе мені қатты қинап жүр. Мәселен, шекті руындағы қазақтардың айтуынша, Бактыбай бидің ұлы Дәулетбай әлі күнге дейін іздестірілмеген, танитын адамдарды жіберіп, тауып бермеген және тұтқынға түскен басқа адамдар да қайтарылмаған көрінеді. Сондай-ақ, шөмекей, қаракесек, төртқара руларының адамдары да: бізді ешкім жақын тартпайды, тұтқындағы адамдарымызды босатып беруге көмектесейін демейді деп, теріс қарап кетті, араласқылары келмейді. Олар маған егер осындағылар (патша қызметкерлері — А.Қ.) жағына шықсаң, бізді қол астыңда ден санама, орданнан кетеміз дейді. Сонымен, бәрі бірауыздан көшіп кеткілері келеді. Қазақтардан осыны естіп алған інім Ералы сұлтан маған: біз де көшейік, жұртта жалғыз үй қалай қаламыз дегенді айтады. Қысқасы, оның да көшіп кеткісі келіп жүр...” (94, 139).

Хан алдына келген — он екі ата Байұлы мен Жетіру билері оздерінен қашқан тұтқындарды қайтару және қыстағы жайылым

мәселелері шешілмейтін болса, батырлар мен билерден балаларын аманатқа алуды тоқтатуды талап еткен. Оларға Әлімұлдары да қосылған. Әйтсе де, Нұралы өзінің әдеттегідей адалдығын танытып, хатта Оренбург әкімшілігіне: “Жайық бойындағы бекіністерге сақ болсын, қазір қазақтар арасында бұзақылар көбейіп кетті” деп ескертуді ұмытпады (94, 139). Бұндай хабар алған А.Р.Давыдов іле-шала әскери кеңес шақырып, Пруссия бағытынан елге қайтқан башқұрт, орыс-казак, қалмақ жасақтарын қайта жинақтап, оларды қажет жағдайда қазақтарға қарсы пайдалану жолдарын талқылады.

Патша шенеуніктерінің қолпаштауына масайраған Еділ қалмақтары 1759 жылдың өзінде қазақтардың кемінде қырық мың жылқысын айдап кеткен. Мұны қайтару Оренбург әкімшілігі көмегіңсіз мүмкін емес еді. Осындай қиналыста Нұралы хан өз билігін күшейту үшін, тек Ресей үкіметіне арқа сүйеу қажет деп түсінді. Оған ханның аманаттағы 1758 жылы қайтыс болған баласы Айтөре сұлтан орнына, халықтың келісімінсіз 1759 жылы қыркүйекте Артығали сұлтанды беруі, 1759 жылы 5 қазанда канцлер М.И.Воронцовтан Жем бойынан өзіне бекініс салып беруді сұрауы дәлел. Нұралы болашақ бекініс қазақтарды үнемі қыспақта ұстау үшін қажет деп түсінді.

Аманат мәселесінде Ералы сұлтан оны әзірше бермей, патшаға елші жіберіп, Жайық — Еділ аралығын жайлауға және Астраханда еркін сауданы шешіп алуды ұсынған. Алайда, хан оның да пікіріне құлақ аспай қойды. Ал патша үкіметі болса, башқұрттарды дала бетіне өткізуге қатаң тиым салды және Оренбург бекінісінен Жайық бойындағы қалашықтарға дейінгі аралықта 10377 әскер мен 260 зеңбірек орналастырды, ал Жайықтан Гурьевке дейінгі бақылау тіректерінде 1311 орыс-казак жасақтары тұрды. Бекіністерге қауіп төнген мезетте Жайық бойындағы әскерлер өзара бір-біріне көмекке баратын болды.

А.Р.Давыдовтың саясатын Жайық казактары ду қол шапалақтап қарсы алды. Олар ішкі бетке айдалған казақ жұртының малын кері қуып, бір бөлігін әрдайым өздеріне қалдырып отырды. 1760 жылы Жайық бойының казактары қалмақтармен бірлесіп, казактардың 3000 жылқысын қуып алады, артынан оның тек 200-ін ғана қайтарған. Орыс казактарының А.Р.Давыдовқа арқа сүйегені сонша, енді, олар казактарды Жайықтың сол жақ жағалауына да жақындамауын талап ете бастады. Олардың бұндай озбырлығынан зәбір көрген халық, сөз жоқ, алдымен ханның дәрменсіздігі деп түсінді. Күйзеліске ұшыраған қалың бұқара Нұралы ханның әкімшілік саясатына қарсылық білдіріп, босаған жоңғар жерлеріне көшуді ойластырып, Ресей бодандығын қабылдаған Шері Нойанмен астыртын ақылдасты. Ералы

сұлтан болса бос жатқан “Жайықтан басқа да жерлер көп, сондықтан Жайықтан көшуге болады” деген пікірді ұстанды. Сыртқы Істер Алқасы 1761 жылы Ералы, Айшуақ сұлтандарды ішке тарту үшін, жылына оларға 200 рубльден жалақы берілетіндігін жеткізген. Бұл әрекеттер арқылы хан туажаттарын үкімет саясатына тартып, патша жарлықтарын орындаушылар қатарын көбейту еді. Олар патша үкіметінен тарту-таралғы, жалақы алып, Жайықтың ішкі бетіне өз малдарын жаю сияқты артықшылықтарға ие болғанымен, Әбілқайыр ұрпақтары бір сәтте қазаққа қажетті жайылым жерлерді иемдену және қашқан тұтқындарды қайтару, қалмақ, орыс-қазақ, башқұрт озбырлығын тойтару тәрізді басты талаптарды ұмытқан жоқ. Өйткені, халқы болмаса өздерінің ешкімге керек еместігін сезінді. Ал Сыр бойына көшу, жоңғар жерлеріне қарай ығысу жөніндегі ойлары патша ағзамның әкімшілігіне көрсеткен қыры еді. Бұл жоспарлары жүзеге аса қалса Қытай не өзге мұсылман елдері күшейетінін де түсінген. Оның үстіне осы тұста Ресей жағдайы Еуропа мен Азияда да мәз емес еді. Соны сезінген Сыртқы істер Алқасы губернаторға қалай да қазақтармен тіл табысуды тапсырады.

Осыған қарамастан, 1761 жылы күзде өткен келіссөзден Ералы, Айшуақ сұлтандар бастаған қазақ елшілері Оренбург губернаторынан тағы да нәтижесіз оралды. Содан, Кіші жүз арқылы өтетін керуендер тоқтатылып, қазақтардың шекараға шабуылы жиілей түсті. Хан губернатордан патша сарайына елшілер жіберуді қанша өтінгенімен рұқсат ала алмады. 1762 жылдың басында Петербургке бара жатқан Бұқар көпесі Ерناзар Майытов арқылы М.И.Воронцовқа Нұралы хан билер атынан құпия түрде хат жөнелтеді. “Хатты жеткізудің басқа жолын таба алмадық”, деп басталатын хатты көпес 1762 жылғы 26 сәуірде канцлерге қолма-қол тапсырады. Хан Сыртқы Істер Алқасына мынандай мәселер бойынша, халқының мұң-мұқтажын жеткізді: Біріншіден, қыстағы жайылым үшін Жайықтың ішкі бетіне өтіп мал жаю; екіншіден, орыс казактары, башқұрт, қалмақтардың озбырлығын тыйғызу; үшіншіден, қазақ даласына тұтқындарды қайтару, өйткені, оларға христиан дінін күштеп қабылдатуда; төртіншіден, губернатор А.Давыдовтың хан, сұлтандар мен ел ақсақалдарының пікірін есепке алмайтындығы; бесіншіден, ханның жалақысын өсіру.

Хан шағымымен танысқан Сыртқы істер Алқасы “хан әрдайым казактардың бізге қастандықтарын жасырады”, ал “губернатор, әрдайым, олардың талаптарын орындай алмайды” деп жуып-шаяды. Жайықтың ішкі бетіне мал өткізу мәселесіне келетін болсақ, егер Жайық пен Жем аралығына камалдар тұрғызылса, онда қазақтар үшін

Жайықтың маңызы азаяды және олар арқылы біздің керуендеріміз тыныш жүрер еді, — деген мардымсыз жауаптармен тоқталады.

Көп ұзамай-ақ, Санкт-Петербургке қазақ елшілері де жетеді. Елшілікті Кіші жүздің Жәнібек сұлтаны басқарып, канцлер М.И.Воронцовпен тікелей жолығысады. Осы кездесуде сұлтан орыс казактары жазған шағым-арыздарға “мен хансыз оларды дәлелдей алмаймын” деп жауап берген. Ресей әкімшілігі Оренбург губернаторы мен хан, сұлтандардың өзара қарым-қатынасын саралағаннан кейін, 1762 жылдың 5 тамызында арнайы жауап алып талас мәселелердің ақ-қарасын ашу үшін, Оренбургке өкілін жібереді. Губернатор жазған түсініктемесінде, қалыптасқан жағдайға кінәлі тек қана казактар және Нұралы хан деп хабарлайды. Сонымен бірге, казактар малын Нарын құмына өткізген кезде Жайық бойы тып-тыныш, ешқандай талас-тартыс сезілмейді, себебі бүкіл мал орыс казактары қоныстарында жүреді. Керісінше, малды ішкі бетке өткізбеген жағдайда дау-дамайлар басталады. Жалпы, Жайықтың ішкі беті мал өткізетін казактарға ғана жайлы. Ал, олар Ордадағы казактардың бір ғана бөлігі деген губернатордың ерекше пікірін жеткізеді. Сыртқы істер Алқасы тексерістен соң, казактардың малын қыста Жайықтан өткізбеу туралы жалған жарлықты тілмаш В.М.Бакунин орыс казактары мен қалмақтардың мүддесін қорғау үшін шығарғаны анықталды. Сонымен қатар құзыры жоқ В.М.Бакуниннің қалмақтарға қазақ жылқыларын айдап алуға “арнайы рұқсат” бергені де мәлім болды. Егер қазақ ханы да, В.М.Бакунинге 5000—6000 рубль берген болса, ол казактарға да сондай мүмкіндік жасар еді деген тұжырым жасалды тексерудің қорытындысында. Бүгінгі қара шекпенді орыс казактары мен байырғы казактар арасындағы таластар, адам өлімдері мен тұтқындардың көбеюі В.М.Бакуниннің құныққандығынан, — деп кінәлі адамды өз қызметкерлері арасынан тапты.

Сыртқы істер Алқасы губернатор үстінен жазылған шағымның Оренбург әкімшілігінің қолына түспей, тікелей канцлерге жетуіне танданыс білдірді және А.Р.Давыдовтан келешекте мұндай “бассыздықтың” қайталанбауын талап етті. Сөйтіп, Жәнібек сұлтан елшілігі тағы сәтсіз аяқталды. Ресей әкімшілігі губернаторды казактарға жығып бермеді, олардың сөзін сөйлемеді, — дейді белгілі тарихшы Ә.Қ.Мұқтар (179, 27—28).

1762 жылдың 2 тамызында поручик И.Ураков пен тілмаш Я.Гуляев Екінші Екатеринаның патша тағына отыруы жөніндегі ресми хабарды Нұралы ханға жеткізеді. Хан оларға патша ағзамның казактардың өтініштерінің бірде-бірін шешпегеніне реніш білдіріп

сұлтан болса бос жатқан “Жайықтан басқа да жерлер көп, сондықтан Жайықтан көшуге болады” деген пікірді ұстанды. Сыртқы Істер Алқасы 1761 жылы Ералы, Айшуақ сұлтандарды ішке тарту үшін, жылына оларға 200 рубльден жалақы берілетіндігін жеткізген. Бұл әрекеттер арқылы хан туажаттарын үкімет саясатына тартып, патша жарлықтарын орындаушылар қатарын көбейту еді. Олар патша үкіметінен тарту-таралғы, жалақы алып, Жайықтың ішкі бетіне өз малдарын жаю сияқты артықшылықтарға ие болғанымен, Әбілқайыр ұрпақтары бір сәтте қазаққа қажетті жайылым жерлерді иемдену және қашқан тұтқындарды қайтару, қалмақ, орыс-қазақ, башқұрт озбырлығын тойтару тәрізді басты талаптарды ұмытқан жоқ. Өйткені, халқы болмаса өздерінің ешкімге керек еместігін сезінді. Ал Сыр бойына көшу, жоңғар жерлеріне қарай ығысу жөніндегі ойлары патша ағзамның әкімшілігіне көрсеткен қыры еді. Бұл жоспарлары жүзеге аса қалса Қытай не өзге мұсылман елдері күшейетінін де түсінген. Оның үстіне осы тұста Ресей жағдайы Еуропа мен Азияда да мәз емес еді. Соны сезінген Сыртқы істер Алқасы губернаторға қалай да қазақтармен тіл табысуды тапсырады.

Осыған қарамастан, 1761 жылы күзде өткен келіссөзден Ералы, Айшуақ сұлтандар бастаған қазақ елшілері Оренбург губернаторынан тағы да нәтижесіз оралды. Содан, Кіші жүз арқылы өтетін керуендер тоқтатылып, қазақтардың шекараға шабуылы жиілей түсті. Хан губернатордан патша сарайына елшілер жіберуді қанша өтінгенімен рұқсат ала алмады. 1762 жылдың басында Петербургке бара жатқан Бұқар көпесі Ерназар Майытов арқылы М.И.Воронцовқа Нұралы хан билер атынан құпия түрде хат жөнелтеді. “Хатты жеткізудің басқа жолын таба алмадық”, деп басталатын хатты көпес 1762 жылғы 26 сәуірде канцлерге қолма-қол тапсырады. Хан Сыртқы Істер Алқасына мынандай мәселер бойынша, халқының мұң-мұқтажын жеткізді: Біріншіден, қыстағы жайылым үшін Жайықтың ішкі бетіне өгіп мал жаю; екіншіден, орыс казактары, башқұрт, қалмақтардың озбырлығын тыйғызу; үшіншіден, қазақ даласына тұтқындарды қайтару, өйткені, оларға христиан дінін күштеп қабылдату; төртіншіден, губернатор А.Давыдовтың хан, сұлтандар мен ел ақсақалдарының пікірін есепке алмайтындығы; бесіншіден, ханның жалақысын өсіру.

Хан шағымымен танысқан Сыртқы істер Алқасы “хан әрдайым қазақтардың бізге қастандықтарын жасырады”, ал “губернатор, әрдайым, олардың талаптарын орындай алмайды” деп жуып-шаяды. Жайықтың ішкі бетіне мал өткізу мәселесіне келетін болсақ, егер Жайық пен Жем аралығына қамалдар тұрғызылса, онда қазақтар үшін

Жайықтың маңызы азаяды және олар арқылы біздің керуендеріміз тыныш жүрер еді, — деген мардымсыз жауаптармен тоқталады.

Коп ұзамай-ақ, Санкт-Петербургке қазақ елшілері де жетеді. Елшілікті Кіші жүздің Жәнібек сұлтаны басқарып, канцлер М.И.Воронцовпен тікелей жолығысады. Осы кездесуде сұлтан орыс казактары жазған шағым-арыздарға “мен хансыз оларды дәлелдей алмаймын” деп жауап берген. Ресей әкімшілігі Оренбург губернаторы мен хан, сұлтандардың өзара қарым-қатынасын саралағаннан кейін, 1762 жылдың 5 тамызында арнайы жауап алып талас мәселелердің ақ-қарасын ашу үшін, Оренбургке өкілін жібереді. Губернатор жазған түсініктемесінде, қалыптасқан жағдайға кінәлі тек қана казактар және Нұралы хан деп хабарлайды. Сонымен бірге, казактар малын Нарын құмына өткізген кезде Жайық бойы тып-тыныш, ешқандай талас-тартыс сезілмейді, себебі бүкіл мал орыс казактары қоныстарында жүреді. Керісінше, малды ішкі бетке өткізбеген жағдайда дау-дамайлар басталады. Жалпы, Жайықтың ішкі беті мал өткізетін казактарға ғана жайлы. Ал, олар Ордадағы казактардың бір ғана бөлігі деген губернатордың ерекше пікірін жеткізеді. Сыртқы істер Алқасы тексерістен соң, казактардың малын қыста Жайықтан өткізбеу туралы жалған жарлықты тілмаш В.М.Бакунин орыс казактары мен қалмақтардың мүддесін қорғау үшін шығарғаны анықталды. Сонымен қатар құзыры жоқ В.М.Бакуниннің қалмақтарға қазақ жылқыларын айдап алуға “арнайы рұқсат” бергені де мәлім болды. Егер қазақ ханы да, В.М.Бакунинге 5000—6000 рубль берген болса, ол казактарға да сондай мүмкіндік жасар еді деген тұжырым жасалды тексерудің қорытындысында. Бүгінгі кара шекпенді орыс казактары мен байырғы казактар арасындағы таластар, адам өлімдері мен тұтқындардың көбеюі В.М.Бакуниннің құныққандығынан, — деп кінәлі адамды өз қызметкерлері арасынан тапты.

Сыртқы істер Алқасы губернатор үстінен жазылған шағымның Оренбург әкімшілігінің қолына түспей, тікелей канцлерге жетуіне танданыс білдірді және А.Р.Давыдовтан келешекте мұндай “бассыздықтың” қайталанбауын талап етті. Сөйтіп, Жәнібек сұлтан елшілігі тағы сәтсіз аяқталды. Ресей әкімшілігі губернаторды казактарға жығып бермеді, олардың сөзін сөйлемеді, — дейді белгілі тарихшы Ә.Қ.Мұқтар (179, 27—28).

1762 жылдың 2 тамызында поручик И.Ураков пен тілмаш Я.Гуляев Екінші Екатеринаның патша тағына отыруы жөніндегі ресми хабарды Нұралы ханға жеткізеді. Хан оларға патша ағзамның казактардың өтініштерінің бірде-бірін шешпегеніне реніш білдіріп

және Оренбургтегі сауда-саттыққа барып ұсталған қазақтардың елге қайтарылмауы адалдыққа ант бергізу мүмкіндігін жоятынын ескертеді. Ералы, Айшуақ сұлтандарға бару қауіпті екендігін де ескертеді. Келген елшілер 1759 жылғы губернатормен нәтижесіз келіссөзден соң, Оренбургке бармаған Нұралы ханды А.Р.Давыдовпен қайта кездесуге үгіттейді. Хан оларға Оренбург әкімшілігіне келмеу себебін, қазақтар қойған мәселелерді шеше алмадым, енді барып тағы ештеңе тындыра алмасам, “елден ұят” деп айтқан.

Губернатор саясатына Кіші жүз халқы ылғи наразылық танытып отырған. 1760—1761 жылдары Жайық бойы үнемі қауіпті деген сылтауды желең етіп, казак атаманы А.Бородин бекініс күзетіндегі орыс-казак жасақтарына төртіп беріп, оны бұзушыларды қатаң жазалауды тапсырады. 1762 жылы 19 маусымдағы Оренбург өлкесінің кеңсесіне жіберген хабарында, атаман орыс бекіністерінен тұтқынға алынған адамдар қазір ханның өзінде және Кете руларында деп жалған мәлімет түсірген. Ал қалмақ-казак араларындағы тұтқындар мәселесінде губернатор патшадан арнайы жарлық күтеді. 1762 жылы 3 маусымда қалмақ билеушісі Бамбор Зайсанг А.Р. Давыдовтан “қолға түскен 43 қазақтың кейбіреулері өлді, қашып кетті, қалғандарын не істейміз, әлде қазақтардағы қалмақ тұтқындарымен ауыстыруға рұқсат етесіз бе?” деген сұрауына тиянақты жауап ала алмаған. 1762 жылы 22 тамызда А.Р.Давыдов Нұралыдан орыс тұтқындарын қазақтар арасынан қайтаруды талап етті және өзі тарапынан ханның көрсетуі бойынша казак-орыс шиеленісіне қатысты шекті руының Сенбай батыр бастаған адамдарын қамауға алғанын жеткізеді.

Осы жылы Оренбург әкімшілігімен қатынаста Досалы сұлтан “жақсы жағынан” көзге түседі. Ол немере ағасы Ералы сұлтанның тапсырмасымен Ресей шекарасына жақын орналасып, ханның іс-әрекеттерінен патша жандайшаптарына хабар жеткізіп отырған. Ералы сұлтанның 1762 жылғы 18 тамызындағы хатында Нұралының ешкіммен келіспей, қалмақтардан қашқан түркімендерді қабылдауына наразылық білдірілді. Тағы бір хабарында, 1761 жылы 24 тамызда Жайық бекіністерінен ұрланған орыстар қазір ханға бағынатын Байбақты, Ақкете руларында жүргенін және оларды Ордаға қайтарылмаған жылқылар мен адамдар орнына ұстап отырғаны айтылған. Нұралы хан тұтқындар мен өзі Оренбург түрмесіне қаматтырған қазақтарды босаттыру мәселелерін інілері Ералы, Айшуақ, Досалыға тапсырмай, Жәнібек сұлтанға тапсырады.

Қазақтардың Жайық бойындағы бекіністер мен Орынбор сауда үйінен тұтқынға түсуі әрдайым хан, сұлтандар мен рубасылары арасында жанжал туғызатын. Кей жағдайда, ру ақсақалдары мұны хан-



Ор өзені бойындағы жалғыз ағаш. Белгісіз суретші. 1830 жылдар.

ның әрекеті деп түсініп, губернаторға жазған шағым хаттарында ханға бағынатын руларды тізіп беретін. Бұл мәселеде А.Р.Давыдов, керісінше, тек хан көрсеткен қазақ руларының адамдарын ғана ұстап, хан мен сұлтандар араларын шиеленістіре түсетін. 1762 жылдың өзінде-ақ тұтқындар дауында Ералы, Досалы сұлтандардың Нұралы ханмен басараздығы байқалды. Әсіресе, хан керуендер тонауды тоқтату және оны иелеріне қайтару мақсатында, Кіші жүздегі мықты рулардан адамдарды Оренбургте түрмеде ұстау керектігін айтып, оны жүзеге асыруды губернатордан сұрап отырды. Мәселен, 1762 жылы Хиуа керуендерін тонаушылар арасында төртқара руы көрсетілген. Бірақ көп ұзамай баласы Пірәліге төртқара Өтебайдың қызын айттыруына байланысты, губернатордан, енді аталған руға тимеуін өтінді. Төртқара руының орнына шекті руының Жанқылыш бөлімі қазақтарын ұстауды тиімді санаған, өйткені, олар “менің (ханның — А.Қ.) бұйрығымды тыңдамайды, мені жек көреді, тұтқындағы орыстарды қайтармай, қазір күшеюде” деген мәлімдемсесі, ханның ұстанған бағытын айқындайды. Бұл кезде шектінің аталған бөлімдері Ералы сұлтанға бағынатын-ды. Мұндай әрекет, сөз жоқ, ағайындар арасын алшақтата түсті. Хан халық арасында шайқалған беделін Петербургке кері ша-

қырылған М.Тевкелевті Оренбургке қайтару арқылы да көтеруді ойластырды. Бұған қоса, хан Жайық казактарының атаманы Андрей Бородинді де орнынан алдыртуға тырысып бақты. 1763 жылы ақпанда тағы да жасырын түрде Жайық әскери басшысы И.Ульянов арқылы канцлерге хат жолдады. Атаман А.Бородинге орыс казактары да риза емес еді. Хан соны пайдаланып қалуға асықты. Нұралы канцлерге жіберген хатында, Оренбург әкімшілігі “менің тілімді білмейді, ал оларды мен түсінбеймін. Әсіресе, олар казактардың дәстүрінен хабары жоқ” деген кінә тағып, М.Тевкелев кеткеннен бері “мен Орынборға барған емеспін”, сондықтан М. Тевкелевті аз уақытқа болса да казактар арасында қызмет етуге жіберуді сұрады. Бұларға қоса Нұралы: “Атаман А.Бородин орыс-казак жасақтарының басында тұрғанда, ешқашан казактармен тіл табыспайды, ол 1762 жылы қалмақтар айдап алған 8000 жылқының не бәрі 3971 қайтарды, казактарды түрмеде жәбірлеуде”, — деген шындықты алға тартады.

Ханның хатымен танысқан Сыртқы Істер Алқасы 1763 жылғы 10 наурызда “атаман шынында ондай адам болса, ауыстырған жөн болар” деген тұжырым жасады. Бұған қарамастан Әскери Коллегия мен Оренбург губернаторы Андрей Бородинді айдан ақ, сүттен таза деп, шаң жуытпады, жаланы ұйымдастырушы деп, казак старшыны Логиновті айыптап, түрмеге қамады.

Қазактардан бодандыққа ант алып, олармен майлы қасықтай араласып жүрген, өздерінің сөзін сөйлейді деп сенген адамы генерал-майор А.И.Тевкелевті Оренбург губернаторлығына бекіттіру мәселесі 1763 жылы үкіметте қаралып, патша ағзам: “А.Тевкелев енді тыныштықта қалдырылсын, казактар ісіне араластырылмасын” деген оқшау тапсырма береді. Олай болса, Нұралы хан арқылы казактар көтерген талаптар тағы да шешілмейтіні өзінен-өзі түсінікті еді. Бұнысымен қоймай, патша әкімшілігі Жайық бойын жайлап, ішкі бетке етуге талпынған казак руларын қатаң жазалауға рұқсат етті.

Бұл кезде Оренбург губернатор болып Д.В.Волков тағайындалған еді. Ол 1763 жылы 13 маусымда Сыртқы Істер Алқасынан казак даласында отаршылықтың жымысқы саясатын жалғастыруға бағытталған, патша ағзам бекіткен ерекше нұсқауын ала келді. Нұсқау бойынша губернаторға, ең алдымен, хан, сұлтандармен кездесу міндеттелді. Осыған сүйенген казак-орыс келіссөзі Нұралы ханның, Айшуақ, Жәнібек және Досалы сұлтандардың қатысуымен 1763 жылдың 14 қазанында басталды. Келіссөз нәтижесінде Нұралы хан Хиуа мен Бұкара сауда керуендерінің қауіпсіздігін өз жауапкершілігіне алды. Сол үшін, ол үкіметке өзінің кошіп-қонатын қопыстарын дер кезінде хабарлап отыруға, ал Оренбург әкімшілігі керуендердің шығу уақытын

ханға жеткізіп тұруға міндеттенді. Осыған қарамастан хан бұл жолы да қыста Нарын құмдарына малды қыстату қажеттілігін шешпек түгіл, өзі мен Айшуақ сұлтанға да әкімшіліктен рұқсат ала алмады. Дегенмен, бұл келіссөздерді сәтсіз өтті деп айта алмаймыз. Ойткені, сауда керуендерін хан қарамағындағы жерлермен өткізу және оның тыныштығы ханға да, қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне де тиімді еді.

Қазақ жұртының сорына, 1763—1764 жылдың қысы ерекше ауыр болды. Он екі ата Байұлы, Жетіру рулары Жайық өзенінен желтоқсан айында малын айдап ішкі бетке өтуге тырысты. 1764 жылдың қаңтарында губернатор міндетін атқарған генерал-поручик А.П.Лачиновқа Нұралы хан екі рет, Айшуақ сұлтан екі рет арнайы хат жазып, далалық бетте малдарға азық-түлік жетіспейді, жағдай ерекше ауырлады, дегеніне қарамастан генерал үкімет жарлығын алға тарта берді. Басты себеп ретінде қалмақтардың тыныштығы көзделді. Жайықтың ішкі бетіне көшірілген Нұралының 20 мың, Айшуақ сұлтанның 9 мың жылқысы кері қарай қуылды. Нұралы хан 1764 жылғы 23 қаңтарда “малымды кері айдап әкелдім, басымның амандығын күйттеймін, Сізден ешқандай жәрдем болған жоқ десе, 16 ақпанда “қазақтар осы жағдайға байланысты наразылық тудыруда, патшаға жағымсыз халық екенбіз, онда іргемізді аулақ салайық деп келісіп, Жайыққа енді келмеуге уәж етті”, “барлық пәленің бәрін қазақтан көреді”, “шоқындыруға келсек, тұтқындағы адамдар болса бір басқа, ал айдап әкетілген жылқы, түйелер шоқынбайды ғой” деген наразылық пікірлерін ашық жазды (179, 30—31).

Айшуақ сұлтан 16 ақпандағы хатында патша генералына Жайық бойындағы орыс-қазақтарының озбырлығын ашына жеткізген.

Десек те, патша жарлығына қарамастан хан мен сұлтандар Жайықтың ішкі бетін осы кезге дейін пайдаланып келді. Мұны көрген көпшілік те ретін тауып малдарын Нарын құмына өткізіп жүрді. 1764 жылғы “Хан, сұлтандікі өтсе, халық та қарап тұрмайтындығын” бетке ұстаған, шекара бекіністеріндегі жасауылдар генерал келісімімен 1764 жылдың басында ашықтан-ашық қазақтарға қарсы шабуылға көшті. Мұның арты, жоғарыда айтқанымыздай, Жайықтан Сырға қарай қазақтардың үдере көшуіне және орыс керуендерінің қайта тоналуына әкелді. Бұл әрекеттер патша үкіметінің озбырлықтарына қарсы туындаған еді. Мәселен, 1764 жылы Бұқарадан шыққан екі сауда керуені жолшыбай тоналды. Осы жөнінде Айшуақ сұлтан вице-канцлер К.А.Голицынға Нұралы хан, Ералы сұлтан үшеуіміз тоналған керуендердің тауарларын іздеудеміз, деген хабар жеткізеді. Төтенше жағдайдан хабардар болған вице-канцлер қазақ-орыс қатынасында қалыптасқан шиеленісті өзінше саралады. Ол 1764 жылы 6 қара-

шала Нұралы ханға: “қазақ халқының бізге риза болмайтындай еш себебі жоқ, ал тұтқындар ішіндегі христиан дінін қабылдағандарды сіздерге қайтару сөз болса, ол адамның діні сеніміне қарсы, ал бұл дінді қабылдамағандары жарлық бойынша сіздерге қайтарылуға тиіс. Малдарыңызды қайтарып беруге келсек, бұл арада көптеген таластар тууы мүмкін” деп жазады. Патша шенеуніктері Кіші жүз руларына мал жайылымының жетіспейтіндігін түсінгісі келмеді, әйтпесе, қазақтарды қыс кезінде Жем бойына орналастырыңыз, сол жерден өзіне қала салып берсек деп едік, деген ақыл-кеңестерін ұсынады. Осылай ханға жіберілген хат арқылы, патша үкіметі қай уақытта да империя мүддесін жоғары қоятындығын, Азия бағытындағы саясатында қалмақ, орыс-қазақтарының артықшылықтарын көрсетеді.

Ресей үкіметі қазақтарды өз жағына тартудың бірден-бір жолы ретінде сауда-саттықты, соның ішінде Кіші жүз бен Орта жүз руларына астық сатуды қолға алды. 1763 жылғы 13 қыркүйектегі Сенаттың қазақтарға үш жыл бойы астықты салықсыз сату жарлығы 1764 жылы жалғасын тапты. Оренбургтің әскери коменданты генерал-майор Н.Я.Лановтың хабарлауынша, 1764 жылы Нұралы ханнан 235, Айшуақ сұлтаннан 100 түйемен қазақ керуендері астық сатып алуға келген. Мұндай мүмкіндікті Орта жүзден Абылай сұлтан, ұлы жүзден Жолбарыс сұлтан, Құлсары, Құлеке батырлар да халқы үшін пайдаланып қалуға тырысты.

1764 жылдың желтоқсанынан 1768 жылдың қарашасына дейін Оренбург өлкесін генерал-майор А.А.Путятин басқарған уақытта, А.И.Левшиннің баяндауынша, оның алғашқы 1765—1766 жылдары, қазақтардың Еділ қалмақтарына, орыс бекіністеріне шабуылдары мен қақтығыстары жалғасқан. Ал кенестік тарихшылар А.А.Путятин тұсындағы қарым-қатынасты неге екені белгісіз бірер сөйлеммен сыдырып өте шығады. Мұрағат құжаттарына табынсақ, осы губернатор басқарған кезең қазақ-орыс қатынастарының шиеленісуімен ерекшеленеді. Алғаш рет губернатор өзінің қарамағындағы орыс казактарына 1766 жылы 5 қаңтарда қазақтардан жылқы барымталауға арнайы рұқсат етеді. Әрине, генералдың 1749 жылғы 6 қарашадағы патша жарлығын жүзеге асыра бастағаны сыртқы көзге қарағанда, патша жарлығында былай жазылған: “қазақтар қандай болса да қарсылық көрсетіп, бір немесе бірнеше адамдарды Ордаға алып кетсе, мал қуып алса, орыс қашқындарын жасырса, алдымен ханға хат жазу арқылы талап ету, ал берілмеген жағдайда барымта жасау қажет. Егер олар қашықта тұрса, ханның келісімімен барымтаға рұқсат етілсін”, — делінген. Аталмыш жарлықта ханның ролі томендетілмеген, қайта оның келісімімен қимылдау қажеттігі баса айтылады. Ал жаңа губер-

натор болса істің шешімін орыс казактарының еркі мен таңдауына береді. Тоқ етері, 1766 жылы жазда мұздай қаруланған орыс-казак әскери жасақтары Нұралы хан мен оның қарамағындағы қазақ ауылдарын шабады. Басқаны былай қойғанда, Алексей Митрясов деген атаманның басқаруымен Жайық орыс-казактары ханның жылқысын айдап кетеді. Хан мен Айшуақ сұлтанның Петербургке жазған шағымынан кейін, Сыртқы Істер Алқасы 17 қарашада А.А.Путятинге “Сіз, шынында, әскери жасақтардың не істеп, не қойып жүргендерін тіпті білмейсіз” деп ескерту жасап, генерал-поручик Мельгуновты жұмсап, істің анық-қанығын анықтауды тапсырған. Бұнысы аз болғандай А.Путятин, казактар “бұрын жоңғарлардан, қазір қытайлардан қалай қорықса”, ендігі жағдайда бізге қарсылық қорсетпес үшін оларға қарсы орыс-казак, башқұрт, қалмақ жасақтарын дайындап қою қажет. Әсіресе, казактармен діндері бір башқұрттар, оларға алдын ала хабарлап қоймас үшін, оларды әскери басшылық қызметіне қоспауға әрі казактарға соққы беретін күшейтілген тұрақты әскер дайындасак, деген шешімдерін айтады. Мұндай мүмкіндікке қол жеткізген қалмақ, орыс казактары Орынбор губернаторының жәрдемімен тұрақты әскери күшке айналды. Сөйтіп, Кіші жүз казактары батыстан, солтүстіктен ашық әскери озбырлыққа тап болды (179, 32—33).

1767 жылдан бастап Оренбург өлкелік әскери әкімшілігі қазақтың байтақ даласына алдын-ала барлаулар жіберіп, Кіші жүз руларының тұрақты мекендерін, көші-қон бағыттарын картаға түсіруге, кіріскен еді. Мәселен, губернаторға түскен шекара бекіністері басшылары есептерін сараптасак, оның басты мақсаты Нұралы хан мен Айшуақ ұлыстарына қарайтын рулардың қоныстары мен олардың шаңырақ саны, тағы басқа қажетті мәліметтерден тұратынын аңғару қиын емес. Хан мен сұлтандар ел аралауға шыққанда кездейсоқ соққыдан сақтану үшін деген желеумен, олар дер кезінде патша әкімшілігіне отырған мекендерін хабарлауға міндеттенеді. Осы жылы Нұралы хан да, Айшуақ сұлтан да бірнеше рет А.А.Путятинге шекаралық орыс-казактарының шектен шыққан озбырлығын, әсіресе, Жайыққа жақын жүрген рулардың көрген зәбірлерін кезінде хабарлағанмен патша әкімшілігі бұзақыларға ешқандай шара алуға талпыныс жасаған жоқ. Ал керісінше Нұралы хан 1767 жылғы 2 шілдедегі хатында бір бұзақы үшін, бүкіл руды жазалау дұрыс еместігін әкімшіліктің құлағына жеткізгенмен, одан да ешқандай нәтиже шыққан жоқ.

1767 жылы патша жөндеттері қазақ даласына ішкерілей еніп, бұзақыларды ұстаймыз деген сылтаумен, тыныш жатқан қазақ ауылдарын тонайды. Қазыптасқан жағдайды патша сарайына хабарлау үшін

Нұралы хан Оренбург әкімшілігіне Петербургке Бекғали сұлтанды жіберуге рұқсат алды. Бекғали сұлтан арқылы Нұралы патша үкіметі алдына мынадай мәселелерді қойды: біріншіден, Еділ қалмақтары мен Жайық казактарының озбырлығын тыю; екіншіден, Жайық өзені бойынан өзіне қала салдырып беру; үшіншіден, казактардан алынған тұтқындарды қайтару; төртіншіден өзіне ата-баба дәстүрімен хан тағына отыратын мұрагерді тағайындау.

Елшіліктің қол жеткізгені шекарадағы шиеленіс себептерін анықтау үшін комиссия құрғызды, кінәлілерді жазалауды Оренбург әкімшілігіне тапсырғаны ғана тілге тиек етілді. Бұл бойынша 1768 жылдың басында Жайық бойындағы орыс-казактарының озбырлығын болдырмауды бақылау үшін Оренбург әскери басшыларынан екі штаб және төрт обер офицер бөлінген. Полковник Деротковқа екі офицермен Елек қалашығынан — Сахарный бекінісіне, ал секунд — майор Дмитриевке екі әскери қызметкермен Сахарный қамалынан Редутқа дейінгі аралықты бақылауды тапсырды. Ханнан түскен мәліметтерге зер салсақ, Жайық қалашығының атаманы Тамбовцевтің әрекеттері ерекше көзге түседі. Ханның пайымдауынша, “кез келген талапқа атаман губернатор бұйрығымен орындалып жатыр”, деген жауап қайтарып отырған. Мысалы, 1768 жылы 26 ақпанда Тамбовцев А.А.Путятинге түсірген мәліметінде 16 орыс-казак жасағы казак ауылдарын шауып, бір адамнан ғана айырылады, олар кейін қайтқанда атаман басшысы шектен шыққан И.Ульяновты жазалаудың орнына “аз адаммен бұйрықсыз бардың” деп, оны тек сөгумен шектелген. Мемлекет өкілдерінің тексеруін пысықрмаған, Тамбовцевтің казак жасауылдары Нұралы ханның 42 жылқысын тапа-талтүсте барымталап алады. Бұл тұста қалмақтардың да өшіге түскені дереккөздерде сақталған. Шиеленісті қалмақ билеушісі Бамбордың өршіткенін Кіші жүз ханы Нұралы сәуір айында А.А.Путятинге хабарлаған еді. Онда, хан: “жауыз қалмақтар бұрын айдап алған 6300 жылқыға қоса, Кулагино бекінісі тұсынан 2400 жылқыны қуып кетті” деп жазады. Осыған қарағанда, комиссия мүшелерінің көз бояушылыққа салынып, тексерудің пайдасынан зияны көбірек болғанға ұқсайды. Тексеру өтер-өтпестен орыс-казак және қалмақ бірлесіп Жайыққа жақын отырған казак ауылдарын тонауды жиілеткен. Оларға қарсы 1768 жылдың 11 наурызында байбақтылар, 29 наурызында — табындар көтеріліске шығады.

Бекғали сұлтан 1768 жылдың ақпанында Санкт-Петербургтен оралып, Нұралы ханға Я.Гуляевпен бірге аттанды. Я.Гуляевке 28 ақпанда берілген нұсқауда, казак ханына Жайықтың бойынан қамал салуға болмайды, себебі қалмақтан қауіп қол, сондықтан Жемнен не

басқа өзі көрсеткен жерден салып береміз, ханға мұрагер тағайындауды: “Сіздерде ханды билер сайлайды, олар содан кейін патшаның бекітуін сұрайды” деп екіұшты жауап беру тапсырылады. Тілмаш тапсырылған міндеттерді ойдағыдай атқарып, 1768 жылғы 5 сәуірде ордан Оренбургке оралады. Оның байқауынша, хан комиссияға енгізілген шекара басшыларының тексеруіне наразы, себебі олар орыс-казактары мен қалмақтардың мүддесін көздеп, сөзін сөйлеген, ал ол болса тексеруді патша сарайынан келген адамдардың жүргізгенін қалаған екен. Бұдан шығатын қорытынды Нұралы хан өлке әкімшілігіне сенбестік көрсеткен.

Осы жолы Нұралы өзіне мұрагер таңдауды патша үкіметі арқылы шешіп алуды ойластырып, оған 23 жасар ұлы Есімді, 22 жасар Пірәліні ұсынды. Я.Гуляев өзіне берілген үкімет нұсқауын ханға жеткізіп, хандық таққа кім үміткер деген сұраққа айнала жауап іздеді, осы бағытта билермен және хан Кеңесінің хатшысы Нұрлин Мұхаммедпен құпия сөйлескен. Осыған сай үш үміткер аталады. Алдымен, Ералы сұлтан оның беделі халық арасында өте жоғары, ханнан да артық. Егер хан таңдауға түссе, қазақтар бірден Ералыны ұсынады. Екіншіден, Орта жүз сұлтаны Абылай, ол Ташкенттегі жоңғарлар мен жергілікті басшыларды жеңгеннен кейін Кіші жүзде беделі арта түсті. Үшіншіден, Батыр сұлтанның баласы Хиуадағы Қайып хан. Ал егер Ералы сұлтан жазатайым өле қалса, онда оның орнына Айшуақ сұлтан дайын тұр. Сонымен қатар, Я.Гуляев хан мен сұлтандардың ұлдарына да сараптау жүргізген. Мәселен, хан балаларынан Есім мен Пірәліні, Ералыдан 23 жасар Бөлекей мен 22 жасар Қоянды, Айшуақтың 16 жасар ұлы Сақамғалиды қағаз бетіне түсіреді. Ал егер хан ұсынған екі баласы мұрагерлікке бекітілген күннің өзінде, немере ағалары көздері тірісінде оларды сыйлай қоймас деп патша жансызы Я.Гуляев жоғарыға өз болжамын жеткізеді.

1768 жылдың көктемінде Ералы, Айшуақ, Досалы, Пірәлі сұлтандар бірігіп, 1767 жылы басталған түркімендерге қарсы соғысты жалғастырады.

Досалы сұлтан 1768 жылғы 1 қарашада Оренбург әкімшілігіне жазған хатында, маусым айында түркімендер Бұқараға парсылар шекарасына қарай көшіп кеткенін мәлімдейді. Бұқара түркімендері сол арадан Ералы сұлтанға елші салып, келісімге хиуалықтармен қол қойғанын жазады. Дегенмен қазақ-түркімен қатынасы 1768—1769 жылдары да ретке келе қойды деп айту артық болар. Хиуа дерегі, яғни “Фирдаус-уль-икбаль” шығармасында айтылғандай, түркімендерге қарсы соғыста Хиуа ханы Мұхаммед Әмин мен қазақ сұлтандары бірігіп қимылдаған. Нұралыға арнайы елшілік келіп, Ералы, Бармақ

би, Айшуақ сұлтан бастаған 1500 сарбаз түркімендердің чоудор, номул тайпаларына қарсы соғысқа аттанған (36, 156—158).

1770 жылы сәуірде Құдайберді бай мен Мұхаммед Әминнің Хиуаны қорғауға қалдырған жақтастары қаланы номул түркімендеріне сағқындықпен қарсылассыз тапсырады, ал түркімендер болса астананы алғаннан соң, Хиуа хандығына Батыр сұлтанның немересі Қайып ханның ұлы Жәңгір сұлтанды отырғызады (36, 157). Бірақ беделсіз Жәңгір Хиуа тағында көп отыра алмады, оның тұсында түркімендер Хиуадағы жергілікті өзбектерді тонаумен аты шықты. Оның үстіне қалада жұқпалы аурулар тарап, халық қаланы тастап кетті. Осыны пайдаланған Мұхаммед Әмин алғашқы қолмен 1770 жылы қыркүйекте Хиуаны басып алды да, хан тағын Айшуақтың ұлы Бөлкей сұлтанға ұстатады. Бірақ бірер ай өтпей-ақ Бөлкей Мұхаммед Әмин инақтың көңілінен шықпай, тақтан аластатылады. Оның орнына Әбілқайырдың немересі Әділ сұлтанның ұлы Ағым хан тағына мінеді. Ресей зерттеушілерінің сараптамаларына сенсек, бір мезгілде түркімендердің ханы болып Нұралының ұлы Пірәлі сұлтан, қарақалпақтың хан тағына Нұралы ханның немере інісі Өсеке сұлтан сайланады.

Айтпақшы, 1771 жылы, хан тағында отырған Ағым сұлтанды да Хиуадан кетуге мәжбүр етеді (36, 158), ал жоғарыда Хиуадан қуылған Бөлкей сұлтан, Алла Тағаланың жазуымен, ұзақ жылдар бойы Сыр бойындағы қарақалпақтардың хан тағында отырып, 1808 жылы дүниеден озды.

Бұл жылдары Кіші жүз сұлтандары Қазақстанның оңтүстік шекарасын қорғауда ауызбіршілік танытып, түркімендерді әрі ығыстырып, ұлыстарын сақтап қалды. Жоғарыдағы айтылған әңгімелерден байқағанымыздай, соғысқа Нұралы өзі қатыспаса да үлкен ұлдары Есім, Пірәлі сұлтандар немере ағаларымен бірге қатысып, қазақ жерін қорғауда бір кісідей ат салысты. Кіші жүздің батысы мен солтүстігіндегі қалыптасқан жағдайларды реттеумен Нұралы хан және Айшуақ сұлтан шұғылданды. Олар орыс казактарымен шиеленісті шешу, тұтқындарды өз иеліктеріне қайтару, жайылым жерлерді жылдағы салтпен көшпенді жұртқа бөліп беру еді. Қарапайым қазақтар үшін үйреншікті қоныс Жайықтың ішкі беті мал қыстатуға берілмеген соң, Ресей шекарасынан үкіметке “адал” орыс-казактарын тұтқынға алуды шығарды. Мұндай қаракеттерге әсіресе, Кіші жүздің Байұлы тайпасының Ысық, Байбақты рулары белсене қатысты. Тіпті олар, ханның тұтқынға түскен әскери адамдарын қайтару талабына да пысықырып қарамады. Патша жансызы М.Арапов “Ысықтар хан жіберген өкілдерге тұтқынды қайтарып бермеді. Сондықтан хан сол рудың

атақты адамдарын ұстаудан басқа жол жоқ” деген хабарын губернатормға жеткізді. Бұған қоса, 1769 жылдың 9 наурызында губернатор И.А.Рейнсдропқа Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанның жанында тың тыңдан жүрген хатшылары: “100 шақты қазақтың Харкин бекінісін, болмаса Красный Яр қамалын қиратамыз деп жүргенін” мәлімдеген.

1769 жылдың басында Айшуақ сұлтанның табандылығы арқасында қайтадан Жайық казактарының озбырлығына тексеру басталды. Оны Оренбургтың коменданты, генерал Н.Я.Ланов та қолдайды. Бірақ тексеріс әдеттегідей, хан мен сұлтандармен байланысты жақсартып, казактарға ұрланған малдарын қайтарындар деуден әрі ұзамады. Сұлтан хатында Н.Я.Лановқа тек қана кінәлі қазақтарды ұстаңдар, өзге халыққа тиісу жөнсіздік, өйткені, мұндай жағдайға олар шыдай алмай қалуы мүмкін. Ал егер көктем шыға Жетіру ауылы көтерілсе, Оренбургтегі сауда-саттық базарына Байұлдары, ал егер Байұлдары қыр көрсетсе, онда Қаракесек — Әлімұлдары да бармауы мүмкін деп ескертті.

Қазақ даласынан кашқан тұтқындар тікелей Ресей шекаралық қорғандарынан пана іздеді. Олардың ішінде мұсылман дініндегі парсы, башқұрттар бар еді. Қазақтар арасында осы жылдары “Жайыққа барғандар шоқынады” деген қысыр сөздер ел арасына тарап, үкімет тарапынан христиан дініндегі адамның артықшылығы және оларға деген әкімшіліктің қолдауы байқалды. Кіші жүзде 1755 жылғы башқұрт көтерілісі кезінде пана іздеген “келімсектер” әлі де көп болатын. Сол кезде келген жасөспірімдер 1769 жылдары өз отанына ержетіп қайтты. Мысалы, 1769 жылғы 4 шілдедегі башқұрт М.Аллабердиннен патша шенеуніктерінің алған жауабына назар аударсақ, оның отанына емес, Жайық бойындағы орыс-казактарына қайтарылғаны анықталды. 15 шілдедегі губернатордың жарлығы бойынша, ол міндетті түрде шоқынуга тиіс болған (179, 36—37).

Қазақ-қалмақ, қазақ-орыс қатынастары дағдарысқа ұшыраған 1770 жылдары Ресей Сыртқы Істер Алқасын Н.И.Панин басқарды. Ол қазақ билеушілері Нұралы, Абылай хандармен белгілі дәрежеде сенімді қатынас орната білді. Алайда, қазақ даласынан жазылған хаттар Оренбург өлкелік кеңсесінде міндетті түрде тексеруден өткен соң ғана жоғарыға жөнелтілетін. 1770 жылдың 26 мамырында Нұралының Н.И.Панинге жолдаған хатында Кіші жүздегі қалыптасқан қоғамдық-саяси, тұрмыс-тіршілік жан-жақты баяндалған. Ханның айтуынша, бүгінде Кіші жүзде әкімдер көбейді, кез келген сұлтан өз бетінше Оренбург әкімшілігімен қарым-қатынас жасайды. Мұндай жағдайда елде саяси бірқалыптылық орнамайды. Бүкіл Ресей құра-

мындағы шеткері жерлерде жалғыз жоғарғы мәртебелі патша ағзамның құзырына бағынышты емес пе?— дей отырып, қазақтардағы қазіргі саяси ахуалы шиеленісті тудыратын бірден-бір себеп дегенді білдіреді. Нұралы хан Н.И.Панинге де Ресей бодандарының тарапынан қазақтарға төнген әрекеттерді сипаттауды ұмытпаған-ды. Әсіресе, қалмақ озбырлығы қазақтардың жанын жейді, өйткені, олар біздің талабымызды орындамайды, қазақтарға өз күштерімен қалмақтардан барымталанған мал-мүлкін, адамдарын қайтарып алуға рұқсат сұрайды. Бірақ мұндай өтініштер әкімшілік жағынан ешқашан жүзеге асып көрген емес. Сыртқы істер Алқасы керісінше, өлке әкімдеріне қазақтардан сақ болу, ол үшін қалмақ, казак-орыс жасақтарын көбейту, шекарадағы әскери бекіністерді күшейту, сөйтіп, қазақ сұлтандарымен Нұралы хансыз-ақ байланыс орнатуды көздеді.

Осылай, XVIII ғасырдың 70-жылдарында Кіші жүздің саяси өмірінде хандық биліктің дағдарысы тереңдей түсті. Жер үшін Орынбор әкімшілігі мен Нұралы хан арасындағы теке тірес тоқталмады. Ханның беделі түсті. Жайық бойындағы орыс казактарының да ішкі жағдайы ерекше шиеленіске ұшырады. Орыс казактары патшаға қарсы көтеріліске шықты. Олар 1771 жылы 7 маусымда Жайық (бұрынғы Яицк — А.Қ.) қалашығын басып алды. Бұл хабарды естіген патша ағзам Оренбург әкімшілігіне көтерілісшілерді басу үшін көмекке генерал-майор Ф.Ю.Фрейман бастаған үлкен жасақтар тобын аттандырды. Бұл арада, патша үкіметі Нұралы ханның орыс-казактары көтерілісшілерін қолдауы мүмкін деген қауіппен, Ф.Ю.Фрейман арқылы Оренбург өлкесінің басшысы Нұралы ханға хат жолдап, қазақтардың көтеріліске араласпауын, қажет жағдайда орыстарға көмек көрсетуге дайын болуын тапсырған.

Кіші жүз казактарының Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісін қолдауының басты себептерінің бірі Еділ — Жайық арасындағы жайылым жерді қайтару еді. Бұл мәселе қазақ тарихнамасында жеткілікті дәрежеде зерттелді. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысқа қатысуы үш жүз жылға созылды. Ал Е.Пугачевтің қарулы соғысына бірсыпыра қазақтардың бел шешіп араласуы ата-бабасының қанымен жуылған жері үшін күрестің заңды жалғасы деп бағаланды. Көтеріліске қатысқан казактар Оренбург, Қазан, Саратов қалаларына дейін жетті (191, 25—196; 192, 7—189; 111, 152; 78, 95).

Нұралы хандық құрған кезеңде жер дауы шешуін таппаған күрделі саясаттың біріне айналды. Сөйтсе де, Нұралы хан патша әкімшілігімен ымыраға келіп, Е. Пугачев бастаған көтерілісті қолдамағаны құжаттардан көрінеді (111, 152). Көтерілісті желеу етіп, қазақтардың жап-

пай көтерілуінен қорыққан патша үкіметі 1775 жылы 7 қарашада Сыртқы істер Алқасының шешімімен қазақтарға мал қыстатуға Жайықтың ішкі бетін пайдалануға рұқсат береді. Оған қоса, қазақ даласына тұрақты әскер жіберу арқылы көтерілісшілерді жазалауға тыйым салған (111, 153; 45, 119). Жайықтың ішкі бетінің қазақтарға мал қыстатуға берілуі осы жерді әкесінің жеке меншігіндегі иемденіп келген орыс-қазақтарының қатты қарсылығын туғызды. Мұның ақыры қайтадан қазақ-орыс қарым-қатынастарының шиеленісуіне әкелді. 1771—1775 жылдары қазақтар Төменгі Жайық (Нижнеяицкий) бекінісіне әлденеше шабуыл жасап, Кулагин бекінісінде атақты атаман Бородинді қолға түсіріп, өлтіреді. Бұдан кейін де қазақтар Жайықтан (Яицк) Атырауға (Гурьев) дейінгі орыс-қазақ бекіністеріне шабуыл жасауын тоқтатпады.

Патша үкіметінің мұрағатында сақталған құжаттарда Жайық бойының қазағы Ф.Курицынның жазып қалдырған мәліметтері кездеседі. Онда 1774 жылы Е.Пугачевтің әскерінің құрамында Сырым Датұлы басқарған қазақ жасағының болғандығы анық айтылған. Тағы бір дерек бойынша, қолбасшы А.Суворов 1775 жылдың 22 маусымында граф Н.Панинге жолдаған хатында С. Датұлын көтерілістің ең белсенді қатысушысы ретінде көрсетеді.

Сөз орайында, тарихнамадан белгілісі Емельян Пугачевтің көтерілісі аяусыз басылып-жанышталды, қатысушылардың басым көпшілігі өлім жазасына кесілді. Жаңа толқулардың алдын алу үшін Ресей империясы 1775 жылы өлкелердегі әкімшілік-басқару жүйесіне реформа жүргізді. Осыдан, бұл жалын қазақ даласын мейлінше шарпып үлгерді. 1783—1797 жылдары Кіші жүздегі Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы он екі ата Байұлының байбақты руынан Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы осы өрттің жалғасы еді.

1783 жылы Сырым қазақ даласына шабуыл жасап Байбақты, Берік ауылдарының төрт мың жылқысын қуып кеткен атаман Чагановтың әскери жасағын тас-талқан қылып жемді. Атаманның өзі тұтқынға алынып, хиуалықтарға құлдыққа сатылды. Сырым сарбаздарының саны осы кезде алты мыңға жеткен-ді. Көтерілісшілердің басты күштері Төменгі Жайық шебі мен Ор бекінісіне қауіп төндірді. 1784 жылдың қараша айында Сырымның әлденеше мың сарбаздары Сағыз өзенінің бойына жиналды.

Келесі жылдың ақпан айында көтерілісті басу үшін генерал-майор Смирновтың 237 казак пен 2432 башқұрттан құралған қолы жорыққа шықты. Қыстың қатты аязы патша үкіметінің жазалаушы жасактарына Кіші жүз аумағына тереңдеп енуге мүмкіндік бермеді.

Осыны пайдаланған Сырым батырдың сарбаздары Жайықтың төменгі ағысындағы Сахарный, Антоновский, Январцевский бекіністеріне шабуыл жасады. Еділ мен Жайық арасындағы жайылым жер үшін күрескен Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының орыс-казактарына қарсы соғысы 13 жылға ұласты. Бұл көтеріліс тарихнамада ғылыми тұрғыдан тиянақты зерттелгендіктен біз оған тоқталып жатпадық (36, 178—180; 78, 103—106; 193, 117; 111, 153).

Сырым Датұлының көтерілісі Кіші жүздегі жер мәселесін уақытша жеңілдетті. 1775 жылдың қараша айындағы жарлық бойынша Нұралы мен оның төңірегіне 1782 жылдан 1801 жылға дейін Жайық өзенінен өтіп, малдарын ішкі жаққа жаюға рұқсат етілді, бірақ бұл түпкілікті жер мәселесін шеше алған жоқ. Мұның өзі Кіші ордадағы халық наразылығының өсе түсуіне жетеледі. Ол Нұралы ханның Ресей үкіметімен одағы — өзінің жеке мүддесін көздейтіндігі жөнінде бақталастарының таққан кінәсінің салмағын ауырлата түсті. Нұралының малдарының Жайық өзенінің арғы бетіне өтуі, сан мыңдаған казактарды, тұтас ауылдар мен тайпаларды қозғап, олар да Жайық өзенінен өте бастайды, бұл өз кезегінде Жайық бойындағы орыс-казактарының наразылығын туғызғаны жоғарыда айтылды.

Патша әкімшілігі Нұралыдан қалай да көтерілісті басуды талап етумен болды, өйткені, көтеріліс олардың билігіне қауіп төндірді, себебі, Сырым патша үкіметін де, олардың қолшоқпары — Нұралыны да мойындамады. Сырымды Нұралының негізгі бақталасы Кіші жүздің оңтүстікке қарайғы жерлеріне билік жүргізген Қайыптың ұлы Әбілғазы сұлтан қолпаштап отырды. Кенес тарихшылары, атап айтқанда С.Д.Асфендияров қозғалысты қазақ шаруаларының өз шонжарларына қарсы тұруы деп көрсетуге тырысады, алайда бұл ағат айтылған пікір тәрізді (36, 206—216; 194, 91—109; 78; 104—107). Сырымның ілкіден-ақ алға қойған мақсаты — орыс казактары қоныстанған ендіктегі қайыршыланып бара жатқан аш-жалаңаш қазақтарға қол ұшын созып, атамекендерін қайтарып беру еді. Әрине, ол өзі жемқор санаған Нұралы ханды да орнынан тайдыруды көздеді. Саясаттың қыр-сырына қанық емес, Сырым Датұлы ел басқарудың ешқандай жаңаша үлгісін ұсына алмады. Дегенмен, ол ақсүйектер, Шыңғыс ханның текті ұрпақтары рақатын көріп келген рулық және тайпалық биліктің үстемдігіне шек қояды жоспарлады. Қазақ қоғамы ішіндегі биліктің екіге жарылуы патша үкіметінің шенеуніктерінің қазақ ақсүйектерін өз империясына қызмет етуге жұмылдыру саясаты, отаршылдық кезеңдегі созылмалы дерттің бір түрі еді.

1784 жылы күзде Нұралы өз билігіне Қайып пен оның ұлдарынан гөрі Сырымның неғұрлым тікелей қауіп төндіре түскенін байқады. Хан патша әкімдерінен қарулы күш бөлуді сұрады. 1500-дей орыс-казактан тұратын екі әскери бөлім Оренбургтен қазақ даласына аттандырылды. Олар көтерілісшілерге қарсы 1784—1785 жылдың қысында ұрыс жүргізеді. Сырым мен оған дем берушілер Ресей бодандары мекендеген жерлерден Арал теңізі мен Сырдария аймағына, оңтүстікке қарай ығысқаннан кейін ғана уақытша тыныштық орнады. Көтерілістің кең қанат жаюы Оренбургтің генерал-губернаторы барон О.А.Игельстромның Сырым батырдың көтерілісі тек Нұралы ханға ғана емес, сонымен бірге дала аймағындағы империя билігінің тұрақтылығына да қауіп туғызып отырғанына патша ағзамның көзін жеткізді. О.Игельстром қазақтардың сол кездегі көңіл-күйлеріне қарап, оларды Ресейдің жауы деп таныды. Қазақтардың Нұралы жөніндегі қауіпі түсінікті еді. 1785 жылдың қысында болған 20—25 рубасы ақсақалдарының кеңесі Нұралыны сатқын санап, өздерінің ханы деп жариялаудан бас тартты. Бұған қоса, билер отырысы оның мұрагері кім болатынын шешпеді.


Ресей империясының басшысы Екінші Екатерина ағзам мемлекеттегі тәртіпті қатаң ұстауға және үкіметтің ықпалын күшейтуге бағытталған жана заңдар қабылдауды бұйырды. Симбирск, Уфа губернаторларына арналып шығарылған 1784 жылғы 27 қарашадағы жарлықта Нұралы хан халқының сенімінен айырылғаны және Ресейге ықпалсыз қызмет еткені айтылады. Осы құжатта егер Нұралы мен оның отбасы босқындыққа ұшыраған жағдайда қайырым көрсетілмейтіндігі көрсетіліп, сол арқылы оны неғұрлым жанын сала қызмет жасауға мәжбүрлеген тәрізді. Жарлықта сонымен бірге қазақтардың оңтүстік аймақтағы Хиуа ханы Қайыптың астыртын іс-қимылына тексеру жүргізуді, онын хан атағына лайықтылығын анықтау керектігі тыс қалмады... Қазақтар мен Жайық бойындағы казактардын арасындағы даулы мәселелерді қарау мақсатында далалық аймақта шекаралық соттар құру көзделді, бұл соттар 1799 жылға дейін жұмыс істеді. Қазақ жастарын өз жерінде Қазан қаласының дін басылары ұйымдастырған мешіттерге, медреселерге, керуен сарайларға тарту ұсынылды. ішкі сырына үңіліп болуы қиын казактар үшін өркениетті күш ретінде ислам пайдалы қызмет көрсетер деген үміт те жоқ емес еді.

1787 жылы Осип Игельстром Екінші Екатеринаның қолдауымен әкімшілік тұрғыдан өздеріне пайдалы патша ағзамның 1784 жылғы жарлығынын жалғасы іспеттес кең көлемді реформа жариялайды. Қазақтарда О.А.Игельстром реформасы аталатын бұл құжатта хан-

дық билікті жою, Кіші орданы үшке (батыс, орташық және оңтүстік) бөлу, оларда ақсақалдар сайлайтын әкімшілік кеңесін құру, қазақтар мен әкімшіліктің қатысуымен шекаралық сот ұйымдастыру белгіленді. Дала аймағында бұл “жаңалыққа: Әбілқайырдың ұрпағын биліктен ығыстырудан дәмелі Қайып ханның төңірегі қарсылық білдіреді. Реформаны Абылай ханның мұрагері Орта жүз ханы Уәли де қолдамады, өйткені, ақ патша реформасы Орта ордаға да үлгі болып кете ме деп үрейленсе керек. Ал, реформаны барынша қолдаған Сырым батыр генерал-губернатордың “жақсы көретін” адамына айналды. Оны Жайық казактарынан Ресей әкімшілігі қорғайтын болып, Сырымның қоластындағы 4500 шаңырақ ішкі жақта мал жаюға рұқсат алды. Ең ақырында, реформаға патша ағзамның өзі де қарсылық білдірді, француз революциясы туғызған халық билігі туралы жаңалықтың қай түрінен де жүрексінген ол мұрагерлік билікті қолдап, Нұралы мен оның төңірегіне әрі кетпей қоймады.

Барон Игельстромның “жаңалығы” 1787—1790 жылдары ғана күшінде қалып, неғұрлым іргелі ру өкілдері хан сайлауына қатысқысы келмеді. Осылайша, хандық институт өзінің дәрменсіздігін байқата түсті, өйткені, Әбілқайыр мен Қайып ұрпақтарынан қазақ халқын тұрмыс-тіршілік дағдарысынан шығара алатындай белгілі тұлға шыға қойған жоқ еді. Сонымен қатар, ру басшылары да өз биліктеріне масайраған ақсүйектердің жағасына жармасқаны болмаса, қазақ қоғамының көкейтесті мәселесін түбегейлі шешу жөнінде олардың іске асырылуына нақты ықпал жасай алмады. Сол дәуірдің жетекші тұлғасы Сырым батыр күрескер болғанымен, хан тәжі мен билік үшін таласқа түскен жоқ. Сырым өзімен бірге бас қосқан ақсақалдар билігін қамтамасыз етіп, ру ақсақалдары кеңесін ықпалды да қадірлі басшылық орнына айналдыруға дәрмені жетпеді (196, 88—122; 78, 106—107).

Ол кезде Нұралы ханның Кіші жүздегі ықпалы әбден әлсіреген еді. Оған ханның Кіші жүздегі ел басылармен байланысының үзілуі, денсаулығы нашарлап елді аралаудан қалуы, тек Оренбург әкімшілігінің құзырына бағынуы, бауырларының да Ресей саясатына қолдау көрсетуі, Жайық бойындағы жер дауының шешілмеуі, қазақ-орыс қатынасының асқинуы да бұған әсерін тигізбей қойған жоқ. Бұлардың қатарына, Нұралы ханға ұзақ жылдар бойы ақыл беріп келген анасы Бопай ханымның қайтыс болуы қосылды. Дереккөздерді сараптағанда анықталатыны, Әбілқайырдың бәйбішесі, Бопай жарықтық 1780 жылы 31 мамырда 80 жасында дүние салған. Бізге дейінгі жазба шығармалардың көпшілігінде ханым 100 жылдан астам өмір



Ұлы Жібек жолы. Қазақ даласымен жүретін керуен жолының картасы.
XVIII ғ.

сүрді делінген (2, 292; 211, 389; 245, 57). Бірақ соңғы кездегі табылған құжаттар мен ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің 1736 жылы Әбілқайыр хан ордасында салған Бопай ханымның суретін саралағанда, ханымның жасында қателік бар екені көзге ұрып тұр. 1736 жылғы суретті негізге алып, Бопай ханымның жасы ол кезде 30—32-ден артық емес деген тұжырымға келеміз. Осы сөзіміз дәлелді болу үшін кітапта Бопай ханым мен кенже ұлы Әділ сұлтанның Дж. Кэстль сызған суретінің түпнұсқасы қоса беріліп отыр.

Нұралы хан анасы Бопай ханымды ел ортасына жақын (Әбілқайыр жанына емес) Татишев қорғанына Шилі өзені (Қостанай облысы — А.Қ.) бойына жерлеген.

1780 жылдың басы Кіші жүзге тағы бір қосымша қиыншылықты алып келді. 1771 жылы торғауыт қалмақтары көшкен соң, басты қарсылық орыс-казактары тарапынан болып келсе, енді Еділ бойында қалған қалмақтар мен Астрахандағы Кондуrow аталатын татарлар бірігіп барымтаға шықты. 1780—1781 жылдың ақпан, наурызында олар Жайықтың ішкі бетінде қыстаған казактардың 4551 жылқысын қуып алды. Оған наразылық білдірген казактар Нұралы ханнан “бізде Ресейдің қарамағындамыз, алдыңғы барымталар қарымта қайтару ретінде болсын, ал қазіргісі не үшін” деп сұраған. Хан орыс әкімшілігіне “казактар

бүлік шығарып, кек алуға кеткенін” хабарлады. 1782 жылғы 21 ақпандағы генерал-майор М.А.Хвабуловқа жазған хатында, Нұралы өз қазақтарын “Аң тектес жабайы халық, олар қыста Жайық бойын қыстап, көктемде далаға кетеді. Содан ешбір басшыны мойындамай, тәртіпсіздікке бой ұрып, тыныштықты бұзады” деп сипаттаған.

1781 жылы Оренбург губернаторы қызметіне тағайындалған жаңа бастық И.В.Якоби орыс көпестерінің қазақтарға қойған талаптарының бәрін қарулы күшпен орындатуға рұқсат берді. Астрахандықтардың өтініші бойынша 1764—1774 жылдардағы тоналған керуендерден қайтарылмаған 4993 рубльдің мал-мүлкі үшін, губернатор 1781 жылы 21 желтоқсанда полковник Петрулинге қазақ ауылдарын шабуға жарлық етті. Құжатқа губернатор “қазақтардың озбырлықтарына үлкен ызалану” деген сылтауды ойлап тауып, қол қояды. Бұл арада И.В.Якобидің түркілермен бұрынғы соғыстары есіне түсіп, ілкіде түркі нәсілдес халықтарға кеткен өшін қазақтардан алуды ойласа керек. Осы жылдың 24 желтоқсанындағы патша ағзамның жарлығымен Оренбург өлкесі таратылып, оның өкілеттік құзыры әуелі Уфа-Симбирскіге, артынан Уфаға аударылады деп жоспарланған, ал Кіші жүздегі қазақтарды басқару 1782 жылы 14 қаңтарда Оренбургте арнайы құрылған шекаралық экспедицияға жүктелді. Бұдан кейін қазақ даласындағы ірілі-уақты істерді шешу Оренбургтегі обер-коменданттың құзырына көшті.

1781—1782 жылдың қысында Жайық бойында қоныстанған қазақтар үлкен жұтқа ұшырады. Малды ішкі бетке жайғызбау, ал өткендерін қалмақ, татар, орыс-қазақтарының барымтасына тап қылды. Сөйтіп, байғұс қазақ зорлық пен зомбылықтың, табиғи жұттың ортасында қалды. 1782 көктемінде Астрахан өлкесінен Гурьевке, одан Оралға сапар шеккен офицерлер С.Сулейменов пен Я.Фониликов Астрахан губернаторы М.М.Жуковке “Гурьевтің арғы бетіндегі далада он мыңнан аса ірі қара, жылқы өліктері жатыр. Кондров татарларымен бірге көшетін Краснояр орыс-қазақтарының айтуынша бұл малдар қазақтардікі” деген хабарын жеткізеді.

Қазақтардағы жүт жөнінде Нұралы хан 1782 жылы 4 наурызда обер-комендант Н.Ладыженскийге жазған хатында: “Ақпан айы салқын болды және қар қалың жауып, мал Бақсай қорғаны тұсынан ішкі бетке өтті. Одан 1215 жылқыны қалмақтар айдап кеткен соң, малшы қазақтар оларды амалсыздан кері алып шықты. Қазақ ауылдары малдан жұрдай бола бастады. Бұдан кейін халықты үгіттеп не жұбатып ұстау мүмкін емес. Бірін тоқтатсам, екіншілері кек алуға ұмтылады. “Бағынбаушылықтың салдарынан шекараға қауіп тонуі мүмкін”, “өзімнің дәрменсіздігімді жеткіземін” деп қынжылысын

білдірген. Оз жағдайын толық түсінген Нұралы хан Жайық бойына көшіп, Баян тоғай мекеніне үй салдыруды әкімшіліктен өтіне бастады. Отінішінде “Қорған салдырмақ мақсат емес. Әйтсе де, қысты уайымсыз өткізу үшін, қарттығымды ескеріп тыныштықта отыруды көздеп, небәрі 5—6 үй салып берсеңіз”, дейді. Алайда, шекаралық экспедиция тағы да бұрынғысынша қамалды Жем бойынан салуды ұсынады. Бұған хан, біріншіден, ол жер шекарадан алыс; екіншіден, жазда қазақтар жайлауға кеткенде, мен жалғыз қаламын деген уәж айтып, келісім бермейді.

1782 жылдың басында шиеленіс себептерін өзінше саралаған патша үкіметінің жандайшаптары Жайықтың ішкі бетін пайдалану тәртібін реттеуге пәрмен қылды. Жаңа жарлық бойынша қазақтар Нарын құмына қыстау үшін сол жерлердің иелеріне ақы төлеп, аманат беру міндеті тұрды. 1782 жылдың желтоқсанында шыққан патша жарлығының қазақтар үшін тиімсіздігіне қарамастан, Кіші жүз рулары Жайық жағалауына малымен жақындады. Осы кезде Гурьев пен Орал қаласына қарай 350 шақырым аралықта Жайық бойы қазаққа лық толды деген әңгіме гу ете түсіп, ел құлағы елу деген Оренбургтегі комендантқа жетеді. Бес қаруы сақадай сай Жайықтың орыс-қазақтары бүкіл бекіністеріндегі әскери жасақтарымен қазақтардың жолын бөгеуге кірісті. Атаман Акутин, полковник Беляев сияқты жан алғыштар қазақтарды алдыңғы жылдармен салыстырғанда көп келді деп даурықты.

Үкіметтің ішкі беттегі қыстық қоныстарға қазақтарды қондыруды Жайық қазақтарына тапсыруы, олардың қазаққа өшігуін тіпті қоздырып жіберді. Жайыққа шоғырланған қазақтарды әкімшіліктің айдап салуымен орыс қазақтары ашықтан-ашық тонауға кірісті. 1783 жылы 30 қаңтарда Нұралы хан шекаралық экспедицияның басшылығына Чаганов бастаған әскери жасақтар дала бетіне өтіп, Топайлы қорғаны тұсындағы қазақ руларын тонағанын жеткізді. Жаңа шиеленісті байқаған, бұл жерден қыстауы алыс емес Нұралы мен Айшуақ сұлтан өз ұлыстарын Қаракөлге көшірген. Бірақ орыс қазақтары оларға да екі рет шабуыл жасады, сөйтіп, Ресей бодандығын қабылдағаннан бері жарты ғасыр өтпей-ақ орыс қазақтары ханды қазақтардың елбасы деп танудан қалып, оның өзін тонауға ұмтылды. Осыдан, Ресеймен шекаралас Кіші жүз аймағында жаңа саяси ахуал қалыптасты. Қазақтың игі жақсылары ханның халық талабын шеше алмайтындығына толық көздерін жеткізді.

Жасыратыны жоқ, осы екі ортада Нұралы ханның төңірегі тіптен түлдірланып қалып еді. Рубасылары Кіші жүзде Байұлы, Жетіру, Қаракесек ордаларын құрды, оларға Тұрмамбет, Тіленші, Сегізбай

билерді басшы қойды, ал Сырым батырды үш ұлыстың бас кеңесшісі етіп тағайындан. Коккөз би мен Қаратау биді алқа мүшелеріне ұсынды. Рубасылары патшаға адал боламыз деп, қолдарына құран ұстап ант берді. Шекара сотын құруды кейінге қалдырды. Оның орнына қайтадан хан сайлауды ұсынды. Көпшілік жұрт Батыр сұлтанның ұлы Қайыпты қалады. Бұл арқылы Нұралыдай емес, ата-баба жолынан ауытқымайтын сұлтандар мен ру ақсақалдарына сүйенетін дәстүрлі сипаттағы ханды көргісі келетіндіктерін білдірді. Ең соңында, Еділ — Жайық арасын қыстауға патша әкімшілігінен рұқсат сұралды. Оренбургтегі әкімшіліктің басшысы барон О.А.Игельстром “Үш би” мен “Үш орда” жөніндегі ұсынысты құптады. Хан сайлауын өткізуге патша сарайымен ақылдасатынын айтты.

Қарауында 70 мың шаңырағы бар Байұлының 17 рубасына Жайықтың арғы бетіне қыстауға рұқсат берілді, — дейді тарихшы М.Л.Вяткин. Алайда, олардың есіл-дерті Нұралының хандық билігін біржолата құрту болғандықтан, өз ойларын губернаторға ашық жеткізеді (36, 192). Әзірге Нұралыға 1786 жылы Калмыков бекінісіне барып, бас сауғалауға тура келді. Ендігі билік қандай болуы керек? Мәселе соған тірелді. Халықтың басым көпшілігі орталарынан сайланатын ақсақалдық жүйені құруды жөн көрді. Артынша, патша ағзамның 1786 жылғы 3 маусымдағы жарлығымен Нұралы хандықтан түсіріліп, Уфаға жер аударылды. Сонымен, 38 жыл Кіші жүздің хандық тағының тұтқасын ұстаған Әбілқайыр ханның үлкен ұлы Нұралының билігі аяқталды. Елі мен туған жеріне қайта алмаған ол 1790 жылы тамызда Уфа қаласында дүние салды. Нұралы өлгеннен кейін Кіші жүзде хандық лауазым қайтадан қалпына келтірілді.

Сөз орайында еске сала кетейік, 1824 жылы Кіші жүздің ханы Шерғазының тағдыры да осылай қайталанып, Нұралы сияқты Уфа қаласында жасына жетпей дүниеден озды. Мұнымен қатар орталықтың түпкі мақсаты жүзеге асып, қазақ хандығы жойылды да, Қазақ мемлекетінің шаңырағына Ресей империясы толық үстемдік орнатты.



ӘБІЛҚАЙЫР ҰРПАҒЫНАН ЕЛ БИЛЕГЕН СҰЛТАНДАР



*Қара тауларың құламасын!
Көлеңкелі ағашың кесілмесін!
Ақ сақалды бабаңның,
Жатқан жері ұжмақ болсын!
Ақ шашты анаңның,
Жатқан жері пейіш болсын!
Ар-иманнан айырмасын!—*

Қорқыт ата кітабынан...
(67, 170; 215, 133).

Нұралы ханның дәрменсіздігінен тақтан кетуі рубасыларының беделін айта қаларлықтай күшейтті. Сұлтаннар тобы екіге жарылды. Ералы төңірегіне топтасқандар Нұралы билігін қайтадан қалпына келтіруді көздеді. Батыр сұлтан әулеті Қайыптың хан көтерілуін асыға күтті. Қайып көзге түспей, көлеңкеде қала тұрғанды жөн көрді. Ақсақалдар мәслихатына бауыры Қарабай сұлтан барып жүрді. Барон О.Игельстром болса, жерден жеті қоян тапқандай қуанып, өз ұсынысын Нұралы кеткен бойда орталыққа жөнелтті. Ол Оренбургтағы шекара сотымен қоса Байұлы, Жетіру, Әлім ұлыстарының әрқайсысында жеке-жеке төрелік құруды жақтады. Оның ойынша, ұлыстың бас биі басшылық етеді, тағы да екі би төреліктің ақылдастығына кіреді және бір молда іс жүргізеді. О.Игельстром, сондай-ақ, Кіші жүздегі молдалардың көпшілігін Бұқара ықпалындағылар деп тауып, өлкенің өз мектептері мен медреселерін ашып, сол арқылы дін мен билік қызметкерлерін әзірлеуді ұсынды. Патша ағзам бұл айтылғандардың бәріне қолдау көрсетті.

Кіші жүздегі текетірес бәрібір бәсеңдемеді. Рубасылары мен сұлтаннар ара қатынасының ушыға беру қаупін алдымен Сырым батыр сезді. Ол 1786 жылы генерал-губернатордан Айшуақ сұлтанды елге қайтаруды сұрады. Оған бәлкім, Айшуақтың кейінгі жылдары ағасы Нұралының жүргізген саясатына риза болмай, ал Жантөре мен Апақтың халық қозғалысына белсене араласқаны әсер етсе керек. Алайда, сұлтаннар Сырымды енді қайтып көргілері келмеді. Оны бір ауылға

бата оқи барған жерінде Есім ұстап алып, Ералыға апарды. Ералы Сырымның аяқ-қолына кісең салып, шекті Қаракөбек биге Нұралы елге қайтқанша тұтқын қылып ит орнына ұстауды тапсырды. Бұл, әсіресе, О.А.Игельстромның жаңына қатты батты. Ойткені, ол өз реформасын Сырымға сүйеніп жүзеге асырмақшы еді. Сондықтан да, істі насырға шаптырмаудың шарасын қарап, Ералыға, егер Сырымға қол жұмсалатын болса, әкімшілік тарапынан еш аяушылық болмайтынын ескертеді. Ералы төңірегіндегі билерге де сөз тасталды. Ақыр аяғында Қаракөбекті азғырып, Сырымды босатуға көндіреді. Сөйтіп, 1787 жылғы тамызда Сырым өз ауылына оралады. Бұл баронның беделін арттырып, 1787 жылғы реформасын аяқтап шығуға мүмкіндік берді.

Сол жылдың қыркүйек айында Қобда өзені бойында ақсақалдар кеңесі өтті. Онда әлгі айтылған үш төрелік құрылды. Жиналғандар патшаға адалдыққа ант беріп, бас иіді. Бас билер болып, алты аталы Әлім тайпасынан — Сартай, Қаракөбек, Мұратбек; он екі ата Байұлынан — Сырым, Қаратау; Жетірудан — Тіленші мен Жанболат сайланды. Сырым Датұлына сонымен қатар тархан атағы беріліп, ол ұрпақтарына мирасқа қалдырылатын болды. Сөйтіп, Кіші жүз үш аймаққа бөлінді. Ал, қауым екіге жарылды. Әбілқайыр әулетінің ол кезде тірі жүрген 150-ге жақын ұрпағы бар тұғын. Оларды жақтайтын рубасылары мен батырлардың да саны күрт өсті. Оны Қобда құрылтайында ант бергендердің тізімінен айқын көреміз. Егер, 1785 жылы Жайықтың арғы бетіне өтуге 70 мың шаңырақ рұқсат алғанын, 1786 жылы — 60 000 шаңырақтың ішкі бетке өтіп үлгергенін қаперімізге алсақ, одан бар болғаны 39 мың шаңырақтың ант беруі тым аз еді. Тұтас рулардың түгелімен ант бермей қалуы — губернатордың “жаңа реформасы” рубасылардың да көңілінен шыға қоймағанын аңғартса керек. Ең қызығы, ант беру қағазында рубасылары қозғалысының көсемдері Қаратау бидің, Сыпыра бидің, Бөдене бидің, Тұрмамбет бидің, тіпті Сырым батырдың да қол қоймағаны белгілі болды. Демек, жаңаша билік олардың да дәметкен деңгейінен шыға алмады деген сөз (36, 225; 47, 123).

Дегенмен, Ресей үкіметі монархиялық құрылымды жақтап, өлке губернаторының “жаңа реформасына” сенімсіздікпен қарай бастады. Патша ағзамның тапсыруымен О.Игельстром хандық билікті қалпына келтірудің жаңа жобасын әзірледі. Ол бойынша Кіші жүз алты бөлікке ажырамақшы, әр бөлікте бір немесе бірнеше төралқа құрылмақшы. Соның бәрін ханға басқартып, ал Сырым батырды бастапқы кезде хан кеңесінің төрағасы ретінде пайдалану көзделді. Бірақ

Петербург бұл жобаға ден қоймай, хандық билікті қайта құруды қолдады. Осыған орай Император ағзам губернаторға Ералы сұлтанға көбірек көңіл бөлу керек екендігін ескертеді.

1789 жылы қазақ елшілігі патша сарайында қабылданды. Сол жылы рубасылары ұнатып жүрген Қайып сұлтан дүние салды. Келесі жылы О. Игельстромның орнына генерал-губернатор болып А.А.Путлинг (1792—1794) тағайындалды. Ол И.И.Неплюевтің отаршылдық саясатын жақтайтындардың бірі еді. Сол жылғы көктемде Жайық бойындағы орыс-казак жасауылдары қазақ ауылдарына қайтадан шабуылға көшті. Сырым батырдың Ресей әкімшілігінің ішкі істерге араласуын тыйғызамын дегені бос әурешілік еді. Жұрт арасында бұл дағдарысқа аландаушылық байқалды. Басқаны былай қойғанда, 1790 жылы елбасыларының өзі қақ жарылды. Бір тарабы патша үкіметіне қарсы ашық қарулы көтеріліске шақырды. Бұл топтың басында бұрынғысынша Сырым тұрды. Екінші топ бұндай пиғылды қолдамады.

Патша үкіметі Сырым мен оның жақтастарына құлақ қоймай, хан сайлауын өткізуге дайындалды. Уфада қайтыс болған Нұралы ханның орнына 1791 жылғы 3 қыркүйекте Ералы сұлтан хан боп сайланды. Ол Орск бекінісінен он алты шақырым жерде өтті. Оған қатысқан халықтан гөрі тәртіпті бақылаған патша жасақтары әлдеқайда көп еді.

Соны тілге тиек етіп, Сырым Ералының сайлауын заңсыз деп жариялады, хан сайлауын қайта өткізуге ел арасында үгіт жүргізді. Бұл жолы сұлтандарды өз жағына тарту үшін Нұралының бір баласын хан қоюға шақырды. Бұл Сырымның жақтастарын көбейтуге ықпалын тигізгенмен, оларды бірауыздылыққа жеткізе алмады. Көпшілік Ресеймен қарым-қатынаста бейбіт келіссөзге жүгінуді жақтаса, Сырым қарулы күрестен бас тартқысы келмеді. Оның бұл бағытын көршілес мұсылман елдерінің билеушілері қолпаштады. Бұқар хандығы көмек беруге әзір екендіктерін айтып, үсті-үстіне ат шаптырып жатты. Ел ішінде сәлделері дағарадай молдалар көбейді. Сырым қазақтардың хиуалықтармен, қарақалпақтармен, түркімендермен қақтығыстарын жұмыстанды. Бұқар хандығымен хат алысуды жиілетті. Оған түркімендер мен қарақалпақ 2 мың, бұқаралықтар 17 мың сарбаз беруге уәде етті.

1792 жылы мамыр айында Қобда мен Елек өзендерінің арасында жер қайысқан адам жиылған құрылтай өтті. Оған қатысушылар Нұралының Орын ханымнан туған ұлы Жалтыр сұлтанды хан сайлауға көбірек ықпал білдірді. Бұл құрылтайға кейінгі жылдары Сырымнан ірге ажыратып кеткен Сафура, Тұрмамбет, Жаназар, Мұратбек,

Сегізбай секілді билер де қатысты. Құрылтай өз шешімін үш арыс Алшынның беделді билері хат арқылы генерал-губернаторды хабардар етіп, хандық таққа лайықты адам деп Ералы сұлтанды ұсынды (36, 260). Алайда, А.А.Пеутлинг Шекара істері экспедициясына жауап жаздырып, қойылған ұсыныс, талаптардың бәрінен бас тартты. Бұл жауапқа риза болмаған Сырым, Қаракөбек, Басықара және тағы бірсыпыра билер Нұралының Есенәлі (кейбір деректерде Есентай — А.Қ.) деген баласын өздеріне хан сайлап, шекарадан іргелерін аулақ салды (47, 127—128).

Алайда, бұндай батыл қадамның саябырсуына 1794 жылы 10 шілдеде Ералы ханның дүние салғаны себеп болса керек. Оның орнына 1795 жылы Нұралының үлкен ұлы Есім ақ киізге көтеріліп, хан тағына отырды. Сырым бұны пайдаланып, Есім сұлтанмен татуласып, өзі туған Байбақты ауылын басқаруға мүдделілік танытты. Бірақ, ішінде кек сақтаған Есім илікпей қойды (36, 289). Сырымға тағы да атқа отыруға тура келді. 1796 жылдың қысы жұртқа қатты жұт әкелді. Ел күйзелді. Сырым жағындағы Есенәлі Нұралыұлы мен Жантөре Айшуақұлы сұлтандар батыр мен Есім ханды бітістіріп көруге талпынды. Екі сұлтан ханға кісі салып, Сырымға хат жазып, Нұралының жесірі Орын ханымның ауылына кездесуге шақырды. Сырым бұған келісіп, Орын ханымға хабар берді. Қарындасына үлкен ұлы Есіммен райластыруды өз қолына алуға, губернатордың келісімін алуға екінші ұлы Жалтырды жұмсауға кеңес берді. Бұған Орын ханым да, жаңа тағайындалған өлке губернаторы С.К.Вязмитинов (1794—1796) те келісімдерін береді (36, 294; 47, 128).

Алайда, 1796 жылдың қыркүйегіне дейін созылған келіссөз еш нәтижеге жеткізбеді. Есім хан Сырым алдында иліге қоятындай рай білдірмеді, қайта көкірегіне арам ой кірді.

Оған “әскери арандатуға” бастан қарсылық білдірген губернатор С.К.Вязмитиновтың кенеттен патша сарайына шақырылуы да ойтүрткі салған тәрізді. Осыны пайдаланған хан Сырымға патша әкімшілігін айдап салғысы келді. Ол Жайық әскерінің атаманы Донсковқа Сырым “бұзақылар жиынын шақырып” Еділ қалмақтарын шаппаққа жұртты үгіттеп жатыр деген хабар тастап, патша ағзамнан жазалаушы әскер жіберуін сұрады. Оның айтып отырған “ұрылар жиыны” сол 1796 жылғы қыркүйекте Сырым шақырған құрылтай еді. Онда ханмен бітім жасасу мәселесі талқылануға тиісті болғанмен құрылтайда билер екі жаққа бөлініп, бітімшілікті жақтайтындар да, оны қостамайтындар да табылды. Сол екі ортада патша ағзамнан күдіретті жарлық алған барон О. Игельстром (1796—1798) Орсибургтің әскери

губернаторы қызметіне қайта оралады. Бұл ханға қарсыластарды қатты жігерлендіріп жіберді. Олар ханмен келіссөзді біржолата тығырыққа тіреді. 1796—1797 жылғы қыста Есім ханға қарсылар әбден қайраттарына мінді. Қаратай, Бөкей, Биғали сұлтандар Сырым мен Есім арасының бұлай шиеленісуін ханның батыр жағындағылардың қолындағы орыс, қалмақ тұтқындарын күшпен тартып алмақшы болғанынан туындады дегенді тілге тиек етеді. О.Игельстром Сырымды бұрынғыдай қызғыштап қорғай алмады. Оны біреулер Нұралы ханның сұлу қызы Тойқараға баронның көңілі кетуінен деп түсіндіреді. Алайда, мәселе басқада болса керек. Патша сарайына Сырым өзінің жағымсыз қаракеттерімен ұнамай қалған тәрізді. Енді, оған қас дұшпандарынан қатыгездікпен өш алудан басқа жол қалмағандай еді. Неде болса, көтерілісшілер мен хан арасында жауластық түтін өрши түсті. Сырымның өзі шалғайдағы Қаракұмға кетіп қалғанымен, оның сенімді серіктері мың кісілік қарақшыларды басқарып хан ордасын күндіз-түні торумен болды. Ақыры, олар 1797 жылғы наурыздың 26-сынан 27-сіне қараған түні Краснояр бекінісінен бес шақырым жерде отырған Есімнің ордасын шауып, ханның басын алып тынды (36, 300; 47, 130—132).

Хан өлімі қазақ даласындағы алауыздықты одан әрі ушықтыра түсті. Бұрын Сырым жағында болған Жантөре сұлтан енді онымен ат құйрығын кесісіп, жауластыққа көшті. Ал, Сырым Жетіру билеріне хат жазып, хан тұқымынан безінуге шақырды. Айшуақ сұлтан шекара істері жөніндегі экспедиция басшысына “бұзақы” Сырым енді Тіленші батырды Жантөре сұлтанды өлтіруге айдап салуда деп хабар жеткізді. Сұлтан Жиенәлі Нұралыұлының айтуынша, Сырым қаруындағы елбасыларына жолдаған хатында Оренбург әкімшілігі Тілеп Қойбашұлын Есім ханды өлтіруге өздері жұмсады деп көрсетеді. Оренбург облыстық мұрағатындағы бұл екі құжатпен танысқан профессор М.П.Вяткин барон О.Игельстромның қайтып оралуын Әбілқайыр ұрпақтарының тағы да патшаның қолдауынан айрыла бастағаны деп түсіндіреді. Осыдан, О.Игельстром хандық билікті қостайтындар мен оны жақтамайтындарды ортақ мәмілеге келтіру үшін Кіші жүзде ақсақалдар кеңесін шақырады. 1797 жылдың 8 тамызында өткен жиналыста әзірге хан сайламай-ақ, билікті уақытша хан кеңесіне тапсыруды жөн көреді. Оның төрағалығына Айшуақ сұлтанды, мүшелігіне Әлімнен шекті Сары Шонай биді, Байұлынан Ысық Сұлтанбек пен алаша Шақшак биді, Жетірудан Табын Көшекбай мен кердері Бітік мырзаны және патша үкіметінің сенімді өкілі мұфти Мұхаммеджан Хұсайыновты ұсынады. Нұралы балаларын хан кеңесіне

іліктірмеуі губернатор мырзаның Сырым батыр тобының қоңілін аулағаны еді. Бұған көнбеген сұлтандар тобы ысық, алаша, шеркеш, байбақты, беріш, шекті билерінің басын қосып, Қаратай сұлтанды ақ киізге көтергізіп хан сайлайды. Хан кеңесін басқаратын Айшуақ сұлтан жаңа қызметіне құлықсыздық танытып, табындар арасына көшіп кетеді (36, 306—307; 47, 132).

Хан кеңесін, сайып келгенде, Айшуақ емес, патша өкілі мүфти Мұхаммеджан басқарды. Бұндай қолайлы жағдайда Есім ханды өлтірген соң елден ат-тұрманын ала қашқан Сырым батыр мың кісімен 1797 жылы 29 тамызда ақсақалдар кеңесіне келеді, жеті жыл бойы тыныштық көрмеген Кіші жүзге Хан кеңесін құрып, саяси жағдайды түзетіп берген патша ағзам мен барон Игельстромға алғысын жаудырған көрінеді (195, 94—112).

Ал патша сарайы болса, бір топ сұлтандардың Қаратайды хан сайлауын қазақ ауылдарының қайта дүрлігуін қоздырады деп ұғып, оны бекітпей, өздеріне бұрыннан белгілі Айшуақ сұлтанды хан тағайындау тиімді деп санады. Байұлы жұртынан аласталып, Әлімдер арасында енжарлыққа кезігіп, қағажу көрген Сырым Датұлы Қаратай бастаған сұлтандардан қашады, 1797 жылы Хиуаға барады. Сол жерде 1802 жылы белгісіз жағдайда о дүниелік болды (198, 5; 47, 133).

Бұл кезде жасы жетпістен асып, күш-қуаты азайған Айшуақ Әбілқайырұлының хан сайлануы қазақ даласындағы биліктің әлі де болса шешуін таппаған мәселе екенін аңғартады. Губернатор О.Игельстром жігерлі Қаратай сұлтан билік тізгінін ұстаса, қазақ қауымының Ресейден түпкілікті ірге ажыратып кету қаупі күшейетіндігінен секем алған секілді. Бойын кәрілік жеңген Айшуақ Нұралыдай емес, сұлтандар мен рубасылардың одағын әкесі барындағыдай қайтадан қалпына келтіруге тырысып бақты. Ол үшін әуелі Нұралы тұқымын риза етуге орасан мән берді. Бөкей сұлтанды бұрынғы өз орнына ұсынып, елдегі “екінші тұлға” жасады. Бұл, әрине, намысшыл Қаратайдың шамына тимей қойған жоқ. Өзі тұрғанда інісінің әлгіндей лауазымға көтерілуі оны жәбірлеу үшін әдейі істелген қаракет деп түсінді. Алайда, оны хан сайлатпаған патша үкіметі Хан кеңесінің төрағасына жолатпайтыны белгілі еді. Айшуақ хан сайланғаннан соң Қаратайдың Байұлы тайпасын басқаруына зәредей де кедергі келтірмеді. Бөкей сұлтан өз алдына ұлыс басқарып кеткен де, оның орнын Нұралының енді бір баласы Орман сұлтан иеленді. Қысқасы, Әбілқайыр ұрпақтарының Айшуаққа атын атап, түсін түстеп тағар зәредей кінәсі жоқ еді. Өзі де әскер басқарып өткен Айшуақ жоңғар

шайқасынан кейін бағасы түсіп бара жатқан батырлар қауымына да зор көңіл болді. Бұның өзі көптеген рулар мен әлеуметтік топтардың көңілін аулауға ниеті бар екенін байқатады. Ол билерді де елеусіз қалдырмады. Сайын даланың дәстүрін бұзып, кейінгі кезде ата жолын аттап өтіп, рулық ақсақалдық үрдістің беделін шектеген ағасы Нұралы ханның астамшылығын қолдамады. 1802 жылы Сырым өлген соң, Айшуақ хан Оренбургтегі айырбас сарайы — Мұнанайдың қасында бір топ сұлтандар мен билер, батырлардың басын құрап, жұртты бірлікке, елді тыныштыққа шақырып, дау-дамайлар мен шапқыншылықтарды тию жөнінде өзара пәтуаласты (199, 130—158; 36, 317; 47, 133; 246, 13—30).

Айшуақ хан дінбасылармен де жақсы қарым-қатынас орнатып, ел арасында дін таратуға өз үлесін қосты. Патша әкімшілігімен тіл табыса қызмет ете жүріп шекара әскерлерінің қазақ жеріндегі зорлық-зомбылығын болдырмауға тырысты. 1803 жылы наурызда Бірінші Александр патша ағзамға қол астындағы әскердің әулекілігіне тыйым салмай отырған Оренбург губернаторы Н.Н.Бахметевтің (1798—1803) үстінен шағым жасап, оның дем беруімен қазақ ауылдарын жазықсыз шауып, мал-мүлкін талаудың жалғасып отырғандығын, “қазақтарға қарсы күш көрсетуді доғаруды” өтінді. Жас кезінде, жұрт қанша қызу қанды, мінезі шөлкес дегенмен, аға-інілерімен билікке таласып, тайталасып көрмеген Айшуақ тақтан айырылмаймын деп қдалып та қалған жоқ. 1805 жылы 17 ақпанда патша әкімшілігіне өз еркімен биліктен кеткен жағдайда баласы Жантөрені орнына қалдыру жөнінде алдын-ала ойын білдірді. 1805 жылы 26 мамырда өз еркімен хандықтан түсіп, жыл сайын 1000 рубль зейнетақы алып отырды. Оның билік құрған жылдарын қазақтарда саяси тұрақтылық қалыптасқан кезең деп қарауға тұрарлық. Алайда, жаңа келген Оренбург әкімшілігінің басшысы Г.С.Волконский (1803—1817) әбден қартайған Айшуақтан неге екені белгісіз құтылғанша асықты. Оның тақтан кетуі қазақ қауымының тыныштықтан қайта айырылуына ұласты, билікке талас қайта өрбіді (47, 134).

Ақиық ақын Махамбет бір өлеңінде: “Атасы өткен Айшуақ анық көзі көрді ғой, менің атам Өтеміс елдің камын жеді ғой”, — дегенде Айшуақ ханның кезіндегі қазақ даласындағы тұрақтылықты меңзесе керек.

Сөз орайында, мына бір жайтты оқырмандардың жадына ұсына кетейік.

Қай кезде де ел басқарған сұлтандар (Шыңғыс хан ұрпақтары) қалың бұқарамен рубасылары мен батырлар арқылы ғана жең ұшы-



Қазақ аулы. XVIII ғ. суреті.

нан жалғасып отыратын. Ал, рубасылар — халықтың табиғи қалыптасқан саяси өлеуметтік бірліктерінің өздері шығарған көсемдері еді. Сайын даланың хандары яғни сұлтандардан сайлаған ұлысбектері тек сол ру ақсақалдарының қолдауымен ғана басшылық ете алды. Қолдарындағы саяси ықпалдан айырылып қалмаудың қамын ойлаған сұлтандар бұрынғы қаралармен сүйек шатыс болмайтын дәстүрлермен қош айтысып, аса іргелі рубасылармен қыз алысып, қыз берісуге ынталылық білдірді, Оған төре

Әбілқайыр мен табын Бөкенбайдың туған бөле шығуы, Уәли ханның әйелі Айғанымның шыққан тегі қарақалпақ, байбақты руынан (Сырым батырдың қарындасы — А.Қ.) Әбілқайырдың келін түсіруі, Нұралының нағашы ағасы адайдың батыры Мырзатай, Жәңгірдің бір әйелі татар, бір әйелі жожа, бір әйелінің шеркеш руының Мүсіреп деген биінің қызы болуы осыны аңғартқандай. Мәселен, Есім хан байбақтыларға жиендігін салып, сұлтан Күсіпқали таналарға күйеу болған соң ғана билікті қолға алып жүрген тәрізді. Патша сарайының өкілі О.Игельстромның “бұратана халықтардың билігін ақсүйектерден қара сүйектерге алып бермек ойынан айнып қалуының бір және ең маңызды себебі — шет аймақтардың төл мемлекеттілігінің өлеуметтік тірегінің күшейіп кетуінен сақтану болуы да ғажап емес”, — дейді Әбіш Кекілбаев (47, 141).

Не де болса, Кіші жүздегі хандық билікті қайтадан қалпына келтіруге мәжбүр болған барон, шынтуайтында, оны нығайтуға пәлендей ынта көрсеткен жоқ. Онсыз да өлкелік әкімнің қолжаулығы болып отырған хан жанынан құрылған Хан кеңесінің аты ғана баяғыдай естілгенмен, заты хан билігін шектейтін. Ресей үкіметі бекіткен среже және нұсқаулардан шығып кете алмайтын ұйым еді.

Хан кеңесінің Айшуақ тұсындағы торағасы Бөкей сұлтан билік құмар бауыры Қаратай Нұралыұлының үстем түсіп кетуінен сескеніп, ханға қарсы ашық күрес жүргізген. Ал, Айшуақ бақталасы Қаратайдың қолындағы билікті азайта беру мақсатымен оның негізгі тірегі болып есептелетін Байұлы руларының біртіндеп Жайықтың батыс жағына өтіп, әуелі ұлыс, сосын хандық құруына кедергі жасамады. Алайда, бұл Айшуақтан шыққан қаракет емес еді. Патша үкіметі бұл арқылы әуелі Сырым көтерілісіне дем беріп, Кіші жүздегі шамадан тыс ушығып кеткен саяси ахуалды сабасына түсіргісі келген. Әйтпесе, өріс жетпей, өзара қырқысып жатқан Кіші жүздің қазақтары торауыт қалмақтар кеткелі отыз жылдан астам бос жатқан Еділ — Жайық арасындағы жерлерге өз бетімен қонып алар еді де, Орынбор, Астрахан, Сарытау өлкелеріндегі мән-жайды шиеленістіріп жіберуі мүмкін еді.

Олай болмауы үшін Жайықтың арғы бетіндегі қазақтардан келуі ықтимал деген қауіптерге қазақтың өзінен тосқауыл қою қажет болды. Сол мақсатпен Астрахан орыс казактарынан құрылған жасақтардың қолбасшысы полковник П.С.Попов Кіші жүз Хан кеңесінің торағасы Бөкей сұлтанға жолығып, қол астындағы руларымен Нарын құмдарына біржолата көшуге рұқсат сұрап, әкімшілікке хат жазуға кеңес береді. Оған құлақ қойған сұлтан Кавказ шебінің басшысы генерал-лейтенант К.Ф.Кноррингке 1801 жылы 11 ақпанда хат жолдап, өз өтінішінің император ағзамға жетуіне көмек сұрады. Араға бір ай салмай-ақ, император Бірінші Павел Бөкей Нұралыұлының өтінішін құрақ ұша қабылдап “қалаған жерінде көшіп жүруіне” рұқсат беріп және өзінің суреті салынған алқамен марапаттады. Ал, П.С.Попов патша жарлығы бойынша сол жылдың қыркүйегінде Бөкей сұлтан мен Сырым батырдың қарауындағы елдерді ішкі бетке өткізуді қадағалау үшін жасауыл В.Ф.Скворцовты жұмсайды (200, 30—32; 47, 142). Тарихшылар А.Евреинов, И.Бирюковтардың дерегіне сенсек, 1801 жылы желтоқсан айында Еділ мен Жайық арасына Бөкейдің қарауындағы 183 шаңырақ, інісі Сығайдың үй іші және Сырым батырдың тума-туыстары көшіп келгенге ұқсайды (200, 5). Сөйтіп, қазақтардың өзенді әдеттегідей жыл сайын кесіп өтуіне ғана емес, осы аймақта мәңгі-бақи орын тебуіне рұқсат етіледі. Сырт көзге Бөкей сұлтан Астрахан мен Орынбор губернаторларынан тәуелсіздікке қол жеткізген іспетті. Кейбір деректер бойынша, ол зекет (мал салығы) жинауға да құзырлы болды. 1824 жылдан Ішкі орданың хан тағына оның ұлы Жәңгір сайланғаны белгілі. Бастапқыда Бөкей ордасында жиырма жыл ішінде мал саны жеті-сегіз есе, кәсіпкерлік шаруамен

айналысатындар саны он есеге өсті. Хан қоныстанған орын — Хан ордасы, дала беттегі сауда орталығына айналды. Мал басы артып, әулеттер саны көбейіп, Кіші ордадағы халық саны өскен сайын жердің жетіспеушілігі белең ала бастады. 1820 жылдың аяғында Кіші ордан көшіп кеткендер де болды, солардың салдарынан мұнда қақтығыстар да орын алып отырды (204, 5—166). Бұл жөнінде әңгіме әлі алда.

Енді үзілген әңгімені жалғастырып, Әбілқайыр ұрпақтарына оралайық.

Айшуақтың өз еркімен тақтан кетуіне байланысты орнына ұлы Жантөре (1759—1809) хан сайланды (246, 11—83). Белгілі тарихшы Ж. Қасымбаев Жантөрені хан сайлау қарсаңындағы губернатор Г.С.Волконскийдің қазақтар арасындағы жүргізген насихат жұмыстарына назар аударады. Автордың айтуынша, Жантөре Айшуақұлын хан тағына отырғызуға бес мыңға жуық адам жиналған, оның екі мыңы сайлауға қатысқан (173, 43; 246, 37—38; 68, 231). Осы тұстағы саяси ахуалды пайдаланып генерал-губернатор Ресейдің дала аймағындағы билігін қорғаймын деген желеумен қатаң тәртіп орнатуға ұмтылыс жасады. 1805 жылғы 10 мамырда ол қазақ сұлтандарына, рубасы ақсақалдары мен билеріне қандай қаракеттер жүргізу керектігі жөнінде жарлық шығарды. Ол сұлтандар мен қазақтың атқа мінерлеріне талас-тартыстың шегі жеткен көріністеріне жол бермейтіндей бақылау орнатуды, олай болмаған жағдайда, патша ағзамның хандықты жойып, билеушілер әулетін барлық артықшылықтарынан айыруға баратындығын ескертеді. Әкімшілікке бұл үйреншікті жағдай еді, өйткені Оренбург арқылы өтетін сауда керуеніне қауіп төне бастаған кезде, үкімет жандайшаптары қазақты қорқытып-үркітуге бағытталған жаңа бұйрықты шығара салатын (78, 110). Оны үлгіге алған шекаралық сот орындары да қазақтарды басқару ісінде әбден әбігерге түсетін.

Солай бола тұрса да, император ағзам қазақ даласында тұтастай азаматтық әкімшілік орындарын құруға пәлендей ықпалын білдіре қойған жоқ. Ондай іс-әрекеттер байтақ далада еркін өскен қазақтарды түгелдей үкімет әкімшілігіне қарсы қоятынын білді, ал мұндай ауыртпалықты көтеруге олар әзір емес еді.

Кіші жүздегі саяси ахуалды түсінген патша шенеуніктері өздеріне тілектес Жантөре ханға қарсыластарды тыныштандыруға бетбұрыс жасады. 1806 жылы 1 мамырда Бірінші Александр орданы басқару ісінде ханға көмектесу және ақыл қосу мақсатында Хан кеңесі институтын жаңа бағытта құрды. Әрбір тайпаның белгілі атқа мінерлерінен тұратын іріктеліп алынған Кеңестің он тіректен тұратын ережесі де бекітілді. Оған ханды қауіп-қатерден қорғау, орда ішінде

заң бұзғандарды сотқа тарту және жазалау жауапкершілігін белгілеу, ел арасындағы жанжалдарды болғызбау, Ресей шекараларына және сауда керуендеріне шапқыншылық жасауды тыю секілді міндеттер жүктелді.

Аталған кеңес Жантөре ханның көптеген қарсыластарын сабасына түсіргенімен, Қаратай сұлтанды тыныштандыра алмады, ол ханға қарсы күштің өршуін қоздырып отырды. 1807 жылы кейбір рубасылары, тіпті, жергілікті әкімшіліктің қолдауына қарамастан Жантөре билігінің әлсіздігін байқап, патшаға Қаратайды хан етіп жариялауға өтініш түсірді. Император тарапынан ол қабылданбай, керісінше Қаратайға қарсы жазалау жасақтары жіберілді. Бұның нәтижесі, Қаратайдың патша үкіметі мен Жантөреге қарсылығын үдетіп жіберді. 1809 жылы Жантөреге қастандық жасалып, ақыры қарсыластары оны өлтіреді.

Осынау қайшылығы мол кезең қазақтардың берекетін кетірді. Жер мәселесі шешілмеді, жайылым тарылды, саяси ахуал бұрынғыдан да күрделенді. Осыдан малды бөліп-бөліп Оренбург базарына шығарып сату басталды. Патша үкіметі тарапынан жерге тегін егін егу, құрал-саймандар мен құрылыс материалдарын сатып алуға қарыз алуға кепілдік беру, Ресеймен іргелес қорғаныс шебіндегі қазақтарды салықтан босату, біраз қазақтарға орыс қазақтары қоныстанған төңіректе мал жаюына рұқсат беру секілді жеңіл-желпі шаралар іске асқанымен, бұл жергілікті халықтың түпкі мақсатын шешкен жоқ. Керісінше, Ресейдің шекара шебін мығымдауға, патша шенеуніктері бақылауын күшейтуге мүмкіндік туғызды. Мәселен, 1811 жылы Електің бойын жаулап алудан басталған бұл саяси қырағылық Елек пен Жайық аралығындағы барлық өңірді қамтыды. Кіші жүздің мал жайылымдары орналасқан Ішкі жақтағы далада бекініс жүйелері қаптады. Сол мезетте қазақтарға Хиуа мен Қоқан хандығы да қыспақ көрсетті. Бұл екеуін де қазақтарға жаны ашымайтын әпербақан билеушілер басқарып тұрған еді.


Халықтың титықтауы салдарынан әрі соғыстан қалжыраған Қаратайдың әрекеттері әлсірей бастады. Қаратай өзі Хиуаны паналап қашып жүрді. Хиуа ханы Мұхаммед Рахимның оны құшақ жая қарсы алуы Хиуа хандығының Кіші орданы иемденуге бағытталған шаралары іспетті. Бұл кезде қазақтарда хан сайланбай, оларды екі жылдан астам уақыт хандық кеңес басқарып келді. Сонымен, 1812 жылы патша ағзам ескі жараның аузы қарақотырланып келе жатқанын аңғарып, хандық билікті қайта жаңғыртуға талаптанады. Енді хан тағына Айшуақтың тағы бір ұлы Шерғазыны отырғызады. Ол бұрын атағы

шыққан мықты тұлға емес еді. XIX ғасырдағы Ресей тарихшыларының бірі Шерғазыны былай суреттейді: “үркектеу, екіжүзді және аузын ашпайтын топтың жетекшісі ретінде түкке де тұрмайтын. Оның билігі орыстардан тысқары жерлерде байғұстардан (қайыршылар) әрі аса алмады, ол айтқанға көніп, айдаған жерге көшіп-қонып жүре берді”. Осыны сезген Қаратай сұлтан Ордаға оралып, Шерғазыға қарсы күреске бет бұрады, ақырында оның басты бақталасына айналды. 1812 және 1814 жылдары Қаратайға қарсы Жайық казактарының жазалаушы жасауындары жіберілді. Сайып келгенде, өлкенің губернаторы Г.С.Волконский Қаратайдың жақтастарының тегеурінді екенін түсініп, 1814 жылы онымен нәтиже бермеген келіссөзді жүргізеді. Г.Волконскийдің орнына келген П.К.Эссен (1817—1830) Қаратаймен өзара мәмілеге келіп, тіл табысады. Қаратай енді өзінің күшін Арғынғазыға (Әбілғазының ұлы және мұрагері) қарсы бұрады да, шекараға тиіспейді, патша ағзам болса, өз кезегінде оның Жантөрені өлтіргенін кешіреді. П. Эссен 1818 жылы Қаратайды хан етіп тағайындауға әрекет жасап көрді, бірақ оған Сыртқы істер Алқасы келісім бермейді. Сөйтіп, Қаратай хан боламын деген арманына жете алмады, ал үкімет әкімшілігі 1824 жылы Кіші жүзде хан атағы жойылған кезде, оған орданың батыс бөлігінің әкімі лауазымын береді (247, 22—150).

1815 жылы Арғынғазы сұлтан Шекті руының (төменгі Сырдария аймағы) билеушілігіне тағайындалады, бұл оны Кіші ордадағы аса мықты тұлғалардың біріне айналдырды. Хиуа шапқыншылығынан өз жерін қорғап қалу үшін ол Ресеймен одақтасуға мүдделі болды. П.К.Эссен мен Шерғазы сұлтаннан қолдау тапқан ол Кіші жүз арқылы өтетін Ресей сауда керуендерінің аман-есен өтіп тұруына уәде етеді. Құрметті тұлға және дініне берік мұсылман ретінде танылған оның Кіші жүздегі ықпалы арта түседі. Қазақтың игі жақсылары Арынғазыны 1817 және 1819 жылы хандыққа ұсынады. П.Эссен бұл өтінішті қабылдайды, бірақ тағы да Сыртқы Істер министрлігінің Азия бөлімі бұның Ресейдің отаршыл саясатына қарсы шығуынан сезіктеніп бекітпей қояды (173, 10—99).

Тап, сол тұста Шерғазы ханның (1816—1820) дәрменсіздігін байқаған Хиуа ханы Сырдария бойында көшіп-қонып жүрген казактарды жаулап алады да, сол жердегі казактардың басшысы ретінде Әбілғазының немересі Мәненбай (дұрысы Жанғазы — А.Қ.) сұлтанды хан сайлатуға дайындалады. Ал Кіші жүз казактары оның билігін қабылдағысы келмей, әуре-сарсаңға түсіп жүргенде, Арынғазы басқарған казак жасақтары 1820 жылы Мәненбай әскерімен күш бірік-

тірген Хиуа ханынан жеңіліс табады. Бұл Арынғазының күшін әлсіретіп, Санкт-Петербургтегі беделінің де төмендеуіне әкеліп соқтырады. Кикілжің әрі ұласып, Арынғазы 1820 жылы патша үкіметінің А.Ф.Негри басқарып Бұхараға баратқан елшілігіне қарсы әрекетке шығып, оның қоластындағы 230 адамы мен 2 зең-



Сырымбеттегі Шоқанның әжесі Айғанымның үйі. Шоқанның салған суреті.

бірегінен Арынғазы сұлтанның жасақтары жеңіліске ұшырайды. Осыдан кейін, Арынғазы “бүлікші” ретінде Санкт Петербургке алдап шақырылады да, 1821 жылы атақ-даңқынан айырылып, Калугаға жер аударылады. Ол осы жерде 1833 жылы қаза тапқаны тарихнамада жазылған. Қазақтар мен Ресей үкіметі тарапынан елеулі қарсылықтың жоқтығын ұтымды пайдаланған Хиуа ханы Мұхаммед Рахим тез арада әскер жинап, Сырдария бойындағы шашыранды халықты өзіне қаратады. Сөйтіп, 1822 жылы Шекті рулары уақытша болса да Хиуа хандығының қоластында қалды (196, 112—113).

Ал академик С.Зимановтың пікірінше, осы кезеңде қазақтар арасында абырой-атағымен даңқы шыққан Арынғазы Әбілғазыұлы, Қаратай Нұралыұлы, Темір Ералыұлы, Мәненбай Шерғазыұлы сынды сайып қыран сұлтандар сахна төріне шықты. Оларға Кіші жүздің, атап айтқанда, Арынғазыға Әлімұлы рулары, Қаратайға Ақ Кете, Қара Кете рулары, Темірге — Шөмекей руы, Мәненбайға — Хиуаға бағытындағы қазақтар қараған еді (248, 171; 173, 18—19).

Тарихнамадан белгілісі, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында еңсе көтерген жаңа отаршылық саясатты енгізу барысында туған наразылықтардың көпшілігі Жайықтың шығыс бетінде, көбінесе, Айшуақ, Ералы, Батыр сұлтандар билейтін ұлыстардың жерінде бой көрсетті. Жалпы, аталмыш кезеңде бір-бірімен жаға жыртысып жүрген Жантөре хан мен Қаратай сұлтан Әбілқайыр хан құрған біртұтас хандықтың тағына таласып жүрген еді. Ал, Бөкей сұлтан болса, Еділ мен Жайық арасына басқаларды аттап басқызбайтындай қылып, үй ішінен үй тігіп кетудің жөнін тапты. Бұл оның қол астындағы елдің

естияр адамдарының қобіне үнаи қоймаған секілді. Нұралы мен Айшуақ балаларының арасында осылай ормек жайған ошпенділік, 1809 жылғы 2 қарашада Кіші жүз ханы Жантөре түн ортасында, бір деректер бойынша, Мерген бекінісінің, екінші деректер бойынша, Сахарный бекінісінің маңында ет жақын туыстарының қолынан қаза тапқаны жоғарыда айтылғанмен, қолда бар деректерді тағы бір шолып өтейік.

Ордаға қапыда бас салған жүз кісіден, 12—15 адам хан жатқан үйіне кіріп, төсектегі Жантөреге жабыла қару жұмсаған. Сөйтіп, елу жастағы ханның денесіне жиырма жеті жерден пышақ салынған. Екі әйелін, қызын, немере қарындасын зорлап, тұлымдарын кесіп, айдалаға апарып тастап кеткен жерінен Жантөренің бауырлары Шерғазы, Әлғазы, Тәукелер тауып алған көрінеді (47, 146—147). Бұндай қанқұйлы қарекетті марқұмның немере туысқандары Қаратай, Орман, Қара және Шөке (Шорман) сұлтандар атқарған тәрзіді.

Бір кезде Есім ханды бір әйелінің үйінде Сырым батырдың сарбаздары төсегінде қансыратып турап кетсе, енді сондай “қызыл қырғынды” туажат сұлтандар бір-біріне жасап отыр. Егер араға біреу жылдар салып, Жантөренің ұлы Арыстан мен Шерғазының ұлы Есқазының да осындай “түйе сойғандағы қызыл қуырдаққа” тап болғанын еске алсақ, Кіші жүздегі сұлтандар беделінің қаншалықты құлдырағаны байқалса керек. Бірақ, бұл тек төрелердің ғаңа басынан ауып бара жатқан бақ емес еді. Сол мезгілде Үш жүздің ішінде болған Г.Спасскийдің сөзімен айтсақ: “Қырғыз — қазақтар өз билікшілері мен хандарына деген ізеттерінен айрылуымен бірге бастарындағы бактарынан да айрылған еді” (47, 147). Бұл елдігі мен мемлекеттілігін сыйламады деген сөз. Ал, елдік жоқ жерде теңдік жоқ екендігіне кейінгі үш ғасыр куә боларлық.

Алайда, аталмыш кезеңде хандық биліктен әлі біржолата дәурен кете қойған жоқ еді. Күні кеше өз еркімен тақтан бас тартқан Айшуақ әлі тірі еді. Жантөрені қанға бөктіргендерді қатаң жазалауды қанша талап еткенмен, ол мақсатына жете алмады. Оның бүкіл тұқымының соңына түсіп алған Қаратай мен Орман сұлтандар қолға түспей құтылып кетті. Айран ішкендер құтылды да, шелек жалағандар тұғылды. Сексеннің қырқасынан көрінген Айшуақ бұл қорлыққа шыдай алмай, күсадан өлді. Артында қалған ұлдары Шерғазы, Әлғазы, Әспендияр, Баймағамбет, Тәуке үкімет құзырына жүгінді. Енді Айшуақ пен Нұралы ұрпақтары ашық жауласуға кірісті. Сөйтіп, бір кездері О. Игельстром реформасына тізе біріктіріп бірге әрекет еткен Нұралы, Ералы, Айшуақтардың бел балалары әкелері құрған туажаттық одақтың быт-шытын шығарды.

Қаратай Шерғазы бастаған Айшуақ балаларынан қорқып, алты мыңдай жасақты паналап күндіз-түні ат үстінен түспеді. Орман сұлтан қарауындағы елімен Нарын құмына бет алды. Айшуақ балалары да қарсыластарына қарсы қол жияды. Олар 1813 жылғы көктемде Қаратай сұлтанды өкшелей қуып жүріп, мың түйесін, 7—8 мың қойын, отбасы мүлкін олжа қылды. Енді олар Орманды қуып Нарын құмдарын шарлады. Қазақ сұлтандарының бұндай өзара текетіресін ұтымды пайдаланған князь Юсупов, графиня Безбородко, тағы басқа орыс шонжарлары Еділ мен Жайық арасындағы шұрайлы жерлерді иемденіп қалды.

Бұл, әсіресе, Бөкей сұлтанға оңай тимеген тәрізді. Оның өзі таратты ма, әлде расында да солай болды ма, Жайықтың ар жағынан Қаратай мен Орман мың кісімен келіп, Атырау бойындағы бекіністерді қиратып, Бөкейді де Жантөре секілді өлтіріп кетейін деп жүр екен деген лақап әңгіме гүлдеді. Астрахан губернаторы зеңбірекке дейін дайындап, ондай жауыздыққа жол бермеуге әзірленді. Бөкейдің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүзбасы Хабибулла Булаттанин басқарған жүз қазақ жасақтары жаракталды. Оның үстіне, Ноғай руының Айтбай Мамбетқазиев басқарған сарбаздары күн-түні күзетте тұрды. Бөкей сұлтан 1810 жылы 1 қарашада Х.Булаттанин мен А.Мамбетқазиевті марапаттау туралы Бірінші Александр патшаға өтініш білдірді. Сөйтіп, Бөкей сұлтанның жеке басының қауіпсіздігі императордың бақылауындағы аса маңызды құзырдың біріне айналды. Осы арада, патша үкіметінің тағы бір жаңа саясатты ойлап тапқанын айтпасқа болмайды. Бұл бағыттың жүзеге асуына 1810 жылғы 25 наурызда император қабылдаған шешімімен сол жылдың тамыз айында Оренбургтен жүз шақарымдай жердегі Елек бойында өткен хан сайлауы ерекше маңызды оқиға еді. Бұл жолы құрылтайға жиналған жұрт алдын-ала айқын екі тарапқа бөлініп, ашық текетіреске көшті. Атырау тараптағы елді Бөкей Нұралыұлы бастап келді. Ел қарасынан қашып, аулақтап кеткен Қаратай сұлтан да онымен бірге келді. Бұлар өз алдына шаңырақ тігіп, бөлек жайғасты. Сырдария тараптағы елді марқұм Жантөренің туған інісі Шерғазы Айшуақұлы бастап келді. Бұлар Нұралы балаларын құныкерге санап, қараларына жоламай, үйлерін аулақ тікті.

Бұндай жағдайда, екі тарап екі бөлек хан сайлайтыны белгілі. Бірақ, оны қашан император бекітіп, өз жарлығын шығарғанша, екеуі де ақ киізге көтерілмейтін болып шешілді. Алайда, 25 тамыз күнгі сайлауда ол тәртіп сақталмады. Жұлдыздары қарсы екі топ бір-біріне тұра ұмтылып, ашық жауластыққа шықты. Бірақ, екі араға алдын ала әзірленген патша әскері тосқауылға тұрып, қан төгіске жол бермеді.



Түйе жетектеп келе жатқан казак.
Шоқанның суреті. 1847 ж.

екіге бөлінгені анық еді. Өйткені, Бөкей төменгі Жайық бойындағы Сарайшықтан билік жүргізіп, Еділ мен Жайықтан әрлі-берлі өтетін керуендердің бұядасын ұстаса, Шерғазы Айшуақұлы қыста Оренбург маңына келіп, жазда Сырдария жағындағы Хиуа, Бұқар керуен жолдарын күзететін болып келісті.

Отаршылық саясатты берік ұстаған Г.С.Волконский 1811 жылғы 17 қазанда Бірінші Александр патша ағзамға сайлау нәтижесін хабарлап, Бөкей Нұралыұлының билігін Жайықтың батыс бетімен шектеп, Ішкі Орданың ханы деп, ал Жайықтың шығысындағы кең байтақ далалық аймаққа Шерғазы Айшуақұлын хан етіп бекітуді ұсынды. 1812 жылғы 1 мамырда император “Кіші жүздің сұлтандарына, билеріне, рубасыларына, тархандарына және барлық қазақтарына” “олардың өз еріктерімен атаған және сайлаған екі ханын” бекіткенін жария етті. Сонымен олардың біреуі “Жайық сыртындағы, төменгі Жайық шебіндегі, сондай-ақ, Астрахан далаларындағы”, екіншісі “жоғарғы Оренбург шебінен Сырдария өзеніне дейінгі Хиуа мен Бұқараға барар жолдағы кең-байтақ жазиралардағы” көшіп-қонып жүрген “қырғыз-қайсақтарды” билейтін болды. Әрқайсысына хандық белгі ретінде ақ патшаның мөрі басылған сенім хат, аттары жазылған алмас қылыш беріліп, бұлғын ішік, құндыз бөрік кигізілді (200, 167—172; 47, 148 —149).

Сөйтіп, Жантөре Айшуақұлы отырған хан тағы Қайыптың баласы Арынғазыға бұйырмай, оны иемденуге асығып жүрген Шерға-

Ашыған Сырдария тобы Шерғазыны хан сайлап, қалың жұрттың алдында оны ақ киізге көтерді. Атырау тобы да солай етпек болып еді, хан сайланған Бөкей губернатордың сөзіне құлақ асып, айтқанына көнді. Бірақ көпке топырақ шашсын ба, келесі күні дегендеріне илігіп, ақ киіздің үстіне отырды (47, 149).

Сөйтіп, Кіші жүзде бірінші рет, бір күні, бір жерде өткен бір сайлауда екі хан тәубеге келтірілді. Бұрынғы бір Орданың енді



Оренбург өлкесінің картасы. XVIII ғасырдың екінші жартысы.

зыға, ал өз алдына отау тігуді көптен армандап жүрген Бөкейге бұйырып, таққа таласып келген Нұралы мен Айшуақ ұлдары дегендеріне жеткендей тәрізді. Бірақ, бұның бәрі “алдамшы жеңіс” еді. Нағыз “шын жеңіске” бір табан болса да жақындай түскен тек патша үкіметі еді. Бұл орайда, тарихшы А.Ф.Шахматовтың: “Бөкей ордасының құрылуы, шынтуайтқа келгенде, патша үкіметінің, атап айтқанда, барон Игельстромның саясатының нәтижесі еді” деуі көңілге қонымды (201, 8). Ал, Азия істері жөніндегі Комитет, 1820 жылы Кіші жүздегі билікті Шерғазы мен Арынғазы арасында бөлісу мәселесін саралай келіп, О.А.Игельстромның тындырған ісін былай бағалайды: “Бұл генерал Кіші жүзде тыныштық орнатып, істі оңға бастыру үшін хан билігін әлсірету, олардың санын ең кемі үшке дейін көбейту, олардың әрекет аясын мейлінше тарылтып, Оренбург әкімшілігінің айтқанын орындаушыға айналдыру, тіпті, мүмкін болған жағдайда, хандық дәрежесін мүлдем жойып жіберу аса пайдалы болады деп тапты” (47, 150).

Тоқ етері, XIX ғасырдың 20-жылдарында патша үкіметі қазақтардың саяси тәуелсіздігінің ақырғы жұрнақтарын жоюға кірісті. Кіші жүздің үшке бөлініп, үшеуінің басына, шын мәнінде, патша шенеунігі



Түйе жетектеп келе жатқан казак.
Шоқанның суреті. 1847 ж.

екіге бөлінгені анық еді. Өйткені, Бөкей төменгі Жайық бойындағы Сарайшықтан билік жүргізіп, Еділ мен Жайықтан әрлі-берлі өтетін керуендердің бұйдасын ұстаса, Шерғазы Айшуақұлы қыста Оренбург маңына келіп, жазда Сырдария жағындағы Хиуа, Бұқар керуен жолдарын күзететін болып келісті.

Отаршылық саясатты берік ұстаған Г.С.Волконский 1811 жылғы 17 қазанда Бірінші Александр патша ағзамға сайлау нәтижесін хабарлап, Бөкей Нұралыұлының билігін Жайықтың батыс бетімен шектеп, Ішкі Орданың ханы деп, ал Жайықтың шығысындағы кең байтақ далалық аймаққа Шерғазы Айшуақұлын хан етіп бекітуді ұсынды. 1812 жылғы 1 мамырда император “Кіші жүздің сұлтандарына, билеріне, рубасыларына, тархандарына және барлық қазақтарына” “олардың өз еріктерімен атаған және сайлаған екі ханын” бекіткенін жария етті. Сонымен олардың біреуі “Жайық сыртындағы, төменгі Жайық шебіндегі, сондай-ақ, Астрахан далаларындағы”, екіншісі “жоғарғы Оренбург шебінен Сырдария өзеніне дейінгі Хиуа мен Бұқараға барар жолдағы кең-байтақ жазиралардағы” көшіп-қонып жүрген “қырғыз-қайсақтарды” билейтін болды. Әрқайсысына хандық белгі ретінде ақ патшаның мөрі басылған сенім хат, аттары жазылған алмас қылыш беріліп, бұлғын ішік, құндыз бөрік кигізілді (200, 167—172; 47, 148 —149).

Сөйтіп, Жантөре Айшуақұлы отырған хан тағы Қайыптың баласы Арынғазыға бұйырмай, оны иемденуге асығып жүрген Шерға-

Ашыған Сырдария тобы Шерғазыны хан сайлап, қалың жұрттың алдында оны ақ киізге көтерді. Атырау тобы да солай етпек болып еді, хан сайланған Бөкей губернатордың сөзіне құлақ асып, айтқанына көнді. Бірақ көпке топырақ шашсын ба, келесі күні дегендеріне илігіп, ақ киіздің үстіне отырды (47, 149).

Сөйтіп, Кіші жүзде бірінші рет, бір күні, бір жерде өткен бір сайлауда екі хан тәубеге келтірілді. Бұрынғы бір Орданың енді



Оренбург өлкесінің картасы. XVIII ғасырдың екінші жартысы.

зыға, ал өз алдына отау тігуді көптен армандап жүрген Бөкейге бұйырып, таққа таласып келген Нұралы мен Айшуақ ұлдары дегендеріне жеткендей тәрізді. Бірақ, бұның бәрі “алдамшы жеңіс” еді. Нағыз “шын жеңіске” бір табан болса да жақындай түскен тек патша үкіметі еді. Бұл орайда, тарихшы А.Ф.Шахматовтың: “Бөкей ордасының құрылуы, шынтуайтқа келгенде, патша үкіметінің, атап айтқанда, барон Игельстромның саясатының нәтижесі еді” деуі көңілге қонымды (201, 8). Ал, Азия істері жөніндегі Комитет, 1820 жылы Кіші жүздегі билікті Шерғазы мен Арынғазы арасында бөлісу мәселесін саралай келіп, О.А.Игельстромның тындырған ісін былай бағалайды: “Бұл генерал Кіші жүзде тыныштық орнатып, істі оңға бастыру үшін хан билігін әлсірету, олардың санын ең кемі үшке дейін көбейту, олардың әрекет аясын мейлінше тарылтып, Оренбург әкімшілігінің айтқанын орындаушыға айналдыру, тіпті, мүмкін болған жағдайда, хандық дәрежесін мүлдем жойып жіберу аса пайдалы болады деп тапты” (47, 150).

Тоқ етері, XIX ғасырдың 20-жылдарында патша үкіметі казактардың саяси тәуелсіздігінің ақырғы жұрнақтарын жоюға кірісті. Кіші жүздің үшке бөлініп, үшеуінің басына, шын мәнінде, патша шенеунігі

болып табылатын үш “ сұлтан билеушінің ” қойылуы соның бір белгісі болса керек.

Ендігі әңгіме осы үш орданың бірі — Ішкі Орда ханына қатысты. Ішкі Орда 1812 жылы өз алдына жеке хандық болып құрылғаны мәлім. Нарын құмына 1811 жылы желтоқсанда әуелі Бөкей мен інісі Шығай бірге көшіп келген еді. Олардың тұсында Ішкі Орда руларының билеушілері болып Нұралы Әулетінің сұлтандары бірінен соң бірі тағайындалып отырды.

Бөкей сұлтан Нұралыұлы Ішкі орданың тағында бар болғаны үш жыл ғана отырып, 1815 жылы 21 мамырда таңертеңгі сағат 9-да асқынған сусақ дертінен көз жұмады. Бейігі өзі көп жайлаған Баба-шағылға орнықты. Артында бәйбішесінен 1799 жылы туған Тәуке, 1804 жылғы Әділ, екінші әйелі Атан ханымнан 1801 жылы дүниеге келген Жәңгір атты ұлдары қалды. Марқұм көзінің тірісінде Шекара комиссиясына Ішкі орданы інісі Шығай сұлтанға билетуді өтініп арыз берген көрінеді. Ал, 1815 жылы 8 маусымда Атан ханым император Бірінші Александрға күйеуінің өлер алдында орнына 14 жасар ұлы Жәңгірді хан сайлауды, ал ол ержеткенше биліктің тұтқасын інісі Шығай сұлтанға тапсыра тұруды өсиет еткендігін хабарлайды. Бірақ хатқа ханның жазбаша өсиеті тіркелмеген. Дәл осындай өтінішті Байбақты руын билейтін сұлтан Шөке Нұралыұлы да патша ағзамға жолдапты. Бөкейдің үлкен ұлы Тәуке бұл шешімге риза болмай, әкесінен қалған билікті өзіне беруді өтінеді. Шекара комиссиясының әкімшілігі Таз руының сұлтаны Тәуке Бөкейұлының Ішкі ордаға өзін хан қою туралы бұл өтінішін 1817 жылғы 11 қыркүйекте қарап, он сегіз жасар сұлтанға ел билеуге әлі ерте деп жауап қайырады. Атан ханымның өтініші бойынша Бөкей сұлтанның соңғы өсиетін қостап, оның інісі Шығай мен ұлы Жәңгірге бет бұрғанды жөн санайды. Шамасы, Тәукенің қара сүйектің қызынан, ал Жәңгірдің беделді адамның қызынан туылғаны еске алынған болса керек. Егер Ішкі орданың бас биі Бекмағамбет Тұрмағанбетовтің Бөкей ханның қайын атасы екенін байқасақ және Тәуке мен Әділдің нағашылары қарапайым қойыс шеркештер болғанын да ұмытпаған жөн. Бұл ханымға кейін әменгерлік жолмен Шығай сұлтан үйленіп, ол да Қойыс шеркештерге күйеу бала болады. 1801 жылы туған, болашақ хан Жәңгір әуелі үйінде молладан сауат ашады. Сосын жеті-сегіз жасында әкесі оны аса жоғарғы білімді ұлық, Оңтүстік Ресейде көрнекті мәдениет қайраткері ретінде танылған, Астраханның азаматтық губернаторы қызметіндегі С.С.Андреевскийдің (1760—1818) отбасына тәрбиелеуге береді. Ол осы үйде жан-жақты терең білім алады, орыс, парсы, араб, шағатай тілдерін ойдағыдай меңгереді. Табиғат таңу,

өркениет ілімдеріне қанығып, өз дәуіріндегі ақ сүйектерге тән мәдениет пен зиялылықтың бауып ұстайды. Жәңгір он төртке толғанда әкесі Бөкей дүние салады. Анасы Атан ханым 1815 жылы маусымда император Бірінші Александрға хабарлаған Бөкейдің саяси өсиеті 1816 жылы қыркүйекте ресми бекітіледі. Сөйтіп, оқуда жүрген Жәңгір тақ мұрагерлігіне, ол оқуын бітіргенше немере ағасы Шығай сұлтан уақытша ханның билігін атқарады.

Алайда, Шығай 1816 жылы тамызда қарауындағы Байұлы руларына пендешіліктен аса алмай өзін хан сайлатып, генерал-губернаторға бұл шешімді бекіту туралы хат жазғызған деген деректемелер кездеседі (47, 228—230).

Бөкей балалары мен уақытша биліктің иесі Шығай сұлтанның арасындағы астыртын кикілжін тек бұнымен аяқталмаған секілді. Шығай сұлтан 1822 жылы 27 ақпанда Оренбург губернаторы, генерал П. К. Эссенге Жәңгір тезірек хан болуды көксеп, ел арасына бүлік салып жүр деп хабарлайды. Ал, тап сол жылдың 26 тамызында Ішкі орданың бір топ билері, кожалары, рубасылары Шығай сұлтанды хан сайлау туралы тағы ұсыныс түсіреді. Бұны естіген Жәңгір де қол қусырып қарап қалмады, ағасының әлгіндей қылығына наразылық білдіріп шағым жазады. П. К. Эссен оған жауап жазып, ағасы Шығай сұлтан жөніндегі алып-қашты әңгімелерге құлақ аспауға ақыл береді.

Бұл хабар патша сарайындағылардың да құлағына жетеді. Осыдан Оренбург губернаторының пікірі сұралады, шекара басқармасының пайымдауынша, Шығайдың хандық дәрежеге өресі жетпейтінін, ал, Жәңгір, керісінше, тек қазақтар арасында ғана емес, Астрахан, Саратов азаматтық губернаторларының айтуынша, ресейлік аймақтар тұрғындары тарапынан да үлкен беделге ие екендігін мәлімдеп, оның білімді, тәрбиелі, Ресей саясатын қолдайтын адам екенін жеткізе мадақтайды. 1823 жылы 24 маусымда Бірінші Александр патша ағзам Сыртқы істер министрлігінің Жәңгірді Кіші жүздің Ішкі орда ханы етіп тағайындау жөніндегі ұсынысын бекітеді. 1824 жылы 26 маусымда Орал (бұрынғы Яицк — А.Қ.) қаласының маңындағы Хан тоғайында Оренбург әкімшілігінің жоғары лауазымды ұлықтары, қазақтың игі жақсыларының қатысуымен салтанатты жағдайда Жәңгірді Ішкі орданың ханы қылып сайлады. Ант берместен бұрын император ағзамның Жәңгір ханға және Ішкі орда тұрғындарына бағышталған екі сенім хаты оқылды. Сосын жаңа хан құран ұстап ант берді. Зеңбірек гүрсілінің жер жарған дауысымен оған бұлғын тон, күндыз бөрік кигізіліп, алтын жалатылған қылыш тапсырылды. Салтанаттың арты ағыл-тегіл тойға ұласты. Полковник Ф.Ф. Бергтің князь К.В. Нессельродқа жазған мәлімдемесіне сенсек, бұл тойға Кіші

ордадағы Қаратай сұлтан бастаған қарсы топтың би, сұлтандары да шақырылған.

Кіші жүздің екі ордасының басы түгел қосылған тойда жаңа ханның құрметіне 420 адамға сыйлық, тарту-таралғылар үлестірілді. Ойын-сауық, серуен, бөйге, ат жарысы ұйымдастырылды. Патша жандайшаптары көшпелі халыққа Ресей қарауында бейбіт өмір сүрудің барша артықшылығын насихаттап жатты. Осыдан, патшаның Жәңгірді хан тағайындау арқылы қазақ даласын билеуде түбегейлі өзгерістер енгізуге бет алған саясатын байқау қиын емес. Осының алдында ғана 1822 жылы П.К.Эссен Азия Комитетіне Кіші жүздегі хандықты жою туралы заңның жобасын ұсынған-ды. Бірақ, қазақ халқының бағы жанатын, не соры болатынын ол кезде ешкім де, тіпті жаңа ханның өзі де сезген жоқ.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі көп ұзамай өзінен-өзі айқындала бастады. Жәңгір таққа отырмай жатып, Жайықтың шығыс бетіндегі Кіші жүз ұлыстарында хандық билік жойылды. Жәңгірдің Оралдағы таққа отыру тойына Шерғазы хан шақырылмай, Қаратай сұлтанның шақырылуында да “белгілі” астар жатыр еді. Кіші жүзде хандық биліктің жойылуына бір кісі қарсы шықса, патшамен ауыз жаласып жүрген сұлтандардың бәріне жұлдызы қарсы Қаратай Нұралыұлы шығар еді. Өйткені, ол өзі хан болу үшін хан болғандардың бәрімен күресіп, әрлі-берлі өткен сауда керуендерінің бәрін тонап, қазақ даласындағы бірден-бір күдіретті тұлғаға айналған еді. Патша әкімшілігіне бірде сөз жүзінде, құрдай жорғалап, бірде іс жүзінде қарулы әрекеттерге барып қыр көрсетіп жүргендердің бірі. Петербург те, Оренбург те одан қандай ел билеушісі шығатынын білсе керек. Сондықтан, оны хан тағайындамау үшін Кіші жүздегі хандық билікті бөлшектеуге, ал сол арқылы істі насырға шаптырып алмау үшін бұрын Жантөре, Шерғазы билеген Кіші Жүз хандығының орнына құрылған Кіші орданың Батыс бөлігі деп аталатын өлкеге сол бүлікші Қаратайдың өзін хан қоюға ынталылық білдірді. Бұндай лауазымға 1823 жылы жетісімен, Қаратай, профессор М.П.Вяткиннің айтуынша, отаршылық саясаттың енді жан аямай нағыз шын берілген жандайшабына айналды (202, 163; 36, 322—323). Сөйтіп, 1824 жылғы жазда Орал қаласының Хан тоғайында өткен ұлан-асыр той тек жаңа сайланған Ішкі орда ханы Жәңгірдің көңілін табуға ғана емес, жаңа құрылған Кіші жүздің Батыс бөлігінің ханы Қаратай сұлтанның да көзін қызықтырып, өзін ішке тартуға бағытталған жымысқы саясат еді.

Жәңгір өз ұлысында ондай кепті кимеуге, қолына тиген хандық билікті мызғытпай ұстауға барлық күш-жігерін салды. Оның жолы — бұрынғы ата-бабаларындай патша үкіметінің айтқанына

кіржимей, қалай болса солай тіреспей, қайта мейлінше құлшына ат салысып, керек жерінде өзінің басымдылығын көрсетуді жөн санады. Патша ағзамның саясаты Жайықтың батыс бөлігін ішке тартып алдарқату арқылы, ал шығыс бетіне күш қолданып, өз дегенін жүргізу еді. Бір өзеннің екі бетіндегі біртұтас ел, мақсаты жағынан сабақтас, сыртқы сипаты жағынан итіс-тартыс, патша үкіметінің екі түрлі саясатының астында езілді. Бұрын патша үкіметімен атысып-шабысып келген Қаратай сұлтан, енді өз басындағы бақыт құсын ұшырып алмау үшін оның айтқанының алдын да жөңкіліп, тонның ішкі бауындай жүгірді. Ал, Жәңгір болса ақ патшаға орынды жерінде ұсынысын айтып, ең болмаса, Ресей “қамқорлығы” деңгейінде мемлекеттік дербестік пен хандық билікті сақтап қалуға тырысты. Бұл жағынан оның түпкі мақсаты іргесіндегі Кіші жүздің Батыс бөлігін билеушілерінің іс-тәжірибелерінен гөрі Сыр бойындағы Арынғазының, Сарыарқадағы Абылай ханның саяси ізденістеріне әлдеқайда жақынырақ келер еді. Ол басындағы бақ үшін ғана емес, астындағы тақ үшін де күресті. Бақ — жеке бастың мүддесі болса, тақ — елдіктің, мемлекеттіліктің кепілі екенін жақсы түсінді,— дейді Ә.Кекілбаев (47, 232).

Бұның өзі ішкі-сыртқы қатынастарда мейлінше саясаткерлікті талап етті. Жәңгір бұл екі талапқа да жауап бере алды. Сондықтан да, ең ұзақ уақыт билік құрған Оренбург губернаторы В.А.Перовский оған “ақылды және көреген”, “ақылды және мейлінше епті” деген баға берді (200, 815—817). Бұл бодандық жағдайда өмір сүрген бағынышты елдің билеушісінің алатын ең жоғары бағасы. Ол, ең алдымен, өз төңірегіндегі географиялық кеңістіктегі ең ірі және ең күшті мемлекеттің қақ ортасында отырғанын түсінді. Мұндай жағдайда текетіресіп емес, тек тіл табысып қана өз мүддесін қорғай алатын жолға түсті. Міне осыдан, оның қай қимылында да ептілік пен саясаткерлік тепе-тең дәрежеде ұсталып отырды. Бұл жағынан ол өзінің хандық құрған қай бабасына да ұқсамай, шоктығы биік тұрды деуге болады.

Жәңгір хан өзіне дейінгі қазақ билеушілерінің талайының ойында болғанымен, нар тәуекелге бара қоймаған соны істерді қолға алды. Шеңбері тарылған ортада және уақыты тез өзгеріп жатқан заманда, бұрынғыдай жаз жайлауда көсіле көшіп, қыста қалаған өзен-таудың жылы қойнауына қонып жүре алмайтындығын ұқты. Сондықтан, қытымыр заманаға лайық, қымтырыла тұрмыс кешуге бейімделмей болмайтынын түсінді. Ол үшін әркімнің жазда басыбайлы жайлауы, қыста тұрақты қонысы болуы жаңа дәуірдің табиғи құбылысы деп білді. Осыдан Жәңгір тұсында қазақ жұрты отырықшылыққа бет бұрды. Ол өзі бастап үй салып, барлық сұлтандар мен рубасыларды

үйі салуға жұмылдырды. Жасқұстағы Орда қаласы осылай пайда болды. Байлар мен әлді шаруалар да өздеріне үйі, ең болмаса, жертөле қазып алуды әдетке айналдырды. Отырықшылық нышандарының пайда болуы мен қатынас жүйелеріне де қоңіл болдірді. Хан көрші ірі қалалармен үзбей байланыс жасауды көздеді. Сауда-саттық өркендеді. Әуелі шектес жатқан орыс казактары, қалмақ, татар, башқұрт базарларында өз өкілдерін ұстап, тұрақты орын иемдену жүзеге асырылды. Сосын Ішкі орданың өзінде тұрақты сауда жасайтын жәрмеңкелер ашуды қолға алды. Ұлттық сауда каражаты пайда бола бастады. Шаруашылық жүргізуде де жаңалықтар басталып, мал тұқымын асылдандыру ісі жолға қойылды. Дәнді дақылдар өсіру мен бақшалы өсімдіктер салу үрдіске енді. Халықты қауіпті індеттерге қарсы дәрігерлік көмекпен қамтамасыз ету жолы да қарала бастады.

Отырықшы тұрмыс пен кәсіби шаруашылыққа көшу біліктілікті қажет етті. Әуелі Орда қалашығында мектеп ашылды. Қазақ балаларына Оренбург қаласына жолдама беріліп, азаматтық және әскери мектептерде оқыту жүзеге асырыла бастады. Қаржылық жүйені қалыптастыру және алым-салық жинау ісі дамыды. Ел басқару саясаты қайта қаралды. Ресей құшағына сұғына кіріп жатқан аймақта өркеніеттік таңдау жасамай, көсегесінің көгермейтінін жақсы білген Жәңгір халықты жан-жақты жаңашыл тұрмысқа итермелеуге жұмыстанды. Ресей қаржыгерлерімен ықпалдаса отырып, шикізат өңдеу кәсіпорындарын ашуға талаптанды. Қандастарын жаңаша өндіріс құруға бағыттап, бұл мәселеде өзі өнеге көрсетті. Тарихшы А.Н.Харузин айтқандай, “Жәңгір ақылы мен білімдарлығы жағынан орда хандары арасындағы айырықша құбылыс еді” (203, 76). Жәңгір хан өзі де “европалықтарша тұрмыс” құруға талпынды, сұлтандар мен басқа ақсүйектерді де соған үгіттеді. Жәңгір мұсылмандар құрметтейтін ислам дінін де қастерледі. Ордада мешіттер мен медреселер көптеп ашылды. Молдаларды хан өзі тағайындап отырды, әдеттегідей, Уфадағы діни жиналыстың шешімін күтпеді. Бірақ, бұл христиан дінінен басқа діндерге тыжырына қарайтын губернатор В.А.Перовскийге (1833—1842) жаққан жоқ. Ол Жәңгірдің зекет (салықтың бір түрі) жинағанын жақтырмай, бұл істе ол өз билігінің ауқымынан шығып кетті, жоғары діни билік иесінің құқықтарын өз бетінше пайдалануда деп кінәлады. Губернатор молдалардың мұншама көбейіп кетуін Жәңгірдің Ресейге келтірген “ең зиянды қызметі” деп көрсетті. Өйткені, кез-келген христиан мемлекеті үшін бодандарының мұсылман дінін дәріптегеннен гөрі мәжусилікті мойындағаны әлдеқайда тиімді екені түсінікті ғой (200, 814—815).

Дегенмен, Жәңгір өз елінде дербес мемлекет басшысы бола алған жоқ. Ол әуелі орталықтағы Сыртқы істер министрлігіне, одан қалды Мемлекеттік мүлік министрлігіне бағынышты еді. Оның қызметін күнбе-күн Оренбург пен Астрахан өлкелерінің әкімдері қадағалап отырды. Шыр айналдыра қоршаған әскери жасақтар мен Шекара комиссиясы әр қадамын көз жазбай аңдып бақты. Соған қарамастан Жәңгір өз аумағындағы биліктің тізгінін мықтап ұстауға тырысты. Алайда, алыстағы Петербург пен жақындағы Оренбургтен бастап анталаған патшаның жандайшаптары оның қолға алған бастамаларын аяғына дейін орындап шығуға мүмкіндік бермегенін айтпасқа болмайды. Жоғарыдан қарша жауып жататын нұсқаулар мен ескертпелер қазақтардың қамын ойлап, жыртысын жырталатын құжаттар емес еді.

Жәңгір, қай жағынан алып қарағанда да, қадір-қасиеті мол, кеңгер деп атауға лайықты тұлға. Елдің қамын ойлаумен қоса, өзінің де тұрмыс-тіршілігін ұмыт қалдырмайтын еді. Кейде, соңғысын алдыңғысына қарағанда көбірек ойлаған тәрізді деректер кездеседі. Қандай бастамасында да өзі мен айналасындағылардың мүдделерін бірінші орынға қойып отырды. Бұл, әсіресе, жер мәселесін шешуде айқын көрініс тапты. Мәселен, Ішкі орда құрылған бастапқы кезде жер қоры әр руға адам санына қарай бөлініп берілді. Бұл қағида Бөкей мен Шығай сұлтандар тұсында онша шектен шығып кете қойған жоқ. Ал, Жәңгір қолындағы билік күшейе түсе, ондай-ондай қағидаларды белден басу ханның үйреншікті әдетіне айналды. Ол Орданың бірден-бір жылжымайтын мүлікі болып табылатын жерінің 400 мың шаршы шақырымын өз жеке меншігіне қаратып алып, 1 миллион шаршы километрдей жерді әркімдерге сатып үлгеріпті. Шындығына келсек, өз төңірегіндегілерге жіліктің майлы басын ұстатып отырған. Салық саясатында да осындай бағыт ұстанды. Қазақ дәстүрінде соғым мен зекетті тек ауқатты отбасылар төлеп келген, тұрмысы төмен жарлы-жақыбайлар зекеттен босатылады. Ал Жәңгірге дейінгі қазақ хандары, тіпті ешкімнен зекет алып көрмепті. Ондай іспен, негізінен имамдар мен молдалар шұғылданыпты. Олар халықтан жиналған зекеттің бір бөлігін хан қазынасына жөнелтіп отырады екен.

Жәңгір болса, мемлекеттік тәртіпті 1834 жылға дейін сақтап, зекет төлетуді жаппай міндеттілікке айналдырмай келген, ал қолындағы билік күшейген тұста әр “қожайынның жеке зекет төлеуін” талап ете бастаған. 1840 жылдан бері “әр адамнан емес, әр рудан” зекет жинайтынды шығарды. Оның мөлшерін белгілеуді рубасыларына тапсырады. Бастапқы жылдары 200 мың сомнан 320 мың сомға дейін зекет жиналып жүрсе, 1844 жылы оның көлемі 930 185 сом

күміс ақшаға дейін жеткен, — дейді белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев (204, 61). Мұншама қаражаттың басым көпшілігі хан ордасының шығынына жұмсалған секілді. Жәңгір — қазақ тарихындағы ең қымбатқа түскен хан болды. Петербургке, Астраханға, Саратовқа ат құрғатпай барып тұратын хан патша мен губернатор сарайында не көрсе, соны сол қалпында өз ордасына көшіріп алуға қызыққан. Хан ордасындағы қызметшілердің саны да үздіксіз өсіп отырды. Білімділікті басты қағидаға теңеген хан мектептердің санын көбейтіп, оны мұғалімдермен және оқулықтармен қамтамасыз етуге қыруар қаржы жұмсаған.

Бірақ, ол тек осындай игі істерге ғана шаш етектен шығындалып жатқан жоқ еді. Күн құрғатпай келіп жататын орыс және шетелдік қонақтарға жайылатын хан дастарханының өзіне жыл сайын 14 мың сомға дейін ақша жұмсалыпты. Әсіресе, Фатима ханымның киім, жиһаз, әшекейлеріне қаржы аямай жұмсалған тәрізді. Бұның бәрі Жәңгірді жылма-жыл жаңа салықтар ойлап табуға мәжбүр етті, ол өз кезегінде қараша халықтың мойнына түсіп отырған. Мәселен, оның тұсында түтін салық деген шығып, 1837 жылы 1550 шаңырақтан, хан қайтыс болғаннан кейінгі 1846 жылы 67280 үйден салық жиналыпты. Тек, күз айларында жиналатын “пішен салықтың өзінен жылына 10 мың сом қазынаға пайда түскен”. Ел қыстауға қайтарда әр көштен 2 жылқы, әр жүз қойдан 2 қой алапа алынды. Жылма-жыл әр лауазымды адам ханға бір түйе, одан кейінгілері бір ірі қара беріп отырған. Олар Оренбургтің, Астраханның базарларында сатылып, ақшасы ханның қазынасына күйылды (204, 61—64).

Жәңгір хан өлгенде оның артында 17097 қой-ешкі, 719 мүйізді ірі қара, 232 түйе, 4274 бас жылқы, небәрі 221381 сомның дүние-мүлкі оның мұрагерлеріне қалыпты (200, 704; 47, 236—237). Орда маңында арандары ашылған мұрагерлердің де саны аз емес еді. Қайтыс болғанша өзіне етене жақын 161 туажатын қасынан қалдырмаған. Жәңгірдің үйі қашан да сапырылысқан қонаққа толы болған. Бір атадан туған Жәңгірдің он бауыры да орданың әр пұшпағын соратын еді. Әкесі Бөкейдің бірінші әйелінен туған Тәуке мен Әділдің біреуі Таз руын билесе, біреуі Хан кеңесінің төрағасы. Екінші әйелі Атаннан туған жалғыз өзі. Әкесінің кіші әйелі Жұма — Байұлы шеркеш аталығының нағыз жуан мойындарынан шығады. Одан туған ұлдар да бірінен-бірі асып түседі: Түрке, Тұсырман, Тұрмағамбет, Әспембет (Есмәмбет), Бекмұхамбет, Шолтыр қолдарына ту ұстаған орда билері. Жұмалдан туған Меңдігерей 1827 жылдан бері нағашылары шеркеш ауылдарын басқарып жүр. Жұма ханым күйеуі олген

соң әменгерлік жолмен қайнысы Шығай сұлтанмен қоңіл қосқан. Одан тапқан ұлы Дәулеткерей — белгілі сазгер.

Осыншама адамдардың басын біріктірген хан ордасы қанша жесе де тоймайтын алты басты айдаһардай нағыз аспауыттың өзі еді. Өйткені, ит аяғынан ас табағына дейін алтын жалатқан, еден сұрткішінен төсек жапқышына дейін қамқа мақпалмен көркемделген билікші баспанасының өзі қомақты қаржыны керек ететін. Ал Жәңгір хан болса сән-салтанатқа айрықша жаны құмар адам еді. Мысалы, 1834 жылы 23 сәуірде хан ордасы Жасқұста болғанын Дерпт университетінің профессоры К.Гебель былай әңгімелейді:

Ол Ордаға күн бата жетіпті. Алдарынан біршама жерден оттардың маздаған жарығын көреді. Самалдай жарқыраған хан сарайына кіреберісте оны Жәңгірдің туажаттары қарсы алған. Әуелі жан-жақтан балауыз шамдар жарқыраған үлкен жайға әкеліпті. Бұдан кейін қонақтарды жағалай парсы кілемдері төселген, қабырғаларына асыл тастармен әшекейленген қару-жарак ілінген кең бөлмеге кіргізіпті. Одан меймандар еуропа дәстүрімен жиһаздалған бөлмеге барыпты. Түрлі-түсті жиһаздар, самсаған айналар, самаладай маздаған шамшырақтар. Үстіне кілем жабылған үлкен керует. Қару-жарак бөлмесінде қақ ортадағы төсек ағаштарға қымбат құс жастықтар текшеленіп жиналған. Кешікпей иықтарына кестелі сүлгілер асынған, қолдарына күміс легендер ұстап, қызметшілер де жетіпті. Біреулері шай дайындап жатса, енді біреулері алтындатқан тостағандармен айран, қымыз, шұбат ұсыныпты. Дастархан үстінде еуропалық және азиялық үлгімен дайындалған тағамдар, қымбат шараптар шүпірлеп иін тіресіп тұрыпты.

Келесі күні елең-алаңда еденіне парсы кілемдері төселген үйдің алдында ханның өзі қонағын күтіп алыпты. Қол алысып, амандасып болған соң, қолтығынан демеп, былғарымен қапталған әсем диванға отырғызған. Екеуден екеуі жайғасып, онаша әңгіме-дүкен құрған. Бұл — әрине, сол кездегі тұрмыс-тіршілікпен салыстырсақ, арзанға түспейтін қонақжайлылық екені байқалады.

Жәңгір хан ол кезде жасы отыздар төңірегінде, онша жуан емес, төртбақ денелі, бет-әлпеті моңғолдан гөрі еуропалықтарға жақын келетін сымбатты кісі екен. Сақал-мұрты, қас-қабағы қара түсті, жүзі қуарыңқы, көз-жанары сұрғылт, солғын көрініпті. Орысшаны шапшаң сөйлейтін шешен адам болса керек. Үстіне алтын әшекейлі, күміс шашақты сия көк түсті масаты шапан киген. Оның ішінде — зермен көмкерілген әдемі кеудеше. Басында — жиегін бұлғын терісімен көмкерген, зер төгіп кестелеген шошак бөрік. Беліне — жыпырлатып су моншақ қадаған енді кемер белбеу ілген. Шапанының үстінен қаптау халықтарының дәстүрімен қанжар мен қайқы қылыш асы-

ныпты. Оң жақ кокірегінде алтыннан күйылған Анна жұлдызы атты ордені жарқырайды. Бұдан ханның ерекше сөнқой, салқам жігіт екені сезіледі.

Жаңағы шет ел ғалымының айтуынша, ханшың екі әйелінен он бір баласы болған. Оның жетеуі ұл, төртеуі қыз. Бәйбішесі — қарапайым қазақ қызы да, кіші әйелі — татардың әдемі қызы екен. Ұлдары шетінен әкесіне тартыпты. Әрқайсысына бас-көз болатын бір-бір еркек адамнан бекітілген. Үлкен ұлы Оренбургте оқуда көрінеді. Үйі үлкен талғаммен қарағай ағашынан жасалған келісті ғимарат. Қасында қосалқы шаруашылыққа арналған жайлар салынған. Онда көбінесе сарай қызметкерлері мен ханның көңіл жақын жарандары жайғасқан. Елбасылары болып тағайындалған алты сұлтан өзімен бірге тұрады (200, 831—832).

Осы кішкентай үзіндіден ханның балалы-шағалы, жанды-жақты кісілерге тән кең қолтық, ақпа-төкпе тұрмыс кешкені аңғарылып тұр. К. Гебель көрген екі әйелі, біздің ойымызша, Жүзім мен Фатима болса керек. Ал, одан он жыл кейін (1844 ж.) Жасқұста, хан ордасында қонақта болған барон Ф.А.Бюлер де ханның екі әйелі болғанын айғақтайды. Үлкені — отыз жастағы Фатима, кішісі — 14 жасар Зылика деп көрсетеді (кейбір құжаттарда Салиха деп те жазылып жүр — А.Қ.) (47, 257). Біз сөз қылып отырған ханның екінші әйелі — Қарауыл қожаның қызы Зылика болмақшы. Барон Фатиманың қолынан дәм татқан тәрізді. “Жаңа ханым өте әдемі деседі”, — деп жазғанына қарағанда, ол Зыликаны көре алмаған секілді. Хан меймандарына шампан ұсынып, өзі қымыз ішіп отырыпты. Үш ұлын көрсетіп, таныстырады. Әңгіме барысында мұрагерлікке ұсынам ба деп жүрген үлкен ұлының Санкт-Петербургте Паж корпусында оқуда екенін айтып, астанаға оралған соң, барып хабарласуларын сұрайды (200, 427—429; 47, 257). Сөз саптауына қарағанда, Фатимадан туған ұлдарының үлкені Сақыпкерей сияқты. Өздеріңіз байқағандай, Ф.Бюлер осыдан он жыл бұрын К.Гебель көрген “үлкен қазақ әйелі” туралы ештеңе жазбайды. Ендеше, ханның үлкен әйелі Жүзім ханым осы екі ортада қайтыс болған сыңайлы. Баронның көрген екінші әйелі Зылика 1844 жылы тұрмысқа шығып, 1845 жылы күйеуі мен Фатима ханымнан кейін көп ұзамай, қарашаның 9 жұлдызында 15 жасында дүние салады. Жәңгір хан одан бала сүймеген тәрізді.

Ал, Жәңгірдің 1837 жылы 3 сәуірде өз қолымен толтырған өмірбаяндық жазбасында (формулярында): “Екі әйелі: Фатима Мұхамеджанова 28 жаста, Жүзім Асрепова (қате жазылған дұрысы: Мүсірепова болуы керек — А.Қ.) — 30 жаста” — деп көрсетілген. Ұлдары сегіз, олар: Ескендір 16 жаста, Зұлқарнайын 13 жаста. Сәлімгерей 8 жаста,

Сейткерей 7 жаста, Сақыпкерей 6 жаста, Бақыткерей 5 жаста, Ибрагим 4 жаста, Исмаил 3 жаста. Қыздары төртеу екен: Зухра 8 жаста, Зылиха 5 жаста, Ғайша 2 жаста, Хадиша 6 айлық деп жазылған. Осыдан тағы бір анықталатыны, Жүзім ханым 1837 жылдың сәуірінде тірі болған.

Жасқұстағы Орданы өз көзімен көрген М.Я.Киттаридің “Ішкі істер министрлігінің журналында” (1849 жылғы рет саны 28) жарияланған “Ішкі қазақ ордасы ханның мекен-жайы” атты мақаласында көрсетілген деректерге сенсек, 1824 жылға дейін Жәңгір де өз ата-бабаларының салтымен көшпелі өмір сүрген. Тек аталмыш жылы екінші рет некеге отырған тәрізді. Оренбург мүфтиі Мұхаммеджан Гусеиновтың Еуропа елдерінің үлгісімен тәрбиеленген, бірнеше тілдің білгірі, музыка мен биді жанындай жақсы көретін қызы Фатимаға үйленіпті. 1825 жылы Атырау бойында жаңа әйелімен қыстап, қиындықты біршама көрген. Келесі жылы Петербург сарайына барған мезгілде патшадан 10 000 мың сом қаржы сұрап алып, 1826 жылы Антип деген орыстың үйшігін сатып алады да, қысты сонда өткізеді. 1827 жылдың көктемінде үй салуға кіріседі, 1828-дің, жаңа жылын өз үйінде, өлең төсегінде қарсы алады (200, 838—839; 47, 257—258).

Осыған қарап, Жәңгірдің хандық таққа отырған алғашқы кезеңде әлі дәулеттене қоймаған қоңырқай тұрмыс иесі екені байқалады. Ал, жоғарыда айтылған сән-салтанатты тұрмысқа кейінгі алты-жеті жылдың ішінде жеткен тәрізді. Ендеше, ол қолындағы биліктің күшін пайдаланып, саумалы сиырдың емшегін қақтап сауа білген билеуші деп те атауға тұрарлық.

Жәңгірдің сүйікті жары Фатима жарықтық одан бірер ай өткенде, 1845 жылы 2 қазанда, 35 жасында дүниеден озады. Артындағыларға қалдырып кеткен өсиетнамасында ханым жеті перзент туғанын жазады. Олары: Сақыпкерей, Ибрагим, Ахметкерей, Ғұбайдолла және Зылиха, Ғайша, Хадиша. Егер бұны 1837 жылғы ханның өмірбаяндық жазбасымен салыстырсақ, оған Фатимадан туған Ахметкерей мен Ғұбайдолланы қосуға болады.

Егер, Жәңгірдің 1837 жылы толтырған өмірбаянында Жүзімді 30-да, Фатима 28-де дегенін ескерсек, онда Жүзім 1807 жылы, Фатима 1809 жылы туған болып шығады. Оның осы ғұмырнамасындағы деректерге сүйеніп, балаларының үлкені Ескендір — 1821, Зұлқарнайын — 1824, Сәлімгерей — 1829, Сейіткерей — 1830, Сақыпкерей — 1831 жылы дүниеге келгенін анықтаймыз. Фатима ханымның тұңғышы Сақыпкерей екендігі деректермен айқындалған. Оның ағаларын Жүзім ханым тапты десек онда, бәйбіше Ескендірді 14 жасында,

ныпты. Оң жақ көкірегіңде алтыннан күйылған Анна жұлдызы атты ордені жарқырайды. Бұдан ханның ерекше сәнқой, салқам жігіт екені сезіледі.

Жаңағы шет ел ғалымының айтуынша, ханның екі әйелінен он бір баласы болған. Оның жетеуі ұл, төртеуі қыз. Бәйбішесі — қарапайым қазақ қызы да, кіші әйелі — татардың әдемі қызы екен. Ұлдары шетінен әкесіне тартыпты. Әрқайсысына бас-көз болатын бір-бір еркек адамнан бекітілген. Үлкен ұлы Оренбургте оқуда көрінеді. Үйі үлкен талғаммен қарағай ағашынан жасалған келісті ғимарат. Қасында қосалқы шаруашылыққа арналған жайлар салынған. Онда көбінесе сарай қызметкерлері мен ханның көңіл жақын жарандары жайғасқан. Елбасылары болып тағайындалған алты сұлтан өзімен бірге тұрады (200, 831—832).

Осы кішкентай үзіндіден ханның балалы-шағалы, жанды-жақты кісілерге тән кең қолтық, ақпа-төкпе тұрмыс кешкені аңғарылып тұр. К. Гебель көрген екі әйелі, біздің ойымызша, Жүзім мен Фатима болса керек. Ал, одан он жыл кейін (1844 ж.) Жасқұста, хан ордасында қонақта болған барон Ф.А.Бюлер де ханның екі әйелі болғанын айғақтайды. Үлкені — отыз жастағы Фатима, кішісі — 14 жасар Зылиқа деп көрсетеді (кейбір құжаттарда Салиха деп те жазылып жүр — А.Қ.) (47, 257). Біз сөз қылып отырған ханның екінші әйелі — Қарауыл қожаның қызы Зылиқа болмақшы. Барон Фатиманың қолынан дәм татқан тәрізді. “Жаңа ханым өте әдемі деседі”, — деп жазғанына қарағанда, ол Зылиқаны көре алмаған секілді. Хан меймандарына шампан ұсынып, өзі қымыз ішіп отырыпты. Үш ұлын көрсетіп, таныстырады. Әңгіме барысында мұрагерлікке ұсынам ба деп жүрген үлкен ұлының Санкт-Петербургте Паж корпусында оқуда екенін айтып, астанаға оралған соң, барып хабарласуларын сұрайды (200, 427—429; 47, 257). Сөз саптауына қарағанда, Фатимадан туған ұлдарының үлкені Сақыпкерей сияқты. Өздеріңіз байқағандай, Ф.Бюлер осыдан он жыл бұрын К.Гебель көрген “үлкен қазақ әйелі” туралы ештеңе жазбайды. Ендеше, ханның үлкен әйелі Жүзім ханым осы екі ортада қайтыс болған сыңайлы. Баронның көрген екінші әйелі Зылиқа 1844 жылы тұрмысқа шығып, 1845 жылы күйеуі мен Фатима ханымнан кейін көп ұзамай, қарашаның 9 жұлдызында 15 жасында дүние салады. Жәңгір хан одан бала сүймеген тәрізді.

Ал, Жәңгірдің 1837 жылы 3 сәуірде өз қолымен толтырған өмірбаяндық жазбасында (формулярында): “Екі әйелі: Фатима Мұхамеджанова 28 жаста, Жүзім Асрепова (қате жазылған дұрысы: Мүсірепова болуы керек — А.Қ.) — 30 жаста” — деп көрсетілген. Ұлдары сегіз, олар: Ескендір 16 жаста, Зұлқарнайын 13 жаста, Сәлімгерей 8 жаста,

Сейткерей 7 жаста, Сақыпкерей 6 жаста, Бақыткерей 5 жаста, Ибрагим 4 жаста, Исмаил 3 жаста. Қыздары төртеу екен: Зухра 8 жаста, Зылиха 5 жаста, Ғайша 2 жаста, Хадиша 6 айлық деп жазылған. Осыдан тағы бір анықталатыны, Жүзім ханым 1837 жылдың соуірінде тірі болған.

Жасқұстағы Орданы өз көзімен көрген М.Я.Киттаридің “Ішкі істер министрлігінің журналында” (1849 жылғы рет саны 28) жарияланған “Ішкі қазақ ордасы ханның мекен-жайы” атты мақаласында көрсетілген деректерге сенсек, 1824 жылға дейін Жәңгір де өз ата-бабаларының салтымен көшпелі өмір сүрген. Тек аталмыш жылы екінші рет некеге отырған тәрізді. Оренбург мүфтиі Мұхаммеджан Гусеиновтың Еуропа елдерінің үлгісімен тәрбиеленген, бірнеше тілдің білгірі, музыка мен биді жанындай жақсы көретін қызы Фатимаға үйленіпті. 1825 жылы Атырау бойында жаңа әйелімен қыстап, қиындықты біршама көрген. Келесі жылы Петербург сарайына барған мезгілде патшадан 10 000 мың сом қаржы сұрап алып, 1826 жылы Антип деген орыстың үйшігін сатып алады да, қысты сонда өткізеді. 1827 жылдың көктемінде үй салуға кіріседі, 1828-дің, жаңа жылын өз үйінде, өлең төсегінде қарсы алады (200, 838—839; 47, 257—258).

Осыған қарап, Жәңгірдің хандық таққа отырған алғашқы кезеңде әлі дәулеттене қоймаған қоңырқай тұрмыс иесі екені байқалады. Ал, жоғарыда айтылған сән-салтанатты тұрмысқа кейінгі алты-жеті жылдың ішінде жеткен тәрізді. Ендеше, ол қолындағы биліктің күшін пайдаланып, саумалы сиырдың емшегін қақтап сауа білген билеуші деп те атауға тұрарлық.

Жәңгірдің сүйікті жары Фатима жарықтық одан бірер ай өткенде, 1845 жылы 2 қазанда, 35 жасында дүниеден озады. Артындағыларға қалдырып кеткен өсиетнамасында ханым жеті перзент туғанын жазады. Олары: Сақыпкерей, Ибрагим, Ахметкерей, Ғұбайдолла және Зылиха, Ғайша, Хадиша. Егер бұны 1837 жылғы ханның өмірбаяндық жазбасымен салыстырсақ, оған Фатимадан туған Ахметкерей мен Ғұбайдолланы қосуға болады.

Егер, Жәңгірдің 1837 жылы толтырған өмірбаянында Жүзімді 30-да, Фатима 28-де дегенін ескерсек, онда Жүзім 1807 жылы, Фатима 1809 жылы туған болып шығады. Оның осы ғұмырнамасындағы деректерге сүйеніп, балаларының үлкені Ескендір — 1821, Зұлқарнайын — 1824, Сәлімгерей — 1829, Сейіткерей — 1830, Сақыпкерей — 1831 жылы дүниеге келгенін анықтаймыз. Фатима ханымның тұңғышы Сақыпкерей екендігі деректермен айқындалған. Оның ағаларын Жүзім ханым тапты десек онда, бәйбіше Ескендірді 14 жасында.

Зұлқарнайынды — 17, Сәлімгерейді — 22 жасында, Сейіткерейді — 23 жасында туған.

Қорытындысында, Жәңгір хан екі әйелінен 14 перзент сүйген, оның алты ұлы мен бір қызы бәйбішесі Жүзімнен, ал екінші әйелі Фатима ханымнан төрт ұл, үш қыз көрген.

Жәңгір хан ғұмырының соңғы кезеңі ырын-жырың оқиғаларға толы болғанын атап өтуге тиіспіз. 1838 жылы 5 ақпанда патша үкіметі Ішкі орданы Сыртқы істер министрлігінің қарамағынан шығарып, Мемлекеттік меншік министрлігіне бағындырады. Бұның арғы жағында не тұрғанын іші сезсе де, Жәңгір сыр бермеуге тырысып бақты. Хан жаңа министрліктің ықпалын пайдаланып, патша сарайымен қарым-қатынасын жаңдандыруға күш салды. Ол 1839 жылы 31 қаңтарда Астраханға (Ішкі орданы Астрахан өлкесіне бағындырған еді — А.Қ.) барып, жаңа бастығы Мемлекеттік меншік министрі генерал-адъютант граф П.Д.Киселевпен жолығысып, өз қол астындағы хандықтың жағдайын айтып бергісі келетінін хабарлады. Министр алдын ала императормен келісіп, бұл жайында Оренбург губернаторын да құлақтандырып, ханды Петербургке мамыр айында шақыртады (200, 173—174).

Бұл сапарында Жәңгір Бірінші Николай патшаға жазып қойған хатын ала барады. Онда Ішкі ордада әркезде аландаушылықты туғызып отырған жер мәселесін қайта қотерді. Әкесі Бөкей тұсында (1801 жылы) қазақтардың көшіп-қонуына бөлінген жерді патшадан қайтарып беруді өтінеді. Бұл аймақта 10 елді мекен тұрғызып, онда мектеп, аурухана, мәдинет ошақтарын ашып, орда халқына қызмет көрсететін мамандар шоғырландыру арқылы қазақ қауымын біртіндеп отырықшылыққа көшуіне оң ықпал етер еді деген ұсынысын алға тартады. Қазыналық оқу орындарына, атап айтқанда, қатынас жолдары корпусына — екі, орман институтына — екі, техникалық орта оқу орнына (училищеге) — екі, азаматтық инженерлер институтына — екі қазақ баласын қабылдануға рұқсат сұрап, оларды келешекте мемлекет ісіне тиімділігін баяндалды. Өзінің 16 жасар ұлы Зұлқарнайын мен 9 жасар ұлы Сақыпкерейді қазына оқу орындарында тәрбиелеп жатқанынан хабардар етті. Сондай-ақ, қазақтың ата-баба салтымен Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары болып табылатын сұлтандар әулеті жоғарғы қауым болып саналатынын ескеріп, оларды орыс ақсүйектерінің қатарына қосып империя қызметіне пайдаланудың орындылығын дәлелдеп, он екі кісінің тізімін ұсынды. Хандықтағы соңғы кездегі дүрбелеңнің халықты ханға бағындырмай патша әкімшілігінің жергілікті орындары өзіне бағындыруды көздегендіктен болып отырғанын, орда халқы қазір бұны түсініп, хандықты мұрагер-

лік жолмен иеленуді заңдастыруды дұрыс деп тауып отырғанын мәлімдейді. Мұндай қағиданы патша ағзамның қалмақтар арасында сақтап отырғандығын еске салып, патшадан өзінің хандық дәрежесін мұрагерлендіруді сұрайды. Сол сияқты, хан Оренбург басшыларының алыстағы Ішкі орданы басқаруда көп қиындықтар туғызып отырғанына тоқталып, өздерін Астрахан өлкесі әкімшілігіне қаратуды ұсынады.

“Біздің Орданың тағдырындағы оңға басу нәтижесінде қазақтардың мінезі шұғыл өзгеруде: қиындықтардың қырсығынан қикарлық пен жыртқыштыққа үйренген ызалы халықтан бастықтарының айтқанын екі етпейтін, өздеріне бөлінген жерде белгіленген тәртіпті бұзбай, ұдайы көшіп-қонып жүрсе де, көрші шаруалармен, басқа халықтармен тіл табыса білетін бейбіт бақташыларға айналды”, — деп келтіреді хан (200, 378; 47, 311).

Біз бұдан Орда ішіндегі алауыздықтың Жәңгірдің жүйкесіне тигенімен, оның іс-қимылдарына онша ықпал ете қоймағанын көреміз. Хан П.Д.Киселевпен әңгімесі кезінде сот, тергеу ісіне, Жайық бойындағы орыс казактарымен екі ортадағы жер дауларына, патша ағзамның жергілікті әкімдері мен Ішкі орда ара қатынасына байланысты пікірлерін ортаға ашық салды. Онда да бұрынғы өз көзқарасынан айнымай, хан қолындағы билікті ұлғайту мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Мүлік министрі Жәңгірдің айтуымен қазақтың бір топ игі жақсыларын Анна жұлдызы орденімен марапаттау жөнінде императорға ұсыныс енгізді.

Жәңгір патша сарайына жабырқау барып, кеудесін көтергендей шабытпен еліне оралды. Келе-сала губернатор А.Перовскийдің Хиуаға, Сырдарияға аттандырмақшы экспедицияларын көлікпен жабдықтау ісіне қолдау көрсетті. Жәңгір сырттан келетіндердің көңіл-күйін табуға, ал іштегілерге теперіш көрсетуге тырысатын әуелгі мінезіне қайта басты. Одесса көпесі Исқардан орман ағашы жоқ, түлдыр жерлерді құм суыратын борасыннан сақтайтын топырақ таптағыш машиналарды естіп, соларды алдырту үшін Новоресей губернаторы М.С.Воронцовқа хат жолдап, жағдайды түсіндірді. Астрахан губернаторы И.С.Тимирязевке жолығып, болашақта қатынас жолдары, орман, техника инженерлігіне пайдаланатын он-он екі жастағы алты қазақ баласын Астрахан оқу орындарына орналастыруды өтінді. Ол Қазан өлкелік оқу-ағарту ісінің қамқоршысы граф М.Н.Мусин-Пушкинге хат жазып, аталмыш жастарды Қазан қаласындағы Бірінші гимназияға қабылдануға жәрдем сұрады. Сондай-ақ, Жәңгірдің тұсында Астрахан түбіндегі Қаражар мен Орда арасында почта қатынасы жолға қойылды. Могилев көпесі Ш.Б.Белинскиймен бірігін сауда

орталығын ашуға. Қазанда шығыс ғалымдарының қолжазбаларын бастыруға бөкейліктердің ішкі Ресей қалаларына еркін барып тұруына, қазақтардың татарлар мен башқұрттармен некелесуіне салынған тыйымның күшін жойғызуға, хан ордасында мұсылмандарға медреселер, христиан шіркеуін, Торғын өзені бойында бөгет салдыртуға, Бөкей Ордасында малдәрігерлік қызметін енгізуге бастамашы болғаны алыс-жақын аумаққа дүңк-дүңк естіліп жатты. Жәңгірдің білімді “сәуегей патша” (монарх) атағына қызығушылық білдірген батыс әуесқойлары Жасқұстағы хан ордасының есігін тоздырды. Қазан университетінің ғылыми қоғамы оны құрметті мүше етіп сайлады. Өз тарапынан Жәңгір Қазан университетінің шығыс тілдері факультетіне аса сирек кездесетін араб, парсы, шағатай, түрік тілдеріндегі қолжазбаларды сатып әперуді қолға алды. Бұл істе сол университеттің профессоры, белгілі шығыстанушы және Ресей барлау қызметінің атакты білгірі Мирза Александр Қазым-Бектің ықпалы болған тәрізді (200, 379—437; 47, 311—313).

Осыларды естіген Жәңгірдің Жасқұстағы ордасында ауыл арасының қонақтарынан гөрі империяның батыс жағындағы елдерден келген дос-жарандар көбірек болған секілді. Ханның ренішке толы кезеңдерін, әлем-жәлем жан дүниесін бір сәтке болса да сергітіп, сейілітіп кететіндер тек сол бейтаныс қауым өкілдері іспетті. Олардың бұның салған ордасы мен ойға алған істеріне берген бағасын қанша дәріптегенмен, қол астындағы “еркіндікті аңсаған” халықтың бетін түгелдей өзіне бұра алмай қойғаны Жәңгірдің ішкі дүниесін тоназытты. Тон торыс ағайындар саны көбеймесе, азаймады. Оған айтпаған ғайбаты, таппаған кінәсі, тақпаған қарғысы қалмады. Хан жер иеленушілерден үлес алып, әр сажынды бір сомнан басқаларға сатады. Жыл сайын ноғайлардан 40 мың, алашадан 40 мың, жаппас-тан 30 мың, адайдан 25 мың, масқардан 10 мың, танадан 20 мың, есентемірден 10 мың, жетірудан 20 мың ақшалай алапа жинайды. Соғымға әр шанырақтан 70 сомға балама не жылқы, не ақша алады. Пішенге салық, тебінге пұл, киізге пұл, түйеге салық, молда мен хатшы ұстағанға салық, кеңсе қажетіне төлем, базарға мал апарсаң әр басына бір сом салық төлейсің. Жәрмеңкеге барған кезде астындағы жақсы атыңды тартып алады. Зекетті өзі тағайындаған молдаларына жинатады, салықты ағайын-жекжатына жинатады. Балдызы Әміржан Құсайыновты ноғайлардан салық жинауға қойды. Жұрт: “Хан бәрімізді орыс алпауыттарының мұжықтарындай басыбайлы құл етіп алатын көрінеді”, — деген өсек-аяң құлақтың құршы етін жеді.

Жәңгірді қанша білімді, данышпан тұлға дегенімізбен, өз заманындағы тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып үрлісі мен мінез-құлықтағы

өзгерістері қарапайым бұқара халықтың ойымен үйлесін тауып жатпады. Хан қанша мемлекеттік дербестік үшін күресті дегенімізбен, оның бойынан шынайы елжандылық пен ұлтжандылық толыққанды өрбіп жатқан жоқ еді. Басындағы бақ пен дәулетті ұлғайтуды мақсат еткен өркөкіректік пен билік құмарлық қана өн бойынан көзге ұрып тұрды. Оны Петербургте болғанда патша ағзамға беріп кеткен ұсыныстарынан да айқын көруге болады. Олардың тек ұсақ-түйек жағы ғана халықтың қамын, намысын қорғауға арналған еді. Сондықтан, ел үшін өзектілері болып табылатындары жайында жоғары мәртебелі кеңселер жұмған ауыздарын ашпаған күйлері қала берді.

Дәл сол жылдары Жәңгірдің жанына одан да гөрі көбірек батқан тағы бір жағдай бар еді. Ол астанадан қайтып оралғанда, Оренбургтегі “құрлық Магелланы” аталған губернатор В.А.Перовский өзінің “ұлы географиялық жаңалықтарын” бастауға әзірленіп жатыр екен. Торғай, Ырғыз, Сырдария бойларымен Хиуаға жорыққа шығамын деп әзірлікке кірісіпті. Жәңгірді де соған жұмыстануға итермеледі. Хан қазақ ауылдарынан оқ-дәрі, азық-түлік артатын, арбалар мен зеңбірек сүйрететін мыңдаған түйе жинатты. Осының арқасында Хиуа жорығы нәтижелі аяқталмаса да, ойдағыдай басталды. Губернатор бастаған жасақтар Оренбургтен дер кезінде аттанып кетті. Сол еңбегі үшін ханды 1812 жылы 9 қарашада генерал-майор атағына ұсынды. Осы жылдың 8 желтоқсанында Шекара комиссиясы арнайы хатпен Ішкі орда ханы Жәңгір Бөкеевке генерал-майор шені берілгенін хабарлады. Аса жоғары патша жарлығының 749 данасы Ішкі орда жұртына таратылу үшін Хан кеңсесіне жіберілетін болған. Ел арасында бұл хабар бір гүлдесуді туғызған еді. Бірақ, сол жарлық сол күйінде суға батқандай жым-жылас жоғалды. Бір жыл күтеді — генерал куәлігі жоқ, екі жыл күтеді тағы жоқ. Енді ел арасында басқаша гүіл туды. Шыдамы таусылған Жәңгір бір кезде Шекара комиссиясы мен Мемлекеттік мүлік министрлігі бірдей хабар еткен әлгі жарлықтың аяқсыз қалғанын айтып, Оренбург әкімшілігіне хат жазады. Олар әрнемені бір сылтауратып, жүре жауап бере салған. Оңтайлы жауапты тек 1843 жылы 7 қазанда жаңа губернатор болып тағайындалған В.А.Обручев (1842—1851) арқылы алады. Онда Соғыс министрлігінің бақылау департаментінен патша ағзамның жарлығы жаңа келіп түскені, Аса Мәртебелі қол қойған Патент Оренбург әкімшілігі арқылы жіберіліп отырғандығы, оны ханның алған-алмағандығын тез арада хабарлау керектігі айтылған.

Бұл хабарды алысымен ханға жан-жақтан құттықтау көбейіп, қоша-мет-қолпани қарша жауған еді. Ізінше “жаңа жандаралға” темірді қызған кезде соқ дегендей, тағы да ұсыныс түседі. Жаңа губернатор

патша ағзамның құзырынан енді Жәңгірдің мінсіз қызметі үшін белгі, яғни алтын медаль беру туралы жарлық шығаруын өтінеді. 1845 жылы 19 наурызда Сыртқы істер министрлігінен Оренбург Шекара комиссиясына, әскери губернаторға және генерал-майор Жәңгір Бөкеевке бірдей мәтінде жазылған үш хат келіп түседі. Онда: “Генерал-майор шенін алғаннан бергі екі аралықтағы қызмет істеген жылдарыңыздың тиісті мөлшерге жетпейтіндігінен, Сізді “мінсіз қызмет” үшін белгіге ұсынудың ыңғайсыз екенін баяндаған Мемлекеттік мүлік министрлігінің пікірін тындап, Ұлы Мәртебелі император ағзам Сіздің қызметіңізді Ішкі орда ханы болып тағайындалған күннен есептеп, Георгий тас бауына тағылған Үздік белгі беру туралы ұсыныс енгізуге кеңес берді”, делінген (204, 155—166). Жәңгір хатты қайта-қайта оқып, өз көзіне өзі сенбеді. Жүрегі дір ете түсті. Соңғы өтініші ағаттықпен жазылғанға ұқсайды. Бірақ, бұндай өтініштер оның өмір жолында тек бір ғана емес тәрізді. Бәлкім, солардың зардабы тиді ме екен? Не болғанда да хан үшін 1845 жыл қобалжулықпен басталады.

Бұрын ат сабылтып Санкт-Петербургтен, Москвадан, Дерпттен, Саратовтан, Астрахан, Самарадан келіп жатқан меймандарды қарсы алып, бір жадырап қалушы еді. Енді олар әлдебір жайсыз хабар әкеле жатқандай абыржып қалатынды шығарды. Өткен жазда генерал-майор Н.А.Бутурлин, Жайық және Астрахан орыс-казактарының атаманы, дипломат, тарихшы, барон Ф.А.Бюлер, камер-юнкер, Мемлекеттік мүлік министрі, граф П.Д.Киселевтің хатшысы Л.Д.Львов келген еді. “Осы ұлықтар құда түсетіндей қайта-қайта неге келгіштеп кетті?”, — дейтін сыбыс та ел арасында тарап кетті. Әсіресе, Мүлік министрінің хатшысының бір ай бойы серуендеген болып, бүкіл Нарын құмын түгел аралағаны құлақ үйренген күңкіл-сүңкілді тіпті, көбейтіп жіберді. Оған Жәңгірдің өзі де, әрине, назар аудармай қойған жоқ. Оның үстіне, Оренбург, Орал кеңселерінен шыққан сыпсың әңгімелер шуда жіптей есіліп, оған ауыл арасындағы өсек-аяң бәрі қосылып, жүрегінің зілін ауырлатып, жүйке тамырларын әлсірете түскен еді. Жәңгір 1844 жылғы ақпанда Камышин қаласына барғанда ойда жоқта талма ауруына шалдығып, құлап қалады. “Әне кетеді, міне кетеді”, — деп жылап-сықтап жатқанда Саратовтан дәрігерлер келіп өзгер жазып алады. Оның үстіне “Алтын белгі” медаль жайындағы жаңылтпаш әңгіме жүрегінің басына тағы бір сыздауық әкелді. Жығылғанға жұдырық дегендей, сүйікті әйелі Фатима 1842 жылдан бері жазылмайтын дертке ұшырады. Онсыз да тұнжыраған қабағы былтыр Зылиха ханым Ордаға келіншек болып түскелі бір ашылмай-ақ қойды. Шешесінің күйін көріп, балалары да әкесіне суық көзбен

қарай бастады. Патша ағзам оның Ішкі орданы Астраханға қарату және мұрагерлік жолмен хан тағын ұлдарына қалдыру ұсыныстарын су аяғы құрлымға айналдырған-ды. Оның көңіліне кірбің түскенін Л.Д.Львов пен Ф.А.Бюлер де байқапты. Содан ба, әлде 1845 жылдың жазы айрықша ыстық болып күн өтті ме, Торғындағы саяжайына көшіп барып, Петребургте Паж корпусында оқитын баласы Сақыпкерейдің демалысқа келуіне той жасаймын деп шапқылып жүргенде, кенеттен құлап, басын көтермей төсек тартып жатып қалды.

Камышинде ауырғанында келіп қараған дәрігері, медицина ғылымдарының докторы Н.Троицкий Саратовтан Жәңгірдің ауылына жеткенше сырқаты ауырлай түседі. Дәрігер он тоғыз сағат бойы аурумен арпалысқанымен, оның бетін бері қарата алмады. Жәңгір әлсін-әлсін ес-құсынан айырылады, тілі байланып, талықсып кетіп отырды. Ақыры ауру алмай қоймады, 1845 жылдың 11 тамызында кешкі іңірде есінен айырылған күйі бақилық сапарға аттанды (200, 686; 47, 317—318).

“Ойбай, хан ием , шынымен кеткенің бе?” — деген оқыс дауысты естіген бойда-ақ, жан-жақтағы ауылдардан жұрт ағылды. Кейбір жеңіл ауыздар: “Бар пәле орыстардан келді”, — деп байбаламды соқты, атақты доктор Н.Троицкийдің өзі басы-қасында болғанын, хан төңірегіндегі адамдар дерттің ауырлығын айтып, халықтың ашу-ыза-сын әзер басады. Бірақ, хан өлімі жайындағы пыш-пыш әңгімелер бәрібір көп уақытқа дейін тыйылмаған секілді...(47, 318).

Бір өкініштісі, Жәңгір өлгеннен кейін де, оның шаңырағында өлім тоқтамаған. Өзі өлген соң, көп ұзамай әйелдері: әуелі Фатима, сосын Зылиха көз жұмады. Сөйтіп, бір үйден үш жан бір жылда қайтыс болды. Паж корпусын бітіріп, Оренбург әскери губернаторының арнайы істер жөніндегі офицері қызметінде жүрген Сақыпкерей (шын аты Шыңғыс— А.Қ.) 1849 жылы, Неплюев корпусында оқитын Исмаил 1850 жылы дүние салады. В.А.Перовскийдің 1852 жылғы хабарына сенсек, оларға ілесе Сейіткерей де жарық дүниемен қоштасқан секілді. Одан қалған екі сәбиді мемлекет қазынасы қамқорлыққа алды. Тағдырдың жазуымен ханның артында үш ұлы, екі қызы, екі немересі қалды. Ибрагим Паж корпусын бітіріп, лейб-гвардиялық атты жасағының корнеті қызметін атқарады. Кейін Князь атағын алады. Ахметкерей мен Ғұбайдолла әкесі өлгенде Паж корпусында оқуда болды. Ал үлкен қызы Зылиха лейб-гвардиялық қырым-татар жасағында қызмет істейтін орыс офицері Осип Тевкелевке (Әбілқайырға алғашқы елші болып келетін Мәмет Тевкелевтің ұрпағы — А.Қ.) күйеуге шығып, сіңілісі Қалишаны Уфа қаласына өзімен бірге ала кетіпті (200, 819; 47, 320).

Айтпақшы, тағы қайталап жатсақ, аруағы риза болсын Жәңгірдің өзіне мұрагер санаған Сақыпкерей атты ұлы өкпе ауруына шалдығып, Ордаға қымыз ішін емделуге келе жатқанда, Талды бекінісіне жете бере, 1849 жылдың 11 маусымында ұстамалы аурудан опат болады. Сүйегін нағашы ағасы Әміржан Торғын бойына апарып, әкесінің қасына жерлеген (200, 774; 47, 320—321). Сақыпкерейдің өлімінен соң Ішкі орда хандығы да тарап тынды. Хандықтың бұлай болатыны 1844 жылы патша сарайы тарапынан шешімін тапқан еді.

Сол жылы Мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевтің Ішкі орда туралы бір хабарламасына Бірінші Николай ағзам: “Бір патшалықтың ішінде тағы бір патшалық бола алмаса керек” деген бұрыштама соғып, істі тәмамдаған еді. Осыны басшылыққа алған министр мырза хатшысы Л.Д.Львовты 1844 жылдың жазында Астрахан мен Оренбург өлкелеріне жіберіп, Ішкі Бөкей ордасына шолу жасап, хан мен сұлтандардың салық жинау жүйесін, хан билігінің нақты құзырын және қазақтардың Ішкі орда билігін қаншалықты мойындайтынын анықтауды тапсырған-ды. Сондай-ақ, оған генерал-губернаторлармен кездесіп, керекті мәліметтер жинап алу мақсаты қойылған еді. Қазақтар мен Ішкі хан ордасы мән-жайды біліп қалмас үшін, арнайы тапсырмамен жүрген адам емес, жай серуендеп жүрген адамға ұқсап, қазақ даласына әйелімен баруға кеңес берген (200, 875).

Осыдан Жәңгірдің артынан жаңа хан сайлауын өткізуге ешкім ынталылық білдірген жоқ. 1845 жылдың 17 тамызында губернатор В.А.Обручевтің жарлығымен Ішкі орда сұлтан, би, батырларының “өтінішімен” хан мұрагерлері ер жеткенше деген сылтаумен Жәңгірдің бауыры Әділ Бөкейхановты Ішкі орданың билеушісі, ал Жәңгірдің кеңсесін бұрын басқарып келген С.И.Матвеевті оның көмекшісі етіп тағайындай салды (200, 673—674). Көпшілік Паж корпусындағы ұлы Сақыпкерей оқуын бітіріп келген соң хан сайлауы өтетін шығар деген “есек дәмемен” жүре берді. 1846 жылы 23 қаңтарда В.А.Обручев Орынбор Шекара комиссиясына Ішкі орданы басқаратын Уақытша Кеңес туралы тиісті жарлық әзірлеуге пәрмен берді. Бұл — сонау И.И.Неплюев заманынан патша әкімшілігінің арманына айналған хандық биліктің келмеске кетуінің бірінші қадамы еді. 1852 жылы 12 қарашада Мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселев Оренбург пен Самараның генерал-губернаторы болып қайта тағайындалған В.А.Перовскийден патшаның тапсырмасымен сұлтан Ибрагим Жәңгірұлы Бөкейхановты Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің төрағасы етіп тағайындауға пікірін сұрады. Камер-юнкер Л.Д.Львов айтқандай “қазақтар өте қадірлеп, өте сүйетін” бұл генералға көктен сұрағаны жерден табылғандай әсер етті. Тағы

да сол Л.Львовтың баяндауынша, оның орнына келген генерал-губернатор В.А.Обручев бұрынғы әріптесінің “жақсы көрген” адамдарын жұмыстан қуумен шектелмей, жоғарғы жақ күтіп отырған казактарды билеудің жаңа тәртібін енгізуге және оған “қошпенділердің ызасын туғызатын пайдасыз ғана емес, зиянды іс” деп баға береді (200, 876; 47, 322). Сол “зиянды істі” көптен дәріптеп, өңешін жырттып жүрген В.А.Перовскийдің қолы қышып жүрсе керек, министрге беретін жауабын көшқұлаш қағазға түсіреді. Ішкі орда мен Жәңгір әулетінің жай-жапсарын тәптіштей келе, бәрін жоққа шығарып, хан ұрпағын ол аймақты басқарудан аластауды қолдайды. Оған әбден риза болған граф П.Д.Киселев 1853 жылы 26 қаңтарда Самара генерал-губернаторы В.А.Перовскийге Ұлы Мәртебелі Бірінші Николай ағзамның оның пікірімен толық келіскенін мақтана хабарлайды. Бұл Ішкі орда хандығының құрдымға кетуіне ат салысқан бірден-бір адам В.А.Перовский екендігін айғақтаса керек. Императордың сол жарлығында көрсетілгендей: “Ханның ошақ басы тарапынан әр қилы теріс пиғылдарға жол бермеу үшін аталмыш шаңырақтың адамдарына ордадағы ешқандай лауазымды иеленуге құқық берілмей, оның орнына тұқымымен бекзада әулеттің өкілдері ретінде Ресейде әскери немесе азаматтық қызмет атқару ұсынылады” (47, 322). Бұның өзі — қазақ хандығының толығымен келмеске кеткендігінің бірден-бір айғағы еді. Кейін 1868, 1874 және 1889 жылғы өзгерістердің нәтижесінде Ішкі орда Астрахан өлкесінің қарауына беріліп, мемлекеттік дербестігінен, ұлттық және аумақтық тұтастығынан жүрдай айырылған, Қазақ ордасының Ресей империясының жергілікті-аймақтық басқару жүйесінің ең төменгі бунағына дейін құлдырағанын көрсетеді.

Қазақ хандығындағы Ішкі орданың тарихтан осылай кетуі ұлттық мемлекеттілігімізбен қоштасуымыздың соңғы “сәтті сапары” еді.



Пайдаланылған Әдебиеттер
(қазақ және орыс тілдерінде)

1. Сұлтанов Т.И. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы. Алматы: Мектеп, 2003.
2. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик / Научное издание. Алматы: Санат, 1999.
3. Гавердовский Я.П. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи //РО ИРИ РАН. Санкт-Петербургское отделение. Кол. 115, N495, лл. 52 об.
4. Абдилов М. Хан Мухаммед — Абулхаир II //Әбілқайыр хан: Жинақ/Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.
5. Боджер Алэн. Кіші жүз ханы Әбілқайыр және оның 1731 жылы қазан айында Ресей бодандығына оту жөніндегі анты /Ағылшын тарихшысының пайымын баспаға ұсынған М.Қозыбаев //Ақиқат. 1992, N4.
6. Мұқтар Ә. “Басқаның патшасының бәрі жақсы, неліктен біздің хандар жаман болған?” //Егемен Қазақстан, 2007, 31 қаңтар.
7. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург: Типография П.Н.Жаринова, 1898.
8. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства. Оренбург, 1898.
9. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994.
10. Крафт И.И. Далалық облыстардағы қырғыздар туралы заңдар жинағынан //Қазақ тарихынан: Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер /Құраст. Н.Құлмұхамбетова. Алматы: Жалын, 2004.
11. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. Алматы: Жазушы, 2005.
12. Жақсығалиев Ж. Әбілқайыр — Шығыстың әскери қолбасшысы // Әбілқайыр хан: Жинақ / Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.
13. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20—40 жылдарында: Оқу құралы. Алматы: Санат, 1994.
14. Жұмаханов Т., Жұматаев Б. Қазақ хандығы (ІІ бөлім): Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2006.
15. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
16. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-словарь, 2001.
17. Байдосұлы З. Үш ғасыр перзенттері. Ақтөбе: Полиграфия, 1997.
18. Абдақимов А. История Казахстана. Астана, 1997.
19. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635—1758. М.: Наука, 1983.
20. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003.
21. Қазақстан тарихы. Бестомдық. 2-том. Алматы, 1998.
22. Қожаберген жырау: Дастаннан үзінді //Үш пайғамбар. Алматы: Дәуір, 1992.
23. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-том /Бас ред. Б. Аяған. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2004.

24. *Кекілбаев Ә.* Әйтеке //Үш пайғамбар. Алматы: Дәуір, 1992.
25. *Құнтөлеуов А.* Аталар аруағы: Қысқаша тарихи-эссе. Алматы: Қаржы-қаражат, 1997.
26. *Кекілбаев Ә.* Үш белес: Көсемсөздер. Алматы: Арыс, 2001.
27. *Есанов С.* Әйтеке би //Ақиқат, 2006, N5.
28. Қазақ хандығы (II бөлім): Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2006.
29. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-том /Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998.
30. *Тынышпаев М.* Великие бедствия..... (Ақтабан-Шұбырынды). Алма-Ата: Жалын, 1992.
31. *Тынышпаев М.* История казахского народа: Учебное пособие / Сост. и авт. предисловия проф. А.Такенов и Б. Байғалиев. Алматы: Санат, 2002.
32. *Әбілдәулы Б.* Қазақтың қасиетті мекендері: Қозыбасы, Аңырақай туралы деректер //Қазақ батырлары, 1999, N2.
33. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4-том /Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2002.
34. *Дүйсенов С.* “Аңырақай шайқасы” қазақтың “Бородиносы” ма? // Астана ақшамы, 2002, 27 шілде.
35. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей /Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева. Алматы: Санат, 1996.
36. *Вяткин М.П.* Батыр Срым: Учебное издание. Алматы: Санат, 2002.
37. Труды академика *В.В.Бартольда* по истории Центральной Азии: Очерк истории Семиречья. Лекции по истории Туркестана /Под ред. А.Е.Абишева. Астана: Казахстанский институт “Свободное общество”, 2005.
38. *Виноградов В.Б., Умаров С.Ц.* Вместе к великой цели. Грозный, 1983.
39. *Дергульян Г.М.* Была ли Российская империя колониальной? //Международная жизнь, 1990, N1.
40. *Галиев В.* Национально-освободительное движение казахского народа: В свете новых исследований //Мысль, 1993, NII.
41. Национальное движение в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия и Северный Кавказ. Целиноград, 1991.
42. *Дильмухамедов Е.Д.* Обрабатывающая и горная промышленность Казахстана в начале XX века: Казахстан в канун Октября. Алма-Ата, 1968.
43. *Әбішев Ф.* Қазақстанның Россияға қосылуының прогресстік маңызы. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1953.
44. *Сабырханов А.* Ұлы бетбұрыс. Алматы: Мектеп, 1981.
45. *Мұқтар Ә.* Азаттық таңы жолында. Алматы: Ғылым, 2001.
46. *Кекілбай Ә.* Азаттықтың ақ таңы. Алматы: 1998.
47. *Кекілбайұлы Ә.* Шанлоз: Деректі тарихи-баян. Алматы: Арыс, 2004.
48. *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства XVI—XVIII вв. Алма-Ата: Мектеп, 1971.
49. *Зырин А.* Шрамы истории: Россия и Средняя Азия //Звезда. 1998, N16.

50. *Бабажанов Қ. М.* — С. Этнографиялық мақалалар. Алматы: Қазақстан, 1993.

51. *Есламғалиұлы М.* Әбілқайыр хан //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.

52. *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи XVII—XVIII вв. Алма-Ата: Ғылым, 1991.

53. *Тынышбаев М.* Таңдамалы /Избранное. Алматы, 2001.

54. Казахско-русские отношения XVI—XVIII веках: Сборник документов и материалов /Сост.: *Киреев Ф.Н., Алейникова А.К., Семенов Г.И., Шойынбаев Т.* Алма-Ата: АН КазССР, 1961.

55. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков: Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731—1759 гг.) /Составление, транскрипция скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии *И.В.Ерофеевой*. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

56. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков: Русские летописи и официальные материалы XVI — первой трети XVIII в. о народах Казахстана / Сост., транскрипция, комментарии, вступительная статья *И.В.Ерофеевой*. Т.2. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

57. Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV—XIX вв. Алматы, 1994.

58. *Абдиров М.Ж.* История казачества Казахстана. Алматы, 1994.

59. *Рычков П.И.* Топография Оренбургской губернии /Сочинения П.И.Рычкова 1762 года. Оренбург: Типография Б.Бреслина, 1887.

60. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. 9. М.: Наука, 1963.

61. *Рычков П.И.* История Оренбургская (1730—1750). Оренбург: Типография Ив.Ив.Ефимовского-Мировицкого /Издание Оренбургского губернского статистического комитета, 1896.

62. *Вельяминов-Зернов В.В.* Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Среднею Азиею со времени кончины Абулхайр-хана (1748—1765 гг.) / Соч.: *В.В.Вельяминова-Зернова*, действ. чл. Имп. РГО Т.1. Уфа: Губернская типография, 1853.

63. *Добросмыслов А.И.* Тургайская область: Исторический очерк. Т. 1, вып. 1. Оренбург: Типо-Литография Ф.Б.Сачкова, 1900.

64. *Витевский В.Н.* И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Т.1. Казань: Типо-Литография В.М.Ключникова, 1897.

65. *Мейер Л.Л.* Киргизская степь Оренбургского ведомства: материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Т.10. /Сост. подполковник генерального штаба Л.Мейер. СПб.: типография Э.Веймара и Ф.Персона, 1865.

66. *Жақсығалиев Ж.* Әбілқайыр хан және Қазақстанның Ресейге қосылуы //Қазақ тарихы, 1999, №6.

67. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней / Под ред. *М.Абдыкалыкова и А.М.Панкратовой*. Алма-Ата, 1943.

68. Материалы по истории Казахской ССР (1785—1828). Т.1. М.-Л.: АН СССР, 1940.
69. *Аполлова Н.Г.* Присоединение Казахстана к России 30-х гг. XVIII в. Алма-Ата, 1948.
70. *Бекмаханов Е.* Присоединение Казахстана к России: Учебное пособие. Алма-Ата: Казгосиздат, 1947.
71. *Есламғалиев М.* Әбілқайыр хан //Зерде, 1992, NII.
72. *Чулошников А.П.* Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1: Древние время и средние века Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924.
73. Казахи: Историко-этнографическое исследование. Алматы: Казахстан, 1995.
74. Қазақ: Оқу құралы. Алматы, 1994.
75. *Әли Фадли.* Күреспен өткен ғұмыр //Түркістан, 2007, 17 мамыр.
76. *Хайт Баймырза.* Түрік әлеміндегі орыс империализмінің іздері (түркі тілінде). Ыстанбұл, 1978.
77. *Бекмаханов Е.* Присоединение Казахстана к России. М.: АН СССР, 1957.
78. *Есмағамбетов К.* Қазақтар шет ел әдебиетінде. Алматы: Атамұра, 1994.
79. *Скайлер Ю.* Туркестан. М., 1876.
80. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: Очерк. Алматы: Дәуір, 1994.
81. *Исин А.* Әбілқайыр ханның хатын қалай оқыған дұрыс //Абай, 2001, N2.
82. *Шәмшәтұлы И.* Тарихи тұлғалар және қазіргі кезең. Алматы, 1998.
83. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата: АН КазССР, 1960.
84. История Казахской ССР. Т. 1. Алма-Ата, 1949.
85. *Бартольд В.В.* Абулхаир /Бартольд В.В. Сочинения. Т.2, ч.2. М.: Наука, 1964.
86. *Басин В.Я.* Некоторые аспекты политики России в Казахстане в конце 40-х и начале 50-х годов XVIII века //Известия АН КазССР. Серия общ. наук, 1966, N5.
87. *Карамзин Н.М.* История государства Российского: Научно-популярное издание. М.: АСТ Москва, 2006.
88. Казахско-русские отношения в XVIII—XIX веках (1771—1867 гг.): /Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Наука, 1964.
89. Абылай хан: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жиынтығы / Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай. Петропавл: Астана, 2005.
90. Қазақ тарихынан: Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер / Құраст. *Н.Құлмұхамбетова.* Алматы: Жалын, 2004.
91. *Шонанұлы Т.* Жер тағдыры — ел тағдыры. Алматы, 1995.
92. *Ерофеева И.В.* Служебные и исследовательские материалы российского дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахской

степи (1731—1759 гг.) //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

93. Журнал бытности в Киргиз-Кайсацкой орде переводчика Мамета Тевкелева (1731—1733 гг.) /История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

94. *Құнтөлеуов А.* Ұрпаққа ұран — Бактыбай: Тарихи деректер мен очерктер. Астана: Әлем, 1998.

95. *Ханыков Я.В.* Сведения о роде Тевкелевых //Временник Московского общества истории и древностей российских. Кн. 13. М., 1852.

96. 1731 жылғы 3 қазан — 1733 жылғы 14 қаңтар аралығы, N15: М.Тевкелевтің күнделік жазбалары (ықшамдалған нұсқасы) // Абылай хан: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы / Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тамшыбай. Петропавл: Астана, 2005.

97. *Груссе Р.* Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Том 2 / Пер. с франц. Х.К.Хамраева. Сост. Б.М.Сужиков. Алматы: Санат, 2005.

98. *Игісін Қ.А.* Ұлы дала: Тарихи-ғибраттық шежіре. Астана: Фолиант, 2002.

99. *Өмірзақов Ө.* Ресейге қосылғаннан не ұттық? Алматы: Санат, 2003.

100. *Уәлиханов Ш.Ш.* Қазақтың этнографиялық мұрасы /2-ші бас. толық. 1-том. Астана: Алтын кітап, 2007.

101. *Сергеев А.Н.* Петербургский посол: Роман /Изд.2-ое. Алматы: Санат, 1998.

102. Бөкенбай батыр: Деректер мен айғақтар / Архив внешней политики России. Киргиз-кайсацкое дело. Опись N122/1. Дело 1 (1732 г.) // Қазақ тарихы, 2007, N1.

103. *Жетпісбай Н.Ы.* Бөкенбай батыр жөнінде //Алаш, 2006, N1.

104. *Жетпісбай Н.Ы.* Бөкенбай батыр жөнінде //Алаш, 2006, N2.

105. *Қойлыбаев Ә.* Бабамнан қалған байтағым: Қарабұтақ туралы толғанис /Толықтырылған екінші басылым. Ақтөбе: А-Полиграфия, 2007.

106. *Георги И.Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. В четырех частях. Ч.II. СПб, 1799.

107. *Досмұхамедұлы Х.* Исатай-Махамбет. Алматы: Қазақстан, 1991.

108. *Кемеңгерұлы Қ.* Қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан // Жас Алаш, 1998, 18 тамыз.

109. *Асфендияров С.Д.* История Казахстана (с древнейших времен). Алматы: Қазақ университеті, 1993.

110. *Касымбаев Ж.К.* Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы: Білім, 1999.

111. *Мәшімбаев С.* Еділ мен Жайық өңірі — Әбілқайыр хан саясатында / /Әбілқайыр хан: Жинақ / Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.

112. *Есмағамбетов К.* Әбілқайыр хан: Аңыз бен ақиқат /Әбілқайыр хан. Жинақ / Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.

113. Материалы по истории Башкирской АССР. Т.1. М., 1936.

114. *Басин В.Я.* Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века // Казахстан в XV—XVIII веках: Вопросы социально-политической истории. Алма-Ата: Наука КазССР, 1969.
115. *Жолымбетов Ө.* Жолібек тархан: Деректі повесть және поэмалар мен құжаттар. Алматы: Айқап, 1994.
116. *Қойлыбаев Ө.* Бабамнан қалған байтағым: Қарабұтақ туралы толғаныс. Ақтөбе, Nobel, 2003.
117. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2-том / Бас ред. Ө.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1999.
118. Журнал происходящим по комиссии брегадира Тевкелева киргис-кайсацким делам 1748 года // История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3: Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731—1759 гг.). Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
119. *Кэстль Джон.* 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы / Неміс тілінен аударған Ө. Төреханов. Астана: Аударма, 2002.
120. *Қарамендин С.* Батырдың аты өшпейді: Төрт Бөгенбай, үш Бөкенбай хақында //Қазақ батырлары, 1991, 29 қараша.
121. [Доношение переводчика Коллегии иностранных дел А.И.Тевкелева в Коллегию иностранных дел о принятии российского подданства казахами Младшего и Среднего жузов от 5 января 1732 г.] //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3: Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.). Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
122. Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в. // Красный архив, 1936, N5 (78).
123. *Мәшімбаев С.М.* Әбілқайыр хан. Астана, 2007.
124. *Боранбаев С.* Төрт Бөгенбай, үш Бөкенбай туралы //Сарыарқа самалы, 1992, 25—27 тамыз.
125. Әбуталиев Н. Ордабасы Қожаберген. Алматы, 1995.
126. *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. Алма-Ата: Наука, 1985.
127. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V том / XV—XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
128. *Рычков Н.П.* Капитан Николай Рычковтың 1771 жылы қазақ даласына жорығының күнделік жазбалары //Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары: Жолжазба очерктер /Аударған *Р.Шәймерденов.* Астана: Аударма, 2002.
129. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3-том /Бас ред. Ө.Нысанбаев. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001.
130. Абылай. Алматы, 1993.
131. История Казахской литературы. Т.2. Алма-Ата, 1979.
132. *Мырзаханов Ж.* Тарих қойнауынан: Тарихи очерктер. Алматы: Жалын, 2004.

133. *Қауыпбайұлы Т.* Бабалар аманаты: Тарихи эсселер, аңыздар, очерктер. Алматы: Жалын, 1996.

134. [Поколенная роспись династий казахских ханов и султанов и описание родошлеменного состава трех жузов] // История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

135. *Бларамберг И.Ф.* Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. СПб., 1848.

136. *Бердібай Р.* Байқалдан Балқанға дейін. Алматы: Қазақстан, 1996.

137. *Вельяминов-Зернов В.В.* Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абул-Хайыр хана (1748—1765 гг.) // Букеевской Орде 200 лет. Кн. 1. Алматы: Өлке, 2001.

138. *Бартольд В.В.* Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов / Сочинения. Т.5.: М.: Наука, 1968.

139. *Нұржанов Р.* Атадан — бата, Ұрпақтан — ізет. Ақтөбе: // Nobel, 2006.

140. Қазына // Атырау акын-жазушыларының кітапханасы. 25-ші кітап. Алматы: Арыс, 2002.

141. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

142. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района: Темирский уезд. Оренбург, 1910.

143. *Есламғалиұлы М.* Әбілқайыр хан // Әбілқайыр хан: Жинақ / Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.

144. *Гурьевич Б.П.* Международные отношения в Центральной Азии в XVII — первой половине XIX в. М., 1983.

145. Материалы по истории сунну. Вып. 2. М., 1983.

146. *Рычков П.И., Рычков Н.П.* Капитан жазбалары: Жолжазба очерктер / Аударған Р.Шәймерденов. Астана: Аударма, 2002.

147. *Алехторов А.Е.* Киргизы-казахи: Исторический очерк // Оренбургский листок, 1889.

148. *Соловьев С.М.* Сочинения: История России с древнейших времен. Т. 1—2. М.: Мысль, 1988.

149. Ақтөбе: Энциклопедия. Ақтөбе: Отандастар — Полиграфия, 2001.

150. Қазақ совет энциклопедиясы. 8-ші том / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1976.

151. *Кайкаус.* Қабуснама / Өзбек тілінен аударған Т.Айнабеков. Алматы: Жазушы, 2005.

152. *Кекілбаев Ә.* Елең-алаң. Роман. Алматы: Жазушы, 1984.

153. *Витевский В.Н.* И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Т.3. Казань: Типо-Литография В.М.Ключникова, 1897.

154. *Матвиевский П.Е.* Абулхайр, поборник единения казахского народа с русским // Ученые записки Чкаловского гос.пед.ин-ста. Серия истории и педагогики. Вып.1. Чкалов, 1948.

155. *Красовский М.* Материалы географии и статистики России // Область сибирских киргизов. Ч. I—III. ч. I. СПб.: Типографии: Траншеля, Владимирской, N1, Рентгера и Шнейдера, 1868.
156. Материалы по истории Казахской ССР (1741—1751). Т.2. Алма-Ата, 1948.
157. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XVIII. Оренбург, 1907.
158. *Шепелев А.* Очерк дипломатических отношений России со Средней Азией до конца XIX столетия //Средняя Азия: Альманах. Научно-Литературный сборник. Ташкент, 1895.
159. *Рычков П.И.* Орынбор тарихы (1730—1750) // *Рычков П.И., Рычков Н.П.* Капитан жазбалары: Жолжазба очерктер /Ауд. *Р.Шәймерденов.* Астана: Аударма, 2002.
160. *Жаксығалиев Ж.Ж.* Әбілқайыр ханның саяси-мәмлегерлік қызметі //Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2003.
161. *Мұхтар Ә., Ахметова Ұ.* Әбілқайырдың өлімі хақында //Қазақ тарихы, 2000, N6.
162. *Өтенияз С., Өтенияз Ш.* Әбілқайырдың өз басы //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. *К.Есмағамбетов.* Алматы: Арыс, 2004.
163. *Козыбаев М.* Казахстан на рубеже веков: Размышления и поиски. Т.1. Алматы, 2000.
164. *Хасенов Ә.* Қазақ тарихына — 500 жыл //Қазақ әдебиеті, 1998, 21 тамыз.
165. Ресей империясының сыртқы саясатының архиві, 122 қор, 1748 ж., 8-ш іс.
166. *Левшин А.И.* Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы //Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық, 4-том: Жаңа замандағы тарихи ой. Алматы: Фолиант, 2005.
167. *Витевский В.Н.* И.И.Неплюев — верный слуга своего Отечества, основатель Оренбурга и устроитель Оренбургского края. Казань: Типография Императорского университета, 1891.
168. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков: Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. Т. VI /Сост. *И.В.Ерофеева.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
169. *Бекмаханова Н.Е.* Көктемір туралы аңыз. Алматы, 1983.
170. *Уәлиханов Ш.* Алтышаһарға сапар. Алматы: Атамұра, 2006.
171. *Кекілбайұлы Ә.* Үркер: Роман. Алматы: Сөздік-словарь, 1999.
172. *Қасымбаев Ж.* Последние годы жизни Абулхайр хана //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. *К.Есмағамбетов.* Алматы: Арыс, 2004.
173. *Ахметова Ұ.* Арынғазы хан (1786—1833): Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Ақтөбе: А — Полиграфия, 2004.
174. *Ерофеева И.В.* Казахские ханы и ханские династии в XVIII — середине XIX вв. //Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Алматы, 1997.

175. *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Государства и народы Евразийских степей: Древность и средневековье. 2-е изд., исправл. и доп. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004.
176. *Султанов Т.И.* Поднятые на белой кошме: Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
177. *Султанов Т.И.* Чингиз-хан и Чингизиды: Судьба и власть /Турсун Икрамович Султанов. М.: АСТ Москва, 2006.
178. *Құнтөлеуұлы А.* Шынғыс хан: Тарихи және құқықтық ғылыми деректер. Алматы: Дәуір, 2006.
179. *Мұқтар Ә.Қ.* Нұралы хан және Сырым батыр: Тарих. Тағдыр. Тұлғалар /XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихына арналған оқу құралы. Қостанай: Қостанай мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2001.
180. Қазақ совет энциклопедиясы. 4-том /Бас ред. М.Қ.Қаратаев. Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975.
181. *Абен Е., Арын Е.* Первые лица государства: Политические портреты. Алматы: Білім, 1998.
182. *Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А.* Елтұтқа. Астана: KVL TEQIN, 2001.
183. *Тұрашбекова Д.А.* Әбілқайыр ханның мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі //Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақстан ұлттық университеті, 2006.
184. *Бичурин Н.Я.* (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан: Учебное пособие / Сост. Н.Е.Акбаев. Алматы: Санат, 1997.
185. *Бичурин Н.Я.* (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена: Научное издание. Т.II. Алматы: Жалын, 1998.
186. *Илиясқызы Р.* Жоғалмаған іздер мен сақталған мұралар // Әлімбетова Ш.С. Шуағын шашқан қасиетті Ана. Ақтөбе: А-Полиграфия, 2006.
187. *Ажиғали С.* Хан моласы — место захоронения Абулхайр-хана / /Әбілқайыр хан: Жинақ / Құраст. К.Есмағамбетов.— Алматы: Арыс, 2004.
188. Ханские похороны //Ақтөбе: Диапазон, 2007, 27 сентября.
189. Ресей империясының Сыртқы істер жөніндегі Коллегиясының мұрағаты (АВНР), ф. 122, 1748 ж.
190. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.IV: Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век /Сост. И.В.Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
191. *Бекмаханова Н.Е.* Казахи младшего и Среднего жуза в крестьянской войне 1771—1775 гг. под руководством Е.Пугачева. Л., 1996.
192. *Бекмаханова Н.Е.* Россия и Казахстан в освободительном движении. М., 1996.
193. *Абдиров М.* Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000.
194. Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. проф. *Асфендиарова С.Д.* 2-е изд. Сб. 2. Алматы: Казахстан, 1998.

195. *Рязанов А. Ф.* Батырь Сырым Датов //Советская Киргизия, 1924, N10.
196. *Олкотт М.Б.* Қазақтар //Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994.
197. *Ақбай Ж.* Сырым. Орал, 2002.
198. *Муканов С.* Батыр Сырым //Литературный Казахстан, 1940, N5.
199. *Қасымбаев Ж.* Государственные деятели Казахских ханств XVIII — первой половины XIX в. /Т.2: Хан Айшуак (1719—1810). Личность во взаимодействии с номадным обществом и сопредельными странами. Алматы: Жеті жарғы, 2001.
200. История Букеевского ханства (1801—1852). Алматы, 2002.
201. *Шахматов А.Ф.* Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова.— Алма-Ата, 1946.
202. *Вяткин М.П.* Очерки по истории Казахской ССР. Вып. 1. Л., 1941.
203. *Харузин А.Н.* Киргизы Букеевской орды: Антропол. очерки. Вып. 1. М., 1889.
204. *Қасымбаев Ж.* Государственные деятели казахских ханств XVIII — первой половины XIX вв. //Жангир хан (1801—1845). Алматы: Білім, 2001.
205. *Шарманов Т.* Ключ к благополучию страны //Казахстанская правда, 2007, 3 ноября.
206. Кіндігімді кескен жұрт: Елдік жыры /Құраст. *М.Жолдасбеков, Н.Айтұлы, И.Нұрахметұлы.* Астана, Күлтегін, 2004.
207. *Мейер Л.Л.* Казахская степь Оренбургского ведомства. 2-е изд. доп. Астана: Алтын кітап, 2007.
208. *Лобысевич Ф.И.* Поступательное движение России в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях. СПб., 1900.
209. *Лобысевич Ф.И.* Тургайская область и ее устройство //Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. проф. *Асфендиарова С.Д.* 2-е изд. Сб.2. Алматы: Қазақстан, 1998.
210. *Радлов В.В.* Тюркские степные кочевники. 2-е изд., доп. Т.3. Астана: Алтын кітап, 2007.
211. *Ерофеева И.В.* Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е. исправленное и дополненное. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
212. *Абдиров М.* Хан Мухаммед-Абулхайр II // Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. К. Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.
213. *Ерофеева И.В.* Абулхайр-хан (ок. 1680—15.08.1748) //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.
214. *Моисеев В.А.* Абулхайр: набросок политического портрета. //Известия АН Республики Казахстан. Серия общественных наук, 1992, N3.
215. *Мұқтар Ә.* Азаттық таңы жолында //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. *К.Есмағамбетов.* Алматы: Арыс, 2004.
216. *Мағауин М.* Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Қазақстан, 1995.
217. *Веселовский Н.И.* Очерк физико-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. СПб., 1877.

218. *Бичурин Н.Я.* (Накциф). Историческое обозрение ойратов, или калмыков, с XV столетия до настоящего времени. 2-е изд. Элиста, 1991.
219. *Акманов И.Г.* Башкирское восстание 1704—1711 гг. //Из истории Башкирии. Уфа, 1968.
220. *Акманов И.Г.* Башкирские восстания. Уфа, 1993.
221. *Камалов С.К.* Каракалпаки в XVIII—XIX вв. //К истории взаимоотношений с Россией и среднеазиатскими ханствами. Ташкент, 1968.
222. *Добросмыслов А.И.* Материалы по истории России. Т.2. Оренбург, 1900.
223. *Қудайбердіұлы Ш.* Олендер мен поэмалар. Алматы, 1998.
224. *Едилханова С.А.* Казахско-Джунгарские взаимоотношения в XVII—XVIII веках: Некоторые историографические аспекты проблемы. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
225. *Моисеев В.А.* Абулхаир //Әбілқайыр хан: Жинақ /Құраст. К.Есмағамбетов. Алматы: Арыс, 2004.
226. *Унковский И.* Посольство к зюнгарскому хун тайджи Цэбан Рабдану капитана артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722—1724 годы. СПб., 1887.
227. Памятники Сибирской истории XVIII в. Кн. 1—2. СПб., 1885.
228. *Омари Ж.* Қанжығалы қарт Бөгенбай: Қазақтың қамал қорғаны. Астана: Фолиант, 2007.
229. *Олкотт Марта.* Қазақтар. Стэнфорд, 1987.
230. *Веселовский Н.И.* Дополнение к указателю литературы о киргизах //Этнографические обозрения. Кн. XI. СПб., 1891.
231. *Төрекұлов Н., Қазбеков М.* Қазақтың би-шешендері. Алматы: Жалын, 1993.
232. Бес ғасыр жырлайды. 1-том / Құраст. *М. Мағауин, М. Байділдаев.* Алматы: Жазушы, 1989.
233. *Келімбетов Н.* Ежелгі дәуір әдебиеті: Қазақ әдебиеті бастаулары /Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2005.
234. Журнал, веденный Свиты его императорского величества поручиком Гавердовским и колоновожатыми Ивановым и Богдановичем во время следования их по высочайшему повелению чрез Киргизскую степь в провинцию Бухарию, с различными наблюдениями, с описанием всех случившихся происшествий, равно как и о возвращении в Россию в 1803 году, с кратким уведомлением об отправлении посольства в азиатское владение //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.5: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века /Сост. *И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
235. *Гавердовский Я.П.* Обозрение киргиз-кайсацкой степи (часть 1-я) или Дневные записки в степи киргиз-кайсацкой 1803 и 1804 годов // История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.5: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века /Сост. *И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

236. *Гаввердовский Я.П.* Обзорение киргиз-кайсацкой степи (часть 2-я) или описание страны и народа киргиз-кайсацкого //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.5: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века /Сост. *И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

237. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства, составленного полковником Генерального штаба Бларамбергом // Букеевской орде 200 лет. Кн.5. Алматы: Өлке, 2001.

238. *Ерофеева И.В.* Документальные материалы Российских путешественников и исследователей XVIII — середины XIX в. о Жетысу и Южном Казахстане //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.6: Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII—XIX века /Сост. *И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

239. История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.5.: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века /Сост. *И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

240. Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006.

241. *Қорқытов Б.* Атырау билері мен батырлары. Алматы: Өлке, 1992.

242. *Жұмабаев М.* Сүй, жан сәулем: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2002.

243. Жәнібек тархан: Деректі повесть және поэмалар мен құжаттар. Алматы: Айқап, 1994.

244. *Толысбай К.* Асан Қайғы. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.

245. *Қасымбаев Ж.К.* Нурмухаммед-али Бахадур хан (Нуралы): Штрихи к политическому портрету //Отан Тарихы — Отечественная история, 1998, №1.

246. *Қасымбаев Ж.* Государственные деятели казахских ханств в XVIII— первой четверти XIX вв. Т.3: Хан Жанторе (1759—1809). Алматы: Білім, 2001.

247. *Ахмет А.* Қаратай хан. Алматы: Арыс, 2007.

248. *Зиманов С.З.* Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата: Ғылым, 1982.

249. Церемониальная записка, чиненная в походной канцелярии Оренбургской комиссии в лагере при Орской крепости приездам киргиз-кайсацкой Меньшой орды Абулхаир-хана, салтанов и старшин, также зюногорских каракалпацких посланцов и о держанных на них расходах. 1742 г. //История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков. Т.IV: Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII в. /Сост. *И.В.Ерофеева.* Алматы: Дайк-Пресс, 2007.

250. *Құттыбайұлы С.* Қырық жол: Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 2007.

251. *Нұржанов Р.* Мирас. Ақтобе: Nobel, 2003.

252. *Ерофеева И.В.* Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик: Научное издание. Алматы: Санат, 2003.

253. Из истории Казахстана XVIII в. //Красный архив, 1938, №2 (87).

254. *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. Алматы: Санат, 2006.

255. *Әкім Ж.* Қазақ идеясы: Түркі өркениеті негізінде. Алматы: Өлке, 2006.

256. *Арын М.* Бес анық: Тәрбие туралы толғамдар. Алматы: Арыс, 1996.

257. *Байдасов З.Б.* Ту ұстап, тарлан мінген тархан. Ақтөбе, 1992.

258. Ақтөбе: Энциклопедия. Ақтөбе: Отандастар — Полиграфия, 2001.

259. *Ахмедов Ф.* Жем бойында: Роман. Алматы: Жазушы, 1992.

260. Азаттықтың сұңқары. Ақтөбе: Полиграфия, 1993.

Бұл кітаптағы кейбір суреттер төмендегі басылымдар мен фотоальбомдардан алынды:

Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: Полководец, правитель, политик / Изд. 3-е, исправленное и дополненное. Алматы: Дайк-Пресс, 2007;

Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы / Неміс тілінен аударған *Ә.Төреханов.* Астана: Аударма, 2002;

Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2004;

Қазақ хандығы (II бөлім): Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2006;

Алтын Орда: (I бөлім): Қазақстан балалар энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2004;

Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: Аруна, 2005;

Мәшімбаев С.М. Әбілқайыр хан (1693—1748). Астана, 2007;

Қазақ мәдениеті: Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005;

Қазақстан: Ұлттық энциклопедия /Бас ред. *Ә. Нысанбаев, Б. Аяған.* 1—8 т. Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 1998—2006;

Петухов Ю.Д. Русы Великой Скифии /*Ю.Д.Петухов, Н.И.Васильева.* М.: Вече, 2007.

| | |
|---------------|---|
| АЛҒЫСӨЗ | 6 |
|---------------|---|

БІРІНШІ БӨЛІМ

Қазақ хандығы

Бірінші тарау

| | |
|---|----|
| ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ШЫҒАРМАЛАРЫНДА | 16 |
|---|----|

Екінші тарау

| | |
|---|----|
| ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТЕГІ — АРИЙЛЕР, САҚТАР, ҒҰНДАР, КӨК ТҮРІКТЕР | 60 |
|---|----|

Үшінші тарау

| | |
|--|----|
| ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ШЕЖІРЕСІ | 91 |
|--|----|

Төртінші тарау

| | |
|------------------------------------|-----|
| ҚАЗАҚ ОРДАСЫ ҚҰРЫЛУЫ ХАҚЫНДА | 126 |
|------------------------------------|-----|

Бесінші тарау

| | |
|---------------------------------|-----|
| ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ АТА-ТЕГІ | 146 |
|---------------------------------|-----|

Алтыншы тарау

| | |
|--|-----|
| ҚАЗАҚ ОРДАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАНДАРЫ — КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК | 164 |
|--|-----|

Жетінші тарау

| | |
|------------------------------------|-----|
| ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МҰРАҒЕРЛЕРІ | 187 |
|------------------------------------|-----|

Сегізінші тарау

| | |
|--|-----|
| АБЫЛАЙ ХАН —ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ | 232 |
|--|-----|

| | |
|--------------------------------|-----|
| Пайдаланылған әдебиеттер | 243 |
|--------------------------------|-----|

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Әбілқайыр хан

Бірінші тарау

| | |
|--|-----|
| ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТАРИХНАМАСЫ НЕ ДЕЙДІ? | 257 |
|--|-----|

Екінші тарау

| | |
|---|-----|
| ӘБІЛҚАЙЫР — ЖОҢҒАРЛАРҒА ҚАРСЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАС САРДАРЫ. АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ | 278 |
|---|-----|

| | | |
|-------------------------|--|-----|
| <i>Үшінші тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚАМҚОРЛЫҒЫНА ЫНТАСЫ | 307 |
| <i>Төртінші тарау</i> | РЕСЕЙ ПАТШАСЫНЫҢ ЕЛШІСІ МӘМЕТ ТЕВКЕЛЕВТИҢ ӘБЛҚАЙЫР ХАНҒА САПАРЫ | 338 |
| <i>Бесінші тарау</i> | БӨКЕНБАЙ БАТЫР — КІШІ ЖҮЗ ХАНЫНЫҢ БАС САРДАРЫ | 354 |
| <i>Алтыншы тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР БАСТАҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ “БОДАНДЫҚ” ШАРТТАРЫ | 392 |
| <i>Жетінші тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ПАТША ҮКІМЕТІНЕ АШЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ | 414 |
| <i>Сегізінші тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ҚАЗАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ | 434 |
| <i>Тоғызыншы тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР ХАННЫҢ АТА-ТЕГІ ЖӘНЕ ОТБАСЫ | 467 |
| <i>Оныншы тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР САЯСАТЫ НҰРАЛЫ ХАННЫҢ АЯСЫНДА | 497 |
| <i>Он бірінші тарау</i> | ӘБЛҚАЙЫР ҰРПАҒЫНАН ЕЛ БИЛЕГЕН СҰЛТАНДАР | 549 |
| | Пайдаланылған әдебиеттер | 584 |

Аманбай Құнтөлеуұлы
ӘБІЛҚАЙЫР ХАН:
ТАРИХИ ҒЫЛЫМИ ДЕРЕКТЕР

Редакторы *Ә. Д. Тағанязова*
Суретшісі *Р. Г. Ставер*
Көркемдеуші редакторлар *Ә. М. Отарбаева, Р. И. Винокурова*
Компьютерде тергендер *Р. Траисова, Ә. М. Ысқақова*



Аманбай Қунтолеұлы — Бүкілодақтық заң институтын (Москва қ.) мемлекеттік құқық мамандығы бойынша 1972 ж. бітірген, 1980 ж. — заң ғылымдары кандидаты атағына диссертация қорғады.

1971 — 1981 жж. Ақтөбе облысы, Қарабұтақ аудандық атқару комитетінде ұйымдас-тыру — нұсқау бөлімінің меңгерушісі, жоспарлау комиссиясының және ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы.

1981 — 1983 жж. Ақтөбе жоғарғы үшқыштар мектебінің аға оқытушысы, доценті. 1983 — 1984 жж. Қазақтың сот — сараптаушы ғылыми — зерттеу институтында (Алматы қ.) аға ғылыми қызметкер. 1984 — 1992 жж. КСРО және ҚазКСР Су шаруашылығы және жерді құнарландыру, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктерінде жауапты қызметтерде болды.

1993 жылдан «Қазақаудит» және «Астана — Аудит» (Астана қ.) компанияларында директор. Сонымен бірге, республика жоғарғы оқу орындарында доцент, кафедра меңгерушілігін қоса атқарды. Қазақстан журналистер одағының мүшесі (1997 ж.).

Жнырмадан астам ғылыми еңбектер мен оқулықтардың авторы. Соңғы уақыттары көне тарихи жәдігерліктерді тиянақты зерттеп, ұлы тұлғалардың ғұмырнамасына арнап ғылыми-деректі шығармалар жазып жүр. Зерттеуші — ғалымның «Мұхаммед Пайғамбар» (2003), «Шыңғыс хан» (2006), «Аталар аруағы» (1997), «Ұрпаққа Ұран — Бақтыбай» (1998) атты кітаптары құнды мағлұматтарымен оқырмандарға белгілі.

